

Карл  
МАРКС

# КАПИТАЛ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

*ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!*  
*ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА при ЦК КПСС*

**Карл МАРКС**

# **КАПИТАЛ**

**КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИИ**

**ТОМ ВТОРОЙ**

**КНИГА II: ПРОЦЕСС ОБРАЩЕНИЯ КАПИТАЛА**

**ИЗДАН ПОД РЕДАКЦИЕЙ ФРИДРИХА ЭНГЕЛЬСА**

*ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ*  
*Москва—1961*

*БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!*

**Карл МАРКС**

# **КАПИТАЛ**

**САЯСИ ЭКОНОМИЯ СЫНЫ**

**ЕКІНШІ ТОМ**

**II КІТАП: КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫС ПРОЦЕСІ**

**ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬСТІҢ РЕДАКЦИЯЛАУЫМЕН ШЫҚҚАН**

**«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ**  
**Алматы — 1968**

**3К13 + 1МИ + 33 + 33.02**  
**К16**

**1-1-1**  

---

**2-Т.И.-68М**



## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНАН

«Қапиталдың» екінші томының осы басылуы — Энгельстің редакциялауымен 1893 жылы шыққан немісше екінші басылуының аудармасы. Бұдан бұрынғы орыс тілінде басылуындағы сияқты (1939 ж.) осы басылуының негізіне де И. И. Скворцов-Степановтың редакциялауымен жасалған аударма алынды.

Осы басылуын әзірлеген кезде жоғарыда айтылған аудармаға (1939 жылғы басылуына) бірқатар түзетулер енгізілді, олардың кейбіреулерінің елеулі мәні бар түзетулер. Немісше бірінші және екінші басылуларының текстін Маркстің қолжазбаларымен және Энгельс редакциялап, теруге әзірлеген ақтық қолжазбамен салыстыру немісше екінші басылуында кетіп қалған бірсыпыра қателер мен баспаханадан кеткен жаңсақ жазылған сөздерді байқап, оларды түзетуге көп реттерде мүмкіндік берді. Сонымен бірге барлық цитаталар мен жасалған сілтеулер түпнұсқа деректермен жаңадан қайта салыстырылып, фактілі мәліметтер мен жасалған есептер тексерілді, бұл ретте кездейсоқ кеткен жаңсақ нәрселер түзетілді. В. И. Ленин «Қапиталдың» екінші томының немісше басылуларынан алып, өз шығармаларында аударып цитатқа келтірген үзінділерінің барлық аудармалары осы басылуында еске алынды, сондай-ақ жекелеген сөйлемдер мен терминдердің Ленин жасаған аудармасы да пайдаланылды.

«Қапиталдың» екінші томының жаңа басылуына редакциялық ескертулер және есімдер көрсеткіші, цитатаға алынған және атап өтілген әдебиеттің, цитатаға алынған және атап

өтілген кітаптардың орысша аудармаларының көрсеткіштері, предмет көрсеткіші берілген.

Маркс пен Энгельстің жоласты жасаған ескертулері, 1893 жылғы немісше басылуындағы сияқты, дөнгелек жақшаға алынған номермен белгіленді. Тек кейбір ескертулерді ғана Энгельс өз инициалымен көрсеткен. Авторлардың ескертулерінен өзгеше, жоласты берілген редакциялық ескертулер «*Ред.*» деген сөз жазылып, жұлдызшамен таңбаланған, ал томның аяғында берілген редакциялық ескертулер жақшаға алынбай, номермен берілді.

Автор текстіндегі және келтірілген цитаттардағы дөнгелек жақшаға алынған кейбір жерлер Маркстікі. Маркстің қолжазбасын баспаға әзірлеген кезде Энгельс енгізген текст фигуралы жақшаға алынды.

Аударуы қиын, онша көп емес біраз неміс сөздері немесе арнаулы терминдер сол сөздердің аудармасымен қатар түпнұсқа тілінде (квадрат жақша ішінде) берілді.

---

### КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫНАН

«Капиталдың» II томының қазақ тіліндегі аудармасы Қ. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылуының 24-томының тексті бойынша жасалды. Томды баспаға әзірлеген КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалы — Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты.

Жауапты шығарушы *Х. Рахимов.*



## А Л Ғ Ы С Ө З

«Капиталдың» екінші кітабын баспаға әзірлеу және әзірлегенде бұл кітап, бір жағынан, іштей байланысты және мүмкін қадерінше аяқталып біткен шығарма болып табылатындай етіп әзірлеу, екінші жағынан, редактордың шығармасы болмай, тек автордың ғана шығармасы болатындай етіп әзірлеу— оңай жұмыс емес еді. Өндеуге түскен, көп жағдайларда үзік-үзік сипаттағы қолжазбалардың ересен көптігі міндетті қиындата түсті. Тек бір ғана қолжазба (IV қолжазба) — кітапқа енгізілген бөлегінде — баспаға толық әзірленген қолжазба еді, алайда соңғы өңдеулердің нәтижесінде осы қолжазбаның да көп жері ескіріп қалған болып шықты. Материалдың негізгі бөлегінің көпшілігі шын мәнісінде өңделіп шыққанымен, стилистика жағынан жете өңделмеген еді; материал әдетте Маркстің өз жазбаларын көшіріп алатын тілмен баяндалған: стилі олпы-солпы, тұрпайы, екінің бірінде дөрекі — сықақ сөздер мен сөйлем құрылыстары, ағылшынша және французша техникалық атаулар, екінің бірінде ағылшынша жазылған тұтас сөйлемдер, тіпті бүтін бір беттер кездеседі; мұның өзі белгілібір жағдайларда автордың басында ұялаған күйінде жазылған ойлардың жазбасы. Кейбір тыңғылықты баяндалған бөлімдермен қатар, екінші бір, әжептәуір маңызды бөлімдердің тек нұсқасы ғана жасалған; мысалға керекті фактілі материал жинақталған, бірақ оны өндеп шығу былай тұрсын, ол материал шала-шарпы ғана топтастырылған; келесі тарауға тезірек көшуге тырысып, Маркс тараудың соңына екінің бірінде бірнеше үзік-үзік сөйлемдер ғана қойып кетіп отырған, бұлар сол жерде аяқталмай қалған ойды онан әрі дамыту

керектігін көрсетеді; ақырында, кейде автордың өзі де тани алмай қалатын белгілі жазу мәнері.

Мен, мүмкін қадерінше, қолжазбаны түп-тура айнытпай қалпына келтірумен шектелдім, стильде Маркстің өзі де өзгерткен болар еді деген нәрселерді ғана өзгертіп, кейбір түсіндірме сөйлемдер ғана қостым және әбден қажетті-ау деген жерде, оның үстіне мағынасы ешқандай күдік туғызбайтын жерде сөз қосып байланыстырып отырдым. Түсіндірмесі титтей де болса күдік туғызуы ықтимал қағидаларды мен сөзбе-сөз бастыру жөн болар деп ұйғардым. Менің жасаған өңдеулерім мен қосқан қосымшаларым жалпы алғанда баспаға басылған он бет те болмайды, оның үстіне олардың бәрі формальды ғана нәрселер.

Маркстің II кітапқа арнап қалдырған қолжазба материалын жәй тізіп өтудің өзі ғана Маркстің өзінің ашқан ұлы экономикалық жаңалықтарын жарияламастан бұрын оларды асқан мұқият тыңғылықтылықпен, өзіне өзі мейлінше сын көзімен қарай отырып әбден кемеліне келтіре дайындап шығуға тырысқандығын көрсетеді; өзіне өзі осылай сын көзімен қараушылық оның материалды мазмұны жағынан да, формасы жағынан да баяндау тәсілін өзінің жаңа зерттеулердің нәтижесінде үнемі кеңейе түсіп отырған ой-өрісіне бейімдеуіне анда-санда ғана мүмкіндік беретін-ді. Ол материал мына төмендегілерден құралған.

Ең алдымен «Саяси экономия сынына» деген қолжазба айтылып отыр; ол баспа табақтың төрттен біріндей 1472-беттен тұратын 23 дәптерге 1861 жылғы августан 1863 жылғы июньге дейін жазылған. Бұл қолжазба дәл осындай атпен 1859 жылы Берлинде басылып шыққан бірінші кітаптың<sup>1</sup> жалғасы болып табылады. I—220-беттерде (I—V дәптер), онан соң тағы да 1159—1472-беттерде (XIX—XXIII дәптер) ақшаның капиталға айналуынан бастап, аяғына дейін «Капиталдың» I кітабында зерттелген тақырыптар баяндалады; бұл қолжазба осы кітаптың қолда бар редакцияларының бірінші редакциясы болып табылады. 973—1158-беттерде (XVI—XVIII дәптер) капитал мен пайда туралы, пайда нормасы туралы, көпестік капитал мен ақшалай капитал туралы, демек, кейіннен III кітапқа жатқызылған қолжазбада дамытылған тақырыптар туралы баяндалады. Мұның керісінше, II кітапқа енгізілген тақырыптар, сондай-ақ кейінірек III кітапта қаралған өте көп тақырыптар мұнда әлі арнайы талданып жазылмаған еді. Олар жол-жөнекей, әсіресе қолжазбаның негізгі бөлегі болып табылатын бөлімде: 220—972-беттерде (VI—XV дәптер) қаралған; олар — «Қосымша құн теориялары». Бұл

# Das Kapital.

## Kritik der politischen Oekonomie.

Von

**Karl Marx.**

Zweiter Band.

**Buch II: Der Cirkulationsprocess des Kapitals.**

Herausgegeben von Friedrich Engels.

---

Das Recht der Uebersetzung ist vorbehalten.

---

**Hamburg**  
Verlag von Otto Meissner.  
1885.

«Капиталдың» II томының немісше бірінші  
басылуының титул беті

бөлімде саяси экономияның өзекті пунктінің, қосымша құн теориясының, егжей-тегжейлі сын тарихы бар және, онымен қоса, өзінен бұрын өткендермен айтысу түрінде, мұнда II және III кітаптарға жатқызылған қолжазбада кейін арнайы және логикалық байланыста алынып зерттелген пункттердің көбі баяндалған. Бұл қолжазбаның сын бөлімін «Капиталдың» IV кітабы<sup>2</sup> түрінде жариялау правосын өзімде қалдырамын, оның бержағында II және III кітаптарда толық айтылып кеткен көп жерлері ол қолжазбадан алынып тасталады. Бұл қолжазба қаншама құнды болғанымен, II кітаптың осы басылуында оны пайдаланудың реті келмеді.

Аяқталып біткен мезгілі жағынан бұдан кейін келетіні III кітаптың қолжазбасы. Ол қолжазба, қалай дегенде де оның көбі, 1864 және 1865 жылдары жазылған. Осы қолжазба негізінен әзір болғаннан кейінгі жерде ғана Маркс 1867 жылы басылып шыққан бірінші томның I кітабын өңдеуге кірісті. III кітаптың осы қолжазбасын қазір мен баспаға арнап өндеп жатырмын.

I кітап жарыққа шыққаннан кейінгі жерде өткен уақыттың ішінде II кітап үшін in folio\* төрт қолжазба бар, оларды Маркстің өзі I ден IV ке дейін нөмірлеп шыққан. Олардың ішінде, біздің болжауымызша, 1865 жылға немесе 1867 жылға жататын I қолжазба (150 бет) дәл қазіргі құрылысында алғандағы II кітаптың алғашқы дербес жасалған, бірақ аздықөпті үзік-үзік жасалған өңделуі болып табылады. Бұл қолжазбадан да ештеңе пайдалануға реті келмеді. III қолжазбаның біраз бөлегі жиналған цитаталар мен Маркстің жазып алған көшірмелері бар дәптерлеріне жасалған сілтеулерден тұрады,— мұның бәрі көбінше II кітаптың бірінші бөліміне жатады,— қолжазбаның енді біраз бөлегі жекелеген пункттерді өңдеу, әсіресе А. Смиттің негізгі және айналмалы капитал жөніндегі, пайданың көздері жөніндегі қағидаларын сынау болып табылады; онан соң қосымша құн нормасының пайда нормасына қатысы баяндалады, бұл баяндау III кітапқа жатады. Сілтеулердің берген жаңалығы шамалы; II кітапқа арнап, сондай-ақ III кітапқа арнап жекелеген пункттерді талдап жазу ең соңғы жасалған редакциялардың нәтижесінде артық болып қалды, демек, көп реттерде оларды да бір жаққа жиып қоя тұруға тура келді.— IV қолжазба II кітаптың бірінші бөлімінің және екінші бөлімінің алғашқы тарауларының баспаға әзірленіп жасалған өңделуі болып табылады, сондықтан қажет болған жерінде ол қолжазба пайдаланылды. Бұл қолжазба

\* — көлемі 1/2 баспа табақ. *Ред.*

II қолжазбадан гөрі ертеректе жазылғанымен, бірақ формасы жағынан неғұрлым аяқталған қолжазба болғандығы себепті оны кітаптың тиісті бөлімі үшін ойдағыдай пайдалануға болатын болды; бұл ретте II қолжазбадан бірнеше қосымша ғана қосу жеткілікті болып шықты.— Бұл соңғы қолжазба белгілі дәрежеде II кітаптың бірден-бір аяқталып біткен өңделуі болып табылады; қолжазбаға 1870 жыл деген белгі қойылған. Ақтық редакция үшін жасалған, кейініректе сөз болатын ескертпелерде тура былай делінген: «Негізіне екінші редакция алынуға тиіс».

1870 жылдан кейін тағы да үзіліс болды, бұған көбінесе Маркстің науқастығы себеп болған еді. Әдетте, ол мұндай уақытын оқып зерттеумен өткізетін; агрономия, Американың, әсіресе орыстардың жер қатынастары, ақша рыногы мен банкілер, ақырында жаратылыс тану ғылымдары: геология мен физиология, және әсіресе дербес математикалық еңбектер — Маркстің жазып алған көшірмелері бар сол кездердегі көптеген дәптерлерінің мазмұны міне осылар еді<sup>3</sup>. 1877 жылдың бас кезінде Маркс өзін әбден айығып кеттім деп есептеп, өзінің негізгі жұмысына тағы да кірісіп кетті. Бас жағы V қолжазбадағы (in folio 56 бет) II кітаптың жаңа өңделуі үшін негіз болған, жоғарыда айтылған төрт қолжазбадағы сілтеулер мен заметкаларға 1877 жылғы марттың аяқ кезі деп белгі соғылған. V қолжазбада алғашқы төрт тарау бар және әлі де аз өңделген; елеулі маңызы бар пункттер текст астында берілген ескертулерде қаралған; материал тек жинақталған, бірақ талданбаған, солай бола тұрса да бұл V қолжазба бірінші бөлімнің осы аса маңызды тарауының ақтық толық баяндалуы болып табылады.— Бұдан баспаға әзір қолжазба жасаудың алғашқы әрекеті VI қолжазба болып табылады (ол 1877 жылғы октябрьден *кейінгі* және 1878 жылғы июльге дейінгі дәуірде жазылған); онда баспа табақтың төрттен біріндей 17 бет қана бар, бірінші тараудың көбі осыларға жазылған; in folio 7 бет қана және «1878 жылғы 2 июль» деп белгі соғылған VII қолжазба екінші — және соңғы — әрекет болып табылады.

Егер өзінің денсаулығында оңалғандай елеулі өзгеріс болмаса, II және III кітаптарды өзін қанағаттандыратындай дәрежеге келтіріп өндеп аяқтауға ешқашан шамасы келмейтіндігі, сірә, сол кезде Маркске аян болса керек. Шынында да, V—VIII қолжазбаларда жанға батқан сырқатқа қарсы қажырлылықпен күрескендіктің белгісі тым жиі көрінеді. Бірінші бөлімнің ең қиын бөлегі V қолжазбада қайтадан өңделді; бірінші бөлімнің қалған бөлегі және бүкіл екінші бөлім (он-жетінші тараудан басқасы) теориялық жағынан онша-мұнша

елеулі қиындықтар туғызған жоқ; мұның керісінше, үшінші бөлім, ұдайы өндіріс пен қоғамдық капиталдың айналысы, оның ойынша, қайта өңдеуді қатты керек еткен. Атап айтқанда, II қолжазбада ұдайы өндіріс әуелі оған дәнекер болушы ақша айналысын есепке алмастан баяндалған, сонан соң ақша айналысын есепке ала отырып тағы баяндалған. Міне осыларды бір ізге келтіру және тегі бүкіл бөлімді автордың кеңейген ой-өрісіне сай келетіндей етіп қайта өңдеу керек болған. VIII қолжазба, баспа табақтың төрттен біріндей небары 70 бет дәптер осылай пайда болған; алайда дәптердің осы беттеріне Маркс қаншама көп нәрсе сиғызған десеңізші, мұны менің II қолжазбадан алған жерлерімді шығарып тастағаннан кейін басылып шыққан түріндегі III бөліммен салыстырып қарау көрсетіп отыр.

Ал бұл қолжазбада да предмет тек алдынала қаралған, оның бер жағында мұндағы мақсат ең алдымен мынада болған: II қолжазбамен салыстырғанда жаңадан табылған деген көзқарастарды анықтап, онан әрі дамыту, ал жаңадан ештеңе айтуға болмайтын пункттер бір шет қалдырылған. Екінші бөлімнің, былайша айтқанда, белгілібір дәрежеде үшінші бөлімге де жататын XVII тарауының едәуір бөлегі тағы да қайта өңделіп, кеңейтілген. VIII қолжазбада логикалық дәйектілік жиі-жиі үзіліп қалып отырады, баяндаудың кей жерлерінде кемшіліктер бар, әсіресе аяқ жағында баяндау мүлде үзік-үзік сипатта болып келеді. Алайда Маркстің айтқысы келген нәрсесі мұнда қалай да айтылған.

II кітапқа арналған материал міне осындай, Маркс өлерінен бір аз күн бұрын қызы Элеонораға айтқанындай мен осы материалдан «бірдеңе істеп шығаруға» тиіс болдым. Мен бұл аманатты ең шағын көлемде қабылдадым; мүмкін болған жердің бәрінде мен өз жұмысымды түрліше редакцияланған материалдарды жәй ғана іріктеп алумен шектедім; мұның өзінде әрқашан да негізгі нәрсе етіп қолда бар редакцияланған материалдардың ең соңғысын алып, оны ертеректе жазылған материалдармен салыстырып отырдым. Бұл ретте бірінші және үшінші бөлімдер ғана шын мәнісінде қиындықтар туғызды, яғни олар тек техникалық қиындықтар ғана болмады, бірақ оның есесіне бұлар аз қиындық болған жоқ. Мен оларды тек қана автордың рухында шешуге тырыстым.

Текстіндегі цитаттарды көбінесе мен олар фактілерді дәлелдеу үшін келтірілген жерлерде немесе түпнұсқаны істің жәйін мұқият талдап білгісі келген әрбір адамның алуына болатын жерлерде, мысалы А. Смиттен цитат келтірілген жерлерде аудардым. X тарауда ғана бұлай етуге болмады, өйткені мұнда

ағылшын тексті тікелей сынға алынады.— «Капиталдың» I кітабынан цитат келтірілгенде оның екінші басылуының, Маркстің көзі тірісінде жарыққа шыққан соңғы басылуының беттеріне сілтеу жасалды.

«Саяси экономия сынына» деген қолжазбада жекелеген мәселелерді бастапқы талдаудан басқа, III қолжазбаның жоғарыда аталған бөлімдері мен көшірмелер жазылған дәптерлердің кей жерлерінде жасалған бірнеше қысқа заметкалардан басқа, III кітапқа арналған мыналар ғана бар: II кітаптың II қолжазбасы сияқты дәл сондай дерлік толық талдап жасалған жоғарыда аталған 1864—1865 жылдардағы in folio қолжазба және, ақырында, 1875 жылғы дәптер: қосымша күн нормасының пайда нормасына қатынасы, бұл математика (теңгерме) жолымен баяндалған. Бұл кітапты баспаға әзірлеу тез жүріп барады. Менің әзірше айтарым: бұл кітап көбінесе тек техникалық қиындықтар ғана туғызады,— әрине, кейбір өте маңызды бөлімдерінен басқасы.

Бұл жерде Маркске қарсы тағылған кінәны, әуелі астыртын түрде ғана және тек жекелеген адамдар ғана таратқан, ал қазірде, ол қайтыс болғаннан кейін, неміс катедер-социалистері, мемлекеттік социалистер, сондай-ақ олардың сойылын соғушылар даусыз факті деп жариялап отырған кінәны: Маркс Родбертустан көшіріп алыпты дейтін кінәлауды теріске шығару орынды болады. Бұл жөнінде мен ең қажетті деген пікірлерді басқа бір жерде <sup>1)</sup> айтып кеткен болатынмын, ал тек осы жерде ғана мен шешуші дәлелдер келтіре аламын.

Менің білуімше мұндай кінә тағу Р. Мейердің «Emanzipationskampf des vierten Standes» деген кітабының 43-бетінде бірінші рет кездеседі:

«Маркс өз сынының денін осы жарияланған еңбектерден» (Родбертустың отызыншы жылдардың екінші жартысына жататын еңбектерінен) «алған, мұны дәлелдеп беруге болады».

Мұнан арғы дәлелдерді көрмей тұрып мен, әрине, бұл пікірдің бүкіл «дәлелділігі» осыған Родбертустың Мейер мырзаны сендіріп қойғандығы деп шамалаймын.— 1879 ж. айтыс сахнасына Родбертустың <sup>5)</sup> өзі шығып, өзінің «Zur Erkenntniß unsrer staatswirtschaftlichen Zustände» (1842) деген еңбегіне сүйеніп, И. Целлепре («Zeitschrift für die gesammte Staatswis-

<sup>1)</sup> Карл Маркстің «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» деген еңбегіне жазылған алғысөзде <sup>4)</sup>. Неміс тіліне аударған Э. Бернштейн мен К. Каутский. Штутгарт, 1885.

senschaft» деген Тюбинген журналы, 1879, S. 219) былай деп жазады:

«Сіз мұның өзін» (осы еңбекте дамытылған ойларды) «Маркстің... тым тәуір-ақ пайдаланғанын көресіз, ол, әрине, менен цитат келтірмеген».

Родбертустың ізінше бұл айтылғанды оның еңбегін өзі өлгеннен кейін бастырып шығарушы Т. Козак ешбір бұлталақсыз қайталап айтты («Das Kapital» von Rodbertus, Berlin, 1884, Einleitung, S. XV). Ақырында, 1881 ж. Р. Мейер шығарған «Briefe und sozialpolitische Aufsätze von Dr. Rodbertus-Jagetzow»-та Родбертус турадан-тура былай дейді:

«Мені Шеффле мен Маркстің қалай *тонағанын* енді көріп отырмын, оның бержағында олар менің атымды атамайды» (№ 60-шы хат, 134-бет).

Ал екінші бір жерінде Родбертустың дәмесі анағұрлым айқын сипат алған:

«Капиталистің *қосымша құны қайдан шығатынын*, мұны мен өзімнің элеуметтік үшінші хатымда *шын мәнісінде түп-тура дәл* Маркс айтқандай етіп, тек қысқа да айқын көрсетіп бердім» (№ 48-ші хат, 111-бет).

Біреуден көшіріп алды деген осындай кінә тағушылықтың бәрі жөнінде Маркс ешқашан ештеңе білген емес. «Emanzipationskampf»-тың оның қолында болған данасынан Интернационалға қатысты бөлегі ғана кесіліп алыныпты, ал кітаптың қалған бөлегін мен өзім ол қайтыс болғаннан кейін ғана кесіп-кесіп алдым. Тюбинген журналын ол ешқашан көрген емес. Р. Мейерге арналған «Briefe etc.» те оған белгісіз болған еді, ал «тонауға» қатысты әлгі айтылған жерге доктор Мейер мырзаның өзі 1884 ж. ғана сыпайы түрде менің назарымды аударған еді. Мұның керісінше, № 48-ші хатты Маркс білетін; Мейер мырзаның мейірбанды болғаны соншалық, ол хаттың түпнұсқасын Маркстің кіші қызына силаған екен. Өз сынының Родбертустан іздеу керек болатын құпия көздері туралы құпия сыбыр құлағына тиген Маркс ол хатты маған көрсетті, оның бержағында ол бұл хаттан, ақыр аяғында, Родбертустың өзі шын мәнісінде неменеге дәмеленетіндігінің айқын айғағын көріп отырмын деді; егер ол мұнан өзге ештеңе демейтін болса, онда ол үшін, Маркс үшін, оның бұл пікірлерінің ешбір келеркетері жоқ, ал егер Родбертус өзінің баяндауын неғұрлым қысқа да айқын баяндау деп санайтын болса, онда мен оны сол қанағаттанған сезімінде-ақ қалдырайын деді. Ол шынында да Родбертустың осы хатымен бар әңгіме тамандалған шығар деп ойлады.



Маркстің бұлай деп ойлайтын жөні де бар еді, өйткені менің анық білуімше, 1859 жылға дейін, саяси экономияға Маркстің өз сыны негізгі желісі жағынан ғана емес, сонымен қатар аса маңызды егжей-тегжейлері жағынан да әзір болған кезде Родбертустың бүкіл әдеби қызметі Маркске белгісіз болатын-ды. Маркс өзінің экономикалық жұмыстарын 1843 ж. Парижде ұлы ағылшындар мен француздардың еңбектерін зерттеуден бастаған болатын; немістерден ол Рау мен Листі ғана білді, оған осылардың өзі де жеткілікті еді. 1848 ж. біз «Neue Rheinische Zeitung»<sup>6</sup>-те Берлин депутаты ретіндегі Родбертустың сөзін және оның министр ретіндегі іс-әрекетін сынауымызға тура келгенге дейін Маркс те, мен де Родбертустың бар-жоғы туралы ештеңе білгеніміз жоқ. Біздің ол жөнінде еш хабарымыздың жоқтығы соншалық, біз аяқ астынан министр бола қалған Родбертус деген кім өзі деп Рейн депутаттарынан сұрастырдық. Бірақ олар да Родбертустың экономикалық еңбектері туралы бізге ештеңе айта алмады. Қайта, Маркс «капиталистің қосымша құны» қайдан «шығатындығын» ғана емес, сонымен қатар қалай «шығатындығын» да Родбертустың көмегінсіз-ақ сол кездің өзінде өте жақсы білетін-ді, мұны 1847 ж. шыққан «Философия қайыршылығы»<sup>7</sup> және жалдама еңбек пен капитал туралы 1847 ж. Брюссельде оқылған және 1849 ж. «Neue Rheinische Zeitung»-тің 264—269 сандарында басылып шыққан лекциялары<sup>8</sup> айқын көрсетеді. Тек 1859 ж. шамасында ғана Маркс экономист Родбертустің де бар екендігін Лассальдан естіп біледі, соңынан оның «әлеуметтік үшінші хатын» Британ музейінен тауып алады.

Іс жүзіндегі жайттар міне осындай. Маркс бейнебір Родбертустан «ұрлап алды» дейтін мазмұнның жәйі қалай?

«Капиталистің қосымша құны қайдан шығатынын»,— дейді Родбертус,— «мұны мен өзімнің әлеуметтік үшінші хатымда түп-тура дәл Маркс айтқандай етіп, тек қысқа да айқын көрсетіп бердім».

Демек, орталық пункт: қосымша құн теориясы міне осында екен; шынына келгенде де, Родбертус Маркстен тағы да не нәрсені алып, менікі деп айтарын көрсету қиын. Демек, Родбертус бұл арада өзін Маркс менен ұрлап алды дейтін қосымша құн теориясының шын мәнісіндегі авторымын деп жариялап отыр.

Ал қосымша құнның пайда болуы жөнінде әлеуметтік үшінші хат бізге не дейді? Ол хат жәй әншейін: «рента» дегеніңіз,— Родбертус жер рентасын да, пайданы да қоса рента деп түсінеді,— товар құнына «құнның үстелуінен» жасалмайды, қайта

«құнның жалақыға қатысты бөлегін шығарып тастаудың нәтижесінде, басқаша айтқанда — жалақы өнім құнының бір бөлігі ғана болып табылатындығының нәтижесінде жасалады»,

ал еңбек өнімділігі жетімді болған жағдайда

«капиталдың орнын толтыруға» (!) «және рентаға арналып еңбек өнімінің табиғи айырбас құнының тағы бір бөлігі қалатын болуы үшін жалақы еңбек өнімінің табиғи айырбас құнына тең болуға тиіс емес»<sup>9</sup>, дейді.

Оның үстіне, «капиталдың орнын толтыру» үшін, яғни, дәлірек айтқанда, шикі материалдың және құралдардың тозығының орнын толтыру үшін одан ештеңе қалмайтын өнімнің осы «табиғи айырбас құны» дегеннің не екені бізге айтылмайды.

Родбертустың осы теңдесі жоқ жаңалығының Маркске кандай әсер еткендігін көрсету, бақытымызға қарай, біздің үлесімізге тиіп отыр. «Саяси экономия сынына» деген қолжазбаның Х дәптерінің 445 және келесі беттерінен біз мынаны көреміз: «Шегініс. Родбертус мырза. Жер рентасының жаңа теориясы». Мұнда әлеуметтік үшінші хат тек осы тұрғыдан ғана қаралған. Родбертустың қосымша құн теориясы жалпы түрінде мынандай кекесін пікірмен жермен жексен етілді: «Ең алдымен Родбертус мырза жер иелігі мен капитал иелігі бір бірінен ажыратылмаған елдегі істің жәйін зерттейді де сол арада рента (ол бүкіл қосымша құнды рента деп түсінеді) жай әншейін ғана ақы төленбеген еңбекке тең яки өнімдердің осы ақы төленбеген еңбек білдірілген мөлшеріне тең деген *маңызды* қорытындыға келеді»<sup>10</sup>.

Капиталистік адамзат қосымша құнды бірнеше ғасырлар бойы-ақ өндіріп келген-ді, сөйтіп ол бірте-бірте қосымша құнның пайда болуы туралы пайымдай бастайтын болды. Қосымша құнның алғашқы ұғымы тікелей алып-сатарлық тәжірибеден туған; қосымша құн өнім құнына қосылатын үстемеден туады дейтін ұғым болды. Мұндай көзқарас меркантилистерде үстем болды, алайда Джемс Стюарттың өзі-ақ бұлай болғанда біреудің ұтатын нәрсесін, екінші біреу қайткенде де жоғалтуға тиіс екенін аңғарды. Осыған қарамастан, әлгі айтылған көзқарас мұнан соң да ұзақ уақыт бойы, әсіресе социалистер арасында орын теуіп келді; алайда классикалық ғылымнан оны А. Смит ығыстырып шығарды.

«Wealth of Nations»-та (book. I, ch. VI) ол былай дейді:

«Капитал (stock) белгілібір адамдардың қолына жинақталысымен-ақ, олардың кейбіреулері, әрине, оны еңбек сүйгіш адамдарды шикі материалдармен және тіршілік қаржыларымен жабдықтай отырып, олардың еңбегінің өнімдерін сату арқылы немесе солардың еңбегімен өңделген материал-

*дардың құнына қосылған нәрсе арқылы пайда табу мақсатымен еңбек сүйгіш адамдарға жұмыс беру үшін пайдаланатын болады... Жұмысшылар шикі материалдардың құнына қосатын құн бұл ретте екі бөлімге бөлінеді, оның бір бөлігі жұмысшылардың жалақысына төленеді, ал екінші бөлігі кәсіпкердің шикі материалдар мен жалақы түрінде авансқа берген бүкіл капиталына келетін пайдасына төленеді»<sup>11</sup>.*

Ал біраз төменіректе:

«Белгілібір елдегі жердің бәрі жеке меншікке айналғаннан бері, барлық басқа адамдар сияқты, жер иеленушілер өздері жер жыртып, егін екпеген жерлерден өнім алуды жақсы көреді және тіпті жердің табиғи жемістері үшін де рента беруді талап етеді...». Жұмысшы «...өз еңбегімен жинаған немесе өндірген өнімінің белгілібір бөлігін жер иеленушіге беруге тиіс. Өнімнің осы бөлігі, немесе осы бөлігінің бағасы десек те бәрі бір, *жер рентасы* болып табылады»<sup>12</sup>.

Маркс дәл осы жер жөнінде жоғарыда аталған «Саяси экономия сынына» деген қолжазбаның 253-бетінде былай деп ескертеді: «Сонымен, қосымша құнды, яғни қосымша еңбекті,— жұмсалған және товар болып затқа айналған еңбектің ақы төленген еңбектен, демек, жалақы түрінде өзінің эквивалентін алған еңбектен артығын,— А. Смит *жалпылама категория* деп түсінеді, бұл категория жөнінде сөздің өз мағынасында алғандағы пайда мен жер рентасы оның тармақтары ғана болып табылады»<sup>13</sup>.

Онан соң I кітаптың VIII тарауында А. Смит былай дейді:

«Жер жеке меншікке айналысымен-ақ жер иеленуші жұмысшының осы жерде өсіруі немесе сол жерден жинауы мүмкін өнімі атаулының бәрінен дерлік үлес беруді талап етеді. Оның жер рентасы *жерді өңдеуге жұмсалған еңбектің өнімінен алынған бірінші алым* болып табылады. Алайда жерді өңдеуші адамның өнімді жинап алғанға дейін өзін асырап сақтарлық қаржысы болуы сирек кездесетін жайт. Әдетте оның өзін асырап сақтауы үшін оған өз қожайынның, фермердің, капиталынан (stock) аванс беріледі, егерде ол, фермер, *жұмысшы еңбегінің өнімінен үлес алмайтын* болса немесе оның капиталы белгілібір пайда қосылып қайта өтелмейтін болса, ол жұмысшыны жалдап алуға ешқандай да мүдделі болмаған болар еді. Осы келетін пайда жерді өңдеуге жұмсалатын еңбектің өнімінен алынатын *екінші алым* болып табылады. Пайдаға төлеу үшін алынатын дәл осындай алым басқа да еңбек атаулының бәрінің дерлік өнімінен алынады. Өнер-кәсіптің барлық тарауларында жұмысшылардың көпшілігі өздерінің жұмыс істеуі үшін авансқа шикі материал беретін, сондай-ақ жұмыс аяқталып біткенге дейін жалақы мен күн көріс заттарын беретін қожайынның болуын керек етеді. Осындай қожайын жұмысшылардың еңбегінің өнімін, яки олардың еңбегі өңделетін шикі материалға қосатын құнды, жұмысшылармен бөліседі; оның алатын осы үлесі қожайынның пайдасы болып табылады»<sup>14</sup>.

Бұл айтылғанға Маркс мынадай ескертпе жасайды (қолжазба, 256-бет): «Сонымен, бұл жерде А. Смит жер рентасы мен капиталға келетін пайданы жұмысшының өнімінен, яки

оның өнімінің өзі шикі материалға қосқан еңбегінің мөлшеріне тең келетін құнынан алынған жәй *алымдар* деп еш бұлталақсыз турадан-тура атап отыр. Алайда бұл алым, А. Смиттің өзі мұнан бұрын дәлелдеп бергеніндей, жұмысшының өзінің жалақысын ғана өтейтін, яки өз жалақысының эквивалентін ғана беретін еңбек мөлшерінен тыс оның шикі материалдарға қосатын еңбегінің бөлегі ғана болып табылады; демек, бұл алым қосымша еңбектен, жұмысшы еңбегінің ақы төленбеген бөлегінен тұрады»<sup>15</sup>.

«Капиталистің қосымша құны қайдан шығатынын» және, мұның үстіне, жер меншікшісінің қосымша құны қайдан шығатындығын, демек, мұны А. Смит те білген. Маркс мұны 1861 жылдың өзінде-ақ тура мойындайды, ал Родбертус және оның мемлекеттік социализмнің жазғы жылы нәсерінен кейін саңырауқұлақтай қаулап өскен көптеген сойыл соғарлары мұны, сірә, мүлде естерінен шығарған болу керек.

«Алайда,— дейді мұнан әрі Маркс,— осы қосымша құнды Смит оның пайда мен жер рентасы түрінде алатын ерекше формаларынан ажыратып, айырықша категория түрінде бөліп көрсетпеді. Осыдан келіп ол,— ал әсіресе Рикардо — зерттеуде көптеген қателер мен кемшіліктер жіберді»<sup>16</sup>.— Осы жайт түп-тура Родбертусқа да қатысты нәрсе. Оның «рентасы» — жер рентасы мен пайданың жәй ғана жиынтығы; жер рентасы туралы ол өзіне мүлде қате теория жасап алған; ал пайданы ол өзінен бұрынғылардан қандай формада тапса, оны ешбір қайта қарамастан сол формада ала салған.— Мұның керісінше, Маркс айтқан қосымша құн — өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенушілер ешбір эквивалентсіз иемденіп алатын және тұңғыш рет Маркс ашқан мүлде өзгеше заңдар бойынша, пайда мен жер рентасының ерекше, *өзгерген* формаларына бөлінетін құн жиынтығының *жалпылама формасы*. Бұл заңдар III кітапта баяндалады, жалпы алғандағы қосымша құнды түсінуден оның пайда мен жер рентасына айналуын түсінуге дейін, демек,— қосымша құнның капиталистер табы арасында бөліну заңдарын түсінуге дейін қаншама аралық буындар керек болатыны осы кітапта тұңғыш рет көрсетіледі.

Рикардо А. Смитке қарағанда едәуір ілгеріледі. Ол өзінің қосымша құн жөніндегі түсінігін А. Смиттің өзінде-ақ ұрығы бар жаңа құн теориясына негіздейді, әңгіме осы теорияны қолдану туралы болғанда А. Смит оны әрқашан да дерлік ұмытып кететін, ал бұл теория бүкіл сонан былайғы экономикалық ғылымның бастама түп негізі болды. Товарлардың құны товарларға сіңген еңбектің мөлшерімен анықталады деген қағидадан Рикардо еңбектің шикі материалдарға қосқан құн

мөлшері жұмысшылар мен капиталистердің арасында бөлінеді, бұл құн жалақы мен пайда болып (яғни осы айтылған жағдайда қосымша құн болып) бөлінеді деген қорытынды шығарады. Ол осы екі бөліктің арасындағы арасалмақ қалай өзгергенімен де товарлардың құны сол бұрынғы күйінде қалады деп көрсетеді,— бұл заңда ол кейбір жекелеген ерекшеліктер ғана болуы мүмкін дейді. Тіпті ол, тым жалпылама ұғымда болса да, жалақы мен қосымша құн (пайда түрінде алынған) арасындағы өзара қатынастарға қатысы бар кейбір негізгі заңдарды да анықтап берген (Маркс. «Капитал», I кітап, XV тарау, А<sup>17</sup>) және жер рентасы дегеніміз белгілібір жағдайларда бөлініп шығатын пайданың артығы деп көрсеткен.— Осы пункттердің бірде-бірінде Родбертус Рикардодан әрі бара алмаған. Рикардо теориясының ішкі қайшылықтары, оның мектебінің құруына себеп болған қайшылықтары Родбертуске не мүлде мәлім болмаған не ол қайшылықтар оны экономикалық шешімдер жасаудың орнына утопиялық талаптар қоюға әкеліп соқтырған («Zur Erkenntniß etc.», S. 130).

Рикардонның құн мен қосымша құн жөніндегі ілімінің социалистік тұрғыдан қолданылуы үшін Родбертустың «Zur Erkenntniß etc.»-ін күтуінің қажеті болған жоқ. «Капиталдың» бірінші томының 609-бетінде (немісше 2-ші басылуы)<sup>18</sup> «The Source and Remedy of the National Difficulties. A. Letter to Lord John Russel. London, 1821» деген шығармадан: «The possessors of surplus produce or capital» \* деген сөздер цитатқа келтіріледі. «Surplus produce or capital» деген сөздері үшін ғана назар аудару керек болатын, ұмытылған жерінен Маркс қайта көтерген бұл шығарма 40 беттік памфлет еді; онда былай делінген:

«Капиталистің үлесіне» {капиталистің тұрғысынан қарағанда} «қаншама тиесілі болса да, ол жұмысшының қосымша еңбегін ғана (surplus labour) иемдене алады, өйткені жұмысшы тіршілік етуі керек» (23-бет).

Бірақ жұмысшының *қалай* өмір сүретіні, демек, капиталист иемденетін қосымша еңбектің қаншама зор болмағы — мұның өзі тым относительноді шама.

«Егер капиталдың құны оның аумағының өсу пропорциясындай пропорцияда кемімейтін болса, онда капиталист жұмысшы тіршілік ете алуы мүмкін минимумнан тыс әрбір жұмыс сағатының өнімін жұмысшыдан сығып алатын болады... сайып келгенде, капиталист жұмысшыға былай дей алады: сен нан жеуге тиіс емессің, өйткені қызылша мен картоп жеп те өмір сүруге болады; біз де қазірдің өзінде-ақ осындай күйге түсіп отыр-

\* — «Қосымша өнімнің, яки капиталдың иелері». Ред.

мыз» (24-бет). «Егер жұмысшыны нанның орнына картопты қорек ететіндей дәрежеге жеткізуге болатын болса, онда бұл ретте оның еңбегінен көбірек нәрсе сығып алуға болатындығының даусыз екені дұрыс нәрсе; яғни нанмен қоректенген кезде жұмысшы өзін және семьясын асырап сақтау үшін *дүйсенбі мен сейсенбі күнгі еңбегін жұмсауға* мәжбүр болған болса, картоппен қоректенген кезде ол *дүйсенбі күнінің жартысын* ғана өзіне пайдаланады, ал дүйсенбінің қалған жартысы мен бүкіл сейсенбі түгелдей не мемлекеттің пайдасына, не *капиталистке тиеді*» (26-бет). «Рента түрінде болсын, қарыз проценті түрінде болсын немесе кәсіпкерлік пайда түрінде болсын капиталистерге төленетін проценттер басқалардың еңбегі есебінен төленетіндігі даусыз нәрсе (if is admitted)» (23-бет).

Сонымен, біздің бұл арада көріп отырғанымыз бүтіндей Родбертустың «рентасы», тек «рентаның» орнына «проценттер» делінген.

Маркс бұл жөнінде мынадай ескерту жасайды («Саяси экономия сынының» қолжазбасы, 852-бет): ««Сұмдық дарынсыз» Мак-Куллох <sup>19</sup> өзіне назар аударта бастаған кезде шыққан осы онша белгісіз памфлет Рикардоға қарағанда елеулі ілгері қadam басқандық болып табылады. Қосымша құнды немесе оны Рикардо атайтындай «пайданы» (сондай-ақ ол екінің бірінде оны қосымша еңбек, *surplus produce*, деп те атайды) немесе оны памфлеттің авторының атауындай *interest* \*-ті бұл автор турадан-тура *surplus labour*, қосымша еңбек деп, жұмысшы ақысыз тегін атқаратын, өз жұмыс күшінің құнын өтейтін, яғни өз жалақысының эквивалентін өндіретін еңбек мөлшерінен тыс атқаратын еңбек деп сипаттайды. *Құнды еңбекке* әкеліп саю қандай маңызды болған болса, дәл сондай-ақ *қосымша өнімнен* (*surplus produce*) көрінетін қосымша құнды (*surplus value*) *қосымша еңбекке* (*surplus labour*) әкеліп саю да дәл сондай маңызды болды. Шын мәнісіне келгенде мұны *А. Смиттің өзі-ақ айтқан болатын және бұл Рикардо берген еңбектің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады*. Бірақ оларда бұл жайт ешжерде айтылмаған және абсолютті формада жазып қалдырылмаған» <sup>20</sup>. Мұнан соң қолжазбаның 859-бетінде былай делінген: «Алайда, автор өзінен бұрынғы өткендердің еңбегінен тапқан экономикалық категориялардың шырмауында қалған. Рикардодан қосымша құн мен пайданы араластырып шатастырушылық ұнамсыз қайшылықтарға әкеліп соқтыратыны сияқты, бұл автордың қосымша құнды капиталға келген процент деп атауы да оны дәл әлгі айтылғандай қайшылықтарға әкеліп соқтырады. Рас, ол мынадай жағынан алғанда Рикардодан жоғары тұр: біріншіден, ол қосымша құн атаулыны қосымша еңбекке апарып сайды, ал екіншіден, қосымша

\* — процент. Ред.

құнды капиталға келетін процент деп атағанымен де, мұнымен бірге ол қосымша еңбектің ерекше формаларынан — рентадан, қарыз проценті мен кәсіпкерлік пайдадан өзгеше interest of capital \* деп қосымша еңбектің жалпы формасын түсінетіндігін баса көрсетеді. Бірақ осы ерекше формалардың бірінің атын, interest-ті, ол тағы да сол жалпы форманың аты деп ұғынады. Қайтадан барып экономикалық сандыраққа (қолжазбада «slang» деген сөз қолданылған) түсу үшін осының өзі де жетіп жатыр»<sup>21</sup>.

Осы соңғы айтылған ескертпе бүтіндей және толығынан біздің Родбертусқа қатысты нәрсе. Бұл да өзінен бұрынғы өткендердің еңбегінен тапқан экономикалық категориялардың шырмауында қалған. Бұл да қосымша құнды оның өзгерген бағынышты формаларының бірінің атымен: рента деп атаған, оның үстіне рентаны ол мүлде екіұшты көмескі бірдеңе етіп қойған. Осы екі қателіктің салдарынан ол қайтадан барып экономикалық сандыраққа түседі, Рикардоға қарағанда бір адым ілгері басқан ол сын көзімен қарай отырып онан әрі ілгері баспайды, мұның орнына ол өзінің әлі де қауызынан арылып болмаған, жете жасалмаған теориясын өзі қашандағысындай тым кеш жариялаған утопияның негізі етпекші болатын есек дәмеге беріліп кеткен. 1821 ж. жарыққа шыққан памфлет 1842 жылғы Родбертустың «рентасынан» сол кездің өзінде-ақ толық асып түсті.

Біз айтып отырған памфлет — жиырмасыншы жылдары Рикардоның құн мен қосымша құн теориясын капиталистік өндіріске қарсы пролетариат мүддесінде пайдаланған және буржуазияны оның өз құралымен соққылаған мол әдебиеттің ең алдыңғы қатардағы шебі ғана. Бүкіл Оуэндік коммунизм, экономикалық айтысқа араласқандықтан, Рикардоға сүйенді. Бірақ онымен қатар тағы да басқа толып жатқан жазушылар болды, Прудонға қарсы айтыста («Философия қайыршылығы», 49-бет<sup>22</sup>) Маркс 1847 жылдың өзінде-ақ бұлардың ішінен кейбіреулерін ғана: Эдмондсты, Томпсонды, Годскинді, т. т. және т. б. келтіреді «және тағы бір төрт бетті, т. б. келтіреді». Осы орасан көп шығармалардың ішінен мен тәуекел деп біреуін ғана алайын, ол: «An Inquiry into the Principles of the Distribution of Wealth, most conducive to Human Happiness, by William Thompson; a new edition, London, 1850». 1822 ж. жазылған бұл шығарма тұңғыш рет 1824 жылы жарыққа шықты. Өнім өндірмейтін таптар иемденуші байлық бұл шығармада да барлық жерде жұмысшының өнімінен алынатын алым

\* — капиталға келетін процент. *Ред.*

ретінде сипатталады, оның бержағында әжептеуір қатты айтылады.

«Біз өзіміз қоғам деп атайтын нәрсенің үнемі көздейтіні өндіргіш қызметкерді алдау немесе сендіру арқылы, қорқыту немесе зорлау арқылы оны өз еңбегі өнімінің мүмкін қадері аз мөлшеріне еңбек еткізу» (25-бет). «Жұмысшы өз еңбегінің түгелдей бүкіл өнімін алуға тиіс болмауының себебі не?» (32-бет). «Жер рентасы немесе пайда деген атпен капиталистер өндіргіш жұмысшыдан алатын бұл ақыны олар жерді немесе басқа да заттарды пайдаланғаны үшін талап етеді... Өзінің өндіру қабілетінен басқа ештеңесі жоқ, дәулетсіз өндіргіш жұмысшы өзінің осы өндірушілік қабілетін тек физикалық заттармен немесе солар арқылы ғана көрсете алатын болғандықтан, осы заттардың бәрі өз мүдделері жұмысшының мүдделеріне қарама-қарсы келетін және өздерінің келісімі жұмысшының қызмет етуінің алғышарты болып табылатын басқа адамдардың иелігінде болып отырғандықтан,— міне сондықтан капиталистер *жұмысшының өз еңбегі жемістерінің қаншалық үлесін* оның сол еңбегіне ақы ретінде бергісі келетін-келмейтіндігі сол капиталистердің рақымына байланысты емес пе және байланысты болуға тиіс емес пе?» (125-бет). «...үлесі болғанда, ұстап қалынған өнімнің мөлшеріне қарай келетін үлесін бере ме, өнімнің иеленіп алынған бұл бөлегі салық, пайда, немесе ұрлық деп атала ма, мұның бәрібір» (126), т. т.

Шынымды айтайын, бұл жолдарды мен бетімнен отым шығып қысыла жаздым. Мен жиырмасыншы және отызыншы жылдардағы ағылшынның антикапиталистік әдебиеті, Маркс «Философия қайыршылығының» өзінде-ақ бұл әдебиетті тікелей атап көрсеткеніне, ал оның кейбіреулерін — 1821 ж. памфлетті, Рейвнстонды, Годскинді, т. б. — «Капиталдың» бірінші томында талай рет цитатқа келтіргеніне қарамастан, бұл әдебиет Германияда мүлде белгісіз дегенге мен әлі де иланам. Бірақ мына жағдай: «шын мәнісінде ештеңе үйреніп жарытпаған» және есі шығып сасқанынан Родбертустың шапанының етегіне жармасып жүрген *literatus vulgaris* \* ғана емес, сонымен қатар «өзінің ғалымдығын мақтанғаш ететін», лауазымы жөнінен профессор адам да\*\* өзінің классикалық саяси экономиясын естен шығарып ұмытқандығы соншалық, А. Смит пен Рикардодан-ақ табуға болатын нәрселерді Родбертустан ұрлап алды деп Марксті шынымен-ақ кінәлайтындығы, — міне осы жағдай ресми саяси экономияның қазіргі уақытта әбден азғындап кеткендігін дәлелдеп отыр.

Ал бұлай болғанда қосымша құн туралы Маркс не жаңалық айтты? Өзінен бұрынғы социалистік бағыттағылардың бәрінің, соның ішінде Родбертустің де, теориялары ешқандай әсер етпегенде, Маркстің қосымша құн теориясының ашық

\* — тұрпайы әдебиетші (Р. Мейер айтылып отыр). *Ред.*

\*\* — Энгельс А. Вагнерді айтып отыр. Вагнерді Маркстің өзінің сынауын Шығармалардың 19-томынан қараңыз, 369—399-беттер. *Ред.*



аспаннан жай түскендей әсер еткені, оның үстіне барлық цивилизациялы елдерде әсер еткені қалай?

Химияның тарихы мұны бізге мысалмен түсіндіріп бере алады.

Жұртқа мәлім, XVIII ғасырдың аяғында-ақ флогистондық теория үстем болды, бұл теория бойынша жану атаулының мәні мынада: жанушы денеден басқа нәрсе, гипотетикалық дене, флогистон деп аталған абсолютті жанушы материал бөлініп шығады. Бұл теория сол кездегі белгілі химиялық құбылыстардың көпшілігін түсіндіруге жеткілікті еді, рас, — кейбір ретте ол бұларды әрең-әрең түсіндіретін-ді. Ал 1774 жылы Пристли ауаның бір түрін сипаттап шықты, «мұны ол соншалық таза немесе флогистоннан соншалық аулақ деп тапты, мұнымен салыстырғанда кәдімгі ауа енді бұзылған ауадай болып көрінді». Ол мұны: дефлогистонған ауа деп атады. Осының ізінше Швецияда ауаның осындай бір түрін Шееле сипаттап шықты және оның атмосферада бар екенін дәлелдеді. Шееле сонымен қатар, егер бұл ауада немесе кәдімгі ауада белгілі бір дене жағылатын болса, онда ол ауаның жоқ болып кететінін дәлелдеді, сондықтан да оны отты ауа (Feuerluft) — деп атады.

«Бұл мәліметтерден ол мынадай қорытынды шығарды: флогистонның ауаның бір құрамды бөлегімен қосылған кезіндегі» (демек, жану кезіндегі) «қосынды — әйнек арқылы шығып кететін от немесе жылылық болып табылады, одан басқа ешнәрсе де емес»<sup>2)</sup>.

Пристли мен Шееленің сипаттап шыққаны оттегі еді, бірақ олар өздерінің қолдарында не нәрсе болғанын білмеді. Олар флогистондық «категориялардың — өздерінің алдында өткендерден алған категориялардың ықпалында қалды». Барлық флогистондық көзқарастарды жоюға және химияны революцияландыруға тиіс болған осы элемент олардың қолында мүлде жеміссіз құрып бітті. Бірақ осыдан кейін көп кешікпей Пристли Парижде болған кезінде өзінің ашқан жаңалығы туралы Лавуазьеге хабарлады, ал Лавуазье, осы жаңа фактыны басшылыққа ала отырып, бүкіл флогистондық химияны қайта зерттеп шықты, сөйтіп ауаның жаңа түрі химиялық жаңа элемент болып табылатындығын, жану кезінде жанушы денеден жасырын сырлы флогистон *бөлінбейтіндігін*, қайта осы жаңа элемент денемен *қосылатындығын* тұңғыш рет ашты, сөйтіп ол өзінің флогистондық формасында басымен төңкеріліп тұрған бүкіл химияны тұңғыш рет аяғынан тік қойды. Ал егер

<sup>2)</sup> Roscoe und Schorlemmer: «Ausführliches Lehrbuch der Chemie». Braunschweig, 1877, I, S. 13, 18.

Лавуазье тіпті от тегін басқалармен бір мезгілде және оларға байланыссыз сипаттап шықпаған болса, кейін ол осылай деген болатын, онда қалайда істің шын мәнісіне келгенде оттегін *ашқан* Лавуазье, бірақ ана екеуі емес, ол екеуі оны тек *сипаттап* шыққан еді, олар тіпті нақ *нені* сипаттағанын түсінген де жоқ еді.

Пристли мен Шееле жөнінде Лавуазье қандай болған болса, қосымша құн теориясында Маркс өзінің алдында өткендер жөнінде дәл сондай адам болды. Өнім құнының қазір біз қосымша құн деп атап отырған бөлігінің *бар екендігі* Маркстен көп бұрын анықталған болатын; сол сияқты оның неден құралатыны, атап айтқанда: еңбекті иемденген адам ол үшін ешқандай эквивалент төлемеген еңбектің өнімінен құралатыны азды-көпті айқын айтылған болатын. Бірақ одан әрі барылған жоқ. Біреулері — классикалық буржуазиялық экономистер — ең мықтағанда еңбек өнімінің жұмысшылар мен өндіріс құрал-жабдықтары иелерінің арасында қалай бөлінетінін көрсететін сан қатынастарын зерттеді. Басқалары — социалистер — бұл бөлісті әділетсіз деп тауып, осы әділетсіздікті жою үшін утопиялық жолдарды іздестірді. Бірақ олардың екеуі де өздерінің алдында өткендерден алған экономикалық категориялардың ықпалында қалды.

Ал енді Маркс келіп шықты. Оның бержағында өзінің алдында өткендердің бәріне тікелей қарама-қарсы болып шықты. Олар мәселенің *шешімі* деп білген нәрсені, ол тек *проблема* деп білді. Ол бұл жерде менің көріп отырғаным дефлогистонған ауа емес және отты ауа емес, оттегі деп білді; бұл жерде әңгіме экономикалық фактіні жай атап өту туралы, бұл фактінің мәңгі әділеттілікке және ақиқат моральға қайшы келіп отырғандығы туралы болып отырған жоқ, қайта әңгіме бүкіл саяси экономияда төңкеріс жасау міндеті жүктелген факті туралы және бүкіл капиталистік өндірісті түсінудің кілтін тауып берген, — ол кілтті пайдалана білетін адамға тауып берген факті туралы болып отыр. Жаңа ашылған оттегіне сүйене отырып, флогистондық химияның бұрынғы категорияларын зерттеген Лавуазье сияқты, Маркс әлгі фактіні басшылыққа ала отырып, өзіне дейінгі анықталған категориялардың бәрін зерттеді. Қосымша құн деген не нәрсе екенін білу үшін ол құн дегеннің не екенін білуге тиіс болды. Ең алдымен Рикардоның құн теориясының өзін сынға алу қажет болды. Сонымен, Маркс еңбекті оның құн жасау қасиеті жағынан зерттеді және *қандай* еңбектің, неліктен және қалай құн жасайтынын тұңғыш рет анықтады; құнның жалпы алғанда *осы* текті жинақталған таза еңбектен басқа ештеңе де емес екенін анықтады, —

бұл пунктті Родбертус өмірінің ақырғы күніне дейін түсіне алмай кетті. Маркс одан кейін товар мен ақшаның қатынасын зерттеді, сөйтіп товар мен товар айырбасы қалай және неге — өзіне тән құн қасиеті себепті — товар мен ақшаның қарама-қарсылығын туғызуға тиіс екенін көрсетіп берді; оның осыған негізделген ақша теориясы — ақшаның тұңғыш толық теориясы, қазірде жалпы жұрт үндемей мойындап отырған теориясы болып табылады. Ол ақшаның капиталға айналуын зерттеді және мұның өзі жұмыс күшін сатып алу және сатуға негізделетінін дәлелдеп берді. Еңбектің орнына жұмыс күшін, құн жасаушы тұлғаны қойып, ол қиындықтардың бірін, Рикардо бағытының күйреуіне әкеліп соқтырған қиындықты: капитал мен еңбектің өзара айырбасын құнды еңбекпен анықтайтын Рикардоның заңымен үйлестірудің мүмкін еместігін бірден шешіп шықты. Капиталдың тұрақты және өзгермелі капиталға бөлінетінін анықтай келіп қана, Маркс қосымша құнның жасалу процесінің шын барысын егжей-тегжейіне дейін жете көрсетті, сөйтіп осы процесті түсіндіріп берді, мұны оның алдында өткендердің бір де бірі істеген жоқ еді; демек, ол капиталдың өзіндегі айырмашылықты анықтады, Родбертустың да, буржуазиялық экономистердің де анықтау ешбір қолынан келмеген айырмашылықты, бірақ нағыз былыққан экономикалық проблемаларды шешудің кілтін беретін айырмашылықты көрсетті; бұл жерде мұның аса айқын дәлелі тағы да сол II том және одан да гөрі — III том болып табылады — мұны кейініректе көреміз. Онан соң, ол қосымша құнның өзін зерттеді, оның екі формасын: абсолютті және относительді қосымша құнды ашты, сөйтіп бұлардың капиталистік өндірістің тарихи дамуында қандайлық әртүрлі, бірақ екі ретте де шешуші роль атқарғанын көрсетті. Қосымша құн теориясына сүйене отырып, ол жалақының тұңғыш рационалды, қазірде біздің ғана қолымызда бар теориясын дамытты, сөйтіп капиталистік қор жинау тарихының негізгі сыйпаттамаларын тұңғыш рет жасап берді және оның тарихи тенденцияларын баяндап берді.

Ал Родбертус ше? Осының бәрін оқып шыққан ол — әрбір біржақты экономист сияқты! — мұны «қоғамға шабуыл жасау»<sup>23</sup> деп тапты, қосымша құнның қайдан шығатындығын менің өзім-ақ әлдеқайда қысқа да айқын етіп айтып бергенмін деді және, ақырында, осы айтылғанның бәрі «капиталдың осы заманғы формасы» жөнінде, яғни тарихи өмір сүріп келе жатқан капитал жөнінде дұрыс болғанымен, ол «капитал ұғымы» үшін жарамсыз, яғни Родбертус мырзаның капитал жөніндегі утопиялық түсінігіне жарамсыз деп тапты. Өмірінің соңғы күндеріне дейін флогистонға бас иіп, оттегі туралы ештеңе

білгісі келмеген дәл сол қарт Пристли сияқты. Тек Пристли оттегін шын мәнісінде бірінші болып сипаттап баяндап берді, ал Родбертус болса өзінің қосымша құнында немесе, дәлірек айтқанда, өзінің «рентасында» әбден мезі болған нәрселерді ғана қайтадан ашты, ал Маркс, Лавуазьенің қылығына қарама-қарсы, қосымша құнның бар екендігі *фактісін* мен бірінші болып аштым деуден аулақ болды.

Родбертустың саяси экономияға қосқан басқа да нәрселерінің бәрі әлгі айтылғандай дәрежеде. Оның қосымша құн теориясын утопияға айналдырып өңдеуін Маркс «Философия қайыршылығында»-ақ ойламаған жерде сынға алған болатын; бұл жөнінде тағы да айтуға болатын нәрсенің бәрін мен осы еңбектің немісше аудармасының алғысөзінде<sup>24</sup> айтқанмын. Оның сауда дағдарыстарын жұмысшы табы тұтынуының жеткіліксіздігінен болып отыр деп түсіндіруі Сисмондидің өзінде-ақ «Nouveaux Principes d'Economie politique»-де бар, Liv. IV, ch. IV<sup>3)</sup>. Тек Сисмонди бұл ретте үнемі дүние жүзілік рынокты еске алып отырды, ал Родбертустың ой шеңбері Пруссия шекарасынан әрі аспайды. Оның жалақы капиталдан алына ма әлде табыстан алына ма деген ой толғаған пайымдаулары схоластика саласына жатады және «Капиталдың» осы екінші кітабының үшінші бөлімінің мазмұны оларды мүлде жойып жібереді. Оның рента теориясы оның ерекше игілігі болып табылады және оны сынаған Маркстің қолжалбасы<sup>25</sup> баспасөзде жарыққа шыққанға дейін емін-еркін ұйықтай тұра алады. Ақырында, оның ескі пруссиялық жер иелігін капитал езгісінен азат етпек болған жобалары тағы да мүлдем утопиялық нәрселер; атап айтқанда, оның жобалары осы жерде әңгіме болып отырған бірден-бір практикалық мәселеге,— ескі пруссия юнкері жылдан жылға, айталық, 20 000 марка табыс тауып және, айталық, 30 000 марка жұмсап күн көргенде ол қалайша ешқандай қарыз алмауы мүмкін? — деген сұраққа соқпай өтеді.

Рикардо бағыты 1830 ж. шамасында қосымша құннан күйреді. Ол бағыттың шеше алмаған нәрсесін оның мирасқоры, тұрпайы саяси экономия, онан бетер шеше алмайтын нәрсе болып қала берді. Оның күл-талқанын шығарған екі пункт мына төмендегілер:

Біріншіден. Еңбек — құн өлшемі. Алайда капиталға айырбастаған кезде тірі еңбектің құны өзі айырбасталып отырған

<sup>3)</sup> «Сонымен, дүние-мүліктің шағын ғана меншікшілердің қолына шоғырлануы себепті ішкі рынок барған сайын шағындала береді, сөйтіп өнеркәсіптің сыртқы рынокта товар өткізу өрісін барған сайын көбірек іздеуіне тура келеді, мұнда оған орасан зор күйзелістер қауіп төндіреді» (атап айтқанда, 1817 ж. дағдарыс, бұл дәл осының ізінше дәл сол жерде баяндалады). «Nouv. Princ.», éd. 1819, I, p. 336.

затқа айналған еңбектің құнынан аз болады. Жалақы, тірі еңбектің белгілібір мөлшерінің құны, тірі еңбектің сол мөлшері өндірген өнімнің яки сол еңбек сіңген өнімнің құнынан әрқашан да аз. Осындай ұғымда алғанда мәселе шынында да шешілмейтін мәселе. Маркс бұл мәселені дұрыс қойды, сөйтіп оған жауап берілді. Еңбектің құны болмайды. Ауырлықтың ерекше салмағы болмайтыны сияқты, жылылықтың ерекше температурасы болмайтыны сияқты, электр қуатының ерекше ток күші болмайтыны сияқты, құн жасаушы қызмет болып табылатын еңбектің де ерекше құны болуы мүмкін емес. Товар ретінде сатып алынатын және сатылатын нәрсе — еңбек емес, жұмыс күші. Жұмыс күші товарға айналысымен-ақ, оның құны қоғамдық өнім ретінде оған сіңген еңбекпен өлшенеді; бұл құн жұмыс күшін өндіру және ұдайы өндіру үшін керекті қоғамдық қажетті еңбекке тең. Демек, өзінің осындай құны негізінде жұмыс күшін сатып алу мен сату құнның экономикалық заңына әсте де қайшы келмейді.

Екіншіден. Рикардоның құн заңы бойынша бірдей ақы төленетін тірі еңбектің бірдей мөлшерін қолданатын екі капитал, қалған басқа жағдайлар да бірдей деп ойлағанда, теңдей уақыттың ішінде құны теңдей өнім өндіреді, сондай-ақ тең мөлшерде қосымша құн немесе пайда өндіреді. Ал егер ол екі капитал тірі еңбекті бірдей емес мөлшерде қолданса, онда олар қосымша құнды немесе, рикардошылардың айтатынындай, пайданы тең мөлшерде өндіре алмайды. Бірақ өмірде бұған қарама-қарсы нәрсе болады. Іс жүзінде тең капиталдар өздерінің тірі еңбекті көп не аз қолданатындығына қарамастан, теңдей уақыттың ішінде орта есеппен тең пайда өндіреді. Демек, бұл арада құн заңына айқын қайшылық болып отыр, бұл қайшылықты Рикардоның өзі-ақ аңғарған-ды және оның мектебі бұл қайшылықты шешуге де қабылетсіз болды. Бұл қайшылықты Родбертус та аңғармай қала алмады; бірақ бұл қайшылықты шешудің орнына ол оны өз утопиясының бастама пункттерінің бірі етті («Zur Erkenntniß», S. 131). Бұл қайшылықты Маркс «Саяси экономия сынының» қолжазбасында ақ<sup>26</sup> шешкен болатын; «Капиталдың» жоспары бойынша бұл қайшылықтың шешімі III кітапта беріледі<sup>27</sup>. Бұл кітап жарияланғанға дейін әлі де талай айлар өтеді. Демек, Родбертусты Маркс теориясының құпия көзі деп және оның алдында өткен теңдесі жоқ адам деп тапқысы келетін экономистер үшін Родбертустың саяси экономиясының не нәрсе берерлік қабылеті бар екендігін көрсетулеріне реті келіп тұр. Егер олар құн заңын бұзбастан ғана емес, сонымен қатар нақ сол заңның негізінде пайданың біркелкі орта нормасы қалай жасалатындығын

және қалайша жасалуға тиіс екендігін көрсетіп берсе, онда біз олармен кейініректе сөйлесетін боламыз. Алайда олар асыға қимылдасын. Осы II кітаптың тамаша зерттеулері және олардың осы күнге дейін мүлде қол тигізілмеген дерлік салалардағы мүлде жаңа нәтижелері III кітаптың мазмұнына кіріспе қағидалар ғана болып табылады, Маркстің капиталистік негіздегі қоғамдық ұдайы өндіріс процесін зерттеген зерттеулерінен жасалған соңғы қорытындылар осы III кітапта баяндалған. Осы III кітап жарыққа шыққан кезде жұрт қайдағы бір Родбертус деген экономист жөнінде аз сөз ететін болады.

Маркстің маған жиі-жиі айтқанындай, ол «Капиталдың» екінші және үшінші кітаптарын әйеліне арнамақшы болып еді.

Лондон, Маркстің туған күні, 5 май, 1885 ж.

*Фридрих Энгельс*

# КАПИТАЛЪ

КРИТИКА ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМІИ.

---

СОЧИНЕНІЕ

КАРЛА МАРКСА

изданное подъ редакціею Фридриха Энгельса.

~~~~~

Переводъ съ нѣмецкаго.

---

ТОМЪ ВТОРОЙ.

КНИГА II. ПРОЦЕССЪ ОБРАЩЕНІЯ КАПИТАЛА.

---

С. ПЕТЕРБУРГЪ.

1885.

«Капиталдын» II томының орысша бірінші  
басылуының титул беті

## ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ<sup>28</sup>

Бұл ұсынылып отырған екінші басылуы негізінен алғанда бірінші басылуынан сөзбе-сөз көшіріліп басылды. Баспадан кеткен қателер түзетіліп, кейбір стилистикалық кемшіліктер жойылды, тек қайталау болып табылатын бірнеше қысқа абзацтар алынып тасталды.

Мүлде ойламаған қиындықтар туғызған үшінші кітап та қазір қолжазба күйінде әзір дерлік. Егер денсаулығым мүмкіндік берсе, бұл кітап осы күздің өзінде-ақ басыла бастауы мүмкін.

Лондон, 15 июль, 1893 ж.

*Ф. Энгельс*

---

Шолудың неғұрлым қолайлы болуы үшін бұл жерде II—VIII жеке қолжазбалардан алынған жерлердің қысқаша жиынтығы келтіріліп отыр.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

II қолжазбадан 31—32-беттер.— VII қолжазбадан 32—43-беттер.— VI қолжазбадан 43—47-беттер.— V қолжазбадан 47—133-беттер.— 134—137-беттер кітаптардан жазып алынған



көшірмелердің арасынан табылған заметка.— 138-беттен бөлімнің аяғына дейін IV қолжазбадан алынған; алайда 147—149-беттерде VIII қолжазбадан алынған жері қосылған.— 152 және 159—160-беттер, ескертулер II қолжазбадан.

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бас жағы, 172—183-беттер, IV қолжазбаның аяғы болып табылады.— Осыдан бастап бөлімнің аяғына дейін, 183—393-беттер, бәрі II қолжазбадан.

### ҮШІНШІ БӨЛІМ

18-тарау (394—403-беттер) II қолжазбадан.

19-тарау: I және II (404—438-беттер) VIII қолжазбадан.— III (438—440-беттер) II қолжазбадан.

20-тарау: I (441—444-беттер) II қолжазбадан, қорытынды абзац қана VIII қолжазбадан.

II (445—448-беттер) негізінен алғанда II қолжазбадан.

III, IV, V (448—477-беттер) VIII қолжазбадан.

VI, VII, VIII, IX (478—495-беттер) II қолжазбадан.

X, XI, XII (495—545-беттер) VIII қолжазбадан.

XIII (546—555-беттер) II қолжазбадан.

21-тарау (556—596-беттер) бәрі VIII қолжазбадан.

**ЕКІНШІ КІТАП**

**КАПИТАЛ АЙНАЛЫСЫНЫҢ  
ПРОЦЕСІ**

## БІРІНШІ БӨЛІМ

КАПИТАЛ МЕТАМОРФОЗДАРЫ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУЫСПАЛЫ  
АЙНАЛЫМЫ

## БІРІНШІ ТАРАУ

## АҚША КАПИТАЛЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ

Капиталдың ауыспалы айналымының процесі <sup>1)</sup> үш сатыдан өтеді, бұл сатылар, бірінші томда баяндалғанындай, мынадай қатарлардан тұрады:

*Бірінші саты:* Капиталист товар рыногы мен еңбек рыногына сатып алушы ретінде келеді; оның ақшасы товарға айналады, яки  $A - T$  айналысын жасайды.

*Екінші саты:* Капиталистің сатып алған товарларды өндірісте тұтынуы. Ол капиталистік товар өндіруші ретінде әрекет етеді; оның капиталы өндіріс процесінен өтеді. Нәтижесінде товарды өндіретін элементтердің құнынан көп құны бар товар пайда болады.

*Үшінші саты:* Капиталист рынокқа сатушы ретінде қайтып барады; оның товары ақшаға айналады, яки  $T - A$  айналысын жасайды.

Демек, ақша капиталының ауыспалы айналымының формуласы мынадай:  $A - T... \Theta... T' - A'$ , мұндағы нүктелер айналыс процесінің үзілгендігін көрсетеді, ал  $T'$ , сондай-ақ  $A'$ , қосымша құнға үстелген  $T$  мен  $A$ -ны көрсетеді.

Бірінші томда бірінші және үшінші саты екінші сатыны — капитал өндіру процесін түсіну үшін қажет болған шеңберде ғана зерттелді. Сондықтан онда өзінің түрлі сатыларында капитал тұлға ететін және ауыспалы айналым қайталанған кезде ол біресе қабылдап, біресе өзінен алып тастайтын түрлі формалар қаралмай қалған-ды. Енді ол формалар неғұрлым толық зерттелетін жайт болып отыр.

<sup>1)</sup> II қолжазбадан.

Осы формаларды олардың таза күйінде түсіну үшін ең алдымен формалардың ауысуына және осындай формалардың жасалуына ешқандай қатынасы жоқ нәрселердің бәрінен аулақтап арылу керек. Сондықтан бұл арада товарлар өздерінің құны бойынша сатылады деп қана емес, сонымен қатар мұның өзі өзгермейтін жағдайларда жасалады деп ұйғарылады. Демек, ауыспалы айналым процесінің барысында болуы мүмкін күн өзгерістері еске алынбайды.

### 1. БІРІНШІ САТЫ. А—Т<sup>2)</sup>

А — Т белгілібір ақша сомасының белгілібір товар сомасына айналуы: сатып алушы үшін — оның ақшасының товарға айналуы, сатушылар үшін олардың товарларының ақшаға айналуы. Жалпы товар айналысының бұл актісі мұнымен бірге жеке-дара капиталдың дербес ауыспалы айналымында функциялы айқын бөлім болып шығады, бұлай болғанда ең алдымен оның формасы себепті емес, оның заттық мазмұны себепті, ақшамен орын алмастыратын товарларды тұтынудың ерекше сипаты себепті болады. Мұның өзі, бір жағынан, — өндіріс құрал-жабдықтары, екінші жағынан, — жұмыс күші: товар өндірісінің заттық және адамдық факторлары, бұлардың ерекше сипаты өндірілмекші өнім түріне, әрине, сәйкес келуге тиісті. Егер біз жұмыс күшін Ж, өндіріс құрал-жабдықтарын  $\Theta_k$  деп атасақ, онда капиталист сатып алатын товарлардың жиынтығы  $T = Ж + \Theta_k$ , немесе, қысқаша,  $T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  болады. Демек, өзінің мазмұны жағынан қаралып отырған А — Т актісі  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  болып табылады, яғни А — Т, А — Ж-ға және А —  $\Theta_k$ -ға бөлінеді; А ақша сомасы екі бөлімге бөлінеді, оның бір бөлегі жұмыс күшін сатып алуға, ал екінші бөлегі — өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсалады. Осы екі түрлі сатып алу әрекеті мүлде әр түрлі рыноктарда жасалады: бірі — кәдімгі товар рыногында, екіншісі — еңбек рыногында жасалады.

Алайда А айналатын товарлар жиынтығының осы сапалық бөлінісімен қатар,  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  актісінің өзі сондай-ақ өте-мөте сипатты сандық қатынас та болып табылады.

Өзімізге мәлім, жұмыс күшінің құны, тиісінше оның бағасы, оны товар ретінде сатушы жұмыс күшінің иесіне жалақы

<sup>2)</sup> Төменде Маркс 1878 жылғы 2 июльде бастаған VII қолжазбадан алынған текст келтіріледі.

түрінде, яғни қосымша еңбекті де қамтитын белгілібір еңбек жиынтығының бағасы ретінде төленеді; сонымен, егер, мәселен, жұмыс күшінің күндік құны 3 маркаға, бес сағаттық еңбек өніміне тең болса, онда сатып алушы мен сатушының арасындағы шартта бұл сома, айталық, он сағаттық еңбектің бағасы яки ақысы ретінде көрсетіледі. Егер мұндай шарт, мысалы, 50 жұмысшымен жасалған болса, онда олар бір күннің ішінде сатып алушыға жалпы алғанда 500 сағаттық еңбек беруге тиіс, мұның жартысы, 25 он сағаттық жұмыс күніне тең 250 жұмыс сағаты жәй әншейін қосымша еңбек болып табылады. Сатып алу қажет болатын өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшері, сондай-ақ олардың көлемі осы еңбек аумағын қолдану үшін жеткілікті болуға тиіс.

Демек,  $A - T < \frac{Ж}{\Theta қ}$  тек сапалық қатынасты ғана, тек белгілібір ақша сомасының, мысал үшін 422 фунт стерлингтің, бір-біріне сәйкес келетін өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне айналатындығын ғана көрсетіп қоймайды: ол жұмыс күшіне  $Ж$ -ға жұмсалған ақша бөлегі мен өндіріс құрал-жабдықтарына  $\Theta қ$ -ға жұмсалған ақша бөлегі арасындағы сандық қатынасты да, — белгілібір мөлшердегі жұмысшылар жұмсайтын артық, қосымша еңбектің жиынтығы алдын-ала белгілеп қойған қатынасты білдіреді.

Демек, егер, мысалы, пәлендей бір жіп иіру мастерскойында 50 жұмысшының жалақысы аптасына 50 фунт стерлинг болатын болса, онда өндіріс құрал-жабдықтарына 372 ф. ст. жұмсалуға тиіс, бұл ретте мұның өзі — 3 000 сағаттық апталық еңбек иірілген жіпке айналдыратын өндіріс құрал-жабдықтарының құны, ал 3 000 сағаттың 1 500 сағаты қосымша еңбек деп ұйғарылады.

Бұл арада өнеркәсіптің түрлі тарауларында қосымша еңбекті қолдану құнның өндіріс құрал-жабдықтары түрінде қосымша жұмсалуына қандайлық дәрежеде себепші болатындығының мүлде келер-кетері жоқ. Әңгіме тек мынау жөнінде ғана болып отыр: бар жағдайлардың бәрінде де өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалатын ақшаның бөлегі, яғни  $A - \Theta қ$  актісінде сатылып алынған өндіріс құрал-жабдықтары жеткілікті мөлшерде болуға тиіс, демек, солай болады деп алдын-ала есептелуге тиіс, тиісті пропорцияда жеткізіліп қоюға тиіс. Басқаша айтқанда, еңбек арқылы өнімге айналатын болу үшін өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшері еңбектің тиісті мөлшерін сіңіре алатындай жеткілікті болуға тиіс. Егер қолда бар өндіріс құрал-жабдықтары жеткілікті болмаса, онда сатып алушы өз қарамағына алатын артық еңбек пайдаланылмай

қалған болар еді; сатып алушының осы еңбекті иеленіп жұмсауы ешбір нәтиже бермеген болар еді. Егер өндіріс құрал-жабдықтары еңбекті сатып алушының қарамағында бар еңбектен көп болып шықса, онда олар еңбекке қанбай қалар еді де, өнімге айналмаған болар еді.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  актісі жасалған кезде сатып алушының қолында белгілі бір пайдалы затты шығару үшін қажетті өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күші ғана болып қоймайды. Оның қолында іске қосылатын көп мөлшердегі жұмыс күші, яки жұмыс күшінің құнын қалпына келтіру үшін қажетті еңбектен гөрі көп мөлшердегі еңбек болады және мұнымен бірге оның қолында еңбектің осы мөлшерін өткізу үшін немесе затқа айналдыру үшін керек болатын өндіріс құрал-жабдықтары болады; демек, оның қолында бұйымдар өндіретін элементтердің құнынан көп құны бар бұйымдар өндірудің факторлары бар, яки қосымша құны бар товар аумағын өндірудің факторлары бар. Демек, оның ақша түрінде авансыланған құны енді қосымша құн (товар түрінде) туғыза алатын құн ретінде өткізіле алатын заттай формада болады. Басқа сөзбен айтқанда: ол құн мен қосымша құн жасаушы капитал ретінде қызмет атқаратын қабылеті бар *өндіргіш капитал* күйінде немесе соның формасында болады. Осы формадағы капиталды  $\Theta$  арқылы белгілейік.

Ал  $\Theta$ -нің құны  $Ж$  мен  $\Theta_k$ -ға айналған  $A$ -ға тең  $Ж + \Theta_k$ -ның құнына тең.  $A$  дегеніміз  $\Theta$  сияқты нақ сондай капитал құны, тек оның орын алу формасы басқаша; атап айтқанда, бұл ақша күйіндегі, яки ақша формасындағы капитал құны: бұл — *ақша капиталы*.

Сондықтан  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  актісі, яки оның  $A - T$  жалпы формасындағы акт, яғни товарлар сатып алудың барлық актілерінің жиынтығы, жалпы товар айналысының актісі бола отырып, мұнымен қатар, капиталдың ауыспалы айналымының дербес процесіндегі саты ретінде, капитал құнының өзінің ақша формасынан өзінің өндіргіш формасына айналуы, яки, қысқаша айтқанда, *ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы* болып табылады. Демек, ауыспалы айналымның бұл жерде ең алдымен қаралып отырған фигурасындағы ақша капитал құнының бірінші иесі болып табылады, сондықтан ақша капиталы капитал авансыланатын форма болып табылады.

Ақша капиталы ретінде ол өзі ақшаның қызметін атқара алатын, мысалы осы айтылған жағдайда — жалпылама сатып алу құралы мен жалпылама төлем құралы қызметін атқара

алатын күйде болады. (Төлем құралы болатын себебі — жұмыс күші бұрын сатылып алынғанымен, ол жұмыс істегеннен кейін барып қана оған ақы төленеді. Рынокта дайын өндіріс құрал жабдықтары болмай, оларға заказ беруге тура келетіндіктен,  $A - \Theta$  қ актінде де ақша төлем қаржысы ретінде әрекет етеді). Оның бұл қабылеті ақша капиталының капитал екендігінен тумайды, ақша капиталының ақша екендігінен туады.

Екінші жағынан, ақша күйіндегі капитал құны тек ақша қызметін ғана атқара алады, басқа ешқандай қызмет атқармайды. Осы соңғы қызметті капитал қызметіне айналдыратын нәрсе — олардың капитал қозғалысындағы белгілі бір ролі, ал сондықтан ол қызмет өзі көрінетін сатының капиталдың ауыспалы айналымының басқа сатыларымен байланысы да. Мысалы, біз ең алдымен назар аударып отырған жағдайда, ақша товарға айналады, бұлардың қосылуы өндіргіш капиталдың заттай формасы болып табылады, ал сондықтан жасырын күйдің өзінде, мүмкіндіктің өзінде, оның бойында капиталистік өндіріс процесінің нәтижесі болады.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta}$  формуласында ақша капиталының қызметін атқарушы ақшаның бір бөлегі осы айналыстың өзін жасай отырып, өзінің капитал қасиеті жойылып, тек ақша қасиеті ғана қалатын қызметті атқаруға көшеді. Ақша капиталы  $A$ -ның айналысы  $A - \Theta$  және  $A - Ж$  болып бөлінеді, өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға және жұмыс күшін сатып алуға бөлінеді. Соңғы актінің өзін жеке алып қаралық. Капиталист тарапынан  $A - Ж$  дегеніміз жұмыс күшін сатып алу; жұмысшының, жұмыс күші иесінің тарапынан ол — жұмыс күшін сату, бұл арада біз еңбекті сату деп айта аламыз, өйткені осының өзінде-ақ жалақы формасы ұйғарылып қойылған. Сатып алушы үшін  $A - T (= A - Ж)$  болып табылатын нәрсе бұл арада, басқа да сатып алу атаулы кезіндегі сияқты, сатушы (жұмысшы) үшін  $Ж - A (= T - A)$ , өзінің жұмыс күшін сату болып табылады. Мұның өзі — товар айналысының бірінші сатысы яки товардың бірінші метаморфозы («Капитал», I кітап, III тарау, 2а); еңбекті сатушының тарапынан бұл оның товарының ақша формасына айналуы. Осындай жолмен алған ақшасын жұмысшы бірте-бірте өзінің қажеттерін өтейтін белгілі бір товарлар жиынтығына, тұтыну заттарына жұмсайды. Демек, тұтас алғанда оның товарының айналысы  $Ж - A - T$  түрінде болады, яғни біріншіден,  $Ж - A (= T - A)$  және екіншіден,  $A - T$  болады; демек, жәй товар айналысының жалпы формасы  $T - A - T$  түрінде болады, мұнда ақша өткінші роль

атқаратын жәй айналыс құралы ретінде, товарды товарға айырбастаған кездегі жәй дәнекер ретінде көрінеді.

*A — Ж* ақша капиталын өндіргіш капиталға айналдырудың сипатты кезеңі болып табылады, өйткені мұның өзі ақша формасында авансыланған құнды капиталға, қосымша құн өндіретін құнға шын мәнісінде айналдыру үшін керекті елеулі шарт. *A — Θ* қ әктісі *A — Ж* әктісінде сатып алынған еңбек жиынын өткізу үшін ғана қажет. Сондықтан *A — Ж* әктісі осы тұрғыдан I кітапта, II бөлімде, «Ақшаның капиталға айналуы» деген бөлімде қаралған болатын. Ал бұл жерде мәселені тағы бір басқа тұрғыдан, атап айтқанда капиталдың көріну формасы болып табылатын нақ сол ақша капиталына қатысы жөніндегі тұрғыдан қарау қажет.

Жалпы алғанда *A — Ж* әктісі капиталистік өндіріс әдісіне сипатты нәрсе деп танылады. Бірақ бұлай деп танылғанда әсте де жоғарыда айтылған себептен, жұмыс күшін сатып алу дегеніміз жұмыс күшінің бағасын, жалақыны өтеу үшін қажетті еңбек мөлшерінен көп еңбек беру ескертілген, демек, авансыланған құнды капиталға айналдырудың, яки, былай десе де бәрібір, қосымша құн өндірудің негізгі шарты болатын қосымша еңбек беру ескертілген келісім болатындығынан емес. Жоқ, керісінше, оның ондай сипатты нәрсе деп танылуы өзінің формасы себепті, өйткені жалақы формасында еңбек ақшаға сатып алынады, ал мұның өзі ақша шаруашылығының белгісі болып есептеледі.

Бұл арада тағы да сол сипатты деп саналатын нәрсе — форманың иррациональдылығы емес. Керісінше, бұл иррациональдылықты жұрт ескермейді. Ал иррациональдылық мынада: құн жасаушы элемент болып табылатын еңбектің өзінің құны болмайды, сондықтан еңбектің белгілі бір мөлшерінде де оның бағасынан, оның белгілі бір ақша мөлшерімен эквивалент болуынан көрінуге тиісті құны болмайды. Алайда біз жалақы дегеніміз жәй әншейін бүркемеленген форма екендігін, форма болғанда, мысалы, жұмыс күшінің күндік бағасы осы жұмыс күшінің бір күн ішінде қимылға келтірген еңбегінің бағасы болып көрінетін форма екендігін білеміз, демек, осы жұмыс күшінің, айталық, 6 еңбек сағатының ішінде өндірген құны оның он екі сағат бойы қызмет етуі құнының, яки он екі сағаттық еңбегі құнының көрінісіне айналады.

*A — Ж* ақша шаруашылығы деп аталатынның сипатты ерекшелігі, белгісі болып саналады, өйткені бұл жерде еңбек оның иесінің товары, ал сондықтан ақша сатып алушы болып табылады; демек, осы қатынастың (яғни адам қызметін сатып алу мен сатудың) ақшалы сипатта болуы себепті *A — Ж*



ақша шаруашылығының сипатты белгісі деп саналады. Алайда ақша қызмет көрсету делінетіндерді сатып алушы ретінде тым ерте шыққан болатын,— бірақ, бұған қарамастан, А да ақша капиталына айналған жоқ, шаруашылықтың жалпы сипаты да төңкеріске ұшыраған жоқ.

Өзінің қандай товар түріне айналатыны ақша үшін мүлде бәрібір нәрсе. Мұның өзі барлық товарлар үшін жалпылама эквиваленттің формасы, бұл товарлар өздерінің бағасы арқылы-ақ өздерінің ойдағы белгілібір ақша сомасы болып табылатындығын көрсетеді, өздерінің ақшаға айналуын күтіп тұрады және ақшамен орын ауыстырғанда ғана олар өз иелері үшін тұтыну құндарына айнала алатын форма алады. Демек, рынокта өз иесінің товары болып табылатын жұмыс күші бар екен, оның бержағында бұл товарды сату еңбекке ақы төлеу формасында, жалақы түрінде жүзеге асырылады екен, онда қандай да болсын, басқа товарды сатып алу мен сатуға қарағанда жұмыс күшін сатып алу мен сатудың ешқандай айырықша ерекшелігі болмайды. Мұндағы ерекшелік нәрсе жұмыс күші-товардың сатып алынуы мүмкін екендігінде емес, қайта жұмыс күшінің товар болып табылатындығында.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  арқылы, ақша капиталын өндіргіш капиталға айналдыру арқылы, капиталист өндірістің заттық және адамдық факторларын бір біріне қоса алады, өйткені бұл факторлар товарлардан тұрады. Егер ақша өндіргіш капиталға алғаш рет айналып отырған болса немесе өз иесі үшін ақша капиталы ретінде алғаш рет қызмет етіп отырған болса, онда ақша иесі, жұмыс күшін сатып алмас бұрын, әуелі өндіріс құрал-жабдықтарын: өндіріс үйлерін, машиналар, т. т. сатып алуға тиіс, өйткені жұмыс күші оның қарамағына келместен бұрын, оның жұмыс күшін жұмыс күші ретінде пайдалануы мүмкін болу үшін оның қолында өндіріс құрал-жабдықтары болуға тиіс.

Капиталистің тұрғысынан қарағанда істің жәйі осындай.

Жұмысшының тұрғысынан қарағанда: оның жұмыс күшінің өндірушілік көрінісі жұмыс күшін сатудың нәтижесінде оның өндіріс құрал-жабдықтарымен қосылуы кезеңінен бастап қана мүмкін болады. Демек, сатылғанға дейін жұмыс күші өндіріс құрал-жабдықтарынан, өзінің көрінуінің заттық шарттарынан бөлек өмір сүреді. Осы бөлек тұрған күйінде ол өз иесі үшін тұтыну құндарын өндіру мақсатында да, өз иесі сатқаннан кейін барып күн көруіне болатын товарларды өндіру мақсатында да тікелей пайдаланыла алмайды. Ал жұмыс күшін сату нәтижесінде ол өндіріс құрал-жабдықтарымен қосы-

лысымен-ақ, ол тұп-тура өндіріс құрал-жабдықтары сияқты өзін сатып алушының өндіргіш капиталының құрамды бөлегіне айналады.

Сондықтан  $A — Ж$  актісінде ақша иесі мен жұмыс күшінің иесі біріне бірі сатып алушы мен сатушы ретінде ғана қатынасып отырғанымен, біріне бірі ақша иесі мен товар иесі ретінде қарама-қарсы тұрады, демек, осы мағынада алғанда бір-бірі жөнінде жәй ақша қатынасында болып отырады,— солай бола тұрғанымен сатып алушы ең бастан-ақ мұнымен бірге жұмыс күші иесінің өз жұмыс күшін өнім өндіруге жұмсауының заттық шартын құрайтын өндіріс құрал-жабдықтарының иесі ретінде шығады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл өндіріс құрал-жабдықтары бөтеннің меншігі ретінде жұмыс күші иесіне қарама-қарсы тұрады. Екінші жағынан, еңбекті сатушы оны сатып алушыға бөтеннің жұмыс күші ретінде қарама-қарсы тұрады, бұл жұмыс күші сол сатып алушының қарамағына көшуге тиіс, оның капиталы өзін өндіргіш капитал ретінде шын мәнісінде көрсете алуы үшін соған қосылуға тиіс. Демек, капиталист пен жалдама жұмысшы  $A — Ж$  (жұмысшы тарапынан  $Ж — A$ ) актісінде бір-біріне қарама-қарсы тұрған кездің өзінде-ақ, капиталист пен жалдама жұмысшының арасында таптық қатынас болып шығады, алдын ала солай ұйғарылады. Қаралып отырған акт — сатып алу мен сату, ақша қатынасы, бірақ сатып алу мен сату болғанда сатып алушы капиталист, ал сатушы жалдама жұмысшы болады деп ұйғарылатын сатып алу мен сату; бұл қатынастың туу себебі: жұмыс күшін іске асырудың шарттары — тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтары — бөтеннің меншігі ретінде жұмыс күші иесінен бөлектенген.

Бұл арада мұның қалай бөлектенгені бізге таңсық емес.  $A — Ж$  актісі жасалатындықтан ол бар нәрсе. Бұл арада бізге керегі мына төмендегілер: егер  $A — Ж$  ақша капиталының атқаратын қызметі болып табылатын болса яки бұл жерде ақша капиталдың орын алу формасы болып табылатын болса, онда мұның бұлай болуы бұл жерде ақшаның пайдалы нәтижесі бар адам қызметіне, көрсетілген қызметке төленетін төлем қаржысы ретінде шығып отырғандығынан емес, әсте де одан емес; демек, әсте де ақшаның төлем қаржысы ретінде қызмет атқаруы салдарынан емес. Ақша мұндай формада жұмсалғанда жұмыс күшінің өндіріс құрал-жабдықтарынан (бұған жұмыс күшінің өзін өндіру құралы ретінде тіршілік заттарын да қоса алғанда) бөлектенуі себепті ғана жұмсалуы мүмкін; өйткені бұл бөлектену жұмыс күшінің өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісіне сатылуы арқылы ғана жойы-

лады, демек, жұмыс күшінің қызмет етуі де сатып алушыға тән болады, бұл қызмет етудің шегі жұмыс күшінің өзінің бағасын қалпына келтіру үшін қажетті еңбек мөлшерінің шегіне әсте де сәйкес келмейді. Капиталистік қатынастың өндіріс процесінде көрінетін себебі — оның өзі айналыс актісінің өзінде-ақ, сатушы мен сатып алушы бір-біріне қарама-қарсы тұрған түрлі негізгі экономикалық жағдайларда, олардың таптық қатынастарында болатындығы себепті ғана. Бұл қатынас ақшаның табиғатынан тумайды; керісінше, осы қатынастың болуы ғана ақшаның жай қызметін, капиталдың қызметіне айналдыра алады.

Ақша капиталын түсінуде (әзірге біз онымен ақша капиталының бұл жерде біздің алдымызда өзінің көрініп отырған белгілі бір қызметі шеңберінде ғана ісіміз болады) әдетте екі түрлі теріс ұғым кездеседі немесе қабаттаса келеді. Біріншіден, капитал құнының ақша капиталы ретінде атқаратын қызметтері және оның нақ сол ақша формасында болғандықтан ғана атқара алатын қызметтері қатеден барып оның капитал ретіндегі сипатынан туғызылады, ал оның бержағында оның бұл қызметтері капитал құнының ақшалай күйіне ғана, оның ақша ретінде көріну формасына ғана байланысты туады. Ал, екіншіден, мұның керісінше: ақша қызметінің бір мезгілдің ішінде бұл қызметті капитал қызметіне айналдыратын ерекше мазмұны ақшаның табиғатынан туғызылады (сондықтан ақшаны капиталмен шатастырады), ал оның бержағында ақша капиталының атқаратын қызметі бұл арада  $A—Ж$  актісі жасалған кездегідей, жәй товар айналысы мен соған сәйкес ақша айналысы кезінде әсте болмайтын қоғамдық жағдайлардың болуын керек етеді.

Құлдарды сатып алу мен сату да өзінің формасы жағынан товар сатып алу мен сату болып табылады. Алайда құлдық болмайынша, ақша бұл қызметін атқара алмайды. Егер құлдық бар болып отырса, онда ақша да құлдарды сатып алуға жұмсалына алады. Мұның керісінше, сатып алушының қолында ақшаның болуы құлдықтың болуын мүмкін ету үшін әсте де жеткіліксіз нәрсе.

Өз жұмыс күшін сату (өз еңбегін сату түрінде, немесе жаалақы түрінде болсын) оқшау құбылыс емес, қоғамдық көлемде товар өндірудің шешуші алғышарты болып табылатындығы, демек, ақша капиталы осы арада қаралып отырған  $A—T < \frac{Ж}{Өқ}$  қызметін қоғамдық көлемде атқаратындығы — осы жағдай өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшінің бастапқы қосылуын жіктеген тарихи процестердің: өздерінің нәтижесін-

де өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі болып табылмайтын халық бұқарасы, жұмысшылар, осы өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі болып табылатын жұмысшы еместерге қарама-қарсы тұратын процестердің болуын керек етеді. Бұл ретте жұмыс күшінің өндіріс құрал-жабдықтарымен қосылуы өзі жіктелгенге дейін жұмысшының өзі өндіріс құрал-жабдықтары ретінде басқа өндіріс құрал-жабдықтарының қатарына жатқан, немесе олардың меншікшісі болған формада болған-болмағандығы мәселені титтей де өзгерте алмайды.

Сонымен, бұл арада  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  актісінің негізінде жатқан мәселенің мәні — бөліс; бөліс болғанда тұтыну заттарын бөлу тәрізді әдеттегі мағынада алғандағы бөліс емес, өндірістің өзінің элементтерін бөлу мағынасындағы бөліс, оның бер жағында заттық факторлар бір жаққа шоғырланған, ал олардан оқшаулатылған жұмыс күші екінші жаққа шоғырланған.

Демек, өндіріс құрал-жабдықтары, өндіргіш капиталдың заттық бөлегі,  $A - Ж$  актісі жалпылама қоғамдық акт болмастан бұрын-ақ өндіріс құрал-жабдықтары ретінде, капитал ретінде, жұмысшыға қарама-қарсы тұруға тиіс.

Біз бұдан бұрын көргеніміздей<sup>29</sup>, бір кезде дүниеге келген капиталистік өндіріс өзінің дамуында жоғарыда айтылған бөліністі қайта туғызып қана қоймайды, сонымен қатар ол бөлініс тегі үстем қоғамдық күйге айналғанға дейін оны үнемі өсіп отыратын мөлшерде ұлғайта береді. Алайда бұл мәселенің тағы бір жағы бар. Капитал құрастырудың және оған өндірісті бағындырудың алғышарты — сауда дамуының, олай болса товар айналысы дамуының, демек, товар өндірісі дамуының белгілібір дәрежеде болуы, өйткені егер бұйымдар сату үшін, демек товар ретінде шығарылмайтын болса, онда олар товар ретінде айналысқа түсе алмайды. Ал капиталистік өндіріс негізінде ғана товар өндірісі өндірістің қалыпты, үстем түрі болып табылады.

Шаруаларды азат ету деп аталатын жағдайдың нәтижесінде қазір өз шаруашылықтарын еріксіз крепостной қызметкерлердің орнына жалдама жұмысшылардың күшімен жүргізіп отырған орыс жер меншікшілері екі түрлі нәрсеге: біріншіден, ақша капиталының жетіспеуіне шағым етуде. Мысалы, олар былай дейді: астық өнімін сатпастан бұрын, бір шама ірі мөлшерде жалдама жұмысшыларға ақы төлеуге тура келеді, міне осы жерде келіп бірінші шарттың, қолдағы ақшаның тапшылығы білінеді. Өндірісті капиталистік жолмен жүргізу үшін ақша түрінде үнемі қолда капитал болуы керек, мұның

өзі нақ сол жалақы төлеу үшін керек. Алайда жер иеленушілер бұл жөнінен өздерін жұбата тұруына болады. Бәрі де өз кезінде келеді, өнеркәсіп капиталісінде тек оның өзіне тән ақшалар ғана емес, сонымен қатар *L'argent des autres* \* те бар.

Алайда екінші шағымы сипаттырақ, атап айтқанда: егер тіпті ақша болған күннің өзінде де, кез келген уақытта сатып алуға болатын ерікті жұмыс күштерін жеткілікті мөлшерде тауып алуға болмайды, өйткені деревня қауымының жерді ортақ меншіктенуі себепті орыс ауыл шаруашылық жұмысшысы өзінің өндіріс құрал-жабдықтарынан әлі де болса мүлдем арыла қоймаған, сондықтан ол осы ұғымның толық мағынасында алғанда әлі де «ерікті жалдама жұмысшы» болып табылмайды. Алайда осындай жұмысшының қоғамдық көлемде болуы  $A - T$ , ақшаның товарға айналуы, ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы бола алуы үшін сөзсіз қажетті шарт.

Сондықтан, ақша капиталының ауыспалы айналымының формуласы:  $A - T... \Theta... T' - A'$ , дамыған капиталистік өндірістің негізінде ғана капиталдың ауыспалы айналымының өзінен өзі түсінікті формасы болатыны әбден айқын нәрсе, өйткені ол қоғамдық көлемде жалдама жұмысшылар табының болуын керек етеді. Жоғарыда көргеніміздей, капиталистік өндіріс тек товар мен қосымша құн ғана өндіріп қоймайды; ол жалдама жұмысшылар табын ұдайы өндіреді, оның үстіне үнемі ұлғайып отыратын көлемде ұдайы өндіреді және тікелей өндірушілердің басым көпшілігін жалдама жұмысшыларға айналдырады. Сондықтан  $A - T... \Theta... T' - A'$  ауыспалы айналымы, мұны жүзеге асырудың бірінші алғышарты жалдама жұмысшылар табының үнемі табылып тұруы болатындықтан, капиталды өндіргіш капиталы түрінде деп есептейді, сондықтан өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымының формасы да бар деп есептейді.

## II. ЕКІНШІ САТЫ. ӨНДІРГІШ КАПИТАЛДЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Бұл арада қаралып отырған капиталдың ауыспалы айналымы  $A - T$  айналысының актісінен, ақшаның товарға айналуынан, сатып алудан басталады. Демек, бұл айналыс қарама-қарсы метаморфоз  $T - A$  метаморфозымен, товардың ақшаға айналуымен, сатумен толықтырылуға тиіс. Бірақ  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_K}$  актісінің тікелей нәтижесі ақша формасында

\* — бетенің ақшалары да. *Ред.*

авансталған капитал құны айналысының тоқтап қалуы болады. Ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы нәтижесінде капитал құны заттай форма алды, бұл формада ол онан әрі айналымда бола алмайды, сондықтан тұтынуға түсуге, атап айтқанда өндірмелі тұтынуға түсуге тиіс. Жұмыс күшін тұтыну, яғни еңбек ету еңбек процесінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Капиталист жұмысшыны товар ретінде қайтадан сата алмайды, себебі жұмысшы оның құлы емес және капиталист белгілібір уақыт ішінде оның жұмыс күшін пайдалануды ғана сатып алды. Екінші жағынан, ол жұмыс күшін пайдаланғанда оны өндіріс құрал-жабдықтарын товарлар жасау факторы ретінде пайдалануға еріксіз қоса отырып қана пайдалана алады. Демек, бірінші сатының нәтижесі — екінші сатыға, капиталдың өндірушілік сатысына көшу.

Бұл қимыл  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k} \dots \Theta$  түрінде болады, мұнда нүктелер капитал айналымының үзілгендігін көрсетеді, бірақ оның ауыспалы айналым процесі онан әрі жүре береді, өйткені ол товар айналысы саласынан өндіріс саласына енеді. Демек, бірінші саты, ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы, екінші сатыға көшудің, өндіргіш капиталдың қызмет етуіне көшудің алғы, кіріспе фазасы ғана болып табылады.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  актісі осы актіні жасаушы индивидуумда белгілі бір тұтыну формасындағы құндар ғана бар емес, сонымен қатар ол құндар онда ақша түрінде де бар, ол — ақша иесі деп біледі. Бірақ бұл актінің мәнісі — ақшаны дәл қайтып берерінде, сондықтан ақша иесі ақша жұмсау актісінің өзінің нәтижесінде ақша *implicite* \* өзіне қайтып оралатындықтан ғана ақша иесі болып қала алады. Ал ақша оған товарларды сату арқылы ғана қайтып оралуы мүмкін. Демек, бұл акт ақша иесі товар өндіруші ретінде болуға тиіс деп ұйғарады.

$A - Ж$ . Жалдама жұмысшы өзінің күшін сатып қана күн көреді, тіршілік етеді. Жұмыс күшін сақтау — оның өзін-өзі сақтауы — оның күн сайын тұтынылуын керек етеді. Демек, жұмысшы өзін-өзі сақтауына қажетті сатып алатын заттарын қайталап алып отыруы үшін, яғни  $Ж - A - T$  немесе  $T - A - T$  актісін қайталап отыра алуы үшін жұмысшыға ақы төлеу біршама қысқа мерзімдер ішінде үнемі қайталанып отыруы тиіс. Сондықтан капиталист ақша капиталисі ретінде, ал оның капиталы — ақша капиталы ретінде оған үнемі қарама-қарсы тұруға тиіс. Ал, екінші жағынан, тікелей өндірушілер

\* — түрлі жолдармен. *Ред.*

бұқарасы, жалдама жұмысшылар бұқарасы,  $J - A - T$  актісін жасай алуы үшін қажетті тіршілік заттары өздерін сатып алуға болатын формада, яғни товар формасында осы бұқараға үнемі қарама-қарсы тұруға тиіс. Демек, бұл жағдай өнімнің товар ретіндегі айналысының жоғары дәрежеде дамуын, олай болса товар өндірісінің кең көлемде болуын талап етеді. Жалдама еңбек арқылы өндіру жалпылама сипат алған кезде, товар өндірісі өндірістің жалпылама формасына айналуға тиіс. Товар өндірісі, өзінің жалпылама сипаты бар деп ұйғарып, өз тарапынан, қоғамдық еңбектің барған сайын өскелең түрде бөлінуіне, яғни белгілі бір капиталистің товар ретінде өндіретін өнімінің үнемі өсіп отыратын оқшаулануына, өндірістің өзара бірін-бірі толықтырып отыратын процестерінің дербес процестер болып барған сайын көбірек бөлінуіне себепші болады. Сондықтан  $A - J$  дамиды дәрежеде  $A - \Theta$  қ да дамиды, яғни дәл осындай дәрежеде өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі осы құрал-жабдықтар товар өндірісі жөнінде өндіріс құрал-жабдықтары болып табылатын товарлар өндірісінен бөлінеді, ал өндіріс құрал-жабдықтары әрбір товар өндірушіге ол өзі өндірмейтін, бірақ ол өзінің белгілі бір өндіріс процесі үшін сатып алатын товарлар ретінде қарама-қарсы тұрады. Олар оның өз өндіріс саласынан мүлде бөлінген, дербес жүргізілетін өндіріс салаларынан шығады, — олар оның өндіріс саласына товар ретінде кіреді; демек, оларды сатып алуға тура келеді. Товар өндірісінің заттық шарттары басқа товар өндірушілердің өнімдері ретінде, товар ретінде товар өндірушіге көбірек қарама-қарсы тұра түседі. Сондықтан дәл осы дәрежеде капиталист ақша капиталисі ретінде шығуға тиіс; басқаша айтқанда — оның капиталы ақша капиталы ретінде қызмет етуге тиісті көлем ұлғаяды.

Екінші жағынан, капиталистік өндірістің негізгі шартын — жалдама жұмысшылар табының болуын — туғызатын жағдайлардың өзі бүкіл товарлы өндірістің капиталистік товарлы өндіріске көшуіне себепші болады. Капиталистік товарлы өндірістің қанағаттандыруға бағытталғандықтан өнімнің артығын ғана товарға айналдыратын өндірістің неғұрлым ескі формасы атаулыға бүлдіруші және ыдыратушы түрде ықпал етеді. Ол өнім сатуды басты мақсатқа айналдырады, оның бер жағында ол әуелгі кезде өндіріс әдісінің өзіне тимейтін сияқты болып көрінеді, — мысалы, дүние жүзілік капиталистік сауданың қытай, үнді, араб, т. с. халықтарға жасаған алғашқы ықпалы осындай болды. Ал капиталистік товарлы өндіріс тамырын тең жайған жерде ол өзінің негізі өндірушінің өз еңбегі бол-

ған, не болмаса өнімінің артығын ғана товар ретінде жәй әншейін сату болған барлық товарлы өндіріс формаларын қиратып бүлдіреді. Әуелі ол товарлы өндірісті өндірістің жалпылама формасы етеді, соңынан бірте-бірте бүкіл товарлы өндірісті капиталистік өндіріске айналдырады<sup>3)</sup>.

Өндірістің қоғамдық формалары қандай болмасын, жұмысшылар мен өндіріс құрал-жабдықтары әрқашан да өндіріс факторлары болып қала береді. Алайда бір-бірінен оқшауланған күйде бола отырып, бұлардың екеуі де тек мүмкіндігіне қарай ғана өндіріс факторлары болып табылады. Заты өнім өндіру үшін олар біріне бірі қосылуға тиіс. Осы қосылуды жүзеге асырудың айрықша сипаты мен жолы қоғамдық құрылыстың түрлі экономикалық дәуірлерін бір-бірінен ажыратып ерекшелеп тұрады. Зерттеліп отырған жағдайда еркін жұмысшының өзінің өндіріс құрал-жабдықтарынан ажырауы күні бұрын белгілі бастама пункт болып табылады, сөйтіп, біз капиталистің қолында жұмысшы мен өндіріс құрал-жабдықтарының қалай және қандай жағдайларда қосылатындығын, атап айтқанда, оның капиталының өмір сүруінің өндірушілік формасы ретінде қосылатындығын жоғарыда көрдік. Сондықтан товар жасаудың осындай жолмен қосылған адамдық және заттық факторлары көрінетін нақты процесс, өндіріс процесінің өзі капиталдың қызметіне айналады,— өндірістің капиталистік процесіне айналады, мұның табиғаты осы шығарманың бірінші кітабында толық зерттелген-ді. Товар өндірумен шұғылданатын әрбір кәсіпорын сонымен қатар жұмыс күшін қанау жөніндегі кәсіпорынға айналады; алайда тек капиталистік товарлы өндіріс қана өзіне бір жаңа заман болып табылатын қанау әдісіне айналады, бұл қанау әдісі өзінің онан арғы даму тарихында еңбек процесін ұйымдастыра отырып және техниканы орасан зор көлемде дамыта отырып, қоғамның бүкіл экономикалық құрылымында төңкеріс жасайды да, өзінен бұрынғы заманының бәрін әлдеқайда артқа тастайды.

Өндіріс процесінің барысында өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшінің құн жасауда, демек, мұнымен қатар қосымша құн жасауда да атқаратын рольдерінің әртүрлілігі нәтижесінде олар тұрақты және өзгермелі капитал болып ажыратылады, өйткені олар авансыланған капитал құнының өмір сүру формалары болып табылады. Өндіргіш капиталдың түрлі құрамды бөліктері ретінде олар мұнан әрі былайша ажыратылады: бұлардың біріншісі капиталистің иелігінде болатындықтан соның капиталы болып қалады және өндіріс

<sup>3)</sup> VII қолжазбадан алынған текст осы арада бітеді. Мұнан әрі VI қолжазбадан алынған текст келтіріледі.



процесінен тыс болады, ал жұмыс күші болса, ол тек өндіріс процесінде ғана жеке капиталдың өмір сүру формасына айналады. Егер жұмыс күші өзінің сатушысының, жалдама жұмысшының, қолында тұрғанда ғана товар болып табылатын болса, онда, мұның керісінше, ол өзін сатып алушының, оны уақытша тұтынатын капиталистің қолында тұрғанда ғана капиталға айналады. Өндіргіш капиталдың өмір сүруінің адамдық формасы болып табылатын жұмыс күші өндіріс құрал-жабдықтарымен қосылуға мүмкіндік алған кезден бастап қана өндіріс құрал-жабдықтарының өзі өндіргіш капиталдың заттық бейнесіне, яки өндіргіш капиталға айналады. Демек, адамның жұмыс күші өзінің жаратылысы жағынан капитал болып табылмайтыны сияқты, дәл сондай-ақ өндіріс құрал-жабдықтары да өзінің табиғаты жағынан капитал болып табылмайды. Олар мұндай ерекше қоғамдық сипатты белгілібір, тарихи дамыған жағдайларда ғана ала алады, бұл жайт асыл металдардың тек осындай жағдайларда ғана ақша сипатын немесе ақшалар — ақша капиталының сипатын алатыны сияқты жайт.

Өндіргіш капитал қызмет еткенде өзінің құрамды бөліктерін оларды неғұрлым жоғары құны бар өнімдер жиынтығына айналдыру үшін пайдаланады. Ал жұмыс күші өндіргіш капитал органдарының бірі ретінде ғана әрекет ететіндіктен, оның қосымша еңбегімен жасалған өнімнің өзін құрайтын элементтерінің құнынан артық құны капиталдың жемісі болып табылады. Жұмыс күшінің қосымша еңбегі капитал үшін тегін еңбек болып табылады, сондықтан ол капиталист үшін қосымша құн, ол үшін капиталист эквивалент төлемейтін құн жасап береді. Сондықтан өнім дегеніміз жай ғана товар емес, қосымша құн туғызған товар. Оның құны  $\Theta + M$  ға тең, өнім өндіруге жұмсалған өндіргіш капитал  $\Theta$ -нің құны мен ол өндірген қосымша құн  $M$ -нің қосындысына тең. Айталық, бұл товар 10 000 қадақ иірілген жіп делік, мұны даярлауға құны 372 фунт стерлинг өндіріс құрал-жабдықтары мен құны 50 фунт стерлинг жұмыс күші жұмсалған делік. Жіп иіру процесінде иірушілер өздерінің еңбегі тұтынған өндіріс құрал-жабдықтарының мөлшері 372 фунт стерлинг құнын иірілген жіпке көшірді және мұнымен бірге өздерінің жұмсаған еңбегіне сәйкес олар, айталық, 128 фунт стерлингтік жаңа құн берді. Сондықтан 10 000 қадақ иірілген жіпте 500 фунт стерлингтік құн болады.

### III. ҮШІНШІ САТЫ. $T'—A'$

Өскен капитал құнының өмір сүруінің өндіріс процесінің өзінен тікелей шыққан функциялы формасы болып табылатын товар *товар капиталына* айналады. Егерде товарлы өндіріс өзінің бүкіл қоғамдық көлемінде капиталистік жолмен жүргізілген болса, онда әрбір товар, бұл товар шойыннан тұра ма әлде брюссель шілтерлерінен тұра ма, күкірт қышқылынан тұра ма әлде сигарлардан тұра ма, оның бәрібір, ең басынан бастап-ақ товар капиталының элементі болған болар еді. Товарлардың қандай түрлері өздерінің қасиеті жағынан капитал дәрежесіне жеткізілуге тиіс екендігі және қандай түрлері жай товар қызметінде қалу керек екендігі туралы мәселе схоластикалық саяси экономияның өзі үшін жасап алған зиянсыз қиындықтардың бірі болып табылады.

Товар формасында тұрған капитал товар қызметін атқаруға тиіс. Осы товарды құрайтын, ең басынан-ақ рынок үшін өндірілген заттар сатылуға тиіс, ақшаға айналдырылуға тиіс, демек,  $T—A$  қимылын жасауға тиіс.

Айталық, капиталистің товары 10 000 қадақ мақта-мата жіп екен делік. Егер иіру процесінде құны 372 фунт стерлинг өндіріс құрал-жабдықтары тұтынылып, 128 фунт стерлингтік жаңа құн жасалған болса, онда иірілген жіптің құны 500 фунт стерлингке тең болады, бұл иірілген жіп деп аталатын нәрсе-нің бағасынан көрінеді. Бұл баға  $T—A$  сату арқылы өткізіледі. Әрбір товар айналысының осы қарапайым актісі мұнымен бірге капиталдың қызметін не күйге түсіреді? Әсте де ол осы актінің шеңберінде жасалатын қандай да болсын бір өзгеріс: товардың тұтынушылық сипатында өзгеріс жасамайды,— өйткені товар нақ сол тұтыну заты ретінде сатып алушының қолына көшеді; және товардың құнын өзгертпейді,— өйткені оның құны мөлшері жағынан ешқандай өзгерістерге ұшырмайды, тек формасы ғана өзгереді. Алғашқыда құн иірілген жіпте болатын, енді ол ақшада болып отыр. Бірінші  $A—T$  сатысы мен соңғы  $T—A$  сатысы арасындағы елеулі айырмашылық міне осылай көрінеді. Бірінші сатыда авансыланған ақша ақша капиталы ретінде қызмет етеді, өйткені айналыс арқылы ол ерекше тұтыну құны бар товарларға айналады. Мына сатыда, соңғы  $T—A$  сатысында, товардың капитал ретінде қызмет ету себебі — капиталдың бұл сипатын өзінің айналысы басталмастан бұрын-ақ, өндіріс процесінің өзінен дайын күйінде алып келетіндігінен. Иіру процесінің кезінде иірушілер иірілген жіптің құнын 128 фунт стерлинг етіп жасайды. Айталық, капиталист үшін мұның 50 ф. стерлингін оның жұмыс

күшіне жұмсаған қаржысының жай ғана эквиваленті болып табылады, ал 78 ф. ст.— жұмыс күшін қанаудың дәрежесі 156% болған жағдайда — қосымша құн жасайды. Демек, 10 000 қадақ иірілген жіптің құнында, біріншіден, тұтынылған өндіргіш капиталдың  $\Theta$ -нің құны болады, мұның тұрақты бөлегі = 372 ф. стерлингке тең, өзгермелі бөлегі = 50 ф. стерлингке тең, олардың жиынтығы = 422 ф. стерлингке = 8 440 қадақ иірілген жіпке тең. Ал өндіргіш капиталдың құны  $\Theta = T$ , оны жасайтын элементтердің,  $A - T$  сатысында өздерін сатушылардың қолындағы товар ретінде капиталиске қарама-қарсы тұрған элементтердің құнына тең.— Ал, екіншіден, иірілген жіптің құнында 1 560 қадақ иірілген жіпке тең 78 ф. стерлингтік қосымша құн да бар. Демек, 10 000 қадақ иірілген жіптің құнының көрінісі болып табылатын  $T$  тең  $T + \Delta T$ -ға,  $T$  ға өскен  $T$  қосылады (= 78 ф. ст.), бұл өсуді біз  $t$  деп атаймыз, өйткені бұл мезетте ол өсу  $T$ -ның бастапқы құны сияқты дәл сондай товарлы формада өмір сүреді. 10 000 қадақ иірілген жіптің құны = 500 ф. стерлингке тең, демек =  $T + t = T'$ -ге тең. 10 000 қадақ иірілген жіптің құнының көрінісі болып табылатын  $T$ -ны  $T'$ -ге айналдыратын құнның абсолютті мөлшері (500 ф. ст.) емес. Өйткені  $T'$  үшін, дәл сондай-ақ барлық басқа да  $T$  үшін, бұлар товарлардың пәлендей бір жиынтығы құнының көрінісі болып табылатындықтан, құнның абсолютті мөлшері товардың бойында затқа айналған еңбектің мөлшерімен анықталады.  $T$  өзінің құнының относителді мөлшері себепті — өз құнының товар өндіру кезінде жұмсалған капитал  $\Theta$ -нің құнымен салыстырғандағы мөлшері себепті  $T'$ -ге айналады.  $T'$ -де осы соңғы құн және оған қоса өндіргіш капитал әкелген қосымша құн болады.  $T'$ -нің құны көп, ол осы капитал құнынан  $t$  түріндегі қосымша құн мөлшерінде артық. 10 000 қадақ иірілген жіп — өскен, қосымша құнмен байытылған капитал құнының көрінісі, жәнеде капиталистік өндіріс процесінің өнімі ретінде ол осындай роль атқарады.  $T'$  құндық қатынасты — товарлы өнім құнының оны өндіруге жұмсалған капитал құнына қатынасын көрсетеді; демек,  $T'$  өзінің құны капитал құны мен қосымша құннан жасалғандығын көрсетеді. 10 000 қадақ иірілген жіп өндіргіш капиталдың  $\Theta$ -нің өзгерген формасы ретінде ғана, демек — ең алдымен осы жеке капиталдың ауыспалы айналымында ғана болатын яки өзінің капиталы арқылы иірілген жіп өндірген капиталист үшін ғана болатын байланыста ғана товарлы капитал,  $T'$ , болып табылады. Былайша айтқанда, әсте де қайдағы бір сыртқы қатынас емес, тек ішкі қатынас қана құнның көрінісі болып табылатын осы 10 000 қадақ иірілген жіпті товарлы капитал етеді; бұл 10 000

қадақ иірілген жіптің капиталистік таңбасы оның құнының абсолютті мөлшерінде емес, относительноді мөлшерінде, оның бойындағы өндіргіш капиталдың өзі товарға айналмастан бұрын ие болған құнымен салыстырғандағы құнының мөлшерінде болады. Сондықтан, егер 10 000 қадақ иірілген жіп өзінің құны бойынша, 500 ф. стерлингке сатылатын болса, өз алдына алынып қаралып отырған бұл айналыс актісі,  $=T-A$ , өзгеріссіз қалатын құнды товар формасынан ақша формасына жай ғана айналдыру болып табылады. Алайда, жеке капиталдың ауыспалы айналымындағы ерекше саты болып табылатын нақ осы актінің өзі товардағы 422 ф. стерлингтік капитал құнын + нақ сол товардағы 78 ф. стерлингтік қосымша құнды өткізу болып табылады, демек,  $T'-A'$  болып табылады, товарлы капиталды оның товарлық формасынан ақша формасына айналдыру болып табылады <sup>4)</sup>.

$T'$ -нің қызметі басқа да товар өнімі атаулының қызметі сияқты: ақшаға айналу, сатылатын болу,  $T-A$  айналысының фазасын жасау. Енді өзінің құны жағынан өскен капитал әзірге товарлы капитал түрінде қалып отырғанда, әзірге ол рынокта әрекетсіз жатқанда, өндіріс процесі тоқтап тұрады. Капитал өнім жасаушы ретінде де, құн жасаушы ретінде де әрекет етпейді. Капитал өзінің бойынан товарлы форманы сыпырып тастап, ақша формасын алу шапшаңдығының түрлі дәрежесіне қарай, яки сату шапшаңдығына қарай, сол бір капитал құнының өзі өнім жасаушы ретінде де, құн жасаушы ретінде де тым әрқелкі дәрежеде қызмет ететін болады, сондықтан осыған байланысты ұдайы өндіріс көлемі ұлғайып немесе тарылып отыратын болады. Бірінші кітапта осы капиталдың әрекет ету дәрежесі өндіріс процесінің белгілі бір дәрежеде капитал құнының мөлшеріне тәуелсіз потенциаларынан туғандығы көрсетілген болатын <sup>30</sup>. Ал енді байқасақ, айналыс процесі капиталдың әрекет ету, оның ұлғаюы мен тарылып азаю дәрежесін туғызатын, оның құнының мөлшеріне тәуелсіз жаңа потенциалдарды қозғалысқа келтіреді екен.

Құны жағынан өскен капиталдың көрінісі болып табылатын товар аумағы  $T'$ , мұнан әрі, өзінің бүкіл көлемінде  $T'-A'$ , метаморфозын жасауға тиіс. Мұнда сатылған товардың мөлшері елеулі жай болып табылады. Жекелеген товар бүкіл товар аумағының интегральды бөлегі ретінде ғана көрінеді. 500 ф. стерлинг 10 000 қадақ иірілген жіпте болады. Егер капитал 372 ф. стерлингтік құны бойынша тек 7 440 қадақ қана иірілген жіп сата алса, онда ол осылайша өзінің тұрақты

<sup>4)</sup> VI қолжазбадан алынған текст осы арада бітеді. Мұнан әрі V қолжазбадан алынған текст келтіріледі.

капиталының құнын ғана, жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын қалпына келтіреді; егер 8 440 қадақ иірілген жіп сатса, — онда бүкіл аванс ретінде жұмсалған капитал құнының мөлшерін ғана өтейді. Қосымша құнды өткізу үшін ол көп сатуға тиіс, ал 78 фунт стерлингтік (= 1560 қадақ иірілген жіп) бүкіл қосымша құнды өткізу үшін ол 10 000 қадақ иірілген жіптің бәрін сатуға тиіс. Демек, 500 ф. ст. ақша алғанда ол сатқан товарына тең құн ғана алады; оның айналыс шеңберінде жасаған сауда-саттығы жай ғана  $T - A$ . Егер ол өз жұмысшыларына 50 ф. стерлингтік жалақының орнына 64 ф. ст. берген болса, онда оның қосымша құны 78 ф. стерлингтің орнына 64 ф. стерлингке ғана тең болар еді, ал қанау дәрежесі 156% -тің орнына 100% қана болған болар еді; ол оның иірілген жібінің құны бұрын қандай болса, сондай болып қалар еді; тек оның түрлі бөліктерінің ара қатынасы ғана өзгерген болар еді:  $T - A$  айналысының актісі, сол бұрынғысынша, 10 000 қадақ иірілген жіпті 500 ф. стерлингке, олардың өз құны бойынша сату болар еді.

$T' = T + t$  (= 422 ф. ст. + 78 ф. ст.). —  $T$   $\Theta$ -нің құнына, яки өндіргіш капиталдың құнына тең, ал соңғының құны  $A - T$  актісінде, өндіріс элементтерін сатып алу кезінде авансыланған  $A$ -ның құнына тең; біздің мысалымызда, 422 ф. стерлингке тең. Егер бүкіл товар аумағы өзінің құны бойынша сатылатын болса,  $T = 422$  ф. ст. және  $t = 78$  ф. ст., 1 560 қадақ иірілген жіп түріндегі қосымша өнімнің құнына тең. Егер ақшалай көрсетілген  $t$ -ні біз  $a$  арқылы белгілейтін болсақ, онда  $T' - A' = (T + t) - (A + a)$ , ал  $A - T \dots \Theta \dots T' - A'$  ауыспалы айналымы, демек, өзінің кеңінен қолданылатын формасында  $A - T < \frac{Ж}{\Theta} \dots \Theta \dots (T + t) - (A + a)$  арқылы белгіленетін болады.

Бірінші сатыда капиталист тұтыну заттарын товар рыногының өзінен және еңбек рыногынан алады; үшінші сатыда ол товарды қайта шығарады, бірақ тек бір ғана рынокқа, товар рыногының өзіне ғана шығарады. Ал егер ол кейіннен өз товары арқылы рыноктан оған бастапқыда шығарған құнынан көп құн алатын болса, онда мұның себебі оның рыноктан бастапқыда алған товар құнынан көп товар құнын рынокқа шығарып отырғандығынан. Ол рынокқа  $A$  құнын шығарды және одан тең құн  $T$ -ні алды; ол рынокқа  $T + t$  шығарады және соған тең  $A + a$  құнын алады. Біздің мысалымызда  $A$  8 440 қадақ иірілген жіптің құнына тең еді; бірақ ол рынокқа 10 000 қадақ иірілген жіп шығарады, демек, ол рынокқа өзі рыноктан алған құннан гөрі көп құн шығарады. Екінші жағынан, оның

осы өскен құнды рынокқа шығарған себебі, өндіріс процесінде жұмыс күшін қанау арқылы ол қосымша құн (өнімнің белгілібір үлесі ретінде қосымша өнімде көрінетін құн) өндіргендіктен ғана. Өндіріс процесінің өнімі ретінде ғана товар аумағы товарлы капитал, өскен капитал құнының көрінісі болады.  $T' - A'$  актісін жасау арқылы авансыланған капитал құны да, сондай-ақ қосымша құн да өткізіледі. Мұның екеуінің де өткізілуі бір мезгілде бірнеше сату процесінде жасалады немесе бүкіл товар аумағын бірден сату процесінде жасалады, мұны  $T' - A'$  актісі көрсетеді. Бірақ  $T' - A'$  айналысы актісінің сол бір актісі капитал құны мен қосымша құн үшін әртүрлі болады, өйткені олардың әрқайсысы үшін бұл акт олардың айналысының түрлі сатысын, олар айналыс саласында өтуге тиісті метаморфоздар қатарының түрлі бөлімін білдіреді. Қосымша құн, т, өндіріс процесінде ғана дүниеге келген-ді. Демек, ол товар рыногына тұңғыш рет шығады және оның бер жағында нақ товар формасында шығады; мұның өзі оның айналысының бірінші формасы, сондықтан да  $t - a$  актісі оның айналысының бірінші актісі, яки оның бірінші метаморфозы, демек, әлі бұл метаморфозды қарама-қарсы айналыс актісі арқылы, яки  $a - t$  кері метаморфозы арқылы толықтыру керек болады <sup>5)</sup>.

Капитал құны  $T$ -нің сол  $T' - A'$  айналысы актісінің нақ өзінде жасайтын айналысының жайы мұнан басқаша, капитал құны үшін бұл айналыс  $T - A$  айналысының актісі болып табылады, мұнда  $T = \Theta$ , бастапқы авансыланған  $A$ -ға тең. Капитал құны өз айналысының бірінші актісін  $A$  ретінде, ақша капиталы ретінде бастады, сөйтіп  $T - A$  актісі арқылы нақ сол формаға қайтып оралады; демек, ол айналыстың қарама-қарсы екі фазасының екеуінен де 1)  $A - T$  және 2)  $T - A$  фазасынан да өткен, сөйтіп ол тағы да ауыспалы айналымның нақ сол процесін қайтадан бастай алатындай формада болып шықты. Қосымша құн үшін товарлы форманың ақшалай формаға бірінші айналуы болып табылатын нәрсе капитал құны үшін өзінің бастапқы ақшалай формасына қайтып оралу, яки өзінің ақшалай формасына кері айналуы болып табылады.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  арқылы ақша капиталы  $Ж$  мен  $\Theta_k$  товарларының нақ сондай құны бар жиынына айналдырылды. Бұл товарлар бұдан былай товар ретінде, сату заттары ретінде қыз-

<sup>5)</sup> Біз капитал құны мен қосымша құнды қандай жолмен ажыратып қарасақ та бұл жайт күшінде қалады. 10 000 қадақ пірілген жіпте 1 566 қадақ жіп — 78 ф. стерлингке тең қосымша құн бар, ал 1 шиллингке тең 1 қадақ пірілген жіпте өз кезегінде 1,872 пенсі қосымша құнға тең 2,496 унция бар.

мет етпейді. Осы сәттен бастап олардың құны өздерін сатып алушының, капиталистің, қолында осы капиталистің өндіргіш капиталының  $\Theta$ -нің құны ретінде өмір сүреді. Ал  $\Theta$ -нің қызметінде, өндірмелі тұтынылуында, ол товарлар заттай формасы жағынан өндіріс құрал-жабдықтарынан өзгеше жаңа товар сортына, иірілген жіпке айналады, мұнда олардың құны сақталып қана қоймай, сонымен қатар көбейіп, 422 ф. стерлингтен 500 ф. стерлингке жетеді. Бірінші  $A — T$  сатысында рыноктан алынған товарлар осы нақты метаморфоз арқылы басқа товармен алмастырылады, бұл товар заттай формасы жағынан да, құны жағынан да олардан өзгеше болады және енді ол товар ретінде қызмет етуге тиіс, ақшаға айналдырылуға және сатылуға тиіс. Сондықтан өндіріс процесі капитал құнының айналысы процесіндегі үзіліс қана болып табылады, бұл айналыс процесінде бұған дейін тек бірінші  $A — T$  фазасы ғана өтілген болатын. Капитал құны екінші және қорытынды  $T — A$  фазасын  $T$  заттай формасы жағынан және құны жағынан өзгеріске ұшырағаннан кейін барып қана өтеді. Ал егер өз алдына жеке алынған капитал құны қаралып отырған болса, онда ол өндіріс процесінде өзінің тұтынылушылық формасы жағынан ғана өзгеріске ұшыраған болып шығады. Ол  $J$  мен  $\Theta$  қ-да 422 ф. ст. құн ретінде болған еді, енді ол 8 440 қадақ иірілген жіптегі 422 ф. ст. құн ретінде болып отыр. Демек, егер біз өзінің қосымша құнынан оқшау алынған капитал құнының айналыс процесінің екі фазасын ғана қарастыратын болсақ, онда ол 1)  $A — T$  және 2)  $T — A$  актісін өтетін болып шығады, оның бержағында екінші  $T$ -да өзгерген тұтыну формасы, бірақ бірінші  $T$ -дағы сияқты нақ сондай құн болады; сонымен, капитал құны  $A — T — A$  актісін жасайды, — қарама-қарсы бағытта екі рет товардың орнын ауыстыру арқылы, ақшадан товарға және товардан ақшаға айналдыру арқылы ақша түрінде авансыланған құнның өзінің ақшалай формасына қайта оралуына, оның қайтадан ақшаға айналуына қажетті түрде себепші болатын айналыс формасын өтеді.

Ақша түрінде авансыланған капитал құны үшін екінші, қорытынды метаморфоз, ақшалай формаға қайтып оралу болып табылатын  $T — A$  айналысы актісінің нақ өзі сол товар капиталында бар және товар капиталын ақшалай формаға айналдыру арқылы өткізілетін қосымша құн үшін бірінші метаморфоз, товарлы формадан ақшалай формаға айналу,  $T — A$ , айналыстың бірінші фазасы болып қызмет етеді.

Сонымен, бұл арада екі түрлі жағдайды атап айту қажет. Біріншіден, капитал құнының өзінің бастапқы ақшалай формасына ақтық қайта айналуы — товар капиталының атқара-

тын қызметі. Екіншіден, бұл қызмет қосымша құнның өзінің бастапқы товарлы формасынан ақшалай формасына алғаш айналу процесін қамтиды. Сонымен, бұл арада ақша формасы екі түрлі роль атқарады: бір жағынан, ол бастапқыда ақша түрінде авансыланған құн қайта кері қайтып оралатын форма болып табылады,— демек, құнның процесті бастаған формасына қайтып оралу; екінші жағынан, ол бастапқыда айналысқа товар формасында түсетін құнның алғаш рет өзгерген формасы. Егер товар капиталын құрайтын товарлар, осы жерде ұйғарылып отырылғанындай, өздерінің құны бойынша сатылатын болса, онда  $T+t$  құны жағынан тең  $A+a$ -ға айналады. Өткізілген товарлы капитал осы  $A+a$  (422 ф. ст.+78 ф. ст.=500 ф. ст.) формасында енді капиталистің қолында болады. Капитал құны мен қосымша құн енді қолда ақша күйінде, демек,— жалпылама эквивалент формасында болады.

Сонымен, процестің ақыр соңында капитал құны тағы да сол өзі осы процеске енгендегі формада болады және, олай болса, ақша капиталы ретінде осы процесті тағы да бастап, онан әрі жүргізе алады. Процестің бастама формасы мен соңғы қорытынды формасы ақша капиталының формасы ( $A$ ) болып табылатындықтан, нақ сондықтан осы формадағы ауыспалы айналым процесін біз ақша капиталының ауыспалы айналымы деп атадық. Процестің ақырында өзгерген нәрсе құнның формасы емес, авансыланған құнның мөлшері ғана өзгерген екен.

$A+a$  дегеніміз белгілібір шаманың ақшалай сомасынан басқа ештеңе емес, біз айтып отырған жағдайда 500 ф. ст. Бірақ капиталдың ауыспалы айналымының нәтижесі ретінде, өткізілген товарлы капитал ретінде, бұл ақша сомасында капитал құны мен қосымша құн болады, және мұның бер жағында олар иірілген жіптегідей бірігіп тұтасып кеткен емес; қазір олар бірінің қасында бірі жатыр. Бұларды өткізу олардың әрқайсысына дербес ақшалай форма берді. Бұл соманың  $2^{11}/_{250}$ -і 422 ф. стерлингтік капитал құны және  $3^9/_{250}$ -ы 78 ф. стерлингтік қосымша құн. Товарлы капиталды өткізуден туған бұл бөлініс өзінің мазмұны жағынан тек формальды нәрсе ғана емес, бұл жөнінде біз төменде әңгіме етеміз.  $A$ -ға  $a$  толығымен қосыла ма, бөлшектеп қосыла ма немесе мүлде қосылмай ма, міне осыған қарай, демек, ол авансыланған капитал құнының құрамды бір бөлегі ретінде онан әрі қызмет ететіндігіне немесе қызмет етпейтіндігіне қарай әлгі бөлініс капиталды ұдайы өндіру процесінде зор маңыз алады.  $a$  мен  $A$ -ның айналысы да мүлдем әртүрлі болуы мүмкін.

$A'$ -де капитал өзінің бастапқы  $A$  формасына, өзінің ақша-



лай формасына тағы қайтып оралды, бірақ өзі капитал ретінде өткізілген формада қайтып оралды.

Бұл арада, біріншіден, сандық өзгешелік бар.  $A$  болған еді, ол 422 ф. ст. еді; енді  $A'$  бар, бұл 500 ф. ст., ал бұл өзгешелік  $A... A'$ -де, өзінің барысы үш нүктемен ғана белгіленген ауыспалы айналымның сан жағынан әртүрлі ең шеткі мүшелерінде көрсетілген.  $A'$ ,  $A$ -дан көп,  $A' - A = M$ , қосымша құнға тең.— Алайда, осы  $A... A'$ , ауыспалы айналымының нәтижесі ретінде енді  $A'$  ғана бар; мұның өзі ауыспалы айналымның өнімі, өнімі болғанда өзінің жасалу процесі сөнген өнім. Енді  $A'$  өзін дүниеге келтірген қозғалысқа тәуелсіз өз бетімен дербес өмір сүреді. Қозғалыс өтіп кетті, оның орнына  $A'$  тұр.

Ал  $A'$ ,  $A + a$ , 500 ф. ст. сияқты, 422 ф. ст. авансыланған капитал және оның өсімі 78 ф. ст. сияқты, мұнымен қатар сапа қатынасы болып табылады, рас, бұл сапа қатынасының өзі сол бір сома бөлшектерінің қатынасы ретінде ғана, демек,— сан қатынасы ретінде ғана өмір сүреді.  $A$ , қазірде қайтадан өзінің бастапқы формасында (422 ф. ст.) тұрған авансыланған капитал енді өткізілген капитал ретінде өмір сүреді. Ол тек сақталып қана қойған жоқ,— ол сонымен қатар капитал ретінде өткізілді де, себебі ол *өзінің* қосалқысы, *өзінің* жемісі ретінде, өзі туғызған өсім ретінде қарайтын  $a$ -дан (78 ф. ст.) нақ капитал ретінде өзгешеленеді. Ол капитал ретінде өткізілген, өйткені ол құн туғызған құн ретінде өткізілген.  $A'$  капиталистік қатынас ретінде өмір сүреді;  $A$  енді жай ғана ақша емес,— ол турадан-тура ақша капиталы ретінде шығады, өзінен өзі өсетін құн ретінде, демек, өзінен өзі өсетін, өзінің құнынан көп құн туғызатын қасиеті бар құн ретінде көрінеді.  $A$  капиталға айналғанда өзінің екінші бір бөлік  $A'$  ге,  $A$  туғызған бөлік ретінде, оның өзі себеп ретінде туғызған, өзі соның негізі болып отырған бөлік, нәтиже ретінде қатынаста болуы себепті  $A$  капиталға айналды. Сонымен,  $A'$  өз ішінде дифференцияланған, өз бойында атқаратын қызметі жағынан (ұғымда) әртүрлі бөліктері бар құнның жиынтығы болып табылады, капиталистік қатынасты білдіретін құнның жиынтығы болып табылады.

Бірақ бұл қатынас тек нәтиже ретінде ғана көрсетілген, өзі нәтижесі болып отырған процессіз көрсетілген.

Құнның бөлшектері болып отырған бөлшектердің бір-бірінен сапа жағынан айырмасы жоқ, тек олардың түрлі нәрселердің, нақтылы заттардың құны ретінде, демек, түрлі тұтыну формаларында көрінетіндігінен, олай болса түрлі товарлы денелердің құны ретінде көрінетіндігінен басқа айырмасы жоқ,— бұл айырма құнның жай бөліктері болып табылатын

олардың өзінен тумайды. Ақшада товарлардың ерекшелік айырмасы атаулы жойылып кетеді, өйткені ақша дегеніміз атап айтқанда барлық товарларға ортақ эквиваленттік форма. 500 ф. стерлингтік ақша сомасы 1 ф. стерлингтік мүлде бір тектес элементтерден тұрады. Осы ақша сомасының жай болмысында оның пайда болуын көрсететін аралық буын өшкендіктен және өндіріс процесінде капиталдың түрлі құрамды бөліктерінде болатын ерекше айырмашылық атаулының ізі жоғалғандықтан 422 ф. ст. авансыланған капиталға тең негізгі сома (ағылшынша principal) ұғымы мен 78 ф. стерлингке тең артық құн сомасы ұғымы арасында ғана айырмашылық болады. Мысалы,  $A' = 110$  ф. ст., мұның ішінен  $100 = A$ , негізгі сомаға, ал  $10 = M$ , қосымша құнға тең, делік. 110 ф. стерлингтік соманың екі құрамды бөлігінің екеуі де мүлде бір тектес, демек, ұғым жағынан айырмасы жоқ. Қез келген 10 ф. ст. әрқашан да 110 ф. ст. жалпы соманың  $1/11$  бөлегі болады, ол 100 ф. ст. авансыланған негізгі соманың  $1/10$ -і болып табыла ма немесе осы соманың 10 ф. стерлингтік артығы болып табыла ма, мұның бәрі бір. Сондықтан негізгі сома мен өсім сомасы, капитал мен қосымша құн, бүкіл соманың бөлшегі ретінде көрсетілуі мүмкін; біздің мысалымызда  $10/11$  негізгі сома немесе капитал,  $1/11$  қосымша сома болып табылады. Сондықтан өткізілген капиталдың осы арада өз процесінің аяғында келіп алатын ақшалай көрінісі капиталистік қатынастың иррационалды көрінісі болып табылады.

Тегінде, мұның өзі сонымен қатар  $T'$ -ге де ( $= T + t$ ) қатысты нәрсе. Бірақ мұндағы айырмашылық сол —  $T'$ , — мұндағы  $T$  мен  $t$  сол бір біртектес товар аумағы құнының пропорционалды бөліктері ғана болып табылады, — өзінің  $\Theta$ -ден шыққандығын көрсетіп тұрады, ол осының тікелей жемісі болып табылады, ал  $A'$ -де, тікелей айналыстан шыққан формада,  $\Theta$ -ге деген тікелей қатынас жойылып кеткен.

Негізгі сома мен өсім сомасы арасындағы  $A'$ -нен көрінетін иррационалды айырмашылық, — оның өзі  $A... A'$  қозғалысының нәтижесі болатындықтан, —  $A'$  ақша капиталы ретінде қайтадан белсене қызмет істей бастасымен-ақ, демек, егер ол, керісінше, өзінің құны жағынан өскен өнеркәсіп капиталының ақшалай көрінісі ретінде бекімейтін болысымен-ақ, дереу жойылып кетеді. Ақша капиталының ауыспалы айналымы ешқашан  $A'$ -нен ( $A'$  қазір  $A$  ретінде қызмет етіп отырғанымен де) бастала алмайды, ол тек қана  $A$ -дан басталады, яғни әсте де капиталистік қатынастың көрінісі болып табылатын формадан емес, капитал құнының авансылануын көрсететін формадан ғана басталады. 500 ф. ст. жаңадан өздігінен өсетін ка-

питал ретінде қайтадан авансыланысымен әлгі 500 ф. ст. бастама пункт болып табылады, ал бұдан бұрын ол соңғы пункт болған еді. 422 ф. ст. капиталдың орнына енді 500 ф. ст. капитал авансыланып отыр — бұрынғыдан көп ақша, бұрынғыдан көп капитал құны авансыланып отыр, бірақ екі құрамды бөліктің арасындағы қатынас жойылды; дәл осындай-ақ бастапқы кезде де 422 ф. ст. соманың орнына 500 ф. ст. сома капитал ретінде қызмет ете алған болар еді.

Капиталдың  $A'$  түрінде болуы ақша капиталының пәрменді қызметі емес; оның өзінің  $A'$  формасында көрінуі, керісінше,  $T'$ -нің қызметі болып табылады. Жай товар айналысының: 1)  $T_1 — A$ ; 2)  $A — T_2$ , өзінде-ақ,  $A$  екінші  $A — T_2$  актісінде ғана пәрменді қызмет етеді; оның  $A$  түрінде пайда болуы бірінші актінің нәтижесі ғана болып табылады, сол себепті ол  $T_1$ -нің өңі өзгерген формасы ретінде шығады.  $A'$ -дегі капиталистік қатынас, оның капитал құны ретіндегі бір бөлегінің осы құнның қосалқы өсімі ретіндегі екінші бөлігіне қатынасы, рас, функциялық маңыз да алады, өйткені  $A...A'$  ауыспалы айналымының үнемі қайталанып отыруы кезінде  $A'$  екі түрлі айналыстың арасында,— капитал айналысы мен қосымша құн айналысы арасында бөлінеді, демек, оның екі бөлігі де тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапа жағынан да әртүрлі қызметтер атқарады,— сондықтан  $A$ -ның атқаратын қызметі  $a$ -дан басқаша. Ал өз бетінше алынып қаралып отырған  $A...A'$  формасында капиталистің тұтынуы болмайды, онда тек құнның өздігінен өсуі мен қор жинау ғана бар, өйткені қор жинау ең алдымен қайта-қайта авансыланатын ақша капиталының мезгіл-мезгіл көбеюінен көрінеді.

$A' = A + a$ , бұл капиталдың иррационалды формасы болып табылатынымен, мұнымен қатар ол ақша капиталының оның өткізілген формасында ғана көрсетеді, ақшаны туғызған ақша түрінде ғана көрсетеді. Алайда бұл жерде  $A — T < \frac{Ж}{\Theta_K}$  бірінші сатысындағы ақша капиталының қызметінен өзгешелікті көре білу керек. Бұл бірінші сатыда  $A$  ақша ретінде айналыста болады.  $A$ -ның ақша капиталы ретінде қызмет ететіні тек мына себептен ғана: ол тек ақша күйінде ғана ақшаның қызметін атқара алады,  $\Theta$ -нің товарлар ретінде өзіне қарама-қарсы тұрған элементтеріне,  $Ж$  мен  $\Theta_K$ -ға айнала алады. Айналыстың бұл актісінде  $A$  тек ақша ретінде ғана қызмет етеді; ал бұл акт капитал құнының қозғалысы процесіндегі бірінші саты болып табылатындықтан, ол сатып алынатын товарлардың  $Ж$  мен  $\Theta_K$ -ның ерекше тұтыну формасы себепті сонымен қатар ақша капиталының атқаратын қызметі де болып табы-

лады. Мұның керісінше, капитал құны  $A$ -дан және ол өндірген қосымша құн  $a$ -дан тұратын  $A'$  өскен капитал құнын — капиталдың ауыспалы айналымының бүкіл процесінің мақсаты мен нәтижесін, қызметін көрсетеді. Оның бұл нәтижені ақша формасында, өткізілген ақша капиталы ретінде көрсетуі, бұл оның капиталдың ақшалай формасы екендігінен, ақша капиталы екендігінен тумайды, қайта, мұның керісінше, оның ақша капиталы екендігінен, ақша формасындағы капитал екендігінен туады, капитал осы формада процесті бастағандығынан, ақшалай формада авансыланғандығынан туады. Өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, ақша формасына қайта айналу ақша капиталының емес, товар капиталының  $T'$ -нің қызметі. Ал  $A'$  мен  $A$ -ның арасындағы қалдыққа келетін болсақ, ол қалдық ( $a$ )  $t$ -ның ақшалай формасы ғана,  $T$ -ның өсімі ғана болып табылады;  $T' = T + t$  болғандықтан, тек сондықтан ғана  $A' = A + a$ . Демек, бұл қалдық және капитал құнының өзі туғызған қосымша құнға қатынасы бұл екі құнның екеуі де  $A'$ -ге айналмастан бұрын, құнның екі бөлегі дербес күйде біріне бірі қарама-қарсы тұратын және сондықтан ол екеуі дербес, бір-бірінен өзгеше қызметте пайдаланылуы да мүмкін бірыңғай ақша сомасына айналмастан бұрын-ақ болған және  $T'$ -де көрсетілген.

$A'$  дегеніміз  $T'$ -ді өткізудің нәтижесі ғана. Мұның екеуі де —  $T'$ , сондай-ақ  $A'$  — өскен капитал құнының түрлі формалары ғана, товарлы формасы мен ақшалай формасы ғана, бұл екеуіндегі ортақ нәрсе сол, олар өскен капитал құны. Мұның екеуі де өзін қимыл-әрекет үстінде көрсеткен капитал, өйткені мұнда капитал құнының өзі алғашқыдан өзгеше, соның нәтижесінде алынған жеміс ретінде қосымша құнмен бірге болады, бұл қатынас нақ сол бір ақша сомасының немесе нақ сол бір товар құнының екі бөлігінің қатынасы сияқты иррационалды формада ғана көрінгенімен, ол солай бірге бола береді. Бірақ капиталдың қосымша құнға қатынасындағы және оның өзі өндірген қосымша құннан өзгешелігіндегі капитал көрінісі ретінде, демек, өскен құнның көрінісі ретінде  $A'$  мен  $T'$  дегеніміз сол бір нәрсе ғана және сол бір нәрсені ғана білдіреді, бірақ түрлі формада білдіреді, олар бірінен бірі ақша капиталы мен товар капиталы ретінде емес, ақша мен товар ретінде ажыратылады. Олар өскен құн, яғни өзін капитал ретінде іс-әрекет үстінде көрсеткен капитал болып табылады, сондықтан олар өндіргіш капиталдың қызметінің, капитал құны құн туғызатын бірден бір қызметтің нәтижесін ғана көрсетеді. Бұлар үшін ортақ нәрсе сол — бұлардың екеуі де, ақша капиталы мен товар капиталы, капиталдың өмір сүру тә-

сілдері. Бірі ақша формасындағы капитал, екіншісі товар формасындағы капитал. Сондықтан бұларды ажыратып тұрған ерекше қызмет айырмашылықтары ақша қызметі мен товар қызметінің арасындағы айырмашылықтардан басқа ештеңе де болуы мүмкін емес. Капиталистік өндіріс процесінің тікелей жемісі болып табылатын товар капиталында өзінің осы өндіріс процесінен шыққандығының іздері болады, сондықтан да өзінің формасы жағынан заты ақшада товардың ерекше тұтыну формасы атаулының өшетіндігі сияқты, өзінде өндіріс процесінің ізі атаулы жойылып кеткен ақша капиталы сияқты иррационалды емес, неғұрлым рационалды болады. Сондықтан капиталдың ақшалай формасының әлгі айтылған ерекшелігі  $A'$ -нің өзі товар капиталы ретінде қызмет ететін жерде ғана, ол өндіріс процесі жемісінің өзгерген формасы болмай, қайта өндіріс процесінің тікелей жемісі болып табылатын жерде, демек, — ақша материалының өзін өндіретін жерде ғана жойылады. Мысалы, алтын шығарудың формуласы мынадай болған болар еді:  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k} \dots \Theta \dots A'(A+a)$ , мұнда  $A'$  товарлы өнім ретінде көрінеді, себебі  $\Theta$  алтын шығару үшін керекті элементтерге алғашқы  $A$ -да, ақша капиталында, авансыланғанынан көп алтын береді. Демек, мұнда ақша сомасының бір бөлегі нақ сол ақша сомасының екінші бөлегінің анасы болып табылатын  $A \dots A'(A+a)$  көрінісінің иррационалдылығы жойылып кетеді.

#### IV. ТҮТАС АЛҒАНДАҒЫ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМ

Біз жоғарыда көрдік, айналыс процесі өзінің бірінші фазасы  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  аяқталғаннан кейін өндірісте  $\Theta$ -де үзіледі екен, мұнда рынокта сатып алынған товарлар  $Ж$  мен  $\Theta_k$  өндіргіш капиталдың заттық және құндық құрамды бөліктері ретінде тұтынылады; осылай тұтынудың жемісі — өзінің заттай формасы мен құны жағынан өзгерген жаңа товар  $T'$ . Айналыстың,  $A - T$ , үзіліп қалған процесі  $T - A$  арқылы толықтырылуға тиіс. Ал айналыстың осы екінші және соңғы фазасының бейнесі ретінде  $T'$ , өзінің заттай формасы мен құны жағынан алғашқы  $T$ -дан өзгеше товар пайда болады. Демек, айналыс тізбегі мына түрде көрсетіледі: 1)  $A - T_1$ ; 2)  $T'_2 - A'$ , мұнда екінші фазада бірінші товар  $T'$ -нің орнын басқа товар  $T'_2$ , құны көп және өзінің тұтынылу формасы жағынан өзгеше товар басады; бұл өзгеріс  $\Theta$  қызметі туғызатын үзіліс кезінде, яғни  $T$  элементтерінен, өндіргіш капитал  $\Theta$ -нің өмір сүру формаларынан  $T'$ -ді өндіру кезінде болады. Мұның керісінше, ка-

питалдың өзіміз көрген бірінші көріну формасы («Капитал», I кітап, IV тарау, 1)  $A - T - A'$  формасы (бұл: 1)  $A - T_1$ ; 2)  $T_1 - A'$ -ге бөлінеді) сол бір товарды екі рет көрсетеді. Онда біздің алдымызда сол бір товар екі рет көрінеді, бірінші фазада ақша осы товарға айналады және екінші фазада осы товар қайтадан көп ақшаға айналады. Осы елеулі айырмаға қарамастан, екі айналыста да ортақ нәрселер бар, олар — бұл айналыстардың бірінші фазасында ақша товарға айналады, ал екінші фазасында товар ақшаға айналады, демек, бірінші фазада жұмсалған ақша екінші фазада қайтадан кері ағылып келеді. Олар үшін ортақ нәрселер: бір жағынан, ақшаның өзінің бастапқы пунктіне қайтадан ағылып келуі, ал, екінші жағынан, ақша қайта ағылып келгенде оның авансыланғанынан көп болып келуі. Сондықтан  $A - T \dots T' - A'$  де  $A - T - A'$  жалпылама формуласында срын алған болады.

Онан соң, мұнда айналысқа қатысты екі метаморфозда,  $A - T$  мен  $T' - A'$ -де, мөлшері тепе-теңдей, бір мезгілде қатар болатын құндар әрқашан бір-біріне қарама-қарсы тұрады және бірін бірі алмастырады. Құн мөлшерінің өзгеруі тек қана  $\Theta$  метаморфозына, өндіріс процесіне ғана тән, сонымен бұл процесс айналыс саласындағы тек формальды түрде болатын метаморфозға қарама-қарсы капиталдың нақты бар метаморфозы болып табылады.

Енді  $A - T \dots \Theta \dots T' - A'$  қозғалысын тұтас алып қарайық яки оның кеңейтілген формасын  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_K} \dots \Theta \dots T' (T + t) - A' (A + a)$  алып қарайық. Мұнда капитал өзара байланысты, бірін бірі туғызатын өзгерістердің бірінен соң бірі келіп отыратын тізбегін, бүкіл процестің дәл сондай фазалар немесе сатылар тізбегін жасайтын метаморфоздар тізбегін өтетін құн болып табылады. Бұл фазалардың екеуі айналыс саласына, біреуі өндіріс саласына жатады. Осы фазалардың әрқайсысында капитал құны ерекше формада болады, бұл формаға ерекше, өзіне айырықша қызмет сәйкес келеді. Авансыланған құн осы қозғалыста сақталып қана қоймай, сонымен қатар өсіп, көбейеді. Ақырында, соңғы сатыда ол бүкіл процестің бас кезінде өзі пайда болған формасының дәл өзіне қайтып оралады. Сонымен, бір бүтіндік ретіндегі бұл процесс ауыспалы айналым процесі болып табылады.

Өз айналысының сатыларында капитал құнының алатын екі формасы — *ақша капиталы мен товар капиталының* формалары; оның өндіріс сатысына жататын формасы — *өндіргіш капитал* формасы. Өзінің толық ауыспалы айналымының барысында осы формаларды алады да, қайтадан сыпырып тас-



тайтын және олардың әрқайсысында соған сәйкес келетін қызмет атқаратын капитал — *өнеркәсіп капиталы*; бұл жерде өнеркәсіп деген сөз өндірістің капиталистік жолмен жүргізілетін кез келген тарауын қамтитын сөздің мағынасында қолданылып отыр.

Демек, бұл жерде ақша капиталы, товар капиталы, өндіргіш капитал әсте де капиталдың дербес түрлерін, өздерінің атқаратын қызметтері де кәсіпкерліктің дербес, бір-бірінен оқшауланған тарауларының мазмұны болады дейтін түрлерін білдірмейді. Олар осы үш форманың бәрін бірінен соң бірін дәйекті түрде өтетін өнеркәсіп капиталының ерекше қызмет атқару формаларын ғана білдіреді.

Капиталдың ауыспалы айналымының түрлі фазалары еш кідіріссіз бірінен біріне ауысып отырғанда ғана капиталдың ауыспалы айналымы қалыпты түрде жасалады. Егер капитал бірінші  $A - T$  фазасында бөгеліп қалса, онда ақша капиталы қазына түрінде қатып қалады; егер ол өндірістік фазада бөгеліп қалса, онда бір жақта еш қызмет етпей өндіріс құрал-жабдықтары жатып қалады, ал екінші жақта жұмыс күші жұмыссыз қалады; егер капитал соңғы  $T' - A'$  фазасында бөгеліп қалса, онда сатылмаған товарлар, жинала келіп, айналыс ағынының жолын бөгейді.

Екінші жағынан, шын мәнісіне келгенде, капиталдың бекіп қалуына, белгілібір мерзімге, ауыспалы айналымның жеке фазаларында бекіп қалуына ауыспалы айналымның өзі себепші болады. Өзінің әрбір фазасында өнеркәсіп капиталы бір белгілі формамен — ақша капиталы, өндіргіш капитал, товар капиталы сияқты формамен байланысты болады. Белгілібір уақытта өзінің алып отырған формасына сәйкес келетін қызметті атқарғаннан кейін ғана ол өзі өзгерістің жаңа фазасына ене алатын форманы алады. Мұны көрнекі етіп көрсету үшін біз өзіміздің мысалымызда өндіріс сатысында жасалған товар аумағының капитал құны бастапқыда ақша түрінде авансыланған құнның бүкіл сомасына тең деп ұйғардық; басқа сөзбен айтқанда, ақша ретінде авансыланған бүкіл капитал құны бір сатыдан екінші бір, келесі сатыға бірден көшеді. Алайда біз тұрақты капиталдың бір бөлігі, еңбек құралдарының өзі (мысалы, машиналар) өндірістің белгілі бір процестерін азды-көпті мөлшерде қайталай отырып жаңадан қайта қызмет ете беретіндігін, сондықтан да өзінің құнын өнімге бөлшектеп қана беретіндігін жоғарыда көрдік («Капитал», I кітап, VI тарау). Бұл жағдай капиталдың ауыспалы айналымының процесін қандай дәрежеде өзгертетіндігін кейінірек көреміз. Бұл жерде мынамен ғана шектелеміз: біздің мыса-



лымызда өндіргіш капиталдың құны = 422 ф. стерлингте фабрика үйлерінің, машиналардың, т. б. тозуының орта мөлшер шамасы ғана бар, демек онда құнның 10 600 қадақ мақтаны 10 000 қадақ иірілген жіпке айналдырған кезде олар осы иірілген жіпке, бір апталық жіп иіру процесінің өніміне 60 сағаттың ішінде көшіретін бөлегі ғана бар. Міне сондықтан 372 ф. стерлингтік авансыланған тұрақты капитал өздеріне айналатын өндіріс құрал-жабдықтарындағы еңбек құралдары,— үйлер, машиналар, т. б.,— бұларға апта сайын жарна төлеп, рыноктан арендаға алған сияқты болып көрінеді. Алайда мұның өзі істің мәнінде мүлде ештеңені өзгертпейді. Біз бір аптаның ішінде өндірілген 10 000 қадақ иірілген жіп мөлшерін белгілі бір жылдар тізбегін құрайтын апталардың санына көбейтсек болғаны-ақ,— осы мерзімнің ішінде сатып алынған және тұтынылған еңбек құралдарының бүкіл құны иірілген жіпке көшірілетін болады. Бұдан айқын көрінетіні, авансыланған ақша капиталы өндіргіш капитал  $\Theta$  ретінде қызмет етерлік күйде болмастан бұрын ең алдымен осы еңбек құралдарына айналуға тиіс, демек, ең әуелі  $A—T$  бірінші сатысын өтуге тиіс. Дәл сондай-ақ біздің мысалымыздан айқын көрініп отырған нәрсе, өндіріс процесі кезінде иірілген жіпке сіңген 422 ф. стерлингтік капитал құнының сомасы иірілген жіп әзір болғанға дейін 10 000 қадақ иірілген жіп құнының құрамды бір бөлігі ретінде  $T'—A'$  айналыс фазасына ене алмайды. Иіріліп бітпей тұрып жіпті сатуға болмайды.

Жалпы формулада  $\Theta$  өнімі өндіргіш капиталдың элементтерінен өзгеше материалдық зат ретінде, өндіріс процесінен оқшау болатын, өндіріс элементтерінің тұтыну формасынан өзгеше тұтыну формасы бар нәрсе ретінде қаралады. Бұл өндіріс процесінің нәтижесі зат ретінде көрінетін барлық жағдайларда орын алады,— тіпті өнімнің бір бөлегі қайта басталатын өндіріске элемент ретінде қайтадан енген жерде де орын алады. Мәселен, тұқым ретіндегі дән астық өндіру үшін қызмет етеді, алайда өнім тек астықтан ғана тұрады, демек, ол пайдаланылған басқа да элементтерден,— жұмыс күшінен, еңбек құралдарынан, тыңайтқыштардан өзгеше формада болады. Алайда өндіріс процесінің өнімі жаңа зат өнімі, товар болып табылмайтын дербес өнеркәсіп салалары да бар. Бұл өндіріс салаларының ішінен экономикалық жағынан алғанда тасымал мен байланысты жүзеге асыратын өнеркәсіп қана маңызды, ол товарлар мен адамдарды тасымалдайтын шын мәнісіндегі транспорт өнеркәсібі бола ма немесе жай әншейін хабарларды, хаттарды, телеграммаларды, т. б. жеткізу бола ма, мұның бәрі бір.



А. Чупров<sup>6)</sup> бұл жөнінде былай дейді:

«Фабрикант әуелі бұйым шығарып, сонан соң барып тұтынушылар іздеуі мүмкін»;

(оның өндіріс процесінен дайын күйінде шығарып жіберген өнімі өзінен оқшаулатылған товар ретінде айналыс саласына көшеді);

«сонымен өндіріс пен тұтыну кеністік пен уақыт жағынан бөлектенген екі акт болып табылады; ал жаңа өнімдер шығармайтын, тек болғаны адамдар мен заттарды тасымалдайтын тасымал өнеркәсібінде әлгі екі акті бірге қосылып кетеді; темір жолдың көрсететін қызметі» (тасымал) «осы қызмет жасалатын сәттен бастап тұтынылады. Осыдан барып темір жолдардың өз қызмет көрсетуін өткізетін жер іздеуі егер 50 шақырымнан» {53 км} «болса, линияның екі жағында талай жерге созылып жатады».

Тасымалдың нәтижесі — адамдар тасыла ма немесе товарлар тасыла ма, оның бәрі бір — олардың тұрған орнының өзгеруі болып табылады, мысалы, иірілген жіп енді өзі өндірілген Англияда емес, Индияда болып шығады.

Ал транспорт өнеркәсібінің сататын нәрсесі — тасымалдың өзі. Бұл өнеркәсіптің беретін пайдалы нәтижесі тасымал процесімен, яғни транспорт өнеркәсібінің өндіріс процесімен тығыз байланысты. Адамдар мен товарлар белгілібір транспорт құралымен бірге жүреді, сондықтан сол транспорт құралының қозғалысы, оның орын алмастыруы оның өзінің жасайтын өндіріс процесі болып табылады. Пайдалы нәтижені өндіріс процесі кезінде ғана тұтынуға болады; бұл нәтиже осы процестен ерекше, өзі өндірілгеннен кейін ғана сауда заттары ретінде қызмет ететін, товар ретінде айналысқа түсетін тұтыну заты ретінде оқшау өмір сүрмейді. Алайда басқа товар атаулының айырбас құны сияқты әлгі пайдалы нәтиженің айырбас құны да өзіне жұмсалған өндіріс элементтерінің (жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарының) құны арқылы бұған қосымша транспорт өнеркәсібінде істейтін жұмысшылардың қосымша еңбегімен жасалған қосымша құн арқылы анықталады. Транспорт өнеркәсібінің осы пайдалы нәтижесін тұтыну ісіне келетін болсақ, онда бұл жағынан да оның басқа товарлардан ешбір айырмашылығы жоқ. Егер ол жеке адамның тұтынуына кететін болса, онда оның тұтынылуымен бірге оның құны жойылады; егер ол өндірісте тұтынылатын болса, оның өзі тасымалда жүрген товар өндірісінің сатысы болып табылатын болса, онда оның құны үстеме құн ретінде товардың өзіне көшіріледі. Демек, транспорт өнеркәсібі үшін формула мынадай

<sup>6)</sup> А. Чупров. «Темір жол шаруашылығы». Москва, 1875, 69—70-беттер.

болады:  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_{\kappa_i}}$ , ...  $\Theta - A'$ , өйткені мұнда ақы төленілетін және тұтынылатын нәрсе өндіріс процесінің өзі, бұл өндірістен оқшаулануы мүмкін өнім емес. Демек, біздің көріп отырғанымыз асыл металдар өндірісі үшін қандай форма керек болса, дәл сондай дерлік форма, айырмасы тек мынау ғана: мұнда  $A'$  өндіріс процесі кезінде өндірілген және онан сыртқа шығарылған алтынның немесе күмістің заттай формасы емес, өндіріс процесі кезінде жасалған пайдалы нәтиженің өзгерген формасы болып табылады.

Өнеркәсіп капиталы—капиталдың өмір сүруінің бірден-бір тәсілі, бұл тәсілдің тұсында капиталдың қызметі қосымша өнімді иемденуге сәйкес қосымша құнды иемдену ғана емес, сонымен қатар оны жасау да болып табылады. Сондықтан өнеркәсіп капиталы өндірістің капиталистік сипатта болуына себепші болады; өнеркәсіп капиталының болуы капиталистер мен жалдама жұмысшылар арасында таптық қарама-қарсылықтың болуын да қамтиды. Оның қоғамдық өндірісті меңгеріп алу дәрежесіне қарай техникада және еңбек процесінің қоғамдық ұйымдастырылуында, ал мұнымен бірге қоғамның экономикалық-тарихи тұрпатында да төңкеріс жасалады. Қоғамдық өндірістің келмесе кеткен немесе құрып бара жатқан укладтарының шеңберінде өнеркәсіп капиталына дейін пайда болған капиталдың басқа түрлері оған бағынып қана қоймай және өз қызметінің механизмінде өнеркәсіп капиталына сәйкес келетін өзгерістерге ұшырап қана қоймай, сонымен қатар бұдан былайғы жерде өнеркәсіп капиталының негізінде ғана қимыл-қозғалыс жасайды, демек, өзінің осы негізімен бірге өмір сүріп, сонымен бірге өледі, сонымен бірге тұрып, бірге жығылады. Ақша капиталы мен товар капиталы, өздері кәсіпкерліктің ерекше тарауларының иесі ретінде өз қызметі арқылы өнеркәсіп капиталымен қатар жүретіндіктен, өнеркәсіп капиталы айналыс саласында біресе қабылдап, біресе өзінен сыпырып тастайтын түрлі-түрлі қызмет атқару формаларының орын алуының қоғамдық еңбек бөлінісі нәтижесінде дербестікке жеткен және біржақты дамыған тәсілдері ғана.

$A...A'$  ауыспалы айналымы, бір жағынан, жалпы товар айналысымен қабысып ұштасып жатады, сол айналыстан шығады, соған қайта енеді, соның бір бөлегі болады. Екінші жағынан, жеке капиталист үшін ол капитал құнының ерекше дербес қозғалысы,— бір жағынан жалпы товар айналысының шеңберінде, екінші жағынан онан тыс жасалатын, бірақ өзінің дербестік сипатын әрқашан да сақтап отыратын қозғалыс болып табылады. Мұның себебі, біріншіден, қозғалыстың айна-

лыс саласында жасалатын екі фазасының екеуінде де,  $A — T$  мен  $T — A$  да, капитал қозғалысының фазалары ретінде атқаратын қызметі жағынан белгілібір сипат бар;  $A — T$  да соңғысы,  $T$ , өзінің заттай формасы жағынан жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары ретінде белгіленген;  $T — A$ -да капитал құны — қосымша құн жайғастырылады. Екіншіден,  $\Theta$ , өндіріс процесі, өндірмелі тұтынуды қамтиды. Үшіншіден, ақшаның өзінің бастапқы пунктіне қайтып оралуы  $A... A'$  қозғалысын өз ішінде аяқталған ауыспалы айналымға айналдырады.

Демек, әрбір жеке капитал айналыстағы өзінің екі жарымының екеуінде де  $A — T$  мен  $T — A$  да, бір жағынан, жалпы товар айналысының агенті болып табылады, бұл айналыста ол біресе ақша ретінде, біресе товар ретінде қызмет етеді немесе солар ретінде қоса араласып жүреді, сөйтіп осылайша оның өзі товар әлемі метаморфоздарының жалпы тізбегіндегі мүше болып табылады. Екінші жағынан, жалпы айналыс шеңберінде ол өзіне тән дербес ауыспалы айналымын жасап шығады, бұл айналымда өндіріс саласы өтпелі саты болып табылады және мұнда ол өзінің бастапқы пунктіне өзі онан шыққан кездегі формасында қайтып оралады. Капиталдың өндіріс процесіндегі нақты метаморфозын да қамтитын оның өзінің ауыспалы айналымы шеңберінде капитал сонымен қатар өз құнының мөлшерін де өзгертеді. Ол жай әншейін ақша құны ретінде емес, көбейген, өскен ақша құны ретінде қайта оралады.

Ақырында, егер біз  $A — T... \Theta... T' — A'$ -ге кейініректе зерттелетін басқа формалармен қатар капиталдың ауыспалы айналымы процесінің ерекше формасы деп қарайтын болсақ, онда бұл форма мына төмендегілермен сипатталады:

1) Ол *ақша капиталының ауыспалы айналымы* болып табылады, өйткені ақша капиталы сияқты, өзінің ақшалай формасындағы өнеркәсіп капиталы бүкіл процестің бастама пункті және осы процесс қайтып оралатын пункт болып табылады. Формуланың өзі мынаны көрсетеді: мұнда ақшаның өзі ақша ретінде жұмсалмайды, тек қана авансыланады, сондықтан да ол капиталдың ақшалай формасы ғана, ақша капиталы ғана болып табылады. Онан соң бұл формула қозғалыстың көздейтін өз мақсаты тұтыну құны емес, айырбас құны екенін көрсетеді. Құнның ақшалай формасы құн көрінісінің дербес, көзге түсетін формасы болатындықтан да, дәл сондықтан да айналыстың  $A... A'$  формасы, өзінің бастапқы және соңғы пункттері шын мәнісінде ақша болып табылатын осы форма капиталистік өндірістің қозғаушы себебін, ақша жасауды мейлінше ай-

қын көрсетеді. Ақша жасау үшін өндіріс процесі сөзсіз керекті аралық буын ғана, қажетті ауыртпалық қана болып табылады. Сондықтан капиталистік өндіріс әдісі бар ұлттардың бәрі дүркін-дүркін жалдаптық қозбасын бастан кешіреді, мұның кезінде олар ақша жасауды өндіріс процесінсіз жүзеге асыруға тырысады.

2) Бұл ауыспалы айналымда өндіріс сатысы,  $\Theta$  қызметі, айналыстың екі фазасы  $A—T… T'—A'$  арасында үзіліс жасайды, өз кезегінде, бұл айналыс  $A—T—A'$  жай айналысына аралық дәнекер ғана болады. Ауыспалы айналым процесінің осы формасының өзіндегі өндіріс процесі өзі капиталистік өндіріс әдісі кезінде не болуға тиіс болса, ресми және анығында сол болады: авансыланған құнды көбейтудің жай ғана құралы болады; демек, осылайша баю бұл арада өндірістің негізгі мақсаты болып табылады.

3) Бірінен соң бірі келетін фазалар тізбегі  $A—T$  фазасымен басталатындықтан, айналыстың екінші буыны  $T'—A'$  болып табылады; демек, бастама пункт —  $A$ , ақша капиталы, бұл әлі құн жағынан өсуге тиіс; соңғы пункт —  $A'$ , қазірдің өзінде құны жағынан өскен ақша капиталы  $A+a$ , мұнда  $A$  өзінің қосалқысы  $a$ -мен бірге жайғастырылған капитал ретінде көрінеді. Мұның өзі  $A$  ауыспалы айналымын қалған ауыспалы айналымның екеуінен,  $\Theta$  мен  $T'$ -нен, ерекшелеп тұрады, және екі түрлі мағнада ерекшелейді. Бір жағынан, бұл ерекшелік шеткі екі мүшенің екеуінің де ақша формасында болатындығында; ал ақша дегеніміз құнның орын алуының дербес, көзге түсетін формасы, товарлардың тұтынылу құнының ізі атаулы жойылып кеткен құнның дербес формасындағы өнім құны. Екінші жағынан,  $\Theta…\Theta$  формасының  $\Theta…\Theta'$  ( $\Theta+\theta$ ) формасына айналуы шарт емес, ал  $T'…T'$  формасында шеткі екі мүшенің құнынан заты ешқандай айырмашылық көрінбейді.— Демек,  $A…A'$  формуласы үшін, бір жағынан, сипатты нәрсе сол — капитал құны бастапқы пункт, ал өскен капитал құны соңғы пункт болып табылады, олай болса капитал құнын авансылау бүкіл іс-әрекеттің құралы, өскен капитал құны оның мақсаты болып табылады; екінші жағынан, бұл формула үшін сипатты жағдай: әлгі айтылған қатынас ақша формасында, құнның дербес формасында көрсетілген, сондықтан да ақша капиталы ақшаны туғызатын ақша бейнесінде болады. Құнның қосымша құн жасауы процестің басы мен аяғы ретінде ғана көрсетіліп қоймай, сонымен қатар тура айдан-айқын ақша формасында көрсетілген.

4) Жайғастырылған ақша капиталы  $A'$ ,  $T'—A'$ -нің, яғни қосымша және соңғы фаза  $A—T$ -нің нәтижесі ретінде өзінің

алғашқы ауыспалы айналымын бастаған кезіндегі формасының дәл өзіндегідей болып отырғандықтан, осы ауыспалы айналымнан шыққан соң ол көбейген (қорланған) ақша капиталы:  $A' = A + a$  ретінде нақ сондай ауыспалы айналымды қайтадан бастай алады;  $A \dots A'$  формасы, ең болмағанда, ауыспалы айналым қайталанған кезде  $a$ -ның айналысы  $A$ -ның айналысынан оқшауланатындығын көрсетпейді. Өзінің бір рет қана болатын күйінде, формальді түрде қаралып отырған ақша капиталының ауыспалы айналымы, олай болса, құнның көбею процесі мен қорлану процесін ғана көрсетеді. Ондағы тұтыну өндірімелі тұтыну ретінде ғана  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  арқылы көрсетілген; тек осындай тұтыну ғана жеке капиталдың осы ауыспалы айналымына кіреді.  $A - Ж$  дегеніміз жұмысшы та-рапынан  $Ж - A$  немесе  $T - A$ ; демек, мұның өзі жұмысшының жекебас тұтынуына аралық дәнекер болатын айналыстың:  $Ж - A - T$ -дың (тіршілік заттарының) бірінші фазасы ғана. Екінші фаза,  $A - T$ , жеке капиталдың ауыспалы айналымына енді кірмейді; бірақ бұл ауыспалы айналым осы фазаға қарай жетелейді, осы фаза бар деп есептейді, себебі жұмысшы капиталистің қанауына жарамды материал ретінде рынокта үнемі болып отыруы үшін ең алдымен өмір сүруге тиіс, демек, жеке басының тұтынуы арқылы өзін сақтап отыруға тиіс. Алайда, бұл жерде осы тұтынудың өзі жұмыс күшін капиталдың өндірімелі тұтынуының шарты ретінде ғана, демек, — жұмысшы өзінің жеке басының тұтынуы арқылы өзін жұмыс күші ретінде сақтап, үнемі жаңартып отыратындығынан ғана бар деп есептелінеді. Ал  $\Theta_k$ -ға, ауыспалы айналымға енетін товарлардың өзіне келетін болсақ, олар өндірімелі тұтынудың азығы ғана болып табылады.  $Ж - A$  актісі жұмысшының жеке басының тұтынуына, тіршілік заттарының жұмысшының қаны мен тәніне айналуына дәнекер болады. Әрине, капиталистің капиталист ретінде қызмет етуі үшін ол да өмірде болуға тиіс, демек, ол да өмір сүріп, тұтынатын болуға тиіс. Ал мұның үшін ол іс жүзінде жұмысшы қанша тұтынса, сонша ғана тұтынуға тиіс, — сондықтан да айналыс процесінің бұл формасы бұдан артық тұтыну болады деп ұйғармайды. Бірақ тіпті осының өзі де бұл арада формальді түрде көрсетілмеген, себебі формула  $A'$ -мен аяқталады, яғни көбейтілген ақша капиталы ретінде дереу қайтадан қызмет ете алатын нәтижемен аяқталады.

$T' - A'$ -де тікелей  $T'$ -ді сату бар; бірақ  $T' - A'$  бір жақ үшін сату, ал екінші жақ үшін  $A - T$ , сатып алу болады; түптеп келгенде товар өзінің тұтыну құнына бола ғана (қайыра сатуды былай қалдыра тұрып), тұтыну процесіне, — сатып алына-

тын бұйымның табиғатына қарай жеке бас тұтынуы немесе өндірмелі тұтыну процесіне,— ену үшін ғана сатып алынады. Бірақ бұл тұтыну өзінің өнімі  $T'$  болып табылатын жеке капиталдың ауыспалы айналымына енбейді; бұл өнім сатылуға тиісті товар ретінде жеке капиталдың ауыспалы айналымынан шығарылып тасталады.  $T'$  турадан-тура бөтеннің тұтынуына арналған. Сондықтан біз меркантилистік системаны (мұның негізінде  $A — T... \Theta... T' — A'$  формуласы жатыр) байымдаушылардан: жұмысшы қанша тұтынса, жекелеген капиталист тек сонша ғана тұтынуға тиіс, және белгілібір капиталистік ұлт өзінің товарларын тұтынуды, заты тұтыну процесін басқа, неғұрлым топас ұлттарға беруге тиіс, ал өзі, мұның керісінше, өндірмелі тұтынуды өзінің тіршілік міндеті стуге тиіс деген тым шұбалаңқы уағызды естиміз. Өзінің түрі мен мазмұны жағынан бұл уағыздар екінің бірінде шіркеу басыларының осы сарындас аскеттік өсиеттерін еске түсіреді.

Сонымен, капиталдың ауыспалы айналымының процесі дегеніміз айналыс пен өндірістің бірлігі, оның бойында осының екеуі де болады. Екі фаза да  $A — T, T' — A'$  айналыс актілері болғандықтан да, капитал айналысы жалпы товар айналысының бір бөлегі болып табылады. Бірақ олардың өзі капиталдың ауыспалы айналымында,— айналыс саласына ғана емес, сонымен қатар өндіріс саласына да қатынасты ауыспалы айналымында,— атқаратын қызметі белгілі бөлімдер, сатылар болып табылатындықтан, міне сондықтан капитал өзіне тән ауыспалы айналымын жалпы товар айналысының саласында жасайды. Бірінші сатыда жалпы товар айналысы капиталға қызмет еткенде капитал өндіргіш капитал ретінде қызмет ете алатын форманы алуы үшін қызмет етеді; екінші сатыда — капитал өзінің ауыспалы айналымын қайталай алмайтын товар қызметінен безу үшін және мұнымен қатар капиталдың алдында өзінің капитал ретінде жасайтын ауыспалы айналымын өзіне қосылған қосымша құнның айналысынан бөліп алуына мүмкіндік тууы үшін қызмет етеді.

Сондықтан ақша капиталының ауыспалы айналымы дегеніміз өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымы көрінетін формалардың ішіндегі ең бір сыңаржақ, сондықтан да мейлінше айқын білдірілген және ең сипатты формасы; өнеркәсіп капиталының мақсаты мен қозғаушы себебі: құнды көбейту, ақша жасау және қор жинау бұл жерде айқын көрсетілгені сондайлық (қымбат сату үшін сатып алу), олар көзге бадырайып көрініп тұр.  $A — T$  бірінші фаза болып табылатындығы себеп-



ті өндіргіш капиталдың құрамды бөліктері товар рыногынан келіп түсетіндігі де аңғарылады, дәл сондай-ақ заты капиталистік өндіріс процесінің айналысқа, саудаға байланысты екендігі де аңғарылады. Ақша капиталының ауыспалы айналымы дегеніміз тек товар өндірісі ғана емес: ауыспалы айналымның өзі де айналыстың жәрдемімен ғана жүзеге асырылады, ол осы айналыс болады деп ұйғарады. Мұның өзі мынадан-ақ айқын: айналысқа тиісті  $A$  формасы авансыланған капитал құнының алғашқы және таза формасы болып табылады, бұл жайт ауыспалы айналымның басқа екі формасында жоқ.

Ақша капиталының ауыспалы айналымында әрқашанда авансыланған құн өсіп отыратын болатындықтан ғана ақша капиталының ауыспалы айналымы әрқашанда өнеркәсіп капиталының жалпы көрінісі болып қала береді.  $\Theta \dots \Theta$  ауыспалы айналымында капиталдың ақшалай көрінісі өндіріс элементтерінің бағасы ретінде ғана, демек, — есеп ақшаларымен білдірілген құн ретінде ғана шығады, сөйтіп ол өзі нақ осы формада бухгалтерияда көрсетіледі.

$A \dots A'$ -нің өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымының ерекше формасы болатын себебі — жаңадан айналысқа шығатын капитал әуелі ақша түрінде авансыланды және осыдан кейін дәл сол формасында қайта қайтарылып алынады, мұның өзі өндірістің бір тарауынан екінші бір тарауына көшкен кезде жасала ма әлде болмаса өнеркәсіп капиталы белгілібір кәсіпорнынан шыққан кезде жасала ма, оның бәрібір. Бұл форма бастапқыда ақшалай формада авансыланатын қосымша құнның капитал ретінде қызмет етуін де қамтиды; бұл мына жағдайда: қосымша құн өзі шыққан кәсіпорнынан басқа кәсіпорнында қызмет еткен кезде мейлінше айқын көрінеді.  $A \dots A'$  белгілі капиталдың бірінші ауыспалы айналымы болуы мүмкін; ол соңғы ауыспалы айналым болуы мүмкін; ол бүкіл қоғамдық капиталдың формасы деп санала алады; мұның өзі алғаш рет жұмсалып отырған капиталдың формасы, оның бержағында ол капитал ақша формасында жаңадан жинақталған капитал ма не болмаса оны өндірістің бір саласынан екінші бір саласына көшіру мақсатымен түгелдей ақшаға айналдырылған ескі капитал ма, мұның бәрібір.

Барлық ауыспалы айналымдарға үнемі тән капитал формасы ретіндегі ақша капиталы бұл ауыспалы айналымды  $[A \dots A']$  капиталдың нақ сол қосымша құн өндіретін бөлегіне бола, өзгермелі капиталға бола жасайды. Жалақыны авансылаудың қалыпты формасы — ақшалай төлеу; бұл процесс біршама қысқа мерзімнің ішінде үнемі қалпына келтіріліп оты-

руға тиіс, себебі жұмысшы бір күннен екінші күнге әрең жетіп, бір жалақыдан соң екінші жалақыны күтумен күн көреді. Сондықтан капиталист ақшалы капиталист ретінде, ал оның капиталы ақшалы капитал ретінде, үнемі жұмысшыға қарама-қарсы тұруға тиіс. Өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу мен өндірілген товарларды сатуға қарама-қарсы, мұнда төлемдерді тікелей немесе жанамалай өтеу болмайды (сондықтан ақша капиталының көпшілік бөлегі іс жүзінде товарлар формасында ғана болады, ал ақша есеп айырысу қаршасының формасында ғана болады да, қолда бар ақша, сайып келгенде, баланстарды теңгермелеу үшін ғана керек болады). Екінші жағынан, өзгермелі капитал жасайтын қосымша құнның бір бөлегін капиталист өзінің жеке бас тұтынуына жұмсайды, бұл тұтыну бөлшек сауда саласына жатады; ол қосымша құнның бұл бөлегін, сайып келгенде, қолма-қол ақшалай, қосымша құнның ақшалай формасында жұмсайды. Қосымша құнның бұл бөлегі көп бола ма әлде аз бола ма — бұл істің мәніне әсте де әсер етпейді. Өзгермелі капитал жалақыға жұмсалатын ақша капиталы ( $A - Ж$ ) ретінде, ал  $a$  — капиталистің жеке бас тұтынуын өтеп отыруға жұмсалатын қосымша құн ретінде үнемі қайта-қайта пайда болып отырады. Демек,  $A$  авансыланған өзгермелі капиталдың құны ретінде және  $a$  оның өсімі ретінде, — мұның екеуі де қажетті түрде ақша формасында болады, олар осы формада жұмсалуды тиіс.

Өзінің нәтижесі  $A' = A + a$  болатын  $A - T...Ө...T' - A'$  формуласы өзінің сырт көрінісі жағынан алдамшы болады, авансыланған және өскен құн мұнда өзінің эквивалентті формасында, ақша түрінде өмір сүреді екен дегеннен туатын жалған елесті сипатта болады. Бұл формула құнның өсуіне емес, осы процестің *ақшалай формасына* назар аударады, бастапқыда авансыланған құннан гөрі, сайып келгенде, айналыстан ақша формасында көп құн алынатындығы жағдайына, — демек, капиталистке тиесі алтын мен күміс аумағының көбейетіндігіне назар аударады. Монеталық система деп аталатын нәрсе —  $A - T - A'$  иррационалды формасының, тек қана айналыс саласында болатын қозғалыстың әншейін ғана көрінісі; сондықтан екі акті: 1)  $A - T$ , 2)  $T - A'$ , бұл системадан мынадай ғана түсіндірме табуы мүмкін: екінші актіде  $T$  өз құнынан жоғары сатылады, демек, өзін сатып алған кезде айналысқа қосылған ақшадан гөрі көп ақша алады. Мұның керісінше,  $A - T...Ө...T' - A'$ , ерекше форма ретінде есепке алынғандықтан, неғұрлым дамыған меркантилистік системаның негізінде жатыр, бұл системаның қажетті элементі тек товар айналысы ғана емес, сонымен қатар товар өндірісі болып табылады.

$A — T... \Theta... T' — A'$  формуласының жалған елестік сипаты және осыған сәйкес жалған пайымдаулар әзірге осы форма ағымдағы, үнемі қалпына келтіріліп отыратын форма ретінде емес, бір-ақ рет болатын форма ретінде есепке алынып отырған кезде әлі де сақталып қалады; демек, — әзірге ол ауыспалы айналым формаларының бірі деп емес, оның ерекше формасы деп есептелініп отырған кезде әлі де сақталып қалады. Бірақ ол форманың өзі-ақ басқа формалардың бар екенін көрсетеді.

Біріншіден, бүкіл осы ауыспалы айналым өндіріс процесінің өзінің капиталистік сипаты бар деп есептейді және, олай болса, осы өндіріс процесі өзі туғызған, ерекше қоғам жағдайымен бірге базис ретінде болады деп есептейді.  $A — T = A — T < \frac{Ж}{\Theta_k}$ ; бірақ  $A — Ж$  жалдама жұмысшы бар, сондықтан өндіргіш капиталдың бір бөлегі ретінде өндіріс құрал-жабдықтары да бар деп есептейді; демек, еңбек процесі және құнды көбейту процесі бар деп есептейді, өндіріс процесі капиталдың атқаратын қызметі болып отыр деп есептейді.

Екіншіден, егер  $A...A'$  актісі қайталанатын болса, онда ақша формасына қайтып оралу бірінші сатыдағы ақша формасы сияқты соншама өткінші нәрсе болады.  $\Theta$ -ге орын беру үшін  $A — T$  жойылып кетеді. Үнемі қайталанып отыратын ақша авансылау, дәл сондай-ақ авансыланған құнның ақша түрінде үнемі қайтып оралуы — осылардың өздері де толық айналымдағы өткінші кезеңдер ғана болып табылады.

Үшіншіден,

$$\underline{A — T... \Theta... T' — A'. A — T... \Theta... T' — A'. A — T... \Theta...} \text{ т. т.}$$

Ауыспалы айналымның бірінші қайталануының өзінде-ақ  $\Theta... T' — A'$  ауыспалы айналымы шығады.  $A$ -ның екінші ауыспалы айналымы аяқталып бітпестен бұрын  $A — T... \Theta$  шығады; сонымен  $A$ -ның бұдан былайғы ауыспалы айналымдарының бәрін  $\Theta... T' — A' — T... \Theta$  формасының тұрғысынан қарауға болады; сонда  $A — T$ , бірінші ауыспалы айналымның бірінші фазасы ретінде, өндіргіш капиталдың үнемі қайталанып отыратын ауыспалы айналымын өткінші түрде әзірлеуші ғана болып табылады, мұның өзі өмірде өнеркәсіп капиталы ақша капиталының формасында кәсіпорынға алғаш рет жұмсалған кезде орын алады да.

Екінші жағынан,  $\Theta$ -нің екінші ауыспалы айналымы аяқталып бітпестен бұрын  $T' — A'$ -нің бірінші ауыспалы айналы-

мы жасалып үлгіреді.  $A — T... \Theta... T'$  (қысқартып алғанда  $T' — T'$ ) товар капиталының ауыспалы айналымы. Сонымен бірінші форманың өзінде-ақ қалған екі форма бар болып шығады, олай болса, ақша формасы жоғалып кетеді, өйткені ол құнның жай ғана көрінісі емес, оның эквиваленттік формадағы, ақша түріндегі көрінісі болып табылады.

Ақырында, егер біз  $A — T... \Theta... T' — A'$  ауыспалы айналымын тұңғыш рет жасайтын, жаңадан шыққан жеке капиталды алатын болсақ, онда  $A — T$  осы жеке капитал жасайтын өндірістің бірінші процесінің әзірлік фазасы, содан бұрын болған фаза болып табылады. Демек,  $A — T$  фазасы болады екен деп ұйғарылмайды, қайта, мұның керісінше, оны өндіріс процесі шығарады немесе оның шығуына себепші болады. Бірақ бұл жайт осы белгілі бір жеке капиталға ғана қатынасты жайт. Капиталистік өндіріс тәсілі бар деп есептелінетіндіктен, сондықтан капиталистік өндіріс белгілеп беріп отырған қоғам жағдайында ақша капиталының ауыспалы айналымы өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымының жалпылама формасы болып табылады. Сондықтан капиталистік өндіріс процесі *rius* \* деп есептелінеді,— өзінің формасына қайтадан өнеркәсіп капиталы енгізілетін ақша капиталының бірінші ауыспалы айналымы кезінде болмаған күнде, онда осы ауыспалы айналымның шеңберінен тыс жерде солай деп есептелінеді. Капиталистік өндіріс процесінің үнемі өмір сүруі  $\Theta... \Theta$  ауыспалы айналымы үнемі қалпына келтіріліп отырады деп ұйғарады. Бірінші  $A — T < \frac{Ж}{\Theta_K}$  сатысында-ақ осы алғышарттың өзі тікелей көрінеді, өйткені бұл акт, бір жағынан, жалдама жұмысшылар табы бар деп есептейді және, екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алушы үшін бірінші  $A — T$  сатысы болып табылатын нәрсе оларды сатушы үшін  $T' — A'$  болып табылады; демек,  $T'$ -де товар капиталы бар деп есептелінеді, сондықтан товардың өзі де капиталистік өндірістің нәтижесі деп есептелінеді, сөйтіп өндіргіш капитал қызмет етіп отыр деп ұйғарылады.

\* — бұрын болған. *Ред.*

## ЕКІНШІ ТАРАУ

## ӨНДІРГІШ КАПИТАЛДЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ

Өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымының жалпы формуласы мынадай:  $\Theta \dots T' - A' - T \dots \Theta$ . Бұл ауыспалы айналым өндіргіш капиталдың дүркін-дүркін қалпына келтіріліп отыратын қызметін көрсетеді, демек, ұдайы өндірісті, яки құнның көбеюіне байланысты капиталды ұдайы өндірудің процесі ретінде капиталды өндіру процесін көрсетеді: қосымша құнды өндіруді ғана емес, сонымен бірге оны мезгіл-мезгіл ұдайы өндіруді де көрсетеді; ол өзінің өндірістік формасында тұрған өнеркәсіп капиталы қызметінің бір мәрте ғана болатын қызмет емес, мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын қызмет екендігін көрсетеді, сондықтан қайта қалпына келтірілуді бастапқы пункттің өзі-ақ анықтап белгілеп береді.  $T'$ -нің бір бөлегі (белгілібір жағдайларда, өнеркәсіп капиталы жұмсалатын белгілібір тарауларда) өзі сонан товар түрінде шыққан еңбек процесінің өзіне өндіріс құрал-жабдықтары түрінде қайтадан тікелей енуі мүмкін; осының нәтижесінде оның құнын тек қана нағыз ақшаға немесе ақша знактарына айналдыру керексіз нәрсе болып шығады, немесе ол есеп айырысу ақшалары түрінде ғана дербес көрініс алады. Құнның бұл бөлегі айналысқа түспейді. Сонымен айналыс процесіне түспейтін құндар ғана өндіріс процесіне енеді. Мұның өзі капиталист қосымша өнімнің бір бөлегі ретінде *in natura*\* тұтынатын  $T'$  бөлегіне де қатынасты нәрсе. Алайда бұл бөліктің капиталистік өндіріс үшін айтарлықтай маңызы жоқ; мұны ең мықтағанда егіншілікте ғана еске алады.

Бұл формада екі түрлі жағдай бірден көзге түседі.

\* — заттай формада. *Ред.*

Біріншіден. Бірінші.  $A...A'$  формасында өндіріс процесі,  $\Theta$  қызметі, ақша капиталының айналысын үзіп, оның екі фазасының  $A — T$  мен  $T' — A'$ -нің арасындағы дәнекер ғана болып отырған кезде, мұнда өнеркәсіп капиталы айналысының бүкіл процесі, оның айналыс фазасы шеңберіндегі бүкіл қозғалысы, үзіліс қана жасап, бірінші шеткі мүше ретінде ауыспалы айналымды ашатын өндіргіш капитал мен соңғы мүше ретінде ауыспалы айналымды тұйықтайтын, яғни тұйықтағанда өзі қозғалысты қайта бастайтын нақ сол формада тұйықтайтын өндіргіш капиталдың арасындағы дәнекер аралық буын ғана болып шығады. Айналыстың өзі мезгіл-мезгіл қалпына келтіріліп отыратын және осы қалпына келтірілудің нәтижесінде үзіліссіз болып табылатын ұдайы өндірістің аралық дәнекері ғана болып табылады.

Екіншіден. Бүкіл айналыс өзі ақша капиталының ауыспалы айналымында ие болатын формаға тура қарама-қарсы формада көрінеді. Ақша капиталының ауыспалы айналымындағы форма, егер құн мөлшерін былай қалдыра тұратын болсақ, мынадай болған еді:  $A — T — A$  ( $A — T. T — A$ ); мұнда, егер тағы да құн мөлшерін былай қалдыра тұратын болсақ, ол мынадай:  $T — A — T$  ( $T — A. A — T$ ), яғни мұның өзі жәй товар айналысының формасы.

### І. ЖӘЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

Сонымен, ең алдымен  $T' — A' — T'$  процесін, ең шеткі екі мүше  $\Theta... \Theta$  арасындағы айналыс саласында өтетін процесті қаралық.

Бұл айналыстың бастама пункті — товар капиталы:  $T' = T + t — \Theta + t$ . Товар капиталының қызметі  $T' — A'$  (ондағы капитал құнын жайғастыру =  $\Theta$ , бұл енді  $T'$  товардың құрамды бөлігі  $T$  ретінде өмір сүреді, сондай-ақ ондағы қосымша құнды жайғастыру, бұл енді нақ сол товар аумағының  $t$  құны бар құрамды бөлігі ретінде өмір сүреді) ауыспалы айналымның бірінші формасында қаралған болатын. Бірақ онда ол үзілген айналыстың екінші фазасы және бүкіл ауыспалы айналымның соңғы фазасы болған-ды. Мұнда ол ауыспалы айналымның екінші фазасы, ал айналыстың бірінші фазасы болады. Бірінші ауыспалы айналым  $A'$ -мен аяқталады, ал  $A'$ , алғашқы  $A$  сияқты, ақша капиталы ретінде екінші ауыспалы айналымды қайтадан бастай алатындықтан, әуелі  $A'$ -дегі  $A$  мен  $a$  (қосымша құн) бұдан әрі бір жолмен кете ме, әлде болмаса олар әр түрлі жолмен кете ме дегенді қарастырудың қажеті болмады. Бұлай қарастыру егер біз бірінші ауыспалы

айналымды онан әрі, оның қайта қалпына келуінде зерттеген жағдайда ғана қажет болған болар еді. Алайда, бұл мәселе өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымы процесінде шешілуге тиіс, өйткені оның бірінші ауыспалы айналымының өзін анықтау осы шешімге байланысты және  $T' - A'$  онда айналыстың бірінші фазасы болып табылады, бұл фаза  $A - T$  фазасымен толықтырылуға тиіс. Біз қарастырып отырған формула жәй ұдайы өндіріс болып табыла ма не болмаса ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс болып табыла ма деген мәселе осы шешімге байланысты болады. Демек, ауыспалы айналымның сипаты белгілібір шешімге сәйкес өзгеріп отырады.

Сонымен, ең алдымен өндіргіш капиталдың жәй ұдайы өндірісін қарастыралық, оның бер жағында, бірінші тараудағы сияқты, жағдай сол күйінде өзгеріссіз қалады, ал товарларды сатып алу мен сату олардың құны бойынша жасалады деп ұйғарамыз. Осындай деп ұйғарғанда бүкіл қосымша құн капиталистің жеке бас тұтынуына түседі. Товар капиталы  $T'$  ақшаға айналғаннан кейінгі жерде капитал құны болып табылатын ақша сомасының бір бөлегі өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымында айналыста жүре береді; екінші бір бөлегі, ақшаға айналдырылған қосымша құн, жалпы товар айналысына түседі, капиталистен шығатын ақша айналысы болып табылады, алайда, бұл ақша айналысы оның жеке капиталының айналыс саласынан тыс жасалады.

Біздің мысалымызда бізде құны 500 ф. стерлингтік 10 000 қадақ иірілген жіп түріндегі товар капиталы  $T'$  бар еді; мұның құнының 422 ф. стерлингті өндіргіш капиталдың құны еді; бұлар 8 440 қадақ иірілген жіптің ақшалай формасы ретінде  $T$  бастаған капитал айналысын онан әрі жүргізе береді, ал 1 560 қадақ иірілген жіптің ақшалай формасы 78 ф. стерлингтік қосымша құн, товарлы өнімнің қосымша бөлегі, әлгі капиталдың айналысынан шығады да жалпы товар айналысының саласында бөлек жолмен жүреді.

$$T' \left( \begin{array}{c} T \\ + \\ t \end{array} \right) \xrightarrow{\quad} \left( \begin{array}{c} A \\ + \\ a \end{array} \right) \xrightarrow{\quad} T < \begin{array}{c} \text{Ж} \\ \theta_k \end{array}$$

$a - t$  әктісі капиталистің не шын мәнісіндегі товарларға жұмсайтын, не болмаса өзінің қымбатты персондарына жасалатын, осыған сәйкес,— өзінің семьясына жасалатын қызметтерге жұмсайтын ақшасына сатып алынатын бірсыпыра заттар болып табылады. Бұл сатып алынатын заттар бөлшек-бөлшек болады, түрлі мерзімдерде сатып алынады. Демек, ақша аз уақыт бойында ағымдағы күнделікті тұтынуға арнал-

ған ақша запасы формасында болады, немесе қазына формасында болады,— өйткені айналыста болуы үзіліп қалған ақша нақ сол қазына формасында болады. Ақшаның айналыс қаржысы ретіндегі қызметі,— ал өзінің өткінші қазына формасында да ақша айналыс қаржысы болып қала береді,— капиталдың  $A$  ақша формасындағы айналысына кірмейді. Бұл жағдайда ақша авансыланбайды, жұмсалады.

Біз бүкіл авансыланған капитал әрқашан, өзінің бір фазасынан екінші фазасына бүтіндей көшеді деп ұйғарған едік; сондай-ақ біз бұл жерде де  $\Theta$  процесінің товарлы өнімінде өндіргіш капитал  $\Theta$ -нің 422 ф. стерлингке тең бүкіл құны бұған қоса өндіріс процесі кезінде жасалған 78 ф. стерлингке тең қосымша құн бар деп ұйғарамыз. Біз бөлініске түсетін товар өнімімен істес болып отырған біздің мысалымызда қосымша құн 1 560 қадақ иірілген жіп формасында өмір сүреді,— 1 қадақ иірілген жіпке шаққанда 2, 496 унция иірілген жіп формасында өмір сүретіні сияқты. Керісінше, егер де товарлы өнім, мысалы, құны 500 ф. стерлингтік және құны жағынан сондай құрылыстағы машина болған болса, онда осы машина құнының бір бөлегі 78 ф. стерлингтік қосымша құнға тең болғанымен де, алайда, осы 78 ф. ст. бір бүтін ретінде тек машинада ғана өмір сүрген болар еді; машинаны бөлшектеп сындырмайынша, сөйтіп, оның тұтыну құнымен қоса оның құнын да жоймайынша машинаны капитал құны мен қосымша құнға бөлуге болмайды. Демек, бұл жағдайда құнның құрамдас екі бөлегі товар денесінің құрамды бөлектерінде идеялық түрде ғана болуы мүмкін, бірақ иірілген жіптің әрбір қадағы осы товардың 10 000 қадағының бөлек алынатын, дербес элементі болып табылатыны сияқты  $T'$  товардың дербес элементтері түрінде бола алмайды. Бірінші жағдайда  $a$  өзінің ерекше айналысын бастамастан бұрын бүкіл товар түгелдей, бүкіл товарлы капитал, яғни машина сатылуға тиіс. Мұның керісінше, егер капиталист 8 440 қадақ иірілген жіпті сататын болса, онда қалған 1 560 қадақты сату дегеніміз  $t$  (1 560 қадақ иірілген жіп) —  $a$  (78 ф. ст.) —  $t$  (тұтыну заттары) формасындағы қосымша құнның мүлдем оқшау айналысы болып табылады. Бірақ 10 000 қадақ өнімнің, яғни иірілген жіптің әрбір жеке үлесінің құнының элементтері бүкіл өнім құнының элементтері ретінде дәл сондай-ақ өнімнің бөлшектері арқылы білдірілуі мүмкін. Осы 10 000 қадақ иірілген жіпті тұрақты капиталдың ( $c$ ) құнына — құны 372 ф. ст. 7 440 қадақ иірілген жіп, өзгермелі капиталдың ( $v$ ) құнына — 50 ф. стерлингтік 1 000 қадақ иірілген жіп және қосымша құнға ( $m$ ) — 78 ф. стерлингтік 1 560 қадақ иірілген жіп етіп бөлуге болатыны сияқты, дәл сондай-ақ әр-



бір қадақ иірілген жіпті  $c$ -ға құны 8,928 пенс 11,904 унция иірілген жіп,  $v$ -ға-құны 1,200 пенс 1,600 унция иірілген жіп,  $m$ -ге, -құны 1,872 пенс 2,496 унция иірілген жіп етіп бөлуге болады. Сондай-ақ капиталист 10 000 қадақты біртіндеп бөлшектеп сата отырып осы бөлшектердегі қосымша құнның элементтерін бірте-бірте тұтына алған болар еді, оның бержағында ол дәл осындай дәйектілікпен  $c+v$  сомасын да жайғастырып орналастырған болар еді. Ал, сайып келгенде, бұл әрекет те: 10 000 қадақтың бәрі сатылған, демек 8 440 қадақты сату арқылы  $c$  мен  $v$ -ның құны өтелді деп ұйғарады («Капитал», I кітап, VII тарау, 2).

Қалай болған күнде де,  $T'$ -дегі капитал құны да, сондай-ақ қосымша құн да  $T' - A'$  актісі арқылы бір-бірінен оқшау болып кездесе алады, түрлі ақша сомалары болып кездесе алады; екі жағдайдың екеуінде де  $A$ -да, сондай-ақ  $a$ -да бастапқыда,  $T'$ -де, тек товардың бағасы ретінде ғана өзіне тән, ойдағы ғана көрінісі болған құнның шын мәнісіндегі өзгерген формасы.

$t - a - t$  айналысы жай товар айналысы болып табылады; оның бірінші фазасы  $t - a$  товар капиталының  $T' - A'$ -ның айналысына, демек, — капиталдың ауыспалы айналымына кіреді; мұның керісінше, оның қосымша фазасы  $a - t$  бұл ауыспалы айналымнан сырт жатады, жалпы товар айналысының одан оқшауланған актісі ретінде жасалады.  $T' - A'$ -ге айналғаннан кейін  $T$  мен  $t$ -нің, капитал құны мен қосымша құнның, айналысы екіге бөлінеді. Осыдан келіп мына төмендегідей жағдай туады;

Біріншіден.  $T' - A' = T' - (A + a)$  актісі арқылы товар капиталы жайғастырылғаннан кейін капитал құны мен қосымша құнның  $T' - A'$ -де әлі де болса ортақ болып қалған және сол бір товар аумағы жүзеге асырған қозғалысын бөлу мүмкін болады; енді екі құнның екеуі де жекелеген ақша сомасының формасында дербестік алады.

Екіншіден. Егер осы бөліну жасалатын болса, оның бержағында  $a$  капиталистің табысы ретінде жұмсалатын болса, ал  $A$ , капитал құнының атқаратын қызметінің формасы ретінде, ауыспалы айналым белгілеп берген жолымен онан әрі жүре беретін болса, онда  $T' - A'$  бірінші актісі мұнан кейінгі  $A - T$  және  $a - t$  актілеріне байланысты екі түрлі айналыс түрінде:  $T - A - T$  және  $t - a - t$  түрінде болуы мүмкін; өзінің жалпылама формасы жағынан бұл екі тізбектің екеуі де әдеттегі товар айналысына жатады.

Әдетте, практика жүзінде, біртұтас, бөлінбес товар денелері туралы сөз болған кезде, құнның құрамдас бөлімдері ойша

оқшауланады. Мысалы, көпшілігі кредит алып жұмыс істейтін Лондонның құрылыс кәсіпорындарында құрылыс жүргізуші кәсіпкер ссуда алғанда үй құрылысының бір сатыдан бір сатыға қалай өтіп отырғандығының дәрежесіне қарай алады. Бұл сатылардың еш қайсысы да әлі де болса үй емес, құрылыс процесі үстінде тұрған болашақ үйдің нақтылы бар құрамды бөлегі ғана; демек, өзінің нақтылы нәрсе екендігіне қарамас-тан мұның өзі бүтін бір үйдің ойша жасалған бөлшегі, солай бола тұрса да қосымша ссуда алу үшін кепілдік болуға әбден жеткілікті нақтылы нәрсе. (Бұл жөнінде кейініректе, XII та-раудан қараңыз \*.)

Үшіншіден. Егер капитал құны мен қосымша құнның бұрын  $T$  мен  $A$ -да әлі де болса ортақ болып келген қозғалысы шама-лап қана бөлінетін болса (қосымша құнның бір бөлегі табыс ретінде жұмсалмайтын болса) немесе мүлдем бөлінбейтін бол-са, онда капитал құнының өзінде оның ауыспалы айналымы кезінде-ақ, ауыспалы айналым аяқталып бітпей жатып өзгеріс жасалады. Біздің мысалымызда өндіргіш капиталдың құны 422 ф. стерлингке тең болды. Демек, егер ол  $A - T$  қозғалы-сын, мысалы, 480 ф. ст. немесе 500 ф. ст. түрінде онан әрі жүр-гізе беретін болса, онда ол ауыспалы айналымның соңғы са-тыларын өзінің бастапқы құнынан 58 ф. ст. немесе 78 ф. ст. көп құн ретінде өтеді. Мұның өзі капитал құрылымының құн жағынан да бірдей өзгеруімен байланысты болуы мүмкін.

$T' - A'$ , айналыстың екінші сатысы және I ауыспалы ай-налымның ( $A...A'$ ) қорытынды соңғы сатысы, біз айтып отыр-ған ауыспалы айналымда оның екінші сатысы және товар ай-налысының бірінші сатысы болып табылады. Демек, әңгіме айналыс жөнінде болғандықтан,  $T' - A' A' - T'$  арқылы то-лықтырылуға тиіс. Бірақ  $T' - A'$  әктісі құнды көбейту процесі-нен кейінгі жерде ғана (осы айтылып отырған жағдайда  $\Theta$  қызметінен кейін, бірінші сатыдан кейін) болып қоймай, со-нымен қатар оның нәтижесі де болып табылады; товарлы өнім  $T'$  осы әкті арқылы жайғастырылған-ды. Демек, капитал құ-нын көбейту процесі, дәл сондай-ақ өскен капитал құны көрі-нетін товарлы өнімді жайғастырып орналастыру да,  $T' - A'$  әктісімен аяқталады.

Сонымен, біз жәй ұдайы өндіріс болады деп ұйғардық, яғ-ни  $a - t A - T$ -дан мүлдем бөлініп шығады деп ұйғардық. Екі айналыста,  $t - a - t$ , сондай-ақ  $T - A - T$  да, өзінің жалпы формасы жағынан товарлы айналысқа жатады (сон-дықтан да шеткі екі мүшенің арасында құн жағынан ешқандай айырма таппайды); сондықтан тұрпайы саяси экономияның

\* Осы томның 271—272-беттерін қараңыз. *Ред.*

айтатынындай, капиталистік өндіріс процесін жәй товар өндірісі түрінде, белгілі бір түрдегі тұтынуға арналған және капиталист оларды тұтыну құны басқа товарлармен алмастыру мақсатымен немесе, тұрпайы саяси экономияның жалған айтатынындай, сол товарларға айырбастау мақсатымен өндіретін тұтыну құндарының өндірісі түрінде түсіну оп-оңай.

$T'$  ең басынан бастап-ақ товар капиталы ретінде шығады, сондықтан бүкіл процестің мақсаты, баю (құнды көбейту) мақсаты, капиталистің қосымша құнның (демек, капиталдың да) мөлшерімен бірге өсіп отыратын жеке бас тұтынуын жоққа шығармайтыны былай тұрсын, сонымен қатар ондай тұтыну болады деп тікелей ұйғарады.

Капиталистің табысы айналысқа түскен кезде өндірілген товар  $t$  (немесе соған сәйкес келетін товарлы өнімнің  $T'$ -нің ойдағы үлесі) шын мәнісінде әлгі табысты әуелі ақшаға айналдыру үшін, сонан соң ақшадан жекебас тұтынуға қызмет ететін бір сыпыра басқа товарларға айналдыру үшін ғана қызмет етеді. Бірақ бұл ретте бір кішкентай жағдайды естен шығармау керек:  $t$  дегеніміз капиталист үшін текке түскен товар құны, қосымша еңбектің бейнесі, сондықтан да ол алғашқыда сахнаға товар капиталы  $T'$ -нің құрамды бір бөлегі ретінде шығады. Демек, өзінің өмір сүруі арқылы бұл  $t$  өз процесін жасап жатқан капитал құнының ауыспалы айналымына таңулы; егер бұл ауыспалы айналым тоқтап қалса немесе заты онда нендей де бір қалыптан шығушылық бола қалса, онда  $t$ -ны тұтыну ғана емес, сонымен қатар  $t$ -ның орнына жүретін бір-қатар товарларды өткізу де қысқартылады немесе тіпті мүлдем тоқтатылады. Егер  $T' — A'$  актісі  $T'$ -ді мүлде сата алмаған немесе оның біраз ғана бөлегін сатқан жағдайда да жоғарыда айтылғандай жағдай болады.

$t — a — t$ , капиталистің табысының айналысы ретінде, әзірге  $tT'$ -нің, өзінің товар капиталы түрінде атқаратын қызметі формасындағы капиталдың құнының бір бөлегі болып тұрғанда ғана капитал айналысына түсе алады; бірақ дербес дәнекер  $a — t$  болып алған соң өзінің  $t — a — t$  толық формасындағы табыс айналысы капиталист авансылаған капиталдан шыққанымен бұл капиталдың қозғалысына енбейді. Табыс айналысының авансыланған капитал айналысымен байланысты болатын себебі сол — капиталдың өмір сүруі капиталистің өмір сүруі болады деп ұйғарады, ал капиталистің өмір сүруі оның қосымша құнды тұтынуына байланысты болады.

$T'$ , мысалы иірілген жіп, жалпы айналыста товар ретінде ғана қызмет етеді; бірақ, капитал айналысындағы бір кезең бола отырып,  $T'$  *товар капиталы* ретінде, капитал құны біресе

қабылдап, біресе сыпырып тастайтын форма ретінде қызмет етеді. Иірілген жіпті купецке сатқаннан кейін ол жіп өзі соның жемісі болған капиталдың ауыспалы айналымы процесінен шығып қалады, бірақ, солай бола тұрса да, жалпы айналыс саласында әлі де болса товар ретінде қала береді. Нақ осы товар аумағының айналысы жіп иіруші фабриканттың капиталының дербес ауыспалы айналымында бір кезең болуын қойғанымен, ол айналыс онан әрі жүре береді. Сондықтан капиталист айналысқа түсірген товар аумағының шын мәнісіндегі қорытынды метаморфозы,  $T - A$  актісі, ол аумақтың тұтыну саласына біржолата шығуы, осы товар аумағының әлгі капиталистің товар капиталы ретінде қызмет ететін метаморфоздан кеңістік пен уақыт жағынан мүлдем оқшауланып бөлінуі мүмкін. Белгілібір капиталдың айналыс процесінде жасалып кеткен сол метаморфозды жалпы айналыс саласында әлі де болса жасау керек болады.

Егер иірілген жіп нендей де бір басқа өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымына қайтадан түсетін болса, бұдан істің жәйі титтей де өзгермейді. Жалпы айналыс қоғамдық капиталдың түрлі дербес бөліктерінің бір-бірімен өзара ұштасып қабысып жатқан ауыспалы айналымдарын, яғни жеке капиталдардың ауыспалы айналымдарының жиынтығын да, сондай-ақ рынокке капитал ретінде шығарылмаған құндардың, яғни жеке бас тұтыну саласына енетін құндардың айналысын да қамтиды.

Өзі жалпы айналыстың бір бөлегі болып табылатындықтан капиталдың ауыспалы айналымы мен өзі дербес ауыспалы айналымның бір буыны болып табылатындықтан ауыспалы айналымның арасындағы қатынасты біз, егер бұдан әрі  $A' = A + a$  айналысын қарастыратын болсақ, сонда көреміз.  $A$ , ақша капиталы ретінде, капиталдың ауыспалы айналымын онан әрі жасай береді;  $a$ , табыстың ( $a - t$ ) жұмсалуды ретінде, жалпы айналысқа түседі, бірақ әлгі капиталдың ауыспалы айналымынан шығып қалады. Бұл капиталдың ауыспалы айналымына  $a$ -ның қосымша ақша капиталы ретінде қызмет ететін бөлегі ғана кіреді.  $t - a - t$  актісінде ақша монета ретінде ғана қызмет етеді; бұл айналыстың мақсаты — капиталистің жеке-бас тұтынуы. Тұрпайы саяси экономияның кретинизміне сипатты нәрсе сол — капиталдың ауыспалы айналымына кірмейтін осы айналысты, — жаңадан жасалған құнның табыс ретінде тұтынылатын бөлегінің айналысын, — ол капиталға сипатты ауыспалы айналым деп көрсетеді.

Екінші фазада,  $A - T$ -да, біздің алдымыздан  $A = \Theta$  капитал құны (мұнда ол өнеркәсіп капиталының ауыспалы айна-

лымын ашатын өндіргіш капиталдың құнына тең) тағы да келіп шығады, бұл құн қосымша құннан арылған, демек, — онда ақша капиталы ауыспалы айналымының бірінші  $A — T$  сатысындағы сияқты құн мөлшері бар. Орындарының әртүрлілігіне қарамастан, товар капиталы енді осыған айналып отырған ақша капиталының қызметі сол бұрынғысындай:  $\Theta$  қ мен  $Ж$ -ға, өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне айналу.

Сонымен, товар капиталының  $T' — A'$  қызметінде капитал құны  $t — a$ -мен бір мезгілде  $T — A$  фазасын өтті және осының ізінше қосымша  $A — T < \frac{Ж}{\Theta қ}$  фазасына енеді; демек, тұтас алғанда оның айналысы мынадай:  $T — A — T < \frac{Ж}{\Theta қ}$ .

Біріншіден. I формада ( $A...A'$  ауыспалы айналымы) ақша капиталы  $A$  капитал құны авансыланатын сол бастапқы формада шықты; мұнда ол ең басынан бастап айналыстың  $T'—A'$  бірінші фазасында товар капиталы соған айналған ақша сомасының бір бөлегі ретінде шығады, демек, ең басынан бастап өндіргіш капиталдың,  $\Theta$ -нің, ақша формасына айналуы ретінде шығады, бұл айналу товар өнімін сату арқылы жүзеге асырылады. Мұнда ақша капиталы ең басынан бастап капитал құнының бастапқы да, сондай-ақ соңғы да формасы түрінде болмайды, себебі  $T—A$  фазасын аяқтайтын  $A—T$  фазасы ақша формасын екінші рет сыпырып тастау арқылы ғана жасалуы мүмкін. Сондықтан  $A—T$ -ның сонымен қатар  $A—Ж$  болып табылатын бөлегі енді жұмыс күшін сатып алудан көрінетін жәй ғана ақша авансылау емес, жұмыс күші жасаған товар құнының бір бөлегі болып табылатын, құны 50 ф. стерлингтік 1 000 қадақ иірілген жіп жұмыс күшіне ақшалай формада авансыланатын авансылау болып табылады. Бұл жерде жұмысшыға авансыланып отырған ақша жұмысшының өзі өндірген товар құнының кейбір бөлегінің өзгерген эквивалентті формасы ғана. Міне сондықтан да  $A—T$  актісі, ол  $A—Ж$  актісі болып табылатындықтан, әсте де ол ақша формасындағы товарды тұтыну формасындағы товармен алмастыру ғана болып табылмайды, бірақ онда жалпы товар айналысының өзіне тәуелсіз басқа элементтер де болады.

$A'T'$ -нің өзгерген формасы ретінде шығады, өз кезегінде,  $T'\Theta$ -нің өткендегі қызметінің, өндірістің өткендегі процесінің өнімі; сондықтан бүкіл  $A'$  ақша сомасы өткендегі еңбектің ақшалай көрінісі ретінде шығады. Біздің мысалымызда: 10 000 қадақ иірілген жіп = 500 ф. ст. — иіру процесінің өнімі; мұның 7 400 қадақ иірілген жібі = авансыланған тұрақты капитал  $c = 372$  ф. ст.; 1 000 қадақ иірілген жіп = авансыланған өзгермелі капитал  $v = 50$  ф. ст., және 1 560 қадақ иірілген жіп = қо-

сымша құн  $m=78$  ф. ст. Егер басқа жағдайлар өзгеріссіз қалған күйде,  $A'$ -нен 422 ф. стерлингке тең бастапқы капитал ғана қайтадан авансыланатын болса, онда таяудағы аптаның ішінде  $A—Ж$  актісінде жұмысшыға осы аптада өндірілген 10 000 қадақ иірілген жіптің бір бөлегі ғана (атап айтқанда 1 000 қадақ жіптің ақшалай құны) авансыланатын болады.  $T—A$  актісінің нәтижесі ретінде ақша қашанда өткендегі еңбектің көрінісі. Товар рыногында дереу қосымша  $A—T$  актісі жасалатындықтан, демек,  $A$  қазірдің өзінде бар, рынокта тұрған товарларға айырбасталатындықтан, сондықтан мұның өзі тағы да сол өткендегі еңбекті бір формадан (ақшадан) екінші формаға (товарға) айналдыру болып табылады. Бірақ уақыт жағынан  $A—T$  актісі  $T—A$  актісінен алшақ. Бұлар ерекше жағдайларда ғана бір мезгілде болуы мүмкін, мәселен, егер  $A—T$  актісін жасаушы капиталист пен осы акт өзіне  $T—A$  актісі болып табылатын капиталист өз товарларын бір-біріне бір мезгілде беретін, ал  $A$  соңынан баланстағы айырманы ғана өтейтін кезде осылай болады.  $T—A$  мен  $A—T$  актісінің орындалуы арасындағы уақыт жағынан болатын айырма азды-көпті елеулі айырма болуы мүмкін.  $T—A$  актісінің нәтижесі ретінде  $A$  өткендегі еңбек болып табылатынымен, солай бола тұрса да  $A—T$  актісі үшін  $A$  рынокта әлі әсте жоқ және тек келешекте ғана рынокқа түсуі мүмкін товарлардың өзгерген формасы болуы мүмкін, өйткені  $A—T$  актісі әдетте  $T$  қайтадан өндіріліп болғаннан кейін барып қана жасалады. Дәл сондай-ақ  $A$  өзі ақшалай көрінісі болып отырған  $T$ -мен бірге бір мезгілде өндірілетін товарлардың да өкілі болуы мүмкін. Мысалы,  $A—T$  айырбасында (өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу) көмір өзін шахтыдан шығармастан бұрын сатып алынуы мүмкін.  $a$  табыс ретінде жұмсалмай, жинақталған ақша ретінде қызмет ететіндіктен, сондықтан ол келесі жылы ғана өндірілетін мақтаның өкілі болуы мүмкін. Капиталистің табысын жұмсаған кезде де,  $a—t$  кезінде де дәл осылай болады.  $Ж=50$  ф. ст. жалақының жәйі де дәл осындай; бұл ақша жұмысшының өткендегі еңбегінің ақшалай формасы ғана емес, сонымен қатар ол бір мәртебе жасалатын немесе келешекте жасалатын еңбекке, енді ғана жасалып жатқан немесе әлі келешекте жасалуға тиісті еңбекке берілген қарыз. Жұмысшы бұл ақшаға келесі аптада ғана тігілетін шекпен сатып алуы мүмкін. Тым көптеген қажетті тіршілік заттарының жәй-күйі нақ осындай, бұл заттар бүлініп кетпесі үшін олар дәл сол әзірленіп жатқан кездің өзінде дерлік тұтынылуға тиіс. Сонымен жұмысшыға өзінің жалақысы ретінде төленетін ақшадан ол өзінің келешектегі еңбегінің немесе басқа жұмысшылар ең-

бегінің өзгерген формасын алады. Жұмысшыға оның өткендегі еңбегінің бір бөлегін беріп капиталист оған оның өзінің келешектегі еңбегін алуға қарыз береді. Жұмысшының өзінің осы сәттегі немесе келешектегі еңбегі әлі қолда жоқ запас жасайды, оның өткендегі еңбегі үшін осы запастан ақша төлейді. Бұл арада осы запастың жасалуы жөніндегі ұғым мүлде жойылып кетеді\*.

Екіншіден.  $T - A - T < \frac{Ж}{Өқ}$  айналысында сол бір ақшаның өзі екі рет орын ауыстырады: капиталист әуелі ақшаны сатушы ретінде алады, сонсоң оны сатып алушы ретінде қайта береді; товарды ақша формасына айналдыру оны ақша формасынан қайтадан товар формасына айналдыру үшін ғана қызмет етеді; сондықтан капиталдың ақшалай формасы, оның ақша капиталы түрінде өмір сүруі осы қозғалыста өткінші кезең ғана болып табылады; басқаша айтқанда, әзірге қозғалыс жүріп жатқанда ақша капиталы, егер ол сатып алу қаржысы болып қызмет етіп отырса, айналыс қаржысы ғана болып табылады; егер капиталистер өзара бір-бірінен сатып алатын жағдайда ақша капиталы шын мәнісінде төлем қаржысы болып табылады, сондықтан төлем балансындағы айырманы ғана өтеу керек болады.

Үшіншіден. Ақша капиталы жәй айналыс қаржысы болып қызмет ете ме, не болмаса төлем қаржысы болып қызмет ете ме, бұған қарамастан, ақша капиталының қызметі  $T$ -ны  $Ж$  және  $Өқ$  элементтерімен ауыстыруға, яғни иірілген жіпті, товарлы өнімді, — бұл өнім өндіргіш капиталдың қызметінің (табыс ретінде пайдаланылуға тиісті қосымша құнды шығарып тастағандағы) нәтижесі болып табылады, — осы өнімді өндіру элементтерімен ауыстыруға аралық дәнекер болу ғана; демек, ақша капиталының қызметі капитал құнын оның товарлы формасынан осы товарды жасау элементтеріне қайтадан айналдыруға дәнекер болады, яғни сайып келгенде, товар капиталының өндіргіш капиталға қайта айналуына дәнекер ғана болады.

Ауыспалы айналым бірқалыпты жасалатын болуы үшін  $T'$  өзінің құны бойынша және еш қалдықсыз сатылуға тиіс. Онан соң,  $T - A - T$ -да бір товарды басқа бір товармен алмастыру ғана емес, сонымен қатар оларды сол бір құн қатынастары жағдайында алмастыру болады. Біз бұл арада мұның өзі дәл осылай жасалды деп ұйғардық. Бірақ шындығында өндіріс құрал-жабдықтарының құны өзгеріп отырады; еңбек өнімділі-

\* Осы жерде Маркстің қол жазбасында мынадай белгі бар: «Алайда мұның бәрі екінші кітаптың соңғы бөліміне қатысты нәрселер». *Ред.*

гінде үнемі болып тұратын, капиталистік өндіріс үшін сипатты өзгерістердің салдарынан-ақ капиталистік өндіріске құн қатынастарының үздіксіз өзгеріп тұруы әбден тән қасиет. Бұл арада біз өндіріс факторлары құнындағы өзгерісті ғана көрсетіп кетеміз; ол кейініректе қаралатын болады\*. Өндіріс элементтерінің товар өніміне,  $\Theta$ -нің  $T'$ -ге, айналуы өндіріс саласында жасалады;  $T'$ -нің  $\Theta$ -ге қайта айналуы айналыс саласында болады. Бұл қайта айналу товарлардың жәй метаморфозы арқылы жасалады. Ал өзінің мазмұны жағынан бұл қайта айналу тұтас алынып қарастырылып отырған ұдайы өндіріс процесінің бір кезеңі болып табылады. Капитал айналысының формасы ретінде  $T - A - T$ -да функциялық жағынан белгілі-бір заттар алмасуы болады. Онан соң,  $T - A - T$  айналысы мынаған себепші болады:  $TT'$  товарларының белгілібір мөлшерін өндіру элементтеріне тең және осы элементтер құндарының өзара қатынасы бастапқы қатынас болып қалады. Демек, бұл арада товарлар өздерінің құны бойынша сатып алынады деп қана емес, сонымен қатар ауыспалы айналым кезінде олар құн жағынан ешқандай өзгеріске түспейді деп ұйғарылады; бұлай болмаған жағдайда процесс бір қалыпты күйде өте алмайды.

$A...A'$ -дегі  $A$  — капитал құнының бастапқы формасы; капитал құны осы форманы қайтадан алу үшін ғана оны өзінен сыпырып алып тастайды.  $\Theta...T' - A' - T... \Theta$  актісіндегі  $A$  ауыспалы айналым процесінде ғана қабылданып, сонан соң дәл соның шеңберінде қайтадан алынып тасталатын форма. Мұнда ақша формасы капитал құнының өткінші дербес формасы ғана болып табылады.  $A'$  формасында тұрған капитал, осы формада бейнебір қуыршаққа айналғандай болып тұрған капитал, қайтадан өндіргіш капиталдың формасына айналу үшін әлгі форманы сыпырып тастауға ұмтылатыны сияқты  $T'$  формасында тұрған капитал ақша формасын алуға соншама жанталаса ұмтылады. Әзірге бұл капитал ақша формасында қалып отырғанда, ол капитал ретінде қызмет етпейді, сондықтан да құн жағынан өспейді; капитал тым-тырыс жатады. Бұл жерде  $A$  айналыс қаржысы ретінде әрекет етеді, бірақ капиталдың айналыс қаржысы ретінде әрекет етеді\*\*. Капитал құнының ауыспалы айналымының бірінші формасында (ақша капиталы ауыспалы айналымының формасында) капитал құнының ақшалай формасында болатын жалған дербестілік осы екінші формада жойылып кетеді, сөйтіп бұл форма I форманың сыны болып табылады және оны небәрі бір ерекше фор-

\* Осы томның XV тарауын қараңыз, V пункт. *Ред.*

\*\* Осы жерде Маркстің қолжазбасында: «Тукке қарсы» деген белгі бар. *Ред.*



маның дәрежесіне әкеліп саиды. Егер екінші  $A - T$  метаморфозы кедергіге ұшырайтын болса (егер, мәселен, рынокта өндіріс құрал-жабдықтары болмай қалса), ауыспалы айналым, ұдайы өндіріс процесінің ағымы капитал товарлы капитал формасында жатып қалған кездегідей, дәл сол кездегідей үзіліп қалады. Бірақ мұнда айырма да бар: ақша формасындағы капитал өтпелі товар формасындағыдан ұзағырақ жатуы мүмкін. Ақша капиталы ретінде қызмет етпесе де ол ақша болудан қалмайды; ал егер ол өзінің товар капиталы қызметінде тым ұзақ тұрып қалатын болса, онда ол товар болудан және тегі тұтыну құны болудан қалады. Екіншіден, ақша формасында бола тұрып, оның өзінің өндіргіш капитал түріндегі бастапқы формасының орнына басқа форманы алу қабылеті болады, ал  $T'$  формасында тұрғанда ол тегі орнынан қозғалуға шамасы болмайды.

$T' - A' - T$  айналысы өзінің формасына сәйкес тек  $T'$  үшін ғана оның ұдайы өндірілуінің кезеңдері болып табылатын айналыс актісін қамтиды; алайда  $T' - A' - T$  актісін жүзеге асыру үшін  $T'$  соған айналатын  $T$ -ны шын мәнісінде ұдайы өндіру қажет; ал өз кезегінде, бұл ұдайы өндіріс осы  $T'$ -дегі жеке капиталдың ұдайы өндіріс процесінен тыс болып жататын ұдайы өндіріс процестерінен туған.—

I формадағы  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_қ}$  актісі ақша капиталының өндіргіш капиталға алғашқы айналуын ғана әзірлейді; II формадағы бұл акт товар капиталынан өндіргіш капиталға кері айнаруды әзірлейді; демек, өнеркәсіп капиталын жұмсау бұрынғы күйінде қалатындықтан, бұл акт товар капиталының өзі солардан шыққан нақ сол өндіріс элементтеріне қайтадан кері айналуын әзірлейді. Сондықтан мұнда, I формадағы сияқты, бұл акт өндіріс процесін әзірлеу фазасы ретінде шығады, бірақ осылай шыққанда сол процеске қайтып оралу ретінде, соның қалпына келтірілуі ретінде, демек,— ұдайы өндіріс процесінен бұрын болған акт ретінде, сондықтан құнды көбейту процесін қайталау ретінде шығады.

Бұл жерде мынаны тағы да атап айту қажет:  $A - Ж$  актісі жәй товар айырбасы емес, қосымша күн өндірісіне қызмет етуге тиісті  $Ж$  товарын сатып алу,  $A - \Theta_қ$ -ның қосымша күн өндіру мақсатына жетудің заттай қажетті процедурасы ғана екендігі сияқты.

$A - T < \frac{Ж}{\Theta_қ}$  актісін жасағаннан кейін  $A$  өндіргіш капиталға,  $\Theta$ -ге, айналады, сөйтіп ауыспалы айналым қайтадан басталады.

Демек,  $\Theta...T' - A' - T... \Theta$  формасы өзінің кеңейтілген түрінде мынадай болады:

$$\Theta..T' \begin{pmatrix} T \\ + \\ t \end{pmatrix} \begin{array}{c} \text{---} \\ \text{---} \end{array} \begin{pmatrix} A \\ + \\ a \end{pmatrix} \begin{array}{c} \text{---} \\ \text{---} \end{array} T < \begin{matrix} \mathcal{J} \\ \Theta\kappa \end{matrix} \dots \Theta$$

Ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы дегеніміз товар өндіру мақсатымен товар сатып алу. Тұтыну дегеніміз осы өндірмелі тұтыну болып табылатындықтан, ол капиталдың өзінің ауыспалы айналымына енеді; бұл тұтынудың шарты мынада: өндірісте тұтынылатын товарлар арқылы қосымша құн жасалады. Ал мұның өзі мақсаты өндірушінің тіршілігін қамтамасыз ету болып табылатын өндірістен, тіпті сондай товарлы өндірістен өте-мөте өзгеше бірдене; қосымша құн өндірісінен туатын, товарды товармен алмастыру дегеніміз, сонымен, ақша арқылы ғана дәнекерленген, өнімнің өзін өзіне айырбастаудан гөрі мүлде басқаша бірдене. Алайда, асыра өндіру деген мүмкін емес нәрсе дегенді дәлелдеу мақсатымен экономистер ғана істің жәйін осылай етіп көрсетеді.

$\mathcal{J}$  мен  $\Theta\kappa$ -ға айналатын  $A$ -ны өндірмелі тұтынумен қатар, капиталдың ауыспалы айналымында жұмысшы үшін  $\mathcal{J} - A = T - A$  болып табылатын  $A - \mathcal{J}$  актісінің бірінші мүшесі бар. Жұмысшыдан басталатын және оның тұтынуын қамтитын  $\mathcal{J} - A - T$  айналысынан бірінші мүше ғана  $A - \mathcal{J}$ -ның нәтижесі ретінде капиталдың ауыспалы айналымына кіреді. Екінші акт, атап айтқанда  $A - T$ , өзі сонан шыға тұра жеке капиталдың айналысына кірмейді. Алайда, капиталистер табы үшін жұмысшы табының үнемі өмір сүріп отыруы қажет, сондықтан жұмысшының  $A - T$  актісімен дәнекерленген тұтынуы да қажет.

Капитал құнының ауыспалы айналымының онан әрі жүргізіле беруі жөнінде, сондай-ақ капиталистің қосымша құнды тұтынуы жөнінде  $T' - A'$  актісі бір ғана мынаны ұйғарады:  $T$  сатылған, ақшаға айналдырылған. Әлбетте, оны сатып алған да бұл бұйым тұтыну құны болып табылатындықтан ғана, демек, белгілібір түрде, өндірісте немесе жекебас тұтынуға жарамды болғандықтан ғана сатып алады. Ал егер,  $T'$ , мысалы иірілген жіпті сатып алған көпестің қолында айналысты онан әрі жасай беретін болса, онда бастапқы кезде мұның өзі иірілген жіпті өндірген және оны көпеске сатқан жеке капиталдың ауыспалы айналымының онан әрі жүргізіле беруіне ешқандай қатынасы болмайды. Бүкіл процесс бұрынғысынша жүргізіле береді, ал мұнымен бірге капиталист пен жұмысшы-

ның сол процесс туғызған жеке тұтынуы да бола береді. Бұл жағдай дағдарыстарды қарастырған кезде маңызды болады.

Атап айтқанда,  $T'$  сатылып, ақшаға айналған кезде, ол еңбек процесінің, олай болса, ұдайы өндіріс процесінің де нақтылы факторларына қайтадан кері айнала алады.  $T'$ -ді түпкілікті тұтынушы сатып алды ма немесе оны қайта сатуды көздейтін көпес сатып алды ма, бұл жағдай тікелей істің жәй-күйінде ештеңені өзгертпейді. Капиталистік өндіріс жасайтын товарлар аумағының мөлшерін анықтайтын нәрсе әсте де сұраныс пен ұсыныстың алдын ала белгіленген шеңбері емес, қанағаттандырылуға тиісті қажеттердің шеңбері емес, әлгі өндірістің көлемі мен оны үнемі ұлғайта беру қажеттігі анықтайды. Жаппай өндіру кезінде басқа өнеркәсіп капиталистерімен қатар, тек көтере алушы көпес қана тікелей сатып алушы бола алады. Ұдайы өндіріс процесінен шығарылып тасталған товарлар шын мәнісінде жекебас немесе өндірістік тұтыну саласына өтпегенімен, ұдайы өндіріс процесі белгілі-бір шеңберлерде бұрынғы көлемінде немесе тіпті ұлғайтылған көлемде жүргізіле бере алады. Товарларды тұтыну өздері сонан шыққан капиталдың ауыспалы айналымына кірмейді. Мысалы, егер иірілген жіп сатылған екен, онда осы иірілген жіптегі капитал-құнының ауыспалы айналымы әуелі сатылған иірілген жіптің жәйі не боларына қарамастан, қайтадан бастала алады. Өнімді сатуға реті келіп тұрған кезде, капиталистік өндірушінің тұрғысынан бәрі де бір қалыпты дұрыс жүріп жатады. Осы капиталистік өндіруші соның өкілі болып табылатын капитал құнының ауыспалы айналымы үзілмейді. Ал егер бұл процесс ұлғаятын болса,— бұған өндіріс құрал-жабдықтарын өндірісте тұтынудың ұлғаюы да кіреді,— онда капиталдың мұндай ұдайы өндірісі жұмысшылардың жеке бас тұтынуының (яғни сұранысының) ұлғаюымен қабат жүруі мүмкін, себебі бұл процесс өндірмелі тұтынумен басталады және сол арқылы дәнекерленеді. Сонымен, қосымша құн өндіру, ал онымен бірге капиталистің жеке бас тұтынуы да өсе беруі мүмкін, бүкіл ұдайы өндіріс процесі нағыз кемеліне келген жағдайда болуы мүмкін,— алайда, товарлардың тым едәуір бөлегі тұтыну саласына өткен сияқты ғана болып көрінуі мүмкін, ал шындығында олар алып-сатарлардың қолында сатылмай қалып қоюы мүмкін, демек,— іс жүзінде әлі де болса рынокта қалуы мүмкін. Ал товарлар толқыны бірінен соң бірі келіп жатады, сөйтіп, ақырында, алғашқы толқынның тұтынылысқа сіңіп кеткендігі тек сырт көрініс қана екендігі байқалады. Товар капиталдары рынокта өзара бірінің орнына бірі таласады. Рынокқа кейінірек келгендері товарларын

сату үшін оларды төмен бағамен сатады. Алғашқы толқындардың товарлары әлі де болса қолма-қол ақшаға айналдырылмай жатқанымен олардың төлем мерзімдері келіп қалады. Олардың иелері төлем төлеуге қабілетіміз жоқ деп жариялауға не болмаса, төлем төлеу үшін, товарын кез келген бағамен сатуға мәжбүр болады. Мұндай сатудың сұраныстың шын мәнісіндегі жәй-күйіне ешқандай қатынасы жоқ. Оның *төлем жөніндегі сұранысқа* ғана, товарды ақшаға айналдырудың мейлінше қажеттігіне ғана қатысы бар. Міне сол кезде дағдарыс пісіп жетіледі. Дағдарыс тұтынушылық сұранысының, жеке бас тұтыну мақсатындағы сұраныстың тікелей азаюынан емес, капиталды капиталға айырбастаудың кемуінен, капиталды ұдайы өндіру процесінің тарылуынан көрінеді.

Өзінің ақша капиталы, яғни қайтадан өндіргіш капиталға айналдырылуға арналған капитал құны қызметін атқару үшін  $A$  осыларға айналатын  $\Theta$  және  $J$  товарларын,— егер осы товарларды түрлі мерзімдерде сатып алуға немесе оларға төлем төлеуге тура келетін болса, демек,  $A — T$  бірінен соң бірі болатын бірнеше сатып алулар мен төлемдерді өткеретін болса, онда  $A$ -ның бір бөлегі  $A — T$  актісін жасайды, ал екінші бөлегі кейіннен, процестің өзінің жағдайларынан туатын кезеңде,  $A — T$ -ның бір мезгілде немесе бірінен соң бірі болатын бірнеше актілеріне қызмет ету үшін әлі де болса сол ақша күйінде қала береді. Оның бұл бөлегі белгілібір кезеңде іс-әрекетке араласу үшін, өз қызметін атқаруға кірісу үшін айналыстан уақытша ғана шығарылып алынған. Бірақ бұл бөліктің запаста сақталуының өзі, өз кезегінде, осы бөліктің айналысы белгілейтін және айналысқа арналған қызмет болып табылады. Мұндай жағдайда оның сатып алу және төлем қоры ретінде өмір сүруі, оның қозғалысының тоқтауы, оның айналысындағы үзіліс жағдайы ақша капиталы ретінде ақша өз қызметтерінің бірін атқарып отырған жағдай болып табылатіпті уақытша ғана қозғалыссыз жатқан ақшаның өзі ақша капиталы  $A$ -ның ( $A' - a = A$ ) бір бөлегі, немесе товар капиталы құнының  $\Theta$ -ге тең, ауыспалы айналымның бастама пункті болып табылатын өндіргіш капиталдың құнына тең бөлегінің үлесі. Екінші жағынан, айналыстан шығарылып алынған ақшаның бәрі қазына формасында болады. Демек, төлем қаржысы немесе сатып алу қаржысы болып табылатын ақшаның  $A — T$  атқаратын қызметі ақша капиталының қызметі болатындығы сияқты, дәл сол сияқты ақшаның қазына формасы бұл арада ақша капиталының қызметі болады. Мұның себебі мынада: бұл жерде капитал құны ақша формасында болады,

мұнда ақша формасы өнеркәсіп капиталы ауыспалы айналымының сатыларының біріндегі жалпы байланыстың нәтижесінде алдын ала белгіленген өнеркәсіп капиталының жәй-күйі болып табылады. Алайда мұнымен қатар өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымында ақша капиталы ақша қызметтерінен басқа ешқандай бөтен қызметтер атқармайтындығы және ақшаның осы қызметтерінде осы ауыспалы айналымның басқа да сатыларымен байланыс жасауының нәтижесінде ғана сонымен бірге капитал қызметтерінің маңызы болатындығы да бұл арада тағы да дұрыс болып шығады.

$A'$ -ді  $a$ -ның  $A$ -ға қатынасы деп, капиталистік қатынас деп түсіну ақша капиталының емес, өз кезегінде,  $t$ -ның  $T$ -ға қатынасы ретінде өндіріс процесінің нәтижесін ғана, капитал құнының өндіріс процесінде болған өздігінен өсуінің нәтижесін ғана білдіретін товар капиталы  $T'$ -нің тікелей қызметі болып табылады.

Егер айналыс процесінің онан әрі жүргізілуі кедергіге кездесе, сөйтіп  $A$  сыртқы жағдайлардың — рыноктағы жағдай, т. б. — салдарынан өзінің  $A — T$  қызметін тоқтатуға мәжбүр болса, сондықтан азды-көпті ұзақ уақыт бойы өзінің ақша формасында қалып қоятын болса, онда біздің алдымызда ақша тағы да сол қазына күйінде болып шығады. Бұл жағдай жәй товар айналысы кезінде де  $T — A$ -дан  $A — T$ -ға көшу сыртқы жағдайларға байланысты үзіліп қалған кезде де болады. Бұл — қазынаның еріксіз жасалуы. Сонымен біз айтып отырған жағдайда ақша бос қарап жатқан, жасырын ақша капиталы формасында болады. Алайда біз бұл жәйтке әзірге мұнан әрі тоқталмаймыз.

Бірақ екі жағдайдың екеуінде де ақша капиталының ақша күйінде болуы қозғалыстағы үзілістің нәтижесі болып табылады, оның бержағында бұл үзілістің қандай екендігі — мақсатқа лайық үзіліс пе немесе мақсатқа лайықсыз үзіліс пе, ерікті түрде жасалған ба немесе еріксіз жасалған ба, ол капиталдың қызметінен туған ба немесе оған қайшы келе ме, — мұның бәрібір.

## II. ҰЛҒАЙТЫЛҒАН КӨЛЕМДЕГІ ҚОР ЖИНАУ МЕН ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

Өндіріс процесі солардың шеңберінде ұлғайтылуы мүмкін пропорциялар қалай болса солай жасалмай, белгілібір техника арқылы алдын ала белгіленетіндіктен, онда жайғастырылған қосымша құн, — мұның өзі капиталға айналдырылуға арналғанымен, — кейде бірнеше ауыспалы айналымдарды қайталау арқылы ғана сондайлық мөлшерге дейін өсуі мүмкін

(демек, сондайлық мөлшерге дейін қор жинауға тиіс), бұл мөлшерде ол шын мәнісінде қосымша капитал ретінде қызмет ете алады немесе өз процесін жасап жатқан капитал құнының ауыспалы айналымына кіре алады. Демек, қосымша құн қазына ретінде қатып қалады, сөйтіп осы формада жасырын ақша капиталын жасайды. Жасырын (latent) дейтін себебіміз ол әзірге ақша формасында қалып отырғанда капитал ретінде әрекет ете алмайды<sup>6a)</sup>. Демек, бұл жерде қазынаның жасалуы капиталистік қор жинау процесіне енетін, онымен қосарласа жүріп отыратын, бірақ сонымен қатар одан елеулі түрде өзгеше кезең болып табылады. Өзгеше болатын себебі жасырын ақша капиталы жасалуының нәтижесінде ұдайы өндіріс процесінің өзі ұлғаймайды. Керісінше, бұл арада жасырын ақша капиталының жасалу себебі капиталистік өндірушінің өз өндірісінің көлемін тікелей ұлғайтып кеңейте алмайтындығынан. Егер ол өзінің қосымша өнімін жаңадан алтынды немесе күмісті айналысқа шығарып отырған алтын немесе күміс өндірушіге сататын болса, немесе — бұл да сондай, — ұлттық қосымша өнімнің белгілібір бөлегіне айырбастап шетелден қосымша алтын немесе күміс әкелетін көпеске сататын болса, онда оның жасырын ақша капиталы ұлттық қазынаны алтын немесе күміс формасында өсіреді. Қалған басқа жағдайлардың бәрінде, мысалы, сатып алушының қолында айналыс қаржысы болған сол 78 ф. ст. капиталистің қолында тек қазына формасын ғана алады; демек, алтын немесе күміс формасындағы ұлттық қазынаның басқаша бөлінісі ғана болып жатады.

Егер біз айтып отырған капиталистің іс-әрекетінде ақша төлем қаржысы ретінде қызмет етіп отырса (сатып алушы төварға төлейтін ақшасын азды-көпті ұзақ мерзімнен кейін төлеуге тиіс болатындай етіп), онда капиталға айналуға тиісті қосымша өнім ақшаға емес, борыш талаптарына, сатып алушының қолында, бәлкім, қазірдің өзінде бар немесе, бәлкім, ол болуға тиіс деп қана ойлайтын эквивалентін меншіктену титулына айналады. Бұл эквивалент басқа жеке өнеркәсіп капиталдарының ауыспалы айналымына кіре алатынымен, белгілібір ауыспалы айналымды жасап отырған капиталдың ұдайы өндіріс процесіне кірмейді, — оған процент қағаздарына, т. б. салынған ақшаның да кіре алмайтыны сияқты.

<sup>6a)</sup> «Latent» [«жасырын»] деген сөз жасырын жылу жөніндегі физика ұғымынан алынған, қазір бұл ұғымды энергияның басқа затқа айналу теориясы жеңіп шықты деуге болады. Сондықтан үшінші бөлімде (ең соңғы редакциясында) Маркс ол сөзді «potentielles Kapital» [«потенциалды капитал»] деген сөзбен алмастырады, бұл сөз потенциалы энергия туралы ұғымнан алынған, немесе, Д. Аламбердің виртуальды шапшаңдық дегеніне ұқсастырып «virtuelles Kapital» [«виртуальды капитал»] деп алынған. — Ф. Э.

Капиталистік өндірістің бүкіл сипаты авансыланған капитал құнының көбеюімен анықталады, демек, ең алдымен мүмкін қадерінше көп қосымша құн өндірумен, ал екіншіден (қараңыз: «Қапитал», I кітап, XXII тарау), — капитал өндірумен, яғни қосымша құнды капиталға айналдырумен анықталады. Қосымша құн өндірісін үнемі ұлғайтып отыру үшін керекті құрал ретінде шығатын, сондықтан капиталистің байып алу құралы ретінде, оның жеке бас көздеген мақсаты ретінде шығатын және капиталистік өндірістің жалпы тенденциясының бір жағы болып табылатын қор жинау, яки ұлғайтылған көлемдегі өндіріс бұдан былайғы жерде өзінің дамуы нәтижесінде, бірінші кітапта көрсетілгеніндей, әрбір жеке капиталист үшін қажеттілікке айналады. Капиталдың үнемі көбейе беруі оның тіршілік етуінің шартына айналады. Алайда, біз мұнан бұрын баяндалған жәйттерге қайта айналып соқпаймыз.

Әуелі біз жәй ұдайы өндірісті қарастырдық, оның бер жағында бүкіл қосымша құн табыс ретінде жұмсалады деп ұйғарылды. Шын мәнісінде қалыпты дұрыс жағдайларда қосымша құнның бір бөлегі әрқашан да табыс ретінде жұмсалуға тиіс, ал екінші бөлегі капиталға айналуға тиіс, оның бер жағында белгілібір мерзімде өндірілген қосымша құн не түгелдей тұтыныла ма, не түгелдей капиталға айналдырыла ма, — бұл мүлде бәрібір нәрсе. Орта есеппен алғанда, — ал жалпы формула орта қозғалысты ғана есепке алады, — әрқашанда екі процестің екеуі де бір мезгілде орын алады. Алайда формуланы қиындатпау үшін бүкіл қосымша құн қорға жиналады деп ұйғару дұрыс болады.  $\Theta \dots T' - A' - T' < \frac{Ж}{\Theta_k} \dots \Theta'$  формуласы өндіргіш капиталды көрсетеді, бұл өндіргіш капитал құны көп капитал ретінде ұлғайтылған көлемде ұдайы өндіріледі және мұнан соң өзінің екінші ауыспалы айналымын бастайды немесе, бұлай десе де бәрібір, енді өскен өндіргіш капитал ретінде бірінші ауыспалы айналымды қалпына келтіреді. Осы екінші ауыспалы айналым басталған кезде бізде бастама пункт ретінде тағы да сол  $\Theta$  болады; бірақ та бұл  $\Theta$  бірінші  $\Theta$ -ден гөрі үлкен мөлшердегі өндіргіш капитал. Дәл сондай-ақ,  $A \dots A'$  формуласында екінші ауыспалы айналым  $A'$ -нен басталғанда, бұл  $A'$  белгілібір мөлшердегі авансыланған ақша капиталы  $A$  ретінде қызмет етеді; бұл бірінші ауыспалы айналымды ашқан ақша капиталынан гөрі үлкен мөлшердегі ақша капиталы; ал ол авансыланған ақша капиталының қызметін атқара бастасымен-ақ оның қосымша құнның капиталға айналуы арқасында өскендігі жөніндегі пікір атаулы жойылады. Ол ауыспалы айналымды бастайтын ақша капиталының формасында оның

жаңағы шыққан тегінің барлық іздері жоғалған.  $\Theta'$  жаңа ауыспалы айналымның бастама пункті болып қызмет еткенде де дәл осындай жағдай болады.

Егер біз  $\Theta... \Theta'$ -ді  $A - A'$ -мен, яки бірінші ауыспалы айналыммен салыстыратын болсақ, онда олардың маңызы әсте де бірдей емес екенін көреміз. Оқшауланған ауыспалы айналым ретінде өз алдына бөлек алынған  $A...A'$  бір ғана нәрсені білдіреді: ақша капиталы  $A$  (яки өзінің ауыспалы айналымын ақша капиталы ретінде жасаушы өнеркәсіп капиталы) ақша туғызушы ақша, құн туғызушы құн, ол қосымша құн туғызады. Мұның керісінше,  $\Theta$  ауыспалы айналымында бірінші сатының, өндіріс процесі сатысының аяқталуына байланысты құнды көбейту процесі жасалып біткен, ал екінші  $T' - A'$  сатысы (айналыстың бірінші сатысы) аяқталып біткеннен кейін капитал құны + қосымша құн орналастырылған ақша капиталы ретінде, бірінші ауыспалы айналымда соңғы мүше болған  $A'$  ретінде өмір сүреді. Қосымша құнның өндірілгендігі бұдан бұрын қарастырылған  $\Theta... \Theta$  формасында (47-беттегі кеңейтілген толық формуланы қараңыз\*)  $t - a - t$  арқылы көрсетілген болатын, бұл акт өзінің екінші сатысында капитал айналысының сатысынан шығып, қосымша құнның табыс ретінде айналысқа түсуін көрсетеді. Бүкіл қозғалыс  $\Theta... \Theta$  түрінде көрсетілген, демек, шеткі екі пункттің арасында құн мөлшері жағынан ешқандай айырма жоқ осы формада авансыланған құнның көбеюі, қосымша құнды өндіру  $A...A'$  ауыспалы айналымындағыдай болып көрсетілген; тек қана  $A...A'$ -де соңғы саты және ауыспалы айналымда екінші саты болып табылатын  $T' - A'$  актісі  $\Theta... \Theta$ -де айналыстың бірінші сатысы болып қызмет етеді.

$\Theta... \Theta'$ -дегі  $\Theta'$  қосымша құнның өндірілгендігін емес, сол өндірілген қосымша құн капиталға айналғандығын көрсетеді, демек, — капиталдың қор жинауы болғандығын көрсетеді, сондықтан  $\Theta$ -ден өзгеше,  $\Theta'$  бастапқы капитал құнынан және капитал құнының қозғалысы нәтижесінде қорланған капитал құнынан тұрады.

$A...A'$ -нің жәй қорытындысы болып табылатын  $A'$  де, барлық осы ауыспалы айналымдарда өз алдына бөлек алынған  $T'$  де қозғалысты емес, оның нәтижесін көрсетеді: товар формасында немесе ақша формасында орналастырылған капитал құнының өсуін көрсетеді, сондықтан капитал құнын  $A + a$  ретінде немесе  $T + t$  ретінде, яғни капитал құнының қосымша құнға өзінің туындысы ретіндегі қатынасы есебінде көрсетеді.

\* Осы томның 94-бетін қараңыз. *Ред.*



Олар бұл нәтижені көбейген капитал құны айналысының түрліше формалары түрінде көрсетеді. Бірақ көбейген капиталдың өзі  $T'$  формасында да,  $A'$  формасында да ақша капиталының да, товар капиталының да қызметі болып табылмайды. Ақша капиталы мен товар капиталы өнеркәсіп капиталы өмір сүруінің түрлі ерекше формалары, түрлі тәсілдері болып табылады, олар осы капиталдың түрлі қызметтеріне сай келеді. Ақша капиталы ақшаның ғана қызметін атқара алады, товар капиталы товардың ғана қызметін атқара алады, сондықтан бұлардың арасындағы айырма ақша мен товардың арасындағы ғана айырма. Дәл сондай-ақ өзінің өндіргіш капитал формасындағы өнеркәсіп капиталы тегі өнім жасаушы еңбектің кез келген процесіне ене беретін элементтерден ғана; бір жағынан,— еңбектің заттық шарттарынан (өндіріс құрал-жабдықтарынан), екінші жағынан,— өнімді (мақсатқа сай) әрекет етуші жұмыс күшінен тұрады. Өнеркәсіп капиталы өндіріс саласында жалпы өндіріс процесіне, ал олай болса, өндірістің капиталистік емес процесіне сәйкес келетін құрылым жағдайында ғана өмір сүре алатыны сияқты, дәл сондай-ақ ол айналыс саласында осы салаға сәйкес келетін екі формада ғана: товар мен ақша формасында ғана өмір сүре алады. Ал өндіріс элементтерінің жиынтығы ең басынан бастап өзін өндіргіш капитал ретінде көрсетеді, себебі жұмыс күші бөтеннің жұмыс күші болып табылады, капиталист өзіне керекті өндіріс құрал-жабдықтарын басқа товарлардың иелерінен сатып алатыны сияқты, дәл сондай-ақ жұмыс күшін оның иесінен сатып алады; сондықтан өндіріс процесінің өзі өнеркәсіп капиталының өндіргіш қызметі ретінде көрінеді, ал ақша мен товар нақ сол өнеркәсіп капиталының айналыс формалары болып табылады, демек, ақша мен товардың қызметі сол капиталдың атқаратын айналыс қызметі болып табылады, оның бер жағында олар не өндіргіш капиталдың атқаратын қызметтеріне әзірлік болады, не сол қызметтердің өзінен туады. Сонымен қатар мұнда ақша қызметі мен товар қызметі өздері өнеркәсіп капиталы өзінің ауыспалы айналымы процесінің түрлі сатыларында атқаруға тиісті қызметтердің формалары ретінде өзара байланысты болуының нәтижесінде ғана ақша капиталы мен товар капиталының қызметтері болып табылады. Демек, ақшаны ақша ретінде және товарды товар ретінде сипаттайтын ерекше сипаттар мен қызметтерді олардың капитал ретіндегі сипатынан іздеу мүлде дұрыс емес,— дәл сондай-ақ мұның керісінше, өндіргіш капиталдың сипаттарын оның өндіріс құрал-жабдықтары түрінде өмір сүру тәсілінен іздеу де дұрыс емес.

$A'$  немесе  $T' A + a$ ,  $T + t$  түрінде, яғни капитал құнының қосымша құнға өзінің туындысы ретіндегі қатынасы түрінде есепке алынғанда, бұл қатынас бір рет ақша формасынан, екінші рет товар формасынан көрінеді, бұл істің өзінің мәнін титтей де өзгертпейді. Демек, бұл қатынас ақша ретіндегі ақшаға немесе товар ретіндегі товарға тән қасиеттер мен қызметтерден тумады. Екі жағдайдың екеуінде де капиталды сипаттайтын қасиет, ол құнды туғызушы құн дейтін қасиет нәтиже ретінде ғана көрсетілген.  $T'$  әрқашанда  $\Theta$  қызметінің өнімі, ал  $A'$  өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымында өзгерген  $T'$ -нің формасы ғана. Сондықтан, орналастырылған ақша капиталы ақша капиталы ретінде өзінің ерекше қызметін қайтадан атқара бастағанда ол  $A' = A + a$ -дағы капиталистік қатынасты білдіруін қояды.  $A \dots A'$  жасалғаннан кейін және  $A'$  толық айналымды қайтадан бастаған кезде ол енді  $A'$  ретінде емес,  $A$  ретінде болады, тіпті егер  $A'$ -дегі бүкіл қосымша құн капиталға айналғанның өзінде де осылай болады. Біздің мысалымызда екінші ауыспалы айналым 500 ф. ст. ақша капиталымен басталады, ал бірінші ауыспалы айналым 422 ф. ст. басталған болатын. Ауыспалы айналымды бастаушы ақша капиталы бұрынғысынан 78 ф. ст. көп; егер бір ауыспалы айналымды екінші ауыспалы айналыммен салыстырса осы айырма шығады; бірақ әрбір жеке ауыспалы айналымның шеңберінде мұндай салыстыруға орын жоқ. Ақша капиталы ретінде авансыланған 500 ф. ст., мұның 78 ф. ст. бұрын қосымша құн ретінде өмір сүрген болатын,— басқа бір капиталист өзінің бірінші ауыспалы айналымын бастағанда жұмсайтын 500 ф. стерлингтей, дәл сондай роль атқарады. Өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымында да дәл осылай болады. Өскен  $\Theta'$  ауыспалы айналым қалпына келтірілген кезде жәй ұдайы өндірістегі  $\Theta \dots \Theta$ -дегі  $\Theta$  тәрізді  $\Theta$  ретінде ғана шығады.

$A' - T' < \frac{Ж}{\Theta'}$  сатысында капитал мөлшерінің өсуі  $Ж'$  немесе  $\Theta'қ'$  арқылы емес,  $T'$  арқылы ғана белгіленген.  $T'Ж$  мен  $\Theta'қ'$  ның жиынтығы болып табылатындықтан  $T'$  мұндағы  $Ж$  мен  $\Theta'қ'$  жиынтығы бастапқы  $\Theta$ -ден көп екендігін көрсетеді. Ал, мұның үстіне,  $Ж'$  және  $\Theta'қ'$  деп белгілеу қате болған болар еді, себебі, біздің білетініміздей, құн жағынан капитал құрылымының өзгеруі капиталдың өсуімен байланысты, атап айтқанда, капитал құрылымы жетілгенде  $\Theta'қ'$ -ның құны өсіп, ал  $Ж'$ -ның құны қашанда относителді, ал екінші бірінде абсолютті түрде азайып отыратындай болып өзгереді.

### III. АҚШАНЫҢ ҚОРЛАНУЫ

Ақшаға айналған қосымша құн  $a$  өз қозғалысының процесін жасап жатқан капитал құнына қайтадан дереу қосыла ала ма, сөйтіп  $A$  капиталымен бірге  $A'$  шамасын жасап, ауыспалы айналым процесіне ене ала ма,— бұл  $a$ -ның жәй ғана болуына тәуелсіз жағдайлармен анықталады. Егер  $a$  бірінші кәсіпорынмен қатар салынуға тиіс жаңа, дербес кәсіпорында ақша капиталы ретінде қызмет етуге тиіс болса, онда  $a$ -да осындай кәсіпорынға қажетті минимум мөлшер болған жағдайда ғана оған пайдаланыла алынатыны айқын. Егер  $a$  бастапқы кәсіпорынды ұлғайту үшін пайдаланылуға тиіс болса, онда тағы да сол  $\Theta$ -нің заттай факторларының қатынасы және олардың құн жағынан қатынасы  $a$ -ның белгілібір минимум мөлшері болуын керек етеді. Осы кәсіпорында істеп тұрған барлық өндіріс құрал-жабдықтарының арасында белгілібір сапа арақатынасы ғана емес, сонымен қатар белгілі сан арақатынасы да, мөлшерлердің белгілібір пропорциялылығы болады. Осы зат қатынастары және өндіргіш капиталға кіретін факторлар құнының солармен байланысты қатынастары өндіргіш капиталдың өсімі ретінде  $a$ -ны өндірістің қосымша құрал-жабдықтарына және қосымша жұмыс күшіне немесе тек біріншісіне ғана айналдыру мүмкін болу үшін  $a$ -да болуға тиісті минимум мөлшерді анықтап береді. Мәселен, жіп иіруші фабрикант, егер кәсіпорынын ұлғайтуға байланысты мақта мен жалақыға жұмсалатын қаржыларды көбейту керектігі туралы айтпағанның өзінде, карда машиналары мен жүн түту машиналарын тиісті мөлшерде қоса алмайынша өзінің ұршықтарының санын көбейте алмайды. Демек, бұл ұлғайтуды жүзеге асыру үшін қосымша құн қазірдің өзінде әжептеуір сома болуға тиіс (әдетте жаңа шығындар әр ұршыққа 1 ф. ст. болады деп есептеледі). Әзірге  $a$  осы минимум мөлшерге жетпейінше, капитал өзі бірте-бірте өндірген  $a$ -ның сомасы  $A$ -мен бірге, демек,—  $A' - T' < \frac{Ж}{\Theta_k}$ —де қызмет етуге мүмкіндік алмастан бұрын капитал ауыспалы айналымды бірнеше рет қайталауға тиіс. Тіпті бөлшектердің жәй әншейін өзгеруі де, мысалы жіп иіру машиналарындағы өзгерістер де,— бұл өзгерістер олардың өнімділігін арттыратындықтан,— иіру үшін керекті материалға, жүн түту машиналарының санын көбейтуге, т. б. көп қаржы жұмсауды керек етеді. Демек, аралық мерзімдерде  $a$  жинақтала береді, және оның жинақталуы оның өзінің қызметі емес,  $\Theta$  ...  $\Theta$ -нің қайталау нәтижесі болып табылады.  $a$ -ның өзінің қызметі өзі құн өсуінің ауыспалы айналымдары арқылы,— де-

мек сырттан,— жетерліктей өсім алғанша, өзінің пәрменді қызмет етуі үшін керекті минимум мөлшеріне жететіндей болып өсіп шыққанша ақша күйінде қала беру болады: осы мөлшерде ғана ол ақша капиталы  $A$ -ның қызметіне қатынаса алады, ақша капиталы ретінде, бұл жағдайда — қызмет етуші ақша капиталы  $A$ -ның жинақталған бөлегі ретінде қатынаса алады. Аралық мерзімде  $a$  қорлана береді және құралу, өсу процесіндегі қазына формасында ғана өмір сүреді. Демек, мұнда ақшаның қорлануы, қазынаның құралуы шын мәнісіндегі қор жинауға, яғни өнеркәсіп капиталы әрекет ететін көлемді ұлғайтуға уақытша қосалқылана жүретін процесс болып табылады. Уақытша қосалқылана жүретін себебі қазына қазына күйінде болып тұрғанда ол капитал ретінде қызмет етпейді, құнды көбейту процесіне қатынаспайды, өзінің жәрдемінсіз алынатын ақша да нақ сол сандыққа түсетіндіктен ғана өсетін ақша сомасы түрінде қала береді.

Қазына формасы дегеніміз айналысқа түспеген ақшалардың, айналысы үзілген, сондықтан да өзінің ақша формасында сақталып тұрған ақшалардың формасы ғана. Қазына құралу процесінің өзіне келетін болсақ, онда бұл процесс кез келген товарлы өндіріске тән нәрсе, ал арнайы мақсат ретінде осы өндірістің, капитализмге дейінгі, дамымаған формалары тұсында ғана біраз роль атқарады. Ал бұл арада қазына ақша капиталының формасы ретінде көрінеді, ал қазынаның құралуы — капиталдың қор жинауына уақытша қосалқы болатын процесс, өйткені, және сондықтан ғана, мұнда *ақша жасырын ақша капиталы* ретінде көрінеді, өйткені қазынаның құралуы,— ақша формасындағы қосымша құнды қазына күйінде сақтау,— қосымша құнды шын мәнісінде қызмет етуші капиталға айналдыру жөніндегі атқаратын қызметі жағынан белгілі, капиталдың ауыспалы айналымынан тыс жасалатын әзірлік сатысы болып табылады. Демек, өзінің осындай қызметінің нәтижесінде, қазына — жасырын ақша капиталы, сондықтан оның капиталдың ауыспалы айналымы процесіне еңбестен бұрын жетуге тиісті мөлшерлері әрбір ретте өндіргіш капиталдың құн жөніндегі құрылымымен анықталады. Ал әзірге ақша қазына күйінде бола тұрады, ол әзір ақша капиталы ретінде қызмет етпейді, құр бос жатқан ақша капиталы болып табылады; бұрынғысынша қызмет етпейтін себебі, олардың қызметі тоқтатылғандықтан емес, олар өз қызметін атқаруға әлі де қабілетсіз екендігі себепті.

Бұл арада біз ақшаның қорлануын оның бастапқы нақты формасында, шын мәнісіндегі ақша қазынасы ретінде алып отырмыз. Бірақ ол жәй борыш документтері,  $T'$ -ді сатқан ка-

питалистің борыш талаптары формасында да орын алуы мүмкін. Осы жасырын ақша капиталы аралық мерзімде де ақша туғызушы ақша түрінде, мысалы пәлендей бір банкке салынған, проценттер әкелуші вкладтар түрінде, вексельдер немесе қандай түрдегі болсын бағалы қағаздар түрінде болатын басқа формаларға келетін болсақ, бұл формалар жоғарыда айтылғанға жатпайды. Ақша түрінде жайғастырылған қосымша құн мұндай ретте өзі содан шыққан өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымынан тыс капиталдың ерекше қызметтерін атқарады: біріншіден, капитал ретіндегі осы капиталдың ауыспалы айналымына еш қатынасы жоқ қызметтерді атқарады және, екіншіден, капиталдың өнеркәсіп капиталының қызметтерінен өзгеше және бұл арада әлі зерттелмеген қызметтері болады деп ұйғарады.

#### IV. РЕЗЕРВ ҚОРЫ

Жаңа ғана қарастырылған формадағы, қосымша құнның өмір сүру формасы болып табылатын формадағы қазына қор жинаудың ақшалай қоры, капиталдың қор жинауы уақытша қабылдайтын ақшалай формасы болып табылады, сондықтан қазынаның өзі капиталдың қор жинауының шарты болып табылады. Алайда қор жинаудың бұл қоры ерекше қосымша қызметтер де көрсете алады, яғни  $\Theta \dots \Theta'$  формасын алмастан-ақ, демек, капиталистік ұдайы өндірістің мөлшерін ұлғайтпастан-ақ капиталдың ауыспалы айналымы процесіне ене алады.

Егер  $T' - A'$  процесі өзінің қалыпты мерзімінен аса созылып кетсе, демек, товар капиталының ақша формасына айналуы орынсыз бөгіліп қалса немесе егер оның осы айналуы жасалғаннан кейін, мысалы, ақша капиталы айналуға тиісті өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы ауыспалы айналым басталған кезде болған дәрежесінен жоғары көтеріліп кететін болса, онда қор жинау қоры ретінде қызмет етуші қазына ақша капиталының немесе оның бір бөлегінің орнын алу үшін пайдаланылуы мүмкін. Демек, қор жинаудың ақшалай қоры ауыспалы айналымның бүлінуін жою үшін пайдаланылатын резерв қоры ретінде қызмет етеді.

Резерв қоры сатып алу немесе төлем қаржыларының  $\Theta \dots \Theta$  ауыспалы айналымында қаралған қорынан өзгеше болады. Бұл соңғы қаржылар қызмет етуші ақша капиталының бір бөлегі болып табылады (демек, мұның өзі тегі процесіте жүрген капитал құнының кейбір бөлегінің өмір сүру формасы), бұл ақша капиталының бөліктері әртүрлі мерзімдерде ғана бірінен соң бірі қызмет ете бастайды. Өндіріс процесінің

үздіксіз барысында үнемі резервтегі ақша капиталы жасалып отырады, өйткені, мысалы, бүгін төлем қағаздары түсті десек, төлемдерді кейінірек қана төлеуге тура келеді, бүгін көптеген товар аумағы сатылды десек, дәл сондай көптеген товар аумағын кейінгі күндерде ғана сатып алуға тура келеді; демек, осы екі аралықта айналымдағы капиталдың бір бөлегі үнемі ақша формасында болады. Керісінше, резерв қоры дегеніміз қазірдің өзінде қызмет етіп отырған капиталдың, дәлірек айтқанда, қызмет етіп отырған ақша капиталының құрамды бөлігі емес, өз қор жинауының әзірлік сатысында тұрған капиталдың құрамды бөлігі, пәрменді капиталға әлі де айнала қоймаған қосымша құнның құрамды бөлігі. Әлбетте, қиындық туған жағдайларда капиталист өзінің қолындағы ақшаның қандай нақты қызметтер атқаратындығына әсте мән бермейтіндігі, тек өз капиталының ауыспалы айналымы процесінің барысын қолдау үшін өзінің қолында барын жұмсайтындығы өзінен өзі түсінікті. Мәселен, біздің мысалымызда  $A=422$  ф. ст.,  $A'=500$  ф. ст. Егер 422 ф. стерлингтік капиталдың бір бөлегі төлем қаржылары мен сатып алу қаржыларының қоры ретінде, ақша запасы ретінде, болатын болса, онда бұл ретте, тұрақты жағдайларда, ол түгелдей ауыспалы айналымға енеді және сонымен қатар ол осы мақсат үшін жеткілікті болады деп есептелінеді. Ал резерв қоры дегеніміз 78 ф. ст. қосымша құнның бір бөлігі; бұл қор құны 422 ф. стерлингтік капиталдың ауыспалы айналымының процесіне мына жағдайда ғана: егер бұл ауыспалы айналым өзгеріссіз қалмайтын жағдайларда жасалатын болса ғана түсе алады; өйткені ол қор жинау қорының бір бөлігі және осы айтылып отырған жағдайда ұдайы өндіріс көлемін ешбір ұлғайтпастан-ақ қызмет етеді.

Қор жинаудың ақшалай қоры — жасырын ақша капиталының болмысы; демек, мұның өзі ақшаның ақша капиталына айналуы. Өндіріс капиталдың ауыспалы айналымының жәй ұдайы өндірісті және ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндірісті қамтитын жалпы формуласы мынадай:

$$\theta \dots \overset{1}{T' - A'} \cdot \overset{2}{A - T} < \frac{Ж}{\theta_k} \dots \theta (\theta')$$

Егер  $\theta = \theta'$  болса, онда 2)-дегі  $A - A'$  минус  $a$ -ға тең; егер  $\theta < \theta'$  болса, онда 2)-дегі  $A - A'$  минус  $a$ -дан көп, яғни  $a$  түгелдей немесе шінара ақша капиталына айналып кеткен.

Өндіріс капиталдың ауыспалы айналымы — классикалық саяси экономия өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымы процесін қарастыратын форма.

### ҮШІНШІ ТАРАУ

## ТОВАР КАПИТАЛЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ

Товар капиталының ауыспалы айналымының жалпы формуласы мынадай:

$$T' - A' - T \dots \Theta \dots T'.$$

$T'$  тек өнім ғана емес, сонымен қатар бұрын қаралған екі ауыспалы айналымның алғышарты да болып табылады, өйткені бір капитал үшін  $A - T$  болып табылатын нәрсе екінші бір капитал үшін  $T' - A'$ -ді қамтиды, ең болмағанда өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі өзінің ауыспалы айналымын жасап жатқан басқа жеке капиталдардың товарлы өнімі болып табылатындықтан қамтиды. Біз айтып отырған жағдайда, мысалы, көмір, машина және т. б. көмір өнеркәсіпшісінің, капиталистік машина жасаушының және т. б. товарлы капиталы болып табылады. Онан соң, I тараудың IV пунктінде  $A \dots A'$ -нің бірінші қайталауының өзінде-ақ, ақша капиталының осы екінші ауыспалы айналымы аяқталып бітпестен бұрын,  $\Theta \dots \Theta$  ауыспалы айналымы ғана емес, сонымен қатар  $T' \dots T'$  ауыспалы айналымы да болады деп ұйғарылады.

Егер ұдайы өндіріс ұлғайтылған көлемде жүргізілетін болса, онда соңғы  $T'$  бастапқы  $T'$ -нен көп, сондықтан бұл арада оны  $T''$  арқылы белгілеу керек болады.

Үшінші форманың алғашқы екі формадан өзгешелігі, біріншіден, мынада: мұнда өзінің қарама-қарсы екі фазасымен қоса тұтас алғандағы айналыс ауыспалы айналымды бастайды, ал I формада айналыс өндіріс процесімен үзіледі, ал II формада өзінің өзара бірін-бірі толықтырушы екі фазасымен қоса алғандағы бүкіл айналыс ұдайы өндіріс процесінде

аралық дәнекер буын ғана болып табылады, сондықтан да  $\Theta \dots \Theta$  арасындағы аралық дәнекер қозғалыс болады.  $A \dots A'$  кезінде айналыс формасы —  $A - T \dots T' - A' = A - T - A$ .  $\Theta \dots \Theta$  кезінде айналыс формасы керісінше:  $T' \dots A'$ .  $A - T = T - A - T -$  болады.  $T' \dots T'$ -дегі айналыс та осы соңғы формада болады.

Екіншіден. I және II ауыспалы айналымдар қайталанған кезде, тіпті  $A'$  мен  $\Theta'$  соңғы пункттері қайтадан басталған ауыспалы айналымның бастама пункттері болған күннің өзінде де. осы  $A'$  мен  $\Theta'$  жасалған форма жоғалып кетеді.  $A' = A + \theta$  және  $\Theta' = \Theta + \theta$  жаңа процесті тағы да сол  $A$  және  $\Theta$  ретінде бастайды. Ал III формада — тіпті егер ауыспалы айналым бұрынғы көлемінде қайтадан басталғанымен — бастама  $T$  пункті  $T'$  ретінде белгіленуге тиіс, атап айтқанда мына төмендегі себептер бойынша. I формада  $A'$  болып табылатын  $A'$  ғана жаңа ауыспалы айналымды бастайды, ол ақша капиталы  $A$  ретінде, ақша формасында авансыланған, өзінің құны жағынан өсуге тиісті капитал құны ретінде қызмет етеді. Авансыланған ақша капиталының мөлшері бірінші ауыспалы айналым кезінде жасалған қор жинаудың нәтижесінде өсті, көбейді. Алайда авансыланған ақша капиталының мөлшері 422 ф. ст. пе, әлде 500 ф. ст. пе — бұл оның жәй әншейін капитал құны болып табылатындығы жағдайында ешнәрсені де өзгертпейді. Енді  $A'$  өзінің құны жағынан өскен немесе қосымша құн әкелген капитал ретінде, капиталистік қатынас ретінде өмір сүрмейді. Енді оның  $[A']$  құнды көбейту процесін өтуі ғана қалған. Бұл жағдай  $\Theta \dots \Theta'$ -ге де қатысты;  $\Theta'$  бұдан былайда  $\Theta$  ретінде, қосымша құн өндіруге тиісті капитал құны ретінде үнемі қызмет етуге және ауыспалы айналымды қайтадан бастап отыруға тиіс.— Керісінше, товар капиталының ауыспалы айналымы жәй әншейін капитал құнымен емес, товар формасындағы өскен капитал құнымен басталады, сондықтан ең басынан бастап-ақ товар формасындағы капитал құнының ғана ауыспалы айналымы емес, сонымен қатар қосымша құнның да ауыспалы айналымын қамтиды. Сондықтан, егер бұл формада жәй ұдайы өндіріс болатын болса, онда соңғы пунктте бастапқы пункттегі мөлшердегідей  $T'$  шығады. Егер капиталдың ауыспалы айналымына қосымша құнның бір бөлегі түсетін болса, онда, процестің аяғында  $T'$ -нің орнына  $T''$  пайда болғанымен, яғни үлкен мөлшердегі  $T'$  пайда болғанымен, алайда келесі ауыспалы айналым бәрі бір тағы да сол  $T'$ -нен, өткен ауыспалы айналымда болғандағысынан көп  $T'$  ғана болып табылатын және өзінің жаңа ауыспалы айналымын жинақталған көп капитал құнымен, сондықтан да жа-





йындағыдай бір-бірінен бөлінбей ме, бұған қарамастан бөлініп окшаулануға тиіс.  $T' A'$ -ге айналысымен-ақ, кез келген ретте құнның әлгі айтылған бөліктері бір-бірінен ажырап бөлінетін болып шығады.

Егер бүкіл товарлы өнімді, мысалы, біз айтып отырған 10 000 қадақ иірілген жіп сияқты, бір тектес дербес бөлшек өнімдерге бөлуге болатын болса, және сондықтан  $T' — A'$  актісін бірінен соң бірі жасалған сауда-саттықтың сомасы деп есептеуге болатын болса, онда товар формасындағы капитал құны  $T$  ретінде қызмет ете алады, қосымша құн орналастырылмастан бұрын, демек, тұтас алғанда  $T'$  орналастырылмастан бұрын  $T'$ -нен бөліне алады.

Құны 500 ф. ст. 10 000 қадақ иірілген жіптің 8 440 қадағының құны — 422 ф. ст., қосымша құннан бөлінген капитал құнына тең. Егер капиталист 8 440 қадақ иірілген жіпті ғана 422 ф. стерлингке сататын болса, онда бұл 8 440 қадақ иірілген жіп  $T$ -ны, товар формасындағы капитал құнын көрсетеді; мұның үстіне нақ сол  $T'$ -дегі 1 560 қадақ иірілген жіп түріндегі 78 ф. ст. қосымша құнға тең қосымша өнім тек кейінірек қана айналысқа түскен болар еді; капиталист қосымша өнімнің айналысына дейін-ақ,  $t — a — t$ -ға дейін-ақ,  $T — A — T < \frac{Ж}{Өк}$  актісін жасай алар еді.

Немесе, егер капиталист әуелі құны 372 ф. ст. 7 440 қадақ иірілген жіпті, сонан соң құны 50 ф. ст. 1 000 қадақ иірілген жіпті сатқан болса, онда  $T$ -ның бірінші бөлігі арқылы өндіріс құрал-жабдықтары (капиталдың тұрақты бөлегі,  $c$ ), ал  $T$ -ның екінші бөлігі арқылы капиталдың өзгермелі бөлігі,  $v$ , жұмыс күші, өтелген болар еді,— сонан соң бәрі мұнан бұрынғыдай болып кете берер еді.

Ал егер осындай бірінен соң бірі сауда-саттық жүріп жататын болса және егер ауыспалы айналым жағдайлары бұған жол беретін болса, онда капиталист бүкіл  $T'$ -ді  $c+v+t$ -ға бөлудің орнына бұл бөлісті  $T'$ -нің кез келген бөлігінде де жасай алған болар еді.

Мысалы, 7 440 қадақ иірілген жіп—372 ф. ст., бұлар  $T'$ -нің бөлшектері (10 000 қадақ иірілген жіп — 500 ф. ст.) болғандықтан капиталдың тұрақты бөлегінің өкілдері болып табылады, өз кезегінде бұлардың өздері құны 276, 768 ф. ст. 5 535, 360 қадақ иірілген жіпке бөлінеді, бұлар капиталдың тұрақты бөлігінің ғана, 7 440 қадақ иірілген жіпті өндіру процесінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын ғана өтейді; құны 37, 200 ф. ст. 744 қадақ иірілген жіпке бөлінеді, бұлар өзгермелі капиталды ғана қалпына келтіреді; құны

58,032 ф. ст. 1 160,640 қадақ иірілген жіпке бөлінеді, бұлар қосымша өнім есебінде қосымша құнның көрінісі болып табылады. Демек, 7 440 қадақ иірілген жіпті сатып, капиталист мұндағы капитал құнын 6 279,360 қадақ иірілген жіпті 313,968 ф. ст. бағаға сату нәтижесінде қалпына келтіре алады, ал 58,032 ф. стерлингке тең 1 160,640 қадақ иірілген жіп түріндегі қосымша өнімнің құнын табыс ретінде жұмсай алады.

Мұнан соң ол өзгермелі капитал құнына 50 ф. стерлингке тең 1 000 қадақ иірілген жіпті де дәл осылайша бөлшектеп, оны тиісінше бөлшек-бөлшек күйінде сата алады; құны 37,200 ф. ст. 744 қадақ иірілген жіп — бұл 1 000 қадақ иірілген жіптегі тұрақты капитал құны болады; құны 5,000 ф. ст. 100 қадақ иірілген жіп — сол 1 000 қадақ иірілген жіптегі капиталдың өзгермелі бөлегі; демек, құны 42, 200 ф. ст. 844 қадақ иірілген жіп 1 000 қадақ иірілген жіптегі капитал құнын өтеу болып табылады; ақырында, құны 7,800 ф. ст. 156 қадақ иірілген жіп ондағы қосымша өнім болып табылады және сол қосымша өнім есебінде тұтынылады.

Ақырында, капиталист құны 78 ф. ст. қалған 1 560 қадақ иірілген жіпті, егер мұны сата алса, мынадай етіп бөле алады; құны 58, 032 ф. ст. 1 160, 640 қадақ иірілген жіп 1 560 қадақ иірілген жіптегі өндіріс құрал-жабдықтарының құнын өтейтіндей етіп, құны 7,800 ф. ст. 156 қадақ иірілген жіп өзгермелі капиталдың құнын өтейтіндей етіп бөле алады; 65,832 ф. стерлингке тең 1 316, 640 қадақ иірілген жіп жиынтығында бүкіл капитал құнының орнын толтыру болып табылады; ақырында, 12, 168 ф. стерлингке тең 243, 360 қадақ иірілген жіп түріндегі қосымша өнім табыс есебінде жұмсау үшін қалады.

Иірілген жіптегі әрбір *c*, *v*, *m* элементін, өз кезегінде, жоғарыда айтылғандай құрамдас бөліктерге бөлуге болатынындай, құны 1 шиллинг — 12 пенсі болатын әрбір жекеленген қадақ иірілген жіпті де бөлуге болады.

$$c = 0,744 \text{ қадақ иірілген жіпке} = 8,928 \text{ пенске}$$

$$v = 0,100 \text{ » } \text{ » } \text{ » } = 1,200 \text{ »}$$

$$m = 0,156 \text{ » } \text{ » } \text{ » } = 1,872 \text{ »}$$

---


$$c + v + m = 1 \text{ қадақ иірілген жіпке} = 12 \text{ пенске.}$$

Егер біз жоғарыда айтылған, бөлшектер бойынша жүргізілген үш сатының нәтижелерін қосатын болсақ, онда 10 000 қадақ иірілген жіпті бірден сатқан кездегідей, нақ сондай нәтиже шығады.

Біздегі тұрақты капитал:

|               |                  |              |                   |
|---------------|------------------|--------------|-------------------|
| 1-ші сатымда: | 5 535, 360 қадақ | иірілген жіп | — 276, 768 ф. ст. |
| 2-ші »        | 744, 000 »       | » » »        | — 37, 200 » »     |
| 3-ші »        | 1 160, 640 »     | » » »        | — 58, 032 » »     |

Жиыны . . . . . 7 440 қадақ иірілген жіп — 372 ф. ст.

Өзгермелі капитал:

|               |               |              |                 |
|---------------|---------------|--------------|-----------------|
| 1-ші сатымда: | 744,000 қадақ | иірілген жіп | — 37,200 ф. ст. |
| 2-ші »        | 100,000 »     | » » »        | — 5,000 » »     |
| 3-ші »        | 156,000 »     | » » »        | — 7,800 » »     |

Жиыны . . . . . 1 000 қадақ иірілген жіп — 50 ф. ст.

Қосымша күн:

|               |                 |              |                 |
|---------------|-----------------|--------------|-----------------|
| 1-ші сатымда: | 1 160,640 қадақ | иірілген жіп | — 58,032 ф. ст. |
| 2-ші »        | 156,000 »       | » » »        | — 7,800 » »     |
| 3-ші »        | 243,360 »       | » » »        | — 12,168 » »    |

Жиыны . . . . . 1 560 қадақ иірілген жіп — 78 ф. ст.

Жалпы жиынтығы:

|                   |             |              |              |
|-------------------|-------------|--------------|--------------|
| Тұрақты капитал   | 7 440 қадақ | иірілген жіп | = 372 ф. ст. |
| Өзгермелі капитал | 1 000 »     | » » »        | = 50 » »     |
| Қосымша күн       | 1 560 »     | » » »        | = 78 » »     |

Жиыны . . . . . 10 000 қадақ иірілген жіп = 500 ф. ст.

Өз алдына алғанда  $T' - A'$  дегеніміз 10 000 қадақ иірілген жіпті сатудан басқа ештеңе емес. 10 000 қадақ иірілген жіп — кез келген басқа да иірілген жіп сияқты товар. Сатып алушы бағаның 1 қадаққа 1 шиллинг болуына, яки 10 000 қадақ иірілген жіпке 500 ф. ст. болуына мүдделі. Егер сауда-саттық кезінде ол капиталдың күн жөніндегі құрылымына назар аударса қалған күнде 1 қадақ иірілген жіпті 1 шиллингтен арзанға сатуға болар еді және тіпті соның өзінде де бұл сауда-саттық сатушы үшін тиімді болған болар еді дегенді дәлелдемек болған арам оймен назар аударар еді. Бірақ тұтынушының сатып алатын товарының мөлшері оның қажеттеріне байланысты болады; мәселен, егер ол тоқыма кәсіпорнының иесі болса, онда оның алатын товарының мөлшері өзі сонан товар сатып алып отырған жіп иіруші фабриканттың капиталының құрылымына емес, тоқыма кәсіпорнында қызмет етуші өз капиталының құрылымына байланысты болады.  $T'$ , бір жағынан, өзін өндіру процесінде тұтынылған капиталдың (немесе осы

капиталдың түрлі құрамды бөліктерінің) орнын толтыруға тиісті және, екінші жағынан, не қосымша құнды жұмсауға, не капиталдың қор жинауына арналған қосымша өнім болып қызмет етуге тиісті болатын пропорциялар, — бұл пропорциялар өзінің товар формасы 10 000 қадақ иірілген жіп болып табылатын капиталдың ауыспалы айналымы процесінде ғана болады. Сату мәселесіне олардың ешқандай қатынасы жоқ. Оның үстіне, бұл жерде  $T'$  өз құны бойынша сатылады, демек, әңгіме оны товар формасынан ақша формасына айналдыру туралы ғана болып отыр деп есептеледі. Осы жеке капиталдың ауыспалы айналымындағы өзінен өндіргіш капитал өтелуге тиісті функционалды форма есебіндегі  $T'$  үшін, әлбетте, мына жағдайдың: сатым кезінде баға мен құн бір-бірінен ауытқи ма және қандай дәрежеде ауытқиды деген мәселенің шешуші маңызы бар; алайда бұл арада тек формалардың айырмашылығын ғана қарастырып отырғанда біздің бұл мәселеге тоқталып жатуымыздың қажеті жоқ.

I формада,  $A \dots A'$ , өндіріс процесі капитал айналысының бірін-бірі толықтырушы және біріне-бірі қарама-қарсы екі фазасының аралығында болады; ол соңғы  $T' - A'$  фазасы тұмастан бұрын аяқталатын болады. Ақша капитал ретінде әуелі өндіріс элементтеріне авансыланады, өндіріс элементтері товарлы өнімге айналдырылады, ал осы товарлы өнім қайтадан ақшаға айналдырылады. Мұның өзі іс-әрекеттің әбден аяқталып біткен циклі, мұның нәтижесі барлығына да және әркімге де тиімді ақша болып табылады. Сондықтан процестің қалпына келтірілуі, сонымен, мүмкіндік күйінде ғана берілген.  $A \dots \Theta \dots A'$  актісі жеке капиталды кәсіпорыннан шығарып алған жағдайда жеке капиталдың қызметі аяқталып бітетін соңғы ауыспалы айналым болуы да мүмкін, сондай-ақ тұңғыш рет қызмет ете бастаған жеке капиталдың бірінші ауыспалы айналымы болуы да мүмкін. Мұндағы жалпы қозғалыс мынадай:  $A \dots A'$  белгілібір ақша сомасынан көп ақша сомасына жету.

II формада,  $\Theta \dots T' - A' - T \dots \Theta(\Theta')$ , бүкіл айналыс процесі бірінші  $\Theta$ -ден кейін жасалып, екінші  $\Theta$ -ден бұрын болады; бірақ бұл процесс I формадағы тәртіпке қарама-қарсы тәртіпте өтеді. Бірінші  $\Theta$  — өндіргіш капитал, сондықтан оның қызметі — осыдан кейін болатын айналыс процесінің алдын ала шарты болып табылатын өндіріс процесі, керісінше, соңғы  $\Theta$  өндіріс процесі емес; ол өнеркәсіп капиталының өзінің өндіргіш капитал формасында екінші рет болуы ғана болып табылады. Және мұның бержағында бұл  $\Theta$  айналыстың соңғы фазасында жасалған, капитал құнының  $J + \Theta_k$ -ға, екеуі бірі-

гіп өндіргіш капиталдың өмір сүру формасын жасайтын субъективті және объективті факторларға айналуының нәтижесі болып табылады. Капитал, мейлі ол  $\Theta$  болсын, мейлі  $\Theta'$  болсын, ауыспалы айналымның аяғында тағы да сол өндіргіш капитал ретінде қайтадан қызмет істеуге тиіс, өндіріс процесін жасауға тиіс формада болып шығады. Қозғалыстың жалпы формасы,  $\Theta \dots \Theta$ , ұдайы өндірістің формасы және  $A \dots A'$  тәрізді процестің мақсаты ретінде құнның көбеюін көрсетпейді. Сондықтан бұл форма классикалық саяси экономияның өндіріс процесінің айқын капиталистік формасын жоққа шығару және өз мағнасындағы өндірісті процестің мақсаты, мүмкін қадерінше көп және мүмкін қадерінше арзан өнімдер шығару және өнімді басқа, мүмкін қадерінше әртекті өнімдерге, шінара өндірісті қайтадан бастау үшін ( $A-T$ ), шінара тұтыну үшін ( $a-t$ ) қызмет ететін өнімдерге айырбастау болып табылатын мақсаты деп көрсету мүмкіншілігін онан сайын оңайлата түседі. Бұл ретте мұнда  $A$  мен  $a$  өткінші түрде ғана айналыс құралы болып табылатындықтан, ақшаның да, сондай-ақ ақша капиталының да ерекшеліктері елеусіз қалуы мүмкін, сөйтіп бүкіл процесс қарапайым және табиғи болып шығады, яғни онда жадағай рационализмнің табиғилығы болады. Дәл сондай-ақ товар капиталын қарастырған кезде реті келгенде пайда туралы ұмытып кетеді, сөйтіп әңгіме тұтас алғандағы өндірістің ауыспалы айналымы туралы болған кезде, товар капиталы жәй әншейін, товар ретінде есептелінеді, ал әңгіме құнның құрамды бөлімдері туралы болған кезде ол товар капиталы ретінде есептелінеді. Әлбетте, қор жинау өндіріс сияқты дәл осылайша көрсетіледі.

III формада,  $T'-A'-T \dots \Theta, T'$ , ауыспалы айналымды айналыс процесінің екі фазасы ашады, және де атап айтқанда II формадағы сияқты нақ сондай ретпен яғни  $\Theta \dots \Theta$  формасында ашады; онан соң  $\Theta$  келеді, оның бержағында, I формадағы сияқты, өз қызметімен, өндіріс процесімен келеді; ауыспалы айналым осы соңғының нәтижесімен,  $T'$ -мен, аяқталады. II формада ауыспалы айналым,  $\Theta$ -мен, өндіргіш капиталдың қайталап өмір сүруімен ғана, аяқталатыны тәрізді, мұнда да ол  $T'$ -мен, товар капиталының қайталап өмір сүруімен аяқталады; II формада капитал өзінің соңғы  $\Theta$  формасында процесті өндіріс процесі ретінде қайтадан бастауға тиіс екендігі сияқты, мұнда да өнеркәсіп капиталының товар капиталы формасында екінші рет пайда болуынан кейін ауыспалы айналым тағы да айналыстың  $T'-A'$  фазасынан басталуға тиіс. Ауыспалы айналымның екі формасы да аяқталмай қалады, себебі олар  $A'$ -мен, яғни қайтадан *ақшаға* айналған, өскен ка-

питал құнымен аяқталмайды. Демек, екі форма да онан әрі жүргізілуге тиісті, сондықтан оларда ұдайы өндіріс процесі болады. III формадағы бүкіл ауыспалы айналым  $T' \dots T'$  болып табылады.

Үшінші форманың алғашқы екі формадан өзгешелігі мына жағдайда: тек осы ауыспалы айналымда ғана құнды көбейту процесінің бастама пункті енді ғана өсуге тиісті бастапқы капитал құны емес, қазірдің өзінде өскен капитал құны болып табылады. Мұндағы бастама пункт капиталистік қатынасты білдіретін  $T'$  болып табылады; осындай болғандықтан ол бүкіл ауыспалы айналымға шешуші ықпал етеді, өйткені өзінің бірінші фазасында-ақ бұл ауыспалы айналым капитал құнының ауыспалы айналымын да, сондай-ақ қосымша құнның ауыспалы айналымын да қамтиды; бұл ретте қосымша құн әрбір жекелеген ауыспалы айналымда болмаса да, орта ауыспалы айналымда шінара табыс ретінде жұмсалып,  $t$  —  $a$  —  $t$  айналысын өтуге, шінара капиталдың қор жинау элементі ретінде қызмет етуге тиіс.

$T' \dots T'$  формасында бүкіл товарлы өнімді тұтыну капиталдың өзінің ауыспалы айналымының қалыпты барысының шарты деп ұйғарылады. Жұмысшының жеке тұтынуын және қосымша өнімнің қор жинауға жатпайтын бөлегін жеке тұтынуды бүкіл жеке тұтыну қамтиды. Сондықтан жеке тұтыну ретінде де, өндіріс ретінде де, тұтас алынған тұтыну  $T'$  ауыспалы айналымына осының шарты есебінде кіреді. Өндіріс ретінде (шын мәнісінде бұған жұмысшының жеке бас тұтынуы да кіреді, өйткені белгілі бір шеңберлерде жұмыс күші жұмысшының жеке бас тұтынуының тұрақты өнімі болып табылады) тікелей әрбір жеке капитал жасайды. Ал жеке тұтынудың өзі, — жеке капиталистің өзінің өмір сүруі үшін қажетті нәрседен басқасы, — тек қана қоғамдық акт деп есептелінеді, бірақ әсте де жеке капиталистің актісі деп есептелінбейді.

I және II формаларда бүкіл қозғалыс авансыланған капитал құнының қозғалысы ретінде көрінеді. Өзінің құны жағынан өскен, жиынтық товар өнімі ретінде шығып отырған капитал III формада бастама пункт болады және қозғалыстағы капиталдың, товар капиталының формасында болады. Ол ақшаға айналғаннан кейін ғана бұл қозғалыс капитал қозғалысы мен табыс қозғалысы болып тарамдалады. Осы формада капиталдың ауыспалы айналымына бүкіл қоғамдық өнімді бөлу де, сондай-ақ әрбір жеке товар капиталын ерекше бөлу де, — бір жағынан, жеке бас тұтыну қорына бөлу, екінші жағынан, ұдайы өндіріс қорына бөлу, — енеді.

$A \dots A'$  актісінде  $a$ -ның қайтадан басталған ауыспалы айналымға кіретін бөлегінің мөлшеріне қарай, ауыспалы айналымды ұлғайту мүмкіндігі берілген.

$\Theta \dots \Theta$ -дегі  $\Theta$  жаңа ауыспалы айналымды нақ сол құнмен бастауы мүмкін, бәлкім тіпті аз құнмен де бастауы мүмкін,— қалай болғанда да ол ұлғайтылған мөлшердегі ұдайы өндіріс болып табылады; мысалы еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде товардың элементтері арзандаған ретте де осылай болады. Керісінше, бұған қарама-қарсы жағдайда, мысалы өндіріс элементтері қымбаттап кеткен ретте, өзінің құны жағынан өскен өндіргіш капитал заттық жағынан тарылған мөлшердегі ұдайы өндірісті көрсетеді. Мұның өзі  $T' - T'$ -ге де қатысты нәрсе.

$T' \dots T'$ -де капиталдың товар формасында болуы өндірістің алғы шарты болып табылады, жәнеде осы алғышарт есебінде ол екінші  $T$ -да сол ауыспалы айналымда қайтадан қайтып оралады. Егер бұл  $T$  әлі өндірілмеген немесе ұдайы өндірілмеген болса, онда ауыспалы айналымның тоқтатылғаны; бұл  $T$  қандай да бір басқа өнеркәсіп капиталының  $T'$  ретінде көп бөлігі жағынан ұдайы өндірілуге тиіс. Бұл ауыспалы айналымда  $T'$  қозғалыстың бастама пункті, өтпелі пункті және соңғы пункті ретінде болады,— сондықтан ол әрқашан да қолда бар болады. Ол — ұдайы өндіріс процесінің тұрақты шарты.

$T' \dots T'$ -нің I және II формалардан тағы бір өзгешелігі бар. Барлық үш ауыспалы айналымға ортақ нәрсе сол — капитал өз ауыспалы айналымының процесін осы процесі қандай формада бастаған болса, оны дәл сондай формада аяқтайды, жәнеде осының нәтижесінде ол нақ сол ауыспалы айналымды қайтадан бастайтын бастапқы форманы тағы да алады. Бастапқы форма  $A, \Theta, T'$  дегеніміз әрқашанда капитал құны (III формада өзіне қосарлана өскен қосымша құнмен бірге) авансыланатын форма,— демек, ауыспалы айналым жөнінде мұның өзі құнның бастапқы формасы; ал соңғы форма  $A', \Theta, T'$  дегеніміз әрқашанда ауыспалы айналымда бұрын болып кеткен, бастапқы форма болып табылмайтын функциональды формалардың бірінің өзгерген формасы.

Сонымен I формадағы  $A' T'$ -нің өзгерген формасы, II формадағы  $\Theta A$ -ның өзгерген формасы (I формада да, II формада да бұл өзгеріс товар мен ақшаның формальді түрде орнын ауыстыруының нәтижесінде товар айналысының жәй актісі арқылы жасалады); III формадағы  $T'$  өндіргіш капитал  $\Theta$ -нің өзгерген формасы. Бірақ мұнда, III формада, бұл өзгеру, біріншіден, капиталдың атқаратын қызметінің формасына ғана емес, сонымен қатар оның құнының мөлшеріне де қатысты бо-



лады, екіншіден, бұл өзгеру айналыс процесіне жататын формальді жағынан орын ауыстырудың ғана нәтижесі емес, өндіргіш капиталдың товарлы құрамды бөлімдерінің тұтыну формасы мен құны өндіріс процесінде душар болған шын мәнісіндегі нағыз өзгерудің нәтижесі болып табылады.

Бастапқы пункттің  $A, \Theta, T'$  формасы әрбір ауыспалы айналым үшін — I, II және III форма үшін күні бұрын белгіленіп қойылған; соңғы пунктте қайтадан қайталанатын форма ауыспалы айналымның өзінің метаморфоздар тізбегінен туған, демек, оған осы тізбек себепші болған. Жеке өнеркәсіп капиталы ауыспалы айналымының соңғы пункті болып табылатын  $T'$  осы  $T'$  өзінің өнімі болып табылатын сол өнеркәсіп капиталының айналысқа қатынасы жоқ  $\Theta$  формасы болады деп қана ұйғарады; I формадағы соңғы пункт,  $T'$ -нің өзгерген формасы ( $T' - A'$ ) болып табылатын  $A'$ ,  $A$  сатып алушының қолында,  $A \dots A$  ауыспалы айналымынан тыс өмір сүріп отыр деп және  $T'$ -ді сатқаннан кейін ғана осы ауыспалы айналымға тартылып, соның өзінің соңғы формасына айналады деп ұйғарады. Сонымен II формада соңғы  $\Theta$   $J$  мен  $\Theta_q$ -ны ( $T$ ) сыртта өмір сүреді және  $A - T$  актісі жасалғаннан кейін  $\Theta$ -нің ауыспалы айналымына осының соңғы формасы ретінде қосылады деп ұйғарады. Ал егер соңғы шеткі пунктті былай қоя тұратын болсақ, онда жеке ақша капиталының ауыспалы айналымы заты ақша капиталы өмір сүреді деп ұйғармайды, ал жеке өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымы өндіргіш капитал өмір сүреді деп ұйғармайды. I формада  $A$  бірінші ақша капиталы болуы мүмкін, II формада  $\Theta$  тарих сахнасына шыққан бірінші өндіргіш капитал болуы мүмкін, ал III формада

$$T \left\{ \begin{array}{l} T - \\ -A' \\ \tau \end{array} \right\} \begin{array}{l} A - T < \frac{J}{\Theta_q} \dots \Theta - T' \\ a - \tau \end{array}$$

$T$  екі рет ауыспалы айналымнан тыс өмір сүреді деп ұйғарылады. Бірінші рет  $T' - A' - T < \frac{J}{\Theta_q}$  ауыспалы айналымында.

Бұл  $T$ , ол  $\Theta_q$ -дан тұратын болғандықтан, сатушының қолындағы товар; оның өзі товар капиталы, өйткені капиталистік өндіріс процесінің өнімі болып табылады, ал егер тіпті бұлай болмағанның өзінде, ол көпестің қолында товар капиталы ретінде шығады. Екінші ретте ол  $\tau - a - \tau$ -да, екінші  $\tau$ -да болады деп ұйғарылады, оны сатып алу мүмкін болу үшін бұл  $\tau$  да товар ретінде қолда болуға тиіс. Қалай болған күнде де  $J$  мен  $\Theta_q$ , өздері товар капиталы болып табыла ма, жоқ па, бұған қарамастан,  $T'$  сияқты товарлар, жәнede бір біріне то-

варлар ретінде қатысты.  $t - a - t$ -дағы екінші  $t$ -ның жәйі де дәл осындай. Сонымен,  $T' = T(\mathcal{J} + \Theta\kappa)$  болғандықтан, сондықтан товарлар  $T'$ -нің өзін жасаушы элементтер болып табылады және сондықтан ол айналыста сол тектес товарлар арқылы өтелуге тиіс; осы тәрізді  $t - a - t$ -да да екінші  $t$  да айналыста дәл сол тектес басқа товарлармен өтелуге тиіс.

Онан соң, үстем өндіріс тәсілі болып табылатын капиталистік өндіріс тәсілінің негізінде сатушының қолындағы әрбір товар товар капиталы болуға тиіс. Ол көпестің қолында товар капиталы болып қала береді немесе бұрын товар капиталы болмаған болса, енді көпестің қолында сондай капиталға айналады. Не болмаса ол,— мысалы импортқа әкелінген бұйымдар,— бастапқы товар капиталының орнын толтыратын, сондықтан оған өмір сүрудің басқа формасын ғана беретін товар болуға тиіс.

Өздерінен өндіргіш капитал  $\Theta$  құралатын  $\mathcal{J}$  мен  $\Theta\kappa$  товар элементтері,  $\Theta$ -нің өмір сүру формалары ретінде, өздері сатып алынған түрлі товар рыноктарындағы түрлерінен басқаша түрде болады. Енді олар бір-бірімен қосылған, сөйтіп өздерінің осы қосылған түрінде олар өндіргіш капитал ретінде қызмет етеді.

Осы III формада ғана  $T$  ауыспалы айналымның өзінің ішінде  $T$ -ның алғы шарты болып шығуының себебі ауыспалы айналымның бастама пункті товар формасындағы капитал болып табылатындығынан. Ауыспалы айналым  $T'$ -нің өз өндірісінің элементтері болып табылатын товарларға айналуынан басталады (ол капитал құны ретінде қызмет ететіндіктен, қосымша құнның қосылуы нәтижесінде бұл капитал құны көбейді ме, жоқ па, мұның бәрібір). Бірақ оның бұл айналуы  $T - A - T(=\mathcal{J} + \Theta\kappa)$  айналысының бүкіл процесін қамтиды және осы айналыстың нәтижесі болып табылады. Сонымен, мұнда  $T$  шеткі екі пунктте де тұр, бірақ өзінің  $T$  формасын  $A - T$  актісінің арқасында сырттан, товар рыногінің саласынан алатын екінші шеткі пункт ауыспалы айналымның соңғы пункті емес, оның айналыс процесін қамтитын алғашқы екі сатысының соңғы пункті ғана. Оның нәтижесі —  $\Theta$ , мұның қызметі, өндіріс процесі, осыдан кейін басталады. Айналыс процесінің нәтижесі ретінде емес, әлгі соңғы процестің нәтижесі ретінде ғана  $T'$  ауыспалы айналымның аяқталуы болып табылады және бастапқы пункт  $T'$  сияқты дәл сондай форманы алады. Керісінше,  $A \dots A'$  мен  $\Theta \dots \Theta$ -де, соңғы пункттер  $A'$  мен  $\Theta$  — айналыс процесінің тікелей нәтижелері. Демек, мұнда ауыспалы айналымның соңында ғана бірінші жағдайдағы  $A'$  және екінші жағдайдағы  $\Theta$  басқаның қолында болып шығады

деп ұйғарылады. Ал ауыспалы айналым шеткі пункттердің аралығында өтетіндіктен, сондықтан бірінші жағдайдағы  $A$ -да, екінші жағдайдағы  $\Theta$ -де, яғни,  $A$ -ның бөтеннің ақшасы ретінде өмір сүруі де,  $\Theta$ -нің бөтеннің өндіріс процесі ретінде өмір сүруі де,— әлгі ауыспалы айналымдардың алғы шарты болып табылмайды. Керісінше,  $T' \dots T'$  былай деп ұйғарады:  $T (= \mathcal{J} + \Theta\kappa)$  бөтеннің товарлары болып табылады және бөтеннің қолында болады, бұл товарлар айналыстың кіріспе процесі арқылы ауыспалы айналымға тартылады және өндіргіш капиталға айналады, ал осы соңғының қызмет етуі нәтижесінде  $T'$  тағы да ауыспалы айналымның соңғы формасы болып шығады деп ұйғарады.

Алайда  $T' \dots T'$  ауыспалы айналымы өз қозғалысының шеңберінде  $T (= \mathcal{J} + \Theta\kappa)$  (ал  $\Theta\kappa$  алуан түрлі басқа капиталдарды, мысалы осы жағдайда машиналарды, көмірді, майды, т. б. қамтиды) формасындағы басқа бір өнеркәсіп капиталы болады деп ұйғаратындықтан, нақ сондықтан,— тіпті осы себептен ғана оны ауыспалы айналымның *жалпы* формасы ретінде ғана емес, яғни әрбір жеке өнеркәсіп капиталын (бұл капитал бірінші рет жұмсалып отырған реттерден басқа жағдайда) сол формада алып қарастыруға болатындай қоғамдық форма ретінде ғана емес, демек,— барлық жеке өнеркәсіп капиталдарына ортақ қозғалыс формасы ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке капиталдар жиынтығының, яғни капиталистер табының бүкіл капиталының қозғалысының формасы ретінде де, қозғалыс болғанда бұған қарағанда әрбір жеке өнеркәсіп капиталының қозғалысы басқа капиталдардың қозғалыстарымен араласып ұштасып жататын және солардан туатын шінара қозғалыс қана болып табылатын қозғалыс ретінде де қарастыруға тура келеді. Мысалы, егер біз әйтеуір бір елдің жылдық жиынтық товарлы өнімін алып қарастыратын болсақ және осы өнімнің бір бөлегі барлық жеке кәсіпорындардағы өндіргіш капиталдың орнын толтыратын, ал екінші бөлегі түрлі таптардың жеке бас тұтыну саласына түсетін қозғалысқа талдау жасасақ, онда біз  $T' \dots T'$ -ді тұтас алғандағы қоғамдық капиталға да, сондай-ақ ол өндірген қосымша құнға немесе қосымша өнімге де тән қозғалыс формасы ретінде қарастырамыз. Қоғамдық капитал жеке капиталдардың (бұған акционерлік капиталдардың сомасы мен бүкіл мемлекеттік капиталдың сомасын қоса алғанда, өйткені үкіметтер кен кәсіпорындарында, темір жолдарда және т. б. өндіргіш жалдама еңбекті қолданады, демек, олар өнеркәсіп капиталистерінің міндетін атқарады) сомасына тең, ал қоғамдық капиталдың жалпы қозғалысы жеке капиталдар қозғалыстарының алгебралық со-

масына тең. Бұл жағдай оқшауланған жеке капиталдың қозғалысы ретінде алынған осы қозғалыс қоғамдық капиталдың жалпы қозғалысының бір бөлегі ретінде қаралып отырған, яғни осы қоғамдық капиталдың басқа да бөлімдерінің қозғалыстарымен байланыста алынып қаралып отырған нақ сол қозғалыстан гөрі басқа құбылыстар жасауы мүмкін екенін ешбір де жоққа шығармайды. Мұнымен бірге бұл қозғалыс кейбір жеке капиталдың ауыспалы айналымынан сабақтап шығарылмай, қайта сол ауыспалы айналымды қараған кезде шешілген деп ойлау керек болатын проблемаларды шешеді.

$T' \dots T'$  дегеніміз бастапқы авансыланған капитал құны қозғалыс басталатын шеткі пункттің бір бөлігі ғана болатын бірден-бір ауыспалы айналым және мұнда, сонымен, әлгі қозғалыс ең басынан бастап-ақ өзін өнеркәсіп капиталының жиынтық қозғалысы ретінде, өнімнің өндіргіш капиталдың орнын толтыратын бөлігінің ғана емес, сонымен қатар өнімнің қосымша өнім жасайтын және әдетте шінара табыс ретінде жұмсалатын, ал шінара қор жинау элементі болып қызмет ететін бөлігінің де қозғалысы ретінде көрсетеді. Қосымша құнның табыс ретінде жұмсалуды осы ауыспалы айналымға енгізілетіндіктен, сондықтан оған жеке бас тұтынуы да енгізіледі. Ал бұл соңғының енгізілуі, онан соң, мына себептен де: бастама пункт  $T$ , товар, белгілібір тұтыну заты ретінде өмір сүреді; ал капиталистік жолмен өндірілген зат атаулы — товар капиталы, өзінің тұтынылу формасы жағынан ол өндірісте тұтынылуға арнала ма, немесе жеке тұтынылуға арнала ма, әлде сол екеуіне бірдей арнала ма, мұның бәрібір.  $A \dots A'$  мәселенің бір жағын ғана көрсетеді: құнды, бүкіл процестің мақсаты есебінде авансыланған капитал құнының көбеюін көрсетеді;  $\Theta \dots \Theta$  ( $\Theta'$ ) ұдайы өндірістің процесі ретінде капитал өндірісінің процесін көрсетеді, оның бержағында өндіргіш капиталдың мөлшері бұрынғы күйінде қалады немесе өседі (қор жинау);  $T' \dots T'$ , өзінің бастапқы пунктінде-ақ өзін капиталистік товар өндірісінің формасы ретінде көрсетіп, ең басынан-ақ өндірмелі тұтынуды да, жеке бас тұтынуын да қамтиды; өзінде болатын құн өсуімен бірге өндірмелі тұтыну осы формадағы қозғалыстың бір бөлегі ғана болып табылады. Ақырында,  $T'$  ешбір өндіріс процесіне ене алмайтын тұтыну формасында болуы мүмкін екендіктен, мұның өзі  $T'$  құнының өнім бөлшектерінде көрсетілген түрлі құрамды бөлімдері  $T' \dots T'$  бүкіл қоғамдық капиталдың қозғалысы формасында алына ма әлде жеке өнеркәсіп капиталының дербес қозғалысы ретінде алына ма, міне осыған қарай әртүрлі орын алуға тиіс екендігін алдын ала көрсетіп береді. Өзінің барлық ерекше-

ліктерінде бұл ауыспалы айналым жәй әншейінгі жеке капиталдың оқшауланған ауыспалы айналымы ретінде өзіне тән шеңберлерден шығып кетеді.

$T' \dots T'$  фигурасында товар капиталының, яғни капиталистік жолмен өндірілген бүкіл өнімнің қозғалысы жеке капиталдың дербес ауыспалы айналымының алғышарты ғана болып табылмай, сонымен қатар, өз кезегінде, өзі содан туады. Сондықтан, бұл фигураның ерекшелігі түсінікті болса, онда  $T'—A'$  мен  $A—T'$  метаморфоздары, бір жағынан, капитал метаморфозындағы қызметі жағынан айқын кезеңдер және, екінші жағынан, жалпы товар айналысының буындары болып табылады деп көрсетумен шектелу жеткіліксіз болып шығады. Енді бір жеке капитал метаморфоздарының басқа бір жеке капиталдардың метаморфоздарымен және жиынтық өнімнің жеке бас тұтынуға арналған бөлегімен тоғысып ұштасуын айқын көрсету керек. Сондықтан жеке өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымына талдау жасаған кезде біз көбінесе алғашқы екі форманы негіз ретінде аламыз.

$T' \dots T'$  ауыспалы айналымы, мысалы, есеп бір егін орағынан екінші егін орағына дейін жүргізілетін егіншілікте, кейбір жеке капиталдың формасы болып табылады. II фигурада егін бастапқы пункт болады, ал III фигурада егін орағы бастапқы пункт болады, яки, физиократтар айтатындай, біріншісінде — *avapees* \*, екіншісінде — *gergises* \*\* болады. Капитал құнының III фигурадағы қозғалысы ең басынан-ақ өнімдердің жалпы аумағы қозғалысының бір бөлігі ретінде ғана көрінеді, ал I және II фигураларда  $T'$ -нің қозғалысы оқшауланған капитал қозғалысындағы бір кезең ғана болады.

Рыноктағы товарлар III фигурада үнемі өндіріс процесімен ұдайы өндіріс процесінің алғышарты болып отырады. Сондықтан, егер осы фигураға баса назар аударатын болсақ, онда өндіріс процесінің барлық элементтері товар айналысының саласынан шығатын және тек товарлардан ғана тұратын сияқты көрінеді. Осындай сыңаржақ түсінген кезде жұрт өндіріс процесінің товарлы элементтер болып табылмайтын элементтерін естен шығарып жібереді.

$T' \dots T'$ -де бастама пункт бүкіл өнім (бүкіл құн) болып табылатындықтан, мұнда мынадай жәйт байқалады: (егер сыртқы сауданы бір шет қалдырсақ) еңбек өнімділігі өзгеріссіз болып отырғанда, ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс мына жағдайда ғана: қосымша өнімнің капиталға айналдырылуға тиісті бөлігінде қазірдің өзінде-ақ үстеме өндіргіш капитал-

\* — авансылар. *Ред.*

\*\* — қайта түсетін түсімдер. *Ред.*

дың заттай элементтері бар болса ғана орын ала алады; демек, бұл арада мына жәйт аңғарылады: бір жылдың өндірісі келесі жылдың өндірісінің алғышарты болып қызмет ететіндіктен немесе бұл өндіріс бір жылдың ішінде жәй ұдайы өндірістің процесімен қатарлас жүргізілуі мүмкін екендіктен, сондықтан қосымша өнім бірден өзінің үстеме капитал ретінде қызмет етуіне мүмкіндік беретін формада өндіріледі. Өскен еңбек өнімділігі капиталдың құнын арттырмастан, тек капитал затын ғана көбейте алады; бірақ осы арқылы ол капиталдың құнын көбейту үшін қосымша материал жасап береді.

$T' \dots T'$  Кенәнің «Tableau économique-сінің»\* негізіне алынған, жәнеде оның  $A \dots A'$  формасына (меркантилистік система ерекше қолданған формаға) қарама-қарсы  $\Theta \dots \Theta$  формасын емес, нақ осы форманы алуы оның орасан зор да дұрыс тәсілін көрсетеді.

---

\* — «Экономикалық кестесі». Ред.

## ТӨРТІНШІ ТАРАУ

## АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМ ПРОЦЕСІНІҢ ҮШ ТҮРІ

Егер *айналым* бүкіл айналыс процесін көрсететін болса, онда ауыспалы айналым процесінің үш түрін былайша бейнелеуге болады:

- I)  $A - T \dots \Theta \dots T' \dots A'$
- II)  $\Theta \dots \text{Айн} \dots \Theta$
- III)  $\text{Айн} \dots \Theta (T')$ .

Егер біз үш форманың үшеуін тұтас алып қарасак, онда ауыспалы айналым процесінің барлық алғы шарттары оның нәтижесі, оның өзінің жасаған алғы шарты болып шығады. Әрбір кезең бастапқы пункт, өту пункті және қайта оралу пункті болып табылады. Тұтас алынған ауыспалы айналым процесі өндіріс процесі мен айналыс процесінің бірлігі ретінде көрінеді; өндіріс процесі айналыс процесінің аралық буыны болады және керісінше.

Ауыспалы айналымның үш түріне бірдей ортақ нәрсе: белгілеуші мақсат есебінде, қозғаушы мотив есебінде құнның көбейе беруі. I-де бұл форманың өзінде көрсетілген. II форма  $\Theta$ -тен, құнның көбею процесінің өзінен басталады. III формада ауыспалы айналым көбейген құннан басталады да, қозғалыс бұрынғы көлемде қайталанатын болса да, жаңадан тағы сол көбейген құнмен аяқталады.

$T - A$  сатып алушы үшін  $A - T$ , ал  $A - T$  сатушы үшін  $T - A$  болатын болғандықтан, капитал айналысы товардын әдеттегі метаморфозы ғана болып отырғандықтан, бұл метаморфозды қарастыру үстінде дамытылған заңдар да («Капитал», I кітап, III тарау, 2), — айналыстағы ақшаның мөлшерін

белгілейтін заңдар — бұл жерде өзінің маңызын сақтап қалады. Ал егер мәселенің бұл формалдық жағына тоқтамай, әртүрлі жеке капиталдың метаморфоздары арасындағы нақты байланысты алып қарайтын болсақ, демек, егер жеке капиталдардың ауыспалы айналымдарының байланысын бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндіріс процесіндегі жеке қозғалыстардың байланысы ретінде шын мәнісінде қарасақ, онда бұл байланысты ақша мен товар формаларының жәй ауысуы деп есептеуге болмайды.

Үнемі айналып тұратын шеңберде алғанда әрбір пункт әрі бастапқы пункт те, әрі қайта оралу пункті де болады. Егер бұл айналма қозғалыс бір жерінен тоқтап қалса, онда әрбір бастапқы пункт қайта оралу пункті бола бермейді. Сөйтіп, біз әрбір жеке ауыспалы айналымның басқа ауыспалы айналымды керек етіп (*implicito\**) қана қоймай, сонымен қатар бір формадағы ауыспалы айналымның қайталануы басқа формалардағы ауыспалы айналымды да керек ететінін көрдік. Сонымен, барлық айырмашылық байқаушы үшін ғана болатын тек формалдық немесе тіпті тек субъективтік айырмашылық болып көрінеді.

Бұл ауыспалы айналымдардың әрқайсысы қозғалыстың, әр түрлі жеке өнеркәсіп капиталдары болатын ерекше формасы ретінде қаралатын болғандықтан, бұл айырмашылық та әрқашан тек жеке айырмашылық қана болады. Ал шындығында әрбір жеке өнеркәсіп капиталы барлық ауыспалы айналымның үшеуінде де бір мезгілде болып отырады. Үш ауыспалы айналым, капиталдың үш түрінің ұдайы өндіріс формалары, бірімен қатар бірі үздіксіз жүзеге асып отырады. Мысалы, капитал құнының енді товар капиталы ретінде қызмет атқаратын бір бөлігі ақша капиталына айналады, ал сонымен қатар екінші бөлігі өндіріс процесінен шығады да, жаңа товар капиталы ретінде айналысқа түседі. Сөйтіп, ауыспалы форма  $T' \dots T'$  үнемі бейнеленіп тұрады; басқа екі формада да істің жайы нақ осылай. Капиталдың ұдайы өндірісі өзінің әрбір формасында және өзінің әрбір сатысында, бұл формалардың метаморфозы және үш сатының бірінен соң біріне өтетіні сияқты, сондайлық үздіксіз жүзеге асып отырады. Демек, мұнда бүкіл ауыспалы айналым шындығында оның үш формасының бірлігі болып табылады.

Біздің зерттеуімізде барлық капитал құны өзінің толық мөлшерінде тұтасынан бірде ақша капиталы, бірде өндіргіш капитал, бірде товар капиталы болады деп есептелді. Мысалы,

\* — қамтып. *Ред.*



біз 422 ф. ст. әуелі түгелімен ақша капиталы түрінде алдық, сонан соң олар, тағы да өзінің толық мөлшерінде, өндіргіш капиталға айналды, ақырында, товар капиталы: құны 500 ф. ст. (оның ішінде 78 ф. ст. қосымша құн) жіп болды. Мұнда әр түрлі сатылар өзіне тиісті мөлшерде кідіріс жасайды. Мысалы, 422 ф. ст. қашан ақша формасында тұрған кезде, яғни сатып алу актысы  $A - T(\mathcal{J} + \Theta_k)$  әлі болмаған кезде, барлық капитал оған дейін ақша капиталы ретінде болып, ақша капиталы ретінде ғана қызмет атқарады. Ол өндіргіш капиталға айналысымен, ол ақша капиталының да, товар капиталының да қызметін атқармайды. Бұл екінші жағынан алғанда,  $A$  түрінде немесе  $T'$  түрінде — айналыстың екі сатысының бірінің қызметін атқарған кезде барлық өндіріс процесінің тоқталатыны сияқты, оның айналысының барлық процесі де тоқталады. Демек, бұл жағдайда  $\Theta \dots \Theta$  ауыспалы айналымы өндіргіш капиталдың тек кезегімен жаңадан қайталануы ғана болып табылмай, сонымен қатар, оның қызметінің — өндіріс процесінің — айналыс процесін өткенше, тоқталуы да болып табылады; өндіріс үздіксіз жүріп тұрудың орнына мезгіл-мезгіл жүрер еді де, айналыстың екі сатысының қаншалықты шапшаң, қаншалықты баяу өтуіне қарай, белгісіз уақыттан кейін ғана барып қайталанар еді. Мысалы, қытай қолөнершісінің жағдайы осындай, ол тек жеке заказчиктерге ғана істейді, сондықтан заказ қайталанбаса оның өндіріс процесі тоқтап қалады.

Шындығында бұл айтылған жағдай капиталдың қозғалыстағы әрбір жеке бөлігіне де қатысты, ал капиталдың бөліктерінің бәрі өз кезегімен осы қозғалыстан өтіп отырады. Мысалы, 10 000 қадақ жіп жіп иіруші-фабриканттың бір апталық өнімі екен делік. Бұл 10 000 қадақ жіп түгелінен өндіріс саласынан шығып, айналыс саласына түседі; ондағы капитал құнының бәрі ақша капиталына айналуға тиіс, демек, ол ақша капиталы формасында болып тұрған кезде, өндіріс процесіне қайта түсе алмайды; ол әуелі айналысқа түсіп, қайтадан өндіргіш капиталдың элементтеріне  $\mathcal{J} - \Theta_k$ -ге айналуға тиіс. Капиталдың ауыспалы айналым процесі үнемі үздік-үздік жүреді, бір сатыдан өтіп, екінші сатыға түседі; бір форманы тастап, екінші формаға енеді; бұл сатылардың әрқайсысы басқа сатыны туғызып қана қоймайды, сонымен қатар оны жояды да.

Ал үздіксіздік капиталистік өндірістің сипатты белгісі; бұл үздіксіздік капиталистік өндірістің техникалық негізінен туады, бірақ оған қолы жете бермейді. Ал іс жүзінде қалай болып жатады, соны қарап көрейік. 10 000 қадақ жіп товар ка-

питалы ретінде рынокқа түсіп, ақшаға (төлем құралы болсын, сатып алу құралы болсын, немесе тіпті жәй есеп айыру ақшасы болсын) айналып жатқан кезде, өндіріс процесінде оның орнын жаңа мақта, жаңа көмір т. с. алады; демек, мұнда ақша мен товар формасынан қайта өндіргіш капитал формасына айналады, енді ол осы өндіргіш капитал ретінде өзінің қызметін атқара бастайды; алғашқы 10 000 қадақ жіп ақшаға айналып жатқан кезде, бұрын өндірілген 10 000 қадақ жіп өз айналысының екінші сатысынан өтіп, ақшадан өндіргіш капитал элементтеріне қайта айналады. Капиталдың барлық бөліктері кезек-кезегімен ауыспалы айналым процесінен өтеді, бір уақытта бұл процестің әр түрлі сатыларында болады. Сөйтіп, өнеркәсіп капиталы өзінің ауыспалы айналымын үздіксіз жүзеге асыра отырып, сонымен қатар оның барлық сатыларында және оларға тиісті әр түрлі қызмет атқару формаларында болады. Капиталдың товар капиталы формасынан ақшаға алғаш рет айналып жатқан бөлігі үшін  $T' - T'$  ауыспалы айналымы тек басталып жатқан кезде, біртұтас тұлғаның қозғалысындағы өнеркәсіп капиталы  $T' - T'$  ауыспалы айналымын өтіп те кетеді. Бір қолымен ақшаны алдын ала жұмсап жатса, екінші қолымен оны алып жатады, бір пунктте  $A ... A'$  ауыспалы айналымның басталуы, сонымен қатар екінші пунктте ақшаның қайта оралуы болып табылады. Өндіргіш капитал жөнінде де жағдай нақ осындай.

Сондықтан өнеркәсіп капиталының шын мәнісіндегі ауыспалы айналымы өзінің үздіксіз жүруінде айналыс процесі мен өндіріс процесінің бір тұтастығы ғана болып қоймайды, сонымен қатар оның барлық үш ауыспалы айналымының да бір тұтастығы болып табылады. Ал оның мұндай біртұтас болатын себебі: капиталдың түрлі-түрлі бөліктерінің әрқайсысы ауыспалы айналымның бірінен соң бірі келіп отыратын фазаларынан дәйекті түрде өтіп, бір фазадан екінші фазаға, бір қызмет атқару формасынан екінші қызмет атқару формасына түседі; демек, бұл бөліктердің жиынтығы болған өнеркәсіп капиталы бір уақытта әр түрлі фазалар мен әр түрлі қызмет атқарады да, сөйтіп барлық үш ауыспалы айналымды бір уақытта жасап шығады. Бір бөліктің екінші бөліктен соң келіп отыруы бұл жерде бөліктердің бірімен бірінің қатар болуына, яғни капиталдың бөлінуіне байланысты. Мысалы, еңбек бөлісінің фабрикалық жүйесінде өнім әрқашанда өзінің жасалу процесінің әр түрлі сатыларында болып, өндірістің бір фазасынан екінші фазасына үнемі өтіп отырады. Жеке өнеркәсіп капиталы капиталистің қаражатына қарай белгілі мөлшерде

болатындықтан және өнеркәсіптің әр түрлі салалары үшін белгілі шағын мөлшері болатын болғандықтан оны бөлуде белгілі сан пропорциясы сақталуға тиіс. Қолда бар капиталдың мөлшері өндіріс процесінің көлемін белгілейді, мұның көлемі товар капиталы мен ақша капиталының мөлшерін белгілейді, өйткені олар өз қызметтерін өндіріс процесімен қатар атқарады. Өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін капиталдың бір бөліктері мен екінші бөліктерінің қатар болуы, алайда, ауыспалы айналымның әр түрлі сатыларының бірінен соң бірін өтетін капитал бөліктері қозғалысының нәтижесінде ғана мүмкін болады. Капитал бөліктерінің бірімен қатар екіншісі болуының өзі оның бірінен соң бірі келіп отыруының нәтижесі ғана болып табылады. Мысалы, егер  $T'—A'$  қозғалысы капиталдың бір бөлігі үшін тоқтап қалып, товарды сатуға болмаса, онда бұл бөліктің ауыспалы айналымы үзіледі де, оның орны оны өндіру қаражаттарымен жабылмайды; өндіріс процесінен  $T'$  ретінде шығатын келесі бөліктерінің қызметі өзгеруін олардың алдыңғы бөліктері кідіртеді. Егер бұл жағдай бірқатар уақытқа созылса, онда өндіріс тежеледі, сөйтіп бүкіл процестің тоқталып қалуы мүмкін. Дәйекті қозғалыста болатын бөліктердің тоқтауының қандай болса да, олардың бірімен бірі қатар болу тәртібін бұзады; бір сатыдағы қандай бір тоқталыс капиталдың сол тоқталыс болған бөлігінің ғана барлық ауыспалы айналымын азды-көпті кідіртп қоймайды, сонымен қатар бүкіл жеке капиталдың ауыспалы айналымына азды-көпті кідіріс жасайды.

Процестің барысында болатын келесі форма—фазалардың дәйектілігінің формасы: капиталдың жаңа фазаға көшуі капиталдың бұрынғы фазаны тастауына байланысты. Сондықтан да әрбір бөлек ауыспалы айналымның бастапқы пункті де, сондай-ақ қайта оралу пункті де капиталдың қызмет атқару формаларының бірі болып табылады. Екінші жағынан, тұтасынан алсақ процесс шындығында әр түрлі формаларда болатын үш ауыспалы айналымның бір тұтастығы болып табылады, процестің үздіксіздігі осы әр түрлі формаларда көрінеді. Тұтас алсақ ауыспалы айналым капиталдың әрбір қызмет атқару формасы жөнінде оның ерекше ауыспалы айналымы болып табылады, онысын бұл ауыспалы айналымның әрқайсысы бүкіл процестің үздіксіз болуын қамтамасыз етеді: бір қызмет атқаратын форманың айналма қозғалысы басқа қызмет атқаратын формалардың айналма қозғалысын қамтамасыз етеді. Бүкіл өндіріс процесі үшін, әсіресе қоғамдық капитал үшін өндіріс процесінің сонымен қатар ұдайы

өндіріс процесі болуы, демек, оның әрбір кезеңінің ауыспалы айналымының процесі болуы қажетті шарт болып табылады. Капиталдың әр түрлі үлестері әр түрлі сатылар мен қызмет атқаратын формалардың бірінен соң бірінен өтіп отырады. Осының арқасында әрбір қызмет атқаратын форма, онда әрқашанда капиталдың жаңа бөлігі болып отыратын болса да, басқалармен бірге өзінің ауыспалы айналымын жасап отырады. Капиталдың бір бөлігі — әрқашанда өзгеріп, үнемі ұдайы өндіріліп отыратын болса да, — ақшаға айналатын товар капиталы түрінде болады; екінші бөлігі — өндіргіш капиталға айналатын ақша капиталы түрінде; үшінші бөлігі — товар капиталына айналатын өндіргіш капитал түрінде болады. Барлық үш форманың іс жүзінде үнемі болып тұруын барлық капиталдың өзінің ауыспалы айналымында нақ осы үш фазадан өтуі қамтамасыз етеді.

Демек, тұтас күйінде алынғанда капитал кеңістік жағынан бірімен бірі қатар орналасқан әр түрлі фазаларында бір уақытта болады. Бірақ капиталдың әрбір бөлігі өз кезегімен бір фазадан екінші фазаға, бір қызмет атқару формасынан екінші қызмет атқару формасына үздіксіз өтіп тұрады, міне сөйтіп барлық формаларда кезек-кезегімен қызмет атқарады. Сонымен бұл формалар ауысып тұратын формалар, олардың бір уақыттылығы өздерінің дәйектілігі арқылы жүзеге асады. Әрбір форма біреуінен кейін, екіншісінен ілгері болады, сөйтіп капиталдың бір бөлігінің бір формаға қайта оралуы оның екінші бөлігінің екінші формаға қайта оралуымен байланысты. Капиталдың әр бөлігі өз айналымын үздіксіз жүзеге асырып отырады, бірақ бұл формада әр жолы капиталдың басқа бөлігі де болады, бұл ерекше айналымдар тұтас процестің бір уақытта болуын, дәйекті болуын ғана қамтамасыз етеді.

Бүкіл процестің жоғарыда айтылған үзіліс-үзіліспен болып отыруының орнына оның үздіксіз болуы тек үш ауыспалы айналымның бірлігінде ғана жүзеге асырылады. Бүкіл қоғамдық капиталда бұл үздіксіздік әрқашан болады, ал оның процесі әр уақытта да үш ауыспалы айналымның бір тұтастығы болып табылады.

Жеке капиталдар үшін ұдайы өндірістің үздіксіздігі кейде азды-көпті бұзылып отырады. Біріншіден, әр түрлі кезеңде күн аумағы әр түрлі сатылар мен қызмет атқару формаларына көбінесе тең бөліктер болып бөлінбейді. Екіншіден, бұл бөліктер сондай-ақ, өндірілетін товардың сипатына қарай, демек, — капитал жұмсалған сол өндіріс саласының ерекшеліктеріне қарай, әр түрлі бөлінуі мүмкін. Үшіншіден, ұдайы өндірістің үздіксіздігі жыл кезеңдеріне байланысты — не табиғи

жағдайлардың (егіншілік, май шабақтар аулау т. с.) нәтижесінде немесе, мысалы, маусымды жұмыстар деп аталынатын шартты жағдайлардың нәтижесінде — өндіріс салаларында азды-көпті мөлшерде бұзылуы ықтимал. Бәрінен гөрі фабрика мен кен жұмысындағы процесс неғұрлым жүйелі түрде және бір қалыпты жүріп тұрады. Бірақ өндіріс салаларының бұл айырмашылығы ауыспалы айналым процесінің жалпы формаларына ешқандай айырмашылық туғызбайды.

Өздігінен өсетін құн болып табылатын капитал таптық қатынасты ғана, еңбектің жалдамалы еңбек болуына негізделген қоғамның белгілі бір сипатын ғана қамтып қоймайды. Капитал дегеніміз қозғалыс, әр түрлі сатылардан өтетін ауыспалы айналым процесі, сонымен қатар ауыспалы айналым процесінің үш түрлі формасын қамтитын процесс. Сондықтан капиталды тыныштықта тұратын зат деп түсінбей, қозғалыс деп қана түсінуге болады. Құнның дербес өмір сүруін жәй абстракция деп қарайтын экономистер өнеркәсіп капиталының қозғалысы іп асти \* абстракция болып табылатынын ұмытады. Мұнда құн әр түрлі формалардан өтеді, әр түрлі қозғалыстар жасайды, бұл қозғалыстарда құн сақталады және сонымен қатар өсіп, көбейіп отырады. Біз бұл жерде ең алдымен тек қозғалыс формасын сөз етіп отырғандықтан, капитал құнының өзінің ауыспалы айналым процесінде қандай өзгеріске түсетініне тоқтамаймыз; алайда құнда болатын барлық өзгерістерге қарамастан, капиталистік өндірістің өмір сүретін және капитал құны өсіп отырған кезде ғана, яғни ол өз алдына дербес болған құн ретінде өзінің ауыспалы айналым процесін жасап тұрған кезде ғана өмір сүре беретіні; демек, құндағы өзгеріс белгілібір әдіспен жойылып, тоқтатылған кезге дейін өмір сүре беретіні мәлім. Капиталдың қозғалысы жеке өнеркәсіп капиталісінің іс-әрекеті ретінде мына түрде көрінеді, капиталист товарлар мен еңбекті сатып алушы, товарларды сатушы ретінде және өндіргіш капиталист ретінде қызмет атқарады, демек өзінің қызметі арқылы ол ауыспалы айналымды жүзеге асырады. Егер қоғамдық капиталдың құнында өзгеріс болса, онда бұл капиталистің жеке капиталы осы өзгерістің құрбаны болып, құрып кетуі мүмкін, өйткені ол — құнның бұл қозғалысының шарттарын сақтай алмайды. Құндағы өзгерістер неғұрлым күшті, неғұрлым жиі болса, өз алдына дербес болған құнның, табиғат процесінің дүлей күшіндей әрекет ететін, өздігінен болатын қозғалысы жеке капиталистің сақтығы мен ұқыптылығының солғұрлым қатты талқанын

\* — әрекет етудегі. Ред.

шығарады, өндірістің бірқалыпты жүрісі шектен асқан қулық-сұмдыққа солғұрлым күшті бағынады, жеке капиталдардың өмір сүруі солғұрлым үлкен қауіп-қатерге ұшырайды. Демек, құндағы бұл мезгіл-мезгіл болып тұратын өзгерістер капитал ретіндегі құнның өз алдына дербес болатынын, бұл дербестігін ол өзінің қозғалысы арқылы сақтап, нығайтатындығын бейнебір теріске шығармайды, қайта растай түседі.

Қозғалыс процесіндегі капитал метаморфоздарының бұл кезектесуінде капитал құны мөлшерінің ауыспалы айналымда болған өзгерістері бастапқы құнмен үнемі салыстырылып та отырылады. Егер құнның құнды жасайтын күшке, яғни жұмыс күшіне қарағанда дербестік алуы  $A - Ж$  актысынан (жұмыс күшін сатып алудан) басталып, өндіріс процесінде жұмыс күшін қанау ретінде жүзеге асырылса, онда құнның бұл дербестік алуы ақшаның, товардың, өндіріс элементтерінің қозғалыс процесіндегі капитал құнының кезектесіп тұратын формалары ғана болатын, бұрынғы құн мөлшері капитал құнының қазіргі өзгерген мөлшерімен салыстырылатын ауыспалы айналымда қайта көрінбейді.

«Құн»,— дейді Бейли, құн дербес өмір сүретін болады, бұл капиталистік өндіріс әдісін сипаттайды дегенді теріске шығара отырып, және бұл дербес өмір сүруді ол, Бейли, кейбір экономистердің құрғақ қиялы дей келіп,— «құн дегеніміз бір уақытта болатын товарлардың арасындағы арақатынас, өйткені тек сондай товарларды ғана бір-біріне айырбастауға болады»<sup>31</sup>.

Ол мұны әр кездегі товарлар құнын салыстыруға қарсы дәлел ретінде айтады; бұл салыстыру — әрбір кезеңде ақшалай құн белгіленетін болғандықтан — белгілі бір түрдегі товарды өндіру үшін әр кезеңде керек болатын еңбек шығынын салыстыру ғана болып табылады. Бұл пікір оның айырбас құны құнға тең, ал құн формасы дегеніміз құнның өзі деген жалпы қате түсінігінен туады; демек, егер товарлар құны айырбас құны ретінде белсенді қызмет атқармаса, яғни оларды бір-біріне шынында айырбастау мүмкін болмаса, олардың құны салыстырыла алмайды. Сөйтіп ол құнның капитал құны ретінде қызмет атқаратынын немесе ол өзінің ауыспалы айналымының әр түрлі фазаларында, — бұл фазалар тегі «бір уақытта» болмайды, бірінен соң бірі болады, — өзіне өзі барабар, өзімен өзі теңесетін болғандықтан ғана капитал ретінде қызмет атқаратынын тегі сезбейді.

Ауыспалы айналым формуласын таза күйінде алып қарау үшін товарлар өздерінің құны бойынша сатылады деген пікірге ғана сүйенбей, бұл басқа жағдайлар өзгермей тұрғанда болады деген пікірге де сүйену керек. Мысалға белгілі бір ка-

питалистің өндіргіш капиталын құнсыздандыратын, өндіріс процесінің шеңберінде техникада болатын революциялардың қандайына болса да байланыссыз, сондай-ақ өндіргіш капитал элементтерінің құны өзгеруінің қолда бар товар капиталының құнына,— онысын мұндай капиталдың қоры болса оның құнынның не өсуі, не төмендеуі мүмкін,— кері әсер етуінің қандайына болса да байланыссыз.  $\Theta$  ...  $\Theta$  формуласын алып қарайық.  $T'$ , 10 000 қадақ жіп өзінің құны бойынша 500 ф. ст.-ке сатылсын делік; 8 440 қадақ жіп = 422 ф. ст.  $T'$ -дегі капитал құнының орнын толтырады. Бірақ мақтаның, көмірдің т. б. құны өссе (біз бұл жерде бағаның жәй ауытқуын әңгіме етпейміз), онда бұл 422 ф. ст. өндіргіш капитал элементтерін толық қалпына келтіруге жетпейді; қосымша ақша капиталы қажет, бұл жағдайда ақша капиталы босамайтын болады. Керісінше, олардың бағалары төмендесе ақша капиталы босап қалады. Құнның арасалмағы тұрақты болған күнде ғана процесс толық бір қалыпты жүріп отырады; іс жүзінде болған ауытқулар ауыспалы айналым қайталанған кезде түзетілгенге дейін процесс бір қалыпты жүреді; бұл ауытқулар неғұрлым көп болса, өнеркәсіп капиталисінде ол ауытқуларды түзеп жіберу үшін солғұрлым көп ақша капиталы болуы керек; капиталистік өндіріс дамыған сайын өндірістің әрбір жеке процесінің көлемі ұлғаятын болғандықтан, ал сонымен қатар алдын ала жұмсалатын капиталдың минимум мөлшері де өсетін болғандықтан, бұл жағдай басқа бірқатар жағдайларға келіп қосылады, ол жағдайлардың нәтижесінде өнеркәсіп капиталисінің қызметі бірден-бірге жеке немесе ұйымдасқан ірі ақша капиталистерінің монополиясына айналады.

Бұл жерде айта кететін бір нәрсе: өндіріс элементтерінің құны өзгерсе, бір жағынан,  $A...A'$  формасының, екінші жағынан  $\Theta... \Theta$  мен  $T'...T'$  формасының арасында айырмашылық болады.

Әуелі ақша капиталы ретінде көрінетін жаңадан жұмсалатын капитал формуласы  $A...A'$ -де өндіріс құрал-жабдығының, мысалы шикізаттың, көмекші материалдардың, т. с. құны төмендеген кезде белгілі мөлшердегі кәсіпорынын ашу үшін олардың құны төмендеместен бұрын қажет болатын ақша капиталынан аз ақша капиталын жұмсау керек болады, өйткені өндіріс процесінің көлемі (өндіргіш күштің даму дәрежесі өзгермесе) белгілі бір мөлшердегі жұмыс күшінің игере алатын өндіріс құрал-жабдығының көлемі мен мөлшеріне байланысты; бірақ бұл мөлшерлер өндіріс құрал-жабдығының құнына да, жұмыс күшінің құнына да (бұл соңғының құны құнның

өсу мөлшеріне ғана әсерін тигізеді) байланысты емес. Керісінше, егер өндіргіш капиталдың элементтері болатын товар өндірісі элементтерінің құны артса, онда сол мөлшердегі кәсіпорнын ашу үшін ақша капиталы көп керек болады. Бұл екі жағдайда да жаңадан жұмсалатын ақша капиталының мөлшері ғана өзгереді; егер өндірістің сол саласында жаңа жеке өнеркәсіп капиталының өсуі әдеттегі ретте болатын болса, онда бірінші жағдайда ақша капиталы артылып қалады да, екінші жағдайда ақша капиталы босамайды.

$\Theta... \Theta$  мен  $T'... T'$  ауыспалы айналымдарының  $A... A'$  түрінде көрінетін  $\Theta$  мен  $T'$ -ның қозғалысы сонымен қатар қорлану болып табылатындықтан ғана, демек, қосымша  $a$ , ақшаның, ақша капиталына айналатындығынан ғана болады. Ал егер мұны өз алдына қалдырсақ, өндіргіш капиталдың элементтері құнының өзгеруі бұл көрсетілген ауыспалы айналымдарда  $A... A'$  — дағыдан басқаша көрінеді; біз бұл жерде де құнның бұлай өзгеруінің өндіріс процесіндегі капиталдың құрамды бөліктеріне тигізетін кері әсерін айтып отырғанымыз жоқ. Бұл ретте біздің сөз етіп отырғанымыз оның тікелей әсерін тигізетін бастапқы шығын емес, өзінің ұдайы өндіріс процесіндегі өнеркәсіп капиталы, бірақ енді ол өзінің бірінші ауыспалы айналымында емес; демек, ол  $T'... T' \frac{Ж}{\Theta қ}$ -ғына, товар капиталының өзінің өндіріс элементтеріне қайта айналуына әсерін тигізеді, өйткені ол элементтер товарлардан құралады. Құн төмендеген кезде (тіссінше баға да төмендеген кезде) үш жағдайдың болуы мүмкін: ұдайы өндіріс процесі сол көлемде жүре береді; бұл жағдайда осы күнге дейін болып келген ақша капиталының бір бөлігі босап қалады, сөйтіп, шын мәнісіндегі қорлану (ұлғайтылған көлемдегі өндіріс) болмаса да, және ол жөнінде дайындалған, онымен қатар болып отыратын  $a$ -ның (қосымша құнның) қорлану қорына айналуы болмаса да, ақша капиталының қорлануы орын алады; немесе, техникалық пропорция мүмкіндік берсе ұдайы өндіріс процесі бұрынғы жағдайда болғанынан үлкенірек көлемде ұлғаяды, немесе шикі зат материалдарының т. с. қоры едәуір мөлшерде көбейіп отырады.

Товар капиталының орнын толтыратын элементтердің құны жоғарылаған кезде, керісінше болады. Мұнда ұдайы өндіріс енді бірқалыпты мөлшерде болмайды (мысалы, бұл жағдайда, аз уақыт істейді); немесе, оны бұрынғы мөлшерде жүргізе беру үшін, іске қосымша ақша капиталы қосылуға тиіс (ақша капиталы босамайды); немесе қорланудың ақшалай қоры, егер ондай қор бар болатын болса, түгелінен не онын



бірсыпырасы ұдайы өндірістің процесін ұлғайтуға пайдаланылмай, оны бұрынғы көлемде жүргізуге пайдаланылады. Мұнда ақша капиталы тағы босамайды, мұндағы айырмашылық тек сонда: бұл жағдайда қосымша ақша капиталы сырттан, ақша рыногынан алынбайды, өнеркәсіп капиталисінің өз қаражатынан алынады.

Бірақ  $\Theta \dots \Theta$  кезеңінде және  $T' \dots T'$  кезінде белгілібір өзгеріс енгізетін жағдайлардың кездесуі мүмкін. Мысалы, егер біздің жіп иіруші-фабриканың мақта қоры үлкен болса (яғни оның өндіргіш капиталының едәуір бөлігі мақта қоры формасында болса), онда мақта бағасының төмендеуі нәтижесінде оның өндіргіш капиталының бір бөлігі құнсызданады; керісінше, егер мақтаның бағасы көтерілсе, оның өндіргіш капиталының бұл бөлігінің құны жоғарылайды. Екінші жағынан, егер ол құнның көбін товар капиталы формасында, мысалы, мата жібінде ұстаса, онда мақтаның бағасы төмендеген кезде, оның товар капиталының бір бөлігі құнсызданады, демек, оның ауыспалы айналымдағы капиталының тегі бір бөлігі құнсызданады; мақтаның бағасы көтерілген кезде керісінше болады. Ақырында  $T' - A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  процесінде мынадай болады: егер  $T' - A$  актісі, яғни товар капиталын сатып өткізу  $T$  элементтерінің құны өзгергенге дейін жүзеге асырылса, онда ол капиталға бірінші жағдайда көрсетілген түрде ғана әсер етеді, атап айтқанда,  $A - T < \frac{Ж}{\Theta_k}$  айналысының екінші актісінде әсер етеді; ал егер бұл  $T' - A$  актісі жүзеге асырылғанға дейін болса, онда басқа жағдайлар бұрынғы қалпында болып тұрса мақта бағасының төмендеуі жіп бағасын тиісінше төмендетеді, және керісінше, мақта бағасының өсуі жіп бағасын өсіреді. Өндірістің сол бір саласына жұмсалған әр түрлі жеке капиталдарға тиетін әсердің айырмашылығы ол капиталдарға кездесетін әр қилы жағдайларға байланысты барынша әр түрлі болуы мүмкін.— Нақ сол сияқты ақша капиталының босауы және босамауы айналыс процесі ұзақтығының әр түрлі болу нәтижесінен де, демек,— айналыс шапшаңдығы айырмашылықтарының нәтижесінен де туады. Бірақта бұл енді айналымды қарау мәселесіне жатады. Бұл жерде бізге бар керегі  $A \dots A'$  мен ауыспалы айналым процесінің басқа екі формасы арасындағы шын мәнісіндегі айырмашылық; бұл айырмашылық өндіргіш капитал элементтерінің құны өзгеруімен байланысты көрінеді.

Капиталистік өндіріс әдісінің дамыған, демек, үстемдік еткен дәуірінде  $A - T < \frac{Ж}{\Theta\kappa}$  айналысы сатысында товардың өндіріс құрал-жабдығы  $\Theta\kappa$  болып табылатын көп бөлігінің өзі басқаның қызмет атқарып жатқан товар капиталы. Сатушының тұрғысынан қарағанда мұнда, демек,  $T' - A'$ , товар капиталы ақша капиталына айналады. Бірақ бұл абсолют ереже емес. Оның керісінше. Өнеркәсіп капиталының не ақша ретінде, не товар ретінде қызмет атқаратын өзінің айналыс процесінде өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымы — оның ақша капиталы ретінде немесе товар капиталы ретінде шығуына қарамастан — алуан түрлі қоғамдық өндіріс әдістерінде өндірілген товарлар айналысымен араласып түйісіп жатады, өйткені бұл өндіріс әдістерде де сонымен қатар товар өндірісі болып табылады. Товар құлдыққа негізделген өндірістің өнімі ме, немесе шаруалар (қытайлар, үнді райяттары) өндірісінің өнімі ме, немесе қауым өндірісінің (голландық Шығыс — Үндістан) өнімі ме, немесе мемлекеттік өндірістің (мысалы, орыс тарихының бұрынғы дәуірлерінде кездесетін крепостниктік правоға негізделген өндіріс өнімі ме), немесе жартылай тағы, аңшы халықтар т. с. өндірісінің өнімі ме, — өнеркәсіп капиталының көрінісі болған ақша мен товарға бәрібір, ол өнімдер товар ретінде, ақша ретінде кездеседі және өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымына да, қосымша құн табыс ретінде жұмсалатындықтан товар капиталындағы қосымша құнның ауыспалы айналымына да кіреді, — демек, олар товар капиталы айналысының екі тарамына да кіреді. Олар өндірілген өндіріс процесі сипатының маңызы болмайды; товар ретінде олар рынокқа шығады, товар ретінде олар өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымына, сол сияқты товар капиталындағы қосымша құн айналысына да қатысады. Демек, олардың шыққан тегінің жан-жақты сипаты, рыноктың дүние жүзілік рынок ретінде болуы — міне бұл өнеркәсіп капиталының айналысы процесінің ерекше белгісі болып табылады. Басқаның товарлары жөнінде айтылған сөздер, сол дәрежеде басқаның ақшасына да қатысты; ақшаға товар капиталының тек товар ретінде қарама-қарсы тұратыны сияқты, бұл ақша да ол жөнінде тек ақша ретінде қызмет атқарады; ақша бұл жерде дүние жүзілік ақша қызметін атқарады.

Бірақ бұл жерде екі түрлі жағдайды айта кету қажет.

Біріншіден. Товар ( $\Theta\kappa$ ),  $A - \Theta\kappa$  актісі аяқталған бойда-ақ товар болудан қалады да, өнеркәсіп капиталының қызмет атқаратын  $\Theta$  формасында, өндіргіш капитал формасында оның өмір сүру әдістерінің біріне айналады. Ал осының арқасында

олардың өздерінің шыққан тегінің ізі жоғалады; товарлар өнеркәсіп капиталының өмір сүру формасында өмір сүре береді, олар өнеркәсіп капиталы құрамына енді. Бірақ та олардың орнын толтыру үшін олардың ұдайы өндірісі қажеттігі мұнда күшінде қалады, өйткені капиталистік өндіріс әдісі дамудың өзі тұрған сатысынан басқа сатыда тұрған өндіріс әдістерімен байланысты. Бірақ капиталистік өндіріс әдісінің тенденциясы қандай өндірісті болса да мүмкін болғанынша товар өндірісіне айналдыру; оның бұған жету жолындағы басты құралы өндірістің бұл әдістерін дәл өзінің айналыс процесіне тарту; ал дамыған товар өндірісінің өзі капиталистік товар өндірісі болып табылады. Өнеркәсіп капиталының кеулеп кіруі осы айнаруды барлық жерлерде де шапшаңдатады, ал сонымен қатар барлық тікелей өндірушілерді жалдамалы жұмысшыларға айналдыруды да тездетеді.

Екіншіден. Өнеркәсіп капиталының айналыс процесіне кірген товарлар (бұған қажетті күн көріс заттары да кіреді, өзгермелі капитал жұмысшыларға төленгеннен кейін жұмыс күшін ұдайы өндіру үшін осы күн көріс заттарына айналады) өздерінің шыққан тегінің қандай болуына, өздерін өндірген өндіріс процесінің қоғамдық формасының қандай болуына қарамастан өнеркәсіп капиталының өзіне енді товар капиталы формасында, товар-сауда капиталы, немесе көпес капиталы формасында қарама-қарсы тұрады; ал көпес капиталы өзінің жаратылысында қандай өндіріс әдісінде өндірілген товарларды болса да қамтиды.

Капиталистік өндіріс әдісінің өндірістің ірі аумақты болуын көздейтіні сияқты, нақ сол сияқты ол товарды сатып өткізудің де ірі аумақты болуын сөзсіз көздейді, демек, — товарларын жеке тұтынушыларға емес, көпеске сатуды көздейді. Ал бұл тұтынушының өзі өндіргіш тұтынушы, яғни өнеркәсіп капиталісі болғандықтан, демек, өндірістің бір саласының өнеркәсіп капиталы өндірістің басқа саласына өндіріс құрал-жабдығын жеткізіп беретін болғандықтан, бір өнеркәсіп капиталисі көптеген басқа капиталистерге де тікелей товар сатып (заказ т. с. формасында) отырады. Сондықтан әрбір өнеркәсіп капиталисі тікелей сатушы болып тұр, тіпті өзі жөнінде көпес болып табылады, оның бержағында, көпеске товар сатуда ол тікелей сатушы болып табылады.

Капиталистік өндіріс тұсында көпес капиталының қызметі болып табылатын товар саудасы керек болады және капиталистік өндіріс дамыған сайын ол дами түседі. Демек, біз айналыстың капиталистік процесінің кейбір жақтарын суреттей отырып, сонымен бірге товар саудасының бар екендігін де

есепке аламыз; айналыстың капиталистік процесіне жалпы анализ жасағанда біз көпестің делдалдығынсыз, тікелей сату-ды есепке аламыз, өйткені көпестің делдалдығы қозғалыстың әр түрлі моменттерін бүркемелейді.

Сөзді Сисмондига берейік, ол істі біраз аңғырт түсінеді:

«Саудада едәуір көп капитал болады, бұл тосыннан қарағанда біздің жоғарыда дамуы туралы жазған капиталымыздың бір бөлігі емес сияқты. Шұға саудагерінің магазиндерінде толып тұрған шұғаның құны жылдық өндірістің байдың кедейге жұмыс істеткізуі үшін, жалақы ретінде беретін бөлігінен ерекше тәрізді. Ал шынында сауда капиталы көбінесе біздің осы кезге дейін айтып келген капиталымыздың орнын басады. Байлықтың дамуын мүмкін болғанынша жақсы анықтау үшін, біз дамуды байлықтың пайда болу кезінен бастап тұтынылған кезіне дейін зерттеп отырдық. Мысалы, шұға өндірісіне ұсталатын капитал әрқашанда бірдей болып көрінеді; тұтынушының табысына айырбасталатын ол капитал екі бөлімге бөлінеді: оның бір бөлігі пайда түрінде кәсіпорын иесінің табысы болады, екінші бөлігі жұмысшылардың шұға өндірген кезінің жалақысы ретінде жұмысшы табысы болады.

Бұл капиталдың әр түрлі бөлігі белгілі қызметтерді орындауда бірінің орнын бірі басуы үшін, егер фабрикант пен тұтынушының арасындағы барлық товар айналымын жасау үшін жүз мың экю жеткілікті болса, ол үшін бұл жүз мыңның фабриканттың, көтере сауда етушінің және бөлшек сауда етушінің арасында тең бөлінуін ортақ мүдде қажетті талап етті. Біріншісі бұрын барлық капиталдың көмегімен өндірген товар мөлшерін енді капиталдың үштің бірінің көмегімен өндіре алатын болады, өйткені енді товар өндіріліп тез сатылуын керек еткен кезде тікелей тұтынушылардың арасынан сатып алушы табылуынан гөрі сатып алушы-көпес әлде қайда тез табылады. Оның бержағында көтере сауда етушінің капиталы ұсақ саудагердің капиталы есебінен орнын әлде қайда тез толтырады. Алдын ала жұмсалған жалақы сомасы мен соңғы тұтынушының төлейтін сатып алу бағасының арасындағы айырмашылық капиталға алынатын пайда болады. Бұл пайда фабриканттың, көтере сауда етушінің және бөлшек сауда етушінің арасында — олардың қызметі бөлінгеннен кейін — бөлінеді, өйткені істің жағдайы бір адамның орнына үш адамның, бір капиталдың орнына үш капиталдың қатысуын керек етсе де іс ортақ іс қой» («Nouveaux Principes», 1, p. 139, 40).

«Олардың» (саудагерлердің) «бәрі өндіріске жанама көмек көрсетеді, өйткені өзінің мақсаты тұтынуды көздейтін өндірісті, жасалған зат тұтынушыға жеткізілгенде ғана, аяқталды деп есептеуге болады» (Ib., p. 137).

Ауыспалы айналымның жалпы формаларын әңгіме еткенде және тегі бүкіл осы екінші кітапта біз ақшаны металл ақша ретінде қараймыз да, белгілібір мемлекеттердің арнаулы ғана мүлкі болатын құнның жәй белгісі символ ақшаны да, өзіміз әлі қарастырмаған кредит ақшаны да есепке алмаймыз. Зерттеудің бұл барысы, біріншіден, тарихи дәйектілікке сай келеді: капиталистік өндірістің алғашқы дәуірінде кредит ақшасы ешқандай роль атқармайды, немесе болмашы роль ғана атқарады. Екіншіден, зерттеудің бұл барысының қажеттілігі тео-

рия жағынан Туктің және басқалардың кредит ақшаның айналысы жөнінде осы күнге дейін қолданып келген сын зерттеулерінің бәрі оларды таза металл ақшаның негізінде қараса істің мәнісі қалай болар еді деген пікірге қайта-қайта оралуға мәжбүр етуімен дәлелденеді. Бірақ та металл ақшаның сатып алу құралы қызметін де, төлем құралы қызметін де атқара алатындығын естен шығармау керек. Істі қиындатпау үшін біз бұл II кітапта ақшаны тек жоғарыда көрсетілген бірінші қызмет атқару формасында ғана аламыз.

Өнеркәсіп капиталының, өзінің жеке ауыспалы айналымы процесінің бір бөлігі ғана болатын, айналыс процесі бұрын талданған жалпы заңдармен («Капитал», I кітап, III тарау) белгіленеді, өйткені оның өзі жалпы товар айналымының шеңберіндегі бірқатар акті ғана. Ақша айналымының шапшаңдығы неғұрлым тез болса, демек, әрбір жеке капитал өзінің товар немесе ақша метаморфоздарының қатарынан неғұрлым тез өтсе бір мөлшердегі ақша, мысалы, 500 ф. ст. өнеркәсіп капиталдарын (немесе товар капиталы формасындағы жеке капиталдарды) айналысқа кезекпен солғұрлым көп тартады. Осының арқасында ақша төлем құралы ретінде неғұрлым көп қызмет атқарса, демек, мысалы, товар капиталының орнын оны өндіру құрал-жабдығымен толтыру кезінде баланстарды теңестіруде айырмашылығын ғана төлеуге неғұрлым көбірек тура келетін болса және мысалы, жалақыны беруде төлеу мерзімі неғұрлым қысқа болса сол бір мөлшердегі капитал құны өзінің айналысына ақшаны солғұрлым аз керек етеді. Екінші жағынан, егер айналыс шапшаңдығы және басқа жағдайлардың бәрі өзгерілмейді деп есептелсе, онда ақша капиталы түрінде айналыста болуға тиісті ақшаның мөлшері товар бағасының сомасымен (товар санына көбейтілген баға) немесе, егер товардың саны мен құны белгілі болса, — ақшаның өзінің құнымен белгіленеді.

Бірақ жалпы товар айналысының заңдары капитал айналысы процесінің жәй айналыстың қатар актілері болғандықтан ғана күшінде қалады, бұл актілердің жеке өнеркәсіп капиталдары ауыспалы айналымының белгілі қызмет атқару сатыларын құрайтындығынан күшінде қалмайды.

Мұны анықтап алу үшін, біз айналыс процесін оның үздіксіз байланысында қарасақ, ең жақсысы сол болған болар еді; ал ол процесс мына екі формада сондай болып табылады:

$$II) \quad \theta \dots T' \left\{ \begin{array}{l} T - \\ -A' \\ T - \end{array} \right. \left\{ \begin{array}{l} A - T \\ \\ a - T \end{array} \right. < \begin{array}{l} \text{жс} \\ \theta_k \end{array} \quad \dots \theta (\theta')$$

$$\text{III) } T' \begin{cases} T- \\ -A' \\ T- \end{cases} \begin{cases} A-T \\ \\ a-t \end{cases} \begin{matrix} < \text{Ж} \\ \text{ӨҚЖ} \end{matrix} \dots \theta \dots T'$$

Айналыс процесі (оның  $T - A - T$  түрінде немесе  $A - T - A$  түрінде болуына байланыссыз) айналыстың тегі қатар актілері бола отырып, товар метаморфоздарының екі қарама-қарсы қатары ғана болып табылады, олардың әрбір жеке метаморфозы, сонымен қатар, басқаның товарының немесе сол товарға қарама-қарсы тұрған басқаның ақшасының қарама-қарсы метаморфозын қамтиды.

Товар иесіне  $T - A$  болған сатып алушыға  $A - T$  болады; бір товардың  $T - A$  түріндегі бірінші метаморфозы  $A$  түрінде шығатын басқа товардың екінші метаморфозы болып табылады;  $A - T$  актісінде керісінше болады. Демек, товар метаморфозының өзінің бір сатысында басқа товар метаморфозымен оның екінші сатысында ұштасуы жөнінде көрсетілген жағдай капитал айналысында да болады, өйткені капиталист сатып алушы ретінде де, сатушы ретінде де қызмет атқарады, ал сондықтан оның капиталы не басқаның товарына қарама-қарсы тұратын ақша ретінде, не басқаның ақшасына қарама-қарсы тұратын товар ретінде қызмет атқарады. Бірақ товар метаморфоздарының бұл ұштасуы сонымен қатар капиталдар метаморфоздары ұштасуының көрінісі болып табылмайды.

Біріншіден, жоғарыда көргеніміздей,  $A - T$  ( $\Theta қ$ ) әр түрлі жеке капиталдар метаморфоздарының ұштасулары болуы мүмкін. Мысалы, жіп иіруші-фабриканттың жібiнiң, товар капиталының орны бірсыпыралап көмiрдiң есебiнен толтырылады. Оның капиталының бiр бөлiгi ақша формасында болады да, онан товар формасына айналады, сонымен қатар капиталистiк көмiр өнеркәсiпшiнiң капиталы товар формасында болады, сондықтан да ақша формасына айналады; айналыстың сол бiр актiсiнiң өзiнде мұнда екi (өндiрiстiң әр түрлi саласына жататын) өнеркәсiп капиталының қарама-қарсы метаморфоздары болып отыр, демек,— бұл капиталдардың бiрқатар метаморфоздарының ұштасуы болып отыр. Бiрақ та, өзiмiздiң көргенiмiздей,  $A$ -ның айналатын  $\Theta қ$ -ы сөздiң қатаң мағынасында сөзсiз товар капиталы болуға, яғни өнеркәсiп капиталының қызмет атқаратын формасы болуға, капиталист өндiрген товар капиталы болуға тиiстi емес. Мұнда әрқашанда да бiр жағында  $A - T$  болса, екiншi жағында  $- T - A$  болады, бiрақ капиталдар метаморфоздарының ұштасуы әрқашанда бола бермейдi. Онан кейiн,  $A - Ж$ , жұмыс күшiн сатып алу ешқа-

шанда да капиталдар метаморфоздарының ұштасуы болып табылмайды, өйткені жұмыс күші жұмысшының товары бола тұрса да, капиталиске сатылғаннан кейін барып капитал болады. Екінші жағынан,  $T'—A'$  процесінде  $A'$ -ның товар капиталының өзгерген формасы болуы міндетті емес; ол ақшаға айналған жұмыс күші товар (жалақы) болуы немесе ақшаға айналған өнім, дербес қызметкер, құл, крепостной, қауым өндірген өнім болуы мүмкін.

Ал, екіншіден, жеке капиталдың айналыс процесінде болатын әрбір метаморфоздың атқаратын қызметі жағынан белгілі рольді орындау үшін бұл метаморфоздың басқа капиталдың ауыспалы айналымында тиісті қарама-қарсы метаморфозы болуы,— дүние жүзілік рыноктың барлық өндірісі капиталистік әдіспен жүргізіледі дегеннің өзінде де — тегі талап етілмейді. Мысалы,  $\Theta... \Theta$  ауыспалы айналымында  $T'$ -ді ақшаға айналдыратын  $A'$  сатып алушы жағында оның ақшаға айналған қосымша құны болуы (егер товар тұтыну заты болса); немесе  $A' — T' < \frac{Ж}{\Theta қ}$  -да (демек, бұған капитал қорланған болып кіреді)  $\Theta қ$  сатушы үшін  $A'$  оның капиталының айналысына оның алдын ала жұмсаған капиталының орнын толтырушы ретінде ғана енуі мүмкін және оның капиталының айналысына, мүлде кірмеуі де мүмкін, атап айтқанда, егер бұл  $A'$  табыстың жұмсалуды ретінде оның капиталынан тарамдалып бөлініп кететін болса кірмеуі мүмкін.

Демек, барлық қоғамдық капиталдың,— жеке капиталдар бұл жөнінде тек оның дербес қызмет атқаратын құрамды бөліктері ғана болып табылады,— әр түрлі құрамды бөліктері айналыс процесінде өзара бірінің орнын бірі қалай басады деген мәселе — әңгіме не капитал туралы болсын немесе қосымша құн туралы болсын — товар айналысы метаморфоздарының жәй ұштасуларын зерттеумен шешілмейді; метаморфоздар капитал айналысы үшін де, басқа қандай бір товар айналысы үшін де бірдей; бұл мәселе басқаша зерттеу әдісін керек етеді. Бұл жөнінде осы күнге дейін, егер оларға неғұрлым терең талдау жасалса, товар айналысының қай-қайсысына болса да тән метаморфоздардың тізбегін ғана зерттеуден алынған көмескі түсініктерден басқа ешнәрсесі жоқ, құрғақ сөздермен тынып келінді.

Өнеркәсіп капиталының, демек, капиталистік өндірістің ауыспалы айналым процесінің неғұрлым сезіліп тұратын ерекшеліктерінің бірі мына жағдай: бір жағынан, өндіргіш капи-

талды құрайтын элементтер товар рыногынан келіп түсуге және товар рыногы арқылы үнемі жаңарып тұруға яғни товар ретінде үнемі сатып алынуға тиіс, ал екінші жағынан, еңбек процесінің өнімі ол процестен товар ретінде шығып, әр қашан товар ретінде қайтадан сатылуға тиіс. Мысалы, төменгі Шотландияның қазіргі заманғы фермерін континенттің ескі қалыптағы ұсақ шаруасымен салыстырып көрейік. Біріншісі өз өнімінің бәрін сатады, сондықтан оның барлық элементтерінің орнын, тіпті тұқымға дейін, рыноктан сатып алып толтыруға тиіс; екіншісі өнімінің неғұрлым көп бөлігін тікелей тұтынады да, мүмкін болғанынша аз сатып алып, аз сатады және еңбек құралдарын, киім-кешектерін т. с. мүмкіндігінше өзі жасайды.

Осыған сүйене отырып, натуралды шаруашылық, ақша шаруашылығы және кредиттік шаруашылық қоғамдық өндіріс қозғалысының үш сипатты формасы ретінде біріне-бірі қарама-қарсы қойылып келінді.

Біріншіден, бұл үш форма тіпті де дамудың тепе-тең фазалары болып табылмайды. Кредиттік шаруашылық делінетіннің өзі ақша шаруашылығының формасы ғана, өйткені бұл екі атаудың екеуі де өндірушілердің өздерінің арасындағы айырбас қызметтерін немесе айырбас әдістерін бейнелейді. Дамыған капиталистік өндіріс тұсында ақша шаруашылығы кредиттік шаруашылықтың тек негізі ғана болып табылады. Сөйтіп, ақша шаруашылығы мен кредиттік шаруашылығы капиталистік өндіріс дамуының әр түрлі сатыларына ғана сай келеді, бірақ олар натуралды шаруашылыққа қарама-қарсы айырбастың тегі әр түрлі дербес формалары болып табылмайды. Бұл екі формаға натуралды шаруашылықтың мүлде әр түрлі формаларын да тең бағалы ретінде нақ сондай правомен қарама-қарсы қоюға болар еді.

Екіншіден, «ақша шаруашылығы», «кредиттік шаруашылық» деген категорияларда ерекше белгі ретінде шаруашылықты, яғни өндіріс процесінің өзін алмай, өндірістің әр түрлі агенттерінің арасындағы, немесе өндірушілердің арасындағы бұл шаруашылыққа тиісті айырбас әдісін атап көрсетіп, соны алатын болғандықтан, бірінші категорияны талдаған кезде де нақ осыны істеуге болар еді. Демек, «натуралды шаруашылықтың» орнына бізде айырбас шаруашылығы болған болар еді. Әбден томаға-тұйық натуралды шаруашылық, мысалы, инктердің перу мемлекеті<sup>32</sup>, бұл категориялардың ешқайсысына да сай келмеген болар еді.

Үшіншіден, ақша шаруашылығы товар өндірісінің қандайына болса да тән, ал өнім алуан түрлі қоғамдық өндірістік



организмде товар болып есептеледі. Демек, өнімнің сауда заты ретінде, товар ретінде өндірілген көлемі ғана, олай болса, өнімді құрайтын элементтердің сауда заттары ретінде, товар ретінде сол өнім шыққан шаруашылыққа қайта қосылуға тиісті болған көлемі ғана капиталистік өндірістің ерекше белгісі болып табылар еді.

Шындығына келгенде капиталистік өндіріс дегеніміз товар өндірісі, өндірістің жалпылық формасына айналатын өндіріс, бірақ оның мұндай болатын себебі — және өзінің дамуында бірден-бірге солай бола беретін себебі — мұнда еңбектің өзі товар болатындықтан ғана, жұмысшының еңбегін, яғни өзінің жұмыс күші атқаратын қызметін сататындығынан ғана, сатқанда да оны біздің білуімізше жұмыс күшінің өзін қайта қалпына келтіретін шығындармен белгіленетін құнына сатады. Еңбектің жалдамалы еңбекке айналуына қарай өндіруші өнеркәсіп капиталисіне айналады; сондықтан капиталистік өндіріс (демек, товар өндірісі де) селолық тікелей өндіруші жалдамалы жұмысшыға айналған кезде ғана өзінің толық көлемінде көрінеді. Капиталист пен жалдамалы жұмысшының арасындағы қатынаста ақша қатынасы, сатып алушы мен сатушының қатынасы өндірістің өзіне іштей тән қатынасқа айналады. Бірақ бұл қатынас өзінің негізінде айырбас әдісіне сүйенбейді, өндірістің қоғамдық сипатына сүйенеді; керісінше, айырбас әдісі өндірістің қоғамдық сипатынан туады. Ал бар зейінін коммерциялық қулық-сұмдықтарды жасауға аударатын буржуазиялық ой өрісіне өзіне сай келетін айырбас әдісінің негізі болатын өндіріс әдісінің сипаты емес, керісінше болу көзқарасы дәлме-дәл келеді <sup>7)</sup>.

Капиталист айналысқа ақша формасында өзінің онан алатын құнынан, аз құн жұмсайды, өйткені ол айналысқа өзінің онан товар формасында алған құнынан, оған товар формасында көп құн шығарады. Капиталист капитал бейнесінде, өнеркәсіп капиталисі ретінде ғана қызмет атқаратын болғандықтан оның товар құндарына деген сұранысынан товар құндарын ұсынуы ерқашанда артық болады. Сондықтан, егер оның ұсынысы мен сұранысы өзара тең болатын болса, онда бұл оның капиталы құн жағынан өспегендігін көрсетер еді; капитал өндіргіш капитал ретінде қызмет атқармаған болар еді; өндіргіш капитал қосымша құн туғызбай товар капиталына

<sup>7)</sup> Бұл жерде V колжазбаның тексті бітеді. Мұнан кейінгі, тараудың ақырына дейінгі, тексті Маркстің 1877 немесе 1878 жылғы дәптерлеріндегі ескертпесі, оның кітаптардан алған үзінділері арасындағы тексті.

айналған болар еді; өндіріс процесі кезінде ол жұмыс күшінен товар формасында қосымша құн шығармаған болар еді, демек, тегі капитал ретінде қызмет атқармаған болар еді. Капиталист шындығында өзінің «сатып алғанынан қымбат сатуға» тиіс; бірақ оның бұған, өзі сатып алған неғұрлым арзан товарды,— өйткені бұл товардың құны аз,— капиталистік өндіріс процесі арқылы құны көп товарға, демек, неғұрлым қымбат товарға айналдырған күнде ғана қолы жетеді. Ол өзінің товарын оның құнынан жоғары сатқандықтан қымбат сатпайды, товарды өзінің өндіріс элементтері құндарының сомасынан жоғары құнға сатқандықтан қымбат сатады.

Капиталистің ұсынысы мен сұранысының арасындағы айырмашылық неғұрлым көп болса, яғни оның ұсынған товар құны өзінің сұраныс жасайтын товар құнынан неғұрлым артық болса, оның өз капиталының құнын арттыратын нормасы солғұрлым жоғары болады. Оның мақсаты — сұраныс пен ұсыныстың өзара тең болуы емес, қайта олардың мүмкін болғанынша тең болмауы, өзінің ұсынысының сұранысынан артық болуы.

Жеке капиталист жөнінде күші бар нәрсе капиталистер табы жөнінде де өзінің күшін сақтайды.

Капиталист тек өнеркәсіп капиталын ғана бейнелейтін болғандықтан, оның сұранысы тек өндіріс құрал-жабдығы мен жұмыс күшіне деген ғана сұраныс болады. Капиталистің *Өқ*-на деген сұранысы, құн жағынан алып қарағанда, оның алдынала жұмсайтын капиталынан аз; ол өндіріс құрал-жабдығын өзінің капиталының құнынан аз құнға, ал сондықтан өзінің рынокқа шығаратын товар капиталының құнынан едәуір аз құнға сатып алады.

Ал капиталистің жұмыс күшіне деген сұранысына келсек, құн жағынан алып қаралатын бұл сұраныстың мөлшері оның өзгермелі капиталының барлық капиталына қатысымен, яғни  $v : K$  қатысымен белгіленеді, міне сондықтан капиталистік өндіріс тұсында жұмыс күшіне деген сұранысы оның өндіріс құрал-жабдығына деген сұранысынан салыстырмалы түрде кем дәрежеде өседі. Капиталист бірден бірге үдемелі дәрежеде, *Ж*-ны сатып алушыдан гөрі, неғұрлым *Өқ*-ны сатып алушыға айналады.

Жұмысшы өзінің жалақысын көбінесе тіршілік заттарына, онысын ең алдымен қажетті тіршілік заттарына айналдыратын болғандықтан, капиталистің жұмыс күшіне деген сұранысы сонымен қатар жұмысшы табының тұтынуына жататын тұтыну заттарына жанама түрдегі сұраныс болып табылады. Ал

бұл сұраныс  $v$ -ге тең және  $v$ -ден зәредей де артық емес (егер жұмысшы өзінің жалақысынан ауыстырып сақтайтын болса, — кредитке қатыстылардың бәрін біз бұл жерде әңгіме етпейміз, — бұл оның өз жалақысының бір бөлігін қазына ретінде сақтауға қалдырғанын, енді оның  $pro tanto^*$  сатып алушы сұраныс жасаушы болып шықпайтынын көрсетеді). Капиталистің сұранысының ең үлкен шеті  $= K = c + v$ , ал оның ұсынысы  $= c + v + m$ ; демек, егер оның товар капиталының құрылымы  $80c + 20v + 20m$  болса, онда оның сұранысы  $= 80c + 20v$ , яғни оның сұранысы құн жағынан қарағанда оның ұсынысынан  $1/5$  кем. Оның өндірген  $m$  аумағы процеске шаққанда (пайда нормасы) неғұрлым көп болса, оның сұранысы ұсынысына қарағанда солғұрлым аз болады. Капиталистің жұмыс күшіне деген, демек, жанама түрде, қажетті тіршілік заттарына деген сұранысы өндіріс прогресіне байланысты, оның өндіріс құрал-жабдығына деген сұранысына қарағанда үдемелі түрде келіп отыратын болса да, екінші жағынан, оның  $\Theta q$ -ға деген сұранысының орта есеппен алғанда оның капиталынан әрқашанда кем болатынын естен шығармау керек. Сөйтіп, оның өндіріс құрал-жабдығына деген сұранысы бұл өндіріс құрал-жабдығын оған жеткізіп беретін, және басқа жағдайлары тең болғанда да тең капиталмен жұмыс істейтін капиталистің товар өнімінен құн жағынан алғанда әрқашанда да аз болады. Іс жүзінде мұндай болатын бір ғана капиталист емес, көптеген капиталист екендігі істің мәнін ешқандай өзгертпейді. Айталық, ол капиталистің капиталы  $= 1\ 000$  ф. ст., оның капиталының тұрақты бөлігі  $= 800$  ф. ст.; бұл жағдайда оның барлық басқа капиталистерге жасайтын сұранысы  $= 800$  ф. ст.; ал, бұл басқа капиталистердің бәрі бірге өздерінің  $1\ 000$  ф. ст. (олардың әр қайсысына жеке алғанда бұл соманың қаншадан келетініне және бұл соманың оған тиісті үлесінің оның барлық капиталының қандай бөлігі болатынына қарамастан) пайда нормасы тең жағдайда құны  $1\ 200$  ф. ст. өндіріс құрал-жабдығын шығарып береді, демек, капиталистің сұранысы олардың ұсыныстарының  $2/3$ -іне ғана тең болады, ал оның өзінің барлық сұранысы, құн мөлшері жағынан қарағанда, оның өзінің ұсынысының  $4/5$ -іне ғана тең болады.

Енді біз тағы жол-жөнекей капитал айналымын қарастыруға тиістіміз. Бұл капиталистің барлық капиталы  $= 5\ 000$  ф. ст. екен делік, оның  $4\ 000$  ф. ст. негізгі капитал да,  $1\ 000$  ф. ст. — айналмалы капитал болсын; бұрынғы ұйғаруымыз бойынша,

\* — тиісінше. Ред.

бұл  $1\ 000 = 800c + 200v$ . Оның барлық капиталы жылына бір рет айналуы үшін, оның айналмалы капиталы жылына бес рет айналуы керек; бұл жағдайда оның товар өнімі  $= 6\ 000$  ф. ст., яғни оның авансыға жұмсалған капиталынан  $1\ 000$  ф. ст. артық, мұның өзі де қосымша құнның капиталға бұрынғыдай қатысын:

$5\ 000K : 1\ 000m = 100(c + v) : 20m$  көрсетеді. Демек, бұл айналым капиталистің жиынтық сұранысы мен оның жиынтық ұсынысының арасындағы арақатынасты өзгертпейді: сұраныс ұсыныстан бұрынғысынша  $\frac{1}{5}$  кем.

Оның негізгі капиталын 10 жылдан кейін жаңарту қажет екен делік. Демек, капиталист жыл сайын амортизацияға  $\frac{1}{10} = 400$  ф. ст. бөледі. Мұның нәтижесінде бір жылдан кейін оның негізгі капиталында  $3\ 600$  ф. ст. мөлшерінде құн қалады + ақшалай  $400$  ф. ст. Егер жөндеу жүргізу қажет болса және бұл жөндеу орта мөлшерден аспайтын болса, онда бұл жөндеуге шығарылатын шығын, басқасы жоқ, капитал жұмсалуы, мұны капиталист тек кейіннен ғана істейді. Біздің істі былайша қарауымызға болады: капиталист өзінің жұмсайтын капиталының құнын белгілеген кезде ол құн жылдық товар өніміне кіретін болғандықтан, әуел бастан-ақ оған жөндеуге шығатын шығынды қосқан болса, сөйтіп, негізгі капитал құнының  $\frac{1}{10}$ -не тең амортизацияда бұл шығындар да болады. (Егер іс жүзінде оның жөнделуге керегі ортадан төмен болса, онда бұл оған тиімді, ал ортадан жоғары болса, онда зиянды. Бірақ өнеркәсіптің бір саласында істейтін бүкіл капиталистер табы үшін, мұндай тиімділіктер мен зияндар бір-бірімен теңесіп жатады.) Қалай болған күнде де, оның барлық капиталы жылына бір рет айналса оның жылдық сұранысы  $5\ 000$  ф. ст.-ке тең болып отырса да, яғни оның әуелгі алдынала жұмсаған капиталына тең болса да, бұл сұраныс капиталдың айналмалы бөлігі жөнінде көбейіп отырады, ал капиталдың негізгі бөлігі жөнінде үнемі азайып отырады.

Енді ұдайы өндіріске көшейік. Капиталист барлық қосымша құнды, а-ні өзінің жеке керегіне тұтынады да, өндіргіш капиталға алғашқы капиталдың,  $K$ -нің мөлшеріне тең соманы ғана қайта айналдырады екен делік. Бұл жағдайда капиталистің сұранысы құн жағынан оның ұсынысына тең болады. Бірақ оның капиталының қозғалысына байланысты тең болмайды; ол капиталист ретінде өзінің ұсынысының  $\frac{4}{5}$ -не (құн мөлшері жағынан) сұраныс жасайды;  $\frac{1}{5}$ -ін ол капиталист емес ретінде, капиталист ретіндегі қызметтеріне бола емес, өзінің жеке керегіне немесе өз қызығына тұтынады.

Оның процентке шаққандағы есебі мынадай:

Оның капиталист ретіндегі сұранысы = 100, ұсынысы =  
= 120

Оның өз қызығы үшін өмір сүруді сүйетін адам ретіндегі сұранысы, = 20, ұсынысы = —

---

Сұраныс сомасы = 120, ұсыныс сомасы = 120

Бұлай ұйғару капиталистік өндіріс болмайды, сондықтан өнеркәсіп капиталисінің өзі де болмайды деумен бірдей, өйткені қозғаушы себеп өзін өзі байыту емес, жеке тұтынуы деп ұйғару капитализмнің негізінің өзін жойып жібереді.

Ал оның бержағында, бұлай ұйғару техникалық жағынан да мүмкін емес. Капиталист бағаның ауытқуынан өзін қауыпсыздандыру үшін және сатып алу, сату жөнінде неғұрлым қолайлы конъюнктураны күтуге мүмкіндігі болуы үшін резерв капиталын ғана жасауға тиісті емес; ол өндірісін ұлғайту үшін және өзінің өндіргіш организміне техника жетістіктерін енгізу үшін капитал қорландыруға тиіс.

Капитал қорландыру үшін, капиталист ең алдымен қосымша құнның айналыстан өзіне ақша формасында түсетін бірсыпыра бөлігін айналыстан алып, ол мұны ескі кәсіпорынды ұлғайтуға немесе ескі кәсіпорынмен қатар жаңа кәсіпорын ашуға қажетті мөлшерге жеткенше қазына ретінде көбейте беруге тиіс. Қазына жиналып жатқан кезде ол капиталистің сұранысын көбейтпейді; ақша пайдаланусыз жатады, бұл ақша рынокқа түсірілген товар үшін онан шығарылып алынған ақша эквивалентіне айырбасқа товар түрінде товар рыногынан ешқандай эквивалент алмайды.

Мұнда кредит әңгіме етілмейді; мысалы, капиталист ақшаның қорлануына қарай, оны процент алу үшін күнделікті сөтқа банкіге салса, бұл кредит саласына жатады.

## БЕСІНШІ ТАРАУ

### АЙНАЛЫС УАҚЫТЫ<sup>8)</sup>

Капиталдың өндіріс саласы және айналыс саласының екі фазасы арқылы қозғалуы, өзіміз көргендей, уақыт жағынан дәйекті түрде болады. Оның өндіріс саласында болатын уақыты оның өндіріс уақытын, айналыс саласында болатын уақыты оның айналу немесе айналыс уақытын құрады. Сондықтан капиталдың өзінің ауыспалы айналымын жасайтын барлық уақыты өндіріс уақыты мен айналыс уақытының сомасына тең болады.

Өндіріс уақытына, әрине, еңбек процесінің кезеңі кіреді, бірақ бұл кезең өндіріс уақытының барлығын қамтымайды. Ең алдымен мынаны еске салайық: тұрақты капиталдың бір бөлігі машина, құрылыс т. с. сияқты еңбек құрал-жабдығы түрінде болады, бұлар өздері тозып біткенше қайта-қайта қайталанып отыратын сол бір еңбек процесінде қызмет етеді. Еңбек процесінің мезгілімен, айтайық түнде, тоқтауы бұл еңбек құрал-жабдығының қызмет етуін тоқтатса да, оның өндіріс орнында болуын жоймайды. Бұл еңбек құрал-жабдығы онда өзі қызмет еткен уақытта ғана болып қоймайды, сонымен қатар өзі қызмет етпеген уақытта да сонда болады. Екінші жағынан, рыноктың күнбе-күн товар ұсынуындағы кездейсоқ жағдайларға байланыссыз өндіріс процесі белгілі уақыт ішінде күнілгері мөлшерленген көлемде жүргізілуі үшін, капиталисте шикізат пен қосалқы материалдарының белгілі қоры болуы керек. Шикізаттың т. с. бұл қоры өндірісте бірте-бірте, аз-аздап қана тұтынылады. Сондықтан капиталдың өндіріс уақыты<sup>9)</sup> мен оның қызмет атқаратын уақытының арасында айырма болады. Демек, өндіріс құрал-жабдығының өндіріс уақыты тегі

<sup>8)</sup> Төменде IV қолжазбадан текст келтіріледі.

<sup>9)</sup> Өндіріс уақыты бұл жерде белсенді қатысу мағынасында алынып отыр: өндіріс құрал-жабдығының өндіріс уақыты бұл жерде оның өзінің өндіріліп жататын уақыты емес, оның товар өнімін өндіру процесіне қатысатын уақыты.— Ф. Э.

мыналарды қамтиды: 1) өзі өндіріс құрал-жабдығы ретінде қызмет атқаратын, яғни өндіріс процесінде қызмет ететін уақытты; 2) өндіріс процесі, ал демек, онда қолданылатын өндіріс құрал-жабдығының қызметі тоқтайтын үзілістерді; 3) өндіріс құрал-жабдығы процестің шарттары ретінде дайын күйінде әзір болса да, демек, өндіргіш капитал ретінде дайын болса да, бірақ әлі өндіріс процесіне енгізілмеген уақытты қамтиды.

Бұл жоғарыда айтылған айырмашылық әр уақытта да өндіргіш капиталдың өндіріс саласында болған уақыты мен оның өндіріс процесінде болған уақытының арасындағы айырмашылық. Бірақ та өндіріс процесінің өзі еңбек процесіндегі, сондықтан еңбек уақытындағы үзілістерді туғызуы, адам еңбегінің онан әрі жұмсалудың керек етпейтін физикалық процестердің ықпалында болатын интервалдарды туғызуы мүмкін. Бұл жағдайда еңбек процесі, демек, өндіріс құрал-жабдығының еңбек құрал-жабдығы ретінде қызмет істеуі тоқталса да, өндіріс процесі, ал сондықтан өндіріс құрал-жабдығының қызмет атқаруы жүріп жатады. Біз мұны жерге себілген дән, погребке ашытуға қойылған шарап, көптеген өнеркәсіп орындардағы еңбек материалы, мәселен, бұл материал химиялық процеске түсетін былғары илеу кәсіпорындарындағы еңбек материалы мысалынан көреміз. Мұнда өндіріс уақыты еңбек уақытынан көп. Бұл екеуінің арасындағы айырмашылық өндіріс уақытының еңбек уақытынан артып түсуінде. Бұл артып түсу не өндіргіш капитал өндіріс процесінің өзінде қызмет атқармай, өндіріс саласында *жасырын* болған кезінде не ол өндіріс процесінде қызмет атқарып, еңбек процесінде болмаған кезінде әрқашанда болып отырады.

Жасырын өндіргіш капиталдың өндіріс процесі үшін керекті шарты ретінде ғана әзір болып тұрған бөлігі, мысалы, жіп иіру фабрикасындағы мақта, көмір т. с. сияқты бөлігі өнім жасау факторы есебінде де, құн жасау факторы есебінде де қызмет атқармайды. Ол тек бос қарап жатқан капитал, бірақ оның бос қарап жатуы өндіріс процесінің үздіксіз жүруінің шарты болып табылады. Құрылыстар, аппараттар, т. с. өндіргіш қорды (жасырын капиталды) сақтаушы ретінде қажет, өндіріс процесінің шарты, міне сондықтан алдынала жұмсалған өндіргіш капиталдың құрамды бір бөлігі. Олар өндіргіш капиталдың алғашқы сатысында оның құрамды бөліктерін сақтаушы болудағы өз қызметін атқарады. Бұл сатыда еңбек процестері қажет болғандықтан, ол процестер шикізатты т. с. қымбаттатады, ал олар өнімді еңбек болып табылады және қосымша құн жасайды, өйткені, басқа жалдамалы еңбек сияқ-

ты, бұл еңбектің бір бөлігі де төленбейді. Бүкіл өндіріс процесінің қалыпты үзілістері кезінде, демек, өндіргіш капиталдың қызмет атқармайтын интервалдары кезінде құн да, қосымша құн да өндірілмейді. Осыдан келіп түнде де жұмыс істеткізуге ұмтылушылық туады («Капитал», I кітап, VIII тарау, 4).— Өндіріс процесінің өзінің кезінде еңбек затына тура келетін еңбек уақытындағы мұндай интервалдар құн да, қосымша құн да жасамайды; бірақ олар өнім жасауға көмектеседі, өнім өмірінің бір бөлігі болады, өнімнің өтуіне тиісті процесі болып табылады. Аппараттардың және сондайлардың құны өнімге олардың барлық қызмет атқарған уақытына сәйкес көшіріледі; өндірістің бұл сатысына өнімді еңбектің өзі аударады, сөйтіп, жіп иіруде мақтаның өнімге кірмейтін, бірақ солай болса да өзінің құнын оған көшіретін, шаңға кететін бөлігі қандай дәрежеде өндіріс шарты болып табылатын болса, бұл аппараттармен пайдалану да сондай дәрежеде өндіріс шарты болып табылады. Жасырын капиталдың, мысалы құрылыстар, машиналар т. с. сияқты басқа бөлігі, яғни қызмет атқаруы өндіріс процесіндегі қалыпты үзілістердің нәтижесінде ғана тоқталатын еңбек құрал-жабдығы,— өндірістің қысқаруы, дағдарыстардың болуы т. с. нәтижесінде болатын қалыпты емес үзілістер таза зиян болып табылады,— жасырын капиталдың бұл бөлігі өнімнің жасалуына қатыспаса да өзінің құнын өнімге қосады; бұл бөліктің өнімге қосатын барлық құны оның өмір сүру уақытының орта мөлшерімен белгіленеді; ол қызмет атқарған кезінде де, сол сияқты қызмет атқармаған кезінде де тұтыну құнын жоғалтатын болғандықтан, өзінің құнын да жоғалтады.

Ақырында, тұрақты капиталдың еңбек процесінің тоқталуына қарамастан өндіріс процесінде бола беретін бөлігінің құны өндіріс процесі өнімінің құнында тағы пайда болады. Бұл жерде еңбектің өзі өндіріс құрал-жабдығын сондай жағдайларға қояды, бұл жағдайлардың шеңберінде өндіріс құрал-жабдығы өздігінен белгілі табиғи процестердің бір қатарынан өтеді, сөйтіп осылардың нәтижесінде белгілі пайдалы тиімділіктер болады, немесе ол өндіріс құрал-жабдығы тұтыну құнының формасына өзгеріс енеді. Еңбек әрқашанда өндіріс құрал-жабдығының құнын өнімге көшіреді, өйткені еңбек оны өндіріс құрал-жабдығы ретінде шын мәнісінде орынды тұтынады. Еңбек бұл нәтижеге жету үшін еңбек затына еңбек құрал-жабдығы арқылы үздіксіз әрекет жасауға тиісті болды ма, немесе ол өндіріс құрал-жабдығын күнілгері белгіленген өзгеріске, еңбектің онан әрі көмек көрсетуінсіз-ақ табиғи процестердің арқасында өзінен-өзі жететін жағдайға



қоятын бірінші түрткі жасауға тиісті болды ма, бұл істің мәнін ешқандай өзгертпейді.

Өндіріс уақытының еңбек уақытынан артуы неге негізделсе де, — өндіріс құрал-жабдығының тек жасырын өндіргіш капитал құрауына, демек, өндірістің шын мәнісіндегі процесіне әлі өту табалдырығында болуына негізделді ме, немесе өндіріс процесі кезінде өндіріс құрал-жабдығының қызмет атқаруы сол процесте болған үзілістің салдарынан кідіруіне негізделме, не болмаса, ақырында, өндіріс процесінің өзі еңбек процесінде үзіліс болуға себепкер болуына негізделме, — бұл жағдайлардың ешқайсысында да өндіріс құрал-жабдығы еңбекті соратындай қызмет атқармайды. Егер ол еңбекті сормаса, ол қосымша еңбекті де сормайды. Сондықтан өндіргіш капитал өзінің өндірісінің еңбек уақытынан артылатын кезінде, құнның өзіне қамтып отырады, сөйтіп біріншінің екіншіден артық бөлінбейтін болса да, өндіргіш капиталдың құны артпайды. Өндіріс уақыты мен еңбек уақыты бір бірімен неғұрлым сай келсе ол өндіргіш капиталдың сол кездің ішіндегі өнімділігі мен құнының артуы солғұрлым көп болатыны өзінен өзі түсінікті. Сондықтан капиталистік өндіріс еңбек уақытынан өндіріс уақытының артылуын мүмкін болғанынша кемітуге ұмтылады. Бірақ капиталдың өндіріс уақыты еңбек уақытынан ауытқуы мүмкін болса да өндіріс уақыты еңбек уақытын әрқашанда өзіне қамтып отырады, сөйтіп біріншінің екіншіден артық болуы өндіріс процесінің шарты болып табылады. Демек, өндіріс уақыты дегеніміз капиталдың тұтыну құн өндіретін және өзінің құн жағынан өсетін, яғни өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаратын уақыты, рас, өндіріс уақыты капиталдың жасырын түрінде болатын, не өзі құн жағынан өспесе де өнім өндіретін уақыты да қамтиды.

Айналыс саласында капитал товар капиталы және ақша капиталы түрінде болады. Оның айналысының екі процесі өзінің товар формасынан ақша формасына және ақша формасынан товар формасына айналуында. Мұнда товардың ақшаға айналуы сонымен қатар товардағы қосымша құнның ақшаға айналуы болып табылатын жағдайы және ақшаның товарға айналуы сонымен қатар капитал құнының өзінің өндіріс элементтерінің формасына айналу немесе қайта айналу жағдайы бұл процестердің, айналыс процестері ретінде, товарлардың жай метаморфозының процестері болуы жөнінде мүлде ештеңені өзгертпейді.

Айналыс уақыты мен өндіріс уақыты бұл екеуі екі басқа нәрсе. Капитал өзінің айналыс уақытының ішінде өндіргіш капитал ретінде қызмет атқармайды, сондықтан товар да, қо-

сымша құн да өндірмейді. Егер біз ауыспалы айналымды бүкіл капитал құны әр ретте бір фазадан екінші фазаға бірден өтетін, нағыз қарапайым формасында қарасақ, онда өндіріс процесінің, демек, капитал құнының өздігінен өсуінің айналыс уақыты біткенге дейін кідіретіні өз-өзінен түсінікті, сөйтіп өндіріс процесінің тез не баяу қайталануы айналыс уақытының созылуына байланысты болады. Мұның керісінше, егер капиталдың әр түрлі бөліктері ауыспалы айналымын бірінен соң бірін жасайтын болып, бүкіл капитал құнының ауыспалы айналымы өзінің әр түрлі бөлімдерінің ауыспалы айналымында дәйекті түрде жүзеге асатын болса, онда капитал құнының құрамды бөліктерінің айналыс саласында үнемі кідіріп қалатын уақыты неғұрлым ұзақ болса, оның өндіріс саласында үнемі қызмет атқарып тұратын бөлігі солғұрлым аз болатыны айқын. Сондықтан айналыс уақытының ұзаруы мен қысқаруы өндіріс уақытының ұзаруы мен қысқаруына немесе сол мөлшердегі капиталдың өндіргіш капитал ретінде қызмет атқару дәрежесіне теріс шек қойылуы ролін атқарады. Капитал айналысының метаморфоздары неғұрлым үлкен дәрежеде мүлтіксіз болып келсе, яғни айналыс уақыты неғұрлым нольге тең немесе нольге жуық болып келсе, капитал солғұрлым көп қызмет атқарады, оның өнімділігі және оның құнының өздігінен өсуі солғұрлым жоғары болады. Мысалы, егер капиталист заказға істеп, ақыны өнімді жеткізіп бергенде алатын болса және бұл ақы оның өз өндірісінің құрал-жабдығымен төленсе, онда айналыс уақыты нольге жуықтайды.

Сөйтіп, капиталдың айналыс уақыты тегі оның өндіріс уақытын, ал сондықтан оның құнын өсіру процесін де тежейді. Онысын айналыс уақыты бұл процесті өзінің ұзақтығына пропорционалды тежейді. Бұл ұзақтықтың мүлде әралуан дәрежеде арта не кеми түсуі мүмкін, сондықтан капитал өндірісінің уақытын мүлде алуан түрлі дәрежеде тежейді. Бірақ саяси экономия тек *сыртқы көріністі* ғана, атап айтқанда, айналыс уақытының капиталдың жалпы құн жағынан өсу процесіне әсер етуін ғана көреді. Бұл теріс әсерді саяси экономия оң әсер деп санайды, өйткені оның нәтижелері тиімді. Саяси экономияның бұл жалған көрініске жармаса түсетін себебі: бұл көрініс капиталда өзінің өндіріс процесіне байланыссыз, сондықтан еңбекті қанауға байланыссыз құнның өздігінен өсуінің мистикалық қайнар көзі бар екендігін, және бұл қайнар көздің айналыс саласында болуын дәлелдейтін сияқты болып көрінеді. Тіпті ғылыми саяси экономияның да бұл жалған көрініспен өзін-өзі қалай алдайтынын біз кейінірек көреміз. Бұл жалған көрініс, кейінде көрсетілетініндей, әр түрлі құбылыс-

тардан өзіне қолдау табады: 1) Пайданы есептеудің капиталистік әдісінде, мұнда теріс себеп оң себеп ретінде көрінеді, өйткені тек айналыс уақыты ғана әр түрлі жұмсалудың әр қилы салаларындағы капиталдар үшін айналыстың неғұрлым ұзақ уақыты бағаны арттыру себебі ретінде, — бір сөзбен айтқанда, пайданы теңестіру себептерінің бірі ретінде әрекет етеді. 2) Айналыс уақыты айналым уақытының бір бөлігі ғана, ал айналым уақытында өндіріс уақыты да немесе ұдайы өндіріс уақыты да бар. Өзінің өмір сүруі шынына келгенде ұдайы өндірістің арқасында болып отырған нәрсе айналыс уақытының арқасында өмір сүріп отырған сияқты болып көрінеді. 3) Товарлардың өзгермелі капиталға (жалақыға) айналуы, олардың алдынала ақшаға айналуымен байланысты. Демек, капиталдың қорлануында товардың қосымша өзгермелі капиталға айналуы айналыс саласында жүзеге асады немесе айналыс уақытында болады. Сондықтан жүзеге асырылған қорланудың түп тамыры нақ айналыс уақытының арқасында болған сияқты болып көрінеді.

Айналыс саласында капитал, әр түрлі дәйектілікпен екі қарама-қарсы фазадан  $T — A$  және  $A — T$ -ден өтеді. Сөйтіп, оның айналыс уақыты да екі бөлімге, оған товардан ақшаға айналуға керек уақытқа және оған ақшадан товарға айналуға керек уақытқа бөлінеді.  $T — A$ , сатудың, товар метаморфозының ең қиын бөлігі екені және сондықтан, әдеттегі жағдайларда, айналыс уақытының үлкен бөлігі болатыны жәй товар айналысына анализ жасаудан («Капитал», I кітап, III тарау) белгілі болған. Ақша түрінде құн өзінің әрқашанда басқа формаға айналдыруға бола алатындай формасында болады. Ал товар түрінде құн тек ақшаға айналу арқылы ғана, тікелей айырбасталуға қабілетті және сондықтан әрекет жасауға әрқашанда дайын формаға түсе алады. Онысын капитал айналысы процесінің  $A — T$  фазасында әңгіме ақша капиталының сол кәсіпорындағы өндіргіш капиталдың белгілі элементтерін құрайтын товарларға айналуы туралы болады. Өндіріс құрал-жабдығының рынокта болмай қалатын, оны әлі өндіру немесе қашықтағы рыноктардан жеткізу керек болатын не болмаса оны әдеттегі ұсынуда кідірістер, бағаның өзгеруі т. с. болатын реттердің болуы мүмкін — бір сөзбен айтқанда,  $A — T$  формасының жәй өзгеруінде есепке алуға болмайтын, бірақ айналыс фазасының осы бөлігі үшін де уақыттың бірде көп, бірде аз жұмсалуын керек ететін толып жатқан жағдайлардың кездесуі мүмкін.  $T — A$  мен  $A — T$ -ның уақыт жағынан бөлінетіні сияқты, олардың кеңістік жағынан бөлінуі де мүмкін, сатып алу рыногы мен сату рыногының кеңістік жағынан әр түрлі

рыноктар болуы мүмкін. Мысалы, фабрикаларда сатып алушы мен сатушы көбінесе тіпті әр түрлі адамдар болады. Товар өндірісінде өндірістің өзі қандай қажет болатын болса, айналыс та сондай қажет, демек, өндірістің агенттері қандай қажет болатын болса, айналыстың агенттері де сондай қажет. Ұдайы өндіріс процесі капиталдың екі қызметін де қамтиды, демек, бұл қызметтерді капиталистің өзі немесе жалдамалы жұмысшылар, яғни капиталистің агенттері жүргізуін қажет етеді. Бірақ та бұл айналыс агенттерін өндіріс агенттерімен, сол сияқты товар және ақша капиталы қызметтерін өндіргіш капиталы қызметтерімен шатастыруға ешқандай негіз бола алмайды. Өндіріс агенттері айналыс агенттеріне ақы төлеуге тиіс. Ал егер бір бірінен сатып алатын және бірі екіншісіне сататын капиталистер бұл актісімен өнім де, құн да жасамайтын болса, егер олардың кәсіпорындарының мөлшері сатып алу-сату қызметтерін басқаларға жүктеуге оларға мүмкіндік берсе немесе оларды осыған мәжбүр етсе, бұдан әлгі жағдай ешқандай өзгермейді. Бірқатар кәсіпорындарда сатып алушылар мен сатушыларға ақы танъемаларымен яғни пайданың үлестерімен төленеді. Оларға тұтынушылар ақы төлейді деген сөздің ешқандай мағынасы жоқ. Тұтынушылар өздері өндіріс агенттері ретінде товар түрінде эквивалент өндіретін болса ғана, немесе оны өндіріс агенттерінен белгілібір заңды титул негізінде (олардың қоғам жөніндегі серіктері, т. с. ретінде), болмаса жеке қызмет көрсету негізінде алып, иемденетін болса ғана ақы төлейді.

$T - A$  мен  $A - T$  арасында айырмашылық бар, бұл айырмашылықтың товар формасы мен ақша формасы арасындағы айырмашылықпен ешқандай қатысы жоқ, ол өндірістің капиталистік сипатынан туады.  $T - A$  мен  $A - T$ -ның өзін алсақ, бұл белгілібір құнның бір формадан екінші формаға айналуы ғана. Ал  $T' - A'$  сонымен қатар  $T'$ -дағы қосымша құнды шығарып алу болып табылады.  $A - T$ -де жағдай олай емес. Сондықтан сату сатып алудан маңыздырақ. Қалыпты жағдайда  $A - T$  актісі  $A$ -дағы құнды көбейтуге қажетті акті болады, бірақ қосымша құнды шығарып алу болып табылмайды; бұл — қосымша құнды өндірудің кіріспесі, бірақ оны өндірудің қорытынды актісі емес.

Товарлардың өмір сүру формасының өзі және олардың тұтыну құндары ретінде өмір сүруі  $T' - A'$  товар капиталының айналысына белгілі шек қояды. Тұтыну құндары өзінің жаратылысында өзгермелі болып келді. Сондықтан егер тұтыну құндары белгілі уақыттың ішінде өзінің жасалуына қарай, не өндірістік тұтыну не жеке тұтыну саласына түспесе, басқа

сөзбен айтқанда, олар белгілі уақыттың ішінде сатылмаса, ол тұтыну құндары бүлінеді және сонымен қатар өзінің тұтыну құнымен бірге айырбас құнының тұлғасы болу қасиетін де жоғалтады. Ондағы капитал құны өзіне қосылған қосымша құнмен бірге жоғалады. Тұтыну құндарының үнемі сақталып және өзінен-өзі өсіп отыратын капитал құнының тұлғасы болатын себебі — олар сол түрдегі немесе басқа түрдегі жаңа тұтыну құндарымен орнын толтырып, үздіксіз қайталанып, ұдайы өндіріліп отырылуында ғана. Ал тұтыну құндарының дайын товар формасында сатылуы, демек, оның сатылу арқылы өндірістік немесе жеке тұтынуға түсуі олардың ұдайы өндірілуінің үнемі қайталанып тұратын шарты болып табылады. Белгілібір уақыт шеңберінде бұл тұтыну құндары жаңа тұтыну формасында өмір сүре беруі үшін өзінің бұрынғы тұтыну формасын ауыстыруға тиіс. Айырбас құны, өзінің товарлық денесін осылай үнемі жаңартып тұру арқылы ғана сақталады. Әр түрлі товардың тұтыну құны бірі тез, бірі баяу бұзылады; сондықтан олардың өндірілуі мен тұтынылуы арасында көп немесе аз уақыт мерзімі өтеді. Демек, олар жойылу қаупіне ұшырамай-ақ товар капиталы түрінде айналыстың  $T - A$  фазасында азды-көпті ұзақ уақыт қала алады, товар ретінде айналыстың азды-көпті уақытына шыдай алады. Товар капиталының товар денесінің бұзылуына байланысты болатын айналыс уақытының шегі айналыс уақытының осы бөлігінің немесе товар капиталының товар күйінде өмір сүре алатын айналыс уақытының абсолют шегі болып табылады. Товар неғұрлым тез бұзылатын болса, ол неғұрлым тез тұтынылуға, демек, өндірілгеннен кейін неғұрлым тез сатылуға тиісті болса, ол өзінің өндірілген жерінен солғұрлым алысқа шығарыла алмайды, демек, оның айналыс саласы кеңістік жағынан солғұрлым тар болады, оның сатып өткізілу рыногының жергіліктілік сипаты солғұрлым күшті болады. Сондықтан, товар неғұрлым тез бұзылатын болса, товардың физикалық қасиеттері салдарынан оның товар ретіндегі айналыс уақытының абсолют шегі неғұрлым аз болса, оның капиталистік өндірістің өнімі болуға жарамдылығы солғұрлым кем болады. Мұндай товарды капиталистік өндіріс халқы тығыз орналасқан жерлерде ғана немесе транспорт құралдарының дамуымен байланысты өндіріс орны мен сатып өткізу рыногының арасы қысқара түскен кезде ғана қамтиды. Қандай бір товардың болсын өндірісінің аздаған адамдардың қолдарында және халқы тығыз орналасқан жерлерде шоғырлануы, мысалы, ірі сыра қайнату заводтарының, сүт кәсіпорындарының т. с. өнімдері сияқты товарларға да біршама үлкен рынок ашады.

## АЛТЫНШЫ ТАРАУ

### АЙНАЛЫС ШЫҒЫНДАРЫ

#### І. ТАЗА АЙНАЛЫС ШЫҒЫНДАРЫ

##### 1) САТЫП АЛУ ЖӘНЕ САТУ УАҚЫТЫ

Капитал формасының товардан ақшаға және ақшадан товарға айналуы сонымен қатар капиталистің сауда келісімі, сатып алу және сату актілері болып табылады. Капитал формасының бұл айналулары жүзеге асып жатқан уақыт, субъективті түрде, капиталист тұрғысынан алғанда, сату және сатып алу уақыты, яғни капиталистің рынокта сатушы және сатып алушы қызметін атқарған уақыты болады. Капиталдың айналыс уақыты оның ұдайы өндірісі уақытының қажетті бір бөлігі болып саналады; дәл сол сияқты, капиталистің сатып алатын және сататын, оның рынокта жорытып жүретін уақыты оның капиталист ретінде яғни кісі кейпіндегі капитал ретінде қызмет атқару уақытының қажетті бір бөлігі. Бұл оның қызмет уақытының бір бөлігі.

{Біз товар өз құнына сатып алынады және өз құнына сатылады деп есептегендіктен, бұл актілерде әңгіме сол бір құнның бір формадан екінші формаға, товар формасынан ақша формасына, ақша формасынан товар формасына айналуы туралы,— әңгіме тұрпатының өзгеруі туралы ғана болады. Егер товар өзінің құнына сатылатын болса, онда құнның мөлшері сатып алушының қолында да, сатушының қолында да өзгермей бір қалпында қалады; оның тек өмір сүру формасы ғана өзгереді. Ал егер товар өз құнына сатылмаса, онда айналуға болған құн сомасы өзгермейді: бір жағына плюс болған екінші жағына минус болады.

Ал  $T - A$  және  $A - T$  метаморфоздары сатып алушы мен сатушының арасында болатын сауда келісімдері; келісім туралы сөз байласуға оларға уақыт керек, оның бер жағында

мұнда бір жағы екінші жағын ұту үшін тартыс болып жатады; талапкерлер біріне-бірі қарсы тұрады, ал «when Greek meets Greek then comes the tug of war» \*. Товар тұрпатының өзгеруі уақытты, жұмыс күшін де керек етеді, бірақ құн жасау үшін емес, құнның бір формасын екінші формасына айналдыру үшін керек етеді. Мұнда артық құн мөлшерін әрқайсысы өзі алуға тырысуы істің мәнін ешқандай өзгертпейді. Екі жақтың да әдейі арттыра түсетін бұл еңбегі, сот процесін жүргізуге жұмсалған еңбектің дау-шар объектісінің құнын арттырмайтыны сияқты, нақ сол сияқты, құн жасамайды. Капиталистік өндіріс процесінің бүкіл жиынтығын алғанда, яғни капиталистің өндіріс процесі айналысты да өзінің қамтуына алғанда, немесе бұл процесс айналысқа енгізілгенде оның қажетті моменті болатын бұл еңбектің ролі, — мысалы, қандай болсын бір затты жылылық алу үшін жағуға жұмсалған еңбектің ролі сияқты. Жағуға жұмсалған бұл еңбек жылылық жасамайды, бірақ ол оттың жану процесінің қажетті моменті болып табылады. Мысалы, көмірді отын есебінде пайдалану үшін, мен оны оттегімен қосуым керек, және сөйтіп оны қатты күйінен газ тәрізді күйге айналдыруым керек (өйткені оттегі газында, жанудың нәтижесінде, көмір газ тәрізді күйде болады), демек, мен оның өмір сүруінің физикалық формасына немесе оның физикалық күйіне өзгеріс енгізуім керек. Жаңа қоспа жасалуының алдында көмір тегінің бір қатты денеге біріккен молекулдарының бөлінуі және көміртегі молекулдарының өздерінің жеке атомдарға бөлінуі тиіс. Мұның бәрі белгілі мөлшерде күш-жігердің жұмсалудың керек етеді, ол күш-жігер сөйтіп жылудың қосымша мөлшеріне айналмайды, қайта жылудан шегеріліп алынады. Сондықтан, товар иелері капиталистер болмай, тікелей дербес товар өндірушілер болса, олардың сатып алу және сатуға жұмсалған уақыты олардың жұмыс уақытынан шегеріліп алынып тасталатын уақыт. Міне сондықтан да олар әрқашанда да (ерте заманда да, орта ғасырда да) бұл сияқты жұмыстарды мейрам күндеріне туралап отырды.

Товар айналымының капиталистер қолында болатын мөлшері бұл құн жасамайтын, тек құн формасының өзгеруіне себепкер болатын еңбекті құн жасайтын еңбекке, әрине, айналдыра алмайды. Еңбектің кереметпен мұндай қайта тууы оның басқа біреуге жүктелуінің нәтижесінде де яғни өнеркәсіп капиталистері бұл «жағу жөніндегі еңбекті» өздері жасаудың

\* — «егер грек грекпен кездесе қалса, арпалысқан тартыстың болғаны»; XVII ғасырдағы ағылшын драматургі Н. Лидің «Күндес ханымдар немесе Ұлы Александрдің ажалы» деген трагедиядан өзгертіліп алынған сөздер. *Ред.*

орнына оны өздері ақы төлейтін үшінші адамдардың арнаулы кәсібіне айналдыру нәтижесінде де мүмкін емес. Әрине, бұл үшінші адамдар өздерінің жұмыс күшін бұлардың қарамағына олардың *beaux yeux* \* бола бермейді ғой. Қалай дегенмен, қандай болсын бір жер қожасында қызмет ететін рента жинаушы үшін, немесе банк қызметкері үшін өздерінің еңбегі рентаның да, басқа банкке қапшықтап тасылатын сом алтындардың да күн мөлшерін зәредей де арттырмайтынының ешқандай келер-кетері жоқ<sup>10)</sup>.

Сатып алу мен сату басқаларды өзіне жұмыс істеуге мәжбүр ететін капиталистің басты қызметіне айналады. Өйткені ол көптеген адамдардың өнімін иемденеді, оны кең қоғамдық көлемде иемденеді, сондықтан ол бұл өнімді нақ сондай көлемде сатып, онан кейін ақшаны қайта өндіріс элементтеріне айналдыруға тиіс. Бірақ бұрынғыдағыдай сияқты сатып алу мен сату кезінде құн жасалмайды. Құн жасалатын сияқты болып көріну иллюзиясын мұнда көпес капиталының қызмет атқаруы туғызады. Ал егер бұл мәселені неғұрлым егжей-тегжейлі қарауға тіпті тоқтап жатпайтын болған күннің өзінде, қандай бір қызмет өз алдына алғанда өнімді қызмет болмай, бірақ ұдайы өндірістің қажетті моменті болатын болса, еңбек бөлінісінің нәтижесінде көп адамдардың жанама қызметі болудан аз адамдардың ерекше қызметіне, олардың арнаулы кәсібіне айналатын болса, мұнан қызмет сипатының өзгермейтіні өзінен-өзі түсінікті. *Бір* көпестің (бұл жерде товар формаларын өзгерту агенті, тек сатып алушы және сатушы ретінде ғана айтылып отыр) өзінің әрекеттері арқылы *көптеген* өндірушілердің сатып алу мен сатуға жұмсайтын уақытын азайтуы мүмкін. Бұл жағдайда оны күштің пайдасыз жұмсалуды азайтатын немесе өндіріс үшін уақыт ауыстыруға көмектесетін машина ретінде қарауға болады<sup>11)</sup>.

\* — жаудыр көзіне. *Ред.*

<sup>10)</sup> Жақшаның ішіндегі сөздер Маркстің VIII қолжазбаның аяғында берген ескертуінен алынды.

<sup>11)</sup> «Сауда шығындарын, қажетті болса да, зиянды шығын деп қарау керек» (*Questnay. «Analyse du Tableau Economique»*. «Physiocrates»-те Daire бастырған, 1-ші partie, Paris, 1846, p. 71) — Кезеңнің айтуы бойынша, саудагерлер арасындағы бәсекеден туатын, атап айтқанда бәсекең оларды «аз ақыға, немесе аз табысқа риза болуға» мәжбүр етуінің арқасында туатын «пайда» ... «турасын айтқанда басқасы жоқ, бірінші сатыдағы сатушы мен сатып алушы — тұтынушының шығынының кемуі болып табылады. Ал шығынның кемуі нақты өнім болып, немесе сауда арқылы алынған байлықтың өсуі болып табылмайды, ол шығынды қалай қарауға, — жәй айырбас ретінде қарауға, яғни тасымалға жұмсалатын шығынды есепке алмай қарауға, немесе ол шығындармен қоса қарауға байланысты емес» (p. 145—146). «Сауда шығындары арқашанда өнімді сатушының есебінен төленеді, егер аралықтағы шығындар болмаса сатып алушылардың өнімге төлейтін барлық бағасын сатушының өзі алған болар еді» (p. 163). Меншікшілер мен өндірушілер — бұл «*salariants*», төлеушілер; көпестер — бұл «*salariés*», жалданып, ақы алушылар (p. 164. *Questnay. «Dialogues sur le Commerce et sur les Travaux des Artisans»*, «Physiocrates»-те Daire бастырған, 1-ші partie, Paris, 1846).



Мәселені жеңілдету үшін (өйткені біз көпесті капиталист ретінде және көпес капиталын кейінірек қана қараймыз), біз сатып алу және сату жөніндегі агентті өзінің еңбегін сататын адам деп аламыз. Ол осы  $T - A$  және  $A - T$  операцияларына өзінің жұмыс күшін, жұмыс уақытын жұмсайды. Демек, басқалардың, мысалы, жіп иірумен немесе дәрі-дәрмек жасаумен күн көретіндері сияқты, ол осымен күн көреді. Ол қажетті қызмет атқарады, өйткені ұдайы өндіріс процесі өнім бермейтін қызметтерді де қамтиды. Басқалар сияқты ол да жұмыс істейді, бірақ оның еңбегінің мазмұны сондай, ол күн да, өнім де жасамайды. Оның өзі өндірістің *faux frais* \*-не жатады. Ол өнімді емес қызметті өнімді қызметке айналдыру немесе өнімді емес еңбекті өнімді еңбекке айналдыру арқылы пайда келтірмейді. Бұлай айталушылық қызмет атқару ісін бір адамнан екінші адамға беру нәтижесінде жүзеге асатын болса керемет болған болар еді. Керісінше, ол өзінің қызметі арқасында қоғамның жұмыс күшінің, жұмыс уақытының аз бөлігі ғана осы өнімді емес қызметке жұмсалатыны арқылы пайда келтіреді. Ол ол ма. Ол ақысы жақсы төленетін болса да, жәй жалдамалы жұмысшы екен делік. Оның еңбегі қалай төленетін болса да, ол жалдамалы жұмысшы ретінде өз уақытының бір бөлігін тегін істейді. Мүмкін, ол күн сайын он сағат жұмыс істеп, өзі сегіз сағат ішінде жаңадан жасаған құнды алатын болар. Оның орындайтын екі сағат қосымша еңбегі де, сондай-ақ оның сегіз сағат қажетті еңбегі де күн өндірмейді, бірақ осы қажетті еңбектің арқасында оған қоғамдық өнімнің бір бөлігі беріледі. Біріншіден, бұрынғыдағыдай, мұны қоғам тұрғысынан қарасақ, жұмыс күші барлық он сағат ішінде тек осы айналыс қызметіне ғана жұмсалады. Жұмыс күші басқа ешнәрсеге пайдаланылмайды; ол күш өнімді еңбекке де пайдаланылмайды. Ал, екіншіден, бұл екі сағатты осы уақыттың ішінде жұмыс істеген адам жұмсаса да, қоғам бұл екі сағат қосымша еңбекке ақы төлемейді. Сондықтан қоғам ешқандай қосымша өнімді немесе қосымша құнды иемденбейді. Бірақ бұл адам өкілі болып отырған айналыс шығындары бестің біріндей: он сағаттан сегіз сағатқа дейін кемиді. Ол адам агенті болып отырған шын мәнісіндегі айналыс уақытының бестің біріне қоғам ешқандай эквивалент төлемейді. Ал егер бұл агенттерді капиталист қолданатын болса, онда төленбеген екі сағат *оның* капиталының, өзі алатын шығындарынан шегеріліп тасталатын айналыс шығындарын кемітеді. Капиталист үшін — бұл тиімді ұтыс өйткені оның капиталының құны өсуі-

---

\* — өнім бермейтін шығындарына. Ред.

нің тиімсіз шектері тарыла түседі. Дербес ұсақ товар өндірушілер сатып алу мен сатуға өздерінің уақыттарының бір бөлігін жұмсап отырған кезде бұл уақыт не олардың өндіріс қызметтерінің аралығында жұмсалатын уақыт не олардың өндіріс уақытынан шегеріліп тасталатын уақыт болып табылады:

Барлық жағдайда да, сатып алу мен сатуға жұмсайтын уақыт өзінің бір формадан екінші формаға айналдыратын құндыларына ешнәрсе қоспайтын айналыс шығындары болып табылады. Бұл — құнды товар формасынан ақша формасына айналдыруға қажет шығындар. Капиталистік товар өндіруші айналыс агенті ретінде әрекет жасайтын болса, оның тікелей товар өндірушіден айырмашылығы — оның товарды неғұрлым ірі көлемде сатуы мен сатып алуында ғана, ал сондықтан айналыс агенті ретінде неғұрлым ірі көлемде қызмет атқарады. Ал егер кәсіпорын мөлшері оны жалдамалы жұмысшылар ретінде айналыстың арнаулы агенттерін сатып алуға (жалдап алуға) мәжбүр етсе немесе мүмкіндік берсе, онда істің мәні мұнан өзгермейді. Жұмыс күші, жұмыс уақыты белгілі дәрежеде айналыс процесіне (өйткені ол форманың жәй ғана өзгеруі болып табылады) жұмсалуды тиіс. Бірақ енді бұл шығын капиталдың қосымша шығыны болып табылады; өзгермелі капиталдың бір бөлігін тек айналыс саласында ғана қызмет атқаратын осы жұмыс күштерін сатып алуға жұмсауға тура келеді. Капиталдың алдынала бұлай жұмсалуды өнім де, құн да жасамайды. Ол алдын ала жұмсалған капиталдың өнімді қызмет ету мөлшерін *pro tanto* \* кемітеді. Бұл өнімнің бір бөлігін, машинаға, өнімнің қалған бөліктерін сатып алатын және сататын машинаға айналдырғанмен бірдей болар еді. Бұл машина өнімнен шегеріліп тасталады. Ол машина айналыс саласында жұмыс күшінің т. б. жұмсалуды кеміте алатын болса да, өндіріс процесіне қатыспайды. Ол тек айналыс шығындарының бір бөлігі ғана болып табылады.

## 2) БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖҮРГІЗУ

Сатып алу мен сатуды жүзеге асыруға уақыт жұмсалудымен қатар, бухгалтерлік есепті жүргізуге де жұмыс уақыты кетеді, бұл оның үстіне затқа айналған еңбектің де (қалам, сия, қағаз, жазу столы, т. с.) жұмсалуды керек етеді, яғни қонторға шығын шығаруды керек етеді. Демек, бұл қызметті атқаруда, бір жағынан жұмыс уақыты, екінші жағынан — еңбек

\* — тиісінше. *Ред.*

құрал-жабдығы жұмсалады. Істің жәйі мұнда сатып алу мен сатуға жұмсалатын уақыт жөнінде қандай болса, дәл сондай.

Капитал, өзінің ауыспалы айналымдардағы тұтастығы ретінде, өндіріс саласында бола ма немесе айналыс саласының екі фазасында бола ма, ол жағы бәрібір, қозғалыстағы құн ретінде, капитал мұндай тұтастық ретінде тек адам ойында ғана, есеп-хисап ақшасы ретінде ең алдымен товар өндірушінің болмаса капиталистік товар өндірушінің ойында ғана болады. Бұл қозғалыс бухгалтерлік есепке жазылып, сол арқылы оған бақылау жасалып отырады, бұл бухгалтерлік есеп жүргізуге товардың бағасын белгілеу, есептеп шығару (бағаны калькуляциялау) ісі де кіреді. Сөйтіп өндіріс қозғалысы және әсіресе құнның көбею процесі, — онысын товар құн тұлғасы ретінде, заттардың аты ретінде ғана көрінеді, товардың құн ретінде адамның ойында болуы есеп-қисап ақшасы ретінде жазылып отырылады, — адам ойында символдық бейне алады. Жеке товар өндірушінің бухгалтерлік есеп жүргізіп тұрған кезінде немесе ойында есептеп, жадында сақтап жүрген кезінде (мысалы, шаруа солай ететін; шын мәнісінде бухгалтерлік есеп жүргізетін фермерді капиталистік егіншілік қана туғызады), немесе өзінің шығындары мен табыстарының, төлем мерзімдерінің т. с. есебін тек іс арасында ғана, өндірістен қолы босаған уақытта ғана жүргізіп отырған кезінде, бұл кезде оның ол қызметі және оның бұған жұмсайтын еңбек құрал-жабдығы, мысалы, қағаз, т. с. жұмыс уақыты мен еңбек құрал-жабдығының қосымша жұмсалуды екендігі мүлде айқын, бұлардың қажетті екені рас, бірақ бұлар оның өнімді түрде пайдалануына болатын уақытынан, сондай-ақ шын мәнісіндегі өндіріс процесінде қолданылып, өнімнің және құнның жасалуына қатыса алатын еңбек құрал-жабдығынан шегеріліп тасталады <sup>12</sup>). Бұл қызметтің мәні оның капиталистік товар өндірушінің қолында топталатын мөлшеріне қарай да, көптеген ұсақ товар өндірушілердің атқаратын қызметінен *бір* капиталистің қызметіне, ірі көлемде жүргізілетін өндіріс процесінің қызметіне айналуына қарай да, өзі бұрын бір қосалқы ісі болған өндірістік қызметтерден бөлініп шығу нәтижесінде де, арнайы тапсыры-

<sup>12</sup> Орта ғасырларда ауыл шаруашылығын жүргізудің бухгалтерлік есебі тек монастырьлерде ғана орын алған. Алайда біз ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу есебі жөніндегі бухгалтердің ескі үнді қауымдарында болғанын көрдік («Капитал», I кітап, 343-бет <sup>33</sup>). Мұнда бухгалтерлік есепті жүргізу қауымның лауазым иесі адамның арнайы қызметі етіліп белгіленген. Мұндай еңбек бөлінісінің арқасында уақыт та, еңбек те, шығын да үнемделеді, бірақ өндіріс және өндірістің барысына бухгалтерлік есеп жүргізу, кемеге жүк тиеу мен ол жүкке квитанция жазу сияқты әр түрлі нәрсе болып қала береді. Бухгалтер ретінде қауымның жұмыс күшінің бір бөлігі өндіріске қатыспайды, ал оның қызметімен байланысты шығындардың орны оның еңбегінің есебінен төленбейді, қауым өнімінен шегеріліп тасталады. Капиталист бухгалтері жөнінде мәселе *mutatis mutandis* [тиісті ерекшеліктермен] үнді қауымның бухгалтері сияқты. §11 қолжазбадан'.

латын арнаулы агенттердің дербес жұмысы болып бөлінуі нәтижесінде де өзгермейді.

Егер қандай да бір қызмет дербес қызмет болып бөлінгенше өнім мен құн өндіретін қызмет бола алмаса, еңбек бөлінісі, әлгі қызмет дербес қызмет болып бөлінгенге дейін өнім мен құн өндіретін болып қызмет ете алмайды. Өз капиталын тағы да іске қосатын капиталист капиталының бір бөлігін бухгалтер, т. с. жалдауға және бухгалтерлік есеп жүргізуге керекті құрал-жабдық сатып алуға жұмсауы тиіс. Егер оның капиталы іске қосылып, қызмет атқарып жатса, өзінің ұдайы өндірісінің тұрақты процесінде болса, онда капиталист товар өнімінің бір бөлігін ақшаға айналдыра отырып, бұл бөлікті әрқашанда үнемі бухгалтерлер, конторщиктер т. с. ұстауға жұмсауға тиіс. Капиталдың бұл бөлігі өндіріс процесіне қатыспайды, ол айналыс шығындарына жатады, жалпы табыстан шегеріліп тасталады. (Тек осы қызметті ғана атқаруға пайдаланылатын жұмыс күші жөнінде де осыны айтуға болады.)

Дегенмен, бір жағынан, есеп жүргізу жөніндегі шығындармен, яғни бұған жұмыс уақытын өнімсіз пайдаланумен, екінші жағынан, жәй сатып алу және сату уақыты шығындарының арасында бірқатар айырмашылықтар бар. Бұл соңғы шығындар өндіріс процесінің белгілі қоғамдық формасынан, оның товар өндіру процесі болуынан туады. Бақылау құралы ретінде және бұл процестің ойда қорытылуы ретінде бухгалтерлік есеп өндіріс процесі таза жекелік сипатын жоғалтып, неғұрлым қоғамдық көлемде жүргізілген сайын, солғұрлым қажеттірек бола береді; демек, бухгалтерлік есепті жүргізу бытыраңқы қолөнер және шаруа өндірісіне қарағанда капиталистік өндірісте неғұрлым қажеттірек болады, ал капиталистік өндіріске қарағанда қоғамдық өндірісте онан да гөрі қажеттірек болады. Бірақ бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі шығындар өндірістің шоғырлануымен қатар азая түседі және ол қоғамдық есеп жүргізуге көбірек айналған сайын күштірек азаяды.

Әңгіме бұл жерде тек формалардың метаморфозынан туатын айналыс шығындарының жалпы сипаты жөнінде ғана болып отыр. Мұнда бұл шығындардың барлық сан қилы формаларына үнілудің қажеті жоқ. Бірақ формалардың біріне-бірі таза айналу саласына жататын және, демек, өндіріс процесінің белгілі қоғамдық формаларынан туатын бұл шығындар формаларының жеке товар өндірушілер үшін жөнді байқалмай тез ғана өтіп кететін және оның өндірістік қызметтерімен қатар немесе аралас жүріп жататын бұл формалардың айналыстың қисапсыз көп шығындарына айналғанда жұртты қа-

лай таңдандыратындығы,— бұл ол жұмыстар банктердің т. с., немесе жеке кәсіпорындардағы кассирдің арнаулы қызметі есебінде ірі көлемде өз алдына бөлектеніп, бір жерге шоғырланған кезде ақшаны жәй қабылдап, беріп отыру мысалынан көрінеді. Бірақ бұл айналыс шығындарының өзінің түрін өзгертсе де, сипатын өзгертпейтіндігін есте қатты сақтау керек.

### 3) АҚША

Қандай да болса бір өнім товар ретінде немесе товар емес ретінде өндіріле ме, жоқ па, ол әрқашан байлықтың заттық формасы, ол жеке не өндірістік тұтынуға арналған тұтыну құны болып табылады. Товар ретіндегі оның құны адам ойындағы бағада болады, ал баға ошың шын мәнісіндегі тұтыну формасын ешқандай өзгертпейді. Белгілібір товарлардың, айталық, алтын мен күмістің ақша ретінде қызмет етуі және сол ақша ретінде тек қана айналыс процесінде болу жағдайы (қазына жинау, резерв, т. с. ретінде де ол, бүркемелі түрде болса да, айналыс саласында болады) — бұл жағдай бүтіндей өндіріс процесінің, атап айтқанда, товар өндіру процесінің белгілі бір қоғамдық формасының жемісі болып табылады. Өйткені капиталистік өндіріс негізінде товар өнімінің жалпылық формасына айналады, өйткені өнімнің басым көпшілігі товар ретінде өндіріледі, сондықтан ол ақша формасына түсуге тиіс; демек, товардың мөлшері, яғни қоғамдық байлықтың товар ретінде қызмет атқаратын бөлігі үздіксіз өсіп отыратын болғандықтан,— мұнда айналыс құралы, төлем, резерв т. с. құралы ретінде қызмет атқаратын алтын мен күмістің мөлшері де өсіп отырады. Ақша ретінде қызмет атқаратын бұл товарлар жеке тұтынуға да, өндірмелі тұтынуға да кірмейді. Бұл — айналыс үшін машина ретінде ғана қызмет атқаратын формаға түсірілген қоғамдық еңбек. Қоғамдық байлықтың бір бөлігі осы өндірмелі емес формада ұсталуымен қатар, ақшаның тозуы әрқашанда оның орнын толтырып тұруды немесе көп мөлшердегі қоғамдық еңбекті — өнім формасында — көп мөлшердегі алтын мен күміске айналдыруды керек етеді. Ақшаның орнын толтырудың бұл шығыны капиталистік жолмен дамыған ұлттарда едәуір үлкен мөлшерге жетеді, өйткені байлықтың ақша формасындағы бөлігі жалпы алғанда тым үлкен. Ақша товары ретіндегі алтын мен күміс қоғам үшін өндірістің қоғамдық формасынан ғана туатын айналыс шығыны. Бұл — товар өндірісінің *faux frais\**, ол товар өндірісінің, әсі-

\* өнім бермейтін шығындары. Ред.

ресө капиталистік өндірістің дамуымен байланысты жалпы өсіп отырады. Бұл — айналыс процесіне құрбандық етуге тура келетін қоғамдық байлықтың бір бөлігі<sup>13)</sup>.

## II. САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒЫНДАР

Құн формаларының жәй өзгеруінен, таза түрінде алып қаралатын айналыстан туатын айналыс шығындары товардың құнына кірмейді. Капиталдың бұл түрде жұмсалатын бөлігі, біз капиталист жөнінде айтып отырғандықтан, өнімді жұмсалған капиталдан жәй шегеріліп тасталады. Айналыстың біз қазір әңгіме етейік деп отырған шығындарының мәні басқаша. Бұл шығындар жалғасы ғана айналыста болып отыратын өндіріс процестерінен туады, сондықтан олардың өндіргіштік сипаты айналыс формасымен бүркемеленіп қана отырады. Екінші жағынан, қоғамдық тұрғыдан алып қарағанда олардың таза шығындар болуы, жанды еңбектің немесе затқа айналған еңбектің өнімсіз жұмсалуды болуы мүмкін, бірақ осының арқасында ол шығындар жеке капиталистке құн жасайтын, оның товарының сатылу бағасына үстеме қосатын түрде әрекет ете алады. Сатылу бағасына үстеме қосу ол шығындардың өндірістің әр салаларында әр түрлі болуынан, ал кейде өндірістің бір саласы шеңберінің өзінде әр түрлі жеке капиталистер үшін де әр қилы болуынан туады. Товар бағасына үстеме қоса отырып, ол шығындар жеке капиталистерге қандай мөлшерде келетініне қарай бөлінеді. Ал құн қосатын еңбектің бәрі де қосымша құн да қоса алады және капиталистік өндіріс негізінде әр қашанда қосымша құн қосатын болады, өйткені оның жасайтын құны өзінің мөлшерінің қандай болуына байланысты, ал оның жасайтын қосымша құны капиталистің еңбекке төлейтін ақысының мөлшеріне байланысты. Сөйтіп, товардың тұтыну құнына ешнәрсе қоспай, оны қымбаттата түсетін шығындар қоғам үшін өндірістің *faux frais* болады да, жеке капиталист үшін баю көзі бола алады. Екінші жағынан, айналыстың бұл шығындары өзінің товар бағасына қосатын үстемесінің ол шығындарды тепе-тең бөлетіндігінен өнімді емес шығындар болу сипатын жоғалтпайды. Мысалы, қауіпсіздендіру қоғамдары жеке капиталистердің жоғалтқан шығындарын бүкіл капиталистер табына бөледі. Бірақ та бұл осы әдіс-

<sup>13)</sup> «Елдегі айналыста болатын ақша елдің капиталының белгілі бір бөлігі; бұл қалған бөлігінің өнімділігін жеңілдету немесе арттыру үшін өндірістен біржолата алынады; демек, байлықтың белгілі бір сомасы басқа бір өндірісті жеңілдету үшін машина жасауға қажет болғаны сияқты, алтынның айналыс құралы ролін атқару үшін де байлықтың белгілі бір сомасы қажет» («Economist»,<sup>34</sup>, vol. V. p. 520).

пен теңестірілетін жоғалған шығындардың бүкіл қоғамдық капитал жөнінде бұрынғысындай шығын болып қала беретініне кедергі жасалмайды.

### 1) ЖАЛПЫ ЗАПАС ЖАСАЛУЫ

Өнім товар капиталы түрінде немесе ол рынокта болып тұрған кездің ішінде, яғни өнім жасалып шығатын өндіріс процесі мен өзі кіретін тұтыну процесінің арасындағы барлық уақыттың ішінде өнім товар запасын жасайды. Рыноктағы товар ретінде, демек запас формасында товар капиталы әрбір ауыспалы айналымға екі рет шығады: әуелі, ауыспалы айналымы сөз болып отырған, қозғалыстағы капиталдың товар өнімі ретінде шығады; онан кейін, керісінше, басқа капиталдың товар өнімі ретінде, өзін сатып алып, өндіргіш капиталға айналдыру үшін рынокта болуға тиісті өнім ретінде шығады. Әрине, бұл соңғы товар капиталының заказ бойынша ғана өндірілуі де мүмкін. Бұл кезде оның барлық өндіріліп шығу уақытының ішінде үзіліс болады. Бірақ өндіріс пен ұдайы өндіріс процесінің барысы белгілі мөлшердегі товардың (өндіріс құрал-жабдығының) үнемі рынокта болуын, демек запас болып тұруын керек етеді. Нақ сол сияқты, өндіргіш капиталға жұмыс күшін сатып алу да кіреді, сондықтан ақша формасы мұнда күн көріс қаражаттарының құны формасында ғана болуы керек, олардың көбін жұмысшыға рыноктан тауып алуға тура келеді. Төменірек, осы параграфта бұл мәселеге біз толығырақ тоқтаймыз. Алайда мұнда мыналар өзінен-өзі түсінікті. Егер мұны товар өніміне айналып, енді сатылуға, яғни қайта ақшаға айналуға тиісті болған, демек, енді рынокта товар капиталы ретінде қызмет атқаратын, қозғалыстағы капитал құны тұрғысынан қарасақ, онда товар капиталының запас болып тұрған мұндай халі рынокта тиімсіз, амалсыздан болуын көрсетеді. Товар неғұрлым тез сатылса, ұдайы өндіріс процесі солғұрлым тез жүреді.  $T' - A'$  формасына айналуға кідірістің болуы заттардың капиталдың ауыспалы айналымында жүзеге асырылуға тиісті шын мәнісіндегі айырбасталуына және кейін оның өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаруына кедергі жасайды. Екінші жағынан, рынокта товардың үнемі дайын болуы, яғни товар запасының болуы  $A - T$  жөнінде міндетті шарт болып табылады, онысыз ұдайы өндіріс процесі де, жаңа немесе қосымша капитал енгізу де жүзеге аспайды.

Товар капиталы рынокта товар запасы ретінде болып тұруы үшін әр түрлі құрылыстар, магазиндер, товар қоймалары, товар складтары керек болады, демек, тұрақты капитал жұм-

сау, товарды қоймаларға жинауға қажет жұмыс күшіне ақы төлеу қажет болады. Оның үстіне товардың бұзылуы, стихиялық зиянды әрекеттерге ұшырауы мүмкін. Товарды мұнан аман сақтау үшін қосымша капитал шығарып, оның бір бөлігін зат түрінде еңбек құрал-жабдығына, бір бөлігін жұмыс күшіне жұмсауға тура келеді <sup>14)</sup>.

Сөйтіп, капиталдың товар капиталы формасында, яғни товар запасы ретінде болуы шырын шығаруды керек етеді, олар өндіріс саласына жатпайтын болғандықтан, айналыс шығындары деп есептеледі. Айналыстың бұл шығындарының I пунктте келтірілген шығындарынан ерекшелігі — бұлар белгілі дәрежеде товар құнына қосылады, демек, товарды қымбаттатады. Барлық жағдайларда да, товар запасын күтіп, сақтауға қызмет ететін капитал мен жұмыс күші өндірістің тікелей процесіне қатыспайды. Екінші жағынан, бұған жұмсалған капиталдардың орны жұмыс күшімен қоса, капиталдың құрамды бөлігі ретінде, қоғамдық өнімнен толтыруға тиіс. Сондықтан олардың шығыны еңбектің өндіргіш күшінің кемуі ретінде әрекет етеді, демек, белгілібір пайдалы нәтиже алу үшін капитал мен еңбек көбірек керек болады. Бұл — *өнімді емес шығындар [Unkosten]*.

Товар запасы құрылуына байланысты болған айналыс шығындары қолдағы әзір құнның товар формасынан ақша формасына айналу уақытының ұзақтығынан ғана туатын болғандықтан, демек, айналыс шығындары өндіріс процесінің белгілібір қоғамдық формасынан туатын болғандықтан (өнім товар ретінде өндіріліп, сондықтан да ақшаға айналуға тиісті болғандықтан), міне сондықтан ол шығындар өзінің сипаты жағынан I пунктте көрсетілген айналыс шығындарына мүлде барабар келеді. Екінші жағынан, мұнда товар құнының сақталуы немесе көбеюі тұтыну құнының, өнімнің өзінің капитал жұмсауды керек етуіне белгілібір заттық жағдайларға қойылуына, тұтыну құнына қосымша еңбек әсер ететіндей етіліп өнімге операциялар жасалуына байланысты болады. Керісінше, товар құнының есептелуі, бұл процеске бухгалтерлік есептің жүргізілуі, сатып алу мен сату жөніндегі операциялар товар құны бар тұтыну құнына әсер етпейді.

<sup>14)</sup> 1841 жылы Корбет 9 ай маусым ішінде бидай сақтау жөніндегі шығындарды есептеп шығарды: бидайдың өзінің кемуі  $\frac{1}{2}\%$ , бидай бағасының процентіне кететін шығын 3%, қойма жалдауға — 2%, құю және бидайды тасып әкелу үшін, төленетін ақы — 1%, оны түсіру жөніндегі еңбекке төленетін ақы —  $\frac{1}{2}\%$ , барлығы — 7% болады, немесе бидайдың кварталі 50 шиллингі болса, 3 шилл. 6 пенс болады. (*Th. Corbet. «An Inquiry into the Causes and Modes of the Wealth of Individuals etc.»*, London, 1841 [p. 140].) Ливерпуль көпестерінің темір жол комиссиясына берген жауаптары бойынша астық сақтау жөніндегі (таза) өнімді емес шығындар 1865 ж. айына бір кварталға 2 пенс немесе бір тоннаға 9—10 пенс болған» («Royal Commission on Railways», 1867. Evidence, p. 19, № 331).



Бұл операциялардың бәрі де товар құны формасына ғана қатысты. Сондықтан жоғарыда көрсетілген ретте \* запас құрылуы жөніндегі (бұл ретте ол амалсыздықтан болып отыр) бұл өнімді емес шығындардың бір формадан екінші формаға айналуының кідіруінен және ол айналудың қажеттігінен ғана туады, бұлар дегенмен I пунктте келтірілген өнімді емес шығындардан басқаша; басқашалығы олардың мақсаты құн формаларының бірінен біріне айналуы емес, өнім ретіндегі, тұтыну құны ретіндегі товардағы құнды сақтау, ал бұл құн өнім сақталғанда ғана, тұтыну құнының өзі сақталғанда ғана сақталады. Тұтыну құны мұнда жоғарыламайды да, көбеймейді де. Қайта, ол кеми түседі. Бірақ оның кемуі белгілі шекте болады, ол сақталады. Товардағы авансыланған құн да мұнда жоғарыламайды, бірақ оған жаңа еңбек, затқа айналған еңбек те, тірі еңбек те қосылады.

Бұл өнімді емес шығындардың тууы жалпы товар өндірісінің және оның жалпылық абсолют формасындағы товар өндірісінің, яғни капиталистік товар өндірісінің ерекше сипатына қаншалықты байланысты екендігін; екінші жағынан, олардың қоғамдық өндіріс атаулыға қаншалықты тән екендігін тағы да зерттей түсу керек, ал мұнда, капиталистік өндіріс тұсында тек ерекше түр алады, ерекше көрініс формасына түседі.

А. Смит запастың құрылуы капиталистік өндірістің бейне ерекше белгісі болып табылады деген қисынсыз қағида ұсынды<sup>15)</sup>. Кейінірек шыққан экономистер, мысалы, Лалор, керісінше, капиталистік өндіріс дамыған сайын запастың құрылуы кеми береді деп есептейді. Сисмонди тіпті мұны капиталистік өндірістің кемшілігі деп қарайды<sup>36)</sup>.

Іс жүзінде запас үш формада: өндіргіш капитал формасында, жеке тұтыну запасы формасында және товар запасы немесе товар капиталы формасында болады. Бір формадағы запас көбейсе, екінші формадағы запас біршама азаяды, бірақ өзінің абсолюттік мөлшері жағынан оның бір уақытта барлық үш формада да өсуі мүмкін.

Өндіріс өз керегін тікелей қанағаттандыруға бағытталып, өнімнің тек болмашы аз бөлігі ғана айырбасқа немесе сатуға арналған жерде, демек, қоғамдық өнім товар формасына мүлде түспейтін немесе тек азғантай бөлігі ғана түсетін жерде товар формасындағы запас, немесе товар запасы байлықтың болмашы және көзге түспейтін аз бөлігінен ғана құрылатыны

\* — Маркс мұнда жоғарыда жол асты берілген 14-ескертуде келтірілген Т. Корбет есептерін айтады. *Ред.*

<sup>15)</sup> Book II. Introduction<sup>35)</sup>.

өзінен-өзі түсінікті. Ал тұтыну қорына келсек, әсіресе тіршілік заттары қорының өзі мұнда біршама көп болады. Бұл жөнінде тек ескілікті шаруалар шаруашылығын еске түсірсек те жетіп жатыр. Мұнда өнімнің басым көпшілігі, товар запасын құрмай-ақ,— атап айтқанда ол өзінің иесінің қолында қалатын болғандықтан,— өндіріс құрал-жабдығы запасына немесе күн көріс заттары запасына айналады. Ол товар запасы формасына түспейді, міне дәл сондықтан да, А. Смиттің пікірінше, мұндай өндіріс әдісіне негізделген қоғамдарда ешқандай запас болмайды. А. Смит запас формасын запастың өзімен шатастырып алады, сөйтіп, бұл кезге дейін қоғам күндігін күнде ішіп жеумен, ертең де бір бұйырғаны болар деумен ілдалдалап күнелтіп келген деп ойлайды<sup>16)</sup>. Бұл — аңғырт адасушылық.

Өндіргіш капитал формасындағы запас өндіріс процесіне түскен немесе, тым болмағанда, өндірушінің қолындағы, яғни жасырын түрде өндіріс процесінде болып отырған өндіріс құрал-жабдығы түрінде болады. Еңбек өнімділігінің өсуімен қатар, демек, еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін бұрынғы өндіріс әдістерінің бәрінен де күшті дамытатын капиталистік өндіріс әдісінің дамуымен қатар еңбек құрал-жабдығы формасында өндіріс процесіне біржолата енген және белгілі бір ұзақ мерзім ішінде үнемі қайта-қайта қызмет атқаратын өндіріс құрал-жабдығының (үй-жайдың, машинаның, т. с.) мөлшері үнемі өсіп отыратындығын біз бұрын көрдік; сондай-ақ біз бұл өндіріс құрал-жабдығының өсуі еңбектің қоғамдық өндіргіш күштерінің алғы шарты да, сол сияқты нәтижесі де болып табылатындығын көрдік. Бұл формадағы байлықтың абсолюттік өсуі ғана емес, относителді өсуі де (салыстырыңыз: «Капитал», I кітап, XXIII тарау, 2<sup>37)</sup> ең алдымен капиталистік өндіріс әдісіне тән. Бірақта тұрақты капиталдың, яғни өндіріс құрал-жабдығының өмір сүруінің заттық формалары ол түрдегі еңбек құрал-жабдығынан ғана құралмайды, сонымен қатар өңделудің сан алуан сатысындағы еңбек мате-

<sup>16)</sup> А. Смит запастың құрылуы тек өнімнің товарға айналуынан, тұтыну запасының товар запасына айналуынан ғана туады деп есептейді. Ал іс жүзінде керісінше, формалардың бұл өзгеруі өз тұтынуларына өндіруден товар өндірісіне көшкен кезде өндірушілер шаруашылығына қатты дағдарыстар туғызды. Үндістанда, мысалы, соңғы уақытқа дейін «қамбаға астықты көп етіп сақтау дәстүрі сақталып келді, егін өнімі мол болған жылдары мұнан аздап пайда табуға мүмкін болған» (Return. Bengal and Orissa Famine. H. of. C., 1867, I, p. 230—231, № 74). Америкада Азамат соғысының салдарынан мақтаға, кендірге т. с. кенеттен сұраныстың өсуі Үндістанның көп жерлерінде күріш өсіруді мықтап қысқартуды, күріш бағасының көтерілуін туғызды, өндірушілердің күршіттің ескі запастарын сатуына әкеп соқтырды. 1864—1866 жылдары бұған күрішті Австралияға, Мадагаскарға т. б. болып көрмеген мөлшерде көптеп шығару кеп қосылды. Мұның нәтижесінде 1866 жылғы аштық қатты болды, ол аштық бір ғана Орисса округында 1 миллион адамды құрбандыққа ұшыратты (I. c., p. 174, 175, 213, 214 және III: «Rapes relating to the Famine in Behar», p. 32, 33, мұнда аштық себептерінің бірі ретінде «ескі запастардың таусылуы» ерекше аталып көрсетіледі). [II қолжазбадан.]

риалы мен қосалқы материалдардан да құралады. Кооперация, еңбек бөлінісі, машинаны т. с. пайдалану арқылы өндіріс көлемі өсіп еңбектің өндіргіш күші артуымен қатар ұдайы өндірістің күн сайынғы процесіне кіретін шикізаттың, қосалқы материалдардың т. с. мөлшері де артады. Бұл элементтер өндіріс орнында дайын болуға тиіс. Сөйтіп, өндіргіш капитал формасында болатын бұл запастың мөлшері абсолют түрде өсіп отырады. Өндіріс процесі үздіксіз жүріп тұруы үшін — бұл запас күн сайын жаңарып тұра ма немесе белгілі мерзімнен кейін жаңарып тұра ма, оған мүлде байланыссыз, — шикізаттың т. с. мысалы күн сайын немесе апта сайын жұмсалатынынан артық запасы өндіріс тұрған жерде әрқашан дайын болуы қажет. Процестің үздіксіздігі оған қажетті жағдайлардың әзір болуы күн сайынғы сатып алуда мүмкін болатын үзілістерге де, товар өнімінің күн сайын немесе апта сайын сатылуына, ал сондықтан да оның өндіріс элементтеріне уақтылы қайта айналып тұра алмауына да байланысты болмауын керек етеді. Оның бержағында, өндіргіш капитал өте әр түрлі мөлшерде жасырын күйде болуы немесе запас құрайтыны өзінен-өзі анық. Мысалы, жіп иіруші-фабриканттың мақтадан немесе көмірден үш айға не бір айға жетерлік дайын запасы болуы керек пе, мұның айырмасы үлкен, Сөйтіп, бұл запас абсолютті түрде көбейсе де, относительноді түрде азаятындығы анық.

Бұл әр түрлі жағдайларға байланысты, ал ол жағдайлардың бәрі шынына келгенде өндіріс процесінде ешқашанда үзіліс болмауына қажет шикізат мөлшерінің жеткізіліп тұрылуының барынша шапшандығына, кідіріссіздігі мен сенімділігіне келіп тіреледі. Бұл жағдайлар неғұрлым аз сақталатын болса, демек, жеткізіліп тұрудың сенімділігі, кідіріссіздігі, шапшандылығы неғұрлым кем болса, өндірушіде өндіргіш капиталдың жасырын бөлігі, яғни шикізаттың т. с. өңделуін әлі күтіп жатқан запасы солғұрлым көбірек болуға тиіс. Бұл жағдайлар, ал, демек, бұл формадағы запастың өзінің мөлшері капиталистік өндірістің, сондықтан қоғамдық еңбектің өндіргіш күшінің де даму дәрежесіне кері қатынаста болады.

Ал мұнда запастың азаятын болып көрінуінің (мысалы, Лалораға) бір себебі — товар капиталы формасындағы запастың, немесе нағыз товар запасының азаюы ғана болып табылады. Демек, бұл тек сол запас формасының өзгеруі ғана. Егер, мысалы, ол елде күн сайын өндірілетін көмірдің мөлшері зор болса, демек көмір өндіру, мөлшері мен интенсивтілігі үлкен болса, онда жіп иіруші-фабрикантқа өз өнді-

рісінің кідіріссіз істеуін қамтамасыз ету үшін қоймада көмір запасын көп ұстаудың қажеті болмайды. Көмірдің үнемі және уақтылы жеткізіліп тұрылуы запастың болуын керек етпейді. Екіншіден, бір процестің өнімінің екінші процестің өндіріс құрал-жабдығы ретінде өтуінің тездігі транспорт пен қатынас құралдарының дамуына байланысты болады. Транспорттың арзандығы мұнда үлкен роль атқарады. Транспорт біршама арзанға түсетін болса неғұрлым ұзақ уақыт бойына едәуір көп мөлшерлі көмірмен қамтамасыз етілуден, мысалы, шахтадан жіп иіру фабрикасына дейін үнемі көмір тасып жеткізу қымбатырақ болар еді. Біздің осы күнге дейін талдап қараған бұл екі жағдайдың екеуі де өндіріс процесінің өзіне байланысты. Үшіншіден, кредит системасының дамуы белгілі әсерін тигізеді. Жіп иіруші-фабрикант мақтадан, көмірден т. с. запастарын жаңартуда өзінің жібін тікелей сатуына байланысы неғұрлым аз болса,— ал кредит системасы неғұрлым дамыған болса бұл тікелей байланыс солғұрлым кем болады,— сол көлемдегі жіп өндірілуінің тоқталмауын қамтамасыз ету үшін, оны жіптің сатылу жағдайына байланысты етпеу үшін, оның бұл запасының относителді мөлшері солғұрлым аз болады. Ал, төртіншіден, көптеген шикізат түрлерін, шала фабрикаттарды, т. с. өндіру үшін неғұрлым ұзақ уақыт керек болады. Бұл әсіресе егіншіліктен жеткізілетін шикізаттың барлық түрлеріне қатысты. Демек, өндіріс процесінде үзіліс болмас үшін, ескі өнімнің орнын жаңа өнім алып болуға керекті барлық уақытқа жететін шикізат түрлерінің белгілі запасы болуға тиіс. Егер бұл запас өнеркәсіп капиталісінің қолында азаятын болса, бұл тек оның товар запасы формасында көпестің қолында көбейетіндігін ғана көрсетеді. Транспорт құралдарының дамуы, мысалы, портқа тасып келтіріліп тұратын, сонда жатқан мақтаны Ливерпульдан Манчестерге тез тасып жеткізуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, фабрикант өзінің керегіне қарай, мақтаның запасын шағын мөлшерде ғана жаңартып отыра алады. Бірақ мұның есесіне бұл мақтаның көбі товар запасы түрінде Ливерпуль көпестерінің қолында болады. Демек, мұнда тек запастың формасы ғана өзгереді, мұны Лалор және басқалары аңғармайды. Ал егер қоғамдық капиталды алсақ, бұл екі жағдайда да өнімнің сол бір мөлшері запас формасында болады. Транспорт құралдары дамуына байланысты жеке елдер үшін, мысалы, бір жылға дайындалуға тиісті қажетті мөлшердің көлемі азаяды. Егер Америка мен Англияның арасында көптеген пароходтар мен желкен қайықтар жүріп тұратын болса, онда Англияда мақта запасын жиі-жиі жаңартып тұруға болады, сөйтіп Англиядағы қоймаларда

жатуға тиісті мақта запасының орта мөлшері азаяды. Дүние жүзілік рыноктың дамуы да, демек, сол бір товар алынатын қайнар көздердің көбеюі де нақ осындай ықпал жасайды. Товар әр елден, әр түрлі мерзімде бөліп-бөліп жеткізіледі.

## 2) НАҒЫЗ ТОВАР ЗАПАСЫ

Капиталистік өндіріс негізінде товардың өнімнің жалпылық формасына айналатынын және бұл өндіріс мөлшері жағынан да, тереңдеуі жағынан да неғұрлым көбірек дамыса, солғұрлым көбірек айналатынын біз көрдік. Демек,— тіпті өндіріс мөлшері бірдей болғанның өзінде,— өнімнің товар түрінде болатын бөлігі бұрынғы өндіріс әдістері кезіндегіден немесе капиталистік өндіріс әдісі дамуының неғұрлым төменгі сатысындағы кезден анағұрлым көп болады. Ал қандай товар болса да,— демек, товар капиталының қандайы болса да, бұл товар, тек капитал құнының өмір сүру формасындағы товар,— өзінің өндіріс саласынан өндірістік тұтынуға немесе жеке тұтынуға тікелей көшпеген, яғни әлі рынокта тұрған товардың қандайы болса да, товар запасы элементін құрайды. Сондықтан капиталистік өндіріс дамыған сайын — тіпті өндіріс мөлшері өзгермесе де — товар запасы да өздігінен өседі (яғни өнімнің товар формасында бұл бөлектенуі, бекуі өседі). Біз мұның тек запас формасының өзгеруі екендігін көрдік: бір жағында товар формасындағы запастың өсуінің жалғыз ғана себебі — екінші жағында өндірістің немесе тұтынудың тікелей запасы формасында ол азаяды. Бұл — запастың өзгерген қоғамдық формасы ғана. Егер барлық қоғамдық өнімге қарағанда товар запасының тек относителді мөлшері ғана өсіп қоймай, сонымен қатар оның абсолют мөлшері де өсетін болса, онда мұның олай болу себебі — капиталистік өндірістің дамуымен қатар бүкіл өнімнің көлемі де өсетіндігінен.

Капиталистік өндірістің дамуымен қатар, өндірістің көлемінің өнімге тікелей сұраныс болуға байланыстылығы бірден-бірге кеми береді, ал оның жеке капиталистің қарауындағы капиталдың мөлшеріне, оның капиталының құны жағынан өсе беруге ұмтылуына байланыстылығы, оның өндіріс процесі үздіксіз және ұлғайған көлемде жүріп отыру қажеттігіне байланыстылығы бірден-бірге өсе береді. Сонымен қатар өндірістің әрбір жеке салаларында товар түрінде рынокта болатын немесе өзінің сатып өткізілуін күтетін өнімнің мөлшері сөзсіз өсе түседі. Азды-көпті ұзақ уақыт бойы товар капиталы фор-

масында болуға тура келетін капитал мөлшері өседі. Сондықтан товар запасы өседі.

Ақырында, қоғамның көпшілігі жалдамалы жұмысшыға, күндегісін күнде ішіп-жеп отыратын, жалақысын апта сайын алып, оны күн сайын жұмсап отыратын, демек, запас түрінде болатын тіршілік қаражаттарын рыноктан тауып алуға тиісті болатын адамдарға айналады. Бұл запастың жеке элементтерінің келіп-кетуі қандай көп болатын болса да, барлық запас әрқашанда қозғалыста болуы үшін, запастың жеке элементтерінің бірқатары үнемі қозғалыссыз жатуға тиіс.

Бұл моменттердің бәрі де өндірістің формасынан және оған байланысты болған форманың өзгеруінен туады, бұл өзгеруді өнім айналыс процесінде жүзеге асырады.

Өнімдер запасының қоғамдық формасы қандай болса да, оны сақтау үшін шығын жұмсау керек: өнімді сақтайтын үй-жәй, ыдыстар т. с. қажет; ол сонымен қатар, зиянды әсерлерден сақтау үшін өнімнің түр-сипатына қарай, белгілі мөлшерде еңбек және өндіріс құрал-жабдығын жұмсауды керек етеді. Запастардың қоғамдық шоғырлануы неғұрлым жоғары болса, бұл шығындар относителді түрде солғұрлым аз болады. Бұл шығындар әрқашанда да қоғамдық еңбектің затқа айналған немесе затқа айналмаған соны формасындағы бір бөлігі,— демек, капиталистік формада олар капитал шығыны болып табылады,— бұлар өнімнің жасалуына қатыспайды, сондықтан өнімнен шегеріліп тасталады. Олар қажет шығындар, олар қоғамдық байлықтың өнім бермейтін шығындары. Бұл — қоғамдық өнімді сақтау жөніндегі шығындар, қоғамдық өнімнің товар запасы ретінде болуы өндірістің қоғамдық формасына, демек, товар формасынан және ол форманың қажетті өзгерулерінен туа ма немесе біз товар запасын барлық қоғамға тән өнімдер запасының арнаулы формасында қараймыз ба, оған байланыссыз, бірақ, барлық қоғамға тән өнімдер запасы *товар* запасы формасында, айналыс процесіне жататын өнімдер запасының бұл формасында болмаған болар еді.

Енді бұл шығындар товар құнына қандай дәрежеде енеді? деген сұрақ туады.

Егер капиталист өндіріс құрал-жабдығы мен жұмыс күшіне алдын ала жұмсалған өзінің капиталын өнімге, сатуға арналған көптеген дайын товарға айналдырса, ал ол сатылмай қоймада жатып қалса, онда бұл уақыттың ішінде оның капиталының күн жағынан өсу процесі ғана тоқтап қалмайды. Бұл запасты сақтауға керекті үй-жәй салуға, қосымша еңбекке т. с. жұмсалған шығындар тура зиян болып шығады.

Ақырында барып келген сатып алушыға капиталист: менің товарым алты ай бойына сатылмай, тұрып қалды, сөйтіп осы алты айдың ішінде оны сақтау менің пәлендей бір мөлшердегі капиталымның бостан-бос жатып қалуын ғана туғызып қойған жоқ, оның үстіне  $x$  мөлшерінде өнімсіз шығын жұмсауымды керек етті десе, сатып алушы оған күлген болар еді. *Tant pis pour vous* \* дер еді, сатып алушы. Сіздің көршіңізде товары алдыңғы күні ғана өндірілген басқа сатушы бар. Сіздің товарыңыз жатып қалған, сондықтан уақыттың өтуімен азды-көпті бұзылған болуы керек. Сол себепті сіз бәсекелесіңізден гөрі арзанырақ сатуға тиістісіз.— Товар өндіруші шын мәнісінде өзінің товарын өндіруші ме немесе капиталистік өндіруші ме, яғни шынын айтқанда нағыз өндірушілердің өкілі ғана ма, бұдан товардың өмір сүру жағдайы онан ешқандай да өзгермейді. Ол өзінің затын ақшаға айналдыруға тиіс. Заттың товар формасына түсуінен туған өнімсіз шығындар товар өндірушінің өз ісі, онда товар сатып алушының ешқандай жұмысы жоқ. Сатып алушы оның товарының айналыс уақытына оған ақы төлемейді. Тіпті капиталист товар құнында болып жатқан, не болады деп күтетін өзгеріске бола өзінің товарын рынокқа түсірмей әдейі кідірткен жағдайдың өзінде, тіпті осы жағдайдың өзінде де оның өнімсіз қосымша шығындарын шығарып алу-алмауы ол өзгерістің шын мәнісінде болуына, оның жалдаптық есептерінің дұрыс-бұрыстығына байланысты. Бірақ товар құнында болатын өзгеріс оның өнімсіз шығындар жұмсауының нәтижесі емес. Сөйтіп, запастың жасалуы айналыстың тоқталып қалуы болатындықтан, бұған байланысты шығындар товарға ешқандай құн қоспайды. Екінші жағынан, айналыс саласында болмайынша, капиталдың азды-көпті ұзақ уақыт өзінің товар формасында болмайынша ешқандай запастың болуы мүмкін емес; демек ақша резервін жасап алмайынша дәл ақша айналысы болуының мүмкін емес екендігі сияқты, айналысты тоқтатпайынша запас жасалуы мүмкін емес. Сөйтіп, товар запасы болмайынша товар айналысы болуы мүмкін емес. Егер запас жасалу қажеттігі капиталистке  $T'—A'$ -да тумаса, онда оған бұл қажеттілік  $A—T$ -да туады; егер бұл оның товар капиталы жөнінде тумаса, онда бұл оған өндіріс құрал-жабдығын, оның жұмысшыларына күн көріс заттарын өндіретін басқа капиталистердің товар капиталы жөнінде туады.

Запастың жасалуы ерікті түрде бола ма, еріксіз түрде бола ма, яғни товар өндіруші запасты әдейі ұстай ма немесе ай-

\* — Сор үстіне сор жамалғаны деңіз. *Ред.*

налыс процесінің жағдайлары товардың өтуіне кедергі келтіргендіктен оның товары запас болып қала ма істің мәні онан өзгермейтін сияқты. Солай бола тұрса да, бұл мәселені шешу үшін запастың ерікті жасалуын оның амалсыздан жасалуынан қалай айыруға болатынын біліп алған дұрыс. Запастың амалсыз жасалуы айналыстың тоқтап қалуынан не болмаса капиталистің күн ілгері болжауына байланыссыз, оның тілегіне қайшы келетін, айналыстың тоқталуына пара-пар келетін жағдайдан туады. Запастың ерікті түрде жасалуы немен сипатталады? Екі жағдайдың екеуінде де сатушы өзінің товарын мүмкін болғанынша тезірек өткізуге тырысады. Ол өнімді товар ретінде үнемі ұсынып отырады. Егер ол сатудан тартынса, онда өнім товар запасының нағыз (*εφευγεια*) элементін емес, болуы мүмкін ғана (*δυναμει*) элементін құрады. Товардың өзін алсақ ол сатушыға бұрынғыдай айырбас құнының тұлғасы болады, ал ол өзінің бұл сапасында өзінен товар формасын алып тастау арқылы және алып тастағаннан кейін ғана, өзі ақша формасына түскеннен кейін ғана әрекет ете алады.

Товар запасы сол бір кездегі сұраныс мөлшеріне сай келуі үшін белгілі бір мөлшерге жетуге тиіс. Мұнда сатып алушылардың үнемі көбейе беруіне есеп жасауға тура келеді. Мысалы, күн бойына жеткілікті болуы үшін, рынокқа түскен товардың бір бөлігі үнемі товар формасында кідіріп қала тұруға, ал ол кезде екінші бөлігі қозғалысқа келіп, ақшаға айналуға тиіс. Онысын тоқырап қалған бөлігі — ол кезде екінші бөлігі қозғалыста болады,— үнемі азая береді, сондай-ақ түгелінен сатылып болғанша запас мөлшері де азая береді. Сөйтіп, мұнда товардың кідірістеуі оның сатылуының қажетті шарты ретінде есепке алынады. Онан соң, запас мөлшері сатылудың орта мөлшерінен немесе сұраныстың орта мөлшерінен артық болуға тиіс. Әйтпесе сұраныстың орта мөлшерінен асып түсуінің орнын ешнәрсемен толтыруға мүмкін болмас еді. Екінші жағынан, запас үнемі жаңартылып тұрылуға тиіс, өйткені ол үнемі жұмсалып отырылады. Бұл жаңартылу сайып келгенде өндіріс арқылы, товарды тасып жеткізу арқылы ғана жүзеге асырылады. Бұл товарлар шетелден келе ме, болмаса елдің ішінен келе ме, ол істі ешқандай өзгертпейді. Запасты жаңарту товарды қайта өндіруге керекті уақыттың мөлшеріне байланысты. Товар запасы осы уақыттың өнбойына жетуге тиіс. Товар запасының алғашқы өндірушілердің қолдарында қалмай, көтере сауда жасайтын көпестен бастап, бөлшектеп сауда жасайтын сатушыға дейін әр түрлі қоймалардан өтетіні істің мәнін өзгертпейді, тек оның сыртқы көрінісін ғана өзгертеді. Қоғам тұрғысынан алып қарағанда, екі жағдайдың екеуінде



де товар өндірмелі немесе жеке тұтыну саласына түскенше капиталдың бір бөлігі товар запасы формасында болады. Өндірушінің өзі өндірістен тікелей тәуелді болуды жойып, өз товарын үзбей сатып алушылармен қамтамасыз болу үшін, қоймасында өзінің товарына деген орта сұранысқа сай келетін мөлшерде товар запасын ұстауға тырысады. Өндіріс кезеңдеріне сәйкес сатып алу мерзімдері белгіленеді, ал товар өзінің орнына өзіндей жаңа товарлар келгенше аз уақыт болсын, көп уақыт болсын запас болып тұра береді. Тек запастың осылай жасалуы арқылы ғана айналыс процесінің, ал солай болса айналыс процесін де қамтитын ұдайы өндіріс процесінің тұрақты және үздіксіз болуы қамтамасыз етіледі.

Еске сала кететін бір нәрсе,  $T$  әлі рынокта болса да  $T$ -ны өндіруші үшін  $T'—A'$ -ның жүзеге асып болуы мүмкін. Егер өндірушінің өзі товарын түпкілікті тұтынушыға сатқанша өз қоймасында ұстап тұрғысы келсе, оған екі бірдей капиталды: біреуін товар өндіруші есебінде, біреуін көпес есебінде іске қосуға тура келер еді. Запас жасау жөніндегі шығындар товар өндірушінің мойнына түсе ме немесе  $A$ -дан бастап  $Z$ -қа дейін бірқатар көпестердің мойнына түсе ме, ол жағы товардың өзі үшін — оны жеке товар деп қараймыз ба немесе қоғамдық капиталдың құрамды бір бөлігі деп қараймыз ба, оған байланыссыз,— істің мәнін ешқандай өзгертпейді.

Товар запасы бөтені жоқ өнімнің товар формасы болғандықтан, бұл өнім қоғамдық өндірістің белгілі көлемінде товар запасы формасында болмаса да бәрібір не өндірістік запас ретінде (жасырын өндіріс қоры), не тұтыну қоры ретінде (тұтыну заттарының запасы) болатын болғандықтан, запасты сақтауға керекті шығындар да, демек, бұл запастың жасалуы жөніндегі шығындар, яғни бұл мақсатқа жұмсалатын затқа айналған еңбек пен жанды еңбек қоғамдық өндірістік қорды немесе қоғамдық тұтыну қорын сақтау жөніндегі жәй орын өзгерткен шығындар болып табылады. Бұл шығындардың себебінен товар құнының жоғарылауы, ол шығындарды әр түрлі товарларға *pro rata*\* бөледі, өйткені ол шығындар товардың әр алуан түрлері үшін әр қилы болып келеді. Запас жасау жөніндегі шығындар қоғамдық байлық жасалу шарттарының бірі бола тұрса да, ол шығындар қоғамдық байлықтан бұрынғысынша шегеріліп тасталады.

Товар запасы товар айналысының шарты, тіпті товар айналысынан сөзсіз туған форма болғандықтан ғана, демек, бұл бейнебір тоқырау қозғалыстың өзінің формасы болып табыл-

\* — пропорционалды. *Ред.*

ғандықтан — ақша резервінің жасалуы ақша айналысының шарты болып табылатыны сияқты, — міне сондықтан ғана бұл тоқырау қалыпты нәрсе болып табылады.

Керісінше, айналыстың резервуарларында кідіріп жатқан товарлар өндірістің келесі түйдегіне орын босатпай, резервуарлар лық толып кететіндіктен, ақша айналысында кідіріс болған кезде қазына мөлшері өсіп кететіні сияқты, айналыстың кідірісі салдарынан товар запасы өсіп кетеді. Мұнда бұл кідіріс өнеркәсіп капиталисінің қоймаларында бола ма немесе көпестің қоймаларында бола ма, оның бәрібір. Мұндай жағдайда товар запасы енді үздіксіз сатудың шарты емес, товарды сата алмау жағдайының салдарынан болады. Шығындар сол бұрынғы шығындар, бірақ, енді олар тек қана формадап, атап айтқанда, товарды ақшаға айналдырудың қажеттігінен және бұл метаморфоздың қиындығынан туатын болғандықтан, ол шығындар товар құнына кірмейді, қайта құннан шегеріліп тасталады, құнды өткізудегі құнның жоғалтқаны болып табылады. Запастың қалыпты формасы мен теріс формасы бір бірінен форма жағынан айырылмайтын, екеуі де айналыстың кідіруі болып табылатындықтан бұл екі құбылыстың бірінің орнына бірінің алып қаралуы мүмкін. Бұлардың өндіріс агенттерін адастыруының оңай болатын себебі: өндірушінің көпестер қолдарына көшкен товарларының айналыс процесі кідіріп қалса да, оның аз капиталының айналыс процесінің бұрынғы тәртіппен жүріп жатуы мүмкін. Егер өндіріс пен тұтынудың мөлшерлері артса, онда басқа жағдайлар бұрынғы қалпында болғанда, товар запасының мөлшері де артады. Ол бұрынғы шапшандықпен жаңарып және тарап кетіп отырады, бірақ оның мөлшері үлкейеді. Сөйтіп, айналыстың кідіруі салдарынан үлкейіп кеткен товар запасының мөлшерін ұдайы өндіріс процесі ұлғаюының нышаны деп қате түсінілуі мүмкін; мұнда қателік әсіресе кредит жүйесінің дамуымен қатар шын мәнісіндегі қозғалыс мистификацияланған кезде мүмкін болады.

Запас жасау жөніндегі шығындар: 1) өнім аумағының саны жағынан азаюынан (мысалы, ұн запасын жасағанда); 2) сапасының бұзылуынан; 3) запасты сақтауға керекті затқа айналған еңбек пен тірі еңбектің жұмсалудың құралады.

### III. ТРАНСПОРТ ШЫҒЫНДАРЫ

Бұл жерде, мысалы буып-түю, сорттау т. с. сияқты айналыс шығындарының барлық егжей-тегжейлерін талдап жатудың қажеті жоқ. Жалпы заңның мәні мынада — *товар формасы-*

ның өзгеруінен ғана туатын айналыс шығындарының бәрі товарға ешқандай құн қоспайды. Бұл тек құнды өткізу жөніндегі шығындар, немесе құнды бір формадан екінші формаға айналдыру үшін қажет болатын шығындар. Бұл шығындарға жұмсалған капитал (оған бағынышты еңбекті де қоса алғанда) капиталистік өндірістің *faux frais*-на жатады. Бұл шығындардың орны кейін қосымша өнімнен толықтырылуға тиіс және бүкіл капиталистер табын алып қарасақ, қосымша құннан немесе қосымша өнімнен шегеріліп тасталады; бұл нақ жұмысшыға құн көріс заттарын сатып алуға кеткен уақыттың ол үшін жоғалған уақыт болып табылатыны сияқты. Бірақ транспорт шығындары өте маңызды роль атқарады, сондықтан оған бұл жерде қысқаша тоқтап өту қажет.

Капиталдың ауыспалы айналымында және бұл ауыспалы айналымның бір бөлігі болып табылатын товар метаморфозының процесінде қоғамдық еңбектің зат алмасуы болады. Бұл зат алмасуы өнімдердің орнын алмастыруымен, олардың шын мәнісінде бір орыннан екінші орынға көшірілуімен байланысты болуы мүмкін. Бірақ товар айналысының оның физикалық қозғалысынсыз да болуы мүмкін, ал өнімдердің тасылуының — товар айналысынсыз, тіпті өнімдердің тікелей айырбасталуынсыз да болуы мүмкін. *A*-ның *B*-ға сатқан үйі товар ретінде айырбасталады, бірақ ол қозғалмай өз орнында тұрады. Мысалы, мақта немесе шойын сияқты қозғалмалы товар құны, өздері ондаған әр түрлі товар айналысын жасап жатқан кезде, алып-сатарлар сатып алып, қайта сатып жатқан кезде<sup>17)</sup> бұрынғысындай товар қоймасында жата береді. Іс жүзінде мұнда заттың өзі орын ауыстырмайды, тек ол затқа деген меншік титулы ғана ауысады. Екінші жағынан, мысалы, инктар мемлекетінде қоғамдық өнім товар ретінде айналыс жасамаса да, айырбас саудасы арқылы бөлінбесе де, өнімдерді тасымалдау үлкен роль атқарды.

Сондықтан, капиталистік өндіріс негізінде өнімдердің тасымалдануы айналыс шығындарының жұмсалыуына себеп болса да, шығындардың көрінісінің бұл ерекше формасы істің мәнін ешқандай өзгертпейді.

Өнімнің мөлшері оны тасымалдағаннан көбеймейді. Өнімдердің табиғи қасиеттерінде тасымалдағаннан болатын өзгерістердің бәрі, кейбір ерекшеліктер болмаса, әдейі істелген пайдалы тиімділік емес, сөзсіз болатын зиян болып табылады. Ал заттың тұтыну құны оны тұтынуда ғана жүзеге асады, ал оны тұтыну ол заттың тасымалдануын қажет етуі, демек, тран-

<sup>17)</sup> Шторх мұны «circulation factice» [«қиялдағы айналыс»] деп атайды.

спорт өнеркәсібінің қосымша өндіріс процесін жасауын қажет еткі мүмкін. Сондықтан оған жұмсалған өндіргіш капитал тасымалданған өнімге құн қосады, оның бірсыпырасы транспорт құралдары құнының ауысуынан қосылады, бірсыпырасы транспорттағы еңбек арқылы құн қосылу нәтижесінде қосылады. Ал бұл соңғы қосылған құн жалпы капиталистік өндіріс тұсында болатындай жалақының орнын толтыруға және қосымша құнға бөлінеді.

Қандай өндіріс процесінде болса да, еңбек затын тасымалдау және оған керекті еңбек құрал-жабдығы мен жұмыс күші үлкен роль атқарады,— мысалы, мақта карда бөлімінен жіп иіру бөліміне тасылады, көмір шахтадан сыртқа шығарылады. Дайын товар түріндегі дайын өнімді өндірістің дербес орнынан басқа, оған кеңістік жағынан қашық орынға тасығанда да осындай құбылыс, бірақ үлкен көлемдегі құбылыс болады. Өнімдерді өндіріс орнынан басқа орынға тасығаннан кейін, дайын өнімдерді өндіріс саласынан тұтыну саласына тасуға тура келеді. Өнім осы тасымалдан өткенде ғана тұтынуға дайын болады.

Бұрын көрсетілгеніндей, товар өндірісінің жалпы заңы мынадай: еңбек өнімділігі өзінің жасаған құнына кері қатыста болады. Бұл өндірістің басқа саласының бәріне қандай қатысты болса транспорт өнеркәсібіне де сондай қатысты. Белгілібір қашықтыққа товар тасу үшін еңбек мөлшері, өлі еңбек болсын, тірі еңбек болсын, неғұрлым аз керек болатын болса, еңбектің өндіргіш күші солғұрлым жоғары болады, және керісінше <sup>18)</sup> болады.

Транспорттың товарға қосатын құнының абсолют мөлшері, басқа жағдайлар қалыпты болса, транспорт өнеркәсібіндегі еңбектің өндіргіш күшіне кері пропорционалды, ал товардың тасылатын қашықтығына тікелей пропорционалды болады.

Транспорт шығындарының товар бағасына қосатын құнының относителді мөлшері, басқа жағдайлар қалыпты болса, товардың көлемі мен салмағына тікелей пропорционал болады. Бірақ толып жатқан сырт пішіні өзгертетін жағдайлар

<sup>18)</sup> Рикардо, сауданың қасиетін транспорт шығындарының өнімді қымбаттатуынан немесе оның құнын көтеруінен көретін Сэйден үзінді келтіреді. «Сауда,— дейді Сэй,— товарды бізге оны шығарған жерінен алуға және оны тұтынатын жерге жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан сауда товардың құнын оның бір жердегі бағасынан екінші жердегі бағасының арасындағы барлық айырмашылығына сәйкес арттыруға бізге мүмкіндік береді» <sup>38)</sup>. Рикардо бұл жөнінде былай дейді: «Дұрыс, бірақ бұл қосымша құн қалай қосылады? Өндіріс шығындарына қосу жолымен, біріншіден, тасып жеткізу шығындарын, екіншіден, саудагер жұмсаған капитал пайдасына қосу арқылы қосылады. Демек, қандай товардың болса да қымбат тұратыны себепті товар қымбат тұратын болады, өйткені оны өндіруге және тасып жеткізуге ол товарды тұтыншы сатып алуынан бұрын артық еңбек жұмсалды. Бірақ бұл тіпті де сауданың артықшылықтарының бірі болып табылмайды». (Ricardo. «Principles of Pol. Econ.», 3-rd., London. 1821, p. 309—310).

болады. Мысалы, тасымал сақтық үшін біраз елеулі шараларды керек етеді; сондықтан өнімнің біршама сынғыштығына, бұзылып-бүлінгіштігіне, қопарылып-жарылғыштығына қарай азды-көпті еңбек пен еңбек құралдарын жұмсауды керек етеді. Бұл жөнінде темір жол шонжарлары фантастикалық түрлерді ойлап шығаруда ботаниктер мен зоологтардан өткен зор данышпандық жасайды. Мысалы, ағылшын темір жолдарында товарларды жіктеу талай том болып, өзінің жалпы принципінде товардың табиғи қасиеттерінің сан-алуан алақұлалығын транспорт тұрғысынан онан да көп кемшіліктерге айналдыруға, сөйтіп амалдап алым алудың сылтауларын табуға негізделеді.

«Эйнектің бір *crate*-сі (сыйымдылығы белгілі мөлшердегі әйнек салатын жәшік) бұрын 11 ф. ст. болса, енді өнеркәсіптің жетіле түсуінің және әйнекке салынатын салықтың тоқталуының нәтижесінде небәрі 2 ф. ст. тұратын болды, бірақ транспорт шығындары бұрынғысындай көп, ал каналдармен тасымалдау бұрынғысынан да жоғарылап кетті. Бұрын әйнекті және жылтыратуға пайдаланылатын әйнек товарларын Бирмингемнен 50 мильге дейінгі жерге жеткізу үшін тоннасына 10 шиллинг төленетін. Енді товардың сынғыштық қаупін сылтау етіп транспорт ақысы үш есе көбейтілген. Ал темір жол басқармасы шынында сынып қираған заттың бағасын төлемейді»<sup>19)</sup>.

Онан кейін, товарға, транспорт шығыны болып қосылатын құнның относителді бөлігінің товар құнына кері пропорционалды болуы темір жол шонжарларына товарды тасымалдаудың оның құнына тікелей пропорционалды көп тариф белгілеуіне ерекше дәлел болады. Өнеркәсіпшілер мен саудагерлердің бұған білдірген наразылықтары әлгі баяндамадағы куәлік жауаптарының әр бетінде қайталанып отырады.

Капиталистік өндіріс әдісі жеке-дара товарға деген транспорт шығындарын транспорт пен байланыс құралдары жетіле түсуі арқылы да, транспорттың шоғырлануы (көлемі үлкеюі) арқылы да азайтып отырады. Ол қоғамдық еңбектің, тірі еңбек пен затқа айналған еңбектің, товар тасымалдауға жұмсалатын бөлігін көбейтеді — себебі, біріншіден, барлық өнімдердің басым көпшілігін товарға айналдырады, екіншіден, жергілікті рыноктың орнына алыстағы рынокты пайдаланады.

Товардың сапырылысы, яғни іс жүзінде кеңістік бойынша қозғалуы товарды тасымалдатқызады. Бір жағынан транспорт өнеркәсібі өндірістің дербес саласына, сондықтан да өндіргіш капиталды жұмсаудың ерекше саласына айналады. Ал, екінші жағынан, ол айналыс процесінің шеңберінде және айналыс процесі үшін өндіріс процесінің жалғасы болады.

<sup>19)</sup> «Royal Commission on Railways», p. 31. № 630.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

## КАПИТАЛ АЙНАЛЫМЫ

## ЖЕТІНШІ ТАРАУ

## АЙНАЛЫМ УАҚЫТЫ МЕН АЙНАЛЫМ САНЫ

Біздің жоғарыда көргеніміздей, белгілі бір капитал айналымының жалпы уақыты оның айналыс уақыты мен оның өндіріс уақытының жиынтығына тең. Бұл — белгілі бір формада капитал құнының авансылану кезеңінен қозғалыстағы капитал құнының нақ сол формада қайта оралу кезеңіне дейінгі аралық уақыт.

Капиталистік өндірістің негізгі көздеген мақсаты әрқашан да авансыланған құнның көбеюі болып табылады, ол құн өзінің дербес формасында, яғни ақшалай формасында авансыланды ма, немесе товар формасында авансыланды ма, бұл есеп емес, сондықтан оның құн формасы авансыланған товардың бағасында тек ойда ғана дербестік алады. Бұл капитал құны осы екі жағдайда да өзінің ауыспалы айналымында түрлі формада болып өтеді. Мұның өзіне өзінің бара-барлығы капиталистің бухгалтериялық кітабында көрсетіледі, немесе есеп ақша түрінде көрсетіледі.

Біз  $A...A'$  формасын немесе  $\Theta... \Theta$  формасын алсақ та, бұл екі форманың екеуі де: 1) авансыланған құнның капитал құны ретінде қызмет атқарып, өзінен өзі өскендігін; 2) процесс біткеннен кейін оның осы процесті бастаған формасына қайта оралғанын көрсетеді. Авансыланған  $A$  құнының өсуі және сонымен қатар капиталдың осы формаға (ақшалай формасына) қайта оралуы  $A...A'$ -де айқын көрінеді. Бірақ нақ осы жағдай екінші формада да болады. Шынында да  $\Theta$ -нің басталу пункті өндіріс элементтерінің, белгілі бір құны бар товарлардың болуы. Бұл форма құнның ( $T'$  мен  $A'$ ) өскендігін және ең алғашқы формада қайта оралғандығын қамтиды, өйткені екінші  $\Theta$ -де авансыланған құн өзі ең алғаш авансыланған өндіріс элементтерінің формасын тағы қайта алады.

Біз осыдан бұрын мынаны көрдік: «Егер өндіріс капиталистік формада болатын болса, онда ұдайы өндіріс те сондай формада болады. Капиталистік өндіріс әдісі тұсында еңбек процесінің құнды өсіре беру процесі үшін керек құрал ретінде ғана

көрінетіні сияқты, ұдайы өндіріс те авансыланған құнды капитал есебінде, яғни өздігінен өсетін құн есебінде ұдайы өндіру құралы ретінде ғана көрінеді» («Капитал», I кітап, XXI тарау, 588-бет<sup>39</sup>).

Үш форманың: I)  $A...A'$ ; II)  $\Theta... \Theta$  және III)  $T'...T'$ , бірінен бірінің айырмашылығы мынадай: II формада ( $\Theta... \Theta$ ) процестің қайта жаңғыруы, ұдайы өндіріс процесі, шын түрінде көрінеді, ал I формада — ықтимал түрінде ғана көрінеді. Бірақ бұл екі форманың екеуінің де III формадан айырмасы: авансыланған капитал құны — бұл өзі ақша түрінде авансыланды ма немесе өндірістің заттай элементтері түрінде авансыланды ма, бәрібір — басталу пункті, ал сондықтан да қайта оралу пункті болады.  $A...A'$  формасында қайта оралу  $A' = A + a$  түрінде көрінеді. Егер процесс бұрынғы көлемде қайта жаңғыртылатын болса, онда басталу пункті тағы да  $A$  болады, ал  $a$  бұған енбейді, ол бізге тек  $A$ -ның капитал ретінде құны жағынан өскендігін ғана көрсетеді, сондықтан да ол қосымша құн  $a$ -ны тудырды, бірақ оны өзінен шеттетті.  $\Theta... \Theta$  формасында басталу пункті тағы да сол өндіріс  $\Theta$  элементтері формасында авансыланған капитал құны болып табылады. Авансыланған құнның өсуі де осы формада болады. Егер жай ұдайы өндіріс болатын болса, онда нақ сол капитал құны тағы да сол  $\Theta$  формасында өзінің қозғалысын қайта бастайды. Ал егер қор жинау жасалатын болса, онда енді өскен капитал құны ретінде процесті бастаушы  $\Theta'$  болады (құнының мөлшері бойынша  $= A' = T'$ ). Бірақ процесс тағы да сол алғашқы формадағы авансыланған капитал құнынан басталады, рас, мөлшері бұрынғыдан көбірек капитал құнынан басталады. Керісінше, III формада капитал құны процесті бастағанда авансыланған капитал құны ретінде емес, товар формасында болатын барлық байлық сияқты, енді капитал құны ретінде бастайды, ал авансыланған капитал құны әлгі байлықтың бір бөлегі ғана. Соңғы форма үшінші бөлім үшін маңызды нәрсе; бұл бөлімде жеке капиталдардың қозғалысы бүкіл қоғамдық капиталдың қозғалысына байланысты қарастырылады. Бірақ әрқашан ақша түрінде немесе товар түрінде болсын капитал құнын авансылаудан басталатын және үнемі қимылда болатын капитал құнының өзі авансыланған формада қайта оралуына әрқашан себепші болатын капитал айналымын зерттеу үшін бұл форма жарамсыз келеді. Егер көбіне қосымша құнды жасауға айналымның тигізетін әсеріне көңіл аударылатын болса, онда I және II ауыспалы айналымның біріншісін талдап қарастыру қажет; ал егер әңгіме айналымның өнім жасауға әсері туралы болып отырса, онда екіншісін талдап қарастыру қажет.

Экономистер ауыспалы айналымдардың түрлі формаларын бірінен бірін ажыратпады да, бұларды капитал айналымына қатынасы жағынан жекелеп алып қарастырмады. Дағдыда олар  $A...A'$  формасын алады, өйткені бұл форма жеке капиталиске үстем және керек десе ақша тек есеп ақшасы түрінде ғана бастаушы пункт болғанның өзінде де, бұл форма оның есеп айырысу қажетін ғана атқарады. Басқа бір экономистер өндіріс элементтері формасындағы шығындарға сүйенеді де, қозғалысты қайта оралу кезеңіне дейін қарастырады, ал оның бержағында бұл қайта оралудың формасы туралы, оның товармен немесе ақшамен қайта оралатыны жөнінде сөз де болмайды. Мысалы:

«Экономикалық цикл... бұл өзі шығын шығарылған кезден бастап, сол шығын қайта оралған кезге дейінгі бүкіл өндіріс процесі. Екіншілік кәсібінде егін егу уақыты экономикалық циклдың басталған кезі, ал егінді жинау — оның аяқталған кезеңі болып табылады» («Economic cycle,... the whole course of production, from the time that outlays are made till returns are received. In agriculture, seed-time is its commencement, and harvesting its ending». S. Ph. Newman, «Elements of Pol. Econ.». Andover and New York, [1835], p. 81).

Қайсы біреулері  $T'$ -нен (III-ші формадан) бастайды:

«Өндірістік байланыстар дүниесі өзіміз экономикалық цикл деп атайтын және кәсіпорны өз операцияларының бірінен соң бірі келетін тізбегін жасап болып, айналым басталған пунктке қайта оралып әрбір айналым аяқталатын шеңбер бойынша қозғалады деп есептеуге болады. Мұны басталу кезі деп капиталиске төлемдердің түсетін пунктін есептеуге болады, осы төлемдер арқылы капиталиске оның капиталы қайта оралады; ол осы пункттен өзіне жұмысшылар жалдауға, жалақы түрінде оларға күн көріс заттарын, немесе, дәлірек айтқанда, сол заттарды алуға қажетті күш-құралын бөліп беруге көшеді; капиталист өзі сауда жасайтын өндірілген заттарды жұмысшылардан алуға, сол заттарды рынокқа жеткізіп, бұл заттарды сатып, товарлардан түскен қаржы арқылы өзінің барлық капиталдық шығындарының орнын толтырып, осы қозғалыстар тізбегінің ауыспалы айналымын аяғына дейін жеткізуге көшеді» (Th. Chalmers. «On Pol. Econ.», 2-nd ed., London, 1832, p. 85, seq.).

Өндірістің қайсы бір саласына жеке капиталистің жұмсаған капитал құнының бәрі өзінің қозғалысында ауыспалы айналымды жасап болғаннан кейін, ол капитал құны өзінің алғашқыдағы формасына қайта оралады да, сол процесті тағы да қайталай алады. Құн мәңгі орын теуіп, капитал құны ретінде өсе беруі үшін, ол осы ауыспалы айналымды қайталай беруге тиіс. Капитал өмірінде жеке ауыспалы айналым бір ғана үнемі қайталанатын бөлім, демек, кезең болып табылады.  $A...A'$  кезеңінің ақырында капитал тағы да ақшалай капитал формасында болады; бұл капитал оның ұдайы өндіріс процесін, немесе оның құны жағынан өсу процесін қамтитын форма



өзгерістерінің тізбегін қайта өтеді.  $\Theta \dots \Theta$  кезеңі аяқталғанда капитал тағы да өзінің ауыспалы айналымын қайта бастаудың алғы шарты болып табылатын өндіріс элементтері формасында болады. Жеке акт емес, мерзімді процесс ретінде қаралатын капиталдың ауыспалы айналымы капитал айналымы деп аталады. Бұл айналымның ұзақ-қысқалығы оны өндіру уақыты мен оның айналу уақытының жиынтығымен анықталады. Уақыттың бұл жиынтығы капитал айналымының уақыты болып табылады. Демек, бұл уақыт жиынтығы бүкіл капитал құны ауыспалы айналымының бір кезеңінен келесі кезеңіне дейінгі аралық уақытты қамтиды; осы уақыт жиынтығы капитал өмірі процесіндегі мерзімділікті немесе, керек десеңіз, құнның өсу процесінің, не болмаса сол белгілібір капитал құнын өндіру процесінің қайта жаңғыру, қайталану уақытын көрсетеді.

Егер жеке бір капиталдың айналым уақытын тездететін немесе қысқартатын жеке-дара жағдайларды былай қоятын болсақ, онда айналым уақыты тегінде капитал жұмсалған жеке салалардың айырмашылығына қарай әр қилы болып отырады.

Қимыл жасаушы жұмыс күші үшін табиғи өлшем единицасы бір жұмыс күні болатыны сияқты, қимыл жасаушы капитал айналымдары үшін табиғи өлшем единицасы—бір жыл. Осындай өлшем единицасының табиғи базисы болатын мына жай: қоңыржай белдеуде, капиталистік өндіріс отанында, егіншіліктің аса маңызды өнімдері жылында бір рет өндіріледі.

Егер айналым уақытының өлшем единицасы ретінде жылды  $O$ , белгілібір капиталдың айналым уақытын  $o$ , оның айналым санын —  $n$  арқылы белгілесек, онда  $n = \frac{O}{o}$ . Демек, егер, мысалы, айналым уақыты  $o$  3 ай болса, онда  $n = \frac{12}{3} = 4$ ; капитал жылына төрт айналым жасайды, немесе төрт рет айналады. Егер  $o = 18$  ай болса, онда  $n = \frac{12}{18} = \frac{2}{3}$ , яки капитал жылына айналымының  $\frac{2}{3}$  уақытын ғана өтеді. Капитал айналымының уақыты бірнеше жылға созылса, айналым уақыты, демек, бірнеше рет қайталанған бір жылмен есептеледі.

Капиталист үшін оның капиталының айналым уақыты — капиталы өзінің құны жағынан бірнеше есе өсіп, өзінің алғашқы формасында капиталиске қайта оралуы мақсатымен өзінің капиталын қанша уақытқа авансылауына тура келсе, сол уақыт оның капиталының айналым уақыты болады.

Өндіріс порцесіне және құнның өсу процесіне айналымның тигізетін әсерін зерттеуге тікелей көшуден бұрын, айналыс процесінде капиталдың алатын және оның айналым формасына әсер ететін екі жаңа формасын талдап қарау қажет.

## СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

НЕГІЗГІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ АЙНАЛМАЛЫ  
КАПИТАЛ

## I. ФОРМА АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Жоғарыда көрдік («Капитал», I кітап, VI тарау): тұрақты капиталдың бір бөлегі сол капиталдың өндіріс процесіне енетін белгілі бір тұтыну формасын сақтайды, оны сақтағанда жасалуына өзі қатысатын өнімдер жөнінде сақтайды. Демек, азды-көпті ұзақ дәуір ішінде, үнемі қайталанып отыратын еңбек процесінде тұрақты капиталдың бұл бөлегі үнемі белгілі бір қызметті атқарып отырады. Бұған, мысалы, өндіріс үйі, машиналар, т. т. жатады, — қысқасы, өзіміз бәрінің басын қосып *еңбек құрал-жабдықтары* деп атайтынымыз жатады. Тұрақты капиталдың бұл бөлегі өзінің құнын өнімге көшіреді, көшіргенде өзінің тұтыну құнымен бірге өзінің айырбас құнын жоғалтқан шамада көшіреді. Құнның осы көшуі, немесе мұндай өндіріс құрал-жабдығы құнының өндірілуіне өзі қатысқан өнімге ауысуы орташа есеппен анықталады; құнның көшуі өндіріс құрал-жабдығының орташа есеппен алғанда қанша уақыт қызмет ететіндігімен өлшенеді, бұл уақыт өндіріс құрал-жабдығының өндіріс процесіне ене бастаған кезінен әбден тозып бітетін кезіне дейін, іске аспай қалатын, дәл өзіндей жаңа бір данасымен ауыстырылуға, қайта өндірілуге тиісті кезіне дейін созылады.

Сонымен, тұрақты капиталдың бұл бөлігінің — еңбек құрал-жабдықтарының дәл өзінің — ерекшелігі мына төмендегіде.

Капиталдың бір бөлігі тұрақты капитал түрінде авансыланады, яғни еңбек процесіне енгендегі өзінің дербес тұтынылу формасын өз бойында сақтағанға дейін еңбек процесінің факторлары ретінде қызмет атқаратын өндіріс құрал-жабдықтары

формасында авансыланады. Дайын өнім, демек, өнімді тудыратын факторлар, өздері өнімге айналғандықтан, өндіріс процесінен шығарылып тасталады, шығарылғанда өндіріс саласынан товар ретінде айналым саласына көшу үшін шығарылады. Керісінше, еңбек құрал-жабдықтары, өндіріс саласына бір еніп алғаннан кейін, мұнан еш уақытта да шықпайды. Еңбек құрал-жабдықтарын өзінің қызметі өндіріс саласында берік ұстайды. Авансыланған капиталдың құнының бір бөлігі осы формасында, өндіріс процесіндегі еңбек құрал-жабдықтарының қызметіне қарай белгіленетін формасында, *бекіп қалады*. Еңбек құрал-жабдығы қызмет үстінде болатындықтан, ал солай болғансоң ол өзі тозатын болғандықтан, оның құнының бір бөлігі өнімге көшеді, басқа бөлегі еңбек құрал-жабдығында бекіп қалады, демек өндіріс процесінде сақталып қалады. Осылайша бекіп қалған құн, еңбек құрал-жабдығы өз қызметін атқарып тозып біткенге дейін үнемі азая береді; сондықтан азды-көпті ұзақ дәуір ішінде оның құны үнемі қайталанып отыратын еңбек процесінен шығатын өнім жиынына тарап отырады. Бірақ қашан еңбек құрал-жабдығы әзірге әлі де болса еңбек құрал-жабдығы ретінде қызмет атқарып тұрғанда, демек, оны соның өзі тектес жаңа данасымен ауыстырудың қажеті болмай тұрғанда, тұрақты капиталдың құны әр қашан соның өз бойында бекіп қала береді, ал енді сол еңбек құрал-жабдығында ең алғашында бекіген құнның басқа бір бөлігі өнімге көшеді, сондықтан ол товар запасының құрамды бөлігі ретінде айналыс жасайды. Еңбек құрал-жабдығының өмірі неғұрлым ұзақ болған сайын, ол неғұрлым баяу тозған сайын, тұрақты капитал құны осы тұтынылу формасында соғұрлым ұзақ бекіп қалады. Бірақ еңбек құрал-жабдығы өмірі ұзақтығының дәрежесі қандай болғанымен, өзінің құнын өнімге көшіру дәрежесі оның қызмет ету уақытының жалпы ұзақтығына қашан да кері пропорцияда болады. Егер құны барабар екі машинаның біреуі бес жылда, екіншісі он жылда тозатын болса, онда бірдей уақыт ішінде бірінші машина өзінің құнын өнімге екінші машинадан гөрі екі есе көп көшіреді.

Капитал құнының еңбек құрал-жабдығына бекіген бұл бөлігі де, барлық басқа бөлігі сияқты, айналыс жасайды. Жоғарыда өзіміз көрдік, тегінде капитал құнның бәрі үнемі айналыста болып отырады, сондықтан да осы мағынада алғанда бүкіл капитал айналмалы капитал болып табылады. Бірақ бұл арада қарастырылып отырған капитал бөлегінің айналысы ерекше айналыс. Біріншіден, капиталдың бұл бөлегі өзінің тұтынылу формасында айналмайды, тек оның құны ғана айналады, соның өзінде де тек біртіндеп, бөлшектеп айналады,

айналғанда құнның ол бөлегі капиталдың біз қарастырып отырған бөлегінен товар ретінде айналатын өнімге көшкен мөлшерінде айналады. Капитал құнының осы бөлегінің бүкіл қызмет атқарып тұрған уақытының ішінде оның құнының біраз үлесі соның өзінде бекіп қалады, өндірілуіне өзі себепкер болған товарлар жөнінде өзінің дербестігін сақтайды. Осындай өзгешелігінің арқасында тұрақты капиталдың бұл бөлігі *негізгі капитал* [*fixes Kapital*] формасын алады. Бұған қарама-қарсы өндіріс процесіне авансыланған капиталдың барлық өзге зат түріндегі құрамды бөліктері *айналмалы капиталды* немесе *тұрақсыз капиталды* [*Zirkulierendes o der flüssiges Kapital*] құрайды.

Өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлігі, атап айтқанда қызмет үстінде еңбек құрал-жабдықтарының өзі тұтынатын көмекші материалдар, мысалы, тас көмірді бу машинасының тұтынуы сияқты немесе процеске тек себепкер болатын, мысалы, жарық беретін газ және т. т. сияқты материалдар — өндіріс құрал-жабдықтарының бұл бөлігі өнімге зат түрінде енбейді. Тек мұның құны ғана өнім құнының бір бөлігі болады. Дәл өзінің айналысында өнім осындай өндіріс құрал-жабдықтарының құнын да айналысқа енгізеді. Бұл жағынан келгенде бұлардың негізгі капиталдан айырмасы жоқ. Бірақ өздері енетін қандай бір еңбек процесінде болсын, өндіріс құрал-жабдықтары тұтас тұтынылып кетеді, сондықтан еңбектің әрбір жаңа процесінде бұларды өзі тектес жаңа даналарымен түгелдей ауыстырып отыруға тура келеді. Өзінің қызмет атқарып отырған уақытында бұлар өзінің дербес тұтынулы формасын сақтамайды. Демек, өздерінің қызмет атқару уақытында капитал құнының бірде-бір бөлігі өзінің бұрынғы тұтынылу түрінде, осындай өндіріс құрал-жабдықтарының заттай формасында бекіп қалмайды. Көмекші материалдардың осы бөлігінің зат түрінде өнімге енбейтіндігі, бірақ өнім құнының бір бөлігі ретінде, өз құны бойынша ғана өнім құнына енетіндігі, ал осыған байланысты мұндай материалдардың қызметі өндіріс саласына бекіп қалатындығы, — міне осы жағдай Рамсей сияқты экономисті мынаған апарып соқтырған: ол (сонымен бірге негізгі және тұрақты капиталды шатастырып) осы көмекші материалдарды негізгі капиталдың категориясына жатқызды<sup>40</sup>.

Өндіріс құрал-жабдықтарының зат түрінде өнімге енетін бір бөлігі, яғни шикізат және т. т. осының арқасында ішінара кейіннен барып тұтыну заттары ретінде жеке бастың тұтынуына енетін форма алады. Еңбек құрал-жабдықтарының өзі, негізгі капиталдың бұл заттай түрі өндірмелі түрде ғана тұтыны-

лады, жеке бастың тұтынуына кірмейді, өйткені бұлар өнімге енбейді немесе пайда болуына өзі себепкер болатын тұтыну құнына енбейді, қайта мұның керісінше, өздері қашан толық тозып біткенше тұтыну құны жөнінде өзінің дербес формасын сақтайды. Транспорт құрал-жабдықтары жайында мұны айтуға болмайды. Өзінің өндірмелі қызмет атқаруы уақытындағы, демек, өндіріс саласында болған уақытындағы — яғни жүріп тұрған кезіндегі — бұлардың беретін пайдалы нәтижесі нақ сол уақыттың өзінде жеке бастың, мысалы, жолаушының, тұтынуына да енеді. Бұл жағдайда жолаушы, басқа бір тұтыну заттарын тұтынғанына ақы төлейтіні сияқты, оларды тұтынғаны үшін де төлейді. Біз, мысалы, химия өнеркәсібінде шикі материал мен көмекші материалдардың бір бірімен қосылып кететінін көрдік<sup>41</sup>. Еңбек құрал-жабдықтары, көмекші материал мен шикі материал жөнінде де солай болады. Мысалы, егіншілікте топырақты жақсарту үшін соған енгізілетін заттар өсімдіктің өсу факторы ретінде ішінара өсімдік өніміне енеді. Екінші жағынан алып қарағанда, топыраққа енгізілген бұл заттардың әсері ұзақ уақытқа, мысалы, 4—5 жылға, тарайды. Сондықтан бұлардың бір бөлегі зат түрінде өнімге енеді де, сонымен қатар өзінің құнын өнімге көшіреді, ал енді екінші бір бөлігі бұрынғы тұтынулы формасында қала отырып, өзінің құнын да соған бекітеді. Әлгі заттардың осы екінші бөлігі бұрынғысынша өндіріс құрал-жабдықтары ретінде өмір сүре береді, сондықтан да негізгі капитал формасын алады. Өгіз жұмыс көлігі ретінде негізгі капитал болып табылады. Ал егер сол өгіз етке сойылса, онда ол енді еңбек құрал-жабдығы ретінде, демек, негізгі капитал ретінде қызмет етпейді.

Өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капитал құнының бір бөлегіне негізгі капиталдың сипатын беретін нәрсе капиталдың осы бөлегі айналысының ерекше әдісінде ғана болады. Айналыстың осы ерекше әдісі сол еңбек құрал-жабдығы өзінің құнын өнімге қандай ерекше әдіспен көшіретінінен келіп туады, немесе өндіріс процесінің кезінде құнды тудырушы фактор ретінде ол еңбек құрал-жабдығының қандай ерекше роль атқаратынынан келіп туады. Бұл әдістің өзі еңбек процесінде түрліше еңбек құрал-жабдықтарының қызмет атқару ерекшеліктерінен келіп туады.

Белгілі бір тұтыну құнының өзі еңбек процесінің біреуінен өнім ретінде шығып, екінші бір еңбек процесіне өндіріс құрал-жабдығы ретінде енетіні белгілі<sup>42</sup>. Өнімнің өндіріс процесінде еңбек құрал-жабдығы ретінде қызмет атқаруы ғана оны негізгі капиталға айналдырады. Керісінше, өнімнің өзі өндіріс процесінен енді ғана шығып тұрған күйінде, ол әлі тіпті де негізгі

капитал болып табылмайды. Мысалы, машина өнім ретінде, осыған сәйкес — машина жасаушы фабриканттың товары ретінде оның товарлы капиталына жатады. Ол машина өзін сатып алушының, оны өнім өндіруге қолданатын капиталистің қолында ғана негізгі капиталға айналады.

Басқа жағдайларының бәрі бірдей болғанда еңбек құрал-жабдығының өндіріс процесінде беку дәрежесі сол еңбек құрал-жабдығының қаншалық ұзақ уақыт тозбауына қарай өсіп отырады. Еңбек құрал-жабдығында бекіген капитал құны мен сол құнның қайталанған еңбек процестерінде өнімге көшетін бөлегінің арасындағы айырманың мөлшері атап айтқанда еңбек құрал-жабдығының осы өмір ұзақтығына байланысты болады. Құнның бұл көшуі неғұрлым баяу болса, — ал құн дегеніміз бірінен-бірі айнымайтын еңбек процесі әрбір қайталанған сайын еңбек құрал-жабдығынан көшіп отырады ғой, — еңбек құрал-жабдығында бекіген капитал соғұрлым көп болады, өндіріс процесінде қолданылатын капитал мен сол процесте тұтынылатын капиталдың арасында соғұрлым көп айырмашылық болады. Осы айырмашылық жойылды дегеніміз белгілі бір еңбек құрал-жабдығы тозып бітті және өзінің тұтыну құнымен бірге өз құнын да жойды деген сөз. Ол еңбек құрал-жабдығы ендігі жерде құн иесі болудан қалады. Тұрақты капиталдың барлық басқа да заттай иесі сияқты, еңбек құрал-жабдығы өзінің тұтынылу құнымен бірге өзінің құнын да жоятын мөлшерде ғана өзінің құнын өнімге көшіретін болғандықтан, оның тұтынылу құны қаншалық баяу жойылатын болса, өндіріс процесінде ол қаншалық ұзақ уақыт сақталатын болса, тұрақты капитал құнының сол еңбек құрал-жабдығында бекіп қалатын дәуірінің соншалық ұзақ болатыны айқын нәрсе.

Егер де сөздің дәл өз мағынасында еңбек құрал-жабдығы болып табылмайтын әйтеуір бір өндіріс құрал-жабдығы, — мысалы, көмекші материал, шикізат, жартылай фабрикат және т. т., — егер осы өндіріс құрал-жабдығы өзінің құнын көшіру жөнінде, ал сондықтан өз құнының айналыс жасау әдісі жөнінде де еңбек құрал-жабдығы сияқты жағдайда болатын болса, онда мұндай өндіріс құрал-жабдығы да негізгі капиталдың заттай иесі, өмір сүру формасы болып табылады. Біз жоғарыда әсері өндірістің көп дәуіріне немесе көп жылдарға созылатын химиялық заттарды топыраққа енгізіп, топырақты жақсарту жайын айттық, міне осы айтылған жағдайда да істің жайы нақ әлгі айтқандай болып шығады. Бұл арада сол химиялық заттардың құнының бір бөлегі бұрынғысынша өніммен қатар өзінің дербес формасында, немесе негізгі капитал

формасында сақталады, ал енді құнның екінші бір бөлегі өнімге көшіп те үлгірген, сондықтан өніммен бірге айналыс жасайды. Бұл ретте өнімге негізгі капитал құнының бір бөлегі ғана еніп қоймайды, сонымен бірге құнның осы бөлігі болып отырған тұтынылу құны да, субстанция да енеді.

Негізгі қатені — негізгі және айналмалы капитал категорияларын тұрақты және өзгермелі капитал категорияларымен шатастыруды — былай қоя тұрғанда, экономистердің арасында әлі күнге қалмай келе жатқан ұғымдарды анықтаудағы былықтар ең алдымен төмендегіге негізделеді.

Еңбек құрал-жабдықтарының бойындағы өзінің заттай формасындағы белгілі бір қасиеттерін, мысалы, айталық, үйдің бір орнынан қозғалмайтын физикалық қасиетін, ол экономистер негізгі капиталдың нақ өзінің қасиеттеріне айналдырады. Бірақ, сол күйінде нақ өзі негізгі капитал болып табылатын басқа да еңбек құрал-жабдықтарының әлгі айтқанға қарама-қарсы қасиеттері барын, мысалы, айталық, кеме сияқты физикалық қозғалу қасиеті барын дәлелдеу оңай ғой.

Немесе құн айналысынан туатын форманың экономикалық айқындығын олар заттың өзіне тән қасиетімен шатастырады: тегі өздігінен алғанда капитал болып табылмайтын заттар тек белгілі бір қоғамдық қатынастардың тұсында ғана капиталға айналатын тәрізді, міне осы заттар *өзінен өзі-ақ* өзінің жаратылысы бойынша-ақ белгілі бір формада капитал, негізгі немесе айналмалы капитал болатын тәрізді. Ілгеріде өзіміз көрдік («Капитал», I кітап, V тарау): қандай бір еңбек процесінде болсын, ол процесс қандай бір қоғамдық жағдайларда жүрмесін, өндіріс құрал-жабдықтары әрқашан да еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек затына бөлінеді. Бірақ еңбек құрал-жабдықтары да, еңбек заты да тек капиталистік өндіріс әдісінің тұсында ғана капиталға айналады, онда да, осының алдындағы бөлімде анықтама берілген мағынадағы «өндіргіш капиталға» айналады. Сонымен бірге еңбек процесінің жаратылысынан туатын еңбек құрал-жабдықтары мен еңбек затының арасындағы айырма жаңа формада — негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырма формасында — көрінеді. Тек осы кезден бастап қана еңбек құрал-жабдығы ретінде қызмет атқаратын зат негізгі капиталға айналады. Егер ол зат өзінің заттық қасиеттері бойынша еңбек құрал-жабдығының қызметінен де басқа бір қызметтер атқаруға қабілетті болса, онда ол зат өз қызметінің айырмашылықтарына қарай, негізгі капитал не болады, не болмайды. Мал жұмыс көлігі ретінде — негізгі капитал; сою үшін бордақылана-

тын мал шикі материал, бұл өзі ақыр түбінде өнім ретінде айналысқа түседі,— демек, бұл негізгі капитал емес, айналмалы капитал.

Бірі мен бірі байланысты келіп қайталанып отыратын еңбек процесерінде қайсы бір өндіріс құрал-жабдығының біршама ұзақ уақыт бекіген жай қалпы үздіксіз қалып, сондықтан да ол өзі өндірістің бір дәуірі,— яғни өнімді жасау үшін қажетті өндірістің барлық уақыты,— осы қалып, негізгі капитал сияқты, капиталстен азды-көпті ұзақ уақытқа капитал авансылауды талап етеді, бірақ оның капиталының тиісті бөлегін негізгі капиталға әлі айналдырмайды. Мысалы, тұқымдық астық — әсте де негізгі капитал емес, ол тек, шамамен бір жыл бойы өндіріс процесінде сақталатын шикі материал ғана. Қандай да бір капитал болсын, ол өзі қашан өндіргіш капитал ретінде қызмет атқарып тұрғанда, өндіріс процесіне бекіген болады, демек, өндіргіш капиталдың барлық элементтері де, бұлардың заттай формасы, атқаратын қызметі және олардың құнының айналу әдісі қандай ғана болғанымен, өндіріс процесіне бекіген болады. Өндіріске осы бекіген қалып, өндіріс процесінің түріне немесе көзделген пайдалы нәтижесіне қарай ұзаққа созыла ма әлде аз уақытқа созыла ма,— негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылықты тудыратын нәрсе бұл емес<sup>20)</sup>.

Еңбек құрал-жабдықтарының бір бөлегі, жалпы еңбек жағдайларын да қоса есептегенде, осы бөлегі еңбек құрал-жабдықтары ретінде өндіріс процесіне енген кезде немесе осы бөлегі өндірістік қызметтер атқаруға әзірленгенде, мысалы, машиналар, қайсыбірде белгілі бір орынға бекіледі. Қайсыбірде еңбек құрал-жабдықтарының нақ осы бөлегі әуел бастан белгілі бір орынға байланып, қозғалмайтын формада өндіріледі, мысалы, топырақты жақсарту істері, фабрика үйлері, домна пештері, каналдар, темір жолдар және т. т. Бұл жағдайда еңбек құрал-жабдықтарының өздері қызмет атқаруға тиісті өндіріс процесіне тұрақты бекілуі, сонымен бірге олардың орын алуының физикалық әдісіне байланысты болады. Екінші жағынан, қайсыбір еңбек құрал-жабдығы үнемі бір орыннан бір орынға ауысып, жылжып отырады және осыған қарамастан ылғи өндіріс процесінде болады, мысалы, локомотив, кеме, жұмыс көлігі және т. т. Бұлардың, бірінші жағдайда, бір орыннан қозғалмайтындығы бұларға негізгі капиталдың сипатын бермейді, ал енді қозғалғыштығы, екінші жағдай-

<sup>20)</sup> Негізгі капитал мен айналмалы капиталды анықтау қиын болғандықтан, Лоренц Штейн мырза бұл айырмашылық баяндау тек неғұрлым түсінікті болу үшін ғана енгізген, дейді.



да, бұлардың негізгі капитал сипатын жоймайды. Алайда еңбек құрал-жабдықтарының белгілі бір орынға бекігендігі, тамырларын жерге терең жайып жібергендігі ұлттардың экономикалық өмірінде негізгі капиталдың осы бөлегінің ерекше ролі барлығын көрсетеді. Бұларды шет елге жөнелтуге болмайды, бұлар дүние жүзілік рынокта товар сияқты айналыс жасай алмайды. Бұл негізгі капиталға меншік титулдары ауысып тұруы мүмкін, мұны сатып алуға да, сатуға да болады, солай болғандықтан да ол ой шеңберінде ғана айналысқа түсе алады. Меншіктің осы титулдары керек десе шетел рыноктарында да айналым жасай алады, мысалы, акциялар түрінде. Бірақ бұл сияқты негізгі капиталды меншіктенуші адамдар ауысып отырғанымен белгілі бір елдің байлығының заттай бекілген, қозғалмайтын бөлегінің дәл сол байлықтың қозғалмалы бөлегіне арақатынасы өзгермейді<sup>21)</sup>.

Негізгі капитал айналысының өзгешелігінен оның айналым өзгешелігі келіп туады. Құнның бір бөлегі — тозуы нәтижесінде негізгі капитал өзінің заттай формасында жоғалтатын бөлегі өнім құнының бір бөлегі ретінде айналысқа түседі. Айналыс арқылы өнім товардан барып ақшаға айналады; демек, еңбек құрал-жабдығы құнының өнім айналысқа түсіретін бөлегі ақшаға айналады, оның үстіне құнның ақша түріндегі бұл бөлігі айналыс процесінен тамызықтап шыға береді, шыққанда, сол еңбек құрал-жабдығы өндіріс процесінде құн иесі болудан қаншалық қалатын болса, соншалық шыға беретін болады. Демек, бұл еңбек құрал-жабдығының құны ендігі жерде екі түрлі болып кездеседі. Мұның бір бөлегі осы еңбек құрал-жабдығының өндіріс процесіне жататын тұтыну немесе заттай формасына байланысты болып қалады, ал екінші бір бөлегі ақша түрінде онан бөлініп шығады. Еңбек құрал-жабдығының қызмет атқаруы үстінде оның заттай формасында болатын құнының бір бөлегі ылғи азая береді, ал енді құнның ақшалай формаға айналған бөлігі еңбек құрал-жабдығы, ақырында, әбден тозып бітіп, оның барлық құны сол еңбек құрал-жабдығы өлексесінен бөлініп шығып, ақшаға айналып болғанша, үнемі көбейе береді. Бұл арада өндіргіш капиталдың осы элементінің айналымындағы өзгешелік көрінеді. Мұның құнының ақшаға айналуы осы құнның иесі болып табылатын товардың ақша қуыршағына айналуымен қоян-қолтық қатар жүріп отырады. Бірақ оның ақшалай формадан тұтыну формасына қайта айналуы товардың осы товар өндірісінің басқа элементтеріне қайта айналуынан бөлектенеді де, енді еңбек құрал-

<sup>21)</sup> Осы арада IV қолжазбадан алынған текст аяқталады.— Төменде II қолжазбадан алынған текст беріліп отыр.

жабдығының өзі ұдайы өндіру дәуірімен белгіленеді, яғни сол еңбек құрал-жабдығы тозып бітіп, енді оны өзі сияқты басқа данасымен ауыстыратын кез болғанға дейінгі уақытпен белгіленеді. Егер, айталық, құны 10 000 ф. ст. тұратын қайсы бір машинаның қызмет атқару уақытының ұзақтығы, мысалы, 10 жыл болса, онда осы машинаға ту баста авансыланған құнның айналу уақыты 10 жыл болады. Осы уақыт өткенше оны жаңасымен ауыстыруға тура келмейді; ол машина өзінің заттай формасында қызмет атқара береді. Оның бер жағында өл машинаның құны өзі үздіксіз өндірілуіне қызмет ететін товарлардың құнының бір бөлегі ретінде бөлшектеніп айналысқа түсе береді, сөйтіп оның құны біртіндеп ақшаға айналады — ақырында, 10 жыл аяқтала бере, бұл машина түгел ақшаға айналып болғанша, ал ақшадан қайта машинаға айналғанша, яғни машина өзінің айналымын бітіргенше, оның құнының біртіндеп ақшаға айналуы тоқталмайды. Осы ұдайы өндіріс кезеңі жеткенше машинаның құны резервтегі ақшалай қор түрінде біртіндеп жинала береді.

Өндіргіш капиталдың қалған элементтері ішінара тұрақты капиталдың шикізат пен көмекші материалдағы элементтерінен, ішінара жұмысшы күшіне жұмсалған өзгермелі капиталдан тұрады.

Еңбек процесі мен құнның өсу процесін талдау ісі («Капитал», I кітап, V тарау) өндіргіш капиталдың түрлі құрамды бөліктері өнімнің жасалуы мен құнның жасалуында мүлдем әр қилы роль атқаратынын көрсетті. Тұрақты капиталдың көмекші материалдар мен шикізаттан тұратын бөлегінің құны — дәл оның еңбек құрал-жабдығынан тұратын бөлегінің құнының дәл өзі сияқты — өнімге көшкен құн ретінде ғана өнім құнында қайтадан пайда болады, ал енді жұмысшы күші еңбек процесі арқылы өнімге өз құнының эквивалентін қосады, немесе өз құнын шынында ұдайы өндіреді. Сонан кейін, көмекші материалдардың бір бөлегі — отын ретінде жұмсалатын көмір, жарық беретін газ және т. т. — еңбек процесінде тұтынылады да, өнімге зат күйінде енбейді, ал енді олардың екінші бір бөлегі өнімге зат күйінде еніп, оның субстанциясының материалын тудырады. Бірақ бұл айырмашылықтардың бәрінің айналыс үшін, олай болса айналым әдісі үшін де маңызы жоқ. Көмекші материалдар мен шикізат белгілі бір өнімді жасағанда түгелінен тұтынылатындықтан, олар өзінің барлық құнын да өнімге түгел көшіреді. Сондықтан бұл құнды өнім түгелдей айналысқа енгізеді, ақшаға айналдырады, ал ақшадан барып товар өндірісінің элементіне қайта айналдырады. Негізгі капиталдың айналымы сияқты, құнның бұл бө-

легінің айналымы үзіліп қалмайды, ол өз формаларының барлық ауыспалы айналымын үздіксіз өтеді, сондықтан өндіргіш капиталдың бұл элементтері *in natura* \* үнемі жаңарып отырады.

Өндіргіш капиталдың жұмыс күшіне жұмсалатын өзгермелі құрамды бөлегіне келетін болсақ, онда жұмыс күші белгілі бір мерзімге сатып алынады. Капиталист оны сатып алып, өндіріс процесіне енгізгенде, ол оның капиталының құрамды бөлегін, атап айтқанда — оның капиталының өзгермелі құрамды бөлегін құрайды. Жұмыс күші күн сайын белгілі бір мерзімді уақыт бойына қимыл жасайды, сөйтіп ол бұл уақыт ішінде өзінің барлық күндік құнын ғана емес, сонымен бірге біз бұл жерде былай қоя тұратын белгілі басы артық қосымша құнды да өнімге қосып отырады. Жұмыс күші сатып алынып, мысалы, бір апта бойында әрекет жасағаннан кейін, оны сатып алу белгілі бір мерзім ішінде үнемі қайталанып отыруға тиіс. Жұмыс күші құнының эквиваленті — өзінің қызмет атқару кезінде жұмысшы күшінің үнемі өнімге қосатын және өнімнің айналысы себепті ақшаға айналатын эквиваленті ақшадан жұмыс күшіне үнемі қайта айналып отыруға тиіс, немесе өз формаларының толық ауыспалы айналымын үнемі жасап отыруға тиіс, яғни үздіксіз өндірістің ауыспалы айналымы үзілмес үшін үнемі айналып отыруға тиіс.

Демек, өндіргіш капитал құнының жұмыс күшіне авансыланған бір бөлегі түгелдей өнімге көшеді (біз бұл арада қосымша құнды ылғи сырт қалдырып отырмыз), өніммен бірге айналыс саласына жататын екі метаморфоздың екеуін де жасайды және осындай үнемі қайта жаңарудың аркасында үнемі өндіріс процесіне енген күйінде қалып отырады. Сондықтан жұмыс күшінің басқа жағынан, құнның жасалуында өзінің атқаратын ролі жағынан тұрақты капиталдың *негізгі* капиталды *құрамайтын* құрамды бөліктерінен қандайлық айырмашылығы болғанымен, жұмыс күші құны айналымының мұндай әдісі осы құрамды бөлектермен жалпылама болып, негізгі капиталға қарама-қарсы болып шығады. Бұлардың айналым сипаты осындай ортақ болуы себепті өндіргіш капиталдың осы құрамды бөлектері, атап айтқанда оның құнының жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалатын, негізгі капиталды құрмайтын бөлектері *айналмалы*, немесе *өзгермелі* капитал ретінде негізгі капиталға қарама-қарсы тұрады.

Біздің бұрын көргеніміздей <sup>43</sup>, жұмыс күшін тұтынғаны үшін капиталистің жұмысшыға төлейтін ақшасы, шындығын-

\* — заттай формасында. *Ред.*

да, жұмысшының қажетті тіршілік заттары эквивалентінің жалпылық формасы ғана болып табылады. Солай болғандықтан өзгермелі капитал да зат түрінде тіршілік заттарынан құралады. Бірақ мұнда, айналымды қарастырғанда, әңгіме форма туралы болып отыр. Капиталист жұмысшының тіршілік заттарын емес, оның жұмыс күшінің өзін сатып алады. Оның капиталының өзгермелі бөлегін құрайтын нәрсе жұмысшының тіршілік заттарын емес, жұмысшының өзін әрекет үстінде көрсететін жұмыс күші. Еңбек процесінде капиталистің өндірмелі пайдаланатыны жұмысшының тіршілік заттары емес, жұмыс күші. Өзінің жұмыс күші үшін алған ақшасын жұмысшының өзі тіршілік заттарына айналдырады, ондағысы — кейін сол ақшасын қайтадан жұмыс күшіне айналдыру, өзінің өмір сүруін сақтау; сондай-ақ, мысалы, капиталистің ақшаға сатқан товарындағы қосымша құнның біраз бөлегін капиталист өзі үшін тіршілік заттарына айналдырады, — ал осыған қарамастан, оның товарын сатып алушы капиталистке тіршілік заттары түрінде төлейді деп айтуға тіпті де болмайды. Ал егер тіпті жалақының бір бөлегі жұмысшыға тіршілік заттары түрінде, яғни *in natura* төленген күннің өзінде, енді бұл тіпті екінші түрлі келісім болып шығады. Жұмысшы өзінің жұмыс күшін белгілібір бағаға сатады, бұл ретте бағаның бір бөлегін жұмысшы тіршілік заттары түрінде алатын болып екі жақ келісімге келеді. Мұнан ақы төлеудің формасы ғана өзгереді, бірақ оның шынында өз жұмыс күшін сатқандық фактісі өзгермейді. Бұл — екінші түрлі келісім, жұмысшы мен капиталистің арасында емес, товар сатып алушы ретіндегі жұмысшы мен товар сатушы ретіндегі капиталистің арасында жасалған келісімі; керісінше, бірінші келісімде жұмысшы — товар сатушы (өзінің жұмыс күшін сатушы), ал капиталист — осы товарды сатып алушы. Егер капиталист өзінің товарын, мысалы, өзінің машинасын темір шығаратын заводқа сатып, сол үшін басқа бір товар, темір, алғысы келсе, әлгі ретте де істің жайы нақ осы сияқты. Олай болса, негізгі капиталға қарама-қарсы, айналмалы капитал болып табылатын нәрсе жұмысшының тіршілік заттарының өзі емес және оның жұмыс күші де емес, қайта өндіргіш капитал құнының жұмыс күшіне жұмсалатын және өзінің айналым формасы арқасында осы сипатты алатын бөлігі, бұл сипат тұрақты капиталдың тағы бір кейбір құрамды бөлектерімен бірге өзіне ортақ сипат, ал нақ сол капиталдың кейбір басқа құрамды бөліктеріне қарама-қарсы сипат.

Айналымалы капиталдың құны — жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі құны — өнімнің жасалуына ке-

тетін уақытқа ғана авансыланады, ал оның бержағында негізгі капиталдың мөлшері мен белгіленетін өндіріс көлеміне сәйкес авансыланады. Бұл құн өнімге түгел енеді, сондықтан өнімнің сатылуы арқылы айналыстан түгелдей тағы қайта оралып, қайтадан авансылануы мүмкін. Капиталдың айналмалы құрамды бөлегі болатын өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күші өндіріс үшін және дайын өнімді сату үшін қажет болатын мөлшерде айналыстан алынады, бірақ бұлар сатып алуды қайта жаңғырту арқылы, ақшалай формада өндіріс элементтеріне қайта айналдыру арқылы үнемі ауыстырылып, үнемі қайта жаңарып тұруға тиіс. Әрбір жеке ретте бұлар рыноктан негізгі капиталдың элементтерінен гөрі аз аумақта алынады, бірақ оларды соғұрлым жиі-жиі қайта алып отыруға тура келеді, сондықтан да оларға жұмсалған капиталды авансылау біршама қысқа мерзім ішінде қайта жаңарып тұрады. Осы үнемі қайта жаңарту бұлардың барлық құнын айналысқа енгізетін өнімді үнемі өткізу арқылы істеледі. Ақырында, тек өз құны жағынан ғана емес, сонымен бірге өзінің заттай формасы жағынан да бұлар метаморфоздардың бүкіл ауыспалы айналымын үздіксіз жасап шығады; бұлар товардан тағы да сол товардың өндіріс элементтеріне үнемі қайта айналып отырады.

Жұмыс күші өзінің құнымен бірге өнімге үнемі қосымша құн, ақысы төленбеген еңбектің құнын қосып отырады. Демек, дайын өнім қосымша құнды үнемі айналысқа енгізіп отырады, сөйтіп қосымша құн өнім құнының басқа да элементтері сияқты, өніммен бірге ақшаға айналады. Алайда біз қосымша құнды әзірше жайына қалдыра тұрамыз, өйткені енді әңгіме бізде өзінің айналымын капитал құнымен бірге жасайтын қосымша құн туралы емес, ең алдымен капитал құнының айналымы туралы болады.

Жоғарыда айтылғандардан төмендегі қорытынды келіп шығады:

1) Негізгі және айналмалы капитал формаларының нақтылығы өндіріс процесінде әрекет ететін капитал құнының, немесе *өндіргіш капиталдың* айналым айырмашылықтарынан ғана туады. Айналымның бұл айырмашылығы өз кезеңінде өндіргіш капиталдың түрліше құрамды бөлектерінің өнім құнын өндіруге қатысу айырмашылықтарынан емес немесе олардың құнды көбейту процесіндегі ролінің ерекшеліктерінен емес, қайта олардың өнімге өз құнын көшіру әдісінің айырмашылықтарынан келіп туады. Ақырында, құнды өнімге көшіру айырмашылықтары, ал сондықтан осы құнды өнімнің айналысқа енгізу әдістерінің айырмашылығы және өнімнің метаморфоздары арқылы өзінің алғашқы заттай формасында қайта

жаңаратын құнды енгізетін әдістердің айырмашылығы,— осы айырмашылықтар бір бөлегі жеке өнімнің пайда болу үстінде түгел тұтынылып кететін, екінші бөлегі біртіндеп қана тұтынылатын өндіргіш капиталдың кездесетін заттай формаларының айырмашылықтарынан туады. Демек, тек өндіргіш капитал ғана негізгі және айналмалы капиталға бөліне алады. Мұның керісінше, өнеркәсіп капиталының өмір сүруінің басқа екі түрлі әдісі үшін, демек,— товар капиталы үшін де, ақша капиталы үшін де әлгі қарама-қарсылық болмайды; бұл қарама-қарсылық осы екі форманың өндіргіш капиталға қарама-қарсылығы ретінде де болмайды. Бұл қарама-қарсылық *өндіргіш капитал үшін ғана және осының шеңберінде ғана* болады. Ақша капиталы мен товар капиталы капитал ретінде мейлі қызмет атқара берсін, бірақ олар қаншалықты тез айналғанымен, негізгі капиталға қарама-қарсы, олар өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөлектеріне айналғанда ғана айналмалы капитал бола алады. Ал бірақ капиталдың осы екі формасы айналыс саласында болатын болғандықтан, А. Смит заманынан бері саяси экономияның бұларды өндіргіш капиталдың айналмалы бөлегімен бір жерге үйіп-төуге, бұларды «айналмалы капитал» категориясына қосуға бой ұра бергендігін біз төменде көреміз. Шындығына келгенде ақша капиталы мен товар капиталы өндіргіш капиталға қарама-қарсы айналыс капитал болып табылады, ал негізгі капиталға қарама-қарсы айналмалы капитал емес.

2) Капиталдың негізгі құрамды бөлегінің айналымы, ал олай болса осыған қажетті айналым уақыты да капиталдың айналмалы құрамды бөліктерінің бірнеше айналымын қамтиды. Негізгі капитал бір ғана айналым жасайтын уақыттың ішінде айналмалы капитал бірнеше айналым жасап үлгіреді. Өндіргіш капитал құнының құрамды бөлектерінің бірінің негізгі капитал формасының нақтылығын алатын бірден-бір себебі сол, әлгі нақтылығы бар белгілі бір өндіріс құрал-жабдығының өнім дайындалып, товар ретінде өндіріс процесінен шығарылып тасталатын мерзімге дейінгі уақыт ішінде толық тозып бітпейтіндігінен. Өндіріс құрал-жабдығы құнының бір бөлегі сақталып қалатын ескі тұтыну формасымен бұрынғыша байланысты болып қала беруге тиіс, ал енді оның екінші бір бөлегін дайын өнім айналысқа алып кетеді, оның бержағында өнім айналысы сонымен қатар, мұның керісінше, капиталдың айналмалы бөлегінің барлық құнының айналысы болып табылады.

3) Өндіргіш капитал құнының негізгі капиталға жұмсалатын бір бөлегі өндіріс құрал-жабдығының негізгі капитал бо-

лып табылатын бөлігінің қызмет атқаратын барлық мерзіміне толығынан бірден авансыланады. Демек, капиталист бұл құнды айналысқа бір-ақ салады, бірақ ол бұл құнды негізгі капиталдың товарға біртіндеп қосатын құн үлестерін өткізу арқылы айналыстан бөлшектеп, бірте-бірте ғана алады. Екінші жағынан, өндіргіш капиталдың құрамды бөліктерінің бірі бекіген өндіріс құрал-жабдықтарының өзі айналыстан бір-ақ жолы алынады да, өзінің бүкіл қызмет атқару мерзімі бойына өндіріс процесіне енеді. Бірақ бұлар осы мерзім ішінде нақ өзі тектес жаңа даналарымен ауыстыруды керек етпейді, ұдайы өндірілуін керек етпейді. Азды-көпті ұзақ уақыт ішінде бұлар айналысқа түсірілетін товарлардың жасалуына қатыса береді, бірақ өзінің қайта жаңару элементтерін айналыстан шығарып алуды талап етпейді. Демек, осы уақыттың ішінде бұлар өз тарапынан капиталистің авансылауды қайта жаңартуын да талап етпейді. Ақырында, негізгі капиталға жұмсалған, өзі өндіріс құрал-жабдықтары түрінде болатын капитал құны осы өндіріс құрал-жабдықтарының қызмет атқарып тұрған уақыты ішінде өз формаларының ауыспалы айналымын заттай түрінде емес, тек өзінің құны бойынша ғана өтеді, онда да тек бөлшектеп, біртіндеп қана өтеді. Яғни негізгі капитал құнының кейбір бөлегі товар құнының бір бөлегі ретінде үнемі айналыс жасап отырады да ақшаға айналады, бірақ ақшадан барып өзінің түү бастағы заттай формасына қайта айналмайды. Ақшаның осылайша белгілі бір өндіріс құрал-жабдығының заттай формасына қайта айналуы оның қызмет атқару дәуірінің ең соңында ғана, осы өндіріс құрал-жабдығы түгелдей пайдаланылып біткенде ғана болады.

4) Өндіріс процесі үздіксіз жүріп отыруы үшін, айналмалы капиталдың элементтері де, негізгі капиталдың элементтері сияқты, осы процеске үнемі бекіген болуға тиіс. Бірақ айналмалы капиталдың осылайша бекіген элементтері үнемі *in patto* қайта жаңарып отырады (өндіріс құрал-жабдықтары өзі тектес жаңа даналарымен ауыстырылады, жұмыс күші — оны үнемі қайта сатып алу арқылы ауыстырылып отырады); мұның керісінше, негізгі капиталдың элементтеріне келетін болсақ, бұлар өзі орын алатын уақыттың өн бойына қайта жаңартылмайды және бұларды сатып алу актісін қайталап отыруға тура келмейді. Шикі материалдармен көмекші материалдар өндіріс процесінде әрқашан болып отырады, бірақ дайын өнім жасалғанда ескілерінің түгелдей тұтынылып бітуіне қарай, олар әрқашан да өзі тектес жаңа даналарымен ауыстырылып отырады. Нақ осы сияқты жұмыс күші де ылғи өндіріс процесінде болып отырады, бірақ болғанда оны қайта сатып алу ак-

тісі үнемі қайталанып отыратындықтан ғана болады, ал мұның өзі екінші бірінде адамдарды да ауыстырғызып отырады. Керісінше, айналмалы капиталдың қайталанып отыратын айналымдары кезінде, өндірістің нақ сол қайталанып отыратын процестерінің өзінде баяғы сол бір үй, машина және т. т. қызметін атқара береді.

## II. НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІКТЕРІ, ОНЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРУ, ОНЫ ЖӨНДЕУ, ОНЫҢ ҚОРЛАНУЫ

Негізгі капиталдың жеке элементтерінің қанша уақыт қызмет ететіні бір кәсіпорынның өзінде әр түрлі, сондықтан бұлардың айналым уақыты да әр түрлі. Мысалы, темір жолда рельстердің, шпалдардың, жер құрылыстарының, станция үйлерінің, көпірлердің, тоннельдердің, локомотивтер мен вагондардың қанша уақыт қызмет атқаратыны, олай болса бұларды қайта қалпына келтіру уақыты да әр түрлі, демек, бұларға авансыланған капитал бөліктерінің айналым уақыты да әр қилы. Үйлер, платформалар, су жиналатын мұнаралар, виадуктер, тоннельдер, қазылған апан-шұңқырлар, үйілген топырақ-тастар, — қысқасы, ағылшын темір жол шаруашылығында «Norks of art» \* деп аталатындардың бәрі нешеме ұзақ жылдар бойы жаңартуды керек етпейді. Бәрінен гөрі тезірек тозатын заттар — рельс жолдар мен «тасымал составы» («rolling stock»).

Қазіргі заманғы темір жолдарды сала бастаған кезде көрнекті инженер-практиктердің құптаған пікірі бойынша өзінің беріктігі жағынан, темір жол мәңгі өмір сүреді-міс, рельстің тозу дәрежесінің болмашылығы сонша, егер әңгіме істің финанс жағы мен практикалық жағы туралы болса, онда мұны тіпті елемегуге де болады екен; жақсы рельстер 100—150 жылға кетеді-міс. Бірақ көп ұзамай-ақ рельс өмірінің орта есеппен 20 жылдан аспайтыны белгілі болды, оның қаншалық ұзаққа баратыны, әрине, локомотивтер жүрісінің тездігіне, поездардың салмағы мен санына, рельстердің өзінің жуан-жіңішкелігіне және көптеген басқа да жанама жағдайларға байланысты келеді. Кейбір станцияларда, поезд жиі жүретін орталықтарда, рельстер тіпті бір жылдың ішінде тозып қалады. 1867 жылға қарай шамамен айтқанда шойын рельстерден екі есе қымбатқа түсетін, бірақ оның есесіне екі еседен көбірек уақыт шыдайтын болат рельстер енгізіле бастады. Ағаш шпалдардың өмірі 12—15 жылға баратын болған. Ал енді тасымал составы-

\* — «қолмен жасалған құрылыстар». Ред.



на келетін болсақ, онда жолаушылар таситын вагондар жүк таситын вагондардан гөрі едәуір баяу тозады екен. 1867 жылы локомотивтердің өмірі 10—12 жылға барады деп есептелінеді екен.

Тозу, біріншіден, пайдаланудың өзіне байланысты. Жалпы алғанда, рельстер поезд санына пропорционалды тез тозады («R. C.», № 17645)<sup>22)</sup>. Поездардың жылдамдығы артқанда тозу жылдамдық квадратынан да артығырақ пропорцияда өсіп отырған, яғни поездардың жылдамдығы екі есе артқанда, оның тозуы төрт еседен артығырақ өскен («R. C.», № 17046).

Онан соң, тозуға табиғат күштерінің әсері де себеп болады. Мысалы, шпалдар өздігінен тозудың үстіне, шіріп те тозады.

«Темір жолды пайдалануға жұмсалатын шығынның мөлшері поездардың жүруінен болатын тозуынан да гөрі, көбінесе атмосфераның әсері тиетін ағаштың, темірдің, кірпіш пен әктің сапасына да байланысты. Бір ай ұдайы жауған қатты жауын темір жолға оны бір жыл бойы пайдаланғаннан да артық зиян келтіреді» (R. P. Williams. «On the Maintenance of Permanent Way». Institution of Civil Engineers» 1867 жылы күзде жасалған баяндама<sup>44)</sup>).

Ақырында, бар жерде ірі өнеркәсіптегі сияқты, ескіріп істен шығып қалудың мұнда да өз ролі болады: әдетте 10 жыл өткеннен кейін, бұрын 40 000 ф. ст. тұратын соншама вагондар мен локомотивтерді 30 000 ф. стерлингке сатып алуға болады. Сөйтіп, бұл жабдықтардың тұтыну құны ешбір түспесе де, олардың құнының түсуін рынок бағасының 25% мөлшерінде деп есептеуге тура келеді (Lardner. «Railway Economy», [р. 120]).

«Трубалы көпірлер өздерінің қазіргі формасында жаңаланбайды».

(Өйткені қазіргі уақытта мұндай көпірлердің онан да жақсырақ формалары бар.)

«Бұларды жайшылықтағыдай жөндеу, кейбір бөлшектерін алып тастап, ауыстыру тиімді бола қоймайды. (W. B. Adams. «Roads and Rails». London, 1862, [р. 136]).

Өнеркәсіп прогресінің арқасында еңбек құрал-жабдықтарында дағдыда үнемі өзгеріс болып отырады. Сондықтан олардың орны өзінің ең алғашқы формасында емес, өзгеріске ұшыраған формада толтырылады. Бір жағынан, негізгі капи-

<sup>22)</sup> «R. C.» деп белгі қойылған цитаттар мынадан алынған: «Royal Commission on Railways. Evidence taken before Minutes Commissioners, Presented to both Houses of Parliament», London, 1867.— Сұрақтар мен жауаптар номерленген, ал олардың номерлері осында көрсетілген.

тал массасы кәсіпорынға белгілі бір заттай формада жұмсалып, оның өзінің белгілі бір орташа мерзім бойында сол формада болатындығы,— міне осы жағдайдың себебінен жаңа машиналар және т. т. бірте-бірте ғана енгізілетіні болады, сондықтан да жетілдірілген еңбек құрал-жабдықтарының тез арада және барлық жерде бірдей енгізілуіне кедергі жасайды. Екінші жағынан, бәсекелік күрес, әсіресе техникада шешуші төңкеріс болып жатқан кезде, ескі еңбек құрал-жабдықтарының табиғи ажалы жетпей жатып, бұларды жана еңбек құрал-жабдықтарымен еріксіз ауыстырғызатын етеді. Апаттар, дағдарыстар — кәсіпорындардың құрал-жабдықтарын қоғамдық кең көлемде осылай мезгілінен бұрын еріксіз жаңартқызбай қоймайтын-басты себептер міне осылар.

Тозу дегеніміз (ескіріп істен шығып қалуды былай қоя тұрғанда) негізгі капиталды пайдаланудың нәтижесінде соның құнының біртіндеп өнімге көшіретін бөлегі деген сөз,— ал мұны көшіргенде негізгі капитал орта есеппен өзінің тұтыну құнын қандай мөлшерде жоғалтса, нақ сондай мөлшерде көшіреді.

Бұл тозудың ішінара сыры сол, негізгі капиталдың белгілі бір орташа жасайтын мерзімі болады; ол осы мерзімге түгелдей авансыланады; осы мерзім өткеннен кейін ол түгелінен ауыстырылуға тиіс. Жанды еңбек құрал-жабдықтары үшін, мысалы, жылқы малы үшін, ұдайы өндірілу уақытын табиғаттың өзі белгілеген. Еңбек құрал-жабдығы ретінде олардың орта өмірін табиғат заңдары белгілеген. Осы мерзім қалай өткімен, ақырына дейін пайдаланылғандарын жаңасымен ауыстыруға тура келеді. Жылқыны бөлшектеп ауыстыруға келмейді, оны тек басқа бір жылқымен ғана ауыстыруға болады.

Негізгі капиталдың басқа элементтерін дүркін-дүркін немесе ішінара лап жаңалап тұруға болады. Бұл арада негізгі капиталдың ішінара лап немесе дүркін-дүркін орнын толтырып тұру мен кәсіпорынды біртіндеп ұлғайтудың арасындағы айырмашылықты ажырату қажет болады.

Негізгі капитал ішінара бір тектес құрамды элементтерден тұрады, алайда, бұлардың өмір сүру мерзімі бірдей болмайды, сондықтан бұлар әр түрлі мерзім өткен сайын біртіндеп жаңартылады. Мысалы, темір жол бойының басқа жақтарына карағанда станцияларда рельстерді жиі ауыстыруға тура келеді. Шпалдар жөнінде де осылай; бұларды 40-шы жылдары Бельгия темір жолдарында, Ларднердің мәліметі бойынша, жыл сайын 8% мөлшерінде жаңартып отыруға тура келген, демек,  $12\frac{1}{2}$  жылдың ішінде түгелдей жаңартылған. Сөйтіп, мұндағы жағдай мынадай: белгілі бір сома негізгі капиталдың

белгілі бір түріне, мысалы, 10 жылға авансыланады. Бұл шығын бірден жұмсалады. Бірақ осы негізгі капиталдың құны өнім құнына енген және өніммен бірге ақшаға айналған белгілі бір бөлегінің орны әр жылы *in natura* толтырылады, ал басқа бір бөлегі өзінің алғашқы заттай формасында жасай береді. Міне дәл осы бірден жұмсалатын шығын және оның заттай формасында тек біртіндеп қана қайта өндірілетіні негізгі капитал ретіндегі бұл капиталды айналым капиталынан ажыратып тұрады.

Негізгі капиталдың басқа элементтері әр мерзімде тозатын, сондықтан да түрлі мерзімдерде орны толатын әртекті бөліктерден құралады. Атап айтқанда машиналар жайы нақ осылай. Біздің әлгіде ғана негізгі капиталдың түрлі құрамды бөлектерінің өмір сүру мерзімі түрліше болады дегенімізді осы негізгі капиталдың элементі болып табылатын бір машинаның өзінің түрлі құрамды бөлектерінің өмір сүру мерзімі жөнінде де бұлжытпай айтуымызға болады.

Ал енді ішінара жаңалау үстінде кәсіпорнының біртіндеп ұлғаюына келетін болсақ, онда біз төмендегіні айта кетеміз. Жоғарыда көргеніміз сияқты, негізгі капитал *in natura* өндіріс процесінде қимыл жасай беретін болғанымен, оның құнының орташа тозу мөлшерімен белгіленетін бір бөлегі өніммен бірге айналыс жасап, ақшаға айналады, ақшалай резерв қорының элементін жасайды, бұл қор, капиталды *in natura* ұдайы өндіру мерзімі жеткенде, сол капиталдың орнын толтыру үшін жұмсалады. Негізгі капитал құнының осылай ақшаға айналған бөлегі бұл кәсіпорынды ұлғайту үшін немесе машиналарды жақсартып, олардың тиімділігін арттыру үшін жұмсалуына болады. Сөйтіп, белгілі бір мерзім аралығында ұдайы өндіріс болып отырады және — егер мұны қоғамдық тұрғыдан қарайтын болсақ — ұдайы өндіріс ұлғайтылған көлемде жүреді: егер тек өндіріс жері ұлғайтылатын болса онда экстенсивті ұлғайтылған ұдайы өндіріс болады, ал егер неғұрлым тиімді өндіріс құрал-жабдықтары қолданылатын болса, онда интенсивті ұлғайтылған ұдайы өндіріс болады. Ұлғайтылған көлемдегі мұндай ұдайы өндіріс капиталдың қорлануынан, қосымша құнның капиталға айналуынан тумайды, негізгі капиталдың тұлғасынан ақшалай формада бұтарланып, бөлініп шығып, жаңа қосымша капиталға немесе өзі тектес неғұрлым тиімді негізгі капиталға айналған құнның кері өзгеруінен туады. Өзінен өзі белгілі, кәсіпорынның осындай біртіндеген ұдайы өндіріске қабілеті бар ма және қандай шамада қабілеті бар екендігі сол кәсіпорынның ерекше жаратылысына ішінара байланысты болады; демек, сол кәсіпорынның өзіне қайта

жұмсауға мүмкіндік болу үшін резерв қорының қандай мөлшерде жиналуға тиіс екені және оны қандай мерзімдерде жұмсауға болатыны да кәсіпорынның әлгідей ерекше жаратылысына байланысты. Екінші жағынан, қолданылып отырған машиналардың бөлшектерін жақсарту мүмкіншілігіне келетін болсақ, онда бұл да, әрине, қандай сипатта жақсартулардың сипатына және машинаның өзінің конструкциясына байланысты. Ал енді, мысалы, темір жол құрылыстарында осы бір жағдайды қандайлық шамада әуел бастан белгілеуге тура келетіні жайында Адамс былай деп көрсетеді:

«Барлық конструкция ара ұясының принципіне сәйкестірілуге тиіс: шексіз ұлғайта беруге жарайтын етіп ойлау керек. Барлық шектен тыс зор және әсіресе симметриялы құрылыстар сор болып шығады, оларды қайта ұлғайтқанда бұзып тастауға тура келеді». (бұл да сонда, 123).

Көп жағдайларда бұл өзі қолда бар жердің көлеміне байланысты. Кейбір үйлердің үстіне қосымша бір неше қабат үй салуға болады, ал қайсы бір үйлерді жапсарластыра үй салып, жалпағынан кеңейту қажет болады, демек, бұл ретте жер көлемі үлкен болу керек. Капиталистік өндірістің тұсында, бір жағынан, көп қаржы сұрапыл жұмсалады, екінші жағынан, кәсіпорынды біртіндеп ұлғайтқанда жалпағынан ұлғайту жағдайлары көп ұшырайды (бұл өзі ішінара жұмыс күшіне зиянды болады); бұған себеп, мұнда ешбір нәрсе қоғамдық жоспар бойынша істелмейді, бәрі де жеке капиталист есептеспей тұра алмайтын әр қилы толып жатқан жағдайларға, қаржыларға, т. т. тәуелді болады. Осының бәрі өндіргіш күштердің былапыт жұмсалуына соқтырады.

Ақшалай резерв қордан (яғни, ақшаға қайта айналған негізгі капиталдың бір бөлегінен құрылған қордан) капиталды бөлшектеп кері жұмсау егін шаруашылығында оңайырақ жүзеге асады. Өндіріс жерінің көлемі шектеулі болғандықтан, егін шаруашылығының капиталды өз бойына біртіндеп сіңіру қабілеті неғұрлым молырақ болады. Табиғи ұдайы өндіріс жағдайында да, мысалы, мал шаруашылығында, істің жайы дәл осылай.

Негізгі капитал өзін сақтау, күту үшін де ерекше шығын шығаруды талап етеді. Сақтау ішінара еңбек процесінің өзімен қамтамасыз етіледі; егер өндіріс процесінде қызмет істеп тұрмаса, онда негізгі капитал бұзылады (қараңыз: «Капитал», I кітап, IV тарау, 196-бет және XIII тарау, 423<sup>45</sup>-бет: жұмысқа салмағандықтан машиналардың бұзылуы). Сондықтан ағылшын заңы арендаланған жер участогі сол елдегі дағдылы әдіс бойынша ұқсатылмаса, мұндайларды сол жерге туралай

зиян («waste») келтіру деп есептейді (барристер У. А. Холдсуорт. «The Law of Landlord and Tenant». London, 1857, p. 96).

Еңбек процесінде қолданудан туатын бұл сақталу нақты еңбектің жаратылысының сыйы болып табылады. Еңбектің осындай сақтаушы күшінің екі қилы сипаты болады. Бір жағынан, еңбек еңбек материалдарының құнын өнімге көшіріп, олардың құнын сақтайды; екінші жағынан, ол өзі еңбек құрал-жабдықтарының құнын өнімге көшірмейтін болғандықтан, бұл өзі осылай бола тұрса да, еңбек құрал-жабдықтарының тұтыну құнын сақтай отырып, өндіріс процесінде оларды қызмет атқарта отырып, бұл еңбек құрал-жабдықтарының құнын да сақтайды.

Алайда негізгі капиталды бұзбай-сындырмай сақтау туралы еңбек шығындарын да талап етеді. Машиналарды оқтын-оқтын тазартып тұру керек. Бұл арада әңгіме қосымша еңбек туралы, бұл еңбек болмайынша машиналар пайдаға аспайды; әңгіме өндіріс процесінен ажыратуға болмайтын стихиялы зиянды әсерлердің тек бетін қайтару туралы, демек, әңгіме, сөздің дәл мағынасында айтқанда, машиналарды жұмысқа қабілетті күйінде сақтау туралы болып отыр. Негізгі капиталдың дұрыс жағдайда өмір сүру мерзімін оның қызмет атқаруы үшін сол уақыттың бойында қажетті шарттар орындалып тұрады дегенді есепке ала отырып белгілейтіні өзінен өзі түсінікті ғой — нақ сол сияқты, адам орташа есеппен 30 жыл өмір сүреді дегенде, ол осы уақыттың ішінде жуынып тұрады деп ұйғарамыз ғой. Демек, бұл арада әңгіме машинаның бойына сіңген еңбектің орнын толтыру туралы емес, оларды пайдаланғандықтан қажет болып табылатын тұрақты қосымша еңбек туралы. Әңгіме бұл арада машинаның атқаратын қызметі туралы емес, машинаны күтуге жұмсалатын еңбек туралы, бұл еңбек жөнінде машина өндіріс агенті емес, шикі материал. Осы еңбекке жұмсалатын капитал, — бұл капитал өнімнің жасалуына қатысатын еңбек процесіне кірмейтін болса да, — айналмалы капиталға жатады. Өндіріс процесінің үстінде осындай еңбекке үнемі капитал жұмсап отыруға тура келеді, сондықтан мұның құны өнім құнымен үнемі толтырылып тұру керек. Бұл еңбекке жұмсалатын капитал айналмалы капиталдың ішіндегі капиталистің өнім өндірмейтін жалпы шығындарын жабатын бөлегіне жатады және бұл капитал бір жылдық орташа есеп бойынша жаңадан жасалған құнға таратылып бөлінуге тиіс. Біз жоғарыда көрдік <sup>46</sup>, өнеркәсіптің өзінде осындай тазарту еңбегін жұмыс арасындағы үзілістің кезінде жұмысшылар ақысыз орындайды, ал көбінесе, — бұл өзі ақысыз орындалатын болғандықтан да, — өндіріс процесі үстінде де

орындалып, өндірісте бақытсыз оқиғалардың көпшілігіне себепші болады. Бұл еңбек өнім бағасымен өтелмейді. Осы мағынада тұтынушы мұны тегін алады. Екінші жағынан, капиталист өзінің машиналарын сақтау шығындарын осылай үнемдейді. Жұмысшы бұл шығынды өз мойнына арқалайды, сондықтан капиталдың өзін өзі сақтау құпияларының бірі осында жатыр — бұл құпиялар шын мәнінде заң жағынан жұмысшының машинаға иелік ету правосын негіздейді, керек десе бұржуазиялық правоның тұрғысынан қарағанда да, оны машиналардың ортақ қожайынына айналдырады. Алайда түрлі өндіріс саласында, тазалау үшін машинаны өндіріс процесінен шығаруға тура келетін, сондықтан тазалау жұмысын жұмыс арасында істей салуға болмайтын — өндіріс саласында, мысалы, локомотивтерді тазалаған кезде, негізгі капиталды сақтауға жұмсалатын бұл еңбек күнделікті шығындарға жатқызылады, яғни айналмалы капиталдың элементі болады. Кейін, ең көп болғанда үш күндік жұмыстан кейін, локомотивті депоға жіберіп, оны сонда тазалау керек болады; жуған кезде қазанды бұзып алмас үшін, оны суыту керек болады. («R. C.» № 17823).

Жөндеу немесе жамау-жасқау жұмысының өзі бастапқы авансыланған капиталдың ішіне кірмеген және, демек, негізгі капитал құнының орнын бірте-бірте толтыратын нәрседен алып жұмсауға болмайтын — немесе әр кезде бола бермейтін — капитал мен еңбектің жұмсалуын керек етеді. Егер, мысалы, негізгі капиталдың құны 10 000 ф. ст., ал оның жалпы өмір сүру мерзімі = 10 жыл, сонда он жыл өткеннен кейін ақшаға айналған осы 10 000 ф. ст. ең алғашта жұмсалған капиталдың құнын ғана қайтарады, бірақ осы уақыттың ішінде жөндеу жұмысына деп жаңадан қосылған капиталды немесе еңбекті қайтармайды. Бұл өзі құнның қосымша құрамды бөлегі; құнның бұл бөлегі бірден авансыланбайды, қажетіне қарай жұмсалады, сондықтан мұның авансылану мерзімінің әр қилы болуы шынына келгенде кездейсоқ нәрсе. Негізгі капиталдың қайсысы болсын еңбек құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне осындай кейіннен, ішінаралап қосымша капитал жұмсауды керек етеді.

Машиналардың, т. т. кейбір бөлшектерінің бұзылуы, бұзылудың жаратылысы жағынан алғанда, кездейсоқ нәрсе, сондықтан бұзылудан келіп туған жөндеу жұмысы да кездейсоқ нәрсе. Алайда барлық осы жөндеу жұмыстарының ішінде осының екі түрі бөлекше тұрады, бұл жұмыстар аз ба, көп пе тұрақты сипатта болады және негізгі капиталдың өмірінің түрлі дәуіріне тура келеді. Балалық аурулар және орташа өмір сүру

мерзімінен ары асқаннан кейінгі кездерде неғұрлым көбірек ұшырайтын кәрілік аурулар. Мысалы, өндіріс процесіне түскенде машинаның конструкциясы қаншалықты жақсы болғанымен, жұмыс үстінде пайдалана бастаған кезде оның кемшіліктері ашылады да, оны қосымша еңбек жұмсау арқылы жөндеуге тура келеді. Екінші жағынан, өзінің орта жасынан қаншалық көп асып кеткен болса, демек, қалыпты тозуының әсері қаншалық көп біліне бастаса, машинаның материалы қаншалық көп тозып, қаншалық кәріліктің әлсіздігі баса түскен болса, машинаның орташа өмір сүру дәуірінің ақырына дейін оны сақтау үшін қажетті жөндеу жұмыстары соншалық көп, соншалық көлемді бола береді; нақ осы сияқты, қарт адам мезгілінен бұрын өліп кетпеу үшін, денсаулығы сайлы жас жігіттен гөрі, медициналық жәрдемге көп шығын шығарады. Демек, жөндеу жұмыстары қаншалық кездейсоқ жұмыстар бола тұрса да, бұл жұмыстар негізгі капиталдың өмірінің түрлі дәуіріне тепе-тең бөлінбейді.

Осыдан, сондай-ақ машинаға керекті тегі жөндеу жұмысының кездейсоқ сипатынан, шығатын қорытындылар мыналар:

Бір жағынан, машинаны жөндеуді қажет ететін жағдайлардың өзі де кездейсоқ нәрсе екені сияқты, жөндеу жұмысына шын жұмсалатын жұмыс күші мен еңбек құрал-жабдықтары да кездейсоқ шығын; қажет болатын ремонт жұмысының көлемі негізгі капиталдың өмірінің түрлі дәуіріне тепе-тең бөлінбейді. Екінші жағынан, негізгі капиталдың орташа өмір сүру мерзімін белгілегенде, ол капитал үнемі жұмыс қабілетінде болады деп,— ішінара тазалау арқылы (үйді таза ұстау да осыған жатады), ішінара әрқашан қажет кезінде жөндеу арқылы,— үнемі жұмыс қабілетінде болады деп ұйғарылады. Негізгі капиталдың тозуы салдарынан мұның құнын өнімге көшіру соның орташа өмір сүру мерзіміне қарай есептеледі, бірақ осы орташа өмір сүру мерзімі, өз тарапынан, негізгі капиталды үнемі жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау үшін қажетті қосымша капитал ылғи авансыланып тұрады деген есепке негізделген.

Екінші жағынан, капитал мен еңбекті қосымша жұмсаудың арқасында негізгі капиталға қосылатын бұл құн жұмсалған бойда товардың құнына ене алмайды, бұл жағы да әбден түсінікті. Мысалы, егер тоқымашы-фабриканттың осы аптаның ішінде тегершігі сынып қалса немесе қайысы үзіліп кетсе, ол өзінің тоқымасын нақ сол аптада өткен аптаға қарағанда қымбатырақ етіп сата алмайды. Жеке фабрикада болған әл-гіндей жағдайдың салдарынан тоқыма тоқудың жалпы шығыны түк те өзгерген жоқ. Бұл арада, тегі құнды белгілегендегі

сияқты, орта мөлшердің шешуші маңызы бар. Тәжірибе осындай оқиғалардың орташа санын және өндірістің белгілі бір тарауына жұмсалған негізгі капиталдың орта есеппен өмір сүру мерзімінің ішінде қажет болатын күту және жөндеу жұмысының орташа көлемін көрсетеді. Осы орташа шығын негізгі капиталдың орташа өмір сүру мерзіміне бөлінеді де, тиісті үлесі бойынша өнім бағасына қосылады, демек, өнімді сату арқылы орны қайта толады.

Осы түрде орны толтырылатын қосымша капитал, мұндай шығындар әр мезгілде жасалатын болғанымен, айналмалы капиталға жатады. Машиналардың қандай бір бұзылған жерін болсын дереу жөндеу өте-мөте маңызды болғандықтан, бір шама ірі фабрикалардың әр қайсысында фабриканың өз жұмысшыларымен қатар, ерекше инженерлер, ағаш ұсталары, механиктер, слесарьлар, т. с. қызметкерлер болады. Бұлардың жалақысы өзгермелі капиталдың бір бөлегін құрады да, бұлардың еңбегінің құны өнімге бөлініп таратылады. Екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарға қажетті шығындар орташа есеппен белгіленеді және, осыған сәйкес, бұл шығындар факт жүзінде күні бұрын белгілі мерзімдерде авансыланбайтын болғанымен, сондықтан өнімге, осыған сәйкес — негізгі капиталға да, күні бұрын белгіленген мерзімдерде еніп отырмайтын болғанымен, үнемі өнім құнының бір бөлегін құрады. Жөндеудің өзіне жұмсалатын бұл капиталды, кейбір жағынан ерекше текті капиталды, айналмалы капиталға да, негізгі капиталға да жатқызуға болмайды, ал сөйтсе де мұны айналмалы капиталға жатқызған дұрысырақ, өйткені бұл капитал күнделікті шығындар категориясына жатады.

Бухгалтерия кітаптарындағы есеп жүргізу әдісі бұл кітаптардың есептеуіне жататын заттардың шын өзара қатынасын, әрине, ешбір өзгертпейді. Бірақ өндірістің көп тарауларында негізгі капиталды жөндеуге және оның шын тозуына шығатын шығындар жөнінде дағдыда жалпы есеп жүргізу төменгі түрде болатынын айта кету өте қажет. Айталық, авансыланған негізгі капитал 10 000 ф. ст., оның өмір сүру мерзімі — 15 жыл; бұл жағдайда жыл сайынғы тозу  $666\frac{2}{3}$  ф. ст. тең болады. Бірақ мұның орнына тозып біту мерзімін тек 10 жыл деп есептейді, яғни өндірілетін товарлар бағасына жыл сайын негізгі капиталдың тозу құны деп  $666\frac{2}{3}$  ф. ст. емес, 1 000 ф. ст. қосып отырады; яғни  $333\frac{1}{3}$  ф. ст. жөндеу жұмысына және т. т. деп резервке кетіп отырады. (10 және 15 деген сандар тек мысал үшін алынып отыр). Демек, орта есеппен жөндеуге жұмсалатын шығынның сомасы негізгі капиталдың 15 жыл өмір сүруіне шақталып есептеледі. Есептеудің бұл әдісі негізгі ка-



питал мен жөндеуге жұмсалатын қосымша капиталдың түрлі категорияға жатуына бөгет жасамайтыны өзінен өзі белгілі. Есептеудің осы әдісі негізінде, мысалы, пароходтарды сақтауға және оны ауыстыруға шығатын шығындардың ең төмен сметалық нормасы жылына 15% болады деп шамаланған, демек, ұдайы өндіріс уақыты —  $6\frac{2}{3}$  жыл. 60-шы жылдары ағылшын үкіметі «Peninsular and Oriental Co»-сына оның осы тектес шығындарын жылына 16% мөлшерінде өтеген, демек, ұдайы өндіріс уақыты  $6\frac{1}{4}$  жылға тең. Темір жолдарда локомотивтің орта есеппен өмір сүру мерзімі 10 жыл, бірақ, жөндеуге жыл сайынғы тозуына шығатын шығын  $12\frac{1}{2}$ % деп белгіленгенін есепке алғанда, оның өмір сүру мерзімі 8 жыл болып шығады. Жолаушылар жүретін вагондар мен жүк таситын вагондар үшін жыл сайынғы тозу 9% деп есептеледі, яғни бұлардың өмір сүру мерзімі  $11\frac{1}{9}$  жыл болып белгіленеді.

Меншік иелері үшін негізгі капитал болып табылатын және осы ретте сол иелері арендаға беретін үйлерді және басқа объектілерді арендау туралы контрактыларға қатысты заңдар барлық жағдайда да уақытқа, жаратылыс күштерінің әсеріне байланысты және қалыпты түрде пайдаланудың нәтижесінде үйдің бір қалыпты тозуы мен үйдің дағдылы өмір сүру дәуірінің ішінде оның сақталуы үшін және оны дұрыс пайдалану үшін оқтын-оқтын қажет болатын кездейсоқ жөндеудің арасындағы айырмашылықты мойындайды. Дағдыда, бірінші тектес жөндеу үй иесінің үлесіне жатады, екінші түрдегі жөндеу арендатордың үлесіне тиеді. Соның аржағында жөндеу жұмыстары кезектегі жөндеу және күрделі жөндеу болып бөлінеді. Соңғысы ішінара өзінің хаттай формасында негізгі капиталды жаңалау болып табылады да, және, егер шартта мүлдем керісінше талап қойылмаған болса ғана, жөндеудің бұл түрі де үй иесінің үлесіне жатады.

Мысалы, ағылшын правосы бойынша:

«Арендаушы жыл сайын үйді жел де, жауын да өтпейтін етіп ұстауға міндетті, ал үйді осылай етіп ұстау күрделі жөндеусіз де мүмкін нәрсе; тегінде ол кезектегі жөндеу деп атауға болатын жөндеуді ғана жүргізуге міндетті. Бірақ бұл ретте де үйді арендатор қабылдап алған кезеңдегі сол үйдің қанша уақыт тұрғандығы және жеке бөлек-салақтарының жалпы күйін еске алуға тура келеді, өйткені арендаушы үйдің ескі, тозған материалын жаңасымен ауыстыруға да, уақыт әсерінің және үнемі пайдаланудың нәтижесі ретінде туатын үйдің бағасының ылажсыз кемуін өтеуге де міндетті емес (Holdsworth. «Law of Landlord and Tenant», p. 90—91).

Жаратылыстың төтенше апаттарынан: өрттен, су тасқынынан, т. т. болатын бүлінулерден, қираулардан қамсыздандыру тозудың құнын өтеуден де, сол сияқты үйді сақтау және ре-

монттау жұмыстарынан да мүлдем басқаша. Қамсыздандыруға жұмсалатын шығын қосымша құнның есебінен жабылуға тиіс және бұл өзі сол қосымша құннан шегеру болып табылады. Немесе, істі бүкіл қоғам тұрғысынан алып қарағанда, қосымша өндірістің әр қашан болуы қажет, яғни қолда бар байлықтың жәй ғана орнын толтыру, соны ұдайы өндіру үшін қажет болатындығынан гөрі, неғұрлым кең көлемде қосымша өндірістің болуы әр қашан қажет; бұл өндіріс, — егер халықтың өсуін мүлдем былай қалдыратын болсақ, — кездейсоқтықтан және жаратылыс күштерінен туатын төтенше апаттардың зардабын жою үшін өндіріс құрал-жабдықтарының қолда болуы қажет.

Практикада орнын толтыру үшін қажетті капиталдың біраздаған бөлегі ғана ақшалай резерв қорына түседі. Бұл капиталдың маңызды бөлегі өндірістің өзінің көлемін ұлғайтуға, ішінара шынында да ұлғайту болып табылатын, ал ішінара, — негізгі капитал өндірілетін өндіріс тарауларында, — өндіріс көлемінің бір қалыпты өсуі үшін қажетті шарт болып табылатын ұлғайтуға жұмсалады. Мысалы, машина жасайтын завод салынғанда, оны сатып алушылардың фабрикалары жыл сайын ұлғаятынын және бұл фабрикалардың бірсыпырасы түгел немесе ішінара ұдайы өндірісті үнемі талап ететінін есепке ала отырып салынады.

Тозуды болсын, сол сияқты жөндеуге кететін шығынды болсын қоғамдық орташа нормаға сәйкес белгілегенде, керек десе, тегі, өндірістің тек бір тарауына бірдей жағдайда жұмсалған тең көлемді капитал үшін де үлкен айырмашылықтар болмай тұрмайды екен. Практикада, бір капиталистің машинасы, т. т. орташа мерзімнен артық өмір сүреді, екінші бір капиталисте онша ұзақ өмір сүрмейді. Біреуінде жөндеу шығыны орташа мөлшерден жоғары, екіншісінде — төмен, т. т. Бірақ тозудың да, жөндеу шығынын да есепке ала отырып белгіленетін товар бағасына қосылған үстеме баға екеуінде бірдей: бұл үстеме орташа мөлшер бойынша белгіленеді. Сонымен, бағаға қосылатын осы үстеме арқасында бұлардың бірі шын қосымша шығынынан гөрі көп алады, екіншісі — аз алады. Бұл жағдай — жұмыс күшін қанау дәрежесі бірдей болса да, өндірістің бір тарауындағы түрлі капиталистің пайдасын түрліше етіп шығаратын басқа да жағдайлар тәрізді, — қосымша құнның шын жаратылысын түсінуді қиындатуға себепші болады.

Жөндеудің өзі мен орнын толтырудың арасындағы, сақтау үшін шығатын шығын мен қайта жаңарту үшін шығатын шығынның арасындағы шек азды-көпті шартты мағынасын-

да белгіленеді. Мысалы, темір жол транспортындағы пәлендей бір шығындар жөндеу шығыны ма немесе орнын толтыру шығыны ма, бұл шығынды кезектегі шығындардан өтеу керек пе немесе акционерлік қоғамның негізгі капиталынан өтеу керек пе дейтін мәңгі-бақи бітпейтін талас осыдан келіп шығады. Жөндеу шығынын табыс есебіне жатқызудың орнына, капиталдың есебіне жатқызу темір жол қоғамдары басқармасының өз дивидендтерін әдейі асыра көрсетудің белгілі құралы болып табылады. Алайда бұл салада да тәжірибе неғұрлым мәнді арқа сүйер негіздерді беріп отыр. Мысалы, темір жолдың алғаш жұмысқа кіріскен дәуіріндегі қосымша жұмыстар

«тіпті де жөндеуге» жатпайды, «сондықтан оларды жол салудың мәнді құрамды бөлегі деп қарау керек және, демек, бұлар капиталдың есебіне жатқызылуға тиіс, өйткені бұлар тозудың салдарынан болған емес және жолды бір қалыпты жағдайда пайдаланудың салдарынан болған емес, бұл қосымша жұмыстар темір жолды салу жұмысының түү бастағы ылажсыз кемшіліктерінің салдары» (Ларднер, бұл да сонда, 40-бет).

«Керісінше, бірден бір дұрыс әдіс мынада болып отыр: бұл табысқа жету үшін санасу қажет болған бағаның түсуін жылдық табыстың есебіне жатқызу керек, оның бер жағында тиісті соманың шындығында жаратылған-жаратылмағанының бәрі бір» (капитан Фицморис. «Caledonian Railway» қоғамындағы істердің жайын тексеру Комитетінде жасалған мәлімдемеден, «Money Market Review»-те қайта басылған, 25. I. 1868).

Егіншілікте негізгі капиталдың орнын толтыру мен оны сақтаудың жігін ажырату іс жүзінде мүмкін емес және мұнда ешбір мақсат жоқ, өйткені, басқасын былай қойғанда, егін шаруашылығы бу машиналарын әлі қолданбайды.

«Құрал-саймандардың комплектісі толық болғанымен, олардың комплектісі тым үлкен емес жағдайда» (егіншілік және еңбек құралдары мен шаруашылық аспаптар) «құрал-саймандардың жыл сайынғы тозуы және оларды сақтауға жұмсайтын шығындар, дағдыда, қалыптасып отырған жағдайлардың айырмашылығына қарай, ең алғашқы капиталдың 15%—25% мөлшеріндегі орташа санмен белгіленеді» (Kirchhof. «Handbuch der Landwirtschaftlichen Betriebslehre». Dresden, 1852, S. 137).

Егер темір жолдың локомотивтері мен вагондарын алатын болсақ, онда ремонт пен орнын толтырудың жігін айыру мүлде мүмкін емес.

«Біз локомотивтер мен вагондардың қолда бар санын сақтаймыз. Қолымызда қанша локомотив болса, біз сол санын сақтаймыз. Егер арада бірнеше уақыт өткеннен кейін іске аспай қалып, оның орнына жаңасын жасау тиімді болса, біз табыстың есебінен сол жаңасын жасаймыз, бұл ретте біз, әрине, ескі машинадан қалған материалдардың құнын табысқа енгіземіз... Ал қалатындары едәуір болып шығады. Доңғалақтары, біліктері, қазаны

және т. т. қысқасы ескі локомотивтерден қалатыны аз емес» (Д. Гуч, «Great Western Railway Co», «R. C.», № 17327, 17329).

— «Жөндеу дегеніміз — жаңарту деген сөз; мен үшін «орнын толтыру» деген сөз атымен жоқ; ...темір жол қоғамы вагон немесе локомотив сатып алды екен, онда сол қоғам вагон мен локомотив мәңгі-бақи қызмет атқаратындай етіп, оларды ремонттауға тиіс» (№ 17784). «Локомотивтерге шығатын шығынды біз әрбір ағылшын милі есебімен жүрген әрбір миліне  $8\frac{1}{2}$  пенстен белгілейміз. Осы  $8\frac{1}{2}$  пенсті шығарамыз да, біз локомотивті үнемі сақтаймыз. Біз машиналарды жаңартып тұрамыз. Егер сіз жаңа машина сатып алғыңыз келсе, сіз ол үшін ақшаны қажет болғанынан гөрі артық төлейсіз... Ескі машинадан бірнеше доңғалақ, білік немесе басқа бір қажетке асатын бөлшегі әрқашан да табылып тұрады, ал бұлар нақ өзіндей, жап-жаңа машинаны арзан жасап алуға мүмкіншілік береді» (№ 17790). «Қазір мен әр апта сайын жаңа локомотив шығарып тұрамын, яғни жап-жаңасы тәрізді жақсы машина шығарып тұрамын, өйткені мұнда қазаны, цилиндрі мен рамасы жап-жаңа» (Аргибальд Старрок, «Great Northern Railway» қоғамының локомотивтер қызметінің бастығы, (№ 17823 «R. C.» та, 1867).

### Вагондар жөнінде де осылай:

«Бір неше уақыт өткеннен кейін локомотивтер мен вагондардың запастары ылғи жаңаланып тұрады: бірде жаңа доңғалақтар қойылады, бірде жаңа рама жасалады. Локомотивтер мен вагондардың қозғалып жүріп тұратын, басқаларынан гөрі көбірек тозатын бөлшектері ылғи да осылай жаңаланып тұрады; сөйтіп, локомотивтер мен вагондар ремонттала келіп, олардың кейбіреулерінің ескі материалдарының ізі де қалмайды... Ескі локомотивтер мен вагондар ремонттауға жарамайтын болып қалғанның өзінде, олардың кейбір бөлшектері басқаларын ремонттауға пайдаланылады, сөйтіп, темір жол үшін олар мүлдем құрып кетпейді. Сондықтан локомотивтер мен вагондарға жұмсалған капитал үнемі ұдайы өндірілу үстінде болады; темір жол полотносы жөнінде белгілі бір уақытта,— атап айтқанда, бүкіл жол қайта салынған кезде,— біржола істеп тастауға тура келетін жұмыс, локомотивтер мен вагондарға келгенде біртіндеп, жылма-жыл істеледі. Ол мәңгі өмір сүреді, оны үнемі жасарғып отырады» (Ларднер, бұл да сонда, 115, 116-беттер).

Темір жолды мысал етіп Ларднер осында көрсеткен бұл процесс — жеке фабрикада барлық жағынан бірдей байқала бермейді бірақ бұл мысал өнеркәсіптің тұтас алынған қандай бір саласының шеңберінде болсын немесе қоғамдық көлемде қаралатын бүкіл өндіріс шеңберінде болсын негізгі капиталдың ремонтпен қат-қабат араласып үнемі жүріп жататын ішінара ұдайы өндірісінің суретін көрсетеді.

Темір жол қоғамдарындағы айлакер ісмерлердің көбірек дивиденд алу мақсатымен ремонт және орнын толтыру деген ұғымдарды қандайлық кең шеңберде түсіндіретінін көрсететін тағы бір факт міне мынау. Жоғарыда цитатқа келтірілген Р. П. Уильямстің баяндамасы бойынша түрліше ағылшын темір жол қоғамдары бірнеше жылдың бойында орташа төмендегі сомаларды табыс счётына жазып, кейін темір жол полотносының және құрылыстарының ремонтуна және олар-

ды сақтау шығынына жұмсалды деп жазған (жыл сайын жолдың ағылшын милясына):

|                                      |            |
|--------------------------------------|------------|
| «London and North Western» . . . . . | 370 ф. ст. |
| «Midland» . . . . .                  | 225 » »    |
| «London and South Western» . . . . . | 257 » ».   |
| «Great Northern» . . . . .           | 360 » »    |
| «Lancashire and Yorkshire» . . . . . | 377 » »    |
| «South Eastern» . . . . .            | 263 » »    |
| «Brighton» . . . . .                 | 266 » »    |
| «Manchester and Sheffield» . . . . . | 200 » »    |

Сомадағы бұл айырмашылықтар шын жұмсалған шығындардың айырмасынан туғандығы өте болмашы ғана дәрежеде: бұл айырмашылықтардың шығу себебі — есептеу әдісінің тек әр қилылығынан ғана, шығын статьяларының капиталға немесе табысқа жатқызылатындығында ғана деуге болады. Ульямс тура былай дейді:

«Шығындардың аз цифры дивидендтің қомақты болуы үшін қажет болғандықтан алынып отыр, ал үлкен цифрдың көрсетілетін себебі табыс неғұрлым жоғары, сондықтан шығынды да, дивидендтер алуды да қамтамыз ете алады».

Белгілі бір жағдайларда тозу, соның орнын толтыру да практикада нөлге жақын мөлшерде болып кездеседі, солай болғандықтан тек ремонттың шығындары ғана есепке алынады. Төменде темір жолдардағы «Works of art» туралы Ларднердің айтып отырғаны, жалпы алғанда, каналдар, доктар, темір көпірлер, тас көпірлер, тағысын сондай ұзақ жылға есептеліп салынған құрылыстардың бәріне де жатады.

«Ұзақ уақыттың әсері салдарынан неғұрлым үлкен құрылыстарда да болатын тозу біршама қысқа мерзім ішінде білінбейді деуге де болады, алайда, ұзақ уақыт дәуір өткеннен кейін, мысалы, жүз жылдардан кейін, керек десе ең зор құрылыстардың өзі тозып, түгел немесе ішінара жаңартуды керек етеді. Осы білінер-білінбес тозу мен жолдың басқа бір бөлегіндегі елеулі тозудың арасындағы айырмашылықты әлем денелерінің ғасырлар бойында орыны ауысуы мен дүркін-дүркін ауысуының айырмашылығымен салыстыруға болады. Ғасырлық тозу деп нені айтатыны жөнінде көпірлер, тоннельдер, виадуктер, т. с. темір жолдың бір шама зор құрылыстарына уақыттың ететін әсері мысал болады. Ремонттау және орнын толтыру арқылы қысқа мерзімдер ішінде жөнделетін неғұрлым тез және неғұрлым елеулі мөлшерде бағасының кемуі аспан әлеміндегі денелердің дүркін-дүркін ауысуына ұқсайды. Керек десе бір шама берік жасалған құрылыстардың өзінің сыртқы жақтарындағы оқтын-оқтын болатын кездейсоқ тозулардың орнын толтыру да жыл сайынғы ремонт шығындарына кіреді; бірақ осындай ремонт жасалып тұратын болса да, уақыт мұндай құрылыстарға өзінің ізін қалдырмай қоймайды, және ақыр түбінде бұл уақыт қанша ұзаққа созылғанымен, бұл құрылыстарды жаңадан салуды керек ететін

кезең келіп туады. Қалай болған күнде де, істің финанс және экономикалық жағын алатын болсақ, әңгіме өте алыс болашақ жайында болғандықтан, күнделікті өмірдегі есеп-қисабымызға бұлар жата бермейді» (Ларднер, бұл да сонда, 38—39-беттер).

Бұл айтылғандар барлық осындай ұзаққа төзетін құрылыстарға жатады, демек, бұл ретте осы құрылыстарға авансыланған капиталды құрылыстардың қаншалық тозғанына қарай біртіндеп емес, оларды жұмысқа сайлы күйінде ұстауға және ремонттауға орташа есеппен жыл сайын шығарылған шығындарды ғана өнім бағасына көшіру арқылы қайтаруға тура келеді.

Негізгі капиталдың тозған бөлегінің орнын толтыруға қайта оралатын ақшаның басым бөлегі жыл сайын немесе тіпті онан да қысқа мерзім ішінде осы капиталдың заттай түріне қайта айналғанымен, әрбір жеке капиталиске негізгі капиталдың бірнеше жылдардан кейін ғана ұдайы өндіріс мерзімі бірден туатын және сол кезде оның орнын түгел толтыруға тура келетін бөлегі үшін амортизация қоры қажет болатынын біз жоғарыда көрдік. Негізгі капиталдың недәуір құрамды бөлегі өзінің ерекше қасиетіне байланысты бөлшектеп ұдайы өндіруге мүмкіншілік бермейді. Оның үстіне, егерде бөлшектеп ұдайы өндіру негізгі капиталдың бағасы жойылған құрамына әрбір қысқа мерзімдер ішінде жаңа құрам қосылып отыратын әдіспен жүргізілетін болса, мұндай кезде сол капиталдың орнын толтыруды мүмкін ету үшін,— өндірістің сол тарауының ерекше сипатына қарай,— азды-көпті мөлшерде алдын ала ақша жинау қажет болады. Бұл үшін әйтеуір бір ақша сомасының болуы жеткілікті емес — бұл үшін белгілі мөлшердегі ақша сомасы керек.

Егер біз кейініректе зерттеуіміз керек болатын кредит системасын мүлдем былай қалдырып,<sup>47</sup> жай ақша айналысын ғана есепке алып, амортизация қорының пайда болуын қарастырсақ, онда қозғалыстың механизмі былай болып шығады: егер белгілі бір қоғамдағы ақшаның бір бөлегі қазына түрінде әруақыт қимыл-әрекетсіз жататын болса, ал екінші бөлегі айналыс құралы ретінде немесе айналыста жүрген ақшалар жөнінде тікелей резерв қоры ретінде қызмет атқарып тұрған болса, онда барлық ақша массасы қазынаға және айналыс құралына бөлінетін пропорция үнемі өзгеріп отырмақ. Бұл «Капиталдың» бірінші кітабында көрсетілген (III тарау, 3а). Біздің мысалда айтылған, біршама ірі капиталистің қазына түрінде біршама мол мөлшерде жинауына тиіс ақшасы негізгі капиталды сатып алған кезде бірден айналысқа түседі. Сонсоң ол ақшаның өзі сол қоғамның шеңберінде қайтадан

айналыс құралы және қазына болып екіге бөлінеді. Негізгі капиталдың өзінің тозуына сәйкес құны өзінің әуелде шыққан пункті ретінде қайта оралатын амортизация қорының жасалуы себепті, айналыстағы ақшаның бір бөлегі негізгі капитал сатып алған кезде қазынасы айналыс құралына айналып, қолдан кеткен бір бөлегі, енді барып тағы да сол капиталистің өз қолында азды-көпті уақытқа қайтадан қазына болып құралады. Біз қоғамдағы қазынаның үнемі өзгеріп бөлінетінін көріп отырмыз, бұл қазына алғашында айналыс құралының қызметін атқарып, сонсоң қазына ретінде айналыстағы ақшалардың массасынан бөлініп шығып, осы қызметтерді алма-кезек атқарады. Ірі өнеркәсіптің және капиталистік өндірістің дамуымен қажетті түрде қаз-қатар жүріп отыратын кредиттің дамуымен бірге бұл ақшалар енді қазына ретінде емес, капитал ретінде қызмет атқарады, алайда сол ақшалардың иесінің қолында емес, осыларды жұмсауға алған басқа капиталистердің қолында бола отырып атқарады.

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

**АВАНСЫЛАНҒАН КАПИТАЛДЫҢ ЖАЛПЫ  
АЙНАЛЫМЫ. АЙНАЛЫМ ЦИКЛДАРЫ**

Біз өндіргіш капиталдың негізгі және айналмалы құрамды бөлектерінің айналымы әр түрлі әдіспен болатынын және уақыт мерзімі әр түрлі болатынын көрдік; біз белгілі бір кәсіпорынның өзінде негізгі капиталдың түрліше құрамды бөлектері, өз тарапынан, өздерінің өмір сүру мерзімінің әр қилылығына қарай, демек, оларды ұдайы өндіру уақытына қарай, айналым дәуірінің түрліше болатынын да көрдік. (Бір кәсіпорынның өзінде айналмалы капиталдың түрліше құрамды бөлектерінің айналымының шын айырмашылығы немесе айырмашылық сияктанып көрінетіні туралы осы тараудың соңындағы 6-пунктті қараңыз).

1) Авансыланған капиталдың жалпы айналымы дегеніміз оның түрліше құрамды бөлектерінің орташа айналымы; мұны есептеу әдісі төменде көрсетілген. Әңгіме уақыттың түрліше дәуірлері туралы ғана болғандықтан, солардың орташасын есептеп шығарғаннан оңай әрине, ештеңе жоқ; бірақ

2) бұл арада сан жағында ғана емес, сапа жағынан да айырмашылық бар.

Өндіріс процесіне кіретін айналмалы капитал өзінің барлық құнын өнімге көшіреді, сондықтан да, өндіріс процесі үзіліссіз жүріп отыруы үшін, өнімді сату арқылы айналмалы капиталдың үнемі *in natura* \* орыны толтырылып отыруға тиіс. Өндіріс процесіне кіретін негізгі капитал өзінің құнының бір бөлегін (тозуын) ғана өнімге көшіреді және осы тозуына қарамастан, өндіріс процесінде қызметін атқара бере-

\* заттай түрінде. *Ред.*



ді; сондықтан азды-көпті ұзақ уақыт аралықтарында, қалай да әйтеуір айналмалы капитал сияқты жиі емес, *in natura* түрінде негізгі капиталдың орыны толтырылуға тиісті. Осы орын толтырудың қажеттігі, ұдайы өндіру мерзімі, негізгі капиталдың түрліше құрамды бөлектері үшін сан жағынан ғана түрліше емес; жоғарыда көргеніміздей, бірнеше жылдар бойында қызмет атқаруға қабілеті бар және ұзақ өмір сүретін негізгі капиталдың бір бөлегінің әр жылы немесе мұнан да гөрі қысқа мерзімдер ішінде бөлшектеніп ескі негізгі капиталға *in natura* қосылып, орыны тола алады; ал енді негізгі капиталға, басқаша қасиеттері бар капиталға келетін болсақ, мұның орыны, керісінше, өзінің өмір сүру мерзімі біткен кезде, тек қана бірден толтырылады.

Осылай болғандықтан негізгі капиталдың түрлі бөлектерінің ерекше айналымдарын, бұлардың бірінен бірінің айырмашылығы тек саны жағынан ғана, айналымның уақыты жағынан ғана болу үшін, айналымның бір текті формасына көшіру қажет.

Егер біз бастама пункті  $\Theta \dots \Theta$  деп алатын болсақ, яғни өндірістің тоқтаусыз процесінің формасын алатын болсақ, онда сапа бара-барлығына орын қалмайды. Өйткені  $\Theta$ -нің белгілі бір элементтерінің *in natura* түрінде орыны үнемі толтырылуға тиіс те, ал басқалары бұлай болмайды ғой. Ал бірақ  $A \dots A$  формасы айналымының осындай бара-барлығын беретіні күмәнсіз. Мысалы, құны 10 000 ф. ст. тұратын машинаны алалық, мұның өмірінің ұзақтығы — 10 жыл, демек, жыл сайын  $1/10$  — 1 000 ф. ст. болып ақшаға қайта айналып отырады. Осы 1 000 ф. ст. алғашқы жылдың ішінде ақшалай капиталдан өндіргіш капиталға, сонан кейін товар капиталына, ал осы соңғыдан барып тағы да ақшалай капиталға айналады. Бұлар, нақ айналмалы капитал сияқты, — егер біз айналмалы капиталды осы формада зерттейтін болсақ, — өзінің ең алғашқы ақшалай формасына қайта айналды және бұл ретте 1 000 ф. ст. ақшалай капитал жыл аяғында тағы да қандай да болсын бір машинаның заттай түріне қайта айнала ма, жоқ па — оның тіпті бәрі бір. Сондықтан, авансыланған өндіргіш капиталдың жалпы айналымын есептеп шығарғанда біз оның барлық элементтерін ақша формасында көрсетеміз, олай болса, ақшалай формаға қайта оралу айналымның аяқталуы болып табылады. Біз, керек десе құнның осы ақшалай формасы тек есеп айыру ақшасы түрінде ғана болатын кездегі үздіксіз өндіріс процесінің үстінде де құн әрқашан ақшалай авансыланады деген ұйғарымға сүйеніп отырамыз. Міне осылай етіп, біз орташа мөлшерді есептеп шығара аламыз.

3) Мұнан шығатын қорытынды мынау: керек десе авансыланған өндіргіш капиталдың басым бөлегі негізгі капиталдан құралған реттің өзінде, ұдайы өндіріс уақыты, демек, айналым уақыты да көп жылдық циклды қамтиды, ал бір жыл ішінде айналатын капитал құны авансыланған капиталдың жалпы құнынан гөрі көп болуы мүмкін; бұған себеп айналым капитал бір жылдың ішінде бірнеше айналым жасайды.

Айталық, негізгі капитал = 80 000 ф. ст., мұны ұдайы өндірудің уақыты 10 жылға тең, олай болса 8 000 ф. ст. өзінің ақшалай формасына жыл сайын қайта оралады, немесе негізгі капитал жылында өз айналымының  $1/10$  жасайды. Айналым капитал 20 000 ф. ст. делік және, айталық, ол бір жылда бес рет айналады. Демек, бүкіл капитал = 100 000 ф. ст. Айналып оралған негізгі капитал = 8 000 ф. ст.; айналып шыққан айналым капитал =  $20\,000 \times 5 = 100\,000$  ф. ст. Демек, бір жыл ішінде айналып шыққан капитал = 108 000 ф. ст., — авансыланған капиталдан 8 000 ф. ст. артық. Капиталдың  $1 + 2/25$  айналып шықты.

4) Демек, авансыланған капитал *құнының айналымы* соның шын ұдайы өндірісінен, немесе оның құрамды бөлектерінің нақтылы айналымынан уақыты жағынан бөлініп шығады. Мысалы, 4 000 ф. ст. капитал бір жылда бес рет айналады екен делік. Бұл жағдайда айналып шыққан капитал =  $4\,000 \times 5 = 20\,000$  ф. ст. Бірақ қайтадан тағы да авансылау үшін әрбір айналымның аяғында ең алғаш авансыланған 4 000 капиталдың тек өзі ғана қайта оралады. Капитал ретінде өзі қайта-қайта қатысып отыратын айналым дәуірінің санына қарай мұның мөлшері өзгермейді. (Қосымша құн шет қалдырылып отыр.)

Сонымен, 3 пункттегі мысалда, жорамал бойынша, жыл аяғында капиталистің қолына а) 20 000 ф. ст. = құн сомасы қайта оралды, ол бұл соманы қайтадан капиталдың айналым құрамды бөлегіне жұмсайды және в) тозудың нәтижесінде авансыланған негізгі капиталдан бөлініп шыққан 8 000 ф. ст. сома қайта оралды; бұл жағдайда бәз-баяғы негізгі капитал бұрынғыша өндіріс процесінде қала береді, бірақ мұның құны 80 000 ф. стерлингтен 72 000 ф. стерлингке дейін азайды. Демек, өндіріс процесін тағы да тоғыз жыл бойында жүргізе беру керек, — тек сонда ғана авансыланған негізгі капиталдың өз уақыты өтіп өнім жасау факторы ретінде де, құн жасау факторы ретінде де қызмет атқарудан қалады, сондықтан оны ауыстыру қажет болады. Сонымен, авансыланған капитал құны айналымының белгілі циклдарын жасауға тиіс, мы-

салы, нақ осы жағдайда мұның циклы әр қайсысы бір жылдық он айналымнан тұрады, және бұл цикл қолданылып отырған негізгі капиталдың өмірінің ұзақтығына қарай, демек, ұдайы өндіру уақытына немесе айналым уақытына қарай белгіленеді.

Сонымен капиталистік өндіріс әдісінің дамуымен бірге қолданылып отырған негізгі капитал құнының мөлшері және оның өмірінің ұзақтығы қай шамада өссе, капитал жұмсалған әрбір ерекше салада өнеркәсіп өмірінің және өнеркәсіп капиталы өмірінің қанша жылға созылатыны сол шамада дамиды,— айталық орташа есеппен оның өмірі он жыл. Егер, бір жағынан, негізгі капиталдың дамуы бұл өмірді ұзартатын болса, екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарында үнемі болып жататын төңкерістердің, капиталистік өндіріс әдісінің дамуымен бірге өзі де үнемі жиілене түсетін төңкерістердің салдарынан қысқарады. Өндіріс құрал-жабдықтары өзінің жаратылысы жағынан қартайып, заманы өтуден көп бұрын келіп жететін моральдық тозудың нәтижесінде сол өндіріс құрал-жабдықтарының ауысуы және үнемі олардың орнын толтырып тұрудың қажеттігі де жоғарғыға байланысты. Ірі өнеркәсіптің шешуші салаларында осы өмір циклін орташа есеппен он жыл деп есептеуге болады. Бірақ бұл арада әңгіме белгілі бір санда емес. Қалай болған күнде де анық жағдай мынау: бірі мен бірі өзара байланысты айналымдардың бірнеше жылды қамтитын циклы, капитал өзінің негізгі құрамды бөлегімен өндіріс процесінде қалып отыратын цикл дүркін-дүркін соғып өтетін дағдарыстардың материалдық негізі болып табылады, оның бер жағында, циклдың тұсында іс-әрекет өмірі бірінен соң бірі әлсіреу, орташа мөлшерде жандану, қарқындап көтерілу, дағдарысқа ұшырау дәуірлерін бастан кешіреді. Капитал жұмсалатын дәуірлер түрліше болса да және біріне бірі түйісіп жатпаса да, солай бола тұрса да, капиталдың жаңадан көп мөлшерде жұмсалатын кезеңі әрқашан да осы дағдарыс кезеңі болады. Демек, егер қоғамды тұтас алып қарайтын болсақ, дағдарыс үлкен немесе кішірек дәрежеде келесі айналымдар циклы үшін жаңа материалдық негіз құрады<sup>22)</sup>.

Б) Айналымды есептеп шығару әдісіне келетін болсақ, онда сөзді Американың бір экономисіне берелік<sup>48</sup>.

«Кейбір өндіріс салаларында барлық авансыланған капитал бір жылдың ішінде бірнеше қайта оралып, немесе айналып, үлгіреді; кейбір басқа

<sup>22a)</sup> «Қала өндірісі бірнеше күнді қамтитын айналыммен байланысты, селолық өндіріс, керісінше, бірнеше жылдарды қамтитын айналыммен байланысты». (*Adam H. Müller*, «Die Elemente der Staatskunst». Berlin, 1809, III S. 178). Өнеркәсіп пен егіншілік жайында романтиктердің аңқау ұғымдары осылай.

салаларда оның бір бөлегі бір жылда бір реттен артығырақ қайта айналады, ал басқа бір бөлегі — онша тез айнамайды. Капиталист өзінің пайдасын оның барлық капиталы өз қолына бір соғып өтуі үшін, немесе бір айналып өтуі үшін қажетті орташа дәуіріне қарай есептеуіне тура келеді. Айталық, белгілі бір кәсіпорындағы біреу өзінің капиталының жартысын он жылда бір рет жаңартатын үй құрылысы мен машиналарға жұмсады; капиталының төрттен бірін-екі жылда бір жаңартатын құрал-жабдықтарға, т. т. жұмсады, ал енді жалақы мен шикі затқа жұмсалған соңғы төрттен бір капиталы жылында екі рет айналып тұрады. Оның барлық капиталы 50 000 долларға тең екен делік. Сонда оның бір жылдық шығыны мынадай болады:

|                   |       |               |       |          |           |
|-------------------|-------|---------------|-------|----------|-----------|
| 50 000 : 2—25 000 | долл. | 10 жылда =    | 2 500 | долл.    | бір жылда |
| 50 000 : 4—12 500 | »     | 2             | »     | = 6 250  | »         |
| 50 000 : 4—12 500 | »     | $\frac{1}{2}$ | »     | = 25 000 | »         |

---

1 жылда = 33 750 долл.

...Демек, оның барлық капиталының бір рет айналатын орташа уақыты 16 ай болады<sup>49</sup>...

Басқа бір жағдайды алайық: айталық оның барлық 50 000 доллар капиталының төрттен бірі 10 жылда бір айналады екен; екінші төрттен бірі — 1 жылда, қалған жартысы — бір жылда екі рет. Сонда бір жылғы шығыны мынадай болады:

|               |        |        |
|---------------|--------|--------|
| 12 500 : 10 = | 1 250  | доллар |
| 12 500 : 1 =  | 12 500 | »      |
| 25 000 × 2 =  | 50 000 | »      |

---

1 жылдың ішінде айналып шыққаны 63 750 долларға тең».  
(Scrope. «Pol. Econ.», edit, Alonzo Potter, New York, 1841, p. 142—143).

б) Капиталдың түрлі бөлектерінің айналымындағы шын айырмашылықтар және айырмашылық сияқтанып көрінетін айырмашылықтар. Осы Скроп әлгі жерінде былай дейді:

«Фабриканттың, ауыл шаруашылық қожасының немесе саудагердің жалақы төлеуге жұмсайтын капиталы бәрінен де тез айналады, өйткені егер жалақы апта сайын төленетін болса, товарларды сатқаннан немесе төленген счеттардан түсетін ақшаның апта сайын түсіп отыруы арқасында әлгі капиталдың апта сайын бір рет айналуы ықтимал. Шикізатқа немесе товар запастарына жұмсалған капитал мұнан гөрі баяу айналады; шикізатты сатып алу мен товарларды сатудың арасында қанша уақыт өтетініне қарай, жылында ол екі немесе төрт рет айналуы мүмкін,— біз сатып алу және сату үшін кредит бірдей мерзімге беріледі деп жорамалдаймыз. Құрал-жабдықтардағы және машиналардағы капитал мұнан да баяу айналады, өйткені, ол орташа есеппен бес жылда немесе он жылда бір ғана рет айналуы, яғни тұтынылып, жаңартылуы мүмкін, бұл ретте кейбір құрал саймандар қысқа мерзімдер ішіндегі бірнеше операциядан кейін біржола тозып біткенімен де осылай болады. Үй құрылыстарына, мысалы, фабрикаларға, магазиндерге, қоймаларға, қамбаларға, сондай-ақ жолдарға, егін суару құрылыстарына және т. т. жұмсалған капиталға келетін болсақ, онда бұл капитал мүлдем дерлік айнамайтын сияқтанып көрінеді. Бірақ шындығында бұл жұмсалған капитал да, өндіріске көмектесе отырып, нақ жоғарыда айтылғандар сияқты, тозады және өндіруші өзінің операцияларын содан әрі де жасай беру үшін бұлар ұдайы өндірілуге тиіс. Айырмашылық басқаларына

салыстырғанда бұлардың баяу тұтынылып, баяу ұдайы өндірілетінінде ғана... Бұларға жұмсалған капитал 20 немесе 50 жылда ғана бір рет айналым жасауы мүмкін» (бұл да сонда, 141—142-беттер).

Скроп бұл арада айналмалы капиталдың белгілі бір бөлектерінің қозғалысында жеке капиталист үшін төлеу мерзімі мен кредит қатынастарынан туатын айырмашылықты капиталдың жаратылысынан туатын айналымдар айырмашылығымен шатастырып отыр. Ол былай дейді: апта сайын ақшасы өтетін сатудан немесе сөдеттардан түсетін қаржының есебінен жалақы апта сайын төленіп тұруға тиіс. Біріншіден, бұл арада мынаны айта кету керек: керек десе өтеу мерзімінің ұзақ-қысқалығына қарай, яғни жұмысшының капиталистке қанша уақытқа кредит беруге мәжбүр болатын уақытының ұзақ-қысқалығына қарай, жалақы жөнінде де айырмашылық бар; демек, жалақы төлеудің мерзімдеріне: апта сайын ба, ай сайын ба, үш айда, жарты жылда бір рет пе және тағысын тағыларға байланысты. Бұл арада бұрынрақ дамытылған заңды қолдануға болады: «Қажетті төлем қаржысының мөлшері (яғни бірден авансылауға тура келетін ақша капиталы) төлем мерзімдерінің уақытына кері\* қатынаста болады» («Капитал», I кітап, III тарау, 3, b, 124-бет<sup>50</sup>).

Екіншіден, бір апталық өнімге соны өндіруде сол аптаның еңбегімен қосылған жаңа құн ғана түгел еніп қоймайды, сонымен бірге сол аптаның ішінде өнімге тұтынылып кеткен шикізат пен көмекші материалдардың құны да енеді. Өніммен бірге соның ішіндегі осы құн да айналыс жасайды. Бұл өнімді сатудың нәтижесінде бұл құн ақша формасын алады және енді ол бұрынғысынша тағы да өндірістің элементтеріне айналуға тиіс. Жұмыс күшіне де, сондай-ақ шикізат пен көмекші материалдарға да мұның қатысы бірдей. Бірақ біз жоғарыда көргеніміздей (VI, II тарау, I) өндірістің үздіксіз жүріп отыруы өндіріс құрал-жабдықтарының запасы болуын керек етеді — бұл запас өндірістің түрліше саласы үшін түрліше запастың болуын, ал белгілі бір өндіріс саласының өз ішінде айналмалы капиталдың осы элементінің түрліше құрамды элементтері үшін, мысалы, көмір мен мақта үшін, тағы да түрліше запастың болуын керек етеді. Сондықтан, бұл материалдарды үнемі іп патуга орнын толтырып отыруға тура келсе де, үнемі оларды қайта сатып алып жатудың қажеттігі жоқ. Сатып алудың қаншалықты жиі қайталану керек екендігі дайындалған запастың мөлшеріне байланысты, ол таусы-

\* Сірә, бұл жерде Маркстің жазуында қате кетсе керек, өйткені қажетті төлем қаржыларының массасы мен төлем мерзімдерінің ұзақтығының арасында кері байланыстылық емес, тікелей байланыстылық бар. *Ред.*

лып біткенше қанша уақыт өтетініне байланысты. Жұмыс күшіне келетін болсақ, онда бұл арада запастың бұлай жасалуы болмайды. Капиталдың еңбекке жұмсалған бөлегінің ақшаға қайта айналуы капиталдың көмекші материалдар мен шикізатқа жұмсалған бөлегінің кері айналуымен қатар жүріп отырады. Ал бірақ ақшаның, бір жағынан, жұмыс күшіне және екінші жағынан, шикі материалдарға кері айналуы өз алдына бөлектеніп жүріп отырады, өйткені сатып алу мен сату мерзімдері осы екі құрамды бөлектер үшін әр түрлі, бұлардың бірі, өндірістік запас ретінде, бір шама ұзақ мерзімдерден кейін сатылып алынады, ал екінші бөлегі, жұмыс күші, бір шама қысқа мерзімдерде, мысалы, апта сайын, сатып алынады. Екінші жағынан, өндірістік запастан басқа, капиталистің дайын товарлар запасы да болу керек. Сату, т. т. қиыншылықтарды былай қоя тұралық. Айталық, мысалы, товардың белгілі бір мөлшерін заказ бойынша өндіру керек. Товардың соңғы бөлегі өндіріліп жатқан кезде, оның дайын болған жағы, заказ түгел орындалғанша, қоймада жатып қалады. Айналымды капиталдың айналымдағы бұдан өзге айырмашылықтары айналымды капиталдың кейбір элементтерінің басқаларына қарағанда өндіріс процесінің әзірлеу сатысында (ағашты кептіру, т. т.) ұзағырақ кідіріп қалуынан туады.

Бұл арада Скроп айтып отырған кредит, сондай-ақ сауда капиталы да, жеке капиталист үшін айналымның түрін өзгертеді. Ал енді қоғамдық көлемде, бұл кредит өндірісті ғана емес, тұтынуды да тездететін болғандықтан ғана айналымның түрін өзгертеді.

О Н Ы Н Ш Ы Т А Р А У

**НЕГІЗГІ ЖӘНЕ АЙНАЛМАЛЫ КАПИТАЛ  
ТЕОРИЯЛАРЫ. ФИЗИОКРАТТАР ЖӘНЕ АДАМ СМИТ**

Кенәнің пікірінше, негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы айырмашылық «*avances primitives*» \* пен «*avances annuelles*» \*\* арасындағы айырмашылық ретінде көрінеді. Ол бұл айырмашылықты өндіргіш капитал, яғни өндірістің тікелей процесіне қосылған капитал шеңберінде ғана болатын айырмашылық есебінде дұрыс бейнелейді. Ал Кенә үшін егіншілікте пайдаланылатын капитал, яғни фермердің капиталы шын мәнісінде бірден-бір өндіргіш капитал болып табылатындықтан, жоғарыда айтылған әлгі айырмашылықтар да тек фермер капиталына қатысты айырмашылықтар болып шығады. Кенәде капиталдың бір бөлегінің айналым уақыты неліктен бір жыл болып, ал екінші бөлегінің айналым уақыты — бір жылдан көп (он жыл) болуы осыдан келіп шығады. Физиократтар өз ілімінің бұдан әрі дамуына қарай, бұл айырмашылықтарды жол-жөнекей капиталдың басқа түрлеріне де, жалпы өнеркәсіп капиталына да қолдана бастады. Жыл сайынғы авансылар мен көп жылғы авансылар арасындағы айырмашылықтың қоғам үшін маңыздылығы соншалық, көптеген экономистер тіпті А. Смиттен кейін де осы анықтамаға қайтып оралып жүрді.

Аванстардың екі түрінің арасындағы айырмашылық авансқа берілген ақша өндіргіш капиталдың элементтеріне айналғанда ғана туады. Бұл айырмашылық тек өндіргіш капитал шеңберінде ғана болады. Сондықтан ақшаны алғашқы аванс-

---

\* — «алғашқы авансылар». *Ред.*

\*\* — «жыл сайынғы авансылар». *Ред.*

тарға қосып есептеу де, жыл сайынғы аванстарға қосып есептеу де Кенэннің тіпті ойына да келмейді. Өндіріс үшін берілген аванстар ретінде,— яғни өндіргіш капитал ретінде,— аванстардың екі түрі ақшаға да, рыноктағы товарларға да қарсы тұрады. Онан соң, Кенэде өндіргіш капиталдың осы екі элементінің арасындағы айырмашылық осы элементтерді дайын өнімнің құнына енгізетін тәсілдердің айырмашылығына, демек олардың құнының өнім құнымен бірге айналу тәсілдерінің айырмашылығына, сондықтан да олардың орнын толтыру немесе олардың ұдайы өндіру тәсілдерінің айырмашылығына дұрыс қосылады, оның бер жағында бір элемент құнының орны жыл сайын түгелдей өтеледі, екіншісінің құны — неғұрлым ұзақ уақыттың ішінде біртіндеп өтеледі<sup>23)</sup>.

А. Смиттің бұл мәселедегі жалғыз ғана жетістігі сол — ол осы көрсетілген категорияларға жалпы сипат береді. Смитте бұл категориялардың енді капиталдың тек бір арнаулы формасына, фермердің капиталына ғана емес, сонымен бірге жалпы өндіргіш капитал формасы атаулыға қатысы бар. Бұдан өзінен өзі шығатын қорытынды мынадай: әр жылғы айналым мен көп жылғы айналым арасындағы егіншілік саласынан алынған айырмашылықтың орнына жалпы алғанда ұзақтығы әр түрлі айналымдардың айырмашылығы келіп шығады, соның өзінде негізгі капиталдың айналымы әрқашан да — айналмалы капиталдың бұл айналымдарының ұзақтығы қандай болса да: бір жыл, жылдан артық немесе жылдан кем бола ма бәрі бір — айналмалы капиталдың бір айналымнан астам уақытты қамтиды. Сонымен, Смитте «*avances annuelles*» айналмалы капиталға, «*avances primitives*» — негізгі капиталға айналады. Алайда оның ілгері қарай жасаған қадамы категорияларды осылай жинақтаумен бітеді. Ал мұндай жинақтауды қалай жасады дегенге келсек, ол Кенэден әлдеқайда төмен жатыр.

Оның зерттеу жұмысына кірісу үшін таңдап алған дәрекі эмпирикалық тәсілінің өзі көмескілік туғызады:

<sup>23)</sup>Салыстырыңыз: *Quesnay*: «*Analyse du Tableau Economique*» («*Physiocrates*», ed. Daire, 1-ге partie, Paris, 1846). Мысалы, онда былай делінген: «Жыл сайынғы аванстар егіншілік жұмыстарына жыл сайын жұмсалатын шығындарға енеді. Бұл аванстар егіншілік жабдығының қорын жасайтын алғашқы аванстардан ажырата білу керек» (р. 59).—Ең кейінгі кездегі физиократтарда мұндай «*avances*» [аванстар] көбінесе тұрасынан «капитал» деп аталады: «*Capital ou avances*»,—*Dupont de Nemours*. «*Maximes du Docteur Quesnay, ou Résumé de ses Principes d'Economie Sociale*» (Daire, I, p. 391); бұдан әрі, *Le Tron* былай деп жазады: «Еңбектің азды-көпті ұзақ уақыт өмір суретін нәтижелері түрінде ұлт қордың жыл сайынғы ұдайы өндірісіне байланысыз байлықтардың едәуір қорына ие болады; бұл қор ұзақ уақыт бойына жиналған және алғашында өнеркәсіп төлейтін капиталды,— үздіксіз жаңарып, өсіп отыратын капиталды құрайды» (Daire, II p. 928—929).—Тюрго «авансылардың» орнына «капитал» деген сөзді анағұрлым ұдайы қолданады және «мануфактурашылардың аванстарын фермерлердің аванстарымен бұрынғыдан гөрі толығырақ ұқсастыра түседі. (*Turgot*. «*Réflexions sur la Formation et la Distribution des Richesses*», 1766).



«Өзінің несіне табыс немесе пайда келтіруі үшін капитал екі түрлі тәсілмен қолданылуы мүмкін» («Wealth of Nations», book II, ch. I, P. 189, Edit. Averdeen, 1848) <sup>51</sup>.

Капитал сияқты қызмет атқарып, өзінің несіне қосымша құн әкелуі үшін құнды қалай жұмсау керектігі жөніндегі тәсілдер капиталды жұмсау саласы тәрізді соншалық әр түрлі және соншалық саналуан. Мұның өзі — өндірістің капитал жұмсауға болатын әр түрлі салалары туралы мәселе. Бірақ бұлайша тұжырымдалған мәселе бізді бұдан әрі апарарды. Енді бұл мәселе, тіпті өндіргіш капитал ретінде жұмсалмағанының өзінде, құнның өз иесі үшін капиталдың қызметін қалай атқара алатыны, мысалы, проценттер келтіретін капитал ретіндегі көпес капиталы, т. т. ретіндегі қызметін қалай атқара алатыны туралы мәселені де қамтиды. Сонымен, біз бұл арада жасап отырған талдауымыздың нағыз предметінен, атап айтқанда, *өндіргіш* капиталды оның әр түрлі элементтеріне бөлудің осы элементтердің айналымына, олардың жұмсалыу салаларының айырмашылығына қарамастан, қалай әсер ететіні туралы мәселеден әлдеқайда қашықтап кеттік.

А. Смит әлгінің ізінше-ақ былай дейді:

«Біріншіден, капитал жер өндеуде, мануфактура өндірісінде немесе пайда табу үшін қайта сату мақсатымен товарлар сатып алуға жұмсалыуы мүмкін» [II том, 254-бет].

А. Смит бізге бұл арада капиталдың егіншілікте, өнеркәсіп пен саудада жұмсалыуы мүмкін екендігін ғана айтып отыр. Демек, ол капиталды жұмсаудың әр түрлі салалары жайлы ғана және соның өзінде саудадағы сияқты тікелей өндіріс процесіне кірмейтін, демек, өндіргіш капитал есебінде қызмет атқармайтын салалар жайлы айтып отыр. Бұл арқылы ол физиократтар сүйенген негізді былай қойып, өндіргіш капиталдың жеке бөліктерінің айырмашылықтарын және бұл айырмашылықтардың айналым сипатына тигізетін әсерін белгілеп отыр. Бұл бұл ма, ол бұл ретте *өндіргіш* капитал бөліктерінің өнім мен құнды жасау процесіндегі айырмашылықтары туралы ғана, өз тарапынан капиталдың айналымы мен ұдайы өндірісіндегі айырмашылықтарды туғызатын айырмашылықтар туралы ғана сөз болып отырғанына қарамастан, көпес капиталын іле-шала мысалға келтіреді.

Ол бұдан әрі былай дейді:

«Бұлайша жұмсалған капитал, әзірге ол несінің қолында қалған жағдайда, немесе сол бір формасында қалып отырғанда, өзінің несіне табыс не пайда келтірмейді». [II том, 254-бет].

— «Бұлайша жұмсалған капитал!» Алайда А. Смит егіншілікке немесе өнеркәсіпке жұмсалған капитал туралы айтып отыр емес пе, ал одан әрі тағы да бұлайша жұмсалған капитал негізгі капитал мен айналмалы капиталға бөлінеді дейді! Демек, капиталды жоғарыда көрсетілген тәсілмен жұмсау өзінен өзі оны негізгі капитал да, айналмалы капитал да ете алмайды.

Бірақ ол, бәлкім, товарлар өндіру үшін, ол товарларды пайда табу мақсатымен сату үшін жұмсалған капитал товарға айналғаннан соң сатылуға тиіс және сатылу арқылы, біріншіден, сатушының меншігінен сатып алушының меншігіне көшуі, екіншіден, өзінің товар есебіндегі заттық формасын ақшалай формаға ауыстыруы керек, сондықтан да капитал өз иесі үшін «ол өз иесінің қолында қалған жағдайда, немесе» — иесі үшін — «сол бір формасында қалып отырғанда» пайдасыз дегісі келетін шығар? Алайда онда әңгіменің бар түйіні мынаған келіп тіреледі: бұрын өндіргіш капитал формасында, өндіріс процесіне тән формада қызмет атқарған капиталдық құнның дәл өзі енді товар капиталы мен ақша капиталы ретінде, яғни айналыс процесіне тән формаларда қызмет атқарады, сондықтан да ол енді негізгі капитал да, айналмалы капитал да болып табылмайды. Ал бұл құнның шикізат және көмекші материалдар болып, демек, айналмалы капитал болып қосылатын элементтеріне де, сондай-ақ еңбек құралдарын тұтыну нәтижесінде қосылатын, демек, негізгі капитал болып қосылатын элементтеріне де бірдей қатысты. Сонымен, бұл арада да негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықты анықтауға бір адым да жақындағанымыз жоқ.

Бұдан әрі:

«Көпестің товарлары, қашан ол бұл товарларын сатып ақшаға айналдырмайынша, оған табыс немесе пайда бермейді, ал ақша болса, қашан ол қайтадан товарға айырбасталмайынша, оған аз пайда келтіреді. Көпестің капиталы оның қолынан үнемі бір формада кетеді де, оған басқа формада қайтып оралады, сөйтіп тек осындай айналыс жолымен ғана, немесе дәйекті айырбастар жолымен ғана, капитал оған біраз пайда келтіре алады. Сондықтан мұндай капиталдарды айналмалы капиталдар деп әбден дұрыс атауға болады» [II том, 254-бет].

А. Смит мұнда мен *айналыс капиталы* деп атауды ұсынып отырған нәрсені айналмалы капитал деп атап отыр. Ал бұл — айналыс процесіне тән формадағы, яғни формалардың айырбас арқылы ауысуына тән (заттың ауысуы мен иенің ауысуы) формадағы капитал, демек, мұның өзі — өндіргіш капиталға,

яғни капиталдың өндіріс процесіне тән формасына қарама-қарсы товар капиталы мен ақша капиталы. Бұл өнеркәсіп капиталісі өз капиталын бөліп қоятындай екі бөлек түр емес, ал сол бір авансқа жұмсалған капитал құны өзінің *singulum vitae* \* өткенде, дәйекті түрде үнемі қайтадан қабылдап, сосын қайта лақтырып тастап отыратын әр түрлі формалар ғана. А. Смит, физиократтарға қарағанда үлкен бір адым кері басып, мұны әртүрлі формалармен шатастырады; ал бұл әртүрлі формалар өзінің толық айналымының барлық сатысынан кезек-кезегімен өтетін капитал құнының айналымы шеңберінде туады, онда да капитал құны *өндіргіш* капитал формасында болған кезде пайда болады, атап айтқанда өндіргіш капиталдың түрлі элементтерінің құнды жасау процесіне әр түрлі тәсілмен қатысуы және өзінің құнын өнімге әр түрлі тәсілмен көшіруінің арқасында пайда болады. Бір жағынан, өндіргіш капитал мен айналыста (товар капиталы мен ақша капиталы) жүрген капиталды және, екінші жағынан, негізгі капитал мен айналымды капиталды осы негізгі шатастыру әкеп соқтыратын салдарларды біз төменде талдап қараймыз. Айналымды капиталға авансыланған капитал құны қалай айналыс жасаса, негізгі капиталға авансыланған капитал құны да өніммен бірге дәл сондай айналыс жасайды және товар капиталы айналысының көмегімен екіншісі қалай ақша капиталына айналса, біріншісі де дәл солай ақша капиталына айналады. Айырмашылық мынадан ғана туады: негізгі капитал құны бөлік-бөлігімен айналыста жүреді, сондықтан да ол біршама ұзағырақ уақыттың ішінде бөлік-бөлігімен орны толып, өзінің заттай формасында қайта өндіріліп отыруға тиіс.

А. Смиттің айналымды капитал деп бұл арада, басқа ештемені емес, ал айналыс капиталын, яғни айналыс процесіне (товар капиталы мен ақша капиталы) тән формалардағы капитал құнын түсініп отырғанын оның тым сәтсіз келтіріп отырған мысалы-ақ дәлелдеп отыр. Ол мысал ретінде капиталдың өндіріс процесіне мүлде қатысы жоқ түрін, тек қана айналыс саласында жүретін, тек айналыс капиталынан ғана құралатын түрін: көпес капиталын алады.

Капитал жалпы алғанда өндіргіш капитал ретінде көрінбей, басқаша көрінетін мысалдан бастаудың қаншалықты қисынсыз екенін осы жерде А. Смиттің өзі дәлелдеп береді:

«Көпес капиталы дегеніміз түгелдей айналымды капитал» [II том, 255-бет].

\* — өмір жолынан. *Ред.*

Алайда айналмалы капитал мен негізгі капиталдың арасындағы айырмашылық, кейіннен А. Смиттен білетініміздей, өндіргіш капиталдың өз шеңберінде кездесетін елеулі айырмашылықтардан келіп шығады емес пе. А. Смит болса, бір жағынан, физиократтар анықтап берген айырмашылықты, екінші жағынан,— капитал құнының толық айналымы процесінде кездесетін формаларының айырмашылығын айтып отыр. Ол бұлардың екеуін де бір жерге үйіп-төгеді.

Бірақ ақша мен товар формаларының алмасуы нәтижесінде, құнның осы формалардың бірінен екіншісіне жай ғана айналуы нәтижесінде пайданың қалай тууға тиіс екені мүлде түсініксіз болып қала береді. Бұл жерде мұны түсіндірудің өзі мүлде мүмкін емес, өйткені Смит әңгімені айналыс саласында ғана қызмет ете алатын көпес капиталынан бастайды. Біз бұған кейінірек қайтып оралармыз, ал әзірге оның негізгі капитал туралы не айтатынын тыңдайық [II том, 254—255-беттер]:

«Екіншіден, ол» (капитал) «жерді жақсартуға, пайдалы машиналар мен еңбек құралдарын немесе басқа да сондай заттарды сатып алуға қолданылуы мүмкін; ал олар бір қожайыннан екінші қожайынға көшпей-ақ, не одан әрі айналыста болмай-ақ, табыс не пайда келтіреді. Сондықтан мұндай капиталдарды негізгі капиталдар деп атауға әбден болады. Әр түрлі кәсіпшіліктерде қолданылатын негізгі капиталдар мен айналмалы капиталдардың арасындағы арасалмақ мейлінше әр түрлі болуы қажет... Әрбір қолөнерші қожайынның немесе мануфактурист капиталының бір бөлігі оның еңбек құралдарына жұмсалуға тиіс. Айтпақшы, бұл бөліктің өзі бір кәсіпшіліктерде мүлде аз, ал екіншілерінде тым көп... Бірақ оның есесіне барлық осындай қолөнерші-қожайындардың» (мысалы, тігіншілер, етікшілер, тоқымашылар) «капиталының едәуір көп бөлігі не сол қожайындардың қызметкерлерінің жалақысы түрінде, не олар қолданатын материалдардың бағасы түрінде айналыста жүреді, сөйтіп заттардың бағасындағы кейбір пайдасымен орнын толтырып отырады».

Пайданың көзі жөнінде аңқау балаша анықтама бергені жайлы айтпағанның өзінде, оның әлсіздігі мен шатасушылығы мынадан-ақ бірден көрінеді: мысалы, машина жасаушы — фабрикант үшін машина өнім болып табылады, бұл өнім товар капиталы ретінде айналыста жүреді, демек, А. Смиттің сөзімен айтқанда, «бөлініп шығады, қожайынын өзгертеді», «одан әрі айналыс» жасайды. Бұл ретте, оның өзінің берген анықтамасы бойынша, машина негізгі капитал емес, айналмалы капитал болып шығар еді. Бұл шатастырушылық тағы да мынаның салдарынан туып отыр: Смит негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықты — өндіргіш капиталдың әр түрлі элементтерінің айналыс тәсілдерінің біркелкі еместігінен келіп туатын айырмашылықты сол бір капиталдың айналыстан өтетін формаларының айырмашы-

лықтарымен шатастырады, өйткені әлгі капитал өндіріс процесі шеңберінде *өндіргіш* капитал ретінде қызмет атқарса, айналыс саласында — айналыс капиталы ретінде, яғни товар капиталы ретінде немесе ақша капиталы ретінде қызмет атқарады. Осы себепті А. Смитте сол бір заттар, капиталдың өмірлік процесінде алатын орнына қарай, негізгі капитал ретінде де (еңбек құралдары, өндіргіш капиталдың элементтері ретінде), «айналмалы» капитал, товар капиталы ретінде де (өндіріс саласынан айналыс саласына шығарылған өнім ретінде) қызмет атқара алады.

Бірақ А. Смит капиталды бөлу негіздерінің өзін кенет өзгертіп жібереді де, осыдан бірнеше жол жоғарырақта айтқан, өзі бүкіл зерттеуді бастаған нәрсесіне қайшы келеді. Біз оның мына қағидасын айтып отырмыз:

«Өзінің иесіне табыс немесе пайда келтіруі үшін капитал екі түрлі тәсілмен қолданылуы мүмкін» [II том, 254-бет].

Атап айтқанда, не айналмалы капитал ретінде, не негізгі капитал ретінде қолданылуы мүмкін. Бұл арада, сірә, әр түрлі және бір-біріне тәуелсіз капиталдарды қолданудың әр түрлі тәсілдері жөнінде айтылып отырса керек, ол капиталдар, мысалы, не өнеркәсіпке, не егіншілікке жұмсалыуы мүмкін. Бірақ біз бұдан әрі тағы мынаны оқимыз [II том, 255-бет]:

«Әр түрлі кәсіпшіліктерде қолданылатын негізгі капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы арасалмақ мейлінше әр түрлі болуы қажет».

Енді негізгі капитал мен айналмалы капитал капиталдың әр қилы дербес жұмсалыуы емес, қайта сол бір өндіргіш капиталдың әр түрлі үлестері болып табылады, бұл үлестер капитал жұмсаудың әр қилы салаларында оның жиынтық құнының түрлі бөліктерін құрайды. Демек, бұл — *өндіргіш* капиталдың өзін мақсатқа сай бөлуден туатын айырмашылықтар, сондықтан да тек осы соңғы жөнінде ғана орын алады. Бірақ тек қана айналмалы капитал ретінде товар капиталының негізгі капиталға қарама-қарсы қойылуы бұл қағидаға тағы қайшы келеді, өйткені Смиттің өзі былай деп отыр:

«Көпес капиталы дегеніміз түгелдей айналмалы капитал» [III том 255-бет].

Ал шынында мұның өзі — айналыс саласы шеңберінде ғана қызмет ететін капитал және осылай болғандықтан да бұл капитал жалпы алғанда өндіргіш капиталға, яғни өндіріс процесіне енгізілген капиталға қарсы тұрады; бірақ нақ осы се-

бепті енді ол өндіргіш капиталдың ағымдағы (айналымдағы) құрамды бөлігі ретінде өндіргіш капиталдың негізгі құрамды бөлігіне қарама-қарсы қойылуы мүмкін емес.

Смиттің келтіріп отырған мысалдарында, ол капиталдың жалақыға және көмекші материалдарды қоса алғанда шикізатқа да жұмсалған (және «бұйымдардың бағасындағы кейбір пайдамен орны толатын») бөлігін «instruments of trade» \* негізгі капитал деп, айналмалы капитал деп анықтама береді.

Сонымен, бұл арада Смиттің ең әуелі негізге алатыны еңбек процесінің әр түрлі құрамды элементтері ғана: бір жағынан, жұмыс күші (еңбек) мен шикізат болса, екінші жағынан, еңбек құралдары. Бірақ еңбек процесінің бұл құрамды элементтері капиталдың құрамды бөліктері болып табылады, өйткені бұларға құнның капитал ретінде қызмет атқаруға тиісті белгілі бір сомасы жұмсалған. Сол себепті мұның өзі — *өндіргіш* капиталдың, яғни өндіріс процесінде қызмет атқаратын капиталдың заттық элементтері, өмір сүру тәсілдері. Ал оның бір бөлігінің негізгі болып аталатын себебі не? Оның себебі:

«капиталдың біраз бөлігі еңбек құралдарына жұмсалуды тиіс» [II том, 254-бет].

Бірақ оның басқа бөлігі де жалақыға және шикізатқа «жұмсалған» емес пе. Бұдан әрі, машиналар,

«еңбек құралдары... және осы сияқты басқа заттар да... бір қожайыннан екінші қожайынға өтпей-ақ, немесе одан әрі айналыс жасамай-ақ табыс, не пайда келтіреді. Сондықтан мұндай капиталдарды негізгі капиталдар деп әбден атауға болады» [II том, 254-бет].

Кен өнеркәсібін мысалға алып көрелік. Мұнда шикізат күйіндегі материал мүлде қолданылмайды, өйткені еңбек жұмсалатын зат, айталық, мыс — табиғат берген өнім; бұл өнім еңбектің көмегімен әлі иемденілуі тиіс. Қазып алынуға тиісті мыс — әлі процестегі өнім, ол осы процесс аяқталғаннан кейін ғана товар ретінде, осыған сәйкес — товар капиталы ретінде де айналыс жасайтын болады; бұл мыс өндіргіш капиталдың элементі емес. Өндіргіш капитал құнының ешқандай бөлігі мысқа жұмсалмаған. Екінші жағынан, өндіріс процесінің басқа элементтері — жұмыс күші мен көмекші материалдар, айталық, көмір, су және т. с. — зат түрінде бұлар да өнімге кірмейді. Көмір түгелдей пайдаланылады, сондықтан оның тек құны ғана өнімге кіреді, онда да машина құнының

\* — «еңбек құралдары». *Ред.*

бір бөлігі өнімге қалай кірсе, тура дәл солай кіреді, т. т. Ақырында, өнім жөнінде, мыс жөнінде машина қандай дербестік сақтаса, жұмысшы да дәл сондай дербестік сақтайды. Тек жұмысшының еңбегімен жасалған құн енді мыс құнының құрамды бөлігі болып табылады. Сонымен, бұл мысалда өндіргіш капиталдың құрамды бөліктерінің бір де-бірі «қожайынын» («master») ауыстырмайды, немесе бұл бөліктердің бір де-бірі одан әрі айналыс жасамайды, өйткені бұл бөліктердің бір де-бірі зат түрінде өнімге кірмейді. Сонымен, бұл арадағы айналымды капитал қайда? А. Смиттің өзінің берген анықтамасы бойынша, қайсы бір мыс руднигінде қолданылатын бүкіл капитал тек қана негізгі капиталдан құралатын емес пе еді.

Енді, мұның керісінше, өнеркәсіптің басқа саласын — өнімнің негізін құрайтын шикізатты қолданатын, сондай-ақ өнімге, мысалы, жылыту үшін жағылатын тас көмірдің кіретініндей, өнімге тек құн жағынан ғана кіріп қоймай, сол заттай қалпында да кіретін көмекші материалдарды қолданатын саласын алып көрелік. Шикізат, яғни сол бір өнімді шығаруға жұмсалатын мақта өніммен, мысалы, иірілген жіппен бірге қожайынын ауыстырып, өндіріс процесінен тұтыну процесіне көшеді. Бірақ әзірге мақта өндіргіш капиталдың қызметін атқарып отырған уақытта, меншік иесі мақтаны сатпайды, қайта өндейді, одан жіп иіртеді. Ол мақтаны өз қолынан әсте шығармайды. Немесе, Смиттің дәрекі қателескен, мағынасыз сөздерімен айтқанда, меншік иесі «өнімді бөлектеу», «өнімдердің қожайындарын ауыстыру» арқылы немесе «оны айналысқа» шығару арқылы пайда таппайды. Ол өзінің машиналарын айналысқа қалай жібермесе, материалдарын да айналысқа солай жібермейді. Бұл материалдар жіп иіру машиналары мен фабрика үйлері сияқты өндіріс процесінде бекітілген. Өйткені өндіргіш капиталдың бір бөлігі көмір, мақта және т. б. түрінде үнемі бекітілген болуға тиіс, еңбек құралдары түрінде қалай бекітілген болса, дәл солай бекітілуге тиіс. Айырмашылық мынада ғана: мысалы, бір апта бойы жіп иіру үшін қажетті мақта, көмір, т. б. сол аптада өнім шығару үстінде түгелдей жұмсалып кетеді, демек, ол мақтаның, көмірдің, т. б. орны үнемі толтырылып отырылуы тиіс; сонымен, өндіргіш капиталдың бұл элементтері, бір тектес болып қала бергенмен де, ұдайы қайта жаңғыртылып, орны толтырылып отырады, ал оның бер жағында, жіп иіретін белгілі бір жеке машина, белгілі бір жеке фабрика үйі өндірістің талай рет қайталанатын апталық процестеріне қатыса береді, оларды сондай машиналармен, сондай үйлермен ауыстырудың қажеті

жоқ. Өндіргіш капиталдың элементтері ретінде оның барлық құрамдас бөліктері өндіріс процесінде ұдайы бекітілген, өйткені бұларсыз өндіріс процесі болмақ емес. Сөйтіп, өндіргіш капиталдың барлық элементтері — негізгі және айналым элементтері — өндіргіш капиталды құрай отырып, айналыс капиталына, яғни товар капиталы мен ақша капиталына қарсы тұрады.

Жұмыс күші жөнінде де осылай. Өндіргіш капиталдың бір бөлігі ұдайы жұмыс күшіне жұмсалып отыруы тиіс, мұның өзінде қай салада болмасын бір капиталист бірсыпыра ұзақ уақыт бойына, сол бір машиналарды қолданғаны сияқты, бір-бірінен айырмасы жоқ сол бір жұмыс күшін пайдаланады. Бұл жерде жұмыс күші мен машина арасындағы айырмашылық машинаның біржолата сатып алынатындығында (бірақ, мысалы, машина үшін бөліп-бөліп төлегенде бұлай болмайды), ал жұмысшының біржолата сатып алынбайтындығында емес, машинаның құны өнімге бөлектеп көшіп отырғанда жұмысшының жұмсайтын еңбегінің өнім құнына түгелдей енетіндігінде.

Смит айналмалы капиталды негізгі капиталға қарама-қарсы қоя төмендегіше сипаттап, әр түрлі анықтамаларды шатастырады:

«Бұлайша жұмсалған капитал, әзірге ол иесінің қолында қалған жағдайда немесе сол бір формасында қалып отырғанда, өзінің иесіне табыс не пайда келтірмейді» [II том, 254-бет].

Ол товардың таза формальді түрдегі метаморфозын — өнім, яғни товар капиталы айналыс саласында жасайтын және товарлардың қолдан қолға көшуіне дәнекерлік істейтін метаморфозын өндіргіш капиталдың әр түрлі элементтерінің өндіріс процесі кезінде жасайтын физикалық метаморфозымен бірдей жағдайға қояды. Товардың ақшаға айналуын және ақшаның товарға айналуын, сатып алу мен сатуды ол, одан әрі ой жүгіртпестен-ақ, бұл арада өндіріс элементтерінің өнімге айналуымен шатастырады. Оның айналмалы капитал деп мысал ретінде келтіргені товардан ақшаға, ақшадан товарға айналатын көпес капиталы; мұның өзі — товар айналысына тән форманың ауысуы ғана:  $T-A-T$ . Бірақ айналыс процесінде форманың бұлай ауысып отыруының әрекет жасаушы өнеркәсіп капиталы үшін мынадай маңызы бар: ақшаның қайтып айналатын товарлары дегеніміз өндіріс элементтері (еңбек құралдары және жұмыс күші), демек, формалардың бұл көрсетілген ауысуы арқылы өнеркәсіп капиталының үздіксіз әрекет жасауы қамтамасыз етіледі, өндіріс процесі



үздіксіз процесс ретінде, немесе ұдайы өндіріс процесі ретінде жүзеге асырылады. Формалардың бұл ауысуының баршасы *айналыста* болып жатады, формалардың нақ осы ауысуы товарлардың бір қолдан екінші қолға шын мәнінде өтуіне дәнекерлік жасайды. Мұның керісінше, өндіргіш капиталдың өз өндірісінің процесі шеңберінде жасайтын метаморфоздары өндіріс элементтерін шығаруға ұйғарылған өнімге айналдыру үшін қажетті, *еңбек процесіне* тән, метаморфоздар болып табылады. А. Смит өндіріс құрал-жабдықтарының (еңбек құралдары — сөздің өз мағынасында) бір бөлігі еңбек процесінде, бірте-бірте тозғаны болмаса, өзінің заттай формасын өзгертпей қызмет атқаратынына (ол мұны: «өз қожайынына пайда келтіреді» деген сөздермен теріс көрсетеді), ал оның бер жағында екінші бөлігі, яғни материалдар, өзгеріп отыратынына және нақ осы өзгерудің арқасында өндіріс құрал-жабдықтары ретіндегі өзінің ролін атқаратынына келгенде тоқтап қалады. Алайда өндіргіш капитал элементтерінің еңбек процесіндегі осы әр түрлі ролі айырмашылықтың өзін емес, негізгі капитал мен негізгі емес капиталдың арасындағы айырмашылықтың тек бастама пунктін ғана құрайды; мұның өзі жоғарыда айтылған әр түрлі рольдің капиталистік және капиталистік емес өндіріс тәсілдерінің бәрі үшін бірдей өмір сүріп отырғанынан қазірдің өзінде айқын болып отыр. Алайда өндіргіш капитал элементтерінің осы әр түрлі заттық роліне еңбек процесінде *құнның* өнімге *көшуінің* белгілі бір тәсілдері сай келеді, ал соңғысына өнімді сату арқылы құнның орнын толтырудың белгілі бір тәсілдері сай келеді; біздер іздеп отырған айырмашылық тек осы ғана. Демек, капиталдың негізгі капитал болып табылатын себебі,— оның еңбек құралдарына жұмсалғандығында емес, қайта оның құнының еңбек құралдарына жұмсалған бір бөлігінің сол құралдарға телінген күйінде қалатындығында, ал екінші бір бөлігінің өнім құнының құрамдас бөлігі ретінде айналыс жасайтындығында.

«Егер ол» (капитал) «болашақта пайда табу үшін қолданылатын болса, онда ол бұл пайданы не оның» («иесінің») «қолында қала отырып, немесе басқалардың қолына көше отырып, келтіруге тиіс. Сонда мұның өзі бірінші ретте негізгі капитал, екінші ретте — айналмалы капитал болады» (189-бет).

Бұл жерде пайданың шығуы жөніндегі капиталистің дағдылы көзқарастарынан жұққан және А. Смиттің өзінің анағұрлым терең, эзотериктік көзқарасына әбден қайшы келетін тұрпайы эмпирикалық түсінік ең алдымен көзге түседі. Өнімнің бағасында материалдар бағасының да, жұмыс күші баға-

сының да орны толады, бірақ сонымен бірге еңбек құралдарының тозуы салдарынан еңбек құралдары құнының өнімге көшетін бөлігінің де орны толады. Мұндай орнын толтыру ешбір жағдайда пайданың көзі бола алмайды. Өнімді өндіру үшін авансыланған құнның орны өнімді сату арқылы тұтасынан немесе бөліп-бөліп толатынына, бірден немесе біртіндеп толатынына байланысты оның орнын толтырудың тек тәсілі мен уақыты ғана өзгеруі мүмкін; бірақ екі ретінде де мұның өзі бұрын жұмсалған құнның орнын толтыру болады, сондықтан ол қосымша құн жасауға әсте де айналмайды. Мұның негізінде қосымша құн тек өнімді сату арқылы, оның айналысы арқылы ғана жүзеге асады екен — онда ол тек сатудан, айналыстан ғана пайда болуы мүмкін деген дағдылы түсінік жатыр. А. Смиттің бұл арада пайданың келуінің әр түрлі тәсілдері жөнінде айтып отырғаны шындығына келгенде өндіргіш капиталдың әр түрлі элементтерінің әр түрлі роль атқаруы, еңбек процесінде өндіргіш элементтер ретінде біркелкі қызмет атқармауы фактысын теріс түсіндіру ғана болып табылады. Ақырында, бұл айырмашылық еңбек процесінен, тиісінше — құнның көбеюі процесінен, өндіргіш капиталдың өзінің қызметінен шығарылмайды, А. Смиттің айтуынша, бұл айырмашылықтың жеке капиталист үшін субъективтік қана маңызы бар, өйткені оған капиталдың бір бөлегі бір жағдайда пайдалы болса, екінші бір бөлегі басқа бір жағдайда пайдалы болып көрінеді.

Мұның керісінше, Кенэ бұл айырмашылықтарды ұдайы өндіріс процесінің өзінен және оның қажетті заңдылықтарынан шығарды. Бұл процесс үздіксіз жүріп жатуы үшін бір жылда шығарылған өнімнің құны жыл сайынғы аванстардың құнын түгелдей өтеуі үшін, ал негізгі капиталдың [Anlagekapital] құны ретінде бөліп-бөліп өтелуі тиіс, сөйтіп ол құнның орны бірқатар жылдардың ішінде, мысалы, ондаған жылдар бойында, өтеледі, демек, түгелдей қалпына келтіріледі (сол бұрынғыдай орны толтырылып отырылады). Сонымен, А. Смит Кенэге қарағанда көп кері кетіп отыр.

Демек, А. Смиттің негізгі капиталға берген анықтамасында тек бір-ақ нәрсе, атап айтқанда еңбек құралдары ғана қалып отыр; ал еңбек құралдары өздерінің көмегі арқылы жасалатын өнімдерге қарағанда өндіріс процесінде өз формасын өзгертпейді және әбден тозып біткенге дейін өндіріске қызмет ете береді. Соның өзінде өндіргіш капиталдың барлық элементтерінің өзінің заттай формасында (еңбек құралдары, материалдар мен жұмыс күші ретінде) өнімге және өнім болғанда товар ретінде айналыс жасайтын өнімге үнемі қарсы

тұратынын ол ұмытып кетеді; сондай-ақ ол капиталдың материалдар мен жұмыс күшінен құралатын бөлігі мен оның еңбек құралдарынан құралатын бөлігі арасындағы айырмашылық жұмыс күші жөнінде алғанда — жұмыс күшінің үнемі жанадан сатылып алынып отыратындығында (өйткені еңбек құралдары сияқты өзінің бүкіл өмір сүру уақыты бойына сатып алынбайды), ал материалдар жөнінде алғанда — еңбек процесінде бір-бірінен айырмасы жоқ материалдар емес, сол тектес материалдардың жаңа даналары қызмет атқарып отыратындығында екенін ұмытып кетеді. Сонымен бірге негізгі капиталдың құны бейнебір айналысқа түспейді деген жалған елес те туады, ал А. Смит бұрын негізгі капиталдың тозуы, әрине, өнім бағасының бір бөлегі болып табылады деп көрсеткен болатын.

Айналмалы капиталды негізгі капиталға қарама-қарсы қоя отырып, А. Смит мына жағдайды баса көрсетпейді: айналмалы капитал өндіргіш капиталдың өнімінің құны есебінен *түгелдей* өтелуге тиісті, демек, оның метаморфозасына түгелдей қатысуға тиісті құрамды бөлегі болып табылатындықтан да әлгі қарама-қарсылық болып отыр, ал негізгі капитал жөнінде бұлай болмайды. А. Смит, мұның керісінше, айналмалы капиталды капиталдың өндіріс саласынан айналыс саласына көшіп, мұнда товар капиталы мен ақша капиталы ретінде қимыл жасай отырып, қабылдайтын формаларымен шатастырады. Алайда бұл формалардың екеуі де, товар капиталы мен ақша капиталы, өндіргіш капиталдың негізгі бөлігінің де, айналмалы бөлігінің де бірдей дәрежеде құны болып табылады. Бұлардың екеуі де өндіргіш капитал емес, айналыс капиталы, айналмалы (ауыспалы) капитал емес, негізгі капитал болып табылады.

Ақырында, негізгі капитал өндіріс процесінде қала отырып, ал айналмалы капитал өндіріс процесінен кетіп, айналыс саласында айналым жасай отырып, пайда келтіреді деген түсінік мүлде дұрыс емес; мұндай түсінік мынаған әкеліп соғады: өзгермелі капиталдың және тұрақты капиталдың айналмалы бөлігінің *айналым процесінде* алатын бірыңғай формасы *құнның өсуі* мен қосымша құнның жасалуы *процесінде* олардың арасындағы елеулі айырмашылықты бүркемелейді, сөйтіп, капиталистік өндірістің бүкіл сыры онан сайын күңгірттенеді. «Айналмалы капитал» деп жалпылама белгілеу осы елеулі айырмашылықты жояды. А. Смиттен кейін саяси экономия бұл жөнінде онан да әрі ілгерілеп, тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасында емес, қайта негізгі капитал мен айнал-

малы капитал арасында елеулі және бірден-бір ажыратып қарауға жататын қарама-қарсылық бар екенін анықтады.

Негізгі капитал мен айналмалы капиталды капиталды орналастырудың қай-қайсысы да пайда келтіретін екі түрлі тәсілі ретінде белгілей келіп, А. Смит былай дейді:

«Ешқандай негізгі капитал айналмалы капиталдың көмегі арқылы ғана болмаса, басқаша түрде қандай да бір табыс келтіре алмайды. Ең бір пайдалы машиналар мен еңбек құралдары айналмалы капиталсыз — өздері өндейтін материалдарды және жұмысшылар қолданатын, жұмысшыларды асырауға керекті заттарды тауып беретін капиталсыз ештеме өндіре алмайды» (188-бет).

Бұл арада: «табыс келтіру», «пайда табу», т. б. деген бұрынғы айтылған сөздердің нені көрсететіні анықталады, атап айтқанда, бұлар капиталдың екі бөлігі де өнім шығарудың факторлары болып табылатынын көрсетеді.

Бұдан әрі А. Смит мынадай мысал келтіреді:

«Фермер капиталының егіншілік құралдарына жұмсалған бөлігі негізгі капитал болады, ал жалақыға және оның жұмысшыларды асырауға керекті заттарға жұмсалған бөлігі айналмалы капитал болып табылады».

Демек, мұнда негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылық бүтіндей өндіргіш капиталдың әр түрлі құрамды бөліктерінің әр түрлі айналысына, әр түрлі айналымына келіп саятыны дұрыс көрсетілген.

«Фермер бірінші капиталды өз иелігінде сақтап, онан пайда табады, ал екінші капиталдан қол үзе отырып, пайда табады. Оның жұмыс малының бағасы немесе құны негізгі капитал болып табылады» —

Бұл арада айырмашылықтың негізіне заттық элемент алынбай, құнның алынуы да дұрыс болған —

«дәл сондай-ақ, оның шаруашылығы құралдарының бағасы да болып табылады; оны» (жұмыс малын) «қоректендіру заттары жұмысшыларды асырау заттары сияқты айналмалы капитал болады. Фермер жұмыс малын өз иелігінде ұстай отырып та, оны қоректендіру заттарынан қол үзе отырып та пайда табады».

Фермер жемшөпті қолынан шығармайды, оны сатпайды. Ол мұны малға керекті нақ жемшөп ретінде пайдаланады, ал малдың өзін ол еңбек құралы ретінде пайдаланады. Айырмашылық мынада ғана: жұмыс малын ұстауға жұмсалатын жемшөп түгелдей тұтынылады, сондықтан оның орны егіншіліктің өнімінен тікелей немесе ол өнімді сату арқылы жаңа жемшөппен үнемі толтырылып отырылуға тиіс; оның бер жағында малдың өзі оның кейбіреулерінің жұмысқа жарамсыз болып қалуына қарай ауыстырылып отырылады.

«Жұмыс үшін емес, сату үшін сатып алынып, бордақыланатын малдың бағасы да, малды ұстау заттары да айналмалы капитал болып табылады. Фермер одан қол үзе отырып, өз пайдасын табады» [II том, 255—256-беттер].

Товар өндірушінің бәрі, демек, капиталистік өндіруші де, өз өнімін, өз өндірісі процесінің нәтижесін сатады, бірақ мұның салдарынан оның өнімі оның *өндiргiш* капиталының негізгі бөлігі де, айналмалы бөлігі де болмайды. Қайта мұның керісінше, оның өнімі енді өндіріс процесінен ығыстырылып шығарылатын және товар капиталы ретінде қызмет атқаруға тиіс формада болады. Бордақыланатын мал өндіріс процесінде жұмыс малы сияқты еңбек құралы ретінде емес, шикі материал ретінде қызмет атқарады. Сондықтан ол өнімге түп негіз болып кірседі, ал оның бүкіл құны бұл өнімге көмекші материалдардың (жемшөптердің) құны сияқты түгелдей кіреді. Нақ сондықтан да ол өндіргіш капиталдың айналмалы бөлігі болып табылады, ал бұлай болуы тіпті де сатылған өнімнің, яғни бордақыланған малдың, бұл арада шикізаттың да, яғни әлі бордақыланбаған малдың да, қандай формасы болса, дәл сондай заттық формасы болғандығынан емес. Соңғы жағдай — жай кездейсоқ жағдай. Бірақ сонымен қатар А. Смит бұл мысалдан: өндіріс элементінің заттық формасы емес, оның өндіріс процесіндегі функциясы ғана өндіріске салынған құнды негізгі құн деп немесе айналмалы құн деп анықтайтынын көре алатын еді.

«Сондай-ақ тұқымның бүкіл құны да, шынын айтқанда, негізгі капитал болып табылады. Тұқым қамбадан егістікке және одан қамбаға ауысып отырғанымен де, тұқым ешқашан қожайынын өзгертпейді, демек, бұл сөздің өз мағынасында айналыс жасамайды. Фермер өз пайдасын тұқымды сату арқылы таппайды, оның өсімі есебінен табады» [II том, 256-бет].

Мұнда Смит белгілеген айырмашылықтың бүкіл қисынсыздығы ерекше айқын көрініп отыр. Оның теориясы бойынша, егерде «қожайынның өзгеруі» болмаса, яғни егер тұқымның орны тікелей жылдық өнімнен толтырылатын болса, содан ұсталып қалатын болса, тұқым негізгі капитал болған болар еді. Бірақ мұның керісінше, егер барлық өнім сатылып, оның құнының біразы басқа қожайыннан тұқым сатып алуға жұмсалса, тұқым айналмалы капитал болып шығар еді. Бір ретте «қожайынның өзгеруі» болады, екінші ретте «қожайынның өзгеруі» жоқ. Смит бұл арада тағы да айналмалы капиталды товар капиталымен шатастырып отыр. Өнім дегеніміз товар капиталының заттық негізі. Бірақ, әрине, товар капиталының шынымен айналысқа түсетін және өзі өнім ретінде

шыққан нақ өндіріс процесіне тағы келіп тікелей енбейтін бөлігі ғана әлгі заттық негіз болып табылады.

Тұқым өнімнің бір бөлігі ретінде тікелей ұсталып қалатын болсын немесе бүкіл өнім сатылып, оның құнының біразы басқа жақтан сатып алынған тұқымға айналатын болсын,— бұл екі ретте де құнның орнын толтыру ғана бар, сондықтан бұл орнын толтыру арқылы ешқандай пайда жасалмайды. Бірінші ретте тұқым өнімнің қалған бөлігімен бірге товар ретінде айналысқа түседі, екінші ретте тұқым авансыланған капитал құнының құрамды бөлігі ретінде бухгалтерияда ғана есепке алынады. Бірақ бұл екі ретте де тұқым өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөлігі болып қала береді. Тұқым өнімді дайындағанда түгелдей тұтынылады, сондықтан ұдайы өндіріс мүмкін болу үшін оның орны өнімнен түгелдей толтырылып отырылуға тиіс.

«Шикі материал мен көмекші заттар тұтыну құндары ретінде еңбек процесіне келіп түскен дербес формасын жоғалтады. Еңбек құралдарының өздерін алатын болсақ, істің жайы бұдан басқаша. Аспап, машина, фабрика үйі, бөшке, т. т. өздерінің бастапқы формасын сақтап тұрған кезде ғана, еңбек процесіне ертең де нақ кешегідей формада түсе алатын кезінде ғана еңбек процесінде қызмет етеді. Өз тіршілігі кезінде, яғни еңбек процесі кезінде олар өнім жөнінде өзінің дербес формасын сақтайтыны сияқты, олар бұл формасын өзі өлгеннен кейін де сақтап қалады. Машиналардың, құрал-саймандардың, мастерскойлардың, т. т. өліктері өздерінің көмегімен жасалған өнімдерден бұрынғыша бөлек өмір сүре береді» («Капитал», I кітап, VI тарау, 192-бет<sup>52</sup>).

Өнім шығару үшін өндіріс құрал-жабдықтарын қолданудың осы әр түрлі тәсілдерін, өндіріс құрал-жабдықтарының біреулері өнім жөнінде өзінің дербес формасын сақтап отырған, ал екіншілері өзінің дербес формасының түрін өзгертіп немесе мүлде жойып отырған жағдайдағы әлгі әр түрлі тәсілдерді, ешбір айырбассыз, товарлы өндіріссіз, мысалы, патриархтық семьяның тек қана өз қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған болса да, тап осындай еңбек процесіне тән осы айырмашылықты А. Смит қате түсінеді, өйткені ол 1) бұған мүлде қатысы жоқ пайда категориясын, өндіріс құрал-жабдықтарының біреулері өз формасын сақтай отырып, екіншілері — оны жоғалта отырып, өзінің меншік иесіне тауып беретін категориясын енгізеді; өйткені ол 2) өндіріс элементтерінің бір бөлегінің еңбек процесіндегі өзгеруін өнімдердің айырбасына, товарлардың айналысына (сатып алу мен сатуға) тән және сонымен қатар айналыста жүрген товарларға

деген меншіктің бір адамнан екінші адамға көшуін қамтитын форманың ауысуымен шатастырады.

Айналым ұдайы өндірістің айналыс арқылы, яғни өнімді сату, оның ақшаға айналуы және ақшадан оның өндірісі элементтеріне қайтадан айналуы арқылы болатынын көздейді. Бірақ капиталистік өндірушіге оның өз өнімінің бір бөлегі өндіріс құрал-жабдығы болып қайтадан қызмет етеді екен, онда өндіруші бұл өнімді өзіне өзі сатушы болып шығады, ал бұл операция оның бухгалтериясында нақ осы түрде көрінеді. Демек, ұдайы өндірістің бұл бөлігі айналыс арқылы емес, тікелей жүзеге асырылады. Бірақ өнімнің өндіріс құрал-жабдығы болып осылайша қайтадан қызмет атқаратын бөлігі негізгі капиталды емес, айналмалы капиталдың орнын толтырады, өйткені 1) капиталдың тиісті бөлігінің құны өнімге түгелдей кіреді және 2) капиталдың осы бөлігінің өзі *in natura* жаңа өнімнің жаңа түрімен түгелдей толтырылады.

А. Смит сонсоң бізге айналмалы капитал мен негізгі капиталдың неден құралатынын айтады. Ол негізгі капиталды құрайтын заттарды да, заттық элементтерді де және айналмалы капиталды құрайтын заттарды да санап шығады, ал бұлай бір мақсатқа арналу зат күйінде, табиғатынан заттарға тән сияқты, қайта, бұл заттардың капиталистік өндіріс процесіндегі белгілі қызметтерінен тумауын сияқты. Алайда, ол сол тараудың өзінде былай деп ескертеді: белгілі бір зат, мысалы, тікелей тұтынуға арналған тұрғын үй,

«өз иесіне табыс келтіріп, осылайша ол үшін *капитал қызметін* атқарғанымен, бірақ ол қоғамға пәлендей бір табыс келтіре алмайды, немесе ол үшін капитал қызметін атқара алмайды, сондықтан бүкіл халықтың табысы бұл жолмен ешқашан титтей дәрежеде де артпайды» (II кітап, II тарау, 186-бет).

Мұнда А. Смит, демек, капитал болу қасиеті тап өз күйіндегі заттарға тән емес және барлық жағдайларда бірдей мүмкін болмайды, бірақ ол заттар жағдайларға байланысты капитал қызметін не атқарады, не атқармайды деген пікірді әбден айқын айтады. Бірақ жалпы алғанда капитал жөніндегі әділетті нәрсе, оның бөлімшелері жөнінде де әділетті.

Белгілі бір заттар өздерінің еңбек процесінде қандай қызмет атқаратынына қарай айналмалы капиталдың немесе негізгі капиталдың құрамды бөлігін құрайды. Мысалы, жұмыс малы (еңбек құралы) ретінде мал негізгі капиталдың өмір сүруінің заттық формасы болып табылады; мұның керісінше, союға бордақыланатын мал (шикі материал) ретінде мал фермердің айналмалы капиталының құрамды бөлігін құрай-

ды. Екінші жағынан, белгілі бір зат не өндіргіш капиталдың құрамды бөлігі ретінде қызмет атқара алады, не тікелей тұтыну қорына кіре алады. Мысалы, жұмыс үшін керекті үй-жай ретінде қызмет атқара отырып, үй өндіргіш капиталдың негізгі бөлігі болып табылады; тұрғын үй ретінде қызмет атқара отырып, оның әсте де капитал формасы болмайды; жай ғана тұрғын үй болып табылады. Белгілі бір еңбек құралдары көп реттерде біресе өндіріс құрал-жабдықтары ретінде, біресе тұтыну заттары ретінде қызмет атқарады.

Смиттің көзқарастарынан туатын қателердің бірі осындай: негізгі және айналмалы капиталға тән белгілер заттарға тән қасиеттер ретінде қаралады. Еңбек процесіне талдау жасаудың өзі («Капитал», I кітап, V тарау) еңбек құралдарына, еңбек материалына, еңбекке берілген анықтамалардың белгілі бір заттың бұл процесте атқаратын әр қилы рольдеріне қарай қалай өзгертетінін көрсеткен болатын. Бірақ негізгі капиталдың да, негізгі емес капиталдың да анықтамалары, өз тарапынан, бұл элементтердің еңбек процесінде, демек, құнның жасалу процесінде де атқаратын белгілі рольдеріне негізделеді.

Оның үстіне, негізгі және айналмалы капитал құралатын заттарды атап шыққанда, А. Смиттің капиталдың негізгі бөлегі мен оның айналмалы құрамды бөліктері арасындағы айырмашылықты, өндіргіш капитал (өзінің өндіргіш формасындағы капитал) жөнінде ғана шын мағнасы бар айырмашылықты өндіргіш капитал мен айналыс процесінде капиталға тән формалар арасындағы, яғни товар капиталы мен ақша капиталы арасындағы айырмашылықпен шатастыратыны мүлде айқын көрінеді. Ол нақ сол жерде былай дейді:

«Айналмалы капитал... тиісті сатушылардың қолындағы азық-түліктен, материалдар мен алуан түрлі дайын бұйымдардан және олардың айналысы мен бөлінісі үшін қажетті ақшадан құралады...»

— Шындығында, егер біз жақындап қарайтын болсақ, онда бұл арада жоғарыда айтылғанға қарама-қарсы, айналмалы капитал товар капиталымен және ақша капиталымен, яғни капиталдың екі формасымен тағы да бірдей деп қаралатынын көреміз, ал бұл екі форма өндіріс процесіне тіпті де тән емес, олар негізгі капиталға қарама-қарсы айналмалы (ауыспалы) капиталды құрамайды, өндіргіш капиталға қарама-қарсы айналыс капиталын құрайды. Тек капиталдың осы формалары мен *қатар* сонан соң барып өндіргіш капиталдың материалдарға (шикізатқа немесе жартылай фабрикаттарға) аван-



сыланған және өндіріс процесіне шынымен енгізілген құрамды бөліктері көрінеді. А. Смит былай дейді:

«...Қоғамның бүкіл капиталы табиғи түрде жіктелетін құрамды үш бөліктің үшінші және соңғы бөлігі айналмалы капитал болып табылады; ал айналмалы капиталға тән нәрсе: ол тек айналыс жасау арқылы немесе қожайындарының ауысуы арқылы ғана табыс келтіреді. Ал айналмалы, капитал өз кезегінде төрт бөліктен құралады: біріншіден, ақшадан құралады...»

Бірақ ақша өндіргіш капиталдың — өндіріс процесінде қызмет атқарушы капиталдың формасы болып ешқашан табылмайды. Ақша әрқашан да өзінің айналыс жасау процесінде капиталдың алатын формаларының бірі ғана болып табылады.

— «Екіншіден, қасапшының, малмен сауда жасаушының, фермердің қолында отырған... және оларды сатудан әлгілердің өздері пайда табуды көздейтін азық-түлік қорларынан құралады... Ақырында, төртіншіден, қазірдің өзінде дайындалып, аяқталған, бірақ әлі саудагердің немесе мануфактурашының қолында тұрған бұйымдардан құралады». — Және де «үшіншіден, мүлде шикі немесе азды-көпті өңделген материалдардан, бұл үш форманың бірде-бірін әлі біржолата алып болмаған және селолық қожайындардың, мануфактурашылардың, жібекпен, сукномен сауда жасаушылардың, құрылыс ағашымен сауда жасаушылардың, ағаш ұсталары мен балташылардың, қышшылардың, т. с. қолында қалып отырған киім-кешектерден, жиһаз заттарынан, үйлерден құралады» (187, 188-беттер).

2 және 4-пункттер өнімдер күйінде өндіріс процесінен шығарылған және сатылуға тиіс болған өнімдерден басқа ештеңе емес; бір сөзбен айтқанда, бұл — енді товар ретінде қызмет атқарушы, сондықтан тиісінше товар капиталы ретінде, демек, осындай формасы бар және процесте осындай орын алатын өнімдер, бұлар өндіргіш капитал элементін жасамайды, өздерінің түпкі міндеті қандай болса да, яғни өздерінің қызмет етуге тиіс мақсатына сәйкес (өздерінің тұтыну құнына сәйкес), өнімдер сайып келгенде жеке бас тұтынуына немесе өнімді тұтынуға енсін-енбесін өндіргіш капитал элементін жасамайды. 2-пунктте бұл өнімдер — тағам заттары, 4-пунктте бұл өнімдер — барлық басқа дайын өнімдер, демек, бұлар айналып келгенде тек қана дайын еңбек құралдарынан немесе дайын тұрған тұтыну заттарынан (2-пункттегі тағам заттарынан гөрі басқа заттардан) құралады.

Смиттің бұл ретте көпес туралы да айтып отырғаны оның барынша шатасқанын ғана көрсетеді. Өнім өндіруші өз өнімін көпеске сатқан екен, онда бұл өнім енді оның капиталының ешқандай формасын әсте жасамайды. Рас, қоғам тұрғысынан қарағанда бұл өнім енді өз өндірушісінің қолында емес, басқа біреулердің қолында болып отырғанымен де, әлі

де болса товар капиталы болып қала береді; бірақ бұл товар капиталы болғандықтан да ол негізгі капитал да, айналмалы капитал да бола алмайды.

Өнім өндірушінің өз керектерін қанағаттандыруға тікелей бағытталмаған кез келген өндіріс тұсында өнім товар ретінде айналыс жасауға тиіс, яғни сатылуға тиіс, — осылайша пайда табу үшін емес, өндіруші тегі өмір сүру үшін сатылуға тиіс. Капиталистік өндіріс тұсында бұған тағы да мына жағдай қосылады: товарды сатқан кезде ондағы қосымша құн да қоса сатылады. Өнім товар ретінде өндіріс процесінен шығады, сондықтан да ол енді өндіріс процесінің негізгі элементі де, айналмалы элементі де емес.

Айтпақшы, А. Смит бұл жерде өзін өзі теріске шығарады. Дайын өнімдердің бәрі, олардың заттық формасы немесе олардың тұтыну құны, олардың пайдалы нәтижесі қандай болғанына қарамастан, бұл арада товар капиталы, яғни айналыс процесіне тән формалардың біріндегі капитал болып табылады. Осы формадағылар ретінде, бұл өнімдер әсте де меншік иесінің өндіргіш капиталының құрамды бөліктері болып табылмайды; бұл, әрине, сатылған соң, ол өнімдердің сатып алушының қолында өндіргіш капиталдың — айналмалы капиталдың ба немесе негізгі капиталдың ба бәрібір — құрамды бөліктеріне *айналуына* әсте кедергі жасамайды. Өндіргіш капитал болмай, товар капиталы ретінде рынокта белгілі уақыт бойына көрінген заттардың өзі кейініректе, оларды рыноктан алғаннан кейін, өндіргіш капиталдың негізгі бөлігі немесе айналмалы бөлігі ретінде қызмет атқаруы не атқармауы мүмкін.

Мақта жіп иіруші фабриканттың өнімі, яғни жіп оның капиталының товар формасы, ол үшін товар капиталы. Жіп оның өндіргіш капиталының құрамды бөлігі болып еңбек материалы ретінде де, еңбек құралдары ретінде де қайтадан қызмет атқара алмайды. Бірақ бұл жіпті сатып алған тоқыма фабрикасы иесінің қолына түскеннен кейін әлгі жіп оның өндіргіш капиталына осы капиталдың айналмалы құрамды бөліктерінің бірі ретінде қосылады. Жіп иіруші фабрикант үшін жіп оның негізгі капиталының да, айналмалы капиталының да құнының бір бөлігі болып табылады (қосымша құнды біз сырт қалдырамыз). Сол сияқты машина да, машиналар фабрикантының өнімі ретінде, оның капиталының товар формасы, ол үшін товар капиталы болады, сөйтіп машина осы форманы сақтап отырғанда ол айналмалы капитал да, негізгі капитал да болмайды. Машинаны өз өндірісінде қолданатын фабриканттардың біріне сатылғаннан кейін, машина негізгі

өндiргiш капиталдың құрамды бөлiгiне айналады. Тiптi өнiмнiң өзi шыққан процесiне өндiрiс құрал-жабдықтары ретiнде iшiнара кiре алатын, мысалы, көмiр өндiрген кезде көмiрдiң пайдаланылатыны сияқты, тұтыну формасы болған реттiң өзiнде,— тiптi осының өзiнде өнiмнiң, көмiрдiң нақ сатуға арналған бөлiгi айналмалы капитал да, негiзгi капитал да емес, товар капиталы болып табылады.

Екiншi жағынан, өнiмнiң мынадай тұтыну формасы: еңбек материалы ретiнде болсын, немесе еңбек құралдары ретiнде болсын өндiргiш капиталдың пәлендей бiр элементiн құрау үшiн өнiмдi мүлде жарамсыз ететiн тұтыну формасы болуы мүмкiн. Мысалы, кейбiр тiршiлiк заттары осындай. Солай бола тұрса да өнiм өз өндiрушiлерi үшiн товар капиталы, негiзгi капитал құнын да, айналмалы капитал құнын да жүзеге асырушы,— өнiм өндiру үшiн қолданылған капиталдың орны түгелдей немесе бөлiп-бөлiп толтырылуға тиiс екендiгiне қарай, капиталдың өз құнын өнiмге түгелдей немесе бөлiп-бөлiп көшiретiнiне қарай, негiзгi капиталдың немесе айналмалы капиталдың құнын жүзеге асырушы.

Смиттiң 3-пунктiнде шикi материал (шикiзат, жартылай фабрика, көмекшi материал), бiр жағынан, өндiргiш капиталға енгiзiлiп қойылған құрамды бөлiк ретiнде емес, шын мәнiсiнде жалпы алғанда қоғамдық өнiм құралатын тұтыну құндарының ерекше түрi ретiнде ғана, қоғамдық өнiмнiң 2 және 4-пункттерде аталып өткен басқа да заттық элементтерiмен қатар, яғни тiршiлiк заттарымен, т. б. қатар товарлардың ерекше түрi ретiнде көрiнедi. Екiншi жағынан, нақ осы шикi материалдар өндiргiш капиталға енгiзiлген материалдар ретiнде келтiрiледi, демек, өндiргiш капиталдың элементтерi ретiнде өндiрушiнiң қолында болады. Шатастырушылық мынадан айқын көрiнедi: бұл шикi материалдар бiресе өндiрушiнiң қолында («селолық қожайындардың, мануфактурашылардың қолдарында», т. б.) қызмет атқарушы материалдар ретiнде, бiресе, екiншi жағынан, көпестердiң («жiбекпен, сукномен, құрылыс ағашымен сауда жасаушылардың») қолдарында қызмет атқарушы материалдар ретiнде қаралады, ал бұлар үшiн ол материалдар өндiргiш капиталдың құрамды бөлiктерi болып емес, тек қана товар капиталы болып табылады.

Ис жүзiнде А. Смит айналмалы капиталдың элементтерiн осылайша тiзiп өтуiнде негiзгi капитал мен айналмалы капиталдың арасындағы тек өндiргiш капитал жөнiнде ғана нағыз болатын айырмашылық туралы мүлде ұмытып кетедi. Мұның керiсiнше, товар капиталы мен ақша капиталы, яғни капитал-

дың айналыс процесіне тән осы екі формасын Смит өндіргіш капиталға қарама-қарсы қояды, онда да мұны саналы түрде істемейді.

Ақырында, А. Смит айналмалы капиталдың құрамды бөліктерін атап көрсете отырып, жұмыс күші туралы ұмытып кетеді. Ал мұның екі себебі бар.

Егер ақша капиталын шет қалдырса, онда айналмалы капиталдың Смитте товар капиталының басқаша атағын ғана алып шыға келетінін біз жаңа ғана көрдік. Бірақ жұмыс күші рынокта айналыс жасайтын болғандықтан, ол капитал емес, товар капиталының қандай да бір формасы емес. Жұмыс күші тегі капитал емес, ал жұмысшы — ол рынокқа товар шығарса да, атап айтқанда өзінің қара басын шығарса да, капиталист емес. Жұмыс күші сатылып, өндіріс процесіне енгізілгеннен кейін ғана, — демек, жұмыс күші товар ретінде айналыс жасауды қойғаннан кейін ғана, — ол өндіргіш капиталдың құрамды бөлігі болады, атап айтқанда қосымша құнның көзі ретінде өзгермелі капитал және оған жұмсалған капитал құнының айналымы тұрғысынан қарағанда өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөлігі болады. Смит мұнда айналмалы капиталды товар капиталымен шатастырып отырғандықтан, ол жұмыс күшін өзінің айналмалы капиталы рубрикасына сыйғыза алмайды. Сондықтан Смитте өзгермелі капитал өз жалақысына жұмысшының сатып алатын товарларының формасында, тіршілік заттары формасында көрінеді. Бұл формада жалақыға жұмсалған капитал құны, Смитше, айналмалы капиталға жатады. Бірақ өндіріс процесіне қосылатын нәрсе жұмыс күші деген сөз, жұмысшының өзі деген сөз, жұмысшының өзінің өмір сүруін сақтайтын тіршілік заттары емес. Айтпақшы, қоғамдық тұрғыдан қарағанда жұмысшының жеке басының тұтынуы арқылы оның өзінің ұдайы өсуі де қоғамдық капиталдың ұдайы өндіріс процесіне жататынын біз бұрын көрдік («Капитал», I кітап, XXI тарау). Бірақ өндірістің біз осында зерттеп отырған жеке, өзімен-өзі томағатұйық қалған процесі туралы мұны айтуға болмайды. Смиттің негізгі капитал рубрикасында келтіріп отырған «ие болған және пайдалы қабілеттер» (187-бет) шынына келгенде айналмалы капиталдың құрамды бөліктері болады, мұның өзі — жалдама жұмысшының «қабілеттері» болғандықтан және жұмысшы өз еңбегін өзінің «қабілеттерімен» бірге сатқандықтан осылай болады.

Смиттің үлкен бір қатесі: оның барлық қоғам байлығын 1) тікелей тұтыну қорына, 2) негізгі капиталға, 3) айналмалы капиталға бөлуінде. Ал жоғарыда баяндалғанға сәйкес, бар-

лық байлықты мыналарға бөлу керек еді: 1) өзінің жеке бөліктері әрқашан да капитал ретінде қызмет атқара *алатын* болса да, қызмет атқарушы қоғамдық капиталдың үлестері болып тіпті де табылмайтын тұтыну қоры және 2) капитал. Осыған сәйкес байлықтың бір бөлігі капитал ретінде қызмет атқарады, екінші бөлігі капитал емес ретінде, немесе тұтыну қоры ретінде қызмет атқарады. Демек, сүт қоректі жануар атаулы үшін не еркек болу, не ұрғашы болу әбден қажет екендігі сияқты, бұл арада капитал атаулы үшін не негізгі капитал, не айналмалы капитал болудың сөзсіз қажеттігі туады. Алайда, біз негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы қарама-қарсылықтың *өндіргіш* капитал элементтері жөнінде ғана қолдануға келетіндігін, демек, бұлармен қатар капиталдың тағы бір өте елеулі аумағы, яғни товар капиталы мен ақша капиталы бар екенін, ал капиталдың бұл аумағы негізгі капитал да, айналмалы капитал да *бола алмайтын* формада болатынын көрдік.

Қоғамдық өндіріс өнімдерінің бүкіл жиыны капиталистік негізде товар капиталы ретінде рынокта айналыс жасайтындықтан,— жеке капиталистік өндірушілер өндіріс құрал-жабдықтары ретінде өзінің заттық формасында, сатусыз немесе сатып алусыз, тікелей қайтадан тұтынатын өнім бөлігінен басқасы,— товар капиталынан өндіргіш капиталдың негізгі және айналмалы элементтері де, тұтыну қорының элементтері де алынуға тиіс екені анық. Іс жүзінде мұның өзі өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары капиталистік өндіріс негізінде товар капиталы ретінде әрекет жасайды, олар бұдан әрі тұтыну заттары немесе өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қызмет етуге арналған болса да, осылай әрекет жасайды деген сөз; сондай-ақ жұмыс күшінің өзі де, товар капиталы түрінде болмаса да, рынокта товар түрінде болады.

Мұны түсінбей, А. Смит мынадай жаңа қатеге барып ұрынады. Ол былай дейді:

«Осы төрт бөліктің»

«айналмалы капиталдың», яғни өзінің айналыс процесіне тән товар капиталы мен ақша капиталының формаларындағы капиталдың «осы төрт бөлігінің»,— екі бөлігінің төрт бөлікке айналатын себебі: Смит товар капиталының құрамды бөліктерін тағы да келіп заттық белгілер негізінде ажыратып қарайды —

«үш бөлігі, атап айтқанда азық-түлік, материалдар мен дайын бұйымдар, жыл сайын немесе азы-көпті ұзақ уақыттың ішінде айналмалы капиталдан үнемі алынып, негізгі капиталға, немесе тікелей тұтынуға ар-

налатын қорға қосылады. Негізгі капитал атаулы әуел баста айналмалы капиталдан пайда болып, нақ осы көзден үнемі толықтырылып отырылуын талап етеді. Пайдалы машиналар мен еңбек құралдарының бәрі әуел баста айналмалы капиталдан пайда болады, ал бұл капитал әлгі машиналармен еңбек құралдары әзірленетін материалдарды және оларды әзірлейтін жұмысшыларды сақтайтын заттарды береді. Капиталдың нақ осы түрі оларды үнемі жөндеп отыру үшін де қажет» (188-бет).

Өнімнің өндіріс құрал-жабдықтары ретінде өндірушілер қайтадан тікелей тұтынатын бөлігін қоспағанда, капиталистік өндіріс үшін төмендегі жалпы ереженің күші бар: өнімдердің бәрі товар ретінде рынокқа түседі, сондықтан да капиталист үшін оның капиталының товар формасы ретінде, товар капиталы ретінде айналыс жасайды, айналыс жасағанда бұл өнімдер өзінің заттық формасы бойынша, өзінің тұтыну құны бойынша өндіргіш капиталдың элементтері ретінде (өндіріс процесі элементтері ретінде), яғни өндіріс құрал-жабдықтары ретінде, демек өндіргіш капиталдың негізгі немесе айналмалы элементтері ретінде қызмет атқаруға тиіс болса да, болмаса да, атқара алса да, алмаса да, немесе олар өндірмелі тұтыну заттары болмай, жеке бастың тұтыну заттары ретінде ғана қызмет етсе де, етпесе де, бәрібір айналыс жасайды. Өнімдердің бәрі товарлар ретінде рынокқа шығарылады; сондықтан өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарының бәрі, өнімді тұтыну мен жеке бас тұтынуы элементтерінің бәрі товар ретінде оларды сатып алу арқылы рыноктан қайта алынуға тиіс. Айта-айта жауыр болған осы бір ақиқат (триюизм), әрине, дұрыс. Демек, мұның өндіргіш капиталдың негізгі элементтеріне де, айналмалы элементтеріне де, өздерінің барлық формаларындағы еңбек құралдары мен еңбек материалдарына бірдей қолдануға болады. (Смит бұл арада өндіргіш капиталдың табиғаттың өзі берген, демек, еңбек өнімдері болып табылмайтын элементтері бар екені жайында тағы да ұмытып кетеді.) Рынокта мақтаны қалай сатып алса, машинаны да дәл солай сатып алады. Бірақ бұдан келіп: негізгі капитал атаулы әуел баста айналмалы капиталдан шығады деген қорытынды тіпті де тұмайды,— мұның өзі айналыс капиталын айналмалы капиталмен немесе ауыспалы капиталмен, яғни негізгі емес капиталмен Смиттің шатастыруынан ғана туады. Ал оның үстіне Смит өзін теріске шығарып отыр. Машиналар товар ретінде, оның өз сөздері бойынша, 4-пунктте көрсетілген айналмалы капиталдың бір бөлігі болады. Сонымен, машиналардың айналмалы капиталдан шығуы олардың машина ретінде қызмет атқаруынан бұрын сол машиналардың товар капиталы ретінде қызмет атқарға-

ны, бірақ заттық түрінде олардың өзінен өзінің шығуы деген сөз; сондай-ақ жіп иіруші фабрикант капиталының айналымдағы элементі ретінде мақта рынокта айналыс жасайтын мақтадан шығады. Бірақ егер Смит бұдан арғы баяндауында: машиналар жасап шығару үшін еңбек пен шикі материалдар қажет болады дегенге сүйеніп негізгі капиталды айналмалы капиталдан шығаратын болса, онда, біріншіден, машина жасап шығару үшін еңбек құралдары да, яғни негізгі капитал да қажет және екіншіден, шикі материалдар өндіру үшін де негізгі капитал — машиналар, т. б. қажет, өйткені өндіргіш капиталда әрқашан да еңбек құралдары болады, бірақ еңбек материалы әрдайым бола бермейді, Смиттің өзі мұның артынша іле былай дейді:

«Жер, рудниктер мен балық кәсіпшілігі өздерін пайдалану үшін негізгі капиталды да, айналмалы капиталды да бірдей керек етеді»,

— демек, ол шикі материалдар өндіру үшін айналмалы капитал ғана емес, оның үстіне негізгі капитал да қажет екенін мойындайды —

«және» (бұл арада тағы да қателесіп отыр) «бұлардың өнімі бұл капиталдардың ғана емес, қоғамның басқа барлық капиталдарының да кейбір пайдамен орнын толтырады» (188-бет).

Бұл мүлде дұрыс емес. Олардың өнімі өнеркәсіптің барлық басқа салалары үшін шикі материал, көмекші материалдар және т. б. береді. Бірақ олардың құны барлық басқа қоғамдық капиталдар құнының орнын толтырмайды; бұл құн өзінің капитал құнының (+қосымша құн) ғана орнын толтырады. Бұл жерде А. Смитке тағы да физиократтардың әсері тиіп отыр.

Товар капиталының еңбек құралдары ғана бола алатын өнімдерден құралатын бөлігінің шынында еңбек құралдары ретінде бұрын немесе кейінірек қызмет атқаратыны, — егер тек бұл еңбек құралдары жалпы алғанда ешқандай пайдасыз өндірілген болса, егер олар сатылмай қалмайтын болса, солай қызмет атқаратыны қоғам тұрғысынан қарағанда дұрыс; басқаша айтқанда, капиталистік өндіріс негізінде еңбек құралдары товар болуды қойып, өзінің міндетіне сәйкес қоғамдық өндіргіш капиталдың негізгі бөлігінің нағыз элементтеріне айналады.

Мұнда біздің алдымызда өнімнің заттық формасынан тұтын айырмашылық тұр.

Мысалы, жіп иіретін машина жіп иіру үшін пайдаланылмаса, яғни өндірістің элементі ретінде қолданылмаса, оның

тұтыну құны болмайды, демек, капиталистің тұрғысынан қарағанда қандай болсын бір өндіргіш капиталдың негізгі құрамды бөлігі ретінде қызмет атқармайды. Бірақ жіп иіретін машина қозғалмалы. Оны өзі жасалған елден алып кетуге, шикі материалдарға, т. с. немесе шампанға тікелей не жанамалай айырбастап, бөтен елде сатуға болады. Өзі жасалып шыққан елде машина бұл ретте тек товар капиталы ретінде ғана қызмет атқарады, бірақ — тіпті оны сатқаннан кейін де — негізгі капитал ретінде әсте де қызмет атқармайды.

Мұның керісінше, өзінің жермен байланыстылығы салдарынан белгілі бір жерге телінген, сондықтан да тек сол жерде ғана пайдаланылатын өнімдер, мәселен, фабрика үйлері, темір жолдар, көпірлер, тоннельдер, доктар, т. т., мелиорация, т. т. — осындай өнімдердің бәрі сол қалпында экспортқа шығарылмайды. Олар қозғалмайды. Олар не мүлде қолданылмайды, не, егер олар сатылған болса, өздері жасалынған елде негізгі капитал ретінде қызмет атқаруға тиіс. Жалдаптық үшін фабрикалар салатын немесе сату мақсатымен жер участоктарын жақсартатын капиталистік өндірушіге бұл заттар оның товар капиталының формасы болып табылады, демек, А. Смитше, айналмалы капиталдың формасы болып табылады. Алайда, бүкіл қоғам тұрғысынан қаралатын бұл заттар, пайдасыз болып қалмас үшін, сайып келгенде өз елінде негізгі капитал ретінде қызмет атқаруға тиіс, өздері тұрған жерге телінген өндіріс процесінде қызмет атқаруға тиіс. Бұдан келіп қозғалмайтын заттар сол қалпында өз-өзінен негізгі капитал болып табылады деген қорытынды шықпайды; олар, мәселен, тұрғын үйлер, т. б. тұтыну қорына жатуы мүмкін, сөйтіп қоғамдық капиталдың құрамына тегі кірмеуі мүмкін, бірақ қоғамдық байлықтың элементін құрай отырып, бүкіл капитал қоғамдық байлықтың тек бір бөлігі ғана болып табылады. Бұл заттарды өндірушілер, Смиттің сөзін қолданғанда, оларды сату арқылы пайда табады. Сонымен, олар — айналмалы капитал болды! Бұл заттарды пайдаланушы, оларды ең соңында сатып алушы адам оларды өндіріс процесіне қолданғанда ғана ол заттарды пайдалана алады. Сонымен, олар — негізгі капитал болды!

Меншіктің, мысалы, темір жолға деген меншіктің, титулдары күн сайын бір қолдан бір қолға көшуі мүмкін және оның иелері бұл титулдарды тіпті шетелге сату арқылы да пайда табуы мүмкін, — сондықтан темір жолға деген меншіктің титулдары темір жолдың өзіндей емес, экспортқа шығуы мүмкін. Дегенмен бұл заттардың өзі өздері орналасқан елде не босқа жатуы тиіс, не өндіргіш капиталдың негізгі бөлігі ре-



тінде қызмет атқаруы тиіс. Сондай-ақ фабрикант А өз фабрикасын фабрикант В-ға сату арқылы пайда таба алады, дегенмен мұның өзі фабриканың негізгі капитал ретінде бұрынғысынша қызмет атқаруына кедергі болмайды.

Сондықтан бір жерге бекітілген, жерден ажыратуға болмайтын еңбек құралдары сол елде өзінің арналған міндеті бойынша қайткенде де негізгі капитал ретінде қызмет атқаруға тиіс, ал еңбек құралдары өз өндірушілері үшін товар капиталы ретінде қызмет атқарғанымен, *оның* негізгі капиталының элементтерін құрамайды (оған негізгі капитал үйлер, темір жолдар, т. б. салу үшін өзі мұқтаж болып отырған еңбек құралдарынан құралады). Бірақ бұдан келіп негізгі капитал қайткенде де қозғалмайтын заттардан құралуға тиісті деген кері қорытынды ешбір шықпайды. Кеме немесе локомотив тек қозғалыста ғана әрекет етеді, дегенмен олар негізгі капитал ретінде қызмет атқарады — өз өндірушісі үшін емес, өздерін қолданатын адам үшін әлгіндей қызмет атқарады. Екінші жағынан, өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөліктері болып табылатындар — өндіріс процесіне шынымен бекітілген, ол процесте өз өмірінің бүкіл айналымын жасайтын және ол процеске бір еніп алғаннан кейін енді оны ешқашан тастап кетпейтін заттар, — мысалы, өндіріс процесі уақытында машинаны жүргізу үшін тұтынылатын көмір, фабрика үйіне жарық беру үшін тұтынылатын газ, т. б. Бұл заттардың айналмалы бөліктер болып табылатын себебі, олардың физикалық тұрғыдан өндіріс процесінен өніммен бірге шығып, товар ретінде айналыс жасайтындығынан емес, қайта олардың құнының өздері өндірілуіне көмектесетін товар құнына түгелдей енетіндігінен, демек, товарды сату арқылы түгелдей орны толтырылуға тиісті екендігінен.

А. Смиттен жаңа ғана цитатқа келтірілген жерден тағы мына бір сөйлемді атап көрсету керек:

«Айналмалы капитал, бұл ...жұмысшылар әзірлейтін, оларды сақтайтын заттарды береді...» (машиналар және т. б.).

Физиократтарда капиталдың жалақы түрінде авансыланған бөлігі «*avances primitives*» қарама-қарсы «*avances annuelles*» деген атпен дұрыс көрсетіледі. Екінші жағынан, оларда фермер қолданатын өндіргіш капиталдың құрамды бөлігі ретінде жұмыс күшінің өзі емес, ауыл шаруашылық жұмысшыларына берілетін тіршілік заттары (Смиттің айтуынша, «жұмысшыларды сақтау заттары») көрсетіледі. Бұл соңғы олардың ерекше доктринасымен тығыз байланыста болады. Атап айтқанда, оларда құнның еңбек арқылы өнімге қосыла-

тын бөлігі (құнның шикі материалдар, еңбек құралдары, т. т. өнімге қосатын бөлігі қалай болса, дәл сол сияқты, қысқасы,— тұрақты капиталдың заттық құрамды бөлімдері) жұмысшыларға төленген және жұмысшылар жұмыс күші ретінде өзінің қызмет атқаруын сақтау үшін тұтынуға тиіс тіршілік заттарының құнына тең ғана деп есептеледі. Тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасындағы айырмашылықты ашуға физиократтардың доктринасының өзі оларға мүмкіндік бермеді. Егер қосымша құнды еңбек өндіретін болса (өз бағасын қайта өндірудің үстіне), онда еңбек қосымша құнды егіншілікте қалай өндірсе, өнеркәсіпте де дәл солай өндіреді. Бірақ физиократтардың системасына сәйкес еңбек қосымша құнды өндірістің тек бір ғана саласында, егіншілікте өндіреді екен, онда қосымша құн еңбектен пайда болмайды, табиғаттың осы өндіріс саласындағы ерекше қызметінен (көмектесуінен) пайда болады. Тек сондықтан да олар үшін егіншіліктегі еңбек еңбектің барлық басқа түрлерінен өзгеше, өнімді еңбек болып табылады.

А. Смит жұмысшылардың тіршілік заттарын негізгі капиталға қарама-қарсы айналмалы капитал деп түсіндіреді.

1) Өйткені ол айналмалы капиталды оның қарама-қарсысы негізгі капиталға, капиталдың айналыс саласына қатысты формаларымен, айналыс капиталымен шатастырады; бұл шатастыруды одан кейінгі кездегі экономистер сын көзімен қарамай, мұра етіп ала салды. Сондықтан ол товар капиталын өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөлігімен шатастырады; қоғамдық өнім товар формасын алатын жерде, жұмысшылардың да, сондай-ақ жұмысшы еместердің де тіршілік заттары, материалдар да, еңбек құралдары да тек товар капиталынан ғана алынуы мүмкін екендігі өзінен өзі түсінікті.

2) Бірақ Смиттен физиократтардың түсініктері де көрініп қалады, ал бұл түсініктер Смиттің өз зерттеуінің эзотерикалық, яғни нағыз ғылыми жағына қайшы келеді.

Жалпы алғанда авансыланған капитал өндіргіш капиталға айналады, яғни өндіріс элементтерінің формасын алады, ал бұл элементтердің өзі бұрынғы еңбектің өнімі болып табылады. (Мұның ішінде жұмыс күші де.) Авансыланған капитал тек осы формада ғана өндіріс процесінде қызмет атқара алады. Ал егер капиталдың өзгермелі бөлігі айналып отырған жұмыс күшінің орнына жұмысшының тіршілік заттарын қоятын болсақ, онда өндіргіш капиталдың басқа элементтері, шикі материалдар, жұмыс малының, т. с. өмір сүруіне керекті заттар ретінде қандай роль атқарса, әлгі тіршілік заттарын өз күйінде алғанда құнның жасалу процесінде дәл сондай

роль атқаратыны анық. Осыған сүйеніп Смит жоғарыда цитат келтірілген жерінде физиократтардан үлгі алып, әлгі айтылғандарды қатар қояды. Тіршілік заттары өз-өзінен өз құнын көбейте алмайды немесе оған қосымша құнды қоса алмайды. Өндіргіш капиталдың басқа элементтерінің құны сияқты, олардың құны да өнім құнында ғана қайтадан көріне алады. Тіршілік заттары өздерінің ие болып отырған құнынан артық өнімге құн қоса алмайды. Еңбек құралдарынан құралатын негізгі капиталдан тіршілік заттарының, шикі материал, жартылай фабрикалар, т. с. тәрізді, өзгешелігі мынада ғана: олар (тым болмағанда оларға төлем төлейтін капиталист үшін) өндірілуіне өздері қатысатын өнімді өндіруге түгелдей пайдаланылады, демек, олардың құнының орны түгелдей толтырылуға тиіс, ал негізгі капиталдың орны тек бірте-бірте, бөліп-бөліп толтырылады. Демек, өндіргіш капиталдың жұмыс күшіне (тиісінше — жұмысшының тіршілік заттарына) авансыланған бөлігінің енді өндіргіш капиталдың басқа заттық элементтерінен өзгешелігі: еңбек процесінде және құнды көбейту процесінде атқаратын өз ролі жағынан емес, оның заттық түрінде ғана. Өндіргіш капиталдың бұл бөлігінің өзгешелігі тек мынада ғана: ол өнімді (Смиттің жалпы белгілеуін қолданғанда «материалдарды») өндірудің объективтік факторларының бір бөлігімен — өнімді өндірудің негізгі капитал категориясына қатысты объективтік факторларының басқа бөлігінен өзгеше бөлігімен — бірге айналмалы капитал категориясына кіреді.

Жалақыға жұмсалған капиталдың өндіргіш капиталдың айналмалы бөлігіне жататындығы және, оның негізгі бөлігіне қарама-қарсы, ауыспалылық қасиеті бар екендігі, оның өнім жасаудың заттық факторларының бөлігімен, яғни шикізатпен, т. т. ортақ қасиеті бар екендігі жағдайының — бұл жағдайдың капиталдың осы өзгермелі бөлігінің тұрақты бөлікке қарама-қарсы құнды көбейту процесінде атқаратын роліне мүлде ешқандай қатысы жоқ. Бұл арада авансыланған капитал құнының бұл бөлігінің орны өнім құнының есебінен айналыс арқылы қалай толуға тиіс, сондықтан қайта жаңғыруы, яғни ұдайы өндірілуі тиіс екені жайында ғана сөз болып отыр. Жұмыс күшін сатып алу және сатып алудың қайталануы айналыс процесіне қатысты. Бірақ жұмыс күшіне жұмсалған құн өндіріс процесінде ғана белгілі, тұрақты мөлшерінен өзгермелі мөлшерге айналады (айналғанда жұмысшы үшін емес, капиталист үшін айналады, демек, жалпы алғанда тек осының арқасында ғана авансыланған құн капитал құнына, капиталға, өзінен өзі өсетін құнға айналады. Бірақ өндірі-

гіш капиталдың құрамды айналмалы бөлігі деп, Смит тәрізді, жұмыс күшіне жұмсалған құнды емес, жұмысшының тіршілік заттарына жұмсалған құнды санаудың нәтижесінде, — осының нәтижесінде өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы айырмашылықты түсіну, демек, жалпы капиталистік өндіріс процесін түсіну де мүмкін болмай отыр. Капиталдың осы бөлігіне өнім жасаудың заттық факторларына жұмсалған тұрақты капиталға қарама-қарсы өзгермелі капитал деп анықтама беру бұл арада жұмыс күшіне жұмсалған капитал бөлігі айналымдағы өз ролі бойынша өндіргіш капиталдың айналмалы бөлігіне жатады деген анықтаманың салдарынан мүлде ұмыт қалған. Бұлай ұмыт қалдыру өндіргіш капиталдың элементі ретінде жұмыс күшінің орнына жұмысшының тіршілік заттарын келтірумен аяқталады. Жұмыс күшінің құны ақша түрінде авансылана ма немесе тікелей тіршілік заттары түрінде авансылана ма, бәрібір бұдан істің мәні өзгермейді. Әрине, осы соңғы жағдай капиталистік өндіріс негізінде ерекше жағдайда ғана болуы мүмкін <sup>24)</sup>.

Сонымен айналмалы капиталдың бұл анықтамасын А. Смиттің жұмыс күшіне жұмсалған капитал құны үшін шешуші анықтама деп белгілеуі нәтижесінде, — физиократтардан алынған, бірақ физиократтардың алғы шарттарынсыз алынған анықтама, — Смит өзінің жолын қушыларды жұмыс күшіне жұмсалған капитал бөлігін өзгермелі капитал деп тануына мүлде мүмкін етпейтін жағдайға әкеліп қойды. А. Смиттің басқа жерлерде шашырап жүрген неғұрлым терең және дұрыс пікірлері үстем болып шықпады — нақ осы қателік жағы белең алып кетті. Оның үстіне, кейініректегі жазушылар бұдан да әрі кетті: бұлар үшін жұмыс күшіне жұмсалған капитал бөлігінің шешуші анықтамасы ол бөліктің негізгі капитал емес, айналмалы капитал болып табылатындығында ғана емес; бұл жазушылар айналмалы капиталдың негізгі сипаттамасын оның жұмысшылардың тіршілік заттарына жұмсалатынына әкеліп тірейді. Осыдан келіп белгілі бір мөлшер туралы, бір жағынан, қоғамдық өндірісте жұмысшылардың үлесін табиғи шектейтін және, екінші жағынан, өзінің бүкіл көлемі жағынан жұмыс күшін сатып алуға жұмсалуға тиіс мөлшер туралы ілім сияқты, қажетті тіршілік заттарынан құралатын жұмысшы қоры <sup>53</sup> туралы ілім сөзсіз туады.

<sup>24)</sup> А. Смиттің өзі құнды көбейту процесінде жұмыс күшінің ролін түсінуге өз жолын соншалық кесіп тастап отырғанын мына сөйлем дәлелдейді: мұнда жұмысшылардың еңбегі малдың жұмысына нағыз физиократтардың рухында теңестіріледі: «Оның» (фермердің) «жұмысшы батрақтары ғана емес, оның жұмыс малы да өндіргіш қызметкерлер болып табылады» (II кітап, V тарау, 243-бет).

О Н Б І Р І Н Ш І Т А Р А У

**НЕГІЗГІ КАПИТАЛ МЕН АЙНАЛМАЛЫ  
КАПИТАЛ ТЕОРИЯЛАРЫ. РИКАРДО**

Рикардо негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықты құн заңындағы ерекшелікті, атап айтқанда жалақы «нормасы» бағаға әсер ететін реттерді түсіндіру үшін ғана келтіреді. Бұл туралы біз тек ІІІ кітапта<sup>54</sup> ғана сөз етеміз.

Алайда негізгі түсініксіздік төмендегі жүгірте салыстырудан сөз басынан-ақ көрініп отыр:

«Бұл негізгі капиталдың көпке төзуі дәрежесіндегі айырмашылық және капиталдың осы екі түрінің үйлесе алатын пропорцияларының әр алуандығы»<sup>25)</sup>.

Ал егер біз «капиталдың бұл екі түрі» қандай деп сұрасақ, онда мынадай жауап аламыз:

«Оның үстіне, еңбекті сақтауға арналған капитал мен құралдарға, машиналар мен үйлерге жұмсалған капитал арасындағы пропорциялар барынша алуан түрде үйлесуі мүмкін»<sup>26)</sup>.

Демек, негізгі капитал — еңбек құралдарына, ал айналмалы капитал — еңбекке жұмсалған капиталға тең. «Еңбекті сақтауға арналған капитал», — осының өзі А. Смиттен алынған, қисынсыз сөз болып шығады. Бір жағынан, айналмалы капитал бұл арада өзгермелі капиталмен, яғни өндіргіш капи-

---

<sup>25)</sup> «This difference in the degree of durability of fixed capital, and this variety in the proportions in which the two sorts of capital may be combined». — «Principles», p. 25.

<sup>26)</sup> «The proportions too, in which the capital that is to support labour, and the capital that is invested in tools, machinery and buildings, may be variously combined». — L. c.

талдың еңбекке жұмсалған бөлігімен шатастырылады. Ал, екінші жағынан, бұл қарама-қарсылық капиталдың тұрақты және өзгермелі капитал болып бөлінетініндегі құнның көбею процесінен алынбай, айналыс процесінен алынғандықтан (Смиттің бәз-баяғы шатастыруы), осының салдарынан бүтіндей жалған анықтамалар келіп шығады.

Біріншіден. Негізгі капиталдың көпке төзу дәрежесіндегі айырмашылық пен тұрақты бөліктен және өзгермелі бөліктен құралатын бүкіл капиталдың құрылымындағы айырмашылық бұл арада бірдей нәрселер деп танылады. Бірақ соңғы айырмашылық қосымша құн өндірудегі айырмашылықты белгілейді; мұның керісінше, бірінші айырмашылық, құнның көбею процесі айтылып отырғандықтан, мынадай тәсілдерге ғана қатысты: бұл тәсілдердің көмегімен өндіріс құрал-жабдықтарының сол бір құны өнімге көшіріледі; ал айналыс процесі айтылып отырғандықтан, ол жұмсалған капиталдың қайта жаңғыру кезеңіне ғана, немесе, басқаша айтқанда,— капитал авансыланған кезеңге ғана қатысты. Егер, капиталистік өндіріс процесінің ішкі қозғалысын ашудың орнына қазірдің өзінде қалыптасқан құбылыстарды қарастырсақ, онда бұл айырмашылықтар бір-бірімен үйлесетін болады. Өндірістің әр түрлі салаларына жұмсалған капиталдардың арасындағы қоғамдық қосымша құнның бөлінуі жағдайында капитал авансыланған кезеңдердің ұзақтығындағы айырмашылықтар да (мысалы, негізгі капиталдың өмір сүру ұзақтығының айырмашылықтары), капиталдың органикалық құрылымындағы айырмашылықтар да (демек, тұрақты және өзгермелі капитал айналысындағы айырмашылық та) өз әсерлерін тигізеді. Ал бұлардың екеуі де пайданың жалпы нормасының тенеуіне және құндардың өндіріс бағасына айналуына бірдей дәрежеде көмектеседі.

Екіншіден. Айналыс процесі тұрғысынан қарағанда бір жағында еңбек құралдары, яғни негізгі капитал болады, екінші жағында — еңбек материалы мен жалақы, яғни айналмалы капитал болады. Мұның керісінше, еңбек процесі мен құнды көбейту процесі тұрғысынан қарағанда бір жағында өндіріс құрал-жабдықтары (еңбек құралдары мен еңбек материалы), яғни тұрақты капитал тұрады; екінші жағында — жұмыс күші, яғни өзгермелі капитал тұрады. Капиталдың органикалық құрылымы үшін («Капитал», I кітап, XXIII тарау, 2, 647-бет<sup>55</sup>) тұрақты капитал құнының белгілі бір мөлшері еңбек құралдарының елеулі мөлшері мен еңбек материалдарының шағын мөлшерінен құрала ма немесе, мұның керісінше, еңбек материалдарының елеулі мөлшері мен еңбек

құралдарының шағын мөлшерінен құрала ма, мұның бәрібір; капиталдың органикалық құрылымы өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капитал мен жұмыс күшіне жұмсалған капитал арасындағы қарым-қатынасымен түгелдей белгіленеді. Мұның керісінше: айналыс процесі тұрғысынан қарағанда, негізгі және айналмалы капитал арасындағы айырмашылықтар тұрғысынан қарағанда, айналмалы капитал құнының белгілі бір мөлшері еңбек материалдары мен жалақыға қандай дәрежеде бөлінетінінің де дәл сондай бәрібір. Бір тұрғыдан қарағанда, еңбек материалдары еңбек құралдарымен бірге бір категорияға кіріп, жұмыс күшіне жұмсалған капитал құнына қарама-қарсы қойылады. Екінші бір тұрғыдан қарағанда, жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың бөлігі еңбек материалдарына жұмсалған капитал бөлігімен бірге бір категорияға қосылып, еңбек құралдарына жұмсалған капитал бөлігіне қарама-қарсы қойылады.

Сондықтан Рикардода капитал құнының еңбек материалдарына (шикі материалдар мен көмекші материалдарға) жұмсалған бөлігі бірінші жақта да, екінші жақта да болмайды. Бұл бөліс мүлде жоғалып кетеді. Атап айтқанда: ол негізгі капитал категориясына жанаспайды, өйткені ол өзінің айналыс тәсілі бойынша жұмыс күшіне жұмсалған капитал бөлігімен толық сәйкес келеді. Екінші жағынан, оны айналмалы капиталға жатқызуға да болмайды, өйткені бұлай деген жағдайда негізгі капитал мен айналмалы капиталдың қарама-қарсылығы тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың қарама-қарсылығымен бірдей деп қаралмайтын болып қалады. Оның бер жағында Рикардо осы екі қарама-қарсылықты бірдей деп қараушылықты А. Смиттен алып, үндеместен сақтап қалады. Рикардоның мұны сезбеу үшін жеткілікті күшті логикалық сезімі бар, сондықтан да жоғарыда аталған капитал бөлігі онда мүлде жойылып кетеді.

Бұл арада мынаны атап өту керек: саяси экономияның көрсететініндей, капиталист жалақыға жұмсалатын капиталды, мысалы, жалақының апта сайын, ай сайын немесе үш айда бір рет төленетініне қарай, түрлі мерзімдерге авансылайды. Шындығында мәселе тура мұның керісінше болып отыр. Жұмысшы жалақының өзіне апта сайын, ай сайын немесе үш айда бір рет төленетініне қарай, өз еңбегін капиталистке бір аптаға, бір айға, үш айға авансылайды. Егерде капиталист жұмыс күшін тұтынып болғаннан кейін барып оның ақысын төлеудің орнына, оны *сатып алған* болса, егерде ол жұмысшыға жалақыны бір күнге, бір аптаға, бір айға немесе үш айға алдын ала төлеген болса, онда осы мерзімдерге авансылануы

жайында айтуға болар еді. Бірақ ол еңбектің атқарылуы тиіс уақыты бойына оны сатып алып, ақысын төлеудің орнына, еңбек бірнеше күндер, апталар, айлар бойына созылғаннан кейін барып қана оның ақысын төлейтіндіктен, тұтас алғанда біз капиталистік *quid pro quo* \*-ны көреміз: жұмысшының капиталистке еңбек түрінде берген авансы капиталистің жұмысшыға ақша түрінде берген авансына айналады. Жұмысшылар еңбегінің өнімін капиталист өнім дайындау үшін қажет болатын уақыттың түрліше ұзақтығына қарай, азды-көпті ұзақ мерзімнен кейін барып қана алатынынан істің мәні ешбір өзгермейді; капиталистің бұл өнімді өнім айналысы үшін керекті уақыттың түрліше ұзақтығына қарай, түрліше мерзімдер өткеннен кейін ғана өткізіп болуынан немесе оның құнын (өнімге сіңірілген қосымша құнмен бірге) айналыстан қайтып алатынынан да істің мәні өзгермейді. Сатушының товарын сатып алушы қалай жұмсаймын десе де сатушы үшін бәрі бір. Капиталист машинаның бүкіл құнын бірден авансылауға тиіс екендігінен машина оған арзанға түспейді, оның бер жағында бұл құн оған айналыс процесінен бірте-бірте және бөліп-бөліп қана қайтып келеді; сондай-ақ ол мақтадан жасалған өнім құнына мақта құнының түгелдей кіретіндігі, демек, өнімді сатқанда құнның орны түгелдей және бірден толатындығы себепті мақта үшін қымбат төлемейді.

Рикардоға қайтып оралайық.

1) Өзгермелі капиталдың айрықша ерекшелігі мынада: капиталдың айқын, белгілі бір (демек, бұл мағынада тұрақты) бөлігі, құнның белгілі бір сомасы (бұл жұмыс күшінің құнына тең деп шамаланады, дегенмен бұл ретте жалақы жұмыс күшінің құнына тең бе, тең емес пе, одан көп пе немесе аз ба, мұның бәрібір) құны жағынан өзінен өзі өсетін, құнды жасайтын күшке,— тек өз құнын, капиталист төлеген құнын қайта өндіріп қана қоймай, оның үстіне қосымша құнды, бұрын болмаған және ешқандай эквивалентпен төленбеген құнды да өндіретін жұмыс күшіне айырбасталады. Капиталдың жалақыға жұмсалған бөлігінің осы ерекше қасиеті, оны *toto coelo* \*\* өзгермелі капитал ретінде тұрақты капиталдан ерекшелейтін қасиеті, осы қасиеті жойылады, жойылғанда капиталдың жалақыға жұмсалған бөлігі тек қана айналыс процесі тұрғысынан қаралса жойылады, сөйтіп, еңбек құралдарына жұмсалған негізгі капиталға қарама-қарсы айналмалы капитал ретінде әрекет жасайды. Мұның өзі енді мынадан келіп туады: онда белгілі бір рубрикада — айналмалы капитал руб-

\* — сөзбе сөз: бірі екіншісінің орнына; бұл жерде: ұғымдардың шатасуы. *Ред.*

\*\* — тұтас алғанда. *Ред.*



рикасында — капиталдың жұмыс күшіне жұмсалған бөлігі тұрақты капиталдың еңбек материалдарына жұмсалған бөлігімен бірігеді, сөйтіп тұрақты капиталдың еңбек құралдарына жұмсалған басқа бөлігіне қарама-қарсы қойылады. Қосымша құн, яғни атап айтқанда жұмсалған құн сомасын капиталға айналдыратын шарт бұл ретте мүлде еске алынбайды. Жалақыға жұмсалған капиталдың өнімге қосатын құн бөлігінің жаңадан өндірілген (демек, шынында қайта өндірілген) фактісі де еске алынбайды, оның бер жағында шикі материалдардың өнімге қосатын құн бөлігі жаңадан өндірілмеген, іс жүзінде қайта өндірілмеген, тек өнім құнында сақталған, консервацияланған, сондықтан да өнім құнының құрамды бөлігі ретінде ғана тағы көрініп отыр. Қазір айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы қарама-қарсылық тұрғысынан қарағанда айырмашылық болып көрінетін айырмашылық тек мынада ғана: товар өндіру үшін қолданылған еңбек құралдарының құны товар құнына бөліп-бөліп қана кіреді, сондықтан да товарды сату үстінде орны бөліп-бөліп толады, демек, жалпы алғанда тек бөліп-бөліп біртіндеп орны толады. Екінші жағынан, товар өндіру үшін қолданылған жұмыс күші мен еңбек заттарының (шикізаттың, т. с.) құны товар құнына түгелдей кіреді, сондықтан да оны сатқанда оның орны түгелдей толады. Бұл мағынада алғанда айналыс процесі жөнінде капиталдың бір бөлігі негізгі капитал болады, екінші бөлігі — ауыспалы, немесе айналмалы капитал болады. Бұл екі ретте де әңгіме белгілі бір, авансыланған құнның өнімге көшуі туралы және өнімді сату арқылы оның орнын қайтадан толтыру туралы болып отыр. Айырмашылық енді тек мынада ғана: бір ретте құнның бұл көшуі, демек, құнның орнының толуы да бөліп-бөліп, бірте-бірте болады, ал екінші ретте — бірден орны толады. Сонымен бірге өзгермелі капитал мен тұрақты капитал арасындағы ең маңызды айырмашылық жойылады, демек, қосымша құн өндірудің және капиталистік өндірістің бүкіл сыры көмескіленеді, яғни белгілі бір құндар және осы құндар өзінен нақтылы көрінетін заттарды капиталға айналдыратын шарттар көмескіленеді. Капиталдың барлық құрамды бөліктері мұнда тек өзінің айналыс тәсілі жағынан ғана ерекшеленеді (ал товар айналысы болса, әрине, тек қазірдің өзінде қолда бар құндармен, белгілі бір құндармен ғана істес болады); оның үстіне ерекше айналыс тәсілі жалақыға жұмсалған капитал үшін де, капиталдың еңбек құралдарына жұмсалған бөлігіне қарама-қарсы, капиталдың шикізатқа, жартылай фабрикаттарға, көмекші материалдарға жұмсалған бөлігі үшін де ортақ болып табылады.

«Тұрақты капитал» мен «өзгермелі капитал» категорияларын «негізгі капитал» мен «айналмалы капитал» категорияларымен Смиттің шатастыруын буржуазиялық саяси экономияның инстинкті түрде неге сақтап келгені және ешбір сынға алмай-ақ тұтас бір жүз жыл бойы дерлік бұл шатасушылықты ұрпақтан ұрпаққа неге қалдырып келгені осыдан кейін түсінікті болады. Буржуазиялық саяси экономия үшін жалақыға жұмсалған капиталдың енді шикі материалдарға жұмсалған капитал бөлігінен, мүлде ерекшелігі жоқ, ал тұрақты капиталдан тек формальды түрде ғана — оның өніммен бірге бөліп-бөліп немесе түгелдей айналатын айналмайтын жағынан ғана ерекшеленеді. Сонымен капиталистік өндірістің нағыз қозғалысын, демек капиталистік қанауды да түсіну үшін қажет болатын негіз бірден жойылады. Әңгіме авансыланған құнның қайтадан көрінетіні жайында ғана болып отыр.

Сын көзімен қаралмай Смиттен алына салған осы жаңсақ ұғым Рикардоның өз теориясын дәйекті түрде дамытуына кедергі жасайды. Мұның өзі кейінгі кездегі жаршылардан гөрі (оларға ұғымдардың бұл шатастырылуы, қайта, көмектеседі) Рикардоға А. Смиттің өзінен де гөрі көбірек кедергі жасайды, өйткені Рикардо, оған қарама-қарсы, экзотерикалық А. Смитке қарсы, А. Смиттің шынына келгенде экзотерикалық ілімін басшылыққа алып, өзінің құн мен қосымша құн теориясын дәйектірек және күштірек дамытады.

Физиократтарда бұл сияқты жаңсақ ұғым жоқ. Оларда «*avances annuelles*» \* пен «*avances primitives*» \*\* капиталдың, атап айтқанда тек қана егіншілік капиталының әр түрлі құрамды бөліктерін ұдайы өндірудің әр түрлі кезеңдеріне ғана қатысты; оның бер жағында олардың қосымша құнды өндіру жөніндегі көзқарастары олардың өз теориясының осы межелеуіне байланыссыз бөлігі, сонымен бірге өз теориясының басты пункті ретінде алға тартатын бөлігі болып табылады. Мұнда қосымша құнның жасалуын кәдімгі капиталдан шығарып түсіндірмейді, капитал жұмсаудың белгілі бір өндірістік саласына — егіншілікке ғана апарып саяды.

2) Өзгермелі капиталды анықтау үшін, — демек құнның кез келген сомасын капиталға айналдыру үшін де, — капиталистің анық, белгілі бір (бұл мағынада тұрақты) құн шама-сын құнды туғызатын күшке айырбастауы маңызды нәрсе болып табылады; құнның белгілі бір мөлшері құнды өндіруге, оның өзінен өзі өсу процесіне айырбасталады. Капиталист

\* — «жыл сайынғы авансылар». Ред.

\*\* — «алғашқы авансылар». Ред.

жұмысшыға ақыны ақшалай төлей ме немесе тіршілік заттары түрінде төлей ме, бұдан бұл маңызды анықтама ешбір өзгермейді. Капиталистің авансылаған құнының өмір сүру тәсілі ғана өзгереді, бұл құн бір ретте ақша формасын алып, ол ақшаға жұмысшы рыноктан өзінің тіршілік заттарын сатып алады, екінші ретте — жұмысшының тікелей тұтынатын тіршілік заттарының формасын алады. Шындығында дамыған капиталистік өндіріс жұмысшыға ақының ақшалай төленгенін керек етеді, өйткені ол жалпы алғанда айналыс процесімен байланыстырылатын өндіріс процесін, яғни ақша шаруашылығын көздейді. Бірақ қосымша құн өндіру, демек, құнның авансыланған сомасын капиталға айналдыру да жалақының, немесе жұмыс күшін сатып алуға жұмсалған капиталдың ақша формасынан да, заттық формасынан да тумайды. Ол құнды құн жасайтын күшке айырбастаудан, тұрақты шаманың өзгермелі шамаға айналуынан туады.—

Еңбек құралдарының көп немесе аз дәрежеде бекітілгендігі олардың көпке шыдау дәрежесіне, яғни олардың белгілі бір табиғи қасиетіне байланысты. Көпке шыдау дәрежесіне қарай олар, басқа тепе-тең жағдайларда, тезірек немесе баяуырақ тозады, демек, негізгі капитал ретінде неғұрлым ұзақ уақыт немесе неғұрлым қысқа уақыт бойы қызмет атқарады. Бірақ олар негізгі капитал ретінде әсте де көпке төзушіліктің бір ғана осы табиғи қасиеті себепті ғана қызмет атқармайды. Металл өңдеу заводтарындағы шикізат өзі солардың көмегімен өңделетін машиналар сияқты соншалықты көпке төзеді, және де осы машиналардың кейбір құрамды бөлшектерінен: терілерден, ағаштардан, т. с. көбірек төзімді. Солай бола тұрса да шикізат ретінде жүретін металл айналмалы капиталдың бір бөлігі болып, ал қызмет атқарушы еңбек құралы, тіпті дәл сол металдың өзінен жасалған еңбек құралы негізгі капиталдың бір бөлігі болып табылады. Сонымен, мәселе бұл арада заттың физикалық табиғатында емес; белгілі бір металдың бір жолы негізгі капитал, екінші жолы — айналмалы капитал болуы оның тозуға азырақ немесе көбірек бейімділігі салдарынан емес. Қайта, бұл айырмашылық оның өндіріс процесінде атқаратын ролінен туады: бір жағдайда еңбек заты ретінде, екінші жағдайда — еңбек құралы ретінде роль атқарады.

Еңбек құралының өндіріс процесіндегі қызметі, жалпы айтқанда, сол еңбек құралының азды-көпті ұзақ кезеңнің ішінде еңбектің қайталану процестерінде қайта-қайта қолданылуын талап етеді. Сондықтан енді оның қызметі арқылы оның затының тозушылығы көбірек немесе азырақ болуы

белгіленеді. Бірақ заттың көпке төзушілігі өзінен өзі одан жасалған затты негізгі капитал етпейді. Нақ сол зат шикі материал ретінде айналмалы капитал болады; товар капиталы мен өндіргіш капитал арасындағы айырмашылықты айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы айырмашылықпен шатастыратын экономистерге сол заттың өзі, сол машинаның өзі өнім ретінде айналмалы капитал, ал еңбек құралы ретінде — негізгі капитал болып табылады.

Алайда еңбек құралы жасалған заттың көпке төзетіндігі нәтижесінде ол еңбек құралы негізгі капитал болмағанымен, оның еңбек құралы ретіндегі ролі ол заттың бір шама берік материалдан жасалуын талап етеді. Демек, оның затының көпке төзімділігі дегеніміз оның еңбек құралы ретінде қызмет атқаруының шарты, сонымен бірге оны негізгі капитал ететін айналыс тәсілінің материалдық негізі деген сөз. Басқа жағдайлар тең болғанда оның затының тозуға көбірек немесе азырақ бейімдігі оған азды-көпті дәрежеде бекігендік әсерін тигізеді, демек, негізгі капитал ретінде оның сапасымен өте тығыз байланыста болады.

Егерде капиталдың жұмыс күшіне жұмсалған бөлігі тек қана айналмалы капитал тұрғысынан құралатын, демек, негізгі капиталға қарама-қарсы қаралатын болса; сондықтан тұрақты капитал мен өзгермелі капитал арасындағы айырмашылықтар негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықтармен шатастырылса, онда — еңбек құралының заттық нақтылығы негізгі капитал ретінде оның сипатының мәнді негізі болатындығын еске алғанда, — айналмалы капиталдың сипатын, негізгі капиталға қарама-қарсы, жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың заттық нақтылығынан әкеліп шығару, сонсоң айналмалы капиталды өзгермелі капиталдың заттық нақтылығы көмегімен қайтадан анықтау табиғи нәрсе.

Еңбектің өзі, яғни өзін әрекетте көрсететін, құнды өндіретін жұмыс күші, капиталистің бұрынғы затқа айналдырылған еңбекке айырбастап, өз капиталына қосқан қазіргі еңбек жалғақыға жұмсалған капиталдың нағыз заты болып табылады; осының нәтижесінде ғана капиталистің қолында тұрған құн өздігінен өсетін құнға айналады. Бірақ құнның өздігінен өсуін туғызатын бұл күшті капиталист сатпайды. Бұл күш әрдайым капиталистің еңбек құралдары тәрізді оның өндіргіш капиталының құрамды бөлігін ғана туғызады, бірақ ол күш капиталистің товар капиталының құрамды бөлігін ешқашан құрмайды; мысалы, капиталист сататын дайын өнім товар капиталы болып табылады. Өндіріс процесінде еңбек құралдары.

өндіргіш капиталдың құрамды бөліктері ретінде, олар ретіндегі негізгі капиталдың жұмыс күшіне қарсы тұрмайды, дәл сол сияқты еңбек материалы мен көмекші материалдар айналмалы капитал ретінде жұмыс күшімен дәл келмейді; жұмыс күші мұның екеуіне де жеке фактор ретінде заттай факторларға қарсы тұрады,— мұның өзі еңбек процесі тұрғысынан қарағанда осылай болады. Тұрақты капиталдың өзгермелі капиталға қарсы тұратыны сияқты, мұның екеуі де жұмыс күшіне қарсы тұрады,— мұның өзі құнның көбею процесі тұрғысынан қарағанда осылай болады. Немесе, егер әңгіме айналыс процесіне әсер ететін заттай айырмашылық туралы болса, онда бұл айырмашылық тек мынада ғана: затқа айналдырылған еңбектен басқа ештеме емес болып табылатын құнның табиғатынан және затқа айналушы еңбектен басқа ештеме емес болып табылатын, қызмет атқарушы жұмыс күшінің табиғатынан туатын нәрсе: жұмыс күші өзінің қызмет атқаратын кезеңі ішінде құн мен қосымша құнды үздіксіз өндіреді, сонымен бірге жұмыс күші жағындағы нәрсе құнның қозғалысы, оны өндіру болып табылады, оның өнімі жағындағысы, тыныш формадағысы — бұрын өндірілген құн болып табылады. Егер жұмыс күші әрекет үстінде өзін бұрын көрсетсе, онда капитал, бір жағынан, енді жұмыс күшінен, екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарынан құралмайды. Жұмыс күшіне жұмсалған капитал құны енді өнімге қосылған құн (+қосымша құн) болып табылады. Процесті қайталау үшін өнімді сатып, одан түскен ақшаға жұмыс күшін қайталап сатып алып отыру қажет, сөйтіп оны өндіргіш капиталға қосу қажет. Мұның өзі капиталдың жұмыс күшіне жұмсалған бөлігіне,— сондай-ақ оның еңбек материалдарына, т. б. жұмсалған бөліктеріне де,— еңбек құралдарына бекітілген күйінде қалатын капиталға қарама-қарсы айналмалы капитал сипатын береді.

Мұның керісінше, егер айналмалы капиталдың бір бөлігінің екінші анықтамасын, тұрақты капиталдың бір бөлігімен бірге (шикізаттармен және көмекші заттармен бірге) оған ортақ анықтаманы жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың мәнді анықтамасына айналдырса, атап айтқанда, егер осы капиталдың мәнді анықтамасы ретінде жұмыс күшіне жұмсалған құн өнімге түгелдей көшеді, өнімді өндіруде бұл жұмыс күші тұтынылады деп, негізгі капиталдағы сияқты бірте-бірте және бөліп-бөліп тұтынылмайды, сондықтан да бұл құнның да орны өнімді сату арқылы түгелдей толтырылуға тиіс деп қабылдасақ,— онда мұндай анықтама жағдайында жалақыға жұмсалған капитал заттай түрінде қызмет атқарушы

жұмыс күшінен емес, жұмысшының өз жалақысына сатып алатын заттай элементтерден, яғни қоғамдық товар капиталының жұмысшының тұтынуына енетін бөлігінен,— тіршілік заттарынан құралуға тиіс. Негізгі капитал мұндай ретте бір-шама баяу тозатын, сондықтан жиі-жиі орны толуға жатпайтын еңбек құралдарынан құралады, ал жұмыс күшіне жұмсалған капитал неғұрлым тез орны толуын керек ететін тіршілік заттарынан құралады.

Алайда заттардың неғұрлым тез тозатындығы мен неғұрлым баяу тозатындығы арасындағы шектер жойылады.

«Жұмысшының тұтынатын азық-түлігі мен киім-кешегі, ол жұмыс істейтін үйлер, оның еңбегіне жәрдемдесетін құралдар — осының бәрінің өткінісі сипаты бар. Бірақ барлық осы әр түрлі капиталдардың өндірісте қызмет атқару уақыттарында зор айырмашылық бар: бұмен жүретін машина кемеге қарағанда ұзақ уақыт қызмет атқарады, кеме — жұмысшының киімінен ұзақ уақыт, жұмысшының киімі — жұмысшы тұтынатын азық-түліктен гөрі ұзақ уақыт қызмет атқарады»<sup>27)</sup>.

Рикардо мұнымен қатар жұмысшы өзі тұратын үйді, оның үй жиһаздарын, оның тұтынуы үшін керек құралдарды, атап айтқанда: пышақтарды, шанышқыларды, ыдыстарды, т. с. ұмытып кетеді, бұлардың бәрінің көпке төзгіштігі мағынасында алғанда еңбек құралдарыныңкіндей сипаты бар. Сол бір заттар, заттардың сол бір түрлері бір жолы — тұтыну заттары болып, екінші жолы — еңбек құралдары болып көрінеді.

Рикардоның сөзімен айтқанда, айырмашылық мынада:

«Капитал тез тоза ма, ұдайы өндіруді жиі керек ете ме, немесе баяу тұтыныла ма, осыған қарай ол не айналмалы капиталға, не негізгі капиталға жатқызылады»<sup>28)</sup>.

Осы жерге ол мынадай ескерту жасайды:

«Бөлу онша елеулі емес, сондықтан онда межелі шекті дәл жүргізу мүмкін емес»<sup>29)</sup>.

Сонымен, біз физиократтарға аман-есен тағы қайтып оралып отырмыз, оларда «*avances annuelles*» пен «*avances primi-*

<sup>27)</sup> «The food and clothing consumed by the labourer, the buildings in which he works, the implements with which his labour is assisted, are all of a perishable nature. There is however a vast difference in the time for which these different capitals will endure: a steam-engine will last longer than ship, a ship than the clothing of the labourer, and the clothing of the labourer longer than the food which he consumes». Ricardo, etc., p. 26.

<sup>28)</sup> «According as capital is rapidly perishable, and requires to be frequently reproduced, or is of slow consumption, it is classed under the heads of circulating, or of fixed capital».

<sup>29)</sup> «A division not essential, and in which the line of demarcation cannot be accurately drawn».

tives» арасындағы айырмашылық тұтыну уақытының ұзақтығындағы, демек, қолданылған капиталды ұдайы өндіру уақытындағы айырмашылық болып шықты. Бірақ тек физиократтарда қоғамдық өндіріс үшін маңызды фактіні көрсететін және сондай-ақ «Tableau économique»-де айналыс процесімен байланысты білдірілген нәрсе мұнда субъективтік және, Рикардоның өз сөздері бойынша, керексіз межелеуге айналады.

Егер капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігі капиталдың еңбек құралдарына жұмсалған бөлігінен өз ұдайы өндірісінің кезеңі арқылы ғана, демек, өз айналысының ұзақтығымен ғана ерекшеленетін болса; егер оның бір бөлігі тіршілік заттарынан құралатыны сияқты, екінші бөлегі еңбек құралдарынан құралса, онда еңбек құралдары тіршілік заттарынан ұзақ уақыт көпке төзетіндігі жағынан ғана ерекшеленеді, оның үстіне тіршілік заттарының да көпке төзгіштігі өз ретінде, әрине, әр түрлі дәрежеде болады,— егер мұның өзі осылай болса, онда жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капиталдан *differentia specifica* \*, әрине, мүлде жойылады.

Мұның өзі Рикардоның құн туралы іліміне де, оның іс жүзінде қосымша құн теориясы болып табылатын пайда теориясына да қайшы келеді. Ол негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықты жалпы алғанда өндірістің әр түрлі салаларында олардың арасындағы әр түрлі сандық арасалмақтардың, капиталдар мөлшері жағынан, бірдей болып отырғанда, құн заңына тигізетін әсері тұрғысынан ғана алып қарайды, ал атап айтқанда, ол осы жағдайлардың нәтижесінде жалақының артуы немесе төмендеуі бағаға қандай дәрежеде әсер ететіні тұрғысынан алып қарайды. Бірақ осы зерттеудің тіпті тым шектелген шеңберінің өзінде ол негізгі капитал мен айналмалы капиталды тұрақты және өзгермелі капиталмен шатастыруы салдарынан ірі-ірі қателер жасап, шындығына келгенде өзінің зерттеуінде мүлде жалған негізге сүйенеді. Атап айтқанда, 1) айналмалы капитал капитал құнының жұмыс күшіне жұмсалған бөлігіне келіп қосылатындықтан, айналмалы капиталдың өз анықтамалары және әсіресе капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігін осыған жатқызатын жағдайлардың анықтамасы теріс дамиды; 2) капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігін өзгермелі капитал ететін анықтама және капиталдың сол бөлігін негізгі капиталға қарама-қарсы айналмалы капитал ететін анықтама шатастырылып отыр.

\* — айрықша ерекшелігі. *Ред.*

Жұмыс күшіне жұмсалған капиталды айналмалы капитал деп, немесе ауыспалы капитал деп анықтама беру дегеніміз өндіріс процесінде оның *differentia specifica*-сы жойылып кететін қосалқы анықтама екені әуел бастан-ақ айқын, өйткені, бір жағынан, мұндай анықтамада еңбекке жұмсалған капиталдар мен шикізатқа, т. с. жұмсалған капиталдардың маңызы бірдей болып шығады; тұрақты капиталдың бір бөлігін өзгермелі капиталмен пара-пар деп қарайтын рубрика тұрақты капиталға қарама-қарсы өзгермелі капиталдың *differentia specifica*-сын мүлде елемейді. Екінші жағынан, капиталдың еңбекке жұмсалған бөлігі және капиталдың еңбек құралдарына жұмсалған бөлігі бұл анықтамада бір-біріне қарама-қарсы қойылғанымен, алайда тіпті де олардың құн өндіруге мүлде әр түрлі тәсілмен кіретіндігі жөнінде емес, қайта олардың екеуінің де өнімге өздерінің белгілі бір құнын көшіретіні, бірақ тек түрліше уақыт кезеңінде көшіретіні жөнінде ғана қарама-қарсы қойылады.

Бұл реттердің бәрінде де товар өндірісі процесінде жұмсалған белгілі бір құнның — бұл жалақы бола ма, шикізат бағасы немесе еңбек құралдарының бағасы бола ма, бәрібір — ол құнның өнімге *қалай* көшетіні, демек, оның өнім көмегімен *қалай* айналыс жасайтыны және өнімді сату арқылы өзінің бастапқы пунктіне *қалай* оралып келетіні, немесе орнының *қалай* толатыны жайында ғана сөз болады. Мұндағы бірден-бір айырмашылық осы «*қалайда*», көшірудің ерекше тәсілінде, демек, осы құнның айналысының да ерекше тәсілінде жатыр.

Жұмыс күшінің контракт бойынша алдын ала белгіленген бағасы ақшамен де, тіршілік заттарымен де төленуі мүмкін, бірақ мұның қай-қайсысында да оның сипаты өзгеріссіз қалады, мұның қай-қайсысында да ол нақтылы, белгілі бір баға болады. Оның бер жағында жалақыны ақшамен төлеген жағдайда ақшаның өзі өндіріс құрал-жабдықтары тәрізді өндіріс процесіне енбейтіні анық, ал өндіріс құрал-жабдықтарының құны былай тұрсын, затының өзі де өндіріс процесіне енеді. Ал егер жұмысшының өз жалақысына сатып алатын тіршілік заттары айналмалы капиталдың заттай формасы ретінде шикізатпен, т. с. бірге тікелей бір рубрикаға жатқызылып, еңбек құралдарына қарама-қарсы қойылатын болса, онда мұның өзі іске басқаша түр береді. Егер бір заттардың құны, яғни өндіріс құрал-жабдықтарының құны, еңбек процесінде өнімге көшетін болса, онда басқа заттардың, яғни тіршілік заттарының құны әлгі тіршілік заттарын тұтынған жұмыс күшінен қайта көрініп, осы жұмыс күшінің қызмет атқаруы



арқылы да өнімге көшеді. Бұл екі жағдайда да бәрібір әңгіме өндіріс уақытында авансыланған құндардың өнім құнында жай қайталап көрінуі жайында болып отыр. (Физиократтар мұны шындық деп қабылдап, сондықтан да өнеркәсіптік еңбектің қосымша құнды өндіре алатындығын теріске шығарды.) Мысалы, Уйэленд бұрын цитатқа келтірілген жерде<sup>56</sup> былай дейді:

«Капиталдың қандай формада қайта пайда болуының мүлде бәрі-бір... Адамның өмір сүруі және жақсы тұрмыс құруы үшін қажетті азық-түліктің, киім-кешек пен тұрғын үйдің алуан түрлері де өзгеріп отырады. Бұлар уақыттың өтуіне қарай тұтынылады, сөйтіп олардың құны қайтадан көрінеді» т. б. («Elements of Polit. Econ.», p. 31, 32).

Өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттары түрінде өндіріс үшін авансыланған капитал құндары бұл арада өнім құнынан бірдей дәрежеде қайта пайда болады. Мұндай жолмен капиталистік өндіріс процесін барынша мүлтіксіз мистерияға айналдыруға сәтті түрде қол жетеді, сөйтіп өнімдегі қосымша құнның пайда болуы мүлде көзден таса қалады.

Онан соң, сонымен буржуазиялық саяси экономияға тән фетишизм аяқталады, ал бұл фетишизм қоғамдық өндіріс процесі заттарға беретін қоғамдық экономикалық сипатты осы заттардың табиғатынан туатын пәлендей бір табиғи сипатқа айналдырады. Мысалы, «еңбек құралы дегеніміз негізгі капитал» деген анықтама — қайшылықтар мен шатастырушылыққа бастайтын схоластикалық анықтама. Еңбек процесін зерттеген кезде («Капитал», I кітап, V тарау) заттай элементтердің еңбек құралдары, еңбек материалы немесе өнім ретінде әрекет жасайтын-жасамайтыны әрбір белгілі бір жағдайда әлгі элементтердің нақтылы еңбек процесінде атқаратын роліне, олардың функциясына түгелдей байланысты екені көрсетілген болатын. Дәл сол сияқты еңбек құралдары, біріншіден, өндіріс процесі дегеніміз тегі капиталистік өндіріс процесі болған жағдайда ғана негізгі капитал болып табылады, сондықтан да өндіріс құрал-жабдықтары жалпы алғанда капитал болып табылады, яғни капиталдың экономикалық айқындығына, қоғамдық сипатына ие болады; екіншіден еңбек құралдары егер олар өзінің құнын өнімге ерекше тәсілмен көшірген жағдайда ғана негізгі капитал болып табылады. Егер бұлай болмаса, онда олар еңбек құралдары болып қала береді, бірақ негізгі капиталға айналмайды. Дәл сол сияқты көмекші материалдар да, мысалы, тыңайтқыштар, еңбек құралдары болмаса да, егер олар, еңбек құралдарының көпшілігі

сияқты, әлгіндегідей ерекше тәсілмен өз құнын көшіретін болса, негізгі капиталға айналады. Бұл арада әңгіме заттарды түсіндіруге болатын анықтамалар жайында болып отырған жоқ. Әңгіме белгілі бір категорияларда өз бейнесін алатын белгілі бір функциялар жайында болып отыр.

Жалақыға жұмсалатын капитал болу қасиеті барлық жағдайда да тіршілік заттарына тән болып табылатындықтан, осы «еңбекті сақтау» қасиеті, «to support Labour» (Рикардо, 25-бет), осы «айналмалы капиталға» тән қасиетке айналады. Демек, егер тіршілік заттары «капитал» болмаған болса, онда олар жұмыс күшін сақтай алмайтын болып шығады; оның бер жағында тіршілік заттарының капитал ретіндегі сипатының өзі оларға бөтен еңбек арқылы *капиталды* сақтау қасиетін береді.

Егер тіршілік заттары өз қалпында айналмалы капитал болса,— айналмалы капитал жалақыға айналғаннан кейін,— онда мұнан келіп, бұдан әрі, жалақының мөлшері жұмысшылардың саны мен айналмалы капиталдың белгілі бір аумағы арасындағы қатынасқа байланысты болып шығады,— экономистердің жаны сүйетін қағидасы осындай; оның бер жағында жұмысшының рыноктан алатын тіршілік заттарының аумағы мен өзінің тұтынуы үшін капиталистің қолындағы тіршілік заттарының аумағы іс жүзінде қосымша құн мен еңбек бағасы арасындағы қатынасқа байланысты.

Рикардо, Бартон сияқты <sup>29a)</sup> өзгермелі капитал мен тұрақты капитал арасындағы қатынасты айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы қатынаспен ылғи шатастырып жүреді. Осы шатастырудың салдарынан Рикардоның пайда нормасы туралы зерттеуінің жалған жолға қалай сырғып түсетінін біз кейініректе көреміз <sup>58</sup>.

Онан соң, Рикардо негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықты мүлде басқаша бір себептердің әсерінен келіп айналым процесінде пайда болатын айырмашылықтармен бірдей деп қарайды. Ол былай деп жазады:

«Сонымен қатар айналмалы капиталдың барынша әрқилы уақытта айналуы немесе өз қожасына қайтып оралуы мүмкін екендігін атап өту керек. Фермердің егіс үшін сатып алған бидайы наубайшының нан пісіру үшін сатып алған бидайымен салыстырғанда негізгі капитал болып табылады. Бұлардың біреуі ол бидайды жерге сеуіп, оны бір жылдан кейін барып қана қайтып алады, екіншісі одан ұн тартып, нан түрінде өз сатып алушыларына

<sup>29a)</sup> «Observations on the Circumstances which influence the Condition of the Labouring Classes of Society». London, 1817. Тіксіз жері I кітапта цитатаға келтірілген. 655-бет, 79-ескепты <sup>57</sup>.

сатады, сөйтіп ол нақ әлгі кәсібін қайта бастау үшін немесе осы капиталмен пәлендей бір жаңа кәсіпті бастау үшін бір аптадан кейін өз капиталын босатып алады»<sup>30)</sup>.

Мұндағы бір ерекше нәрсе сол, бидай тұқым ретінде тіршілік заты емес, шикі материал болып табылғанымен, ол, біріншіден, айналмалы капиталға жатады, өйткені бидай өз қалпында тіршілік заты және, екіншіден, бидай негізгі капиталға жатады, өйткені ол бір жылдан кейін барып қайтып оралады. Алайда белгілі бір өндіріс құрал-жабдығын негізгі капитал ететін оның неғұрлым баяу немесе неғұрлым тез қайтып оралуы ғана емес, әлгінің құнын өнімге көшірудің белгілі бір тәсілі де оны негізгі капитал етеді.

Сонымен, өзінің түп негізін А. Смиттен бастайтын жаңсақ ұғым төмендегі жағдайларға әкеліп соқты:

1) Негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылық өндіргіш капитал мен товар капиталы арасындағы айырмашылықпен шатастырылады. Мысалы, белгілі бір машина, егер ол товар ретінде рынокқа түссе, айналмалы капитал болады, ал егер ол өндіріс процесіне енгізілсе — негізгі капитал болады. Соның өзінде капиталдың пәлендей бір белгілі түрінің капиталдың басқа түрінен гөрі көбінесе негізгі капитал болуға немесе көбінесе айналмалы капитал болуға тиіс екендігінің себебі мүлде түсініксіз болып қала береді.

2) Бүкіл айналмалы капитал жалақыға жұмсалған немесе жұмсалуға тиіс капиталмен бірдей деп қаралады. Мысалы, Дж. Ст. Миллде<sup>59</sup> және басқаларда осылай.

3) Өзгермелі капитал мен тұрақты капитал арасындағы айырмашылық, Бартон, Рикардо және басқалары айналмалы капитал мен негізгі капитал арасындағы айырмашылықпен шатастырып болған айырмашылық сайып келгенде түгелдей осы соңғы айырмашылыққа келіп саяды. Мысалы, барлық өндіріс құрал-жабдықтары — шикізат және т. б. нақ сондай-ақ еңбек құралдары да, — негізгі капитал болып табылатын Рамсейде жалақыға жұмсалған капитал ғана айналмалы капитал болады<sup>60</sup>. Бірақ бәрін бірдей бір жерге осылайша үйіп-төккендіктен, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың арасындағы нағыз айырмашылық түсініксіз қалып қояды.

<sup>30)</sup> «It is also to be observed that the circulating capital may circulate, or be returned to its employer, in very unequal times. The wheat bought by a farmer to sow is comparatively a fixed capital to the wheat purchased by a baker to make into loaves. One leaves it in the ground, and can obtain no return for a year; the other can get it ground into flour, sell it as bread to his customers, and have his capital free to renew the same, or commence any other employment in a week» (p. 26—27).

4) Ағылшын экономистерінде, әсіресе жаңа замандағы шотланд экономистерінде, атап айтқанда Маклеодта <sup>61</sup>, Паттерсонда <sup>62</sup> және барлығын банкир приказчигінің барынша тайыз түсінігі тұрғысынан қарайтын басқа да экономистерде негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылық «money at call» пен «money not at call» арасындағы (алдын ала хабарламай-ақ кейін қайтарып алынатын ақша вкладтары мен алдын ала хабарлағаннан кейін ғана берілетін ақша вкладтары арасындағы) айырмашылыққа айналады.

## О Н Е К І Н Ш І Т А Р А У

## ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ

Жұмыс күнінің ұзақтығы бірдей етіліп, айталық, он сағаттық еңбек процесі болып белгіленген екі өндіріс саласын алайық; мейлі мұның өзі, мысалы, мақтадан жіп иіру өндірісі мен паровоздар жасау өндірісі болсын. Бір салада күн сайын, апта сайын белгілі мөлшерде дайын өнім, мақтадан иірілген жіп беріледі; екінші салада бір дайын өнімді, бір паровозды жасау үшін еңбек процесі, мүмкін, бүтіндей үш ай бойына созылуы тиіс. Бір ретте өнім өз табиғаты жағынан бөлуге келеді, сондықтан сол бір еңбек процесі күн сайын немесе апта сайын қайта басталып отырады. Екінші ретте еңбек процесі үздіксіз, күн сайынғы еңбек процестерінің азды-көпті едәуір мөлшерін қамтиды, сөйтіп бұлар өздерінің қосылуы нәтижесінде, өздерінің қимылының үздіксіздігі нәтижесінде азды-көпті ұзақ кезең өткеннен кейін барып қана дайын өнім береді. Мұнда еңбек процесінің күнделікті ұзақтығы біркелкі болғанымен, өндірістік актының ұзақтығында, яғни еңбектің қайталау процестерінің ұзақтығында барынша елеулі айырмашылық бар, ал еңбектің қайталау процестері болса дайын өнім жасап, оны товар ретінде рынокқа жіберу үшін, демек, өндіргіш капиталдан товар капиталына айналдыру үшін қажет. Негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықтың бұған ешқандай қатысы жоқ. Бұл көрсетілген айырмашылық өндірістің екі саласында негізгі капитал мен айналмалы капитал барынша біркелкі пропорцияда қолданыла қалған жағдайда сақталған болар еді.

Өндірістік актының уақытындағы бұл айырмашылықтар дайындалуға тиісті өнім мөлшерлеріне байланысты, өндіріс-

тің әр түрлі салалары арасында ғана емес, сонымен бірге өндірістің белгілі бір саласы шеңберінде де бар. Дағдылы тұрғын үй ірі фабрикадан гөрі неғұрлым қысқа уақытта салынуы мүмкін, сондықтан да үздіксіз еңбек процестерін азырақ керек етеді. Егер паровоз жасауға үш ай керек болса, онда броненосец жасауға бір жыл немесе бірнеше жыл керек болады. Астық өндіруге тұтас бір жыл дерлік уақыт керек; ірі қара мал өсіруге бірнеше жыл керек, ағаш өсіру ісі 12 жылдан 100 жылға дейінгі дәуірді қамтиды; қара жолды бірнеше айда салып бітуге болатын жерде темір жолды салу ісі көптеген жылдарды керек етуі мүмкін; жай кілем апта ішінде дайын болуы мүмкін, ал гүл салған тұс кілем тұтас жылдар бойы тоқылады, т. б. Демек, өндірістік актының ұзақтығындағы айырмашылықтарда шек болмайды.

Өндірістік актылардың ұзақтығындағы айырмашылық, сірә, капитал теңбе-тең жұмсалған жағдайда капитал айналымының шапшандығындағы айырмашылықты, яғни сол капитал авансыланатын кезеңдердегі айырмашылықты туғызуға тиіс. Машинамен жіп иіретін фабрика мен паровоз жасайтын завод мөлшері жағынан тең капитал жұмсайды, капиталдың тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға бөлінуі, сондай-ақ негізгі және айналмалы құрамды бөліктеріне бөлінуі, екі ретте де бірдей, ақырында, жұмыс күнінің ұзақтығы бірдей және қажетті еңбек пен қосымша еңбекке тепе-тең пропорцияда бөлінеді деп ұйғаралық. Онан соң, айналыс процесінен туатын және бұл ретке қатысы жоқ жағдайлардың бәрін болдырмау үшін жіп пен паровоздар заказ бойынша істеліп, дайын өнім тапсырылғанда барып ақысы төленеді делік. Аптаның аяғында жіп иіруші фабрикант, дайын жіпті тапсырып, (біз бұл арада қосымша құнды сырт қалдырамыз) өзі жұмсаған айналмалы капиталын, сондай-ақ негізгі капиталдың тозуы нәтижесінде бұл капитал құнының жіп құнына енген бөлігін де қайтып алады. Демек, әлгі фабрикант нақ осы капиталмен дәл әлгі толық айналымды жаңадан қайталай алады. Бұл капитал өз айналымын аяқтады. Мұның керісінше, паровоздар шығаратын фабрикант үш ай бойына жалақы мен шикі материалға жаңа капиталды апта сайын жұмсаған үстіне жұмсай беруге тиіс, сөйтіп тек үш ай өткеннен кейін ғана, паровозды тапсырғаннан кейін барып, айналмалы капитал, осы уақыт бойына сол бір өндірістік актыға, сол бір товарды дайындауға бірте-бірте жұмсалған айналмалы капитал өзінің толық айналымын жаңадан бастай алатын формасына қайта келе алады; сол сияқты, машиналардың осы үш ай ішінде тозуының орны оған тек енді ғана

толтырылады. Бір фабриканттың шығыны бір аптаға жасалады, екінші фабриканттың шығыны 12-ге көбейтілген апталық шығынға тең. Барлық басқа жағдайлар тең деп жорамалдағанда, бір фабриканттың қарамағындағы айналмалы капитал екіншінікінен он екі есе көп болуға тиіс.

Апта сайын авансыланатын капиталдардың тепе-тең болу жағдайының мұнда ешқандай маңызы жоқ. Авансыланған капиталдың мөлшері қандай болса да, бір ретте ол тек бір аптаға ғана, екінші ретте — он екі аптаға авансыланады, сондықтан тек осы мерзімдер өткеннен кейін ғана онымен қайтадан операция жасап, нақ сол операцияны қайталауға немесе қандай болсын бір басқа операцияны бастауға болады.

Айналымның тездігіндегі немесе жеке капиталдар авансылауға тура келетін уақыттың ұзақтығындағы айырмашылық төмендегі жағдайдан туады, ал бұл уақыт өткенге дейін сол бір капитал құны жаңа еңбек процесінде немесе құнды артырудың жаңа процесінде қайтадан қызмет ете алмайды.

Паровозды немесе пәлендей бір басқа машинаны жасауға 100 жұмыс күні кетеді делік. Жіп иіру кәсібінде болсын, машина жасау кәсібінде болсын істейтін жұмысшылар жөнінде осы 100 жұмыс күні үздікті (бөлінетін) мөлшерді, жорамалдауымызға сәйкес, біркелкі, бірінен соң бірі келіп отыратын, жеке-жеке, он сағаттық 100 еңбек процесінен құралатын мөлшерді туғызады. Бірақ өнім жөнінде, яғни машина жөнінде бұл 100 жұмыс күні үздіксіз мөлшерді, былайша айтқанда, 1 000 жұмыс сағатынан келіп бір жұмыс күнін, өндірістің бірыңғай, байланысты актысын құрайды. Бірқатар дәйекті, азды-көпті толып жатқан және өзара байланысты жұмыс күндерінен құралатын мұндай жұмыс күнін мен *жұмыс кезеңі* деп атаймын. Жұмыс күні туралы айтқанда, біз мынадай жұмыс уақытының ұзақтығын айтамыз, бұл жұмыс уақытының ішінде жұмысшы күн сайын өз жұмыс күшін жұмсауға тиіс, осы уақыттың ішінде ол күн сайын жұмыс істеуге тиіс. Ал егер біз, мұның керісінше, жұмыс кезеңі туралы айтсақ, онда мұның өзі дайын өнімді алу үшін өндірістің белгілі бір саласына қажет, өзара байланысты жұмыс күндерінің нақты саны болып шығады. Бұл жөнінен алғанда әрбір жұмыс күнінің өнімі дегеніміз жарым-жартылаған өнім ғана; ол күн сайын өндеу жағдайында бола береді, сөйтіп жұмыс уақытының азды-көпті ұзақ кезеңінің аяғында барып қана өзінің ақтық түрін алады, дайын тұтыну құнына айналады.

Сондықтан, өндірістің қоғамдық процесінің, мысалы, дағдарыстардың салдарынан болатын үзілістері, бұзылулары өзінің табиғаты жағынан бөлуге келетін еңбек өнімдеріне

және өзінің өндірілуі үшін неғұрлым ұзақ, байланысты еңбек кезеңін керек ететін өнімдерге барынша әр түрлі әсер етеді. Бір ретте белгілі мөлшердегі жіптің, көмірдің және басқалардың белгілі мөлшерінің бүгінгі өндірілуінің сонынан ертен жіптің, көмірдің және басқалардың жаңа өндірілуі болмайды. Кемелер, үйлер, темір жолдар, тағы басқалар жөнінде мәселе басқаша. Бұл ретте жұмыс қана үзіліп қоймайды, оның үстіне өндірістің байланысты актісі де үзіледі. Егер кеме немесе үй онан әрі жасала бермейтін болса, онда оны жасау үстінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек босқа кеткен болып шығады. Егер тіпті оны жасау ісі кейін қайта басталғанның өзінде де, бұл арада өткен кезеңнің ішінде кейбір нәрселер бүлінбей қоймайды.

Бүкіл жұмыс кезеңі ішінде негізгі капиталдың өнімге, оның толық дайын болғанына дейін, күн сайын беретін құн бөлігі қабат-қабат болып жиналады. Ал сонымен қатар бұл арада негізгі капитал мен айналмалы капитал арасындағы айырмашылықтардың практика жүзіндегі маңыздылығы да айқындалады. Негізгі капитал өндіріс процесіне неғұрлым ұзақ уақытқа авансыланады, оны осы, бәлкім, көп жылдық кезең өткенге дейін жаналаудың керегі болмас. Бүмен жүретін машина өзінің құнын жіпке, яғни үздік-үздік еңбек процесінің өніміне бөліп-бөліп күн сайын көшіре ме, немесе ол үш ай бойына өз құнын паровозға, яғни үздіксіз өндіріс актісінің өніміне көшіре ме, — бұл жағдай бүмен жүретін машинаны сатып алуға қажетті капиталдың жұмсалуына ешбір әсер етпейді. Бір ретте оның құны, мысалы, апта сайын шағын-шағын мөлшермен қайта оралады, екінші ретте, мысалы, әрбір үш ай сайын неғұрлым молырақ болып қайта оралады. Бірақ осы жағдайдың екеуінде де бүмен жүретін машинаны жанарту барлығы бір-ақ рет, айталық, 20 жылда бір рет болады. Егер өнімді сатудың нәтижесінде бүмен жүретін машинаның құны бөліп-бөліп қайта оралатын әрбір жеке кезеңі сол машинаның өз өмір сүруінің кезеңінен қысқа болса, онда бұл машина бірнеше жұмыс кезеңдері бойына өндіріс процесінде қызмет атқара береді.

Ал авансыланған капиталдың айналмалы құрамды бөліктері жөнінде мәселе басқаша. Осы бір аптаға сатып алынған жұмыс күші осы апта ішінде жұмсалып, өнімде затқа айналады. Жұмыс күші осы аптаның аяғында төленуге тиіс. Сөйтіп капиталдың жұмыс күшіне осылай жұмсалыуы, айталық, үш ай бойы апта сайын қайталанып отырады, сондықтан капиталдың осы бөлігінің осы аптаға жұмсалыуы капиталисті келесі аптада еңбекті қайтадан сатып алу қажеттігінен құтқар-



майды. Жұмыс күшінің ақысын төлеуге апта сайын жаңа қосымша капитал жұмсалуға тиіс және, егер кредиттің барлық қатынастарын былай қалдыратын болсақ, капиталистің жалақыны үш айға төлеу мүмкіндігі болуға тиіс; бірақ іс жүзінде ол жалақыны апта-аптаға бөліп қана төлейді. Айналмалы капиталдың басқа бөлігі жөнінде де, шикі және көмекші материалдар жөнінде де нақ осылай. Еңбектің бір қабатынан соң бір қабаты өнімге үстеліп жатады. Жұмсалған жұмыс күшінің құны ғана емес, оның үстіне қосымша құн да еңбек процесі бойына өнімге үздіксіз көшіп отырады, бірақ әлі дайын болмаған, әлі дайын товар формасын алмаған, демек, әлі айналыс жасауға қабілетсіз өнімге үздіксіз көшіп отырады. Шикі және көмекші материалдардағы капитал құны жөнінде де нақ осылай, ал бұл капитал құны да қабат-қабат болып өнімге көшеді.

Өнімнің өзіне тән табиғаты белгілейтін немесе өнімді дайындағанда көзделетін пайдалы мақсат белгілейтін жұмыс кезеңінің азды-көпті ұзақтығына қарай айналмалы капиталдың (жалақыға, шикі және көмекші материалдарға) үнемі қосымша жұмсалып отырылуы қажет, соның өзінде бұл капитал бөліктерінің бірде-бірі айналыс жасауға қабілетті формада болмайды, демек, белгілі бір операцияны қайталауға қызмет ете алмайды; қайта әрбір бөлік жасалатын өнімнің құрамды бөлігі ретінде өндіріс саласына дәйекті түрде бекітіледі, өндіргіш капитал формасында байланыстырылады. Бірақ айналым уақыты өндіріс уақыты мен капиталдың айналыс жасау уақытының жиынтығына тең болады. Демек, айналыс уақытының ұзаруы капитал айналымының шапшаңдығын қаншалықты азайтса, айналыс жасау уақытының ұзаруын да соншалық азайтады. Алайда бұл ретте екі жағдайға назар аудару қажет.

Біріншіден: капиталдың өндіріс саласында неғұрлым ұзақ болуына назар аудару қажет. Мысалы, бірінші аптада еңбекке, шикі материалдарға, т. б. авансыланған капитал,— дәл сондай-ақ негізгі капитал құнының бұрын өнімге көшірілген бөліктері де,— бүкіл үш айлық кезеңнің ішінде өндіріс саласында байланысты болып қала береді және, әлі енді ғана құралып жатқан, әлі дайын болмаған өнімге енгізілген капитал болғандықтан айналыс процесіне товар ретінде ене алмайды.

Екіншіден: өндірістік акті үшін керекті жұмыс кезеңі үш айға созылып, шындығында еңбектің бір байланысты процесі ғана болып табылатындықтан әрбір аптада айналмалы капиталдың жаңа бөлігі бұдан бұрынғы капиталдарға қосылуға

тиіс. Демек, жұмыс кезеңінің ұзаруымен бірге дәйекті түрде авансыланған, қосымша капиталдың жиыны да өсіп отырады.

Біз жіп иіру фабрикасы мен машина жасау заводына жұмсалған капиталдар мөлшері жағынан тепе-тең, бұл капиталдар тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға, сондай-ақ негізгі капитал мен айналмалы капиталға да біркелкі пропорцияда бөлінеді, жұмыс күндерінің ұзақтығы да біркелкі деп, — қысқасы, жұмыс кезеңінің ұзақтығынан басқа жағдайлардың бәрі бірдей деп жорамалдадық. Бірінші аптаның ішінде жұмсалған капиталдар екі жағдайда да мөлшерлері жағынан тең, бірақ жіп иіруші фабриканттың өнімі қазірдің өзінде-ақ сатылып, бұдан түскен ақшаға жаңа жұмыс күші, жаңа шикізат, т. б. сатып алынуына болады, бір сөзбен айтқанда, өндірісті сол бұрынғы көлемінде бұдан әрі жүргізе беруге болады. Мұның керісінше, машина жасаушы фабрикант үш ай өткеннен кейін барып қана, өзінің өнімі дайын болғаннан кейін ғана бірінші аптада жұмсалған айналмалы капиталды ақшаға айналдырып, ол капиталмен жаңа операция бастай алады. Сонымен, біріншіден, жұмсалған капиталдың белгілі бір мөлшерінің қайта оралу уақытында айырмашылық бар. Екіншіден, үш ай бойына жіп иіру фабрикасы мен машина жасау заводында мөлшері жағынан бірдей өндіргіш капиталдар қолданылды, бірақ жұмсалған капиталдың мөлшері жіп иіруші фабрикант пен машина жасаушы фабрикант үшін мүлде әр түрлі, өйткені бір ретте сол бір капитал тез қайта жаңарады, олай болса сол бір операцияны жаңадан қайталай алады; екінші ретте ол капитал тек біршама баяу жаңарады, демек, ол капитал қайта жаңарған кезге дейін капиталдың жаңа мөлшерлері бұрынғы капиталдарға үнемі қосылып отыруға тиіс. Сөйтіп, капиталдың белгілі бір бөліктері қайта жаңаратын кезеңдердің ұзақтығы да немесе капитал авансыланатын кезеңдердің ұзақтығы да, сондай-ақ еңбек процесінің ұзақтығына қарай авансылануға тиісті капитал мөлшерлері де (күн сайын және апта сайын капиталдар бір мөлшерде қолданылғанымен) әр түрлі болады. Бұл жағдайдың атап көрсетілуі тиіс екендігінің себебі, кейбір реттерде, мысалы, өзіміз келесі тарауда талдап көрсететін реттерде, капитал авансыланған уақыттың ұзақтығы авансыланатын капиталдың пропорциялы көбеюін туғызбай-ақ өсе алады. Сонымен, егер капитал неғұрлым ұзақ уақытқа авансылануға тиіс екен, онда капиталдың үлкен мөлшері өндіргіш капитал формасына байланысты болады.

Капиталистік өндірістің онша дами қоймаған сатыларында ұзақ жұмыс кезеңін, демек, ұзақ уақытқа ірі капитал жұмсау-

ды керек ететін кәсіпорындар,— әсіресе, егер олар тек қана үлкен көлемде жүзеге асырылатын болса,— немесе мүлдем капиталистік жолмен емес, қоғам есебінен немесе мемлекет есебінен жүргізіледі, мысалы, жолдар салу, каналдар қазу, т. б. жұмыстар жөнінде осылай болды (егер жұмыс күшіне қатысты айтатын болсақ, бұрынғы уақыттарда мұндай жұмыстар көбінесе еріксіз еңбекті қолдану арқылы жүзеге асырылып келген еді). Немесе дайындалуы үшін біршама ұзақ жұмыс кезеңі керек болатын өнімдердің болмашы үлесі ғана капиталистің өз қаржысы есебінен өндірілді. Мысалы, үйді салғанда өзіне арналып үй салынып жатқан көлденең адам құрылысшы кәсіпкерге оқтын-оқтын аванстар беріп тұрады. Демек әлгі көлденең адам бұл үйдің салыну процесінің ілгері жылжуына қарай үйдің ақысын іс жүзінде бөліп-бөліп төлеп отырады. Мұның керісінше, дамыған капитализм заманында, бір жағынан, капиталдың едәуір мөлшері жеке адамдардың қолына жиналған кезде және екінші жағынан, жеке капиталистермен қатар ассоциаланған капиталист (акционерлік қоғамдар) пайда болып, сонымен бірге кредиттік іс те дамып отырған кезде, құрылысшы капиталист кәсіпкер жекелеген адамдардың заказы бойынша мың да бір жағдайда ғана үй салады. Мердігерлік бойынша темір жолдар салу кейбір басқа капиталистердің кәсібі болатыны сияқты рынок үшін толып жатқан үйлер салу, қаланың тұтас бір кварталдарын тұрғызу капиталист құрылысшының кәсібі болып табылады.

Лондон үй салу құрылысында капиталистік өндірістің қандай төңкеріс туғызғанын біз бір құрылысшы кәсіпкердің банк істері жөніндегі Комиссияның алдында 1857 жылы берген түсініктерінен айқын көреміз. Бұл құрылысшы кәсіпкердің сөздеріне қарағанда, оның жас шағындағы жылдарда әдетте үйлер заказ бойынша салынған, оның үстіне құрылыс кезінде жұмсалған қаржының бүкіл сомасы құрылыстың жеке кезеңдерінің аяқталуына қарай кәсіпкерге бірте-бірте төленіп отырған. Жалдаптық мақсатымен құрылыс өте аз салынған; кәсіпкерлер бұған көбінесе өз жұмысшыларына тұрақты жұмыс тауып беру арқылы олардың тарап кетпеуіне жол бермеу үшін ғана барған. Соңғы 40 жыл ішінде мұның бәрі өзгерген. Құрылыс заказ бойынша өте аз салынады. Жаңа үйге мұқтаж болып отырған адам жалдаптық мақсаттармен салынған үйлердің бірін немесе әлі салынып жатқандарының бірін таңдап алуға тиіс. Кәсіпкер енді заказчиктерге емес, рынокқа жұмыс істейді; басқа өнеркәсіп иесінің қай қайсысы сияқты, оның рынокта дайын товарлары болуға тиіс. Егер бұрын кәсіпкер жалдаптық мақсаттармен бір мезгілде көп дегенде үш-төрт

үй салған болса, енді ол едәуір жер участогын сатып алып (яғни, континентте көп тараған пікір білдіру тәсілін қолданып айтқанда, әдетте 99 жылға арендаға), ол жерде 100 немесе 200 үй салуға тиіс, сөйтіп өзінің дүние-мүлкінің мөлшерлерінен жиырма-елу есе асып түсетін кәсіппен шұғылдануы тиіс. Қаржыларды қозғалмайтын мүлікті залогқа салып алады, оның үстіне кәсіпкердің қалтасына ақша жеке үйлер құрылысының ілгері басу дәрежесіне қарай түсіп отырады. Егер кезекті аванстар беруді тоқтататын дағдарыс туа қалса, онда әдетте бүкіл кәсіп күйрейді; жақсы дегенде үйлер неғұрлым қолайлы уақыт туғанға дейін салынып бітпеген күйінде қалып қояды, іс насырға шапқанда ол үйлер жарым бағасына тік көтеріле сатылады. Үлкен көлемде жолға қойылған жалдаптық құрылыстарсыз енді бірде-бір кәсіпкер табысқа жете алмайды. Құрылыстың өзінен түсетін пайда барынша аз; кәсіпкердің басты пайдасының көзі жер рентасын арттыруда, құрылыс салынатын алаңды шебер тандап, пайдалануда болып отыр. Үйлерге деген сұранысты алдын ала біліп алатын осындай жалдаптық операциялар арқылы бүкіл Бельгравия мен Тибурния салынды, сондай-ақ Лондон төңірегіндегі сан мыңдаған виллалар да салынды. (Мына кітаптан алынған қысқаша мазмұндама: «Report from the Select Committee on Bank Acts». Part I, 1857. Куәлардың жауаптары, сұрақтарға берілген жауаптар №№ 5413—5418, 5435—5436.)

Өте ұзақ жұмыс кезеңін керек ететін және үлкен көлемде жүргізілетін жұмыстарды атқару ісі капиталдың шоғырлануы өте-мөте елеулі болып отырған жағдайда ғана және екінші жағынан, кредит системасының дамуы капиталиске өзінің меншікті капиталының орнына бөтен біреудің капиталын авансылауға, демек, бөтен біреудің капиталымен тәуекел жасауға қолайлы мүмкіндік беретін жағдайда ғана капиталистік өнеркәсіптің қарамағына түгелдей тап болады. Бірақ авансыланған капиталдың бір ретте оны өндіріске авансылайтын адамдыкі болатын жағдайы, екінші бір ретте оныкі болмайтын жағдайы капитал айналымының тездігіне және оның айналым уақытына ешқандай әсер етпейтіні өзінен өзі түсінікті.

Әрбір жеке жұмыс күні ішінде өнімді арттыруға көмектесетін жағдайлар, атап айтқанда кооперация, еңбек бөлінісі, машиналарды қолдану сонымен қатар өндірістің өзара байланысты актілерінен құралатын жұмыс кезеңін қысқартады. Мысалы, машиналар үйлерді, көпірлерді, т. б. салу уақытын қысқартады, егін ору машиналары, молотилкалар, т. б. піскен астықты дайын товарға айналдыру үшін қажетті жұмыс

кезеңін қысқартады. Кеме жасау ісін жетілдірулер кемелердің шапшаңдығын арттырып, кеме шаруашылығына жұмсалған капиталдың айналым уақытын қысқартады. Бірақ бұл жетілдірулер жұмыс кезеңін, сонымен бірге айналмалы капиталдың авансыланатын уақытын да қысқарта отырып, көпшілік реттерде негізгі капиталдың ұлғая жұмсалуымен байланысты болады. Екінші жағынан, кейбір салаларда жұмыс кезеңі кооперацияны жай кеңейту арқылы қысқартылуы мүмкін: мысалы, егер көптеген жұмысшылар армиясын жауып жіберіп, олар көптеген пункттерде бірден іске кіріскен жағдайда темір жолды салу уақыты қысқарады. Мұнда айналым уақыты авансыланған капиталдың өсуі нәтижесінде қысқарады. Мұндай жағдайлардың бәрінде де капиталистің басшылығымен көп өндіріс құрал-жабдықтары мен көп жұмыс күші біріктірілуге тиіс.

Сонымен, жұмыс кезеңінің қысқаруы көбінесе неғұрлым қысқа мерзімге авансыланатын капиталдың артуына байланысты болады, сондықтан капиталдың авансыланған мерзімінің қысқаруына қарай авансыланатын капиталдың мөлшері өседі. Осыған орай бұл арада мынаны ескертіп өту қажет: жалпы алғанда қоғамдық капитал мөлшерінің қандай екендігіне абстракция жасасақ, істің бәрі өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының немесе оларды иеленудің қаншалықты дәрежеде бытырандылығына немесе жеке капиталистердің қолына қаншалықты дәрежеде шоғырланғанына байланысты,— демек, қазірдің өзінде капиталдың шоғырлануы қандай мөлшерге жеткеніне байланысты. Кредит капиталдың бір қолда шоғырлануына көмектесетіндіктен, оны тездетіп, ұлғайтатындықтан, ол жұмыс кезеңінің, демек, айналым уақытының да қысқаруына көмектеседі.

Жұмыс кезеңі, оның үздіксіз немесе үздікті болғанына қарамастан, белгілі бір табиғи жағдайлардан келіп туатын өндіріс салаларында оны жоғарыда көрсетілген тәсілдердің көмегімен қысқарту мүмкін емес.

«Неғұрлым шапшаң айналым» деген сөздерді астық жинау жөнінде қолдануға болмайды, өйткені мұнда жылына бір ғана айналым болады. Ал мал шаруашылығына келетін болсақ, онда екі немесе үш жастағы қойлар мен төрт немесе бес жастағы өгіздердің айналымын қалай тездетуге болады? — деп жай ғана сұрағымыз келер еді. (W. Walter Good: «Political, Agricultural and Commercial Fallacies». London, 1866, p. 325.)

Күні бұрын қолда ақша болуының (мысалы, салықтар, жер рентасы, т. б. сияқты кесімді белгіленген төлемдер үшін) қажеттігі бұл мәселені былайша шешуге мәжбүр етеді: мысалы, ауыл шаруашылығы үшін үлкен зиян келтіріліп, мал

экономикалық жағынан қалыпты жасқа келуден бұрын сатылып кетеді және сойылады; сайып келгенде мұның өзі ет бағасының қымбаттауына әкеліп соғады.

«Бұрын көбінесе малды бордақылаумен шұғылданған және жазда mid-land Counties \* жайылымдарымен пайдаланған, ал қыста — шығыс графстволарының мал қораларын пайдаланған... адамдардың астық бағасының ауытқулары мен төмендеуінің салдарынан жағдайларының құлдырап кеткені соншалық, енді олар май мен сырдың жоғары бағасынан өздерінің пайда түсіруіне мүмкіндік болса, соның өзіне разы: майын сатып, күнделікті шығындарын жабу үшін олар майын апта сайын рынокқа шығарады, олар сыр үшін алыпсатушыдан аванстар алады, алыпсатушы өнім тасымалдауға жарамды болысымен оны өз қолына жинап алады да, әрине, өз бағасын белгілейді. Осы себептен келіп, саяси экономияның заңдары ауыл шаруашылығында да әрекет жасайтындықтан, бұрын сүт шаруашылығын жүргізетін округтерден бордақылау үшін оңтүстікке жөнелтілетін бұзаулар енді Бирмингем, Манчестер, Ливерпуль және басқа көршілес үлкен қалалардың қасапханаларында көбінесе туғанына 8—10 күн болғаннан кейін көптеп сойылады. Алайда, солодка (ашытқыға) салық салынбайтын болса, онда фермерлер ғана көп пайда түсіріп қоймас еді, сөйтіп торпақ өсіп, салмағы ауырлағанға дейін оны өзінде ұстап баға алуы былай тұрсын, сиырлары жоқ адамдар да бұзауларды асырап бағу үшін сүт орнына солдты пайдалана алған болар еді, ал торпақтың қазіргі сұмдық жетіспеушілігі едәуір дәрежеде жойылған болар еді. Ал қазір осы ұсақ қожайындарға бұзауларды асырап бағу ұсынылса, олар былай деп жауап береді: сүтпен асырап бағудың есесі қайтатынын біз өте жақсы білеміз, бірақ, біріншіден, бұл үшін біз қолдағы ақшаны жұмсауға тиіс болар едік, ал біз мұны істей алмаймыз, екіншіден, бұл ақшаны қайта өндіріп алғанымызша біздің ұзақ күтуімізге тура келер еді, ал сүт шаруашылығын кәсіп еткен жағдайда біз бұл ақшаны дереу қайтарып аламыз» (бұл да сонда, 11—12-беттер).

Егер айналым кезеңі ұзаруының тіпті ұсақ ағылшын фермерлері үшін де осындай зардаптары болатын болса, онда мұның континенттегі ұсақ шаруалардың арасында қандай қиыншылықтар туғызуға тиіс екенін түсіну қиын емес.

Жұмыс кезеңі ұзақтығының артуына қарай, демек, айналыс жасауға жарамды товарды дайындауға қажетті уақыт кезеңінің де артуына қарай, негізгі капиталдан өнімге қабатқабат болып көшірілетін құн бөлігі қорланады, сөйтіп құнның бұл бөлігінің қайта оралуы баяулайды. Бірақ бұл баяулау негізгі капиталға жаңадан қаржы жұмсауды туғызбайды. Машина өзінің тозған бөлігінің есесі ақша формасында баяуырақ немесе тезірек қайта өтелуіне қарамастан, өндіріс процесінде жұмыс істей береді. Айналымды капитал жөнінде мәселе басқаша: жұмсалған капиталдың жұмыс кезеңінің ұзақтығына сәйкес неғұрлым ұзақ уақыт босамауға тиіс екені былай тұрсын, оның үстіне жалақыға, шикізат пен көмекші материалдарға үнемі жаңа капитал авансыланып отырылуға

\* — орталық графстволардың. *Ред.*

тиіс.: Сондықтан құнның баяу қайта оралуы негізгі капитал мен айналмалы капиталға түрліше әсер етеді. Құнның баяуырақ немесе шапшаңырақ қайта оралуына қарамастан, негізгі капитал жұмыс істей береді. Мұның керісінше, айналмалы капитал сатылмаған немесе дайын болмаған, әлі сатуға жарамсыз өнім формасына бекігендіктен және өндірісті *in natura* қайталау үшін қосымша капитал жоқ болғандықтан, айналмалы капитал құнның қайта оралуы кідірген жағдайда қызмет атқару қабілетінен айрылады.

«Шаруа аштан өліп жатқанда, оның малы көбейе береді. Жаңбыр жауып өтіп еді, шөп белуардан қалың өсіп шыға келді, бірақ үнді шаруасы семіз өгіздің қасында аштан өлуге әзір. Діни соқыр сенімдердің жеке адамға қоятын талаптары қатал, алайда ол талаптар тұтас алғанда қоғамды сақтап тұруға бағытталған; жұмыс малын сақтау егіншілікті жүргізе беруді, сөйтіп алдағы уақытта өмір сүру құралдары мен болашақ байлықтың көздерін қамтамасыз етеді. Индияда өгізден гөрі адамды ауыстыру оңай,— мұның өзі қатал да қайғылы болып естілуі мүмкін, бірақ бұл осылай» («Return, East India. Madras and Orissa Famine», p. 44, № 4).

«Манавадхармашастра»-дан <sup>63</sup> алынған мына бір пікірді осымен салыстырып қараңыз:

«Абыздың немесе сиырдың өмірін сақтап қалу үшін өз өмірін риясыз құрбан ету... осы нашар тайпалардың көңіліне медет болады» (X тарау, § 62).

Бес жасар малды бес жасқа толмай жатып рынокқа шығаруға, әрине, ешқандай мүмкіншілік жоқ. Бірақ малдың күту тәсілін өзгертіп, белгілі бір жағдайларда оны неғұрлым қысқа мерзімнің ішінде кәдеге жарарлықтай етуге болады. Атап айтқанда осыған Бейкуэлль қол жеткізді де. Лавернь былай деп жазады: қазір, яғни 1855 жылы, француз қойлары сияқты, бұрын ағылшын қойлары да төрт жасқа немесе бес жасқа толмайынша союға жарамайтын. Бейкуэлль системасы бойынша, қойды союға бір жыл ішінде бордақылап семіртуге болады, қалай дегенде де қой екі жылда өсіп жетіледі. Дишлей-Грэндж Бейкуэлль мұқият сұрыптау арқылы қойдың сүйек қаңқасын оның өмір сүруі үшін қажетті шекке жеткізді. Оның қойлары ньюлейстер қойлары деген атақ алды.

«Қой өсіруші бұрын бір қойды бордақылап семіртуге кеткен уақыттың ішінде енді рынокқа үш қой шығара алады, ал оның үстіне бұл қойлардың неғұрлым етшең келетін мүшелері жуан, жұп-жұмыр, шығыңқы өскен. Бұлардың тұтас етінің бүкіл салмағы дерлік таза ет болады» (Lavergne. «The Rural Economy of England etc.», 1855, p. 20).

«Жұмыс кезеңін қысқартатын әдістерді өнеркәсіптің әр түрлі салаларында барынша әр түрлі дәрежеде қолдануға бо-

лады, бірақ бұл әдістер әр түрлі жұмыс кезеңдерінің ұзақтығындағы айырмашылықты теңгермелей алмайды. Айталық, біздің мысалымызда жаңа станоктарды қолдану бір паровозды жасауға қажет болатын жұмыс кезеңін даусыз қысқарта алады. Алайда, егер жіп иіру процестерінде жасалған жетілдірулердің нәтижесінде күн сайын немесе апта сайын берілетін дайын өнімнің, яғни жіптің мөлшері бұрынғыдан да шапшаң артатын болса, онда жіп иірумен салыстырғанда машина жасау ісіндегі жұмыс кезеңінің ұзақтығы дегенмен относителді түрде артады.



## О Н Ү Ш І Н Ш І Т А Р А У

## ӨНДІРІС УАҚЫТЫ

Жұмыс уақыты дегеніміз әрқашан да өндіріс уақыты, яғни капиталдың өндіріс саласына байланысты болатын уақыты деген сөз. Мұның керісінше, капиталдың өндіріс процесінде болатын уақытының бәрі бірдей осының нәтижесінде келіп қажетті жұмыс уақыты болып табыла бермейді.

Бұл арада әңгіме жұмыс күшінің өз мүмкіндіктерінің табиғи шеңберлерінен туған еңбек процесіндегі үзілістер жайында болып отырған жоқ, алайда біз негізгі капиталдың — фабрика үйлері, машиналар, т. б.— еңбек процесіндегі үзілістер кезінде қолданылмай қалу жағдайының бір өзі еңбек процесін рабайсыз ұзартып, күндізгі және түнгі үздіксіз жұмысты енгізудің маңызды себептерінің бірі болғанын көрдік те<sup>64</sup>. Бұл арада әңгіме еңбек процесінің ұзақтығына байланыссыз, өнім табиғатының өзінен және оны даярлау тәсілінен туатын үзіліс жайында, еңбек заты азды-көпті ұзақ табиғи процестерге кез болатын, физикалық, химиялық, физиологиялық өзгерістерге ұшырауға тиіс үзіліс жайында болып отыр; бұл өзгерістер кезінде еңбек процесі мүлде немесе ішінара тоқтап қалады.

Мысалы, жас шарап әуелі біраз уақыт әбден ашуға тиіс, сонсоң белгілі бір дәрежеде бабына келу үшін белгілі уақыт бойына қайтадан сақталып тұруға тиіс. Өнеркәсіптің көптеген салаларында өнім, мысалы, балшықтан ыдыс жасау кәсібінде, кептірілуге тиіс немесе, мысалы, затты бояу кәсібінде, өнімнің химиялық қасиеттерін өзгертетін белгілі бір ықпалдар жасалуға тиіс. Күздік бидай пісу үшін, айталық, 9 ай ке-

рек. Егінді егу мен оны ору аралығында еңбек процесі мүлде дерлік үзіліп қалады. Ағаш өсіру шаруашылығында ағаш егіліп, ол үшін қажетті даярлық жұмыстары аяқталғаннан кейін өнімнің әзір болуы, бәлкім, тұтас бір жүз жылды керек етер; бүкіл осы уақыттың ішінде ағаш еңбектің оншама көп жұмсалуын керек етпейді.

Осы реттердің бәрінде өндіріс уақытының көпшілік бөлігі ішінде қосымша еңбек анда-санда ғана жұмсалады. Мұның алдындағы тарауда өндіріс процесіне бұрын жұмсалған капиталға қосымша капитал мен еңбектің қосылатын шарттары көрсетілді; мұнда бұл қосылу тек азды-көпті ұзақ үзілістермен болады.

Сонымен, бұл реттердің бәрінде де авансыланған капиталдың өндіріс уақыты екі кезеңнен құралады: бірінші кезеңнің өн бойына капитал еңбек процесінде болады; екінші кезеңнің өн бойына капиталдың өмір сүру формасы — әлі әзір болмаған өнім формасы — табиғи процестердің ықпалына ұшырайды, бірақ бұл ретте еңбек процесінде болмайды. Бұл екі кезең кейде тоғысып, араласып кеткенінен мәселе ешбір өзгермейді. Жұмыс уақыты мен өндіріс уақыты мұнда дәл келмейді. Өндіріс уақыты жұмыс уақытынан гөрі үлкен. Бірақ өндіріс уақыты аяқталғаннан кейін ғана өнім дайын болады, піседі, демек, өндіргіш капитал формасынан товар капиталы формасына айнала алады. Демек, өндіріс уақытының жұмыс уақытынан құралмайтын бөлігінің ұзақтығына байланысты капитал айналымының кезеңі де ұзарады. Жұмыс уақытымен салыстырғанда артық болатын өндіріс уақыты, мысалы, астықтың пісуі, еменнің, т. с. өсуі сияқты уақыт белгілі бір табиғат заңдарымен біржолата белгіленбегендіктен, өндіріс уақытын қолдан қысқарту арқылы айналым кезеңі көбінесе азды-көпті қысқаруы мүмкін. Мысалы, затты көгалға жайып қойып бояудың орнына химиялық жолмен бояуды енгізу, кептіру процестеріне неғұрлым нәтижелі кептіру аппараттарын енгізу осыған жеткізеді. Тері илеу кәсібінде ескі әдісті қолдану жағдайында тері илеуге қолданылатын кислотаның теріге әсер етуі 6—18 айға созылатын, ал жаңа әдіс жағдайында, ауа насосын қолданғанда, бұл уақыт  $1\frac{1}{2}$ —2 айға дейін қысқарды. (J. G. Gourcelle Seneuil. «Traité théorique et pratique des entreprises industrielles etc.». Paris, 1857, 2 éd.) Тек қана табиғи процестерге толы өндіріс уақытының бөлігін қолдан қысқартудың неғұрлым тамаша мысалын темір өндірісінің тарихы, әсіресе 1780 жылы ашылған пудлингтеуден бастап, осы күнгі бессемерлік процеске және кейінірек енгізілген басқа да ең жаңа әдістерге дейінгі соңғы 100 жыл ішінде шойынды болат-

қа айналдыру тарихы беріп отыр. Өндіріс уақыты өте көп қысқарды, бірақ негізгі капиталды жұмсау мөлшерлері де соншалық артты.

Өндіріс уақытының жұмыс уақытынан ауытқуының өзінше бір мысалын етік қалыптарын шығаратын американдық өндірісі көрсетіп отыр. Мұнда өнімсіз шығындардың едәуір бөлігі дайын болған қалып кейіннен қисайып, өз формасын өзгертпеу үшін ағаш 18 ай бойы кебуі тиіс екендігінен туып отыр. Осы уақыттың ішінде ағаш пәлендей бір еңбек процесіне түспейді. Сондықтан жұмсалған капиталдың айналым кезеңі қалыптарды шығарудың бір өзі үшін қажетті уақытпен ғана белгіленбейді, оның үстіне жұмсалған капитал кебуші ағаш түрінде ұзақ мерзім босқа жататын уақытпен де белгіленеді. Сөздің шын мағынасындағы еңбек процесіне түсуден бұрын ағаш өндіріс процесінде 18 ай болады. Сонымен қатар бұл мысал айналыс саласында емес, өндіріс процесінде туатын жағдайлардың нәтижесінде айналмалы капиталдың әр түрлі бөліктерінің айналым кезеңдері қаншалық әр түрлі болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасындағы айырмашылық ауыл шаруашылығында ерекше айқын көрінеді. Біздегі қоңыр салқын ауа райы жағдайында жер дәнді дақылдардан жылына бір рет өнім береді. Өндіріс кезеңінің (күздік егіс үшін орта есеппен тоғыз айлық кезеңнің) қысқаруы немесе ұзаруы өз кезегінде ауа райы қолайлы және қолайсыз болған жылдардың алмасып келуіне байланысты, сондықтан мұны сөздің дәл мағынасында алғанда өнеркәсіптегі сияқты күні бұрын дәлме-дәл белгілеп, бақылап отыру мүмкін емес. Тек сүт, сыр, т. б. сияқты қосымша өнімдер ғана біршама қысқа кезеңдерде өндіріліп, сатылуы мүмкін. Мұның керісінше, жұмыс уақыты, мысалы, мына түрде болып шығады:

«Германияның әр түрлі жерлерінде, өзінің әсерін тигізетін ауа райы жағдайлары мен басқа жағдайларға байланысты, еңбектің басты-басты үш кезеңі үшін жұмыс күндерінің саны орта есеппен төмендегіше алынуға тиіс: көктемгі кезең үшін — марттың ортасынан немесе апрельдің басынан майдан ортасына дейін, 50—60 жұмыс күні, жазғы кезең үшін — июнның басынан августтің аяғына дейін, 65—80 жұмыс күні, күзгі кезең үшін — сентябрьдің басынан октябрьдің аяғына дейін немесе ноябрьдің ортасына не аяғына дейін, 55—75 жұмыс күні. Қысқы уақытқа осы кезде орындауға болатын жұмыстар ғана, атап айтқанда: тыңайтқыштар тасып жеткізу, отын тасу, рынокқа барып қайту, құрылыс материалдарын тасу, т. б. жұмыстар ғана атқарылады» (F. Kirchhof. «Handbuch der Landwirtschaftlichen Betriebslehre». Dresden, 1852, S. 160).

Сондықтан, ауа райы неғұрлым қолайлы болған сайын ауыл шаруашылығында жұмыс кезеңі де соғұрлым қысқа бо-

лады, демек, өнбойына капитал мен еңбек жұмсалатын кезеңде соғұрлым қысқа болады. Мысалы, Россияны алайық. Ондағы кейбір солтүстік облыстарда егіс жұмыстары жылына 130—150 күнге созылуы мүмкін. Егерде егіс жұмыстары атаулының мүлде тоқталатын қысқы алты немесе сегіз ай бойына Россияның европалық бөлігінің 65 миллион халқының 50 миллионы жұмыссыз қалатын болса, Россия үшін қандай зиян болатыны түсінікті. Россияда 10 500 фабрикада жұмыс істеуші 200 000 шаруаны есептегенде, деревняларда өзінің үй өнеркәсібі барлық жерде өріс алды. Мәселен, шаруаларының бәрі ұрпақтан-ұрпаққа тоқымашылар, былғары илеушілер, етікшілер, слесарьлар, пышақ ұсталары, т. б. болып табылатын деревнялар бар; мұның өзі әсіресе Москва, Владимир, Калуга, Кострома мен Петербург губернияларында орын тепкен. Реті келгенде айта кетелік, осы үй өнеркәсібі енді капиталистік өндіріске қызмет етуге барған сайын көп мәжбүр болуда: мысалы, тоқымашыларға иіріс пен арқауды не тікелей көпестер, не арада жүруші алыпсатарлар жеткізіп беріп тұрады. (Мына төмендегі бойынша қысқартып алынған: «Reports by H. M. Secretaries of Embassy and Legation, on the Manufactures, Commerce, etc.» 1865, p. 86, 87, № 8). Мұнда өндіріс кезеңі мен жұмыс кезеңі (ал жұмыс кезеңі өндіріс кезеңінің бір бөлігі ғана болып табылады) арасындағы алшақтықтың егіншілікті селодағы көмекші кәсіптермен ұштастыру үшін табиғи негізді қалайынша жасайтыны, екінші жағынан, селодағы осы көмекші кәсіптер, өз тарапынан, әуел баста бұған көпес ретінде енетін капиталист үшін тіректі пункттерге қалай айналатыны көрініп тұр. Ал капиталистік өндіріс кейініректе мануфактураны егіншіліктен бөліп шығару ісін аяқтағанда, село жұмысшысы тура кездейсоқ жанама жұмыстарға тәуелді болған үстіне бола түседі, сөйтіп осыдан келіп оның жағдайы нашарлайды. Біздің кейініректе көретініміздей, капитал үшін айналымдағы айырмашылықтардың бәрі жойылып бітеді, ал жұмысшы үшін олай болмайды.

Өндеуші өнеркәсіп салаларының көпшілігінде, кен кәсібінде, транспортта, т. б. өндіріс бірқалыпты жүреді, жыл сайын біркелкі жұмыс уақыты жұмсалады және,— егер бағалардың ауытқуын, кәсіпкерлік өмір барысындағы өзгерістерді, т. с. аномалиялық ауытқулар деп сырт қалдырсақ,— күнделікті айналыс процесі үшін қажетті капиталға жұмсалатын қаржылар да тепе-тең бөлінеді. Сол сияқты, рыноктың басқа да өзгермейтін жағдайларында, айналмалы капиталдың қайта оралуы немесе оның бір жыл ішінде жаңғыруы да бір шамалас уақыттың ішінде болып отырады. Мұның керісінше, жұ-

мыс уақыты өндіріс уақытының бір бөлігі ғана болатын салаларда жылдың түрлі маусымдарында айналмалы капитал барынша әрқелкі жұмсалады, алайда оның қайта оралуы тек бірден, табиғи жағдайлар белгілейтін кезде болады. Сонымен мұнда, кәсіпорынның көлемі бірдей болған жағдайда, яғни авансыланған айналмалы капиталдың мөлшері бірдей болған жағдайда, бұл айналмалы капитал неғұрлым ірі мөлшерде бірден және жұмыс кезеңдері үздіксіз кәсіпорындарындағыдан гөрі неғұрлым ұзақ уақытқа авансылануға тиіс. Мұнда негізгі капитал өмірінің ұзақтығының да оның шынымен өнімді қызмет атқаратын уақыт кезеңінен едәуір үлкен ерекшелігі бар. Егер жұмыс уақыты мен өндіріс уақыты арасында айырмашылық бар екені, онда қолданылған негізгі капиталдың тұтыну уақыты да азды-көпті ұзақ кезеңдерге үнемі үзіліп отыратыны өзінен өзі түсінікті,— мысалы, егіншілікте жұмыс малы, еңбек құралдары, машиналар жөнінде жағдай осылай болып отыр. Бұл негізгі капитал жұмыс малынан тұратын болғандықтан, ол мал жұмыс істейтін уақытта да, жұмыс істемейтін уақытта да жем-шөпке, т. б. біркелкі немесе біркелкі дерлік қаржы жұмсауды үздіксіз талап етеді. Пайдаланылмай жатқан еңбек құралдарына келетін болсақ, онда бұлардың тұтынылмауы да олардың бағасын біраз кемітеді. Демек, жалпы алғанда өнім қымбаттайды, өйткені құнның өнімге көшуі де негізгі капиталдың қызмет атқаратын уақытына сәйкес емес, әлгі капиталдың өз құнынан айрылатын уақытына сәйкес есептеп шығарылады. Өндірістің бұл салаларында негізгі капиталдың әрекетсіздігі, ол күнделікті шығындарға байланысты ма, жоқ па, бәрібір, бұл әрекетсіздік, мысалы, жіп иірген кезде мақтаның белгілі бір мөлшерінің шығын болатыны сияқты, негізгі капиталдың дұрыс қолданылуының шарты болып табылады; сол сияқты дұрыс техникалық жағдайларда болатын әрбір еңбек процесінде жұмыс күшінің өнімсіз, бірақ амалсыз жұмсалулары оның өнімді жұмсалулары сияқты дәлме-дәл есепке алынып отырады. Еңбек құралдарының, шикізат пен жұмыс күшінің өнімсіз жұмсалуын азайтатын жетілдіру атуалының бәрі өнім құнын да азайтады.

Ауыл шаруашылығында біршама ұзақ жұмыс кезеңі де, жұмыс уақыты мен өндіріс уақытының арасында үлкен айырмашылық та бар. Годскин бұл жөнінде дұрыс атап көрсетеді:

«Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қажет уақыт пен» {айтпақшы, ол мұнда жұмыс уақыты мен өндіріс уақытын ажыратпайды} «еңбектің басқа салаларында өнімдер шығару үшін керекті уақыт арасындағы айырмашылық селолық қожайындардың барынша тәуелділігінің басты себебі болып табылады. Олар өз товарларын бір жылдан кейін барып рынок-

қа шығара алады. Олар бүкіл осы уақыт бойына етікшіден, тігіншіден, темір ұстаасынан, күйме жасаушыдан және басқа түрлі зат өндірушілерден нәрсені несиеге алуға тиіс, өйткені олар бұлардың өнімдеріне мұқтаж және олардың өнімдері аздаған күндердің немесе апталардың ішінде дайын болады. Бүкіл мемлекет жерін монополиялаған, оның үстіне тағы заң шығару ісін де бүтіндей өз қолына алған жер иелері жоғарыда көрсетілген табиғи жағдайдың салдарынан және еңбектің басқа салаларында байлықтың неғұрлым шапшаң өсуінің салдарынан өзін және өз малайларын, арендаторларды елдегі ең тәуелді адамдар болу жағдайынан бәрібір құтқара алмады». (Thomas Hodgskin. «Popular Political Economy». London, 1827, p. 147, ескерту).

Барлық әдістер, әдістер болғанда бұлардың көмегімен егіншілікте, бір жағынан, жалақы мен еңбек құралдарына шығарылған қаржылар бүкіл жыл бойына неғұрлым біркелкі бөлінеді, екінші жағынан, айналым уақыты қысқарады, мысалы, әр алуан өнімдер шығарғанда қысқарады, осының нәтижесінде сол бір жылдың ішінде егінді түрлі уақытта жинауға мүмкіндік болады,— осы әдістердің бәрі өндіріске авансыланған айналмалы капиталды арттыруды керек етеді, ал бұл капитал жалақыға, тыңайтқышқа, тұқымға, т. б. жұмсалады. Пар айдалатын үш танапты шаруашылық жүйесінен пар айдалмайтын ауыспалы егіс шаруашылығына көшудегі істің жайы осылай болып отыр. «Cultures dérobées» жүйесі жағдайында Фландрияда дәл осылай болып отыр.

«Cultures dérobées» жағдайында тамыр жемістер қолданылады; адамның керегін қанағаттандыру үшін белгілі бір танапта әуелі астық, зығыр, рапс өседі, ал оларды орып алғаннан кейін әлгі жерге малды азықтандыруға арналған тамыр жемістер егіледі. Ірі қараны барлық уақытта қорада ұстауға болатын жүйе тыңайтқыштарды едәуір көп жинауға мүмкіндік береді, сөйтіп ауыспалы егіс шаруашылығының негізіне айналады. Құмайтты жерлерде ұқсатылатын жердің үштен бірінен астамы «Cultures dérobées» үшін пайдаланылады; бұл жағдайда ұқсатылатын жердің көлемі шұбер бір есе артқанда қандай нәтиже алынса, сондай нәтиже алынады».

Тамыр жемістермен қатар нақ осы мақсаттар үшін жоңышқа және басқа да мал азығы шөптері егіледі.

«Бақша дақылын өсіруге көшетіндей етіп интенсивтілікке жеткізілген егіншіліктің капиталды біршама көп жұмсауды керек ететіні түсінікті. Англияда капиталдың жұмсалуды гектар басына 250 франк болып белгіленеді. Фландрияда біздің шаруаларымыздың гектар басына 500 фр. капитал жұмсалуды тым аз деп қарауы ықтимал» (Essai sur L'Economie Rurale de La Belgique» par Emile de Lavelye. Paris, 1863, p. 45, 46, 48).

**Ақырында, орман-тоғай шаруашылығын алайық.—**

«Ағаш өсіру ісінің басқа өндірістің көпшілігінен елеулі ерекшелігі: мұнда табиғат күші дербес әрекет жасайды және табиғи түрде жаңарғанда адам күші мен капитал жұмсауды керек етпейді. Алайда, тіпті ағаштар қолдан жаңғыртылған жерлердің өзінде адам күші мен капиталдың жұмсалуды табиғат күштерінің әрекеттерімен салыстырғанда болмашы ғана. Оның

үстіне, астық шықпайтын немесе оның өндірісі енді өзін өтемейтін топырақтар мен жерлерде ағаш жақсы өсуі мүмкін. Бірақ ағаш өсіру шаруашылықты дұрыс жүргізген жағдайда дәнді дақылдардан гөрі неғұрлым кең алқапты керек етеді, өйткені ұсақ парцеллалар болған жағдайда ағашты шаруашылық үшін кесуге болмайды, қосымша табыс келтіру мүмкін емес дерлік, орманды қорғау ісін ұйымдастыру қиынырақ, т. б. Алайда өндіріс процесінің тым ұзақ кезеңдерге созылатыны соншалық, ол процесс жеке меншіктегі шаруашылық жоспарларының шегінен асып кетеді, жеке реттерде тіпті бір ұрпақтың өмірінен де асып кетеді. Ағаш өсіру үшін жер участоктарын алуға жұмсалған капитал»,

{қоғамдық өндіріс жағдайында бұл капитал қажет болмай қалады, сондықтан мәселе бұл қоғамның ағаш өсіру үшін егістік пен жайылымнан қанша жер бөліп ала алатындығында ғана қалады},

«ұзақ уақыт өткеннен кейін барып қана елеулі нәтижелер береді және ішінара ғана айналым жасайды; ағаштың кейбір түрлеріне қарай толық айналым 150 жылға дейінгі уақытты керек етеді. Оның үстіне, орман шаруашылығын жүйелі жүргізу оның жыл сайынғы шығынынан 10—40 есе асып түсетін, өсіп тұрған ағаш қорының үнемі болуын керек етеді. Сондықтан кімде-кімнің басқа табыс табу көздері болмай, тек қана айтарлықтай орман алқаптары болса, ол кісі дұрыс орман-тоғай шаруашылығын жүргізе алмайды» (Кирххоф, 58-бет).

Өндірістің ұзақ уақыты (біршама аздаған жұмыс уақытын ғана өзіне қосатын уақыт), сондықтан да айналым кезеңдерінің тым ұзақтығы ағаш өсіру ісін жеке меншіктегі өндіріс үшін, демек, капиталистік өндіріс үшін де тиімсіз сала етеді,— өйткені капиталистік өндіріс өзінің мәні жағынан жеке меншіктегі өндіріс, тіпті жеке капиталистің орнына ассоцияланған капиталист әрекет жасаған күнде де жеке меншіктегі өндіріс болып табылады. Жалпы алғанда мәдениет пен өнеркәсіптің дамуы бағы заманнан бері ормандарды күшті жоюмен қатар жүргені соншалық, мұнымен салыстырғанда ағашты сақтап, жаңадан ағаштар отырғызу үшін олардың істегендерінің бәрі мүлде түкке тұрғысыз болып шығады.

Кирххоф кітабынан жоғарыда келтірілген цитатаның мына жері ерекше көңіл аударуға тұрарлық:

«Оның үстіне, орман шаруашылығын жүйелі жүргізу оның жыл сайынғы шығынынан 10—40 есе асып түсетін, өсіп тұрған ағаш қорының үнемі болуын керек етеді».

Мұның мәнісі: капитал 10—40 жылда және одан көп жылдарда бір айналым жасайды деген сөз.

Мал шаруашылығында да нақ осындай. Табындағы малдың бір бөлігі (мал қоры) өндіріс процесінде қалып отырғанда, табынның екінші бөлігі жыл сайынғы өнім ретінде саты-

лады. Капиталдың тек бір бөлігі ғана мұнда жыл сайын айналым жасайды, негізгі капитал жөнінде — машиналар, жұмыс малы, т. с. жөнінде де істің жайы нақ осындай. Бұл капитал біршама ұзақ уақытқа өндіріс процесіне бекітілген, сондықтан да бүкіл капиталдың айналымын баяулататын капитал бола тұрса да, дегенмен ол бұл ұғымның үзілді-кесілді мағынасында негізгі капиталды құрамайды.

Мұнда қор деп аталып отырған нәрсе — өсіп тұрған ағаштың немесе тірі малдың белгілі бір мөлшері, — өндіріс процесінде (сонымен қатар еңбек құралдары мен еңбек материалы ретінде) шартты мағынада болады; ағашты немесе малды ұдайы өндірудің табиғи жағдайларына сәйкес, шаруашылықты дұрыс жүргізгенде, оның едәуір бөлігі осы формада, қор формасында болуға тиіс.

Капитал айналымына нақ қордың басқа бір түрі нақ осындай әсер етеді, бұл қор потенциалды өндіргіш капиталды ғана құрайды, бірақ шаруашылықтың өз табиғатынан келіп аздықөпті едәуір аумақта қорлануға тиіс, демек, ол өндірістің қызу процесіне аздап қана кіріскенімен, біршама ұзақ уақыт бойына өндіріс үшін авансылануға тиіс. Бұған жататындар, мысалы, әзірге әлі егіс даласына тасылмай тұрғандағы тыңайтқыш, сондай-ақ астық, пішен, т. б. және мал өндірісіне кіретін тіршілік заттарының қорлары.

«Кәсіпорын капиталының едәуір бөлігі шаруашылық қорларында болады. Алайда бұл шаруашылық қорлары, егер оларды жақсылап сақтау үшін қажетті алдынала белгіленетін шаралар тиісті ұқыптылықпен қолданылмаса, аздықөпті дәрежеде өз құнын жоғалтады; өйткені бақылаудың жетімсіздігінен өнім қорларының біразы шаруашылық үшін мүлде жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан мұнда жемшөп пен астық үшін керекті қамбаларға, үйлерге, погребтерге ерекше ыждағатты бақылау жасап отыру керек, сондай-ақ өнім қорлары сақталатын үйлерді ұқыпты түрде жауып жүру, оның үстіне, оларды таза ұстау керек, ауасын тазартып тұру керек, т. б.; сақтауға деген дәнді дақылдар мен басқа жемістерді оқтын-оқтын қайта аударыстырып, сұрыптап тұру керек, картоп пен қызылшаны аяздан да, судан және шіруден де сақтау керек» (Қирххоф, 292-бет). «Өз меншігіндегі шаруашылықтың керек нәрселерін, әсіресе малды асырау үшін керек нәрселерді есептегенде (ал бар қорды бөлу ісін қолда бар өнімдердің мөлшеріне және көздеген мақсатқа қарай жүргізген жөн) бұл керексінуді қамтамасыз етуді ғана ескеріп қоймай, оның үстіне қандай болсын бір ойламаған жағдайлар бола қалған күнде белгілі бір қордың болу қажеттігін де есепке алу қажет. Ал соның өзінде әлгі керексінуді өз шаруашылығы өнімінің есебінен толық қамтамасыз ету мүмкін болмайтын болса, онда жетіспейтін нәрселерді басқа өнімдермен (суррогаттармен) толтыруға болатын, болмайтындығын, немесе, тым болмағанда, жетіспейтін нәрсені мүмкін болғанынша арзандау түсіруді ең алдымен ойластыру керек. Мысалы, егер шөптің жетімсіздігі байқалса, онда оны сабан қосқан тамыр жемістермен ауыстыруға болады. Жалпы алғанда бұл арада түрлі өнімдердің шаруашылық үшін құндылығымен және рынок бағасымен үнемі сана-



сып отыру қажет, сөйтіп осыған сәйкес тұтыну туралы мәселені шешу керек, мысалы, бұршақ пен қара бидайдың бағасы біршама төмен болып отырған жағдайда, сұлы қымбат болса, онда жылқының жеміндегі сұлының біразын бұршақпен немесе қара бидаймен тиімді түрде ауыстырып, осындай ауыстырудың нәтижесінде артық қалған сұлыны сатуға болады» (бұл да сонда, 300-бет).

Жоғарыда, қордың жасалуын қарастырғанда \*, потенциалды өндіргіш капиталдың белгілі бір, азды-көпті мөлшерінің қажет екені, яғни азды-көпті аумақта қор түрінде болып, өндіріс процесіне аз-аздап қана кіруге тиісті өндіріс құрал-жабдықтарына арналған өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі бір мөлшерінің қажет екені бұрын атап көрсетілген болатын. Мұнымен қатар белгілі бір кәсіпорында немесе белгілі бір мөлшердегі капиталистік өндіріс жағдайында осы өндірістік қордың көлемі оның жаңалануының азды-көпті қиындығына, заттарды сатып алатын рыноктардың біршама жақындығына, транспорт пен байланыс құралдарының қаншалық өркендегеніне, т. б. байланысты екені де атап көрсетілген-ді. Осы жағдайлардың бәрі өндірістік қор формасында болуға тиіс капиталдың минимумын белгілейді, демек, капиталдардың авансылануға тиіс уақытының ұзақтығын, сондай-ақ капиталдың бір жолы авансыланатын аумағының мөлшерін де белгілейді. Демек, капитал аумағының айналымға да әсерін тигізетін бұл мөлшері айналмалы капиталдың өндірістік қор формасында, тек потенциалды өндіргіш капитал ретінде бекітіліп қойылған уақыттың азды-көпті ұзақтығынан туады. Екінші жағынан, оның бұл кідірісі өз орнының азды-көпті шапшаң толу мүмкіндігіне: рынок жағдайларына, т. б. байланысты болғандықтан, бұл кідірістің өзі айналым уақытынан, айналыс саласына қатысты жағдайлардан туады.

«Онан соң, қол аспаптары, елеуіштер, кәрzenкелер, жіптер, дөңгелек майы, шегелер, т. б. сияқты құрал-сайман заттарын немесе меншік бұйымдарын шаруашылыққа жақын жерден тауып алу мүмкіндігі неғұрлым аз болса, оларды тез ауыстыру үшін бұл нәрселердің соғұрлым көп мөлшерде қоры болуға тиіс. Ақырында, жыл сайын қыс бойына бүкіл құрал-сайман ұқыпты түрде тексерілуге тиіс; сонсоң қажетті толықтырулар жасалып, осы құрал-сайманның жөнделуіне күш салу керек. Жалпы айтқанда, құрал-сайман қорының қаншалықты көп болуға тиіс екені көбінесе жергілікті жағдайларға қарап белгіленеді. Жақын маңда қолөнершілер мен сауда дүкендері жоқ жерлерде сол маңдарда немесе соларға жақын жерлерде дүкендер мен мастерлер бар жерлердегіден гөрі неғұрлым көп мөлшерде қор ұстау керек. Ал басқа жағдайлар бірдей болып отырғанда қажетті қорлар біршама көп мөлшерде бірден сатып алынатын болса, онда бұл ретте әдетте сатып алынатын нәрселер арзанға түссе, әсіресе, бұл үшін қолайлы кезең тандап алынса, тиімді болады; рас, бұл арада кәсіпорнының айнал-

\* Осы томның 163—169-беттерін қараңыз: *Ред.*

малы капиталынан бірден тым көп сома алынады, ал бұлай болмайынша ол кәсіпорнның тіршілік етуі әрқашан оңай бола бермейді» (Кирххоф, 301-бет).

Өндіріс уақыты мен жұмыс уақыты арасындағы айырмашылық, біздің көргеніміздей, барынша алуан түрлі жағдайларда тууы мүмкін. Айналым капитал нағыз еңбек процесіне кірместен бұрын өндіріс кезеңінде бола алады (етік қалыптарын жасап шығару); немесе ол нағыз жұмыс процесінен өткеннен кейін барып өндіріс кезеңінде болады (шарап, егіс); немесе өндірістің жалпы уақытына жұмыс уақыты үзіліс-үзіліспен, жарым-жартылап кіреді (егіншілік, орман-тоғай шаруашылығы); айналыс жасауға жарамды өнімнің үлкен бөлігі өндірістің қызу процесінде қалып отырғанда, оның тым аз бөлігі жыл сайынғы айналысқа түседі (орман-тоғай шаруашылығы мен мал шаруашылығы); потенциалды өндіргіш капитал формасында айналым капитал жұмсалуға тиіс, демек, капиталдың азды-көпті аумағы бірден жұмсалуға тиіс уақыт кезеңінің азды-көпті ұзақтығы ішінара нақ өндіріс процесінің сипатынан туады (егіншілік), ал ішінара рыноктардың, т. б. жақындығына байланысты,— қысқасын айтқанда, айналыс саласына қатысты жағдайларға байланысты.

Мак-Куллохтың, Джемс Милльдің және басқалардың жұмыс уақытынан ауытқитын өндіріс уақытын әлгі жұмыс уақытымен бірдей деп санау әрекетінің,— өз кезегінде келіп құн теориясын теріс қолданудан туатын әрекеттің нәтижесінде қандай қисынсыз теорияларға келгенін біз кейінірек («Қапитал», III кітап) көреміз.

Бұрын өзіміз талдап қараған айналым циклін өндіріс процесіне авансыланған негізгі капитал өмірінің ұзақтығы туғызады. Бұл цикл аздаған немесе көптеген бірсыпыра жылдарды қамтиды екен, онда бұл цикл да негізгі капиталдың бірқатар жылдық айналымын, немесе бір жыл бойына қайталайтын бірқатар айналымын қамтиды.

Егіншілікте мұндай айналым циклі егін шаруашылығының жүйесі арқылы белгіленеді.

«Қалай болғанда да аренда мерзімінің ұзақтығы егін шаруашылығының қолданылып жүрген жүйесіне сай келетін айналым уақытынан қысқа болмауға тиіс,— демек, үш танапты шаруашылық жүйесі жағдайында біз мұнда 3, 6, 9 сандарымен т. т. әрқашан істес боламыз. Егер таза пар қолданылатын үш танапты жүйе қабылданса, онда әрбір танап алты жыл ішінде төрт рет қана ұқсатылады, соның өзінде ұқсатылатын жылдары бұл жерге күздік немесе жаздық бидай себіледі, егер жер топырағының сапасы мүм-

кіндік берсе немесе керек етсе, бидай мен қара бидай, арпа мен сұлы үзбей себіледі. Дәнді дақылдардың әрбір түрі бір жердің өзінде басқа түрлерінен гөрі көп немесе аз өнім береді, бұлардың әр қайсысының басқаша құны бар және басқаша бағамен сатылады. Сондықтан сол әрбір ұқсатылған жылда жерден түсетін табыс өткен жылғы табыстан өзгеше болады, сондай-ақ бүкіл айналымның бірінші жартысында (алғашқы үш жылда) ол табыс екінші жартысындағыдай болмайды. Тіпті айналым уақытының бірінші және екінші жартысындағы орташа табыстың өзі бірдей болмайды, өйткені өнім топырақ сапасына ғана емес, ауа райына да байланысты; сондай-ақ баға да алуан түрлі жағдайларға байланысты болады. Ал егер енді біз айналымның бүкіл алты жылдық кезеңі ішіндегі орташа өнім мен орташа бағаны еске ала отырып, жерден түскен табысты есептеп шығарсақ, онда біз айналымның бірінші кезеңі үшін де, екінші кезеңі үшін де жыл сайынғы табыстың жалпы сомасын аламыз. Алайда, егер біз айналым уақытының тек бір жартысындағы, яғни тек үш жылдағы табысты есептеп шығарсақ, бұлай болмайды, өйткені онда табыстың жалпы сомасы әр түрлі болар еді. Бұдан келіп шығатын нәрсесі: үш танапты шаруашылық жүйесі жағдайында аренда мерзімінің ұзақтығы кем дегенде 6 жыл болып белгіленуге тиіс. Бірақ арендатор үшін де, арендаға беруші үшін де аса бір керекті жағдай: аренда мерзімінің көп мерзімді аренда болуы» {sic!} «сөйтіп үш танапты шаруашылық жүйесі жағдайында 6 жылдың орнына 12, 18 жыл және бұдан да көп жыл болып, ал жеті танапты шаруашылық жағдайында 7 жылдың орнына 14, 28 жыл болып белгіленуі» (Кирххоф, 117, 118-беттер).

{Маркстің қолжазбасының осы бір жерінде былай делінген: «Ағылшын ауыспалы егіс шаруашылығы. Бұл арада ескерту жасау керек».}

## ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

### АЙНАЛЫС УАҚЫТЫ

Біз бұған дейін қарастырып өткен жағдайлардың бәрі — өндірістің түрлі салаларына жұмсалған түрлі капиталдардың айналым кезеңдерінің ұзақтығындағы айырмашылықтарды, сондықтан да капитал авансылануға тиіс кезеңдердің уақытындағы айырмашылықтарды туғызатын жағдайлардың бәрі негізгі капитал мен айналмалы капиталдың айырмашылығы ретінде, жұмыс кезеңдерінің айырмашылығы, т. б. ретінде өндіріс процесінің өзінде туады. Ал капиталдың айналым уақыты оның өндіріс уақыты мен оның айналыс жасау, немесе айналып жүру уақытының жиынтығына тең. Сондықтан айналыс уақытының әр түрлі ұзақтығы айналым уақытын, демек, айналыс кезеңінің ұзақтығын да әр түрлі ететіні өзінен өзі түсінікті. Мұның өзі егер капиталдың екі түрлі жұмсалудың тек айналыс уақыты ғана әр түрлі, айналымды модификациялайтын басқа жағдайлардың бәрі бірдей екі түрлі жұмсалудың салыстырса, немесе егер белгілі бір жұмыс кезеңі, т. б. жағдайында, негізгі капитал мен айналмалы капиталдың белгілі бір ара салмағы бар белгілі бір капиталды алса және тек оның айналыс уақытын ғана гипотезалық түрде өзгертсе, барынша айқын бола түседі.

Айналыс уақытының бір бөлігі — біршама ең маңызды бөлігі — сату уақытынан, яғни капиталдың товар капиталы қалпында болатын уақыт кезеңінен тұрады. Осы мерзімнің біршама ұзақтығына сәйкес айналыс уақыты, сондықтан жалпы айналым кезеңі де ұзарады немесе қысқарады. Өнімді сақтауға, т. б. жұмсалған шығындардың салдарынан капиталдың қосымша жұмсалуды да керек болуы мүмкін. Дайын

товарларды сату үшін қажет уақыт өндірістің белгілі бір саласында жеке капиталистер үшін барынша әр түрлі болуы, демек, өндірістің түрлі салаларына жұмсалған капиталдардың жиыны үшін ғана емес, шындығына келгенде өндірістің белгілі бір саласына жұмсалған бүкіл капиталдың тек ерекшеленген бөліктері болып табылатын түрлі дербес капиталдар үшін де әр түрлі болуы өзінен өзі түсінікті. Басқа жағдайлардың бәрі бірдей болғанда сол бір жеке капитал үшін зат сату кезеңі рынок жағдайларындағы жалпы өзгерістерге немесе өндірістің жеке саласындағы бұл жағдайлардың өзгерістеріне сәйкес өзгертін болады. Бұған біз енді бұдан әрі тоқталмаймыз. Біз жай фактіні ғана айқындаймыз: өндірістің түрлі салаларына жұмсалған капиталдар айналымы кезеңдерінің ұзақтығындағы айырмашылықты жалпы туғызатын жағдайлардың бәрі, егер бұл капиталдар жеке әрекет жасайтын болса (мысалы, егер бір капиталист өзінің бәсекесінен гөрі тезірек сатуға мүмкіндігі болса, егер біреуі жұмыс кезеңін т. б. қысқартатын әдістерді екіншісінен гөрі көбірек қолданып болса), әлгі жағдайлардың бәрі өндірістің белгілі бір саласында болып отырған түрлі жеке капиталдардың айналымындағы айырмашылықты туғызады.

Сату уақытының, сондықтан жалпы алғанда айналым уақытының да ұзақтығындағы айырмашылықты үнемі туғызатын себептердің бірі товар сатылатын рыноктың осы товар шығарылатын жерден қашықтығы болып табылады. Капитал рынокқа барып түскенге дейінгі бүкіл уақыт бойына товар капиталының күйінде байланып қала береді; егер товар заказ бойынша шығарылатын болса, онда капитал товарды заказчикке бергенге дейін байланып қала береді; егер заказ бойынша шығарылмаған болса, онда рынокқа жеткенге дейінгі жолда болатын уақытқа товардың сатылуды күтіп әлгі рынокта болатын уақыты тағы да қосылады. Байланыс пен транспорт құралдарының жақсаруы товардың жолда жүру кезеңін мүлде қысқартады, бірақ мұның өзі түрлі товар капиталдарының айналыс уақытында немесе белгілі бір товар капиталының әр түрлі рыноктарға сапар шегетін алуан түрлі бөліктерінің айналыс уақытында әлгі жолда жүруден келіп туатын біршама айырмашылығын жоймайды. Мысалы, товарлардың жолда жүріп қалу уақытын қысқартатын жетілдірілген желкенді кемелер мен бу күшімен жүретін кемелер жақын жердегі порттарға дейінгі де, алыс жатқан порттарға дейінгі де әлгі уақытты қысқартады. Сонымен қатар уақыт жөніндегі бұл біршама айырмашылық көбінесе азайғанымен, ол айырмашылық қалып отырады. Алайда транспорт пен байланыс құрал-

дарының өркендеуі нәтижесінде товарлардың жолда жүріп қалу уақытындағы біршама айырмашылықтар былайша өзгеруі мүмкін: бұл айырмашылықтар енді географиялық алыс-жақындыққа сәйкес келмейді. Мысалы, өндіріс тұрған жерден ел ішіндегі халық көп жиналатын басты орталыққа апаратын темір жол осы ел ішіндегі географиялық жағынан жақын, бірақ темір жол бармайтын пунктті географиялық жағынан әлдеқайда қашықтықта тұрған пункттен гөрі мүлде немесе біршама неғұрлым шалғай пункт етуі мүмкін; дәл сол сияқты осы айтылған жағдайдың нәтижесінде өндіріс тұрған жерлердің тіпті өнім өткізу жөніндегі біршама ірі рыноктардан біраз қашықтығы өзгеруі мүмкін, ал ескі өндіріс орталықтары құлдырап, жаңа өндіріс орталықтарының пайда болу себебі де осыдан, мұның өзі транспорт пен байланыс құралдарындағы өзгерістермен қатар болады. (Бұған жақын жерлерге қарағанда алыс жерлерге транспорттың біршама едәуір арзандығы да қосылады.) Транспорт құралдарының дамуымен бірге қатынас шапшаңдығы өсіп қана қоймайды, осының нәтижесінде жер қашықтығы уақыт жағынан қысқарады. Мұнымен қатар транспорт пен байланыс құралдарының аумағы ғана өсіп қоймайды, сондықтан, мысалы, бір мезгілде бір портқа қарай көптеген кемелер жолға шығады, әр түрлі темір жолдармен екі пункттің аралығында бірнеше поезд бір мезгілде жүріп тұрады, ал, мысалы, товар кемелері де аптаның әр түрлі күндерінде Ливерпульден Нью-Йоркқа бірінен соң бірі кетіп жатады немесе товар поездары тәуліктің түрлі сағаттарында Манчестерден Лондонға жүріп жатады. Рас, осы соңғы жағдайдың нәтижесінде, транспорт құралдарының белгілі бір өнімді жұмыс істеуі жағдайында, абсолюттік шапшаңдық өзгермейді, демек, айналыс уақытының тиісті бөлігі де өзгермейді. Бірақ товарлардың жүйелі мөлшерлерін бірінен соң бірін неғұрлым қысқа уақыт ішінде жөнелтуге болады, сөйтіп товарлардың шынымен жөнелтілуіне дейін потенциалды товар капиталы түрінде үйіліп-үйіліп жиналып жатып қалмай, рынокқа үздіксіз түсіп отырады. Сондықтан капиталдың қайта оралуы да бөліп-бөліп, уақыттың үздіксіз біріне біріне қысқа кезендері арқылы болады, сөйтіп мұның бір бөлігі үнемі ақша капиталына айналып отырады, ал екінші бөлігі әлі товар капиталы ретінде айналыс жасайды. Қайта оралудың бірнеше үздіксіз кезендерге осылай бөлінуі арқылы айналыстың бүкіл уақыты қысқарады, сондықтан айналым уақыты да қысқарады. Ең алдымен транспорт құралдарының қызмет атқару интенсивтілігі азды-көпті дәрежеде дамиды; мысалы, бір жағынан, өндірістің бір жерінде өнімнің барған

сайын қаншалықты көп шоғырланатынына қарай, ол өндірістің неғұрлым ірі өндіріс орталығына қаншалықты айналуына қарай, темір жол поездарының саны артады, оның үстіне поездардың саны өнім өткізетін қазірдің өзінде бар рынокқа қараған бағытта, демек, — өндіріс пен халықтың ірі-ірі орталықтарына, экспортқа шығарылатын товарлар жіберілетін порттарға қараған бағытта артады, т. т. Бірақ, екінші жағынан, қатынастардың осы ерекше жеңілдігі және осының арқасында капитал айналымының шапшаңдауы (өйткені ол айналым айналыс уақытына байланысты болғандықтан), қайта, өндірістің осы орталығының шапшаң дамуын, сондай-ақ өнім өткізу рыногында оның жағдайының нығаюын туғызады. Көптеген адамдардың және капитал аумақтарының белгілі бір пункттерде осылайша шапшаң шоғырлануымен бірге осы капитал аумақтарының аздаған адамдардың қолына жиналуы өседі. Сонымен қатар өндіріс орталықтары мен рыноктардың өзгерістері — транспорт пен байланыс құралдарындағы өзгерістердің себебінен туған өзгерістері нәтижесінде олардың жаңадан орын ауыстырып, орналасуы болып жатады. Үлкен жол бойындағы немесе канал бойындағы өз жағдайының арқасында бұрын ерекше артықшылықтары болған өндіріс тұрған пәлендей бір жер енді келіп жалғыз ғана темір жол тармағына, оның үстіне біршама ұзақ үзілістермен жұмыс істейтін ғана тармаққа жақын болып шығады, ал басты қатынас жолдарынан мүлде шет тұрған басқа бір жер енді бірнеше жолдардың тоғысқан пункті болып шығады. Екінші бір аудан өркендейді, бірінші аудан құлдилап кетеді. Сөйтіп, транспорт құралдарында болған өзгеріс товарлар айналысы уақытындағы жергілікті айырмашылықтарға, сатып алу, сату, т. б. жағдайларындағы айырмашылықтарға жеткізеді, немесе қазірдің өзінде бар жергілікті айырмашылықтарға өзгерістер енгізеді. Капитал айналымы үшін бұл жағдайдың маңыздылығы түрлі аудандардың көпестері мен өнеркәсіп иелері өкілдерінің темір жол басқармаларымен үздіксіз болып отырған айтыс-тартыстарынан көрініп отыр. (Мысалы, жоғарыда цитат келтірілген «Railway Committee» деген Көк кітапты қараңыз \*).

Өз өнімдерінің сипаты жағынан өнімдерін жергілікті жерде өткізуге арналған, мысалы, сыра қайнату сияқты өндіріс салаларының бәрі осы себептен халық көбірек шоғырланған басты орталықтарда мықтап өркендейді. Капиталдың неғұрлым шапшаң айналымы бұл арада өндірістің кейбір жағдай-

\* Осы томның, 177-бетін қараңыз: *Ред.*

ларының: құрылыстар, т. б. үшін керекті жер участогінің өте қымбаттығының есесін ішінара толтырады.

Егер, бір жағынан, капиталистік өндірістің ілгері басуына қарай транспорт пен байланыс құралдарының дамуы белгілі бір товарлардың аумағы үшін керекті айналыс уақытын қысқартатын болса, мұның керісінше, әлгі прогрестің өзі және транспорт пен байланыс құралдарының дамуымен бірге қалыптасатын жағдайлар барған сайын неғұрлым шалғай рыноктар үшін, қысқасын айтқанда,— дүние жүзілік рынок үшін жұмыс істеу қажеттігіне жеткізеді. Шалғай пункттерге жіберіліп, жолда жүрген товарлардың аумағы орасан өседі, сондықтан қоғамдық капиталдың товар капиталы сатысында, айналыс уақытының шеңберлерінде неғұрлым ұзақ мерзім бойы үнемі қалатын бөлігі де абсолютті және относителді түрде өседі. Сонымен қатар қоғамдық капиталдың тікелей өндіріс құрал-жабдықтары болып қызмет атқарудың орнына транспорт пен байланыс құралдарына жұмсалатын, сондай-ақ транспорт пен байланысты пайдалану үшін керек болатын негізгі капитал мен айналмалы капиталға жұмсалатын бөлігі де өседі.

Товардың өзі өндірілген жерінен оны өткізетін жерге дейін жолда жүруінің әр түрлі ұзақтығы айналыс уақытының бірінші бөлігіндегі, сату уақытындағы айырмашылықты ғана емес, сонымен бірге екінші бөлігіндегі, ақшаның өндіргіш капитал элементтеріне қайта айналуындағы, сатып алу уақытындағы айырмашылықты да туғызуға себепші болады. Мысалы, товар Индияға жіберіледі екен. Мұның өзі төрт айға созылады делік. Сондай-ақ, сату уақыты = О деп, яғни товар заказ бойынша жіберіледі де, заказчикке жеткізілген бойы ақысы төленеді деп ұйғарайық. Ақшаны қайыра жіберу (бұл арада ақша қандай формада жіберілсе де бәрібір) тағы төрт айға созылады делік. Сонымен, белгілі бір капитал өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаруға мүмкіндік алғанға дейін, демек, белгілі бір операцияны қайта бастағанға дейін, жалпы алғанда сегіз ай өтеді. Осылайша айналым ұзақтығында туатын айырмашылықтар, теңіздің арғы бетіндегі, мысалы, Венеция мен Генуядағы сауданың жалпы алғанда сол кредит жүйесінің шығу көздерінің бірі болып табылатыны сияқты, ол айырмашылықтар кредиттің әр түрлі мерзімдері үшін керекті материалдық негіздердің бірі болып табылады.

«1847 жылғы дағдарыс сол кездегі банктер мен сауда фирмаларына Индия мен Қытайдан берілген вексельдер бойынша төлем төлеу мерзімдерін» (вексельдердің бұл елдер мен Европа аралығындағы жолда жүру уақыты) «вексельдердің жазылған күнінен саналатын 10 айдан көрсетілген



күнінен саңалатын 6 айға дейін қысқартуға мүмкіндік берді; енді, 20 жыл өткен соң, қатынастардың шапшаңдауына және телеграф линияларының жүргізілуіне байланысты бұл уақытты көрсетілген күнінен саналатын 6 айдан жазылған күнінен саналатын 4 айға дейін тағы да қысқарту қажет болды, немесе бұған қарай жасалған бірінші қадам ретінде, — көрсетілген күнінен саналатын 4 ай мерзім белгілеу қажет болды. Желкенді кемеңің Калькуттадан Лондонға дейін ізгі Үміт мүйісін айналып өтуі орта есеппен 90 күннен сәл аз уақытқа созылады. Көрсетілген күнінен саналатын төрт ай мерзім шамамен жолдың 150 күніне тең болар еді. Көрсетілген күнінен саналатын қазіргі 6 ай мерзім шамамен жолдың 210 күніне тең болып отыр» («Economist», London, 16 июнь, 1866 жыл).

### — Мұның керісінше:

«Бразилия вексельдері бойынша төлем төлеу мерзімі әлі көрсетілген күнінен саналатын екі және үш ай болып белгіленеді, Антверпен вексельдері (Лондонға) жазылған күнінен саналатын 3 айға беріледі, ал тіпті Манчестер мен Бредфорд вексельдерді Лондонға 3 ай мерзімге және неғұрлым ұзақ мерзімдерге береді. Сонымен, үн-түнсіз келісімге келу бойынша, товар үшін берілген вексельдердің мерзімі өтуден бұрын болмаса да, дегенмен сол мерзім өткенге дейін өз товарын өткізу жөнінде саудагерге жеткілікті мүмкіндік беріледі. Сондықтан Индиядан берілген вексельдерді есепке алу үшін белгіленген мерзім шамадан тыс көп мерзім емес. Көбінесе үш айда төлеу мерзімімен Лондонда сатылатын Индия өнімдерінің — егер сату үшін қажет кейбір уақытты тағы қоссақ — бес айдан гөрі неғұрлым қысқа мерзімде өткізілуі мүмкін емес; оның үстіне, Индияда товарларды сатып алып, оларды ағылшын қоймаларына тапсыру арасында орта есеппен тағы бес ай өтеді. Мұнда біз он айлық кезеңді көріп отырмыз, ал бұл товарларға берілген вексельдердің мерзімі жеті айдан аспайды» («Economist», London, 30 июнь, 1866 жыл).

«1866 жылғы 2 июльде Лондонның көбінесе Индиямен және Қытаймен қарым-қатынас жүргізуші бес ірі банкі, сондай-ақ, Париждің «Comptoir d'Escompte» 1867 жылғы 1 январьдан бастап өздерінің Шығыстағы филиалдары мен агенттіктері көрсетілген күннен санағанда төрт айдан аспайтын уақытқа берілетін вексельдерді ғана сатып алатынын және сататынын мәлімдеді» («Economist», London, 7 июль, 1866 жыл).

Алайда вексельдерді есепке алу мерзімдерін бұлай қысқартуды жүзеге асырудың сәті түспеді, сондықтан оны бұзуға тура келді. {Кейінірек Суэц каналы бұл мерзімдердің бәрін түбірінен өзгертті}.

Товарлар айналысының уақыты неғұрлым ұзақ болған жағдайда өнім өткізу рыногында бағаның өзгеріп кету қаупі артады, өйткені кезең ұзарады, ал бұл кезең ішінде бағаның өзгеріп кетуі мүмкін.

Айналыс уақытындағы айырмашылық, — өндірістің белгілі бір саласының әр түрлі жеке капиталдарында болып отырған ішінара жеке айырмашылық, төлем дереу қолма-қол төленбейтін реттерде төлемнің әр түрлі мерзімдеріне байланысты түрлі салалар үшін болатын ішінара айырмашылық, — бұл айырмашылық сатып алу мен сату жағдайында төлемнің түр-

лі мерзімдерінен туады. Біз бұл арада кредит ісі үшін маңызы бар пунктке толығырақ тоқталмаймыз.

Капитал айналымы уақытының ұзақтығындағы айырмашылықтар капиталистік өндірістің аумағы мен көлемінің өсуімен бірге арта түсетін өнім тапсырулар жөніндегі келісімдердің мөлшеріне де байланысты. Сатушы мен сатып алушының арасында жасалған келісім ретіндегі өнім тапсыру туралы договор рынокқа, айналыс саласына қатысты, операция болып табылады. Айналым уақытының ұзақтығындағы осындай келіп шығатын айырмашылықтар, демек, айналыс саласында пайда болады, бірақ бұл айырмашылықтар өндіріс саласында тікелей көрінеді, онда да төлем мерзімдеріне және кредиттің басқа да шарттарына ешбір байланыссыз көрінеді, демек, ол айырмашылықтар төлемді қолма-қол төлеген жағдайда да өндіріс саласында көрінеді. Мысалы, көмір, мақта, жіп, т.б.— бөлуге келетін өнімдер. Еңбек процесінің әрбір күні дайын өнімнің белгілі бір мөлшерін береді. Ал егер жіп иіруші фабрикант немесе шахтаның иесі, айталық, бірінен соң бірі келіп отыратын жұмыс күндерінің төрт апталық немесе алты апталық кезеңін керек ететін өнім аумағын беруді өз міндетіне алатын болса, онда капиталды авансылауға тура келетін уақыттың ұзақтығы жөнінде мұның өзі бұл еңбек процесінде төрт немесе алты аптадан құралған үздіксіз жұмыс кезеңінің енгізілуімен бірдей болады. Мұнда, әрине, өнімнің заказ етілген бүкіл аумағы бір жолы жеткізіліп берілуге тиіс немесе ол өнім аумағы түгелдей жеткізіліп берілгеннен кейін ғана ақысы төленетін болады. Сонымен, еңбек процесінің әрбір күні, жекелеп алғанда, өзінің дайын өнімінің белгілі бір мөлшерін береді. Бірақ бұл дайын өнім аумағы әрбір кезеңде договор бойынша заказчикке тапсырылуы қажет өнім аумағының бір бөлігі ғана болып табылады. Бұл ретте, егер заказ берілген товардың дайын бөлігі өндіріс процесінде болмаса, онда ол қалай болған күнде де қоймада жату керек, бірақ ол қоймада потенциалды капитал ретінде ғана жатады.

Енді айналыс уақытының екінші кезеңіне: сатып алу уақытына немесе капиталдың ақша формасынан қайтадан өндіргіш капитал элементтеріне айналатын кезеңіне көшейік. Капитал осы уақыттың ішінде азды-көпті ұзақ уақыт бойына ақша капиталы күйінде қалуға тиіс, демек, бүкіл авансыланған капиталдың кейбір бөлігі, бұл бөлік үнемі өзгеріп тұратын элементтерден құрала тұрса да, ақша капиталы күйінде үздіксіз болуға тиіс. Бүкіл авансыланған капиталдан, мысалы, 100 ф. ст.  $\times n$  ақша капиталы формасында қандай болсын белгілі бір кәсіпорынында болуға тиіс, ал сонымен қатар осы

100 ф. ст. Xn-ның барлық құрамды бөліктерінің өндіргіш капиталға үздіксіз айналып отыратыны сияқты, бұл сома да айналыстан ақшаның қайта оралуы нәтижесінде, товар капиталын өткізу есебінен үнемі қайтадан толықтырылып отырады. Сонымен авансыланған капитал құнының белгілі бір бөлігі үнемі ақша капиталы күйінде, өндіріс саласына емес, капиталдың айналыс саласына қатысты формасында болады.

Капитал товар капиталының формасында босамай жататын уақыттың артуы, өткізу рыногы қашықтығының себебінен артуы ақшаның қайта оралуының баяулауына тікелей әсер ететінін, демек, капиталдың ақша капиталынан өндіргіш капиталға айналуын да кідіртетінін біз бұрын көрдік.

Онан соң, товардың сатып алынуына келетін болсақ, біз сатып алу уақытының, шикі материал алудың басты көздерден азды-көпті қашықтығы шикі материалды біршама ұзақ кезеңдерге сатып алуды және оны өнімді қор формасында, жасырын немесе потенциалды өндіргіш капитал формасында тұтынуға жарамды етіп сақтауды қалайша қажетті ететінін, демек, өндіріс көлемі бірдей болған жағдайда шикі материалдардың басты көздерінің тым қашықтығы бірден авансылауға тура келетін капиталдың аумағын да, оны авансылауға тура келетін уақытты да арттыратынын көрдік (VI тарау).

Шикі материалдың біршама едәуір аумақтары рынокқа түсірілгенде өндірістің түрлі салаларындағы азды-көпті ұзақ кезеңдер де осы тәрізді әсер етеді. Мысалы, Лондонда әрбір үш айдан кейін жүн сатудың ірі аукциондары болып тұрады, бұл аукциондар жүннің бүкіл рыногына шешуші әсер етеді, мұның керісінше, мақта рыногы, әрқашан біркелкі болмағанымен, бір өнімнен екінші өнімге дейін жалпы алғанда үздіксіз қайта басталып отырады. Мұндай кезеңдер бұл шикізатты сатып алудың басты мерзімдерін белгілеп, әсіресе өндірістің осы элементтеріне капиталдың азды-көпті ұзақ уақытқа авансылануына себеп болатын жалдаптық түрде сатып алуға әсер етеді,— өндірілген товарлардың табиғаты өнімді потенциалды товар капиталы формасында жалдаптық түрде әдейі, азды-көпті ұзақ уақыт ұстауға қалай әсер етсе, тап солай әсер етеді.

«Сонымен, селолық қожайын да белгілі дәрежеде жалдап болуға тиіс, сондықтан жергілікті жағдайларды ескере отырып, өз өнімдерін сатудан тартынуы керек...»

Бұдан әрі кейбір жалпы ережелер бар:

«Оның бер жағында өнімдерді өткізуде ең басты нәрсе дегенмен адамға, өнімнің өзіне және жергілікті жерге байланысты. Адам пысықтығы мен

бақыттылығы үстіне» (!) «жеткілікті мөлшердегі айналмалы капиталмен қамтамасыз етілген болса, егер баға өте-мөте төмен болған жағдайда жинаған өнімін ең болмағанда бір жыл бойы жатқызып қойса, оны сөгуге болмайды: мұның керісінше, кімнің қолында айналмалы капитал немесе тегі» (!) «жалдаптыққа икемі болмаса, ол адам жай орташа бағаны алуға ұмтылатын болады, демек, өзіне қолайлы жағдай туысымен өнімін сатады. Егер жүнді бір жылдан аса уақыт бойы сақтаса, онда мұның өзі әрқашан дерлік зиян ғана келтіреді, ал астық пен майлы дақылдардың тұқымы олардың қасиеттері мен сапасына нұқсан келтірмей-ақ бірнеше жыл бойына сақталуы мүмкін. Қысқа мерзім ішінде бағасы әдетте қатты өсетін немесе құлдырап кететін өнімдерді, мысалы, майлы дақылдар тұқымы, құлмақ, түкті бұршіктер, т. с. сияқты өнімдерді бағасы өздерін өндіру бағасынан едәуір төмен болған жылдары сатпай қалдыра тұруға әбден еркі бар. Қолда ұстауға және сақтауға күн сайын шығын шығаруды керек ететін өнімдерді, мысалы, бордақыланған мал сияқты, немесе жемістер, картоп т. б. сияқты бұзылуға бейім өнімдерді сатуды онша кешіктірмеу керек. Кейбір жерлерде қандай болсын бір өнім жылдың белгілі бір маусымында орта есеппен оның ең төмен бағасы бойынша сатылады, басқа маусымда, мұның керісінше,— оның ең жоғары бағасымен сатылады. Мысалы, кейбір жерлерде астықтың орташа бағасы мартын күні қарсаңында рождество мен пасха аралығындағы уақыттағыдан гөрі төмен болады. Онан соң, кейбір жерлерде кейбір өнімдерді тек белгілі бір уақытта ғана тиімді сатуға болады, мысалы, жәрменкеден тыс жүн саудасы әдетте болмашы жерлерде жүнді жүн жәрменкелерінде тиімді сатуға болады т. б.» (Кирххоф, 302-бет).

Айналыс уақытының екінші жартысын — ақшаның өндіріс капитал элементтеріне қайта айналатын екінші жартысын талдап қарағанда дербес алынған тек осы айналысты ғана, өнім сатылатын рыноктың қашықтығына қарай ақшаның қайтып оралатын уақытын ғана еске алып қоймау керек; сонымен бірге авансыланған капиталдың ақша формасын да, ақша капиталы күйінде үнемі болуға тиіс бөлігінің мөлшерін де ең алдымен еске алу керек.

Жалдаптық атаулыны былай қойғанда, өнімді қор ретінде үнемі қолда болуға тиіс товарларды сатып алу мөлшері осы қордың жаңару мерзімдеріне байланысты, демек,— өз кезінде рынок жағдайларына тәуелді болатын, сол себепті шикізаттың әр алуан түрлері, т. б. үшін түрліше болатын жағдайларға байланысты; демек, мұнда біршама үлкен мөлшерде ақшаны бірден оқтын-оқтын авансылап отыруға тура келеді. Капитал айналымының ұзақтығына сәйкес ақша кейін қарай тезірек немесе баяуырақ оралады, бірақ әрқашан бөліп-бөліп оралады. Ақшаның бір бөлігі, атап айтқанда жалақыға қайтадан айналатын бөлігі — біршама қысқа уақыт сайын дәл әлгіндей тұрақтылықпен қайтадан жұмсалады. Бірақ шикі материалға және сондайларға қайтадан айналуға жататын басқа бір бөлігі зат сатып алуға немесе төлемдер төлеуге пайдаланылатын резервтегі қор ретінде неғұрлым ұзақ уақыт

бойына жинақталуға тиіс. Демек, бұл бөлік ақша капиталы формасында өмір сүреді, бірақ оның өзінің мөлшері үнемі өзгеріп отырады.

Өндіріс процесінен немесе айналыс процесінен туатын, тұмайтынына қарамастан басқа жағдайлардың авансыланған капиталдың белгілі бір үлесінің ақша формасында үнемі болуын қажет ететінін біз келесі тарауда көреміз. Ал жалпы алғанда кәсіпорыны үшін қажет капиталдың бір бөлігінің үш форманы — ақша капиталы, өндіргіш капитал мен товар капиталы формаларын алма-кезек өтіп қана қоймайтынын, — оның үстіне бұл капиталдың түрлі бөліктерінің осы үш формада бірі екіншісімен қатар үнемі өмір сүретінін, сонымен бірге бұл бөліктердің біршама мөлшері үнемі өзгеріп отыратынын экономистердің ұмытып кетуге өте бейім екенін атап өту керек. Экономистер атап айтқанда ақша капиталы түрінде үнемі өмір сүретін бөлігін ұмытып кетеді, ал нақ осы жағдай буржуазиялық шаруашылықты түсіну үшін өте маңызды, сондықтан практика жүзінде де өзін көрсетеді.

## ОН БЕСІНШІ ТАРАУ

**АВАНСЫЛАНАТЫН КАПИТАЛ МӨЛШЕРІНЕ  
АЙНАЛЫМ УАҚЫТЫНЫҢ ӘСЕРІ**

Осы және келесі, он алтыншы тарауда біз капиталдың құн жағынан артуына айналым уақытының тигізетін әсерін зерттейміз.

Мысалы, 9 апталық жұмыс кезеңінің өнімі болып табылатын товар капиталын алайық. Егер біз өнім құнының негізгі капиталдың орташа тозуының нәтижесінде өнімге қосылған бөлігін де, сондай-ақ өндіріс процесі уақытында өнімге қосылған қосымша құнды да уақытша былай қойсақ, онда бұл өнімнің құны оны өндіруге авансыланған айналмалы капиталдың құнына тең болады, яғни жалақының және өнімді өндіру кезінде тұтынылған шикі материалдар мен көмекші материалдардың құнына тең. Бұл құн 900 ф. ст. тең делік, сонда апта сайынғы шығын 100 ф. ст. болады. Демек, бұл арада жұмыс кезеңімен дәл келетін өндіріс кезеңі 9 апта болады. Оның үстіне, біз бұл арада бөлінбейтін өнімнің жұмыс кезеңі жайында немесе бөлінетін өнімнің үздіксіз жұмыс кезеңі жайында сөз болып отыр деп жорамалдаймыз ба, жоқ па, мұның бәрібір; мұның өзі егер бөлінетін өнімнің 9 апталық еңбек болатын мөлшері рынокқа бірден жеткізілетін болса ғана бәрібір болады. Айналыс уақыты 3 аптаға созылады делік. Демек, айналымның бүкіл кезеңі 12 аптаға созылады. 9 апта өткеннен кейін авансыланған өндіргіш капитал товар капиталына айналды, ал сонсоң ол айналыс кезеңінде тағы үш апта болады. Демек, өндірістің жаңа кезеңі тек 13-ші аптадан бастап қана қайта бастала алады, сөйтіп өндіріс үш аптаға, немесе айналымның бүкіл кезеңінің төрттен бір бөлігіне тоқтауға тиіс болады. Сонымен қатар бұл уақыт орта есеппен товар саты-

лып болғанға дейін созылады деп немесе бұл уақыт рыноктың қашықтығына, немесе сатылған товарға төленетін төлем мерзімдеріне байланысты деп жорамалдана ма, жоқ па, мұның бәрібір. Егер әрбір 3 айдан кейін өндіріс 3 аптаға тоқтайтын болса, онда, демек, бір жыл ішінде өндіріс  $3 \times 4 = 12$  аптаға  $= 3$  айға  $=$  айналымның жылдық кезеңінің  $\frac{1}{4}$ -іне тоқтайды. Сондықтан өндірісті аптадан аптаға біркелкі көлемде тек екі тәсілмен ғана үздіксіз жүргізуге болады.

Немесе өндірістің көлемі жұмыс кезеңі уақытында болсын, сондай-ақ бірінші айналымның айналыс уақыты ішінде болсын жұмысты 900 ф. стерлингпен үздіксіз жүргізуге болатындай түрде қысқартылуға тиіс. Сонда 10-шы апта басталғанда екінші жұмыс кезеңі басталады, демек, айналымның екінші кезеңі де басталады,— айналымның бірінші кезеңінің аяқталуынан бұрын басталады, өйткені айналым кезеңі он екі апталық, ал жұмыс кезеңі тоғыз апталық. 12 аптаға бөлінген 900 ф. ст. бір аптаға 75 ф. ст. келеді. Ең алдымен мұндағы айқын нәрсе сол, кәсіпорнының бұлай қысқартылған көлемі негізгі капитал мөлшерлерінің қысқаруын керек етеді, демек, ол жалпы алғанда кәсіпорнына жұмсалатын қаржылардың қысқаруын керек етеді. Сонсоң жалпы алғанда мұндай қысқарту бола ма деген мәселе шешілмей қалады, өйткені әр алуан кәсіпорындарында өндірістің белгілі бір дамуы жағдайында капитал жұмсаудың нақтылы бір ең төмен нормасы болады, ал егер шығын мөлшері осы минимумнан аз болса, онда жеке кәсіпорны бәсекеге төтеп бере алмайтын болады. Ал бұл ең төмен норманың өзі капиталистік өндірістің өркендеуімен бірге үнемі өсіп отырады, демек, тұрақты емес. Бірақ әр қашанғы осы ең төмен норма мен үнемі өсіп отыратын ең жоғарғы норма арасында толып жатқан аралық сатылар бар; бұлардың аралығы капитал жұмсаудың барынша әр түрлі мөлшерлері болуына жол береді. Сондықтан да осы ортаның шеңберінде капиталдың жұмсалуды қысқаруы мүмкін, ал оның шегі әрқашан белгілі бір ең төмен норма болады.— Өндірісте кедергі болуы, рыноктардағы товарлардың лық толуы, шикі заттың және сондайлардың қымбаттауы жағдайында айналмалы капиталдың жұмсалуды нормасын азайту, негізгі капиталдың белгілі бір мөлшері болып отырған жағдайда, жұмыс уақытын тежеу арқылы жасалады, сондықтан жұмыс, мысалы, тек жарты күн ғана істеледі; дәл сол сияқты гүлдену уақытында негізгі капиталдың белгілі бір мөлшері болып отырғанда айналмалы капиталдың шамадан тыс көбеюі ішінара жұмыс уақытының ұзаруы арқылы, ішінара оны интенсификациялау арқылы жасалады. Осындай ауытқуларға алдын ала

негізделген кәсіпорындарында ішінара жоғарыда айтылған тәсілдермен, ішінара бір мезгілде жұмысшыларды көптеп қолдану арқылы іске көмектесуге тырысады, мұның өзі запастағы негізгі капиталды, мысалы, темір жолдардағы т. б. запас паровоздарды қолданумен байланысты. Бірақ мұнда, бірқалыпты жағдайлар болады деп ұйғарып, біз мұндай бірқалыпты емес ауытқуларды есепке алмайтын боламыз.

Сонымен, біздің мысалымызда, өндірісті үздіксіз жүргізу үшін нақ сол айналмалы капиталдың жұмсалудың неғұрлым ұзақ уақытқа, 9 аптаның орнына 12 аптаға бөлуге тура келеді. Демек, әрбір белгілі аралық уақытта шағындалған өндіргіш капитал қызмет атқарады: өндіргіш капиталдың айналымдағы бөлігі 100-ден 75-ке дейін, нәсіпесе төрттен бірге шағындалған. Тоғыз апталық жұмыс кезеңі бойында қызмет атқарушы өндіргіш капитал қысқартатын бүкіл сома  $25 \times 9 = 225$  ф. ст., немесе 900 ф. ст. төрттен бір бөлігі болады. Бірақ айналыс уақытының айналым кезеңіне арақатысы бұрынғыша  $\frac{3}{12} = \frac{1}{4}$  болады. Бұдан шығатын қорытынды: товар капиталына айналған өндіргіш капиталдың айналыс уақыты бойына өндірістің үздіксіз жүргізілуіне, оның бір аптадан екінші аптаға үздіксіз созылуына (егер бұл үшін ерекше айналмалы капитал жоқ болса), тек өндіріс көлемін шағындау, қызмет атқарушы өндіргіш капиталдың айналмалы құрамды бөлігін қысқарту арқылы ғана жетуге болады. Капиталдың айналыс уақыты бойына өндірісті жүргізе беру үшін осылайша босатылып алынған айналмалы бөлігі айналыс уақытының айналым кезеңіне қатысты екені сияқты бүкіл авансыланған айналмалы капиталға қатысты. Біздің бұрын атап көрсеткеніміздей, мұның мынадай өндіріс салалары жөнінде ғана күші бар: бұл салаларда еңбек процесі бір аптадан екінші аптаға біркелкі көлемде жүреді, демек, егіншіліктегі тәрізді әр түрлі жұмыс кезеңдеріне түрліше капитал сомасы жұмсалмайды.

Мұның керісінше, егер біз кәсіпорынның сипаты бойынша өндіріс көлемін қысқарту мүмкін емес, сондықтан апта сайын авансыланатын айналмалы капитал мөлшерін де қысқарту мүмкін емес деп жорамалдасақ, онда өндірістің үздіксіз болуына тек қосымша айналмалы капитал авансылау арқылы ғана, жоғарыда келтірілген ретте — қосымша 300 ф. ст. авансылау арқылы жетуге болады. Айналымның он екі апталық кезеңі ішінде 1 200 ф. ст. үздіксіз авансыланатын болады, мұның 300-і төрттен бір бөлігі болады, 12 апта жөнінде 3 апта да солай болады. Тоғыз апталық жұмыс кезеңі өткеннен кейін 900 ф. ст. капитал құны өндіргіш капитал формасынан то-



вар капиталы формасына айналады. Капитал құнының бірінші жұмыс кезеңі аяқталады, бірақ келесі жұмыс кезеңі сол бір капиталмен қайта бастала алмайды. Бұл капитал товар капиталы ретінде қызмет атқарып, айналыс саласында болған үш апта ішінде өндіріс процесі жөнінде ол капитал өзі тегі өмір сүрмейтіндей қалыпта болады. Біз бұл арада кредит қатынастарының бәрін былай қоя тұрамыз, сондықтан капитал-лист істі тек өз капиталына сүйеніп қана жүргізеді деп жорамалдаймыз. Бірақ бірінші жұмыс кезеңіне авансыланған капитал өндіріс процесін аяқтап, үш апта бойына айналыс процесінде кідіретін болса, бұл кезде қосымша жұмсалған 300 ф. ст. капитал қызмет атқарады, сондықтан өндірістің үздіксіздігі бұзылмайды.

Мұнда мынаны атап өту қажет.

Біріншіден, әуел баста авансыланған 900 ф. ст. капиталдың жұмыс кезеңі 9 апта өткеннен кейін барып аяқталады, бірақ капитал ерте дегенде 3 аптадан кейін барып қайта оралады, демек, 13-ші аптаның басында ғана қайта оралады. Ал жаңа жұмыс кезеңі қосымша 300 ф. ст. капиталдың көмегімен дереу басталады. Нақ осының нәтижесінде өндіріс үздіксіз жүргізіледі.

Екіншіден, 900 ф. ст. алғашқы капиталдың, алғашқы тоғыз апталық жұмыс кезеңі аяқталғаннан кейін жаңадан қосымша берілген және бірінші кезең бітісімен екінші жұмыс кезеңін ашатын 300 ф. ст. капиталдың функциялары айналымның бірінші кезеңінде дәлме-дәл межеленеді немесе, тым болмағанда, межеленуі мүмкін, ал айналымның екінші кезеңі ішінде бұл функциялар, керісінше, бір-бірімен тоғысып кетеді.

Істі көрнекі түрде көз алдымызға елестетіп көрейік.

Айналымның бірінші кезеңі 12 аптаға созылады. Бірінші жұмыс кезеңі — 9 апта; бұған авансыланған капиталдың айналымы 13-ші аптаның басында аяқталады. Соңғы 3 апта бойы қосымша 300 ф. ст. капитал қызмет атқарады, сөйтіп бұл капитал тоғыз апталық екінші жұмыс кезеңін бастайды.

Айналымның екінші кезеңі. 13-ші аптаның басында 900 ф. ст. қайта оралып, жаңа айналымды бастай алады. Бірақ екінші жұмыс кезеңі 10-шы аптаның өзінде қосымша 300 ф. ст. көмегімен басталды; осының арқасында 13-ші аптаның басында-ақ жұмыс кезеңінің үштен бірі аяқталады, 300 ф. ст. өндіргіш капиталдан өнімге айналды. Екінші жұмыс кезеңін аяқтау үшін тағы 6 апта ғана керек болатындықтан, екінші жұмыс кезеңінің өндіріс процесіне қайта оралған 900 ф. ст. капиталдың үштен екісі ғана, атап айтқанда тең 600 ф. ст. кіреді. Бірінші жұмыс кезеңінде қосымша 300 ф. ст.

капитал атқарған рольді атқару үшін алғашқы 900 ф. стерлингтең 300 ф. ст. босап шықты. Айналымның екінші кезеңінің 6-шы аптасының аяғында екінші жұмыс кезеңі аяқталады. Бұған жұмсалған 900 ф. ст. капитал 3 аптадан кейін, демек айналымның он-екі апталық кезеңінің 9-шы аптасының аяғында қайтып оралады. Оның айналыс уақытының 3 аптасы ішінде босаған 300 ф. ст. капитал іске қосылады. Осымен айналымның екінші кезеңінің 7-ші аптасында немесе жылдың 19-шы аптасында 900 ф. ст. капиталдың үшінші жұмыс кезеңі басталады.

Айналымның үшінші кезеңі. Айналымның екінші кезеңінің 9-шы аптасының аяғында 900 ф. ст. қайтып оралады. Бірақ үшінші жұмыс кезеңі айналымның екінші кезеңінің 7-ші аптасында-ақ басталды, сондықтан айналымның үшінші кезеңінің басталуына дейін оның 6 аптасы өтіп те кеткен болады. Сондықтан айналымның үшінші кезеңінде ол тағы 3 апта ғана созылады. Сонымен қайтып оралған 900 ф. стерлингтің айналымының үшінші кезеңінде өндіріс процесіне тек 300 ф. стерлингсі ғана кіреді. Төртінші жұмыс кезеңі айналымның осы кезеңінің қалған 9 аптасын қамтиды, сөйтіп жылдың 37-ші аптасынан бастап айналымның төртінші кезеңі және бесінші жұмыс кезеңі қатар басталады.

Екінші мысалда есепті оңайлату үшін жұмыс кезеңі 5 апта, айналыс уақыты 5 апта деп, демек, айналым кезеңі 10 апта деп ұйғаралық; бір жылда 50 апта бар, апта сайын жұмсала-тын капитал 100 ф. ст. болады деп есептелік. Демек, жұмыс кезеңі 500 ф. ст. айналмалы капиталды керек етеді, ал айналыс уақыты қосымша капиталды, тағы 500 ф. ст. керек етеді. Бұл ретте жұмыс кезеңдері мен айналым кезеңдері мына түрде болып шығады.

|             |           |                   |           |                 |
|-------------|-----------|-------------------|-----------|-----------------|
| 1 жұм. кез. | 1—5 ап.   | (500 ф. ст. тов.) | қайт. ор. | 10-шы апт. аяғ. |
| 2 »         | » 6—10 »  | (500 » » »)       | »         | » 15-ші » »     |
| 3 »         | » 11—15 » | (500 » » »)       | »         | » 20-шы » »     |
| 4 »         | » 16—20 » | (500 » » »)       | »         | » 25-ші » »     |
| 5 »         | » 21—25 » | (500 » » »)       | »         | » 30-шы » »     |

және т. б.

Егер айналыс уақыты=0, яғни айналым кезеңі жұмыс кезеңіне тең болса, онда айналымдардың саны жыл бойындағы жұмыс кезеңдерінің санына тең болғаны. Демек, бес апталық жұмыс кезеңі жағдайында айналым саны:  $\frac{50}{5} = 10$  апта, ал айналып келген капиталдың құны:  $= 500 \times 10 = 5\,000$  болар еді. Айналыс уақыты 5 апта деп алынған кестеде жыл сайын шы-

ғарылатын товарлар да 5 000 ф. ст. болады, бірақ бұлардың  $\frac{1}{10} = 500$  ф. ст. үнемі товар капиталы түрінде болып, 5 апта өткеннен кейін ғана ақша формасында қайтып оралады. Бұл ретте жылдың аяғына оныншы жұмыс кезеңінің (46—50 жұмыс аптасы) өнімі өз айналым уақытының тек жартысын ғана аяқтайды, мұның үстіне оның айналыс уақыты келесі жылдың алғашқы 5 аптасына тура келеді.

Тағы бір үш мысал алайық: жұмыс кезеңі 6 апта болады; айналыс уақыты — 3 апта, еңбек процесіне апта сайын авансыланатыны — 100 ф. ст.

1-ші жұмыс кезеңі: 1—6-шы апта. 6-шы аптаның аяғында 600 ф. ст. товар капиталы бар, ал бұл 4 600 ф. ст. 9-шы аптаның аяғында қайтып оралады.

2-ші жұмыс кезеңі: 7—12-ші апта. 7—9-шы апта бойына қосымша 300 ф. ст. капитал авансыланады. 9-шы аптаның аяғында 600 ф. ст. қайтып оралады; демек, 12-ші аптаның аяғында ақшалай бос 300 ф. ст. бар және товар капиталында 15-ші аптаның аяғында қайтып оралатын 600 ф. ст. бар.

3-ші жұмыс кезеңі: 13—18-ші апта. 13—15 апта бойына жоғарыда айтылған 300 ф. ст. авансыланады, сонан соң 600 ф. ст. қайтып оралады, бұлардың 300 ф. ст. 16—18-ші аптаға авансыланады. 18-ші аптаның аяғында ақшалай бос 300 ф. ст. бар; 600 ф. ст. товар капиталында болады, бұлар 21-ші аптаның аяғында қайтып оралады. (Бұл жағдайды толығырақ баяндауды төменнен, II пункттен қараныз.)

Сонымен, 9 жұмыс кезеңінің ұзына бойына (=54 аптаға)  $600 \times 9 = 5400$  ф. стерлинг товары өндірілетін болады. Тоғызыншы жұмыс кезеңінің аяғында капиталистің ақшалай 300 ф. ст. және өзінің айналыс уақытын әлі аяқтамаған товар формасында 600 ф. ст. болады.

Осы үш мысалды салыстырғанда біз, біріншіден, 500 ф. ст. мөлшердегі I капиталдың және нақ осындай мөлшердегі II қосымша капиталдың дәйекті ауысып отыруы тек екінші мысалда ғана болатынын көреміз, сондықтан капиталдың бұл екі бөлігі бір бірінен бөлек қимыл жасайды; мұның себебі мынада ғана: бұл жерде мүлде бір ерекше жағдай жорамалданған, атап айтқанда: жұмыс кезеңі мен айналыс уақыты айналым уақытының тепе-тең екі жартысын құрайды. Бүкіл айналым уақытының екі кезеңінің арасында теңсіздік қандай болғанымен, басқа жағдайлардың бәрінде екі капиталдың

қозғалысы бірінші мысалда да, үшінші мысалда да, айналымның екінші кезеңінен бастап-ақ өзара тоғысып жатады. Осы жағдайлардың бәрінде II қосымша капитал I капиталдың бір бөлігімен бірге айналымның екінші кезеңінде қызмет атқарушы капиталды туғызады, ал I капиталдың қалдығы II капиталдың алғашқы функциясы үшін босанып шығады. Товар капиталының айналыс уақытының ұзына бойына қимыл жасаушы капитал бұл жерде алғашында осы мақсат үшін авансыланған II капиталмен бір емес, бірақ ол оған құны жағынан тең және бүкіл авансыланған капиталдың нақ дәл сондай үлесі болып табылады.

Екіншіден, жұмыс кезеңі бойына қызмет атқарған капитал айналыс уақыты ішінде босқа жатады. Екінші мысалда капитал жұмыс кезеңінің 5 аптасы бойына қызмет атқарады және айналыс уақытының 5 аптасы бойына пайдаланусыз жатады. Демек, I капитал босқа жататын уақыттың жалпы сомасы бір жыл ішінде бұл ретте жарты жыл болады. Бұл уақытта II қосымша капитал қимыл жасайды, бірақ оның өзі де жорамалданған ретте жарты жыл пайдаланусыз қалады. Алайда айналыс уақыты бойына өндірістің үздіксіздігін қолдау үшін керек болатын қосымша капитал жыл ішіндегі айналыс уақытының бүкіл мөлшері арқылы, яғни бүкіл сомасы арқылы белгіленбейді, айналыс уақытының айналым кезеңіне қатынасы арқылы ғана белгіленеді. (Мұнда, әрине, айналымдардың бәрі біркелкі жағдайларда болады деп жорамалданады.) Сондықтан екінші мысалда қосымша капитал 2 500 ф. ст. мөлшерінде емес, 500 ф. ст. мөлшерінде керек болады. Мұның өзі тек мынадан болып отыр; қосымша капитал алғашқы авансыланған капитал қалай болса, дәл солай айналымға түседі, демек, ол алғашқы авансыланған капитал қалай болса, дәл солай өзінің бүкіл аумағын өз айналымдарының саны арқылы толтырады.

Үшіншіден, егер өндіріс уақыты жұмыс уақытынан ұзағырақ болса, онда мұның өзі осында талдап қаралған жағдайларды ешбір өзгертпейді. Осының салдарынан тұтас алғанда айналымдардың кезеңдері, әрине, ұзарады, бірақ айналымның осы ұзаруынан еңбек процесі үшін ешқандай қосымша капитал керек болмайды. Қосымша капиталдың мақсаты — айналыс уақытының салдарынан еңбек процесінде болатын олқылықтарды толтыру ғана; демек, қосымша капитал айналыс уақытының салдарынан туатын кемістіктерден өндірісті сақтауға тиіс; ал өндірістің ерекше жағдайларынан туатын кемістіктерді басқа тәсілмен жоюға болады, бірақ біз бұл

арада оны қарастырып жатпаймыз. Мұның керісінше, жұмысты оқта-текте ғана, заказ бойынша істейтін кәсіпорындар бар, демек, оларда жұмыс кезеңдері аралығында үзілістер болуы мүмкін. Мұндай кәсіпорындарда қосымша капиталдың қажеттігі *pro tanto* болмай қалады. Екінші жағынан, тіпті маусымды жұмыстардың көпшілік реттерінде капиталдың қайтып оралу уақытының белгілі шектері болады. Егер бұл капиталдың айналыс уақыты әлі бітпеген болса, нақ сол бір жұмыстың өзі келесі жылы әлгі капиталдың өзімен қайта басталуы мүмкін емес. Мұның керісінше, айналыс уақыты бір өндіріс кезеңі мен келесі өндіріс кезеңі арасындағы уақыттан қысқа да болуы мүмкін. Бұл ретте, егер осы аралық уақытта капитал басқа түрде қолданылмаса, ол босқа жатады.

Төртіншіден, бір жұмыс кезеңіне авансыланған капитал, мәселен, үшінші мысалдағы 600 ф. ст. жарым-жартылай жұмыс кезеңіне керекті шикі материалдар мен көмекші материалдарға, өндірістік қорға, яғни тұрақты айналмалы капиталға жұмсалады, жарым-жартылай өзгермелі айналмалы капиталға, яғни еңбектің ақысын төлеуге жұмсалады. Мұның тұрақты айналмалы капиталға жұмсалған бөлігі өндірістік қор түрінде біркелкі ұзақ уақыт бойы қала бермеуі мүмкін, мысалы, шикі материалдарды бүкіл жұмыс кезеңіне арнап жинамауға болады, ал көмірді әр екі аптада бір рет сатып алуға болады. Бұл арада кредит беру әлі көзделмегендіктен, капиталдың бұл бөлігі әлі өндірістік қор түрін алмай сақталып отырғандықтан, оның өзі керек болуына қарай әлгіндей өндірістік қорға айналу үшін ақша түрінде дайын тұруға тиіс. Мұның өзі 6 аптаға авансыланатын тұрақты айналмалы капиталдың мөлшерін ешбір өзгертпейді. Қайта,— онда болмаған шығындарға керекті ақша қорын, яғни кемістіктерді жоюға керекті резерв қорының өзін былай қойғанда,— жалақы неғұрлым қысқа мерзімдерде, көбінесе апта сайын беріледі. Демек, егер тек капиталист жұмысшыны өз еңбегін неғұрлым ұзақ мерзімге авансылауға мәжбүр етпесе, онда жалақыны төлеу үшін қажетті капитал ақша түрінде қолда болуға тиіс. Демек, капитал қайтып оралғаннан кейін оның бір бөлігі еңбекке ақы төлеу үшін ақша түрінде қолда тұруға тиіс, ал екінші бөлігі өндірістік қорға айнала алады.

Бастапқы капитал қалай бөлінсе, қосымша капитал да дәл солай бөлінеді. Бірақ оны I капиталдан өзгешелейтін нәрсе, ол (кредит қарым-қатынасын былай қойғанда) мынадай: қосымша капиталдың өз жұмыс кезеңі кезінде оны қолда ұстау үшін I капиталдың бүкіл бірінші жұмыс кезеңі бойына оны авансылап қоюға тура келеді,— бірақ қосымша капиталдың

өзі бұл кезеңге кірмейді. Қосымша капитал осы уақыттың ішінде-ақ, тым болмағанда жарым-жартылай болса да бүкіл айналым кезеңіне авансыланатын тұрақты айналмалы капиталға айналуы мүмкін. Қосымша капитал бұл форманы қандай мөлшерде алатыны немесе мұндай айнарудың қажеттігі керек болмай қалғанға дейін оның қосымша ақша капиталы формасында қанша уақыт қалатыны ішінара белгілі бір өндіріс салаларының ерекше өндірістік жағдайларына, ішінара жергілікті жағдайларға, ішінара шикізатқа, т. б. бағаның ауытқуына байланысты. Егер бүкіл қоғамдық капиталды талдап қарайтын болсақ, онда осы қосымша капиталдың аздықөпті едәуір бөлігі біршама ұзақ уақыт бойына әрқашан ақша капиталы қалпында болады. Мұның керісінше, II капиталдың жалақыға авансылануға тиіс бөлігіне келетін болсақ, онда бұл бөлік, біршама қысқа жұмыс кезеңдерінің қалай өтіп, төленетініне қарай, әрқашан бірте-бірте ғана жұмыс күшіне айналатын болады. Демек, II капиталдың бұл бөлігі жұмыс күшіне айналу арқылы өндіргіш капиталдың қызмет атқаруына қатынасқанынша, ол бүкіл бірінші жұмыс кезеңі бойына ақша капиталы формасында қолданылатын болады.

Олай болса, I капиталдың айналыс уақытын өндіріс уақытымен ауыстыруға қажетті қосымша капиталдың осы қосылуына байланысты авансыланған капиталдың мөлшері ғана, бүкіл капиталды авансылау қажет болатын уақыттың ұзақтығы ғана артып қоймайды, оның үстіне авансыланған капиталдың ақша қоры түріндегі бөлігі де, демек, ақша капиталы қалпында болып, потенциалды ақша капиталының формасын алып отырған бөлігі де артады.

Нақ осы айтылғандар өндірістік қор формасында авансылау жөнінде де, ақша қоры формасында авансылау жөнінде де болады, ал мұның өзі айналыс уақыты туғызатын капиталдың екіге бөлінуі, яғни бірінші жұмыс кезеңіне керекті капиталға және айналыс уақытында оның орнына жүретін капиталға бөлінуі жұмсалатын капиталдың артуы арқылы емес, өндіріс көлемінің қысқаруы арқылы жүзеге асырылатын ретте әлгі айтқандай болады. Өндірістің көлемімен салыстырғанда ақша формасында байланған капитал бұл ретте онан сайын көп өседі.

Жалпы алғанда капиталдың алғашында өндіргіш капитал мен қосымша капитал болып осылай бөлінуі арқылы жұмыс кезеңдерінің үздіксіз дәйектілігіне қол жетеді, авансыланған капиталдың мөлшері жағынан әрдайым бірдей бөлігінің өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаруына қол жетеді.

Енді екінші мысалды қарастырып көрейік. Үнемі өндіріс процесінде болатын капитал — 500 ф. ст. Жұмыс кезеңі = 5 апта болғандықтан, онда 50 апта (біз бір жыл деп есептейтін) ішінде бұл капитал жұмыста 10 рет болады. Сондықтан, егер қосымша құнды былай қойсақ, өнім де  $500 \times 10 = 5\,000$  ф. ст. тең болады. Демек, өндіріс процесінде тікелей және тоқтаусыз болатын капитал тұрғысынан, — 500 ф. ст. капитал құны тұрғысынан қарағанда, — айналыс уақыты мүлде жойылып кететін тәрізді көрінеді. Айналым уақыты жұмыс кезеңімен дәл келеді, айналыс уақыты нольге тең болады.

Егерде, мұның керісінше, 500 ф. ст. капиталдың өндірістік қызметі айналыстың бес апталық кезеңімен үнемі үзіліп отыратын болса, бұл капитал айналымның барлық он апталық кезеңі аяқталғаннан кейін ғана өндірістік әрекетке қайтадан қабілетті болар еді, онда жылдың 50 аптасы ішінде біздің он апталық 5 айналымымыз болар еді; бұларда өндірістің бес апталық 5 кезеңі болады, демек,  $500 \times 5 = 2\,500$  ф. ст. жиынтық өнім беретін барлығы 25 өндіріс аптасы болады; оның үстіне, бес апталық 5 айналыс кезеңі, демек, барлық айналыс уақыты да 25 апта болады. Егер біз бұл арада 500 ф. ст. капитал бір жыл ішінде 5 рет айналды десек, онда айналымның әрбір кезеңінің жартысы бойына бұл 500 ф. ст. капиталдың өндіргіш капитал ретінде мүлде қызмет атқармағаны және жалпы қорытындыда оның тек жарты жыл бойына ғана қызмет атқарып, жылдың екінші жартысы бойына мүлде қызмет атқармағаны анық та түсінікті.

Біздің мысалымызда айналыстың осы бес кезеңінің барлық уақытында 500 ф. ст. қосымша капитал іске қосылады және осының нәтижесінде капиталдың айналымы 2 500 ф. стерлингтен 5 000 ф. стерлингке дейін өседі. Бірақ оның есеіне авансыланған капитал да енді 500 ф. ст. орнына 1 000 ф. ст. болады. 5 000-ды 1 000-ға бөлгенде 5 болады. Олай болса, 10 айналымның орнына 5 айналым болады. Шынында осылай есептейді де. Оның бер жағында, 1 000 ф. ст. жыл бойына 5 рет айналды дегенде, капиталистің түкті сезбейтін басында тіпті айналыс уақыты бар еді деген ұғым да қалмайды, сөйтіп бұл капитал қатарынан 5 айналым бойына өндіріс процесінде үнемі қызмет атқарып отырды деген жалған түсінік пайда болады. Бірақ, егер біз 1 000 ф. ст. капитал 5 рет айналды десек, онда бұл айналымдарда айналыс уақыты да, өндіріс уақыты да бар. Шынына келгенде, егер де 1 000 ф. ст. өндіріс процесінде шынымен үздіксіз қызмет атқарған болса, онда біздің жорамалымыздағы өнім 5 000 ф. ст. орнына 10 000 ф.

ст. болған болар еді. Бірақ бұлай болған ретте өндіріс процесінде 1 000 ф. ст. үнемі болу үшін тегі 2 000 ф. ст. авансылауға тура келер еді. Айналым механизмі туралы өздерінен ешқандай айқын пікірді тегі табуға болмайтын экономистер мына бір басты жағдайды, — өндіріс процесінде өнеркәсіп капиталының бір бөлігі ғана іс жүзінде үнемі қолданылған жағдайда ғана өндіріс үздіксіз жүргізіледі деген қағиданы үнемі естен шығарып жүр. Капиталдың бір бөлігі өндіріс кезеңінде болып отырғанда, екінші бөлігі айналыс кезеңінде үнемі болуға тиіс. Немесе, басқа сөзбен айтқанда, бір бөлігі товар капиталы немесе ақша капиталы формасында өндірістің өзінен алынған жағдайда ғана оның екінші бөлігі өндіргіш капитал ретінде қызмет атқара алады. Мұны естен шығару — ақша капиталының маңызы мен ролін жалпы байқамау деген сөз.

Енді біз айналым кезеңінің екі бөлігі — жұмыс кезеңі мен айналыс кезеңі — бірі біріне тең болатын, болмайтынына, әлде жұмыс кезеңінің айналыс кезеңінен артық не кем болатын, болмайтынына байланысты айналымда қандай айырмашылық туатынын және мұның өзі капиталдың ақша капиталы формасында байланып қалуына қалай әсер ететінін зерттеуіміз қажет.

Біз апта сайын авансыланатын капитал барлық реттерде 100 ф. ст., ал айналым кезеңі 9 аптаға тең деп жорамалдаймыз; олай болса, айналымның әрбір кезеңіне авансыланатын капитал 900 ф. ст. тең.

### **I. ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ АЙНАЛЫС КЕЗЕҢІНЕ ТЕҢ**

Бұл жағдай өмірде өте сирек кездескенімен, мұның өзі зерттеудің негізгі пункті болуға тиіс, өйткені қатынастар мұнда неғұрлым қарапайым және неғұрлым көрнекі түрінде көрінеді.

Екі капитал (бірінші жұмыс кезеңіне авансыланатын I капитал және I капиталдың айналыс кезеңі бойына қызмет атқарушы II қосымша капитал) өзара тоғысып кетпей, өз қозғалыстарында бірін бірі ауыстырып отырады. Сондықтан, бірінші кезеңді қоспағанда, екі капиталдың әрқайсысы өзіне тән айналым кезеңіне ғана авансыланады. Айналым кезеңі, төмендегі мысалдардағы сияқты, мейлі 9 апта болсын; демек, жұмыс кезеңі мен айналыс кезеңі  $4\frac{1}{2}$  аптадан. Онда бізде жылдың мынадай схемасы болады:



## I КЕСТЕ

## I Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері                      | Авансылан-<br>ғаны | Айналыс кезең-<br>дері                               |
|-------------------|--------------------------------------|--------------------|------------------------------------------------------|
| I. 1—9 апта       | 1—4 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> апта | 450 ф. ст.         | 4 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —9 апта                |
| II. 10—18 »       | 10—13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »  | 450 » »            | 13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —18 »                 |
| III. 19—27 »      | 19—22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »  | 450 » »            | 22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —27 »                 |
| IV. 28—36 »       | 28—31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »  | 450 » »            | 31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —36 »                 |
| V. 37—45 »        | 37—40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »  | 450 » »            | 40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —45 »                 |
| VI. 46—(54) »     | 46—49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »  | 450 » »            | 49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —(54) <sup>314)</sup> |

## II Капитал

| Айналым кезеңдері                                                       | Жұмыс кезеңдері                        | Авансылан-<br>ғаны | Айналыс кезеңдері                      |
|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|--------------------|----------------------------------------|
| I. 4 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> апта   | 4 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —9 апта  | 450 ф. ст.         | 10—13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> апта |
| II. 13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    | 13 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —18 »   | 450 » »            | 19—22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    |
| III. 22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »   | 22 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —27 »   | 450 » »            | 28—31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    |
| IV. 31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    | 31 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —36 »   | 450 » »            | 37—40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    |
| V. 40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »     | 40 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —45 »   | 450 » »            | 46—49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> »    |
| VI. 49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —(58 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> ) » | 49 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> —(54) » | 450 » »            | (55—58 <sup>1</sup> / <sub>2</sub> ) » |

Біз мұнда бір жыл деп алып отырған 51 апта ішінде I капитал алты толық жұмыс кезеңін аяқтады, демек,  $450 \times 6 = 2700$  ф. ст. товар шығарды, ал II капитал бес толық жұмыс кезеңі ішінде  $450 \times 5 = 2250$  ф. ст. товар шығарды. Оның үстіне, II капитал жылдың соңғы 1<sup>1</sup>/<sub>2</sub> аптасы ішінде (50-ші аптаның ортасынан 51-ші аптаның аяғына дейін) тағы 150 ф. ст. өнім шығарды, яғни 51 аптаның ішінде барлығы 5100 ф. ст. өнім шығарылды. Демек, тек жұмыс кезеңі ішінде ғана шығарылатын қосымша құнның тікелей өндірісі тұрғысынан алғанда бүкіл 900 ф. ст. капитал  $5\frac{2}{3}$  рет айналған болар еді. ( $900 \times 5\frac{2}{3} = 5100$  ф. ст.). Ал егер біз нағыз болған айналымды талдап қарайтын болсақ, онда I капиталдың  $5\frac{2}{3}$  рет айналғанын көреміз, өйткені 51-ші аптаның аяғында оның тағы 3 апта бойына өз айналымының алтыншы кезеңін аяқтауына тура келеді  $450 \times 5\frac{2}{3} = 2550$  ф. ст.; ал II капитал  $5\frac{1}{6}$

<sup>31</sup> Айналымның екінші жылына келетін апталар жақсаға алынып отыр.

рет айналды, өйткені оның айналымының алтыншы кезеңінің тек  $1\frac{1}{2}$  аптасы ғана өтті, олай болса, оның тағы  $7\frac{1}{2}$  аптасы келесі жылға қалады;  $450 \times 5\frac{1}{6} = 2\,325$  ф. ст.; шындығында болған бүкіл айналым = 4 875 ф. ст.

Біз I капитал мен II капиталды бір біріне мүлде байланыссыз екі капитал ретінде талдап қараймыз. Олар өздерінің әрекеттерінде мүлде дербес, бұл әрекеттердің бірін бірі толықтыратын себебі сол ғана: бұл капиталдардың жұмыс кезеңдері мен айналыс кезеңдері бір-бірін тікелей ауыстырады. Бұларды түрлі капиталистердің иелігіндегі мүлде байланыссыз екі капитал ретінде қарауға болады.

I капитал айналымның толық бес кезеңін және алтыншы кезеңнің екіден үшін өтті. Ол жылдың аяғында товар капиталы формасында болады, сөйтіп бірқалыпты дұрыс өткізілу үшін оған тағы 3 апта керек. Осы уақыттың ішінде бұл капитал өндіріс процесіне кірісе алмайды. Ол товар капиталы ретінде қызмет атқарады: ол айналыс жасайды. Ол өз айналымының соңғы кезеңінің тек  $\frac{2}{3}$ -сін ғана жасады. Мұны былай деп айтуға болады: ол өзі тек  $\frac{2}{3}$  рет қана айналды, оның бүкіл құнының тек  $\frac{2}{3}$ -сі ғана толық айналым жасады. Біз былай дейміз: 450 ф. ст. 9 аптада бір айналым жасайды, демек, 300 ф. ст. 6 аптада бір айналым жасайды. Бұлайша айту тәсілі айналым уақытының өзіне тән құрамды әр түрлі екі бөлігі арасындағы органикалық қарым-қатынасты ескермейді. Авансыланған 450 ф. ст. капитал  $5\frac{2}{3}$  айналым жасады деудің дәл мағынасы: ол 5 толық айналым жасады және алтыншы айналымның  $\frac{2}{3}$ -сін ғана жасады. Мұның керісінше, айналыс жасаған капитал  $5\frac{2}{3}$  рет алынған, авансыланған капиталға тең, яғни жоғарыда келтірілген ретте ол 450 ф. ст.  $\times 5\frac{2}{3} = 2\,550$  ф. ст. тең деудің, — бұлай деудің дұрысы сол, егер де осы 450 ф. ст. капитал басқа 450 ф. ст. капиталмен толықтырылмаса, онда шындығына келгенде оның бір бөлігі өндіріс процесінде болуға, ал екінші бөлігі айналыс процесінде болуға тиіс еді. Егер біз айналым уақытын айналыс жасаған капиталдың аумағы арқылы білдіргіміз келсе, онда айналым уақыты әрқашан тек қана қолда бар құнның аумағы (шындығында — дайын өнімнің аумағы) арқылы білдіруге болады. Бүкіл авансыланған капитал өндіріс процесін бастай алатын күйде түгелдей болмайтын жағдай, осы жағдай мынадан көрінеді: оның бір бөлігі ғана өндіріс үшін жарамды формада болады немесе үздіксіз өндіріс процесінде болу үшін бұл капитал өндіріс пен айналыс кезеңдерінің өзара қарым-қатынастарына сәйкес бөлшектерге бөлінуге тиіс болар еді, сөйтіп бұл бөлшектердің бір бөлігі үнемі өндіріс кезеңінде

болар еді, ал екінші бөлігі үнемі айналыс кезеңінде болар еді. Бұл арада үнемі қызмет атқаратын өндіргіш капиталдың ауымағы айналыс уақытының айналым уақытына қарым-қатынасы арқылы белгіленеді деген сол бір заң әрекет етеді.

Біз бұл арада жылдың аяғы деп есептеп отырған 51-ші аптаның аяғында II капиталдан 150 ф. ст. әлі дайын болмаған өнімді өндіруге аяқтауға авансыланады. Екінші бөлігі тұрақты айналмалы капитал — шикізат, т. б. — формасында, яғни өндіргіш капитал ретінде өндіріс процесінде қызмет атқара алатын формада болады. Ал үшінші бөлігі ақша формасында болады; бұл — кем дегенде — жұмыс кезеңінің қалған уақытының (3 апта) ішінде төленетін жалақының сомасы, бірақ жалақы әрбір аптаның аяғында ғана төленеді. Жаңа жылдың басында, демек, айналымдардың жаңа циклінің басында, капиталдың бұл бөлігі өндіргіш капитал формасында емес, ақша капиталы формасында болғанымен, ол өндіріс процесіне кіре алмайды, солай бола тұрса да, жаңа айналым өзгермелі айналмалы капитал, яғни қазіргі жұмыс күші осының өзінде өндіріс процесінде әрекет жасайды. Бұл құбылыстың туатын себебі, жұмыс күші жұмыс кезеңінің басында, айталық, бір аптаға сатып алынып, осы кезден бастап тұтынылғанымен, жұмыс күшінің ақысы тек аптаның аяғында ғана төленеді. Ақша бұл ретте төлем қаржысы ретінде қызмет атқарады. Сондықтан, бір жағынан, бұл қаржы ақша ретінде әлі капиталистің қолында болады, ал шынында, екінші жағынан, ақша айналатын товар; жұмыс күші осының өзінде өндіріс процесінде әрекет жасайды, сөйтіп сол бір капитал құны бұл арада екі рет көрінеді.

Егер біз тек жұмыс кезеңдерін талдап қарайтын болсақ, онда:

I капитал  $450 \times 6 = 2\,700$  ф. ст. өндіреді

II капитал  $450 \times 5\frac{1}{3} = 2\,400$  » » »

демек барлығы...  $900 \times 5\frac{2}{3} = 5\,100$  ф. ст.

Сонымен, бүкіл авансыланған 900 ф. ст. капитал жылына  $5\frac{2}{3}$  рет өндіргіш капитал ретінде қызмет атқарды. Қосымша құн өндіру үшін өндіріс процесінде барлық уақытта тек 450 ф. стерлингтің, ал басқа 450 ф. стерлингтің бірін бірі ауыстырып, айналыс процесінде әрекет жасайтын, жасамайтынының, немесе 900 ф. ст.  $4\frac{1}{2}$  апта бойына өндіріс процесінде, келесі  $4\frac{1}{2}$  апта бойына айналыс процесінде әрекет жасайтын, жасамайтынының бәрібір.

Мұның керісінше, егер біз айналым кезеңдерін талдап қарайтын болсақ, онда:

$$I \text{ капитал } 450 \times 5^{2/3} = 2\,550 \text{ ф. ст.}$$

$$II \text{ капитал } 450 \times 5^{1/6} = 2\,325 \text{ ф. ст.}$$

демек, бүкіл капитал...  $900 \times 5^{5/12} = 4\,875 \text{ ф. ст.}$

Өйткені бүкіл капитал айналымының саны I мен II-нің айналым жиынтығының I және II капиталдардың сомасына бөлінген сомасына тең.

I және II капитал, егер де бұлар бір біріне тәуелсіз болса, дегенмен өндірістің сол бір саласына авансыланған қоғамдық капиталдың тек әр түрлі дербес бөліктері болып табылатындығын атап көрсету керек. Демек, егерде қоғамдық капитал өндірістің бұл саласында тек I және II капиталдардан құралған болса, онда қоғамдық капиталдың айналымы жөнінде бұл салада белгілі бір жекеше капиталдың құрамды екі, I және II, бөлігі үшін өзіміздің осында қолданған есепті қолдануға болар еді. Бұдан әрі барып, бүкіл қоғамдық капиталдың өндірістің әйтеуір бір ерекше саласына жұмсалған әрбір бөлігі үшін әлгіндей есеп жасауға болады. Қорытып келгенде бүкіл қоғамдық капитал айналымдарының саны өндірістің түрлі салаларында айналған капиталдың сомасына — өндірістің осы салаларына авансыланған капитал сомасына бөлінген сомасына тең.

Онан соң, мұнда белгілі бір жекеше кәсіпорнында I және II капитал, дәлірек айтқанда, өзінің айналым жылдары бойынша дәл келмейтіні сияқты (өйткені II капиталдың айналым циклі I капиталдан гөрі 4 апта кеш басталады, сондықтан I капиталдың жылы II капиталдың жылынан гөрі  $4^{1/2}$  апта ерте аяқталады), түрлі жеке капиталдар да өндірістің белгілі бір саласында өзінің нақтылы операцияларын уақыттың мүлде әр түрлі бөліктерінде бастайтынын, сондықтан да өзінің жылдық айналымын жылдың түрлі уақытында аяқтайтынын көрсету қажет. Бірақ қоғамдық капиталдың дербес түрлі бөліктерінің айналым жылдарын айналымның бір ортақ жылына дәлдеу үшін, біз жоғарыда I және II капитал жөнінде қолданғанымыздай орташа мөлшерді есептеп шығару тәсілін қолдану бұл ретте де жеткілікті.

## II. ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ АЙНАЛЫС КЕЗЕҢІНЕН КӨП

Бірін бірі кезекпен ауыстырып отырудың орнына I және II капиталдың жұмыс кезеңдері мен айналым кезеңдері өзара

тоғысып жатады. Сонымен қатар мұнда капиталды босатып алуға болады, мұның өзі бұрын талдап қараған ретте болмаған еді.

Бірақ бұдан келіп бұрынғы сияқты қазір де ештеме ешбір өзгермейді, 1) бүкіл авансыланған капиталдың жұмыс кезеңдерінің саны капиталдың авансыланған екі бөлігінің дайын өнімі құнының бүкіл авансыланған капиталға бөлінген сомасына тең және 2) бүкіл капитал айналымдарының саны осы екі айналым жиынтықтарының авансыланған екі капиталдың сомасына бөлінген сомасына тең. Сонымен қатар біз бұл жерде де капиталдың екі бөлігін олар жасайтын айналымдар бір біріне бүтіндей байланыссыз сияқты етіп қарауға тиіспіз.

Сонымен, біз тағы да еңбек процесіне апта сайын 100 ф. ст. авансыланады деп жорамалдаймыз. Жұмыс кезеңі 6 аптаға созылады; демек, әр жолы 600 ф. ст. (I капитал) авансылау керек болады. Айналыс кезеңі — 3 апта; демек, айналым кезеңі, бұрынғы сияқты, — 9 апта. 300 ф. ст. II капитал I капитал айналысының үш апталық кезеңі ішінде іске қосылады. Егер бұлардың екеуін бір біріне байланыссыз капиталдар ретінде қарайтын болсақ, онда жылдық айналымның схемасы мына түрде болады:

## II КЕСТЕ

*I Капитал, 600 ф. ст.*

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Авансыланғаны | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|---------------|-------------------|
| I. 1— 9 апта      | 1—6 апта        | 600 ф. ст.    | 7— 9 апта         |
| II. 10—18 »       | 10—15 »         | 600 » »       | 16—18 »           |
| III. 19—27 »      | 19—24 »         | 600 » »       | 25—27 »           |
| IV. 28—36 »       | 28—33 »         | 600 » »       | 34—36 »           |
| V. 37—45 »        | 37—42 »         | 600 » »       | 43—45 »           |
| VI. 46—(54) »     | 46—51 »         | 600 » »       | (52—54) »         |

## Қосымша II капитал, 300 ф. ст.

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Авансыланғаны | Айналым кезеңдері |
|-------------------|-----------------|---------------|-------------------|
| I. 7—15 апта      | 7—9 апта        | 300 ф. ст.    | 10—15 апта        |
| II. 16—24 »       | 16—18 »         | 300 » »       | 19—24 »           |
| III. 25—33 »      | 25—27 »         | 300 » »       | 28—33 »           |
| IV. 34—42 »       | 34—36 »         | 300 » »       | 37—42 »           |
| V. 43—51 »        | 43—45 »         | 300 » »       | 46—51 »           |

Өндіріс процесі белгілі бір көлемде жыл бойы үздіксіз жүреді. Капиталдың екеуі де, I және II капитал да, мүлде бөлінген күйінде қалады. Алайда оларды бөлінген күйінде көз алдымызға елестету үшін біз олардың нағыз тоғысып, араласып кетуін ажыратып алуға, сөйтіп айналымдардың санын да өзгертуге тиіс болдық. Атап айтқанда, жоғарыда келтірілген кестеге сәйкес, сома былайша айналым жасар еді:

$$\begin{array}{l} \text{I капиталдікі } 600 \times 5^2/3 = 3\,400 \text{ ф. ст. және} \\ \text{II } \quad \quad \quad \quad \quad \quad 300 \times 5 = 1\,500 \text{ » } \end{array}$$

демек, бүкіл капитал  $900 \times 5^4/9 = 4\,900$  ф. ст.

Бірақ мұндай есеп дұрыс емес, өйткені, біздің көретініміздей, өндіріс пен айналыстың нағыз кезеңдері келтірілген схемадағы кезеңдермен абсолютті түрде дәл келмейді, бұл схемадағы басты нәрсе: екі капиталды, I және II капиталды, бір біріне байланыссыз капиталдар етіп көрсету еді.

Ал шындығына келгенде I капиталдың тиісті кезеңдерінен бөлек II капиталдың ерекше жұмыс кезеңі де, айналым кезеңі де жоқ. Жұмыс кезеңі 6 аптаға созылады, айналым кезеңі — 3 апта. II капитал тек 300 ф. ст. тең болғандықтан, ол жұмыс кезеңінің бір бөлігін ғана толтыра алады. Шындығында мұның өзі нақ осылай. 6-шы аптаның аяғында құны 600 ф. ст. өнім айналысқа енеді және 9-шы аптаның аяғында ақша түрінде қайтып оралады. Мұнымен бірге 7-ші аптаның басында II капитал қимыл жасай бастайды, сөйтіп 7—9-шы апта ішінде келесі жұмыс кезеңінің керегін толтырады. Бірақ біздің жорамалдауымызша, 9-шы аптаның аяғында жұмыс кезеңінің жартысы ғана аяқталады. Демек, 10-шы аптаның басында жаңа ғана қайтып оралған 600 ф. ст. I капитал жаңадан қимыл жасауға кіріседі, ал осының 300 ф. ст. 10—12-ші аптада қажет болатын авансылардың орнын толтырады. Осымен екін-

ші жұмыс кезеңі аяқталады. Құны 600 ф. ст. өнім айналыста болады, ал бұл 600 ф. ст. 15-ші аптаның аяғында қайтып оралады, бірақ оның үстіне 300 ф. ст.— бастапқы II капиталдың сомасы босап шықты,— бұл 300 ф. ст. келесі жұмыс кезеңінің бірінші жартысында, яғни 13—15-ші апталар бойына қызмет атқара алады. Бұл апталар өткеннен кейін 600 ф. ст. тағы қайтып оралады; бұлардан 300 ф. ст. осы жұмыс кезеңінің аяғына дейін жеткілікті болады, ал 300 ф. ст. келесі жұмыс кезеңі үшін бос болады.

Сонымен, іс мына тәртіпте жүреді:

Айналымның I-ші кезеңі: 1—9-шы апталар.

1-ші жұмыс кезеңі: 1—6-шы апталар I капитал,  
600 ф. ст. қызмет атқарады.

1-ші айналыс кезеңі: 7—9-шы апталар. 9-шы аптаның аяғында 600 ф. ст. қайтып оралады.

Айналымның II-ші кезеңі: 7—15-ші апталар.

2-ші жұмыс кезеңі: 7—12-ші апталар.

Бірінші жартысы: 7—9-шы апталар. II капитал,  
300 ф. ст. қызмет атқарады.

9-шы аптаның аяғында 600 ф. ст. ақша түрінде (I капитал) қайтып оралады.

Екінші жартысы: 10—12-ші апталар. I капиталдың 300 ф. ст. қызмет атқарады.

I капиталдың қалған 300 ф. ст. бос болады.

2-ші айналыс кезеңі: 13—15-ші апталар.

15-ші аптаның аяғында 600 ф. ст. (жартылай I капиталдан, жартылай II капиталдан құралған) ақша түрінде қайтып оралады.

Айналымның III-ші кезеңі: 13—21-ші апталар.

3-ші жұмыс кезеңі: 13—18-ші апталар.

Бірінші жартысы: 13—15-ші апталар. Босаған 300 ф. ст. қызмет атқара бастайды. 15-ші аптаның аяғында 600 ф. ст. ақша түрінде қайтып оралады.

Екінші жартысы: 16—18-ші апталар. Қайтып оралған 600 ф. стерлингтен 300 ф. ст. қызмет атқарады, басқа 300 ф. ст. тағы бос болады.

3-ші айналыс кезеңі: 19—21-ші апталар бұл апталардың аяғында 600 ф. ст. ақша түрінде тағы қайтып оралады; осы 600 ф. стерлингке I капитал мен II капиталдың енді қосылып кеткені соншалық, оларды бір бірінен ажыратуға тіпті болмайды.

Сонымен, 51-ші аптаның аяғына дейін 600 ф. ст. капитал айналымының сегіз толық кезеңі болады. (I : 1—9-шы апталар; II : 7—15; III : 13—21; IV : 19—27; V : 25—33; VI : 31—39; VII : 37—45; VIII : 43—51-ші апталар). Ал 49—51-ші апталар айналыстың сегізінші аптасына тура келетіндіктен, осы уақыттың ішінде іске кірісіп, босаған капиталдың 300 ф. ст. өндіру барысын қуаттауға тиіс. Сөйтіп жылдың аяғында айналым мына түрде болады: 600 ф. ст. сегіз рет айналым жасады, мұның өзі 4 800 ф. ст. болады. Бұған соңғы 3 аптаның (49—51-ші) өнімін қосу керек, бірақ ол өзінің тоғыз апталық айналымының тек үштен бірін ғана жасады, демек, айналым сомасына оның мөлшерінің үштен бір бөлігін ғана, яғни 100 ф. ст. қосу керек. Демек, егер жылдық өнім, жылды 51 апта деп есептегенде, 5 100 ф. ст. тең десек, онда айналып шыққан капитал тек  $4\,800 + 100 = 4\,900$  ф. ст. болады; олай болса, бүкіл авансыланған 900 ф. ст.  $5\frac{1}{9}$  рет, яғни 1 реттегіден сәл-ақ артық айналады.

Келтірілген мысалда жұмыс уақыты айналым кезеңінің  $\frac{2}{3}$  болады, ал айналыс уақыты айналым кезеңінің  $\frac{1}{3}$  болады деп жорамалданады, яғни жұмыс уақыты — еселенген жай ғана айналыс уақыты деп жорамалданады. Егер мұндай жағдай болмаса, капиталдың жоғарыда айтылғандай босап шығуы бола ма? — деген сұрақ туады.

Жұмыс кезеңін — 5 апта, айналыс уақытын — 4 апта, апта сайын авансыланатын капитал — 100 ф. ст. дейік.

Айналымның I кезеңі: 1—9-шы апталар.

1-ші жұмыс кезеңі: 1—5-ші апталар. I капитал қызмет атқарады = 500 ф. ст.

1-ші айналыс кезеңі: 6—9-шы апталар. 9-шы аптаның аяғында 500 ф. ст. ақша түрінде қайтып оралады.

Айналымның II-ші кезеңі: 6—14-ші апталар:

2-ші жұмыс кезеңі: 6—10-шы апталар.

Бірінші бөлігі: 6—9-шы апталар. II капитал қызмет атқарады = 400 ф. ст. 9-шы аптаның аяғында I капитал ақша түрінде қайтып оралады = 500 ф. ст.

Екінші бөлігі: 10-шы апта. Қайтып оралған 500 ф. стерлингтен 100 ф. ст. қызмет атқарады. Қалған 400 ф. ст. келесі жұмыс кезеңі үшін бос болады.

2-ші айналыс кезеңі: 11—14-ші апталар. 14-ші аптаның аяғында 500 ф. ст. ақша түрінде қайтып оралады.



14-ші аптаның аяғына дейін (11—14-ші) бұрын босап шыққан 400 ф. ст. қызмет атқарады, сонан соң қайтып оралған 500 ф. стерлингтің 100 ф. ст. үшінші жұмыс кезеңі (11—15-ші апталар) үшін жетіспейтін соманы толтырады, сөйтіп төртінші жұмыс кезеңі үшін 400 ф. ст. қайтадан босап шығады. Әрбір жұмыс кезеңінде нақ осы жағдай қайталанады; оның бас кезінде 400 ф. ст. болады, мұның өзі алғашқы 4 аптаға жетеді. 4-ші аптаның аяғында ақша түрінде 500 ф. ст. қайтып оралады, мұның тек 100 ф. ст. ғана соңғы аптаға керек болады, қалған 400 ф. ст. келесі жұмыс кезеңі үшін бос болады.

Онан соң 700 ф. ст. мөлшерінде I капиталы бар, 7 аптаға созылатын жұмыс кезеңін, 200 ф. ст. мөлшерінде II капиталы бар 2 аптаға созылатын айналыс уақытын алайық.

Бұлай болған ретте айналымның бірінші кезеңі 1—9-шы апталар бойына созылады, бұлардың бірінші жұмыс кезеңі 1-ші аптадан басталып, 7-ші аптамен, 700 ф. ст. авансылануымен аяқталады, ал бірінші айналыс кезеңі 8-ші аптадан басталып 9-шы аптамен аяқталады. 9-шы аптаның аяғында 700 ф. ст. ақша түрінде қайтып оралады.

Айналымның 8-ші аптадан басталып 14-ші аптамен бітетін екінші кезеңі 8-ші аптадан басталып 14-ші аптамен бітетін екінші жұмыс кезеңін қамтиды. Оның бер жағында 8-ші аптамен 9-шы аптаның керегін II капитал қамтамасыз етеді. 9-шы аптаның аяғында бұрынғы 700 ф. ст. қайтып оралады, мұның 500 ф. ст. жұмыс кезеңінің (10—14-ші апталардың) аяғына дейін жұмсалады; 200 ф. ст. келесі жұмыс кезеңі үшін бос қалады. Айналыстың екінші кезеңі 15-ші және 16-шы апта бойына созылады, 16-шы аптаның аяғына 700 ф. ст. тағы қайтып оралады. Сонан соң әрбір жұмыс кезеңінде нақ осы жағдай қайталанады. Алғашқы екі апта ішінде капиталды керек етушілік бұдан бұрынғы жұмыс кезеңі аяғында босаған 200 ф. ст. есебінен қамтамасыз етіледі, 2-ші аптаның аяғында 700 ф. ст. қайтып оралады, бірақ жұмыс кезеңінен тек 5 апта ғана қалады, сондықтан оған тек 500 ф. ст. қана жұмсалатын болады, демек, 200 ф. ст. келесі жұмыс кезеңі үшін үнемі бос қалады.

Сонымен, былай болып шығады: біздің жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен көп деп қабылдаған бұл ретімізде әрбір жұмыс кезеңінің аяғында айналыс уақытына авансыланған II капиталға мөлшері жағынан тең ақша капиталы барлық жағдайларда да бос болады. Біздің алған үш мысалымызда II капитал: бірінші мысалда 300 ф. ст., екінші мысалда 400 ф.

ст., үшінші мысалда 200 ф. ст. тең болды; бұған сәйкес жұмыс кезеңінің аяғында босаған капитал әлгі ретпен 300, 400 және 200 ф. ст. болды.

### III. ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ АЙНАЛЫС КЕЗЕҢІНЕН ШАҒЫН

Біз ең алдымен тағы айналым кезеңінің ұзақтығы 9 апта деп ұйғарамыз; олардың ішінде жұмыс кезеңі 3 апта, ол кезең үшін қарамақта I капитал=300 ф. ст. бар. Айналыс кезеңі 6 апта-ақ болсын. Бұл 6 апта үшін 600 ф. ст. қосымша капитал керек, мұның өзін де біз 300 ф. стерлингтен екі капиталға бөлуімізге болады, және де бұлардың әрқайсысы бір жұмыс кезеңін қамтиды. Сонымен, бізде 300 ф. стерлингтен үш капитал бар; олардың ішінен 300 ф. ст. әрқашан өндірісте болады, ал қалған 600 ф. ст. айналыс саласында болады.

#### III КЕСТЕ

##### I Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 1—9 апта       | 1—3 апта        | 4—9 апта          |
| II. 10—18 »       | 10—12 »         | 13—18 »           |
| III. 19—27 »      | 19—21 »         | 22—27 »           |
| IV. 28—36 »       | 28—30 »         | 31—36 »           |
| V. 37—45 »        | 37—39 »         | 40—45 »           |
| VI. 46—(54) »     | 46—48 »         | 49—(54) »         |

##### II Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 4—12 апта      | 4—6 апта        | 7—12 апта         |
| II. 13—21 »       | 13—15 »         | 16—21 »           |
| III. 22—30 »      | 22—24 »         | 25—30 »           |
| IV. 31—39 »       | 31—33 »         | 34—39 »           |
| V. 40—48 »        | 40—42 »         | 43—48 »           |
| VI. 49—(57) »     | 49—51 »         | (52—57) »         |

*III Капитал*

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 7—15 апта      | 7— 9 апта       | 10—15 апта        |
| II. 16—24 »       | 16—18 »         | 19—24 »           |
| III. 25—33 »      | 25—27 »         | 28—33 »           |
| IV. 34—42 »       | 34—36 »         | 37—42 »           |
| V. 43—51 »        | 43—45 »         | 46—51 »           |

Біз мұнда 1 ретке дәл ұқсастықты көріп отырмыз, айырмашылығы тек енді екі капиталдың орнына үш капитал кезектесіп отыратындығында. Капиталдар тоғыспайды немесе араласып кетпейді; әрбір жеке капиталды өз алдына жылдың аяғына дейін бақылап отыруға болады. Демек, 1 реттегі сияқты, мұнда да жұмыс кезеңінің аяғында капитал босап шықпайды. I капитал 3-ші аптаның аяқ шенінде түгел жұмсалады, 9-шы аптаның аяғында түгел қайтып, 10-шы аптаның басында қайтадан қызмет атқара бастайды. II және III капиталдар жөнінде де осылай болады. Бір капиталдың екінші капиталмен ұдайы және түгел алмасып отыруы капитал босатылуының ешқандайына жол бермейді.

Бүкіл айналым мына түрде есептеледі:

$$\begin{array}{l}
 \text{I капитал } 300 \text{ ф. ст.} \times 5\frac{2}{3} = 1\,700 \text{ ф. ст.} \\
 \text{II } \gg \quad 300 \gg \gg \times 5\frac{1}{3} = 1\,600 \gg \gg \\
 \text{III } \gg \quad 300 \gg \gg \times 5 = 1\,500 \gg \gg
 \end{array}$$

---


$$\text{Барлық капитал } 900 \text{ ф. ст.} \times 5\frac{1}{3} = 4\,800 \text{ ф. ст.}$$

Енді тағы бір мысал алайық, мұнда айналыс кезеңі жұмыс кезеңіне дәл еселі болмайды; мысалы, жұмыс кезеңі 4 апта, айналыс кезеңі 5 апта екен; бұл ретте капиталдың мөлшері тиісінше мынадай болар еді: I капитал=400 ф. ст., II капитал=400 ф. ст., III капитал=100 ф. ст. Біз тек алғашқы үш айналымның схемасын ғана береміз:

## IV КЕСТЕ

## I Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 1—9 апта       | 1—4 апта        | 5—9 апта          |
| II. 9—17 »        | 9, 10—12 »      | 13—17 »           |
| III. 17—25 »      | 17, 18—20 »     | 21—25 »           |

## II Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 5—13 апта      | 5—8 апта        | 9—13 апта         |
| II. 13—21 »       | 13, 14—16 »     | 17—21 »           |
| III. 21—29 »      | 21, 22—24 »     | 25—29 »           |

## III Капитал

| Айналым кезеңдері | Жұмыс кезеңдері | Айналыс кезеңдері |
|-------------------|-----------------|-------------------|
| I. 9—17 апта      | 9 апта          | 10—17 апта        |
| II. 17—25 »       | 17 »            | 18—25 »           |
| III. 25—33 »      | 25 »            | 26—33 »           |

Бұл жерде капиталдың тоғысып кетуі III капиталдың жұмыс кезеңі,— бұл капитал тек бір аптаға ғана жетіп, сондықтан дербес жұмыс кезеңі болмағандықтан,— I капиталдың бірінші жұмыс аптасына сай келеді. Ал оның есесіне I капиталдың да, сондай-ақ II капиталдың да жұмыс кезеңінің аяғында 100 ф. ст. сомасы босайды, мұның өзі III капиталға тең. Шынында да, егер III капитал екіншінің бірінші аптасын және I капиталдың барлық кейінгі жұмыс кезеңдерінің бірінші аптасын қамтып, ал осы бірінші аптаның аяғында бүкіл I капитал, 400 ф. ст. келіп түсетін болса, онда I капиталдың жұмыс кезеңінің қалған бөлегі небәрі 3 аптаға ғана тең, ендеше капиталдың жұмсалатын тиісті сомасы 300 ф. ст. болады. Осылайша босаған 100 ф. ст. кейін II капиталдың осыған ұштас келе-

тін жұмыс кезеңінің бірінші аптасына жеткілікті болады; осы бірінші аптаның аяғында бүкіл 400 ф. ст. II капитал қайтып оралады; бірақ басталып отырған жұмыс кезеңі тек 300 ф. стерлингті ғана жарата алатын болғандықтан, ол кезең аяқталғанда тағы 100 ф. ст. бос қалады, тағысын тағылар. Демек, айналыс уақыты жұмыс кезеңіне шаққанда жәй еселік болып келмейтін ретте жұмыс кезеңінің аяғында капитал босап отырады, оның бержағында осы босап қалатын капитал айналыс кезеңінің жұмыс кезеңінен немесе жұмыс кезеңінің еселігінен артатын уақытты қамтуға тиісті капитал бөлегіне тең болады.

Зерттелген реттердің бәрінде де мұндағы қарастырылып отырған әрбір кәсіпорнында жұмыс кезеңі де, айналыс уақыты да бүкіл жыл бойына бір қалыпта болады деп ұйғарылды. Осылай ұйғару қажет болған себебі, біз авансыланған капиталдың айналымы мен мөлшеріне айналыс уақытының әсерін анықтағымыз келді. Шындығында бұл ұйғару әрдайым сондай мүлтіксіз жүзеге аса бермеуінен, ал көп реттерде ол шындыққа мүлдем сәйкеспеуінен істің мәні ешбір өзгермейді.

Бүкіл осы бөлім бойында біз айналмалы капиталдың айналымдарын ғана қарастырып өттік, ал негізгі капиталдың айналымдарын қарастырғанымыз жоқ, мұның себебі талқыланып отырған мәселенің негізгі капиталға ешқандай байланысы болмауынан. Өндіріс процесінде қолданылатын еңбек құрал-жабдықтары, т. т. тек оларды тұтынатын уақыттың ұзақтығы айналмалы капиталдың айналым кезеңінен артық болатындығынан, бұл еңбек құрал-жабдықтары үнемі қайта-қайта процестерінде қызмет ететін уақыт

н айналым кезеңінен ұзақ болатындығынан, ендеше бұл уақыт айналымы капитал айналымының  $n$  кезеңдеріне тең болатындығынан ғана негізгі капитал болып саналады. Айналмалы капитал айналымының  $n$  кезеңі болатын әлгі жалпы уақыт неғұрлым ұзақ немесе қысқа болуына қарамастан, өндіргіш капиталдың сол уақытқа негізгі капитал ретінде авансыланған бөлігі бұл уақыт шегінде қайтадан авансыланбайды. Ол өзінің бұрынғы тұтыну формасында қызмет ете береді. Айырмашылық тек мынада: айналмалы капиталдың әрбір айналым кезеңіне кіретін жеке жұмыс кезеңінің түрлі ұзақтығына сәйкес негізгі капитал осы жұмыс кезеңінің өніміне өзінің бастапқы құнының көп немесе аз бөлігін көшіріп отырады, сөйтіп айналымның әрбір кезеңіне кіретін айналыс уақытының ұзақтығына сәйкес, негізгі капитал құнының өнімге көшкен әлгі бөлігі азды-көпті шапшаңдықпен ақша формасында қайтып оралады. Осы бөлімде біз зерттеп

отырған мәселенің түп-тегі, яғни өндіргіш капиталдың айналмалы бөлігінің айналымы капиталдың осы бөлегінің мәніне байланысты жатыр. Бір жұмыс кезеңінде қолданылған айналмалы капитал өзінің айналымын аяқтамайынша, товар капиталына, онан ақша капиталына айналмайынша, осы соңғыдан тағыда өндіргіш капиталға айналмайынша, ол жаңа жұмыс кезеңіне қолданылуы мүмкін емес. Сондықтан, бірінші жұмыс кезеңінің ізінше дереу, үзіліссіз екінші кезең кетуі үшін капиталды қайтадан авансылауға және оны өндіргіш капиталдың айналым элементтеріне айналдыруға тура келеді, ал авансылағанда бірінші жұмыс кезеңіне авансыланған айналмалы капиталдың айналыс кезеңі туғызған олқылықтың орнын толықтыруға жетерліктей мөлшерде авансылау керек болады. Айналмалы капиталдың жұмыс кезеңі ұзақтығының осы өндірістегі еңбек процесінің көлеміне және авансыланған капиталдың бөлінуіне, ылайығынша,— капиталдың қосымша авансыланатын жаңа үлестерінің мөлшеріне тигізетін әсері, міне, осыған байланысты болады. Ал осы бөлімде біздің зерттемегіміздің өзі дәл осы болатын.

#### IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Ілгерідегі зерттеуден шығатын қорытынды:

А. Бір бөлігі үнемі жұмыс кезеңінде бола алатындай, сонымен қатар қалған бөліктері айналыс кезеңінде болғандай етіп бөлінетін капиталдың түрлі үлестері түрліше дербес жеке капиталдар ретінде бірі-бірін екі жағдайда алмастыра алады: 1) Жұмыс кезеңі айналыс кезеңіне тең болса, демек, айналым кезеңі тең екі бөлімге бөлінсе. 2) Егер айналыс кезеңі жұмыс кезеңінен ұзағырақ болса, бірақ сонымен қатар жұмыс кезеңінің жадағай еселігі болса, сөйтіп айналыстың бір кезеңі  $n$  жұмыс кезеңдеріне тең болса, бұл арада  $n$  бүтін сан болуға тиіс. Бұл реттерде дәйекті авансыланатын капиталдың бірде-бір бөлігі босамайды.

В. Керісінше, мына жағдайлардың бәрінде: 1) айналыс кезеңі жұмыс кезеңінен артық болса, сөйтіп оның жадағай еселігі болып шықпаса және 2) жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен артық болса,— осындай жағдайларда екінші айналымнан бастап, әрбір жұмыс кезеңінің аяғында барлық айналмалы капиталдың кейбір бөлігі үнемі және мезгіл-мезгіл босап отырады. Атап айтқанда, егер жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен артық болса, онда әлгі босаған капитал айналыс кезеңіне авансыланған бүкіл капиталдың бір бөлігіне тең, ал егер айналыс кезеңі жұмыс кезеңінен артық болса, онда бұл капитал

айналыс кезеңінің жұмыс кезеңінен яки жұмыс кезеңдерінің еселігінен артық уақытты қамтитын капитал бөлігіне тең.

С. Бұдан шығатын қорытынды: өзінің айналым бөлігінің тұрғысынан қаралатын қоғамдық капитал үшін капиталдың босауы дағдылы нәрсе болуға, ал өндіріс процесінде дәйекті пайдаланылатын капитал бөліктерінің жәй кезектесуі — ерекшелік болуға тиіс. Өйткені жұмыс кезеңі мен айналыс кезеңінің теңдігінің яки айналыс кезеңінің жұмыс кезеңінің жай еселігімен теңдігінің — айналым кезеңінің екі құрамды бөлігінің осы дұрыс пропорциялығының істің мәніне ешбір қатысы жоқ, ал сондықтан жалпы тұтас алғанда бұл тек ерекшелік ретінде ғана кездесуі мүмкін.

Демек, жыл бойында бірнеше айналатын қоғамдық капиталдың едәуір мол бөлігі айналымдардың жылдық циклы ішінде дүркін-дүркін босаған капитал формасында болады.

Мұнан кейін айқын нәрсе: барлық басқа жағдайлар өзгермейді деп ұйғарсақ, әлгі босайтын капиталдың көлемі еңбек процесінің мөлшерімен, немесе өндіріс көлемімен бірге, демек, жалпы алғанда капиталистік өндірістің дамуымен бірге өседі. В2) ретінде оның өсетін себебі авансыланатын бүкіл капитал өседі; В1) ретінде өсетін себебі капиталистік өндірістің дамуымен бірге айналыс кезеңінің ұзақтығы өседі, ал олай болса, айналым кезеңінің ұзақтығы да өседі, оның бер жағында жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен кем болады,\* ендеше екі кезеңнің арасында дұрыс ара қатынас жоқ.

Бірінші ретте апта сайын біз, мысалы, 100 ф. ст. жұмсауға тиіс болдық. Алты апталық жұмыс кезеңі үшін — 600 ф. ст. айналыстың үш апталық кезеңі үшін — 300 ф. ст., барлығы 900 ф. ст. жұмсаймыз. Бұл ретте 300 ф. ст. ұдайы босап отырылады. Мұның керісінше, апта сайын 300 ф. ст. жұмсалар болса, онда бізде жұмыс кезеңі үшін 1 800 ф. ст., айналыс кезеңі үшін 900 ф. ст. болып шығады, демек, мезгіл-мезгіл 300 ф. ст. орнына 900 ф. ст. босап отырады.

Д. Бүкіл капитал, мысалы, 900 ф. ст. бұрынғыдағыдай, екі бөлімге бөлінуге тиіс: жұмыс кезеңі үшін 600 ф. ст. және айналыс кезеңі үшін 300 ф. ст. Осының салдарынан нағыз еңбек процесіне жұмсалатын бөлігі үштен бір азайып 900 ден 600 ф. стерлингке түседі, әне сол себепті өндіріс көлемі үштен бір қысқарады. Екінші жағынан, 300 ф. ст. тек жұмыс кезеңі үзіліп қалмас үшін, еңбек процесіне жылдың әрбір аптасында 100 ф. стерлинг жұмсап тұра алатын болу үшін пайдаланылады.

\* «Айналыс кезеңінен кем» деген сөздер 1893 жылғы немісше басылуында қателік қалып қойған. Маркстің қолжазбасы және Энгельстің қолжазбасы негізінде түзетілді. Ред.

Жалпылай айтсақ, 600 ф. ст.  $8 \times 6 = 48$  апта бойында (өнім = 4 800 ф. ст.) істей ме немесе бүкіл капитал — 900 ф. ст. 6 апта бойында еңбек процесіне жұмсалып, ал сонан кейін айналыс кезеңінің 3 аптасы бойына ол босқа жата ма, — мұнда тұрған еш нәрсе жоқ. Соңғы ретте 48 апта ішінде  $5\frac{1}{3} \times 6 = 32$  жұмыс аптасы (өнім =  $900 \times 5\frac{1}{3} = 4\,800$  ф. ст.) болар еді де, ал капитал 16 апта бойына босқа жатқан болар еді. Ал, егер тіпті негізгі капиталдың 16 апта бойына пайдаланылмай жатқан уақытында едәуір бүлінетінін және өзі жылдың біраз уақытында ғана пайдаланыла тұрса да, жыл бойына ақы төлеуге тура келетін еңбектің қымбаттайтынын еске алмағанның өзінде, өндіріс процесінің мұндай ұдайы үзілістері жалпы алғанда осы заманғы ірі өнеркәсіптің практикасына сиыспайтын зат. Осы үздіксіздіктің өзі еңбектің өндіргіш күші болып табылады.

Енді біз босаған капиталға, шындығында қызметі уақытша кейінге қалдырылған капиталға анықтап көз салар болсақ, оның едәуір бөлігі үнемі ақша капиталының формасында болуға тиіс екенін көреміз. Мына мысалға тоқталық: жұмыс кезеңі 6 апта, айналыс кезеңі 3 апта, апта сайынғы шығын — 100 ф. ст. Екінші жұмыс кезеңінің орта шенінде, 9-шы аятаның аяғында 600 ф. ст. қайтады, мұнан жұмыс кезеңінің қалған бөлегі бойына тек 300 ф. ст. жұмсауға тура келеді. Олай болса, екінші жұмыс кезеңінің аяғында 600 ф. стерлингтен 300 ф. ст. босайды. Осы 300 ф. ст. қандай күйде болады?  $\frac{1}{3}$  жалақыға,  $\frac{2}{3}$  шикізат пен қосымша материалдарға жұмсауға тиіс делік. Демек, қайтқан 600 ф. стерлингтен жалақыға арналған 200 ф. ст. ақша формасында болады, ал 400 ф. ст. өндірістік запас формасында, өндіргіш тұрақты капиталдың айналым бөлігі элементтерінің формасында болады. Алайда екінші жұмыс кезеңінің екінші жартысы үшін сол өндірістік запастың жартысы ғана керек болатындықтан, оның екінші жартысы 3 апта бойына өндірістік басы артық запас, яғни бір жұмыс кезеңінің керегінен асатын запас формасында болады. Бірақ капиталист осы қайтқан капиталдың бұл бөлігінен (= 400 ф. ст.) ағымдағы жұмыс кезеңі үшін өзіне тек жартысы = 200 ф. ст. керек екенін біледі. Демек, ол осы 200 ф. стерлингті бірден түгелдей немесе біразын ғана өндірістік басы артық запасқа айналдыра ма, ал немесе рыноктың неғұрлым қолайлы жағдайын тосып, оларды түгелдей немесе біразын ақша капиталы түрінде сақтап тұра ма, міне бұл рыноктың жағдайына байланысты. Екінші жағынан, жалақыға жұмсалатын 200 ф. стерлингке тең бөлігі ақша формасында сақталатыны өзінен өзі түсінікті. Капиталист жұмыс күшін сатып



алғаннан кейін, оны шикі материал ретінде складта ұстап отыра алмайды. Оны өндіріс процесіне қосып, әрбір аптаның аяғында ақы төлеуге тиіс. Демек, босаған 300 ф. ст. капиталдан қалай болғанда да анау 100 ф. ст. босаған капитал, яғни жұмыс уақыты үшін керек емес ақша капиталы формасында болады. Сөйтіп, ақша капиталы формасында босаған капитал кем дегенде өзгермелі капиталдың жалақыға жұмсалған бөлегіне тең болуға тиіс; бұл ақша капиталының максимум мөлшері бүкіл босаған капитал сомасына жетуі ықтимал. Шындығында оның мөлшері осы минимум мен максимумның арасында ұдайы ауытқып отырады.

Тек айналымдар қозғалысы механизмінің нәтижесінде ғана осылайша босаған ақша капиталы (негізгі капиталдың дәйекті түрде қайтуының нәтижесінде құралатын ақша капиталымен қатар және еңбектің әрбір процесінде өзгермелі капитал үшін қажет ақша капиталымен қатар) кредит системасы өрістеп отырған жағдайда едәуір роль атқаруға тиіс, және де сонымен қатар осы системаның негіздерінің бірі болуға тиіс.

Біздің келтірген мысалымызда айналыс уақыты үш аптадан екі аптаға түседі екен делік. Мұның өзі — қалыптан тыс құбылыс, жақсы конъюнктураның, төлем мерзімдері қысқаруының, т. т. нәтижесі ғана болсын. Жұмыс кезеңі бойында жұмсалған 600 ф. ст. капитал қажет уақытынан бір апта бұрын қайтады, демек, ол сол аптада босайды. Сонан соң, жұмыс кезеңінің орта шенінде бұрынғысынша 300 ф. ст. (әлгі 600 ф. стерлингтің бөлігі) босайды, бірақ бұрынғы 3 аптаның орнына 4 аптаға босайды. Демек, ақша рыногында бір апта бойында 600 ф. ст. және бұрынғы 3 апта орнына 300 ф. ст. 4 апта бойына болады. Мұның өзі бір ғана емес, көп капиталиске қатысты және өндірістің түрлі салаларында түрлі кезеңдерде болатындықтан, міне осы себептен рынокта бос ақша капиталы көп болып шығады. Егер мұндай күй біршама ұзаққа созылатын болса, жағдай мүмкіндік берген жерде өндіріс кеңейеді. Кредитке алынған капиталмен жұмыс істейтін капиталистер ақша рыногында сұранысты азайтады, мұның өзі қарыз капиталы ұсынысының өскеніндегідей дәрежеде сол рыноктағы жағдайды жеңілдетеді; немесе, ақырында, айналыс механизміне қажеті жоқ басы артық сома біржолата ақша рыногына түсіріледі.

Айналыс уақыты 3 ден 2 аптаға түсуі және содан келіп айналым кезеңі 9 дан 8 аптаға түсуі нәтижесінде барлық авансыланған капиталдың  $\frac{1}{9}$  басы артық болады. Алты апталық жұмыс кезеңі енді 800 ф. стерлингпен де 900 ф. ст. кезіндегі-

дей үздіксіз өте алатын болады. Сондықтан товар капиталы құнының 100 ф. стерлингке тең бөлігі ақшаға айналып, сондай күйде, ақша капиталы түрінде тұрып қалады, сондықтан енді өндіріс процесіне авансыланған капиталдың бір бөлігі ретінде қызмет етпейді. Өндіріс өзгермес көлемде және басқа жағдайлары өзгермесе, атап айтқанда бірқалыпты баға, т. т. тұсында жүріп жатса, авансыланған капитал құнының сомасы кеміп, 900-ден 800 ф. стерлингке түседі. Алғашқы авансыланған құннан қалған 100 ф. ст. ақша капиталы формасында бөлініп шығады. Сол болғандықтан ақша рыногына түсіп, онда пайдаланылатын капиталдардың қосымша бөлігі болады.

Бұдан басы артық ақша капиталы қалай құраладының көреміз, және де бұл ақша капиталының ұсынысы өзіне сұраныстан артық болғандығы мағынасында ғана емес; ондай артықшылық әрқашан тек относителді артықшылық, ол, мысалы, дағдарыс біткеннен кейін жаңа цикл ашатын «меланхолиялық» дәуірде кездеседі. Жок, бұл — артықшылық мына мағынада: авансыланған капитал құнының белгілі бөлігі ұдайы өндірістің бүкіл қоғамдық процесін (айналыс процесін де қамтитын) жүргізе беруден артылып қалады және сондықтан ақша капиталы формасында бөлініп шығады; мұның өзі — өндірістің өзгермес көлемі және өзгермес бағалар жағдайында тек айналым кезеңінің қысқаруының нәтижесінде ғана туатын артықшылық. Айналыста көп немесе аз ақша жиыны бола ма, оның бұған ешқандай ықпалы болмайды.

Оның керісінше, айталық, айналыс кезеңі 3 ден 5 аптаға дейін ұзарады екен делік. Онда енді келесі айналымда авансыланған капитал 2 апта кешігіп қайтады. Осы жұмыс кезеңінің өндіріс процесінің соңғы бөлегі авансыланған капитал жасайтын айналымы механизмінің өзі арқылы жүре бере алмайды. Мұндай күй ұзаққа созылса, өндіріс процесі, оның жүргізіліп отырған көлемі кеміген болар еді, ілгеріде көрсетілгендей кеңею болғаны сияқты. Ал процесті бұрынғы көлемде жүргізе беру үшін авансыланған капиталды өз мөлшерінің  $\frac{2}{9} = 200$  ф. ст. көбейту қажет, сонымен қатар бұл көбейту айналыс кезеңі ұзаруының бүкіл мерзіміне мөлшерленеді. Бұл қосымша капитал тек ақша рыногынан ғана алынуы мүмкін. Егер айналыс кезеңінің ұзаруы бір немесе бірнеше ірі өндіріс саласында кездессе, онда бұл ақша рыногына әсер етуі мүмкін, егер тек ондай әсерді басқа саладан болатын қарама-қарсы әсер күрмемесе. Бұл ретте де мейлінше айқын нәрсе: ілгеріде айтылған ақша капиталының артықшылығы сияқты мұндай әсер товарлар бағасының өзгерісімен де,

қолда бар айналыс қаржылары аумағының өзгерісімен де титтей байланысты емес.

(Бұл тарауды баспаға дайындау ісі үлкен қиыншылыққа түсті. Маркс алгебраға қаншама мықты болғанымен, әйтсе де, әсіресе сауда саласындағы цифр есептері техникасына айтарлықтай еркін емес еді. Дегенмен айта кеткен жөн, үлкен бір бума дәптерлер кездесті, онда Маркс көптеген мысалдар ала отырып, сауда есебінің барлық түрлерін егжей-тегжейіне жете шығарыпты. Бірақ есепшіліктің жеке тәсілдерін білу мен көпес есепшілігінің үйреншікті практикасы — бұлар әсте бірдей нәрсе емес, міне, сөйтіп, Маркс айналымдарды егжей-тегжейлі есептеуде шатасқан, демек оның есептерінде аяқталмауымен қатар кейбір қателер мен қайшылықтар кездеседі. Жоғарыда келтірілген кестелерде мен неғұрлым оңай және арифметика жағынан дұрыс есептерді ғана қалдырдым, — олай істеуге басты себеп мынадай еді.

Осы көп еңбекпен шығарылған есептің бұлыңғыр нәтижелері мынаған соқтырған: іс жүзінде маңызы шамалы бір жағдайға, менің ойымша, Маркс орынсыз үлкен маңыз берген. Мен бұл арада оның сонау ақша капиталының «босауы» дейтінін айтып отырмын. Жоғарыда алынған ұйғарындылардағы мәселенің шын мәні мынадай:

Жұмыс кезеңі мен айналыс уақыты ұзақтығының қатынастары қандай болғанымен, демек, I капитал мөлшерінің II капиталға қатынасы қандай болғанымен, — бәрібір бірінші айналым аяқталғанда, жұмыс кезеңінің ұзақтығына қарай тағайынды мерзімдерінде капиталиске бір жұмыс кезеңіне қажет капитал ақша формасында қайтып отырады, демек, I капиталға тең сома бәрібір қайтады.

Егер жұмыс кезеңі 5 аптаға тең, айналыс уақыты 4 аптаға тең, I капитал 5 ф. стерлингке тең болса, онда 9-шы, 14-ші, 19-шы, 24-ші, 29-шы, т. т. апталар біткен сайын 500 ф. ст. ақша сомасы қайтып отырады.

Егер жұмыс кезеңі 6 аптаға тең, айналыс уақыты 3 аптаға тең, I капитал 600 ф. ст. тең болса, онда 9-шы, 15-ші, 21-ші, 27-ші, 33-ші, т. т. апталар аяғында 600-ф. ст. қайтып отырады.

Ақырында, егер жұмыс кезеңі 4 аптаға тең, айналыс уақыты 5 аптаға тең, I капитал 400 ф. ст. болса, онда 9-шы, 13-ші, 17-ші, 21-ші, 25-ші, т. т. апталар аяғында 400 ф. ст. қайтып отырады.

Осы қайтқан ақшаның бір бөлігі ағымдағы жұмыс кезеңіне керексіз болып шыға ма, демек, ол бөлігі босай ма және оның мөлшері қандай, — мүлде мұнда тұрған дәнеме жоқ. Өндіріс сол бір көлемде үздіксіз жүріп жатыр деп ұйға-

рамыз, ал солай ету үшін қолда ақша болуға тиіс, демек, «босай ма» әлде босамай ма, бәрібір, ол қайтуға тиіс. Егер өндірісте үзіліс болса, онда босау да тоқтайды.

Басқаша айтқанда: ақшаның босауы, демек, ақша формасында, бүркеулі, тек потенциалды капитал құралуы, әрине, болып отырады, бірақ оның өзі тек тексте толық және дәл белгіленгендей ерекше жағдайларда ғана емес, барлық жағдайда болады, және де ол текстегі ұйғарындыдан анағұрлым ірі көлемде болады. І айналмалы капитал жөнінде өнеркәсіп капиталісі әрбір айналымның аяғында дәл кәсіпорының құрған кездегідей жағдайда болады: ол тағы да бүкіл айналмалы капиталды бірден алады, ал оны қайтадан өндіргіш капиталға бірте-бірте ғана айналдыра алады.

Маркстің текстіндегі басты нәрсе — ол бір жағынан, өнеркәсіп капиталының едәуір бөлігі ақша формасында үнемі қолда болу керек екендігін, екінші жағынан — онан да көбірек бөлегі біраз уақытқа ақша формасында болуға тиіс екендігін дәлелдеу. Менің қосымша ескертулерім көп дегенде осы дәлелдемені тек толықтырушы ғана болмақ.— Ф. Э.]

#### V. БАҒАЛАР ӨЗГЕРІСІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Біз жоғарыда, бір жағынан, бағалар өзгермейді, өндіріс көлемі өзгермейді, екінші жағынан айналыс уақытының ұзақтығы қысқарады немесе артады деп ұйғарғанбыз. Енді, оның керісінше, айналым кезеңінің ұзақтығы өзгермейді, өндіріс көлемі өзгермейді, ал, екінші жағынан,— бағалар өзгереді, яғни шикізат пен көмекші материалдардың, сондай-ақ еңбектің, яки өндіргіш капитал элементтерінің тек алғашқы екеуінің бағалары төмендейді не өседі деп ұйғаралық. Шикізат пен көмекші материалдар бағасы, сондай-ақ жалақы мөлшері тең жара кеміді деп ұйғаралық. Онда біздің мысалымыздағыдай апта сайын 100 ф. ст. орнына 50 ф. ст., ал тоғыз апталық айналым кезеңіне 900 ф. ст. орнына 450 ф. ст. авансылау керек болар еді. Біріншіден, авансыланған 450 ф. ст. капитал құны ақша капиталы түрінде бөлінеді, бірақ өндіріс процесі сол бір көлемде, сол айналым кезеңімен жүре береді, ол бұрынғыша жұмыс кезеңі және айналыс кезеңіне бөлінеді. Өнімнің жылдық аумағы да бұрынғысынша қалады, бірақ оның құны жартылай кемиді. Ақша капиталына деген ұсыныс пен сұраныстағы өзгерістермен қабаттаса жүретін бұл өзгеріс айналыстың шапшандауынан және айналыстағы ақша аумағының өзгеруінен туған емес. Оның керісінше. Өндіргіш капитал элементтерінің құны, соған сәй-

кес баға жартылай кемуі ең алдымен мынадай әсер етер еді: X кәсіпорнын бұрынғы көлемінде жүргізуге жартылай кеміген капиталдық құн авансыланған болар еді; ал X кәсіпорны осы капиталдық құнды әуелі ақша формасында, яғни ақша капиталы ретінде авансұлайтын болғандықтан, ол рынокқа бұрынғы ақша мөлшерінің тек жартысын түсірген болар еді. Өндіріс элементтеріне баға төмендегендіктен, айналысқа салған ақша аумағы азаяр еді. Бірінші нәтиже осындай болып шығар еді.

Ал, екіншіден, алғашқы авансыланған 900 ф. ст. капитал құнының жартысына тең 450 ф. ст. бұрын а) кезегімен бірде ақша капиталы, өндіргіш капитал және товар капиталы формасында болып отырды, б) бір уақыт ішінде біразы ақша капиталы формасында, біразы өндіргіш капитал формасында және біразы товар капиталы формасында болды, соның өзінде бұл бөлімдер бір-бірімен ұдайы тіркес болды,— міне осы жартысы X кәсіпорынның ауыспалы айналымынан бөлінген болар еді де және сондықтан қосымша ақша капиталы ретінде ақша рыногына түсіп, оған ақша капиталының қосымша құрамды бөлігі ретінде әсер еткен болар еді. Осы босаған ақша — 450 ф. ст. ақша капиталы ретінде қимыл жасайды, мұның себебі ол X кәсіпорнын жүргізуден артылып қалған ақша болғандығынан емес, ол алғашқы капитал құнының құрамды бөлімі болғандығынан, ендеше айналыстың жай қаржысы ретінде жұмсалмай, капитал ретінде қимыл жасауға тиістігінен. Оған ақша капиталы ретінде қимыл жасатқызудың ең қарапайым әдісі — оны ақша капиталы ретінде ақша рыногына салу. Екінші жағынан, өндіріс көлемін де екі есе ұлғайтуға болар еді (негізгі капиталды біз сырт қалдырамыз). Авансыланған сол 900 ф. ст. капиталдың бір өзімен-ақ өндіріс процесін екі есе ұлғайтылған көлемде жүргізуге болар еді.

Екінші жағынан, егер өндіргіш капиталдың айналым элементтерінің бағалары жарты есе өссе, онда апта сайын 100 ф. стерлинг орнына 150 ф. ст., демек, 900 ф. ст. орнына енді 1 350 ф. ст. керек болар еді. Өндірісті сол бір көлемінде жүргізу үшін қосымша капитал 450 ф. ст. керек болар еді, ал мұның өзі ақша рыногының күйіне қарай оған *pro tanto* көп яки аз ықпал жасаған болар еді. Егер рынокта барлық бос капиталға сұраныс туса, онда бос капитал үшін күшті бәсеке туар еді. Егер оның кейбір бөлігі қолданылмай жатса, ол *pro tanto* іске қосылар еді.

Ал үшінші жағдайдың болуы да мүмкін; өндіріс сол көлемінде, айналым шапшандығы өзгеріссіз, өндіргіш айна-

малы капитал элементтерінің бағасы өзгеріссіз тұрғанда X кәсіпорны өнімдерінің бағасы төмендеуі яки көтерілуі мүмкін. Егер рынокқа X кәсіпорны шығаратын товарлардың бағасы төмендесе, оның айналысқа ұдайы салып отыратын 600 ф. ст. товар капиталының бағасы төмендеп, мысалы, 500 ф. стерлингке түседі. Демек, авансыланған капитал құнының алтыншы бөлегі айналыс процесінен қайтпайды; ол сол процесте жоғалады (товар капиталындағы қосымша құн бұл арада ескерілмейді). Бірақ құн, ал оған сәйкес өндіріс элементтерінің бағасы бұрынғы күйінде қалғандықтан қайтқан 500 ф. ст. әрқашан өндіріс процесінде болатын 600 ф. ст. капиталдың  $\frac{5}{6}$ -нің ғана орнын толтыруға жетеді. Демек, өндірісті бұрынғы көлемінде жүргізе беру үшін қосымша 100 ф. ст. ақша капиталын жұмсауға тура келеді.

Мұның керісінше: егер X кәсіпорны өнімдерінің бағасы көтерілсе, онда товар капиталының бағасы да, мысалы, 600-ден 700 ф. стерлингке дейін көтеріледі. Оның бағасының 100 ф. стерлингке тең жетінші бөлегі өндіріс процесінен келмейді, оған аванс жасалмаған, ол айналыс процесінен келеді. Ал өндіріс элементтерінің орнын толтыруға тек 600 ф. ст. керек; демек, 100 ф. ст. босайды.

Бірінші жағдайда айналым кезеңінің ұзақтығы қысқаратын яки ұзаратын себебі неден екенін, екінші жағдайда шикі материал мен еңбек бағасы, ал үшінші жағдайда рынокқа түскен өнімдер бағасы көтерілетін яки төмендейтін себебі неден екенін зерттеу,— бұл себептерді зерттеу біз осы шекке дейін зерттеп келген мәселелер шеңберіне кірмейді.

Бірақ ол мәселелер шеңберіне мыналар, әрине, кіреді:

*1-ші жағдай. Өзгеріссіз өндіріс көлемі, өндіріс элементтері мен өнімдердің өзгеріссіз бағасы, айналыс кезеңінде өзгеріс болуы, демек айналым кезеңінде де өзгеріс болуы.*

Өзіміздің мысалымызда ұйғарғанымыздай, айналыс кезеңінің қысқаруының нәтижесінде капиталды  $\frac{1}{9}$  кем авансылау керек болады; сондықтан капитал 900-ден 800 ф. стерлингке дейін кемиді де, 100 ф. ст. ақша капиталы ауысады.

X кәсіпорны бұрынғысынша баяғы алты аптада баяғы 600 ф. ст. құны бар өнім береді, ал жұмыс жыл бойына үздіксіз жүргізілетін себепті ол 51 апта ішінде бұрынғы аумағында 5100 ф. ст. құны бар өнім береді. Демек, өндіріс айналысқа түсіретін өнімнің аумағы мен бағасы жөнінен ешқандай өзгеріс болмайды; кәсіпорынның өнімді рынокқа түсіру мерзімдерінде де өзгеріс болмайды. 100 ф. ст. бөлінді, өйткені айналыс кезеңі қысқаруының нәтижесінде өндіріс процесіне бұ-

рынғы 900 ф. ст. орнына небәрі 800 ф. ст. капитал авансыланады. Бөлінген бұл 100 ф. ст. капитал ақша капиталы формасында болады. Бірақ бұлар әсте де авансыланған капиталдың ақша капиталы формасында ұдайы пайдаланылатын бөлегі емес. Авансыланған 600 ф. стерлингке тең I айналым капиталынан 480 ф. стерлингке тең  $\frac{4}{5}$ -і ұдайы өндірістік материалдарға жұмсалады да, 120 ф. стерлингке тең  $\frac{1}{5}$ -і жалақыға жұмсалады екен делік. Демек, апта сайын 80 ф. ст. өндірістік материалдарға жұмсалады да, 20 ф. ст. жалақыға жұмсалады. Демек 300 ф. стерлингке тең II капитал өндірістік материалдар сатып алу үшін дәл солай 240 ф. стерлингке тең  $\frac{4}{5}$ -ке және жалақыға төлеу үшін 60 ф. стерлингке тең  $\frac{1}{5}$ -ке бөлінуге тиіс. Жалақыға жұмсалатын капитал ұдайы ақша формасында авансылануға тиіс. Жалпы құны 600 ф. ст. тұратын товарлық өнім сатылысымен-ақ қайтадан ақша формасына айналады, бұл сомадан 480 ф. ст. тағы да өндірістік материалдарға (өндірістік запасқа) айналуы мүмкін, ал 120 ф. ст. алты апта бойына жалақыға төлену үшін өзінің ақша формасын сақтайды. Бұл 120 ф. ст. қайтатын 600 ф. ст. капиталдың ақша капиталы формасында болатын, ұдайы жаңғырып және орны толып отыратын минимумы болып табылады, сондықтан ол авансыланған капиталдың ақша формасында қызмет ететін бөлегі ретінде әрқашан қолда болуға тиіс.

Сонан соң, егер 3 аптаға мезгіл-мезгіл босайтын, тиісінше өндірістік запас формасында 240 ф. ст. және жалақы төлеуге ақшалай 60 ф. ст. болып бөлінетін 300 ф. стерлингтен айналыс уақыты қысқаруы нәтижесінде ақша капиталы формасында 100 ф. ст. бөлініп, бұл айналым механизмінен мүлде шығарылып тасталатын болса, сонда ақша капиталының осы 100 ф. ст. формасындағы ақша қайдан алынады? Оның тек бестен бір бөлегі ғана белгілі айналымдардың шегінде дүркін-дүркін босайтын ақша капиталынан құралады ғой. Ал қалған  $\frac{4}{5} = 80$  ф. стерлингтің орнын құны дәл сондай өндірістік қосымша запас толтырады. Осы өндірістік қосымша запас ақшаға қалай айналады және солай айналдыру үшін ақша қайдан алынады?

Егер белгілі бір кезеңде айналыс уақыты қысқарған болса, онда жоғарыда көрсетілген 600 ф. стерлингтен 480 ф. ст. орнына тек 400 ф. ст. өндірістік запасқа айналады. Қалған 80 ф. ст. ақша формасында ұсталады да, жоғарыда көрсетілген жалақыға арналған 20 ф. стерлингпен бірге бөлініп шыққан 100 ф. ст. капитал құралады. Бұл 100 ф. ст. 600 ф. ст. товар капиталын сатудың нәтижесінде айналыстан келгенімен, енді қайтадан жалақыға және өндіріс элементтеріне жұм-

салмайтындықтан айналыстан алынғанымен, алайда мынаны ұмытуға болмайды: ақша формасында болған себепті ол тағы да дәл айналысқа алғашқы түскендегі формасында болып шығады. Әуелінде өндірістік запас пен жалақыға ақшалай 900 ф. ст. жұмсалды. Қазір енді өндірістің сол процесін жүргізуге тек 800 ф. ст. керек болады. Осының арқасында ақша формасында бөлінген 100 ф. ст. енді қолданылатын орын іздейтін жаңа ақша капиталы, ақша рыногының жаңа құрамды бөлігі болады. Ол бұрын да дүркін-дүркін босаған ақша капиталы мен қосымша өндіргіш капитал формасында болып отырғанымен, алайда сондай бүркемелі қалыптың өзі өндіріс процесін жүргізудің шарты болды, өйткені оның өзі өндіріс процесінің үздіксіздігінің шарты еді. Енді бұл мақсат үшін 100 ф. ст. керек болмайды да, сондықтан жаңа ақша капиталы, бүкіл ақша рыногының құрамды бөліктерінің бірі болады, дегенмен ол әсте де қолда бар қоғамдық ақша запасына қосымша элемент те (өйткені олар кәсіпорнын ашқан кезде-ақ бар болатын және кәсіпорнын айналысқа қосқан), жаңадан қорланған қазына да бола алмайды.

Енді осы 100 ф. ст. іс жүзінде айналыстан алынды, өйткені бұлар авансыланған ақша капиталының бір бөлігі еді, енді сол кәсіпорында қолданылмайды. Ал айналыстан мұндай алыну товар капиталын ақшаға айналдыру, сол ақшаны өндіргіш капиталға,  $T'—A—T$ , айналдыру бір аптаға тездетілуі, демек, осы процеске қатысатын ақша айналысының да тездетілуі нәтижесінде мүмкін болады. Ол айналыстан мұнан былай  $X$  капитал айналымына керек болмайтындықтан алынды.

Бұл арада авансыланған капиталды кім қолданса, ол соныкі деп ұйғарылады. Егер капитал кредитке алынған болса, онда да бұдан ештеңе өзгермес еді. Айналыс уақыты қысқарған жағдайда капиталист  $X$ -ке 900 ф. ст. орнына енді кредитке алынған капиталдың тек 800 ф. стерлинг керек болар еді. Кредиторға қайтарылған 100 ф. ст. бұрынғыдағыдай 100 ф. ст. жаңа ақша капиталы болады, тек мұндағы айырмашылық: енді ол  $X$ -тің емес  $Y$ -тің қолында. Сонан соң, егер капиталист  $X$  құны 480 ф. ст. тұратын өндірістік материалды кредитке алса, сөйтіп жалақыға оның өзі ақшалай тек 120 ф. ст. авансылауға тиіс болса, енді кредитке өндірістік материалдарды 80 ф. стерлингке кем алған болар еді, олай болса, осы 80 ф. ст. кредит беретін капиталист үшін басы артық товар капиталы болады, ал оның бержағында капиталист  $X$ -тен ақшалай 20 ф. ст. бөлінген болар еді.

Өндірістік қосымша запас енді  $\frac{1}{3}$  азайды. 300 ф. стерлингтің  $\frac{4}{5}$  еді де, ол қосымша  $II$  капиталға = 240 ф. стерлингке



тең еді; енді ол тек 160 ф. стерлингке тең, яғни 3 апта орнына 2 апталық қосымша запас болады. Енді ол әрбір 3 апта орнына әрбір 2 аптада жаңғырып отырады, солай, 3 емес, тек 2 аптада ғана жаңғырады. Сөйтіп, рынокта, мысалы, мақта сатып алу жиі қайталап отырады және шағын бөлшекпен алынады. Рыноктан мақта дәл сол мөлшерде шығарылады, өйткені өндірілетін өнімнің аумағы бұрынғы қалпында қалады. Ал сатып алу уақыты жағынан басқаша бөлініп, неғұрлым ұзақ уақытқа созылады. Мысалы, әңгіме айналыс уақытын 3 айдан 2 айға дейін қысқарту туралы болып отыр делік; капиталист Х-тің кәсіпорнында жылдық тұтынатын мақта 1 200 тай екен делік. Бірінші жағдайда былай сатылады:

|             |          |                  |         |
|-------------|----------|------------------|---------|
| 1 январьда  | 300 тай, | складта қалатыны | 900 тай |
| 1 апрельде  | 300 »    | »                | 600 »   |
| 1 июльде    | 300 »    | »                | 300 »   |
| 1 октябрьде | 300 »    | »                | 0 »     |

Мұның керісінше, екінші жағдайда:

|                      |          |                  |           |
|----------------------|----------|------------------|-----------|
| 1 январьда сатылғаны | 200 тай, | складта қалатыны | 1 000 тай |
| 1 мартта             | » 200 »  | »                | 800 »     |
| 1 майда              | » 200 »  | »                | 600 »     |
| 1 июльде             | » 200 »  | »                | 400 »     |
| 1 сентябрьде         | » 200 »  | »                | 200 »     |
| 1 ноябрьде           | » 200 »  | »                | 0 »       |

Демек, мақтаға жұмсалған ақша бір ай кеш, октябрь орнына ноябрьде толық қайтады. Сөйтіп, егер айналыс уақыты қысқаруы, ал сонымен қатар айналым уақыты қысқаруы нәтижесінде авансыланған капиталдың 100 ф. ст. тең  $\frac{1}{9}$  ақша капиталы формасында бөлінетін болса, егер осы 100 ф. ст. апта сайын жалақы төлеуге арналған ақша капиталынан дүркін-дүркін артылып отыратын 20 ф. стерлингтен және өндірістің бір апталық запасы ретінде дүркін-дүркін артылып қалатын 80 ф. стерлингтен құралатын болса, онда фабриканттың басы артық өндірістік запасы 80 ф. ст. кемуіне мақтамен сауда жасаушының товар запасы 80 ф. ст. көбеюі сай келеді. Дәл осы мақта фабриканттың складында өндірістік запас ретінде неғұрлым аз жатса, ол саудагердің складында товар ретінде соғұрлым ұзақ жатады.

Бұған дейін біз былай деп ұйғарып келдік: капиталист Х-тің кәсіпорны үшін айналыс уақытының қысқару себебі Х өзінің товарларын тез сатады яки олар үшін ақшаны тез алады, кредит жағдайында да солай болады, өйткені төлеу мерзімі қысқарады. Демек, айналыс уақытының бұл қысқаруы

товарды сату уақыты қысқаруынан, товар капиталының ақша капиталына айналу уақыты қысқаруынан,  $T'—A$ -дан, айналыс процесінің бірінші фазасынан туады. Ол екінші фазадан да,  $A—T$ -дан да туа алады, демек, ол капиталист  $X$ -ке айналмалы капиталдың өндірістік элементтерін беретін  $Y, Z$ , тағысын тағы капиталының жұмыс кезеңінің, сондай-ақ айналыс уақытының бір мезгілде өзгеруінен де туа алады.

Мысалы, мақта, көмір т. т. бұрынғы транспорт жағдайында өзі өндірілетін жерден яки складтардан капиталист  $X$ -тің өндірісі тұрған жерге дейін 3 апта бойы жол жүрсе, онда  $X$ -тің өндіріс запасының минимумі ең болмағанда сол 3 аптаға, жаңа запастар келгенге дейін жетерлік болуға тиіс. Мақта мен көмір жолда жүрген кезінде өндіріс құрал-жабдықтары бола алмайды. Мұның керісінше, бұл уақыт ішінде олар транспорт өнеркәсібі мен ондағы капитал үшін еңбек заттары болады, сонымен қатар олар көмір өнеркәсібі иесінің яки мақта сатушының өз айналысын жасап жатқан товар капиталы болып табылады. Транспорт неғұрлым жетілсе, жолда болу уақыты 2 аптаға дейін қысқарады. Сөйтіп өндірістік запас үш апталықтан екі апталыққа айналуы мүмкін. Сонымен қатар осыған авансыланған 80 ф. ст. қосымша капитал, сондай-ақ жалақыға арналған 20 ф. ст. босайды, өйткені айналған 600 ф. ст. капитал бір апта бұрын қайтады.

Екінші жағынан, егер, мысалы, шикізат жеткізетін капиталдың жұмыс кезеңі қысқарса (мұның мысалдары ілгергі тарауларда берілді), демек, шикізатты жиі жаңғыртып отыруға мүмкіндік туса, онда өндірістік запас азайып, жаңғыртудың бір кезеңі мен екінші кезеңінің аралығы қысқаруы мүмкін.

Егер, мұның керісінше, айналыс уақыты, ал сондықтан айналым кезеңі де ұзарса, онда ондай капитал қолында бар болса, қосымша капитал капиталистің өз қалтасынан авансылануы қажет. Ал мұндай ретте ол капитал енді әр түрлі формада ақша рыногындағы капиталдың бір бөлігі ретінде қолданылады; оны қолға алу үшін оны бұрынғы формадан босату керек, мысалы, акцияларды сату, вкладтарды алу керек, сөйтіп бұл ретте де ақша рыногына жанама ықпал жасалады. Немесе капиталист кредитке қосымша капитал алуға тиіс. Қосымша капиталдың жалақыға төлеуге қажет бөлегіне келетін болсақ, бір қалыпты жағдайда ол бөлікті ұдайы ақша капиталы ретінде авансылауға тура келеді, міне сондықтан капиталист  $X$  өз тарапынан ақша рыногына тікелей қысым жасайды. Капиталдың өндірістік материалдарға салынуға тиісті бөлігінің сөзсіз ақша капиталы түрінде авансылануы

капиталист оны нақтылай ақша төлеп алуға тиіс ретте ғана болады. Ол егер бұларды кредитке алса, онда ақша рыногына бұл тікелей әсер етпейді, өйткені бұл ретте қосымша капитал әуел бастан ақша капиталы ретінде емес, өндірістік запас ретінде тікелей авансыланады. Егер капиталист X-тен алынған вексельді кредитор өз бетімен ақша рыногына тікелей шығарып, оны есеп-қисапқа, т. т. ұсынса, онда мұның өзі ақша рыногына екінші адам арқылы жанама әсер еткен болар еді. Ал кредитор ол вексельді, мысалы, өз борышын мерзімінен бұрын өтеу үшін пайдаланса, онда әлгі қосымша авансыланған капитал ақша рыногына тікелей де, жанамалай да әсер етпейді.

*II-ші жағдай. Өндірістік материалдар бағалары өзгеруі, барлық басқа жағдайлар өзгермейді.*

Жоғарыда біз барлық 900 ф. ст. капиталдан  $\frac{4}{5}=720$  ф. ст. өндірістік материалдарға және  $\frac{1}{5}=180$  ф. ст. жалақыға жұмсалады деп ұйғарған болатынбыз.

Егер өндірістік материалдардың бағасы жартылай кемісе, онда алты апталық жұмыс кезеңі үшін бұларға 480 ф. ст. орнына тек 240 ф. ст. керек болады және қосымша II капиталға 240 ф. ст. орнына 120 ф. ст. қана керек. Демек, I капитал 600 ф. стерлингтен  $240+120=360$  ф. стерлингке дейін азаяды; ал II капитал 300 ф. стерлингтен  $120+60=180$  ф. стерлингке дейін азаяды. Бүкіл капитал 900 ф. стерлингтен  $360+180=540$  ф. стерлингке дейін азаяды. Демек, 360 ф. ст. бөлінеді.

Осы бөлініп шыққан және қазір бос, ал сондықтан ақша рыногында қолданылатын жер іздейтін ақша капиталы алғашқыда ақша капиталы түрінде авансыланған 900 ф. ст. капиталдың бір бөлегінің дәл өзі болып табылады, ол дүркін-дүркін айналатын өндіріс элементтерінің бағасы төмендеуі нәтижесінде артылған, ол кәсіпорын ұлғаймай, бұрынғы көлемде жүргізілетіндіктен артылады. Егер бағалардың мұндай төмендеуі кездейсоқ жағдайлардан (мысалы, егіннің ерекше мол өнім беруінен, товарлар шектен тыс ұсынылуынан) тумай, қайта шикізат беретін салада еңбектің өндіргіш күші өсуінен туған болса, онда бұл ақша капиталы ақша рыногы үшін және жалпы ақша капиталы формасындағы бос капитал үшін абсолютті өсу болар еді, өйткені бұл капитал енді сонау қолданылып үлгірген капиталдың қажетті құрамды бөлігі емес болар еді.

*III-ші жағдай. Өнімнің өзінің рынок бағасы өзгереді.*

Өнімнің бағасы төмендеген бұл ретте капиталдың бір бөлігі капиталист X үшін жоғалған болып шығады, сондықтан

оның орны жаңадан ақша капиталын авансылаумен толтырылуға тиіс. Сатушы үшін болған бұл зиян, сонымен қатар, сатып алушы үшін пайда болуы мүмкін: бұл егер өнімнің рыноктік бағасы тек кездейсоқ конъюнктура салдарынан төмендеп, кейіннен қалыпты дәрежесіне көтерілген жағдайда тікелей болады; егер бағаның өзгерісін құнның өзгерісі туғызған болса, бұл екі өнімнің құнын да қамтыса, және егер бұл өнім өндіріс элементі ретінде өндірістің басқа саласына тағы да енетін болса және *pro tanto* бұл жерде капиталды босатса, онда пайда жанамалай болады. Бұл екі жағдайда да капиталист X үшін босқа кеткен және орнын толтыру мақсатымен ол капиталист ақша рыногына қысым көрсететін капиталды, — оның істес сыбайластары жаңа қосымша капитал ретінде беруі мүмкін. Бұл ретте капиталдың тек орын алмасуы ғана кездеседі.

Мұның керісінше, егер өнімнің бағасы көтерілсе, онда айналыс саласынан капиталист X өзі авансыламаған бір бөлік капитал иемденген болып шығады. Бұл өндіріс процесіне авансыланған капиталдың органикалық бөлігі емес, сондықтан онан, егер өндіріс ұлғаймаса, бөлінген ақша капиталы құралады. Біз бұл арада өнім элементтерінің бағасы ол өнім рынокқа товар капиталы ретінде шықпастан бұрын белгіленген деп ұйғардық, сонда өнім бағасы көтерілуін бұл арада құнның шын өзгерілуі туғызуы да мүмкін, өйткені бұл өзгеріс, мысалы, сол арада шикізаттың бағасы көтерілсе, керісінше әсер еткен болар еді. Бұл ретте капиталист X товар капиталы ретінде айналатын өнімінен де және қолында бар өндірістік запасынан да пайда тапқан болар еді. Бұл ұтыс оған қосымша капитал болар еді, енді бұл жаңа, өндіріс элементтерінің бағасы көтеріңкі жағдайда кәсіпорнын онан әрі жүргізу үшін керек болады.

Ал немесе өндіріс элементтері бағасының көтерілуі уақытша ғана болады. Бұл ретте капиталист X үшін қосымша капитал ретінде керек болатын нәрсе басқа жақ үшін босаған капитал болып шығады, капиталист X-тің өнімі өндірістің басқа салаларына керекті элемент болған жағдайда мұның керісінше де болады. Біреу ұтылған нәрсе екінші біреуге ұтыс болады.

## ОН АЛТЫНШЫ Т А Р А У

### ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ АЙНАЛЫМЫ

#### I. ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ ЖЫЛДЫҚ НОРМАСЫ

Айталық айналмалы капитал 2 500 ф. ст. екен, ал мұның  $\frac{4}{5}=2\ 000$  ф. ст. тұрақты капитал (өндірістік материалдар), ал  $\frac{1}{5}=500$  ф. ст. жалақыға жұмсалған өзгермелі капитал екен делік.

Айналым кезеңі 5 аптаға тең; жұмыс кезеңі 4 аптаға тең, айналыс кезеңі 1 аптаға тең-ақ болсын. Онда 2 000 ф. стерлингке тең I капитал 1 600 ф. ст. тұрақты капиталдан және 400 ф. ст. өзгермелі капиталдан құралады; II капитал 500 ф. стерлингке тең; мұның 400 ф. стерлингті тұрақты және 100 ф. стерлингті өзгермелі капитал. Әрбір жұмыс аптасы бойына 500 ф. ст. капитал жұмсалады. 50 аптадан тұратын жыл бойына  $500 \times 50 = 25\ 000$  ф. ст. тұратын жылдық өнім шығарылады. Олай болса, ұдайы жұмыс кезеңінде болатын 2 000 ф. ст. I капитал  $12\ \frac{1}{2}$  рет айналып шығады.  $2\ 000 \times 12\ \frac{1}{2} = 25\ 000$  ф. ст. Осы 25 000 ф. стерлингтің  $\frac{4}{5} = 20\ 000$  ф. ст. өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған тұрақты капитал және  $\frac{1}{5} = 5\ 000$  ф. ст. жалақыға жұмсалған өзгермелі капитал. Мұның керісінше, 2 500 ф. ст. бүкіл капитал  $\frac{25\ 000}{2\ 500} = 10$  рет айналады.

Өндіріс уақытында жұмсалған өзгермелі айналмалы капитал өзінің құны ұдайы өндірілген өнім сатылып, товар капиталынан ақша капиталына айналғанда ғана ол айналыс процесінде тағы қызмет ете алады және оны жұмыс күшіне төлеуге тағы жұмсауға болады. Өндіріске жұмсалған тұрақты айналмалы капиталдың (өндірістік материалдармен бірге) жайы да дәл сондай, бұлардың құны өнім құнының бір бөлі-

гі ретінде өнімде қайтадан шығады. Бұл екі бөлімнің, яғни айналмалы капиталдың өзгермелі және тұрақты бөлімдерінің ортақ қасиеті және бұлардың негізгі капиталдан өзгешелігі — олардың өнімге көшірілген құны товар капиталы арқылы, өнімнің товар түріндегі айналысы арқылы айналатындығында емес. Өнім құнының, онда да товар түрінде айналатын өнім құнының кейбір бөлігі, товар капиталының кейбір бөлігі әрқашан негізгі капиталдың тозығынан, яғни негізгі капиталдың өндіріс кезінде өнімге көшірілген бөлігінен тұрады. Ал айырмашылық мынада: негізгі капитал өзінің бұрынғы тұтыну формасында айналмалы капиталдың (бұл айналмалы тұрақты капитал мен айналмалы өзгермелі капиталға тең) айналым кезеңдерінің азды-көпті ұзақ циклінің бойында өндіріс процесінде қызмет етеді, ал әрбір жеке айналым болса оған товар капиталы түрінде өндіріс саласынан айналыс саласына түскен бүкіл айналмалы капиталдың орны толтырылуы шарт. Айналыстың бірінші фазасы,  $T'—D'$ , айналмалы тұрақты капитал мен айналмалы өзгермелі капитал үшін ортақ болып табылады. Екінші фазада олар бөлінеді. Товардың орнын басқан ақша ішінара өндірістік запасқа (айналмалы тұрақты капиталға) айналады. Ондай запастың құрамды бөлімдерін сатып алудың түрлі мерзімдеріне сәйкес әлгі ақшаның бір бөлігі бұрын, екінші бөлігі кеш өндіріс материалдарына айналады, ал сайып келгенде бұл ақшаның бәрі өндіріс материалдарына айналады. Товарды сатудан түскен ақшаның басқа бөлігі ақша запасы түрінде жата береді және аз-аздап өндіріс процесіне қосылған жұмыс күшіне ақы төлеуге жұмсалыады. Ақшаның бұл бөлігі айналмалы өзгермелі капитал болады. Соның өзінде де капитал айналымы процесінде, оның өнімге, өнімнен товарға, ал товардан ақшаға айналу кезінде әрдайым айналмалы капиталдың түрлі бөлігінің орны толық толтырылып отырылады. Міне сол себептен ілгергі тарауда біз негізгі капиталды шет қалдырып, айналмалы капиталдың — тұрақты және өзгермелі капиталдың айналымын басбасына және бірге қарап шықтық.

Біз қазір қарайтын мәселеде тағы ілгері қарай бір адым жасауға, сөйтіп айналмалы капиталдың өзгермелі бөлігін қарауға тиіспіз, оны бүкіл айналмалы капитал тек сол бөліктің бір өзінен құралатындай етіп аламыз. Яғни: біз айналмалы капиталдың өзгермелі бөлігімен бірге айналатын тұрақты айналмалы капиталды шет қалдырамыз.

2 500 ф. ст. авансыланған және жылдық өнім құны 25 000 ф. стерлингке тең. Ал айналмалы капиталдың өзгермелі бөлігі 500 ф. ст., сондықтан, 25 000 ф. стерлингтегі

өзгермелі капитал  $\frac{25\ 000}{5} = 5\ 000$  ф. стерлингке тең. Егер 5 000 ф. стерлингті 500-ге бөлсек, онда 10 рет айналған болып шығады, мұның өзі баяғы 2 500 ф. ст. бүкіл капитал айналымының дәл өзіндей.

Бұл орта есепте жылдық өнімнің құны авансыланған капиталдың бір жұмыс кезеңінде ұдайы болатын бөлігінің құнына емес, авансыланған капиталдың құнына бөлінеді (демек, біздің мысалымызда 400-ге емес, 500-ге, I капиталға емес, I капиталға + II капиталға бөлінеді), — бұл орта есеп бұл жерде барынша дәл, мұнда әңгіме тек қосымша құн өндіру туралы ғана болып отыр. Кейініректе біз басқа тұрғыдан алғанда бұл орта есептің онша дәл еместігін көреміз, ия, бұл орта есеп заты сондай дәл емес. Яғни: бұл капиталистің практикалық мақсаттары үшін жеткілікті, бірақ айналыммен қабаттаса жүретін барлық нақты жағдайларды дәл яки тиісінше бейнелемейді.

Бұған дейін біз товар капиталы құнының бір бөлігін, атап айтқанда ондағы қосымша құнды, өндіріс процесі уақытында өндіріліп, өнімге қосылған қосымша құнды мүлде шет қалдырып келдік. Ал қазір біз назарымызды дәл осыған аударуға тиіспіз.

Егер апта сайын жұмсалатын 100 ф. ст. өзгермелі капитал  $100\% = 100$  ф. ст. қосымша құн өндіреді деп ұйғарсақ, онда айналымның бес апталық кезеңі бойында жұмсалатын 500 ф. ст. өзгермелі капитал 500 ф. ст. қосымша құн өндіреді, яғни жұмыс күнінің жартысы қосымша еңбектен тұрады.

Ал егер өзгермелі капиталдың 500 ф. стерлингін 500 ф. ст. қосымша құн өндіретін болса,  $5\ 000$  ф. ст. онда  $500 \times 10 = 5\ 000$  ф. ст. қосымша құн өндіреді. Алайда авансыланған өзгермелі капитал 500 ф. стерлингке тең. Жыл бойында өндірілген қосымша құнның бүкіл аумағының авансыланған өзгермелі капитал құнының жиынтығына қатынасын біз қосымша құнның жылдық нормасы деп атаймыз. Демек, бұл жерде қосымша құнның жылдық нормасы  $\frac{5\ 000}{500} = 1\ 000\%$  болады.

Егер бұл норманы ежіктеп талдасақ, онда бұл авансыланған өзгермелі капитал айналымның бір кезеңі ішінде өндіретін қосымша құнды өзгермелі капиталдың айналым санына (барлық айналмалы капиталдың айналым санымен дәл келетін) көбейткендегі нормаға тең болып шығады.

Бұл ретте айналымның бір кезеңі ішінде авансыланған өзгермелі капитал 500 ф. стерлингке тең; сол уақыттың ішінде өндірілген қосымша құн да 500 ф. стерлингке тең. Сондықтан

айналымның бір кезеңі ішіндегі қосымша құн нормасы  $\frac{500 m}{500 v} = 100\%$ . Осы  $100\%$  ті 10-ға, яғни жыл бойындағы айналым санына көбейткенде  $\frac{5\ 000 m}{500 v} = 1\ 000\%$  болып шығады.

Мұның өзі қосымша құнның жылдық нормасына жатады. Ал айналымның белгілі кезеңі ішінде алынатын қосымша құн аумағына келетін болсақ, онда бұл аумақ осы кезең бойында авансыланған өзгермелі капиталдың құнына тең болады, бұл жерде 500 ф. ст. тең, ол қосымша құн нормасына көбейтіледі, демек, бұл жерде  $500 \times \frac{100}{100} = 500 \times 1 = 500$  ф. стерлингке тең. Егер авансыланған капитал 1 500 ф. стерлингке тең болса, онда, қосымша құн нормасы бірдей жағдайда, қосымша құн аумағы  $1\ 500 \times \frac{100}{100} = 1\ 500$  ф. ст. болар еді.

Жылына 10 рет айналатын және жыл бойында 5 000 ф. ст. қосымша құн өндіретін 500 ф. ст. өзгермелі капиталды, демек, қосымша құнның жылдық нормасы  $1\ 000\%$ -ке тең өзгермелі капиталды біз капитал *A* деп аталық.

Енді басқа бір 5 000 ф. ст. өзгермелі капитал *B* бір жылға авансыланды (яғни бұл жерде 50 аптаға), сондықтан жыл бойында тек бір рет айналады делік. Сонан соң, мұнда жыл аяғында өнім дайын болған күні құны төленеді, демек, өнім айналған ақша капиталы дәл сол күні қайтады екен делік. Олай болса, мұнда айналым кезеңі = 0, айналым кезеңі = жұмыс кезеңіне, атап айтқанда бір жылға тең. Ілгергі ретте болғаны сияқты, әрбір аптада 100 ф. ст. өзгермелі капитал, демек, 50 апта бойында 5 000 ф. ст. өзгермелі капитал еңбек процесінде болады. Сонан соң, қосымша құн нормасы бұрынғыдай  $100\%$ -ке тең болсын, яғни жұмыс күнінің ұзақтығы бірдей болған жағдайда мұның жартысы қосымша еңбектен тұрады. Егер біз 5 аптаға тоқтасақ, онда салынған өзгермелі капитал 500 ф. стерлингке тең болады, қосымша құн нормасы  $100\%$  тең, демек, 5 апта ішінде өндірілген қосымша құнның аумағы 500 ф. ст. тең болады. Бұл арада қаналатын жұмыс күші аумағы мен оны қанау дәрежесі мұнда да дәл капитал *A*-дағы сияқты деп ұйғарылады.

Қолданылған 100 ф. ст. өзгермелі капитал апта сайын 100 ф. ст. қосымша құн өндіреді, сондықтан 50 апта ішінде өзгермелі капитал  $100 \times 50 = 5\ 000$  ф. ст. қосымша құн өндіреді. Жыл сайын өндірілетін қосымша құн аумағы ілгергі реттегі сияқты 500 ф. ст. тең болып шығады, бірақ қосымша құнның жылдық нормасы мүлдем басқаша. Ол жыл бойында өндіріл-



ген қосымша құнның авансыланған өзгермелі капиталға бөлінген мөлшеріне тең:  $\frac{5\,000\,m}{5\,000\,v} = 100\%$ , ал бұрын капитал  $A$  үшін ол  $1000\%$ -ке тең болатын.

$A$  капиталы және  $B$  капиталы жөніндегі мысалдарда біз апта сайын  $100$  ф. ст. өзгермелі капитал жұмсадық, құнның көбею дәрежесі яки қосымша құн нормасы дәлме-дәл бірдей  $= 100\%$ , өзгермелі капитал мөлшері де бірдей  $= 100$  ф. ст. Қаналатын жұмыс күші аумағы дәлме-дәл бірдей, қанау мөлшері мен дәрежесі бұл екі жағдайда да бірдей, жұмыс күні бірдей және қажетті еңбекке, қосымша еңбекке бірдей бөлінеді. Мөлшері жағынан жыл бойына қолданылған өзгермелі капиталдың сомасы бірдей  $= 5\,000$  ф. ст., ол дәл сондай еңбек аумағын қозғалысқа келтіреді және теңбе-тең екі капитал қозғалысқа келтірген жұмыс күшінен сығып алынатын қосымша құнның аумағы да бірдей  $= 5\,000$  ф. ст. болады. Солай бола тұрса да,  $A$  мен  $B$  капиталдарының қосымша құнның жылдық нормасы жөніндегі айырмашылығы  $900\%$  болады.

Бұл құбылыс, әрине, қосымша құнның нормасы өзгермелі капитал қозғалысқа келтірген жұмыс күші аумағы мен каналу дәрежесіне ғана тәуелді емес екен, оның үстіне, айналыс процесінен туатын қайдағы бір түсініксіз ықпалға тәуелді екен деген пікір туғызады; бұл құбылыс шынында да нақ солай түсінілді, оның бержағында осы таза формасында емес, неғұрлым күрделі және неғұрлым бүркемелі формасында (пайданың жылдық нормасы формасында) түсінілді де, бұл өзі  $20$ -шы жылдардың басында Рикардо мектебінде барынша алауыздық туғызды.

Егер біз капитал  $A$  мен капитал  $B$ -ны сырт көрінісі жағынан ғана емес, сонымен қатар шын мәнінде әбден бірдей жағдайға қойсақ, бұл құбылыстағы жұмбақ дереу жойылады. Өзгермелі капитал  $B$  бүкіл тұтас көлемінде жұмыс күшін төлеуге дәл капитал  $A$  жұмсалған уақыттың ішінде жұмсалған ретте ғана жағдай бірдей болады.

Бұл ретте капитал  $B$ -ның  $5\,000$  ф. стерлингi  $5$  апта ішінде жұмсалады, аптасына  $1\,000$  ф. ст. жұмсағанда, жылына жұмсалатыны  $50\,000$  ф. ст. болады. Біздің ұйғаруымыз бойынша қосымша құн да  $50\,000$  ф. ст. болады. Айналып келген  $50\,000$  ф. ст. тең капитал авансыланған  $5\,000$  ф. ст. тең капиталға бөлінсе,  $10$  айналым болып шығады. Қосымша құн нормасы  $= \frac{5\,000\,m}{5\,000\,v} = 100\%$  айналым санына  $= 10$ -ға көбейткенде қосымша құнның жылдық нормасы  $= \frac{50\,000\,m}{5\,000\,v} = \frac{10}{1} = 1\,000\%$

болып шығады. Сөйтіп, енді  $A$  мен  $B$  капиталдары үшін қосымша құнның жылдық нормасы бірдей және  $1000\%$  тең, бірақ қосымша құн аумағы:  $B$  капиталында  $50\,000$  ф. ст.,  $A$  капиталында  $5\,000$  ф. ст. Өндірілген қосымша құн аумақтарының бір-біріне қатынасы енді авансыланған  $B$  және  $A$  капиталдары құндарының қатынасы қандай болса, дәл сондай болады, атап айтқанда  $5\,000 : 500 = 10 : 1$ . Бірақ оның есесіне капитал  $B$  дәл сол уақыт ішінде жұмыс күшін капитал  $A$ -дан он есе артық қозғалысқа келтірді.

Еңбек процесіне шын мәнінде қолданылған өзгермелі капитал ғана қосымша құн өндіреді, ендеше қосымша құн өндірудің бұрын анықталған заңдары тек осыған қатысты, олай болса, норма жағы бір қалыпта болған күнде қосымша құн аумағы өзгермелі капиталдың мөлшерімен анықталады деген заң да осыған қатысты <sup>65</sup>.

Еңбек процесінің өзі уақытпен өлшенеді. Жұмыс күнінің ұзақтығы бір қалыпта болған күнде (мұнда да біз қосымша құнның жылдық нормасындағы айырмашылықты айқын көрсету үшін  $A$  және  $B$  капиталдары үшін барлық жағдайды бірдей деп ұйғарғанмыз сияқты) жұмыс аптасы саны тағайынды жұмыс күндерінен тұрады. Яки біз белгілі бір жұмыс кезеңін, бұл жерде, мысалы, бес апталық кезеңді  $300$  сағаттық үздіксіз жұмыс күні ретінде алуымызға болады; егер жұмыс күні  $10$  сағат, ал апта  $6$  күн болса, дәл солай болып шығады. Бірақ енді біз бұл санды күн сайын бір мезгілде, бір еңбек процесінде бірге істейтін жұмысшылар санына көбейтуге тиіспіз. Егер мұндай жұмысшылар саны, мысалы,  $10$  болса, онда жұмыс аптасы  $60 \times 10 = 600$  сағатқа тең, ал бес апталық жұмыс кезеңі  $600 \times 5 = 3\,000$  сағатқа тең болар еді. Демек, егер сол бір кесімді уақыт ішінде мөлшері бірдей жұмыс күштері іске қосылатын болса (бағасы кесімді бір жұмыс күшін сол күштер санына көбейту жолымен есептеледі), қосымша құн нормасы бірдей және жұмыс күнінің ұзақтығы бірдей болған күнде, өзгермелі капиталдар бір мөлшерде қолданылады.

Енді біздің алғашқы мысалдарымызға оралалық. Екі жағдайда да,  $A$  және  $B$  мысалдарында жылдың әрбір аптасы бойында өзгермелі капитал бірдей мөлшерде, аптасына  $100$  ф. стерлингтен қолданылады. Сондықтан еңбек процесінде қолданылған, шын мәнінде пайдаланылатын өзгермелі капиталдар бірдей, бірақ авансыланған өзгермелі капиталдар тіпті де бірдей емес.  $A$  мысалында әрбір  $5$  аптаға  $500$  ф. ст. авансыланды, әрбір аптада бұдан  $100$  ф. ст. қолданылады.  $B$  мысалында бірінші бес апталық кезеңнің өзінде-ақ  $5\,000$  ф. ст.

авансылауға тура келеді, бірақ аптасына онан тек 100 ф. ст. қолданылады, демек, 5 аптада тек 500 ф. ст., яғни авансыланған капиталдың  $\frac{1}{10}$ -іне теңі ғана қолданылады. Екінші бес апталық кезеңге 4 500 ст. авансылауға тура келді, ал қолданылатыны 500 ф. ст., т. т. Белгілі уақытқа авансыланған өзгермелі капитал еңбек процесіне толы белгілі уақыт кезеңіне қандай дәрежеде шын қолданылса, еңбек процесінде қандай дәрежеде пайдаланылса, тек сондай дәрежеде ғана қолданылған капиталға айналады, яғни шын мәнінде пайдаланылып отырған және қимыл үстіндегі өзгермелі капиталға айналады. Оның бір бөлігі келесі уақытта қолданылу үшін ғана авансыланған кездегі аралық уақытта капиталдың бұл бөлігі еңбек процесі үшін мүлдем жоқ тәрізді, сондықтан оның күн жасалуына да, қосымша күн жасалуына да ешқандай әсері болмайды. Мәселен, 500 ф. ст. капитал *A* мысалындағы жағдай осындай. Ол 5 аптаға түгел авансыланған, бірақ еңбек процесіне әр аптада бірте-бірте тек 100 ф. ст. жұмсалады. Бірінші аптада оның  $\frac{1}{5}$  бөлігі ғана қолданылады,  $\frac{4}{5}$  әлі қолданылмаса да авансыланып қойды, оларды алдағы 4 аптада болатын еңбек процесі үшін запаста ұстау қажет, сондықтан авансылауға тура келеді.

Авансыланған және қолданылған өзгермелі капиталдың арасындағы арасалмақты өзгертетін жағдайлар қосымша күн өндіруге (оның белгілі бір нормасы жағдайында) тек олар белгілі уақытта, мысалы, 1 аптада, 5 аптада, т. т. шын қолданылатын өзгермелі капиталдың мөлшерін өзгертуіне қарай ғана және сондай әдіспен ғана әсер етеді. Авансыланған өзгермелі капитал шын мәнінде қанша және қай уақытта қолданылса, тек сонша және сол уақыт ішінде ғана өзгермелі капитал ретінде қызмет етеді, ал ол шындап қолданылмай, авансыланған запас түрінде қалып отырған уақытта қызмет етпейді. Алайда авансыланған және қолданылған өзгермелі капиталдың арасалмағын өзгертетін барлық жағдай капитал айналымы кезеңдерінің айырмашылығына (яки жұмыс кезеңінің, яки айналыс кезеңінің, яки екеуінің де ұзақтығындағы айырмашылықтың салдарынан туатын) тіреледі. Қосымша күн өндіру заңының мәні мынада: қосымша күн нормасы бірдей болған күнде, пайдаланылып отырған аумағы бірдей өзгермелі капитал аумағы бірдей қосымша күн өндіреді. Олай болса, егер *A* және *B* капиталдары бірдей кесімді уақыт ішінде, қосымша күн нормасы бірдей жағдайда өзгермелі капиталдың мөлшері бірдей аумағын қолданатын болса, сонда олар бірдей кесімді уақыттың ішінде мөлшері бірдей қосымша күн аумағын өндіруге тиіс, мұнда белгілі кесімді уақыт

ішінде қолданылған осы өзгермелі капиталдың нақ сол кесімді уақыт ішінде авансыланған өзгермелі капиталға қатынасының айырмасы қандай болмасын, ендеше, өндірілген қосымша құн аумағының өзгермелі капиталға емес, жалпы барлық авансыланған өзгермелі капиталға қатынасының айырмасы қандай болмасын, бұған әсер етпеуге тиіс. Бұл арасалмақтағы айырмашылықтар біз дамытқан қосымша құн өндіру заңдарына ешқандай қайшы келмейді, қайта, олар сол заңдарды растайды және солардың сөзсіз нәтижесі болып табылады.

*V* капиталының бірінші бес апталық өндіріс кезеңін қарастыралық. 5-ші аптаның аяғында 500 ф. ст. қолданылып, тұтынылып та қойды. Жаңадан жасалған құн — 1 000 ф. ст., демек,  $\frac{500 m}{500 v} = 100\%$ . Дәл баяғы *A* капиталындағыдай. *A* капиталында қосымша құн авансыланған капиталмен бірге тараған, ал *V* капиталында тараман жағдайдың бұл жерде бізге қатысы жоқ, өйткені әзірше әңгіме тек қосымша құн өндіру туралы және оның өндіріс уақытында авансыланған өзгермелі капиталға қатынасы туралы болып отыр. Оның керісінше, егер біз *V* капиталының қосымша құнының қатынасын авансыланған 5 000 ф. ст. капиталдың сол қосымша құнды өндіру кезінде қолданылған, сондықтан тұтынылып кеткен бөлегіне шақпай, барлық авансыланған капиталға шағып есептейтін болсақ, онда  $\frac{500 m}{5\ 000 v} = 1/10 = 10\%$  болып шығады.

Сонымен, айтылып отырған қатынас *V* капиталы үшін 10% ал *A* капиталы үшін 100% болады, яғни 10 есе көп. Егер бұл жөнінде мөлшері бірдей еңбекті, соның өзінде ақы төленген және ақы төленбеген болып тең бөлінетін еңбекті іске қосатын мөлшері бірдей капиталдар үшін қосымша құн нормасында айырмашылық кездесуі — бұл өзі қосымша құн өндіру заңдарына қайшы келеді деуші болса, бұған жауап оңай болар еді және ол жауап іс жүзіндегі қатынасқа көз жіберісімен-ақ берілер еді: *A* капиталы жөнінде есеп қосымша құнның шын нормасын, яғни 500 ф. ст. өзгермелі капитал 5 апта ішінде өндірген қосымша құнның сол 500 ф. ст. өзгермелі капиталға қатынасын көрсетеді. Оның керісінше, *V* капиталы жөнінде есеп қосымша құн өндіруге де, қосымша құнның нормасын тиісті түрде анықтауға да ешбір қатысы жоқ әдіспен жүргізеді. Атап айтқанда, бұлай есептеуде 500 ф. ст. өзгермелі капитал өндірген 500 ф. ст. қосымша құнның осы қосымша құнды өндіру уақытында авансыланған 500 ф. ст. өзгермелі капиталға қатынасы емес, 5 000 ф. ст. капиталға қатынасы

алынады, ал оның  $\frac{9}{10} = 4\ 500$  ф. ст. сол 500 ф. ст. қосымша құнды өндіруге мүлде қатыспаған және ол кейінгі 45 аптаның ішінде іске бірте-бірте ғана қосылуға тиіс; демек, осы арада сөз болып отырған бірінші 5 апта ішіндегі өндіріске оның ешбір қатысы жоқ. Сонымен, бұл ретте *A* мен *B* капиталдарының қосымша құн нормасындағы айырмашылық ешқандай проблема бола алмайды.

Енді *B* мен *A* капиталдары жөніндегі қосымша құнның жылдық нормаларын салыстыралаық. Бұл капитал *B* үшін  $\frac{5\ 000\ m}{5\ 000\ v} = 100\%$ ; капитал *A* үшін  $\frac{5\ 000\ m}{5\ 00\ v} = 1\ 000\%$ . Бірақ қосымша құн нормаларының ара қатынасы бұрынғыдағыдай. Жоғарыда бізде мынадай еді:

$$\frac{B \text{ капиталының қосымша құн нормасы}}{A \text{ капиталының қосымша құн нормасы}} = \frac{10\%}{100\%}, \text{ ал енді былай}$$

болып отыр:

$$\frac{B \text{ капиталының жылдық қосымша құн нормасы}}{A \text{ капиталының жылдық қосымша құн нормасы}} = \frac{100\%}{1\ 000\%};$$

бірақ  $\frac{10\%}{100\%} = \frac{100\%}{1000\%}$  демек, біздің көріп отырғанмыз бұрынғы болған арақатынастың дәл өзі.

Алайда қазір проблеманың екінші жағы көрінді. Капитал *B*-ның  $\frac{5\ 000\ m}{5\ 000\ v} = 100\%$  жылдық нормасы қосымша құн өндірудің бізге белгілі заңдарынан және сол заңдарға сәйкес қосымша құн нормасынан ешқандай ауытқымайды, мұнда тіпті ауытқудың елесі де жоқ. Жыл бойына авансыланған және өндірмелі тұтынылған 5 000 *v* 5 000 *m* өндірді. Демек, қосымша құн нормасы жоғарыда келтірілген бөлшекпен  $\frac{5\ 000\ m}{5\ 000\ v} = 100\%$  деп бейнеленеді. Жылдық норма қосымша құнның шын нормасымен дәл келеді. Демек, бұл жолы, бұрынғыдай капитал *B* емес, ауытқушы капитал *A* болып отыр, бұған түсінік беру керек.

Бұл ретте бізде капитал *A* үшін қосымша құнның жылдық нормасы  $\frac{5\ 000\ m}{500\ v} = 1\ 000\%$  болған еді. Ал егер бірінші ретте 500 *m*, яғни 5 апта өнімін біз осы қосымша құнды өндіруге  $\frac{9}{10}$ -ы қолданылмаған авансыланған 5 000 ф. стерлингке қатынасы бойынша алсақ, енді біз 5 000 *m*-ді 500 *v*-ге, яғни 5 000 *m* өндіргенде шын қолданылған өзгермелі капиталдың  $\frac{1}{10}$ -іне қатынасы бойынша аламыз, өйткені бұл 5 000 *m* тек бір ғана бес апталық кезең ішінде тұтынылған 500 ф. ст. өз-

гермелі капиталдың өнімі емес, 50 апта ішінде өндірмелі пайдаланылған 5 000 ф. ст. өзгермелі капиталдың өнімі. Бірінші ретте біз 5 апта ішінде өндірілген қосымша құнды 50 аптаға авансыланған капиталға қатынасы бойынша, яғни 5 апта ішінде тұтынылған капиталдан он есе көп капиталға қатынасы бойынша алдық. Қазір біз 50 апта ішінде өндірілген қосымша құнды 5 аптаға авансыланған капиталға қатынасы бойынша, яғни 50 апта ішінде тұтынылған капиталдан он есе аз капиталға қатынасы бойынша аламыз.

500 ф. ст. капитал *A* 5 аптадан артық уақытқа ешқашан авансыланбайды. 5 апта өткенсоң ол капитал қайта келеді де, жыл бойында он айналып, сол процесті он рет қайталай алады. Мұнан екі қорытынды шығады.

*Біріншіден.* Авансыланған капитал *A* апта бойында өндіріс процесінде үнемі қолданылатын капитал бөлігінен 5 есе ғана көп. Оның керісінше, 50 апта ішінде тек бір рет қана айналатын, олай болса, 50 аптаға авансылануға тиісті капитал *B* апта ішінде үнемі қолданылуы мүмкін бөлігінен 50 есе көп. Сондықтан айналым жыл бойында өндіріс процесіне авансыланатын капитал мен өндірістің белгілі кезеңі ішінде, мысалы, бір апта ішінде үнемі қолданылуы мүмкін капитал арасындағы арақатынастың түрін өзгертеді. Мұнда біз бес апталық қосымша құн сол 5 апта ішінде қолданылатын капиталға қатынасы бойынша емес онан он есе көп, 50 апта ішінде қолданылатын капиталға қатынасы бойынша алынған бірінші реттегі жағдайды кезіктіріп отырмыз.

*Екіншіден.* Капитал *A* айналымының бес апталық кезеңі жылдың  $\frac{1}{10}$  ғана болады, сондықтан бір жылға мұндай 10 айналым кезеңі кіреді, бұл айналым кезеңдері ішінде 500 ф. ст. *A* капиталы ұдайы қайта-қайта қолданылады. Қолданылған капитал бұл жерде 5 аптаға авансыланған, жыл бойында болатын айналым кезеңдеріне көбейтілген капиталға тең. Жыл бойында қолданылған капитал  $= 500 \times 10 = 5\,000$  ф. ст. Жыл бойында авансыланған капитал  $= \frac{5\,000}{10} = 500$  ф. ст. Шы-

нында, 500 ф. ст. қайтадан ұдайы қолданыла тұрса да, дегенмен әрбір 5 аптада осы 500 ф. стерлингтен артық авансыланбайды. Екінші жағынан, *B* капиталында 5 апта ішінде сол 5 аптаға тек 500 ф. ст. қолданылады және авансыланады, бірақ мұнда айналым кезеңі 50 аптаға тең болғандықтан, жыл бойында қолданылған капитал 5 аптаға емес, 50 аптаға авансыланған капиталға тең болады. Бірақ нормасы бір қалыпта болса, жыл сайын өндірілетін қосымша құн аумағы, жыл бойында авансыланған капитал мөлшеріне емес, жыл бойында

қолданылған капитал мөлшеріне тікелей байланысты болады. Демек, бір рет айналатын әлгі 5 000 ф. ст. капитал үшін қосымша құнның бұл аумағы он рет айналатын 500 ф. ст. капиталдан көп болмайды, оның сонша көп болатын себебі жылына бір айналатын капиталдың өзі он айналатын капиталдан он есе көп.

Жыл бойында айналып келген өзгермелі капитал, демек, жылдық өнімнің соған сай келетін бөлігі яки жылдық шығынның осы бөлікке тең бөлігі міне, бұл жыл бойында қолданылған, өндірімелі тұтылған шын өзгермелі капитал болып табылады. Мұнан шығатын қорытынды: жыл бойында айналып келген өзгермелі капитал *A* мен жыл бойында айналып келген өзгермелі капитал *B*-ның мөлшері бірдей болса және олар құн көбейтудің бірдей жағдайында қолданылса, демек, екі капитал үшін де қосымша құн нормасы бірдей болса, онда жыл сайын өндірілетін қосымша құн аумағы екеуі үшін де бірдей болуға тиіс, демек, қолданылған капиталдар аумағы бірдей екен, онда жылға есептелген қосымша құн нормасы да бірдей болуға тиіс, өйткені ол мынадай формуламен бейнеленеді:

$$\frac{\text{жыл бойына өндірілген қосымша құн аумағы}}{\text{жыл бойына айналып келген өзгермелі капитал}}$$

Яки, мұны жалпы формада бейнелейтін болсақ: айналып келген өзгермелі капиталдардың относителді мөлшері қандай болса да, олар жыл бойында өндірген қосымша құнның нормасы тиісті капиталдар орта есеппен алынған жұмыс кезеңі ішінде (мысалы, орта есеппен аптада яки бір күнде) берген қосымша құн нормасына тәуелді болады.

Қосымша құн өндіру заңдары мен оның нормасын анықтау заңдарынан туатын бірден-бір нәтиже осындай.

Енді қатынастың нені көрсететінін қарап шығалық:

$$\frac{\text{жыл бойына айналып келген капитал}}{\text{авансыланған капитал}} \quad (\text{бұл арада біз, жоғарыда ай-}$$

тылып кеткеніндей, тек өзгермелі капиталды алып отырмыз). Бөлуден шыққан бөлінді жыл бойында авансыланған капитал айналымының санын көрсетеді.

Капитал *A* үшін бізде былай:

$$\frac{\text{жыл бойында айналып келген 5 000 ф. ст. капитал;}}{\text{авансыланған 500 ф. ст. капитал}} \quad \text{капитал } B \text{ үшін:}$$

$$\frac{\text{жыл бойына айналып келген 5 000 ф. ст. капитал}}{\text{авансыланған 5 000 ф. ст. капитал}}$$

Алым бұл екі қатынаста айналым *санына* көбейтілген авансыланған капиталды көрсетеді: капитал *A* үшін —  $500 \times 10$ , капитал *B* үшін —  $5\,000 \times 1$ ; немесе ол бір жылға қатынасы бойынша алынған айналым *уақытының* аударылған бөлшегіне көбейтілген авансыланған капиталды көрсетеді. *A* капиталында айналым уақыты жылдың  $\frac{1}{10}$  болады, айналым уақытының аударылған бөлшегі жылдың  $\frac{10}{1}$ , демек,  $500 \times \frac{10}{1} = 5\,000$ ; *B* капиталында —  $5\,000 \times \frac{1}{1} = 5\,000$ . Белгіш айналым *санының* аударылған бөлшегіне көбейтілген айналып келген капиталды көрсетеді: *A* капиталы үшін —  $5\,000 \times \frac{1}{10}$ , *B* капиталы үшін —  $5\,000 \times \frac{1}{1}$ .

Жыл бойында айналып келген өзгермелі екі капитал қозғалысқа келтіретін еңбектің тиісті аумағы (ақы төленген және ақы төленбеген еңбектің жиынтығы) бұл жерде тең, өйткені айналып келген капиталдардың өзі тең, олардың құндары өсуінің нормалары да тең.

Жыл бойында айналып келген өзгермелі капиталдың авансыланған өзгермелі капиталға қатынасы мынаны көрсетеді: 1) Авансыланған капиталдың белгілі жұмыс кезеңінде қолданылған өзгермелі капиталға қатынасын көрсетеді. Егер капитал *A* жөнінде ұйғарғанымыздай айналым саны 10-ға, жыл 50 аптаға тең болса, онда айналым уақыты 5 аптаға тең. Өзгермелі капитал осы 5 аптаға авансылануға тиіс, және де осы 5 аптаға авансыланған капитал бір аптада қолданылатын өзгермелі капиталдан бес есе көп болуға тиіс. Яғни: авансыланған капиталдың (бұл жерде 500 ф. ст.) бір апта ішінде тек  $\frac{1}{5}$  ғана қолданады. *B* капиталында жағдай мұның керісінше; айналым саны  $\frac{1}{1}$  тең, айналым уақыты 1 жылға, жыл 50 аптаға тең. Демек, авансыланған капиталдың апта сайын қолданылатын капиталға қатынасы 50 : 1 болады. Егер бұл қатынас капиталист *B* үшін капиталист *A* үшін болғанындай болса, оған іске апта сайын 100 ф. ст. орнына, 1 000 ф. ст. салуға тура келері еді.— 2) Мұнан шығатын қорытынды: капиталист *B* өзгермелі капиталдың дәл сондай аумағын іске қосу үшін, демек, қосымша құн нормасы бір қалыпты болған күнде еңбектің (ақы төленген және ақы төленбеген) дәл сондай аумағын іске қосу үшін және де, сөйтіп, жыл бойында қосымша құнды капиталист *A* өндірген аумақтай өндіру үшін капиталист *A* қолданған капиталдан он есе артық капитал (5 000 ф. ст.) қолдануға тиіс. Қосымша құнның шын нормасы белгілі кесімді уақыт ішінде өндірілген қосымша құнның дәл сол кесімді уақыт ішінде қолданылған өзгермелі капиталға қатынасын көрсетеді; басқаша айтқанда, ол осы кесімді уақыт ішінде қолданылған өзгермелі капитал іске қосқан, ақы тө-



ленбеген еңбектің аумағын көрсетеді. Мұның өзгермелі капиталдың авансыланған, бірақ сол уақытта әлі қолданылмаған бөлегіне тіпті ешқандай қатынасы жоқ; сондықтан мұның дәл сондай-ақ капиталдың белгілі кесімді уақыт ішінде авансыланған бөлегі мен капиталдың сол кесімді уақыт ішінде қолданылған бөлегінің арасындағы қатынасты, — айналым кезеңдері ұзақтығы түрліше болуының салдарынан түрі өзгерген және түрлі капиталдар үшін әрқилы болатын қатынасты мүлде қозғамайды.

Жоғарыда айтылғаннан, керісінше, мынадай қорытынды шығады: қосымша құнның жылдық нормасы еңбекті қанау дәрежесін көрсететін қосымша құнның шын нормасымен тек бір ретте ғана, атап айтқанда, авансыланған капитал жылына тек бір рет айналып шыққан жағдайда ғана сәйкес келеді; сондықтан авансыланған капитал жыл бойында айналып келген капиталға тең, сондықтан жыл бойында өндірілген қосымша құн аумағының оны өндіру үшін жыл бойында қолданылған капиталға қатынасы жыл бойында өндірілген қосымша құн аумағының жыл бойында авансыланған капиталға қатынасымен сәйкес келеді және теңбе-тең.

А) Қосымша құнның жылдық нормасы мынаған тең:

$$\frac{\text{жыл бойында өндірілген қосымша құнның аумағы}}{\text{авансыланған өзгермелі капитал}}$$

Алайда жыл бойында өндірілген қосымша құн аумағы оны өндіруге қолданылған өзгермелі капиталға көбейтілген шын қосымша құн нормасына тең. Қосымша құнның жылдық аумағын өндіруге қолданылған капитал авансыланған капиталға, соның айналым санына көбейтілген капиталға тең, айналым санын біз  $n$  арқылы белгілейміз. Сондықтан  $A$  формуласы мынадай формулаға айналады:

В) Қосымша құнның жылдық нормасы мынаған тең:

$$\frac{\text{қосымша құнның шын нормасы} \times \text{авансыланған өзгермелі капитал} \times n}{\text{авансыланған өзгермелі капитал}}$$

Мысалы,  $B$  капиталы үшін ол =  $\frac{100 \times 5\,000}{5\,000} \times n$ , яки 100%. Тек

$n=1$  болған ретте ғана, яғни авансыланған өзгермелі капитал жылына бір рет қана айналатын болса, демек, жыл бойында қолданылған яки айналып келген капиталға тең болса, тек осы жағдайда ғана қосымша құнның жылдық нормасы шын қосымша құн нормасына тең болады.

Егер біз қосымша құнның жылдық нормасын  $M'$  арқылы шын қосымша құн нормасын  $m'$  арқылы, авансыланған өзгермелі капиталды  $v$  арқылы, айналым санын  $n$  арқылы белгіле-

сек, онда  $M' = \frac{m'vn}{v} = m'n$ ; демек,  $M' = m'n$  және егер  $n = 1$  болған ретте ғана  $M' = m'$ , демек,  $M' = m' \times 1 = m'$ .

Сонсын, ілгергіден шығатын қорытынды: қосымша құнның жылдық нормасы әрқашан  $= m'n$ , яғни бір кезеңнің ішінде тұтынылған өзгермелі капитал сол кезеңнің ішінде өндірген, сол өзгермелі капиталдың жыл бойындағы айналым санына көбейтілген шын қосымша құн нормасына тең яки (бұл да сондай) өзгермелі капиталдың айналым *уақытының* единица ретінде бір жылға келетін қатынасын көрсететін аударылған бөлшегіне көбейтілген шын қосымша құн нормасына тең. (Егер өзгермелі капитал жылына 10 рет айналатын болса, айналым уақыты жылдың  $\frac{1}{10}$ -іне тең; демек, оның айналым уақытының аударылған бөлшегі  $= \frac{10}{1} = 10$ .)

Сонсын, ілгергіден шығатын қорытынды:  $M' = m'$ , егер  $n = 1$  болса. Егер 1-ден  $n$  көп болған, яғни авансыланған капитал жылына бірден көп айналып келсе, яки айналып шыққан капитал авансыланған капиталдан көп болса,  $m'$ -нен  $M'$  көп болады.

Ақырында, егер 1-ден  $n$  аз болса, яғни жыл бойында айналып келген капитал авансыланған капиталдың бір бөлегі ғана болса, демек, айналым кезеңі бір жылдан артыққа созылса  $m' - M'$ -нен аз болады:

Соңғы ретке қысқаша тоқталалық.

Біз бұрынғы мысалымыздағы ұйғарындыларды түгел сақталық, тек айналым кезеңі 55 аптаға дейін ұзаратын болсын. Еңбек процесіне апта сайын 100 ф. ст. өзгермелі капитал, демек, айналымның барлық кезеңіне 5 500 ф. ст. керек және апта сайын 100  $m'$  өндіріледі, демек,  $m'$  бұрынғысынша 100%. Бұл жерде айналым саны  $n$  мынаған тең  $\frac{50}{55} = \frac{10}{11}$  өйткені айналым уақыты  $1 + \frac{1}{10}$  жыл (жыл 50 аптадан тұратынын ескерсек)  $\frac{11}{10}$  жылға тең.

$M' = \frac{100\% \times 5\,500 \times \frac{10}{11}}{5\,500} = 100 \times \frac{10}{11} = \frac{1\,000}{11} = 90\frac{10}{11}\%$ , яғни 100% -тен кем. Шындығында, қосымша құнның жылдық нормасы 100% болса, онда 5 500  $v$  жыл бойында 5 500  $m'$  өндірген болар еді, ал бұл үшін оған  $\frac{11}{10}$  жыл керек. Бұл 5 500  $v$  жыл бойында тек 5 000  $m$  өндіреді, демек, қосымша құнның жылдық нормасы  $= \frac{5\,000\ m}{5\,500\ v} = \frac{10}{11} = 90\frac{10}{11}\%$ .

Сондықтан қосымша құнның жылдық нормасы, яки жыл бойында өндірілген қосымша құнды, жалпы барлық *авансы-*

ланған өзгермелі капиталмен (жыл бойында *айналып келген* өзгермелі капиталмен емес) салыстыру тек субъективтік салыстыру емес, — мұны капиталдың шын қозғалысының өзі керек етеді. Жылдың аяғында *A* капиталының иесіне ол авансылаған 500 ф. ст. тең өзгермелі капитал қайтты, оның үстіне тағы 5 000 ф. ст. қосымша құн алады. Ол авансылаған капиталдың мөлшерін жыл бойында қолданған капиталдың аумағы емес, қайта оған дүркін-дүркін қайтып отыратын капиталдың аумағы көрсетеді. Жылдың аяғында капиталдың біразы өндірістік запас түрінде бола ма, біразы товар капиталы яки ақша капиталы түрінде бола ма және ол осы түрлі үлестерге қандай пропорцияда бөлінеді — бұлардың қарастырып отырған мәселе үшін ешқандай маңызы жоқ. *B* капиталының иесіне 5 000 ф. ст. қайтты, авансыланған капиталы қайтты және ол тағы 5 000 ф. ст. қосымша құн алды. *C* капиталының (біз соңғы қарастырған 5 500 ф. ст. капиталдың) иесі үшін жыл бойында 5 000 ф. ст. қосымша құн өндірілді (5 000 ф. ст. жұмсаған және қосымша құн нормасы 100% болған жағдайда), бірақ ол авансылаған капитал, сондай-ақ өндірілген қосымша құн да оған әлі қайтқан жоқ.

$M' = m' n$  мынаны көрсетеді: айналымның бір кезеңі ішінде қолданылған өзгермелі капитал үшін шын қосымша құн нормасы, яғни:

*айналымның бір кезеңі ішінде өндірілген қосымша құн аумағы*

*айналымның бір кезеңі ішінде қолданылған өзгермелі капитал*

бұл норма айналым кезеңдері санына, яки авансыланған өзгермелі капиталды ұдайы өндіру кезеңдері санына, яғни ол өзінің ауыспалы айналымын қайталайтын кезеңдер санына көбейтілуге тиіс.

«Капиталдың» I кітабында, IV тарауында («Ақшаның капиталға айналуы») және XXI тарауында («Жай ұдайы өндіріс») біз капитал құны жалпы алғанда авансыланатынын, бірақ жұмсалмайтынын көрдік, өйткені бұл құн өзінің ауыспалы айналымының түрлі фазасын өтіп, өзінің бастапқы пунктіне тағы қайтып оралады, соның өзінде қосымша құнмен молайып қайтады. Мұның өзі оны авансыланған құн ретінде сипаттайды. Құн қозғалысының бастапқы пунктінен қайтып оралғанына дейін өтетін уақыт — бұл капитал құны авансыланған уақыт болып табылады. Капитал құны жасайтын, авансыланғаннан бастап, қайтып оралғанына дейінгі уақытпен өлшенетін бүкіл ауыспалы айналым оның айналымы болады да, бұл айналымның ұзақтығы айналымның бір кезеңі болады. Бұл кезең біткен кезде толық айналым да бітеді, нақ сол капитал құны дәл сол ауыспалы айналымды қайтадан бастай-

ды, демек, өздігінен қайта өсіп, қосымша құн өндіре алады. Егер өзгермелі капитал,  $A$  мысалындағыдай, жылына он рет айналып шығатын болса, онда дәл сол авансыланған капитал бір жылда он рет айналымының бір кезеңінде өндірілетіндей қосымша құн аумағын өндіреді.

Біз авансылаудың мәнін капиталистік қоғам тұрғысынан анықтауға тиіспіз.

Жыл ішінде он рет айналып шығатын капитал  $A$  жыл бойында он рет авансыланады. Айналымның әрбір жаңа кезеңіне ол қайтадан авансыланады. Бірақ, сонымен қатар капиталист  $A$  жыл бойында сол бір 500 ф. ст. капитал құнынан артықты ешқашан авансыламайды және шындығында біз қарастырып отырған өндіріс процесі үшін капиталисте осы 500 ф. стерлингтен артық капитал ешуақытта болмайды. Осы 500 ф. стерлинг бір ауыспалы айналымды аяқтасымен капиталист  $A$  оны сондай ауыспалы айналымды қайтадан бастауға жұмылдырады, дәл сол сияқты капитал өзінің жаратылысына біткен капиталдық сипатын өндірістің қайталанып отыратын процестерінде ұдайы қызмет етуінің нәтижесінде ғана сақтайды. Сонымен қатар бұл жағдайда да капитал ешуақытта 5 аптадан артыққа авансыланбайды. Егер айналым мұнан ұзап кетсе, онда капитал жеткіліксіз болады. Егер айналым уақыты қысқарса, онда капиталдың біразы артылып қалады. Бұл жерде 500 ф. стерлингтен он капитал авансыланбайды, 500 ф. ст. бір капитал кезекті уақыт кезеңдерінде он рет авансыланады. Сондықтан қосымша құнның жылдық нормасы он рет авансыланатын 500 ф. ст. капиталға яки 5 000 ф. ст. сома-сына емес, бір рет авансыланған 500 ф. ст. капиталға есептеледі; істің жайы бұл жерде он рет айналып шығатын 1 талер 10 талердің қызметін атқарып отырса да, әрқашан айналыс жасап жүрген жалғыз талер болып қала беретіні тәріздес. Әрбір сауда-саттық кезінде кімнің қолында болса да, ол бұрынғысынша 1 талерлік құн болып қала береді.

Капитал  $A$  да дәл сондай әрбір қайтып келген сайын, сондай-ақ жылдың аяғында қайтқанда да иесінің әрқашан баяғы құны 500 ф. ст. бір капиталды ғана пайдаланатынын сипаттайды. Сондықтан оның қолына әрдайым тек 500 ф. ст. қайтады. Сондықтан ол авансыланған капитал ешқашан 500 ф. стерлингтен артпайды. Міне сондықтан авансыланған 500 ф. ст. капитал қосымша құнның жылдық нормасын көрсететін бөлшекте бөлгіш қызметінде болады. Жоғарыда қосымша құнның жылдық нормасының формуласы бізде мынадай болған:  $M' = \frac{m'vn}{v} = m' n$ . Ал қосымша құнның шын нормасы:

$m' = \frac{m}{v}$  яғни ол өзін өндірген өзгермелі капиталға бөлінген қосымша құн аумағына тең десек, онда  $m'$   $n$ -де  $m$ -нің бұл мәнін ауыстырып, яғни  $\frac{m}{v}$  деп қоя аламыз, сонда бізде басқа формула шығады:  $M' = \frac{mn}{v}$ .

Ал 500 ф. ст. капитал он рет айналуы нәтижесінде, ал сондықтан авансылануы он рет қайталануы нәтижесінде он есе көп капиталдың, яғни 5 000 ф. ст. капиталдың қызметін атқарады, бұл арада істің мәні бағасы бір талер тұратын 500 монет жылына он рет айналып, жылына тек бір рет айналып шығатын өзі секілді 5 000 монеттің қызметін атқаратыны тәріздес.

## II. ЖЕКЕ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫМЫ

«Өндіріс процесінің қоғамдық формасы қандай болса да, ол әйтеуір үздіксіз процесс болуға, яғни оқтын-оқтын сол бір сатылардан қайта-қайта өтіп отыруға тиісті... Сондықтан үнемі байланыста және өзінің жаңалануының үздіксіз ағымында алып қаралатын өндірістің қоғамдық процесінің қандай болсын, сонымен қатар ұдайы өндіріс процесі болып табылады... Капитал құнының мезгіл-мезгіл жамала түсуі, яки пайдаланылып отырған капиталдың мезгіл-мезгіл беретін жемісі есебінде қосымша құн капиталдан туатын табыс формасына ие болады» («Капитал», I кітап, XXI тарау, 577, 578-беттер.<sup>66</sup>)

Біздің мысалымызда  $A$  капиталында бес апталық 10 айналым кезеңі бар; айналымның бірінші кезеңінде 500 ф. ст. өзгермелі капитал авансыланады, яғни әрбір аптада 100 ф. ст. жұмыс күшіне айырбасталады, сөйтіп айналымның бірінші кезеңінің аяғында жұмыс күшіне 500 ф. ст. жұмсалады. Алғашында барлық авансыланған капиталдың бір бөлегі болған осы 500 ф. ст. капитал болудан қалды. Олар жалақы ретінде төленді. Жұмысшылар оны тіршілік заттарын сатып алуға жұмсайды, демек, жұмысшылар құны 500 ф. ст. тұратын тіршілік заттарын тұтынады. Сонымен құны дәл осы сомадай біраз товар жойылады (жұмысшылардың, мысалы, ақша, т. т. түрінде жинақтағандары да капитал емес). Бұл товар аумағы, жұмысшының жұмыс күшінің жұмысқа қабілеттілігін, яғни капиталист үшін қажетті құрал күйінде сақтайтынын былай қойсақ, жұмысшы үшін өнімсіз тұтынылады.— Ал, екіншіден, осы 500 ф. ст. капиталист үшін құны (тисінше — бағасы) нақ сондай жұмыс күшіне айырбасталды. Жұмыс күшін еңбек про-

цесінде капиталист өнімді пайдаланады. Бесінші аптаның аяғында жаңадан жасалған 1 000 ф. ст. құн болады. Оның жартысы, 500 ф. ст. жұмыс күшіне төлеуге жұмсалған өзгермелі капиталдың қайта өндірілген құны болып табылады. Екінші жартысы, 500 ф. ст.— бұл жаңадан өндірілген қосымша құн. Ал айырбас арқылы капиталдың бір бөлегіне алынған, сөйтіп өзгермелі капиталға айналған бес апталық жұмыс күші де, мейлі өнімді түрде болғанымен жұмсалды, тұтынылды. Кеше қолданылған еңбек — ол бүгін қолданылып отырған еңбек емес. Оның құны ол жасаған қосымша құн қосылып, енді жұмыс күшінен өзгеше, заттың құны ретінде, өнімнің құны ретінде өмір сүреді. Бірақ өнім ақшаға айналуы нәтижесінде өнім құнының авансыланған өзгермелі капиталға тең бөлегін қайтадан жұмыс күшіне айналдыруға, оны сондықтан өзгермелі капитал ретінде қайтадан пайдалануға болады. Ұдайы өндіріліп қана қоймай, сонымен қатар қайтадан ақша формасына айналдырылған капитал құнына нақ сол жұмысшыларды, яғни сол жұмыс күштері иелерін жалдауға болатыны жөніндегі жағдайдың ешқандай маңызы жоқ. Мүмкін, капиталист айналымның екінші кезеңінде бұрынғы жұмысшылардың орнына жаңа жұмысшыларды пайдаланар.

Демек, шындығында айналымның 10 апталық кезеңдерінде жалақыға кезегімен 500 ф. ст. емес, 5 000 ф. ст. жұмсалады, ал өз кезегімен жұмысшылар бұл жалақыны тіршілік заттарына жұмсайды. Осылайша авансыланған 5 000 ф. ст. капитал тұтынылды. Ол капитал енді жоқ. Екінші жағынан, өндіріс процесіне кезегімен құны 500 ф. ст. жұмыс күші емес, 5 000 ф. ст. жұмыс күші қосылады; ол 5 000 ф. ст. тұратын өз құнын ғана өндіріп қоймайды, сонымен қатар артық құн, 5 000 ф. ст. қосымша құнды да өндіреді. Айналымның екінші кезеңіне авансыланатын 500 ф. ст. өзгермелі капитал айналымның бірінші кезеңіне авансыланған 500 ф. ст. капиталмен теңбе-тең емес. Бұл соңғы капитал жалақыға тұтынылып, жұмсалды. Бірақ мұның орнын 500 ф. ст. жаңа өзгермелі капитал толтырды, бұл айналымның бірінші кезеңінде товар формасында өндіріліп, тағы да ақша формасына айналған болатын. Демек, бұл 500 ф. ст. жаңа ақша капиталы айналымның бірінші кезеңінде қайтадан өндірілген товар аумағының ақшалай формасы болып табылады. Капиталистің қолында тағы да дәл осындай 500 ф. ст. ақша сомасы, яғни, қосымша құнды қоспағанда, ол алғашқыда авансылаған капиталының мөлшерінде ақша капиталы болатындығы, міне, бұл жағдай капиталистің жаңадан өндірілген капиталды пайдаланып отырғанын бұркемелейді. (Товар капиталы құнының тұрақты капитал эле-

менттерінің орнын толтыратын басқа құрамды бөлімдеріне келетін болсақ, олардың құны жаңадан өндірілмейді, сол құнның болмыс формасы ғана өзгереді.) — Айналымның үшінші кезеңін алалық. Бұл жерде үшінші рет авансыланған 500 ф. ст. капитал бұрынғы капитал емес, жаңадан өндірілген капитал екені айқын, өйткені ол айналымның бірінші кезеңінде емес екінші кезеңінде өндірілген товар аумағының ақшалай формасы, яғни бұл товар аумағының құны авансыланған өзгермелі капиталға тең бөлігінің ақшалай формасы болып табылады. Айналымның бірінші кезеңінде өндірілген товар аумағы сатылып кетті. Оның авансыланған капитал құнының өзгермелі бөлігіне тең бір бөлігі айналымның екінші кезеңіндегі жаңа жұмыс күшіне айырбасталып, товардың жаңа аумағын өндірді, бұл да кезегімен сатылып кетті, сөйтіп енді оның құнының бір бөлігі айналымның үшінші кезеңінде авансыланатын 500 ф. ст. капитал болды.

Сөйтіп айналымның он кезеңі бойына осылайша бола береді. Осы кезеңдердің ішінде жаңадан өндірілген товар аумағы (олардың құны өзгермелі капиталдың орнын толтырады, сондықтан бұл да жаңадан өндіріледі, бұл өзі капиталдың тұрақты айналым бөлігінің құны ретінде тағы көрінуі емес) әрбір бес апта сайын рынокқа түсіріледі және де соның арқасында өндіріс процесіне жаңа жұмыс күші ұдайы қосылып отырады.

Демек, авансыланған 500 ф. ст. өзгермелі капитал он рет айналуы арқылы осы 500 ф. ст. капиталды он рет өнімді тұтынылатын етуге, және бес аптаға жеткілікті өзгермелі капиталды 50 апта бойында қолданылатын етуге болмайды. Мұның керісінше, 50 апта ішінде онға көбейтілген 500 ф. ст. тең өзгермелі капитал қолданылады, ал 500 ф. ст. капитал әрқашан тек 5 аптаға ғана жеткілікті болады да, бес апта өткен сайын оның орнын жаңадан өндірілген 500 ф. ст. капиталмен толтыруға тура келеді. Мұның өзі *B* капиталына қалай қатысты болса, *A* капиталына да дәл сондай қатысты. Бірақ енді айырмашылық басталады.

Бірінші бес апталық кезеңнің аяғында капиталист *B*, сондай-ақ капиталист *A* 500 ф. ст. өзгермелі капитал авансылап, жұмсады. Капиталист *B* да, капиталист *A* да оның құнын жұмыс күшіне айналдырып, ол құнның орнын осы жұмыс күші жаңадан өндірген өнім құнының бір бөлегімен, авансыланған 500 ф. ст. өзгермелі капиталдың құнына тең бөлегімен толтырды. Капиталист *B* үшін де капиталист *A* үшін де жұмыс күші жұмсалған 500 ф. ст. өзгермелі капитал құнының орнын дәл сондай сомадағы жаңа құнмен толтырып қана қоймайды,

оған қосымша құн қосады, біздің болжауымызша, дәл сондай мөлшерде қосымша құн қосады.

Алайда авансыланған өзгермелі капиталдың орнын толтыратын және оның құнына қосымша құн қосатын әлгі жаңадан жасалған құн капиталист *B*-нің қолында өндіргіш капитал ретінде, сондай-ақ өзгермелі капитал ретінде жаңадан пайдаланылатын формада болмайды. Ол капиталист *A*-ның қолында дәл сол формада болады. Мұнда капиталист *B* алғашқы бес аптада, сонан соң кезегімен әрбір 5 аптада жұмсайтын өзгермелі капитал орны жаңадан өндірілген құнмен толтырылып және қосымша құн қосылып отырса да, ол жыл аяғына дейін өндіргіш капитал ретінде, сондай-ақ өзгермелі капитал ретінде қайтадан пайдаланылатын формада болмайды. Оның *құнының* орны жаңа құнмен толтырылса да, яғни жаңарса да, бірақ бұл құнның *формасы* (бұл жерде қосымша құнның абсолют формасы, оның ақшалай формасы) жаңарған жоқ.

Сөйтіп, дәл бірінші кезеңдегідей, екінші бесапталық кезең үшін де келесі 500 ф. ст. (жыл бойына кезегімен әрбір бес апта үшін дәл осылайша) запаста болуға тиіс. Демек, кредиттік қатынастарды былай қойғанда, жылдың басында бүркемелі авансыланған ақшалай капитал ретінде 5 000 ф. ст. запаста болуға тиіс, дегенмен олар бүкіл жыл бойында шын мәнінде тек бірте-бірте ғана жұмсалады, шын мәнінде жұмыс күшіне айналады.

Капиталист *A*-да, мұның керісінше, ауыспалы айналым, яғни авансыланған капиталдың айналымы 5 аптада толық аяқталады, сондықтан орнын толтыруға қызмет ететін құн алғашқы бес апта өтісімен-ақ жаңа жұмыс күшін келесі бес аптаға қозғалысқа келтіретін формада болады, яғни ол өзінің бастапқы, ақшалай формасында болады.

Капиталист *A* бесапталық екінші кезеңде, капиталист *B* сияқты, жаңа жұмыс күшін қолданады, ал осы жұмыс күшіне ақы төлеу үшін 500 ф. ст. жаңа капитал жұмсалады. Жұмысшылардың алғашқы 500 ф. ст. сатып алынған тіршілік заттары тұтынылды, қалай дегенмен де олардың құны капиталистің қолынан кетті. Екінші 500 ф. стерлингке жаңа жұмыс күші сатып алынады, рыноктан жаңа тіршілік заттары алынады. Қысқасын айтқанда, бұрынғы капитал емес, 500 ф. ст. жаңа капитал жұмсалады. Ал капиталист *A*-дағы осы 500 ф. ст. жаңа капитал бұрынғы жұмсалған 500 ф. стерлингтің орнын толтыратын, жаңадан өндірілген құнның ақшалай формасы болады. Капиталист *B*-де осы орын толтырушы құн өзгермелі капитал ретінде пайдаланылмайтын формада бо-



лады. Ол нақты бар, бірақ өзгермелі капитал формасында емес. Сондықтан келесі бес аптада өндіріс процесін онан әрі жүргізе беру үшін қолда капитал болуы керек және қосымша 500 ф. ст. капитал бұл жағдайда сөзсіз ақшалай формада авансылануы керек. Сөйтіп 50 апта ішінде капиталист *A* да, сондай-ақ капиталист *B* да мөлшері жағынан бірдей өзгермелі капитал жұмсайды, бірдей мөлшерде жұмыс күшін тұтынып, ақы төлейді. Бірақ капиталист *B* ақыны жұмыс күшінің бүкіл құнына тең 5 000 ф. ст. капитал авансылап, төлеуге тиіс, ал капиталист *A* болса бұған ақыны ақшалай формада ұдайы жанартылып отыратын, әрбір бес аптада өндірілетін және әрбір 5 аптаға авансыланған 500 ф. ст. капиталдың орнын толтырып отыратын құнмен бірте-бірте төлейді. Демек, капиталист *A* ақша капиталын еш уақыт 5 аптадан артыққа авансыламайды, яғни бірінші бес аптаға авансыланған 500 ф. ст. капиталдан артық капиталды еш уақытта авансыламайды. Бұл 500 ф. ст. бүкіл жыл бойына жеткілікті болады. Сондықтан айқын нәрсе мынау: еңбекті қанау дәрежесі бірдей, қосымша құнның шын нормасы бірдей жағдайда, *A* және *B* капиталистерде қосымша құнның жылдық нормасы жыл бойында көлемі бірдей жұмыс күшін іске қосу үшін авансылауларына қажет өзгермелі капиталдардың мөлшеріне кері қатынаста болуға тиіс. Капиталист *A*-да:  $\frac{5\ 000\ m}{500\ v} = 1\ 000\%$  және капиталист *B*-да  $\frac{5\ 000\ m}{5\ 000\ v} = 100\%$ . Бірақ  $500\ v : 5\ 000\ v = 1 : 10 = 100\% : 1\ 000\%$ .

Айырмашылық айналым кезеңдерінің ұзақтығындағы айырымнан туады, яғни бұл өзі аяқталғаннан кейін белгілі кесімді уақыт ішінде қолданылған өзгермелі капиталдың орнын толтыратын құн капитал ретінде, демек, жаңа капитал ретінде қайтадан қызмет етуге тиісті кезеңдер. Капиталист *A*-дағы сияқты, капиталист *B*-да бірдей кезеңдер ішінде қолданылған өзгермелі капитал құнының орны бірдей толтырылып отырады. Оның бер жағында бірдей кезеңдер ішінде қосымша құн да бірдей өседі. Ал капиталист *B*-да әрбір 5 аптада 500 ф. ст. құнның орны толтырылып, оның үстіне 500 ф. ст. қосымша құн жамалып отырғанымен, бірақ орнын толтыруға қызмет ететін құн әлі жаңа капитал емес, себебі ол ақша формасында емес. Капиталист *A*-да бұрынғы капитал құнының орны жаңа құнмен толтырылып қана қоймай, сонымен қатар ол өзінің ақшалай формасында толтырылады, демек, жаңа, қайтадан пайдалануға жарамды капитал түрінде қайтады.

Орны толтырылатын құнның ақшаға неғұрлым ерте яки неғұрлым кеш айналуының, яғни өзгермелі капитал авансыланатын формаға айналуының,— міне бұл жайдың қосымша құн өндірілуі үшін, анығында, ешбір келер-кетері жоқ. Қосымша құн өндірілуі қолданылған өзгермелі капиталдың мөлшеріне және еңбекті қанау дәрежесіне байланысты. Ал айтылып отырған жағдай жыл ішінде белгілі мөлшерде жұмыс күшін іске қосу үшін авансыланатын ақшалай капиталдың мөлшерін өзгертеді, ал, олай болса, бұл жағдай қосымша құнның жылдық нормасын өзгертеді.

### III. ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАҒАНДА ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛДЫҢ АЙНАЛЫМЫ

Өзгермелі капиталдың айналымын қоғамдық тұрғыдан қысқаша қарап шығалық. Айталық, бір жұмысшы аптасына 1 ф. ст. тұрады, ал жұмыс күні 10 сағатқа тең. Капиталист *A*-да, капиталист *B*-дағы сияқты, жыл бойында 100 жұмысшы істейді (100 жұмысшыға аптасына 100 ф. ст. 5 аптада 500 ф. ст., ал 50 аптада — 5 000 ф. ст.); жұмысшылар аптасына 6 күн, әрқайсысы 60 сағаттан істейді. Демек, 100 жұмысшы бір аптада 6 000 жұмыс сағат, ал 50 аптада 300 000 жұмыс сағат істейді. Капиталист *A* да, сондай-ақ капиталист *B* да бұл жұмыс күшін мықтап иеленіп алды, олай болса, оны қоғам басқа ешқайда пайдалана алмайды. Бұл жөнінде қоғам тұрғысынан қарағанда істің жайы капиталист *B*-да да, сондай-ақ капиталист *A*-да да бірдей. Сонсын, капиталист *B*-да, капиталист *A*-да әрбір 100 жұмысшы жылына 5 000 ф. ст. жалақы алады (демек, барлық 200 жұмысшы 10 000 ф. ст. алады) және осы сомаға қоғамнан тіршілік заттарын алады. Бұл жөнінде де қоғам тұрғысынан капиталист *A* жұмысшыларының, сондай-ақ капиталист *B* жұмысшыларының жайы тағы бірдей. Екі жағдайда да жұмысшылар жалақыны апта сайын алады, ендеше қоғамнан апта сайын тіршілік заттарын да алады, олар екі жағдайда да сол заттар үшін апта сайын айналысқа ақша эквивалентін салады. Бірақ осы жерде айырмашылық басталады.

*Біріншіден.* Капиталист *A* жұмысшысы айналысқа салған ақша капиталист *B* жұмысшысынікі сияқты өз жұмыс күші құнының ақшалай формасы болып қана қоймайды (ол шындығында орындалып қойған жұмыс үшін төлеу қаржысы болып табылады); кәсіпорын ашылғаннан кейін айналымның екінші кезеңінен бастап бұл ақшалар жұмысшының *өзі жаңадан жасаған құнның* ақшалай формасы болып табылады (жұ-

мыс күші бағасына + қосымша құнға тең), бұл құн айналымның бірінші кезеңінде өндірілген; оның айналымның екінші кезеңі ішіндегі еңбегі де осы құн есебінен төленеді. Капиталист *B*-да істің жайы басқаша. Мұнда да ақша жұмысшы жөнінде ол орындаған жұмыс үшін төлеу қаржысы болады, дегенмен орындалған жұмысқа ол өзі жаңадан жасаған, ақшаға айналған құнмен (сол еңбектің өзі өндірген құнның ақшалай формасы есебінен емес) төленбейді. Мұнан төлеу тек екінші жылдан, *B*-ның жұмысшысына ол өткен жыл ішінде жаңадан жасаған, сонан ақшаға айналған құн есебінен төленетін кезден басталады.

Капитал айналымының кезеңі неғұрлым қысқа болса, — сондықтан, капиталдың ұдайы өндірісі жыл бойында ұдайы қайталап отыратын аралық неғұрлым қысқа болса, — капиталист ақшалай формада алғаш авансылаған капиталдың өзгермелі бөлімі сол өзгермелі капиталдың орнын толтыруға жұмысшы жаңадан жасаған құнның (қосымша құнды да қамтитын) ақшалай формасына соғұрлым тез айналады, демек, капиталистің өз қорынан ақша авансылауға тиіс уақыт соғұрлым қысқа болады, ол жалпы авансылайтын капитал өндірістің сол көлемімен салыстырғанда соғұрлым аз, қосымша құн нормасы сол қалпындағы жағдайда капиталист жұмысшыдан жыл бойында сығып алатын қосымша құн аумағы соғұрлым біршама көп болады. Себебі мынада: капитал айналымының кезеңі неғұрлым қысқа болса, жұмысшы жаңадан жасаған құнның ақшалай формасы есебінен капиталист оның өзін соғұрлым жиі-жиі қайтадан сатып алып, еңбегін соғұрлым жиі-жиі қайтадан іске қоса алады.

Өндірістің сол көлемінде авансыланатын өзгермелі ақша капиталының (жалпы алғанда айналым капиталының) абсолют мөлшері азаяды, ал қосымша құнның жылдық нормасы айналым кезеңінің қысқаруына пропорциялы түрде өседі. Авансыланған капитал мөлшері сол қалпында болса, өндірістің көлемі, ал сондықтан, қосымша құн нормасы сол қалпында болса, айналымның бір кезеңі ішінде өндірілетін қосымша құнның абсолют аумағы да қосымша құнның жылдық нормасы көтерілуімен қабат өседі, бұл көтерілуді ұдайы өндірістің кезеңдері қысқаруы туғызады. Жалпы алғанда ілгергі зерттеудің нәтижесінде былай болып шығады: еңбекті қанау дәрежесі бір қалыпта болғанның өзінде өндіргіш айналым капиталдың бірдей мөлшерін және еңбектің бірдей мөлшерін іске қосу үшін айналым кезеңінің түрлі ұзақтығына сәйкес ақша капиталын алуан түрлі мөлшерде авансылау қажет болады.

*Екіншіден*, — бұл да бірінші айырыммен байланысты, — капиталист В-ның жұмысшысы, капиталист А-ның жұмысшысы сияқты тіршілік заттарын өзгермелі капиталға сатып алады, оның қолында бұл капитал айналыс қаржысына айналады. Мысалы, ол рыноктен бидай алып қана қоймайды, сонымен қатар ақшалай эквивалентпен оның орнын толтырады. Бірақ капиталист В-нің жұмысшысы рыноктен тіршілік заттарын алып, оған төлейтін ақшасы анау капиталист А-ның жұмысшысынікі сияқты жыл бойында рынокке салып отыратын жаңадан жасалған құнның ақшалай формасы болып табылмайды, тіршілік заттарын сатушыға ол ақша береді, бірақ түскен ақшаға әлгі сатушы сатып аларлық ешқандай товар — өндіріс құрал-жабдықтарын да, тіршілік заттарын да — бермейді, ал бұл капиталист А-ның жұмысын алсақ, мұның керісінше болады. Сондықтан рыноктен мыналар алынады: жұмыс күші, осы жұмыс күші үшін тіршілік заттары, капиталист В қолданатын еңбек құралдары формасында негізгі капитал, өндірістік материалдар, және де осының бәрінің орнын толтыру үшін рынокке ақша түрінде эквивалент түсіріледі, бірақ рыноктен алынған өндіргіш капиталдың заттық элементтерінің орнын толтырарлықтай рынокке ешқандай өнім түспейді. Егер біз капиталистік қоғамды емес, коммунистік қоғамды алатын болсақ, онда бәрінен бұрын ақша капиталы деген мүлде жойылады, олай болса, ақша капиталының арқасында туатын бүкіл мәмле бүркеніш жойылады. Мәселе мұнда тек мынаған тіреледі: бірсыпыра ұзақ уақыт, жыл яки онан да көп уақыт бойына өндіріс құрал-жабдықтарын да, тіршілік заттарын да бермейтін, жалпы сол уақыт ішінде ешқандай пайдалы нәтиже бермейтін, бірақ, әрине, барлық жылдық өндірістен әрі өндіріс құрал-жабдықтарын, әрі тіршілік заттарын алатын, мысалы, темір жол салу сияқты өндіріс салаларына ешқандай зарарсыз қанша еңбек, өндіріс құрал-жабдықтарын және тіршілік заттарын жұмсай алатынын қоғам алдын ала есептеп алуға тиіс. Мұның керісінше, қоғамдық ақыл әрқашан *post festum* \* түсетін капиталистік қоғамда мұндай реттерде ірі-ірі жаңылыстар үнемі болып отырады және болуға тиіс. Бір жағынан, ақша рыногы қысым көреді, сонымен қатар, мұның керісінше, ақша рыногының жағдайы жақсы болса, ол өз кезегімен сондай толып жатқан кәсіпорындар туғызады, демек, сондай жағдайлар жасайды да, бұлары кейіннен ақша рыногына қысым жасайды. Ақша рыногы қысым көретін себебі мұнда үнемі күрделі мөлшерде және ұзақ уақытқа

---

\* — кейіннен. *Ред.*

ақша капиталын авансылау керек болады. Мұнда өнеркәсіпшілер мен көпестер темір жол мен сол сияқты істердегі жалдаптыққа өз кәсіпорындарын жүргізуге қажетті ақша капиталын салатындығын және оның орнын ақша рыногында заеммен толтыратындығын мүлде сөз қылмаймыз.— Екінші жағынан, қоғамның басы бос өндіргіш капиталына сұраныс мықтап артады. Өндіргіш капитал элементтері үнемі рыноктан алынып, олардың орнына рынокқа тек ақша эквиваленті түсірілетін себепті төлеуге қабілетті сұраныс өседі, алайда, бұл сұраныста ешқандай ұсыныс элементтері болмайды. Сондықтан тіршілік заттарының да, сондай-ақ өндіріс материалдарының да бағасы өседі. Және де ондай уақытта әдетте ажиотаж етек алады да, капиталдың едәуір дәрежеде орын ауыстыруы кезігеді. Жалдап, мердегер, инженер, адвокат сияқты және басқа алаяқтар тобы байып алады. Олар тұтыну заттарына рынокте сұранысты күшейтеді, сонымен қабат жалақы да көтеріледі. Азық-түлікке деген сұранысқа келетін болсақ, онда бұл әрине, ауыл шаруашылығының дамуын да шапшаңдатады. Бірақ тамақ өнімдерінің мөлшерін бір жыл ішінде, бірден көбейтуге болмайтындықтан, оларды шеттен келтіру, жалпы алғанда экзотикалық өнімдерді (кофе, қант, шарап, тағы басқаларды), сонымен қатар сән-салтанат заттарын шеттен келтіру артады. Осының нәтижесінде импорттың осы бөлегі жөнінде шектен тыс келтірушілік және жалдаптық орын тебеді. Екінші жағынан, бағаның көтерілуі өндірісті шапшаң ұлғайтуға болатын өнеркәсіп салаларында (өңдеу өнеркәсібі, кен өнеркәсібі, т. т.) кенет ұлғаюшылық туғызады да, оның артынша кешікпей күйреу кездеседі. Өндірістің жаңа салаларына бүркемелі относителді артық халықтың ірі бөлегін, тіпті жұмыстағы жұмысшыларды тарту мақсатымен еңбек рыногына дәл сондай ықпал жасалады. Жалпы алғанда темір жол сияқты ірі кәсіпорындар еңбек рыногынан белгілі мөлшерде жұмыс күшін тартады, ал ондайлар, кейбір салалардан, мысалы, әдетте мықты жігіттер пайдаланылатын ауыл шаруашылығынан түсуі мүмкін. Бұл құбылыс, жаңа кәсіпорындар өндірістің қалыптасқан саласына айналғаннан кейін де, ал сондықтан мұндай кәсіпорындарға қажет кезбе жұмысшылар тобы құрылғаннан кейін де кездеседі. Бұл құбылыс мысалы, темір жол құрылысы әдеттегі орташа көлемінен кенет ірі көлемде жүргізіле бастаған ретте де орын тебеді. Онда қысымы жалақы дәрежесін төмендеткен жұмысшылардың резерв армиясының бір бөлегі іске қосылады. Бұл ретте жалақы, тіпті еңбек рыногының жұмысшылар осыған дейін меңдетте жұмыс істеп келген бөлігінде де жалпы артады. Бұл

жағдай сөзсіз кезігетін күйреу жұмысшылардың резерв армиясын тағы да босатқанға дейін бола береді; онда босаған резерв армиясы қысымының салдарынан жалақы тағы өзінің минимуміне дейін, тіпті онан да төмен түседі <sup>32)</sup>.

Айналым кезеңінің ұзақ яки қысқа болуы нағыз жұмыс кезеңіне яғни рынок үшін дайын өнім жасап шығаруға керекті кезеңге бағынышты болады, ендеше бұл мерзім түрлі мөлшерде капитал жұмсау жөнінде өндірістің әбден айқын материалдық жағдайларына негізделеді. Бұл жағдайлар егіншілікте көбінесе өндірістің табиғи жағдайлары сипатында болады, ал өңдеу өнеркәсібінде және кен қазу өнеркәсібінің көбінде өндіріс процесінің өзінің қоғамдық дамуымен бірге өзгереді.

Жеткізілетін товарлар мөлшерін (әдетте рынокқа товар ретінде түсірілетін өнімдер мөлшерін) жұмыс кезеңінің ұзақтығы шешеді, ендеше бұл ұзақтық шартты сипатта болады. Бірақ осы шарттылықтың өзінің материалдық базисы өндіріс көлемі болып табылады, сондықтан егер жеке алып қараса, бұл өзі кездейсоқ нәрсе болмақ.

Ақырында, айналым кезеңінің ұзақтығы айналыс кезеңінің ұзақтығына байланысты екен, ендеше ол ішінара рыноктық конъюнктураның үнемі өзгеріп отыруына, өнім сатудың азды-көпті оңайлығына және осыдан келіп өнімді ішінара неғұрлым тақаудағы яки неғұрлым қашықтағы рынокке жеткізудің қажеттігіне шарттас болады. Егер жалпы алғанда сұраныстың мөлшерін былай қойсақ, онда баға өзгерісі бұл жерде басты роль атқарады: баға төмендесе сату әдейі шектеледі, ал бұл кезде өндіріс бұрынғысынша жүріп жатады, оның керісінше, баға көтерілсе өндіріс пен сату бірінен бірі қалыспайды, яки товар өндірілместен бұрын сатылып қоюы мүмкін. Алайда бұл жерде нағыз материалдық базис деп өндіріс орнының товар өткізу рыногінен шын қашықтығын алған абзал.

Мысалы, ағылшынның мақта-матасы немесе иірілген жібі Индияға сатылады. Көпес-экспортшы бұған ағылшынның мақта-

---

<sup>32)</sup> Маркстің қолжазбасында бұл жерде кейінірек дамыту үшін мынадай ескертпе жазылған: «Капиталистік өндіріс әдісіндегі қайшылық: товар сатып алушы ретінде жұмысшылар рынок үшін маңызды-ақ. Бірақ капиталистік қоғамда өз товары — жұмыс күшін сатушы ретінде жұмысшыларды бағаның минимумімен шектеу тенденциясы бар. Онан соңғы қайшылық: капиталистік өндіріс өзінің бар күшін салған кездегі кезеңдер, әдетте, артық өндіру кезеңдері болып шығады, өйткені өндірістің мүмкіндіктері зор құн аумағын өндіріп қана қоймай, сонымен қатар өткізуге болатындай етіп ешқашан пайдаланылмайды, бірақ товарлардың сатылуы, товар капиталының, ал олай болса, қосымша құнның өткізілуі жалпы алғанда қоғамның тұтыну мұқтаждарымен шектелмейді, қайта орасан көпшілігі әрдайым жарлылық өмір сүріп, үнемі кедей күйде бола беруге мәжбүр қоғамның тұтыну мұқтаждарымен шектеледі. Бірақ бұл келесі бөлімге жатады».

та-мата шығаратын фабрикантына ақша төлейді екен делік (Көпес мұны ақша рыногының жайы жақсы болған жағдайда ғана құлшына істейді. Ал фабрикант ақша капиталының орнын кредит операциясы арқылы өзі толтыратын болса, онда, демек, көпестің жағдайы онша жақсы болмағаны). Экспортшы өзінің мақта-мата товарын кейіннен Индия рыногында сатады, онан авансылаған капиталы өзіне қайтып оралады. Бұл капитал қайтып оралғанға дейін баяғы жұмыс кезеңінің ұзақтығы өндіріс процесін бұрынғы масштабында үздіксіз жүргізу үшін жаңа ақша капиталын авансылауды қажет еткен кезде фабрикантта істің жайы қандай болса, мұнда да дәл сондай болады. Фабрикант жұмысшыларына ақыға төлейтін, сонымен қатар айналмалы капиталдың қалған элементтерін жаңғыртатын ақша капиталы ол өндірген иірілген жіптің ақшалай формасы емес. Бұл иірілген жіптің құны ақша түрінде яки өнім түрінде Англияға қайтып оралған күнде ғана ол ақша формасын алуы мүмкін. Бұл ақша, ілгеріде айтылған жағдайлардағы сияқты, қосымша ақша капиталы болып табылады. Айырмашылығы тек мынада ғана: оны фабрикант орнына көпес авансылайды, ол, бәлкім, оны өз кезегінде кредит операциялары арқылы алған болар. Дәл сол сияқты, қашан бұл ақша рынокке түспейінше яки мұнымен қабаттаса, ағылшын рыногына сол ақшаға сатып алынуы мүмкін және өндіргіш немесе жеке тұтыну саласына қосылатын қосымша өнім түсірілмейді. Мұндай жағдай ұзақ уақытқа және біршама ірі көлемде сақталса онда мұнан жоғарыда қаралған жұмыс кезеңінің ұзаруынан туған зардаптар сияқты зардаптар тууға тиіс.

Сонсын, бәлкім, иірілген жіп Индияның өзінде де тағы кредитке сатылар. Индияда бұл кредитке сол елдің өнімі сатып алынып, төлем ретінде Англияға тасылады, немесе Англияға тиісті сомаға вексель аударылады. Егер мұндай жағдай созылып кетсе, мұның өзі Индияның ақша рыногына ауыртпалық келтіреді, ал бұл ауыртпалық Англияда дағдарыс туғызуы мүмкін. Англиядағы дағдарыс, тіпті бұл Индияға асыл металдар шығарумен қабаттаса келсе, өз кезегінде, Индияда жаңа дағдарыс туғызады, бұл Англияның сауда фирмалары мен олардың Индия банктерінен кредит алған сондағы филиалдарының банкрот болуы салдарынан туады. Сауда балансы *тиімсіз* болып шығатын рынокта да, *тиімді* болып шығатын рынокта да бір мезгілдес дағдарыс осылай туады. Бұл жағдай мұнан неғұрлым ауыр болуы да мүмкін. Мысалы, Англия Индияға сом күміс жөнелтеді, ал сол уақытта ағылшынның Индияға кредит берушілері онда өз талаптарын қояды, сондық-

тан Индия әлгі сом күмістерін кешікпей қайтадан тез Англияға жөнелтуге тиіс болады.

Индияға товар шығару мен Индиядан товар келтіру теңбе-тең шамада болуы мүмкін, дегенмен соңғының (мақтаның, тағысын тағылардың қымбаттауы сияқты жағдайларды былай қойғанда) аумағы біріншіге байланысты және стимул жасайтын да сол. Англия мен Индияның арасындағы сауда балансы теңбе тең болып көрінуі яки бір жаққа болмашы ауытқуды көрсетуі мүмкін. Англияда дағдарыс басталса-ақ болғаны, сатылмаған мақта-мата товарлар Индияның складтарында жатқан болып шығады (демек, олар әлі товар капиталынан ақша капиталына айналған жоқ, яғни осы тұрғыдан қарағанда артық өндіру орын тепкен), ал екінші жағынан, Англияда Индия өнімдерінің сатылмаған запастары ғана жатқан жоқ, сонымен қатар сатылған және тұтынылған запастардың тым көбі әлі мүлдем төленбеген болып шығады. Сондықтан ақша рыногында дағдарыс болып көрінген нәрсе шындығында өндіріс пен ұдайы өндіріс процесінің өзіндегі ауытқушылықты көрсетеді.

*Үшіншіден.* Қолданылған айналмалы капиталға (өзгермелі және тұрақты) келетін болсақ, онда жұмыс кезеңінің ұзақтығына байланысты болғандықтан, айналым кезеңінің ұзақтығы мынадай айырмашылыққа әкеліп соғады: жыл бойында бірнеше айналым болған жағдайда өзгермелі яки тұрақты айналмалы капиталдың кейбір бөлімі, мысалы, көмір өнеркәсібінде, дайын сырт киім мастерскойларында, т. т. осы капиталдың өзінің өнімі есебінен алынуы мүмкін. Басқаша ретте бұл мүмкін емес, қалай дегенмен де жыл бойында мүмкін емес.



## ОН ЖЕТІНШІ ТАРАУ

### ҚОСЫМША ҚҰН АЙНАЛЫСЫ

Жоғарыда біз айналым кезеңіндегі айырмашылықтың тіпті жыл сайын өндірілетін қосымша құнның аумағы өзгермеген жағдайдың өзінде де қосымша құнның жылдық нормасында айырмашылық туғызатынын көрдік.

Ал сонан кейін қосымша құнның капиталға айналуында, *қорлануда* сөзсіз айырмашылық пайда болады, сондықтан да қосымша құнның нормасы бірдей болған жағдайда жыл бойында өндірілетін қосымша құнның аумағында да айырмашылық пайда болады.

Ең алдымен мынаны атап көрсетейік: капитал  $A$  (ілгергі тараудағы мысал бойынша) мезгіл-мезгіл күнделікті табыс береді, демек, кәсіпорын ашылғаннан кейінгі бірінші айналым кезеңін қоспағанда, капиталист өзінің жыл бойында тұтынғанының орнын өзі өндірген қосымша құны есебінен жабады, бұл тұтынуға оның өз қорынан ақша авансылауының керегі жоқ. Капиталист  $B$ , мұның керісінше, бұған ақша авансылайды. Белгілі бір уақыт ішінде бұл да қосымша құнды капиталист  $A$  қанша өндірсе, ол да сонша өндіргенімен де оның қосымша құны жайғастырылмаған, сондықтан бұл қосымша құн жеке басқа да, өнім өндіруге де тұтынылмақ емес. Әңгіме жеке бастың тұтынуы туралы болып отырғандықтан, қосымша құн жай ғана болжалынады. Ол үшін арнаулы қор авансылауға тиіс.

Өндіргіш капиталдың белгілі бір тарауға жатқызылуы қиын бөлігі, атап айтқанда негізгі капиталды жөндеу және оны дұрыс қалпында ұстау үшін қажетті қосымша капитал,— капиталдың осы бөлігі де енді жаңа түрде көрінеді.

Капиталист *A*-да капиталдың бұл бөлігі өндіріс басталған кезде бүтіндей де, өзінің басым бөлегі де авансыланбайды. Капиталистке ол бөліктің өз қарамағында болуының керегі жоқ, керек десе капиталисте оның мүлдем болмауы да мүмкін. Ол бөлік кәсіпорынның жұмыс істеу процесінде қосымша құнның капиталға тікелей айналуы арқылы, яғни оны капитал ретінде тікелей қолдану арқылы туады. Қосымша құнның мезгіл-мезгіл өндіріліп қана қоймай, сонымен қатар жыл бойында жайғастырылатын бір бөлігі жөндеу ісіне, т. т. шығатын қажетті шығынның орнын жаба алады. Сөйтіп, капиталдың кәсіпорынды өзінің бастапқы көлемінде жүргізуге қажетті бір бөлігін кәсіпорын өзі жұмыс істеп тұрған уақытта жасайды, бұл қосымша құнның кейбір бөлігін капиталға айналдыру арқылы жасалады. Капиталист *B* үшін бұл мүмкін емес. Капиталдың осы арада сөз болып отырған бөлігі бұл капиталисте алғаш авансыланатын капиталдың бір бөлігін құрауға тиіс. Осы екі жағдайда да капиталдың бұл бөлігі капиталистің бухгалтерлік кітабында авансыланған капитал ретінде көрсетіледі, шын мәнісінде де бұл соның өзі болып табылады, өйткені, біздің ұйғаруымыз бойынша, оның өзі кәсіпорынды белгілі бір көлемде жүргізуге қажетті өндіргіш капиталдың бір бөлігі. Бірақ зор айырмашылық оның қандай қордан авансыланатынында. Капиталист *B*-де ол шындығында бастапқы авансыланған капиталдың яки қарамағында болуға тиіс капиталдың бір бөлігі болады. Капиталист *A*-да, мұның керісінше, ол капитал ретінде қолданылатын қосымша құнның бір бөлігі болады. Осы соңғы жағдай бізге мынаны көрсетеді: қорланған капитал ғана емес, сонымен қатар бастапқы авансыланған капиталдың бір бөлігі де тек капиталға айналған қосымша құн болуы мүмкін.

Алғашқы авансыланған капитал мен капиталға айналған қосымша құнның қатынасы кредиттің дамуымен бұрынғыдан да шатаса түседі. Мысалы, капиталист *A* кәсіпорнын жүргізе бастайтын немесе оны жыл бойына жүргізетін өндіргіш капиталдың бір бөлігін банкир *C*-тен қарызға алады. Кәсіпорынды жүргізу үшін алғашында оның өзінің жеткілікті капиталы болмаған. Өнеркәсіпші *D*, *E*, *F*, т. б. банкир *C*-тің банкіне салған, түгелдей қосымша құннан құралған соманы әлгі банкир капиталист *A*-ға қарызға береді. Капиталист *A*-ның тұрғысынан алғанда бұл ретте қорланған капитал туралы әзірге әңгіме де жоқ. Ал шындығында өнеркәсіпші *D*, *E*, *F*, т. б. үшін капиталист *A* олар иемденген қосымша құнды капиталға айналдыратын агенттің нақ өзі.

Жоғарыда өзіміз көрдік те («Капитал», I кітап, XXII та-

рау): қор жинау, қосымша құнның капиталға айналуы, өзінің нақтылы мазмұны жағынан ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс процесі болып табылады, мұндай ұлғайтылу экстенсивті түрде, бұрынғы фабрикаларға қосымша жаңа фабрикалар салу жолымен бола ма, немесе интенсивті түрде, белгілі бір кәсіпорында өндіріс көлемін ұлғайту жолымен бола ма, мұның бәрібір.

Өндіріс көлемі аз-аздан ұлғаюы мүмкін, атап айтқанда қосымша құнның бір бөлігі қолданылатын еңбектің өндіргіш күшін ғана көтеретін, немесе сонымен қатар оны неғұрлым интенсивті түрде қанауға мүмкіндік беретін жақсартуларға пайдаланылған реттерде ғана ұлғаяды. Не болмаса, жұмыс күніне заңмен шек қойылмаған, өндіріс көлемін ұлғайту үшін негізгі капиталды көбейтпей-ақ қосымша айналмалы капиталды жұмсаудың (өндірістік материалдар мен жалақыға) өзі жеткілікті болатын реттерде ұлғаяды; сонымен негізгі капиталды күнделікті пайдалану уақыты ғана ұзарады, ал енді оның айналым кезеңі тиісінше қысқарады. Немесе, рынок жағдайы қолайлы болып тұрғанда, капиталға айналған қосымша құн шикізатпен жалдаптық жасауға, яғни алғашқы авансыланған капитал жеткіліксіз боларлықтай операциялар жасауға мүмкіндік береді, т. т.

Ал енді бір айқын нәрсе: айналым кезеңдері санының көбеюі қосымша құнды жыл ішінде неғұрлым жиі жайғастыратын болған реттерде күндердің күнінде жұмыс күнін ұзартуға да, ішінара жақсартулар енгізуге де болмайтын кезеңдер туады; екінші жағынан, бүкіл кәсіпорынды пропорциялы түрде ұлғайту белгілібір, азды-көпті тар шеңберде ғана мүмкін; мұның өзі ішінара кәсіпорынның жалпы сипатына, мысалы, үйлеріне, ішінара ауыл шаруашылығында ұқсатылатын егістік жер мөлшерлеріне байланысты, мұның үстіне оған едәуір көп қосымша капитал керек болатыны сондай, көптеген жылдар бойы қорланған қосымша құн ғана бере алады.

Сөйтіп, шын қорланумен, яки қосымша құнның өндіргіш капиталға айналуымен (және ұлғайтылған көлемдегі тиісті ұдайы өндіріспен) қатар ақша, қосымша құнның бір бөлігі бүркемелі ақша капиталы түрінде қорлана береді, бұл капитал кейіннен, өзі белгілі мөлшерге жеткен кезде ғана қосымша актив капитал ретінде қызмет атқаратын болады.

Жеке капиталистің тұрғысынан істің жайы осылай болып көрінеді. Алайда капиталистік өндірістің дамуымен қатар кредит системасы да дамиды. Бір капиталистің өз кәсіпорынында әлі қолдана алмайтын ақша капиталын басқа капиталистер қолданады, сөйтіп ол әлгі капиталистерден бұл үшін

процент алады. Ол үшін бұл капитал ерекше мағынадағы ақша капиталы ретінде, өндіргіш капиталдан өзгеше, ерекше түрдегі капитал ретінде қызмет атқарады. Бірақ ол капитал басқаның қолында капитал ретінде қызмет етеді. Қосымша күн неғұрлым жиі-жиі жайғастырылған жағдайда және оның өндірілу көлемі ұлғайған жағдайда жаңа ақша капиталының, яки капитал түріндегі ақшаның ақша рыногына түсірілетін пропорциясының артатыны, ал осыдан келіп, қалай болғанда да өзінің көбі өндірісті ұлғайтуға қайтадан жұмсала-тыны айқын.

Осы қосымша бүркемелі ақша капиталының алатын ең қарапайым формасы қазына формасы болып табылады. Бұл қазынаның, асыл металдар өндіретін елдермен айырбас жасаған жағдайда, тікелей немесе жанамалай алынған қосымша алтын яки күміс болуы мүмкін. Сондықтан белгілі бір елдің шеңберіндегі ақша қазынасы тек осындай әдіспен ғана абсолютті түрде өседі. Екінші жағынан, мұндай қазынаның ел ішіндегі айналыстан алынып, жеке капиталистердің қолында қазына формасын алған ақшаның дәл өзі болуы да мүмкін — және көп реттерде осылай. Сонсын, бұл бүркемелі ақша капиталы жай күн белгісінде орын тебуі мүмкін — кредит ақшаларды біз әлі де болса былай қоя тұрамыз — яки капиталистердің үшінші біреулерге қойған, ресми документтермен нығытылған, жай талаптары түрінде де (заңдық титулдарда) орын тебуі мүмкін. Бұл реттердің бәрінде де осы қосымша ақша капиталының орын алу формасы қалай болғанда да, ол *in spe* \* капитал болып табылатындықтан, оның өзі қоғамның жылдық өндірісінің болашақ қосымша бөлігіне капиталистің қосымша, запасқа сақтайтын заңдық титулының дәл өзі болады.

«Сан жағынан қарастырылып отырған, шын мәнісінде қорланған байлық аумағы,... ол байлықтың иесі болған қоғамның цивилизацияның қандай сатысында тұрғанына қарамастан сол қоғамның өндіргіш күштерімен салыстырғанда, яки тіпті сол қоғамның өзінің азғантай ғана жыл бойындағы шын тұтынуымен салыстырғанда соншама мардымсыз,— оның мардымсыздығы соншалық, заң шығарушылар мен саяси-экономдардың негізгі назары — осы уақытқа дейін болып келгеніндей — көзді тұндыратын қорланған байлықтың бір өзіне ғана аударылмай, өндіргіш күштерге және олардың болашақ еркін дамуына аударылуға тиіс. Қорланған байлық дейтіннің анағұрлым көп бөлігі — бұл тек номинал байлық, сондықтан ол нағыз заттардан,— кемелерден, үйлерден, мақта-мата товарлардан, мелиорация құрылыстарынан құралмайды,— қайта тек қана заңдық титулдардан, қоғамның болашақ жылдық өндіргіш күштеріне деген талаптардан, жетімсіздік күйге тән құралдар мен мекемелердің арқасында туып, мәңгілік етілген заңдық

\* — болашақта. *Ред.*

титулдардан құралады... Мұндай заттарды» (жиналған, нақтылы бар заттарды, яки нағыз байлықты) «қоғамның болашақ өндіргіш күштері әлі жасауы тиіс байлықты өзіне иемденуі үшін ол заттардың иелеріне қызмет ететін қарапайым құрал ретінде пайдалану, осы пайдалану бөлістің табиғи заңдары себепті бірте-бірте, күш қолданбай-ақ олардан алынып қойылған болар еді; кооперативтік еңбекті қолдаған жағдайда» («co-operative labour») «ол азғана жылдар бойында олардан алынып қойылған болар еді» (William Thompson. «Inquiry into the Principles of the Distribution of Wealth». London, 1850, p. 453. Бірінші рет бұл кітап 1824 жылы басылып шықты).

«Адамзаттың өндіргіш күштерімен салыстырғанда, тіпті бір ұрпақтың азғана жыл бойындағы әдеттегі тұтынуымен салыстырғанда қоғамның іс жүзіндегі жинаған қоры мөлшері жағынан да, өзінің әсері жағынан да қандай мардымсыз екені жөнінде аздаған адамдар ғана ойланады, ал көпшілігі тіпті оны сезбейді. Мұның себебі айқын, бірақ етегін әсері өте апатты. Жыл сайын тұтынылатын байлық оны тұтыну процесінде жоқ болады, ол кірпік қаққанша ғана көз алдымызда болып, оның рақатын көрген яки оны тұтынған уақыт ішінде ғана әсер етеді. Ал байлықтың баяу тұтынылатын бөлегі,— мебель, машина, үйлер адамзат күш-қайратының берік ескерткіштері ретінде біздің балалық шағымыздан бастап қартайғанмызға дейін көз алдымызда тұрады. Қоғамдық байлықтың осы тұрақты, берік, баяу ғана тұтынылатын бөлегін еңбек жұмсалатын жер мен шикі материалдарды, еңбекті атқаруға қолданылатын құралдарды, сондай-ақ жұмыс кезінде баслана болатын үйлерді иемденудің нәтижесінде,— осы заттарды иемденудің нәтижесінде оларды меншіктенушілер бұл еңбектің ұдайы жаңғырып отыратын өнімдерімен салыстырғанда бұл заттар қанша мардымсыз болса да, өздерінің бас пайдасына қоғамның шын өндіргіш қызметкерлерінің бәрінің жылдық өндіргіш күштерін иемденеді. Британия мен Ирландияның халқы 20 миллионға тең; әрбір адамның — еркектің, әйелдің яки баланың — жылдық орташа тұтынатыны 20 ф. ст. шамасы болуы мүмкін; сондықтан жыл сайын тұтынылатын еңбек өнімі шамамен 400 миллион ф. ст. болып шығады. Осы елдерде қорланған капиталдың жалпы сомасы бағалау бойынша 1 200 миллионнан, яки жылдық еңбек өнімінің үш есесінен аспайды, тең бөлгенде әрбір адамға 60 ф. ст. капиталдан келеді. Бізге бұл арада, осы болжалды сомалардың азды-көпті дәл абсолюттік жиынтықтарынан гөрі мөлшерлердің қатынасы маңыздырақ. Бүкіл осы капиталдан алынатын проценттер бүкіл халықты оның қазіргі тұрмыс дәрежесінде жылына екі ай шамасы асырап тұруға жеткілікті болар еді, ал қорланған капиталдың өзін тұтас алғанда (егер оны сатып алушылар табыла қалса) әлгі халықты, онан әрі еңбек етпей, үш жыл бойы асырауға жетер еді! Осы уақыт өткен соң үйі, киімі және тамағы жоқ адамдар аштан өлуге немесе өздерін осы үш жыл бойы асыраған адамдарға құл болуға тиіс болар еді. 3 жыл дендері сау бір ұрпақтың өмірінің ұзақтығына, айталық, 40 жылға қалай қатысты болса, тіпті ең бай елдің шын байлығының мөлшері мен маңызы, қорланған капиталы сол елдің өндіргіш күшіне, адамдардың тек бір ұрпағының өндіргіш күштеріне сондай қатысты, яғни дұрыс тәртіп жағдайында, жұрттың бәрі бір дәрежеде қамтамасыз етілген жағдайда және әсіресе еңбек кооперациясы жағдайында олардың өндіре алатынына емес, қайта тәртіптің жетімсіздігі жағдайында, еңсені түсіретін жалпы жоқшылық жағдайында олардың шын абсолют түрде өндіретініне сондай қатысты!.. Сондықтан қолдағы бар капиталдың осы орасан зор болып көрінген аумағының амалсыз бөлінісін өзінің қазіргі қалпында сақтау және мәңгілік ету үшін яки, дұрысын айтқанда, жылдық еңбек өніміне сол капитал аумағы арқылы болатын иелік етуді және оған монополияны сақтап, мәңгілік ету үшін жан түршігерліктей механизмнің бәрі өзінің кеміс-

тіктерімен, қылмыстарымен және жоқшылықтың азаптарымен қоса мәңгілік етілуге тиіс. Қажетті керектер қанағаттандырылмай тұрғанда ештеме жиналмақ емес, ал адам тілектерінің ұшан-теңіз тасқыны қанағаттандыруды керек етеді; қоғамның нақты байлығы сомасының әрбір белгілі кезеңде біршама мардымсыз болуының себебі де осыдан. Мұның өзі — өндіріс пен тұтынудың мәңгі болатын ауыспалы айналымы. Жылдық өндіріс пен тұтынудың аумағы осындай зор болып отырғанда қоғам азын-аулақ болса да нақты қор жинамайынша күнелте алар ма екен; алайда өндіргіш күштердің аумағына емес, нақ сол азын-аулақ қорға баса көңіл аударылды. Бірақ осы азын-аулақ қорды аздаған адамдар иемденіп алып қойып, оны толып жатқан адамдар жылдан жылға үнемі жаңғыртып отыратын еңбек өнімдерін иемдену құралына айналдырады. Сондықтан осы аздаған адамдар үшін мұндай құралдың ерекше маңыздылығы да осыдан... Жылдық ұлттық өнімнің үштен біріне жуығы енді өнім өндірушілерден қоғамдық салықтар түрінде алынып, ол үшін ешқандай эквивалент бермейтін, яғни өндірушілер үшін эквиваленттік маңызы болатын ештеме бермейтін адамдар оны өнімсіз тұтынады... жай жұрт жиналған өнімге, әсіресе ол аздаған адамдардың қолына жинақталған болса, таңдана қарайды. Бірақ жыл сайын өндірілетін өнімдер пәрменді тасқынның мәңгі болатын есепсіз толқыны сияқты жанамалап сырғып өтіп, тұтыну мұхитына барып жоқ болады. Алайда осылай мәңгі-бақи тұтыну бүкіл адамзат тұқымының барлық рақат-шаттығына себепші болып қана қоймайды, сонымен қатар оның өмір сүруіне де себепші болады. Ең алдымен зерттелетін мәселе — осы жылдық өнімнің мөлшері және оның бөлінуі болуға тиіс. Нақты қордың мүлде екінші дәрежелі маңызы бар, ал бұл маңыздың өзін де, ол қор өзінің жылдық өнімнің бөлінісіне тигізетін әсерінің нәтижесінде ғана дерлік алады... Нақты қор мен бөліс бұл жерде үнемі» (Томпсонның кітабында) «қоғамның өндіргіш күшіне өздерінің қатынасы жағынан және сол күшке бағынышты факторлар ретінде қаралады. Өндіргіш күш басқа системаның бәрінде де дерлік оның қорлануға және бөліністің қазіргі әдісін мәңгі етуге қатынасы жағынан, оларға бағынышты ретінде қаралып келді. Бөліністің осы қазіргі әдісінің сақталуымен салыстырғанда барлық адамзат тұқымының ұдайы қайталап отыратын жоқшылығы немесе әл-ауқаты назар аударуға тұрмайтын факті болып саналады. Зорлықтың, алдаушылық пен кездейсоқтықтың нәтижелерін мәңгілік етуді — осыны қауіпсіздік деп атады; сондықтан осы жалған қауіпсіздікті сақтау үшін адамзат тұқымының барлық өндіргіш күштері аяусыз құрбан етіледі» (бұл да сонда, 440—443-беттер).

Ұдайы өндірісті тіпті бұрынғы көлемде жүргізуді қиындататын кедергілерді былай қойсақ, онда ұдайы өндірістің қалыпты екі түрі ғана мүмкін:

Не жай ұдайы өндіріс орын алады.

Не қосымша құнды капиталға айналдыру, яғни қорлану орын алады.

## I. ЖАЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

Жай ұдайы өндіріс тұсында жыл сайын, яки, бірнеше айналым кезінде, жыл бойында мезгіл-мезгіл өндірілетін және жайғастырылатын қосымша құнды оны меншіктенушілер, ка-

питалистер жеке басына түгелдей тұтынады, яғни өнімсіз тұтынады.

Өнім құнының ішінара қосымша құннан, ішінара құнның өнімде ұдайы өндірілген өзгермелі капитал мен өнімге тұтынылған тұрақты капитал туғызатын бөлегінен құралатын жағдайы — бұл жағдай барлық өнімнің саны жағынан да, құны жағынан да мүлде ештеңені өзгертпейді, ол өнім товар капиталы формасында ұдайы айналысқа түседі және ол дәл сондай-ақ өндірмелі түрде немесе жеке бас тұтынуы үшін, яғни ол өндіріс құрал-жабдығы болып немесе тұтыну заты болып қызмет ету үшін айналыс саласынан ұдайы алынып отырады. Егер тұрақты капиталды былай қойсақ, онда жоғарыда көрсетілген жағдай жылдық өнімді жұмысшылар мен капиталистердің арасында бөлуге ғана әсер етеді.

Тіпті тек жай ұдайы өндіріс болады деп ұйғарғанның өзінде, қосымша құнның бір бөлігі өнім формасында емес, ақша формасында болуға тиіс, өйткені бұлай болмаған күнде қосымша құнды ақшадан тұтыну үшін керекті өнімге айналдыруға болмайды. Қосымша құнның өзінің алғашқы товар формасынан бұлай ақшаға айналуын біз бұл жерде неғұрлым толық зерттеуге тиіспіз. Мәселені оңайлату үшін проблеманы ең қарапайым түрде көрсетеміз, атап айтқанда айналыста тек қана металл ақшалар, яғни нақты эквивалент болатын ақша болады деп ұйғарамыз.

Жай товар айналысының бұрын баяндалған заңдарына сәйкес («Капитал», I кітап, III тарау), елде бар металл ақшаның аумағы товарлардың айналысы үшін ғана жеткілікті болып қоймауға тиіс. Ол аумақ ақша айналысында болатын ауытқулар кезінде де, ішінара айналыс шапшаңдығындағы өзгерістердің салдарынан, ішінара товар бағаларының өзгеруі салдарынан, ішінара түрлі және құбылмалы пропорциялардың — ақша төлем қаржысы ретінде яки нақ айналыс құралы ретінде қызмет ететін пропорциялардың — салдарынан туатын ауытқулар кезінде де жеткілікті болуға тиіс. Қолда бар ақша аумағының қазынаға және айналыстағы ақшаға бөліну қатынасы ұдайы өзгеріп отырады, бірақ ақшаның жалпы аумағы қазына формасында да, айналыстағы ақша формасында да болатын ақша сомасына әрдайым тең болады. Ақшаның бұл аумағы (асыл металдың аумағы) қоғамның бірте-бірте қорланған қазынасы болып табылады. Ол қазынаның бір бөлігі тозудың салдарынан жойылып кететін болғандықтан, ол бөліктің орны, басқа да өнімдер сияқты, жыл сайын толтырылып отыруға тиіс. Бұл бөліктің орны шындығында елдің жылдық өнімінің бір бөлігін алтын мен күміс өндіретін елдің

өніміне тікелей немесе жанамалай айырбастау арқылы толтырылып отырады. Алайда сауда-саттықтың мұндай интернационалдық сипаты оның қарапайымдығын бүркемелейді. Сондықтан проблеманы өзінің ең қарапайым және неғұрлым айқын бейнесінде көрсету үшін алтын мен күміс белгілі бір елде өндіріледі, сөйтіп осы елдің бүкіл қоғамдық өндірісінің бір бөлегі болып табылады деп ұйғару керек.

Егер сән-салтанат заттары үшін өндірілетін алтын мен күмісті былай қалдыратын болсақ, онда олардың жыл сайынғы өндірісінің ең аз мөлшері ақшаның жыл бойында айналыс жасауының салдарынан ақша металдың тозуына тең болуға тиіс. Сонсын, егер жыл сайын өндірілетін және айналысқа түсетін товарлар аумағы құнының сомасы артса, онда алтын мен күмістің жылдық өндірісі де артуға тиіс, өйткені айналыстағы товарлар құнының артқан сомасының орны және олардың айналыс жасауы үшін (және тиісті қазына жинау үшін) қажетті ақша аумағының орны толмайды, толмағанда, ақша айналысының жедел шапшаңдығы арқылы, ақшаның төлем қаржысы ретінде неғұрлым кең қызмет атқаруы арқылы, яғни сатып алу мен сату жөніндегі төлемдерді нақты ақшаның қатысуынсыз өзара неғұрлым жиі жауып отыруы арқылы орны толмайды.

Демек, алтын мен күміс өндіруге қоғамдық жұмыс күшінің бір бөлігі мен қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлігі жыл сайын жұмсалуға тиіс.

Бұл жерде біз жай ұдайы өндіріс болады деп ұйғарып отырғандықтан, бұл ретте алтын мен күміс өндірумен шұғылданатын капиталистер олардың өндірісін алтын мен күмістің орташа жылдық тозуының және соған байланысты оларды орташа жылдық тұтынудың мөлшерлерімен тежейді; біздің ұйғаруымызша, ештеңесін капиталға айналдырмай жыл сайын өздері тұтынатын өз қосымша құнын олар түп-тура ақша формасында айналысқа салады, сондықтан бұл жерде әлгі ақша формасы олар үшін өндірістің басқа салаларындағы сияқты өнімнің өзгерген формасы емес, заттай формасы болып табылады.

Сонан соң, жалақыға, яғни өзгермелі капитал авансыланатын ақша формасына келетін болсақ, онда оның да орны мұнда өнім сату арқылы, өнімді ақшаға айналдыру арқылы толтырылмайды, қайта заттай формасы әуел бастан-ақ ақша формасы болып табылатын өнім арқылы толтырылады.

Ақырында, өнімнің, асыл металдың мезгіл-мезгіл тұтынылатын тұрақты капиталдың — жыл бойында тұтынылатын тұрақты айналмалы капиталдың да, сондай-ақ тұрақты негіз-



гі капиталдың да құнына тең бөлігі жөнінде де дәл солай болады.

Асыл металдар өндірісіне жұмсалған, ең алдымен  $A — T... \Theta... A'$  формасындағы капиталдың ауыспалы айналымын, сондай-ақ капитал айналымын қарастыралық.  $A — T$  актісінде  $T$  тек жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарынан ғана емес, сондай-ақ  $\Theta$ -те құнының бір бөлегі ғана тұтынылатын негізгі капиталдан да құралатын болғандықтан,  $A'$  өнімі дегеніміз жалақыға жұмсалған өзгермелі капиталға тең ақша сомасы және өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған тұрақты айналмалы капитал және негізгі капиталдың тозығына дөп келетін құн бөлегі және қосымша құн екені айқын. Егер, алтын құны өзгермейтін жалпылама құн болып отырғанда, бұл сома шағын болатын болса, онда мұның өзі не осы алтын кенінің өнімсіз болғаны болар еді, ал немесе — егер бұл жағдай жалпылық сипат алса — құны өзгермейтін товарлармен салыстырғанда алтынның құны болашақта артқан болар еді, яғни товарлардың бағасы төмендер еді, демек,  $A — T$  актісінде жұмсалатын ақша сомасы болашақта азайған болар еді.

Ең алдымен  $A$  авансыланатын капиталдың тек айналым бөлігін,  $A — T... \Theta... A'$  бастапқы пунктінде қарастырғанда, біз жұмыс күшіне төлеуге және өндірістік материалдарды сатып алуға белгілі бір ақша сомасының авансыланатынын, айналысқа салынатынын көреміз. Бірақ ол соманы қайтадан айналысқа салу үшін *сол* капиталдың ауыспалы айналымы арқылы ол сома айналыстан тағы да алынбайды. Өнім енді өзінің заттай формасында ақша болып табылады, демек, оның айырбас арқылы, айналыс процесі арқылы ақшаға айналуына тура келмейді. Ол өндіріс процесінен айналыс саласына түскенде қайтадан ақша капиталына айналуға тиіс товар капиталы формасында түспейді, өндіргіш капиталға қайтадан айналуға тиісті, яғни қайтадан жұмыс күшін, өндірістік материалдарды сатып алуға тиісті ақша капиталы ретінде түседі. Жұмыс күшіне және өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған айналмалы капиталдың ақшалай формасының орны өнімді сату арқылы емес, өнімнің өзінің заттай формасы арқылы толтырылады; демек, оның орны айналыстан оның құнын ақша формасында қайтадан алу арқылы толтырылмайды, қайта жаңадан өндірілген қосымша ақша арқылы толтырылады.

Осы айналмалы капитал=500 ф. стерлингке, айналым кезеңі=5 аптаға, жұмыс кезеңі=4 аптаға, айналыс кезеңі=тек I аптаға тең екен делік. Ақша әуел баста ішінара өндірістік запас жасау үшін 5 аптаға авансылануы тиіс, жалақы ретінде бірте-бірте төлеу үшін ішінара запаста болуға тиіс. 6-шы

аптаның басында 400 ф. стерлинг қайта оралып, 100 ф. ст. босайды. Бұл үнемі қайталанып отырады. Бұл арада, бұрынғыдай, 100 ф. стер. белгілі бір айналым уақыты ішінде үнемі босаған ақша формасында болады. Бірақ бұл ақша да, қалған 400 ф. стерлинг сияқты, жаңадан өндірілген қосымша ақшадан құралады. Біздің мысалымызда жылына 10 айналым болады, ал жыл бойында өндірілген өнім алтынға шаққанда = 5 000 ф. стерлинг болады. (Бұл жерде айналыс кезеңі товардың ақшаға айналуына керекті уақыт емес, ақшаны өндіріс элементтеріне айналдыру үшін керекті уақыт.)

Дәл осындай жағдайларда айналып шығатын 500 ф. стерлинг капиталдың қандайы үшін де ұдайы жаңарып отыратын ақша формасы өндірілген товар капиталының өзгерген формасы болып табылады, ал бұл товар капиталын әрбір 4 аптада айналысқа салып, ол сату арқылы, — демек, процеске алғашында қосылған ақша мөлшеріндей ақшаны мезгіл-мезгіл алу арқылы, — үнемі қайта-қайта ақша формасын алып отырады. Мұның керісінше, бұл арада айналымның әрбір кезеңі ішінде капиталист айналыстан өндірістік материалдар мен жұмыс күшін ұдайы алып отыру үшін жаңадан қосымша 500 ф. ст. ақша аумағын айналысқа жұмсайды. Осы айналысқа жұмсалған ақша нақ сонсоң осы капиталдың ауыспалы айналымы арқылы енді онан алынбайды, қайта оның керісінше, жаңадан өндірілетін алтын есебінен ұдайы көбейе береді.

Егер біз оны айналмалы капиталдың өзгермелі бөлігін қарастырып, ол бөлігі, жоғарыда айтылғандай, 100 ф. стерлингке тең деп ұйғарсақ, онда дағдылы товарларды өндірген жағдайда осы 100 ф. ст. жылына он айналым жасалған ретте жұмыс күшіне үзбей ақы төлеп тұруға жеткілікті болар еді. Бұл жерде, алтын өндіруде де, дәл сондай сома жеткілікті, бірақ қайтып оралатын, әрбір 5 аптада жұмыс күшіне төленіп тұратын 100 ф. стерлинг осы жұмыс күші өнімінің өзгерген формасы болып табылмайды, қайта осы ұдайы жаңғырып отыратын өнімнің бір бөлігі болып табылады. Алтын өнеркәсібінің иесі өзінің жұмысшыларына олардың өздері өндірген алтынның тікелей бір бөлігін төлейді. Сонымен жыл сайын жұмыс күшіне жұмсалатын және жұмысшылар айналысқа салатын 1 000 ф. стерлинг айналуы арқылы өзінің бастапқы пунктіне қайтып оралмайды.

Сонсын, негізгі капиталға келетін болсақ, онда кәсіпорынды құрған кезде біршама ірі ақша капиталын жұмсау керек болады, сөйтіп оны бірден айналысқа салады. Ол, негізгі капиталдың бәрі сияқты, бірсыпыра жылдар ішінде бірте-бірте ғана қайтады. Бірақ ол өнімді сату арқылы, бұл өнімді ақша-

ға айналдыру арқылы емес, өнімнің, алтынның тікелей үлесі ретінде қайтады. Демек, ол өзінің ақша формасына түскенде ақшаны айналыстан алу арқылы емес, өнімнің тиісті бөлігін жинау арқылы бірте-бірте барып түседі. Осылайша қайта өндірілген ақша капиталы негізгі капиталды алу үшін әуел баста айналысқа салынған ақша сомасының орнын жабуға арналып, айналыстан бірте-бірте алынған ақша сомасы емес. Мұның өзі — ақшаның қосымша аумағы.

Ақырында, қосымша құнға келетін болсақ, онда оның өзі, өз кезегінде, біздің ұйғаруымыз бойынша, өнім өндірмей түгелдей жұмсалу үшін, тіршілік заттары мен сән-салтанат заттарына түгелдей төленуі үшін, айналымның әрбір жаңа кезеңінің ішінде жаңа өнімнің, алтынның, айналысқа салына-тын бөлігіне тең.

Ал, біздің ұйғаруымыз бойынша, рыноктан үнемі жұмыс күшін, өндірістік материалдарды әкетіп отыратын, бірақ рыноктан ақша алмайтын, рынокқа үсті-үстіне қосымша ақша беріп отыратын бүкіл осы жылдық алтын өнімі,— бүкіл осы алтын өнімі жыл бойындағы тозуынан келіп саны кеміген ақшаның орнын ғана толтырады, демек, қоғамда үнемі, өзгеріп отыратын пропорцияларда болғанымен де, екі формада: қазына формасында және айналыстағы ақша формасында болатын ақша санының толық сақталуына ғана жәрдемдеседі.

Товар айналысының заңы бойынша ақшаның жалпы аумағы товар айналысына керекті ақшаның аумағына және қазына формасындағы ақша санына тең болуға тиіс, қазына формасындағы ақша саны айналыс саласының шағындалуына яки ұлғаюына байланысты көбейіп яки азайып отырады; оның өзі төлем құралының қажетті резерв қорын жасау үшін де қызмет етеді. Төлемдер бірін-бірі жаппайтын болғандықтан, товарлардың құны ақшалай төленуге тиіс. Бұл құнның кейбір бөлігінің қосымша құннан құралатындығынан, яғни товар сатушының ол бөлікке шығыны шықпағандығынан істің мәні ешқандай өзгермейді. Айталық, барлық өндірушілер — өндіріс құрал-жабдықтарының дербес иелері екен, демек, айналыс тікелей өндірушілердің өздерінің араларында болып жатады екен делік. Егер олардың капиталының тұрақты бөлігін былай қоятын болсақ, онда олардың жаңадан жасалған жылдық құнын, капиталистік қоғамдағы жағдайға сәйкес, екі бөлікке: өндірушілердің қажетті тіршілік заттарының ғана орнын толтыратын *a* бөлігіне және олар ішінара сән-салтанат заттары түрінде тұтынатын, ішінара өндірісті ұлғайту мақсатына қолданатын *b* бөлігіне бөлуге болар еді. Осылай болған ретте *a* өзгермелі капитал, *b* қосымша құн болып табылады. Бірақ

мұндай бөліну олардың барлық өнімінің айналысы үшін қажет ақша аумағының мөлшеріне ешқандай әсер етпеген болар еді. Басқа жағдайлары өзгермеген ретте, бүкіл айналыстағы товар аумағының құны нақ бұрынғы қалпында болар еді, демек, бұл үшін қажет ақшаның аумағы да бұрынғыша болар еді. Айналым кезеңдерін тең бөлгенде өндірушілердің бірдей ақша запастары болуына, яғни өз капиталының белгілі бір бөлігін үнемі ақша формасында ұстауына тура келер еді, өйткені, біздің ұйғаруымыз бойынша, олардың өндірісі бұрынғысынша товар өндірісі болып қала берер еді. Демек, товар құнының бір бөлігінің қосымша құннан тұратындығы бүкіл өндірісті жүргізу үшін қажет ақшаның аумағын ешқандай өзгертпейді.

Тукке қарсылардың  $A - T - A'$  формуласына жармасқан біреуі онан: капиталист өзінің айналысқа салған ақшасына қарағанда айналыстан ұдайы көп ақша алып отырудың жөнін қалай табады деп сұрайды. Әбден түсінікті. Бұл жерде әңгіме қосымша құн жасау туралы болып отырған жоқ. Бірден-бір жасырын сыр болып табылатын қосымша құнның жасалуы капиталистік тұрғыдан қарағанда өзінен өзі түсінікті. Құнның қолданылған сомасы қосымша құнмен молаймаған болса, ол капитал болмаған болар еді. Демек, ұйғарым бойынша, ол капитал болып табылады екен, онда қосымша құнның жасалуы өзінен өзі түсінікті.

Демек, мәселе қосымша құнның қайдан шығатындығында емес, қайта қосымша құн болатын ақшаның қайдан алына-тындығында болып отыр.

Ал қосымша құнның бар екендігі буржуазиялық саяси экономия үшін өзінен өзі түсінікті. Демек, қосымша құнның бар екендігі ғана ұйғарылып қоймайды, сонымен қатар, онан әрі, айналысқа салынған товар аумағының бір бөлігі де қосымша өнімнен құралатыны, демек, капиталистің өз капиталымен бірге айналысқа салмаған құны болып та табылатыны, демек, оны капиталист өзінің өнімімен бірге айналысқа салатыны, ал сонан соң капиталист өзінің капиталымен салыстырғанда кейбір артығын тағы да айналыстан алатыны ұйғарылады.

Капиталистің айналысқа салатын товар капиталының құны оның айналыстан жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары түрінде алатын өндіргіш капиталының құнынан артық (бұл артықтың қайдан шығатындығы түсіндірілмейді немесе түсініксіз болып қала береді, бірақ осы капиталистің тұрғысынан қарағанда *c'est un fait* \*). Бұлай ұйғарынды жасағанда капиталист  $A$ -ның ғана емес, сонымен қатар капиталист  $B$ ,  $C$ ,

\* — бұл — факт. *Ред.*

*D* және басқалардың да өз товарларын айырбастау арқылы бастапқы авансыланған және онан кейін де қайта-қайта авансыланатын капитал құнынан артық құнды айналыстан не себепті ұдайы алып отыратыны түсінікті. Капиталист *A, B, C, D* және басқалар айналысқа товар капиталы формасындағы товар құнын өздері айналыстан өндіргіш капитал формасында алатын құнынан гөрі көп салады,— бұл операция дербес қызмет ететін капиталдар қаншалықты алуан түрлі болса, соншалықты жан-жақты болады. Демек, капиталистер өздері авансылаған өндіргіш капиталдарының сомасына тең соманы өзара тиісінше ұдайы бөлісіп отыруға тиіс (яғни әрқайсысы, өз тарапынан, айналыстан өндіргіш капитал элементтерінің тиісті аумағын алуға тиіс); дәл сондай-ақ олардың товар формасында айналысқа жан-жақты салатын, өздерінің өндіріс элементтерінің құнынан тиісінше артық товар құны ретінде салатын құн сомасын да ұдайы өзара бөлісіп отыруларына тура келеді.

Ал товар капиталы, өзі қайтадан өндіргіш капиталға айналмастан бұрын, өзінде бар қосымша құн жұмсалмастан бұрын, ақшаға айналуға тиіс. Бұл үшін ақша қайдан алынады? Алғаш қарағанда бұл мәселе қиын мәселе сияқты болып көрінеді, сондықтан бұған Тук те, басқа ешкім де осы уақытқа дейін жауап берген емес.

Айталық, ақша капиталы формасында авансыланған 500 ф. ст. айналмалы капитал, оның айналым кезеңі қандай болса да, қоғамның, яғни капиталистер табының барлық айналмалы капиталы болып табылады делік. Қосымша құн 100 ф. стерлинг болсын. Бүкіл капиталистер табы айналысқа ұдайы тек 500 ф. стерлинг салып отырса, ол айналыстан 600 ф. стерлингті ұдайы қалайша алып отырады?

500 ф. стерлинг ақша капиталы өндіргіш капиталға айналғаннан кейін, осы өндіргіш капитал өндіріс процесінде 600 ф. ст. товар құнына айналады, сөйтіп айналыста бастапқы авансыланған ақша капиталына тең 500 ф. ст. товар құны ғана емес, сонымен қатар жаңадан өндірілген 100 ф. ст. қосымша құн да айналыста болады.

Осы 100 ф. ст. үстеме қосымша құн айналысқа товар формасында салынған. Бұған ешқандай күмән жоқ. Бірақ мұндай операция осы қосымша товар құнының айналысы үшін қосымша ақша жасамайды.

Бұл қиыншылықты сыпайыгершілік айла-шарғымен орағытып өтуге ұмтылмау керек.

Мысалы, мынадай түрде: тұрақты айналмалы капиталға келетін болсақ, капиталистердің бәрі оны бір мезгілде жұмсайтыны айқын. Капиталист *A* өз товарын сатқан уақытта, де-

мек, ол авансылаған капитал ақша формасын алған кезде, сатып алушы *B*-нің ақша формасындағы капиталы, мұның керісінше, оның өндіріс құрал-жабдықтарының, нақ капиталист *A* өндіріп жатқан құрал-жабдықтарының формасын алады. Капиталист *A*-ның өзі өндірген товар капиталына қайтадан ақша формасын беретін нақ осы акті арқылы капиталист *B* өз капиталына қайтадан өндіргіш форма береді, оны ақша формасынан өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшіне айналдырады; сөйтіп белгілі бір ақша сомасы екі жақты процесте, жәй сатып алудың бәріндегі *T—A* сияқты қызмет етеді. Екінші жағынан, егер капиталист *A* ақшаны өндіріс құрал-жабдықтарына қайтадан айналдырса, ол бұларды капиталист *C*-тен сатып алады, ал капиталист *C* капиталист *B*-ге нақ сол ақшамен төлем төлейді, т. т. Істің мәнін осындай әдіспен түсіндіруге болар еді. Бірақ:

Товар айналысы жағдайында айналыста болатын ақшаның саны жөнінде біз анықтаған заңдардың бәрі («Капитал», I кітап, III тарау) өндіріс процесінің капиталистік сипатының салдарынан ешбір өзгермейді.

Демек, егер қоғамның ақша формасында авансыланатын айналмалы капиталы 500 ф. стер. дейтін болса, онда бұл ретте мына жағдай ескерілген: бір жағынан, бұл сома бір уақытта авансыланған, екінші жағынан, ол сома 500 ф. стерлингтен гөрі көп өндіргіш капиталды қозғалысқа келтіреді, өйткені ол әр түрлі өндіргіш капиталдардың ақша қоры болып алма-кезек қызмет етеді. Демек, түсіндірудің бұл әдісі іс жүзінде бар екенін өзі анықтауға тиіс ақшалардың қолда нақты болуын көздейді.

Бұдан әрі, былай деуге болар еді: капиталист *A* капиталист *B*-нің жеке басы өнімсіз тұтынатын товарларды өндіреді. Демек, капиталист *B*-нің ақшасы капиталист *A*-ның товар капиталын ақшаға айналдырады, сөйтіп белгілі бір ақша сомасы капиталист *B*-нің қосымша құнын және капиталист *A*-ның айналмалы тұрақты капиталын ақшаға айналдыру үшін қызмет етеді. Бірақ бұл жерде жауап берілуі қажет мәселе шешілді деп бұрынғыдан да тікелей ұйғарынды жасалады. Атап айтқанда, капиталист *B* өзінің табысын жабатын осы ақшаны қайдан алады? Ол өз өнімінің қосымша құн болып табылатын бөлігін ақшаға қалай айналдырды? —

Сонсын былай деуге болар еді: айналмалы өзгермелі капиталдың капиталист *A* өз жұмысшыларына ұдайы авансқа беретін бөлігі оған айналыстан ұдайы қайта оралып отырады; оның кейбір ауыспалы бөлігі ғана жалақы төлеп отыру үшін оның өзінде ұдайы қалып отырады. Алайда ақшаны жалақы-

ға жұмсау кезі мен оның қайтып оралу кезінің арасында біраз уақыт өтеді, ал осы уақыт ішінде әлгі ақша, айта кетейік, қосымша құнды ақшаға айналдыру үшін де қызмет ете алады. Бірақ біз мынаны білеміз: біріншіден, ол уақыт неғұрлым ұзақ болса, капиталист А ұдайы *in petto* \* ұстауға тиіс ақша запасының аумағы да соғұрлым көп болуға тиіс. Екіншіден, жұмысшы ақшаны жұмсайды, оған товарлар сатып алады, сөйтіп *pro tanto* сол товарлардағы қосымша құнды ақшаға айналдырады. Демек, өзгермелі капитал түрінде авансыланған нақ сол ақша да, *pro tanto* қосымша құнның ақшаға айналуына қызмет етеді. Бұл мәселеге мұнан әрі көп тереңдемей, біз бұл жерде мынаны ғана көрсете кетелік: бүкіл капиталистер табының және оған тәуелді, өнім өндірмейтін адамдардың тұтынуы жұмысшы табының тұтынуымен бір уақытта болады, демек, жұмысшылар өз ақшаларын айналысқа салған уақытта капиталистер де өз қосымша құнын табыс ретінде жұмсау үшін, айналысқа ақша салуға тиіс; демек, ол үшін ақша айналыстан алынуға тиіс. Жаңа ғана келтірілген түсінік қажетті ақшаның санын ғана азайтқан болар еді, бірақ оның қажет болуын жоймас еді.—

Ақырында, былай деуге болар еді: негізгі капиталды алғаш жұмсағанда эрқашан айналысқа саны жағынан көп ақша салады да, бұл ақшаны айналысқа салғандар оны бірнеше жыл ішінде бірте-бірте, бөліп-бөліп қана айналыстан алады ғой. Қосымша құнды ақшаға айналдыру үшін осы сома шынында жеткіліксіз бе? — Бұған былай деп жауап беру керек: жоғарыда көрсетілген 500 ф. ст. сомасының (бұл сома қажетті резерв қоры үшін қазына жасау мүмкіндігін де қамтиды) айналысы оның тиісті бөлігін оны айналысқа салған адам болмаса да, басқа біреудің негізгі капитал элементтерін сатып алуға жұмсауын көздейді. Оның үстіне, негізгі капитал болып қызмет ететін товарларды сатып алуға жұмсалатын сома осы товарларда бар қосымша құнды да өтеуді көздейді, ал мәселе, атап айтқанда, бұл ақшалардың қайдан алынатындығында.—

Бұл сұраққа деген жалпы жауап бұрын берілген-ді: егер X-ке  $\times 1000$  ф. ст. құны бар товар аумағы айналыс жасауға тиіс болса, онда осы айналысқа керекті ақша саны осы товар аумағының құнында қосымша құнның бар-жоғына, осы товар аумағының капиталистік жолмен өндірілген яки өндірілмегеніне байланысты ешбір өзгермейді. *Демек, проблеманың өзі*

\* — өзінде. *Ред.*

жоқ. Басқа да белгілі бір жағдайлар тұсында, яғни ақша айналысының белгілі бір шапшаңдығы, т. т. тұсында  $X$ -ке  $\times 1000$  ф. ст. товар құнының айналысына ақшаның белгілі сомасы керек болады, ол сома бұл товарларды тікелей өндірушілерге әлгі құнның көбі яки азы тиетіндігіне мүлде байланысты емес. Алайда бұл жерде проблема бар екен, онда ол белгілі бір елде товар айналысына керекті ақша сомасы қайдан алынады деген жалпы проблемамен дәл келеді.

Сонымен қатар, капиталистік өндіріс тұрғысынан қарағанда, әрине, қайдағы бір ерекше проблеманың болу *елесі* туады. Ал атап айтқанда, айналысқа ақша салудың бастапқы пункті бұл жерде капиталист болып табылады. Жұмысшының өзіне керекті тіршілік заттарына жұмсайтын ақшасы алғашында өзгермелі капиталдың ақша формасында өмір сүреді, сондықтан капиталист оны әуелі айналысқа сатып алу қаржысы яки жұмыс күші үшін төлем қаржысы ретінде салады. Оның үстіне, капиталистің айналысқа салған ақшасы әуел баста ол үшін оның тұрақты — негізгі және айналмалы — капиталының ақша формасы болды; бұл ақшаны, ол сатып алу қаржысы ретінде яки еңбек құралы мен өндірістік материалдар үшін төлем қаржысы ретінде жұмсайды. Алайда осыдан басқа ретте капиталист айналыстағы ақша аумағының енді бастапқы пункті болып табылмайды. Ал жалпы алғанда екі ғана бастапқы пункт бар: капиталист және жұмысшы. Барлық категориялардағы бөгде адамдар қандайда бір көрсеткен қызметтері үшін осы екі таптан не ақша алуға тиіс, немесе, ақшаны ешқандай қызмет көрсетпей алатын болғандықтан, олар рента, процент, т. т. түріндегі қосымша құнды бірлесіп иеленушілер болып табылады. Қосымша құн өнеркәсіп капиталисінің қалтасында түгелдей қалмайтын жағдайының және ол оны басқа адамдармен бөлісуі тиіс жағдайының — міне бұл жағдайдың қарастырылып отырған мәселеге ешқандай қатынасы жоқ. Мәселе капиталистің өз қосымша құнын ақшаға қалай айналдыратындығында, ол қосымша құн үшін алынған ақшаның кейіннен қалай бөлінетіндігінде емес. Демек, біз өз мысалымызда капиталисті қосымша құнның бірден-бір иесі деп әлі де болса қарауға тиіспіз. Ал жұмысшыға келетін болсақ, оның тек екінші бастапқы пункт екендігі, ал капиталист болса — жұмысшы айналысқа салатын ақшаның бірінші бастапқы пункті екендігі бұрын айтылды. Әуелде өзгермелі капитал ретінде авансыланған ақша жұмысшы оны тіршілік заттары үшін жұмсаған кезде өзінің екінші айналысын жасайды.



Сөйтіп, капиталистер табы ақша айналысының бірден-бір бастапқы пункті болып қала береді. Егер оған өндіріс құрал-жабдықтары үшін төлеуге 400 ф. стерлинг, ал жұмыс күші үшін төлеуге 100 ф. ст. керек болса, онда ол айналысқа 500 ф. ст. салады. Ал қосымша құн нормасы 100% болған жағдайда өнімдегі қосымша құн 100 ф. ст. құнға тең болады. Капиталистер табы айналысқа ұдайы тек 500 ф. стерлинг салып отырса, ол онан ұдайы 600 ф. стерлингті қалайша алып отырады? Жоқтан бар болмайды. Бүкіл капиталистер табы айналысқа бұрын салынбаған нәрсені алуы мүмкін емес.

Бұл жерде біз төмендегі жағдайды былай қоямыз: 400 ф. ст. ақша сомасы он рет айналған жағдайда 4 000 ф. стерлинг құны бар өндіріс құрал-жабдықтарының және 1000 ф. ст. құны бар ецбек құралының айналысы үшін жеткілікті болуы мүмкін, ал қалған 100 ф. ст. 1000 ф. ст. қосымша құнның айналысы үшін де дәл сондай жеткілікті болады. Ақша сомасы арқылы айналыс жасайтын товар құнына сол ақша сомасының бұл қатынасы істің мәнін титтей де өзгертпейді. Нақ сол проблема проблема болып қала береді. Егер белгілі бір монета бірнеше рет айналыс жасамаған болса, онда айналысқа капитал түрінде 5000 ф. стерлинг салуға тура келер еді және қосымша құнды ақшаға айналдыру үшін 1000 ф. ст. қажет болған болар еді. Бұл ақша 1000 ф. стерлинг яки 100 ф. стерлинг болсын, қайдан алынады? деген сұрақ туады. Қалай болғанда да бұл ақшалар айналысқа салынған ақша капиталымен салыстырғанда артық ақша болып табылады.

Шындығында, мұның өзі алғаш қарағанда қаншалық парадокс болып көрінгенімен, товарлардағы қосымша құнды жүзеге асыруға себепші болатын ақшаны айналысқа капиталистер табының өзі салады. Алайда *pota bene* \*: бұл ақшаны, ол айналысқа аванс түрінде жұмсалған ақша ретінде салмайды, демек, капитал ретінде салмайды. Бұл ақшаны, ол өзінің жеке басының тұтынуы үшін сатып алу қаржысы ретінде жұмсайды. Демек, капиталистер табы әлгі ақша айналысының бастапқы пункті болғанымен, ол оны аванс ретінде жұмсамайды.

Өзінің кәсібін бастайтын жеке капиталисті, мысалы, фермерді алалық. Ол алғашқы жыл ішінде, айталық, өндіріс құрал-жабдықтарына (4 000 ф. ст.) және жұмыс күшіне (1 000 ф. ст.) төлеу үшін аванс ретінде 5 000 ф. ст. ақша капиталын жұмсайды делік. Қосымша құн нормасы 100%-ке тең, ол иемденетін қосымша құн = 1 000 ф. стерлинг болсын. Жоғарыда

\* — әбден ескерейік. *Ред.*

айтылған 5 000 ф. стерлинг есебіне ақша капиталы ретінде ол авансылайтын ақшаның бәрі кіреді. Бірақ адамның өмір сүруі керек қой, ал жыл аяғына дейін ол ешқандай ақшаны кері қайтып алмайды. Оның жыл бойында тұтынатыны 1 000 ф. стерлинг болсын. Онда осы ақша болуы керек. Ол осы 1 000 ф. стерлингті алғашқы жыл ішінде авансылауға тиістімін десе де, бірақ бұл авансылау — бұл жерде тек субъективтік маңызы бар авансылау — өзінің жеке басының тұтыну шығынын бірінші жылы өз жұмысшыларының тегін өндірісінің есебінен емес, оның өз қалтасының есебінен жабуға тиіс екенін ғана көрсетеді. Бұл ақшаны ол капитал ретінде авансыламайды. Бұл ақшаны ол өзі тұтынатын тіршілік заттары үшін эквивалент ретінде жұмсап төлейді. Бұл құнды ол ақша түрінде жұмсайды, ол бұл құнды айналысқа салып, оны айналыстан товар құндары түрінде алады. Ол осы товар құндарын тұтынды. Демек, олардың құнына енді оның ешқандай қатынасы жоқ. Осы құн үшін оның төлеген ақшасы енді айналыстағы ақшаның элементі ретінде жүреді. Бірақ бұл ақшаның құнын айналыстан ол өнімдер түрінде алды, ал өз құны болған өнімдермен бірге олардың құны да жойылды. Ол құн толығымен жойылды. Ал енді жылдың аяғында ол айналысқа 6 000 ф. стерлинг товар құнын салып, оны сатады. Сонымен қатар оған мыналар қайтып оралады: 1) өзі авансылаған 5 000 ф. ст. ақша капиталы; 2) ақшаға айналған 1 000 ф. стерлинг қосымша құн. Ол 5 000 ф. стерлингті капитал ретінде авансылады, оларды айналысқа салды, ал енді айналыстан 6 000 ф. стерлинг алып отыр: капиталының орнына 5 000 ф. стерлинг және 1 000 ф. стерлинг қосымша құн алып отыр. Бұл 1 000 ф. ст. ол өзі капиталист ретінде емес, тұтынушы ретінде айналысқа салған, ол авансыламаған, бірақ жұмсаған ақшаның жәрдемімен ақшаға айналған. Енді бұл ақша оның өзі өндірген қосымша құнның ақша формасы ретінде оған қайтып оралады. Сөйтіп осы уақыттан бастап мұндай операция жыл сайын қайталап отырады. Бірақ, екінші жылдан бастап, оның өзі жұмсайтын 1 000 ф. стерлинг әрқашан өзгерген форма, ол өндірген қосымша құнның ақша формасы болып табылады. Бұл ақшаны ол жыл сайын жұмсайды, ал ол ақша жыл сайын оған қайтып оралады.

Егер оның капиталы жыл бойында көп айналыс жасаған болса, онда мұның өзі істің мәнін ешбір өзгертпеген болар еді, бірақ, әрине, уақыттың ұзақтығы өзгерер еді, сондықтан капиталистің өзі авансылаған ақша капиталының үстіне өзінің жеке басының тұтынуы үшін айналысқа салуына тура келетін соманың мөлшері де өзгерер еді.

Бұл ақшаны капиталист айналысқа капитал ретінде салмайды. Бірақ қосымша құн қайтып оралғанға дейін өзіндегі бар қаржының есебінен өмір сүре алатын болғандықтан да ол капиталист қой.

Бұл ретте біз мынадай ұйғарынды жасадық: капиталист өзінің капиталы бірінші рет қайтып оралғанға дейін өзінің жеке басының тұтынуы үшін айналысқа салатын ақша сомасы капиталист өндірген, сондықтан ақшаға айналуға тиісті қосымша құнға дәлме-дәл тең болады. Мұндай ұйғарынды жасау жеке капиталист жөнінде дәл емес екені анық. Бірақ бұл бүкіл капиталистер табы жөнінде дұрыс болуға тиіс, өйткені біз жай ұдайы өндірісті айтып отырмыз. Жай ұдайы өндіріс тек осы соңғы ұйғарындыдағыны, атап айтқанда, бүкіл қосымша құнның, тек қосымша құнның ғана өнімсіз тұтынылатындығын, яғни алғашқы капиталдың титтей де бөлшегінің өнімсіз тұтынылмайтындығын көрсетеді.

Барлық өндірілген асыл металл (=500 ф. ст.) тек ақшаның тозығының орнын толтыруға ғана жетеді деп жоғарыда ұйғарылған болатын.

Алтын өндіретін капиталистер өздерінің бүкіл өнімін — оның тұрақты және өзгермелі капитал орнын толтыратын бөліктерін де, сондай-ақ қосымша құннан тұратын бөлігін де алтын түрінде алады. Демек, қоғамдық қосымша құнның бір бөлігі тек айналыс процесінде ғана алтынға айналатын өнімде емес, алтынның өзінде. Бұл бөлік әуел бастан-ақ алтынның өзінде, оны айналысқа салғанда одан өнім алу үшін салады. Мұның өзі бұл ретте жалақыға да, яғни өзгермелі капиталға да, аванс ретінде жұмсалған тұрақты капиталдың орнын толтыруға да қатысты. Демек, капиталистер табының бір бөлегі айналысқа өздері аванс ретінде жұмсаған ақша капиталынан гөрі (қосымша құн мөлшеріне шаққанда) көп товар құнын салса, онда капиталистердің екінші бөлегі алтын өндіру үшін өздері айналыстан ұдайы алып отыратын товар құнынан гөрі көп (қосымша құн мөлшеріне шаққанда көп) ақша құнын айналысқа салады. Егер капиталистердің бір бөлегі өзінің айналысқа салған ақшасынан гөрі көп ақшаны айналыстан ұдайы алып отырса, капиталистердің енді бір бөлегі, — алтын өндіретін бөлегі — айналыстан өндіріс құрал-жабдықтары түрінде алатынынан гөрі көп ақшаны айналысқа ұдайы салып отырады.

Бұл өнімнің бір бөлегі, яғни 500 ф. стерлинг құны бар алтын, алтын өнеркәсіпшілерінің қосымша құны болып табылғанымен, алайда барлық сома товарлардың айналысы үшін керекті ақшаның орнын толтыруға ғана арналған; соның өзінде

бұл соманың қаншасы товарлардағы қосымша құнды ақшаға айналдыруға кететінінің, және қаншасы құнның басқа құрамды бөліктерін ақшаға айналдыруға кететінінің келер-кетері жоқ.

Алтын өндіру ісін белгілі бір елден басқа елдерге көшірсе, мұнан істің мәні мүлде өзгермейді. *A* еліндегі қоғамдық жұмыс күші мен қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі өнімге, мысалы, құны 500 ф. стерлинг кенепке айналдырылған, ол кенеп алтын сатып алу үшін *B* еліне шығарылады. *A* елінде осылайша пайдаланылған өндіргіш капитал дәл әлгіндей, өзі алтын өндіруге тікелей қолданылатын болса, *A* елінің рыногына товарлар түсірмейді, товардың орнына ол ақша шығарады. *A* елінің бұл өнімі 500 ф. стер. алтын түрінде жеткізіліп, осы *A* елінің айналыс саласына тек ақша ретінде түседі. Бұл өнімдегі қоғамдық қосымша құнның бір бөлігі тікелей ақша формасында болады, сондықтан *A* елі үшін қашанда тек ақша формасында ғана болады. Алтын өндіретін капиталистер үшін өнімнің тек бір бөлігі қосымша құн болып, қалған бөлігі капиталдың орнын толтырғанымен, алайда, мұның керісінше, егер айналмалы тұрақты капиталды былай қойғанда, бұл алтынның қандай мөлшері өзгермелі капиталдың орнын толтырады және қандай мөлшері қосымша құн болады деген мәселені шешу жалақы мен қосымша құнның айналыстағы товарлардың құнына тиісінше қандай қатынастарда болатынына ғана байланысты. Қосымша құнды құрайтын бөлік капиталистер табының түрлі өкілдерінің арасында бөлінеді. Құнның бұл бөлегін олар жеке бастарының тұтынуына ұдайы жұмсап отырғанымен және жаңа өнімді сатудың нәтижесінде оларға қайтадан түсіп отырғанымен,— жалпы алғанда, нақ осы сатып алу мен сату ғана қосымша құнды ақшаға айналдыруға керекті ақшаның капиталистер арасында айналысын туғызады,— алайда қоғамдық қосымша құнның кейбір бөлігі, өзгермелі үлестерде болғанымен, ақша түрінде үнемі капиталистердің қалталарында болады; дәл сондай-ақ, жалақының бір бөлігі ретінде, ең болмағанда аптаның бірнеше күндері бойына, ақша түрінде жұмысшылардың қалталарында болады. Ал қоғамдық қосымша құнның бұл бөлегінің мөлшері алтын өндіретін капиталистердің алғашында қосымша құны болған ақшалай өнім үлесімен шектелмейді; бұрын айтылғандай, ол мөлшер жоғарыда аталған 500 ф. ст. өнімнің жалпы алғанда капиталистер мен жұмысшылар арасында бөліну пропорциясымен және айналысқа арналған товар запасының қосымша құнға және құнның басқа да құрамды бөліктеріне бөліну пропорциясымен шектеледі.

Ал енді қосымша құнның басқа товарлар түрінде емес, ақша түрінде әлгі басқа товарлармен қатар болатын бөлігі жыл сайын өндірілетін алтынның бөлігінен құралады, құралғанда жыл бойы өндірілетін алтынның әлгі бөлігі қосымша құнды өткізу үшін қандай дәрежеде айналысқа түссе, сондай дәрежеде құралады. Ақшаның басқа бөлігі — капиталистердің қосымша құнының ақша формасы ретінде өзгермелі мөлшерде ұдайы капиталистер табының қолында болатын бөлігі жыл сайын өндірілетін алтынның элементі болмайды, елде бұрыннан қорланған ақша аумағының бөлігі болып табылады.

Біздің ұйғаруымыз бойынша, жыл сайын өндірілетін 500 ф. стерлингтік алтын айналыстағы ақшаның жыл сайынғы тозығының орнын толтыруға ғана жетеді де тұрады. Демек, егер біз тек осы 500 ф. стерлингті еске алып, жыл сайын өндірілетін товар аумағының бөлігін, айналыс жасауы үшін бұрын қорланған ақша қызмет ететін бөлігін былай қойсақ, онда товар формасында өндірілген қосымша құнның өзінің ақшаға айналуы үшін айналысқа ақша табатын себебі: басқа жақта қосымша құнның жыл сайын алтын формасында өндірілуі. Мұның өзі 500 ф. стерлингтік алтын өнімнің аванс ретінде жұмсалған ақша капиталының орнын толтыратын басқа бөліктеріне де қатысты.

Біз енді екі ескерту жасауға тиіспіз.

Жоғарыда баяндалғаннан шығатын қорытынды, біріншіден: капиталистер ақша формасында жұмсайтын қосымша құн, ал дәл сондай-ақ олар ақша формасында авансылайтын өзгермелі капитал да және басқа өндіргіш капитал да шындығында жұмысшылардың өнімі, атап айтқанда алтын өндірумен шұғылданатын жұмысшылардың өнімі. Олар алтын өнімінің өздеріне жалақы ретінде «авансыланатын» бөлігін де, сондай-ақ алтын өнеркәсіпшілері-капиталистердің тікелей қосымша құны болатын бөлігін де қайтадан өндіреді. Ақырында, алтын өнімінің алтын өндіруге авансыланған тұрақты капитал құнының орнын ғана толтыратын бөлігіне келетін болсақ, онда бұл бөлік жұмысшылардың жылдық еңбегінің нәтижесінде ғана ақша формасында (жалпы алғанда кез келген өнімде) қайтадан пайда болады. Кәсіпорынды құрғанда оны капиталист сол кәсіпорында өндірілген ақша түрінде емес, қоғамда айналыс жасап жүрген ақша аумағының бір бөлігі болып табылатын ақша түрінде берген. Мұның керісінше, ақшаның бұл бөлігінің орны жаңа өніммен, қосымша алтынмен толтырылады екен, онда ол жұмысшының жылдық өнімі болып табылады. Капиталистің авансылауы бұл жерде де тек

формасы жағынан ғана авансылау болады, өйткені жұмысшы өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының иесі болып табылмайды және алтын өндіру уақытында басқа жұмысшылар өндірген тіршілік заттары онда болмайды.

Ал екінші жағынан: жыл сайын осы орны толтырылатын 500 ф. стерлингке байланыссыз болатын және ішінара қазына формасында, ішінара айналыстағы ақша формасында болатын ақша аумағына келетін болсақ, онда ол жөнінде істің жайы былай болуға тиіс еді, яғни алғашында іс жағдайы жыл сайын осы 500 ф. стерлинг жөнінде қалай болса дәл солай болуға тиіс еді. Бұл пунктке біз осы бөлімшенің аяғында қайтып ораламыз\*. Ал енді тағы бірнеше ескертулер жасайық.

---

Айналымды зерттеген кезде біз: басқада өзгермейтін жағдайлар тұсында, айналым кезеңдері мөлшерінің өзгеруімен бірге, өндірісті нақ сол көлемде жүргізе беру үшін қажетті ақша капиталының аумағы да өзгертіндігін көрдік. Демек, ақша айналысы айналым кезеңдерінің ұзаруы мен қысқаруының осылай кезектесіп тұруына бейімделуі үшін ақша айналысының икемділігі жетерліктей үлкен болуға тиіс.

Сонсын, егер біз: басқа өзгермейтін жағдайлар тұсында, — оның ішінде жұмыс күнінің ұзақтығы, интенсивтілігі және өнімділігі өзгерілмейтін жағдайда, — *жаңадан өндірілген құнның жалақы мен қосымша құнның арасында бөлінуі ғана өзгереді*, сөйтіп не біріншісі көбейеді, ал екіншісі азаяды, яки мұның керісінше болады деп ұйғарсақ, онда мұның өзі айналыстағы ақша аумағына ешқандай әсер етпейді. Жаңадан жасалған құнның бөлінуіндегі мұндай өзгеріс айналыстағы ақша аумағының пәлендей бір молаюынсыз яки азаюынсыз-ақ болуы мүмкін. Жалақы жалпы көтерілетін, ал сондықтан — жоғарыда ұйғарылған жағдайларда — қосымша құн нормасының жалпы төмендейтін, оның үстіне, сондай-ақ ұйғарындыға сәйкес, айналыстағы товар аумағының құнында ешқандай өзгеріс болмайтын жағдайды ерекше қарастыралық. Бұл ретте, әрине, өзгермелі капитал ретінде авансылауға тура келетін ақша капиталы өседі, демек, осындай функцияға қызмет ететін ақша аумағы да артады. Ал атап айтқанда өзгермелі капиталдың қызметі үшін керекті ақша аумағы қанша өссе, қосымша құн соншалық азаяды, ал олай болса, оны нақты етуге керекті ақша аумағы да азаяды. Мұның өзі товар құнын өткізу үшін қажетті жалпы ақша аумағына, дәл сондай-ақ осы товар құ-

---

\* Осы томның 391—392-беттерін қараңыз. Ред.

нының өзіне де ешқандай әсер етпейді. Товар өндіру шығыны жеке капиталист үшін өседі, бірақ товар өндірудің қоғамдық бағасы өзгеріссіз қалады. Егер құнның тұрақты бөлегін былай қоятын болсақ, онда бұл ретте товар өндірісі бағасының жалақыға және пайдаға бөліну қатынасы ғана өзгереді.

Бірақ бізге былай деуі мүмкін: өзгермелі ақша капиталының көп жұмсалуды (ақша құны, әрине, өзгермейді деп ұйғарылады) жұмысшылардың қолында ақша қаржысы аумағының дәл сондай көбеюінің нақ өзі болып табылады. Мұның нәтижесі жұмысшылардың товарға деген сұранысының өсуі болмақ. Мұнан былайғы салдары сол товарлар бағасының өсуі болмақ.— Яки былай деуі мүмкін: егер жалақы өссе, онда капиталистер өз товарының бағасын көтереді. Бұл екі ретте де жалақының жалпы көтерілуі товар бағасын көтереді. Сондықтан бағаның көтерілуі бұл себептердің қайсысынан болса да, товар айналысы үшін көп ақша аумағы керек болады.

Бірінші тұжырымдағы қарсылыққа жауап: жалақының көтерілуінің нәтижесінде қажетті тіршілік заттарына жұмысшылардың сұранысы ерекше өседі. Сән-салтанат заттарына олардың сұранысы әлдеқайда аз өседі немесе бұрын олардың тұтынбайтын бұйымдарына деген сұраныс аз болады. Қажетті тіршілік заттарына деген сұраныстың кенет және неғұрлым көп артуы ол заттардың бағасын дереу сөзсіз көтереді. Осының салдарынан қоғамдық капиталдың көбі қажетті тіршілік заттарын өндіруге қолданылады да, ал азы сән-салтанат заттарын өндіруге қолданылады, өйткені қосымша құнның азаюы салдарынан, сондықтан капиталистердің сән-салтанат заттарына деген сұранысының азаюы салдарынан да сән-салтанат заттарының бағасы төмендейді. Мұның керісінше, сән-салтанат заттарын жұмысшылардың өздері сатып алатын болғандықтан, олардың жалақысының артуы — біз бұл арада жұмысшылардың сән-салтанат заттарын сатып алуға іс жүзінде жұмсайтын сомасын айтып отырмыз — қажетті тіршілік заттары бағасының көтерілуіне әсер етпейді, тек сән-салтанат заттарын сатып алушылардың құрамын ғана өзгертеді. Сән-салтанат заттарын жұмысшылар осы уақытқа дейінгісінен көп тұтынады да, капиталистер біршама аз тұтынатын болады. *Voilà tout* \*. Айналыста болған кейбір ауытқулардан кейін, бұрынғыдай құны бар товар аумағы қайтадан шығады.— Аз уақыт болған ауытқуларға келетін болсақ, онда олардың нәтижесі мынау ғана болады: өзінің қолданылуын осы уақытқа дейін биржада яки шетелдерде жалдаптық айла-шарғыдан із-

\* — Бар болғаны осы. *Ред.*

деген бос ақша капиталы енді ел ішінде айналысқа салынатын болады.

Екінші тұжырымдағы қарсылыққа жауап: егер капиталистік өндірушілер товарының бағасын өз дегенінше көтере алатын болса, онда олар мұны жалақыны көтермей-ақ істер еді, істеген де болар еді. Олар товардың бағасы төмендеген кезде де жалақының көтерілуіне ешуақыт та жол бермеген болар еді. Капиталистер табы қазіргі кезде белгілі бір, айырықша, былайша айтқанда, жергілікті жағдайларда ерекшелік ретінде іс жүзінде істеп отырған әрекетін ұдайы және қандай жағдайда да істей алған болса, атап айтқанда, егер де ол жалақының қандай да болсын артуын товар бағасын анағұрлым жоғары көтеруге, демек, қалтасына көп пайда салуға пайдалана алған болса, онда ол тред-юниондарға қарсы шықпаған болар еді.

Капиталистер сән-салтанат заттарының бағасын көтере алады, өйткені оларға деген сұраныс (сән-салтанат заттарын сатып алу қаржыларының сомасы азайған капиталистердің бұл заттарға деген сұранысының азаюы салдарынан) азаяды деу, бұлай деу сұраныс пен ұсыныс заңын аса тамаша қолдану болар еді. Бұл заттарды сатып алушылардың құрамы ғана өзгеріп отырмағандықтан, капиталистердің орнын жұмысшылар ғана басып отырмағандықтан — мұндай орнын басу болып отырғандықтан да, жұмысшылардың сән-салтанат заттарына деген сұранысы қажетті тіршілік заттарының бағасын көтермейді, өйткені жұмысшылар қосымша табысының сән-салтанат заттарына жұмсайтын бөлігін қажетті тіршілік заттарына жұмсай алмайды — міне сондықтан сән-салтанат заттарына деген сұраныстың азаюы себепті олардың бағасы төмендейді. Осының салдарынан сән-салтанат заттарын ұсыну өндірістің қоғамдық процесіндегі сол заттар ролінің өзгеруіне сай келетін мөлшерге дейін азайғанша капитал сән-салтанат заттары өндірісінен алына береді. Өндіріс осылай ықшамдалғанда сән-салтанат заттарының бағасы, тіпті олардың құны өзгермеген жағдайда да, өзінің қалыпты дәрежесіне дейін қайтадан көтеріледі. Мұндай ықшамдау, яки мұндай теңдестіру процесі болып отырғанда, қажетті тіршілік заттары бағасының көтерілуі себепті, олардың өндірісіне, сән-салтанат заттары өндірісі саласынан қанша капитал алынса, ұдайы сонша капитал жұмсалып отыратын болады. Тіршілік заттары жөніндегі сұраныс қанағаттандырылғанға дейін осылай бола береді. Сонда барып қайтадан тепе-теңдік болады, сөйтіп бүкіл процесс қоғамдық капиталдың, ал сондықтан ақша капиталының да қажетті тіршілік заттары өндірісі мен сән-салтанат заттары



өндірісінің арасында өзгерген пропорцияда бөлінуімен аяқталады.

Бұл қарсылықтың екеуі де капиталистер мен олардың жалақор экономистерінің бос мылжыңы болып табылады.

Мұндай бос мылжыңға үш түрлі факті сылтау болып отыр:

1) Ақша айналысының жалпы заңы мынадай: егер айналыстағы товар бағасының сомасы көбейсе,— бағалар сомасының мұндай көбеюі бұрынғы товар аумағы үшін болып отыр ма яки көбейген товар аумағы үшін болып отыр ма, мұның бәрі бір,— онда басқа өзгермейтін жағдайларда айналыстағы ақшаның аумағы өседі. Міне сөйтіп, салдар себеппен шатастырылады. Жалақы қажетті тіршілік заттары бағасының көтерілуімен бірге өседі (сирек өскенімен, бағаның көтерілуіне пропорциялы түрде жалақы тек ерекше жағдайларда ғана өседі). Жалақының өсуі дегеніміз товар бағасы көтерілуінің себебі емес, салдары.

2) Жалақының ішінара яки жергілікті жерде көтерілуі жағдайында — яғни оның өндірістің жеке тарауларында көтерілуі жағдайында — осының нәтижесінде осы тараулар өнімдерінің бағасы сол жерде көтерілуі мүмкін. Бірақ тіпті мұның өзі де көптеген жағдайларға байланысты. Мысалы, жалақы бұрын өте төмен болмаған, сондықтан да пайда нормасы өте жоғары болмаған тарауларда ғана бағаның көтерілуі мүмкін; онда да егер осы тараулардың товары бағасының көтерілуі салдарынан олардың товары үшін рынок ықшамдалмаса (демек, ол товарлар бағасының көтерілуі оған деген ұсынысты алдын ала кемітуді керек етпесе) бағаның көтерілуі мүмкін, т. т.

3) Жалақы жалпы көтерілгенде өндірілген товарлардың бағасы өзгермелі капитал басым өнеркәсіп салаларында көтеріледі, ал оның есесіне тұрақты яки негізгі капитал басым салаларда төмендейді.

---

Жай товар айналысын қарастырған кезде («Капитал», I кітап, III тарау, 2) былай болып шықты: қандай да болсын белгілі бір мөлшердегі товарлар айналысы процесінде оның ақша формасы өткінші форма ғана болғанымен, алайда, товар метаморфозы кезінде ақша, бір адамның қолында өткінші түрде болып, сөзсіз екінші біреудің қолына көшеді; демек, товарлар ең алдымен барлық бағытта айырбасталып қана қоймайды яки бірінің орнын бірі басып қана қоймайды, сонымен қатар бұл бірінің орнын бірі басуына ақшаның барлық жағынан іркілуі себеп болады және ол сонымен қатар жүріп

отырады. «Бір товардың орнын екінші товардың басуы арқасында үшінші адамның қолына ақшалай товар ілігеді. Айналыс өз бойынан ақша терін үздіксіз шығарып тұрады» («Капитал», I кітап, 92-бет<sup>67</sup>).

Капиталистік товар өндірісінің негізінде әбден теңбе-теңдік фактісі мынадан көрінеді: капиталдың бір бөлігі үнемі ақша капиталы формасында болады, ал қосымша құнның бір бөлігі дәл сол сияқты ақша формасында ұдайы өз иелерінің қолында болады.

Егер бұл соңғыны былай қоятын болсақ, онда ақшаның *ауыспалы айналымы*, яғни өзінің бастапқы пунктіне ақшаның *қайтып оралуы*, мұның өзі капиталдың айналуындағы кезең болатындықтан,— мүлде ерекше, тіпті *ақшаның айналысына қарама-қарсы жағдай*<sup>33</sup>) болып табылады, оның өзі қолдан қолға талай рет ауысуы арқылы ақшаның бастапқы пунктінен үнемі *алыстай беруін* көрсетеді. («Капитал», I кітап, 94-бет<sup>68</sup>). Алайда капиталдың тездетілген айналымы ео ipso \* ақшаның тездетілген айналысын да қамтиды.

Ең алдымен өзгермелі капиталға келетін болсақ: егер, мысалы, 500 ф. стерлинг ақша капиталы өзгермелі капитал формасында жылына он рет айналыс жасайтын болса, онда айналыс жасап отырған бүкіл ақша аумағының осы бөлшек бөлігі құны он есе көп соманы = 5 000 ф. стерлингті айналыс жасататындығы айқын. Бұл сома жыл бойында капиталист пен жұмысшының арасында он рет айналыс жасайды. Жыл ішінде жұмысшы он рет жалақы алады және оның өзі айналыс жасап отырған ақша аумағының нақ сол бір құрамды бөлігімен он рет төлейді. Егер өндіріс көлемі бірдей болған жағдайда осы өзгермелі капитал жылына тек бір ғана айналым жасаса, онда 5 000 ф. стерлинг бір ғана айналыс жасаған болар еді.

<sup>33</sup>) Физикраттар бұл екі жағдайды әлі шатастырып отырғанымен, алайда олар капитал айналысының елеулі формасы ретінде, ұдайы өндіріске дәнекер болатын айналыс формасы ретінде ақшаның өзінің бастапқы пунктіне қайтып оралуына бірінші болып көңіл аударды. «Экономикалық кестеге» көз салыңыз, сонда сіздер өндіргіш таптың ақша тауып беретінін, басқа таптардың сол ақшаның жәрдемімен сол таптан өндіріс өнімдерін сатып алатынын және ол ақшаны әлгі таптардың келесі жылы оған дәл сондай өнімдерді сатып алып, оған қайтаратынын көресіз... Сіздер бұл жерде, демек, артынан ұдайы өндіріс болатын шығындар және артынан шығындар шығатын ұдайы өндіріс жасаған ауыспалы айналымнан басқа ауыспалы айналымды көрмейсіз; бұл ауыспалы айналым шығындар мен ұдайы өндірістің өлшеуіші болып қызмет ететін ақшаның айналысы арқылы да жасалады» (*Quesnay*, «Dialogues sur le Commerce et sur les Travaux des Artisans», «Physiocr.»-de Daire, бастырған, I, p. 208, 209).— «Осы ұдайы аванстар және олардың үнемі қайтып оралуы ақшаның айналысы деп аталатынды, ақшаның қоғамда еңбектің барлық түрін жандандыратын, саяси организмде қозғалыс пен тіршілікті сақтайтын пайдалы және жемісті айналысын құрайды, ал бұл айналысты жануардың организміндегі қан айналысымен әбден орындай салыстырады» (*Turgot*, «Reflexions etc.» Ocuivre-te Daire, бастырған, I, p. 45).

\* — сөйтіп. *Ред.*

Сонсын, айналмалы капиталдың тұрақты бөлігі = 1 000 ф. стерлинг болсын. Егер капитал он рет айналыс жасайтын болса, онда капиталист өз товарын, демек, ол товар құнының тұрақты айналмалы бөлігін де, жыл ішінде он рет сатады. Айналыс жасап отырған ақша аумағының белгілі бір құрамды бөлігі (=1 000 ф. ст.) өз иелерінің қолынан капиталистің қолына жылына он рет өтеді. Бұл ақшалар қолдан қолға он рет ауысады. Екіншіден, капиталист жыл бойында өндіріс құрал жабдықтарын он рет сатып алады, мұның өзі тағы да он айналыс актісі, ақшаның бір қолдан екінші қолға тағы он рет ауысуы болады. Өнеркәсіп капиталисі 1 000 ф. стерлинг ақша сомасының көмегімен 10 000 ф. стерлингке товар сатады да, сонан кейін 10 000 ф. стерлингке қайтадан товар сатып алады. 1 000 ф. ст. ақша сомасының жиырма рет айналыс жасауы арқылы 20 000 ф. стерлинг товар запасы айналыс жасайды.

Ақырында, шапшаңдатылған айналыс жағдайында ақшаның қосымша құнды жүзеге асыруға қызмет ететін бөлегі де тез айналыс жасайды.

Ал мұның керісінше: ақшаның неғұрлым тез айналыс жасауы капиталдың неғұрлым тез айналуын сөзсіз керек етпейді, ал сондықтан ақшаның неғұрлым тез айналуын, яғни ұдайы өндіріс процесінің қысқартылуын және неғұрлым тез жаңғыртылуын сөзсіз керек етпейді.

Ақша аумағының көмегімен көптеген сауда-саттық келісімдері жасалғанда ғана ақша неғұрлым тез айналыс жасайды. Мұның өзі капиталдың ұдайы өндірісінің біркелкі кезеңдері жағдайында ақша айналысы техникасында болған өзгерістің салдарынан да болады. Сонсын, ақша айналысы товарлардың шын айырбасының көрінісі болып табылмайтын келісімдер санының (айырмашылығына биржалық келісім жасау, т. т.) көбеюі мүмкін. Екінші жағынан, тіпті ақша айналысы керек болмауы мүмкін. Мысалы, селолық қожайын өзі жер иесі болған жерде арендатор мен жер иесінің арасында ақша айналысы жоқ; өнеркәсіпші капиталистің өзі капитал меншікшісі болған жерде оны мен кредитордың арасында ақша айналысы жоқ.

---

Белгілі бір елде ақша қазынасының алғашқы жасалуына, сонымен қатар оны аздаған адамдардың иемдену процесіне келетін болсақ, онда бұған егжей-тегжейлеп тоқталып жатудың бұл арада қажеті жоқ.

Капиталистік өндіріс әдісі, — мұның базисі жалдама еңбек, ал сондықтан жұмысшының ақысын ақшалай төлеу және те-

гінде заттай төлемдерді ақшалай төлемдерге айналдыру,— айналыс үшін және айналыс туғызатын қазынаның (резерв қорының, т. т.) жасалуы үшін жеткілікті нақты ақша аумағы болған елде ғана біршама кең көлемде дами алады, неғұрлым терең және толық дами алады. Тарихи алғы шарт осындай, бірақ істің мәнін әуелі қазына формасында жеткілікті ақша аумағы жасалуы керек, ал сонан кейін капиталистік өндіріс басталады деген мағынада түсінбеу керек. Капиталистік өндіріс өзіне керекті жағдайлардың дамуымен бірге дамиды, ал ондай жағдайлардың бірі асыл металдардың жеткілікті түрде ұсынылуы болып табылады. Сондықтан XVI ғасырдан бастап асыл металдарды шеттен келтіру капиталистік өндірістің даму тарихындағы елеулі кезең болып табылады. Бірақ әңгіме капиталистік өндіріс әдісі базисінің өзінде ақшалай материалды қосымша ұсыну қажеттігі туралы болып отырғандықтан, бір жағынан, қосымша құн айналысқа өнім түрінде, оны ақшаға айналдыру үшін қажетті ақшасыз салынады, және, екінші жағынан, қосымша құн айналысқа алтын түрінде, өнім алдын ала ақшаға айналдырылмай тұрып салынады.

Ақшаға айналуға тиісті қосымша товарлар ондай айналуға қажетті ақша сомасын енді нақты түрінде табады, өйткені екінші жағынан айырбас арқылы емес, өндірістің өзі айналысқа қосымша алтын (және күміс) салады, сөйтіп ол алтын товарға айналуға тиіс.

## II. ҚОР ЖИНАУ ЖӘНЕ ҰЛҒАЙМАЛЫ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

Қор жинау ұлғаймалы көлемдегі ұдайы өндіріс формасында болатындықтан, ақша айналысы жөнінде оның ешқандай жаңа проблема болып табылмайтындығы айқын.

Ең алдымен үдей өсетін өндіргіш капиталдың қызмет етуі үшін керекті қосымша ақша капиталына келетін болсақ, оны жайғастырылып қойған қосымша құнның белгілі бір капиталист өз табысының ақша формасы ретінде емес, ақша капиталы ретінде айналысқа салатын бөлігі береді. Капиталистердің қолында ақшасы бар да. Тек оның қолданылуы басқаша.

Бірақ қосымша өндіргіш капиталдың қызмет етуінің нәтижесінде айналысқа осы капиталдың өнімі ретінде қосымша товар аумағы салынған. Айналысқа осы қосымша товар аумағымен бірге бір уақытта сол товар аумағын жайғастыру үшін қажетті қосымша ақшаның бір бөлігі салынады,— нақ сондықтан да осы товар аумағының құны сол товар аумағын өндіргенде тұтынылған өндіргіш капиталдың құнына тең. Осы қосымша ақша аумағы тікелей қосымша ақша капиталы ре-

тінде авансыланған болатын, сондықтан әлгі қосымша ақша аумағы капиталиске оның капиталы айналымының нәтижесінде қайта оралады. Бұл жерде біздің алдымызға жоғарыда қойылған сұрақтың дәл өзі тағы да қойылады. Қазір товар формасында болып отырған үстеме қосымша құнды жайғастыру үшін қосымша ақша қайдан алынады?

Жалпы жауап тағы да бұрынғының дәл өзі. Айналыстағы товар аумағының баға сомасының көбею себебі, сол товар аумағының бағасы көтерілгенінен емес, қайта оның себебі, қазір айналыс жасап отырған товарлардың аумағы бұрын айналыс жасаған товарлардың аумағынан көп, ал осы айырым бағалардың төмендеуімен теңгерілмейді. Үлкен құны бар осы көп товар аумағының айналысы үшін керекті қосымша ақша не айналыстағы ақша аумағын неғұрлым үнемді пайдалану жолымен алынуға тиіс,— онда да мұндай үнемділік төлемдердің өзара бірін бірі жабуы, т. т. арқылы бола ма яки белгілі бір ақшаның айналысын шапшандататын шараларды қолдану арқылы бола ма, оның бәрі бір,— ал немесе ақшаны қазына формасынан айналыстағы ақша формасына айналдыру жолымен алынуға тиіс. Бұл соңғы жол пайдаланылмай жатқан ақша капиталының сатып алу қаржысы ретінде яки төлем қаржысы ретінде қызмет ете бастауын ғана қамтып қоймайды, резерв қоры ретінде қызмет етіп отырған ақша капиталының өз иесі үшін әлгіндей қызметті атқара отырып, қоғам үшін белсенді түрде айналыс жасауын ғана (мысалы, банктерге салынғанда, ақша капиталы банктерден үнемі қарызға беріліп отырады) қамтып қоймайды, демек, соның өзінде ол екі түрлі қызмет орындайды,— бұл соңғы монета түрінде іркіліп қалған резерв қорларының неғұрлым үнемді пайдалануын да қамтиды.

«Ақша монета ретінде үнемі ағылып жату үшін, монета ақша түрінде үнемі іркіліп қалып отыруға тиіс. Монетаның үнемі айналыс жасауына оның резервтегі монета қорында азды-көпті мөлшерде үнемі кідіруі себепкер болады, ол қорлар барлық жерлерде айналыс салаларында пайда болады және сонымен қатар айналысқа себепкер болады; осы резерв қорларының жасалуы, бөлінуі, жоғалып кетуі және жаңғыртылуы үнемі өзгеріп отырады, олардың өмір сүруі үнемі жоғалып кетіп отырады, олардың жоғалып кетуі үнемі болып отырады. Адам Смит монетаның ақшаға, ақшаның монетаға осы толассыз айналып жататынын былайша көрсетті: әрбір товар иесінде өзі сататын ерекше товармен қатар жалпылық товардың белгілі сомасының запасы үнемі болуға тиіс, ол осы сомаға өзі сатып алады. Біз  $T - A - T$  айналысында екінші мүше

*A — T* бірқатар сатып алуларға бөлінетіндігін көрдік, олар бірден болмайды, уақыты жағынан бірте-бірте болады, сөйтіп *A*-ның бір бөлігі монета ретінде айналыс жасайды, ал бұл уақытта екінші бөлігі ақша ретінде қозғалыссыз жатады. Бұл жерде ақша шын мәнісіне келгенде тек кейінге қалдырылған монета, ал айналыстағы монета аумағының жеке құрамды бөліктері әрқашан бірде бір формада, енді бірде екінші формада алма-кезек көрініп отырады. Демек, айналыс қаржысының ақшаға осы бірінші айналуы ақша айналысының өзінің техникалық кезеңі ғана болып табылады» (Карл Маркс. «Саяси экономия сынына». Берлин, 1859, 105, 106-беттер<sup>69</sup>.— Бұл жерде, ақшаның басқа қызметтеріне қарама-қарсы, айналыстың жай құралы ретінде қызмет етіп отырған ақшаны белгілеу үшін «монета» термині «ақша» терминіне қарама-қарсы қолданылып отыр).

Бұл қаржылардың бәрі жеткіліксіз болып шыққандықтан, қосымша алтын өндірілуге тиіс, яки — бұл да осыған келіп тіреледі — қосымша өнімнің бір бөлігі асыл металдар өндіретін елдердің алтынына, өніміне тікелей яки жанамалай айыр-басталады.

Айналыстың құралдары ретінде алтын мен күмісті жыл сайын өндіруге жұмсалған жұмыс күші мен қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарының бүкіл жиынтығы капиталистік өндіріс әдісінің және тегінде товар өндірісіне негізделген өндіріс әдісі атаулының барлық *faux frais* \*-нің ірі статьясын құрайды. Айналыс құралы ретінде алтын мен күмістің осы өндірілуі мүмкін болатын қосымша өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарының, яғни шын байлықтың тиісті жиынтығын қоғамның пайдалануынан бұрып әкетеді. Өндірістің өзгерілмейтін белгілі бір көлемі жағдайында немесе оның ұлғаюының белгілі бір дәрежесі жағдайында айналыстың осы қымбат тұратын механизміне шығатын шығындар азаятындықтан, осының нәтижесінде қоғамдық еңбектің өндіргіш күші артады. Демек, ондай ықпалды кредит системасымен бірге дамитын көмекші құралдар жасайтындықтан, олар капиталистік байлықты тікелей көбейтеді — не оның себебі: осының нәтижесінде қоғамдық өндіріс процесінің және қоғамдық еңбек процесінің үлкен бөлігі нағыз ақшаның қандайда бір қатысынсыз болады немесе айналыста нағыз болып отырған ақша аумағының қызмет ету қабілеті артады.

Кредит системасы болмайынша (егер оны тіпті тек *осы* тұрғыдан қарағанның өзінде), яғни бір ғана металл айналысы тұ-

\* — өнім бермейтін шығындарының. *Ред.*

сында капиталистік өндіріс өзінің қазіргі көлемінде болуы мүмкін болар ма еді деген қисынсыз мәселе де осымен шешіледі. Сөз жоқ, болмас еді. Оның керісінше, капиталистік өндіріс асыл металдар өндіру мөлшерімен тежеулі болар еді. Екінші жағынан, кредиттің өндіргіш күші туралы ешқандай жалған түсініктер туғызбау керек, өйткені ол тек ақша капиталын ғана пайдалануға береді яки оны қозғалысқа келтіреді. Алайда бұл пікірді бұл жерде онан әрі дамыту орынсыз.

Біз енді іс жүзінде қорлану болмайтын, яғни өндіріс көлемі тікелей ұлғаймайтын, бірақ жайғастырылған қосымша құнның бір бөлігі кейіннен өндіргіш капиталға айналу үшін аздықөпті уақыт ішінде ақшаның резерв қоры түрінде қорланатын жағдайды қарастыруға тиіспіз.

Осылайша қорланатын ақша қосымша ақша болғандықтан, мәселе өзінен өзі түсінікті. Ол алтын өндіретін елдерден әкелінген басы артық алтынның бір бөлігі ғана болуы мүмкін. Бұл арада мынаны айта кету керек: бұл елде осы әкелінген алтынға төлеу болған ұлттық өнім енді жоқ. Ол алтынға айыр-басталып шетелге шығарылған болатын.

Мұның керісінше, егер ел ішінде ақшаның бұрынғы аумағы айналыс жасайды деп ұйғарсақ, онда қорланған және қорланатын ақша айналыс арналарынан қайта құйылады; оның тек қызметі өзгереді. Ол айналыстағы ақшадан бірте-бірте құралатын, бүркемелі ақша капиталына айналады.

Бұл жағдайда қорланатын ақша сатылған товардың ақша формасы, атап айтқанда, товар құны оның товар иесіне қосымша құн болып табылатын бөлігінің ақша формасы (бұл жерде кредит системасы жоқ деп ұйғарылады). Бұл ақшаны жинаған капиталист *pro tanto* \* сатты, бірақ сатып алмайды.

Бұл процесс, егер оны кездейсоқ жағдай деп түсінсек, ешқандай түсіндіріп жатуды керек етпейді. Капиталистердің бір бөлегі өнімін сатудан түскен ақшаның біразын сақтайды, оған рыноктан өнім сатып алмайды. Мұның керісінше, капиталистердің басқа бір бөлегі өндірісті жүргізуге қажетті, үнемі қайтып оралатын ақша капиталын қоспағанда, барлық өз ақшасын өнімге айналдырады. Қосымша құн бейнесі бар және рынокқа салынатын өнімінің бір бөлігі өндіріс құрал-жабдықтарынан немесе өзгермелі капиталдың нақты бар элементтерінен, яғни қажетті тіршілік заттарынан құралады. Демек, өнімінің бұл бөлегі өндірісті ұлғайту үшін дереу қызмет ете алады.

\* — тиісінше. *Ред.*

Өйткені біз капиталистердің бір бөлегі ақша капиталын жинап жатқанда, капиталистердің басқа бір бөлегі өзінің бүкіл қосымша құнын түгелдей тұтынады деп әсте ұйғармаймыз; біз тек былай деп ұйғарамыз: капиталистердің бір бөлегі капиталды ақша формасында жинайды, бүркемелі ақша капиталын жасайды, ал капиталистердің басқа бір бөлегі іс жүзінде жинайды, яғни өндіріс көлемін кеңейтеді, өзінің өндіргіш капиталын шын мәнісінде көбейтеді. Қолдағы нақты ақша аумағы айналыс керегі үшін жеткілікті болып шығады, тіпті егер алма-кезек капиталистердің бір бөлегі ақша жинап, басқа бір бөлегі өндіріс көлемін кеңейтіп отырғанда да, мұның керісінше болғанда да жеткілікті болып шығады. Оның үстіне бір жағында ақша нақты ақшасыз да, тек борыш талаптарын жинау арқылы қорлануы мүмкін.

Біз ақша капиталының қорлануын кездейсоқ жағдай деп ұйғармай, капиталистер табы үшін жалпылама жағдай деп ұйғарғанда қиыншылық туады. Біздің ұйғаруымыз бойынша, яғни капиталистік өндірістің жаппай және ерекше үстемдігін ұйғарғанда, жалпы алғанда, капиталистер табынан басқа тек жұмысшылар табы ғана болмаса, басқа ешқандай тап жоқ. Жұмысшы табының сатып алатын нәрсесінің бәрі оның жал-ақысының сомасына тең, бүкіл капиталистер табы авансылаған өзгермелі капиталдың сомасына тең. Бұл ақша капиталистерге олардың өнімінің жұмысшы табына сатылуы арқылы қайтып оралады. Осының нәтижесінде олардың өзгермелі капиталы өзінің ақша формасын қайтадан алады. Өзгермелі капиталдың, яғни авансыланбаған, бірақ жыл бойында іс жүзінде қолданылған өзгермелі капиталдың сомасы  $X\text{-ке} \times 100$  ф. ст. тең екен делік: жыл бойында құны сондай өзгермелі капитал авансылау үшін — айналымның шапшаңдығына байланысты — ақша көп яки аз керек бола ма, мұның бұл жерде қарастырылып отырған мәселе үшін ешқандай маңызы жоқ. Осы  $100$  ф. ст.  $\times X$  капиталға капиталистер табы жұмыс күшінің белгілі аумағын сатып алады, немесе жұмысшылардың белгілі бір санына жалақы төлейді, яғни бірінші келісім жасалады. Жұмысшылар нақ осы сомаға капиталистерден біраз мөлшерде товар сатып алады, сөйтіп  $X\text{-ке} \times 100$  ф. ст. капиталистердің қолына қайтып келеді, яғни екінші келісім жасалады. Ал мұның өзі ұдайы қайталанып отырады. Демек  $X\text{-ке} \times 100$  ф. ст. сомасы өнімінің капиталистер табының қосымша құны болып табылатын бөлігі туралы сөз қылмағанның өзінде, оның тұрақты капитал болып табылатын бөлігін жұмысшы табының сатып алуына мүмкіндік бермейді. Жұмысшылар  $X\text{-ке} \times 100$  ф. ст. сомаға әрқашан да қоғамдық өнім құнының



бір бөлігін — авансыланған өзгермелі капиталдың құны болып табылатын құнының бір бөлігіне тең бөлігін ғана сатып ала алады.

Ақшаның барлық жерде осылай қорлануының қосымша түрде тасып әкелінген асыл металдың неше алуан жеке капиталистердің арасында бөлінуінен — онда да қандай пропорцияда болса да бәрібір бөлінуінен — басқа ештемені көрсетпейтін жағдайды былай қоямыз. Бұл ретте бүкіл капиталистер табы ақша қорын қалайша жинайды?

Олардың бәрі өз өнімдерінің бір бөлігін сатып, оның орнына ештеңе сатып алмайтын болар еді. Олардың белгілі мөлшерде ақша қоры бар екендігінде, әрине, ешқандай жасырын сыр жоқ, олар ол қорды өзінің тұтыну мақсатында айналыс қаржысы ретінде жұмсап, оны айналысқа салады, ал сонсын олардың әрқайсысы айналыстан осы қордың белгілі бөлегін қайтадан алады. Бірақ мұндай ретте бұл ақша қоры тіпті де бүркемелі ақша капиталы ретінде емес, қосымша құнды ақшаға айналдыру нәтижесінде жасалған айналыс қоры ретінде өмір сүреді.

Істің мәнін оның шындықта болатын қалпында қарастыратын болсақ, онда бұдан әрі қолдану үшін жиналатын бүркемелі ақша капиталы мынадан құралады:

1) Банктерге салынған ақшалардан құралады. Бұл салулы ақшалар банктегі нақты бар ақшаның біршама болмашы сомасы ғана болып табылады. Бұл ретте ақша капиталы номиналь түрде ғана қорланады. Бұл арада шын мәнісінде қорланатын нәрсе, ол ақшаға деген талаптар, бұл талаптар ақшаға тек мына жағдайда ғана айналады (егер бұл талаптар әйтеуір бір уақытта ақшаға айналатын болса): банктегі салулы ақшалар сомасы мен салулы ақша иелері талап еткен ақша сомасының арасында тепе-теңдік болғанда ғана айналады. Ал банкте ақша түрінде біршама шағын ғана сома болады.

2) Мемлекеттік бағалы қағаздардан құралады. Бұл бағалы қағаздар жалпы алғанда капитал емес, ұлттың жылдық өніміне деген борыш талаптары ғана.

3) Акциялардан құралады. Іс тек қана жалдаптық іс болмағандықтан, акциялар пәлендей бір корпорацияға тиісті нақты капиталды иелену титулы және осы капитал жыл сайын беретін қосымша құнды алуға деген куәлік болып табылады.

Бұл реттердің бәрінде де ақша ешқандай қорланбайды; бір жақта ақша капиталының қорлануы болған нәрсе, екінші жақта ақшаның үнемі нақты жұмсалуды болып шығады. Ақшаны оның өз иесі жұмсай ма, яки оған борышты басқа біреу жұмсай ма, мұнан істің мәні ешбір өзгермейді.

Капиталистік өндірістің негізінде қазынаның жасалуы жекелеп алғанда ешқашан көзделген мақсат болып табылмайды; оның жасалуы айналыстағы кідірістің не нәтижесі болып табылады,— сол кідіріс жағдайында әдеттегіден гөрі көп ақша қазына формасын алады,— немесе капитал айналымы себепкер болған қорланудың нәтижесі болып табылады не, ақырында, қазына өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаруға арналған ақша капиталының — әзірше бүркемелі түрде — жасалуы ғана болып табылады.

Сондықтан, бір жағынан, егер ақша формасында орналас-тырылған қосымша құнның бір бөлігі айналыстан алынып, қазына ретінде жиналатын болса, онда екінші жағынан, қосымша құнның басқа бір бөлігі сонымен қатар өндіргіш капиталға айналады. Капиталистер табының арасында қосымша асыл металдың бөлінетін жағдайын қоспағанда, капитал ақша формасында барлық пункттері жағынан ешқашан да бір мезгілде қорланбайды.

Жылдық өнімнің товар формасындағы қосымша құн болып табылатын бөлігі жөнінде айтылғанның бәрі жылдық өнімнің басқа бөлігі жөнінде де шындық. Соңғының айналысы үшін ақшаның белгілі сомасы керек болады. Бұл ақша сомасы да жыл сайын өндірілетін, қосымша құн болып саналатын товар аумағы сияқты, капиталистер табына тиісті. Ақшаның бұл сомасын айналысқа алғашқыда капиталистер табының өзі салады. Ол сома айналыс процесінің өзі арқылы капиталистер арасында үнемі қайта-қайта бөлініп отырады. Затында монеталар айналысы тұсында болатыны сияқты, бұл ақша сомасының бір бөлегі біресе бір пунктте, біресе екінші пунктте үнемі кідіреді, ал оның екінші бөлігі үздіксіз айналыс жасайды. Егер мұндай қорлану ақша капиталын жасау мақсатымен ішінара әдейі жасалса, онан істің мәні ешқандай өзгермейді.

Бұл жерде біз бір капиталистің екінші бір капиталистің қосымша құнының үлесін және тіпті капиталының да бір бөлігін қармап алатын, ал сондықтан сыңаржақты қорлану мен ақша капиталының да, сондай-ақ өндіргіш капиталдың да шоғырланатын айналыс саласындағы ерекше жағдайды былай қалдырамыз. Сөйтіп, мысалы, капиталист *A* иемденіп, ақша капиталы ретінде қор етіп жинайтын қосымша құнның бір бөлігі капиталист *B*-нің қосымша құнының үлесі бола алады, ол енді капиталист *B*-ге қайтып оралмайды.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

# БҮКІЛ ҚОҒАМДЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРІСІ МЕН АЙНАЛЫСЫ

ОН СЕГІЗІНШІ ТАРАУ<sup>34)</sup>

## КІРІСПЕ

## I. ЗЕРТТЕУ ПРЕДМЕТИ

Капитал өндірісінің тікелей процесі — еңбек процесі және капитал құнын көбейту процесі, яғни товарлық өнім түрінде нәтиже беретін процесс, ал оның шешуші бағдары — қосымша құн өндіру.

Капиталдың ұдайы өндіріс процесі өндірістің осы тікелей процесін де, нақ айналыс процесінің екі кезеңін де қамтиды, яғни капиталдың ұдайы өндіріс процесі бүкіл ауыспалы айналымды қамтиды, ал мұның өзі, мерзімді процесс ретінде,— яғни белгілібір уақыт мерзімдерінен кейін ылғи қайталанып отыратын процесс ретінде,— капиталдың айналымы болып табылады.

Ауыспалы айналымды біз  $A...A'$  формасында алып қарасақ та, яки  $\Theta... \Theta$  формасында алып қарасақ та тікелей өндіріс процесі,  $\Theta$ , қашан да болсын осы ауыспалы айналымның бір буыны ғана. Бір формада өндіріс процесі айналыс процесіне дәнекер болса, екінші бір формада айналыс процесі өндіріс процесіне дәнекер болады. Өндіріс процесінің үнемі жаңғырып отыруы, капиталдың өндіргіш капитал формасында үнемі қайта-қайта көрінуі екі жағдайда да оның айналыс процесінде өзгеріске ұшырауына байланысты. Екінші жағынан, үнемі жаңғырып отыратын өндіріс процесі капиталдың айналыс саласында үнемі қайта-қайта өзгеріске ұшырауының шарты, яғни оның алма-кезек біресе ақша капиталы формасында, біресе товарлық капитал формасында көрінуінің шарты болып табылады.

<sup>34)</sup> II қолжазбадан.

Алайда әрбір жеке капиталистің капиталистер табының жеке-дара элементі болып табылатыны сияқты, әрбір жеке капитал бүкіл қоғамдық капиталдың оқшауланған, былайша айтқанда, өзіне дара өмір дарыған бір бөлшегі ғана. Қоғамдық капиталдың қозғалысы оның оқшауланған бөлшектері қозғалыстарының бүкіл жиынтығынан, жеке-дара капиталдар айналымдарының бүкіл жиынтығынан құралады. Жеке товардың метаморфозы товар дүниесінің, яғни товар айналысының метаморфоздары тізбегіндегі бір буын болып табылады, дәл сол сияқты жеке-дара капиталдың метаморфозы, оның айналымы, қоғамдық капиталдың ауыспалы айналымындағы бір буын болып табылады.

Бүкіл осы процесс тұтас алғанда әрі өндірмелі тұтынуды (тікелей өндіріс процесін), сонымен бірге оған дәнекер болатын форма өзгерістерін (егер мәселені зат жағынан алып қарайтын болсақ, айырбастарды), әрі жеке адам тұтынуын, сонымен бірге оған дәнекер болатын форма өзгерістерін немесе айырбастарды қамтиды. Мұның өзі, бір жағынан өзгермелі капиталдың жұмыс күшіне айналуын, сондықтан жұмыс күшінің капиталистік өндіріс процесіне енуін де қамтиды. Жұмысшы бұл арада өз товарын — жұмыс күшін — сатушы ретінде, ал капиталист оны сатып алушы ретінде көрінеді. Бірақ, екінші жағынан, товарды сатуға жұмысшы табының сол товарды сатып алуы да, демек, оның жеке тұтынуы да кіреді. Жұмысшы табы бұл арада сатып алушы ретінде, ал капиталистер жұмысшыларға товар сатушылар ретінде көрінеді.

Товарлық капитал айналысына қосымша құн айналысы да, демек, капиталистердің жеке тұтынуын, қосымша құнды тұтынуын жүзеге асыратын сатып алу және сату әрекеттері де кіреді.

Демек, жеке-дара капиталдардың қоғамдық капиталға біріккендегі, яғни оның бүкіл жиынтығындағы, ауыспалы айналымы капиталдың айналысын ғана қамтып қоймай, жалпы товар айналысын да қамтиды. Соңғысы алғашында мынадай құрамдас екі бөліктен ғана құралуы мүмкін: 1) капиталдың дәл өзінің ауыспалы айналымынан құралады және 2) жеке тұтынуға кіретін товарлардың, яғни жұмысшы өзінің жалақысын, ал капиталист өзінің қосымша құнын (немесе қосымша құнының бір бөлегін) жұмсайтын товарлардың ауыспалы айналымынан құралады. Қалай болғанда да капиталдың ауыспалы айналымы товарлық капиталдың бір бөлегі болып табылатын қосымша құнның айналысын да қамтиды, сонымен қатар өзгермелі капиталдың жұмыс күшіне айналуын, жалақының төленуін де қамтиды. Бірақ осы қосымша құн мен

жалақының товарға жұмсалуды капиталдың айналысындағы буын бола қоймайды, тіпті жалақының жұмсалуды осы айналысқа себепкер болатыны мұнда есеп емес.

I кітапта капиталистік өндіріс процесі жеке әрекет ретінде де, ұдайы өндіріс процесі ретінде де талданған болатын, қосымша құнның өндірілуі және капиталдың өзінің өндірілуі талданған болатын. Айналыс саласында капиталға ұшырайтын формалар ауысуы мен заттар айырбасын біз алғышарт ретінде алып, оған толық тоқталған жоқпыз. Демек, бір жағынан, капиталист өнімін оның құны бойынша сатады, екінші жағынан, процесі жаңғырту үшін немесе оны үздіксіз жүргізе беру үшін қажетті өндірістің материалдық құрал-жабдықтарын ол айналыс саласынан табады деп ұйғарылған-ды. Онда біз тоқталып өтуге тиіс болған айналыс саласындағы бірден-бір әрекет капиталистік өндірістің негізгі шарты — жұмыс күшін сатып алу және сату әрекеті еді.

Осы II кітаптың бірінші бөлімінде біз капитал өзінің ауыспалы айналымында алатын түрлі формаларды және осы ауыспалы айналымның өзінің түрлі формаларын алып қарадық. I кітапта қарастырылған жұмыс уақытына енді айналыс уақыты келіп қосылды.

Екінші бөлімде біз капиталдың ауыспалы айналымын мерзімді ауыспалы айналым ретінде, яғни капиталдың айналымы ретінде алып қарадық. Оның үстіне, бір жағынан, капиталдың түрліше құрамдас бөліктерінің (негізгі және айналым капиталдың) түрлі-түрлі мерзім ішінде, түрліше жолмен формалардың ауыспалы айналымынан қалай өтетіндігі көрсетілді; екінші жағынан, жұмыс дәуірі мен айналыс дәуірінің ұзақтығын түрліше ететін жағдайлар зерттелді. Біз ауыспалы айналым дәуірі мен оның құрамдас бөліктерінің түрліше арасалмағы әрі өндіріс процесінің өзінің аумағына, әрі қосымша құнның жылдық нормасына қандай әсер ететінін көрсеттік. Шынында да, егер бірінші бөлімде көбінесе өзінің ауыспалы айналымында капиталдың ұдайы алатын және өзгертіп отыратын дәйекті формалары қаралған болса, екінші бөлімде біз формалардың осы қозғалысы мен дәйекті ауысуында белгілі бір шамадағы капиталдың бір мезгілде, рас, өзгермелі арасалмақта, түрлі формаларға: өндіргіш капиталға, ақша капиталына және товарлық капиталға бөлінетінін, оның бержағында бұл формалардың бір-бірімен алма-кезек ауысып қана қоймайтынын, сонымен қатар бүкіл капитал құнының түрлі бөліктері үнемі жұбын жазбай, осындай түрліше жағдайларда әрекет ететінін қарастырып өттік. Атап айтқанда, ақша капиталының мұнда көрінген ерекшелігі I кітапта көрсетілмеген

болатын. Мұнда белгілібір заңдар анықталды; бұл заңдарға сәйкес шамасы жағынан,— айналым шарттарына қарай,— түрліше болып келетін сол капиталдың құрамды бөліктері осы мөлшердегі өндіргіш капиталдың үздіксіз әрекет етуі үшін ақша капиталы формасында үнемі авансқа беріліп, жаңғыртылып отыруға тиіс.

Алайда бірінші бөлімде де, екінші бөлімде де әңгіме ылғи дара капитал туралы, қоғамдық капиталдың оқшауланған бөлегінің қозғалысы туралы ғана әңгіме болып отырды.

Ал дара капиталдардың ауыспалы айналымдары бір-бірімен астарласып, біріне бірі дәнекер, себепкер болып отырады және нақ осылайша астарласу арқасында бүкіл қоғамдық капиталдың қозғалысын туғызады. Жәй товар айналысы тұсында товардың бүкіл метаморфозы товарлар дүниесі метаморфозаларының тізбегіндегі бір буын болғаны сияқты, енді дара капиталдың метаморфозы қоғамдық капиталдың метаморфоздары тізбегіндегі буын болып табылады. Ал егер жәй товар айналысы, капиталистік емес өндіріс негізінде жүре алатыны себепті, капитал айналысын міндетті түрде әсте қамтымаған болса, бүкіл қоғамдық капиталдың ауыспалы айналымы, жоғарыда көрсетілгендей, жеке капиталдың ауыспалы айналымы саласынан тысқары жүріп отыратын товар айналысын да қамтиды, яғни капитал емес товарлардың айналысын да қамтиды.

Біз енді бүкіл қоғамдық капиталдың құрамдас бөліктері ретіндегі дара капиталдардың айналыс процесін (ал мұның жиынтығы ұдайы өндіріс процесінің формасы болып табылады) алып қарауға, яғни бүкіл қоғамдық капитал айналысының процесін алып қарауға көшуге тиіспіз.

## II. АҚША КАПИТАЛЫНЫҢ РОЛІ

{Төмендегі пікірлер осы бөлімде кейінірек айтылатын әңгімеге жататын болса да, біз ақша капиталын зерттеуді қазірден бастамақшымыз, атап айтқанда оны бүкіл қоғамдық капиталдың құрамдас бөлігі ретінде зерттемекшіміз.}

Дара капиталдың айналымын алып қараған кезде ақша капиталының екі жағы әйгіленді.

Біріншіден, мұның өзі әрбір дара капитал жарыққа шығатын, капитал ретінде өзінің процесін бастайтын формада болады. Сондықтан ол бүкіл процеске қозғау салатын *primus motor* \* ретінде көрінеді.

Екіншіден, айналым дәуірінің түрлі ұзақтығына және оның

\* — бастапқы қозғауыш. *Ред.*

құрамдас екі бөлігінің — жұмыс дәуірі мен айналыс дәуірінің — арасындағы түрлі қатынастарға қарай ақша формасында үнемі авансқа беріліп, жаңғыртылып отыруға тиісті авансталған капитал құнының құрамдас бөлігінің относительдік шамасы да өзгереді: оның өзі қимылға келтіретін өндіргіш капитал жөніндегі, яғни өндірістің өзгеріссіз аумағы жөніндегі шамасы өзгереді. Бірақ бұл қатынас қандай болғанымен, авансталған капитал құнының өндіргіш капиталмен қатар ақшалай формада үнемі болып отыруға тиісті бөлегі қозғалыстағы капитал құнының өндіргіш капитал ретінде үнемі әрекет ете алатын бөлегіне барлық жағдайда да шек қойып отырады. Бұл арада тек қалыпты айналым туралы, абстрактылы орташа тура туралы ғана әңгіме болып отыр. Оның бержағында біз айналыс процесіндегі кемістіктерді түзету үшін қажетті қосымша ақша капиталын былай қойып отырмыз.

*Бірінші тармаққа.* Товар өндірісі товар айналысын керек етеді, ал товар айналысы товардың ақша түрінде өзіне тұлға табуын керек етеді, ақша айналысын керек етеді; товардың товар және ақша болып екіге бөлінуі — өнімнің товар ретінде көрінуі заңы. Дәл сол сияқты капиталистік товар өндірісі, — біз оны қоғам тұрғысынан алып қараймыз ба, әлде дара адам тұрғысынан алып қараймыз ба, оның бәрі бір, — капиталдың ақшалай формада өмір сүруін, яғни жаңадан туатын әрбір кәсіпорын үшін *primus motor* ретінде және оның түпкілікті қозғаушысы ретінде өмір сүруін керек етеді. Айналымды капиталдың ерекше бір талабы — қысқа мерзімді кесімді уақыт ішінде ақша капиталы қозғаушы ретінде үнемі қайта-қайта көрініп отырады. Бүкіл авансталған капитал құнын, яғни товарлардан құралған капиталдың барлық құрамдас бөліктерін — жұмыс күшін, еңбек құралдарын және өндірістік материалдарды — үнемі қайта-қайта ақшаға сатып алуға тура келеді. Бұл арада дара капитал туралы айтылып отырған әңгіменің көптеген дара капиталдар формасында ғана әрекет етуші қоғамдық капиталға да қатысы бар. Бірақ, I кітапта көрсетілгеніндей, бұдан капиталдың әрекет ету өрісі, өндірістің аумағы, тіпті капиталистік базисте де өзінің *абсолюттік* шектері жағынан әрекет етуші ақша капиталының мөлшеріне байланысты екен деп қорытынды жасауға әсте болмайды.

Өндіргіш капиталға өндіріс элементтерінің шамасы, белгілі шеңберде, авансталған ақша капиталының шамасына байланысты емес өндіріс элементтері кіреді. Жұмыс күшіне бірдей ақы төлегенде оны экстенсивті немесе интенсивті түрде неғұрлым қатты қанауға болады. Егер осындай неғұрлым қатты қанау кезінде ақша капиталы да артатын болса (яғни жалақы

өсетін болса), онда ол қанаудың күшеюіне пропорциялы түрде артпайды, демек, оның өсуі әсте *pro tanto* \* болмайды.

Табиғаттың өнімді түрде пайдаланылатын, бірақ капитал құнының элементі болмайтын материалының — жер, теңіз, рудалар, орман, т. т., белгілібір мөлшердегі жұмыс күштерін көбірек қарыштап жұмсаған күнде авансталған ақша капиталын көбейтпей-ақ интенсивті немесе экстенсивті түрде неғұрлым үдете пайдалануға болады. Сонымен, өндіргіш капиталдың нақтылы элементтерінің шамасы қосымша ақша капиталын жұмсауды керек етпей-ақ өсе береді. Ал егер мұның өзі қосымша көмекші материалдарға керек бола қалса, онда капитал құны авансқа берілетін формадағы ақша капиталының өсуі өндіргіш капитал тиімділігінің артуына пропорциялы болмайды, демек, оның өсуі әсте *pro tanto* бола қоймайды.

Белгілібір еңбек құралдарын, яғни белгілібір негізгі капиталды, оны жыл сайын қолдану уақытын ұзарту арқылы да, оны қолдану интенсивтілігін арттыру арқылы да неғұрлым тиімді пайдалануға болады, оның бержағында бұл үшін негізгі капиталға қосымша ақша жұмсаудың қажеті жоқ. Бұл ретте негізгі капиталдың айналымы тек неғұрлым шапшаңдай түседі, бірақ оның есесіне негізгі капиталды ұдайы өндіру элементтері де тезірек жеткізілетін болады.

Табиғат материалдарын былай қойғанда, өндіріс процесіне азды-көпті нәтижелі әсер ететін агенттер ретінде табиғат күштерінің де қосылуы мүмкін, ал бұл күштер капиталиске мүлде тегін түседі. Бұлардың тиімділік дәрежесі бұларды қолдану әдістеріне және ғылым прогресіне байланысты; бұлар да капиталиске тегін келеді.

Өндіріс процесінде жұмыс күшін қоғамдастырып ұштастыру және жеке жұмысшылар жинаған шеберлік жөнінде де осыны айтуға болады. Қэридің есебінше, жер меншікшісі ешқашан да жеткілікті ақы алмайды, өйткені жердің құнарлылығын қазіргі дәрежесіне жеткізу үшін атам заманнан бері сол жерге жұмсалып келе жатқан капитал, тиісінше еңбек те оған толық төленбейді. (Әрине, жердің жоғалтатын құнарлылығы ауызға да алынбайды.) Осыған сәйкес әрбір жеке жұмысшы тағы адамды осы заманғы жұмысшы-механикке айналдыру үшін барша адамзаттың жұмсаған еңбегіне қарай ақы алуға тиісті болар еді. Дәл мұның керісінше ой тоғытқан жөн болар еді: егер жерге жұмсалған, бірақ жер меншікшісі мен капиталист ақшаға айналдырған, жерге сіңірілген бүкіл төлеусіз еңбекті есептеп көрсек, онда олардың жерге жұмсаған капи-

\* — сол мөлшерде. Ред.



талы өздеріне сан рет, оның үстіне өсімқорлық проценттерімен қоса төленген болып шығады; сөйтіп жер меншігінің құнын қоғам әлдеқашан және сан рет өтеген болып шығады.

Рас, еңбектің өндіргіш күшінің артуы, мұның өзі капитал құндарын қосымша жұмсауды керек етпейтіндіктен, ең алдымен өнімнің аумағын ғана молайтады, бірақ оның құнын арттырмайды; ал еңбектің өндіргіш күшінің артуы сол мөлшердегі еңбек арқылы тұрақты капиталды көбірек өндіруге, демек, көбірек капиталдың құнын сақтауға да мүмкіндік беретін болса, әңгіме басқаша. Бірақ сонымен бірге еңбектің өндіргіш күшінің артуы капитал үшін жаңа материал жасайды, демек, капитал қорын көбейту үшін базис жасайды.

Қоғамдық еңбекті ұйымдастырудың өзі, содан барып еңбектің қоғамдық өндіргіш күшін арттыру ісі де өндірістің кең көлемде жүргізілуін және жеке капиталистердің көптеген ақша капиталын авансқа беруін керек ететіндіктен, мұның өзі ішінара капиталдарды аздаған адамдардың қолында орталықтандыру арқылы жүргізілетіні, оның бержағында әрекет етуші капитал құндары мөлшерінің, демек, осы құндарды авансқа беру формасы ретіндегі ақша капиталы мөлшерінің де абсолюттік көбеюі мұнда ешбір қажетсіз екені I кітапта-ақ көрсетілген болатын.<sup>70</sup> Жеке капиталдардың шамасы бұларды аздаған адамдардың қолында орталықтандыру арқылы өсе алады, ал бұл капиталдардың қоғамдық сомасы мұнымен бір мезгілде өсе қоймайды. Мұның өзі жеке капиталдар бөлінісінің өзгеруі ғана болмақ.

Ақырында, бұдан бұрынғы бөлімде көрсетілгеніндей, айналым дәуірінің ұзақтығын кемітудің өзі азырақ ақша капиталымен нақ сол өндіргіш капиталды қимылға келтіруге, яки нақ сол ақша капиталымен көбірек өндіргіш капиталды қимылға келтіруге мүмкіндік береді.

Алайда, дәл ақша капиталы жөніндегі мәселеге мұның ешқандай қатысы жоқ екені анық. Бұл тек мынаны ғана көрсетеді: авансталған капитал, — өзінің еркін формасында, құн формасында, белгілі ақша сомасынан құралатын осы құн сомасы, — өзі өндіргіш капиталға айналғаннан кейін оның бойында өндіргіш потенциялар болады; ал бұлардың шектері құнның шамасына байланысты емес, бірақ бұлар белгілі бір шеңберде түрліше экстенсивті немесе интенсивті дәрежеде әрекет ете алады. Егер өндіріс элементтерінің — өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшінің — бағалары анық болса, онда товарлар түрінде кездесетін бұл өндіріс элементтерін белгілі мөлшерде сатып алу үшін қажетті ақша капиталының шамасы осы арқылы анықталған болып шығады. Басқаша айт-

қанда, авансқа беруге тура келетін капитал құнының шамасы осы арқылы анықталған болып шығады. Бірақ құн мен өнім жасаушы фактор ретінде әрекет ететін бұл капиталдың мөлшері құбылмалы да өзгермелі келеді.

*Екінші тармаққа.* Өзінен өзі түсінікті, қоғамдық еңбек пен өндіріс құрал-жабдықтарының тозған монетаның орнын толтыру мақсатымен ақша өндіруге немесе сатып алуға жыл сайын жұмсалуға тиісті бөлегі *pro tanto* қоғамдық өндірістен шыққан шығын болып табылады. Ал енді ішінара айналыс құралдары, ішінара қазына формасында әрекет ететін ақша құнын алатын болсақ,— мұның өзі бар болып шыққаннан кейін, қолға келіп түскеннен кейін,— ол жұмыс күшімен, өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарымен және табиғи байлық көздерімен қатар өмір сүреді. Оны осы соңғыларға шек қоятын нәрсе, деп санауға болмайды. Оны өндіріс элементтеріне айналдыру арқылы, басқа елдермен екі арада айырбастау арқылы өндіріс аумағын кеңейтуге болар еді. Алайда оның бір шарты — ақша бұл ретте, бұрынғысынша, дүние жүзілік ақшаның ролін атқаруға тиіс.

Айналым дәуірінің ұзақтығына қарай өндіргіш капиталды қимылға келтіру үшін азды-көпті мөлшерде ақша капиталы керек болады. Дәл сол сияқты біз айналым дәуірінің жұмыс дәуірі және айналыс уақыты болып әйгілі бөлінуі ақша формасындағы бүркеулі капиталды, яғни, басқаша айтқанда, қолданылуы кейінге қалдырылған капиталды көбейтуге себепкер болатынын көрдік.

Айналым дәуірі жұмыс дәуірінің ұзақтығына қаншалықты байланысты болса, басқа өзгеріссіз жағдайларда, өндіріс процесінің материалдық жаратылысына ол соншалықты байланысты, демек, ол осы өндіріс процесінің дербес қоғамдық сипатына байланысты емес. Алайда капиталистік өндіріс негізінде ұзаққа созылатын біршама кең операциялар неғұрлым ұзақ уақытқа неғұрлым мол ақша капиталын аванстауға себепкер болады. Демек, мұндай саладағы өндіріс жеке капиталистің қолындағы ақша капиталының мөлшер шеңберіне байланысты. Кредит системасы және осыған байланысты ассоциациялау, мәселен, акционерлік қоғамдар бұл шеңберді кеңейте түседі. Сондықтан ақша рыногында болатын берекетсіздіктер мұндай кәсіпорындардың іс-әрекетін тоқтатып тастайды, ал осы соңғылар да, өз тарапынан ақша рыногында берекетсіздіктер туғызады.

Қоғамдық өндіріс негізінде ұзақ уақытқа жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын іске қосатын, бірақ бұл уақыттың ішінде пайдалы нәтиже ретінде ешқандай өнім бере қоймай-

тын операцияларды жүргізуге боларлық шеңберді анықтау қажет; үнемі немесе жыл бойында бірнеше рет жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын іске қосып қана қоймай, сонымен қатар тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтарын да беретін өндіріс тарауларына нұқсан келтірмей-ақ бұл операцияларды қай көлемде жүргізуге болатынын анықтау қажет. Капиталистік өндіріс тұсындағы сияқты, қоғамдық өндіріс тұсында да жұмыс дәуірлері біршама қысқа өндіріс тарауларында істейтін жұмысшылар қысқа уақытқа ғана өнімді іске қосады, бірақ оның орнына жаңа өнім бермейді; ал жұмыс дәуірлері ұзақ өндіріс тараулары өздері өнім бере бастағанға дейін бар өнімді неғұрлым ұзақ уақыт ішінде үздіксіз іске қосып отырады. Демек, бұл жағдай тиісті еңбек процесінің қоғамдық формасынан емес, оның заттық жайынан туады. Қоғамдық өндіріс тұсында ақша капиталы қалып қояды. Қоғам жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтарын түрлі өндіріс тарауларына бөліп береді. Өндірушілерге, бәлкім, куәлік қағаздар берілетін болады; олар осы куәліктер бойынша тұтыну заттарының қоғамдық қорынан өз еңбегінің уақытына сәйкес келетін өнім мөлшерін алып отырады. Бұл куәліктер ақша емес. Бұлар айналыс жасамайды.

Сонымен, ақша капиталының қажеттігі жұмыс дәуірінің ұзақтығынан туатындықтан, мұның өзі екі түрлі жағдайға байланысты: *біріншіден*, жалпы алғанда ақша — әрбір дара капиталдың (кредитті біз былай қоямыз) өндіргіш капиталға айналу үшін көрінетін формасы. Мұның өзі капиталистік өндірістің мәнінен, жалпы алғанда товарлы өндірістің мәнінен туады.— *Екіншіден*, қажетті түрде авансқа берілетін ақша сомасының шамасы мына жағдайға байланысты: азды-көпті ұзақ уақыт ішінде қоғамның жұмыс күші мен өндіріс құрал-жабдықтары үнемі іске қосылып отырады, оның бержағында бұл уақыт ішінде ақшаға айналдыруға боларлық ешқандай өнім оған қайта оралмайды. Бірінші жағдайды, атап айтқанда, авансқа бөлінетін капиталды ақша формасында беруге тура келетіндігін бұл ақша формасының өзі жоя алмайды, ол металл ақша бола ма, кредит ақша, құн белгісі, т. т. бола ма, мұның бәрі бір. Қандай ақша қаражаты арқылы немесе қандай өндіріс формасы тұсында еңбектің, тіршілік заттарының және өндіріс құрал-жабдықтары іске қосылатыны, ал оның бержағында ешқандай эквиваленттің қайтадан айналысқа шығарылмайтыны екінші жағдайға ешқандай әсер етпейді.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ <sup>35)</sup>

## ПРЕДМЕТ ЖАЙЫНДАҒЫ БҰРЫНҒЫ ҰҒЫМДАР

## I. ФИЗИОКРАТТАР

Кенә өзінің «Tableau économique»-сында \* белгілі құны бар ұлттық өндірістің жылдық өнімі айналыс арқылы қалайша бөлінетінін, онда да, өзгермейтін басқа жағдайларда осы өнімнің жәй ұдайы өндірісі, яғни бұрынғы көлемдегі ұдайы өндіріс жүргізіле алатындай қалыпта бөлінетінін аздаған айқын мысалдармен көрсетіп береді. Шындығында өндіріс дәуірінің бастама пункті — соңғы жылдың егіні. Айналыстың сансыз жекедара әрекеттері әуел бастан-ақ ерекше сипаттағы қоғамдық жаппай қозғалысқа, — қоғамның белгілі бір функциядағы ірі ірі экономикалық таптарының арасындағы айналысқа бірігеді. Бұл арада бізді қызықтыратын нәрсе мынау: барлық өнімнің бір бөлегі, — оның әрбір басқа бөлегі сияқты, мұның өзі тұтыну заты ретінде өткен жылғы еңбектің жаңа нәтижесі болып табылады, — сонымен қатар бұрынғы заттық формасында қайтадан пайда болатын бұрынғы капитал құнының тұлғасы ғана. Өнімнің бұл бөлегі айналысқа түспей, оны өндірушілердің, фермерлер табының қолында қалып қояды, сөйтіп осы таптың қолында өзінің капитал ретіндегі қызметін қайтадан бастайды. Жылдық өнімнің тұрақты капитал ретіндегі бұл бөлегіне Кенә оған қатысы жоқ элементтерді де қосады, бірақ ол өз өісінің тарлығы себепті істің мәнін аңғара білген, өйткені ол үшін егіншілік қосымша құн өндіруші адамзат еңбегі жұмсалатын бірден-бір сала, яғни капиталистік тұрғыдан — еңбектің бірден-бір нағыз өндірушілік саласы. Ұдайы өндірістің экономикалық процесі, оның ерекше қоғамдық сипаты қандай

<sup>35)</sup> Осы арадан VIII қолжазба басталады.

\* — «Экономикалық кестесінде». Ред.

болғанымен, әрқашанда осы салада (егіншілікте) ұдайы өндірістің табиғи процесімен ұштасып жатады. Осы соңғысының айқын шарттары алғашқысының шарттарын да бейнелеп көрсетеді де, айналыс елестерінен туатын жаңсақ пікірлерге жол бермейді.

Қозқарастар жүйесі жарнамасының басқа товарлар жарнамасынан айырмашылығы сол, мұның өзі сатып алушыны ғана емес, екінші бірінде сатушыны да алдайды. Кенэнің өзі және оның ең жақын шәкірттері өздерінің феодалдық жарнамасына нанып келді, сол сияқты біздің педант ғалымдарымыз да оған осы күнге дейін нанады. Ал шынына келгенде физиократтар системасы — капиталистік өндірістің бірінші жүйелі концепциясы. Өнеркәсіп капиталының өкілі — фермерлер табы — бүкіл экономикалық қозғалысқа жөн сілтеп отырады. Егіншілік капиталистік жолмен, яғни капиталистік фермерлердің ірі кәсіпорны ретінде жүргізіледі; тікелей егінші жалдама жұмысшы болып табылады. Өндіріс процесінде тұтыну заттары ғана емес, олардың құны да жасалады; ал өндірістің жігерлендіруші нысанасы — қосымша құн алу; мұның туатын жері айналыс саласы емес, өндіріс саласы. Кенэде айналыс дәнекер болатын ұдайы өндірістің қоғамдық процесінің иелері ретінде көрінетін үш таптың ішінде «өндіргіш» еңбекті тікелей қанаушы, қосымша құнды өндіруші, капиталистік фермер, мұны жәй немденушілерден өзгеше<sup>71</sup>.

Физиократиялық системаның капиталистік сипаты гүлденіп тұрған кезінде-ақ оған, бір жағынан, Ленге мен Мабли, ал, екінші — жағынан, еркін ұсақ жер иеленушілікті жақтаушылар оппозицияда болды.

А. Смит ұдайы өндіріске жасаған анализінде кейін шегінген<sup>36)</sup>, ал мұның көзге түсе кететін себебі, басқа ретте ол Кенэнің дұрыс анализін онан әрі дамытып қана қоймай, мәселен, оның «негізгі» және «айналмалы» капитал<sup>37)</sup> ұғымындағы «*avances primitives*» \* және «*avances appueles*» \*\* дегендерін топшылап қана қоймай, кей жерлерде мүлде физиократтық жаңсақ пікірлерге ұрынады. Мәселен, басқа бір капиталист

<sup>36)</sup> «Капитал», I том, 2-ші басылуы, 602-бет, 32-ескерту.<sup>72</sup>

<sup>37)</sup> Бұл арада кейбір физиократтар, ең алдымен Тюрго оған жол аршып берді. Осы Тюргоның өзі «*avances*» [«аванстар»] деудің орнына «капитал» деген сөзді Кенэден және басқа физиократтардан гөрі жиірек қолданады, және де өнеркәсіпшілердің «*avances*» немесе «*capitaux*» [«капиталдарын»] фермерлердің аванстарымен көбінесе бірдей деп санайды. Мәселен: «Осы соңғылар» (кәсіпкер өнеркәсіпшілер) «сияқты, олар» [les fermiers, яғни капиталистік фермерлер] «қайта оралатын капиталдармен қатар мынаны алуға тиіс, т. т.» (*Turgot. Oeuvres, éd. Daire, Paris, 1844. Tome I, p. 40*).

\* — алғашқы аванстар. *Ред.*

\*\* — жыл сайынғы аванстар. *Ред.*

атаулыдан фермердің құнды көбірек өндіретінін дәлелдеу үшін А. Смит былай дейді:

«Аумағы бірдей басқа ешқандай капитал фермердің капиталындай көбірек мөлшерде өндіргіш еңбекті іске қоса алмайды. Өйткені оның жұмысшы-батрактары ғана емес, жұмыс малы да — өндіргіш қызметкерлер». {Жұмысшылар үшін ұнамды қошамет емес пе!} «Егіншілікте адаммен бірге табиғат та жұмыс істейді, ал *оның жұмысы ешқандай шығынды керек етпесе де, оның өнімінде дәл ең қымбат тұратын жұмысшылардың өніміндегідей құн* болады. Егіншіліктегі аса маңызды жұмыстар жаратылыстың табиғи құнарлылығын арттыру мақсатын онша көп көздемейді, — дегенмен мұның да істелетіні рас, — көбінесе мұның өзін адамға өте-мөте пайдалы өсімдік өнімдерін өндіруге жұмсау мақсатын көздейді. Әбден бабымен өңделген жүзімдік немесе егістік жер қай мөлшерде өсімдік өнімін бере алатын болса, шөңгел мен бұта басқан жер де екінің бірінде сонша өнім бере алады. Егін салып, жер қыртысын өндеудің өзі екінің бірінде жаратылыстың белсенді құнарлылығын өршітуден гөрі оны көбірек бағдарлап отырады, сондықтан егіншінің барлық еңбегінен кейін сол еңбектің едәуір бөлегі әрқашан да жаратылыстың үлесінде қалып отырады. Сондықтан егіншілікте істейтін жұмысшылар мен жұмыс малы (!) өз тұтынуының құнына тең немесе, мануфактура жұмысшыларынан көргеніміздей, иесіне пайда келтірумен бірге оларға жұмыс беретін капиталдың құнына тең құнды ұдайы өндіріп қана отырмайды, одан анағұрлым көп құн өндіреді. Фермердің капиталынан және оның барлық пайдасынан тысқары олар жер иесінің рентасын ұдайы қайта өндіріп отырады. Бұл рентаны табиғат күштерінің, жер иесі белгілібір ақыға фермердің пайдалануына беретін күштердің өнімі деп санауға болады. Бұл ақы осы күштердің жорамал мөлшеріне қарай, яғни, басқаша айтқанда, жердің жорамал табиғи немесе қолдан жасалған құнарлылығына қарай жоғары не төмен болмақ. Мұның өзі — адам қолымен істелген деуге болатын нәрселердің бәрін шығарып тастап, орнын толтырғаннан кейін қалатын табиғат өнімі. Мұның бүкіл өнімінің төрттен бірінен аз болатын кезі кемде-кем, қайта екінің бірінде оның үштен бір бөлегінен асып түсіп отырады. Мануфактураларда қолданылған, мөлшері бірдей өндіргіш еңбек ешқашан да мұншалық көп ұдайы өндіріс жасай алмайды. Мануфактураларда табиғат дәнеңе жасамайды, — бәрін де адам істейді; сондықтан қайта өндірілген өнім соны жасайтын әрекет етуші күштердің мөлшеріне әрқашан да пропорциялы болуға тиіс. Сонымен, егіншілікке жұмсалған капитал мануфактураға жұмсалған нақ сондай мөлшердегі капиталдан гөрі өндіргіш еңбекті көбірек іске қосып қана қоймайды, сонымен қатар, өзі қолданатын өндіргіш еңбектің мөлшеріне пропорциялы түрде, елдің жері мен еңбегінің жылдық өніміне, оның тұрғындарының нақты байлығы мен табысына анағұрлым көп құн қосып отырады» (II кітап, V тарау, 242-бет).

Басқа бір жерде А. Смит былай дейді:

«Сондай-ақ тұқымның бүкіл құны да, шынын айтқанда, негізгі капитал болып табылады» (II кітап, I тарау).

Демек, бұл арада капитал = капитал құнына тең: ол өзінің «негізгі» формасында болады.

«Тұқым қамбадан егістікке және одан кейін қарай ылғи ауысып отыранымен, ешқашан да өз иесін өзгертпейді, демек, сөздің шын мәнісінде

айналыс жасамайды. Фермер оны сату жолымен емес, оның өсімі есебінен пайда тауып отырады» (бұл да сонда, 186-бет).

Мұнда ой-өрісінің тарлығы мынадан көрінеді: Смит тұрақ-ты капитал құнының жаңарған формада қайтадан пайда болғанын Кенэннің әлдеқашан байқағанындай байқамайды, демек, ол ұдайы өндіріс процесіндегі маңызды кезеңді байқамай, айналмалы капитал мен негізгі капиталдың айырмашылығын өзінше анықтау үшін керекті қосымша бір ыспаттаманы ғана — онда да теріс ыспаттаманы ғана — көреді. «*Avances primitives*» және «*avances annuelles*» деген ұғымдардан «*fixed capital*» \* және «*circulating capital*» \*\* деген ұғымдарға көше отырып, Смит «капитал» деген сөзді қолдануда бір адым ілгері басады; бұл ұғым топшылана келіп, физиократтарға тән, «егіншілік» саласы жөніндегі ерекше ілтипатқа байланыссыз болып шығады. Кері қадам басқандығы сол, «негізгі» капитал мен «айналмалы» капиталдың арасындағы айырмашылықтар шешуші айырмашылықтар ретінде қаралып, сақталады.

## II. АДАМ СМИТ

### 1) СМИТТИҢ ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

#### А. Смит былай дейді:

«Әрбір қоғамда қай товардың болсын бағасы сайып келгенде сол бөліктердің біріне (жалақы, пайда, жер рентасы) барып тіреледі немесе осы бөліктердің үшеуіне де бөлініп кетеді, ал әрбір дамыған қоғамда осы құрамдас үш бөліктің үшеуі де азды-көпті дәрежеде товарлардың басым бөлегінің бағасына енеді»<sup>38)</sup> (I кітап, VI тарау, 42-бет).

«Жалақы пайда және жер рентасы табыс атаулының, сондай-ақ *айырбас құны атаулының* да, алғашқы үш көзі болып табылады» (63-бет).

Келешекте біз А. Смиттің «товарлардың құрамдас бөліктері», яки, тиісінше, «айырбас құны атаулы» жөніндегі осы ілімін толығырақ зерттейміз. Бұдан әрі А. Смит былай дейді:

«Мұның жеке алынған әрбір бөлек товарға қатысы болғандықтан, әрбір елдегі жер мен еңбектің *жылдық өнімі* ретіндегі бүкіл товар жиынтығына да мұның қатысы болуға тиіс. Осы жылдық өнімнің *жалпы бағасы*, яки *айырбас құны*, нақ осындай үш бөлікке *жіктеліп*, елдің түрлі түр-

\* — негізгі капитал. *Ред.*

\*\* — айналмалы капитал. *Ред.*

<sup>38)</sup> «Товарлардың басым көпшілігінің бағасы» деген сөздердің мағынасы жөнінде оқушының адаспауы үшін бұл сөйлемді А. Смиттің өзі қалай түсіндіретінін көрсететін мына бір үзінді келтірейік: мәселен, теңіз балығының бағасына рента кірмейді, тек жалақы мен пайда ғана кіреді; *scotch pebbles* [шотланд шақпағының] бағасына жалақы ғана кіреді, атап айтқанда: «Шотландияның кейбір аудандарында кедейлер теңіз жағасынан шотланд шақпағы деп аталатын шұбар тас жинап кәсіп етеді. Тас қашаушылардың оларға осындай тастар үшін төлейтін бағасы тек жалақы ғана, өйткені жер рентасының да, пайданың да мұнда титтей де үлесі жоқ».

ғындары арасында не олардың еңбегіне төленетін *ақы* түрінде, не олардың капиталынан түскен *пайда* түрінде, не олардың иелігіндегі жерден алынған *рента* түрінде *бөлінуге* тиіс» (II кітап, II тарау, 190-бет).

А. Смит жеке алынған әрбір товардың бағасын да, «әрбір елдегі жер мен еңбектің жылдық өнімінің жалпы бағасын, яки айырбас құнын...» да жалдама жұмысшының, капиталистің және жер меншікшісінің табыстарының үш көзіне: жалақыға, пайдаға және жер рентасына осылайша жіктегеннен кейін оның қайткенмен де төртінші элементті, атап айтқанда — капитал элементін білдіртпей, бұқпантайлап енгізуіне тура келді. Мұны ол жалпы табыс пен таза табыстың айырмашылығын көрсету арқылы істейді.

«Елдің барлық тұрғындарының *жалпы* табысы тұтас алғанда олардың жері мен еңбегінің *бүкіл жылдық өнімінен* құралады; *таза* табыс дегеніміз, біріншіден, олардың *негізгі*, ал, екіншіден, *айналмалы капиталын* ұстауға жұмсалған *шығындарды шығарып тастағаннан* кейін олардың қарамағында қалатын *бөлегі*; яғни, басқаша айтқанда, олардың өз капиталына нұқсан келтірместен, тикелей тұтынуға арналған қорға қосуына немесе өз тамағына, тұрмыс жағдайларын жақсартуға және көңіл көтеруге жұмсауына болатын бөлегі. Олардың шынайы байлығы да олардың жалпы табысына емес, таза табысына пропорциялы келеді» (бұл да сонда, 190-бет).

Бұл жөнінде біздің айтарымыз мынау:

1) А. Смит бұл жерде ұлғаймалы көлемдегі ұдайы өндірісті, яки қор жинауды емес, тек қана жәй ұдайы өндірісті алып қарайды. Ол қызмет етуші капиталды «ұстауға» («maintaining») жұмсалатын шығындарды ғана әңгіме етеді. «Таза» табыс жылдық өнімнің — бүкіл қоғамның жылдық өнімі ме, әлде дара капиталистің жылдық өнімі ме, оның бәрі бір — «тұтыну қорына» кіре алатын бөлегіне тең, бірақ бұл қордың мөлшері қызмет етуші капиталға («productive capital») «нұқсан келтірмеуге» тиіс. Демек, жеке адам өнімінің болсын, қоғамдық өнімнің болсын құнының бір бөлегі жалақы да емес, пайда да емес, жер рентасы да емес, капитал болып шығады.

2) А. Смит сөз қуалап, «gross» және «net revenue» — жалпы табыс пен таза табыстың айырмасын көрсетумен болып кетеді де, өзінің меншікті теориясынан бас тартады. Дара капиталист, барша капиталистер табы сияқты, яки ұлт атаулы сияқты, өндірісте тұтынылған капиталдың орнына товарлы өнім алады. Соңғысының құны—мұны нақ сол өнімнің пропорциялы бөлшектері түрінде көрсетуге болады,— бір жағынан, жұмсалған капитал құнын өтейді, сондықтан да табыс болады, яки, дәл А. Смиттің сөзімен айтқанда, «revenue» болады («revenue» — «revenue», «оралу» деген етістіктің жұрнағы), алайда,



*nota bene* \*, «capital-revenue», яки «капиталға келетін табыс» болады; екінші жағынан, өнім құнының құрамдас бөліктері, «елдің түрлі тұрғындары арасында не олардың еңбегіне төленетін ақы түрінде, не олардың капиталынан түскен пайда түрінде, не олардың иелігіндегі жерден алынған рента түрінде бөлінетін» бөліктері жайшылықта табыс деп аталатын нәрсе-нің дәл өзі. Осы көзқарасқа сәйкес дара капиталистің болсын немесе бүкіл елдің болсын бүкіл өнімінің құны әйтеуір біреудің табысы болады, бірақ бұл, бір жағынан, капиталға келетін табыс, ал, екінші жағынан,— одан өзгеше формадағы «revenue». Сонымен, товар құнын оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде жоғалған нәрсе жасырын жолмен — екіұшты «revenue» деген сөз арқылы қайтадан енгізіліп отыр. Бірақ өнім құнының сол өнімде қазірдің өзінде бар құрамдас бөліктерін ғана «табыс ретінде иемденуге» болады. *Капитал* табыс, «revenue», келтіруі үшін ол алдын ала жұмсалған болуы керек.

Басқа бір жерде А. Смит былай дейді:

«Пайданың ең шағын дағдылы нормасы қандай әдіспен қолданған күнде де капитал ұшырайтын кездейсоқ шығындарды өтеуге жетерлік мөлшерден әрқашан да біраз көбірек болуға тиіс. Тек осы артық мөлшер ғана таза пайда, яки нетто-пайда болып табылады».

{Бірақ капиталдың қажетті шығындарын қандай капиталист пайда деп түсіне қояр екен?}

«Жалпы пайда дейтін нәрсеге екінің бірінде осы артық мөлшер ғана емес, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген төтенше шығындарды өтеу үшін ұсталып қалатын сома да кіреді» (I кітап, IX тарау, 72-бет).

Ал мұның мәнісі тек мынау ғана: жалпы пайданың бір бөлегі деп қаралып отырған қосымша құн бөлегі өндірістің қауіпсіздендіру қоры болуға тиіс. Бұл қауіпсіздендіру қоры қосымша еңбектің бір бөлегі есебінен жасалады, өйткені капиталды, яғни ұдайы өндіріске арналған қорды тікелей өндіретін осы қосымша еңбек. Ал негізгі капиталды және т. т. (жоғарыда келтірілген үзінділерді қараңыз) «ұстауға» жұмсалатын шығындарды алатын болсақ, тұтынылған негізгі капиталдың орнын жаңасымен толтыру капиталды жаңадан жұмсағандық болмайды, тек ескі капитал құнының жаңа формада жаңғыруы ғана болады. Негізгі капиталды жөндеуге кететін шығындарды алатын болсақ, бұлар авансқа берілген капиталдың бағасына кіреді; ал А. Смит мұны да капиталды ұстауға жұмсалатын шығындарға жатқызды. Капиталдың бұл бөлегін ка-

\* — әбдеж ескерейік. *Ред.*

питалистің бірден жұмсауына тура келмейтіні, мұны ол капитал іске қосылған кезде тек біртіндеп, керегіне қарай жұмсайтыны, қолға түсіп те үлгірген пайданы осы мақсатқа жарата алатыны,— бұл жағдай сол пайданың түсетін көзін әсте өзгерте қоймайды. Сол пайданың көзі болып табылатын құнның құрамдас бөлегі жұмысшының қауіпсіздендіру қоры үшін де, жөндеу ісіне жұмсауға арналған қор үшін де қосымша еңбек беретінін ғана көрсетеді.

А. Смит бұдан кейін бізге мынаны айтады: таза табыстан, яғни дербес мағынадағы табыстан бүкіл негізгі капиталды, сондай-ақ айналмалы капиталдың негізгі капиталды ұстауға және жөндеуге қажетті, сонымен қатар оны жаңғыртуға қажетті бөлегін түгел шығарып тастау керек, яғни асылында тұтыну қорына арналған заттық формасында болмаған бүкіл капиталды шығарып тастау керек.

«Негізгі капиталды ұстауға жұмсалатын шығындардың бәрін, анығында, қоғамның таза табысынан шығарып тастау қажет. Пайдалы машиналар мен еңбек құралдарын бүтін сақтау үшін қажетті шикі материалдар да... бұл материалдарды тиісті түрге келтіру үшін қажетті еңбек өнімі де таза табысқа ешқашан да кіре алмайды. Таза табыстың бір бөлегі, әрине, осы еңбектің *бағасы* бола алады, өйткені осы еңбекпен айналысатын жұмысшылар өз жалақысының бүкіл құнын тікелей тұтынуға арналған өз запасына айналдыра алады. Бірақ еңбектің басқа түрлерінде оның *бағасы* да» (яғни осы еңбекке берілетін жалақы), «*өнім* де» (осы еңбек сіңген өнім) «тұтынуға арналған осы запасқа кіреді, баға жұмысшылардың запасына, өнім басқа адамдардың запасына кіреді; ал бұлардың тұтынуы, игіліктері мен рақаты осы жұмысшылардың еңбегі арқасында өсе береді» (II кітап, II тарау, 190, 191-беттер).

А. Смит бұл жерде *өндіріс құрал-жабдықтары* өндірісінде істейтін жұмысшылар мен *тұтыну заттарын* тікелей өндірумен айналысатын жұмысшылардың арасындағы өте бір маңызды айырмашылыққа кезігеді. Алғашқы категориядағы жұмысшылардың товарлы өнімінің құнында олардың жалақысының сомасына тең, яғни олардың жұмыс күшін сатып алуға жұмсалған капитал бөлегінің құнына тең құрамдас бөлшек бар. Құнның бұл бөлегі осы жұмысшылар өндірген өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі бір үлесі түрінде нақты бар нәрсе. Олардың жалақы түрінде алған ақшасы олардың табысы болады, бірақ олардың еңбегі олардың өздері үшін де, басқалар үшін де жеке-дара тұтынуға жарамды өнімдер өндірген жоқ. Демек, бұл өнім қоғамдық тұтыну қорына арналған, «таза табысты» әжетке жаратуға бірден-бір мүмкіндік беретін қорға арналған жылдық өнім бөлегінің элементі бола алмайды. А. Смит бұл жерде жалақы туралы айтылған пікірдің өндіріс

құрал-жабдықтары құнының құрамдас бір бөлегіне де, бөлегі болғанда пайда мен рента категориялары түріндегі қосымша құн ретінде (ең алдымен) өнеркәсіп капиталистерінің табысы болатын бөлегіне нақ сондай қатысы бар екенін қоса айтуды ұмытып кетеді. Құнның осынау құрамдас бөліктері де өндіріс құрал-жабдықтары формасында, жеке-дара тұтынуға келмейтін заттар формасында орын алады. Тек бұларды ақшаға айналдырғаннан кейін ғана олардың бағасына сәйкес келетін мөлшерде екінші категориядағы жұмысшылар өндірген тұтыну заттарын сатып алып, оны осы өндіріс құрал-жабдықтары иелерінің жеке тұтыну қорына көшіруге болады. Дәл сондықтан да А. Смит мынаны көруге тиісті еді: жыл сайын өндірілетін өндіріс құрал-жабдықтары құнының бір бөлегі, өндірістің осы саласында қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтарының құнына тең, яғни өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге көмектесетін өндіріс құрал-жабдықтарының құнына тең бөлегі,— демек, осында қолданылған тұрақты капиталдың құнына тең құнның бір бөлегі,— табысқа келіп саятын құнның әйтеуір бір құрамдас бөлегі бола алмайды,— бұған сол бөлшектің заттық формада орын алатындығы ғана емес, сонымен қатар оның капитал ретінде қызмет атқаратындығы да себеп болады.

Екінші категориядағы жұмысшылар, яғни тұтыну заттарын тікелей өндіретін жұмысшылар жөнінде А. Смиттің анықтамалары онша дәл емес. Атап айтқанда, еңбектің мұндай тарауларында тікелей тұтыну қорына еңбектің бағасы да, өнім де «кіреді» («go to»), дейді ол:

*«баға»* (яғни жалақы ретінде алынған ақша) *«жұмысшылардың тұтыну қорына, өнім басқа адамдардың (that of other people) тұтыну қорына кіреді; ал бұлардың тұтынуы, игіліктері мен рақаты осы жұмысшылардың еңбегі арқасында өсе береді».*

Бірақ жұмысшы өз еңбегінің тікелей *«бағасымен»*, яғни жалақы ретінде төленетін ақшамен өмір сүре алмайды; бұл ақшаны өткізіп, ол тұтыну заттарын сатып алады; ал осы тұтыну заттарының ішінде ішінара оның өзі өндірген товарлардың да болуы мүмкін. Екінші жағынан, оның өз өнімі еңбекті қанаушының тұтынуына ғана кіретін өнім болуы да мүмкін.

Негізгі капиталды елдің «netto revenue»-сінен \* осылайша мүлде шығарып тастағаннан кейін А. Смит тағы да былай дейді:

«Ал егер негізгі капиталды ұстауға жұмсалған шығындардың бүкіл сомасы қоғамның таза табысынан осылайша сөзсіз шығып қалатын болса,

\* — «таза табысынан». Ред.

айналмалы капиталды ұстауға жұмсалатын шығындар жөніндегі мәселе бұлай емес. Осы капиталды құрастыратын төрт бөліктің ішінде, атап айтқанда ақшаның, тіршілік заттарының, шикі материалдардың және даяр бұйымдардың ішінде соңғы үшеуі, жоғарыда айтылғандай, бұдан үнемі алынып отырады да, не қоғамның негізгі капиталына, не оның тікелей тұтынуға арналған запасына қосылады. Тұтынуға жарамды осы заттардың алғашқыны» {негізгі капиталды} «ұстауға жұмсалмайтын бөлегі түгелінен соңғысының құрамына» {тікелей тұтынуға арналған запасқа} «кіреді де, қоғамның таза табысының бір бөлегі болады. Сондықтан айналмалы капиталдың осы үш бөлегін ұстау қоғамның таза табысын жылдық өнімнің негізгі капиталды ұстауға қажетті бөлегінің мөлшерінде ғана азайтады» (II кітап, II тарау, 192-бет).

А. Смиттің айналмалы капиталдың өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге жұмсалмайтын бөлегі тұтыну заттарының өндірісіне, яғни бүкіл қоғамның тұтыну қорын жасауға арналған жылдық өнім бөлегіне кіреді деген пікірі әншейін мыжымалық. Бірақ тіке осыдан кейін айтылатын бір маңызды нәрсе мынау:

«Қоғамның айналмалы капиталы бұл жөнінде жеке адамның айналмалы капиталынан өзгеше. Жеке адамның айналмалы капиталы оның таза табысынан бүтіндей шығарылып тасталған және ешқашан да сол табыстың әйтеуір бір бөлегі бола алмайды; жеке адамның таза табысы тек оның пайдасынан ғана құралмақ. Бірақ әрбір жеке адамның айналмалы капиталы осы адам қарайтын қоғамның айналмалы капиталының бір бөлегі болғанымен, мұның өзі айналмалы капиталдың да қоғамның таза табысының бір бөлегі болу мүмкіндігін есте жоққа шығармайды. Бөлшектеп сатушы саудагердің дүкеніндегі товардың бәрін бірдей оның тікелей тұтынуға арналған меншікті запасына жатқызуға ешбір болмайды, дегенмен де бұл товарлар басқа адамдардың тұтыну қорына түсуі мүмкін; ал олар басқа көздерден алынатын табыстың есебінен оған бұл товарлардың құнын пайдасымен қоса ұдайы өтеп отыра алады, оның бер жағында бұдан саудагердің капиталы да, олардың өз капиталдары да титтей де азаймайды» (бұл да сонда).

Сонымен, бұл жерде біз мынаны білеміз:

1) Әрбір жеке капиталистің негізгі капиталы, оны ұдайы өндіру (ал негізгі капиталдың қызметін А. Смит ұмытып отыр) және ұстау үшін қажетті айналмалы капиталы болсын, сондай-ақ тұтыну заттары өндірісінде әрекет ететін айналмалы капиталы болсын, *оның* пайдасынан ғана құрала алатын таза табысынан толық шығып қалады. Демек, оның капиталын өтейтін товарлы өнімінің бөлегін оның табысын құрастыратын құн бөлшектеріне жіктеуге келмейді.

2) Әрбір жеке-дара негізгі капитал қоғамдық негізгі капиталдың бір бөлегі болып табылады, дәл сол сияқты әрбір дара капиталистің айналмалы капиталы қоғамдық айналмалы капиталдың бір бөлегі болады.

3) Қоғамдық айналмалы капитал жеке-дара айналмалы капиталдардың сомасы ғана болғанымен, оның өзін әрбір дара капиталистің айналмалы капиталынан өзгеше ететін айрықша бір белгісі бар. Соңғысы ешқашан да *дара капиталист табысының* бір бөлегі бола алмайды; мұның керісінше, алғашқысының бір бөлегі (атап айтқанда, тұтыну заттарынан құралатын бөлегі) сонымен бірге *қоғам табысының* бір бөлегі бола алады, яки, А. Смиттің бұрынырақ айтқанындай, капиталдың бұл бөлегі қоғамның таза табысын жылдық өнімнің белгілі бір мөлшерінде сөзсіз азайтуға тиісті емес. Шындығында А. Смиттің бұл жерде айналмалы капитал деп отырғаны — жыл сайын өндірілетін товарлы капитал; ал тұтыну заттарын өндіруші капиталистер мұны жыл сайын айналысқа салып отырады. Олардың осы айтылған жылдық товарлы өнімінің бәрі тұтынуға жарамды заттардан құралады, сөйтіп қоғамның таза табыстары (бұған жалақы да кіреді) өткізілетін немесе жұмсалатын қорды құрайды. Бөлшектеп сатушы саудагердің дүкеніндегі товарларды мысалға алудың орнына А. Смиттің өнеркәсіп капиталистерінің қоймаларында жатқан товар аумағын алғаны жөн еді.

Егер А. Смит бұрын өзі негізгі капитал деп атаған капиталдың ұдайы өндірілуін қарастырғанда, ал енді өзі айналмалы капитал деп атаған капиталдың ұдайы өндірілуін қарастырғанда оны билеп кеткен шашыраңқы пікірлердің басын қосып біріктірген болса, ол мынадай нәтижеге келген болар еді:

I. Қоғамның жылдық өнімі екі бөлімшеден құралады: біріншісі өндіріс құрал-жабдықтарын, екіншісі тұтыну заттарын қамтиды. Бұл бөлімшелердің әрқайсысын жеке-жеке алып қарау қажет.

II. Жылдық өнімнің *өндіріс құрал-жабдықтарынан* құралатын бөлегінің жиынтық құны мына бөлшектерден тұрады: олардың құнының бір бөлегі — осы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіргенде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының ғана құны, демек, мұның өзі тек жаңа формада пайда болып отырған капитал құны. Екінші бөлегі жұмыс күшіне жұмсалған капиталдың құнына тең, немесе өндірістің осы саласындағы капиталистер төлеген жалақылардың сомасына тең. Ақырында, құнның үшінші бөлегі — осы бөлімшедегі өнеркәсіп капиталистері алатын пайдалардың көзі — бұған жер рентасы да кіреді.

Осы бірінші бөлімшеде іске қосылған барлық дара капиталдардың негізгі капиталының алғашқы құрамдас бөлегі, А. Смитше, — қайта өндірілген бөлегі, «бүтіндей шығып қалады да, ешқашан да», дара капиталистердің де, бүкіл қоғам-

ның да «таза табысының белгілібір бөлегі бола алмайды». Ол капитал ретінде үнемі қызмет етеді де, табыс ретінде ешқашан да қызмет етпейді. Бұл жағынан әрбір дара капиталистің «негізгі капиталының» бүкіл қоғамға тән негізгі капиталдан ешбір айырмашылығы жоқ. Алайда сонымен бірге өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын осы жылдық қоғамдық өнім құнының басқа бөліктері,— демек, бүкіл осы өндіріс құрал-жабдықтары аумағының тиісті үлестері түрінде де болатын құн бөліктері,— *осы өндіріске қатысушы барлық агенттердің табыстарын*: жұмысшылардың жалақысын, капиталистердің пайдасы мен рентасын құрастырады. Бірақ *қоғам үшін* бұлар табысты емес, *капиталды* құрастырады; қоғамның көрсетілген жылдық өнімі сол қоғамға жататын дара капиталистер өнімдерінің сомасынан ғана тұратыны есеп емес. Көбінесе бұл өнімдер өз жаратылысы бойынша өндіріс құрал-жабдықтары ретінде ғана қызмет ете алады, тіпті олардың қажет болған жағдайда тұтыну заттары ретінде де қызмет ете алатындары жаңа өндіріс үшін шикі немесе көмекші материал болуға жаралған. Олар осылайша, яғни капитал ретінде қызмет етеді, онда да өз өндірушілерінің қолында емес, оларды қолданытқындардың қолында, атап айтқанда:

III. Екінші бөлімшедегі капиталистердің, *тұтыну заттарын* тікелей өндірушілердің қолында қызмет етеді. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары олардың тұтыну заттарын өндіргенде тұтынылған капиталының орнын толтырады (өйткені бұл капитал жұмыс күшіне айналмаған, яғни ол осы екінші бөлімшедегі жұмысшылар жалақыларының сомасынан құралмаған). Ал осы тұтынылған капитал, қазір тұтыну заттарын өндіруші капиталистердің қолында сол тұтыну заттары формасында болып отырған капитал өз тарапынан,— яғни қоғамдық тұрғыдан,— *бірінші бөлімшенің капиталистері мен жұмысшылары өз табыстарын өткізетін тұтыну қорын жасайды*.

Егер А. Смит өзінің анализін осы шеңберге дейін жүргізген болса, онда ол бүкіл проблеманы шешуге әбден жуықтаған болар еді. Тегінде бұған ол тіпті жақындап та қалған, өйткені ол мынаны байқаған: қоғамның бүкіл жылдық өнімі болып табылатын товарлық капиталдардың *бір* түріне тән құнның белгілібір бөліктері (өндіріс құрал-жабдықтары) осыларды өндірумен айналысатын дара жұмысшылар мен капиталистердің табысы бола тұрса да, қоғам табысының құрамдас бөлігі бола қоймайды; ал товарлық капиталдардың *екінші* түріне тән құнның бөлігі (тұтыну заттары) осы бөліктің дара меншікшілері үшін, яғни капитал жұмсалатын осы саладағы

капиталистер үшін капитал құны бола тұрса да, әйтеуір қоғам табысының бір бөлегі ғана болып шығады.

Ал жоғарыда айтылғандардың бәрінен мынадай қорытынды шығады:

*Біріншіден.* Қоғамдық капитал дара капиталдың сомасына ғана тең, сондықтан қоғамның жылдық товарлық өнімі де (немесе товарлық капиталы да) осы дара капиталдардың товарлық өнімдерінің сомасына тең; бұдан шығатын қорытынды, товар құнының оның құрамдас бөліктеріне жіктелуі, әрбір жеке-дара товарлық капитал үшін дұрыс болатыны сияқты, бүкіл қоғамның товарлық капиталы үшін де дұрыс болып шығуға тиіс, сайып келгенде шын дұрыс болып шығады; солай бола тұрса да бүкіл қоғамдық ұдайы өндіріс процесінде құнның осы құрамдас бөліктері көрінетін форма бұларда *түрліше* болады.

*Екіншіден.* Тіпті жәй ұдайы өндіріс негізінде де жалақы (ауыспалы капитал) мен қосымша құн өндіріліп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа тұрақты капитал құны да тікелей өндіріліп отырады — жұмыс күнінің тек қана екі бөліктен құралатыны: оның бірінде жұмысшының ауыспалы капиталды өтейтінін, яғни іс жүзінде оның жұмыс күшін сатып алу үшін қажетті эквивалент өндіретіні, ал екінші бөлігінде жұмысшының қосымша құн (пайда, рента, т. т.) өндіретіні есеп емес. — Өндіріс құрал-жабдықтарын ұдайы өндіруге жұмсалатын күнделікті еңбектің нақ өзі, — ал мұның құны да жалақы мен қосымша құнға бөлінеді, — нақ осы еңбек тұтыну заттарын өндіруге жұмсалған капиталдың тұрақты бөлегін өтейтін жаңа өндіріс құрал-жабдықтарында іске асырылады.

Негізгі қиыншылықтар, дені алғашқы пікір желісінде шешілген қиыншылықтар, қор жинауды емес, жәй ұдайы өндірісті қарастырғанда кездесіп отырады. Міне сондықтан да қоғамның жылдық өнімінің қозғалысы туралы және айналыстың дәнекерлігімен оның ұдайы өндірілуі туралы әңгіме болғанда А. Смит (II кітапта), ал одан бұрын Кенэ өзінің «Tableau économique» деген еңбегінде жәй ұдайы өндірісті негізге алған.

## 2) СМИТТЕ АЙЫРБАС ҚҰНЫНЫҢ $v+m$ БОЛЫП ЖІКТЕЛУІ

А. Смиттің догмасы бойынша, әрбір жеке товардың, демек, қоғамның (ол барлық жерде де капиталистік өндіріс жағдайын алып дұрыс істеген) жылдық өнімі болатын барлық товарлар жиынтығының да, бағасы, яки «айырбас құны» («exchangeable value») үш түрлі «құрамдас бөліктен» («component parts») құралады немесе жалақы, пайда және рента болып

«жіктеледі» (*resolves itself into*). Бұл догманы мынаған әкеп сауға болады: товар құны  $= v + m$ , яғни авансталған ауыспалы капиталдың құнына және қосымша құнға тең. Пайда мен рентаны бізде  $m$  деп аталатын жалпы бірлікке әкеп сайғанда біз мұны А. Смиттің тікелей ризалығымен істей аламыз; бұл төменде келтірілген цитаталардан көрінеді; бұлардан біз ең әуелі жанама пункттердің бәрін, яғни товар құны бізде  $v + m$  түрінде белгілеген элементтерден ғана құралады деп білетін догмадан алдамшы немесе нағыз ауытқушылықтың бәрін алып тастап отырмыз.

Өнеркәсіпте:

«Жұмысшылар материалдардың құнына қосатын құн... екіге жіктеледі; оның бір бөлігі олардың жалақысын төлеу үшін, екіншісі кәсіпкердің материалдар мен жалақыға аванс ретінде берген бүкіл капиталынан түскен пайдасын төлеу үшін жұмсалады» (I кітап, VI тарау, 41-бет).

— «Қожайыны мануфактуриске» (өнеркәсіп жұмысшысына «оның жалақысын авансқа бере тұрса да, шындығында ол бұған ешқандай шығын шығармайды, өйткені әдетте бұл жалақының құны жұмысшының еңбегі сіңген заттың көбейтілген құнында оның пайдасымен бірге сақталады («reserved»)» (II кітап, III тарау, 221-бет).

«...Өндіргіш еңбекті ұстауға» жұмсалған «капиталдың» бір бөлігі («stock») «ол үшін» (кәсіпкер үшін) «өзінің капитал ретіндегі қызметін атқарғаннан кейін... осы соңғылардың» (жұмысшылардың) «табысы болады» (II кітап, III тарау, 223-бет).

Сол II кітаптың жаңа ғана цитат алынған тарауында А. Смит тіке былай дейді:

«Әр елдің жері мен еңбегінің бүкіл жылдық өнімі... өзінен өзі («naturally») екіге бөлінеді. Мұның бір бөлігі — және екіншісінде ең көбі — алдымен капиталды өтеу үшін, яки капиталдан алынған азық-түлікті, шикізат пен даяр өнімдерді жаңғырту үшін арналған; екінші бөлігі капитал меншікшісінің *капиталынан түсетін пайдасы* ретіндегі табысын немесе әйтеуір бір басқа адамның *жер иелігінен* түсетін рентасы ретіндегі табысын жасау үшін арналған» (222-бет).

Бұдан бұрын А. Смиттен алған мағлұматымыз бойынша капиталдың тек бір бөлігі ғана, атап айтқанда өндіргіш еңбекті сатып алуға жұмсалған бөлігі ғана әлдекім үшін бір мезгілде табыс жасайды. Бұл — бөлік өзгермелі капитал — алғашында кәсіпкердің қолында және сол үшін «капиталдың қызметін» атқарады, ал онан соң өндіргіш жұмысшылардың «өздері үшін «табыс жасайды». Капиталист өзіндегі капитал құнының бір бөлігін жұмыс күшіне айналдырады, сол арқылы мұны өзгермелі капиталға айналдырады; тек осындай өзгерістің арқасында капиталдың осы бөлігі ғана емес, оның бүкіл капиталы өнеркәсіп капиталы ретінде қызмет атқарады. Жұмыс күшін сатушы — жұмысшы — осы жұмыс күшінің құнын



жалақы формасында алады. Оның қолындағы жұмыс күші сатуға ғана жарайтын товар,— ол нақ осы товарды сату арқылы күнелтеді, сондықтан да бұл — оның табысының бірден-бір көзі. Жұмыс күші оны сатып алушы капиталистің қолында ғана өзгермелі капитал ретінде қызмет етеді, ал капиталист жұмыс күшінің сатып алу бағасын тек сырт көрінісі жағынан ғана авансқа береді, өйткені мұның құнын жұмысшы капиталиске бұдан бұрын-ақ беріп қойған.

А. Смит өнеркәсіп өнімінің құны  $= v + m$  (мұнда  $m$  = капиталистің пайдасы) екенін бізге осылайша көрсетіп бергеннен кейін бізге мынаны айтады: ауыл шаруашылығындағы жұмысшылар

«...өз бастарының тұтынуына тең немесе, оларға жұмыс беретін капиталға (өзгермелі капиталға), оған қоса капиталдың пайдасына тең құнды ұдайы өндірумен» қатар, «фермердің капиталымен және оның бүкіл пайдасымен» қатар «жер иесінің рентасын да ұдайы қайта өндіріп отырады» (II кітап, V тарау, 243-бет).

Рентаның жер иесінің қолына түсетіндігін алатын болсақ, осы жерде біз қарастырып отырған мәселеге мұның ешқандай қатысы жоқ. Оның қолына түсуден бұрын рента фермердің қолында, яғни өнеркәсіп капиталисінің қолында болуға тиіс. Біреудің табысы болудан бұрын мұның өзі өнім құнының құрамдас бөлігі болуға тиіс. Демек, Смиттің өзінде рента да, пайда да — қосымша құнның құрамдас бөліктері ғана; өндіргіш жұмысшы бұларды өз жалақысымен бір мезгілде, яғни өзгермелі капиталдың құнымен бірге үнемі қайта өндіріп отырады. Демек, рента мен пайда —  $m$  түріндегі қосымша құнның бөліктері, сондықтанда А. Смитте барлық товарлардың бағасы  $v + m$  болып жіктеледі.

Барлық товардың бағасы (демек, жылдық товарлы өнім бағасы да) жалақы, оған қоса пайда, оған қоса жер рентасы болып жіктеледі деген догма, бұл догма тіпті Смит шығармасының үнемі кездесіп отыратын эзотерикалық бөлімінде де мынадай форма алады: товар атаулының құны, демек, қоғамның жылдық товарлы өнімінің құны да,  $v + m$ -ге тең, жұмыс күшіне жұмсалған және жұмысшылар үнемі қайта өндіріп отыратын капитал құнына, оның үстіне жұмысшылар өз еңбегі арқылы қосқан қосымша құнға тең.

А. Смиттің осы ақтық қорытындысы сонымен қатар бізге товар құнының жіктелуі ықтимал құрамдас бөліктер жөніндегі бір жақты анализінің негізін де ашып көрсетеді — төменнен қараңыз. Сонымен бірге құнның бұл құрамдас бөліктері өндірісте қызмет атқаратын түрлі таптар табысының түр-

ліше көздері болып табылады,— ал осы құрамдас бөліктердің жеке әрқайсысының шамасын анықтауға да, олардың жалпы сомасын анықтауға да бұл жағдайдың ешбір қатысы жоқ.

Ал Смиттің:

«Жалақы, пайда және жер рентасы табыс атаулының, сондай-ақ айырбас құны атаулының да бастапқы үш көзі болып табылады. Басқа табыс атаулы сайып келгенде осы көздердің әйтеуір бірінен алынады» (I кітап, VI таурау, 48-бет),

— деуі *quid pro quo\** атаулының бәрін бір жерге үйіп-төккендік болады.

1) Қоғамның ұдайы өндіріске тікелей қатыспайтын мүшелерінің бәрі, яғни материалдық өндіріс саласында істемейтіндер немесе жалпы жұмыс істемейтіндер, жылдық товарлы өнімнен өз үлесін, яғни өзі тұтынатын заттарды ең алдымен өнім бірінші кезекте тиетін таптардың қолынан ғана: өндіргіш жұмысшылардың, өнеркәсіп капиталистерінің және жер иелерінің қолынан ғана алмақ. Олардың табыстары *materialiter\*\** жалақыдан (өндіргіш жұмысшылардікінен), пайдадан және жер рентасынан келіп шығатындығы себепті осы алғашқы табыстар жөнінде туынды табыстар болады. Бірақ, екінші жағынан, осы айтылған мағынадағы туынды табыстарды иемденетіндер бұларды корольдер, поптар, профессорлар, жезөкшелер, солдаттар, т. т. ретінде қоғамдық қызмет атқаратындығы себепті алады; міне бұл жағдай олардың осындай өз қызметтерін өз табыстарының алғашқы көздері деп есептеуіне мүмкіндік береді.

2) Нақ осы арада А. Смиттің өрескел қатесі өзінің ақтық шегіне жетеді: товар құнының құрамдас бөліктерін және осы бөліктердегі жаңа жасалған құндардың сомасын дұрыс анықтаудан бастай келіп, онан соң осы құрамдас бөліктердің нақ сондай мөлшерде түрліше табыс көздерін құрастыратынын көрсете келіп<sup>39)</sup>, табыстарды осылайша құннан шығара отырып, соңынан ол кері қарай әрекет етеді де, «құрамдас бөліктерден» («component parts») алынатын табыстарды «айырбас құны атаулының *бастапқы көздеріне*» айналдырып жібереді, сондықтан да осы соңғы ұғым онда үстем болып отыр; сөйтіп ол тұрпайы саяси экономияға есікті кеңінен ашып беріп отыр. (Біздің Рошерді қараңыз<sup>73)</sup>.)

\* — мағынасыздық. *Red.*

\*\* — материалдық жағынан. *Red.*

<sup>39)</sup> Осы байланысында бұл сөйлем бұдан бұрынғы пікірге де, одан кейін іле-шала айтылған пікірге де қайшы келетін сияқты көрінгенімен, мен мұны Маркстің қолжазбасында кездесетін қалпында сөзбе-сөз келтіріп отырмын. Бұл алдамшы қайшылық төменде: «Смиттегі капитал мен табыс» деген 4-пунктке шешіледі.— Ф. Э.

### 3) КАПИТАЛДЫҢ ТҰРАҚТЫ БӨЛІГІ

Енді А. Смиттің капитал құнының тұрақты бөлігін товар құнынан қандай сиқырлық жолымен қуып шығуға әрекеттенетінін қарап көрейік.

«Мәселен, астық бағасынан оның бір бөлігі жер иесіне рента төлеуге кетеді».

Құнның осы құрамдас бөлігінің тегін алатын болсақ, сол бөліктің жер иесіне төленетіндігіне және рента формасында оның табысы болып шығатындығына мұның ешбір қатысы жоқ; дәл сол сияқты құнның басқа құрамдас бөліктерінің тегін алатын болсақ, пайда мен жалақы ретінде бұлардың да табыс көздері екендігіне мұның ешбір қатысы жоқ.

«Екінші бөлігі жалақыға немесе осы астық өндірісінде істейтін жұмысшыларды» {және жұмыс көлігін! — деп қосады ол} «асырауға жұмсалсады, ал үшінші бөлігі фермердің пайдасы болады. Осы үш бөлік, байқауымызша» {«seem», — шынында да осылай *байқалады*}, «не тікелей, не ақыр аяғында барып астықтың бүкіл бағасы болып шығады»<sup>40</sup>.

Бүкіл бағаның өзі, яғни оның бүкіл шамасының анықталуы оның көрсетілген үш түрлі категориядағы адамдар арасында бөлінуіне мүлде байланысты емес.

«Фермердің капиталын өтеу үшін, яғни оның жұмыс көлігі мен басқа да ауыл шаруашылық құрал-саймандарының тозғанын өтеу үшін тағы да төртінші бөлік қажет болып көрінуі мүмкін. Бірақ мынаны ескеру керек: әрбір ауыл шаруашылық сайманының, тіпті, мәселен, жұмыс атының бағасы да өз ретінде нақ осындай үш бөліктен құралады: осы ат өсірілген жерге алынатын рентадан, атты асырауға жұмсалған еңбектен және рентаны жер үшін, жалақыны еңбек үшін авансқа берген фермердің пайдасынан құралады. Сондықтан, астықтың бағасы, бәлкім, аттың бағасын да, оны асырауға жұмсалған шығындарды да өтейтін болар, әйткенмен астықтың бүкіл бағасы бұрынғыша не тікелей, не ақыр-аяғында барып бүтіндей нақ сол үш бөлікке: жер рентасына, еңбекке» (оның «еңбек» деп отырғаны — жалақы) «және пайдаға жіктеледі» (I кітап, VI тарау, 42-бет).

Өзінің ақылға сыймайтын доктринасын негіздеу үшін А. Смиттің бар келтіріп отырған дәлелі нақ осы. Оның дәлелі бәз-баяғы бір пікірді жәй қайталауда болып отыр. Мысал келтіре отырып, ол астықтың бағасы тек  $v + m$ -нен ғана емес, сонымен қатар, астық өндіруге жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасынан, демек, — фермер жұмыс күшінен бас-

<sup>40</sup> Бұл жерде біз Адамның алған мысалының өте-мөте сәтсіз болып шыққанын мүлде айтып жатпаймыз. Астық құнының жалақы, пайда және рента болып жіктелетін бір ғана себебі — А. Смит жұмыс көлігі жеген азықты жұмыс көлігінің жалақысы деп, жұмыс көлігін жалдама жұмысшылар деп, ендеше жалдама жұмысшыны, сол ретпен, жұмыс көлігі деп ұққан. {II колжазбадан қосымша}.

қа нәрсеге жұмсаған капитал құнынан құралады деп біледі. Алайда, дейді ол, барлық осы өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы да, өз ретінде, астықтың бағасы сияқты,  $v + m$  болып жіктеледі. Адам Смит тек: оның үстіне, құрал-жабдықтардың өздерін өндіруге жұмсалған құрал-жабдықтардың бағасына да жіктеледі деп қосуды ұмытып кеткен. Ол өндірістің бір тарауынан екіншісіне, екіншісінен тағы да үшіншісіне сілтеп отырады. Егер бағасы тікелей  $c$  (тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының бағасы)  $+ v + m$  болып жіктелетін товарлы өнімдердің орнын сайып келгенде осы «тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарын» түгел өтейтін және алғашқы товарлы өнімдерге қарама-қарсы тек өзгермелі капиталды, яғни жұмыс күшіне ұсталған капиталды жұмсау арқылы өндірілген товарлы өнімдер толтыратыны көрсетілген болса, тек сонда ғана товарлардың бүкіл бағасы «тікелей» немесе «ақыр-аяғында барып» («ultimately»)  $v + m$  болып жіктеледі деген пікір бос жалтару болмас еді. Бұлай болған күнде соңғы товарлы өнімдердің бағасы тікелей  $= v + m$  болар еді. Сондықтан алғашқы товарлы өнімдердің бағасын да, яғни  $c$  капиталдың тұрақты бөлігі ретінде көрінетін  $c + v + m$  дегеніңізді де, сайып келгенде  $v + m$  деп жіктеуге болар еді. Адам Смит «scotch pebbles»\* жинаушылар жөнінде мысал келтіргенде дәл осындай дәлел айтатынын өзі де ойламаған; тегінде, оның айтуынша, бұл жинаушылар 1) ешқандай қосымша құн келтірмейді, тек өз жалақысын ғана өндіреді; 2) ешқандай өндіріс құрал-жабдықтарын қолданбайды (бірақ осы тастарды салып әкету үшін сәбет, қап және басқа ыдыс түріндегі өндіріс құрал-жабдықтарын олар да қолданады ғой).

А. Смиттің өз теориясын өзі жоққа шығаратынын, алайда өз қайшылықтарын байқамай отырғанын біз жоғарыда көрдік. Ал бұл қайшылықтардың негізін А. Смиттің нақ ғылыми деректемелерінен іздеу керек. Еңбекке айырбасталған капитал өз құнынан көп құн өндіреді. Қалайша? Оның себебі, дейді А. Смит, жұмысшылар өндіріс процесінде өздері өңдейтін заттарға құн бітіреді, бұл құнда олардың өздерінің сатып алу бағасының эквивалентінен тысқары қосымша құн (пайда мен рента) болады, ал мұның өзі жұмысшылардың өздеріне емес, олардың еңбегін қолданатындарға тиеді. Бірақ олардың беретіні және бере алатыны тек қана осы. Бір күн ішіндегі өнеркәсіп еңбегі жөнінде дұрыс дегеніміз жыл бойына барша капиталистер табы қимылға келтіретін еңбек жөнінде де дұрыс болмақ. Сондықтан қоғамның жаңадан жасаған жылдық құ-

\* — шотланд шақпағын; осы томның 411-бетіндегі 38-ескертуді қараңыз. Ред.

нының жалпы аумағын тек  $v + m$ -ге, яғни жұмысшылар өздерінің сатып алу бағасы түрінде жұмсалған капитал құнын өтейтін эквивалентке және оларды іске жегушіге бұдан тысқары берілетін қосымша құнға жіктеуге болады. Бірақ товарлар құнының осы екі элементі сонымен қатар ұдайы өндіріске қатысатын түрліше таптардың табыс көздері болады: біріншісі — жұмысшылардың жалақысы, табысы; екіншісі — қосымша құн; мұның бір бөлігін өнеркәсіп капиталисі пайда формасында өзі үшін ұстап қалады да, екінші бөлігін рента түрінде, жер меншікшісінің табысы ретінде өзгеге береді. Сонымен, егер жыл ішінде жаңадан жасалған құнда  $v + m$ -нен басқа ешқандай элемент жоқ болса, онда құнның тағы бір құрамдас бөлігі қайдан шықпақ? Біздің бұл жерде айтып отырғанымыз жәй ұдайы өндіріс. Егер еңбектің бүкіл жылдық сомасы жұмыс күшіне жұмсалған капитал құнын ұдайы өндіру үшін қажетті еңбекке және қосымша құн жасауға қажетті еңбекке жіктелетін болса, онда жұмыс күшінен басқа нәрсеге жұмсалған капитал құнын өндіретін еңбек тағы қайдан пайда болмақ?

Істің жайы былай:

1) А. Смит товардың құнын жалдама жұмысшының еңбек затына «қосатын» («adds») еңбегінің мөлшерімен анықтайды. Ол дәлме-дәл: «материалдарға» дейді, өйткені онда эңгіме еңбек өнімдерін өзі өндейтін мануфактура туралы болып отыр; бірақ мұның өзі мәселенің мәнін әсте өзгертпейді. Жұмысшы затқа «қосатын» (ал осы «adds» Адамның сөзі) құн мына жағдайға: құн қосылатын заттың өзінде бұған *дейін* құнның болған-болмағанына мүлде байланысты емес. Демек, жұмысшы товар формасында жаңа құн жасайды. Осы жаңадан жасалған құнның бір бөлігі, А. Смитше, жұмысшы жалақысының эквиваленті болып табылады; демек, бұл бөлік оның жалақысының мөлшеріне қарай белгіленеді. Өз жалақысының құнына тең құнды өндіру немесе ұдайы өндіру үшін оның өз жалақысы аумағының қаншалық жоғары болуына қарай көп яки аз еңбек қосуына тура келеді. Ал, екінші жағынан, жұмысшы осылайша анықталған шеңберден тысқары келесі еңбегін қосады; мұның өзі жұмысшыны жалдаған капиталист үшін қосымша құн болып шығады. Бұл қосымша құн капиталистің қолында түгел қалып қоя ма, әлде оның бір бөлігін үшінші біреулерге беруге тура келе ме, — бұл жағдай жалдама жұмысшы қосқан қосымша құнды сапа жағынан (бұл құнның тегінде қосымша құн екендігі жөнінен) болсын, сан жағынан (шамасы мағынасында) болсын тіпті ешнәрсе де өзгерте ал-

майды. Өнім құнының әрбір басқа бөлігі сияқты, бұл да — құн, бірақ мұның өзгешелігі — жұмысшы бұл үшін ешқандай эквивалент алған жоқ және бұдан кейін де алмайды; керісінше, капиталист мұны эквивалентсіз иемденіп кетеді. Товардың жалпы құны жұмысшының оны өндіруге жұмсаған еңбегінің мөлшерімен анықталады. Осы жалпы құнның бір бөлігін анықтайтын нәрсе сол, мұның өзі жалақының құнына тең, яғни соның эквиваленті болып табылады. Сондықтан екінші бөлік, қосымша құн, қажетті түрде дәл осылайша анықталады, атап айтқанда: мұның өзі өнімнің жалпы құнынан сол өнімдегі жалақының эквиваленті болып табылатын құн бөлігін шығарып тастағандағы мөлшерге тең; демек, мұның өзі товар өндіргенде жасалған жаңа құнның жалақының эквиваленті болатын бөлігінен артығына тең.

2) Жеке өнеркәсіп орнында әрбір жеке жұмысшы өндірген товар жөнінде дұрыс дегеніміз барлық өндіріс тарауларының жылдық өнімі жөнінде де дұрыс болмақ. Өндіргіш дара жұмысшының бір күндік еңбегі жөнінде не айтылған болса, барша өндіргіш жұмысшы табы қимылға келтірген жиынтық жылдық еңбек жөнінде де соны айтуға болады. Бұл тап бір жыл ішінде жұмсалған еңбектің мөлшерімен анықталатын жиынтық құнды жылдық өнімде «бекітеді» (Смиттің сөзі), ал осы жиынтық құн екіге бөлінеді: оның бір бөлігі жылдық еңбек мөлшерімен анықталады, осы арқылы жұмысшы табы өзінің жылдық жалақысының эквивалентін, яғни шындығында осы жалақының өзін жасайды; оның екінші бөлігі жылдық үстеме еңбекпен анықталады, осы арқылы жұмысшы капиталистер табы үшін қосымша құн жасайды. Демек, жылдық өнімдегі бір жыл ішінде жаңадан жасалған құн тек екі элементтен: жұмысшы табы алған жылдық жалақы эквивалентінен және капиталистер табына келтірілген жылдық қосымша құннан құралады. Ал жылдық жалақы жұмысшы табының табысы, қосымша құнның жылдық сомасы капиталистер табының табысы болады; демек, құнның екі бөлігі де — жылдық тұтыну қорының шамалас үлестері (ал егер әңгіме жәй ұдайы өндіріс туралы болып отырған болса, бұл пікір дұрыс та) және сол арқылы өткізіледі. Сөйтіп, тұрақты капитал құны үшін, өндіріс құрал-жабдықтары формасында қызмет ететін капиталды ұдайы өндіру үшін мүлде орын қалмайды. Ал өз еңбегінің кіріспесінде А. Смит турасынан: товар құнының табыс ретінде қызмет ететін барлық бөліктері еңбектің жылдық өніміне, қоғамдық тұтыну қорына арналған өнімге сәйкес келеді дейді:

«Алғашқы төрт кітаптың міндеті — ұлт табысының мәнісі не екенін, яғни... ұлттардың жылдық тұтынуын қамтамасыз еткен («supplied») қорлардың жаратылысы қандай екенін анықтау» (12-бет).

Осы кіріспенің алғашқы сөйлемінде-ақ былай делінген:

«Әрбір ұлттың жылдық еңбегі оған барлық тіршілік заттарын жеткізетін алғашқы қор болып табылады, ...бұларды ол жыл бойына тұтынады және бұлар әрқашан да не осы еңбектің тікелей өнімінен, не басқа ұлттардан осы өнімге сатып алынған заттардан құралады» (11-бет).

А. Смиттің бірінші қатесі — ол жылдық өнімнің құнын жыл ішінде жаңадан жасалған құнмен бірдей деп біледі. Соңғысы — тек қана өткен жылғы еңбектің өнімі; алғашқысында, сонымен қатар, жылдық өнімді өндіруге тұтынылған құн элементтерінің бәрі бар, бірақ бұлар *бұрнағы жылы, ішінара одан да бұрынғы жылдары өндірілген*: өндіріс құрал-жабдықтары, бұлардың құны тек қайтадан пайда болады және, құны жағынан алып қарағанда, соңғы жыл ішінде жұмсалған еңбек бұларды өндірген де, қайта өндірген де жоқ. Екі түрлі нәрсені осылайша шатастырып алады да, А. Смит жылдық өнім құнының тұрақты бөлігін мүлде аластап тастайды. Осы шатастырудың өзі оның негізгі көзқарастарындағы екінші бір қатенің салдарынан болып отыр: ол еңбектің өзінің екі жақты сипатын ажыратпайды, яғни жұмыс күшінің жұмсалуды ретінде құн жасайтын еңбекті және нақты, тиімді еңбек ретінде тұтыну заттарын (тұтыну құнын) жасайтын еңбекті ажыратпайды. Жыл ішінде өндірілген товарлардың жалпы сомасы, яғни *бүкіл жылдық өнім*, — соңғы жыл ішінде әрекет еткен *тиімді* еңбектің өнімі; барлық осы товарлардың болып отырған себебі тек мынадан ғана: қоғамдық жолмен қолданылған еңбек алуан түрлі тиімді еңбектің сан салалы жүйесінде жұмсалған. Тек сондықтан ғана өндірілген товарлардың жалпы құнында оларды өндірген кезде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құны сақталған, жаңа заттық формасында қайтадан пайда болып сақталған. Демек, *бүкіл жылдық өнім* — жыл ішінде жұмсалған *тиімді* еңбектің нәтижесі. Бірақ жыл ішінде жылдық өнім құнының тек бір бөлігі ғана жаңадан жасалады; осы бөлігі — *жыл ішінде жаңадан жасалған құн*; бұған осы жыл ішінде қимылға келтірілген еңбек сомасы сіңген.

Демек, А. Смиттің жаңа ғана цитат алынған жерде:

«Әрбір ұлттың жылдық еңбегі оған барлық тіршілік заттарын жеткізетін алғашқы қор болып табылады, бұларды ол жыл бойына тұтынады, т. т.»,

деуі бір өзі ғана барлық осы тіршілік заттарын тұтынуға жарамды формаға келтірген жәй тиімді еңбекті бір жақты ескергенін көрсетеді. Бірақ бұл жерде ол мұның өзі өткен жылдардан ауысқан еңбек құралдары мен еңбек заттарының көмегінсіз мүмкін емес екенін, сондықтан құн жасауға қатысқан «жылдық еңбек» өзі даярлауға қатысқан өнімнің бүкіл құнын әсте жасамағанын ұмытқан; жаңадан жасалған құнның өнім құнынан кем екенін ұмытқан.

Бұл анализінде А. Смит өзінің барлық ізбасарларынан жоғары көтерілмеді деп оған кінә тағуға болмайды десек те (физиократтардың өздері де мәселені дұрыс шешуге алғаш рет әрекет жасаған десек те), содан былайғы жерде ол, мұның керісінше, шытырманға түсіп адасады, ал адасуының басты себебі сол, оның товар құны атаулыны «эзотерикалық» тұрғыдан түсінуін «экзотерикалық» түсінігі үнемі жоққа шығарып отырады, өйткені онда мұның өзі көбірек баяндалған. Рас, оның ғылыми инстинктісі оқта-текте оның эзотерикалық көзқарасының қайта-қайта көрініп қалуына себепкер болып отырады.

#### 4) А. СМИТТЕГІ КАПИТАЛ МЕН ТАБЫС

Әрбір товар құнының (сол себепті жылдық өнім құнының да) тек жалақы эквиваленті болатын бөлігі капиталистің жалақыға авансқа берген капиталына тең, яғни оның авансқа берген бүкіл капиталының өзгермелі құрамдас бөлігіне тең. Авансталған капитал құнының осы құрамдас бөлігін капиталист жалдама жұмысшылар келтірген товар құнының жаңадан өндірілген құрамдас бөлігі арқылы қайырып алады. Сатуға әлі де дайын болмаған немесе дайын болғанымен, капиталист әлі сатып үлгірмеген өнімнің жұмысшының үлесіне тиетін бөлігін капиталистің ақшалай төлеуі мағнасында өзгермелі капитал авансқа беріле ме, капиталист жұмысшыға оның өзі өндірген товарды сатудан түскен ақшаны төлей ме, әлде кредит арқылы бұл ақшаны алдын ала өтей ме,— әйтеуір осы жағдайлардың бәрінде де капиталист өзгермелі капиталды жұмсайды, мұның өзі жұмысшыларға ақша түрінде келіп түседі, ал, екінші жағынан, осы жағдайлардың бәрінде де ол осы капитал құнының эквивалентін товарлар құнының бір бөлегі түрінде иемденеді, ал мұнда жұмысшы жалпы құнның өз үлесіне тиетін бөлігін қайта өндірген, немесе, басқаша айтқанда, мұнда ол өз жалақысының құнын өндірген. Жұмысшыға құнның осы бөлігін оның өзі өндірген өнімнен заттай берудің орнына капиталист оған құнның бұл бөлігін ақшалай төлейді. Сонымен, капиталист үшін оның авансқа бер-



ген капитал құнының өзгермелі құрамдас бөлігі енді товар формасында болады, ал жұмысшы болса өзі сатқан жұмыс күші үшін эквивалентті ақша формасында алды.

Демек, капиталист авансқа берген капиталдың бір бөлігі, жұмыс күшін сатып алу арқылы өзгермелі капиталға айналған бөлігі, өндіріс процесінің өзінде қимыл көрсетуші жұмыс күші ретінде қызмет етіп отырған кезде, осы жұмыс күшін жұмсау арқылы авансталған капиталдың өзгермелі бөлігі жаңа құн ретінде товар формасында қайтадан өндіріліп, яғни ұдайы өндіріліп отырған кезде,— демек, авансталған капитал құнын ұдайы өндіру, яғни жаңадан өндіру ісі жүргізіліп жатқан кезде — нақ осы кезде жұмысшы өзі сатқан жұмыс күшінің құнын, тиісінше бағасын тіршілік заттарына, өзінің жұмыс күшін ұдайы өндіретін заттарға жұмсайды. Өзгермелі капиталға тең ақша сомасы жұмысшының табысы болады, онда да жұмысшы өзінің жұмыс күшін капиталиске сата алатын кезге дейін ғана түсіп отыратын табыс болады.

Жалдама жұмысшының товары — оның өз жұмыс күші — капиталистің капиталына қосылуы себепті ғана, капитал ретінде көрінуі себепті ғана товар ретінде қызмет етеді; екінші жағынан, капиталистің жұмыс күшін сатып алуға ақша капиталы түрінде жұмсалған капиталы жұмыс күшін сатушының, жалдама жұмысшының қолында табыс ретінде көрінеді.

Мұнда айналыс пен өндірістің түрліше процестері астарласып жатыр, ал С. Смит бұларды ажыратып көрсетпеген.

Біріншіден. *Айналыс* процесіне жататын іс-әрекеттер: жұмысшы капиталиске өз товарын — жұмыс күшін сатады; мұны сатып алу үшін капиталист шығарған ақша ол үшін құнды көбейту мақсатымен қолданылған ақша, яғни ақша капиталы болады; бұл капитал жұмсалып кеткен жоқ, тек авансқа берілген. (Физиократтардың «авансе» «аванстау» — деп жүргендерінің шын мәнісі міне осындай,— ал капиталистің өзі бұл ақшаны қайдан алатындығының мұнда ешбір келер-кетері жоқ. Өндіріс процесін жүзеге асыру мақсатымен капиталист төлейтін құн атаулы оның өзі үшін авансқа берілген болып есептеледі, ал мұның өзі өндіріс процесі аяқталғанға дейін бола ма, әлде *post festum*\* бола ма, оның бәрі бір. Құн өндіріс процесінің өзіне авансталады.) Мұнда товар атаулыны сатқан сайын кездесетін жағдайды ғана көреміз: сатушы тұтыну құнын (бұл ретте — жұмыс күшін) береді де, ақша формасында оның құнын алады (бағасын өткізеді); сатып алушы өзінің

\* — бұл жерде: одан кейін. *Ред.*

ақшасын береді де, оның орнына товардың өзін, бұл ретте — жұмыс күшін алады.

Екіншіден. *Өндіріс* процесінде сатып алынған жұмыс күші қызмет етуші капиталдың бір бөлігі болады, ал жұмысшының өзі мұнда осы капиталдың айрықша заттық формасы ретінде ғана, өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында болатын капитал элементтерінен өзгеше форма ретінде ғана қызмет етеді. Өндіріс процесі кезінде жұмысшы өзі өнімге айналдыратын өндіріс құрал-жабдықтарына өзінің жұмыс күшін жұмсау арқылы құн қосады, мұның өзі оның жұмыс күшінің құнына тең (қосымша құнды біз былай қоямыз); демек, жұмысшы капиталистің оған жалақы түрінде авансқа берген немесе авансқа беруге тиісті капитал бөлігін капиталист үшін товар формасында қайта өндіреді; жұмысшы капиталист үшін осы капиталдың эквивалентін өндіреді, яғни ол капиталист үшін капитал өндіреді, ал мұны капиталист жұмыс күшін сатып алу үшін қайтадан «аванстай» алады.

Үшіншіден. Сондықтан товарды сатқанда оның сату бағасының бір бөлегі капиталистің авансқа берген өзгермелі капиталын өтейді де, осының арқасында капиталист қайтадан жұмыс күшін сатып алуға, ал жұмысшы қайтадан оны сатуға мүмкіндік алады.

Товарды сатып алу және сату әрекеттерінің бәрінде де — әңгіме нақ осы сауда-саттық істері жөнінде ғана болып отырғандықтан — сатушы өз товарына алған ақшасын не істесе де және сатып алушы өзі сатып алған тұтыну заттарын не істесе де, оның ешбір келер-кетері жоқ. Демек, әңгіме тек айналдырыс процесі жайында ғана болып отырғандықтан, капиталист сатып алған жұмыс күшінің ол үшін капитал құнын қайта өндіретіндігінің де, екінші жағынан, жұмыс күшін сатудан түскен ақшаның жұмысшының табысы болатындығының да ешбір келер-кетері жоқ. Жұмысшы сататын товар, оның жұмыс күші құнының шамасы мұның жұмысшы «табысы» болатындығына, сол сияқты жұмысшы сататын товарды сатып алушының тұтынуы сол сатып алушы үшін капитал құнын қайта өндіретіндігіне есте байланысты емес.

Жалақы жұмысшы күнелтуге тиісті табыс болады, өйткені жұмыс күшінің құны, — яғни осы товар сатылатын адекватты баға, — оны қайта өндіруге қажетті еңбектің мөлшерімен белгіленеді, ал бұл еңбек мөлшерінің өзі жұмысшының қажетті тіршілік заттарын өндіру үшін керек болатын еңбектің мөлшерімен яғни оның тіршілігін сақтау үшін қажетті еңбек мөлшерімен белгіленеді.

А. Смиттің мына пікірі мүлде дұрыс емес:

«Өндіргіш еңбекті ұстауға жұмсалған *капитал бөлігі* ол үшін» (кәсіпкер үшін) «өзінің капиталдық қызметін атқарғаннан кейін... осы соңғылар үшін» (жұмысшылар үшін) «табыс болады» (II кітап, III тарау, 223-бет).

Өзі сатып алған жұмыс күшіне капиталист төлейтін *ақшаның* ол үшін «капитал қызметін» атқаратын себебі — капиталист осы ақша арқылы жұмыс күшін өз капиталының заттық құрамдас бөліктеріне қосады, сөйтіп тек осының өзі ғана оның капиталының өндіргіш капитал ретінде қызмет атқаруын жалпы мүмкін етеді. Біз мынаны ажырата білуге тиіспіз: жұмыс күші жұмысшының қолында тұрғанда капитал емес, *товар* болады; мұны ол үнемі қайта-қайта сата алатындықтан ғана бұл оған табыс келтіреді; жұмыс күші тек сатылғаннан кейін, капиталистің қолында тұрғанда, нақ өндіріс процесі кезінде капитал ретінде қызмет етеді. Мұнда дәл жұмыс күші екі бірдей қызмет атқарады: жұмысшының қолында бұл өз құны бойынша сатылатын *товар* болады; сатып алған капиталистің қолында мұның өзі құн мен тұтыну құнын өндіруші күшке айналады. Бірақ жұмысшы ақшаны капиталистен оған өз жұмыс күшін тұтынуға бергеннен кейін ғана, өзінің жұмыс күші еңбек өнімінің құнына енгеннен кейін ғана алады. Капиталист бұл құнды төлегенге дейін иемденеді. Демек, екі дүркін қызмет ететін: алғашында өзгермелі капиталдың ақшалай формасы ретінде, онан соң жалақы ретінде қызмет ететін ақша емес. Екі дүркін қызмет ететін жұмыс күші: біріншіден, жұмыс күшін сатқанда *товар* ретінде қызмет етеді (төленуге тиісті жалақының мөлшерін белгілегенде ақша құнның тек ойдағы өлшеуіші ролін атқарады, оның бержағында капиталистің қолында бұл ақшаның болмауы да мүмкін); екіншіден, өндіріс процесінде, капиталистің қарамағында жұмыс күші *капитал* ретінде, яғни тұтыну құны мен құнды жасаушы элемент ретінде қызмет етеді. Жұмыс күші жұмысшыға төленуге тиісті эквивалентті енді *товар* формасында дүниеге келтіреді, оның бержағында бұл эквивалентті капиталист жұмысшыға ақша формасында төлемей тұрып дүниеге келтіреді. Сонымен, жұмысшының өзі төлем қорын жасайды да, капиталист жұмысшының ақысын осы қордан төлейді. Бірақ әңгіме мұнымен ғана бітпейді.

Жұмысшы алатын ақшасын өзінің жұмыс күшін сақтау үшін жұмсайды, демек,— егер капиталистер табы мен жұмысшылар табын жинақы түрінде алып қарайтын болсақ,— жұмысшы бұл ақшаны капиталисті капиталист күйінде қалдыратын бірден-бір құралды сол капиталист үшін аман сақтауға жұмсайды.

Сонымен, жұмыс күшін үнемі сатып алу және сату, бір жағынан, жұмыс күшін капиталдың элементі ретінде мәңгілік етеді; осының нәтижесінде капиталдың өзі товар жасайтын, яғни тұтынуға арналған және құны бар товар жасайтын нәрсе болып көрінеді; онан кейін, дәл сол себептен жұмыс күшін сатып алуға жұмсалатын капитал бөлігі жұмыс күші жасаған өнімді сату арқылы үнемі қалпына келтіріліп отырады, демек, өзіне ақы төленетін капитал қорын үнемі жұмысшының өзі жасайды. Екінші жағынан, жұмыс күшін үнемі сату жұмысшының тіршілігін сақтаудың үнемі жаңғыртылып отыратын көзіне айналады, демек, жұмыс күші дәулет іспетті болады да, жұмысшы осы арқылы табыс тауып, сонымен күнелтіп отырады. Бұл ретте жұмысшының табысы товарды (жұмыс күшін) үнесі қайталап сату арқылы құндарды иемденудің дәл өзі болып шығады, оның бержағында бұл құндардың өздері жұмысшы үнемі лажсыздан сатып отыратын товарды үнемі қайта өндіру үшін ғана қызмет етеді. Міне осы тұрғыдан ғана А. Смиттің: жұмысшының өзі жасаған өнім құнының бір бөлігі сол жұмысшы табысының көзіне айналады, капиталист сол үшін оған жалақы формасында эквивалент төлейді деген пікірі дұрыс. Бірақ бұл жағдай құнның осы бөлігінің жаратылысын да, шамасын да ешбір өзгертпейді; мұның өзі бейне өндіріс құрал-жабдықтарының капитал құндары ретінде қызмет атқаратындығынан олардың құнының жаратылысы ешбір өзгермейтіні сияқты нәрсе, бейне тік сызық үшкілдің негізі бола ма, әлде эллипстің белдігі ретінде қызмет ете ме, бұдан бұл сызықтың мәні мен ұзындығының өзгермейтіні сияқты нәрсе. Өндіріс құрал-жабдықтарының құны сияқты, жұмыс күшінің құны да көрсетілген жағдайға байланыссыз бұрынғыша белгіленеді. Товар құнының бұл бөлегі көрсетілген құнды жасаушы дербес факторлардың бірі ретінде жұмысшының табысынан *құралмайды* және оның табысына *жіктелмейді*. Жұмысшы үнемі қайта өндіріп отыратын осы жаңа құн оның табысының көзі болғанымен, нақ осы себепті оның табысы, мұның керісінше, ол өндірген жаңа құнның құрамдас бөлігі бола қоймайды. Жұмысшы жасаған жаңа құннан оның өзіне төленетін үлестің шамасы оның құн жөніндегі табысының мөлшерін ғана белгілейді, бірақ мұның керісінше емес. Жаңадан жасалған құн бөлігінің оның табысы болатындығы бұл бөліктің не нәрсеге айналатынын ғана, оны қолдану сипатын ғана көрсетеді, дәл сол сияқты мұның тегіне де, сондай-ақ басқа құн атаулының тегіне де бұл жағдайдың ешбір қатысы жоқ. Егер мен апта сайын он талер алатын болсам, менің апта сайын бұл табысты алуымның өзі он талер құнының

*жаратылысын* да, бұлардың құнының *шамасын* да ешбір өзгертпейді. Басқа товар атаулының құны сияқты, жұмыс күшінің құны да оны ұдайы өндіруге қажетті еңбектің мөлшерімен белгіленеді; бұл товардың (жұмыс күшінің) бір өзгешелігі — бұл еңбектің мөлшері жұмысшыға қажетті тіршілік заттарының құнымен әлдеқашан белгіленіп қойылған, яғни ол жұмысшының тіршілік жағдайының өзін ұдайы өндіру үшін қажетті еңбекке тең. Ал жұмыс күшінің құны үшін бұл жағдай қаншалық дөп келетін болса, жұмыс көлігінің құны үшін де соншалық дөп келеді, өйткені оның құны сол көлікті асырау үшін қажетті тіршілік заттарының құнымен, яғни осы тіршілік заттарын өндіру үшін қажетті адам еңбегінің аумағымен анықталады.

Алайда бұл мәселеде А. Смитке кездескен бар қырсықтың себебі — «табыс» категориясы. Табыстың әр алуан түрлері Смитте жыл сайын өндіріліп отыратын, жаңадан жасалатын товар құнының «component parts», яғни, «құрамдас бөліктері» болып шығады, ал осы товар құнының *капиталист* үшін жіктелетін екі бөлігі, яғни еңбекті сатып аларда ақша формасында авансқа берілген оның өзгермелі капиталының эквиваленті және бұл құнның нақ сол капиталиске тән, бірақ тегін түскен екінші бөлігі, яғни қосымша құн, — мұның керісінше, табыс көздері болады. Өзгермелі капиталдың эквиваленті жұмыс күшіне қайтадан авансқа беріледі де, сол себепті жалақы формасында жұмысшының табысы болып шығады. Екінші бөлігі, яғни қосымша құн, капиталистің авансқа берген капиталының ешқандай бөлігін өтеу үшін қызмет етпейді, сондықтан да капиталист мұны тұтыну заттарына (қажетті тұтыну заттарына, сонымен қатар сән-салтанат заттарына) жұмсай алады, ол мұны белгілібір капитал құнына айналдырмай-ақ бүтіндей табыс ретінде тұтына алады. Товар құнының өзі осы табыстарды алудың алғышарты болып табылады, ал осы құнның капиталист үшін жіктелетін бір ғана себебі, бұлар — не оның авансқа берген өзгермелі капитал құны үшін алатын эквиваленті, не оның авансқа берген өзгермелі капитал құнынан *астам* мөлшері. Бұл екі бөлік басқа ешнәрседен де емес, тек товар өндірген кезде жұмсалған, еңбек процесінде іске қосылған жұмыс күшінен ғана құралады. Бұлар «кірістен», яки «табыстан» құралмайды, қайта бұлар жұмсалған шығын, еңбек шығыны болып табылады.

Осылай *quid pro quo\** нәтижесінде, товар құны табыстың көзіне емес, қайта табыстың өзі товар құнының көзіне айнал-

\* — бұл жерде: астан-кестең ету. *Ред.*

дырылып отырған жағдайда, товар құны А. Смитте түрліше табыстардан «құралған» болып шығады. Онда бұлар бір-біріне байланыссыз анықталған, ал товардың жалпы құны осы табыстар құнының шамаларын қосу арқылы анықталады. Бірақ мынадай сұрақ туады: товар құнын құрастыратын осы табыстардың әрқайсысының құны қалайша анықталмақ? Жалақыны алатын болсақ, оны анықтауға болады, өйткені ол — тиісті товардың, жұмыс күшінің құны; ал бұл құн (басқа товар атаулының құны сияқты) осы товарды ұдайы өндіру үшін қажетті еңбекпен анықталады. Бірақ қосымша құнды, яғни, Смитше айтқанда, оның екі формасын: пайда мен жер рентасын қалай анықтауға болады? Бұл жерде А. Смит бос мылжыңмен жалтарып кетеді. Ол біресе жалақы мен қосымша құнды (тиісінше — жалақы мен пайданы) товардың құнын, тиісінше — товардың бағасын «құрастыратын» құрамдас екі бөлік деп біледі, біресе, екінші бірінде демін алып та үлгірместен, товардың бағасы «жіктелетін» («resolves itself») бөліктер деп біледі, ал мұның мәнісі алғашқы пікірге қарама-қарсы пікір айтқандық болады, мұның мәнісі товар құны күн ілгері белгіленіп қойылған нәрсе және осы бұрыннан белгілі құнның түрліше бөліктері түрліше табыстар формасында өндіріс процесіне қатысқан түрліше адамдарға тиеді дегендік болады. А. Смиттің осы соңғы пікірі товардың құны көрсетілген үш түрлі «құрамдас» бөліктен құралады деген пікірмен әсте бірдей емес. Мәселен, егер мен үш түрлі тік сызықтың ұзындығын өз бетімше анықтасам, одан кейін, осы үш сызықты «құрамдас бөліктер» ретінде алып, ұзындығы алғашқы үш сызықтың сомасына тең төртінші сызық жасасам, онда мұның өзі менің көз алдымдағы бұрыннан белгілі тік сызықты алып, белгілі бір мақсатпен оны үш түрлі бөлікке бөлуімнен, былайша айтқанда «жіктеуімнен» мүлде басқаша әрекет болып шығады. Алғашқы ретте бүкіл бір сызықтың ұзындығы үш сызықтың ұзындығының өзгеруімен бірге сөзсіз өзгеріп отырады, өйткені ол — осы үш сызықтың сомасы; ал соңғы ретте үш сызықтың әрқайсысының ұзындығына күн ілгері шек қойылған, өйткені бұлар — ұзындығы белгілі тұтас бір сызықтың бөліктері.

Алайда шынына келгенде, — егер біз А. Смиттің баяндауындағы дұрыс пікірді, атап айтқанда: *жылдық еңбек жаңадан жасаған құн*, қоғамның жылдық товарлы өніміндегі құн (бір күн, бір апта, тағы басқа мерзім ішінде жасалған әрбір жеке товардың немесе еңбек өнімінің құны сияқты), авансқа берілген өзгермелі капиталдың құнына тең (яғни тағы да жұмыс күшін сатып алуға арналған құн бөлігіне тең), оның

үстіне қосымша құнға тең, ал капиталист мұны — жәй ұдайы өндіріс тұсында және басқа өзгермейтін жағдайларда — толығынан өзінің жеке тұтынуына жұмсай алады деген пікірді қолданатын болсақ; онан соң, егер А. Смиттің құн жасайтын, яғни жұмыс күшінің жұмсалуды болатын еңбекті тұтыну құнын жасайтын, яғни мақсатқа сәйкес, тиімді формада жұмсалатын еңбекпен шатастырып отырғанын еске алатын болса, — онда шынына келгенде А. Смиттің бар түсінігі мынаған келіп саяды: товар атаулының құны еңбек өнімі болып табылады, демек, жылдық еңбек өнімінің құны да немесе жылдық қоғамдық товарлы өнімнің құны да осындай. Бірақ әрбір еңбек былайша жіктеледі: 1) қажетті жұмыс уақыты; бұл уақыттың ішінде жұмысшы өзінің жұмыс күшін сатып алуға авансталған капиталдың эквивалентін ғана қайта өндіреді; 2) қосымша еңбек; осы арқылы жұмысшы капиталистке ешқандай эквивалентсіз келетін құн жасап береді, яғни оған қосымша құн келтіреді. Сонымен, А. Смиттің түсінігі бойынша, әрбір товар құны осы екі түрлі құрамдас бөлікке ғана жіктеледі де, сайып келгенде жалақы ретінде жұмысшы табының табысы, ал қосымша құн ретінде капиталистер табының табысы болады. Ал тұрақты капитал құнын, яғни жылдық өнімді өндіргенде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын алатын болсақ, А. Смит жаңа өнімнің құнына бұл құнның қалайша кіретінін мүлде айта алмайды (тек ол: капиталист өз товарын сатқанда мұны сатып алушының есебіне жатқызады деген сөзбен ғана тынады), ал өндіріс құрал-жабдықтарының өздері де еңбек өнімі болатындықтан, А. Смиттің айтуынша, жаңа өнім құнының бұл бөлігі «сайып келгенде» («ultimately») тағы да сол өзгермелі капиталдың эквиваленті мен қосымша құннан ғана: қажетті еңбек пен қосымша еңбектің өнімінен ғана құралмақ. Егер осы өндіріс құрал-жабдықтарының құндары бұларды қолданушылардың қолында капитал құндары ретінде қызмет ететін болса, мұның өзі бұлардың «алғашында», яғни арғы тегін қазбалап келгенде, басқалардың қолында, яғни бұдан да бұрын, құнның нақ сол екі түрлі бөлігіне, демек, екі түрлі табыс көзіне жіктелгенін бекерге шығара алмайды-мыс.

Барлық осы айтылғандардың ішіндегі дұрысы мынау: қоғамдық капиталдың қозғалысында, яғни дара капиталдар жиынтығының қозғалысында, істің жайы оқшау алынған әрбір дара капитал жағдайындағыдан гөрі, яғни әрбір жеке капиталистің тұрғысынан қараған кездегіден гөрі басқаша болып көрінеді. Жеке капиталист үшін товар құны былайша жіктеледі: 1) тұрақты элемент (Смитше атағанда, «төртінші элемент»)

және 2) жалақы мен қосымша құн сомасы, тиісінше — жалақының, пайда мен жер рентасының сомасы. Мұның керісінше, қоғамдық тұрғыдан алғанда Смиттің «төртінші элементі», тұрақты капитал құны, жоғалып кетеді.

### 5) ҚОРЫТЫНДЫ

Табыстың үш түрі, яғни жалақы, пайда және рента, товар құнының үш түрлі «құрамдас бөлігін» құрастырады деген қисынсыз формула А. Смитте товар құны осы құрамдас үш бөлікке «жіктеледі» («resolves itself») деген формуладан, шындыққа неғұрлым жанасымды формуладан туып отыр. Бірақ бұл да дұрыс емес, тіпті товар құны тұтынылған жұмыс күшінің эквивалентіне және осы жұмыс күші жасаған қосымша құнға бөлінеді деп ұйғарған күннің өзінде де бұл дұрыс емес. Бірақ А. Смиттің бұл адасуында да неғұрлым терең, дұрыс негіздер бар. Капиталистік өндіріс мынаған негізделген: өндіргіш жұмысшы капиталистке өзінің меншікті жұмыс күшін өз товары ретінде сатады, ал мұның өзі капиталистің қолында кейін оның өндіргіш капиталының элементі ретінде қызмет етеді. Айналыс саласына қатысы бар бұл сауда-саттық, яғни жұмыс күшін сату және сатып алу, өндіріс процесінің кіріспесі ғана болып қоймайды, сонымен қатар оның ерекше сипатын *implicite\** анықтайды. Тұтыну құнын өндіру, тіпті товар өндіру (өйткені мұны дербес өндіруші қызметкерлердің де жүргізуі мүмкін) — бұл арада капиталист үшін тек абсолюттік және относительдік қосымша құн өндіру құралы ғана. Сондықтан өндіріс процесін талдағанда біз абсолюттік және относительдік қосымша құн өндірудің өзі: 1) күнделікті еңбек процесінің ұзақтығын, 2) капиталистік өндіріс процесінің бүкіл қоғамдық және техникалық құрылысын қалай анықтайтынын көрдік. Мұның өзінде құнды (тұрақты капитал құнын) жәй сақтаудың, авансқа берілген құнды (жұмыс күшінің эквивалентін) іс жүзінде ұдайы өндірудің және қосымша құнды, яғни капиталист ешқандай эквивалентті авансқа бермеген және *post festum\*\** бермейтін құнды өндірудің арасына шек қойылып отырады.

Қосымша құнды, яғни капиталист авансқа берген құнның эквивалентінен артылған құнды иемдену жұмыс күшін сатып алу және сату арқылы әзірленетін болса да, бұл иемдену өндіріс процесінің өзінде жүргізілетін әрекет ретінде осы процестің елеулі кезеңі болып табылады.

\* — бұл жерде: өздігінен. *Ред.*

\*\* — мезгілі өткеннен кейін де. *Ред.*



Айналыс әрекеті болып табылатын кіріспе әрекет, яғни жұмыс күшін сатып алу және сату, өз тарапынан, өндіріс *элементтерін* бөлуге негізделеді, мұның өзі қоғамдық *өнімдерді* бөлуден бұрын жүргізіледі де, соңғы бөлістің алғышарты болады, атап айтқанда: жұмысшының товары ретіндегі жұмыс күшін жұмысшы еместердің меншігі ретіндегі өндіріс құрал-жабдықтарынан бөліп тастауға негізделеді.

Бірақ сонымен бірге қосымша құнды осылайша иемдену немесе құн өндірудің авансталған құнды ұдайы өндіру және ешқандай эквивалентті өтемейтін жаңа (қосымша) құнды өндіру болып бөлінуі құн субстанциясының өзін де, оны өндіру жаратылысын да ешбір өзгертпейді. Тек жұмсалған жұмыс күші ғана, яғни өзгеше тиімді сипатына байланыссыз алынған еңбек қана әрқашан да құнның субстанциясы болып табылады, ал құн өндіру дегеніміз жұмыс күшінің осылайша жұмсалып процесінен басқа түк те емес. Мәселен, крепостной шаруа аптадағы алты күннің ішінде өзінің жұмыс күшін жұмсайды, яғни алты күн жұмыс істейді, ал жұмыс күшінің осылайша жұмсалып фактісі жағынан алып қарағанда, осы алты жұмыс күні ішінде крепостнойдың, мәселен, үш күн ұдайы өзі үшін, өзінің меншікті егістігінде, қалған үш күнде өз помещигіне соның егістігінде істейтіндігінің ешбір келер-кетері жоқ. Өзі үшін істелетін еркін еңбек те, байбатша үшін істелетін еріксіз еңбек те — бірдей еңбек. Егер біз крепостнойдың алты күндік еңбегін ол жасаған құндар жағынан немесе, ол жасаған тиімді өнімдер жағынан алып қарайтын болсақ, бұл еңбектен ешқандай айырмашылық таба алмаймыз. Айырмашылық алты күндік жұмыс уақытының екі жартысында оның жұмыс күшін жұмсауға себепкер болатын түрліше жағдайларда ғана. Жалдама жұмысшының қажетті және қосымша еңбегі жөнінде де әңгіме дәл осындай.

Өндіріс процесі товарға жетіп тыйылады. Товар өндіруге жұмыс күшінің жұмсалғандығы енді товардың заттық қасиеті ретінде, — товардың құнға ие болу қасиеті ретінде көрінеді; бұл құнның шамасы жұмсалған еңбектің шамасымен өлшенеді; товар құны басқа ешнәрсеге жіктелмейді және басқа ешнәрседен құралмайды. Егер мен ұзындығы белгілі тік сызықты өзімнің еркіме байланыссыз белгілі бір ережелерге (зандарға) сәйкес келетін әдіспен сызған болсам, онда мен ең алдымен тік сызықты «жасаған болып шығамын (рас, өзіме бұрыннан белгілі нәрсені бейнелі түрде ғана «жасаймын»)). Егер мен бұл сызықты содан кейін үш кесіндіге бөлетін болсам (бұлардың ұзындығы да белгілі бір есептің шарттарына сәйкес келуге тиіс), онда осы үш кесіндінің әрқайсысы бұрынғыша тік сызық

болып қалады, ал әлгі кесінділерге айналған тұтас сызық осылайша бөлудің нәтижесінде тік сызықтан өзгеше басқа нәрсеге, мәселен, әлденендей бір қисық сызыққа айналмайды. Дәл сол сияқты мен ұзындығы белгілі сызықты бөле келіп, бұл бөліктердің сомасы сызықтың бөлінгенге дейінгі шамасынан асып түсетіндей ете алмаймын; демек, бүкіл сызықтың ұзындығын оның бөліктерінің бет алды алынған ұзындығы анықтай алмайды. Мұның керісінше, бұлар тұтас сызықтың бөліктері болғандықтан, сол сызықтың шеңберінде бұлардың относительдік шамаларына әуел бастан-ақ шек қойылған.

Бұл жағынан алып қарағанда капиталист өндірген товардың дербес қызметкер, еңбекшілер қауымдары [Arbeitergemeinden] немесе құлдар өндірген товарлардан ешбір айырмашылығы жоқ. Алайда біз алып қараған ретте бүкіл еңбек өнімі, сондай-ақ оның бүкіл құны да, капиталистікі. Басқа өндіруші атаулы сияқты, ол да келешекте іс-әрекет жасай алатын болу үшін әуелі товарды сатып ақшаға айналдыруға тиіс; товарды ол жалпылама эквивалент формасына айналдыруға тиіс.

Ақшаға айналғанға дейінгі товарлы өнімді алып қарайық. Ол түгелдей капиталистікі. Екінші жағынан, еңбектің тиімді өнімі ретінде, тұтыну құны ретінде ол бүтіндей — өткен кездегі еңбек процесінің өнімі; ал оның құны жөнінде әңгіме басқаша. Бұл құнның бір бөлігі товар өндіргенде жұмсалған өндіріс құрал-жабдықтарының жаңа формада пайда болған құны ғана; құнның бұл бөлігі сол товарды өндіру процесі кезінде өндірілген емес; өндіріс құрал-жабдықтарында бұл құн өндіріс процесіне байланыссыз одан бұрын-ақ болған; бұлар бұл процеске осы құнның тұлғалары ретінде кірген; тек оның көріну формасы ғана жаңарып, өзгерді. Товар құнының бұл бөлігі капиталист үшін оның авансқа берген тұрақты капитал құны бөлігінің, товар өндірген кезде тұтынылған бөлігінің эквиваленті болады. Бұрын ол өндіріс құрал-жабдықтары формасында болған; енді ол жаңадан өндірілген товар құнының құрамдас бір бөлігі ретінде болып отыр. Товар ақшаға айналысымен-ақ енді ақша түрінде болып отырған бұл құн қайтадан өндіріс құрал-жабдықтарына, өндіріс процесінен және тұрақты капитал құнының осы процесте атқаратын қызметінен келіп шығатын өзінің бастапқы формасына айналуға тиіс. Бұл құнның капитал ретінде қызмет атқаруы нәтижесінде товар құнының сипатында ешбір өзгеріс болмайды.

Товар құнының екінші бөлігі — жалдама жұмысшы капиталистке сататын жұмыс күшінің құны. Мұның өзі, өндіріс құрал-жабдықтарының құны сияқты, жұмыс күші кіруге тиісті

өндіріс процесіне байланыссыз анықталады, сөйтіп, бұл процеске кіруден бұрын бұл құн айналыс әрекеті кезінде, жұмыс күшін сатып алу және сату кезінде білінеді. Жалдама жұмысшы қызмет ете отырып, өзінің жұмыс күшін жұмсай отырып, товар құнын өндіреді, бұл құн жұмыс күшін пайдаланғаны үшін оған капиталист төлеуге тиісті құнға тең. Жұмысшы бұл құнды капиталистке товар формасында береді, капиталист мұны жұмысшыға ақша формасында төлейді. Капиталист үшін товар құнының бұл бөлігі — оның жалақыға авансқа беруге тиісті өзгермелі капиталының эквиваленті ғана екені, бұл жағдай осы құнның өндіріс процесі кезінде жаңадан жасалған товар құны екенін, мұның өзі басқа ешнәрседен емес, нақ қосымша құн құралатын нәрседен тұратынын, атап айтқанда іс жүзінде жұмсалған жұмыс күшінен құралатынын ешбір өзгертпейді. Бұл фактіге мына жағдай да ешқандай әсер етпейді: капиталист жұмысшыға жалақы формасында төлейтін жұмыс күшінің құны жұмысшы үшін табыс формасында болады да, осының арқасында жұмыс күші ғана емес, кәдімгі жалдама жұмысшылар табы да үнемі қайта өндіріліп отырады, сонымен бірге бүкіл капиталистік өндірістің негізі де ұдайы өндіріліп отырады.

Бірақ құнның бұл екі бөлігінің сомасы бүкіл товар құны бола қоймайды. Екі бөліктің сомасынан артылғаны, яғни қосымша құн қалады. Мұның өзі, жалақыға авансқа берілген өзгермелі капиталды өтейтін құн бөлігі сияқты, өндіріс процесі кезінде жұмысшы жаңадан жасаған құн, тоқырап қалған еңбек болып табылады. Мұндағы айырмашылық тек мынада: бүкіл өнімнің меншікшісіне, капиталистке, қосымша құн тегін келеді. Бұл жағдай шынында да капиталистің мұны табыс ретінде түгел тұтынуына мүмкіндік береді; бірақ түгел тұтығанда, егер мұның бір бөлігін капиталист өзінің басқа сыбайластарына, мәселен, жер рентасын жер иелеріне беруіне тура келмесе түгел тұтынады, ал беретін болған күнде тиісті бөліктер осындай үшінші адамдардың табысы болады. Нақ осы жағдай біздің капиталисті товар өндірумен айналысуға шын мәжбүр еткен қозғаушы күш болды. Бірақ капиталисті қосымша құн алуға алғаш итермелеген ізгі ниет те, одан кейін оның өзінің және басқа адамдардың бұл қосымша құнды табыс ретінде жұмсауы да қосымша құнның шынайы қалпына ешқандай әсер етпейді. Мұның бәрі оның төленбеген тоқыраулы еңбек екенін ешбір өзгерте алмайды, сонымен қатар оның шамасын да әсте өзгертпейді, өйткені мұның өзі мүлде басқа шарттармен анықталады.

Ал А. Смит товар құнын қарастырған кезде-ақ құнның түрлі бөліктерінің бүкіл ұдайы өндіріс процесіндегі ролін анықтаумен айналысуға ниет білдіргендіктен мынаны айқын білді: егер құнның жеке бөліктері табыс ретінде қызмет ететін болса, оның басқа бір бөліктері нақ сондай тұрақтылықпен капитал ретінде қызмет атқарады, сондықтан, оның логикасына сәйкес, соңғы бөліктерді товар құнын құрастыратын бөліктер деп, яғни сол құн жіктелетін бөліктер деп атаған жөн болар еді.

А. Смит жалпы товар өндірісін капиталистік товар өндірісімен бірдей деп біледі; онда өндіріс құрал-жабдықтары әуел бастан-ақ — «капитал», еңбек әуел бастан-ақ — жалдама еңбек, сондықтан да оның ойынша:

«Тиімді және өндіргіш жұмысшылардың саны барлық жерде... оларға жұмыс беру үшін қолданылатын капиталдың шамасына пропорциялы» («to the quantity of capital stock which is employed in setting them to work»). («Кіріспе», 12-бет).

Бір сөзбен айтқанда, еңбек процесінің түрлі факторлары, заттары да, адамдары да әуел бастан-ақ капиталистік өндіріс заманына тән бүркемелі түрде көрінеді. Сондықтан да А. Смитте товар құнын талдау бұл құнның, біріншіден, қаншалық дәрежеде жұмсалған капиталдың жәй эквиваленті болатынын, екіншіден, мұның өзі қаншалық дәрежеде авансқа берілген белгілібір капитал құнын өтемейтін «еркін» құн, яғни қосымша құн болатынын анықтаумен тікелей сәйкес келіп отырады. Сонымен, осы тұрғыдан бірімен бірі салыстырылатын товар құнының бөліктері байқаусызда оның «құрамдас бөліктеріне» және, ақырында, «құн атаулының көздеріне» айналады. Бұдан кейінгі бір нәтиже, товар құны түрлі-түрлі табыстардан құралады немесе, А. Смиттің басқа жерлерде баяндағанындай, мұның өзі түрлі-түрлі табыстарға «жіктеледі»; сөйтіп А. Смитте табыстар товар құнынан құралмайды, қайта товар құны «табыстардан» құралады. Кейін товар құнының әйтеуір біреудің табысы ретінде қызмет ететіндігі бұл құнның жаратылысын өзгертпейді, сол сияқты, егер товар құны мен ақша капитал құны ретінде қызмет ететін болса, бұдан нақ сол товар құнының жаратылысы немесе нақ сол ақшаның жаратылысы есте өзгермейді. А. Смитке кездесіп отырған товар әуел бастан-ақ товарлы капитал болып табылады (мұның өзінде товар өндірген кезде тұтынылған капитал құнымен қатар қосымша құн да бар), яғни бұл товар әуел бастан-ақ капиталистік жолмен өндірілген товар, капиталистік өндіріс процесінің нәтижесі. Сондықтан әуелі осы процеске, онан барып осының өзіндегі құнды көбейту және жасау процесіне де

талдау жасау керек еді. Ал товар айналысы да, өз тарапынан, капиталистік өндіріс процесінің алғышарты болып табылады, сондықтан оны суреттеу үшін алдын ала және оған байланыссыз түрде товарға талдау жасау керек болады. Тіпті А. Смит кейде «эзотерикалық» тұрғыдан дұрыс жолға түскен кезде де ол товар құнына товарды талдағанда ғана, яғни товарлы капиталды талдағанда ғана көңіл бөледі.

### III. БЕРГІ КЕЗДЕГІ ЭКОНОМИСТЕР<sup>41)</sup>

Рикардо А. Смиттің теориясын сөзбе-сөз дерлік қайталайды:

«Елдің барлық өнімдері тұтынылатынын естен шығармау керек, бірақ бұл өнімдерді жаңадан басқа құнды ұдайы өндіретіндер тұтына ма, әлде мұны ұдайы өндірмейтіндер тұтына ма,— өлшеусіз зор айырмашылық міне осында. Егер біз табыс сақталып қалып, капиталға қосылады дейтін болсақ, мұның мәнісі — капиталға қосылады деп ұйғарылып отырған табыс үлесін өндірмеушілер орнына өндіруші жұмысшылар тұтынады деген сөз» («Principles», p. 163).

Шынында да, Рикардо А. Смиттің товар бағасының жалақы мен қосымша құнға (немесе өзгермелі капитал мен қосымша құнға) жіктелетіні жөніндегі теориясын толық қабылдаған. Оның Смитпен таласатын мәселелері мынау: 1) қосымша құнның құрамдас бөліктері жөнінде: ол мұның қажетті элементтерінен жер рентасын шығарып тастайды; 2) Рикардо товардың бағасын осы құрамдас бөліктерге бөледі. Демек, құнның шамасын ол *price* \* деп біледі. Рикардоның жорамалдауынша, товар бағасының құрамдас бөліктерінің сомасы — белгілі шама; А. Смитке қарама-қарсы ол осыған сүйенеді; ал Смит өзінің неғұрлым терең пікіріне қайшы келіп, товар құнының шамасын *post festum* \*\*, құрамдас бөліктерді қосу арқылы анықтайтын.

Рамсей Рикардоға қарсы дау айтады:

«Бүкіл өнімнің жалақы мен пайдаға бөлініп қана қоймайтынын, сонымен қатар негізгі капиталды өтеу үшін оның тағы бір бөлігі қажет екенін Рикардо ұмытып отыр» (*An Essay on the Distribution of Wealth*», Edinburgh 1836, p. 174).

Менің тұрақты капитал деп түсінетінімді Рамсей негізгі капитал деп біледі:

<sup>41)</sup> Гөменде және тараудың аяғына дейін II қолжазбадан қосымша текст келтіріліп отыр.

\* — бұрынғы, бастапқы нәрсе. *Ред.*

\*\* — мезгілі өткеннен кейін. *Ред.*

«Негізгі капитал өзінің нақты формасында өңдеу процесіндегі товарды өндіруге көмектескенімен, жұмысшыларды асырауға көмектесе қоймайды» (бұл да сонда, 59-бет).

А. Смит товар құны, демек, қоғамдық жылдық өнімнің құны да, жалақы мен қосымша құнға, демек, жәй табыстарға жіктеледі деген өз пікірінен қажетті қорытынды жасауға қарсы болып отырды, яғни бүкіл жылдық өнім тұтынылады деген қорытындыға қарсы болды. Ерен ойшылдар ешқашан да мағнасыз қорытынды жасамайды. Олар мұны Сэйлер мен Мак-Куллохтарға беріп қояды.

Шынында да, Сэй бұл істі оп-оңай атқара салады. Оның айтуынша, біреу үшін капиталдың авансқа берілуі болатын нәрсе екінші біреу үшін табыс, таза өнім болып шығады немесе солай болған. Жалпы өнім мен таза өнімнің айырмашылығы — кілең субъективтік нәрсе, ендеше

«...сонымен барлық өнімдердің жалпы құны қоғамда табыс ретінде бөлінген». (Say. «Traité d'Écon. Pol.», 1817, II, p. 64). «Өнім атаулының жалпы құны соны өндіруге ат салысқан жер иелерінің, капиталистердің және өнеркәсіп еңбегімен айналысатындардың пайдаларынан құралады» {бұл жерде жалақы «profits des industriels» \* ретінде көрсетілген!}. «Сондықтан қоғамның табысы, экономистер» {физиократтар} «жорамалдағандай, жердің таза өніміне ғана емес, өндірілген жалпы құнға тең» (бұл да сонда, 63-бет).

Сэйдің бұл жаңалығын, атап айтқанда, Прудон да иемденіп алған.

Шторх принцип жүзінде А. Смиттің доктринасын қабылдап отырса да, әйткенмен Сэйдің мұны практика жүзінде қолдануы сынауға да тұрмайды деп біледі.

«Егер ұлттың табысы оның жалпы өніміне тең, ал бұдан капитал» {негізгі капитал, деу керек еді} «ешбір жағдайда да шығарылып тасталмайды деп мойындайтын болсақ, онда осы ұлт өзінің жылдық өнімінің барлық құнын өнімсіз тұтына алады, бұл ретте өзінің болашақ табысына титтей де нұқсан келтірмейді деп те мойындау керек... Ұлттың» {негізгі} «капиталы болып отырған өнімдерді тұтынуға болмайды» (Storch. «Considérations sur la nature du revenu national». Paris, 1824, p. 147, 150).

Бірақ Шторх капиталдың осы тұрақты бөлігінің болуы бағаның жіктелуімен, оның өзі Смиттен алып пайдаланған және товар құнында тек жалақы мен қосымша құн ғана бар, бірақ ешқандай тұрақты капитал бөлігі жоқ дейтін қағидамен қалайша үйлесетінін айтуды ұмытып кеткен. Тек Сэйдің арқасында ғана бағаны бұлайша жіктеудің өзі қисынсыз нәти-

\* — «өнеркәсіп еңбегімен айналысатындардың пайдасы». Ред.

желерге апарып соқтыратыны оған айқын болады, сондықтан да бұл мәселе жөнінде ол мынадай қорытынды сөз айтады:

«Қажетті бағаны оның ең қарапайым элементтеріне жіктеу мүмкін емес». (Cours d'Econ. Pol., Pétersbourg, 1815, II, p. 141).

Капиталдың табысқа қатынасын арнайы қарастырмақ болып жанталасқан және іс жүзінде бұл қатынастың айрықша тұжырымын өзінің «Nouveaux Principes»-нің *differentia specifica*\* айналдырып жіберген Сисмонди *бірде-бір* ғылыми сөз айтпаған, проблеманы шешуге зәредей де үлес қоспаған.

Бартон, Рамсей және Шербюлье Смиттің ой өресінен асып түсуге әрекет жасайды. Бірақ олар сәтсіздікке ұшырайды, өйткені олар әдегеннен-ақ проблеманы бір жақты қояды, тұрақты және өзгермелі капитал құнының айырмашылығы мен негізгі және айналмалы капиталдың айырмашылығы арасына айқын шек қоймайды.

Джон Стюарт Милль де ежелгісінше маңызданып, А. Смиттің ізбасарлары одан мұра етіп алған осы доктринаны қайталайды.

Нәтижесі: ұғымдарды Смитше шатастырушылық осы күнге дейін өріс алып келеді, ал Смиттің догмасы саяси экономия нанымының ортодокстік бейнесі болып отыр.

---

\* — сипатты өзгешелігіне. *Ред.*

## ЖИЫРМАСЫНШЫ ТАРАУ

### ЖӘЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

#### I. МӘСЕЛЕНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ<sup>42)</sup>

Егер біз қоғамдық капиталдың, яғни бүкіл жиынтық капиталдың жылдық қызметінің нәтижесін алып қарайтын болсақ,— ал дара капиталдар жиынтық капитал жөнінде тек бөлшек сандар ғана, оның бержағында бұл бөлшектердің қозғалысы олардың жеке-дара қозғалысы болумен қатар бүкіл капиталдың қозғалысындағы қажетті мүшелі буын болып табылады,— яғни егер біз бір жыл ішінде қоғам келтіретін товарлы өнімді алып қарайтын болсақ, онда қоғамдық капиталды ұдайы өндіру процесінің қалай жүргізілетіні, осы ұдайы өндіру процесінің дара капиталды ұдайы өндіру процесінен қандай сипатты өзгешеліктері бар екені және бұлардың ортақ белгілері қандай екені айқын болады. Жылдық өнімнің ішінде қоғамдық өнімнің капиталды өтейтін, яғни қоғамдық капиталды ұдайы өндіруге жұмсалатын бөліктері де, сондай-ақ тұтыну қорына кіретін, жұмысшылар мен капиталистер тұтынатын бөліктері де бар, демек, жылдық өнім өндірмелі тұтынуға да, жеке-дара тұтынуға да кіреді. Бұл тұтынудың өзі капиталистер табын да, жұмысшы табын да ұдайы өндіруді (яғни сақтауды), олай болса бүкіл өндіріс процесінің капиталистік сипатын ұдайы өндіруді де мақсат етеді.

Тегінде, айналыс пішінін  $T' = \left\{ \begin{matrix} A \\ a - T \end{matrix} \right. \dots \Theta \dots T'$ , талдап өткеніміз жөн, мұнда тұтыну қажетті түрде белгілі роль атқарады, өйткені  $T' = T + t$  бастама пунктінде, яғни товарлы капиталда тұрақты және өзгермелі капитал құны да, қосымша құн да

<sup>42)</sup> Төменде II қолжазбадан текст келтіріліп отыр.



бар. Сондықтан оның қозғалысы жеке тұтынуды да, өндірмелі тұтынуды да қамтиды.  $A — T...Θ...T' — A'$  және  $Θ...T' — A' — T...Θ$  ауыспалы айналымдарында — бастама да ақтық пункт *капиталдың* қозғалысы. Әрине, осы арқылы бұл қозғалыс тұтынуды да қамтиды, өйткені товар, өнім, сатылуға тиіс. Ал егер товар сатылған деп ұйғарылатын болса, онда бұл товардың келешекте не күйге ұшырайтыны жеке капиталдың қозғалысы үшін есеп емес. Мұның керісінше,  $T'...T'$  қозғалысында қоғамдық ұдайы өндіріс шарттарының өзін сөзсіз танытатын себебі, мұнда бүкіл осы  $T$  жиынтық өнім құнының әрбір бөлігінің не күйге ұшырайтынын көрсету қажет. Мұнда бүкіл ұдайы өндіріс процесіне капиталды ұдайы өндіру процесінің өзі қалай кіретін болса, айналыс дәнекер болатын тұтыну процесі де солай кіреді.

Өзіміздің көздеген мақсатымызды ескере отырып, біз ұдайы өндіріс процесін  $T'$  құнын да, сондай-ақ оның жеке құрамдас бөліктерінің заттық формасын да өтеу тұрғысынан алып қарауға тиіспіз. Енді біз, жеке капитал өнімінің құнын талдаған кездегідей, жеке капиталист өзінің товарлы өнімін сатқанда өз капиталының құрамдас бөліктерін әуелі ақшаға, онан соң, товар рыногынан тағы да өндіріс элементтерін сатып алу арқылы, бұл ақшаны қайтадан өндіргіш капиталға айналдыра алады деген *жорамалмен* қанағаттана алмаймыз. Ал осы өндіріс элементтері өзінің жаратылысы жағынан зат болғандықтан бұлар да, сондай-ақ осыларға айырбасталып, осылар орнын толтыратын жеке-дара даяр өнім де қоғамдық капиталдың құрамдас бөлігі болады. Екінші жағынан, қоғамдық товарлы өнім бөлігінің, жалақыны жұмсаған жағдайда жұмысшы тұтынатын және қосымша құнды жұмсаған жағдайда капиталист тұтынатын бөлігінің қозғалысы, қоғамдық товарлы өнімнің осы бөлігінің қозғалысы бүкіл жиынтық өнімнің қозғалысындағы қажетті сабақтас буыны болып қана қоймай, сонымен қатар дара капиталдардың қозғалысымен қатқабат келіп отырады, сондықтан да бұл процесі жүріп тұрады деген жәй жорамалмен ғана түсіндіру мүмкін емес.

Біздің алдымызға тікелей қойылып отырған мәселе мынау: өндіріс процесінде тұтынылған *капитал* өзінің құны жағынан жылдық өнімнен қалайша өтеледі және осы өтелу процесі капиталистердің қосымша құнды, жұмысшылардың жалақыны тұтынуымен қалайша қат-қабат келеді? Демек, әңгіме ең алдымен көлемі өзгермейтін ұдайы өндіріс жайында болып отыр. Онан кейін өнімдер өз құны бойынша айырбасталады деп қана емес, сонымен қатар өндіргіш капиталдың құрамдас бөліктері құнының шамасында ешқандай революция болмай-

ды деп те жорамалданады. Ал бағаның құннан алшақ кетуін алатын болсақ, бұл жағдай қоғамдық капиталдың қозғалысына, әрине, елеулі әсер ете алмайды. Бұлай болған күнде жалпы аумағы бірдей өнім деңгейі бұрынғыша айырбастала берер еді, дегенмен бұл ретте жеке капиталистерге олардың тиісті капитал аванстарына және олардың әрқайсысы жеке-жеке өндірген қосымша құн аумағына пропорциялы келмейтін құн сыбағалары тиер еді. Құн шамасындағы революцияларды алғанда, егер бұлардың сипаты жалпылама болып, өндіріс тарауларының бәріне біркелкі әсер ететін болса, бұлар бүкіл жылдық өнім құнының құрамдас бөліктерінің арақатынастарында ешқандай өзгеріс туғызбайды. Мұның керісінше, егер бұлар ішінара сипатта болып, өндірістің барлық тарауларына әркелкі әсер ететін болса, мұның келтіретін кінәраты сондай, мұны, *біріншіден*, құнның өзгермейтін қатынастарынан *ауытқушыл* деп санаған күнде ғана кінәрат деп түсінуге болады; ал, *екіншіден*, егер жылдық өнім құнының бір бөлігі тұрақты капиталды, екінші бөлігі өзгермелі капиталды өтейді деген заң дәлелденген болса, онда құн шамасындағы қандай революция болса да бұл заңды ешбір өзгерте алмаған болар еді; бұл революция тұрақты капитал құнының шамасында бола ма, әлде өзгермелі капитал құнының шамасында бола ма, оның бәрі бір. Мұның өзі белгілібір капитал ретінде қызмет ететін құн бөліктерінің относительді шамасын ғана өзгерткен болар еді, өйткені алғашқы құндардың орнын басқа құндар басқан болар еді.

Біз құн өндіруді және капитал өнімінің құнын дара капитал тұрғысынан алып қараған кезде біздің талдауымыз үшін товарлы өнімнің заттық формасы мүлде есепке алынған жоқты, — товарлы өнім болып отырған машина ма, астық па, айна ма, оның бәрібір болатын. Әрбір ретте біз бұл заттық формаларды мысал ретінде ғана алып отырдық, өйткені өндірістің кез келген тарауын ыспаттама ретінде алуға болатын еді. Біз әрбір жеке ретте дара капитал процесі болып табылатын нағыз тікелей өндіріс процесін кездестіріп келдік. Біз капиталдың ұдайы өндірісін алып қараған кезде, капитал құны болып табылатын товарлы өнімнің бір бөлігі айналыс саласында сол құнды өндіретін элементтерге қайтадан айналуға, демек, өндіргіш капиталдың формасына қайтадан еруге мүмкіндік алады деп ұйғарудың өзі ғана бізге жеткілікті еді; дәл сол сияқты, жұмысшы мен капиталист рыноктан керекті товарын сөзсіз тауып, жалақы мен қосымша құнды соған жұмсайды деп ұйғару да бізге жеткілікті еді. Ал егер біз бүкіл қоғамдық капиталды және оның өнімінің құнын алып қарайтын

болсақ, баяндаудың мұндай кілең формальдық тәсілі енді жеткіліксіз болады. Өнім құнының бір бөлігінің қайтадан капиталға айналуы, екінші бөлігінің капиталистер табы мен жұмысшылар табының жеке тұтынуына өтуі — нақ сол өнім құнының шеңберіндегі қозғалыс, бүкіл жиынтық капитал қызметінің нәтижесін көрсететін қозғалыс; ал бұл қозғалыс құнның өтелуі ғана емес, сонымен қатар өнімнің заттық формасының өтелуі болып табылады, сондықтан мұның өзі қоғамдық өнім құнының құрамдас бөліктерінің арасалмағына да, олардың тұтыну құнына, олардың заттық формасына бірдей байланысты.

Жәй ұдайы өндіріс <sup>43)</sup>, яғни өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндіріс, абстракция болып табылады, оның себебі мынау ғана: бір жағынан, капиталистік өндіріс базисінде қор жинау атаулының немесе ұлғаймалы көлемдегі ұдайы өндірістің болмауы — шындыққа үйлеспейтін жорамал, екінші жағынан, өндіріс жүргізілетін жағдайлар түрлі жылдарда мүлде өзгеріссіз қалмайды (ал бұлар өзгермейтін жағдайлар деп жорамалданады). Біздің жорамалымыз мынадай: /ұдайы өндіріс процесінде товарлардың формалары тіпті өзгерген болса да, белгілі құны бар қоғамдық капитал былтырғыдай биылғы жылы да товар құндарын бұрынғы мөлшерде дүниеге келтіріп, бұрынғы мөлшердегі қажеттерді қанағаттандырып отырады. Тегінде, тіпті қор жинау жүргізілгеннің өзінде де, жәй ұдайы өндіріс әрқашан да қор жинаудың бір бөлегі болып табылады, демек, жәй ұдайы өндірісті өз алдына бөлек алып қарауға болады, ол — қор жинаудың шынайы факторы. Тұтыну құндарының аумағы бұрынғы қалпында қалса да жылдық өнім құнының азаюы мүмкін; тұтыну құндарының аумағы азая тұрса да, құнның бұрынғы күйінде қалуы мүмкін; құн аумағы мен қайта өндірілген тұтыну құндарының аумағы бір мезгілде азаюы мүмкін. Мұның бәрі мынаған келіп саяды: ұдайы өндіріс не бұрынғыдан гөрі қолайлы жағдайларда, не қиын жағдайларда жүргізіледі, ал қиыншылықтың нәтижесінде ұдайы өндіріс олқы немесе жеткіліксіз болуы мүмкін. Алайда мұның бәрі ұдайы өндірістің түрліше элементтерінің сан жағын ғана қамтиды, ал бұл элементтердің жалпы процесте қайта өндірілетін капитал ретінде немесе қайта өндірілген табыс ретінде атқаратын роліне мұның қатысы жоқ.

<sup>43)</sup> Бұл абзац VIII қолжазбадан алынған.

## II. ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЕКІ БӨЛІМШЕСІ <sup>44)</sup>

Бүкіл қоғамдық өнім, демек, қоғамның бүкіл өндірісі де, үлкен екі бөлімшеге жіктеледі:

I. *Өндіріс құрал-жабдықтары*, яғни өндірмелі тұтыну формасына еруге тиіс немесе, ең болмағанда, ене алатын формасы бар товарлар.

II. *Тұтыну заттары*, яғни капиталистер табы мен жұмысшы табының жеке тұтынуына енетін формасы бар товарлар.

Осы бөлімшелердің әрқайсысында осы бөлімшеге жататын түрлі өндіріс тарауларының жиынтығы бірден-бір үлкен өндіріс тарауы болып табылады: бірінші ретте өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің тарауы, екінші ретте тұтыну заттары өндірісінің тарауы болады. Осы екі өндіріс тарауының әрқайсысында қолданылған бүкіл капитал қоғамдық капиталдың айрықша ірі бөлімшесі болады.

Әрбір бөлімшеде капитал құрамдас екі бөлікке жіктеледі:

1) *Өзгермелі капитал*. Құны жағынан алып қарағанда бұл капитал осы өндіріс тарауында қолданылған қоғамдық жұмыс күшінің құнына тең, демек, ол осы жұмыс күші үшін төленген жалақының сомасына тең. Өзінің заттық формасы жағынан алып қарағанда бұл капитал іс-әрекетте көрінетін жұмыс күшінің өзінен, яғни осы капитал құны қимылға келтірген тірі еңбектен құралады.

2) *Тұрақты капитал*, яғни осы тараудағы өндіріс үшін қолданылған барлық өндіріс құрал-жабдықтарының құны. Өз тарапынан өндіріс құрал-жабдықтары былайша жіктеледі: *негізгі* капитал: машиналар, еңбек құралдары, үй-жайлар, жұмыс көлігі, т. т. және *айналмалы* тұрақты капитал: өндіріс материалдары, атап айтқанда шикі және көмекші материалдар, жартылай фабрикаттар, т. т.

Осы өзгермелі және тұрақты капиталдың көмегімен екі бөлімшенің әрқайсысында өндірілген бүкіл жылдық өнімнің құны өндіріс процесінде тұтынылған және өзінің құны жағынан тек өнімге көшірілген тұрақты капитал *c* ретіндегі құн бөлігіне және жыл ішінде бүкіл еңбек арқылы өнімге қосылған құн бөлігіне жіктеледі. Жылдық өнім құнының осы соңғы бөлігі, өз тарапынан, авансқа берілген өзгермелі капитал *v* өтеуі және оның қосымша құн *m* түріндегі артығы болып жіктеледі. Демек, әрбір жеке товардың құны сияқты, әрбір бөлімшедегі бүкіл жылдық өнім құны да  $c + v + m$  болып жіктеледі.

<sup>44)</sup> Төменде негізінде II қолжазбадан текст келтіріліп отыр. Схема VIII қолжазбадан алынған.

Өндіріс процесінде тұтынылған тұрақты капитал болып табылатын құн бөлігі, атап айтқанда  $c$ , өзінің шамасы жағынан осы өндіріс процесінде қолданылған тұрақты капитал құнымен бірдей емес. Рас, мұнда өндіріс материалдары толық тұтынылады, сондықтан да олардың құны толығынан өнімге көшеді. Бірақ қолданылған негізгі капиталдың біразы ғана толық тұтынылады, демек, тек соның құны ғана өнімге ауысады. Негізгі капиталдың екінші бөлігі, яғни машиналар, үйлер, т. т. бұрынғыша орын алып, қызмет ете береді, дегенмен жыл ішінде тозуы себепті бұл негізгі капиталдың құны кемиді. Егер біз өнімнің құнын алып қарайтын болсақ, онда біз негізгі капиталдың бұрынғыша қызмет етіп отырған бұл бөлігін жоқ деп есептейміз. Капитал құнының бұл бөлігі жаңадан өндірілген товар құнына байланыссыз, сонымен қатар орын алады. Мұның өзі жеке капитал өнімінің құнын алып қараған кезде-ақ байқалған болатын («Капитал», I кітап, VI тарау, 192-бет<sup>74</sup>). Бірақ біз бұл жерде сол жолы қолданылған қарастыру әдісін уақытша былай қоя тұруға тиіспіз. Жеке капитал өнімінің құнын қараған кезде біз: негізгі капиталдың тозуы себепті жоғалтқан құны осы тозу тұсындағы уақыттың ішінде өндірілген товарлы өнімге көшеді, оның бер жағында бұл уақыттың ішінде негізгі капитал бөлігі осы көшірілген құнның есебінен *in natura* \* өтеле ме, жоқ па, оның бәрібір дегенбіз. Мұның керісінше, бұл жерде, жиынтық қоғамдық өнім мен оның құнын алып қараған кезде, негізгі капиталдың тозуы себепті жыл ішінде жылдық өнімге көшірілген бұл құн бөлігін, ең болмағанда уақытша, былай қоя тұру қажет. Бұл негізгі капитал осы жылдың ішінде *in natura* өтелмейтін болғандықтан біз мұны еске алмауға тиіспіз. Осы тараудың келесі бөлімдерінің бірінде біз бұл пунктке де әдейі тоқталып өтеміз.

Жәй ұдайы өндірісті зерттегенде біз төмендегі схеманы негізге аламыз; мұнда  $c$  = тұрақты капитал,  $v$  = өзгермелі капитал,  $m$  = қосымша құн, ал құнның көбею дәрежесі,  $p$ , 100%-ке тең деп ұйғарылады. Көрсетілген сан миллион марка, франк немесе фунт стерлинг болуы мүмкін.

I. Өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі:

капитал . . . . .  $4\ 000c + 1\ 000v = 5\ 000$ ,  
товарлы өнім . . . . .  $4\ 000c + 1\ 000v + 1\ 000m = 6\ 000$ ,

өндіріс құрал-жабдықтары түрінде болады.

\* — заттай. Ред.

## II. Тұтыну заттарының өндірісі:

капитал . . . . .  $2\,000c + 500v = 2\,500$ ,товарлы өнім . . . . .  $2\,000c + 500v + 500m = 3\,000$ ,

тұтыну заттары түрінде болады.

Егер екі бөлімшенің товарлы өнімін қосып есептейтін болсақ онда бүкіл жиынтық жылдық товарлы өнім былай болады:

I.  $4\,000c + 1\,000v + 1\,000m = 6\,000$  өндіріс құрал-жабдықтары түрінде.

II.  $2\,000c + 500v + 500m = 3\,000$  тұтыну заттары түрінде.

Жиынтық өнімнің құны 9 000 ға тең, оның бержағында, біздің ұйғаруымыз бойынша, өзінің заттық формасында әлі де қызмет етіп отырған негізгі капиталдың құны бұл сомадан шығарылып тасталған.

Егер біз енді жәй ұдайы өндіріс негізінде, бүкіл қосымша құн өнімсіз тұтынылатын кезде қажет болатын айырбастарды зерттейтін болсақ және оның бержағында осы айырбастарға дәнекер болатын ақша айналысын әуелі былай қоя тұратын болсақ, онда біз ең алдымен елеулі үш тірекке ие боламыз.

1)  $500v$ , жұмысшылардың жалақысы, және  $500m$ , II бөлімше капиталистерінің қосымша құны, тұтыну заттарына жұмсалуға тиіс. Бірақ бұлардың құны тұтыну заттары түрінде 1 000 құн мөлшерінде болады, бұл заттар II бөлімше капиталистерінің қолында олар авансқа берген  $500v$ -ні өтейді және олардың өздеріне  $500m$  болып келеді. Демек, II бөлімше жұмысшыларының жалақысы мен капиталистерінің қосымша құны II бөлімше шеңберінде сол бөлімшенің өніміне айырбасталады. Сонымен бірге жиынтық өнімнен  $(500v + 500m)$  II = 1 000 тұтыну заттары түрінде ғайып болады.

2) I бөлімшедегі  $1\,000v + 1\,000m$  де тұтыну заттарына, яғни II бөлімшенің өніміне жұмсалуға тиіс. Демек, бұлар II бөлімше өнімінің қалған бөлігіне, шамасы жағынан  $2\,000c$  тұрақты капитал бөлігіне тең мөлшерге айырбасталуға тиіс. Бұл үшін II бөлімше өндіріс құрал-жабдықтары түрінде тең сома алады, I бөлімшенің  $1\,000v + 1\,000m$  құнын бейнелейтін өнімін алады. Сөйтіп  $2\,000$  II  $c$  және  $(1\,000v + 1\,000m)$  I есептен шығып қалады.

3) Енді тағы да  $4\,000$  I  $c$  қалады. Бұлар I бөлімшеде ғана пайдалануға болатын және сол бөлімшеде тұтынылған тұрақты капиталды өтеу үшін арналған өндіріс құрал-жабдықтарында; сондықтан бұлар тұралы мәселе I бөлімше капиталистерінің өзара айырбас жасалуы арқылы шешіледі, дәл сол сияқты  $(500v + 500m)$  II жөнінде бұл мәселе

II бөлімше жұмысшылары мен капиталистері арасында, тиісінше — жеке капиталистері арасында айырбас жасау арқылы шешілген болатын.

Біз бұл мәселені өзiрiнше келесi жағдайды жақсылап түсiну үшiн ғана қозғадық.

### III. ЕКІ БӨЛІМШЕ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРБАС:

$$I(v+m) \text{ II } c - \text{ке}^{45)}$$

Біз екі бөлімше арасындағы ірі айырбастан бастаймыз.  $(1\,000v + 1\,000m)$  I — өз өндірушілерінің қолында өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында болып отырған бұл құндар  $2\,000 \text{ II } c$  түріндегі, тұтыну заттары формасында болып отырған құндарға айырбасталады. Осы айырбас арқасында II бөлімшенің капиталистері өзінің  $= 2\,000$  мөлшеріндегі тұрақты капиталын тұтыну заттары формасынан тұтыну заттарының өндіріс құрал-жабдықтары формасына айналдырды; бұл формада ол қайтадан еңбек процесінің факторы ретінде және — құнды көбейту процесі жағынан алғанда — тұрақты капитал құны ретінде қызмет ете алады. Екінші жағынан, осы айырбас арқасында I бөлімшедегі жұмыс күші құнының эквиваленті  $(1\,000 \text{ I } v)$  және I бөлімше капиталистерінің қосымша құны  $(1\,000 \text{ I } m)$  тұтыну заттарына өткізілді, сөйтіп екеуі де өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасынан табыс ретінде тұтынуға болатын заттық формаға айналды.

Алайда мұндай өзара айырбас ақша айналысы арқасында жүзеге асырылады, ал ақша айналысы оған қаншалық дәнекер болса, оны түсінуді соншалық қиындатады, бірақ мұның өзі маңызды шешуші роль атқарады, өйткені капиталдың өзгермелі бөлігі қайта-қайта ақша формасында көрінуге, ақша формасынан жұмыс күшіне айналатын ақша капиталы ретінде көрінуге тиіс. Белгілібір қоғамның бүкіл территориясында бір мезгілде бірімен бірі қатар әрекет ететін барлық өндіріс тарауларында, бұлардың I бөлімшеге немесе II бөлімшеге жататындығына қарамастан, өзгермелі капитал ақша формасында авансқа берілуге тиіс. Капиталист жұмыс күшін мұның өзі өндіріс процесіне енуден бұрын сатып алады, бірақ мұның ақысын договорда көрсетілген мерзімдерде ғана, жұмыс күші тұтыну құнын өндіруге жұмсалып болғаннан кейін ғана төлейді. Өнім құнының қалған бөлігі сияқты, бұл өнім құнының жұмыс күшіне төлеуге жұмсалған ақша эквиваленті ғана болып табылатын бөлігі де, яғни өзгермелі капитал құны ретінде

<sup>45)</sup> Бұл жерде тағы да VIII қолжазбадан текст басталады.

дегі өнім құнының бөлігі де капиталиске тән. Өнім құнының нақ осы бөлігі түрінде жұмысшы капиталиске өз жалақысының эквивалентін берген болатын. Бірақ товар сатылып, қайтадан ақшаға айналған күнде ғана капиталистің ақша капиталы түріндегі өзгермелі капиталының орны толады да, ол мұны тағы да жұмыс күшін сатып алуға жұмсай алады.

Сонымен, I бөлімшеде жиынтық капиталист ретінде алынып отырған капиталист жұмысшыларға 1 000 ф. ст. төледі (менің «фунт стерлинг» деп отырған бір ғана себебім — мұның ақша формасындағы құн екенін көрсету) = 1 000*v* I бөлімшедегі өнім құнының *v* түрінде, яғни жұмысшылар өндірген өндіріс құрал-жабдықтары түрінде болып отырған бөлігіне төледі. Осы 1 000 фунт стерлингке жұмысшылар II бөлімшенің капиталистерінен нақ осындай құны бар тұтыну заттарын сатып алады да, II бөлімшедегі тұрақты капиталдың жартысын осылайша ақшаға айналдырады; II бөлімшенің капиталистері, өз тарапынан, осы 1 000 фунт стерлингке I бөлімшенің капиталистерінен 1 000 мөлшерінде құны бар өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады; сөйтіп соңғылардың өнімінің бір бөлігі ретінде өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында болып отырған өзгермелі капитал құны = 1 000*v* тағы да ақшаға айналды, енді мұның өзі I бөлімше капиталистерінің қолында ақша капиталы ретінде қайтадан қызмет ете алады, ал бұл капитал жұмыс күшіне, демек, өндіргіш капиталдың ең мәнді элементіне айналады. Олардың товарлы капиталының бір бөлегін өткізу нәтижесінде I бөлімшенің капиталистеріне өзгермелі капитал ақша формасында осылайша қайта оралады.

Ал енді I бөлімшедегі товарлы капиталдың *m* түріндегі бөлігін II бөлімшедегі капиталдың тұрақты бөлігінің екінші жартысына айырбастау үшін қажетті ақшаға келетін болсақ, бұл ақшаның түрлі-түрлі жолмен авансқа берілуі мүмкін. Шындығында бұл айналыс екі бөлімше дара капиталистері жасайтын жекелеген сансыз сауда-саттық әрекеттерін қамтиды, оның бержағында ақша барлық жағдайда да осы капиталистерден шығуға тиіс, өйткені жұмысшылар айналысқа салған ақша мөлшерінің есебі біткен. Не II бөлімшенің капиталисі өзінің өндіргіш капиталымен қатар қолындағы нақты ақша капиталының бір бөлігін I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсай алады; не болмаса, мұның керісінше, I бөлімшенің капиталисі капитал ретінде жұмсауға емес, өз басының шығынына арналған ақша қорының есебінен II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады. Жоғарыда I және II бөлімдерде көрсетіл-



гендей, капиталистердің қолында қай кезде болса да өндіргіш капиталмен қатар белгілі мөлшерде нақты ақша запасы да сөзсіз бар деп ұйғарылады, оның бержағында бұл ақша капитал ретінде авансқа беру үшін арналған ба, әлде табыс ретінде жұмсала ма, мұның бәрібір. Айталық,— біздің мақсатымыз үшін мұнда пропорцияның ешбір келер-кетері жоқ,— ақшаның жартысын II бөлімшенің капиталистері тұрақты капиталдың орнын толтыру үшін өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға авансқа береді, ал екінші жартысын I бөлімшенің капиталистері тұтынуға жұмсайды дейік. Бұлай болған күнде II бөлімше 500 фунт стерлингті авансқа бөліп, бұған I бөлімшеден өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады, сөйтіп өзінің тұрақты капиталының  $\frac{3}{4}$  бөлегін *in natura* өтейді (бұған I бөлімшенің жұмысшыларынан түскен, жоғарыда айтылған 1 000 фунт стерлинг те кіреді); I бөлімше осылайша алынған 500 фунт стерлингке II бөлімшеден тұтыну заттарын сатып алады, сөйтіп I бөлімшедегі товарлы капиталдың *m* түрінен құралған бөлігінің жартысы  $t - a - t$  айналысын жасады да, I бөлімше өнімінің бұл бөлігі осылайша тұтыну қорына өтіп кетті. Осы екінші процестің нәтижесінде 500 фунт стерлинг II бөлімше капиталистерінің қолына ақша капиталы ретінде қайта оралады, мұның өзі өндіргіш капиталмен қатар осы бөлімше капиталистерінің қолында болады. Екінші жағынан, I бөлімшенің капиталистері өзінің товарлы капиталының *m* бөлігінің, әлі де олардың қоймаларында өнім түрінде жатқан бөлігінің, есебінен 500 фунт стерлинг мөлшеріндегі ақшаны алдын ала — өнімнің бұл бөлігі сатылғанға дейін — II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алуға жұмсайды. Нақ осы 500 фунт стерлингке II бөлімше I бөлімшеден өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады, сөйтіп өзінің бүкіл тұрақты капиталын *in natura* өтейді ( $1\ 000 + 500 + 500 = 2\ 000$ ), ал I бөлімше өзінің бүкіл қосымша құнын тұтыну заттарына жаратты. Қорыта айтқанда 4 000 фунт стерлинг сомасындағы товарды 2 000 фунт стерлинг сомасындағы ақша айналысы арқылы айырбастауға болады, оның бержағында соңғы соманың шамасы, біздің баяндауымыз бойынша, бүкіл жылдық өнімнің бірден, ірі-ірі аумақтарымен бірнеше дүркін айырбасталуына байланысты. Мұнда өте-мөте ескерерлік бір ғана жағдай мынау: II бөлімше тұтыну заттары формасында қайта өндірілген өзінің тұрақты капиталын өндіріс құрал-жабдықтары формасына тағы да айналдырып қана қойған жоқ, сонымен қатар айналыс үшін, өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу үшін авансқа берілген 500 фунт стерлинг оның өзіне қайта оралды; дәл сол сияқты I бөлімше де өзі өндіріс құрал-жабдықтары

формасында қайта өндірген өзгермелі капиталын ақша формасында, жұмыс күшіне тағы да тікелей айналдыруға болатын ақша капиталы ретінде қайтарып алып қана қойған жоқ, сонымен қатар 500 фунт стерлинг те оған қайта оралды; ал мұны ол алдын ала, өзінің товарлы капиталы құнының қосымша бөлігінің сатылуынан бұрын-ақ тұтыну заттарын сатып алуға жұмсаған болатын. Ал бұл ақша оған қайтып келгенде бұл шығынның жұмсалғандығынан емес, кейін оның товарлы өнімінің бір бөлігін, оның қосымша құнының жартысын өзінде сақтаған бөлігін сатқандықтан қайтып келді.

Мұның екеуінде де II бөлімшенің тұрақты капиталы ғана өнім формасынан қайтадан өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасына, оның капитал ретінде қызмет атқаруына бірден-бір мүмкіндік беретін формаға айналып қоймайды; дәл сол сияқты I бөлімше капиталының өзгермелі бөлігі ғана ақша формасына айналып қоймайды, сонымен қатар қосымша құн да товарлы өнімнің I бөлімшедегі өндіріс құрал-жабдықтарына сіңген бөлігінің құны ретінде табыс есебінде тұтынуға жарайтын және тұтынуға болатын формаға айналады. Оның үстіне, II бөлімше өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға авансқа берген 500 фунт стерлинг сол бөлімшенің өзіне қайта келіп түседі; ал мұның өзі сол 500 фунт стерлингті өтейтін тұрақты капитал құнының тиісті бөлігі, тұтыну заттары формасында нақтылы қолда болған бөлігі сатылудан бұрын авансқа берілген-ді; сонсын, I бөлімше тұтыну заттарын сатып алуға *anticipando* \* жұмсаған 500 фунт стерлинг сол бөлімшеге қайта оралады. Егер II бөлімше өзінің товарлы өнімінің тұрақты бөлігі есебінен авансқа берген ақша, ал I бөлімшеде оның товарлы өнімінің қосымша құны бар бөлігі есебінен авансқа берілген ақша олардың өздеріне қайта оралатын болса, мұның қайта оралуының бір ғана себебі — капиталистердің екі категориясы да айналысқа тағы да 500 фунт стерлингтен ақша шығарған; біреулері товар формасында болып отырған II тұрақты капиталдың үстіне, екіншілері товар формасында болып отырған I қосымша құнның үстіне ақша шығарған. Сайып келгенде олар өздерінің тиісті товарлық эквиваленттерін айырбастау арқылы бір-бірімен өзара толық есеп жасасқан. Осы товар айырбасының қаржысы ретінде олар өз товарлары құнының жалпы сомасынан тысқары айналысқа шығарған ақша олардың әрқайсысының айналысқа жұмсаған үлесіне *pro rata* \*\* айналыстан олардың әрқайсысына қайта оралады. Олар бұдан бір тиынға да байыған жоқ. II бөлімше-

\* — алдын ала. *Ред.*

\*\* — пропорциялы түрде. *Ред.*

нің тұрақты капиталы = 2 000 тұтыну заттары формасында + 500 ақша формасында болатын; енді онда өндіріс құрал-жабдықтары түрінде 2 000 және ақшалай 500 бар, яғни оның нақ бұрынғыдай сомасы бар; дәл сол сияқты I бөлімшеде 1 000 қосымша құн (енді тұтыну қорына айналған товарлар, өндіріс құрал-жабдықтары формасында) + 500 ақша бар.— Жалпы қорытынды мынау: өнеркәсіп капиталистері өздерінің товар айналысын қамтамасыз ету үшін айналысқа жұмсаған ақшадан, — ал мұның өзі товар құнының тұрақты — бөлігі есебінен бола ма, әлде табыс ретінде жұмсалатын, товардағы қосымша құн есебінен бола ма, бәрі бір, — осы ақшадан тиісті капиталистер ақша айналысына авансқа бөлген қаржы сол мөлшерде олардың қолына қайта келіп түседі.

I бөлімшедегі өзгермелі капиталдың ақша формасына кері айналуын алатын болсақ, осы I бөлімшенің капиталистері үшін, олар мұны жалақыға жұмсағаннан кейінгі жерде, бұл капитал әуелі товар формасында, жұмысшылар капиталистерге жасап берген формада болады. Капиталистер мұны жұмысшыларға ақша формасында, соңғылардың жұмыс күшінің бағасы ретінде төледі. Демек, капиталистер өздерінің товарлы өнімі құнының құрамдас бір бөлігін, олардың ақша формасында жұмсаған осы өзгермелі капиталына тең бөлігін төледі. Сондықтан товарлы өнімнің бұл бөлегі де солардың меншігінде болмақ. Бірақ олар іске қосатын жұмысшы табының бөлегі осы жұмысшылар өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарын әсте сатып алушылар емес. Бұл жұмысшылар — II бөлімшеде өндірілетін тұтыну заттарын сатып алатындар. Демек, I бөлімшеде жұмыс күшінің ақысын ақшадай төлеуге авансқа берілген өзгермелі капитал I бөлімшенің капиталистеріне тікелей қайтып оралмайды. Жұмысшылардың сатып алу әрекеті нәтижесінде мұның өзі жұмысшылар үшін қажетті және тегінде солардың қолы жететін товарларды өндіруші капиталистердің қолына, яғни II бөлімше капиталистерінің қолына өтеді сөйтіп соңғылардың бұл ақшаны өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға жұмсауы нәтижесінде ғана, тек осындай орағытпа жолмен ғана ақша I бөлімше капиталистерінің қолына қайта келіп түседі.

Түптеп келгенде, жәй ұдайы өндіріс тұсында I бөлімшедегі товарлы капиталдың  $v + m$  құндарының сомасы (демек, I бөлімшедегі бүкіл товарлы өнімнің тиісті пропорциялы бөлегі де) II бөлімшедегі бүкіл товарлы өнімнің тиісті бөлігі ретінде бөлінген II  $c$  тұрақты капиталына тең болуға тиіс; яғни  $I (v + m) = II c$ .

#### IV. II БӨЛІМШЕҢІ ШЕҢБЕРІНДЕГІ АЙЫРБАС. ҚАЖЕТТІ ТІРШІЛІК ЗАТТАРЫ МЕН СӘН-САЛТАНАТ ЗАТТАРЫ

Бізге II бөлімшедегі товарлы өнім құнынан әлі де  $v + m$  құрамдас бөліктерін зерттеуге тура келеді. Бұл жерде біздің назарымызды аударып отырған аса маңызды мәселеге, атап айтқанда капиталистік жолмен өндірілген әрбір жеке-дара товарлы өнім құнының  $c + v + m$  болып жіктелуі бүкіл жылдық өнімнің құны жөнінде де, тіпті бұл жіктелу түрліше формадағы көріністерге байланысты бола тұрса да, өз күшін қаншалық сақтайды деген мәселеге бұларды қарастырудың ешқандай қатысы жоқ. Бұл мәселе, бір жағынан, I ( $v + m$ ) өнімін II  $c$  өніміне айырбастау арқылы, ал екінші жағынан, I бөлімшенің жылдық товарлы өнімінде I  $c$  қалайша қайта өндірілетінін зерттеу арқылы шешіледі; бұл зерттеу кейінірек жүргізілмек. II ( $v + m$ ) тұтыну заттарының заттық формасында болатындықтан, жұмыс күшінің ақысын төлерде капиталистер жұмысшыларға авансқа берген өзгермелі капиталды жұмысшылар жалпы, тұтас алғанда тұтыну заттарына жұмсауға тиісті болатындықтан, товар құнының  $m$  түріндегі бөлігі жәй ұдайы өндіріс тұсында іс жүзінде табыс ретінде тұтыну заттарына толық жұмсалып кететіндіктен, мына жағдай *prima facie* \* айқын болады: II бөлімшенің капиталистерінен алған жалақыға осы бөлімшенің жұмысшылары өз өнімінің бір бөлігін, өздері жалақы ретінде алған ақша құнының мөлшеріне сәйкес келетін бөлігін сатып алады. Сөйтіп II бөлімшенің капиталистері жұмыс күшінің ақысын төлеуге авансқа берген өзінің ақша капиталын қайтадан ақша формасына айналдырады; бұл жерде істің жайы бейне капиталистердің жұмысшыларға жәй құн белгілерімен [Wertmarken] ақы төлегені сияқты. Жұмысшылар өздері өндірген және капиталистерге тән товарлы өнімнің бір бөлегін сатып алуға осы құн белгілерін жұмсағандықтан бұл құн белгілері капиталистерге қайта айналып келеді; айырмашылығы тек мынада ғана: мұнда құн белгілерінің өзінде құн бар екені былай тұрсын, бұл құнның өзі алтын немесе күміс бейнесінде көрінеді. Кейін біз ақша формасында авансқа берілген өзгермелі капиталды қайтарудың, жұмысшы табы сатып алушы, ал капиталистер табы сатушы болатын процесс арқылы қайтарудың бұл әдісін толығырақ зерттейміз. Ал бұл жерде әңгіме өзгермелі капиталдың өзінің бастапқы пунктіне қайта оралуына байланысты алып қарастыруды қажет ететін басқа мәселе жайында болып отыр.

\* — ең алдымен. Ред.

Жылдық товар өндіретін II бөлімше сан алуан өнеркәсіп тарауларынан құралады; алайда бұларды — өнімдерінің сипатына қарай — екі үлкен тармаққа бөлуге болады:

а) Тұтыну заттары; бұлар жұмысшы табының тұтынуына кіреді және қажетті тіршілік заттары болғандықтан бұлардың бір бөлегін капиталистер табы да тұтынады, дегенмен бұл ретте бұлар сапасы мен саны жағынан екінің бірінде жұмысшылардың тіршілік заттарынан өзгеше. Өзіміз жүргізетін зерттеу мақсатын көздей отырып, біз бүкіл осы тармақты *қажетті* тұтыну заттары деген рубрикамен біріктіре аламыз, оның бер-жағында тиісті өнім, мәселен, темекі, физиологиялық тұрғыдан қарағанда тұтыну заты болып есептеле ме, жоқ па, оның мүлде келер-кетері жоқ; әйтеуір оның үйреншікті қажетті тұтыну заты екені жеткілікті.

б) *Сән-салтанат* заттары; бұлар тек капиталистер табының тұтынуына ғана кіреді, демек, бұларды жұмсалатын қосымша құнға ғана айырбастауға болады, ал мұның өзі ешқашан да жұмысшыға тимейді. Бірінші рубрикадағы айқын нәрсе, осы рубрикаға жататын — түрлі товарларды өндіруге авансқа берілген өзгермелі капитал II бөлімшедегі капиталистердің осы қажетті тіршілік заттарын өндіретін тобына (демек, II *a* капиталистеріне) ақша формасында тікелей қайта оралуға тиіс. Бұл капиталистер осы заттарды өз жұмысшыларына сатады, оларға жалақы ретінде берілген өзгермелі капитал сомасына сатады. II бөлімшедегі капиталистердің бүкіл осы *a* тармағы жөнінде мұндай қайта оралу *тікелей* болады, осы тармаққа кіретін түрлі өнеркәсіп тарауларындағы капиталистер арасында жасалатын, осы қайта оралатын өзгермелі капиталды *pro rata* бөлуге дәнекер болатын сауда-саттық қаншама көп болса да бәрібір. Осындай айналыс процестерін жүргізу үшін керекті айналыс қаржысын өздері алған ақшаны жұмсау арқылы тікелей жұмысшылар береді. Бірақ II *b* тармағында істің жайы басқаша. Осы арада біз әңгіме еткелі отырған, жаңадан жасалған бүкіл құн бөлігі, II *b* ( $v + m$ ), сән-салтанат заттарының заттық формасында болады, яғни жұмысшы табы, өндіріс құрал-жабдықтары формасындағы I  $v$  товар құнын сатып ала алмайтыны сияқты, бұл заттарды да сатып ала алмайды, ал осы сән-салтанат заттарын да, әлгі өндіріс құрал-жабдықтарын да сол жұмысшылардың өздері өндіргені мұнда есеп емес. Демек, осы тармақта авансқа берілген өзгермелі капиталдың өндіруші капиталистерге өзінің ақша формасында қайта оралып келуіне себепкер болатын кері құйылу тікелей емес, I  $v$  жағдайындағы сияқты көлденең жолмен жүріп отыруға тиіс.

Айталық, мәселен, бүкіл II бөлімше жөнінде жоғарыда айтылғандай,  $v=500$  және  $m=500$ ; ал өзгермелі капитал мен оған сәйкес келетін қосымша құн былайша бөлінеді дейік:

*a* тармағы, қажетті тіршілік заттары:  $v=400$ ,  $m=400$ ; демек, қажетті тұтыну заттары түріндегі товар аумағының құны  $400v+400m=800$ , яғни

II *a* ( $400v+400m$ ).

*b* тармағы: сән-салтанат заттарының құны  $100v+100m=200$ , яғни

II *b* ( $100v+100m$ ).

II *b* тармағының жұмысшылары өздерінің жұмыс күші үшін ақшалай формасында 100 мөлшерінде, айталық, 100 фунт стерлинг формасында ақы алады; бұл жұмысшылар алған ақшасына II *a* тармағының капиталистерінен 100 сомасына тұтыну заттарын сатып алады. Содан кейін капиталистердің бұл категориясы II *b* товарларын сатып алады, олар да бұған 100 сома жұмсайды, осының арқасында II *b* тармағының капиталистеріне олардың өзгермелі капиталы ақша формасында қайта ағылып келеді.

II *a* тармағындағы капиталистердің қолында, олардың өз жұмысшыларымен жасаған айырбасының нәтижесінде, енді тағы да ақша формасында  $400v$  бар; оның үстіне, олардың өнімінің қосымша құн түріндегі бөлігінің төртінші үлесі II *b* тармағының жұмысшыларына өтіп кетті де, оның орнына II *b* тармағының сән-салтанат товарлары алынды ( $100v$ ).

Егер біз енді II *a* және II *b* тармақтарының капиталистері өз табысын қажетті тіршілік заттары мен сән-салтанат заттарына бірдей пропорцияда жұмсайды деп ұйғаратын болсақ,— мәселен, бұлардың екі жағы да  $\frac{3}{5}$  мөлшерінде қажетті тіршілік заттарына,  $\frac{2}{5}$  мөлшерінде сән-салтанат заттарына жұмсайды деп ұйғаратын болсақ,— онда II *a* тармағының капиталистері өз қосымша құнының немесе  $400m$  мөлшеріндегі өз табысының  $\frac{3}{5}$  бөлегін, яғни 240, өзінің меншікті өнімдеріне, қажетті тіршілік заттарына жұмсайды да,  $\frac{2}{5}=160$  мөлшерін сән-салтанат заттарына жұмсайды. II *b* тармағының капиталистері өзінің қосымша құнын  $=100m$  дәл осылайша бөлетін болады:  $\frac{3}{5}=60$  қажетті тіршілік заттарына және  $\frac{2}{5}=40$  сән-салтанат заттарына жұмсалады; соңғы заттар өзінің меншікті тармағының шеңберінде өндіріліп, айырбасталады.

160 сомасы II *a* тармағының капиталистері тиісті сомаға (II *a*)  $m$  есебінен алатын сән-салтанат заттары түрінде II *a* капиталистеріне былайша ағылып келеді: (II *a*)  $400m$  мөлшерінен, жоғарыда көргеніміздей, 100 сомасы қажетті тіршілік заттары формасында сән-салтанат заттары түріндегі (II *b*)

$v$  тең сомасына айырбасталды, ал қажетті тіршілік заттары түріндегі қалған  $60$  сомасы сән-салтанат заттары түріндегі (II  $b$ )  $60 m$  сомасына айырбасталды.

Барлық айырбастың жалпы жиынтығы көрсетілген алғы-шарттар тұсында былай болып шығады:

$$\text{II } a : 400v + 400m; \text{ II } b : 100v + 100m.$$

1)  $400v$  ( $a$ )-ні II  $a$  тармағының жұмысшылары тұтынады, ал осы  $400v$  ( $a$ ) сол жұмысшылар өнімінің бір бөлегі (қажетті тіршілік заттары); жұмысшылар бұларды өз тармағындағы капиталист өндірушілерден сатып алады. Сөйтіп осы өндірушілерге  $400$  фунт стерлинг ақшалай қайтып келеді, яғни сол жұмысшылардың өздеріне жалақы ретінде берілген өзгермелі капитал құны =  $400$  қайтып келеді; осы құнға капиталист тағы да жұмыс күшін сатып ала алады.

2)  $400m$  ( $a$ ) сомасының  $100v$  ( $b$ ) сомасына тең, яғни қосымша құнның ( $a$ )  $\frac{1}{4}$ -не тең бөлігі сән-салтанат заттарына былайша өткізіледі: жұмысшылар ( $b$ ) өз тармағындағы капиталистерден ( $b$ ) жалақы түрінде  $100$  фунт стерлинг алады; бұл сомаға олар  $m$  мөлшерінің төрттен бірін сатып алады, яғни қажетті тіршілік заттарынан құралатын товарларды сатып алады;  $a$  тармағының капиталистері бұл ақшаға нақ сондай құн сомасындағы сән-салтанат заттарын =  $100v$  ( $b$ ) сатып алады, яғни барлық өндірілген сән-салтанат заттарының жартысын сатып алады. Сөйтіп  $b$  тармағының капиталистеріне олардың өзгермелі капиталы ақша формасында қайта оралады да, олар жұмыс күшін жаңадан сатып алу арқылы өзінің ұдайы өндірісін қайтадан бастай алады, өйткені бүкіл II бөлімшенің барлық тұрақты капиталы I ( $v+m$ )-ні II  $c$ -ке айырбастау арқылы өтеліп болған. Демек, сән-салтанат заттарын өндіретін тармақта істеуші жұмысшылардың жұмыс күшін қайтадан сатуға болатын бір ғана себебі, олардың жалақысының эквиваленті ретінде жасалған өз өнімінің бір бөлігін II  $a$  тармағының капиталистері өзінің тұтыну қорына алған, ақшаға айналдырған. (I бөлімшедегі жұмыс күшін сату жөнінде де осыны айту керек, өйткені I ( $v+m$ ) айырбасталатын II  $c$  сән-салтанат заттарынан, сондай-ақ қажетті тіршілік заттарынан құралады, ал I ( $v+m$ )-ге айырбастау арқылы жаңғыртылатын нәрсе сән-салтанат заттарын өндіретін, сондай-ақ қажетті тіршілік заттарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарынан құралады.)

3) Енді  $a$  және  $b$  тармақтары арасындағы айырбасқа көшейік, өйткені мұның өзі — тек қана екі тармақтың капиталистері арасындағы айырбас. Бұдан бұрынғы баяндауымызда

$a$  тармағындағы өзгермелі капитал ( $400v$ ) туралы және қосымша құнның бір бөлігі ( $100m$ ) туралы мәселе шешілді; сонымен қатар  $b$  тармағындағы өзгермелі капитал ( $100v$ ) жөніндегі мәселе де шешілді. Онан соң біз: екі тармақта да капиталистік табысты жұмсаудың орташа арасалмағы сән-салтанат заттарына  $\frac{2}{5}$  және қажетті тіршілік заттары  $\frac{3}{5}$  мөлшерінде болады деп ұйғарғанбыз. Сондықтан сән-салтанат заттарына бұрын жұмсалған 100-ді былай қойғанда, бүкіл  $a$  тармағында осындай заттарға тағы да 60 және  $b$  тармағында, нақ сол пропорцияда алғанда,— 40 қалады.

Сонымен, (II  $a$ )  $m$  сомасы былайша бөлінеді: 240 тіршілік заттарына және 160 сән-салтанат заттарына =  $240 + 160 = 400m$  (II  $a$ ).

(II  $b$ )  $m$  сомасы былайша бөлінеді: 60 тіршілік заттарына және 40 сән-салтанат заттарына:  $60 + 40 = 100m$  (II  $b$ ). Бұл тармақ соңғы 40-ты өзінің меншікті өнімінен тұтыну үшін алады (өз қосымша құнының  $\frac{2}{5}$  бөлегі); тіршілік заттары формасындағы 60-ты ол өзінің қосымша өніміндегі 60-ты  $60 m$  ( $a$ )-ге айырбастау арқылы алады.

Сонымен, II бөлімшедегі барлық капиталистер жөнінде біз мынаны көреміз (мұнда  $a$  тармағында  $v + m$  қажетті тіршілік заттарының бойында, ал  $b$  тармағында — сән-салтанат заттарының бойында болады):

II  $a(400 v + 400 m) +$  II  $b(100 v + 100 m) = 1\ 000$ ; айналыс арқасында өткізу ісі былайша жүргізіледі:  $500 v(a + b)$  { $400 v(a)$ -ге және  $100 m(a)$ -ге өткізіледі} +  $500 m(a + b)$  { $300 m$ -ге ( $a$ ) +  $100v$ -ге ( $b$ ) +  $100 m$ -ге ( $b$ ) өткізіледі} = 1 000.

Жеке-жеке алып қарағанда,  $a$  және  $b$  тармақтарында өткізу ісі бізде мынадай түрде көрінеді:

$$a) \frac{v}{400(a)} + \frac{m}{240 m(a) + 100 v(b) + 60 m(b)} = 800$$

$$b) \frac{v}{100 m(a)} + \frac{m}{60 m(a) + 40 m(b)} \dots = \frac{200}{1\ 000}$$

Егер біз баяндау желісін оңайлату үшін өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы жоғарыда ұйғарылған қатынасты сақтайтын болсақ (шынын айтқанда, бұлай етудің онша қажеттігі де жоқ), онда  $400 v$ -ге ( $a$ ) алынатын тұрақты капитал = 1 600, ал  $100 v$ -ге ( $b$ ) келетін тұрақты капитал = 400 болады, сөйтіп II бөлімшеде біз екі түрлі  $a$  және  $b$  тармағының келіп шығатынын көреміз:



$$\text{II } a) \quad 1\,600\,c + 400\,v + 400\,m = 2\,400$$

$$\text{II } b) \quad 400\,c + 100\,v + 100\,m = 600$$

немесе, жалпы сомасы

$$2\,000\,c + 500\,v + 500\,m = 3\,000.$$

Осыған сәйкес  $2\,000\,I(v+m)$ -ге айырбасталатын тұтыну заттары түріндегі  $2\,000\,II\,c$ -тен  $1\,600$  қажетті тіршілік заттарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарына және  $400$  сән-салтанат заттарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарына айырбасталады.

Сөйтіп бұл  $2\,000\,I(v+m)$ , өз тарапынан,  $(800\,v + 800\,m)\,I$ ,  $a$  тармағы үшін  $= 1\,600$  қажетті тіршілік заттарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары түрінде және  $(200\,v + 200\,m)\,I$ ,  $b$  тармағы үшін  $= 400$  сән-салтанат заттарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары түрінде жіктеледі.

Нағыз еңбек құралдарының ғана емес, сонымен қатар шикі және көмекші материалдардың, т. т. едәуір бөлігі екі тармақ үшін де бір тектес. Бүкіл  $I(v+m)$  өнімі құнының түрлі бөліктерін айырбастау жағын алатын болсақ, онда көрсетілген бөлінудің ешқандай маңызы бола қоймас еді. Жоғарыда айтылған  $800\,I\,v$  болсын, сондай-ақ  $200\,I\,v$  болсын  $I$  бөлімше жұмысшылары жалақысының  $1\,000\,II\,c$  тұтыну заттарына жұмсалуды арқасында өткізіледі, демек, соған авансқа берілген ақша капиталы қайта оралған кезде тиісінше  $I$  бөлімшедегі капиталистік өндірушілер арасында бөлініп, олардың авансқа берген өзгермелі капиталын тағы да *pro rata* ақшалай өтейді. Екінші жағынан,  $1\,000\,I\,m$  өткізуді алатын болсақ,  $I$  бөлімшенің капиталистері бұл ретте де өз үлесін  $II\,c$  өнімінің бүкіл екінші жартысынан біркелкі (өздерінің  $m$  мөлшеріне пропорциялы түрде)  $= 1\,000$  мөлшерінде алады, яғни олар тұтыну заттары түрінде  $600\,II\,a$  және  $400\,II\,b$  алады; демек,  $II\,a$  тармағы үшін тұрақты капиталды өтейтіндердің алатыны:

$$600\,c\text{-тен } (II\,a) \quad 480 \left(\frac{3}{5}\right) \text{ және } 400\,c\text{-тен } (II\,b) \quad 320 \left(\frac{2}{5}\right) = 800,$$

ал  $II\,b$  тармағы үшін тұрақты капиталды өтейтіндердің алатыны:

$$600\,c\text{-тен } (II\,a) \quad 120 \left(\frac{3}{5}\right) \text{ және } 400\,c\text{-тен } (II\,b) \quad 80 \left(\frac{2}{5}\right) = 200.$$

Сомасы  $= 1\,000$ .

Мұнда  $I$  бөлімше үшін де,  $II$  бөлімше үшін де долбармен алынған нәрсе — өзгермелі капиталдың тұрақты капиталға қатынасы, сонымен қатар бұл қатынастың  $I$  бөлімшеде де,  $II$  бөлімшеде де және олардың тармақтарында да барабар-

лығы. Ал енді осы барабарлық дегенге келетін болсақ, мұның өзі бұл жерде баяндау желісін оңайлату үшін ғана алынған; тіпті біз түрлі-түрлі пропорцияларды жорамалдаған болсақ та, мұның өзі проблеманың шарттарын да, оны шешу жолын да ешбір өзгертпеген болар еді. Әйтеуір қалай болған күнде де, жәй ұдайы өндірісті ұйғарғанда, біз сөзсіз мынадай нәтижеге жетеміз:

1) Өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында жылдық еңбек жасаған ( $v+t$  болып жіктелетін) жаңа құн тұтыну заттары формасында қайта өндірілген  $c$  тұрақты капитал құнына, жылдық еңбектің екінші бір бөлегі өндірген өнім құнында болатын құнға тең. Егер осы жаңа құн II  $c$ -тен аз болса, одан II бөлімше өзінің тұрақты капиталын толық өтей алмаған болар еді; егер ол көп болса, артығы пайдаланылмай қалар еді. Мұның екеуінде де жәй ұдайы өндірісті аңғартатын жорамал бұзылған болар еді.

2) Егер тұтыну заттары формасында қайта өндірілген жылдық өнімді алып қарайтын болсақ, мұны өндіруге ақша формасында авансқа берілген  $v$  өзгермелі капиталды алушылар— яғни сән-салтанат заттарын өндіруші жұмысшылар— мұны қажетті тіршілік заттарының бір бөлігіне ғана, атап айтқанда осы заттарды өндіруші капиталистердің қосымша құны  $rgima\ facie$  сінген бөлігіне ғана өткізе алады; демек, сән-салтанат заттарын өндіруге жұмсалған  $v$  өз құнының шамасы жағынан қажетті тіршілік заттары формасында өндірілген  $m$ -нің тиісті бөлігіне тең, сондықтан да бүкіл осы  $m$  мөлшерінен кем болуға тиіс, яғни (II  $a$ )  $m$  мөлшерінен кем болуға тиіс, оның бержағында көрсетілген  $v$ -ні өткізу арқылы ғана,  $m$  мөлшерінің осы бөлігіне айырбастау арқылы ғана сән-салтанат заттарын өндіруші капиталистерге олардың авансқа берген өзгермелі капиталы қайта оралады. Бұл жағдай дәл I ( $v+t$ )=ні II  $c$ -ке айырбастау арқылы өткізумен бірдей; айырмасы тек мынада ғана: қаралып отырған жағдайда (II  $b$ ) (II  $a$ ) бөлігіне, құнының шамасы жағынан (II  $b$ )  $v$ -ге тең бөлігіне айырбастау арқылы өткізіледі. Осы сандық пропорциялар бүкіл жылдық өнімді бөлген сайын сапалық шешуші маңызын сақтап қалады, өйткені бұл өнім шынында айналыс арқылы жүргізілетін жылдық ұдайы өндіріс процесіне кіреді. I ( $v+t$ )-ні тек II  $c$ -ке айырбастау арқылы ғана өткізуге болады, ал II  $c$ , өз тарапынан, өндіргіш капиталдың құрамдас бөлігі ретінде қызмет атқару үшін осылай өткізу арқылы ғана жаңғыртыла алады; дәл сол сияқты (II  $b$ )  $v$  (II  $a$ )  $m$ -ге айырбастау арқылы ғана өткізіле алады, ал (II  $b$ )  $v$  тек осы жолмен ғана өзінің ақша капиталы формасына қайтадан ай-

нала алады. Өзінен өзі түсінікті, бұл айтылғандар осының бәрі нақ ұдайы өндіріс процесінің шынайы нәтижесі болған күнде ғана, демек, мәселен, II *b* капиталистері басқа бір орындардан келетін кредит арқылы *v* ретінде авансқа арналған ақша капиталын алмайтын ретте ғана өз күшін сақтайды. Мұның керісінше, сан жағынан алатын болсақ, жылдық өнімнің түрлі бөліктерін айырбастау ісі жоғарыда көрсетілген пропорциялылықпен жүргізілуі мүмкін, тек бұл үшін өндіріс процесінде мөлшер мен құн қатынастарының өзгеріссіз қалуы және осы әбден қалыптасқан қатынастардың сыртқы сауданың ықпалымен өзгеріске ұшырамауы шарт.

Егер қазір біреу А. Смиттің ізінше I (*v+m*) II *c*-ке, «жіктеледі», ал II *c* I (*v+m*)-ге «жіктеледі», немесе, А. Смиттің бұдан да жиі, бұдан мағынасыз айтатынындай, I (*v+m*) II *c* бағасының (тиісінше — құнының, оның айтуынша «value in exchange»\*) «құрамдас бөліктері» болады, ал II *c* құны I (*v+m*) құнының бүкіл «құрамдас бөлігі» болады десе, онда ол дәл осылайша: (II *b*) (II *a*)*m*-ге «жіктеледі», немесе (II *a*)*m* (II *b*) *v*-ге «жіктеледі», не болмаса (II *b*) *v* II *a* қосымша құнының бірден-бір «құрамдас бөлігі» болады, және vice versa\*\* дей алар еді және осылай деуге тиісті де болар еді; сөйтіп бүкіл қосымша құн жалақыға, тиісінше — өзгермелі капиталға «жіктелер» еді, ал өзгермелі капитал қосымша құнның бірден-бір «құрамдас бөлігі» болар еді. Мұндай мағнасыздық А. Смитте шынында да кездесіп отырады, шынында да дейтініміз, онда жалақы қажетті тіршілік заттарының құнымен анықталады, ал осы товар құндары, өз тарапынан, ондағы жалақының (өзгермелі капиталдың) құнымен және қосымша құнмен анықталады. Капиталистік өндіріс тұсында бір жұмыс күні ішінде жаңадан жасалған құнның жіктелетін бөліктерін, атап айтқанда *v+m* бөліктерін қарастыруға А. Смиттің назар аударып отырғаны соншалық, ол жәй товар айырбасы тұсында түрлі заттық формада болатын эквиваленттердің төленген еңбектен немесе төленбеген еңбектен құралатыны ешбір есепке алынбайтынын мүлде ұмытып кетеді: екі ретте де бұл эквиваленттер өздерін өндіруге жұмсалған бірдей еңбек мөлшерімен бағаланады ғой; бұл айырбас тұсында *A* деген біреудің товары өндіріс құрал-жабдығы бола ма, ал *B* деген біреудің товары тұтыну заты бола ма, бір товар сатылғаннан кейін капиталдың құрамдас бөлігі ретінде қызмет ете ме, ал екіншісі, мұның керісінше, тұтыну қорына кіре ме, сөйтіп, secundum Adam \*\*\* табыс ретінде тұтыныла ма, мұның да келер-

\* — «айырбас құнының». *Ред.*

\*\* — Керісінше. *Ред.*

\*\*\* — Адамның пікірінше. *Ред.*

кетері жоқ. Товар сатып алушы жеке адам оны товар айырбасы тұсында, айналыс саласында қолданып отырған жоқ және товардың құнында оның жұмысы жоқ. Қоғамның жиынтық жылдық өнімінің айналысын талдағанда осы өнімнің түрліше құрамдас бөліктерін қолданудың белгілі сипатын, тұтыну кезеңін еске алу қажеттігі істің жайын әсте өзгерте қоймайды.

Жоғарыда қаралған (II *b*) *v*-ні құны жағынан тең (II *b*) *m* бөлігіне айырбастау тұсында және (II *a*) *m* мен (II *b*) *m* арасындағы келесі айырбастар тұсында капиталистер — II *a* мен II *b* бөлімшелерінің жеке дара капиталистері бола ма, әлде осы капиталистердің тиісті жиынтықтары бола ма, оның бәрібір — өзінің қосымша құнын қажетті тұтыну заттары мен сән-салтанат заттарына бірдей пропорцияда бөледі екен деп әсте ұйғарылмайды. Біреуі тұтынудың бір түріне, екіншісі — екінші түріне көбірек жұмсауы мүмкін. Жәй ұдайы өндіріс негізінде бүкіл қосымша құнға тең құн сомасы толығынан тұтыну қорына өткізіледі деп ұйғарылады. Сонымен, жалпы шеңбер белгіленген. Ал әрбір тармақтың шеңберінде бір капиталист *a* тармағының өнімдеріне, екінші капиталист *b* тармағының өнімдеріне көбірек жұмсай алады; бірақ мұнда кемкетіктің өзара өтелуі ықтимал, өйткені *a* және *b* тармақтарының капиталистері, түгел алғанда, *a* және *b* тармақтарының өнімдерін бірдей пропорцияда тұтынуға қатысады. Бірақ құн қатынастары — *a* және *b* өнім өндірушілерінің екі категориясының әрқайсысына тиетін II бөлімше өнімінің жалпы құнындағы пропорциялы үлесі, демек, көрсетілген өнімдерді шығаратын өндіріс тараулары арасындағы белгілібір сан қатынасы да — осы құн қатынастары әрбір нақты жағдайда сөзсіз анық шама болып табылады; мысал ретінде алынған қатынас қана жорамал нәрсе; тіпті басқа бір қатынасты ұйғарғанның өзінде де сапа жағынан ешбір өзгеріс бола қоймайды: тек сан анықтамалары ғана өзгереді. Ал егер белгілібір жағдайлардың нәтижесінде *a* және *b* өнім құнының относителдік шамасында шын өзгеріс жасалған болса, онда жәй ұдайы өндірістің шарттары да тиісінше өзгерген болар еді.

Тегінде (II *b*) *v* (II *a*) *m* эквивалент бөлігіне өткізілетіндігінен шығатын қорытынды мынау: сән-салтанат заттарынан құралатын жылдық өнім бөлігі қаншалық өссе, демек, сән-салтанат өндірісіне сіңетін жұмыс күшінің мөлшері қаншалық көбейсе, (II *b*) *v*-ге авансқа берілген өзгермелі капиталдың қайтадан ақша капиталына, тағы да сол өзгермелі капитал-

дың ақша формасы ретінде қызмет атқаратын капиталға айналуы, сөйтіп II *b* тармағында істейтін жұмысшы табы бөлегінің өмір сүруі мен ұдайы өндірілуі, яғни жұмысшылардың осы бөлегінің қажетті тұтыну заттарын алу мүмкіндігі капиталистер табының ысрапқорлығына, олардың қосымша құнының едәуір бөлегінің сән-салтанат заттарына айналуына соншалық байланысты.

Әрбір дағдарыс сән-салтанат заттарын тұтынуды бірден азайтады; мұның өзі (II *b*) *v*-нің ақша капиталына қайта айналуын баяулатып бөгейді де, тек ішінара айналуын ғана мүмкін етеді, сөйтіп сән-салтанат заттарын өндіретін жұмысшылардың бір бөлегін көшеге лақтырып тастайды және сонымен қатар, екінші жағынан, нақ осы арқылы дағдарыс қажетті тұтыну заттарын сатуды бөгеп, қысқартады. Біз бұл жерде өнім бермейтін, өз қызметі үшін капиталистерден олардың сән-салтанат заттарына жұмсайтын шығындарының бір бөлегін алып отыратын (*pro tanto* \* бұл жұмысшылардың өздері де сән-салтанат заттары болып табылады) және нақ қажетті тіршілік заттарын тұтынуға өте көп қатысатын жұмысшылардың әлгілермен бір мезгілде жұмыстан шығарылатындығын айтпасақ та болады. Гүлдену дәуірінде және осыған орай жалдаптық барынша өршіген кезде, товардағы ақшаның относительдік құны енді басқа себептерден (тек құнда болатын нағыз революцияның себебінен емес) төмендеген кезде, сол себепті товардың бағасы, оның өз құнына байланыссыз, көтерілген кезде, мүлде басқаша жағдай орын алады. Бұл дәуірде қажетті тіршілік заттарын тұтыну өсіп қана қоймайды; жұмысшы табы (енді оған жалмажан оның бүкіл резервтегі армиясы да келіп қосылады) әдетте өзінің қолы жетпейтін сән-салтанат заттарын, сонымен қатар әдетте көбінше капиталистер табы үшін ғана «қажетті» болатын арнаулы тұтыну заттарын тұтынуға да уақытша қатысады; бұл да, өз тарапынан, бағаның көтерілуіне себепкер болады.

Дағдарыс атаулы төлемпаз тұтынудың немесе төлемпаз тұтынушылардың жетімсіздігінен туып отырады деу әншейін көк мылжың болар еді. Капиталистік система, *sub forma pauperis* \*\* тұтыну мен «алаяқтың» тұтынуын былай қойғанда, төлемді тұтынудан басқа тұтыну түрін білмейді. Товардың сатылмай қалатын себебі тек мынадан ғана: бұл товар үшін төлемпаз сатып алушылар, яғни тұтынушылар табылмайды (өйткені сайып келгенде товар өндірмелі түрде немесе жеке

---

\* — тиісінше. *Ред.*

\*\* — қайыршының тұтыну формасындағы. *Ред.*

тұтыну үшін сатып алынады ғой). Ал осындай көк мылжынды неғұрлым терең дәлел түрінде көрсетуге тырысып, жұмысшы табы өзі өндірген өнімнен тым аз алады, демек, егер ол өнімнен неғұрлым мол сыбаға алатын болса, яғни егер оның жалақысы өсетін болса, мұның өзі дертке дауа болар еді деушілерге жауап ретінде біз мынаны ескертсек те жеткілікті: дағдарыс әрдайым нақ сондай бір дәуірде, жалақы жаппай өсіп, жұмысшы табы жылдық өнімнің тұтынуға арналған бөлігінен шынында да неғұрлым мол сыбаға алатын кезде тап болады. Мұндай дәуір — осынау естиярлы және «қарапайым» (!) адамгершілік мағнасында пікір айтатын сабаздардың тұрғысынан алғанда — дағдарысты, мұның керісінше, алыстатуға тиіс болар еді. Сонымен, капиталистік өндірістің өзінде жұрттың адал ниетіне немесе қаскүнемдігіне байланыссыз шарттардың болатыны, бұлар жұмысшы табы жағдайының тек аз уақытқа ғана біршама жақсаруына мүмкіндік беретіні, онда да әрқашанда кезекті дағдарыстың жаршысы ретінде ғана осылай ететіні көрініп отыр<sup>47)</sup>.

Қажетті тұтыну заттары өндірісі мен сән-салтанат заттары өндірісінің арасындағы пропорциялы қатынас  $II (v+m)$  шамасының  $II a$  және  $II b$  тармақтарының арасында тиісінше бөлінуіне,— демек,  $II c$  шамасының ( $II a$ )  $c$  және ( $II b$ )  $c$  арасында тиісінше бөлінуіне де,— себепкер болатынын біз жоғарыда көрдік. Сөйтіп өндірістің сипаты мен сан қатынастары үшін бұл бөлінудің шешуші маңызы бар және мұның өзі сол өндірістің бүкіл құрылысын елеулі түрде анықтайтын нәрсе.

Тегінде жәй ұдайы өндіріс тұтыну мақсатын көздейді; рас, қосымша құн алу бұл жерде де дара капиталистерді талпындырушы ниет болып отырады; бірақ қосымша құн, оның относительдік шамасы қандай болғанымен, сайып келгенде мұнда тек капиталистің дара тұтынуына арнауға тиіс.

Жәй ұдайы өндіріс сонымен қатар кеңейтілген көлемдегі жылдық ұдайы өндіріс атаулының да бір бөлігі, онда да ең елеулі бөлігі болғандықтан бұл ниет, яғни жеке тұтыну, баю ниетімен қоса-қабат және соның өзіне қарама-қарсы әрекет ете отырып, өзінің маңызын сақтап қалады. Шындығында істің жайы бұдан қиындау, өйткені олжаны, яғни капиталистің қосымша құнын бөлісуге қатысушылар («partners») капиталиске тәуелсіз тұтынушылар ретінде көрінеді.

<sup>47)</sup> Родбертустің дағдарыс теориясын ықтимал жақтаушылардың ad notam [есіне].— Ф. Э.

### V. АЙЫРБАСТЫҢ АҚША АЙНАЛЫСЫ АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛУ

Бұдан бұрынғы зерттеуімізге сәйкес өндірушілердің түрлі бөлімшелері арасындағы айналыс мынадай схема бойынша жүріп отырды:

1) I бөлімше мен II бөлімше арасында: . . . . .

$$I. 4\,000\ c + \frac{1\,000\ v + 1\,000\ m}{\dots}$$

$$II. \dots\dots\dots 2\,000\ c \dots\dots\dots + 500\ v + 500\ m.$$

Енді II  $c = 2\,000$  айырбасы бітті, ол I ( $1\,000\ v + 1\,000\ m$ )-ге айырбасталды.

Біз  $4\,000\ c$  мәселесін әзірінше былай қоя тұрамыз, сонда әлі де II бөлімше шеңберіндегі  $v + m$  айналысы қалады. Бұл II ( $v + m$ ) II  $a$  және II  $b$  тармақтары арасында былайша бөлінеді:

$$2) II. 500\ v + 500\ m = a(400\ v + 400\ m) + b(100\ v + 100\ m).$$

$400\ v(a)$  өз тармағының шеңберінде айналыс жасайды; осы  $400\ v(a)$  түрінде ақы алған жұмысшылар бұған өздерін жалдаушылардан, II  $a$  тармағының капиталистерінен өздері өндірген қажетті тіршілік заттарын сатып алады.

Екі тармақтың капиталистері өз қосымша құнының  $\frac{3}{5}$  бөлегін II  $a$  тармағының өнімдеріне (қажетті тіршілік заттарына) және  $\frac{2}{5}$  бөлігін II  $b$  тармағының өнімдеріне (сән-салтанат заттарына) жұмсайды, сондықтан  $a$  тармағындағы капиталистердің қосымша құнының  $\frac{3}{5}$  бөлегі, яғни  $240$ , нақ II  $a$  тармағының шеңберінде тұтынылады; дәл сол сияқты  $b$  тармағындағы капиталистердің қосымша құнының  $\frac{2}{5}$  бөлегі (сән-салтанат заттары түрінде өндірілген және қолда бар бөлегі) II  $b$  тармағының шеңберінде тұтынылады.

Демек, II  $a$  және II  $b$  тармақтары арасында әлі де айырбасталатын өнімдер:

II  $a$  тармағының жағында:  $160\ m$ .

II  $b$  тармағының жағында:  $100\ v - 60\ m$ . Бұл сомалар ешбір қалдықсыз айырбасталады. II  $b$  тармағының жұмысшылары жалақы формасында алған  $100$  ақшасына II  $a$  тармағының капиталистерінен  $100$  сомасында қажетті тіршілік заттарын сатып алады. II  $b$  тармағының капиталистері, өз тарапынан, қосымша құнының  $\frac{3}{5}$  сомасына, яғни  $60\ m$ -ге тең сомаға II  $a$  тармағының капиталистерінен қажетті тіршілік заттарын сатып алады. Осы екі айырбастың арқасында II  $a$  тармағының капиталистері, жоғарыда ұйғарылғандай, өз қосымша құнының  $\frac{2}{5}$  бөлегін, яғни  $160\ m$ -ге тең соманы, II  $b$  тармағында өндірілген сән-салтанат заттарына (II  $b$  тармағының капиталистері төлеген жалақыны өтейтін өнім ретінде сол капита-

листердің қолында болып отырған 100  $v$ -ге және 60  $m$ -ге) жұмсау үшін қажетті ақша алады. Сонымен, мынадай схема келіп шығады:

$$\begin{array}{l} 3) \text{ II } a. [4\,000\,v] + [240\,m] + \frac{160\,m}{100\,v + 60\,m} + [40\,m], \\ \quad b. \dots\dots\dots \end{array}$$

мұнда тек өз тармағының шеңберінде ғана айналыс жасап, тұтынылатын шамалар жақшаға алынған.

Өзгермелі капитал ретінде авансқа берілген ақша капиталының қажетті тіршілік заттарын өндіретін II  $a$  тармағы капиталистердің қолына ғана тікелей қайта оралуы, бұл факт — айналысқа ақшаны авансқа берген товар өндірушілерге товар айналысы бір қалыпты жүрген ретте бұл ақша қайта оралып келеді деген, жоғарыда аталған жалпы заңның ерекше жағдайларда өзгерген көрінісі ғана. Бұл жерде бір айта кетерлік нәрсе, егер тегінде товар өндірушінің сыртында өз тарапынан өнеркәсіп капиталисіне ақша капиталын (ең дәл мағнасында айтқанда, яғни ақша формасындағы капитал құнын) авансқа беретін ақша капиталисі тұрған болса, онда бұл ақшаның шынында қайта келіп түсетін жері сол ақша капиталисінің қалтасы. Сонымен, ақша өзінің айналысында азды-көпті дәрежеде әр түрлі қолдан өте тұрса да, айналыстағы көп ақшаның иелері — ақша капиталистері, яғни банкілер, т. т. формасында ұйымдасып, шоғырланған ақша капиталының бөлімшесі; өз капиталын авансқа бергенде осы бөлімшенің қолданатын әдісі сайып келгенде оған бұл капиталдың ақша формасында үнемі қайта оралып келуіне себепкер болады; дегенмен мұндағы дәнекер буын — тағы да сол өнеркәсіп капиталының ақша капиталына кері айналуы.

Товар айналысы үшін әрқашан да екі түрлі нәрсе қажет: айналысқа салатын товар және нақ сол айналысқа салатын ақша қажет. «Айналыс процесі, тұтыну құндары орындары мен иелерін ауыстырғаннан кейінгі жерде бітетін тікелей өнімдер айырбасы сияқты, аяқтала қоймайды. Ақша белгілі бір товардың метаморфоздар тізбегінен ақырында шығып қалатындығы себепті мүлде жоғалып кетпейді. Ақша айналыс процесінің белгілі бір товардан босаған жерлеріне барып үсті-үстіне іркіле береді», т. т. («Капитал», I кітап, III тарау, 92-бет<sup>75</sup>).

Мәселен, II  $c$  және I ( $v + m$ ) арасындағы айналысты қарастырғанда біз II бөлімше осы айналыс үшін 500 фунт стерлинг ақшалай аванс берді деп ұйғарғанбыз. Ірі-ірі қоғамдық өндірушілер топтарының арасындағы айырбас шексіз көп айырбас процестеріне жіктелетіндіктен, мұнда біресе бір топтың,



біресе екінші топтың өкілі бірінші болып сатып алушы ролінде көрінеді, демек, бірінші болып ақшаны айырбасқа салатын да сол. Жеке-дара жағдайларды мүлде былай қойғанда, мұның өзі енді өндіріс дәуірлері ұзақтығының, демек, түрлі товарлы капиталдар айналымдары ұзақтығының айырмашылығына байланысты. Сонымен, II бөлімше 500 фунт стерлингке I бөлімшеден нақ сонша құны бар өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады, ал I бөлімше 500 фунт стерлингке II бөлімшеден тұтыну заттарын сатып алады; демек, ақша қайтадан II бөлімшеге ағылып келеді; бұл бөлімше ақшаның осылайша қайтып келуінен титтей де байыған жоқ. Әуелі ол 500 фунт стерлинг ақшаны айналысқа салып, одан нақ сонша құны бар товар алды, онан соң ол осы товарды 500 фунт стерлингке сатады да, айналыстан нақ сонша ақшалай құн алады; сөйтіп 500 фунт стерлинг қайта ағылып келеді. Демек, іс жүзінде II бөлімше айналысқа 500 фунт стерлинг ақша және 500 фунт стерлинг тұратын товар шығарды, яғни небәрі 1 000 фунт стерлинг; айналыстан ол 500 фунт стерлинг тұратын товар және 500 фунт стерлинг ақша алады. 500 фунт стерлинг товар (I бөлімше) мен 500 фунт стерлинг товарды (II бөлімше) айырбастау үшін айналысқа тек қана 500 фунт стерлинг ақша керек болады, демек, кімде-кім өзгенің товарын сатып аларда ақшасын авансқа берген болса, ол адам өз товарын сатқанда бұл ақшаны қайырып алады. Сондықтан, егер I бөлімше II бөлімшеден 500 фунт стерлингке бірінші болып товар сатып алған болса, онан соң II бөлімшеге 500 фунт стерлинг тұратын товар сатқан болса, онда 500 фунт стерлинг II бөлімшеге емес, I бөлімшеге қайта оралып келген болар еді.

I бөлімшеде капиталистер жалақыға жұмсаған ақша, яғни ақшадай авансқа берілген өзгермелі капитал, оларға осы формада тікелей қайтпайды, жанама жолмен, орағытып барып келеді. Мұның керісінше, II бөлімшеде 500 фунт стерлинг жалақы осы бөлімшенің жұмысшыларынан капиталистеріне тікелей қайта оралып отырады; тегінде бұл қайта оралу саудасаттық ісі белгілібір адамдардың арасында үнемі қайталанып отырғанда, бұл адамдар біресе товар сатып алушылар ретінде, біресе сатушылар ретінде бір-біріне алма-кезек қарама-қарсы тұратын реттердің бәрінде де тікелей болып отырады. II бөлімшенің капиталисі жұмыс күшіне ақшалай ақы төлейді; сөйтіп ол жұмыс үшін өзінің капиталына енгізеді және ол үшін тек ақша капиталының өндіргіш капиталға айналуы болып табылатын осы айналыс әрекетінің нәтижесінде ғана ол өнеркәсіп капиталисі ретінде өзінің жалдама жұмысшысы ретіндегі жұмысшыға қарсы тұрады. Ал алғашқы ке-

зенде өз жұмыс күшінің сатушысы, саудагері болған жұмысшы екінші кезеңде сатып алушы ретінде, ақшаның иесі ретінде товар сатушы ретіндегі капиталиске қарсы тұрады; сөйтіп капиталист жалақыға жұмсаған ақша оған қайта келіп түседі. Егер бұл товарды сатудың өзі алдаушылықпен, т. т. байланысты болмаса, оның бержағында товар мен ақша түрінде эквиваленттер айырбасталатын болса, онда мұндай сату капиталисті байытатын процесс бола қоймайды. Ол жұмысшыға екі рет: алғашында ақшадай, онан соң товар түрінде ақы төлемейді; жұмысшы ақшаны капиталистің товарына айырбастаған кезде капиталистің манағы ақшасы өзіне қайтып келеді.

Алайда өзгермелі капиталға айналған ақша капиталы, яғни жалақыға авансқа берілген ақша сол ақша айналысының өзінде басты роль атқарады; жұмысшы табының күн санап тақыл-тұқыл өмір сүруіне тура келеді де, сол себепті ол әйтеуір бір ұзақ мерзімге өнеркәсіп капиталистеріне қарыз бере алмайды, сондықтан — түрлі өнеркәсіп тарауларында капиталдар айналымы дәуірлерінің ұзақтығы қаншама түрліше болғанымен — белгілібір қоғамның территориясы жағынан алуан түрлі сансыз пункттерінде өзгермелі капитал бір мезгілде белгілібір қысқа мерзімдер ішінде, мәселен, апта сайын, т. т., біршама тез қайталанып отыратын кесімді мерзім ішінде ақшалай авансқа беріліп отыруға тиіс (бұл мерзімдер неғұрлым қысқа болса, осы арна арқылы бірден айналысқа шығарылатын ақшаның жалпы сомасы соғұрлым біршама аз болмақ). Капиталистік өндіріс елдерінің бәрінде де осылайша авансқа берілген, айналыстағы бүкіл ақша шамасына қарай алынған ақша капиталы осы айналыстың ең көп мөлшері болады, өйткені бұл ақшаның өзі өзінің бастапқы пунктіне қайта оралудан бұрын сан алуан арналарға түсіп алып, басқа да сансыз көп сауда-саттық ісінде айналыс қаржысы ретінде қызмет етеді.

Ал енді I ( $v+m$ ) мен II  $c$  арасындағы айналысты басқа тұрғыдан алып қарайық.

I бөлімшенің капиталистері жалақы төлеу үшін 1 000 фунт стерлингті авансқа береді де, жұмысшылар осы 1 000 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тіршілік заттарын сатып алады, ал бұл капиталистер, өз тарапынан, нақ сол ақшаға I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтырын сатып алады. Енді соңғылардың өзгермелі капиталы ақша формасында олардың өздеріне қайтып келді, ал II бөлімшенің капиталистері өзінің тұрақты капиталының жартысын товарлы капитал формасынан қайтадан өндіргіш капиталға

айналдырды. II бөлімшенің капиталистері I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын алу үшін тағы да 500 фунт стерлинг ақшаны авансқа береді; I бөлімшенің капиталистері бұл ақшаны II бөлімшенің тұтыну заттарына жұмсайды; сөйтіп бұл 500 фунт стерлинг II бөлімшенің капиталистеріне қайта оралады; олар товарға айналған өзінің тұрақты капиталының қалған ширегін өндіргіш заттық формаға айналдыру үшін бұл ақшаны қайтадан авансқа береді. Бұл ақша тағы да I бөлімшенің капиталистеріне қайтып келеді, ал кейінгілер нақ осынша сомаға II бөлімшенің капиталистерінен тағы да тұтыну заттарын алады; сөйтіп 500 фунт стерлинг II бөлімшеге қайта келіп түседі; енді бұл бөлімшенің капиталистерінің қарамағында бұрынғыша 500 фунт стерлинг ақша және 2 000 фунт стерлинг тұрақты капитал бар, бірақ мұның өзі товарлы капитал формасынан тағы да өндіргіш капиталға айналдырылған. 5 000 фунт стерлинг тұратын товар аумағының айналысы 1 500 фунт стерлинг ақшаның көмегімен жасалды, атап айтқанда: 1) I бөлімшенің капиталистері тиісті құны бар жұмыс күші үшін жұмысшыларға 1 000 фунт стерлинг төлейді; 2) бұл жұмысшылар нақ сол 1 000 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тіршілік заттарын сатып алады; 3) II бөлімшенің капиталистері нақ сол ақшаға I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады, сөйтіп, олардың 1 000 фунт стерлинг өзгермелі капиталы ақша формасында қайтадан қалпына келтіріледі; 4) II бөлімшенің капиталистері 500 фунт стерлингке I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады; 5) I бөлімшенің капиталистері сол 500 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады; 6) II бөлімшенің капиталистері нақ сол 500 фунт стерлингке I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады; 7) I бөлімшенің капиталистері нақ сол 500 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тіршілік заттарын сатып алады. II бөлімшенің капиталистеріне 500 фунт стерлинг қайта оралып келді; ал мұны олар өздерінің товар формасындағы 2 000 фунт стерлингінен тысқары айналысқа салған болатын және олар бұл үшін айналыстан товар формасында ешқандай эквивалент алған жоқ-ты<sup>48)</sup>.

Сонымен, айырбас былайша жасалады:

<sup>48)</sup> Мұнда баяндау желісі жоғарыда (374-бет) [осы томның 452—454-беттерін қараңыз] берілген пікірден біраз алшақ кеткен. Онда I бөлімшенің капиталистері де өз тарапынан 500 мөлшеріндегі тәуелсіз соманы айналысқа шығарған болатын. Ал бұл жерде тек II бөлімшенің капиталистері ғана айналысқа арнап қосымша ақша қаржысын бөледі. Әйткенмен түптеп келгенде бұдан ешнәрсе өзгере қоймайды.— Ф. Э.

1) I бөлімшенің капиталистері жұмыс күші үшін, яғни товар үшін ақшалай 1 000 фунт стерлинг төлейді = 1 000 фунт стерлинг.

2) Жұмысшылар өздерінің ақшадай 1 000 фунт стерлинг сомасындағы жалақысына II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады, яғни товар сатып алады = 1 000 фунт стерлинг.

3) II бөлімшенің капиталистері жұмысшылардан алған 1 000 фунт стерлингке I бөлімшенің капиталистерінен нақ сонша құны бар өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады, яғни товар сатып алады = 1 000 фунт стерлинг.

Сөйтіп 1 000 фунт стерлинг ақша өзгермелі капиталдың ақша формасы ретінде I бөлімшенің капиталистеріне қайтып келді.

4) II бөлімшенің капиталистері I бөлімшенің капиталистерінен 500 фунт стерлингке өндіріс құрал-жабдықтарын, яғни товар сатып алады = 500 фунт стерлинг.

5) I бөлімшенің капиталистері нақ сол 500 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын, яғни товар сатып алады = 500 фунт стерлинг.

6) II бөлімшенің капиталистері нақ осы 500 фунт стерлингке I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын, яғни товар сатып алады = 500 фунт стерлинг.

7) I бөлімшенің капиталистері нақ сол 500 фунт стерлингке II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын, яғни товар сатып алады = 500 фунт стерлинг.

Айырбасталған товар құндарының сомасы = 5 000 фунт стерлинг.

II бөлімшенің капиталистері өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алуға авансқа берген 500 фунт стерлинг олардың өздеріне қайтып келді.

Нәтижесі мынадай:

1) I бөлімше капиталистерінің қарамағында алғашында айналыс үшін олардың өздері авансқа берген 1 000 фунт стерлинг мөлшерінде ақшадай өзгермелі капитал бар; мұның үстіне олар өздерінің меншікті товарлы өнімі құнының бір бөлігі түрінде 1 000 фунт стерлингті өздерінің жеке тұтынуына жұмсады, яғни олар 1 000 фунт стерлинг құны бар өндіріс құрал-жабдықтарын сатудан түскен ақшаны жұмсады.

Екінші жағынан, жұмыс күші, яғни қазір ақша формасында болып отырған өзгермелі капитал қайтадан енетін заттық форма, тұтыну арқасында сақталып қалды, қайта өндірілді және өз иелерінің қолындағы бірден-бір товар ретінде тағы да көрініп отыр, ал олар өмір сүргілері келсе, бұл товарды

сатуға тиіс. Сөйтіп, жалдама жұмысшылар мен капиталистердің арасындағы қатынас та қайта өндірілді.

2) II бөлімшенің тұрақты капиталы  $in natura$  өтелді, ал нақ сол II бөлімшенің капиталистері айналыс үшін авансқа берген 500 фунт стерлинг олардың өздеріне қайтып келді.

I бөлімшенің жұмысшылары үшін көрсетілген айналыс жәй ғана  $T - A - T$  айналысы:

$\overset{1}{T}$  (жұмыс күші) —  $\overset{2}{A}$  (1 000 фунт стерлинг, I бөлімшенің өзгермелі капиталының ақша формасы) —  $\overset{3}{T}$  (1 000 фунт стерлинг сомасындағы қажетті тіршілік заттары); осы 1 000 фунт стерлинг нақ сонша құн мөлшерінде II бөлімшенің товар формасындағы, тіршілік заттары формасындағы тұрақты капиталын ақшаға айналдырады.

II бөлімшенің капиталистері үшін бұл процесс  $T - A$ , олардың товарлы өнімінің бір бөлігінің ақша формасына айналуы болады, бұл формадан ол қайтадан өндіргіш капиталдың құрамдас бөліктеріне, атап айтқанда осы капиталистер үшін қажетті өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлігіне айналады.

II бөлімшенің капиталистері өздеріне қажетті өндіріс құрал-жабдықтарының қалған бөлегін сатып алу үшін  $A$ -ны (500 фунт стерлингті) авансқа бергенде мұны әлі де товар формасында (тұтыну заттары формасында) болып отырған II  $c$  бөлігінің ақша формасына айналуынан бұрын істейді;  $A - T$  әрекетінде II бөлімшенің капиталистері  $A$ -ға товар сатып алады, ал I бөлімшенің капиталистері  $T$ -ні сатады, мұнда ақша (II бөлімше капиталистерінің ақшасы) өндіргіш капиталдың бір бөлігіне айналады, ал  $T$  (I бөлімше капиталистерінің)  $T - A$  әрекетін жасап, ақшаға айналады; бірақ бұл ақша I бөлімшенің капиталистері үшін — капитал құнының құрамдас бөлігі емес, ақшаға айналған қосымша құн; мұны олар тек қана тұтыну заттарына жұмсайды.

$A - T... \Theta... T' - A'$  айналысында бірінші әрекет,  $A - T$ , — бір капиталистің, соңғы әрекет,  $T' - A'$ , екінші капиталистің әрекеті (немесе әрекетінің бір бөлегі).  $A$ -ның өндіргіш капиталға айналуына себепкер болатын бұл  $T$  оны сатушы үшін (бұл  $T$ -ні осылайша ақшаға айналдырушы үшін) капиталдың тұрақты құрамдас бөлігі ме, капиталдың өзгермелі құрамдас бөлігі ме немесе қосымша құн ба, — мұның нақ товар айналысы үшін ешбір келер-кетері жоқ.

I бөлімшеге келетін болсақ, өзінің товарлы өнімінің  $v + m$  құрамдас бөлігі жөнінен, бұл бөлімше айналыстан ақшаны оған шығарғанынан гөрі көп алды. Біріншіден, осы I бөлім-

шенің капиталистеріне олардың 1 000 фунт стерлинг өзгермелі капиталы қайта оралады; екіншіден, олар 500 фунт стерлингке өндіріс құрал-жабдықтарын сатады (жоғарыдан № 4 айырбасты қараңыз); сөйтіп олардың қосымша құнының жартысы ақшаға айналады; онан соң (№ 6 айырбас) олар тағы да 500 фунт стерлингке өндіріс құрал-жабдықтарын, яғни өз қосымша құнының екінші жартысын сатады; сөйтіп, олардың бүкіл қосымша құны айналыстан ақша формасында қайтарылып алынған болып шығады. Сонымен, дәйектілік ретімен: 1) ауыспалы капитал қайтадан ақшаға айналады = 1 000 фунт стерлинг; 2) қосымша құнның жартысы ақшаға айналады = 500 фунт стерлинг; 3) қосымша құнның екінші жартысы да ақшаға айналады = 500 фунт стерлинг; сөйтіп ақшаға айналған сома  $1\ 000 v + 1\ 000 m = 2\ 000$  фунт стерлинг. I бөлімшенің капиталистері (кейін қаралатын және I с ұдайы өндірісіне себепкер болатын айырбастарды былай қойғанда) алғашында айналысқа тек 1 000 фунт стерлинг шығарғанымен, айналыстан екі есе көп алды. Әрине, I бөлімше капиталистерінің ақшаға айналған  $m$  (A-ға айналған  $m$ ) бұл ақшаның тұтыну заттарына жұмсалуды себепті дереу өзгелердің қолына (II бөлімше капиталистерінің қолына) өтеді. I бөлімшенің капиталистері  $m$ -ді ақшаға айналдырарда құны жағынан айналысқа *товар* формасында қанша шығарған болса, *ақша* формасында тек сонша алды; осы құнның қосымша құн екендігі, яғни капиталистерге мұның мүлде тегін келгендігі бұл товардың нақты құнын ешбір өзгерте алмайды; демек, әңгіме құнның *товар* айналысындағы өзгерісі туралы болып отырғандықтан бұл фактінің ешбір келер-кетері жоқ. Өзгерістер процесінде авансталған капиталдың біресе қабылдап, біресе ауыстырып отыратын барлық басқа формаларының өткінші болатыны сияқты, қосымша құнның ақша формасында болуы да, әлбетте, өткінші нәрсе. Мұның өзі I бөлімше товарының ақшаға айналуынан бастап соның ізінше I бөлімше ақшасының II бөлімше *товарына* айналуына дейінгі уақыт бойына созылады.

Егер біз айналым неғұрлым қысқа болады немесе, жәй *товар* айналысы тұрғысынан алып қарағанда, ақша айналысы неғұрлым шапшаң болады деп ұйғарсақ, онда айырбасталатын *товар* құндарының айналысы үшін бұдан да аз ақша сомасы жеткілікті болар еді; бұл ақша сомасы, дәйекті айырбас белгілібір мөлшерде жүргізіліп отыратын жағдайда, қашан да бағаның сомасына, тиісінше — айналыстағы *товар* құндарының сомасына қарай анықталады. Оның бержағында бұл *товар* құндары сомасының, бір жағынан, қосымша құннан және,

екінші жағынан, капитал құнынан қай пропорцияда құрала-  
тыны мүлде есеп емес.

Егер біздің мысалда жалақы I бөлімшенің жұмысшыла-  
рына жылына төрт рет беріліп отырған болса, онда  $250 \times 4 =$   
 $= 1\,000$ . Демек, 250 ф. ст. ақша  $I v$  мен  $1/2$  шегерілген  $II c$  құны-  
ның айналысы үшін, сонымен қатар  $I v$  ауыспалы капиталы  
мен I бөлімше жұмыс күшінің арасындағы айналыс үшін жет-  
кілікті болар еді. Дәл сол сияқты, егер  $I m$  мен  $II c$  арасында-  
ғы айналыс төрт дүркін жүргізілген болса, онда бұл үшін не-  
бәрі 250 фунт стерлинг қажет болар еді; демек, жалпы алған-  
да 5 000 фунт стерлинг сомасындағы товар айналысы үшін  
500 фунт стерлинг ақша сомасы, тиісінше — ақша капиталы  
қажет болар еді. Онда қосымша құн қалыпты жарты мөл-  
шерден екі рет емес, қалыпты ширек мөлшерден төрт рет ақ-  
шаға айналып отырған болар еді.

Егер № 4 айырбаста сатып алушылар II бөлімшенің капи-  
талистері емес, I бөлімшенің капиталистері болып отырған  
болса, демек, кейінгілер 500 фунт стерлинг ақшаны нақ сонша  
құны бар тұтыну заттарына жұмсайтын болса, онда II бөлім-  
шенің капиталистері № 5 айырбаста нақ сол 500 фунт стер-  
лингке өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады; № 6 айыр-  
баста I бөлімшенің капиталистері сол 500 фунт стерлингке  
тұтыну заттарын сатып алады; № 7 айырбаста II бөлімшенің  
капиталистері сол 500 фунт стерлингке өндіріс құрал-жабдық-  
тарын сатып алады; демек, сайып келгенде 500 фунт стерлинг,  
бұрынғы жолы II бөлімшенің капиталистеріне қайта оралға-  
ны сияқты, бұл жолы I бөлімшенің капиталистеріне қайта  
оралады. Мұнда қосымша құн ақшаға ақша арқылы айна-  
лады, ал бұл ақшаны капиталист өндірушінің өзі жеке басы-  
ның тұтынуына жұмсайды және мұның өзі күн ілгері келген  
табыс, әлі де сатылуға тиісті товардағы қосымша құннан күн  
ілгері түскен түсім болып табылады. Қосымша құн ақшаға  
айналғанда 500 фунт стерлингтің қайтып келуі арқылы ай-  
налмайды: өйткені I бөлімшенің капиталистері,  $I v$  товары  
түріндегі 1 000 фунт стерлингтің үстіне, № 4 айырбастың ая-  
ғында айналысқа 500 фунт стерлинг ақша шығарған-ды, оның  
бержағында, өзімізге мәлім, бұл ақша сатылған товардан түс-  
кен түсім емес, қосымша ақша болатын. Ал бұл ақшаның  
I бөлімшенің капиталистеріне қайта келіп түсуі олардың өз  
қосымша құнын ақшаға айналдырғандығы емес, тек өздерінің  
қосымша ақшасын қайтарып алғандығы болады. I бөлімше  
капиталистерінің қосымша құны ақшаға айналғанда сол қо-  
сымша құн сіңген  $I m$  товарын сату арқылы ғана айналады,  
ал оның ақша түрінде болуы әрдайым белгілібір мерзімге де-

йін ғана, товарды сатудан түскен ақша қайтадан тұтыну заттарына жұмсалғанға дейін ғана созылады.

I бөлімшенің капиталистері қосымша ақшаға (500 фунт стерлингке) II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады: I бөлімшенің капиталистері бұл ақшаны жұмсады да, ол үшін II бөлімшенің товары формасында эквивалент алды; бірінші жолы ақшаның қайтып келетін себебі, II бөлімшенің капиталистері I бөлімшенің капиталистерінен 500 фунт стерлингке товар сатып алады; демек, бұл ақша I бөлімшенің капиталистері сатқан товардың эквиваленті ретінде қайтып келеді, бірақ бұл товар I бөлімшенің капиталистеріне тегін түседі, яғни ол — I бөлімше капиталистерінің қосымша құны, сөйтіп, *олардың өздері айналысқа салған ақша олардың өздерінің қосымша құнын ақшаға айналдырады*; дәл сол сияқты екінші жолы сатып алғанда (№ 6 айырбас) I бөлімшенің капиталистері II бөлімше капиталистерінің товары түрінде эквивалент алады. Егер II бөлімшенің капиталистері I бөлімшенің капиталистерінен өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алмайды деп ұйғаратын болсақ (№ 7 айырбас), онда I бөлімшенің капиталистері шынында да 1 000 фунт стерлинг тұратын тұтыну заттары үшін төлеген болар еді, яғни бүкіл қосымша құнды табыс ретінде тұтынған болар еді, атап айтқанда, олар 500-ді өздерінің I товары (өндіріс құрал-жабдықтары) түрінде және 500-ді ақшадай төлеген болар еді; мұның керісінше, олардың қоймаларында тағы да 500 фунт стерлинг I товарлары (өндіріс құрал-жабдықтары) қалар еді де, сөйтіп олар 500 фунт стерлингтен мүлде айрылған болар еді.

Бұған қарама-қарсы II бөлімшенің капиталистері өзінің тұрақты капиталының төрттен үшін ғана товарлы капитал формасынан өндіргіш капиталға айналдырған болар еді; қалған ширегі ақша капиталының формасына (500 фунт стерлингке), іс жүзінде босқа жататын ақшаға, яғни өзінің әрекетін тоқтатқан және аялдау халінде жатқан ақшаға айналар еді. Егер мұндай хал созылып кеткен болса, II бөлімшенің капиталистері ұдайы өндіріс көлемінің төрттен бірін қысқартуға мәжбүр болар еді.— Алайда өндіріс құрал-жабдықтары түрінде I бөлімше капиталистерінің мойнында қалатын 500-ді алатын болсақ, бұлар товар формасында болып отырған қосымша құн емес; бұлар авансыланған 500 фунт стерлинг ақшаның орнына қалған-ды, ал бұл ақша I бөлімше капиталистерінің товар формасындағы 1 000 фунт стерлинг қосымша құнымен қатар солардың қолында болатын. Ақша ретінде бұлар әрқашан да өткізуге болатын формада; товар формасында болған күнде бұлардың дереу сатылуы мүмкін емес. Сондық-



тан бір айқын нәрсе, жәй ұдайы өндіріс,— II бөлімшеде болсын, I бөлімшеде болсын өндіргіш капиталдың әрбір элементінің өтелуін қажет ететін жәй ұдайы өндіріс,— алғашында 500 алтын құсты ұшырған I бөлімшеге сол құстар қайта келіп қонған күнде ғана мүмкін болмақ.

Егер капиталист (біз бұл жерде тек өнеркәсіп капиталистерін ғана, сонымен қатар қосымша құнды тұтынушы барлық басқа адамдардың өкілдері болып табылатын капиталистерді ғана айтып отырмыз) ақшасын тұтыну заттарына жұмсайтын болса, онда мұның мәнісі енді ол ақшаның саудасы бітті, ол жер бетінде жасарын жасап болды деген сөз. Бұл ақшаның оған тек мына жағдайда ғана, товар арқылы, яғни өзінің товарлы капиталы арқылы ол мұны айналыстан қармап алған күнде ғана қайтып келуі мүмкін. Оның бүкіл жылдық товарлы өнімі (мұның өзі ол үшін оның товарлы капиталына тең) сияқты, осы өнімнің әрбір элементінің құны, яғни әрбір жеке товардың құны, капиталист үшін тұрақты капитал құны, өзгермелі капитал құны және қосымша құн болып жіктелмек. Демек, әрбір товар тұлғасының ақшаға айналуы (бұлар элементтер ретінде бүкіл жиынтық товарлы өнім болады) сонымен бірге бүкіл товарлы өнімдегі қосымша құнның белгілі бір үлесінің ақшаға айналуы болып табылады. Сонымен, бұл ретте сөзбе-сөз мағнасында алғанда ақшаны айналысқа капиталистың өзі шығарды,— шығарғанда тұтыну заттарына жұмсау үшін шығарды,—деген дұрыс болады, сөйтіп осы арқылы оның қосымша құны ақшаға айналады немесе өткізіледі. Әлбетте, мұнда әңгіме белгілі бір ақша единицалары туралы болып отырған жоқ, сылдыраған монета формасындағы белгілі сома туралы, өзінің жеке басының қажеттерін қанағаттандыру мақсатымен ол айналысқа салған сомаға тең (немесе сол соманың бір бөлігіне тең) сома туралы болып отыр.

Практика жүзінде бұл екі түрлі әдіспен жасалады: егер кәсіпорын тек үстіміздегі жылы ғана ашылған болса, онда капиталист нақ сол кәсіпорынның табыстарынан түскен ақшаны өз басының керегіне жұмсауға мүмкіндік алғанша едәуір уақыт өтеді, іс оңынан келгеннің өзінде бірнеше ай өтеді. Бірақ бұған бола ол өз тұтынуын бір минут те тоқтатпайды. Келешекте алатын қосымша құнның есебінен ол өзіне өзі авансқа ақша береді (ал бұл ақшаны ол авансқа өз қалтасынан бере ме, әлде кредит арқылы басқаның қалтасынан эпере ме, оның ешбір келер-кетері жоқ), бірақ осы арқылы ол тек кейін өткізілетін қосымша құнды өткізуге керекті қаржыны да авансқа береді. Мұның керісінше, егер кәсіпорын біршама ұзақ уақыттан бері қалыпты жұмыс істеп келе жатқан

болса, онда төлемдер мен түсімдер жыл бойында түрлі-түрлі мерзімдерге бөлінеді. Ал мұнда үздіксіз болып отыратын нәрсе — капиталистің тұтынуы; мұның өзі табыстан бұрын болып отырады және оның мөлшері дағдылы немесе жорамал табысқа қарай белгілі пропорцияда есептеледі. Товардың әрбір тобын сатқанда жыл бойына өндірілетін қосымша құнның бөлігі де өткізіледі. Ал егер тұтас жыл ішінде өндірілген товардың сатылғаны ондағы тұрақты және өзгермелі капитал құндарын өтеу үшін қажетті мөлшерде ғана болса немесе бағаның құлдырап кеткені соншалық, бүкіл жылдық товарлы өнімді сатқанда тек ондағы авансыланған капитал құны ғана өткізіле алатын болса, онда ақшаның әлгіндей жұмсалудынан табыстың алдын алушылық, болашақ қосымша құнға есеп жасаушылық айқын көрінген болар еді. Егер біздің капиталист күйреп қалса, оның кредиторлары мен сот оның болашақ табысқа есеп жасап жұмсаған жеке басының шығындары оның кәсіпорнының аумағына және осыған дағдылы немесе қалыпты түрде сәйкес келетін табысқа, яғни қосымша құнға тиісінше орайлас болған-болмағанын тексере бастайды.

Алайда барша капиталистер табы жөнінде алғанда, өзінің қосымша құнын өткізу үшін (тиісінше өзінің тұрақты және өзгермелі капиталының айналысы үшін де) айналысқа ақшаны оның өзі шығаруға тиіс деген ереженің оғаш еместігі былай тұрсын, қайта бүкіл механизмнің қажетті шарты болып табылады; өйткені мұнда екі тап қана бар: жұмыс күшінен басқа түгі де жоқ жұмысшы табы және қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен ақшаны емін-еркін немденіп отырған капиталистер табы бар. Егер жұмысшы товарға сіңген қосымша құнды өткізу үшін қажетті ақшаны өз қаржысынан бірінші болып авансылаған болса, онда бұл оғаш көрінер еді. Ал жеке капиталист аванс бергенде мұны әрқашан да өзі сатып алушы ретінде әрекет ететін формада ғана істейді, ақшаны тұтыну заттарын сатып алуға *жұмсайды* немесе ақшаны өзінің өндіргіш капиталының элементтерін сатып алуға *авансылайды*, оның бержағында мұның өзі жұмыс күші бола ма, әлде өндіріс құрал-жабдықтары бола ма, бәрі бір. Ол ақшаны әрқашан да тек эквивалент үшін береді. Ол айналысқа шығаратын ақшасын авансылаған кезде де, айналысқа шығаратын товарын авансылаған кезде де тек осылайша істейді. Мұның екеуінде де ол айналыстың бастама пункті ретінде әрекет етеді.

Істің шын мәнісін көмескілейтін екі түрлі жағдай бар:

1) Өнеркәсіп капиталының айналыс процесінде *сауда капиталы* пайда болады (мұның бірінші формасы — әрқашан да

ақша, өйткені купец дегеніңіздің өзі ешқандай «өнім» немесе «товар» өндірмейді) және айрықша категориядағы капиталистердің айла-шарғы жасайтын нәрсесі ретінде *ақша капиталы* пайда болады.

2) Қосымша құн — ең алдымен әрқашан да қажетті түрде өнеркәсіп капиталистерінің қолына түсетін қосымша құн — түрлі категорияларға жіктеледі, өнеркәсіп капиталисімен қатар бұлардың өкілдері мыналар: жер иесі (жер рентасы үшін), өсімқор (процент үшін), т. т., сондай-ақ өзінің чиновниктерімен, рантьесімен, т. т. қоса үкімет те. Өнеркәсіп капиталисі жөнінде бұл сабаздардың бәрі де сатып алушылар болғандықтан оның товарын ақшаға айналдырады; *pro parte* \* олар да ақшасын айналысқа салады, ал капиталист ақшаны солардан алады. Оның бержағында бұл сабаздардың ақшаны алғаш рет қай жерден алғанын және оны үнемі қайта-қайта қайдан алып отыратынын жұрт ылғи ұмытып кетіп жүр.

## VI. I БӨЛІМШЕҢІҢ ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛЫ <sup>48a)</sup>

Біздің енді I бөлімшенің тұрақты капиталын = 4000 I с жайын зерттеуіміз керек болады. Бұл құн I товарлы өнімінде қайтадан пайда болатын, осы товар аумағын өндіретін тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнына тең. Жаңадан пайда болатын, I бөлімшенің қазіргі өндіріс процесінде өндірілмей, оған бұдан бір жыл бұрын тұрақты құн ретінде, осы бөлімшенің өндіріс құрал-жабдықтарының құны ретінде қосылған осы құн қазір I бөлімшедегі товар аумағының II бөлімше капиталистеріне өтпеген барлық бөлегі түрінде болып отыр; сөйтіп I бөлімше капиталистерінің қолында қалған осы товар аумағының құны олардың бүкіл жылдық товарлы өнімі құнының  $\frac{2}{3}$  бөлігіне тең. Өндіріс құрал-жабдықтарының әйтеуір бір айрықша түрін өндіретін жеке капиталист туралы біз: ол өз товарлы өнімін сатады, мұны ақшаға айналдырады дер едік. Мұны ақшаға айналдыра отырып, ол өз өнімі құнының тұрақты бөлігін де қайтадан ақшаға айналдырады. Құнның ақшаға айналған осы бөлігіне кейін ол товар сатушы басқа адамдардан өзіне тағы да өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады немесе өз өнімі құнының тұрақты бөлігін өндіргіш тұрақты капитал ретінде қайтадан қызмет ете алатын заттық формаға айналдырады. Мұның керісінше, біз айтқан жағдайда бұлайша жору мүмкін емес. I бөлімше капиталистерінің категориясы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруші капита-

\* — тиісті мөлшерде. *Ред.*

<sup>48a)</sup> Төменде II қолжазбадан текст келтіріліп отыр.

листердің бүкіл жиынтығын қамтиды. Оның үстіне, біз алып қараған айырбастардан кейін олардың қолында қалған 4 000 товарлы өнім — басқа ешқандай өнімге айырбастауға болмайтын қоғамдық өнім бөлігі, өйткені мұндай айырбас үшін жылдық өнімнің басқа ешқандай бөлігі жоқ. Осы 4 000-ды былай қойғанда, жылдық өнім қалдығының бәрі де өз орнын тапты: оның бір бөлігі қоғамдық тұтыну қорына кіріп кетті, ал екінші бөлігі ІІ бөлімшенің тұрақты капиталын өтеуге тиіс, енді бұл бөлімше ІІ бөлімшемен екі арада айырбастайтын нәрселерінің бәрін айырбастап болды.

Егер біз І бөлімшенің бүкіл товарлы өнімі өзінің заттық формасы жағынан өндіріс құрал-жабдықтарынан, яғни нақ сол тұрақты капиталдың заттық элементтерінен құралатынын еске алатын болсақ, қиыншылық оп-онай шешіледі. Бұл жерде де біз ІІ бөлімшеде, тек өзгеше түрде көрген құбылыс байқалады. ІІ бөлімшедегі бүкіл товарлы өнім тұтыну заттарынан құралған болатын, сондықтан оның осы товарлы өнімдегі жалақымен және қосымша құнмен өлшенетін бөлігін осыны өндірушілердің өздері тұтынуы мүмкін еді. Ал мұнда, І бөлімшеде, бүкіл товарлы өнім өндіріс құрал-жабдықтарынан: үй-жай, машина, қойма, шикі және көмекші материал сияқтылардан құралады. Сондықтан бұлардың осы өндіріс саласында қолданылып отырған тұрақты капиталды өтейтін бөлігі өндіргіш капиталдың құрамдас бөлігі ретінде өзінің заттық формасында дереу қызмет ете бастауы мүмкін. Егер ол айналысқа түсетін болса, І бөлімшенің шеңберінде айналыс жасайтын болады. ІІ бөлімшеде товарлы өнімнің бір бөлігін оны өндірушілердің өздері жеке басына *in natura* тұтынады, ал І бөлімшеде, мұның керісінше, өнімнің бір бөлігін осы өнімді өндіруші капиталистер тиімді түрде тұтынады.

І бөлімшедегі товарлы өнімнің біз қарастырып отырған бөлігі = 4 000 *c* осы бөлімшеде тұтынылған тұрақты капитал құны қайтадан пайда болады, онда да өндіргіш тұрақты капитал ретінде дереу қызмет ете бастауға мүмкіндік берерліктей заттық формада пайда болады. ІІ бөлімшеде 3 000 мөлшеріндегі бүкіл товарлы өнім бөлігі, құны жағынан жалақыға және қосымша құнға (сомасы = 1 000) тең бөлігі, тікелей ІІ бөлімше капиталистері мен жұмысшыларының жеке тұтынуына кетеді; ал бұл товарлы өнімнің тұрақты капитал құны (= 2 000), мұның керісінше, ІІ бөлімше капиталистерінің қайтадан өндірмелі түрде тұтынуына келмейді, сондықтан ол І бөлімшемен екі арадағы айырбас арқылы өтелуге тиіс.

Бұған қарама-қарсы І бөлімшедегі құны 6 000 болатын бүкіл товарлы өнімнің бір бөлігі, құны жалақыға және қосымша

құнға тең бөлігі (сомасы = 2 000), өзінің заттық формасы жағынан осы өнімді өндірушілердің жеке тұтынуына келмейді және бұл мүмкін де емес. Ең алдымен мұның өзі II бөлімшенің өніміне айырбасталуға тиіс. Мұның керісінше, I бөлімшедегі өнім құнының 4 000-ға тең тұрақты бөлігі заттық формада болады да, I бөлімше капиталистерін түгел алып қараған күнде, сол I бөлімшенің тұрақты капиталы ретінде қайтадан тікелей қызмет ете алады. Басқа сөздермен айтқанда: I бөлімшедегі бүкіл өнімді құрастыратын тұтыну құндары сондай, бұлар өзінің заттық формасы жағынан — капиталистік өндіріс әдісі тұсында — тұрақты капитал элементтері ретінде ғана қызмет ете алады. Демек, жалпы құны 6 000 болатын бұл өнімнің үштен бірі (2 000) II бөлімшенің тұрақты капиталын өтейді де, қалған  $\frac{2}{3}$  бөлігі I бөлімшенің тұрақты капиталын өтейді.

I бөлімшенің тұрақты капиталы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін түрліше өндіріс тарауларына жұмсалған түрлі капитал топтарының жиынтық аумағынан құралады: домна пештеріне мұнша, тас көмір шахталарына мұнша, т. т. Осы капитал топтарының әрқайсысы немесе осы қоғамдық топты капиталдардың әрқайсысы, өз тарапынан, дербес қызмет атқаратын азды-көпті жеке капиталдардан тұрады. Біріншіден, құны жағынан, мәселен, 7 500-ге тең (мұның миллион, т. т. болуы мүмкін) қоғамның бүкіл капиталы түрлі капитал топтарына жіктеледі; құны 7 500 қоғамдық капитал айрықша бөліктерге жіктелді, мұның әрқайсысы айрықша өндіріс тарауына салынған; өндірістің әрбір айрықша тарауына салынған қоғамдық капитал құнының бір бөлігі өзінің заттық формасы жағынан ішінара әрбір айрықша өндіріс саласының өндіріс құрал-жабдықтарынан, ішінара осы саладағы өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалану үшін қажетті және еңбек бөлінісі себепті, әрбір жеке өндіріс саласында өзі атқаруға тиісті жұмыстың ерекше сипатына қарай тиісінше мамандық алған, түрліше модификацияланған жұмыс күшінен құралады. Әрбір айрықша өндіріс тарауына салынған қоғамдық капитал бөлігі, өз тарапынан, соған салынған, дербес әрекет ететін жеке капиталдардың сомасынан құралады. Өзінен өзі түсінікті, мұның екі бөлімшенің екеуіне де — I бөлімшеге де, II бөлімшеге де бірдей қатысы бар.

I бөлімшенің товарлы өнімі формасында қайтадан пайда болатын тұрақты капитал құнын алатын болсақ, мұның өзі ішінара тағы да өзі өнім ретінде шыққан айрықша өндіріс саласына (немесе тіпті жеке-дара кәсіпорынға) кіреді, мәселен, астық тағы да астық өндірісіне, көмір — көмір өндіру проце-

сіне, темір машиналар түрінде — темір өндіруге кіреді, т. т.

Ал енді I бөлімшенің тұрақты капитал құнын құрастыратын жеке өнімдер өзінің айрықша немесе өзінің жеке өндіріс саласына қайтадан тікелей кірмейтін болғандықтан, олар тек орнын ғана өзгертеді. Олар заттық формада I бөлімшенің басқа бір өндіріс саласына кіреді, ал I бөлімшенің басқа өндірістік салаларының өнімі оларды *in natura* өтейді. Бұл — белгілібір өнімдердің бір орыннан екінші орынға ауысуы ғана. Бұлардың бәрі I бөлімшенің тұрақты капиталын өтейтін факторлар ретінде өндіріс процесіне қайтадан қосылады, бірақ I бөлімшедегі кәсіпорындардың бір тобының орнына екінші тобына кіреді, бар болғаны сол. Бұл жерде I бөлімшедегі жеке капиталистердің арасында айырбас болып отырғандықтан мұның өзі тұрақты капиталдың бір заттық формасын тұрақты капиталдың екінші бір заттық формасына, өндіріс құрал-жабдықтарының бір түрін өндіріс құрал-жабдықтарының екінші бір түріне айырбастау болып табылады. Бұл — I бөлімше капиталының түрліше жеке-дара тұрақты бөліктерінің өзара айырбасы. Өзінің өндіріс тарауында өндіріс құрал-жабдықтары ретінде тікелей қызмет етпейтін болғандықтан өнімдер өздері өндірілген жерден екінші бір өндіріс орнына ауысады да, сөйтіп өзара бірін бірі өтейді. Басқа сөздермен айтқанда (II бөлімшеде қосымша құнды бөлерде болатын жағдай сияқты): I бөлімшенің әрбір капиталисі 4 000 мөлшеріндегі осы тұрақты капиталдағы үлесі қанша екеніне қарай осы товар аумағынан өзіне қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын алады. Егер өндіріс капиталистік болмай, қоғамдық болған болса, онда, әрине, I бөлімшенің бұл өнімдері ұдайы өндіріс мақсаттары үшін нақ сондай дәйектілікпен осы бөлімшенің өндіріс тараулары арасында өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қайтадан бөлініп отырған болар еді: бір бөлігі тікелей соның өзі өнім ретінде шыққан өндіріс тарауында қалып қояр еді де, екінші бөлігі, мұның керісінше, екінші бір тарауларға өтер еді, сөйтіп осы бөлімшенің түрлі өндіріс тараулары арасында түпкілікті ерсілі-қарсылы қозғалыс орнаған болар еді.

## **VII. ЕКІ БӨЛІМШЕДЕГІ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ МЕН ҚОСЫМША ҚҰН**

Сонымен, бір жыл ішінде өндірілген тұтыну заттарының бүкіл құны II бөлімшенің жыл бойында қайта өндірілген өзгермелі капитал құнына, оның үстіне II бөлімшенің жаңадан өндірілген қосымша құнына тең (яғни II бөлімшеде

жыл бойына өндірілген құнға тең), оның үстіне I бөлімшенің жыл бойына қайта өндірілген өзгермелі капитал құнына және I бөлімшенің жаңадан өндірілген қосымша құнына (демек, оның үстіне I бөлімшеде жыл бойына өндірілген құнға) тең.

Егер жәй ұдайы өндірісті алатын болсақ, онда бір жыл ішінде өндірілген тұтыну заттарының бүкіл құны жаңадан жасалған жылдық құнға тең, яғни осы жылдың ішінде қоғамдық еңбек өндірген бүкіл құнға тең болады, — соған тең болуға тиіс те, өйткені жәй ұдайы өндіріс тұсында осы құнның бәрі тұтынылады.

Бүкіл қоғамдық жұмыс күні екіге бөлінеді: 1) қажетті еңбек; жыл бойына бұл еңбек  $1\ 500v$  мөлшерінде құн жасайды; 2) қосымша еңбек; ол  $1\ 500m$  мөлшерінде үстеме құн, яки қосымша құн жасайды. Бұл құндардың сомасы  $= 3\ 000$ , бір жыл ішінде өндірілген тұтыну заттарының құнына ( $3\ 000$ ) тең. Сонымен, бір жыл ішінде өндірілген тұтыну заттарының бүкіл құны жиынтық қоғамдық жұмыс күні жыл бойына өндірген бүкіл құнға тең, қоғамдық өзгермелі капиталдың құнына, оның үстіне қоғамдық қосымша құнға тең, яғни бүкіл жылдық жаңа өнімге тең.

Бірақ біз білеміз, құнның осы екі шамасы айырбас кезінде бірін бірі өтей тұрса да, II бөлімше товарының, яғни тұтыну заттарының құны түгелінен қоғамдық өндірістің осы бөлімшесінде өндірілді деуге әсте болмайды. Бұлардың бірін бірі өтейтін себебі, II бөлімшенің өнімінде қайтадан пайда болатын тұрақты капитал құны I бөлімшеде жаңадан өндірілген құнға (өзгермелі капитал құны мен қосымша құнға) тең; сондықтан I ( $v + m$ ) II бөлімше өнімінің бір бөлігін, осы өнімді өндірушілер (II бөлімшеде) үшін тұрақты капитал құны болып табылатын бөлігін сатып ала алады. Бұдан көрініп отырғанындай, II бөлімшенің капиталистері үшін олардың өнімі  $c + v + m$  болып жіктелгенімен, бүкіл қоғамның тұрғысынан қарағанда бұл өнім құнының  $v + m$  болып жіктелетін себебі осы. Бұлай болатыны тек мынадан ғана: мұнда II  $c$  I ( $v + m$ )-ге тең және қоғамдық өнімнің осы құрамдас екі бөлігі өздерінің заттық формалары бойынша бір-біріне айырбасталады, сондықтан мұндай айырбастан кейін II  $c$  құны тағы да өндіріс құрал-жабдықтары түрінде болады да, ал I ( $v + m$ ) құны, мұның қерісінше, тұтыну заттары түрінде болады.

Міне осы жағдай А. Смиттің бүкіл жылдық өнімнің құны  $v + m$  болып жіктеледі деуіне себеп болды. Мұның өзі: 1) жылдық өнімнің тұтыну заттарынан құралатын бөлігі жөнінде ғана дұрыс; 2) дұрыс болғанда бұл құн бүтіндей II бөлімшеде өндірілген, демек, II бөлімше өнімінің құны осы II бөлімшеде

авансыланған өзгермелі капиталдың құнына, оның үстіне нақ осы бөлімшеде өндірілген қосымша құнға тең деген мағнада емес. Мұның өзі  $\text{II } (c+v+m) = \text{II } (v+m) + \text{I } (v+m)$  деген мағнада ғана, яғни  $\text{II } c = \text{I } (v+m)$  болатыны себепті ғана дұрыс.

Сонын бұдан мынадай қорытынды шығады:

Жылдық қоғамдық жұмыс күні (яғни бүкіл жұмысшы табының жыл бойына жұмсаған еңбегі), әрбір жеке жұмыс күні сияқты, тек екіге бөлінеді, атап айтқанда қажетті еңбек пен қосымша еңбекке бөлінеді; сондықтан осы жұмыс күні өндірген құн да тек екіге бөлінеді, атап айтқанда өзгермелі капитал құнына, яғни жұмысшы өзін қайта өндіретін заттарды сатып алуға жұмсайтын құн бөлігіне, және капиталист өзінің жеке басының тұтынуы үшін жұмсай алатын қосымша құнға бөлінеді. Алайда бүкіл қоғам тұрғысынан алғанда қоғамдық жұмыс күнінің бір бөлігі тек қана *жаңа тұрақты капитал өндіруге*, яғни еңбек процесінде өндіріс құрал-жабдықтары ретінде, демек, сонымен қатар жүретін құнды көбейту процесінде тұрақты капитал ретінде қызмет ету үшін ғана арналған өнімдерді өндіруге жұмсалады. Біздің жорамалымыз бойынша, бүкіл қоғамдық жұмыс күні 3 000 мөлшеріндегі ақша құнынан көрінеді, мұның 1 000 мөлшеріндегі құнға тең  $\frac{1}{3}$  ғана тұтыну заттарын өндіретін, сайып келгенде қоғамның бүкіл өзгермелі капитал құны мен бүкіл қосымша құны сіңетін товарларды өндіретін II бөлімшеде өндірілген. Сонымен, осы жорамал бойынша, қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігі жаңа тұрақты капиталды өндіруге қолданылады. I бөлімшенің жеке капиталистері мен жұмысшыларының тұрғысынан алғанда қоғамдық жұмыс күнінің осы  $\frac{2}{3}$  бөлігі,— дәл сол сияқты II бөлімшеде қоғамдық жұмыс күнінің қалған үштен бірі,— өзгермелі капитал құны мен қосымша құнды өндіру үшін ғана қызмет етеді, солай бола тұрса да, мәселені бүкіл қоғам тұрғысынан алып қарағанда, сондай-ақ I бөлімше өнімінің тұтыну құнын еске алғанда, қоғамдық жұмыс күнінің осы  $\frac{2}{3}$  бөлігі өндірілмейтін тұтыну процесінде болып отырған немесе түгелдей тұтынылып кеткен тұрақты капиталдың есесін ғана өндіреді. Жеке тұрғыдан алып қараған күнде де, жұмыс күнінің осы  $\frac{2}{3}$  бөлігінде өндірілген бүкіл құн тек өзгермелі капитал құнына, оның үстіне өндірушілерге тиетін қосымша құнға тең болғанымен, жұмыс күнінің осы  $\frac{2}{3}$  бөлігінде жалақыны немесе қосымша құнды жұмсауға боларлықтай тұтыну құндары әсте өндірілмейді; жұмыс күнінің осы  $\frac{2}{3}$  бөлігінің өнімі — өндіріс құрал-жабдықтары.



Ең алдымен мынаны атап өту қажет: I бөлімшеде болсын, II бөлімшеде болсын қоғамдық жұмыс күнінің ешқандай бөлігі өндірістің осы екі ірі саласында қазірде қолданылып, іске қосылып отырған тұрақты капитал құнын өндіру үшін қызмет етпейді. Осы екі бөлімшенің жұмысшылары тек үстеме құн өндіреді:  $2\,000\text{ I } (v+m) + 1\,000\text{ II } (v+m)$ , бұл үстеме құн  $4\,000\text{ I } c + 2\,000\text{ II } c$  мөлшеріндегі тұрақты капитал құнына қосылады. Өндіріс құрал-жабдықтары формасында өндірілетін жаңа құн әлі тұрақты капитал емес. Мұның өзі болашақта осындай қызмет атқару үшін ғана арналған.

II бөлімшенің бүкіл өнімі, яғни тұтыну заттары, оның тұтыну құны жағынан, нақты, оның заттық формасында алып қарағанда, — II бөлімшеде жұмсалған қоғамдық жұмыс күнінің үштен бір бөлігінің өнімі; мұның өзі осы бөлімшеде істеген тоқушының, наубайшының, т. т. нақты еңбегі формасындағы еңбектің өнімі, яғни еңбек процесінің субъективтік элементі ретінде қызмет атқаратын еңбек өнімі. Мұның керісінше, II бөлімшенің бүкіл өнімі құнының тұрақты бөлігін алатын болсақ, ол жаңа тұтыну құны түрінде, жаңа заттық формада, тұтыну заттары формасында тек қайтадан пайда болады, ал бұрын ол өндіріс құрал-жабдықтары формасында болған еді. Еңбек процесі арқасында мұның құны бұрынғы заттық формадан жаңа заттық формаға көшірілді. Бірақ жылдық өнім құнының осы  $\frac{2}{3}$  бөлігінің 2 000-ға тең құны II бөлімше капиталын көбейту процесінде, үстіміздегі жылдың ішінде болған процесте өндірілмеген.

Еңбек процесі тұрғысынан алып қарағанда II бөлімшенің өнімі — жаңадан қызмет ететін тірі еңбектің және осы еңбекке себепкер болатын, осы еңбектің жүзеге асуының заттық шарттары болып табылатын белгілібір өндіріс құрал-жабдықтарының нәтижесі, дәл сол сияқты құнды көбейту процесі тұрғысынан алып қарағанда II бөлімшенің бүкіл өнімінің 3 000-ға тең құны қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{1}{3}$  бөлігінде өндірілген жаңа құннан ( $500v + 500m = 1\,000$ ) және тұрақты құннан құралады, ал тұрақты капиталда осы жерде қарастырылып отырған, II бөлімшедегі өндіріс процесі басталардан бұрын болып өткен қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігі затқа айналдырылғанды. II бөлімше өнімі құнының бұл бөлігі сол өнімнің бір бөлігінен көрінеді. Мұның өзі жалпы құны  $2\,000 =$  қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  болатын белгілібір мөлшердегі тұтыну заттары түрінде көрінеді. Бұл — құнның тұрақты бөлігі қайтадан пайда болатын жаңа тұтыну формасы. Сөйтіп тұтыну заттарының құны жағынан 2 000 II  $c$ -ке тең бөлігін I бөлімшенің құны жағынан I ( $1\,000v + 1\,000m$ )-ге тең өндіріс құрал-жабдықтарына

айырбастау шынында бүкіл жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігін, үстіміздегі жылғы еңбектің титтей де бөлігі сіңбеген және осы жыл басталғанға дейін болып өткен бөлігін үстіміздегі жылы жаңадан қосылған жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігіне айырбастау болып табылады. Егер үстіміздегі жылғы қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігі жыл сайын тұтынылатын тұтыну заттарының бөлігіне, биылғы жылдың ішінде емес, үстіміздегі жылға дейін жұмсалып іске асырылған  $\frac{2}{3}$  жұмыс күні сіңген бөлігіне айырбасталмаған болса, онда мұның өзі тұрақты капитал өндірісінде қолдануға келмес еді және сонымен бірге өз өндірушілері үшін өзгермелі капитал құны, оның үстіне қосымша құн бола алмас еді. Бұл — үстіміздегі жылғы жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігін осы жылға дейін жұмсалған жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігіне айырбастау, үстіміздегі жылғы жұмыс уақыты мен өткен жылғы жұмыс уақытының арасындағы айырбас. Демек, қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігі өзгермелі капиталды немесе қосымша құнды бойына сіңіретін заттарды өндіруге емес, қайта, мұның керісінше, жыл бойына тұтынылған капиталды өтейтін өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге жұмсала тұрса да, осы жұмыс күні ішінде жаңадан жасалған құнның неліктен өзгермелі капитал құнына және қосымша құнға бөлінетін сыры бізге осыдан түсінікті болады. Мұның мәнісі тек қана мынау: II бөлімше өнімі құнының  $\frac{2}{3}$  бөлігі, I бөлімшенің капиталистері мен жұмысшылары өздері өндірген өзгермелі капитал құны мен қосымша құнын (ал бұлар бүкіл қоғамдық жылдық өнім құнының  $\frac{2}{3}$  мөлшерінде) өткізетін бөлігі, өзінің құны жағынан биылғы жылдан бұрынғы қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігінің өнімі болып табылады.

I және II бөлімшелердегі қоғамдық өнім сомасы, өзінің тұтыну құны жағынан қарастырылып отырған, өзінің заттық формасы жағынан нақты қарастырылып отырған өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары үстіміздегі жылғы еңбектің өнімі десек те, тек бұл үшін осы еңбектің өзі жұмыс күшінің жұмсалуды ретінде емес, құн жасаушы еңбек ретінде емес, нақты тиімді еңбек ретінде қарастырылуы шарт. Оның бержағында алғашқысы тек мына мағнада ғана дұрыс болады: өндіріс құрал-жабдықтары соларға қосылған, солармен бірге әрекет еткен тірі еңбектің көмегімен ғана жаңа өнімге, биылғы жылдың өніміне айналған. Мұның керісінше, сол жылда еңбектен тәуелсіз өмір сүретін өндіріс құрал-жабдықтары болмайынша, еңбек құралдары мен өндіріс материалдары болмайынша үстіміздегі жылғы еңбек өнімге айнала қоймас еді.

## VIII. ЕКІ БӨЛІМШЕДЕГІ ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛ

9 000 мөлшеріндегі жиынтық өнімнің бүкіл құны мен осы құн жіктелетін категорияларды алатын болсақ, бұларды талдау жеке капитал өнімінің құнын талдағандағыдан онша көп қиын емес, қайта соның өзімен бірдей.

Біздің жорамалымыз бойынша, қоғамның бүкіл жылдық өнімінде бір жылдықтан үш дүркін қоғамдық жұмыс күні бар. Осы жұмыс күндерінің әрқайсысының құн көрінісі = 3 000; сондықтан бүкіл өнім құнының көрінісі =  $3\ 000 \times 3 = 9\ 000$ .

Сонсын, біз өнімін талдап отырған бір жылдық өндіріс процесі басталғанға дейін, бүкіл осы жұмыс уақытынан өткені: I бөлімшеде  $\frac{4}{3}$  жұмыс күні (жаңадан жасалған құн 4 000) және II бөлімшеде —  $\frac{2}{3}$  жұмыс күні (жаңадан жасалған құн 2 000). Небәрі 2 қоғамдық жұмыс күні, бұлардың берген жаңа құны = 6 000. Сондықтан  $4\ 000\ I + 2\ 000\ II = 6\ 000\ c$  өндіріс құрал-жабдықтарының құны, яғни бүкіл қоғамдық өнім құнында қайтадан пайда болатын тұрақты капитал құны ретінде көрінеді.

Сонсын, I бөлімшеде жаңадан қосылған қоғамдық жылдық жұмыс күнінің  $\frac{1}{3}$  бөлігі — қажетті еңбек, яғни өзгермелі капиталдың,  $1\ 000\ I\ v$ , құнын өтейтін және I бөлімшеде қолданылған еңбектің бағасын төлейтін еңбек. Дәл сол сияқты II бөлімшеде қоғамдық жұмыс күнінің  $\frac{1}{6}$  бөлігі — 500 мөлшерінде құн беретін қажетті еңбек. Сонымен,  $1\ 000\ I\ v + 500\ II\ v = 1\ 500\ v$ , яғни қоғамдық жұмыс күні жартысының құнының көрінісі үстіміздегі жылы қосылған бүкіл жұмыс күні жартысының, қажетті еңбектен құралған жартысының құнының көрінісі болып табылады.

Ақырында, I бөлімшеде бүкіл жұмыс күнінің  $\frac{1}{3}$  бөлігі, жаңадан жасалған құн = 1 000, — қосымша еңбек; II бөлімшеде жұмыс күнінің  $\frac{1}{6}$  бөлігі, жаңадан жасалған құн = 500, — қосымша еңбек; бұл екеуінің сомасы жаңадан қосылған бүкіл жұмыс күнінің екінші жартысы болады. Сондықтан барлық өндірілген қосымша құн =  $1\ 000\ I\ m + 500\ II\ m = 1\ 500\ m$ .

Сонымен:

Қоғамдық өнім құнының тұрақты капитал бөлігі ( $c$ ):

қарастырылып отырған өндіріс процесіне дейін жұмсалған 2 жұмыс күні; құн көрінісі = 6 000.

Жыл бойына жұмсалған қажетті еңбек ( $v$ ):

жылдық өндіріске жұмсалған жұмыс күнінің жартысы; құн көрінісі = 1 500.

Жыл бойына жұмсалған қосымша еңбек ( $m$ ):

жылдық өндіріске жұмсалған жұмыс күнінің жартысы; күн көрінісі = 1 500.

Жылдық еңбек жаңадан жасаған күн  $(v + m) = 3\ 000$ .

Өнімнің бүкіл құны  $(c + v + m) = 9\ 000$ .

Демек, нақ қоғамдық өнімнің құнын талдауда тұрған қиыншылық жоқ. Қиыншылық қоғамдық өнім құнының құрамдас бөліктерін оның заттық құрамдас бөліктерімен салыстырған кезде туады.

Құнның тек жаңадан пайда болатын, тұрақты бөлігі қоғамдық өнімнің өндіріс құрал-жабдықтарынан құралған бөлігіне тең; ол қоғамдық өнімнің осы бөлігінде бейнеленеді.

Жыл ішінде жаңадан жасалған күн, яғни  $v + m$  сомасы, өнімнің тұтыну заттарынан құралған бөлігіне тең; ол қоғамдық өнімнің осы бөлігінде бейнеленеді.

Ал егер бұл арада маңызы жоқ ерекшеліктерді былай қоятын болсақ, өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары — мүлде әр түрлі товарлар, мүлде әр алуан заттық немесе тұтыну формасындағы өнімдер, демек, мүлде әр алуан нақты еңбек түрлерінің өнімдері. Тіршілік заттарын өндіру үшін машиналарды қолданатын еңбек машиналарды өндіретін еңбектен мүлде өзгеше. Былайша қарағанда құндық көрінісі = 3 000 болатын бүкіл бір жылдық жиынтық жұмыс күні 3 000 мөлшеріндегі тұтыну заттарын өндіруге жұмсалған сияқты, ал бұларда құнның ешқандай тұрақты бөлігі қайтадан пайда болмайды, өйткені  $1\ 500\ v + 1\ 500\ m$  сомасына тең осы 3 000 тек өзгермелі капитал құнына + қосымша құнға жіктеледі. Екінші жағынан, 6 000-ға тең тұрақты капитал құны тұтыну заттарынан мүлде өзгеше өнімдер түрінде — өндіріс құрал-жабдықтары түрінде қайтадан пайда болады. Ал оның бержағында осы жаңа өнімдерді өндіруге қоғамдық жұмыс күнінің титтей де үлесі жұмсалмаған сияқты көрінеді; қайта бүкіл осы жұмыс күні түптеп келгенде өндіріс құрал-жабдықтарын емес, тұтыну заттарын өндіретін еңбек түрлерінен ғана құралған тәрізді. Енді мұның сыры ашылып отыр. Жылдық еңбек арқылы жаңадан жасалған күн II бөлімше өнімінің құнына, жаңадан өндірілген тұтыну заттарының барлық құнына тең. Бірақ бұл өнімнің құны тұтыну заттарын өндіруге (II бөлімшеде) жұмсалған жылдық еңбек бөлігіне қарағанда  $\frac{2}{3}$  есе көп. Бұларды өндіруге жылдық еңбектің  $\frac{1}{3}$  ғана жұмсалған; осы жылдық еңбектің  $\frac{2}{3}$  бөлігі өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге жұмсалған, демек, I бөлімшеде жұмсалған. Осы уақыт ішінде I бөлімшеде өндірілген, өзгермелі капитал құны мен қосымша құн сомасына тең жаңа күн II бөлімшенің тұрақты капитал құнына тең, мұның өзі осы бөлімшеде өндірілген тұ-

тыну заттары түрінде қайтадан пайда болады. Демек, бұларды бір-біріне айырбастауға болады, бұлар бірін бірі *in natura* өтей алады. Сондықтан II бөлімшеде өндірілген тұтыну заттарының барлық құны I және II бөлімшелерде жаңадан өндірілген құнның сомасына тең, яғни II  $(c+v+m) = I (v+m) + II (v+m)$ , демек, жылдық еңбек өндірген,  $v+m$  формасындағы жаңа құнның сомасына тең.

Екінші жағынан, өндіріс құрал-жабдықтарының (I) барлық құны өндіріс құрал-жабдықтары формасында (I) және тұтыну заттары формасында (II) қайтадан пайда болатын тұрақты капитал құнының сомасына тең, демек, қоғамның бүкіл өнімінде қайтадан пайда болатын тұрақты капитал құнының сомасына тең. Бүкіл осы құн I бөлімшеде өндіріс процесі басталғанға дейін жұмсалған өткен жұмыс күнінің  $\frac{4}{3}$  бөлігінің және II бөлімшеде үстіміздегі жылы еңбек процесі басталғанға дейін жұмсалған өткен жұмыс күнінің  $\frac{2}{3}$  бөлігінің құндық көрінісіне тең, яғни бұлардың сомасы екі жиынтық жұмыс күнінің құндық көрінісіне тең.

Сонымен, бүкіл қоғамдық жылдық өнімді талдағанда қиыншылықтың туатын себебі, құнның тұрақты бөлігі — өндіріс құрал-жабдықтарында болады, бұлар — құнның осы тұрақты бөлігіне қосылған, тұтыну заттарында болатын  $v+m$  түріндегі жаңа құнға қарағанда мүлде өзгеше өнімдер. Бейне тұтынылған өнімдердің  $\frac{2}{3}$  бөлігі — егер бұларды құны жағынан алып қарайтын болсақ — қайтадан жаңа формада болып отырған сияқты, жаңа өнім ретінде пайда болатын сияқты көрінеді, тіпті қоғам оны өндіруге ешқандай еңбек жұмсамаса да осылай көрінеді. Жеке капитал жөнінде бұлай болмайды. Әрбір дара капиталист еңбектің белгілі бір нақты түрін қолданады, мұның өзі осы еңбекке сәйкес келетін өндіріс құрал-жабдықтарын әйтеуір белгілі бір өнімге айналдырады. Мәселен, капиталист машина жасаушы болсын, жыл ішінде жұмсалған тұрақты капитал = 6 000 *c*, ауыспалы капитал = 1 500 *v*, қосымша құн = 1 500 *m*; өнім = 9 000; бұл өнім 18 машинадан тұрады, бұлардың әрқайсысының құны 500-ге тең дейік. Мұнда бүкіл өнім белгілі бір формада, машиналар формасында болады. (Егер машина жасаушы машиналардың бірнеше түрін өндіретін болса, онда әрбір түрінің есебі бөлек жүргізіледі.) Бүкіл товарлы өнім — машина жасау өнеркәсібінде бір жыл ішінде жұмсалған еңбектің өнімі, белгілі бір нақты еңбек түрін белгілі бір өндіріс құрал-жабдықтарымен біріктірудің жемісі. Сондықтан өнім құнының түрліше бөліктері белгілі бір заттық формада болады: 12 машинада 6 000 *c*, 3 машинада 1 500 *v*, қалған 3 машинада 1 500 *m* бар. Мұндағы бір айқын нәрсе,

12 машинаның құны  $= 6\,000\ c$  болатын себебі осы 12 машинаға машина өндіру басталардан бұрын жұмсалған еңбек қана сіңіп, үстіміздегі жылы машина өндірудің өзіне жұмсалған еңбектің сіңбегендігінен емес. 18 машинаны өндіруге қажетті өндіріс құрал-жабдықтары 12 машинаның құнына өзінен өзі айналған жоқ, бірақ осы 12 машинаның құны (өз тарапынан  $4\,000\ c + 1\,000\ v + 1\,000\ m$  болып құралған құн) тек 18 машинаның құнындағы бүкіл тұрақты капитал құнына тең. Сондықтан машина жасаушы өзі жұмсаған тұрақты капиталды, оған 18 жаңа машинаны қайта өндіру үшін қажетті капиталды өтеу үшін 12 машинаны сатуға тиіс. Мұның керісінше, егер тек машина жасауға ғана сіңген еңбекті қолданудың нәтижесі, бір жағынан, 6 машина  $= 1\,500\ v + 1\,500\ m$ , екінші жағынан, жалпы сомасы  $6\,000\ c$  темір, мыс, винт, қайыс, т. т., яғни заттық формасында машиналар өндіретін құрал-жабдықтар болып шықса, істің мәнісін түсіндіру мүмкін болмас еді, өйткені, жұртқа мәлім, бұл құрал-жабдықтарды машина жасаушы жеке капиталистің өзі өндірмейді, бірақ ол айналыс процесі арқылы бұлардың орнын толтырып отыруға тиіс. Алайда, сырттан қарағанда, қоғамдық жылдық өнімнің ұдайы өндірісі нақ осындай қисынсыз әдіспен жүргізілетін сияқты көрінеді.

Дара капиталдың өнімі, яғни қоғамдық капиталдың дербес әрекет жасайтын, өздігінен тіршілік ететін әрбір бөлігінің өнімі әйтеуір бір заттық формада болмақ. Мұндағы бірден-бір шарт, оның шынында да тұтыну формасы, тұтыну құны болуға тиіс, ал мұның өзі оның товар дүниесінің мүшесі екенін, айналысқа түсе алатынын көрсететін белгі болмақ. Оның бер-жағында ол өзі өнім болып шыққан өндіріс процесіне өндіріс құрал-жабдығы ретінде қайтадан ене ала ма, осы өнім құнының тұрақты капитал сіңген бөлігінің тиісті заттық формасы, тұрақты капитал ретінде қайтадан әрекет етуіне нақты мүмкіндік беретін заттық формасы бар ма, бұл жағдай ешбір келер-кетері жоқ, кездейсоқ нәрсе. Егер бұлай болмаса, онда өнім құнының көрсетілген бөлігі сату және сатып алу арқылы осы өнімді өндіретін заттық элементтер формасына қайтадан айналады, ал тұрақты капитал осындай айырбас арқылы оның бұрынғыша әрекет етуіне мүмкіндік беретін заттық формада қайта өндіріледі.

Бүкіл қоғамдық капитал өнімінің жайы басқаша. Ұдайы өндірістің заттық элементтерінің бәрі өзінің табиғи формасы жағынан нақ осы өнімнің бөліктері болуға тиіс. Капиталдың тұтынылған тұрақты бөлігі бүкіл өндіріс арқылы тек мына жағдайда ғана, жылдық өнімде қайтадан пайда болатын бүкіл тұрақты капитал бөлігі тұрақты капитал ретінде шын әре-

кет ете алатын жаңа өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында пайда болған күнде ғана өтелуі мүмкін. Сондықтан, жәй ұдайы өндіріс болады деп ұйғарған ретте, өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын өнім бөлігінің құны қоғамдық капитал құнының тұрақты бөлігіне тең болуға тиіс.

Сонсын, егер мәселені жеке тұрғыдан алып қарасақ, жаңадан қосылатын еңбек арқылы капиталист өнімінің жалпы құнына кіретін өзінің өзгермелі капиталы мен қосымша құны ғана өндіреді, ал құнның тұрақты бөлігі жаңадан қосылатын еңбектің нақты сипаты арқасында өнімге көшіріледі.

Егер мәселені бүкіл қоғамның тұрғысынан алып қарайтын болсақ, қоғамдық жұмыс күнінің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін, демек, бұларға жаңа құн қосатын және бұларды өндіретінде тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын көшіретін бөлігі, — қоғамдық жұмыс күнінің бұл бөлігі I бөлімшеде болсын, II бөлімшеде болсын ескі өндіріс құрал-жабдықтары формасында тұтынылған тұрақты капиталды өтеуге арналған жаңа *тұрақты капиталдан* өзге дәнеңе де өндірмейді. Қоғамдық жұмыс күнінің бұл бөлігі өндірмелі тұтыну үшін арналған өнім ғана өндіреді. Демек, бұл өнімнің бүкіл құны — тек тұрақты капитал ретінде жаңадан әрекет ете алатын құн; бұған заттық формасында тұрақты капиталды ғана қайтадан сатып алуға болады, демек, мұның өзі, мәселені бүкіл қоғамның тұрғысынан алып қарайтын болсақ, өзгермелі капиталға да, қосымша құнға да жіктелмейді. — Екінші жағынан, қоғамдық жұмыс күнінің тұтыну заттарын өндіретін бөлігі тұрақты қоғамдық капиталды өтеу үшін дәнеңе де өндірмейді. Ол өзінің заттық формасында I және II бөлімшелердің өзгермелі капитал құны мен қосымша құнын өткізуге арналған өнімдерді ғана өндіреді.

Мәселені бүкіл қоғамның тұрғысынан алып қарағанда, демек, қоғамдық капиталды ұдайы өндіру элементтерін де, сондай-ақ жеке тұтыну элементтерін де қамтитын бүкіл қоғамдық өнімді алып қарағанда, Прудонның буржуазиялық саяси экономиядан үйреніп алған әуеніне төңкеріліп, капиталистік өндіріс әдісін қолданатын қоғам, en bloc, яғни тұтас алынған күйінде, өзінің осы тарихи-экономикалық сипатын жоғалтады деп топшылауға болмайды. Мұның керісінше. Бұлай болған күнде жиынтық капиталиспен кездесуге тура келеді. Қоғамның бүкіл капиталы барша жеке капиталистер қауымына тән акционерлік капитал тәрізді. Ал осындай акционерлік қоғамның басқа да көптеген акционерлік қоғамдармен бір ортақ белгісі, оған өзінің не қосқанын әркім біледі, бірақ нені қайырып алатынын біле *бермейді*.

### ІХ. А. СМИТ, ШТОРХ ЖӘНЕ РАМСЕЙ ЖӨНІНДЕГІ РЕТРОСПЕКТИВТІ КӨЗҚАРАС

Қоғамдық өнімнің бүкіл құны  $9\ 000 = 6\ 000\ c + 1\ 500\ v + 1\ 500\ m$ , басқаша айтқанда:  $6\ 000$  өндіріс құрал-жабдықта-рының құнын, ал  $3\ 000$  тұтыну заттарының құнын қайта өндіреді. Демек, қоғамдық табыстың құны  $(v + m)$  бүкіл өнім құнының  $\frac{1}{3}$  ғана болады, сондықтан тұтынушылар қауымы — жұмысшылар мен капиталистер — осы үштен бір күн мөлше-рінде ғана бүкіл қоғамдық өнімнен товар, өнім алып, бұларды өздерінің тұтыну қорына қосуына болады. Мұның керісінше, өнім құнының  $\frac{2}{3}$  бөлігіне тең  $6\ 000$  — *in natura* өтелуге тиісті тұрақты капиталдың құны. Демек, осынша сомадағы өндіріс құрал-жабдықтары қайтадан өндіріс қорына қосылуға тиіс. Мұның қажеттігін дәлелдей алмағаны болмаса, мұны Шторх-тың өзі де байқаған:

«Анығында, жылдық өнімнің құны ішінара капиталға және ішінара пайдаға бөлінеді де, жылдық өнім құнының осы бөліктерінің әрқайсысы ұдайы өнім сатып алып отырады, бұл өнім ұлтқа өзінің капиталын қалпына келтіру үшін де, өзінің тұтыну құнын өтеу үшін де қажет... Ұлттың *капиталы* болатын өнімдер *тұтынуға жатпайды*». (Storch. «*Considérations sur la nature du revenu national*». Paris, 1824, p. 134—135, 150).

Алайда А. Смит, жоғарыда айтылған формада ғана емес, өзінің ғажап догмасын ұсынды — ал мұны одан осы кезге дейін іліп әкетушілер бар, — бұл догма бойынша қоғамдық өнімнің бүкіл құны табысқа — жалақы мен қосымша құнға, — яғни, оның айтуынша, жалақы мен пайдаға (процентке), оның үстіне жер рентасына жіктеледі-міс. Ол мұны бұдан да көп тараған формада ұсынып, *тұтынушылар* «сайып келгенде» («*ultimately*») өндірушілерге *өнімнің бүкіл құнын* төлеуге тиіс деп соқты. Бұл қағида осы күнге дейін саяси экономия ғылымы дейтін нәрсе үшін таласуға болмайтын жалпы ережелердің немесе тіпті мәңгілік ақиқаттардың бірі болып қалуда. Шындыққа ұқсас көрінетін мынадай тәсіл арқылы осы ұғымды танытуға тырысушылар бар. Белгілібір бұйымды, мәселен, кенеп көйлектерді алайық. Ең алдымен, зығыр талшығынан жіп иіруші зығыршыға зығырдың бүкіл құнын, яғни жұмсалған тұқымның, тыңайтқыштың, жұмыс көлігі азығының, т. т. құнын, сонымен қатар зығыршының негізгі капиталы, атап айтқанда үй-жайы, ауыл шаруашылық сайманы, т. т. өнімге көшіретін күн бөлігін төлеуге тиіс; мұның үстіне ол зығырды өндіргенде берілген жалақыны өтеуге тиіс; зығырдағы қосымша құнды (пайданы, жер рентасын) төлеуге тиіс; ақырында, зығыр талшығын өндірген жерден иіретін жерге тасуға жұм-



салған шығындарды өтеуге тиіс. Онан соң тоқушы, өз тарапынан, жіп иірушіге зығырдың осы бағасын қайтарып қана қоймай, сонымен қатар машина, үй-жай, т. т. құнының, қысқасы, негізгі капитал құнының зығырға көшірілген бөлігін де қайтаруға тиіс; сонсын, тоқушы иіру процесінде тұтынылған барлық қосалқы материалдарды, жіп иірушілердің жалақысын, қосымша құнды, т. т. төлеуге тиіс,— өндірілген кенепті ақтаушы жөнінде, дайын кенепті тасу шығындарын өтеу жөнінде, ақырында, жоғарыда аталған барлық өндірушілердің, тек шикі материал келтіргендердің бүкіл бағасын төлейтін көйлек фабриканты жөнінде де дәл осыны айту керек. Соңғының фабрикасында құн онан сайын қосыла береді: ішінара көйлек шығарарда еңбек құралдары, көмекші материалдар, т. т. формасында тұтынылған тұрақты капиталдың құны есебінен қосылады, ішінара осында қолданылған еңбек арқылы қосылады; бұл еңбек осы көйлектерді жасаушы жұмысшылардың жалақысының құнын, оның үстіне көйлек фабрикантының қосымша құнын қосады. Осы өнімнің бәрі, яғни көйлектер, сайып келгенде 100 фунт стерлинг тұрады дейік, ал барлық жылдық өнім құнының үлесі, қоғамның көйлектерге жұмсайтын үлесі осы санмен бейнеленеді дейік. Көйлектерді тұтынушылар 100 фунт стерлинг төлейді, демек, олар көйлектерге сіңген барлық өндіріс құрал-жабдықтарының құнын, сонымен қатар зығыршының, жіп иірушінің, тоқушының, ақтаушының, көйлек фабрикантының, сондай-ақ транспорт саласындағы тиісті кәсіпкерлердің жалақысы мен қосымша құнын төлейді. Бұл өте дұрыс. Бұл шынында да әрбір нәрестеге түсінікті. Бірақ бұдан соң жұрт: барлық басқа товарлардың құны жөнінде де мәселе осылай деседі. Дұрысында: *барлық тұтыну заттарының* құны жөнінде, қоғамдық өнімнің тұтыну қорына кіретін бөлігінің құны жөнінде, демек, қоғамдық өнім құнының табыс ретінде жұмсаларлық бөлігі жөнінде мәселені осылай деу керек еді. Әрине, барлық осы товарлар құнының сомасы осыларға тұтынылған барлық өндіріс құрал-жабдықтарының (тұрақты капиталдың тұтынылған бөліктерінің) құнына, оның үстіне соңғы жолы қосылған еңбек арқылы жасалған құнға (жалақы мен қосымша құнға) тең. Демек, тұтынушылар қауымының бәрі бүкіл құнның бүкіл осы сомасын төлей алады, өйткені әрбір жеке товардың құны  $c + v + m =$  нен құралғанымен, тұтыну қорына кіретін барлық товарлар құнының сомасы, жинақтап алғанда, қоғамдық өнім құнының  $v + m$  болып жіктелетін бөлігіне ғана барынша тең келуі мүмкін, яғни жыл бойында жұмсалған еңбек арқылы нақты қолда бар өндіріс құрал-жабдықтарына, тұрақты капитал құнына қосылған құнға ғана тең

болуы мүмкін. Ал тұрақты капитал құнын алатын болсақ, біз мұның өзі қоғамдық өнім аумағы есебінен екі түрлі жолмен өтелетінін көрдік. Біріншіден, тұтыну заттарын өндіретін II бөлімше капиталистерінің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін I бөлімше капиталистерімен айырбас жасауы арқылы өтеледі. Мінеки біреулер үшін капитал болатын нәрсе екінші біреулер үшін табыс болады деген сөздің түп негізі осында жатыр. Шынына келгенде істің жайы мүлде олай емес. 2 000 мөлшерінде құны бар тұтыну заттары түрінде болып отырған 2 000 II с сол II бөлімшенің капиталистері үшін — тұрақты капитал құны. Демек, олардың өнімі өзінің заттық формасы жағынан тұтыну үшін арнала тұрса да, II бөлімше капиталистерінің өздері бұл құнды тұтына алмайды. Екінші жағынан, 2 000 I ( $v + m$ ) — I бөлімшенің капиталистері мен жұмысшылары өндірген жалақы мен қосымша құн. Бұл құн өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында болады, сондықтан бұл заттардың өз құны тұтынуға келмейді. Демек, тұтас алғанда біздің алдымыздағы құн сомасы 4 000, мұның жартысы — айырбасқа дейін де, айырбастан кейін де — тұрақты капиталды өтеу үшін ғана арналады, ал екінші жартысы тек табыс болады.— Бірақ, екіншіден, I бөлімшенің тұрақты капиталы ішінара I бөлімше капиталистері арасындағы айырбас арқылы *in natura* өтеледі, ішінара әрбір жеке кәсіпорында *in natura* өтеледі.

Жылдық еңбектің бүкіл құнын сайып келгенде тұтынушылар төлеуге тиіс деген сөз тек мына жағдайда ғана, тұтынушылар дегенде олардың мүлде әрқилы екі түрі: жеке тұтынушылар мен өндіргіш тұтынушылар болатынын ескерген күнде ғана дұрыс болар еді. Ал егер өнімнің бір бөлігі *өндірмелі түрде* тұтынылуға тиіс болса, онда мұның мәнісі мынау ғана: ол *капитал ретінде қызмет етуге* тиіс және оны *табыс ретінде тұтынуға* болмайды.

Егер бүкіл өнімнің 9 000-ға тең құнын 6 000  $c + 1 500 v + 1 500 m$  етіп бөліп, 3 000-ды табыс деп қана білетін болсақ, онда, мұның керісінше, өзгермелі капитал ғайып болып, бүкіл қоғам тұрғысынан қарастырылып отырған капитал тек қана тұрақты капиталдан құралатын сияқты көрінеді. Өйткені алғашында 1 500  $v$  ретінде көрінген нәрсе енді қоғамдық табыстың бір бөлігі — жалақы, жұмысшы табының табысы болып шықты да, сонымен бірге бұл бөліктің капитал ретіндегі сипаты да жоғалды. Рамсей шынында да нақ осындай қорытындыға келген. Рамсейдің айтуынша, бүкіл қоғам тұрғысынан қарастырылып отырған капитал тек негізгі капиталдан ғана құралады, ал оның негізгі капитал деп отырғаны тұрақты ка-

питал, өндіріс құрал-жабдықтарындағы құн аумағы, осы өндіріс құрал-жабдықтары еңбек құралдары бола ма, әлде шикізат, жартылай фабрикат, көмекші материал, т. т. сияқты еңбек материалы бола ма, ол үшін мұның ешбір келер-кетері жоқ. Өзгермелі капиталды ол айналмалы капитал деп атайды:

«Айналмалы капитал жұмысшыларға олардың еңбегінің өнімі жасалып біткенше аванс ретінде берілетін кілең күнкөріс қаражаты мен басқа да қажетті заттардан құралады... Айналмалы капитал емес, тек негізгі капитал ғана, түйіп айтқанда, ұлт байлығының көзі болып табылады... Айналмалы капитал өндірістің тікелей агенті емес және өндіріс үшін мұның елеулі маңызы да жоқ; мұның өзі — халық бұқарасының мүшкіл кедейлігі салдарынан қажет болған шарт қана... Ұлттық тұрғыдан алғанда тек негізгі капитал ғана өндіріс шығындарының элементі болады» (Ramsay, I, с. р. 23—26 passim).

Рамсей өзі тұрақты капитал мағнасында қолданып отырған негізгі капиталды былайша толығырақ анықтайды:

«Ұзақ уақыт ішінде бұл еңбектің» (атап айтқанда белгілібір товарды өндіруге бағытталған еңбектің) «белгілібір бөлігі негізгі капитал түрінде болады, яғни оның болатын формасы сондай, мұнда өнімнің бұл бөлігі болашақ товарды өндіруге көмектескенімен, жұмысшыларды асырауға жұмсалмайды...» (Сонда, 59-бет).

Біз бұл арада тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың айырмашылығын негізгі капитал мен айналмалы капиталдың айырмашылығымен шатастырып жіберген А. Смит келтірген қырсыққа тағы да кездесіп отырмыз. Рамсейдің айтуынша, тұрақты капитал еңбек құралдарынан, ал айналмалы капитал тіршілік заттарынан құралады; екеуі де — белгілібір құнның товарлары; бұлардың ешқайсысы да белгілібір қосымша құн өндіре алмайды.

## X. КАПИТАЛ МЕН ТАБЫС: ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ МЕН ЖАЛАҚЫ <sup>49)</sup>

Бүкіл жылдық ұдайы өндіріс, осы жылғы бүкіл өнім осы жыл ішіндегі тиімді еңбектің нәтижесі болып табылады. Бірақ бүкіл осы өнімнің құны бір жылдық еңбекті сіңіретін құн бөлігінен, яғни үстіміздегі жылы жұмсалған жұмыс күшінен көп. Бір жылдық жаңа құн, осы жылдың ішінде товар формасында жаңадан жасалған құн, бүкіл жыл ішінде өндірілген өнім құнынан, товар аумағының бүкіл құнынан аз. Жылдық өнімнің

<sup>49)</sup> Төменде VIII қолжазбадан текст келтіріліп отыр.

бүкіл құнынан оған үстіміздегі жылғы еңбек арқылы қосылған құнды алып тастаған күнде қалатын қалдық — шындығында қайта өндірілген күн емес, тек жаңа болмыс формасында қайтадан пайда болған күн, осы өнімнен бұрын болған құннан жылдық өнімге көшірілген күн; мұның өзі — үстіміздегі жылғы қоғамдық еңбек процесіне қатысқан тұрақты капиталдың құрамдас бөліктерінің қолданылу мерзіміне қарай — азды-көпті бұрынырақ өндірілген болуы мүмкін; мұның өзі, бәлкім, өткен жылы немесе одан бұрынғы бірнеше жыл ішінде дүниеге келген өндіріс құрал-жабдықтарының құнынан туады. Қалай болған күнде де мұның өзі — өткен жылдары өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарынан биылғы жылдың өніміне көшірілген күн.

Егер біз өз схемамызға жүгінетін болсақ, онда осы күнге дейін қарастырылып келген элементтерді I бөлімше мен II бөлімше арасында және II бөлімшенің шеңберінде айырбастағаннан кейін былай болып шығады:

I)  $4\ 000\ c + 1\ 000\ v + 1\ 000\ m$  (соңғы  $2\ 000\ II\ c$  тұтыну заттарына өткізіледі)  $= 6\ 000$ .

II)  $2\ 000\ c$  (I ( $v + m$ )-ге айырбастау арқылы қайта өндіріледі)  $+ 500\ v + 500\ m = 3\ 000$ .

Құн сомасы  $= 9\ 000$ .

Жыл бойына жаңадан өндірілген күн тек  $v$  мен  $m$  құндырында ғана болады. Демек, осы жыл ішінде жаңадан жасалған құн сомасы  $v + m$  сомасына тең  $= 2\ 000\ I\ (v + m) + 1\ 000\ II\ (v + m) = 3\ 000$ . Осы жылғы өнімнің барлық басқа бөліктері — жылдық өндірісте тұтынылған бұрынғы өндіріс құрал-жабдықтарының құнынан көшірілген күн ғана. Үстіміздегі жылғы еңбек  $3\ 000$  құннан басқа ешқандай күн өндірген жоқ; мұның өзі — түгелдей бір жыл ішінде жаңадан жасалған күн.

Бірақ, біздің көргеніміздей,  $2\ 000\ I\ (v + m)$  II бөлімше үшін  $2\ 000\ II\ c$ -ті өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасында өтейді. Демек, жылдық еңбектің I бөлімшеде жұмсалған үштен екісі II бөлімшенің тұрақты капиталын жаңадан өндірді, өндіргенде оның бүкіл құнын да, оның заттық формасын да өндірді. Сонымен, егер мұны бүкіл қоғамның тұрғысынан алып қарайтын болсақ, жыл ішінде жұмсалған еңбектің үштен екісі II бөлімшеге сәйкес келетін заттық формада өткізілген жаңа тұрақты капитал құнын өндірді. Демек, жылдық қоғамдық еңбектің дені тұтыну заттарын өндіруге кеткен тұрақты капитал құнын өтеу үшін жаңа тұрақты капитал (өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі капитал құнын) өндіруге жұмсалған. Бұл жөнінде капиталистік қоғамның тағы адамнан айыр-

машылығы әсте Сениор ойлаған айырмашылықтай емес<sup>50</sup>), оның ойынша, тағының ерекше бір артықшылығы — кейде оның жұмсаған еңбегінің зая кететіні сондай, оған табысқа, яғни тұтыну заттарына айналарлық ешқандай өнім бермейді. Ал шынына келгенде айырмашылық мынада:

а) Капиталистік қоғам өзінің қарамағындағы жылдық еңбектің денін өндіріс құрал-жабдықтарын (демек, тұрақты капиталды) өндіруге қолданады; ал бұларды жалақы формасында да, қосымша құн формасында да табысқа жіктеуге болмайды, бұлар тек капитал ретінде ғана қызмет ете алады.

б) Егер тағы адам садақ, саржа, тас балға, балта, себет, т. с. жасайтын болса, — ол бұған жұмсалған уақытты тұтыну заттарын өндіруден өзге нәрсеге пайдаланғанын, яғни өзінің өндіріс құрал-жабдықтары жөніндегі қажетін өтегенін мүлде айқын сезінеді, бар болғаны сол. Оның үстіне, тағы адам бұған қанша уақыт жұмсайтынына мейлінше селқос қарауы себепті ауыр экономикалық кұнаға батады; мәселен, Тэйлордың айтуынша<sup>51</sup>), оның бір ғана саржаны әзірлеуіне екінші бірінде аттай бір ай кететін көрінеді.

Теориялық қиыншылықтан, яғни шынайы байланыстарды пайымдаудан аттап өтуге тырысып, кейбір саяси экономдар малданып жүрген атышулы бір ұғым бар, бұл ұғым бойынша, біреу үшін капитал болатын нәрсе екінші біреу үшін табыс болады және мұның керісінше, — бұл ұғым ішінара дұрыс та, бірақ бұған жалпылама сипат берілді дегенше-ақ мүлде жалған бола бастайды (демек, мұның өзі жылдық ұдайы өндіріс тұсында жасалатын бүкіл айналыс процесін мүлде түсінбеушілікпен, яғни көрсетілген ұғымдағы ішінара дұрыс нәрсенің нақты негізін түсінбеушілікпен байланысты).

Енді осы ұғымның ішінара дұрыстығына негіз болып отырған нақты қатынастарды қорытайық, сонда бұл қатынастарды түсінудегі қателік бірден байқала қояды.

1) Өзгермелі капитал капиталистің қолында капитал ретінде қызмет етсе, жалдама жұмысшының қолында табыс ретінде қызмет етеді.

Өзгермелі капитал алғашында капиталистің қолында *ақша капиталы* ретінде болады; оған капиталист жұмыс күшін сатып аларда ол *ақша капиталы* ретінде қызмет етеді. Капиталистің қолында ақша формасында қалып отырғанда ол —

<sup>50</sup>) «Егер тағы адам садақ жасайтын болса, ол кәсіппен айналысады, бірақ қанағатшылықты дағды етпейді» (*Senior*. «Principes fondamentaux de l'Econ. Pol.», trad., Arribane. Paris 1836, p. 342—343). «Қоғам неғұрлым жедел прогресс жасаса, ол қанағатшылықты соғұрлым көп керек етеді» (сонда, 342-бет). — Салыстырыңыз: «Капитал», I кітап, XXII тарау, 3, 612-бет<sup>76</sup>.

<sup>51</sup>) E. V. Tylor. «Forschungen über die Urgeschichte der Menschheit», übersetzt von H. Müller. Leipzig, ohne Datum. S. 240.

басқа ешнәрсе де емес, тек ақша формасындағы белгілібір құн, демек, әсте өзгермелі шама емес, тұрақты шама. Ол — нақ жұмыс күшіне айнала алатындығы себепті потенциалы өзгермелі капитал ғана. Тек өзінің ақша формасын сыпырып тастағаннан кейін ғана, жұмыс күшіне айналғаннан кейін ғана, ал жұмыс күші капиталистік процесте өндіргіш капиталдың құрамдас бөлігі ретінде қызмет ете бастағаннан кейін ғана ол өзгермелі капиталға айналады.

Алғашында капиталист үшін өзгермелі капиталдың ақша формасы ретінде қызмет еткен *ақша* енді жұмысшының қолында оның жалақысының ақша формасы ретінде қызмет етеді, ал жұмысшы мұны тіршілік заттарына айналдырады; демек, мұның өзі жұмысшы өз жұмыс күшін үнемі қайталап сатуы есебінен алып отыратын *табыстың* ақша формасы ретінде қызмет етеді.

Біз мұнда мынадай жәй ғана фактіні көріп отырмыз: сатып алушының, бұл ретте капиталистің *ақшасы* оның қолынан сатушының қолына, бұл ретте жұмыс күшін сатушының, жұмысшының қолына өтеді. Бұл арада екі рет — капиталист үшін капитал ретінде және жұмысшы үшін табыс ретінде — қызмет етіп отырған нәрсе өзгермелі *капитал* емес, бәз-баяғы бір ақша; мұның өзі алғашында капиталистің қолында оның өзгермелі капиталының ақша формасы ретінде, демек, потенциалы өзгермелі капитал ретінде болған болса, капиталист мұны жұмыс күшіне айналдырған кезде ақша жұмысшының қолында сатылған жұмыс күшінің эквиваленті болады. Ал бәз-баяғы бір ақшаның сатушының қолында сатып алушының қолындағыдан басқаша пайдаланылатындығы — товарды сатып алу мен сатудың бәріне тән көрініс.

Апологет-экономистер істің мәнін бұрмалауда. Егер біз, келесі баяндауды қоя тұрып, тек  $A - Ж (=A - T)$  айналыс әрекетіне, капиталист сатып алушының жағында ақшаның жұмыс күшіне айналатынына және  $Ж - A (=T - A)$  айналыс әрекетіне, сатушының, жұмысшының жағында жұмыс күші товарының ақшаға айналатынына барынша назар аударатын болсақ, бұл айдан-анық көрінеді. Бұл экономистер былай дейді: мұнда бәз-баяғы бір ақша екі капиталды өткізеді; сатып алушы — капиталист — өзінің ақша капиталын тірі жұмыс күшіне айналдырып, мұны өзінің өндіргіш капиталына қосады; екінші жағынан, сатушы — жұмысшы — өзінің товарын — жұмыс күшін — ақшаға айналдырып, бұл ақшаны табыс ретінде жұмсайды да, нақ осының арқасында ол өзінің жұмыс күшін қайта-қайта сата аларлық, сөйтіп оны сақтай аларлық халде болып шығады; демек, оның жұмыс күшінің өзі — оның ақша

формасындағы капиталы, оның табысының түпкілікті көзі десе-ді. Ал шынына келгенде жұмыс күші дегеніміз оның капиталы емес, игілігі (үнемі жаңғыртылып, қайта өндіріліп отыратын игілігі). Мұның өзі — жұмысшы өмір сүру үшін үнемі сата алатын және сатуға тиісті бірден-бір товар; ал мұның өзі тек сатып алушының, капиталистің қолында ғана капитал (өзгермелі) ретінде әрекет етеді. Адамның үшінші біреуге өзінің жұмыс күшін, яғни өзін өзі лажсыздан үнемі қайта-қайта сатып отыратындығы, аталған экономистердің айтуынша, сол адамның капиталист екенін, өйткені оның үнемі «товар» (өзін өзі) сатуына тура келетінін дәлелдейді-міс. Осы мағнада алғанда құл да, оны үшінші біреу товар ретінде біржола сатып жібергенімен, капиталист болып шығады, өйткені бұл товардың — жұмысшы-құлдың — жаратылысы сондай, сатып алушы оған күн сайын жұмыс істеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар оған күнкөріс қаражатын да беріп отырады, ал осының арқасында ол қайта-қайта жұмыс істей алатын болады. — (Бұл жөнінде Сисмонди мен Сәйдің Мальтусқа жазған хаттарын салыстырыңыз <sup>77</sup>.)

2) Сонымен,  $1\ 000\ I\ v + 1\ 000\ I\ m$  және  $2\ 000\ II\ c$  айырбасында біреулер үшін тұрақты капитал болатын нәрсе ( $2\ 000\ II\ c$ ) екінші біреулер үшін өзгермелі капитал мен қосымша құнға айналады, демек, жалпы табысқа айналады; біреулер үшін өзгермелі капитал мен қосымша құн ( $2\ 000\ I\ (v + m)$ ), демек, жалпы табыс болатын нәрсе екінші біреулер үшін тұрақты капиталға айналады.

Әуелі  $I\ v$  мен  $II\ c$  айырбасын алып қарайық, онда да ең алдымен жұмысшының тұрғысынан алып қарайық.

$I$  бөлімшенің жиынтық жұмысшысы өзінің жұмыс күшін нақ сол бөлімшенің жиынтық капиталисіне  $1\ 000$ -ға сатады; бұл құн оған жалақы формасында ақшадай төленген. Бұл ақшаға ол  $II$  бөлімшенің капиталисінен нақ сонша құны бар тұтыну заттарын сатып алады.  $II$  бөлімшенің капиталисі жұмысшыға тек товар сатушы ретінде ғана қарсы тұрады, тіпті жұмысшы, мәселен, жоғарыда ( $380$ -бетте \*),  $500\ II\ v$  айырбасында көрсетілгендей, өзінің бәсіре капиталисінен сатып алған болса да, бұдан басқаша емес. Жұмысшының товары, жұмыс күші, жасайтын айналыс формасы — тек қажетті өтеуге, тұтынуға бағытталған жәй товар айналысының формасы:  $T$  (жұмыс күші) —  $A$  —  $T$  (тұтыну заттары,  $II$  бөлімше капиталисінің товары). Бұл айналыс әрекетінің нәтижесі мынадай: жұмысшы  $I$  бөлімшенің капиталисі үшін өзін жұмыс күші ре-

\* Осы томның  $459$ -бетін қараңыз. *Ред.*

тінде сақтап қалды; өзін бұдан былай да осы күйінде сақтауы үшін жұмысшы  $J(T) — A — T$  процесін үнемі бірден бірге қайталап отыруға тиіс. Оның жалақысы тұтыну заттарына өткізіледі, табыс ретінде жұмсалады, ал егер жұмысшы табын түгел алатын болсақ, жалақы табыс ретінде үнемі қайта-қайта жұмсалып отырады.

Енді нақ сол  $I v$  мен  $II c$  айырбасын капиталистің тұрғысынан алып қарайық.  $II$  бөлімшенің бүкіл товарлы өнімі тұтыну заттарынан құралады, демек, жылдық тұтынуға қосылу үшін, яғни әйтеуір біреудің — осында қарастырылып отырған ретте  $I$  бөлімшенің жиынтық жұмысшысының — табысын өткізу үшін арналған заттардан құралады. Ал  $II$  бөлімшенің жиынтық капиталисі үшін оның товарлы өнімінің 2 000-ға тең бөлігі енді оның өндіргіш капиталының товарға айналған тұрақты капитал құнының формасы болып табылады; ал оны осы товар формасынан қайтадан заттық формаға, өндіргіш капиталдың тұрақты бөлігі ретінде оның тағы да әрекет етуіне мүмкіндік берерлік формаға айналдыру қажет. Бұған дейін  $II$  бөлімше капиталисінің жеткен нәтижесі сол, товар формасында (тұтыну заттары түрінде) қайта өндірілген өзінің тұрақты капитал құнының жартысын ( $=1\ 000$ ) ол  $I$  бөлімшенің жұмысшысына сату арқылы тағы да ақша формасына айналдырды. Сөйтіп  $II c$  тұрақты капитал құнының осы бірінші жартысына айналған нәрсе  $I v$  өзгермелі капиталы емес, ақша; бұл ақша жұмыс күшіне айырбастарда  $I$  бөлімшенің капиталисі үшін ақша капиталы ретінде қызмет етіп, содан жұмыс күшін сатушының қарамағына келіп түскен; мұнда ақша жұмысшы үшін әсте капитал емес, ақша формасындағы табыс болады, яғни ол мұны тұтыну заттарын алатын сатып алу қаржысы ретінде жұмсайды. Екінші жағынан,  $I$  бөлімшенің жұмысшыларынан  $II$  бөлімшенің капиталистеріне келіп түскен ақша  $=1\ 000$   $II$  бөлімшенің өндіргіш капиталының тұрақты элементі ретінде әрекет ете алмайды. Бұл — әзірше оның товарлы капиталының ақша формасы ғана; мұны әлі тұрақты капиталдың негізгі немесе айналмалы құрамдас бөліктеріне айналдыру керек болады. Сонымен,  $II$  бөлімшенің капиталисі  $I$  бөлімшенің жұмысшыларынан, өзінің товарын сатып алушылардан, түскен ақшаға  $I$  бөлімшенің капиталисінен 1 000 мөлшерінде өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады. Сөйтіп  $II$  бөлімшенің бүкіл тұрақты капитал құны шамасының жартысы заттық формада, өндіргіш капиталдың элементі ретінде осы бөлімшеде қайтадан әрекет ете аларлық формада жаңғыртылады. Мұндағы айналыс формасы  $T — A — T$ : құны



1 000 тұтыну заттары — ақша = 1 000 — құны 1 000 өндіріс құрал-жабдықтары.

Бірақ бұл ретте  $T - A - T$  капиталдың қозғалысы болып табылады. Жұмысшыға сатылған  $T$  келіп  $A$ -ға айналады, ал бұл  $A$  өндіріс құрал-жабдықтарына айналады; мұның өзі — товардың осы товарды құрастыратын заттық элементтерге кері айналуы. Екінші жағынан, II бөлімше капиталисінің I бөлімше капиталисі жөнінде тек товар сатып алушы болатыны сияқты, I бөлімшенің капиталисі II бөлімшенің капиталисі жөнінде бұл жерде товар сатушы ретінде ғана әрекет етеді. Алғашында I бөлімше ауыспалы капитал ретінде әрекет етуге арналған 1 000 ақшаға құны 1 000 жұмыс күшін сатып алды; демек, ол өзінің ақша формасында берген 1 000  $v$  үшін эквивалент алды; енді бұл ақша жұмысшынікі, ол мұны жұмсап, II бөлімшенің капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады; II бөлімшенің кассасына осылайша түскен бұл ақшаны I бөлімше нақ осынша құны бар товарды сату арқылы қармаған күнде ғана қайтарып ала алады.

Алғашында I бөлімшенің жиынтық капиталисінде капиталдың өзгермелі бөлігі ретінде қызмет етуге арналған белгілібір ақша сомасы = 1 000 болды; онан соң бұл сома нақ сонша құны бар жұмыс күшіне айналуы себепті өзгермелі капитал ретінде әрекет етеді. Ал жұмысшы оған өндіріс процесінің нәтижесі ретінде құны 6 000 товар (өндіріс құрал-жабдықтары) келтірді; мұның  $\frac{1}{6}$  бөлігі, яғни 1 000, өзінің құны жағынан капиталдың ақшадай авансыланған өзгермелі бөлігінің эквиваленті болып табылады. Бұрынғы, өзінің ақша формасында болған кезіндегі сияқты, қазірде, өзінің товар формасында, өзгермелі капитал құны өзгермелі капитал ретінде әрекет етпейді; ол тірі жұмыс күшіне айналып болғаннан кейін ғана, сол жұмыс күші өндіріс процесінде әрекет ететін уақыттың ішінде ғана осындай қызмет атқара алады. Ақша формасында қалып отырған кезінде өзгермелі капитал құны потенциялы түрде ғана өзгермелі капитал болатын. Бірақ бұл құнның қалыптасқан формасы сондай, мұнда оның жұмыс күшіне тікелей айналуы әбден мүмкін еді. Товар формасында қалып отырған кезінде нақ сол өзгермелі капитал құны әзірше тек потенциялы ақша құны болып табылады; тек товарды сату арқылы ғана, яғни бұл ретте II бөлімшенің капиталисі I бөлімшенің капиталисінен 1 000-ға товар сатып алған күнде ғана мұны қайтадан алғашқы ақша формасындағы қалпына келтіруге болады. Мұнда айналыс қозғалысы мынадай: 1 000 (ақша) — құны 1 000 жұмыс күші — 1 000 товар түрінде (өзгермелі капиталдың эквиваленті) — 1 000 (ақша), демек,

$A - T...T - A (= A - Ж...T - A)$ .  $T...T$  арасында жатқан өндіріс процесінің өзі айналыс саласына жатпайды; мұның өзі жылдық ұдайы өндірістің түрлі элементтерін бір-біріне айырбастаудан көрінбейді, дегенмен бұл айырбас өндіргіш капиталдың барлық элементтерін: тұрақты элементтерін де, өзгермелі элементі — жұмыс күшін де қамтиды. Бұл айырбастың барлық агенттері — тек қана сатып алушылар немесе сатушылар, не болмаса осының екеуі де; мұнда жұмысшылар — товар сатып алушылар ғана; капиталистер — алма-кезек не сатып алушылар, немесе кілең товар сатушылар.

Нәтиже мынадай: I бөлімшенің жиынтық капиталісі өз капиталы құнының өзгермелі бөлігін тағы да ақша формасында иемденеді, ал оның капиталының бұл бөлігі тек осы формадан ғана тікелей жұмыс күшіне айнала алады, яғни ол мұны тағы да иемденгенде мұны өзінің өндіргіш капиталының өзгермелі элементі ретінде авансылауға шын мүмкіндік берерлік бірден-бір формада иемденеді. Екінші жағынан, товар сатып алушы ретінде қайтадан әрекет етуге мүмкіндік алу үшін жұмысшы әуелі тағы да товар сатушы ретінде, өзінің жұмыс күшін сатушы ретінде көрінуге тиіс.

II бөлімшенің өзгермелі капиталы (500 II  $v$ ) жөнінде белгілібір өндіріс бөлімшесінің капиталистері мен жұмысшылары арасындағы айналыс процесі, — егер біз бұл процесті II бөлімшенің жиынтық капиталісі мен II бөлімшенің жиынтық жұмысшысы арасында болып отырған процесс деп қарайтын болсақ, — ешбір дәнекер буынсыз, тікелей формада көрінеді.

II бөлімшенің жиынтық капиталісі 500  $v$ -ні сонша құны бар жұмыс күшін сатып алу үшін авансқа береді; бұл ретте жиынтық капиталист — сатып алушы, жиынтық жұмысшы — сатушы. Онан соң жұмыс күші үшін ақша алған жұмысшы өзі өндірген товарлардың бір бөлегін сатып алушы ретінде көрінеді. Демек, мұнда капиталист — сатушы. Жұмысшы II бөлімшенің өзі өндірген товарлы капиталының бір бөлігі арқылы, атап айтқанда товар түріндегі 500  $v$  арқылы капиталистің жұмыс күшін сатып аларда төлеген ақшасын өтеді; капиталист бұрын, ақшаны жұмыс күшіне айналдырар алдында, ақша формасында қанша иемденген болса, қазір товар формасында сонша  $v$  иемденеді; екінші жағынан, жұмысшы өз жұмыс күшінің құнын ақшаға өткізді, ал енді, өз тарапынан, бұл ақшаны өткізерде өзінің тұтынуына табыс ретінде жұмсайды, өзі өндірген тұтыну заттарының бір бөлегін сатып алуға жұмсайды. Бұл — жұмысшының ақша формасындағы табысын оның өзі товар формасында қайта өндірген, капиталиске тән 500  $v$  мөлшеріндегі товардың құрамдас бөлігіне айырбастау. Сөй-

тіп бұл ақша II бөлімшенің капиталісіне оның өзгермелі капиталының ақша формасы ретінде қайта оралады. Табыстың ақша формасындағы эквиваленттік құны бұл жерде товар формасындағы өзгермелі капитал құнын өтейді.

Капиталист жұмыс күшін сатып аларда жұмысшыға төлеген ақшасын оған эквивалентті товар аумағын сату арқылы одан кері қайырып алғаннан байымайды. Егер капиталист жұмысшыға оның жұмыс күшін сатып аларда әуелі 500 төлеп, онан соң, мұның үстіне, жұмысшыға өзі өндірткен 500 мөлшерінде құны бар товарды тегін берген болса, ол шынында жұмысшыға екі рет ақы төлеген болып шығар еді. Мұның керісінше, егер жұмысшы капиталист үшін товар формасындағы 500-ден басқа, яғни өзінің жұмыс күшінің 500 тұратын эквиваленттік бағасынан басқа дәнене өндірмеген болса, онда осы операциядан кейін капиталист қолындағы бұрынғы барымен қалған болар еді. Бірақ жұмысшы 3 000 құны бар өнімді қайта өндірді; ол өнім құнының тұрақты бөлігін, яғни өнімге тұтынылған өндіріс құрал-жабдықтарының құнын = 2 000-ды сақтап қалып, бұларды жаңа өнімге айналдырды; мұның үстіне, осы құнға ол 1 000 ( $v + m$ ) мөлшерінде құн қосты. (Ақша түріндегі 500-дің қайтып келуі арқасында қосымша құн алатындығы мағнасында капиталист байиды деген пікірді Дестют де Траси дамыта түседі; бұл туралы осы тараудың XIII бөлімінде толығырақ айтылған.)

II бөлімше жұмысшысының құны 500 тұратын тұтыну заттарын сатып алуы нәтижесінде сол бөлімшенің капиталісіне оның қолында әзірше товар формасында болған 500 II  $v$  құны ақша формасында, оның өзі алғашында авансқа берген формада қайта оралады.

Басқа товар атаулыны сатқан сайын болатыны сияқты, сауда-саттықтың тікелей нәтижесі белгілібір құнның товар формасынан ақша формасына айналуы болып отыр. Осы сауда-саттық арқылы ақшаның бастапқы жеріне қайта оралуы да эсте танданарлық нәрсе емес. Егер II бөлімшенің капиталісі ақшадай 500-ге I бөлімшенің капиталісінен товар сатып алып, онан соң, өз тарапынан, I бөлімшенің капиталісіне 500 сомасына товар сатқан болса, онда ақшадай 500 бұл жолы да оның өзіне қайтып келген болар еді. Бұл 500 ақша 1 000 мөлшеріндегі товар аумағын айырбастау үшін ғана қызмет етер еді де, бұрынырақ көрсетілген жалпы заңға сәйкес, осы товар аумағын айырбастау үшін ақшаны бірінші болып айналысқа шығарған адамға қайтып келген болар еді.

Ал I бөлімшенің капиталісіне қайта оралған 500 ақша сонымен бірге ақша формасында жаңғыртылған потенциалы өз-

гермелі капитал болып табылады. Мұның себебі не? Ақша, демек, ақша капиталы да, жұмыс күшіне айнала алатындықтан ғана потенциалы өзгермелі капитал болады. Осы 500 фунт стерлинг ақшаның II бөлімшенің капиталисіне қайта оралуымен қатар II бөлімшенің жұмыс күші де еңбек рыногына қайта оралады. Ақша мен жұмыс күшінің қарама-қарсы үйектерге қайтып баруына,— демек, осы 500 ақшаның тек ақша ретінде ғана емес, сонымен қатар ақша формасындағы өзгермелі капитал ретінде де қайтадан пайда болуына,— белгілібір процедура себепкер болады. Ақша=500 II бөлімшенің капиталисіне қайта оралады, оның себебі, ол осы бөлімшенің жұмысшысына 500 сомасына тұтыну заттарын сатты, демек, оның себебі, жұмысшы өзінің жалақысын жұмсады да, осы арқылы өзі мен семьясын асырауға, сонымен бірге өзінің жұмыс күшін де сақтап қалуға мүмкіндік алды. Өмір сүріп, бұдан былай да товар сатып алушы ретінде әрекет ете алатын болуы үшін жұмысшы өзінің жұмыс күшін қайтадан сатуға тиіс. Сөйтіп II бөлімшенің капиталисіне осы 500 ақшаның қайта оралуы сонымен қатар жұмысшы күшінің осы 500 ақшаға сатып алуға болатын товар ретінде қайта оралуы, тиісінше — сақталуы болып табылады, сондықтан да, осы 500 ақшаның потенциалы өзгермелі капитал ретінде қайта оралуы болып табылады.

Сән-салтанат заттарын өндіретін II *b* тармағының капиталистерін алатын болсақ, олардың *v* — (II *b*) *v* — жөніндегі мәселе I *v* жөніндегі мәселе сияқты. II *b* тармағының капиталистері үшін олардың өзгермелі капиталын ақша формасында жаңғыртатын ақша оларға II *a* тармағы капиталистерінің қолынан өтіп барып, орағытып келеді. Бірақ солай бола тұрса да жұмысшылар өздерінің тіршілік заттарын өз жұмыс күшін сатқан капиталист өндірушілерден тікелей сатып ала ма, әлде бұл заттарды басқа категориядағы капиталистерден ақшаның алғашқы капиталистерге орағытып баруына себепкер болатындардан сатып ала ма, бұл екеуінің арасында айырмашылық бар. Жұмысшы табы күн санап қалт-құлт етіп өмір сүретіндіктен ол шамасы келгенше сатып алып отырады. Капиталистің жайы, мәселен 1 000 II *c* пен 1 000 I *v* айырбасы тұсында, басқаша. Капиталист күн санап қалт-құлт етіп өмір сүрмейді. Оның бар есіл-дерті—өз капиталының құнын мүмкіндігінше көбейте беру. Сондықтан, егер II бөлімшенің капиталисі өзінің тұрақты капиталын дереу жаңғыртпай қоя тұруды, тым болмаса оны неғұрлым ұзақ уақыт ішінара кідірте тұруды тиімді деп білетін жағдай туатын болса, онда бұл 1 000 II *c* (ақшадай) I бөлімшенің капиталисіне қайта оралуы кешеуілдейді; демек, 1 000 I *v*-ні ақша формасында қалпына келтіру

де кешеуілдейді, сондықтан I бөлімшенің капиталисі өзінің қарамағында басы артық ақшасы болған күнде ғана жұмысты бұрынғы көлемде жүргізе алады; — тегінде өзгермелі капитал құнының ақша формасында шапшаң немесе баяу оралуына байланыссыз, жұмысты үздіксіз жүргізе беру үшін ақшадай басы артық капитал керек болады.

Үстіміздегі жылғы ұдайы өндірістің түрлі элементтерінің айырбасын зерттегенде өткен жылғы еңбектің, аяқталып біткен жылдың еңбегінің нәтижесін де зерттеу қажет. Осы жылдық өнім түрінде нәтиже берген өндіріс процесі артымызда қалды, өтіп кетті, енді ол өз өнімінен көрінеді; демек, әсіресе өндіріс процесінен бұрын болатын немесе сонымен қатар жүретін айналыс процесі жөнінде, потенциялы өзгермелі капиталдың нағыз капиталға айналуы жөнінде, яғни жұмыс күшін сатып алу мен сату жөнінде осыны айту керек. Еңбек рыногы енді мұнда біз көріп отырған товар рыногының бөлігі емес. Мұнда жұмысшы өзінің жұмыс күшін сатып қана қоймай, қосымша құнның үстіне өз жұмыс күшінің бағасының эквивалентін де берді; екінші жағынан, жалақы қазір оның қалтасында, сондықтан ендігі айырбаста ол тек товар (тұтыну заттарын) сатып алушы ретінде ғана көрінеді. Ал онан соң, жылдық өнімнің ішінде ұдайы өндіріс үшін қажетті элементтердің бәрі болуға тиіс, ол өндіргіш капиталдың барлық элементтерін қайта өндіруге тиіс, демек, ең алдымен аса маңызды элемент — өзгермелі капиталды қайта өндіруге тиіс. Біздің шынында да көргеніміздей, өзгермелі капитал жөнінде айырбастың нәтижесі мынадай: жұмысшы товар сатып алушы ретінде өзінің жалақысын жұмсай отырып, сатып алған товарын тұтына отырып, өзі сата алатын және сатуға тиісті бірден-бір товар ретіндегі жұмыс күшін сақтап, қайта өндіреді; біздің тағы бір көргеніміз, жұмыс күшін сатып алу үшін капиталист авансылаған ақшаның сол капиталистке қайта оралатыны сияқты, жұмыс күші де осы ақшаға айырбасталатын товар ретінде еңбек рыногына қайтып барады; осының нәтижесінде — бұл 1 000 I *v* жағдайына дөп келеді — біз I бөлімше капиталистерінің жағында 1 000 *v* ақша, қарама-қарсы жақта, I бөлімше жұмысшыларының жағында құны 1 000 жұмыс күші болып шығатынын көреміз, сөйтіп бұл бөлімшеде бүкіл ұдайы өндіріс процесін қайтадан бастауға болады. Бұл — айырбас процесінің бір нәтижесі.

Екінші жағынан, I бөлімшенің жұмысшылары жалақысын жұмсап, II бөлімшенің капиталистерінен 1 000 *c* сомасындағы тұтыну заттарын алады, сөйтіп бұларды товар формасынан ақша формасына айналдырады; II бөлімшенің капиталистері

бұларды осы ақша формасынан қайтадан өзінің тұрақты капиталының заттық формасына айналдырды, айналдырғанда I бөлімшенің капиталистерінен 1 000  $v$  сомасындағы товарларды сатып алу арқылы айналдырды, ал соңғылар өзгермелі капитал құнын тағы да ақша формасында қайтарып алды.

I бөлімшенің өзгермелі капиталы үш түрлі өзгеріске ұшырайды, ал жылдық өнім айырбасында бұл өзгерістер мүлде көрінбейді немесе емеуріні ғана білінеді.

1) Бірінші форма, ақшадай 1 000 I  $v$ , бұлар нақ осынша құны бар жұмыс күшіне айналады. Бұл өзгерістің өзі I және II бөлімшелер арасындағы товар айырбасынан көрінбейді, бірақ оның нәтижесі мынадан көрінеді: I бөлімшенің жұмысшылары өзінің 1 000 ақшасымен II бөлімшенің товар сатушысына қарсы тұрады, мұның өзі құдды 500 ақшасы бар II бөлімше жұмысшыларының товар формасындағы 500 II  $v$  құны бар товар сатушыға қарсы тұратыны сияқты.

2) Екінші форма — өзгермелі капитал шын өзгеріске ұшырайтын, өзгермелі капитал ретінде әрекет ететін бірден-бір форма; мұнда құн жасайтын күш өзіне айырбасталған белгілібір құнның орнына әрекет етеді,— бұл екінші форма тек қана өндіріс процесіне, аяқталып біткен процеске тән.

3) Үшінші форма, мұнда өзгермелі капитал өндіріс процесінің нәтижесі ретінде өзін өзі шын мәнісінде көрсетіп берді, мұның өзі — жыл ішінде жаңадан жасалған құн, демек, I бөлімше үшін мынаған тең;  $1\ 000\ v + 1\ 000\ m = 2\ 000\ I\ (v + m)$ . Оның 1 000 ақшаға тең алғашқы құнының орнына товар түрінде 2 000-ға тең екі есе көп құн пайда болды. Сондықтан да товар түріндегі 1 000-ға тең өзгермелі капитал құны өндіргіш капиталдың элементі ретіндегі өзгермелі капитал жасаған жаңа құнның жартысы ғана болады. Товар түріндегі осы 1 000 I  $v$  бүкіл капиталдың арнаулы өзгермелі бөлігінің, I бөлімшенің жиынтық капиталисі ең алғаш авансқа берген бөлігінің дәл эквиваленті, яғни ақшадай 1 000  $v$ -нің дәл эквиваленті болып табылады; бірақ товар формасында болып отырғанда ол — тек потенциалы түрдегі ақша (ол товар сатылғанда ғана нағыз ақшаға айналады), оны тікелей өзгермелі ақша капиталы деудің қисыны бұдан да аз. Сайып келгенде ол 1 000 I  $v$  товарын сату арқылы ақшаға айналады, ал сатып алушы II  $c$  болады, онан соң сатып алуға боларлық товар ретінде, 1 000  $v$  ақшаға айналатын материал ретінде жұмыс күшінің дереу қайтадан пайда болуы арқылы ақшаға айналады.

Барлық осы өзгерістердің кезінде өзгермелі капитал үнемі I бөлімше капиталисінің қолында қалып отырады: 1) алғашында ақша капиталы ретінде; 2) онан соң оның өндіргіш ка-

питалының элементі ретінде; 3) одан да кейін оның товарлы капиталы құнының бір бөлігі ретінде, демек, товар құны түрінде; 4) ақырында, тағы да жұмыс күшіне қарсы тұратын, сол жұмыс күшіне айналуы мүмкін ақша түрінде болады. Еңбек процесі кезінде өзгермелі капитал капиталистің қолында белгілібір шамадағы құн ретінде емес, іс-әрекетте көрінетін, құн жасайтын жұмыс күші ретінде болады; ал капиталист жұмысшының ақысын әрдайым сол жұмысшының күші белгілібір, азды-көпті ұзақ уақыт ішінде әрекет еткеннен кейін ғана төлейді, сондықтан ақы төлеуден бұрын капиталист осы күш өзінің өтеуі ретінде жасаған құнды және қосымша құнды қолына түсіреді.

*Өзгермелі капитал белгілібір формада үнемі капиталистің қолында қалып отыратындықтан оны әлде кім үшін табысқа айналады деуге әсте болмайды.* Мұның керісінше, товар түріндегі  $1\ 000\ I\ v$  осы товарды II бөлімшеге сату арқылы ақшаға айналады, сөйтіп осы бөлімшенің тұрақты капиталының жартысы *in natura* өтеледі.

I бөлімшенің өзгермелі капиталы, ақша формасындағы  $1\ 000\ v$  табысқа айналмайды. Бұл ақша, жұмыс күшіне айналысымен-ақ, I бөлімшенің өзгермелі капиталының ақша формасы ретінде әрекет етуден қалады,— мұның өзі товар сатып алушы басқа әрбір адамның ақшасы белгілібір сатушының то­варына айналысымен-ақ әлгі адамның иелігінде болудан қалатыны сияқты жағдай. Жұмысшының қолындағы ақшада, оның жалақы ретінде алған ақшасында болатын өзгерістер өзгермелі капиталда болатын өзгерістер емес, жұмысшы табының ақшаға айналған жұмыс күшіндегі өзгерістер; дәл сол сияқты жұмысшы жаңадан жасаған құнның ( $2\ 000\ I\ (v + m)$ ) өзгерісі — жұмысшыға ешбір қатысы жоқ, капиталиске тән товардың өзгерісі ғана. Бірақ капиталист — әсіресе оның теорияшыл түсіндіргіші, саяси-эконом — жұмысшыға төленген ақша әлі де сол капиталистің ақшасы деген қиялдан әрең ғана арылуы мүмкін. Егер капиталист алтын кәсіпкері болса, онда құнның өзгермелі бөлігі, яғни еңбектің сатып алу бағасын өтейтін, товар формасындағы эквиваленттің өзі ақша формасында тікелей пайда болады, сондықтан, қайтып оралатын бұраң жолға түспей-ақ, тағы да өзгермелі ақша капиталы ретінде әрекет ете алады. Ал енді II бөлімшедегі жұмысшыны алатын болсақ,— сән-салтанат заттарын өндіретін жұмысшыларды былай қойғанда,—  $500\ v$ -нің өзі жұмысшының тұтынуы үшін арналған товар формасында болады, бұл товарды жиынтық жұмысшы ретінде қарастырылып отырған осы жұмысшы өзінің жұмыс күшін сатқан нақ сол капиталистен тағы да тікелей

сатып алады. II бөлімше капиталы құнының өзгермелі бөлігі өзінің заттық формасы жағынан тұтыну заттарынан құралады, ал бұлардың дені жұмысшы табының тұтынуына арналған. Бірақ жұмысшының мұндай формада жұмсайтыны өзгермелі капитал емес, жалақы, жұмысшының ақшасы; мұның өзі нақ осы тұтыну заттарына өткізілуі арқылы капиталистің 500 II  $v$  өзгермелі капиталын ақша формасында қалпына келтіреді. II  $v$  өзгермелі капитал, 2 000 II  $c$  тұрақты капитал сияқты, тұтыну заттары формасында қайта өндірілген; мұның екеуі де әсте II бөлімше капиталисінің табысы бола алмайды. Мұның екеуінде де жалақы ғана табысқа айналады.

Алайда жалақыны табыс ретінде жұмсау арқылы бір ретте 1 000 II  $c$ -тің және нақ сондай орағытпа жолмен 1 000 I  $v$ -нің қалпына келтірілуі, ал екінші бір ретте 500 II  $v$ -нің қалпына келтірілуі, демек, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың ақша капиталы түрінде қалпына келтірілуі (соңғысы ішінара төте жолмен, ішінара бұраң жолмен қайта оралады),— бұл жағдай жылдық өнім айырбасында маңызды факт болып табылады.

### XI. НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ ӨТЕЛУІ

Жылдық ұдайы өндіріс айырбастарын көрсетудегі үлкен қиыншылық мынада. Егер біз істің жайын білдіретін ең жәй форманы алатын болсақ, мынаны көреміз:

$$(I) 4\ 000\ c + 1\ 000\ v + 1\ 000\ m +$$

$$(II) 2\ 000\ c + 500\ v + 500\ m = 9\ 000,$$

мұның өзі сайып келгенде былайша жіктеледі:  $4000\ I\ c + 2\ 000\ II\ c + 1\ 000\ I\ v + 500\ II\ v + 1\ 000\ I\ m + 500\ II\ m = 6\ 000\ c + 1\ 500\ v + 1\ 500\ m = 9\ 000$ . Тұрақты капитал құнының бір бөлігі, мұның өзі атап айтқанда нақ еңбек құралдарынан (өндіріс құрал-жабдықтарының осы айрықша бөлімшесінен) құралатыны себепті, еңбек құралдарынан еңбек өніміне (товарға) көшірілген; осы еңбек құралдары өндіргіш капиталдың элементтері ретінде әрекет ете береді, оның бер-жағында бұлар өзінің бұрынғы заттық формасын сақтап қалады; бұлардың тозуы, белгілібір уақыт дәуірі ішінде әрекет еткенде бұлардың бірте-бірте жоғалтатын құны,— аталған еңбек құралдары арқылы өндірілген товарлар құнының элементі ретінде жаңадан пайда болатын нәрсе міне осы, еңбек құралынан еңбек өніміне көшірілетін нәрсе міне осы. Демек, әңгіме жылдық ұдайы өндіріс туралы болып отырғандықтан, бұл жерде ең алдымен негізгі капиталдың бір жылдан астам өмір сүретін құрамдас бөліктерін ғана есепке алуға тура ке-



леді. Егер олар осы жылдың ішінде жасарын жасап болған болса, онда оларды толық өтеп, жылдық ұдайы өндіріс арқылы жаңғырту қажет, сондықтан қарастырылып отырған мәселенің оларға мүлде қатысы жоқ. Кездесуі мүмкін және тым жиі кездесіп жүрген бір жағдай мынау: бүкіл үйдің немесе тұтас машинаның ұзақ жасайтындығына қарамастан, машиналардың және негізгі капиталға тән біршама ұзақ жасайтын басқа да формалардың белгілібір жеке бөлшектері бір жылдың ішінде толық өтеуді керек етеді. Бұл жеке бөлшектер негізгі капиталдың бір жылдың ішінде өтеуді қажет ететін элементтерінің категориясына жатады.

Товар құнының осы жыл ішінде өтелуге тиісті элементін жөндеуге жұмсалатын шығындармен әсте шатастырмау керек. Товар сатылған кезде құнның бұл элементі, басқа да элементтері сияқты, ақшаға айналады; бірақ ол ақшаға айналғаннан кейін құнның басқа элементтерінен оның айырмашылығы білінеді. Товардың ұдайы өндірісін жаңғырту үшін (жалпы айтқанда товар өндіру процесінің үздіксіз жүріп тұруы үшін) осы товарларды өндірген кезде тұтынылған шикі және көмекші материалдар іп пацуга өтелуге тиіс; оларға жұмсалған жұмыс күші де дәл сол сияқты жаңа жұмыс күшімен өтелуге тиіс. Демек, товардан түскен ақшаны өндіргіш капиталдың осы элементтеріне қайта-қайта айналдырып отыруға, ақша формасынан товар формасына айналдырып отыруға тура келеді. Мәселен, шикі және көмекші материалдарды белгілі мерзімдерде біршама көп мөлшерде сатып алудан істің жайы титтей де өзгермейді, өйткені бұлар өндірістік запас болады, демек, мұндай өндіріс құрал-жабдықтарын белгілібір уақыт ішінде қайтадан сатып алуға тура келмейді. Сондықтан товарды сатудан түсетін ақшаны, запас жасауға арналған ақша ретінде, қолда бар өндіріс құрал-жабдықтары таусылғанша жинай беруге болады, оның бержағында тұрақты капиталдың бұл бөлігі белсенді әрекеті кейінге қалдырылған ақша капиталы болып табылады. Бұл капитал табыс емес; бұл — ақша формасында бөгеліп жатқан өндіргіш капитал. Өндіріс құрал-жабдықтарын жаңғырту формасы, айналыспен байланысты алып қарағанда, түрліше бола тұрса да, бұл жаңғырту үнемі жүргізіліп отыруға тиіс. Олардың жаңғыртылуына, өтелуіне себепкер болатын жаңа сатып алу, яғни айналыс саласындағы операция ұзақ мерзімдер ішінде жасалуы мүмкін: бұлай болған күнде ақша бір дестен мол жұмсалады да, тиісті өндірістік запас арқылы есесі қайтарылады; немесе бұл операция бірінен соң бірі шапшаң келіп отыратын мерзімдер ішінде жасалады, бұлай болған күнде ақша біршама шағын

мөлшерде, бірінен соң бірі тез қайталанып отыратын мөлшерде жұмсалады, ал өндірістік запастар мардымсыз болады. Мұның бәрі істің жайын титтей де өзгертпейді. Жұмыс күші жөнінде де осылай. Өндіріс жыл бойында белгілібір көлемде үздіксіз жүргізілетін жерде тұтынылған жұмыс күші үнемі жаңа жұмыс күшімен өтеліп отырады; жұмыстың маусымдық сипаты бар жерде немесе, егіншіліктегі сияқты, еңбек түрлі кезеңде түрлі мөлшерде жұмсалатын жерде жұмыс күші осыған сәйкес біресе азырақ, біресе көбірек мөлшерде сатып алынады. Мұның керісінше, товар сатудан түскен ақша, товар құнының негізгі капиталдың тозуына тең бөлігі болатындықтан, құнының кем-кетігі толтырылатын өндіргіш капиталдың құрамдас бөлігіне қайтадан айналмайды. Бұл ақша өндіргіш капиталмен қатар өзінің ақша формасында жиналып, сақталады. Ақшаның осылайша жиналуы азды-көпті бірнеше жылдан тұратын ұдайы өндіріс дәуірі өткенше, тұрақты капиталдың негізгі элементі өзінің бұрынғы заттық формасында өндіріс процесінде әрекет етіп тұрғанда, қайталана береді. Тұрақты капиталдың негізгі элементінің—үйлердің, машиналардың, т. т.— күні таусылған кезде, ол өндіріс процесінде әрекет ету қабілетінен айрылған кезде, бұл кезде оның құны ақшадай толық өтелген күйінде қатар өмір сүреді, яғни ол жиналған ақшаның сомасымен, товар өндіруге қатысқан негізгі капиталдан сол товарға бірте-бірте көшірілген және товарды сату арқылы ақша формасына ауысқан құндардың сомасымен өтеледі. Онан соң бұл ақша негізгі капиталды (немесе оның элементтерін, өйткені негізгі капиталдың түрлі элементтері өмірінің ұзақтығы әр түрлі болады) іп патуга өтеу үшін, сөйтіп өндіргіш капиталдың осы құрамдас бөлігін шын жаңғырту үшін арналады. Демек, бұл ақша — тұрақты капитал құнының бір бөлігінің, оның негізгі бөлігінің ақша формасы. Демек, осылайша қазына жинаудың өзі капиталистік ұдайы өндіріс процесінің элементі, негізгі капитал таусылғанға дейін, демек, өзінің құнын өндірілген товарларға көшіргенге дейін, сөйтіп оны іп патуга өтеу қажет болғанға дейін сол негізгі капитал құнын — ақша формасында — қайта өндіріп, жинай беру болып табылады. Бұл ақша күні таусылған капитал элементтерін өтеу үшін негізгі капиталдың жаңа элементтеріне айналған кезде, тек сонда ғана өзінің қазына формасын жоғалтады да, айналыстың дәнекерлігімен капиталды ұдайы өндіру процесіне қайтадан қызу кірісіп кетеді.

Жәй товар айналысы жәй өнім айырбасымен барабар емес, сол сияқты жылдық товар өнімінің айналысын да оның түрлі құрамдас бөліктерінің өзара дәнекерсіз, жәй айырбасына жік-

теуге болмайды. Мұнда ақша ерекше роль атқарады, оның бұл ролі әсіресе негізгі капитал құнын ұдайы өндіру процесінен көрінеді. (Өндіріс коллективтік өндіріс және оның товар-өндіріс формасы жоқ деп ұйғарған күнде мұның бәрі басқаша көрінетінін кейін зерттеу керек болады.)

Біз енді негізгі схемаға қайта оралатын болсақ, бізде ІІ бөлімше жайы былай болатын:  $2\ 000\ c + 500\ v + 500\ m$ . Жыл бойына өндірілген тұтыну заттарының бүкіл құны мұнда 3 000 мөлшеріндегі құнға тең. Осы сомадағы товарларды құрастыратын түрлі товар элементтерінің әрқайсысы өзінің құны жағынан  $\frac{2}{3}\ c + \frac{1}{6}\ v + \frac{1}{6}\ m$  болып жіктеледі, яғни, процентпен алғанда,  $66\frac{2}{3}\ c + 16\frac{2}{3}\ v + 16\frac{2}{3}\ m$  болады. ІІ бөлімше товарларының әр алуан түрлерінде тұрақты капитал құны түрліше пропорцияда болуы мүмкін; дәл сол сияқты бұл товарларда тұрақты капиталдың негізгі бөлігінің құны түрліше болуы мүмкін; дәл сол сияқты капиталдың негізгі бөліктері өмірінің ұзақтығы да, демек, бір жылғы тозуы немесе олардың қатысуымен өндірілетін товарларға көшіретін құн бөлігі де түрліше болады. Бұл жерде мұның бәрінің де ешбір келер-кетері жоқ. Қоғамдық ұдайы өндіріс процесін алып қарағанда біз тек ІІ бөлімше мен І бөлімше арасындағы айырбас туралы ғана әңгіме етіп отырмыз. Ал ІІ және І бөлімшелер мұнда өздерінің қоғамдық, бұқаралық қатынастары жағынан ғана бір-біріне қарсы тұрады; сондықтан ІІ бөлімшеге кіретін барлық өндіріс тараулары бойынша қорытынды жасайтын болсақ, пропорциялы шама  $c = \text{ІІ бөлімшенің товарлы өнімі құнының бөлігі}$  (қазір қарастырылып отырған мәселені шешу үшін тек осы бөліктің ғана ерекше маңызы бар) бұдан шығатын орташа қатынас болады.

Сөйтіп жалпы құны  $2\ 000\ c + 500\ v + 500\ m$  болып көрінген товар түрлерінің әрқайсысы (ал бұлар көбінесе белгілі бір товар түрлері) өзінің құны жағынан  $66\frac{2}{3}\% c - 16\frac{2}{3}\% v + 16\frac{2}{3}\% m$ -ге бірдей тең. Товардың әрбір 100 өлшемі жөнінде осыны айтуға болады, ал бұлар  $c$  ретінде, немесе  $v$  ретінде, не болмаса  $m$  ретінде көріне ме, мұның бәрібір.

2 000  $c$  сіңген товарды да осы ретпен құны жағынан былайша жіктеуге болады:

- 1)  $1\ 333\frac{1}{3}\ c + 333\frac{1}{3}\ v + 333\frac{1}{3}\ m = 2\ 000\ c$ ;  
дәл сол сияқты 500  $v$  былайша жіктеледі:
- 2)  $333\frac{1}{3}\ c + 83\frac{1}{3}\ v + 83\frac{1}{3}\ m = 500\ v$ ;  
ақырында, 500  $m$  былайша жіктеледі:
- 3)  $333\frac{1}{3}\ c + 83\frac{1}{3}\ v + 83\frac{1}{3}\ m = 500\ m$ .

Егер біз енді 1, 2 және 3-пункттерде көрсетілген барлық  $c$  бөліктерін қосатын болсақ, онда  $1\ 333\frac{1}{3} c + 333\frac{1}{3} c + 333\frac{1}{3} c = 2\ 000$  болып шығады. Дәл сол сияқты барлық  $v$  бөліктерін қосқанда:  $333\frac{1}{3} v + 83\frac{1}{3} v + 83\frac{1}{3} v = 500$  болады, барлық  $m$  бөліктерін қосқанда да осылай болып шығады; осы жиынтықтардың бәрін қосқанда бұрынғыша құны 3 000 жалпы сома келіп шығады.

Сонымен, II бөлімшенің жалпы құны 3 000 болатын товар аумағындағы бүкіл тұрақты капитал құны 2 000  $c$  мөлшерінде, бірақ 500  $v$  мөлшерінде болсын, 500  $m$  мөлшерінде болсын осы  $c$  құнынан дәнеңе де жоқ. Сондай-ақ  $v$  жөнінде де,  $m$  жөнінде де осыны айтуға болады.

Басқаша айтқанда: II бөлімшедегі товар аумағының тұрақты капитал құны болып табылатын, сондықтан тағы да өзгеріске ұшырайтын,— өзінің заттық формасына немесе ақша формасына айнала ма, оның бәрібір,— бүкіл үлесі 2 000  $c$  мөлшерінде. Демек, II бөлімше товарының тұрақты құнын айырбастауға қатысы бар нәрсенің бәрі 2 000 II  $c$  құнының қозғалысымен тынады; ал бұл айырбас I ( $1\ 000 v + 1\ 000 m$ ) құнына ғана жасалуы мүмкін.

Дәл сол сияқты I бөлімшеде осы бөлімшенің тұрақты капитал құнын айырбастауға қатысы бар нәрсенің бәрін 4 000 I  $c$  жайын қарастырумен тындырған жөн.

### 1) НЕГІЗГІ КАПИТАЛ ҚҰНЫНЫҢ ТОЗУ СЕБЕПТІ ЖОҒАЛҒАН БӨЛІГІН АҚША ФОРМАСЫНДА ӨТЕУ

Егер біз енді ең алдымен:

$$\text{I. } 4\ 000 c + 1\ 000 v + 1\ 000 m$$

$$\text{II. } \dots\dots\dots 2\ 000 c + 500 v + 500 m$$

жайын алып қарайтын болсақ, онда 2 000 II  $c$  товарын нақ сонша құны бар I ( $1\ 000 v + 1\ 000 m$ )-ге айырбастау 2 000 II  $c$  II бөлімшенің тұрақты капиталының I бөлімше өндірген заттық құрамдас бөліктеріне қайтадан түгел *in natura* айналады деп ұйғарғандық болар еді; ал осы тұрақты капиталды бейнелейтін 2 000 мөлшеріндегі товар құнында негізгі капитал құнының кемістігін толтыратын, бірақ дереу *in natura* өтеуге тура келмейтін бір элемент бар; бұл элемент негізгі капиталды заттық формасында жаңғырту мерзімі туғанша жалпы сомаға бірте-бірте жинала беретін ақшаға айналуға тиіс. Жыл сайын негізгі капитал құрып отырады, сондықтан не бір кәсіпорында, не екінші кәсіпорында, немесе өнеркәсіптің не бір та-

рауында, не екінші тарауында оны өтеп отыруға тура келеді; белгілібір дара капиталды алғанда негізгі капиталдың не бір бөлігін, не екінші бөлігін өтеуге тура келеді (өйткені оның бөліктері өмірінің ұзақтығы түрліше болады). Жылдық ұдайы өндірісті алып қарағанда — өзгермейтін көлемде алғанның өзінде, яғни қор жинау атаулыны былай қойғанда да — біз  $at\ ovo^*$  бастамаймыз; көп жылдың ішінен бір жылды алып қараймыз, ал бұл жыл — капиталистік өндіріс өмірінің бірінші жылы емес. Демек, II бөлімшенің сан алуан өндіріс тарауларына бөлінген түрлі капиталдардың өмірі түрліше болады да, адамдардың жыл сайын қазаға ұшырайтыны сияқты, көптеген негізгі капитал жыл сайын құрып бітеді, сондықтан бұларды жиналған ақша қорының есебінен *in natura* жаңғырту керек болады. Өйткені 2 000 II *c* және 2 000 I ( $v+m$ ) айырбасына 2 000 II *c*-ті товар формасынан (тұтыну заттарынан) заттық элементтерге айналдыру кіреді; бұл элементтер шикі және көмекші материалдардан ғана емес, сонымен қатар негізгі капиталдың заттық элементтерінен — машиналардан, еңбек құралдарынан, үй-жайдан, т. т.— құралады. Сондықтан 2 000 II *c* құнында *ақшадай* өтелетін тозу әрекет етуші негізгі капиталдың мөлшеріне есте сәйкес келмейді, өйткені соңғыны жыл сайын *in natura* өтеп отыруға тура келеді; сондықтан да бұдан бұрынғы жылдары II бөлімше капиталистерінің қолында осы айырбас үшін қажетті ақша жиналған деп жорамалданады. Бірақ бұл жорамалдың өткен жылдарға қандай қатысы болса, үстіміздегі жылға да нақ сондай қатысы бар.

I (1 000  $v+1\ 000\ m$ ) және 2 000 II *c* арасындағы айырбаста ең алдымен мынаны атап өту керек: I ( $v+m$ ) құнының сома-сында тұрақты құнның элементтері жоқ, демек, тозуды өтеуге қажетті құн элементтері жоқ, яғни тұрақты капиталдың негізгі құрамды бөлігінен  $v+m$  заттық формасындағы товарларға көшірілген құн жоқ. Мұның керісінше, II *c* құнында бұл элемент бар, сондықтан негізгі капитал арқасында өмір сүріп отырған нақ осы құн элементінің бөлігін тікелей ақша формасынан заттық формаға айналдыруға тура келмейді, тек ең әуелі ақша формасында сақтауға тура келеді. Сондықтан I (1 000  $v+1\ 000\ m$ ) мен 2 000 II *c* айырбасында біз бірден мынадай қиыншылыққа кездесеміз: I бөлімшеде 2 000 ( $v+m$ ) заттық формасы ретіндегі өндіріс құрал-жабдықтары өзінің сол 2 000 мөлшердегі бүкіл құны бойынша II бөлімшенің тұтыну заттары түріндегі эквивалентке айырбасталуға тиіс; мұның керісінше, екінші

\* — ең басынан. *Ред.*

жағынан, 2 000 II с тұтыну заттарын өз құнының бүкіл сомасы бойынша I бөлімшенің өндіріс құрал-жабдықта-рына ( $1\,000v + 1\,000m$ ) айырбастауға болмайды, өйткені олардың құнының кейбір бөлігі — өтелуге тиісті тозыққа тең, яғни негізгі капитал құнының кемуіне тең бөлігі — әуелі ақша түрінде іркіліп қалуға тиіс, ал мұның өзі нақ осы жерде қарастырылып отырған осы жылғы ұдайы өндіріс дәуірінің ішінде айналыс қаржысы ретінде қайтадан әрекет ете алмайды. Бірақ 2 000 II с товар құнындағы тозық элементі айналатын ақша тек I бөлімшенің капиталистерінен ғана келіп түспек, өйткені II бөлімшенің капиталистері өздеріне өздері ақша төлей алмайды, бұл ақшаны өз товарын сату арқылы ғана алады, өйткені, біздің жорамалымыз бойынша I ( $v+m$ ) 2 000 II с товарларын түгел сатып алады; демек, осылайша сатып алу арқылы I бөлімше II бөлімшенің негізгі капиталының аталған тозығын ақшаға айналдыруға тиіс. Бірақ, бұдан бұрын баяндалған заң бойынша, айналыс үшін авансқа берілген ақша капиталист өндірушіге қайта оралады, ал кейін ол осыған тең құнды товар түрінде айналысқа салады. Әрине, I бөлімше, II с сатып алғанда, II бөлімшеге 2 000 мөлшерінде товар бере алмайды, оның үстіне тағы да қосымша ақша сомасын (айырбас операциясы арқылы оның өзіне қайта оралмастай етіп) біржола беріп жібермекші емес. Ал тегінде мұның өзі II с товар аумағын оның құнынан қымбатқа сатып алғандық болар еді. Егер II бөлімше өзінің 2 000 с-ін айырбастап, шынында да I ( $1\,000v + 1\,000m$ ) алатын болса, оның I бөлімшеден бұдан артық ешнәрсе де талап ететін жөні жоқ, сөйтіп осы айырбас кезінде айналыста болған ақша оны айналысқа кімнің шығарғанына қарай, яғни сатып алушы ретінде кімнің бұрын әрекет еткеніне қарай I немесе II бөлімшенің капиталистеріне қайта оралады. Сонымен қатар II бөлімше бұл ретте өзінің товарлы капиталын оның бүкіл құны мөлшерінде өндіріс құрал-жабдықтарының заттық формасына айналдырған болар еді, ал біздің жорамалымыз бойынша, бұл товарлы капиталдың кейбір бөлігі, үстіміздегі жылғы ұдайы өндіріс дәуірінде сатылып кеткендіктен, ақшадан II бөлімшедегі тұрақты капиталдың негізгі элементтерінің заттық формасына қайтадан айнала қоймайды. Демек, ақтық айырмасы ақша формасында II бөлімшеге тек мына жағдайда ғана, бұл бөлімше I бөлімшеге нақ 2 000 мөлшерінде сатып, одан 2 000-нан кем мөлшерде, мәселен, тек 1 800 мөлшерінде сатып алған күнде ғана қайта оралған болар еді; онда I бөлімше 200 мөлшеріндегі қалдықты ақшадай өртеуге тиісті болар еді, ал бұл ақша оған қайта оралмас еді, өйткені айна-

лыс үшін авансыланған бұл ақша сомасын құны 200 товарды айналысқа салу арқылы қайтарып алуға болмас еді. Бұлай болған күнде II бөлімше үшін бізде оның негізгі капиталының тозығын өтеу есебіне ақша қоры жасалар еді; бірақ екінші жақта, яғни I бөлімше жағында, өндіріс құрал-жабдықтары 200 мөлшерінде артық өндірілген болып шығар еді де, осы арқылы бүкіл схема негізі бұзылған болар еді, атап айтқанда түрлі өндіріс бөлімшелері арасында толық пропорция болуын керек ететін өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндіріс бұзылған болар еді. Бұл ретте бір қиыншылықтың орнына бұрынғыдан анағұрлым жайсыз тиетін тек екінші бір қиыншылық туған болар еді.

Мұның өзі ерекше қиыншылық туғызып отырған проблема және саяси-экономдар осы күнге дейін мұнымен айналысқан емес, сондықтан біз мүмкін болатын (ең арғысы сырттан қарағанда мүмкін болатын) шешімдердің бәрін, дәлірек айтқанда, нақ осы проблеманың түрліше бағдарын байыптап қарап көрейік.

Ең алдымен, біз жаңа ғана II бөлімше I бөлімшеге 2 000-ға товар сатып, одан тек 1 800-ге сатып алады деп жорамалдадық. 2 000 II *c* товар құнында негізгі капиталдың тозығын өтеуге арналған 200 мөлшерінде құн бар, мұны ақша формасында, қазына формасында сақтау керек болады; сөйтіп 2 000 II *c* құны I бөлімшенің өндіріс құрал-жабдықтарына айырбасталуға тиіс 1 800-ге және негізгі капиталдың тозығын өтеуге арналған 200-ге жіктеледі, ал мұның өзі (2 000 *c* I бөлімшеге сатылғаннан кейін) ақшадай ұсталып қалуға тиіс. Яғни 2 000 II *c* өзінің құны жағынан  $1\,800\ c + 2\,000\ c(d)$ -ке тең болар еді:  $d = \text{d\acute{e}chet}$  (тозық).

Бұлай болған күнде бізге мынадай айырбасты алып қарауға тура келген болар еді:

$$\begin{array}{l} \text{I. } \underline{1\,000\ v + 1\,000\ m}, \\ \text{II. } 1\,800\ c + 200\ c(d). \end{array}$$

Жұмысшылар өзінің жұмыс күшінің ақысы үшін жалақы түрінде алған 1 000 фунт стерлингке I бөлімше құны 1 000 II *c* тұтыну заттарын сатып алады. II бөлімше нақ осы 1000 фунт стерлингке құны 1 000 I *v* өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады. Сөйтіп I бөлімшенің капиталистеріне олардың өзгермелі капиталы ақша формасында қайтып келеді де, олар бұған келесі жылы нақ сонша құны бар жұмыс күшін сатып алады, яғни өзінің өндіргіш капиталының өзгермелі бөлігін *in natura* өтей алады.—Сонсын, II бөлімше авансыланған 4 000 фунт стерлингке I *m* өндіріс құрал-жабдықтарын сатып

алады, ал  $I$   $m$  нақ сол 400 фунт стерлингке  $II$   $c$  тұтыну заттарын сатып алады. Сөйтiп  $II$  бөлiмше айналыс үшiн авансылаған 400 фунт стерлинг осы бөлiмшенiң капиталистерiне қайтып келдi, бiрақ тек сатылған товардың эквивалентi ретiнде ғана қайтып келдi.  $I$  бөлiмше авансылаған 400 фунт стерлингке тұтыну заттарын сатып алады;  $II$  бөлiмше  $I$  бөлiмшеден 400 фунт стерлингке өндiрiс құрал-жабдықтарын сатып алады, соның нәтижесiнде осы 400 фунт стерлинг  $I$  бөлiмшенiң капиталистерiне қайта оралады. Демек, бұған дейiнгi есеп мынадай:

$I$  бөлiмше айналысқа товар формасында  $1\ 000\ v + 800\ m$  шығарады; сонсын, оның айналысқа ақша формасында шығаратыны; жалақы үшiн 1 000 фунт стерлинг және  $II$  бөлiмшемен айырбас жасау үшiн 400 фунт стерлинг. Айырбас бiткеннен кейiн  $I$  бөлiмшеде болатын нәрселер: ақшадай  $1\ 000\ v$ ,  $800\ II\ c$ -ке (тұтыну заттарына) айналған  $800\ m$  және 400 фунт стерлинг ақша.

$II$  бөлiмше айналысқа товар формасында  $1\ 800\ c$  (тұтыну заттарын) және ақша формасында 400 фунт стерлинг шығарады; айырбас бiткеннен кейiн оның қолында болатын нәрселер:  $I$  бөлiмшенiң товарлары (өндiрiс құрал-жабдықтары) түрiнде  $1\ 800$  және 400 фунт стерлинг ақша.

Ендi бiз  $I$  бөлiмшенiң жағында әлi де  $200\ m$  (өндiрiс құрал-жабдықтары түрiнде),  $II$  бөлiмшенiң жағында —  $200\ c(d)$  (тұтыну заттары түрiнде) қалғанын көреміз.

Жорамал бойынша,  $I$  бөлiмше 200 фунт стерлингке жалпы құны  $200\ c(d)$  тұтыну заттарын сатып алады; бiрақ  $II$  бөлiмше бұл 200 фунт стерлингтi ұстап қалады, өйткенi  $200\ c(d)$  негiзгi капитал тозығын өтейдi, демек, бұлар өндiрiс құрал-жабдықтарына тiкелей айналдыруға жатпайды. Сонымен,  $200\ I\ m$  сатылмай қалады;  $I$  бөлiмше қосымша құнының өтелуге тиiстi  $1/10$  бөлiгi өткiзiле алмайды, өзiнiң өндiрiс құрал-жабдықтары түрiндегi заттық формасынан тұтыну заттарының заттық формасына айнала алмайды.

Мұның өзi жәй ұдайы өндiрiс жөнiндегi жорамалға қайшы келiп қана қоймайды; бұл өздiгiнен  $200\ c(d)$  ақшаға қалай айналатынын түсiндiретiн болжал болмақшы емес. Қайта, мұның мәнiсi — мұндай өзгерiс ешбiр түсiндiруге келмейдi деген сөз.  $200\ c(d)$  қалайша ақшаға айнала алатынын дәлелдеуге болмайтындықтан  $I$  бөлiмше мархабатшылдығынан оны ақшаға айналдырады, атап айтқанда өзiнiң  $200\ m$  мөлшерiндегi қалдығын ақшаға айналдыра алмайтыны себептi осылай етедi деп жорамалданады. Мұны айырбас механизмінің қалыпты операциясы деп бiлу — 200 фунт стерлинг  $200\ c(d)$



мөлшерін әмісе ақшаға айналдырып отыру үшін жыл сайын аспаннан түседі деп жорамалдаумен бірдей.

Алайда I *m* өзінің бастапқы болмыс формасында көрінбейтін кезде, атап айтқанда өндіріс құрал-жабдықтары құнының құрамдас бөлігі ретінде, яғни капиталистік өндірушілер сатып ақшаға айналдырарлық товар құнының құрамдас бөлігі ретінде көрінбейтін кезде, қайта оның орнына капиталистің қосымша құнын бөлісетіндердің қолына, мәселен, жер рентасы ретінде жер меншікшілерінің қолына немесе процент ретінде — қарыз ақша берген кредиторлардың қолына тап болған кезде, әлгі бояжалдың сорақылығы оншалық тұпа-тура көзге түсе қоймайды. Ал егер товардағы қосымша құнның бөлігі, өнеркәсіп капиталисі қосымша құнға ортақ басқа адамдарға жер рентасы ретінде немесе процент ретінде беруге тиісті бөлігі, егер қосымша құнның осы бөлігі сол товарды сату арқылы ұзақ уақыт бойы өткізіле алмайтын болса, мұның мәнісі—рентаны немесе процентті төлейтін ақтық мезгіл де бітті деген сөз, сондықтан жер меншікшілері де, процент алушылар да рента мен процентті жұмсау арқылы *dei ex machina* \* бола алмайды, сөйтіп өз қалауы бойынша жылдық ұдайы өндірістің белгілібір бөліктерін ақшаға айналдыра алмайды. Барша өнім өндірмейтін қызметкерлер дейтіндердің — мемлекет чиновниктерінің, дәрігерлердің, адвокаттардың, т. т. жалпы алғанда «қалың қауым» кейпінде саяси-экономдарға олардың түсіндірмегенін түсіндіру арқылы «қызмет» көрсететіндердің шығындары жөнінде де осыны айтуға болады.

Сондай-ақ I мен II арасында — нақ капиталистік өндірушілердің осы екі ірі бөлімшесінің арасында — тікелей айырбас жасау орнына делдал ретінде купецті тартып, оның «ақшасының» көмегімен барлық қиыншылықтан аттап өтпек болған күнде, іске мұның да көмегі шамалы. Мәселен, бұл ретте 200 I *m* сайып келгенде II бөлімшенің капиталистеріне біржола өткізілуге тиіс. Мұның өзі бірқатар купецтердің қолынан өтеді дейік,— әйткенмен, болжалға сәйкес, II бөлімшенің капиталистері жөнінде алғашқы кезде I бөлімшенің капиталист өндірушілері қандай жағдайда болған болса, осы купецтердің соңғысы да сондай жағдайда болып шығады, яғни купецтер 200 I *m*-ді II бөлімшенің капиталистеріне сата алмайды, ал олардың 200 I *m*-ді сатып алуға жұмсалған сомасы I бөлімше үшін нақ сол процесті жаңғырта алмайды.

\* — Сөзбе-сөз: «машинадан шығатын құдай» (антикалық театрда құдайды бейнелеуші актерлер сахнаға айрықша механизмдердің көмегімен шығады екен); жайылыңқы мағнада алғанда «машинадан шығатын құдай» деген сөз күтпеген жерден пайда бола кетіп, мүшкіл халден құтқаратын адамды аңғартады. *Ред.*

Бұдан мынаны көреміз: тіпті өзіміздің шын мақсатымызды былай қоя тұрғанның өзінде де, ұдайы өндіріс процесін оның негізгі формасында, істің жайын көмескілейтін көлденең жағдайлардың бәрінен арылған формасында алып қарау өте қажет, сондай-ақ мұның өзі әуел бастан шытырман нақты формадағы ұдайы өндірістің қоғамдық процесін талдауды тиек еткен, «ғылыми» түсінік тәрізденіп көрінетін жалған жалтармаларды құрту үшін де қажет.

Сонымен, капиталист өндіруші айналыс үшін авансылаған ақша ұдайы өндіріс (өзгермейтін көлемде ме, ұлғайтылған көлемде ме, бәрібір) дұрыс жүріп отырған жағдайда өзінің бастапқы пунктіне қайта оралуға тиіс (ақша капиталист өндірушілердің өздерінікі ме, әлде қарызға алған ба, мұның келер-кетері жоқ) деген заң,— бұл заң 200 II *c(d)* ақшаға айналғанда I бөлімше авансылаған ақшаның көмегімен айналады деген болжалды біржола жоққа шығарады.

## 2) НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫҢ IN NATURA ӨТЕЛУІ

Қазір ғана қарастырылған болжалдың негізсіздігін анықтағаннан кейін бізге тағы да негізгі капиталдың тозуын ақшадай өтеумен қатар жасарын толық жасап болған негізгі капиталдың өтелуін де қамтитын мүмкіндіктер ғана бар деп ұйғаруға тура келеді.

Бұған дейін біз былайша ұйғарғанбыз:

а) I бөлімше жалақы түрінде төлеген 1 000 фунт стерлингті жұмысшылар нақ сонша құны бар II *c*-ке жұмсайды, яғни олар осы 1 000 фунт стерлингке тұтыну заттарын сатып алады.

Бұл жерде I бөлімшенің көрсетілген 1 000 фунт стерлингті авансқа ақшадай беруі — болған істі ыспаттау ғана. Тиісті капиталист өндірушілер жалақыны ақшадай төлеуге міндетті, онан соң бұл ақшаны жұмысшылар тіршілік заттарына жұмсайды, ал онан кейінгі жерде бұл ақша тіршілік заттарын сатушылар үшін олардың тұрақты капиталын товарлы капиталдан өндіргіш капиталға айналдырарда айналыс қаржысы болады. Рас, бұл ақша мұнда көптеген арнадан өтеді (бөлшекші саудагерлер, үй иелері, салық жинаушылар, өнім өндірмейтін қызметкерлер, атап айтқанда жұмысшының өзі мұқтаж болатын дәрігерлер, т. т.), сондықтан бұл ақшаның бір бөлегі ғана I бөлімше жұмысшыларының қолынан II бөлімше капиталистерінің қолына тікелей келіп түседі. Бұл ақшаның ағыны азды-көпті кідіріп калуы, сондықтан капиталистер жағында жана ақша резервтерінің қажет болып шығуы мүмкін. Ұдайы

өндірістің негізгі формасын қарастырғанда біз мұның бәрін былай қоямыз.

б) Сонымен қатар жоғарыда бірде I бөлімше II бөлімшеден сатып алу үшін тағы да қосымша 400 фунт стерлингті ақшадай авансылайды, бұл ақша оның өзіне қайтып келеді, ал екінші жолы II бөлімше де I бөлімшеден сатып алу үшін 400 фунт стерлингті авансылайды, соңыра бұл оның өзіне қайта оралады деп жорамалданған еді. Бұл жорамал қажет-ақ, өйткені товар айырбасы үшін қажетті ақшаны айналысқа не I бөлімшенің капиталистері, не II бөлімшенің капиталистері бір жақты шығарады деп керісінше жорамалдаудың өзі қисынсыз болар еді. Бұдан бұрынғы I параграфта көрсетілгеніндей, 200 II  $c(d)$ -ні ақшаға айналдыру үшін қажетті қосымша ақшаны айналысқа I бөлімше шығарады деген мағынасыз болжалды қабылдамай тастауға тура келетін болса, онда, анығында, бұдан бетер мағынасыз болып көрінетін тағы бір болжал қалады, атап айтқанда: айналысқа ақшаны II бөлімшенің өзі шығарады, осы ақшаның көмегімен негізгі капиталдың тозуын өтеуге тиісті товар құнының құрамдас бөлігі ақша формасына айналады. Мәселен, X мырзаның иіру машинасы өндіріс кезінде жоғалтқан құнының бөлігі жіп құнының бөлігі ретінде қайтадан пайда болады; оның иіру машинасы құнының бір жақта жоғалтқаны, яғни тозуы, оның екінші жағында ақша түрінде жиналуға тиіс. Мәселен, капиталист X 200 фунт стерлингке капиталист Y-тен мақта сатып алады. сөйтіп 200 фунт стерлингті айналыс үшін авансылайды дейік; капиталист Y одан нақ осы 200 фунт стерлингке жіп сатып алады, енді бұл 200 фунт стерлинг капиталист X үшін иіру машинасының тозуын өтейтін қор болады дейік. Онда мұның өзі тек қана: капиталист X-тің *in petto*\* оның өндірісінен тыс, өндіріс өнімі мен бұл өнімді сатудан тыс 200 фунт стерлинг болған, бұл ақшаны ол иіру машинасы құнының шығыны үшін өзіне өзі төлейді, яғни өзінің иіру машинасы құнының 200 фунт стерлинг мөлшерінде кемітінін былай қойғанда, ол жыл сайын өзінің қалтасынан тағы да 200 фунт стерлинг ақша шығаруға, сөйтіп ақыр аяғында жаңа иіру машинасын сатып аларлықтай мүмкіндігі болуға тиіс деумен бірдей болар еді. Бірақ бұл сырттан қарағанда ғана қисынсыз көрінеді. II бөлімше негізгі капиталы ұдайы өндірістің алуан түрлі сатысында болып отырған капиталистерден құралған. Біреулерінің негізгі капиталы түгелдей *in natura* өтелуге тиісті мезгіл жеткен. Екінші біреулерінің негізгі капиталы бұл сатыдан

\* — бұл жерде: әмиянында. *Ред.*

азды-көпті алшақ жатыр; осы соңғы топтағы капиталистердің барлық мүшелері үшін ортақ нәрсе — олардың негізгі капиталы іс жүзінде қайта өндірілмейді, яғни іп natura жаңғыртылмайды, нақ сол тектес жаңа затпен өтелмейді, бірақ оның құны дәйектілікпен ақша формасында жинала береді. Ал капиталистердің бірінші тобы мүлде (немесе ішінара, бұл жерде мұның келер-кетері жоқ) өз кәсіпорнын құратын кездегідегі жағдайда); капиталистер ақша капиталымен рынокқа шығып, оны, бір жағынан, тұрақты (негізгі және айналмалы) капиталға, екінші жағынан, — жұмыс күшіне, өзгермелі капиталға айналдыратын кездегідей жағдайда. Сол кездегідей, қазірде де олардың осы ақша капиталын айналыс үшін тағы да авансылауына тура келеді, — демек, нақ айналмалы және өзгермелі капиталдың құны сияқты, тұрақты негізгі капиталдың құнын да авансылауға тура келеді.

Сонымен, жорамал бойынша, I бөлімшемен айырбастау үшін II бөлімшенің капиталистері айналысқа шығаратын 400 фунт стерлингтің жартысы өз товарларын сату арқылы айналмалы капиталға жататын өз өндіріс құрал-жабдықтарын өтеп қана қоймай, сонымен қатар ақшасын авансылау арқылы өзінің негізгі капиталын іп natura жаңғыртуға тиіс болатын II бөлімше капиталистерінен келіп түседі; ал II бөлімше капиталистерінің екінші жартысы өз ақшасына өзінің тұрақты капиталының айналмалы бөлігін ғана іп natura өтейді, бірақ өзінің негізгі капиталын іп natura жаңғыртпайды. Осылайша жорамалдаған күнде қайта оралатын (I бөлімше тұтыну заттарын сатып алған кезде қайта оралатын) 400 фунт стерлингтің II бөлімше капиталистерінің осы екі тобының арасында түрліше бөлінетіндігінде ешқандай қайшылық болмайды. Бұл ақша II бөлімшенің капиталистеріне қайтып келеді, бірақ алғашқы иесіне қайтпай, осы бөлімшенің ішінде түрліше бөлінеді, ондағы капиталистердің бір бөлегінен екінші бөлегіне өтеді.

II бөлімше капиталистерінің бір бөлегі, сайып келгенде осы капиталистердің товарымен өтелген өндіріс құрал-жабдықтарының бөлігінен тыс, 200 фунт стерлинг ақшаны негізгі капиталдың жаңа элементтеріне іп natura айналдырды. Олардың осылайша, — кәсіпорын басталған кездегідей, — жұмсалған ақшасы негізгі капиталдың тозуына сәйкес келетін, осы негізгі капиталдың көмегімен өндірілген товар құнының құрамдас бөлігі ретінде ғана тек бірнеше жылдың ішінде бірте-бірте қайта оралады.

Мұның керісінше, II бөлімше капиталистерінің екінші бөлегі 200 фунт стерлингке I бөлімше капиталистерінен ешқандай

товар алған жоқ, бірақ I бөлімше капиталистері олардың то-вары үшін II бөлімше капиталистерінің бір бөлегі негізгі ка-питалдың элементтерін сатып алған кезде түскен ақшаны тө-лейді. Сөйтіп II бөлімше капиталистері бір бөлегінің жаңғыр-тылған заттық формада тағы да негізгі капитал құны бар болып шығады да, екінші бөлегі өзінің негізгі капиталын кел-лесі уақытта *in natura* өтеу үшін осы құнды ақша формасында жинаумен әлі де әуреленіп жүреді.

Бізге негіз боларлық қағида мынадай: бұрынғы айырбас-тардан кейін айырбасталуға жататын товарлардың қалдығы екі жақта да I бөлімше үшін 400 *m*, ал II бөлімше үшін 400 *c* болады<sup>52)</sup>. Біздің ұйғаруымызша, 800 мөлшеріндегі осы товар-ларды айырбастау үшін II бөлімше 400 ақшаны авансылайды. 400 ақшаның жартысын (=200) барлық жағдайда да негізгі капитал тозуының құны ретінде ақша формасында 200-ді жи-наған және мұны қайтадан өзінің негізгі капиталының заттық формасына айналдыруға тиісті II *c* бөлегі жұмсауға тиіс.

Дәл тұрақты капитал құны сияқты, өзгермелі капитал құны мен қосымша құн да,— товарлы капиталдардың құны осылар-ға жіктелетін болғандықтан,—нақ II бөлімше товарларының, тиісінше I бөлімше товарларының айрықша пропорциялы үлестері түрінде көрінуі мүмкін; дәл сол сияқты нақ тұ-рақты капитал құнының шеңберінде негізгі капиталдың зат-тық формасына айналдыруға әлі де тура келе қоймайтын, бірақ әзірінше қазына ретіндегі ақша формасында бірте-бірте жинай беруді қажет ететін капитал құны да болуы мүмкін. II бөлімше товарларының белгілібір мөлшері (демек, біздің мысалымызда — қалдықтың жартысы=200) бұл жерде не-гізгі капитал тозуының осы құнын көрсететін тұлға ғана, ал бұл құнның өзі айырбас арқылы ақша формасында іркіліп қалуға тиісті болады. (II бөлімше капиталистерінің бір бөле-гі, мұнда қалдығы ғана көрініп отырған товар аумағындағы негізгі капитал тозуының құнымен бірге негізгі капиталды *in natura* жаңғыртатын бөлегі, бәлкім, өзі үшін тозған негізгі капитал құнының біразын өткізген де болар; бірақ, бұлай болған күнде, олардың тағы да ақшадай 200-ді өткізуіне тура келеді.)

Онан соң, осы ақтық операция тұсында II бөлімше айна-лысқа шығарған 400 фунт стерлингтің екінші жартысын (=200) алатын болсақ, бұған I бөлімшеден тұрақты капи-талдың айналмалы құрамдас бөліктері сатып алынады. Осы

---

<sup>52)</sup> Бұл цифрлар бұрынғы алынған цифрлармен тағы да сәйкес келмей отыр: Бірақ бұл жерде әңгіме белгілібір пропорциялар жайында ғана болып отырғандықтан мұ-ның келер-кетері жоқ. Ф. Э.

200 фунт стерлингтің бір бөлігін II бөлімше капиталистерінің екі тобы бірдей немесе құнның негізгі құрамдас бөлігін *in natura* жаңғыртпайтын тобы ғана айналысқа шығарған болуы мүмкін.

Сонымен, 400 фунт стерлинг арқылы I бөлімшеден алынғаны: 1) 200 фунт стерлинг сомасына тек негізгі капиталдың элементтерінен ғана құралатын товарлар алынды, 2) 200 фунт стерлинг сомасына II бөлімше тұрақты капиталының айналмалы бөлігінің элементтерін ғана зат формасында өтейтін товарлар алынды. I бөлімше II бөлімшеге сатуға тиісті өзінің бүкіл жылдық товарлы өнімін енді сатып болды, бірақ бұл өнімнің бестен бірінің құны, яғни 400 фунт стерлинг, енді I бөлімшенің қарамағында ақша формасында болып отыр. Алайда бұл ақша — ақшаға айналған қосымша құн, ал мұның өзі табыс ретінде тұтыну заттарына жұмсалуға тиіс. Сонымен, I бөлімше осы 400-ге II бөлімшенің товарлы құнын = 400 сатып алады. Сөйтіп, II бөлімшенің товарын қимылға келтіргеннен кейін, ақша сол бөлімшеге қайта келіп түседі.

Енді үш түрлі жағдайды алып көрейік. Мұнда II бөлімше капиталистерінің негізгі капиталды *in natura* өтейтін бөлегін біз «1-бөлім» деп атаймыз, ал негізгі капитал тозуының құнын ақша формасында жинайтын бөлегін «2-бөлім» деп атаймыз. Үш түрлі жағдай мынадай: а) қалдық ретінде II бөлімшенің товары түрінде әлі де болып отырған 400-дің үлесі I-бөлім мен 2-бөлімде тұрақты капиталдың айналмалы бөліктерінің белгілібір үлесін (айталық,  $\frac{1}{2}$ -дан) өтеуге тиіс; б) I-бөлім өзінің барлық товарын сатып болған, демек, 2-бөлім, әлі де 400 сатуға тиіс; с) 2-бөлім негізгі капиталдың тозуының құны ретіндегі 200-ден басқаның бәрін сатқан.

Сонда біз мынадай бөлісті көреміз:

а) II бөлімшенің жолында әлі де қалып отырған = 400 с товар құнының I-бөлімге тиетіні 100 және 2-бөлімдікі — 300; осы 300-дің 200-і негізгі капиталдың тозуы болады. Бұлай болған күнде II бөлімшенің товарларын алу үшін I бөлімше қайтарып жіберетін 400 фунт стерлингтен I-бөлім алғашында 300 жұмсады, атап айтқанда: 200-ді ақшадай жұмсап, оған I бөлімшеден негізгі капитал элементтерін *in natura* алды, онан соң I бөлімшемен екі арадағы товар айырбасын жүргізу үшін тағы да ақшадай 100 жұмсады; мұның керісінше, 2-бөлім осы 400-дің тек  $\frac{1}{4}$  бөлігін ғана, яғни 100-ді авансылады, — ол да I бөлімшемен екі арада товар айырбасын жүргізу үшін осылай етті.

Сонымен, осы 400 ақшадан I-бөлім 300 және 2-бөлім 100 авансылады.

Ал осы 400-ден қайта оралып келетіні:

I-бөлімге — 100, демек, оның авансылаған ақшасының  $\frac{1}{3}$  бөлегі ғана. Бірақ қалған  $\frac{2}{3}$  бөлегінің есесіне онда құны 200 жаңғыртылған негізгі капитал бар. Құны 200 болатын капиталдың осы негізгі элементі үшін ол I бөлімшеге ақшасын берді, бірақ бұдан кейін өз товарын сатқан жоқ. Ал осы 200 ақшаны алатын болсақ, I-бөлім I бөлімше жөнінде тек сатып алушы ретінде ғана көрінеді, бірақ онан соң сатушы ретінде көрінбейді. Демек, бұл ақша I-бөлімге қайта оралмайды; әйтпесе ол негізгі капиталдың элементтерін I бөлімшеден тарту ретінде алған болып шығар еді.— Ал енді I-бөлім авансылаған қалған үштен бір ақшаны алатын болсақ, бұл I-бөлім алғашында өзінің тұрақты капиталының айналмалы құрамдас бөліктерін сатып алушы ретінде көрінеді. Нақ осы ақшаға I бөлімше I-бөлімнен құны 100 болатын қалған товарын сатып алады. Демек, ақша оған (I-бөлімге II бөлімшеден) қайта оралады, өйткені ол сатып алушы ретінде бой көрсеткеннен кейін іле-шала товар сатушы ретінде көрінеді. Егер бұл ақша қайта оралмаған болса, онда II бөлімше (I-бөлім) 100 мөлшерлі товар үшін I бөлімшеге әуелі ақшадай 100, оның үстіне товар формасында тағы да 100 берген болып шығар еді,— демек, ол өзінің товарын оған сыйлаған бола еді.

Мұның керісінше, 100 ақша жұмсаған 2-бөлімге 300 ақша қайта оралады: 100-дің қайта оралатын себебі, ол алғашында сатып алушы ретінде айналысқа 100 ақша шығарған болатын, сондықтан да мұны товар сатушы ретінде қайтарып алды; 200-дің қайта оралатын себебі, ол құны 200 тұратын товарды сатып алушы ретінде емес, сатушы ретінде ғана әрекет етеді. Мұның мәнісі ақша I бөлімшеге қайта орала алмайды деген сөз. Демек, негізгі капиталдың тозуы негізгі капиталдың элементтерін сатып алу үшін II бөлімше (I-бөлім) айналысқа шығарған ақшамен өтеледі; бірақ бұл ақша 2-бөлімнің қолына түскенде I-бөлімнің ақшасы ретінде емес, I бөлімшеге тән ақша ретінде түседі.

б) Осылайша ұйғарған күнде II с қалдығы былай бөлінеді: 200 ақша I-бөлімдікі, товар формасындағы 400 2-бөлімдікі болады.

I-бөлім өзінің барлық товарын сатты, бірақ 200 ақша оның тұрақты капиталының іп патига жаңғыртылуға тиісті негізгі құрамдас бөлігінің өзгерген формасы болып табылады. Демек I-бөлім бұл арада тек сатып алушы ретінде ғана көрінеді де, өз ақшасының орнына I бөлімшенің нақ сол мөлшерде құны бар товарын негізгі капитал элементтерінің заттық форма-

сында алады, 2-бөлім айналысқа (I бөлімшенің капиталистері I және II бөлімшелер арасындағы товар айырбасы үшін авансқа мүлде ақша бермеген күнде) ең көбі — 200 фунт стерлинг қана шығаруға тиіс, өйткені өз товар құнының жартысы жөнінде ол — I бөлімшеден сатып алушы емес, тек осы I бөлімшеге сатушы ғана.

2-бөлімге айналыстан 400 фунт стерлинг қайта оралады: 200-дің қайта оралатын себебі, ол мұны сатып алушы ретінде авансылаған болатын, онан соң құны 200 тұратын товарды сатушы ретінде мұны қайтарып алады; қалған 200-дің қайта оралатын себебі, ол I бөлімшеге құны 200 тұратын товар сатады, бірақ бұл үшін I бөлімшеден товарлы эквивалент алмайды.

с) I-бөлімнің қарамағында ақшалай 200 және товар түрінде 200 *c* бар, 2-бөлімде — товар түрінде 200 *c(d)* бар.

Осылайша жорамалдаған күнде 2-бөлім ешқандай ақшаны авансылауға тиісті емес, өйткені ол I бөлімше жөнінде ендігі жерде жалпы сатып алушы ретінде емес, сатушы ретінде ғана әрекет етеді, демек, өзінің товарын сатып алушы табылғанша оның күтіп отыруына тура келеді.

I-бөлім 400 фунт стерлинг ақшаны авансылайды: 200-ді I бөлімшемен екі арадағы товар айырбасы үшін, қалған 200-ді I бөлімшеден жәй сатып алушы ретінде авансылайды. Осы 200 фунт стерлинг ақшаға ол негізгі капиталдың элементтерін сатып алады.

I бөлімше 200 фунт стерлинг ақшаға I-бөлімнен құны 200 тұратын товар сатып алады, соның нәтижесінде бұл бөлімнің осы товар айырбасы үшін авансыланған 200 фунт стерлинг ақшасы оның өзіне қайта оралады; қалған 200 фунт стерлингке, — бұл да I-бөлімнен алынған, — I бөлімше 2-бөлімнен құны 200 тұратын товар сатып алады, соның нәтижесінде осы капиталистер тобының тозған негізгі капиталының өтеуі ақша формасында іркіліп қалады.

Біз с) жағдайында өндірілген товарларды айырбастауға 200 ақшаны авансқа II бөлімше (I-бөлім) емес, I бөлімше береді деп ұйғарған күнде де істің жайы ешбір өзгере қоймас еді. Егер I бөлімше құны 200 тұратын товарды II бөлімшенің I-бөлімінен бірінші болып сатып алса 2-бөлім өз товарының тек осы қалдығын ғана сатуы керек деп ұйғарылады, — онда бұл 200 фунт стерлинг I бөлімшеге қайта оралмайды, өйткені II бөлімшенің бұл бөлімі, өз тарапынан, сатып алушы ретінде әрекет етпейді; бірақ бұл ретте II бөлімше, I-бөлім, 200 фунт стерлинг ақшаға товар сатып алуға, сонымен қатар құны 200 тұратын товарын айырбастауға тиіс, демек, бұл бөлімшеге



айырбас арқылы I бөлімшеден жалпы құны 400 тұратын товар алу қажет. Сонда 200 фунт стерлинг ақша II бөлімшеден, I-бөлімнен, I бөлімшеге қайта оралады. Егер I бөлімше мұны II бөлімшеден, I-бөлімнен, құны 200 тұратын товар қалдығын сатып алу үшін қайтадан жұмсайтын болса, онда бұл ақша II бөлімше, I-бөлім, I бөлімшеден товар түріндегі 400-дің екінші жартысын сатып алған кезде оның өзіне қайта оралады. I-бөлім (II бөлімше) 200 фунт стерлинг ақшаны негізгі капиталдың элементтерін жәй сатып алушы ретінде ғана жұмсады; сондықтан бұл ақша оған қайта оралмайды, тек 200 *c*-ті, II бөлімшенің 2-бөлімнің товар қалдығын ақшаға айналдыру үшін қызмет етеді, ал I бөлімшенің товар айырбасына жұмсаған ақшасы, атап айтқанда 200 фунт стерлинг, оның өзіне II бөлімшенің 2-бөлімінен емес, I-бөлімінен қайтып келеді. Құны 400 тұратын товар үшін I бөлімшеге 400 мөлшерінде товарлы эквивалент қайта оралды; жалпы құны 800 тұратын товарды осылайша айырбастау үшін оның авансыланған 200 фунт стерлинг ақшасы да оған қайта оралды,— сөйтіп, бәрі де ретіне келді.

Айырбас кезіндегі кездескен қиыншылық:

- I.  $\frac{1\ 000\ v + 1\ 000\ m}{2\ 000\ c}$  қалдықтарды айырбастау кезіндегі қиыншылыққа соқтырды:
- I.  $\frac{\quad\quad\quad\quad\quad}{\quad\quad\quad\quad\quad} 400\ m$
- II. (1) 200 ақша + 200 *c* товар + (2) 200 *c* товар, немесе, істің жайын мұнан да айқын түсіндіру үшін:
- I. 200 *m* + 200 *m*.
- II. (1) 200 ақша + 200 *c* товар + (2) 200 *c* товар.

II бөлімшеде, I-бөлімде, 200 *c* товар 200 I *m*-ге (товарға) айырбасталады және жалпы құны 400 тұратын товарды осылай айырбастаған кезде I мен II бөлімшелер арасында айналыста болатын барлық ақша өзін авансыланғандарға — I бөлімшеге немесе II бөлімшеге — қайта оралады, сондықтан бұл ақша екі бөлімшенің арасындағы айырбас элементі болғанымен, шындығында біз осы арада қарастырып отырған проблеманың элементі емес. Немесе, істің жайын басқаша түсіндіргенде: егер біз 200 I *m* (товарды) 200 I *c*-ке (II бөлімшенің, I-бөлімнің товарына) айырбастағанда ақша сатып алу қаржысы ретінде емес, демек, осы терминнің ең шенеулі мағынасында алғанда «айналыс қаржысы» ретінде емес, төлем қаржысы ретінде қызмет етеді деп ұйғаратын болсақ, онда бір айқын нәрсе,— өйткені 200 I *m* және 200 II *c* (I-бөлім) товар-

лары құн шамасы жағынан теңдей,— құны 200 өндіріс құрал-жабдықтары құны 200 тұтыну заттарына айырбасталады, ақша бұл жерде тек ойша ғана қызмет етеді, ал шындығында екі жақтың қайсыбіріндегі баланс айырмашылығын өтеу үшін айналысқа ақша шығару мүлде қажет болмайды. Демек, біз екі жақтың екеуінде де, яғни I және II бөлімшелерде, 200 *I m* товарын және оның эквиваленті — 200 *II c* (I-бөлім) товарын шығарып тастайтын болсақ, тек сонда ғана бұл проблема өзінің таза түрінде көрінеді.

Сонымен, өзара бірін бірі өтейтін құны бірдей осы екі товар мөлшерін (I және II бөлімшелердің) алып тастаған күнде айырбасталатын қалдық келіп шығады да, сол себептен проблема өзінің таза түрінде көрінеді, атап айтқанда:

I. 200 *m* товар.

II. (1) 200 *c* ақша + (2) 200 *c* товар.

Мұнда айқын нәрсе: II бөлімше, I-бөлім, 200 ақшаға 200 *I m* сатып алады, яғни өзінің негізгі капиталының құрамдас бөліктерін сатып алады; осының нәтижесінде II бөлімшенің, I-бөлімнің, негізгі капиталы *in natura* жаңғыртылды, ал I бөлімшенің 200 шамасындағы қосымша құны товар формасынан (өндіріс құрал-жабдықтары формасынан, атап айтқанда негізгі капитал элементтерінің формасынан) ақша формасына айналды. Бұл ақшаға I бөлімше II бөлімшенің 2-бөлімінен тұтыну заттарын сатып алады; II бөлімше үшін мұның нәтижесі сол, I-бөлімде оның тұрақты капиталының негізгі құрамдас бөлігі белгілібір мөлшерде *in natura* жаңғыртылды, ал 2-бөлімде оның тұрақты капиталының екінші құрамдас бөлігі (негізгі капиталдың тозуын өтейтін бөлігі) ақша түрінде іркіліп қалды, бұл ретте оның тұрақты капиталының бұл бөлігін де *in natura* жаңғыртатын мезгіл жеткенше жыл сайын осылай бола береді.

Мұндағы бір алғы шарт, анығында, мынада: II бөлімшенің тұрақты капиталының осы негізгі құрамдас бөлігі, өзінің бүкіл құны мөлшерінде қайтадан ақшаға айналған және сондықтан жыл сайын *in natura* (I-бөлімде) жаңғыртылатын бөлігі,— тұрақты капиталдың осы бөлігінің құны II бөлімше тұрақты капиталының екінші негізгі құрамдас бөлігінің жылдық тозуына тең болуға тиіс; ал тұрақты капиталдың бұл бөлігі оған дейін өзінің ескі заттық формасында қызмет ете береді және оның тозуы, яғни құнының кемуі негізгі капиталдың осы бөлігі қызмет етіп тұрған кезде өндірілген товарға көшіріліп, алғашында ақшадай өтелетін болады. Сондықтан мұндай теле-теңдік өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндірістің заңы болған болар еді; басқаша айтқанда, мұның мәнісі өн-

діріс құрал-жабдықтарын өндіруші I бөлімшеде еңбектің пропорциялы бөлінісі өзгеріссіз қалуға тиіс деген сөз, өйткені бұл бөлімше II бөлімше үшін, бір жағынан, тұрақты капиталдың айналмалы, екінші жағынан, негізгі құрамдас бөліктерін жеткізіп отырады.

Мұны неғұрлым толық зерттеуден бұрын біз II с (1) қалдығы II с (2) қалдығына тең болмай, одан көп не аз болған күнде не болып шығатынын қарастыруға тиіспіз. Осы екі жағдайды бірінен соң бірін алып қарайық.

### Б і р і н ш і ж а ғ д а й

I. 200 *m*.

II. (1) 220 *c* (ақша) + (2) 200 *c* (товар).

Мұнда II с (1) 200 фунт стерлинг ақшаға 200 I *m* товарын сатып алады, ал I бөлімше нақ сол ақшаға 200 II с (2) товарын сатып алады, демек, ол II (2) капиталистерінің негізгі капиталының құрамдас бөлігін, соңғылардың қолында ақша формасында іркіліп қалуға тиісті бөлігін сатып алады; сөйтіп, мұның өзі ақшаға айналды. Бірақ 20 II с (1) ақша қайтадан негізгі капиталға *in natura* айнала алмайды.

Бұл қырсықтан құтылу үшін, тәрізі, I қалдығы 200-ге емес, 220-ға тең, демек, бұдан бұрын 2 000 I мөлшерден 1 800 емес, 1 780 ғана айырбасталған деп ұйғаруымыз керек сияқты. Сонда былай болып шығады:

I. 220 *m*.

II. (1) 220 *c* (ақша) + (2) 200 *c* (товар).

II с, I-бөлім, 220 фунт стерлинг ақшаға 220 I *m* сатып алады, онан соң I бөлімше 200 фунт стерлингке 200 II с (2) товарын сатып алады. Бірақ онда I бөлімше жағында 20 фунт стерлинг ақша қалады, яғни қосымша құнның қалған бұл бөлігін I бөлімше тұтыну заттарына жұмсай алмай, тек ақша формасында ғана сақтайтын болады. Сөйтіп қиыншылық II с (I-бөлім) жағынан I *m* жағына ауысумен ғана тынды.

Енді II с, I-бөлім, мұның керісінше, II с (2-бөлім) мөлшерінен кемірек деп ұйғарайық, демек:

### Е к і н ш і ж а ғ д а й

I. 200 *m* (товар).

II. (1) 180 *c* (ақша) + (2) 200 *c* (товар).

II бөлімше (I-бөлім) 180 фунт стерлинг ақшаға 180 I *m* товарын сатып алады; бұл ақшаға I бөлімше II бөлімшеден (2-бөлімнен) нақ сонша құны бар товарды, яғни 180 II с (2)

сатып алады; бір жағында сатуға болмайтын 20 I *m* қалады, дәл сол сияқты екінші жағында 20 II *c* (2) қалады; жалпы құны 40 тұратын бұл товарлар ақшаға айнала алмайды.

Біз I бөлімше товарларының қалдығы=180 деп ұйғарған күнде де бұл бізге ешбір жәрдем етпеген болар еді; рас, ол кезде I бөлімшеде ешқандай басы артық нәрсе қалмас еді, бірақ II *c* (2-бөлім) сомасынан бұрынғыша 20 мөлшерінде артық товар қалып, мұны сатуға да, ақшаға айналдыруға да мүмкін болмас еді.

Бірінші жағдайда, II (1) құнының шамасы II (2) құнынан көп болған ретте, II *c* (1) жағында негізгі капиталға айналдыруға келмейтін артық ақша қалады, немесе, егер біз I *m* қалдығы=II *c* (1) деп ұйғаратын болсақ, онда тұтыну заттарына айналдыруға келмейтін нақ сонша артық ақша енді I *m* жағында болып шығады.

Екінші жағдайда, II *c* (1) мөлшері II *c* (2) мөлшерінен аз болған ретте, ақша дефициті 200 I *m* мен II *c* (2) жағында болып шығады, сонымен қатар екі жағында да артық товар қалады, немесе, I *m* қалдығы— II *c* (1) деп ұйғаратын болсақ, онда ақша дефициті мен артық товар II *c* (2) жағында болып шығады.

Егер біз I *m* қалдықтары екі жағдайда да II *c* (1)-ке үнемі тең деп ұйғаратын болсақ,—өйткені өндіріс көлемі заказдарға қарай белгіленеді, ендеше II және I бөлімшелерде биылғы жылы тұрақты капиталдың негізгі құрамдас бөліктері, ал келесі жылы айналмалы құрамдас бөліктері көп өндірілетін болса, бұдан ұдайы өндіріс титтей де өзгермейді,— онда бірінші жағдайда I *m* тұтыну заттарына мынадай ретте ғана, I бөлімше өзінің артық ақшасына II бөлімшенің қосымша құнының бір бөлігін сатып алған күнде ғана толық айналар еді, демек, қосымша құнның бұл бөлігі тұтынылмай қалып, II бөлімшеде ақша формасында жиналған болар еді; екінші жағдайда қырсықтан құтылу үшін бұл ақшаны I бөлімшенің өзі жұмсауы керек болар еді, бірақ бұл болжалды біз қабылдамай тастағанбыз.

Егер II *c* (1) мөлшері II *c* (2) мөлшерінен көп болса, онда I *m* артық ақшасын өткізу үшін шет ел товарларын әкелу қажет. Егер II *c* (1) мөлшері II *c* (2) мөлшерінен аз болса, онда өндіріс құрал-жабдықтарындағы II *c* бөлігін, негізгі капиталдың тозуын өтейтін бөлігін өткізу үшін, керісінше, II бөлімшенің товарларын (тұтыну заттарын) шетке шығару қажет. Демек, екі жағдайда да сыртқы сауда қажет.

Өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндірісті қарастырғанда барлық өндіріс тарауларындағы еңбек өнімділігі, демек, бұл та-

раулардағы товарлы өнім құндарының қатынастары да өзгеріссіз қалады деп ұйғару қажет дегеннің өзінде де, — соңғы екі жағдай, II с (1) мөлшерінің II с (2) мөлшерінен көп немесе аз болуы, ұлғаймалы ұдайы өндірісті қарастырғанда, бұл жағдайлар сөзсіз кездесетін реттерде, әйтеуір әрқашан да назар аударарлық нәрсе болар еді.

### 3) ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Негізгі капиталды өтеу жайын алатын болсақ, тегінде мынаны атап өту қажет.

Егер, — барлық басқа шарттар, яғни өндірістің көлемі ғана емес, атап айтқанда еңбек өнімділігі де өзгеріссіз деп ұйғарған күнде, — үстіміздегі жылы алдыңғы жылғыға қарағанда II с құны негізгі элементінің едәуір көбірегі таусылып бітетін болса, сондықтан да бұл элементтің едәуір бөлігі іп natura жаңғыртылатын болса, онда негізгі капиталдың құрып бітуге енді ғана бет ала бастаған және құритын кезеңіне дейін әзірше ақшадай өтеліп отыратын бөлігі нақ осындай пропорцияда азаюға тиіс, өйткені, жорамал бойынша, II бөлімшеде әрекет етуші негізгі капитал бөлігінің сомасы (сондай-ақ құнның сомасы да) өзгеріссіз қалады. Бірақ бұдан мынадай жағдайлар келіп шығады. *Біріншіден*, егер I бөлімше товарлы капиталының неғұрлым көбірек бөлігі II с негізгі капиталының элементтерінен құралатын болса, онда тиісінше азырақ бөлігі II с айналмалы құрамдас бөліктерінен құралады, өйткені I бөлімшенің бүкіл өндірісі II с үшін өзгеріссіз қалады. Егер бір бөлігінің өндірісі артатын болса, онда екінші бөлігінің өндірісі кемиді және керісінше. Бірақ, екінші жағынан, II бөлімшенің бүкіл өндірісі де бұрынғы көлемін сақтайды. Онда шикі зат, жартылай фабрикат, қосалқы материалдар мөлшері азайып отырғанда (яғни II бөлімше тұрақты капиталының айналмалы элементтері азайып отырғанда) бұлай болатыны қалай? *Екіншіден*, ақша формасында қайтадан жаңғыртылған II с негізгі капиталының неғұрлым көбірек бөлігі тағы да ақша формасынан заттық формаға айналу үшін I бөлімшеге ағылады. Демек, I бөлімшеге екі бөлімше арасындағы товар айырбасы үшін ғана қажетті мөлшерден көбірек ақша ағылады, өзара товар айырбасында дәнекер болмайтын, тек қана сатып алу қаржысы қызметінде бір жақты көрінетін ақша көбірек ағылады. Сонымен қатар негізгі капитал тозуы құнының өтеуі болып табылатын II с товар аумағы пропорциялы түрде азайған болар еді, демек, I бөлімшенің товарына емес, тек осы I бөлімшенің ақшасына айналуға

тиісті II бөлімшенің товар аумағы азайған болар еді. II бөлімшеден I бөлімшеге жәй сатып алу қаржысы ретіндегі ақша көбірек ағылып келген болар еді, ал II бөлімшеде I бөлімше сатып алушы ретінде ғана әрекет етерлік товар аз болып шығар еді. I *v* II бөлімшенің товарына айналған, демек, I *m*-нің неғұрлым көбірек бөлігін II бөлімшенің товарына айналдыруға болмас еді, I *m*-нің бұл бөлігін ақша формасында сақтауға тура келген болар еді.

Қайсыбір жылда II бөлімшенің таусылып біткен негізгі капиталын қайта өндіру аз, ал, мұның керісінше, негізгі капиталдың тозуын өтейтін бөлігі көп болып шыққан кезде, бұған қарама-қарсы жағдай кез болады, жоғарыда айтылған пікірлерден кейін бұл жағдайды онан әрі қарастырып жатудың қажеті жоқ.

Сонымен, өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндіріске қарамас-тан, дағдарыс — асыра өндіру дағдарысы туар еді.

Қысқасы: егер жәй ұдайы өндіріс тұсында және басқа өзгермейтін жағдайларда, яғни, атап айтқанда, еңбектің өнімділігі, жалпы мөлшері мен интенсивтілігі өзгермейтін жағдайда,— таусылып біткен (жаңғыртылуға тиісті) негізгі капитал мен ескі заттық формасында әлі де әрекет етіп отырған (өнімге оның тозуын өтейтін құнды да көшіретін) негізгі капитал арасындағы қатынас тұрлаусыз деп ұйғарылатын болса, онда бір жағдайда қайта өндірілуге тиісті айналмалы құрамдас бөліктердің аумағы өзгеріссіз қалар еді, бірақ қайта өндірілуге тиісті негізгі құрамдас бөліктердің аумағы өсер еді; демек, I бөлімшенің бүкіл өндірісі артуға тиісті болар еді немесе, ақша қатынастарын былай қойғанның өзінде де, негізгі капиталдың осы бөліктерін өндіруде дефицит орын алған болар еді.

Екінші жағдайда: егер II бөлімшенің іп патига қайта өндірілуге тиісті негізгі капиталының относителді шамасы азайған болса, сол себепті II бөлімше негізгі капиталының әзірінше тек ақшалай өтелуге тиісті құрамдас бөлігі көбейген болса, онда II бөлімше тұрақты капиталының I бөлімшеде қайта өндірілген айналмалы құрамдас бөліктерінің аумағы өзгеріссіз қалар еді де, қайта өндірілуге тиісті негізгі бөліктердің аумағы, мұның керісінше, азайған болар еді. Демек, не I бөлімшенің бүкіл өндірісінің көлемі азайған болар еді, не болмаса, негізгі капитал (бұдан бұрын дефицит болғанындай) артылып қалар еді, артылғанда да оны ақшаға айналдыру мүмкін болмас еді.

Рас, бірінші жағдайда нақ сол еңбек, өзінің өнімділігін, ұзақтығын немесе интенсивтілігін арттырған күнде, көбірек

өнім бере алар еді де, сөйтіп, бұл ретте дефицитті өтеуге мүмкіндік туар еді; бірақ еңбек пен капиталды I бөлімше өндірісінің бір тарауынан екінші тарауына ауыстырмайынша мұндай өзгеріс жасау мүмкін болмас еді, ал мұндай ауыстырудың қандайы болса да дереу қырсығын тигізер еді. Ал, екіншіден, I бөлімшеге (еңбектің ұзақтығы мен интенсивтілігі өскендіктен) көбірек құнды II бөлімшенің азырақ құнына айырбастауға тура келер еді, демек, I бөлімше өнімінің бағасы құлдырап кеткен болар еді.

I бөлімше өзінің өндірісін қысқартуға мәжбүр болған күнде бұған қарама-қарсы жағдай кездесер еді де, мұның өзі сол өндірісте істеуші жұмысшылар мен капиталистер үшін дағдарыс болып шығар еді; немесе өндіріс артық өнім шығарған болса, мұның өзі тағы да дағдарыс болар еді. Өзінен өзі мұндай артық өнім әсте кесепат емес, игілік қой, бірақ капиталистік өндіріс тұсында ол кесепатқа айналады.

Екі жағдайда да сыртқы сауда көмектесе алар еді, бірінші жағдайда I бөлімшенің ақша формасында іркіліп қалатын товарын тұтыну заттарына айналдыру үшін, екінші жағдайда артық товарды өткізу үшін септігін тигізер еді. Бірақ сыртқы сауда, капитал элементтерін (құнының шамасы жағынан да) жәй өтеп қоймайтындықтан, қайшылықтарды неғұрлым көлемді салаға ығыстырады, оларға кең өріс ашады.

Егер капиталистік ұдайы өндіріс формасы жойылса, онда істің жайы мынадай болмақ: негізгі капиталдың (бұл жерде тұтыну заттарының өндірісінде әрекет ететін капиталдың) таусылып бітетін, сондықтан да *in natura* өтелуге тиісті бөлігі тізбектеліп келетін түрлі жылдарда өзгеріп отырады. Егер бұл бөлік бір жылы өте көп болса (адам өлімі жөнінде болатыны сияқты, орташа таусылу нормасынан асып түсетін болса), онда келесі жылы, сөз жоқ, едәуір аз болады. Егер басқа жағдайлар өзгермеген деп ұйғаратын болсақ, онда жыл ішінде тұтыну заттарын өндіру үшін қажетті шикі заттың, жартылай фабрикаттар мен көмекші материалдардың мөлшері негізгі капиталды өтеудегі әлгі өзгерістердің себебінен азаймайды, демек, бір жағдайда өндіріс құрал-жабдықтарының бүкіл өндірісі ұлғайып, екінші жағдайда қысқаруға тиіс болар еді. Бұл ауытқушылықты үнемі біршама артық өндіру арқылы ғана болғызбауға болады; мұнда, бір жағынан, негізгі капитал белгілібір мөлшерде тікелей қажет болғанынан гөрі артық өндіріледі, екінші жағынан, осы жылғы тікелей қажеттерден тысқары шикі зат т. т. қоры жасалады (өте-мөте тіршілік заттары жөнінде осыны айтуға болады). Артық өндірудің мұндай түрі қоғамның өзіне тән ұдайы өндірісінің

материалдық қаржыларын бақылауымен бірдей. Бірақ капиталистік қоғам шеңберінде артық өндіру — жалпы анархия элементтерінің бірі.

Негізгі капитал жөніндегі бұл мысал — ұдайы өндіріс көлемі өзгермейтін жағдайда — әбден нанымды. Негізгі капитал мен айналмалы капиталды өндірудегі сәйкессіздік — дағдарыстардың төркінін түсіндіру үшін экономистер малданып жүрген себептердің бірі. Ал негізгі капиталдың шамасын жәй сақтағанның өзінде мұндай сәйкессіздіктің тууы мүмкін де, сөзсіз де екені, мінсіз қалыпты өндіріс болады деп ұйғарғанның өзінде, қазірде әрекет етуші қоғамдық капиталдың жәй ұдайы өндірісі тұсында мұның болуы мүмкін де, сөзсіз де екені олар үшін — тосын жаңалық.

## ХІІ. АҚША МАТЕРИАЛЫН ҰДАЙЫ ӨНДІРУ

Біз бұған дейін бір жағдайға, атап айтқанда алтын мен күмістің жылдық ұдайы өндірісіне мүлде назар аудармай келдік. Сән-салтанат заттарын жасап шығару, зерлеу т. т. үшін керекті жәй материал ретінде алтын мен күміс, басқа өнім атаулы сияқты, мұнда айрықша әңгіме етуге тұрмас еді. Керісінше, ақша материалы ретінде, демек, потенциалы ақша ретінде олар маңызды роль атқарады. Мұнда, жеңілдік үшін, біз тек алтынды ғана ақша материалы деп есептемекшіміз.

Біршама ескі мәліметтер бойынша бір жыл ішінде өндірілген барлық алтын 800—900 мың қадақ болып келді, ал мұның өзі құны жағынан долбарлап алғанда 1 100 немесе 1 250 миллион маркаға тең. Мұның керісінше, Зётбер бойынша<sup>53)</sup>, орта есеппен 1871—1875 жылдардың ішінде құны долбарлап алғанда 476 миллион марка тұратын тек 170 675 килограмм алтын өндіріліп отырды. Бұл мөлшерге үлес қосқандар: Австралия шамамен 167, Құрама Штаттар 166, Россия 93 миллион марка. Қалғаны түрлі елдердің үлесіне тиеді, мұнда әрқайсысына келетін сома 10 миллион маркадан кемірек. Сол мерзім ішінде өндірілген күмістің орташа жылдық мөлшері 2 миллион килограмнан біраз кемірек болды, құны 354½ миллион марка, бұл мөлшерден Мексиканың үлесіне тиетіні долбарлап алғанда 108, Құрама Штаттардың үлесіне тиетіні 102, Оңтүстік Американыкі — 67, Германияныкі — 26 миллион марка, т. т.

Капиталистік өндірісі үстем болып отырған елдерден тек Құрама Штаттар ғана алтын мен күміс өндіреді, европалық

<sup>53)</sup> Ad. Soetbeer. «Edelmetall-Produktion», Gotha, 1879.



капиталистік елдер өз алтынын түгелдей дерлік және өзіндегі күмістің денін Австралиядан, Құрама Штаттардан, Мексикадан, Оңтүстік Америка мен Россиядан алады.

Бірақ біз алтын кендерін капиталистік өндіріс еліне, біз осы арада жылдық ұдайы өндірісін талдап отырған елге көшірмекпіз, ал бұлай етіп отырған себебіміз мынау.

Капиталистік өндіріс тегінде сыртқы саудасыз күн көре алмайды. Ал енді белгілібір мөлшерде калыпты жылдық ұдайы өндіріс бар деп ұйғаратын болсақ, онда бұдан мынадай жорамал келіп шығады: сыртқы сауда тек жергілікті бұйымдарды басқа тұтыну немесе заттық формадағы бұйымдармен ауыстырады, бірақ күн қатынастарын да, демек, екі категория: өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары айырбасталатын күн қатынастарын да осы категориялардың әрқайсысы жіктелетін тұрақты капитал, өзгермелі капитал және қосымша күн арасындағы қатынастарды да қозғамайды. Демек, жыл сайын қайта өндірілетін өнім құнын талдауға сыртқы сауданы әкеліп енгізу нақты міндетке де, оны шешуге де жаңа серпін туғызбай, тек істі шатастырып жіберуі мүмкін. Демек, оны мүлде есепке алмау керек, сондықтан бұл жерде алтынды айырбас арқылы сырттан әкелінетін товар элементі деп қарамай, жылдық ұдайы өндірістің тікелей элементі деп білу керек.

Алтын өндіру, жалпы металл өндірісі сияқты, I бөлімшеге, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін қамтитын категорияға жатады. Айталық, жылдық өнім құны алтын формасында — 30 болады дейік (қолайлы болуы үшін осылай етеміз; ал іс жүзінде біздің схемамыздағы санмен салыстырғанда бұл сандым көп); бұл күн  $20\ c + 5\ v + 5\ m$  болып жіктеледі дейік;  $20\ c$  I  $c$ -тің басқа элементтеріне айырбасталады, ал біз мұны кейінірек қарастыруға тиіспіз\*, мұның керісінше,  $5\ v + 5\ m$  (I) II  $v$  элементтеріне, яғни тұтыну заттарына айырбасталуға тиіс.

Ал енді  $5\ c$  дегенді алатын болсақ, алтын өндіретін қандай кәсіпорын болса да істі ең алдымен жұмыс күшін сатып алудан бастайды, бұл жұмыс күші осы кәсіпорынның өзінде өндірілген алтынға емес, сол елдің қорындағы белгілібір ақша мөлшеріне сатып алынады. Осы  $5\ v$ -ге жұмысшылар II бөлімшеден тұтыну заттарын алады, ал бұл бөлімше осы ақшаға I бөлімшеден өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алады. Егер II бөлімше 2 мөлшерге I бөлімшеден товар т. с. өндіру үшін керекті материал ретінде алтын сатып алады (яғни өзінің тұ-

\* Ф. Энгельстің 536-беттегі 55-ескертуін қараңыз. *Ред.*

рақты капиталының құрамдас бөлігін сатып алады) деп ұйғаратын болсақ, онда I бөлімшенің алтын өндіруші капиталісіне бұдан бұрын айналыс саласында болған ақшадай 2 *v* қайта оралады. Егер II бөлімше келешекте I бөлімшеден материал ретінде алтын сатып алмайтын болса, онда I бөлімше өз алтынын ақша ретінде айналысқа шығарып, II бөлімшеден товар сатып алады, өйткені алтынға қалаған товарынды сатып алуға болады. Мұндағы айырмашылық тек мынау: бұл жерде I бөлімше сатушы ретінде емес, сатып алушы ретінде ғана көрінеді. I бөлімшенің алтын өндірушілері өз товарын әрқашанда өткізе алады; бұл товар әрқашан да тікелей айырбас-тала алатын формада болады.

Айталық, жіп иіруші фабрикант өзінің жұмысшыларына 5 *v* төледі дейік, бұл үшін олар оған — қосымша құнды былай қойғанда — құны 5-ке тең жіп, өнім берді, жұмысшылар 5-ке II *c* сомасынан товар сатып алады, II бөлімше 5 ақшаға I бөлімшеден жіп сатып алады, сөйтіп 5 *v* ақша жіп иіруші фабрикантқа қайта оралады. Мұның керісінше, жаңа ғана ұйғарылған жағдайда капиталист I *z* (алтын өнеркәсіпшісін біз осылай белгілейміз) өз жұмысшыларына 5 *v* ақшаны авансқа береді, ал бұл ақша бұдан бұрын-ақ айналыс саласында болғанды; жұмысшылар бұл ақшаны тіршілік заттарына жұмсайды, бірақ бұл 5 ақшаның 2 ғана II бөлімшеден I *z* капиталисіне қайта оралады. Алайда I *z* капиталист, дәл жіп иіруші фабрикант сияқты, қайтадан ұдайы өндіріс процесін бастай алады: оның жұмысшылары оған алтын формасында 5 құн өндіріп берді, ол мұның 2-сін сатып, қалған 3-ін алтын формасында иемденіп қалды, — демек, оның бұлардан тек монета соққызуы <sup>54)</sup> немесе бұларды банк билеттеріне айналдыруы керек, — сонда оның барлық өзгермелі капиталы ендігі жерде II бөлімшенің дәнекерлігісіз-ақ тікелей тағы да оның қолында ақша формасында болып шығады.

Бірақ жылдық ұдайы өндірістің осы алғашқы процесінің өзінде-ақ іс жүзінде немесе потенциялы түрде айналыста жүрген ақшаның санында өзгеріс болды. Біз II бөлімше II *c* бөлігіне материал ретінде 2 *v* (I *z*) сатып алды деп ұйғарғанбыз; I *z* өзгермелі капиталының ақша формасы ретінде 3, өз тарапынан, II бөлімше шеңберінде жұмсалады дейік. Демек, жаңадан өндірілген ақшаның жалпы мөлшерінен 3 II бөлімшенің шеңберінде қалып, I бөлімшеге қайта оралған жоқ. Біздің жорамалымыз бойынша, II бөлімше материалдық алтын жөнін-

<sup>54)</sup> «Алтын іздеушілер көптеген кесек алтынды (gold bullion) тіке Сан-Францискодағы монета сарайына әкеледі». (Reports by H. M. Secretaries of Embassy and Legation», 1879, Part III, p. 337.

дегі өзінің қажетін өтеп болды. Сондықтан көрсетілген 3 алтын қазына ретінде соның қолында қалады. Енді бұл оның тұрақты капиталының ешқандай элементі бола алмайды және II бөлімшеде жұмыс күшін сатып алу үшін бұдан бұрын-ақ жеткілікті ақша капиталы болатын, онан соң, бұл қосымша 3з, негізгі капиталдың тозуын өтейтінін былай қойғанда, II с бөлігіне айырбасталып келгендіктен, сол II с шеңберінде ешқандай қызмет атқармайды (II с (1) II с (2) мөлшерінен аз болған күнде ғана, мұның өзі негізгі капиталдың тозуын  $pro tanto$  өтеу үшін қызмет ете алар еді, ал мұның өзі кездейсоқ нәрсе); екінші жағынан, нақ негізгі капиталдың тозуын өтейтінін былай қойғанда, бүкіл II с товарлы өнімі I ( $v+m$ ) өндіріс құрал-жабдықтарына айырбасталуға тиіс,— сондықтан бұл ақша түгелдей II с-тен II  $m$ -ге көшірілуге тиіс, оның бержағында соңғысы қажетті тіршілік заттарының формасында бола ма, әлде сән-салтанат заттарының формасында бола ма, оның бәрі бір, мұның керісінше, тиісті товар құны II  $m$ -нен II с-ке көшірілуге тиіс. Нәтижесі: II бөлімше қосымша құнының бір бөлігі ақша қазынасы ретінде жиналады.

Ұдайы өндірістің екінші жылында, егер бір жыл ішінде өндірілген дәл осынша мөлшердегі алтын бұрынғыша материал ретінде пайдаланылатын болса, онда 2 тағы да Із-ге қайта оралады, ал 3 in natura өтеледі, яғни II бөлімшеде қазына, т. т. түрінде тағы да босайды.

Жалпы өзгермелі капитал жөнінде: әрбір басқа капиталист сияқты, Із капиталисінің ақша түріндегі бұл капиталды еңбекті сатып алу үшін үнемі авансылап отыруына тура келеді. Осы  $v$  есебіне оның өзі емес, оның жұмысшылары II бөлімшеден сатып алуға тиіс болады; демек, осы капиталистің өзі сатып алушы ретінде көрінетін, яғни II-нің тілегінсіз алтынды II бөлімшенің қарамағына өзі шығаратын жағдай ешқашан да болмақшы емес. Бірақ II бөлімше одан материал сатып алатындықтан, бұл бөлімше өзінің тұрақты II с капиталын алтын материалға айналдыруға тиісті болатындықтан, дәл өзгермелі капиталдың I бөлімшенің басқа капиталистеріне қайта оралатыны сияқты (Із)  $v$  бөлігі II бөлімшеден Із капиталисіне қайта оралады, ал егер бұлай болмайтын болса, ол өзінің  $v$ -сін тікелей өз өніміндегі алтынмен өтейді. Бірақ ақша нормасында авансыланған  $v$  оған II бөлімшеден қаншалық мөлшерде қайта оралмайтын болса, II бөлімше шеңберінде айналыста жүрген ақша бөлігі (осы бөлімшеге I бөлімшеден келіп түскен және соңғысына қайта оралмаған ақша) соншалық мөлшерде II бөлімшеде қазынаға айналады, сондықтан да бұл бөлімшедегі қосымша құнның тиісті бөлігі тұ-

тыну заттарына жұмсалмайды. Үнемі жаңа алтын кендері ашылып отыратындықтан немесе ескі кендерде жұмыс жаңғыртыла беретіндіктен Із капиталісі *u*-ге жұмсауға тиісті ақшаның белгілібір үлесі әрқашан да жаңадан алтын өндіріле бастағанға дейін қолда болған ақша мөлшерінің кейбір бөлігі болып табылады; Із капиталісінің жұмысшысы бұл ақшаны ІІ бөлімшенің қарамағына береді, ал мұның өзі әлгі бөлімшеден Із капиталісіне қайта оралмайтындықтан сол жерде қазына жинаудың элементі болады.

Ал (Із) *m* жайын алатын болсақ, Із капиталісі бұл сомамен әрқашан да сатып алушы ретінде әрекет ете алады; ол өзіндегі *m* мөлшерін ақша формасында айналысқа шығарады да, ол үшін ІІ *c* тұтыну заттарын алады, ІІ бөлімшеде бұл алтын ішінара материал ретінде пайдаланылады, сондықтан бұл жерде ол *c* өндіргіш капиталының тұрақты құрамдас бөлігінің нағыз элементі ретінде қызмет етеді, ал егер бұлай болмайтын болса, онда бұл жолы да ол ақша формасында тоқырап қалған ІІ *m* бөлігі түрінде қазына жинау элементіне айналады. Бұдан,— кейінірек қаралуға тиісті І *c* жайын<sup>55)</sup> былай қоятын болсақ,— тіпті жәй ұдайы өндірістің тұсында, мұнда сөздің өз мағынасындағы қор жинау болмаса да, яғни ұлғаймалы көлемдегі ұдайы өндіріс болмаса да, дегенмен ақша жинаудың, яғни қазына жасаудың сөзсіз қажет екендігі көрінеді. Ал осылайша ақша жинау жыл сайын қайталанып отыратындықтан мұның өзі біз капиталистік өндірісті зерттегенде негіз еткен жорамалдың, атап айтқанда ұдайы өндіріс басталғанда І және ІІ бөлімше капиталистерінің қолында товар айырбасының сомасына сәйкес келетін белгілібір мөлшерде ақша қаражаты болады деген жорамалдың мәнісін түсіндіреді. Айналыста жүрген ақшаның тозуы салдарынан мүлде жоғалып кететін алтынды алып тастаған күнде де осылайша ақша жинала береді.

Өзінен өзі түсінікті, капиталистік өндіріс неғұрлым көп жасаған болса, барлық капиталистер жинаған ақша мөлшері соғұрлым мол, демек, бір жыл ішінде өндірілген алтыннан бұл мөлшерге қосылатын үлес относителді түрде соғұрлым аз, дегенмен өзінің абсолюттік шамасы жағынан бұл қосымшаның едәуір болуы да мүмкін. Тукке айтылған қарсы пікірге \* тағы да қайта оралайық: әрбір капиталистің жылдық өнімнен ақша формасында қосымша құн алатын себебі, яғни ақшаны айналысқа шығарған мөлшерден көп алатын себебі не,— са-

<sup>55)</sup> Жаңадан өндірілген алтынның І бөлімше тұрақты капиталының шеңберінде айырбасталуы жөніндегі зерттеулер К. Маркстің қолжазбасында болмай шық- ты.— Ф. Э.

\* Осы томның 376-бетін қараңыз: *Ред.*

йып келгенде нақ капиталистер табын тегінде айналысқа ақша шығаратын негіз деп қарау керек қой?

Бұған жауап ретінде біз жоғарыда (XVII тарауда) айтылғандарды қорыта келіп, мынаны айтамыз:

1) Мұнда бірден-бір қажетті жорамал жылдық ұдайы өндіріс аумағының түрлі элементтерін айырбастау үшін тегінде нақты ақшаның жеткілікті болуында, бұл жорамал үшін товар құнының бір бөлігі қосымша құннан құралатындығы мүлде есеп емес. Егер бүкіл өндіріс жұмысшылардың өздеріне тән, сондықтан да қосымша өнім капиталистерге емес, олардың өздеріне ғана арналған қосымша өнім деп ұйғаратын болсақ, онда айналыстағы товар құнының аумағы бұрынғы күйінде қалар еді де, өзгермейтін басқа жағдайларда, өз айналысы үшін бұрынғы мөлшерде ақша керек еткен болар еді. Сонымен, екі жағдайда да мәселе әсте қосымша құнды ақшаға айналдыру үшін керекті ақшаның қайдан алынатындығы жайында емес, бүкіл осы товар құнын айырбастау үшін ақшаның қайдан алынатындығы жайында ғана болып отыр.

Әрине, әрбір жеке товардың құны — бұған тағы да қайта оралайық —  $c + v + m$  дегендерден құралады, демек, бүкіл товар аумағының айналысы үшін, бір жағынан,  $c + v$  капиталының айналысы үшін белгілібір ақша сомасы қажет, ал екінші жағынан, капиталистер табысының,  $m$  қосымша құнының айналысы үшін екінші ақша сомасы қажет. Жеке капиталистер үшін де, барша капиталистер табы үшін де капиталистер капитал ретінде авансылайтын ақша олар табыс ретінде жұмсайтын ақшадан өзгеше. Осы соңғы ақша қайдан алынады? Тұпа-тура капиталистер табының қолындағы ақшадан алынады; демек, жалпы және тұтас алғанда осы қоғамдағы жиынтық ақша мөлшерінің бір бөлігі капиталистер табысының айналысы үшін қызмет етеді. Біз жоғарыда көрдік, жаңа кәсіпорын құратын әрбір капиталист ең әуелі ақшаны өзін өзі асырау үшін керекті тұтыну заттарына жұмсайды, ал онан соң, кәсіпорын жұмыс істей бастағанда, өзінің қосымша құнын сылдырлаған монетаға айналдыру үшін қажетті ақша ретінде оны қайтадан қармайды. Бірақ, жалпы айтқанда, қойылған сұраққа жауап берудегі бар қиыншылық екі түрлі негізден туады.

Біріншіден, егер біз тек капиталдың айналысы мен айналымын ғана алып қарайтын болсақ, демек, егер біз капиталистің өзін де сайрандап өмір сүруді ұнататын капиталистік тұтынушы мен адам ретінде емес, капитал тұлғасы ретінде ғана алып қарайтын болсақ, онда біз, оның өзінің товарлы капиталының құрамдас бөлігі есебінде қосымша құнды үнемі айналысқа

шығарып отыратынын көрсек те, оның қолында табыс формасы ретіндегі ақшаның болатынын біз ешқашан да көрмейміз; қосымша құнды тұтыну мақсатымен оның ақшаны айналысқа шығарғанын біз ешқашан да көрмейміз.

Екіншіден, егер капиталистер табы айналысқа табыс формасында белгілібір ақша сомасын шығаратын болса, ол бүкіл жылдық өнімнің тиісті бөлігі үшін де эквивалент төлейтін сияқты көрінеді, демек, соңғысы қосымша құн болудан қалатын тәрізденеді. Ал қосымша құн болып табылатын қосымша өнім капиталистер табына түкке де тұрмайды. Тап ретінде ол мұны тегін иемденіп, тегін тұтынады, сондықтан мұнда ақша айналысы ешнәрсені де өзгерте алмайды. Ақша айналысы жасайтын өзгеріс тек мынада ғана: әрбір капиталист,— өзінің қосымша өнімін *in natura* тұтынудың орнына,— ал бұлай ету көбінесе мүмкін емес,— жылдық қоғамдық қосымша еңбектің барлық мөлшерінен өзіне тиесілі қосымша құн сомасына әр алуан товар алып, иемденеді. Бірақ айналыс тетігін талдаудан көрінгеніндей, егер капиталистер табы табысын жұмсау үшін айналысқа ақша шығаратын болса, ол сонымен қатар бұл ақшаны айналыстан қайтарып алады, сөйтіп нақ сол процестің өзін үнемі қайтадан бастай береді, демек, айтулы капиталистер табы ретінде, ол бұрынғыша қосымша құнды ақшаға айналдыру үшін қажетті осы ақша сомасының иесі болып қалады. Сонымен, егер капиталист товар рыногынан өзінің тұтынуы үшін қосымша құнды товар формасында алып қана қоймай, сонымен қатар осы товарды сатып алуға жұмсаған ақшаны да қайтарып алатын болса, онда оның айналыстан товарды өз тарапынан эквивалент бермей алғаны айқын. Бұл товар үшін ақша төлеген болса да, бұл оған түкке де тұрмайды. Егер мен бір фунт стерлингке товар сатып алатын болсам, ал осы товарды сатушы маған текке түскен қосымша өнім үшін бір фунт стерлингті қайтаратын болса, онда бұл товарды менің тегін алғаным анық. Бұл операцияның үнемі қайталанып отыруы менің үнемі товар ала беруімді, товар алу үшін өзімдегі фунт стерлингтен уақытша қол үзе тұрсам да, үнемі сол фунт стерлингтің иесі болып қалатынымды ешбір өзгерте қоймайды. Капиталист бұл ақшаны ақшаға айналған қосымша құн ретінде үнемі қайтарып алып отырады, бұл оған мүлде тегін түседі.

Біз А. Смитте қоғамдық өнімнің бүкіл құны  $v + m$  болып табысқа жіктелетінін, демек, тұрақты капитал құны нөлге тең деп ұйғарылатынын көрдік. Бұдан сөзсіз шығатын қорытынды: жылдық табыстың айналысы үшін керекті ақша бүкіл жылдық өнімнің айналысы үшін де жеткілікті, демек, біздің

мысалда, құны 3 000 тұтыну заттарының айналысы үшін қажетті ақша құны 9 000 бүкіл жылдық өнімнің айналысы үшін де жеткілікті. Шынында да, А. Смиттің пікірі осындай, ал Т. Тук осы пікірді қайталайды. Табысты ақшаға айналдыру үшін қажетті ақша мөлшерінің бүкіл қоғамдық өнімнің айналысы үшін қажетті ақша мөлшеріне қатынасы жөніндегі бұл мүлде теріс ұғым — түрлі заттық элементтер мен бүкіл жылдық өнім құнының элементтері қалайша ұдайы өндіріліп, жыл сайын қалай өтеліп отыратынын түсінбеушіліктің, тайыз пайымдаушылықтың сөзсіз нәтижесі. Сондықтан да бұл ұғым бекерге шығарылып отыр.

Енді Смит пен Туктың өздерін тыңдап көрейік.

Смит былай дейді:

«Әр елдің айналысын екіге бөлуге болады: саудагерлер арасында жүргізілетін айналыс және саудагерлер мен тұтынушылар арасында болатын айналыс. Айналыстың біресе бір жағында, біресе екінші жағында бәз-баяғы бір ақша белгісін — қағаз немесе металл ақша белгісін — пайдалану мүмкін бола тұрса да, дегенмен, айналыстың осы екі процесі бір мезгілде және бір-бірімен қатар болатындықтан, бұлардың әрқайсысы өзінің жүзеге асырылуы үшін қай түрде болсын белгілібір ақша сомасын керек етеді. Түрлі саудагерлер арасында айналыста жүретін товарлар құны саудагерлер мен тұтынушылар арасында айналыста жүретін товарлар құнынан ешқашан да астам бола алмайды, өйткені саудагерлер сатып алатынның бәрі сайып келгенде тұтынушыларға сатуға арналған. Саудагерлер арасында көтерме сауда сипатында болатын айырбас әдетте әрбір жеке сауда-саттық үшін едәуір көп соманы керек етеді. Мұның керісінше, саудагерлер мен тұтынушылар арасындағы айналыс, көбінесе ол бөлшек сауда сипатында болатындықтан, екінің бірінде өте шағын соманы ғана керек етеді, — көп ретте бір шиллинг немесе тіпті жарты пенині жеткілікті болады. Ал ұсақ сомалар ірі сомаларға қарағанда анағұрлым шапшаң айналады... Сондықтан, бір жыл ішінде барлық тұтынушылардың сатып алғаны құны жағынан кем дегенде» {осы «кем дегендегісі» оңды-ақ!} «барлық саудагерлердің бір жыл ішінде сатып алғанына тең бола тұрса да, алғашқылардың нәрсе сатып алуына, әдетте, анағұрлым аз ақша жұмсалуы мүмкін», т. т. (II кітап, II тарау).

Адам Смиттің кітабындағы осы мәселе жөнінде Т. Тук былай дейді:

«Бұл жерде көрсетілген айырмашылықтың асылында дұрыс екендігінде ешқандай күмән жоқ... Саудагерлер мен тұтынушылар арасындағы айырбасқа жалақы беру де кіреді, ал мұның өзі — тұтынушылардың негізгі табысы» («the principal means») «...Саудагерлер арасындағы айырбастың бәрі, өндірушілерден немесе импортшылардан бастап бөлшекші саудагерге немесе экспортшы саудагерге дейінгі сату түрлерінің бәрі, оның бер жағында өнеркәсіптік өңдеудің, т. с. барлық сатысынан өтетін товарлар, капиталдың ауысуына әкеліп соғуы мүмкін. Бірақ капиталдың бұлайша ауысуы осы ауысу кезіндегі көптеген айырбас тұсында банк билеттерінің немесе монеталардың шын өткізілуін керек етпейді және практика жүзінде шынында да бұлай болмайды, — ал менің айтып отырғаным жалған өткізу емес, ма-

териалдық өткізу... Саудагерлердің өзара айырбастарының жалпы қорытындысын саудагерлер мен тұтынушылар арасындағы айырбастар жиынтығы белгілеп, шектеуге тиіс» (Th. Tooke. «An Inquiry into the Currency Principle». London, 1844, p. 34—36 passim).

Егер соңғы сөйлемді оқшау алатын болсақ, онда Тук саудагерлердің бір-бірімен жасайтын айырбастары мен саудагерлердің тұтынушылармен жасайтын айырбастарының арасында белгілібір арақатынас бар екенін,— басқаша айтқанда, бүкіл жылдық табыстың құны мен осы табысты өндіруге себепкер болатын капитал құнының арасында белгілібір арақатынас бар екенін жәй баяндап отыр екен деп ойлауға болар еді. Бірақ олай емес. Тук тікелей А. Смиттің түсінігіне қосылып отыр. Сондықтан оның айналыс теориясын айрықша сынап жатудың қажеті жоқ.

2) Әрбір өнеркәсіп капиталы өзінің бүкіл негізгі құрамдас бөлігін сатып алу үшін алғашында ақшасын бірден айналысқа салады да, мұның құнын ол кейін өзінің жылдық өнімін сату арқылы тек бірте-бірте, бірнеше жылдың ішінде айналыстан қайтарып алады. Демек, әуелі ол айналысқа одан алатынынан гөрі көп ақша шығарады. Мұның өзі бүкіл капиталды *in natura* жаңғыртқан сайын қайталанып отырады; мұның өзі негізгі капиталын *in natura* жаңғыртуға тура келетін белгілібір мөлшердегі кәсіпорындар үшін жыл сайын қайталанып отырады; ішінара мұның өзі негізгі капиталды жөндеген сайын, оны тек ішінара жаңғыртқан сайын қайталанып отырады. Демек, егер бір жағы айналыстан ақшаны оған шығарғанынан гөрі көп алатын болса, екінші жағы, керісінше айналысқа ақшаны одан алатынынан гөрі көп шығарады.

Өндіріс дәуірі (жұмыс дәуірінен өзгеше шама ретінде) біршама ұзақ уақытты қамтитын барлық өнеркәсіп тарауларында капиталист өндірушілер осы дәуірдің ішінде үнемі айналысқа ақша шығарып отырады,— ішінара қолданылған жұмыс күшіне ақы төлеу үшін, ішінара тұтынылатын өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алу үшін шығарады, сөйтіп өндіріс құрал-жабдықтары тікелей товар рыногынан алынады, ал тұтыну заттары одан ішінара жанама түрде алынады, атап айтқанда өз жалақысын жұмсаушы жұмысшылар алады, ал ішінара тікелей капиталистердің өздері алады, өйткені олар өзінің тұтынуын есте кейінге қалдырмайды, оның бер жағында бұл капиталистер алғашында рынокқа товар формасында ешқандай эквивалент шығармайды. Олар айналысқа шығаратын ақша осы дәуірдің ішінде товар құнын, оған қоса бұл құндағы қосымша құнды да ақшаға айналдыру үшін қызмет етеді. Үздік дамыған капиталистік өндіріс тұсында, акционерлік қоғамдар,



т. т. темір жолдар, каналдар, доктар, қалалық ірі құрылыстар салу, темір кемелер жасау, кең көлемде жер қыртысын дренаждау сияқты ұзақ істейтін кәсіпорындарды жүргізген кезде бұл жағдайдың маңызы мықтап арта түседі.

3) Басқа капиталистер — егер олардың негізгі капиталға жұмсаған шығынын былай қоятын болсақ — айналыстан ақшаны жұмыс күші мен айналмалы элементтерді сатып аларда шығарғанынан гөрі көп алып отырғанда, дәл осы кезде алтын мен күміс өндіруші капиталистер — егер шикі материал ретінде қызмет ететін асыл металды былай қоятын болсақ — айналысқа тек ақша шығарады да, одан тек товар алады. Негізгі капиталдың тозуын өтейтін бөлігінен өзге тұрақты капиталды, өзгермелі капиталдың денін және бәлкім олардың өз қолдарына жинала беретін қазынадан басқа бүкіл қосымша құнды — осының бәрін олар ақша түрінде айналысқа шығарады.

4) Бір жағынан, осы жылғы өндірістің өнімі емес алуан түрлі заттар: жер участоктары, үйлер, т. т. товар ретінде айналысқа түседі, онан соң, өндіріс дәуірі бір жылдан асатын: мал, ағаш, шарап сияқты өнімдер де айналысқа түседі. Айналыс саласындағы осы және басқа құбылыстар жөнінде мынаны есте сақтау қажет: тікелей товар айналысы үшін қажетті ақша сомасымен қатар үнемі белгілібір мөлшердегі ақша қимылсыз, бүркеулі жатады, бірақ қозғау салса-ақ болғаны, әрекет ете бастайды. Оның бержағында мұндай өнімдердің құны екінің бірінде айналысқа там-тұмдап, бірте-бірте түседі, мәселен, үйлердің құны бірнеше жыл ішінде жалдау үшін төленетін арендалық ақы түрінде айналысқа түсіп отырады.

Екінші жағынан, ұдайы өндіріс процесінің барлық қозғалысына бірдей ақша айналысы дәнекер бола бермейді. Өндірістің бүкіл процесі, оның элементтері алынып болысымен, айналыстан шығып қалады. Онан соң, өндірушінің өзі тікелей тұтынған бүкіл өнім шығып қалады, оның бержағында бұл өнім жеке адам тұтынуына кіре ме, әлде өндірмелі тұтынуға кіре ме, бәрібір, ауыл шаруашылық жұмысшыларының заттай ақысы да осыған жатады.

Сонымен, жылдық өнімнің айналысына дәнекер боларлық ақша мөлшері енді қоғамда бар, бірте-бірте жиналған. Бәлкім тозған монеталарды өтейтін алтынды былай қойғанда, мұның өзі үстіміздегі жылы жасалған жаңа құнның бөлігі емес.

Тек металл айналысы негізінде ғана ақша, бір есептен, төлем қаржысы ретінде де қызмет ете алады, және тарих жүзінде шынында да осындай қызмет атқарған, осы негізде кредит системасы және оның тетігінің белгілібір жақтары дамыған, солай бола тұрса да біздің баяндауымызда айналыста тек қа-

на асыл металдан жасалған ақша болады деп жорамалданады, оның бержағында бұл айналыстың ең қарапайым формасы: нақты ақшаға сатып алу мен сату болады деп жорамалданады.

Бұл жорамал тек методологиялық оймен ғана жасалып отырған жоқ; ал мұның маңыздылығы мынадан-ақ көрінеді: Тук пен оның мектебі де, олардың қарсыластары да банк билеттерінің айналысын зерттеген кезде жасаған өз тұжырымдарында кілең металл айналысы жөніндегі болжалға лажсыздан үнемі қайта оралып отырған. Мұны олар *post festum* істеуге мәжбүр болған, бірақ бұған қайта оралған күнде де, олар мұны тым үстірт бағалаған, бұлай болуы сөзсіз еді, өйткені бұл негізгі пункт олардың талдауында, жоғарыда айтқанымыздай, тек екінші дәрежелі роль атқарып отырды.

Бірақ бастапқы формасында алынған ақша айналысын, мұнда жылдық ұдайы өндіріс процесінің имманенттік кезеңі болып табылатын осы ақша айналысын, мүлде жеңіл-желпі қарастырудың өзі-ақ мынаны көрсетеді:

а) Егер біз капиталистік өндіріс үздік дамыған деп жорамалдасақ, демек, жалдама еңбек системасы үстемдік етеді деп жорамалдасақ, онда ақша капиталының басты роль атқаратыны анық, өйткені мұның өзі — өзгермелі капиталдың авансыланатын формасы. Жалдама еңбек системасы қай дәрежеде дамитын болса, әрбір өнім сол дәрежеде товарға айналады, сондықтан — кейбір маңызды ерекшеліктерін былай қойғанда — өз қозғалысының кезеңі ретінде түгелдей ақшаға айнарудан да өтеді. Айналыстағы ақшаның мөлшері товардың осылайша ақшаға айналуы үшін жеткілікті болуға тиіс, ал осы мөлшердің дені жалақы формасында беріледі, мұны өнеркәсіп капиталистері өзгермелі капиталдың ақша формасы ретінде жұмыс күшіне ақы төлеу үшін авансылаған, енді бұл ақша жұмысшылардың қолында қызмет атқарады: көбінесе айналыс қаржысы ретінде (сатып алу қаржысы ретінде) ғана қызмет атқарады. Бұл — натуралды шаруашылыққа мүлде қарама-қарсы, ал мұның өзі жеке тәуелділік системасы атаулының (оның ішінде крепостниктіктің де) базисінде басым болып отырады, өте-мөте азды-көпті анайы қауымдардың базисінде басым болып отырады, оның бержағында мұндай қауымдарда жеке тәуелділік немесе құлдық қатынастары бар ма, жоқ па, мұның бәрібір.

Құлдық системасы тұсында жұмыс күшін сатып алуға жұмсалатын ақша капиталы негізгі капиталдың ақша формасының ролін атқарады, мұның өзі тек бірте-бірте, құлдық өміріндегі қызу дәуірдің ішінде өтеледі. Сондықтан афиндер-

де құл иесінің өз құлын өнеркәсіпте пайдалану арқылы тікелей алып отырған немесе оны құлдардың еңбегін өнеркәсіпте (мәселен, кен жұмысында) қолданған басқа адамдарға жалға беру арқылы көлденең жолмен алып отырған пайдасы тек авансталған ақша капиталының (амортизациямен бірге) проценті деп есептелді,— дәл сол сияқты, капиталистік өндіріс тұсында өнеркәсіп капиталисі қосымша құнның бір бөлігі мен негізгі капиталдың тозуын өзінің негізгі капиталының проценті мен өтеуі деп есептейді, ал мұның өзі өзінің негізгі капиталын (үйлерін, машиналарын, т. т.) арендаға беруші капиталистерде ережеге айналған. Үй ішіндегі жәй құлдар, қажетті қызмет атқару үшін арнала ма әлде тек қана сән-салтанат үшін арнала ма, бұл жерде есепке алынбайды, олар біздегі малайлар табына дөп келеді. Бірақ құлдық системасы да,— мұның өзі, Грецияның өркендеген мемлекеттері мен Римдегідей, егіншілікте, мануфактурада, кеме қатынасында, т. т. еңбек өнімділігінің үстем формасы болып табылады,— натуралдық шаруашылық элементін сақтайды. Құлдар рыногының өзі—соғыс, теңіздегі тонаушылық арқылы—өзінің жұмыс күші товарын үнемі толықтырып отырады. Ал осы тонаушылықтың бәрі, өз тарапынан, айналыс процесін керек етпейді, тікелей зорлықтың күшімен өзгенің жұмыс күшін заттай иемденушілік болады. Тіпті Құрама Штаттардың өзінде, жалдама еңбек қолданатын солтүстік штаттар мен құл иеленетін оңтүстік штаттардың арасындағы аймақ Оңтүстік үшін құл өсіретін өңірге айналғаннан кейінгі жерде, демек, мұнда рынокқа шығарылатын құлдың өзі жылдық ұдайы өндірістің элементіне айналғаннан кейінгі жерде,— бұл негіз жүре-келе жеткіліксіз болып шықты да, сол себепті ұзақ уақыт бойы, мүмкін болған кезге дейін құлдар рыногын толықтыру үшін Африкадан әкелінген құлдармен сауда жасалып отырды.

б) Жылдық өнімді айырбастау кезінде ақшаның капиталистік өндіріске тән стихиялылықпен ағылып келуі мен серпіліп кетуі, негізгі капиталдардың барлық құнының мөлшерінде бір мезгілде авансылануы және бұлардың көптеген жылдар ішінде, бірте-бірте айналыстан қайтып алынуы, демек, жыл сайын қазына жинау арқылы бұлардың ақша формасында бірте-бірте қалпына келтірілуі, бұл қазынанан өз мәні жағынан сонымен қатар жүргізілетін және жыл сайын жаңа алтын өндіруге негізделетін қазына жинаудан мүлде өзгеше болуы; товар өндіру дәуірлерінің ұзақтығына қарай ұзақтығы түрліше мерзімге ақшаның авансылануы, демек, бұл ақшаның қазына формасында күн ілгері қолда болуының, товар сату арқылы оны айналыстан қайтарып алардан бұрын қолда бо-

луының қажеттігі, ақша авансыланатын уақыттың ұзақтығы түрліше болуы, мұның өзі тіпті өндіріс орнының өнім өткізу рыногынан түрліше алшақ жатуынан да болатындығы, дәл сондай-ақ белгілібір өндіріс тарауындағы түрлі кәсіпорындар мен түрлі жеке капиталистердің өндірістік запастарының жай-күйіне немесе относительдік шамасына қарай ақша сомаларының шамасы мен қайтару мерзімінде болатын айырмашылық, демек, тұрақты капитал элементтерін сатып алу мерзімдеріндегі айырмашылықтар — осының бәрі ұдайы өндірістің бір жылы ішінде болатын жәйттер. Практика негізінде стихиялық қозғалыстың барлық осы алуан түрлі жағдайларын байқап, бұларға назар аударса болғаны, кредит системасының механикалық қосалқы құралдарын қолдану үшін де, қарызға берілетін нақты капиталдарды шын мәнісінде қармап алу үшін де бұлар жоспарлы түрде пайдаланылмақ.

Бұған келіп қосылатын тағы бір айырмашылық — өндірісі жалпы алғанда қалыпты жағдайларда өзгермейтін көлемде үздіксіз жүргізілетін тараулар мен жылдың түрлі маусымдарында жұмыс күшін түрліше мөлшерде қолданатын, мәселен, ауыл шаруашылығы сияқты, салалардың арасындағы айырмашылық.

### XIII. ДЕСТЬЮТ ДЕ ТРАСИДІҢ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС ТЕОРИЯСЫ<sup>66)</sup>

Саяси экономдардың қоғамдық ұдайы өндірісті талдаудағы шатасқан, сонымен бірге өр кеуде тайыздығының үлгісі «ұлы логик» Дестьют де Траси бола алады (салыстырыңыз: I кітап, 146-бет, 30-ескерту<sup>78)</sup>), оған тіпті Рикардоның өзі де байсалдылықпен қарап, оны «аса көрнекті жазушы» деп атайды («Principles», p. 333).

Осы «көрнекті жазушы» бүкіл қоғамдық ұдайы өндіріс процесі мен айналыс жөнінде мынадай нұсқаулар береді.

«Сол өнеркәсіп иелері мұншалық мол пайданы қалай алады және мұны қайдан түсіре алады деп сұраушылар болуы мүмкін. Мен былай деп жауап беремін: олар өндіретін нәрселерінің бәрін бұларды өндіруге жұмсалған шығыннан қымбатқа сатады, олар:

1) бір-біріне өздерінің тұтынуына, өздерінің қажеттерін қанағаттандыруға жұмсалатын нәрсенің бәрін сатады, бұған өз пайдаларының бір бөлегін төлейді;

2) өздері жалдайтын жалдама жұмысшыларға да, сыбай-салтан капиталистер жалдайтын жалдама жұмысшыларға да сатады, осы арқылы олар жұмысшыларға төленген жалақыны түгел қайтарып алады, ал жұмысшылар бұдан тыс азын-аулақ қана үнем жасауы мүмкін;

<sup>66)</sup> II қолжазбадан.

3) сыбай-салтаң капиталистерге сатады; бұл үшін олар өз табысының бір бөлегін, тікелей осы сыбай-салтаң капиталистерде істейтін жалдама жұмысшыларға әлі жұмсалмаған бөлігін төлейді, сондықтан кәсіпкерлердің сыбай-салтаң капиталистерге жыл сайын төлейтін бүкіл рентасы әйтеуір осы жолдардың бірімен алғашқыларға қайта келіп түседі» (Destutt de Tracy. «Traité de la volonté et de ses effets». Paris, 1826, p. 239).

Сонымен, капиталистер, біріншіден, қосымша құнның өздерінің жеке тұтынуы үшін арналатын немесе табыс ретінде тұтынылатын бөлігін айырбастағанда бірін бірі алдау арқылы байиды екен. Басқаша айтқанда, егер олардың қосымша құнының, тиісінше олардың пайдасының, осы бөлігі 400 фунт стерлингке тең болса, онда бұл 400 фунт стерлинг, мәселен, 500 фунт стерлингке айналады, өйткені осы 400 фунт стерлингтің серіктесі өз бөлігін басқаға 25% қымбат сатады. Бәрі де осылай істейтін болғандықтан, мұның нәтижесі бір-біріне нақты құны бойынша сатқанмен бірдей болып шығады. Тек 400 фунт стерлинг товар құнының айналысы үшін оларға 500 фунт стерлинг ақша сомасы керек болады, ал мұның өзі баюдан гөрі кедейлену әдісіне көбірек ұқсайды, өйткені олардың өз дәулетінің едәуір үлесін тиімсіз айналыс қаржысы формасында бостан-бос сақтауына тура келеді. Бар әңгіме былай болып шығады: капиталистер табы, өз товарларының жалпы номиналдық бағасы артқанына қарамастан, өздерінің жеке тұтынуы үшін тек 400 фунт стерлинг құны бар товарлы капиталды ғана өзара бөлісе алады, бірақ бұл ретте капиталистер 400 фунт стерлинг товар құнын 500 фунт стерлинг товар құнын айналдыру үшін керекті ақша мөлшері арқылы айырбастап, бір-бірінің көңілін аулайды.

Бұл жерде «олардың пайдаларының бір бөлегі» жорамалданып отырғанын, демек, тегінде товар запасы болады, оның ішінде пайда да бар деп жорамалданып отырғанын біз мүлде былай қоямыз. Ал Дестют бізге осы пайданың дәл қайдан келетінін түсіндірмек еді ғой. Бұл пайданы айналдыру үшін қанша ақша қажет деген мәселе мүлде бағынышты мәселе. Дестюттің пікірінше, пайда қосылған товар мөлшерінің келіп шығатын себебі — капиталистер бұл товар мөлшерін бір-біріне сатып қана қоймайды екен, — тіпті осының өзі-ақ өте оңды да терең «пікір» емес пе, — сонымен қатар олардың бәрі бір-біріне қымбат сатады екен. Сонымен, біз енді капиталистердің байитын бір негізін білеміз. Оның мәнісі үлкен кедейлік үлкен раувге<sup>6</sup> \* себепті туады дейтін «энтшпектор Бресигтің»<sup>79</sup> құпия сырына келіп саяды екен.

\* — кедейлік. Ред.

## 2) Онан соң, нақ сол капиталистер товарын сатқанда

«өздері жалдайтын жалдама жұмысшыларға да, сыбай-салтаң капиталистер жалдайтын жалдама жұмысшыларға да сатады; осы арқылы олар осы жалдамалы жұмысшылардан өздеріне төленген жалақыны түгел қайтарып алады, ал жұмысшылардың азын-аулақ қана жасаған үнемі өздерінде қалады».

Жұмысшыға жалақы формасында авансыланған ақша капиталының капиталистерге қайта оралуы, Дестют мырзаның айтуынша, нақ сол капиталистердің баюының екінші негізі екен.

Сонымен, егер капиталистер табы жұмысшыларға жалақы формасында, мәселен 100 фунт стерлинг берген болса, онан соң нақ сол жұмысшылар әлгі капиталистер табынан құны сол 100 фунт стерлинг тұратын товар сатып алса, сондықтан да жұмыс күшін сатып алушылар ретіндегі капиталистер авансылаған 100 фунт стерлинг сомасы өз жұмысшыларына 100 фунт стерлингке товар сатудың нәтижесінде оларға қайта келіп түсетін болса, онда капиталистер осының арқасында байнды екен. Ал ақылға салып қарағанда капиталистердің осы амал арқылы өздерінде бұдан бұрын болған сол 100 фунт стерлингті қайтадан иемденетіні айқын көрінеді. Бұл амал басталарда оларда 100 фунт стерлинг ақша болған еді, бұл 100 фунт стерлингке олар жұмыс күшін сатып алды. Осы 100 фунт стерлинг ақшаға сатып алынған еңбек, біздің осы күнге дейін Дестюттен алып келген мәліметімізге қарағанда, құны 100 фунт стерлинг тұратын товар өндіреді. Товар түріндегі осы 100 фунт стерлингті жұмысшыларға сату арқылы капиталистер 100 фунт стерлингті ақшадай қайтарып алады. Демек, капиталистерде тағы да 100 фунт стерлинг ақша, ал жұмысшыларда олардың өздері өндірген 100 фунт стерлинг тұратын товар бар. Бұдан капиталистердің қалайша байи қоятынын түсіну мүмкін емес. Егер 100 фунт стерлинг ақша оларға қайтып келмеген болса, онда олардың, біріншіден, жұмысшылардың еңбегі үшін ақшадай 100 фунт стерлинг төлеуіне, екіншіден, сол жұмысшыларға осы еңбектің өнімін, 100 фунт стерлинг тұратын тұтыну заттарын тегін беруіне тура келген болар еді. Демек, ақшаның қайта оралуы, ең мықтағанда, бұл амалдың салдарынан капиталистердің неліктен кедейленбейтінін ғана түсіндірер еді де, ал олардың бұл амалдың нәтижесінде неліктен байитынын әсте түсіндіре қоймас еді.

Әрине, осы 100 фунт стерлинг ақшаның капиталистерге қайдан келгені және жұмысшылар товарды өз есебіне өздері өндірудің орнына өзінің жұмыс күшін осы 100 фунт стерлингке айырбастауға неліктен мәжбүр болатыны жайындағы мәселе

мүлде басқа мәселе. Бірақ мұның өзі Дестют сияқты өресі кең ойшылдар үшін өзінен өзі-ақ түсінікті нәрсе.

Бұл шешімге Дестюттің өзінің де, онша көңілі толмайды. Өйткені ол бізге баюдың өзі алғашында 100 фунт стерлинг ақша сомасының жұмсалуды, онан соң 100 фунт стерлинг ақша сомасының қайтып келуі нәтижесінде болатынын айтқан жоқ, яғни ол баюдың өзі 100 фунт стерлинг ақшаның қайта оралуы нәтижесінде болатынын айтқан жоқ, соңғы жәйт 100 фунт стерлинг ақшаның неліктен жоғалып кетпейтінін ғана көрсетеді. Ол бізге капиталистердің

«өндірілетін нәрселердің бәрін өндіріске жұмсалған шығыннан қымбат сату арқылы».

байытынын айтты.

Сөйтіп капиталистер жұмысшылармен екі арада сауда-саттық жасағанда нәрселерін жұмысшыларға тым қымбат сата-тындығы арқасында да байиды екен. Тамаша!

«Олар жалақы төлейді... онан соң барша осы жұрттың шығын жұмсауы, бұл үшін» {өнім үшін} «осы жалақыны төлеген кезде олар» {капиталистер} «жасаған шығыннан қымбат төлеуі себепті мұның бәрі олардың өздеріне қайтып келеді». (Сонда, 240-бет).

Сонымен, капиталистер жұмысшыларға 100 фунт стерлинг жалақы төлейді, онан соң жұмысшылардың өз өнімін оларға 120 фунт стерлингке сатады, сондықтан капиталистерге осы 100 фунт стерлингтің қайтып келетіні былай тұрсын, оның үстіне олар тағы да 20 фунт стерлинг ұтады екен ғой? Бұл мүмкін емес. Жұмысшылар жалақы формасында алған ақшаны ғана төлей алады. Егер олар капиталистерден 100 фунт стерлинг жалақы алған болса, олар 120 фунт стерлингке емес, тек 100 фунт стерлингке ғана сатып алмақ. Демек, істің жайы бұлай болмас еді. Ал енді тағы бір жол бар. Жұмысшылар капиталистерден 100 фунт стерлингке товар сатып алады, бірақ шындығында құны тек 80 фунт стерлинг тұратын товар алады. Сондықтан олардың 20 фунт стерлингке алданғаны сөзсіз. Ал капиталистердің 20 фунт стерлингке байығаны сөзсіз, өйткені олар іс жүзінде жұмыс күшінің ақысын оның құнынан 20% кем төледі, яғни көлденең жолмен номиналдық жалақыдан 20% мөлшерінде ұстап қалды.

Капиталистер табы жұмысшыларға әуел бастан тек 80 фунт стерлинг жалақы төлеп, онан соң оларға осы 80 фунт стерлинг ақшаға шын 80 фунт стерлинг тұратын товар құнын берген болса да нақ осы мақсатына жеткен болар еді. Дұрыс жол,— егер капиталистер табын тұтас алып қарайтын бол-

сақ,— осы сияқты, өйткені, нақ сол Дестют мырзаның айтуынша, жұмысшы табы «жеткілікті жалақы» алуға тиіс (сонда, 219-бет), өйткені бұл жалақы ең кемінде оның өмірі мен қабілетін сақтау үшін, жұмысшылардың «ең қажетті тіршілік заттарын аларлықтай» болуы үшін жетуге тиіс (сонда, 180-бет). Егер жұмысшылар осындай жеткілікті жалақы алмайтын болса, онда, нақ сол Дестюттің айтуынша, бұл «өнеркәсіптің құрып бітуі» (сонда, 208-бет), демек, тәрізі, мұның өзі әсте капиталистердің баю амалы болмақшы емес. Бірақ капиталистер табы жұмысшы табына төлейтін жалақының шамасы қанша болғанымен, мұның белгілібір құны бар, мәселен 80 фунт стерлинг. Демек, егер капиталистер табы жұмысшыларға 80 фунт стерлинг төлейтін болса, ол жұмысшыларға осы 80 фунт стерлинг үшін 80 фунт стерлинг тұратын товар құнын беруге тиіс, сондықтан да бұл 80 фунт стерлингтің қайтып келуі оны байытпайды. Ал егер ол жұмысшыларға 100 фунт стерлинг ақша төлеп, сол 100 фунт стерлингке 80 фунт стерлинг тұратын товар құнын сататын болса, онда ол жұмысшыларға қалыпты жалақысына қарағанда ақшаны 25% артық төлеп, бұл ақшаға товарды 25% кем берген болар еді.

Басқаша айтқанда: тегінде капиталистер табы пайда түсіріп отыратын қор қалыпты жалақыдан ұстап қалу арқылы жұмыс күшінің ақысын оның құнынан кем төлеу арқылы, яғни жалдама жұмысшылар түріндегі жұмыс күшін қалыпты жолмен ұдайы өндіріп отыру үшін қажетті тіршілік заттарының құнынан кем төлеу арқылы жасалған болар еді. Демек, егер қалыпты жалақы төленген болса, Дестюттің айтуынша осылай болуға тиіс те, онда өнеркәсіпшілер үшін де, сыбайсалтаң капиталистер үшін де ешқандай пайда қоры болмас еді.

Сонымен, капиталистер табының баю амалының бар сырын Дестют мырзаның мынаған әкеліп сауына: капиталистер табы жалақыдан ұстап қалу арқылы байиды деуіне тура келер еді. Олай болған күнде ол өзінің 1 және 3-пункттерінде әңгіме етіп отырған қосымша құнның басқа қоры болмас еді.

Демек, жұмысшылардың ақшалай жалақысы олардың тап ретінде өмір сүруі үшін қажетті тұтыну заттарының құнымен белгіленетін елдердің бәрінде капиталистердің тұтыну қоры да, олар үшін жинақ қоры да болмас еді, ендеше капиталистер табының өмір сүруі үшін қажетті қор да болмас еді, демек, капиталистер табы да болмас еді. Дестюттің айтуынша, ескі цивилизацияның барлық үздік дамыған бай елдерінде дәл осылай болған болар еді, өйткені мұнда,



«ескілікті тамырын терең жайған біздің қоғамдарда, жалақыны өтейтін қор... әрқашан да дерлік тұрақты шама болып табылады» (сонда, 202-бет).

Бірақ жалақыны кеміткен күнде де капиталистердің байытын себебі әуелі жұмысшыларға 100 фунт стерлинг ақша беріп, онан соң осы 100 фунт стерлинг ақшаға 80 фунт стерлинг тұратын товар беретіндігінде емес, — демек, мұнда іс жүзінде товар формасындағы 80 фунт стерлинг 100 фунт стерлинг ақша сомасы арқылы, яғни 25% артық мөлшердегі ақша сомасы арқылы айналыс жасайтындығында емес, — оның себебі: капиталист жұмысшының өнімінен қосымша құнды — осы қосымша құн сіңген өнім бөлігін — иемденіп қана қоймайды, сонымен қатар жалақы формасында жұмысшыға берілуге тиісті өнім бөлігінің 25 процентін қоса иемденеді. Достық ойынан шыққан мұндай қисынсыз әдіспен капиталистер табы мүлде дәнеңе де ұтпаған болар еді. Ол жұмысшыларға жалақы ретінде 100 фунт стерлинг береді де, осы 100 фунт стерлинг үшін жұмысшыға соның өз өнімінен 80 фунт стерлинг тұратын товар құнын қайтарады. Бірақ келесі операция кезінде ол нақ осы амалға тағы да 100 фунт стерлингті авансылауға тиіс. Демек, ол 80 фунт стерлинг ақшаны авансылап, бұл үшін 80 фунт стерлинг тұратын товар берудің орнына 100 фунт стерлинг ақшаны аванстап, бұл үшін 80 фунт стерлинг тұратын товар беріп, нәтижесіз ермекпен ғана айналысады. Сонымен, капиталистер табы ешбір нәтижесіз өзінің өзгермелі капиталының айналысы үшін 25% артық ақша капиталын үнемі авансылап отырады, ал мұның өзі баюдың өзгеше бір соны әдісі екен.

### 3) Ақырында, капиталистер табы товарын

«сыбай-салтаң капиталистерге сатады, бұл үшін олар өз табысының бір бөлігін, тікелей осы сыбай-салтаң капиталистерде істейтін жалдама жұмысшыларға әлгі жұмсалмаған бөлігін төлейді, сондықтан кәсіпкерлердің капиталистерге» (сыбай-салтаңдарға) «жыл сайын төлейтін бүкіл рентасы әйтеуір осы жолдардың бірімен алғашқыларға қайта келіп түседі».

### Біз жоғарыда көрдік, өнеркәсіп капиталистері

«өздерінің тұтынуына, өздерінің қажеттерін қанағаттандыруға жұмсалатын» нәрселердің бәріне «өз пайдаларының бір бөлігін» төлейді.

Сонымен, айталық, олардың пайдалары = 200 фунт стерлинг. Мәселен, 100 фунт стерлингті олар жеке тұтынуға жұмсайды дейік. Бірақ мұның 100 фунт стерлингке тең қалған жартысы олардікі емес, сыбай-салтаң капиталистердікі, яғни жер рентасын алушылардікі және ақшаны процентпен қарыз-

ға беруші капиталистердікі. Сонымен, өнеркәсіп капиталистері бұл компанияға 100 фунт стерлинг ақша төлеуге тиіс. Бұл ақшадан сыбай-салтаң капиталиске, айталық, 80 фунт стерлинг олардың өздерінің тұтынуы үшін және 20 фунт стерлинг малай жалдау, т. т. үшін керек болады. Сонымен, бұл 80 фунт стерлингке сыбай-салтаң капиталистер өнеркәсіп капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады. Сөйтіп соңғылардан 80 фунт стерлинг тұратын өнім кетеді де, сонымен бірге оларға 80 фунт стерлинг ақша, яғни олар сыбай-салтаң капиталистерге рента, процент т. т. деген атпен төлеген 100 фунт стерлингтің  $\frac{4}{5}$  бөлігі қайтып келеді. Сонсын, малайлар табы, сыбай-салтаң капиталистердің тікелей жалдама жұмысшылары өз мырзаларынан 20 фунт стерлинг алды. Бұған олар әлгі өнеркәсіп капиталистерінен — 20 фунт стерлингке тұтыну заттарын сатып алады. Сөйтіп, осы капиталистерден 20 фунт стерлинг өнім кеткенде бұлардың өздеріне 20 фунт стерлинг ақша, яғни бұлар рента, процент, т. т. ретінде сыбай-салтаң капиталистерге төлеген 100 фунт стерлингтің соңғы бестен бір үлесі, қайта келіп түседі.

Сауда-саттық аяқталғаннан кейін былай болып шығады: өнеркәсіп капиталистері рента, процент, т. т. ретінде сыбай-салтаң капиталистерге төлеген 100 фунт стерлинг ақша олардың өздеріне қайтып келді, ал олардың қосымша өнімінің 100 фунт стерлингке тең жартысы олардың қолынан сыбай-салтаң капиталистердің тұтыну қорына өтті.

Сонымен, осы арада әңгіме болып отырған мәселені шешу үшін осы 100 фунт стерлингті сыбай-салтаң капиталистер мен олардың тікелей жалдама жұмысшыларының арасында белгілібір түрде бөліп жатудың мүлде қажеті жоқ екені айқын. Істің мәнісі оп-оңай: олардың рентасын, процентін, қысқасы — 200 фунт стерлингке тең қосымша құннан оларға тиетін үлесті оларға өнеркәсіп капиталистері ақша формасында, 100 фунт стерлинг түрінде төлейді. Осы 100 фунт стерлингке олар тікелей немесе көлденең жолмен өнеркәсіп капиталистерінен тұтыну заттарын сатып алады. Демек, олар өнеркәсіп капиталистеріне 100 фунт стерлинг ақшаны қайта төлейді де, бұлардан 100 фунт стерлинг тұратын тұтыну заттарын алады.

Сөйтіп өнеркәсіп капиталистері сыбай-салтаң капиталистерге төлеген 100 фунт стерлинг ақша алғашқылардың өздеріне қайта оралды. Ақшаның осылай қайта оралуы, Дестюттің қиялдағанындай, өнеркәсіп капиталистерінің баю амалы бола ма? Сауда-саттыққа дейін оларда 200 фунт стерлинг тұратын құн сомасы бар еді, оның 100 фунт стерлинг ақша формасында және 100 фунт стерлинг тұтыну заттары формасында бо-

латын. Сауда-саттықтан кейін олардың қолында алғашқы құн сомасының жартысы ғана қалды. Олардың қолында тағы да ақша формасында әлгі 100 фунт стерлинг бар, бірақ олар тұтыну заттары формасындағы 100 фунт стерлингтен айрылды, бұл сыбай-салтаң капиталистердің қолына өтті. Демек, олар 100 фунт стерлингке байыған жоқ, қайта 100 фунт стерлингке кедейленіп қалды. Егер олар осындай орағытпа жолдың орнына,— әуелі 100 фунт стерлинг ақша төлеп, онан соң 100 фунт стерлинг тұратын тұтыну заттарының төлеуі ретінде осы 100 фунт стерлинг ақшаны қайта алудың орнына,— өз өнімінен заттай рента, процент, т. т. тікелей төлеген болса, оларға айналыстан ешқандай 100 фунт стерлинг ақша қайта оралмаған болар еді, өйткені олар айналысқа ешқандай 100 фунт стерлинг ақша шығармас та еді. Заттай төлеген күнде іс оп-оңай реттеле қояр еді: олар құны 200 фунт стерлинг тұратын қосымша өнімнің бір жартысын өзінде қалдырар еді де, екінші жартысын сыбай-салтаң капиталистерге эквивалентсіз берер еді. Онда тіпті Дестют те мұны баю амалы деп жариялауға ұмсына қоймас еді.

Әрине, өнеркәсіп капиталистері сыбай-салтаң капиталистерден арендаға немесе қарызға алған жер мен капитал — олар бұл үшін соңғыларға жер рентасы, процент, т. т. формасында қосымша құнның бір бөлігін төлеуге тиіс — олар үшін пайдалы болды, өйткені мұның өзі — жалпы өнім атаулыны да, сондай-ақ қосымша өнім болатын немесе қосымша құны бар өнім бөлігін де өндіру шарттарының бірі. Бұл пайда арендаға алынған жер мен қарызға алынған капиталды олардың пайдаланғаны үшін төленетін бағадан емес, сол жер мен капиталды пайдаланудан келіп шығады. Керісінше, бұл баға пайдадан бөлініп алынады. Әйтпесе өнеркәсіп капиталистері қосымша құнның екінші жартысын да ешкімге берместен, өздерінде алып қалатын болса, олар бұдан байымай, кедейлене түседі деуге тура келер еді. Ал мұндай былықтың өзі айналыс құбылыстарын, мәселен ақшаның қайта оралып келуін өнімнің бөлінісімен, айналыстың осындай құбылыстары себепкер болатын бөлініспен бір жерге үйіп-төккен кезде туады.

Әйткенмен де, сол Дестюттің айлакерлігі сондай, ол былай дейді:

«Осы сыбай-салтаң адамдардың табыстары қайдан келіп түседі? Алғашқылардың капиталдарын іске қосатын адамдар, яғни жұмсалған шығыннан гөрі көбірек өндіретін еңбек үшін алғашқылардың қорынан ақы төлейтін адамдар,— бір сөзбен айтқанда, өнеркәсіпшілер,— өз пайдасынан бөліп беретін рентадан түспей ме? Сондықтан байлық атаулының көзін табу үшін әрқашан да өнеркәсіпшілерге қайта айналып соғуға тура келеді.

Шындығында алғашқыларда істейтін жұмысшыларды асырайтындар нақ осылар» (сонда, 246-бет).

Сонымен, рента төлеу, т. т. өнеркәсіпшілердің пайдасынан бөлініп алынатын нәрсе екен. Бұрын бұл олар үшін баю амалы еді.

Дегенмен біздің Дестют үшін тағы бір жұбаныш қалып отыр. Осынау ержүрек өнеркәсіпшілер бір-біріне және жұмысшылар жөнінде қалай істесе, сыбай-салтаң капиталистер жөнінде де солай істейді. Өнеркәсіпшілер оларға барлық товарын, мәселен, 20% қымбат сатады. Мұнда екі түрлі жағдайдың болуы мүмкін. Сыбай-салтаң капиталистер өнеркәсіпшілерден жыл сайын алып отыратын 100 фунт стерлингтен басқа алғашқыларда не бұдан басқа да ақша қаржысы бар, не мұндай қаржысы жоқ. Бірінші жағдайда өнеркәсіпшілер оларға 100 фунт стерлинг тұратын товарын, айталық, 120 фунт стерлинг бағамен сатады. Демек, товар сатқанда өнеркәсіпшілерге бұлардың өздері сыбай-салтаңдарға төлеген 100 фунт стерлинг қайта оралып қана қоймайды, оның үстіне тағы да 20 фунт стерлинг келіп түседі, ал мұның өзі бұлар үшін шынында да жаңа құн болып табылады. Ендігі есеп-хисаптың түрі қандай болмақ? Өнеркәсіпшілер 100 фунт стерлинг тұратын товарын тегін берді, өйткені бұларға ішінара төленген әлгі 100 фунт стерлинг ақша бұлардың өз ақшасы болатын. Сонымен, бұлардың өз товарына өз ақшасы төленді. Демек, 100 фунт стерлинг — шеккен зияны. Бірақ сонымен қатар бұлар бағаны құннан арттыру есебінен 20 фунт стерлинг алды. Демек, 20 фунт стерлинг — тапқан пайдасы, осы пайданы 100 фунт стерлинг зияннан алып тастағанда қорытындысы 80 фунт стерлинг зиян болып шығады, ендеше әрқашан да плюс емес, минус болады. Сыбай-салтаңдарды алдау нәтижесінде өнеркәсіпшілердің зияны азайды, бірақ бұдан олардың кеміген байлығы олардың баю амалына айнала қойған жоқ. Алайда мұндай әдісті ұзақ уақыт қолдануға болмайды, өйткені сыбай-салтаңдар жыл сайын тек 100 фунт стерлинг ақша алатын болса, жылма-жыл 120 фунт стерлинг ақша төлей алмайды.

Немесе екінші бір әдіс мынау: өнеркәсіпшілер 80 фунт стерлинг құны бар товарын өздері сыбай-салтаңдарға төлеген 100 фунт стерлинг ақшаға сатады. Бұлай болған күнде, бұрынғыдай, олар 80 фунт стерлингті рента, процент, т. т. формасында тегін береді. Осылай алдау жолымен олар сыбай-салтаңдарға төлейтін төлемін азайтты, бірақ бұл төлем бұрынғысынша бола береді де, баға атаулы сатушылардың еркіне байланысты дейтін теория бойынша, сыбай-салтаңдар ендігі

жерде өз жері мен капиталы үшін бұрынғы 100 фунт стерлингтің орнына 120 фунт стерлинг рента, процент, т. т. талап ете алатын болады.

Бұл тамаша зерттеу терең ойшылға әбден лайық-ақ, өйткені ол, бір жағынан, А. Смиттің

«еңбек дегеніміз байлық атаулының көзі» (сонда, 242-бет),

өнеркәсіп капиталистері

«өз капиталын қолданғанда осы капиталды пайдасымен бірге қайта өндіруші еңбектің ақысын төлеу үшін қолданады» (сонда, 246-бет),

деген пікірлерін көшіріп алады да, екінші жағынан, осының артынша-ақ мынадай қорытынды жасайды: бұл өнеркәсіп капиталистері

«барлық басқа жұртты асырайды», «тек осылар ғана қоғамдық байлықты молайтып, бізді рақатқа кенелтетін заттардың бәрін жасайды» (сонда, 242-бет),

капиталистерді асырайтын жұмысшылар емес, қайта капиталистер жұмысшыларды асырайды, ал мұның тамаша бір дәлелі сол, жұмысшылардың еңбегіне төленетін ақша олардың қолында қалып қоймай, сол жұмысшылар өндірген товардың төлеуі ретінде капиталистерге үнемі қайта оралып отырады.

«Олар тек бір қолымен алады да, екінші қолымен қайтарып береді. Демек, олардың тұтынуын оларды жалдайтын адамдардың туғызған нәрссі деп қарау керек» (сонда, 235-бет).

Ақша айналысының қоғамдық ұдайы өндіріс пен тұтынуға қалайша дәнекер болатынын соншалық жеріне жеткізе суреттегеннен кейін Дестют мырза тағы да былай дейді:

«Байлықтың осы *perpetuum mobile* \*-сін толықтыратын нәрсе міне осы қозғалыс, ал мұның өзі нашар ұғынылғанымен» («*mal coppi*» — міне бұл дұрыс-ақ!), «айналыс деп орынды аталып жүр, өйткені мұның өзі шынында да толық айналым болғандықтан өзінің бастапқы пунктіне үнемі қайта оралып отырады. Бұл пункт — өндіріс жүргізілетін жер» (сонда, 239—240-беттер).

Дестют, осы «аса көрнекті жазушы», Франция Институты<sup>80</sup> мен Филадельфиядағы Философиялық қоғамның мүшесі және шынында да бір есептен тұрпайы экономистердің ішіндегі шамшырағы, қорытындысында оқушылардан қоғамдық процестің барысын суреттегендегі оның керемет айқын пікіріне, мәселенің төркінін танытарлықтай оның төккен нұрлы сәулесі-

\* — мәңгілік қозғалысын. *Ред.*

не таңдануға шақырады да, тіпті кішіпейілдігі сондай, бар осы сәуленің қайдан келіп тұрғанын оқушыға хабарлайды. Мұны түп нұсқадан келтірген жөн:

«On remarquera, j'espère, combien cette manière de considérer la consommation de nos richesses est concordante avec tout ce que nous avons dit à propos de leur production et de leur distribution, et en même temps *quelle clarté elle répand sur toute la marche de la société*. D'où viennent cet accord et cette *lucidité*? De ce que nous avons rencontré la vérité. Cela rappelle l'effet de ces miroirs où les objets se peignent nettement et dans leurs justes proportions, quand on est placé dans leur vrai point de vue, et où tout paraît confus et désuni, quand on en est trop près ou trop loin» (там же, стр. 242, 243)\*.

Voilà le crétinisme bourgeois dans toute sa béatitude! \*\*

---

\* Біздің байлықтарымызды тұтыну жөніндегі мұндай көзқарастың оларды өндіру және бөлу туралы жоғарыда айтылған пікірмен қаншалықты үйлесетініне және сонымен қатар мұның өзі қоғамдық тіршіліктің бүкіл бағдарын талдап тексеруге қандай айқындық енгізетініне жұрт назар аударар деп үміттенемін. Бұл үйлестік пен бұл сәуле қайдан туып отыр? Біз ашқан шындықтан. Бұл шындық біздің алдымызда тиісті орнына қойылатын нәрселердің бәрін дәл бейнелейтін, бөлшектер арасындағы дұрыс пропорцияларды сақтай отырып бейнелейтін, ал бұл орыннан жақындау немесе алыстау жердегі нәрселердің бәрін көмескі де бұлдыр көрсететін айнаға ұқсайды». *Ред.*

\*\* — Буржуазиялық кретинизмнің бар сиқы міне осы! *Ред.*

ЖИЫРМА БІРІНШІ ТАРАУ<sup>57)</sup>

## ҚОР ЖИНАУ ЖӘНЕ ҰЛҒАЙМАЛЫ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС

I кітапта жеке капиталисте қордың қалай жиналатыны көрсетілген болатын. Товарлы капиталдың ақшаға айналуы себепті қосымша құн болып табылатын қосымша өнім де ақшаға айналады. Осылайша ақшаға айналған бұл қосымша құнды капиталист қайтадан өзінің өндіргіш капиталының үстеме заттық элементтеріне айналдырады. Өндірістің келесі айналымында көбейтілген капитал көбірек мөлшерде өнім береді. Бірақ дара капитал жөнінде болатын нәрсе жиынтық жылдық өндірісте де көрінуге тиіс; мұның өзі жәй ұдайы өндірісті алып қараған кезде біз көрген жағдай сияқты; ол кезде — дара капиталды қайта өндіргенде — оның тұтынылған негізгі құрамдас бөліктерінің қазына ретінде жиналатын ақша формасында дәйектілікпен іркілуі жылдық қоғамдық ұдайы өндірістен де көрініп отырады.

Егер дара капитал  $= 400 c + 100 v$ , ал жылдық қосымша құн  $= 100$  болса, онда товарлы өнім  $= 400 c + 100 v + 100 m$ . Осы 600 ақшаға айналады. Бұл ақшадан 400  $c$  қайтадан тұрақты капиталдың заттық формасына, 100  $v$  жұмыс күшіне айналады, ал егер бүкіл қосымша құн қорға жиналатын болса, онда тағы да 100  $m$  өндіргіш капиталдың заттық элементтеріне айырбастау арқылы үстеме тұрақты капиталға айналады. Мұнда былай деп жорамалданады: 1) белгілі бір техникалық жағдайларда бұл сома не әрекет етуші тұрақты капиталды көбейту үшін, не жаңа өнеркәсіп орнын жасау үшін жеткілікті. Бірақ бұл процесс жүзеге асудан бұрын, демек, нағыз қор жинау, өндірістің ұлғаюы басталардан бұрын едәуір

<sup>57)</sup> Төменде кітаптың аяғына дейінгі текст VIII қолжазбадан келтіріліп отыр.

ұзақ уақыт бойы қосымша құнды ақшаға айналдыру және бұл ақшаны қазына ретінде жинау қажет болатын кездер де бар. 2) Асылында өндіріс бұдан бұрын ұлғайтылған деп жорамалданады, өйткені ақшаны (ақша формасында жиналған қосымша құнды) өндіргіш капиталдың элементтеріне айналдыру үшін бұл элементтер рынокта товар ретінде сатылып жатқан болуы керек; егер бұлар дайын товар формасында сатылмай, заказбен жасалып жатқан болса да, мұның ешбір келер-кетері жоқ. Бұл элементтердің ақысы бұлар қолға тигеннен кейін ғана, қайткен күнде де бұлар жөнінде ұлғайтылған көлемдегі нағыз ұдайы өндіріс болғаннан кейін ғана, бұған дейін қалыпты көлемде болып келген өндіріс ұлғайтылғаннан кейін ғана төленеді. Бұлар потенциялы түрде, яғни өз элементтері түрінде болуға тиіс еді, өйткені бұларды іс жүзінде өндіру үшін тек заказ септігі, яғни товардың дүниеге келуінен және сатылуынан бұрын оны сатып алу керек болды. Мұнда бір жақтағы ақша екінші жақта ұлғаймалы ұдайы өндірісті туғызады, өйткені ұлғаймалы ұдайы өндірістің болу мүмкіндігі ақша *болмаса да* бар, өйткені ақша өздігінен нағыз ұдайы өндірістің элементі бола қоймайды.

Егер, мәселен, капиталист А бір жылдың немесе бірнеше жылдың ішінде өзі өндіретін товарлы өнім аумағын ылғи сатып отыратын болса, ол осы арқылы қосымша өнімді де, яғни қосымша құны бар товарлы өнім бөлігін де ақшаға айналдырады, демек, ол товар формасында өзі өндірген қосымша құнды ылғи ақшаға айналдырып, бұл ақшаны бірте-бірте жинай береді де, осы арқылы жаңадан потенциялы ақша капиталын жасайды, потенциялы болатын себебі — ол өндіргіш капиталдың элементтеріне айналғыш келеді және өзі сол үшін арналған. Шынтуайтқа келгенде капиталист тек жәй қазына жинайды, ал мұның өзі нағыз ұдайы өндірістің элементі емес. Оның бержағында бұл капиталистің діттейтіні алғашында тек қана айналыстағы ақшаны ылғи айналыстан қайтарып алу болады, мұнда оның осылайша құлыптаулы жататын бұл ақшасының өзі айналысқа түсуден бұрын басқа бір қазынаның бөлігі болуы да, әрине, ықтимал нәрсе. А капиталистінің потенциялы түрде жаңа ақша капиталы болып отырған қазынасы, осы ақшаның тұтыну заттарына жұмсалып кеткен кезіндегі сияқты, үстеме қоғамдық байлық бола алмайды. Бірақ айналыстан қайтарылып алынған, демек, бұдан бұрын айналыста болған ақшаның ертеректе қазына формасында, оның құрамдас бөлігі ретінде жатуы немесе жалақының ақшадай формасы болуы да мүмкін, бұл ақшаның өндіріс құрал-жабдықтарын немесе басқа бір товарларды ақшаға айналдыру үшін, капиталдың



тұрақты бөлігін немесе капиталистің табысын айналыс жасау үшін қызмет атқарған болуы да мүмкін. Жәй товар айналысы тұрғысынан алынып қаралатын ақша, өзінің нақты құнының ғана тұлғасы болғандықтан, бір күннің ішінде 10 рет айналыс жасаса да, он түрлі товар құнын өткізсе де, он есе құн бола алмайды, дәл сол сияқты бұл ақша да жаңа байлық бола алмайды. Товар ақшасыз да бола береді, ал ақшаның өзі сол қалпында қалады (немесе тозуы себепті азаяды), мұнда ақшаның жасайтын айналымы бір рет бола ма, әлде он рет бола ма, оның бәрібір. Жаңа байлық (потенциялы ақша) тек алтын өнеркәсібінде ғана жасалған, өйткені алтын формасындағы өнімде қосымша құнның тұлғасы ретіндегі қосымша өнім бар және барлық жаңа өнім ақша формасында айналысқа түсетіндіктен ғана ол потенциалы жаңа ақша капиталдары үшін ақша материалын көбейтеді.

Үстеме жаңа қоғамдық байлық болмағанымен, ақша формасында жиналған осы қосымша құн қор ретінде қызмет атқаратындығы себепті потенциалы жаңа ақша капиталы болып табылады. (Жаңа ақша капиталы қосымша құнды бірте-бірте ақшаға айналдыру жолымен ғана пайда болмайтынын біз кейін көреміз.)

Ақшаны айналыстан алып, қор ретінде жинағанда мұның өзі товар сату арқылы істеледі, бірақ бұдан кейін сатып алушылық болмайды. Демек, егер бұл операцияның жалпылама сипаты бар деп білетін болсақ, онда, сірә, товар сатып алушының қайдан шығатынын түсініп болмайтын сияқты, өйткені бұл процесте,— ал мұны жалпылама процесс деп білу керек, неге десеңіз әрбір дара капитал қор жинау процесінде болуы мүмкін,— жұрттың бәрі қазына жинау мақсатымен сатуды ғана көздейді, бірақ ешкімнің де сатып алғысы келмейді.

Егер жылдық ұдайы өндірістің түрлі бөліктері арасындағы айналыс процесі бейне тура бағытта жүреді деп білетін болсақ,— бұл дұрыс емес, өйткені, ілуде бір болмаса, мұның өзі бір-біріне қарама-қарсы қозғалыстан тұрады,— онда нәрсе сатпай, сатып алатын алтын кәсіпкерінен (тиісінше—күміс өндірушіден) бастауға, сөйтіп басқа жұрттың бәрі оған сатады деп ұйғаруға тура келеді. Олай болған күнде бүкіл жылдық қоғамдық қосымша өнім (бүкіл қосымша құн ретіндегі өнім) соған өтер еді де, басқа капиталистердің бәрі оның қосымша өнімін, затында ақша формасында болатын, оның қосымша құнының алдындағы табиғи бейнесі болатын өнімін өзара рго гата бөліскен болар еді; өйткені алтын өнеркәсіпшісі өнімінің бір бөлігі, оның әрекет етуші капиталын өтейтін бөлігі, бұдан бұрын босамай, тиісінше пайдаланылған-ды. Алтын

өнеркәсіпшісінің алтын формасында өндірілген қосымша құны бұл ретте бірден-бір қор болар еді де, басқа капиталистердің бәрі өзінің жылдық қосымша өнімін ақшаға айналдыру үшін керекті материалды осы қордан алған болар еді. Демек, құнының шамасы жағынан мұның өзі бүкіл қоғамның жылдық қосымша құнына, өзінің кейпіне — қазына формасына келешекте барып айналатын құнына тең болуға тиісті болар еді. Мұндай жорамалдар әрі мағынасыз әрі пайдасыз болғандықтан, ең мықтағанда, қазына атаулының жаппай бір мезгілде пайда болу мүмкіндігін ғана түсіндіруге септігін тигізер еді, оның бержағында ұдайы өндірістің өзі, алтын кәсіпкерлерінің ұдайы өндірісін былай қойғанда, бір адым да ілгері баспаған болар еді.

Ә дегенде қиын көрінетін осы түйінді шешуден бұрын біз I бөлімшедегі (өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі) қор жинау мен II бөлімшедегі (тұтыну заттарының өндірісі) қор жинаудың арасын ашып алуға тиіспіз. I бөлімшеден бастайық.

## **I. БІРІНШІ БӨЛІМШЕДЕГІ ҚОР ЖИНАУ**

### **1) ҚАЗЫНАНЫҢ ЖАСАЛУЫ**

Анығында, I бөлімшені құрастыратын көптеген өнеркәсіп тарауларына салынған капиталдар да, осы өнеркәсіп тарауларының әрқайсысындағы әр алуан дара капиталдар да, бұл капиталдардың көнелігіне, яғни әрекет етіп келген уақытының ұзақтығына қарай, — біз бұлардың шамасын, техникалық жағдайларын, рынок жағдайларын, т. т. мүлде былай қоямыз, — бұл капиталдардың бәрі қосымша құнның потенциялы ақша капиталына дәйектілікпен айналу процесінің түрлі сатысында болады, бұл ақша капиталының кейін өндірісті ұлғайтудың екі формасының қайсысына арналатыны: әрекет етуші капиталды көбейту үшін арнала ма, әлде жаңа өнеркәсіп орындарын құру үшін арнала ма, оның бәрібір. Сондықтан капиталистердің бір бөлегі тиісті шамаға дейін өскен өзінің потенциялы ақша капиталын өндіргіш капиталға айналдырады, яғни қосымша құнды ақшаға айналдыру арқылы жиналған ақшаға өндіріс құрал-жабдықтарын, тұрақты капиталдың қосалқы элементтерін сатып алады; ал капиталистердің екінші бөлегі өздерінде потенциялы ақша капиталын әлі де жинаумен болады. Демек, осы екі түрлі категориядағы капиталистер — біреулері сатып алушылар ретінде, екінші біреулері сатушылар ретінде — бір-біріне қарсы тұрады, ал оның бержағында осы екі категорияның біріне жататындардың әрқайсысы осы рольдердің тек қана біреуін атқарады.

Мәселен,  $A$  капиталист  $B$  капиталистке (ал мұның өзі бірнеше сатып алушының өкілі бола алады) 600 сатады ( $=400 c + 100 v + 100 m$ ). Ол 600-ге, 600 ақшаға товар сатты, мұның ішінде 100 — қосымша құн; осы 100-ді ол айналыстан алып, ақша ретінде жинайды, бірақ бұл 100 ақша — 100 мөлшерлі құнның тұлғасы болған қосымша өнімнің ақша формасы ғана. Қазына жасау дегеніңіз тегінде өндіріс емес, демек, ең алдымен, өндірістің өсуі де емес. Бұл ретте капиталистің әрекеті тек қана мынада: ол 100 мөлшерлі қосымша өнімді сатудан түскен ақшаны айналыстан қайтарып алады да, оны өзінде қалдырып, қол тигізбей сақтайды. Бұл операция  $A$  капиталисте ғана болып қоймайды, — мұның өзі айналыс саласының көптеген пункттерінде  $A'$ ,  $A''$ ,  $A'''$ , т. т. сияқты басқа капиталистерде де жүргізіледі, бұлардың бәрі қазына жасау жолында дәл осылайша аянбай еңбек етеді. Айналыстан алынған ақша көптеген дара қазыналар формасында, тиісінше потенциялы ақша капиталы формасында жиналатын осы көптеген пункттер айналыс үшін сондай көп кедергі болып шығады, өйткені бұлар ақшаны енжар қалыпқа түсіріп, оны азды-көпті ұзақ уақытқа айналыс жасау қабілетінен айырады. Бірақ мынаны еске алу керек: қазына жинау жәй товар айналысының тұсында-ақ, бұл айналыс капиталистік товар өндірісі негізінде жүргізіле бастайтын кезден көп бұрын орын алады; сондықтан қоғамдағы ақшаның саны қызу айналыста жүрген ақша бөлігінен әрқашан да көп, дегенмен ақшаның соңғы бөлігі жағдайға қарай бірде көбейіп, бірде азайып отырады. Бұл арада біз нақ осындай қазыналарды және осылайша қазына жинауды тағы да кездестіреміз, бірақ енді бұл жолғысы капиталистік өндіріс процесіне тән кезең болмақ.

Көңілге қонымды бір ракат нәрсе, кредит системасы тұсында осы потенциялы капиталдардың бәрі де, бұларды банктердің, т. т. қолында шоғырландыру арқасында, емін-еркін жұмсауға келетін капиталға айналады, «loanable capital» \*, ақша капиталы болады, онда да енжар капитал емес, «болашақтың музыкасы»<sup>81</sup> емес, белсенді, өсімқор капитал болады (мұнда өсімқор оның өсуі мағынасында).

Бірақ  $A$  капиталистің қазына жинай алатын бір ғана себебі, ол — өзінің қосымша өнімі жөнінде — тек қана сатушы ретінде көрінеді де, онан соң сатып алушы ретінде әрекет етпейді. Сөйтіп оның ақшаға айналуға тиісті қосымша құнының тұлғасы — қосымша өнімді дәйекті түрде өндіру оның қазына жинауының алғышарты болып табылады. Бұл ретте, біз айна-

\* — қарызға берілетін капитал. *Ред.*

лысы I бөлімшенің шеңберінде ғана қарастырып отырған жерде, қосымша өнімнің, сондай-ақ осы қосымша өнімді қамтитын бүкіл өнімнің заттық формасы I бөлімшенің тұрақты капиталының бір элементі болады, яғни қосымша өнім өндіріс құрал-жабдықтар сияқты категорияға жатады. Осы қосымша өнімнен не шығатынын, яғни  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты сатып алушылардың қолында мұның қандай қызмет атқаратынын біз қазір көреміз.

Бірақ ең алдымен біз мынаны есте сақтауға тиіспіз:  $A$  капиталист өзінің қосымша құнының мөлшерінде айналыстан ақшаны қайтарып алып, мұны қазына формасында жинаса да, ол, екінші жағынан, айналысқа товар шығарады да, оның орнына басқа товар алмайды, соның нәтижесінде  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты капиталистер, өз тарапынан, айналысқа ақша салып, оның орнына тек қана товар алады. Бұл ретте осы товар өзінің заттық формасы жағынан да, өзінің қызметі жағынан да  $B$ ,  $B'$  сияқты капиталистердің тұрақты капиталына негізгі немесе айналмалы элемент ретінде кіреді. Соңғысы туралы біз қосымша өнімді сатып алушылар жайын,  $B$ ,  $B'$  сияқты капиталистер жайын қарастырған кезде толығырақ әңгіме етпекпіз.

Реті келгенде бұл жерде мынаны атап өтейік. Бұрынғыдай, жәй ұдайы өндірісті қарастырған кезде, бұл жерде біздің тағы да көретініміз, жылдық өнімнің түрлі құрамдас бөліктерінің айырбасы, яғни олардың айналысы (мұның өзі сонымен қатар капиталдың ұдайы өндірілуін де, оның бержағында мұның түрлі формаларда: тұрақты, өзгермелі, негізгі, айналмалы, ақша капиталы мен товарлы капитал формаларында қалпына келтірілуін де қамтуға тиіс) товарды жәй сатып алуды, мұны кейін сату ісімен толықтыруды, немесе товар сатуды, мұны кейін сатып алу ісімен толықтыруды есте керек етпейді, бұлай болған күнде, саяси экономияның, әсіресе физиократтар мен Адам Смиттен бергі жерде фритредерлік мектептің қабылдап жүргеніндей, тек бір товарды екінші бір товарға айырбастау ғана болар еді. Біздің білетініміз, егер негізгі капиталға бұрын бір рет шығын жұмсалған болса, бұдан кейін ол қызмет ететін уақыттың өн бойында жаңғыртылмай, ескі формада әрекет жасай беретін болса, онда оның құны бірте-бірте ақша түрінде іркіліп қалады. Біз жоғарыда көрдік, II  $c$  капиталының негізгі құрамдас бөлігін ауық-ауық жаңғыртып отыру (мұнда бүкіл II  $c$  капитал құны I  $(v+m)$  құнының элементтеріне айырбасталады), бір жағынан, II  $c$  капитал құнының бір бөлігін *жәй сатып алуды* керек етеді, ал мұның өзі негізгі ка-

питал ретінде ақша формасынан заттық формаға айналады, оның бержағында осы сатып алу ісіне  $I m$ -ді жәй сату сәйкес келеді, екінші жағынан, ол  $II c$  тарапынан *жәй сатуды*, ақша формасында іркіліп қалатын негізгі капитал құнының бөлігін (негізгі капиталдың тозған бөлігінің құнын) сатуды керек етеді, оның бержағында бұл сатуға  $I m$ -ді жәй сатып алу сәйкес келеді. Бұл ретте айырбастың дұрыс жүргізілуі үшін  $II c$  тарапынан жәй сатып алу құнының шамасы жағынан  $II c$  тарапынан жәй сатуға тең, сол сияқты  $I m$ -ді,  $II c$  I-бөлімін жәй сату  $II c$  2-бөлімін жәй сатып алуға тең деп ұйғару қажет (440-бет) \*. Әйтпесе жәй ұдайы өндірістің шырқы бұзылады; бір жақтағы жәй сатып алу екінші жақтағы жәй сатумен өтелуге тиіс. Дәл сол сияқты бұл жерде  $A, A', A''$  капиталистердің қазынасы болатын  $I m$  бөлігін жәй сату және  $B, B', B''$  капиталистер тарапынан, өз қазынасын үстеме өндіргіш капиталдың элементтеріне айналдыратын капиталистер тарапынан жәй сатып алу тең түсіп отырады.

Сатып алушының кейін нақ осындай құн сомасын сатушы ретінде әрекет етуі нәтижесінде тепе-теңдік орнайтындықтан, мұның керісінше, ақша сатып аларда мұны авансылаған және сатып алудан бұрын сатқан жаққа қайта оралады. Ал шынына келгенде товар айырбасының өзіндегі, жылдық өнімнің түрлі бөліктерін айырбастаудағы тепе-теңдік бір-біріне айырбасталатын товарлар құны сомаларының тепе-теңдігіне байланысты.

Бірақ тек бір жақты айырбастар, бір жағынан көптеген сатып алушылық, екінші жағынан көптеген сатушылық болатындықтан, — ал біз жылдық өнімнің капиталистік негіздегі қалыпты айырбасы осындай бір жақты метаморфозаларға себепкер болатынын көрдік, — бір жақты сатып алу сомасы мен бір жақты сату сомасы бірін бірі өтейді деп ұйғарған күнде ғана тепе-теңдік жүзеге асады. Товар өндірісі капиталистік өндірістің жалпылама формасы болып табылады, сондықтан бұған тән бір қасиет, мұнда ақша айналыс қаржысы ретінде ғана емес, сонымен қатар ақша капиталы ретінде де роль атқарады, сөйтіп осы өндіріс әдісіне тән қалыпты айырбас үшін белгілі бір жағдайлар жасайды, демек, жәй ұдайы өндірістің де, ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндірістің де қалыпты жүргізілуіне жағдайлар жасайды, — бұл жағдайлар ұдайы өндірістің шырқын бұзатын нақ сондай толып жатқан жағдайлар туғызады, нақ сондай толып жатқан дағдарыс мүмкіндіктерін туғызады, өйткені — бұл өндіріс стихиялы сипатта болып отырғанда — тепе-теңдіктің өзі кездейсоқ нәрсе.

\* — Осы томның 525—526-беттерін қараңыз. *Ред.*

Дәл сол сияқты біз мынаны көрдік: I *v* құн сомасын II *c* тиісті құн сомасына айырбастағанда, атап айтқанда II *c* үшін сайып келгенде II бөлімше жиынтық капиталисінің товары I бөлімше жиынтық капиталисінің тең сомадағы товар құнымен өтеледі, демек, II бөлімшенің жиынтық капиталисі өз товарын сатуды кейін I бөлімше жиынтық капиталисінің нақ сондай сомада құны бар товарын сатып алумен толықтырады. Осындай өтеу болып отырады; алайда I бөлімше мен II бөлімше капиталистерінің товарлары осылайша ауысып отырған кезде олардың өз арасында айырбас жасалмайды. Капиталистер, II *c* меншікшілері өз товарын I бөлімшенің жұмысшыларына сатады; жұмысшылар бұл капиталистерге товар сатып алушылар ретінде бір жақты қарсы тұрады, ал II *c* меншікшілері жұмысшыларға товар сатушылар ретінде бір жақты қарсы тұрады; осылайша қолға түсірген ақшасы бар II *c* меншікшілері I бөлімшенің жиынтық капиталисіне товар сатып алушылар ретінде бір жақты қарсы тұрады, ал I бөлімшенің жиынтық капиталисі оларға I *v* сомасында товар сатушы ретінде бір жақты қарсы тұрады. I бөлімше товарын осылай сату арқылы ғана сайып келгенде өзінің өзгермелі капиталын ақша капиталы формасында тағы да қайта өндіреді. Егер I бөлімшенің капиталы II бөлімшенің капиталына I *v* сомасында товар сатушы ретінде бір жақты қарсы тұратын болса, ол I бөлімшенің жұмысшыларына олардың товарын, яғни олардың жұмыс күшін сатып алушы ретінде бір жақты қарсы тұрады, ал егер I бөлімшенің жұмысшылары II бөлімшенің капиталисіне товар сатып алушы ретінде (атап айтқанда тіршілік заттарын сатып алушылар ретінде) қарсы тұратын болса, олар I бөлімшенің капиталисіне товар сатушылар ретінде, атап айтқанда өзінің жұмыс күшін сатушылар ретінде бір жақты қарсы тұрады.

I бөлімше жұмысшыларының жұмыс күшін үнемі ұсынып отыруы, I бөлімше товарлы капиталының бір бөлігінің осы бөлімшенің өзгермелі капиталының ақша формасына қайтадан айналуы, II бөлімше товарлы капиталының бір бөлігінің II *c* тұрақты капиталының заттық элементтерімен өтелуі — ұдайы өндірістің осы қажетті шарттарының бәрі өзара бір-біріне себепкер болады, бірақ өте шытырман процесс арқылы дәнекерлеседі, ал осы процестің өзінде бір-біріне тәуелсіз жүріп отыратын, бірақ өзара ұштасып жатқан үш түрлі айналыс процесі бар. Процестің осындай сан қилы болуы оның шырқын бұзатын нақ сондай көптеген негіз жасайды.

## 2) ҮСТЕМЕ ТҰРАҚТЫ КАПИТАЛ

Қосымша өнім, қосымша құнның тұлғасы, осы қосымша өнімді иемденуші I бөлімше капиталистеріне тегін түседі. Мұны алу үшін олар ақшасын да, товарын да ешқандай формада авансылап жатпайды. Аванс («avance») физиократтардың өздерінде-ақ өндіргіш капиталдың элементтері түрінде затқа айналған құнның жалпылама формасы болып табылады. Демек, I бөлімшенің капиталистері өздерінің тұрақты және өзгермелі капиталын ғана авансылайды. Жұмысшы өзінің еңбегі арқылы олардың тұрақты капиталын сақтап қана қоймайды, товар формасында жаңадан жасалған тиісті құн бөлігі арқылы олардың өзгермелі капитал бөлігін өтеп қана қоймайды, мұның үстіне жұмысшы өзінің қосымша еңбегі арқылы оларға қосымша өнім формасында болатын қосымша құн береді. Осы қосымша құнды үнемі сату арқылы олар қазына жинайды, потенциялы үстеме ақша капиталын жинайды. Бұл жерде қарастырылып отырған жағдайда бұл қосымша құн әуел бастан өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру құрал-жабдықтарынан құралады. Тек  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты капиталистердің (I бөлімше) қолында ғана бұл қосымша құн үстеме тұрақты капитал ретінде қызмет етеді, бірақ потенциялы түрде ол сатылудан бұрын-ақ,  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  капиталистердің (I бөлімше) қолында тұрғанда-ақ осындай болатын, ал енді бұл капиталистер қазына жинайды. Біз I бөлімше жағындағы ұдайы өндіріс құнының шамасын ғана алып қарағанымызда әлі де жәй ұдайы өндірістің шеңберінде боламыз, өйткені осы потенциялы үстеме тұрақты капиталды (қосымша өнімді) жасау үшін ешқандай үстеме капитал іске қосылған жоқ, жәй ұдайы өндіріс негізінде жұмсалған мөлшерден көбірек қосымша еңбек те іске қосылған жоқ. Мұндағы айырмашылық тек қолданылған қосымша еңбектің формасында ғана, оның ерекше тиімді сипатының нақты жаратылысында ғана. Мұның өзі II  $c$  орнына I  $c$  үшін арналған өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалды, тұтыну заттарын өндіретін құрал-жабдықтарға емес, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін құрал-жабдықтарға жұмсалды. Жәй ұдайы өндіріс тұсында I бөлімшенің бүкіл қосымша құны табыс ретінде жұмсалады, яғни түгелінен II бөлімшенің товарларына жұмсалады деп ұйғарылған-ды; демек, мұның өзі II  $c$  тұрақты капиталын заттық формасында өтеуге тиісті өндіріс құрал-жабдықтарынан ғана құралған болатын. Сөйтіп, жәй ұдайы өндірістен ұлғаймалы ұдайы өндіріске қадам жасау үшін I бөлімше өндірісі тұрақты капитал элементтерін II бөлімше үшін азырақ мөлшерде, ал I бөлімше үшін соншалық

көбірек мөлшерде жасай алатын болуға тиіс. Ылғи қиындықсыз жасала бермейтін бұл қадамды жеңілдететін нәрсе, I бөлімшенің кейбір өнімдері екі бөлімшеде де өндіріс құрал-жабдықтары бола алады.

Бұдан шығатын қорытынды, — егер мәселені құнның шама-сы тұрғысынан ғана алып қарайтын болсақ, — жәй ұдайы өндіріс шеңберінде ұлғаймалы ұдайы өндірістің материалдық негізі жасалады. Мұның өзі I бөлімше жұмысшыларының тікелей өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге, I бөлімшенің потенциялы үстеме капиталын жасауға жұмсалған жәй қосымша еңбегінен құралады. Демек,  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  капиталистердің (I бөлімше) тарапында — олардың ешбір капиталистік ақша жұмсамай-ақ жасалатын қосымша өнімін үнемі сату арқылы — потенциялы үстеме ақша капиталының жиналуы бұл жерде I бөлімшенің үстеп өндірілген өндіріс құрал-жабдықтарының жәй ақша формасы болып табылады.

Сонымен, потенциялы үстеме капиталдың өндірілуі біздің жағдайда (өйткені оның бұдан басқаша жолмен де жасалуы мүмкін екенін біз төменде көреміз) түптеп келгенде нақ өндіріс процесінің көрінісін бейнелейді: бұл — белгілібір формадағы өндіріс, — өндіргіш капитал элементтерінің өндірісі.

Демек, кең көлемде — айналыс саласының көптеген пунктерінде — потенциялы үстеме ақша капиталын өндіру дегеніміз потенциялы үстеме өндіргіш капиталды жан-жақты өндірудің нәтижесі мен көрінісінен басқа түк те емес, ал нақ осы капиталды жасау үшін өнеркәсіп капиталистері тарапынан ешқандай үстеме ақша жұмсаудың қажеті жоқ.

$A$ ,  $A'$ ,  $A''$  сияқты капиталистердің (I бөлімшенің) ылғи осы потенциялы үстеме өндіргіш капиталды потенциялы ақша капиталына (қазынаға) айналдыруы, осы капиталистердің қосымша өнімін ылғи сатумен байланысты, — демек, товар сатушылықтың бір жақты қайталануымен, оған қосымша сатып алушылықтың болмауымен байланысты, — бұл өзгеріс айналыстан ақшаны қайтарып алып, тиісінше қазына жинау арқылы болып отырады. Осылайша қазына жинаудың өзі, — сатып алушы алтын кәсіпкері болатын кезді былай қойғанда, — асыл металдар түрінде қосымша байлық көзін жасауды әсте керек етпейді, мұның өзі бұған дейін айналыста болып келген ақшаның қызметін өзгертуді ғана керек етеді. Бұл ақша мұның алдында ғана айналыс қаржысы ретінде қызмет еткен болса, енді қазына ретінде, жиналып жатқан, потенциялы жаңа ақша капиталы ретінде қызмет етеді. Демек, үстеме ақша капиталының жасалуы мен елдегі асыл металл санының арасында ешқандай себепті байланыс жоқ.



Бұдан шығатын тағы бір қорытынды: белгілібір елде әрекет етуші өндіргіш капитал (бұған қосымша өнімді өндіруші жұмыс күшін де қоса есептегенде) неғұрлым көп болса, еңбектің өндіргіш күші неғұрлым көбірек өсіп-жетілген болса, демек, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін тезірек ұлғайту үшін керекті техникалық құралдар неғұрлым көбірек өсіп-жетілген болса, демек, қосымша өнімнің аумағы өзінің құны жағынан да, өзін бейнелейтін тұтыну құндарының саны жағынан да неғұрлым көп болса,

1)  $A, A', A''$  сияқты капиталистердің қолдарында қосымша өнім формасындағы потенциялы үстеме өндіргіш капитал соғұрлым көп,

2)  $A, A', A''$  капиталистердің қолында ақшаға айналған осындай қосымша өнім аумағы, демек, потенциялы үстеме ақша капиталының аумағы соғұрлым көп. Сөйтіп, мәселен, Фуллартон кәдімгі мағынадағы асыра өндіру жайында тыңдағысы да келмегеніммен, капиталды, атап айтқанда ақша капиталын асыра өндіруді құптап отырған болса, мұның өзі тіпті таңдаулы буржуазиялық экономистердің де өз системасының тетігі жөнінде мүлде ештеңе түсінбейтінін тағы да дәлелдейді.

Егер  $A, A', A''$  капиталистер (I бөлімше) тікелей өндіріп, иемденетін қосымша өнім капитал жинаудың, яғни ұлғаймалы ұдайы өндірістің нақты базисы болса,— дегенмен ол осы рольде  $B, B', B''$  сияқты капиталистердің (I бөлімше) қолында ғана қызу әрекет жасамақ,— онда, керісінше, өзінің ақша бейнесінде, қазына ретінде, енді ғана бірте-бірте жасалып жатқан потенциялы ақша капиталы ретінде,— ол мүлде өнім бермейді және осы формада өндіріс процесімен қатар қимылдағанымен, одан тысқары жатады. Ол — капиталистік өндірістің өлі жүгі («dead weight»). Қазына формасында жиналатын осы қосымша құнды әрі пайда табу, әрі «табыс» алу мақсатымен потенциялы ақша капиталы түрінде қолдануға құштарлық кредит системасы мен «қағаздардан» \* қанағат табады. Осының арқасында ақша капиталы басқаша формада капиталистік өндіріс системасының барысы мен қарыштап өркендеуіне зор әсер етеді.

Қосымша өнімнің шығарылуына себепкер ретінде әрекет етуші капиталдың жалпы сомасы неғұрлым көп болса, потенциялы ақша капиталына айналған сол қосымша өнімнің аумағы соғұрлым көп болады. Бірақ жыл сайын қайта өндірілетін потенциялы ақша капиталының мөлшері тым көбейіп

\* Бұл жерде бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, т. с.) жайында айтылып отыр. *Ред.*

кеткенде оның туындауы да оңайлау болады да, оны айрықша кәсіпорынға жұмсауға мүмкіндік туады, оның бержағында бұл кәсіпорын бәз-баяғы бір капиталистің қолында бола ма, әлде басқаларының (мәселен, мұраны, т. т. бөлген ретте оның семья мүшелерінің) қолында бола ма, оның бәрібір. Бұл жерде ақша капиталының туындауы дегенді оның бастапқы капиталдан мүлде бөлініп шығуы және жаңа ақша капиталы ретінде дербес жаңа кәсіпорынға жұмсалуды мағынасында түсіну керек.

Егер қосымша өнімді сатушылар,  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  сияқты капиталистер (I бөлімше) бұл өнімді алғанда, жәй ұдайы өндіріс тұсында да болатынындай, тұрақты капитал мен өзгермелі капиталға авансылаудан басқа келесі айналыс әрекеттерін керек етпейтін өндіріс процесінің тікелей нәтижесі ретінде алған болса, егер олар, бұдан кейін, ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс үшін осылайша нақты базис жасап, іс жүзінде потенциялы үстеме капитал өндіретін болса онда, керісінше,  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты капиталистердің (I бөлімше) жағдайы басқаша. 1)  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  сияқты капиталистердің қосымша өнімі тек осылардың қолында ғана үстеме тұрақты капитал ретінде қызу әрекет ететін болады (біз өндіргіш капиталдың екінші бір элементін, жұмыс күшін, демек, үстеме өзгермелі капиталды, әзірінше былай қоя тұрамыз), 2) қосымша өнім осылардың қолына келіп түсуі үшін айналыс әрекеті керек болады. Бұлар осы қосымша өнімді сатып алуға тиіс.

Бұл жерде 1) пункт жөнінде мынаны ескерту керек:  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  капиталистер (I бөлімше) өндірген қосымша өнімнің (потенциялы үстеме тұрақты капиталдың) дені үстіміздегі жылы өндірілгенімен  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  капиталистердің (I бөлімше) қолында өнеркәсіп капиталы ретінде тек келесі жылы ғана немесе тіпті одан да кеш қызу әрекет ете алады, 2) пункт жөнінде осы айналыс процесі үшін қажетті ақша қайдан алынады деген сұрақ туады.

$B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты капиталистер (I бөлімше) өндірген өнімдер нақ сол өндіріс процесіне қайтадан *in natura* енетіндігі өзінен өзі түсінікті, қосымша өнімінің бір бөлігі *pro tanto* тікелей (айналыстың көмегінсіз) олардың өндіргіш капиталына көшіріледі де, оған тұрақты капиталдың үстеме элементі ретінде кіреді. Бірақ *pro tanto* олар  $A$ ,  $A'$  сияқты капиталистердің (I бөлімше) қосымша өнімін ақшаға айналдырушы капиталистер емес. Егер мұны былай қоятын болсақ, онда ақша қайдан алынады? Біздің білетініміз,  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  т. с. капиталистер (I бөлімше)  $A$ ,  $A'$ , т. с. капиталистер сияқты өз қазынасын тиісті қосымша өнімдерін сату арқылы жинады да, енді мақсатына

жетті: енді олардың қазына формасында жиналған, әзірінше тек потенциялы ақша капиталы іс жүзінде үстеме ақша капиталы ретінде қызмет етуге тиіс. Бірақ біз әлі де айнала-төңіректе ғана жүрміз. Ертеректе *B* тобындағы капиталистер (I бөлімше) айналыстан алып, қорға жинаған ақша қайдан алынады деген мәселе бұрынғы күйінде қалып қойып отыр. Алайда жәй ұдайы өндірісті зерттеудің өзінен-ақ біздің білетіміз I және II бөлімше капиталистерінің қолында белгілі мөлшерде олардың қосымша өнімін айырбастауға арналған ақша болуға тиіс. Жәй ұдайы өндіріс тұсында тұтыну заттарына жұмсалатын табыс ретіндегі ақша капиталистер өздерінің тиісті товарларын айырбастау үшін авансылаған мөлшерде олардың өздеріне қайта оралатын, ұлғаймалы ұдайы өндіріс тұсында нақ осы ақша тағы да пайда болады, бірақ мұның қызметі өзгерген. *A* мен *B* тобындағы капиталистер (I бөлімше) қосымша өнімді потенциялы үстеме ақша капиталына айналдыру үшін алма-кезек ақша береді де, жаңадан жасалған ақша капиталын сатып алу қаржысы ретінде тағы да алма-кезек айналысқа шығарады.

Мұндағы бірден-бір жорамал мынадай: елдегі ақшаның саны (айналыс шапшаңдығы, т. т. өзгеріссіз деп танылады) белсенді айналыс үшін де, запас қазына жасау үшін де жеткілікті, демек, мұның өзі, жоғарыда көргеніміздей, жәй товар айналысы тұсында да жүзеге асуға тиісті жорамал. Тек жиналған қазынаның қызметі мұнда басқаша. Оның үстіне, нақты ақшаның саны көбірек болуға тиіс: 1) өйткені капиталистік өндіріс тұсында өнім атаулы товар ретінде өндіріледі, демек, ол ақша бейнесіне түсуге тиіс (тек жаңадан өндірілген асыл металдар және өндірушінің өзі тұтынатын біршама аздаған өнімдер бұған жатпайды); 2) өйткені капиталистік негізде товарлы капиталдың аумағы мен оның құнының шамасы мүлде артық екені былай тұрсын, сонымен қатар ол әлдеқайда шапшаң өседі; 3) барған сайын көбейе түсетін өзгермелі капитал үнемі ақша капиталына айналып отыруға тиіс; 4) өйткені жаңа ақша капиталдарының өсуі өндірістің ұлғаюымен қатар жүріп отыруға тиіс, демек, бұларды қазына формасында жинауға керекті материал да қолда болуы керек.— Егер мұның бәрі, қайткенмен де, капиталистік өндірістің бірінші кезеңі үшін, кредит системасы да көбінесе металл айналысымен қатар жүретін кезең үшін дұрыс дейтін болсақ, онда мұның өзі кредит системасының өте-мөте өркендеген кезеңі үшін де дұрыс болады, өйткені оның базисі металл айналысы болып қалады. Бір жағынан, асыл металдарды үстеп өндіру алма-кезек біресе өсіп, біресе кеміп отыратындықтан, мұның өзі біршама

ұзақ уақыт бойына ғана емес, өте қысқа мерзімдер ішінде де товар бағасының шырқын бұзуы мүмкін, екінші жағынан, кредиттің бүкіл тетігі үнемі мынаған бағытталған: ол эралуан операциялар, айла-тәсілдер, техникалық әдістер арқылы шынайы металл айналысын барған сайын біршама азайта түсуді көздейді, осының нәтижесінде бүкіл механизмнің жасандылығы тиісінше өседі де, оның қалыпты бағдарын бұзу мүмкіндігі молая береді.

Потенциялы жаңа ақша капиталы әрекет ете бастайтын  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты түрлі капиталистер (I бөлімде) өз өнімдерін (қосымша өнімнің бір бөлігін) бір-бірінен сатып алып, бір-біріне сата алады. Істің беталысы дұрыс болған жағдайда қосымша өнімнің айналысына авансыланған ақша  $B$  тобындағы түрлі капиталистерге *pro tanto* қайта оралады, олар өздерінің тиісті товарларының айналысына қанша ақша аванстаған болса, сол пропорцияда қайта оралады. Егер ақша төлем қаржысы ретінде айналатын болса, онда төлемдердің баланстағы айырмасын ғана төлеуге тура келеді, өйткені өзара сатып алу мен сату бірін бірі өтемейді. Бірақ қай жерде болса да, біздің осы арада істеп отырғанымыздай, алғашында ең қарапайым, ең бастапқы формада металл айналысы болады деп ұйғару қажет, өйткені осының нәтижесінде ақшаның ағылып келуі мен қайтып кетуі, баланстағы айырманы өтеу, қысқасы, кредит системасы тұсында саналы түрде реттеліп отыратын нәрселердің бәрі мұнда кредит системасынан тәуелсіз әрекет етеді де, істің жайы ең соңғы, бейнелеулі формасында емес, бастапқы формасында көрінеді.

### 3) ҮСТЕМЕ ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ

Енді біз үстеме өзгермелі капиталды алып қарауға кірісуге тиіспіз, өйткені бізде осы күнге дейін тек үстеме тұрақты капитал туралы ғана әңгіме болып келді.

I кітапта капиталистік өндіріс негізінде әрқашан да артық-басты жұмыс күшінің болатын себебі және қажет болған жағдайда істеуші жұмысшылардың санын немесе жұмыс күшінің мөлшерін арттырмай-ақ еңбекті қалайша көбірек іске қосуға болатыны толық баяндалған-ды. Сондықтан бұл жерде бұған тағы да тоқталып жатудың қажеті жоқ, енді біз, мұның керісінше, жаңадан жасалған ақша капиталының өзгермелі капиталға айналатын бөлегі әрқашан да жұмыс күшін тауып, соның бейнесіне енеді деп ұйғаруға тиіспіз. Сонымен қатар I кітапта қайсыбір капиталдың қор жинамай-ақ белгілібір шеңберде өз өндірісінің көлемін қалайша арттыратындығы да

баяндалған болатын. Бірақ бұл жерде өзінің төл мағынасындағы капитал қоры туралы әңгіме болып отыр, өйткені өндірістің ұлғаюы қосымша құнның үстеме капиталға айналуына байланысты, демек, мұның өзі өндірісті жүргізуге негіз болатын бүкіл капиталдың көбеюіне де байланысты.

Алтын өндіруші өзінің қосымша құнының біраз бөлігін алтын формасында потенциалы ақша капиталы ретінде жинай алады; соңғы капитал қажетті мөлшерге жетті дегенше-ақ ол мұны тікелей жаңа өзгермелі капиталға айналдыра алады, бұл үшін ол өзінің қосымша өнімін алдын ала сатып әуре болмайды; дәл сол сияқты ол осы потенциалы ақша капиталын тұрақты капитал элементтеріне айналдыра алады. Алайда бұл ретте ол өзінің тұрақты капиталының осы заттық элементтерін нақты күйінде табуға тиіс, оның бержағында әрбір өндіруші, біздің бұдан бұрынғы баяндауымызда ұйғарғанымыздай, запас үшін істей ме, яғни әуелі товарын қоймаға жинап, онан соң даяр товарларын рынокқа шығара ма, әлде заказбен жұмыс істей ме, мұның бәрібір. Мұның екеуінде де өндіріс нақты ұлғайтылады деп ұйғарылады, яғни қосымша өнім бар деп ұйғарылады, мұның өзі бірінші жағдайда шынында да қолда болады, ал екінші жағдайда потенциалы түрде бар, қолға түсуі мүмкін деп есептеледі.

## II. ЕКІНШІ БӨЛІМШЕДЕГІ ҚОР ЖИНАУ

Бұған дейін біз  $A$ ,  $A'$ ,  $A''$  капиталистер (I бөлімше) өзінің қосымша өнімін нақ сол бөлімшедегі  $B$ ,  $B'$ ,  $B''$  сияқты капиталистерге сатады деп ұйғардық. Ал енді  $A$  капиталист (I бөлімше) өзінің қосымша өнімін II бөлімшедегі  $B$  капиталиске сату арқылы оны ақшаға айналдырады дейік. Бұл жағдай  $A$  капиталист (I бөлімше)  $B$  капиталиске (II бөлімше) өндіріс құрал-жабдықтарын сатып, кейін тұтыну заттарын сатып алмаған күнде ғана, демек, мұның тарапынан тек бір жақты сату нәтижесінде ғана болуы мүмкін. II  $c$  товарлы капитал формасынан өндіргіш тұрақты капиталдың заттық формасына тек мына жағдайда ғана, I  $v$  үстіне, ең болмағанда, I  $m$ -нің біраз бөлігі де тұтыну заттары формасындағы II  $c$ -тің біраз бөлігіне айырбасталған күнде ғана айнала алады; ал енді  $A$  капиталист мұндай айырбас жасалмайтындықтан ғана өзінің I  $m$ -ін ақшаға айналдырып отыр; мұның керісінше, біздің  $A$  капиталист өзіндегі I  $m$ -ді сату арқылы II бөлімшеден түсірген ақшасын II  $c$  тұтыну заттарын сатып алуға жұмсамастан, айналыстан қайтарып алады; бұл ретте  $A$  капиталистің (I бөлімше) жағында потенциалы үстеме ақша капиталы құралғаны-

мен, екінші жақта *B* капиталистің (II бөлімше) құнының шамасы осыған тең тұрақты капитал бөлігі товарлы капитал формасында іркіліп қалады да, өндіргіш тұрақты капиталдың заттық формасына айнала алмайды. Басқаша айтқанда: *B* капиталист (II бөлімше) товарының бір бөлігі, онда да *prima facie\** керекті бөлігі өтпей қалады, ал мұны сатпайынша *B* капиталист (II бөлімше) өзінің бүкіл тұрақты капиталын қайтадан өндіргіш формаға айналдыра алмайды; сондықтан бұл бөлік жөнінде асыра өндіру орын алады да, мұның өзі тіпті өзгермейтін көлемдегі ұдайы өндіріс тұсында да товардың бұл бөлігін қайта өндіруді қиындатады.

Сонымен, бұл ретте *A* капиталист (I бөлімше) жағындағы потенциялы үстеме ақша капиталы ақша формасына түскен қосымша өнім (қосымша құн) бола тұрса да, қосымша өнім (қосымша құн), сол күйінде алып қарағанда, бұл ретте әлі де ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндірістің емес, жәй ұдайы өндірістің көрінісі болып табылады. I ( $v + m$ ) товары — әйтеуір  $m$ -нің біразы жөнінде осыны айтуға болады — сайып келгенде II  $c$ -ке айырбасталуға тиіс, сөйтіп II  $c$  ұдайы өндірісі өзгермейтін көлемде жүргізілетін болуы керек. *A* капиталист (I бөлімше) *B* капиталиске (II бөлімше) өзінің қосымша өнімін сату арқылы *B* капиталиске (II бөлімше) тұрақты капитал құнының тиісті бөлігін зат формасында берді, бірақ сонымен бірге ақшаны айналыстан алуы және өзінің сатуын кейін сатып алумен толықтырмауы себепті *B* капиталист (II бөлімше) товарының бір бөлігін, құны тең товарын сатуды мүмкін етпей тастады. Демек, егер біз I бөлімше мен II бөлімше капиталистерін бірдей қамтитын бүкіл қоғамдық өндірісті алатын болсақ, онда *A* капиталистің (I бөлімше) қосымша өнімін потенциялы ақша капиталына айналдыру мүмкіндігі *B* капиталистің (II бөлімше) құн шамасы тең товарлы капиталын қайтадан өндіргіш (тұрақты) капиталға айналдырудың мүмкін еместігін көрсетеді, демек, бұл өзгеріс ұлғайтылған көлемдегі өндірістің мүмкіндігін емес, жәй ұдайы өндірістің шырқы бұзылғанын көрсетеді, демек, жәй ұдайы өндіріс тұсында тапшылықтың бар екенін көрсетеді. *A* капиталистің (I бөлімше) қосымша өнімінің жасалуы мен сатылуының өзі жәй ұдайы өндірістің қалыпты көріністері болғандықтан, біз бұл жерде, жәй ұдайы өндірістің негізінде-ақ, мынадай өзара байланысты құбылыстарды байқаймыз: I бөлімшеде потенциялы үстеме ақша капиталының жасалуы (сондықтан II бөлімше тұрғысынан тұтынудың кем болуы); II бөлімшеде

\* — ең алдымен. *Ред*

товар запастарының бөгеліп қалуы, бұлардың қайтадан өндірігіш капиталға айнала алмауы (демек, II бөлімшеде біршама асыра өндірушіліктің болуы); I бөлімшеде ақша капиталының артылып қалуы және II бөлімшедегі ұдайы өндіріс тұсында тапшылықтың болуы.

Бұл пунктке ендігі жерде тоқталып жатпастан, біз тек мынаны атап өтпекшіміз: жәй ұдайы өндірісті суреттегенде I және II бөлімшелердің бүкіл қосымша құны табыс ретінде жұмсалады деп ұйғарылған болатын. Бірақ шындығында қосымша құнның бір бөлігі табыс ретінде жұмсалады да, екінші бөлігі капиталға айналады. Тек осылай ұйғарғанда ғана шын қор жинау болады. Қор жинау тұтыну есебінен жасалады деген пікірдің өзі, осындай жалпы формада алып қарағанда, капиталистік өндірістің мәніне қайшы келетін жалған үміт болады, өйткені мұның өзі капиталистік өндірістің мақсаты мен талпындырғыш себебі қосымша құн алу және оны капиталдандыру, яғни қор жинау емес, тұтыну дегенге саяды.

Енді II бөлімшедегі қор жинауды біраз толығырақ талдап көрейік.

II с жөніндегі, яғни оның II бөлімше товарлы капиталының құрамдас бөлігінен II бөлімше тұрақты капиталының заттық формасына қайтадан айналуы жөніндегі бірінші қиыншылық жәй ұдайы өндіріске байланысты. Бұрынғы схеманы алайық:

$$(1\ 000\ v + 1\ 000\ m)\ I$$

2 000 II с-ке айырбасталады.

Егер, мәселен, I бөлімшенің қосымша құнының жартысы, яғни  $\frac{1000}{2}m$  немесе 500 I m, тұрақты капитал ретінде I бөлімшеге

қайтадан енгізілетін болса, онда қосымша құнның I бөлімшеде ұсталып қалған бұл бөлігі II с-тің бірде-бір бөлігін өтей алмайды. Тұтыну заттарына айналу орнына (ал бұл жерде, I және II бөлімшелер арасындағы осы айналыс саласында, — 1 000 II с-ті 1 000 I v-ге айырбастау арқылы, I бөлімше жұмысшыларының қатысуымен жасалатын айырбас арқылы өтеуден өзгеше, — шын мәнісінде өзара айырбас жасалады, демек, екі жақты товар ауыс-түйісі болады) осы I m бөлігі I бөлімшенің өзінде үстеме өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қызмет етуге тиіс. Мұның өзі бұл қызметті I және II бөлімшеде бір мезгілде атқара алмайды. Капиталист өзінің қосымша өнімінің құнын тұтыну заттарына жұмсай алмайды және сонымен қатар қосымша өнімнің өзін өндірмелі түрде тұтына алмайды, яғни мұны өзінің өндірігіш капиталына қоса

алмайды. Сонымен, 2 000 II с-ке айырбастау үшін 2 000 I ( $v+m$ ) орнына тек 1 500, атап айтқанда ( $1\,000v+500m$ ) I келіп түседі, демек 500 II с өзінің товар формасынан II бөлімшенің өндіргіш (тұрақты) капиталына айнала алмайды. Сөйтіп, II бөлімшеде асыра өндіру орын алар еді де, өзінің мөлшері жағынан бұл I бөлімшеде жасалған өндірісті ұлғайту мөлшеріне дәл сәйкес келер еді. Бәлкім, II бөлімшедегі асыра өндірудің I бөлімшеге күшті әсер ететіні соншалық, тіпті I бөлімше жұмысшылары II бөлімшенің тұтыну заттарына жұмсаған 1 000 да тек ішінара қайта оралады, демек, бұл 1 000 өзгермелі ақша капиталы формасында I бөлімше капиталистерінің қолына толық қайтпайды. Ұдайы өндірісті ұлғайту жөнінде бір ғана әрекет жасағанның өзінде бұлар үшін тіпті бұрынғы көлемдегі ұдайы өндіріс те қиынға соғар еді. Мұнда мынаны еске алу керек: іс жүзінде I бөлімшеде тек жәй ұдайы өндіріс болды және оның элементтері, біздің схемада көрсетілгендей, келешекте, мәселен, келесі жылы ұлғайту мақсатымен тек басқаша жіктелген.

Бұл қиыншылықтан былайша аттап өтуге әрекеттенуге болар еді: капиталистердің қоймаларында жатқан және тікелей өндіргіш капиталға айналдыруға келмейтін 500 II с — әсте асыра өндірудің белгісі емес, қайта, ұдайы өндірістің қажетті элементі, біз осы күнге дейін еске алмай келген элементі. Біз ақша запасы көптеген пункттерде жиналуға тиіс екенін, демек, ақша айналыстан алынғанда ішінара I бөлімшенің өзінде жаңа ақша капиталын жинауға мүмкіндік жасау үшін, ішінара бірте-бірте тұтынылатын негізгі капиталдың құнын біраз уақыт ақша формасында сақтау үшін алынуға тиіс екенін көрдік. Бірақ схема жасалғанда барлық ақша мен барлық товар әуел бастан тек қана I және II бөлімше капиталистерінің қолында болады, мұнда көпестер де, ақша саудагерлері де, банкирлер де, тек қана тұтынумен болып, товар өндіруге тікелей қатыспайтын таптар да жоқ деп ұйғарылатындықтан, ұдайы өндіріс тетігі үздіксіз әрекет етуі үшін мұнда товар запастары тиісті өндірушілердің өздерінде үнемі жасалып отыруы қажет. Демек, II бөлімше капиталистерінің қоймаларында жатқан 500 II с — тұтыну заттарының товар запасы, мұның өзі ұдайы өндіріс ұйғаратын тұтыну процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді, демек, осы запас бұл ретте бір жылдан екінші жылға өтуді қамтамасыз етеді. Оның бер жағында әлі де өзінің сатушыларының және сонымен бірге өндірушілерінің қолындағы тұтыну қоры биылғы жылы нольге дейін азаюы мүмкін емес, келесі жыл нольден басталарлықтай болып азаю мүмкін емес,— дәл сол сияқты, бүгінгі күн-



нен ертеңгі күнге өтерде бұлай болуы мүмкін емес қой. Мөлшері өзгеріп отырғанымен, мұндай товар запастары үнемі қайтадан жасалып отыруы керек, сондықтан II бөлімшедегі біздің капиталист өндірушілердің қарамағында ақша капиталының запасы болуға тиіс, ал мұның өзі, олардың өндіргіш капиталының бір бөлігі товар формасында уақытша бөгеліп қалғанына қарамастан, олардың өндіріс процесін үздіксіз жүргізе беруіне мүмкіндік жасарлықтай болуы қажет. Өйткені, жорамал бойынша, олар өз қолындағы сауда ісін өндіріс ісімен толық ұштастырып отырады ғой, демек, олардың қарамағында мынадай да үстеме ақша капиталы болуға тиіс: бұл капитал ұдайы өндіріс процесінің жеке қызметтері түрлі категориядағы капиталистердің қызметтері ретінде оқшауланып шыққан кезде көпестердің қолында болады.

Бұған қарсы мынадай пікір айту керек: 1) Осындай запастардың жасалуы мен қажеттігі барша капиталистер үшін — I бөлімше капиталистері үшін де, II бөлімше капиталистері үшін де маңызды. Жәй товар сатушылар ретінде алып қарағанда, олардың бір-бірінен айырмасы әр түрлі товар сататындығында ғана. II бөлімшеде товар запасының болуы бұдан бұрын I бөлімшеде товар запасының болғанын аңғартады. Біз бір жағының осындай запасын еске алмайтын болсақ, онда екінші жағының да запасын еске алмауымыз керек. Біз екі жағының запасын еске алған күнде де проблема ешбір өзгермейді.— 2) Егер II бөлімшеде үстіміздегі жыл келесі жылға арналған товар запасымен аяқталатын болса, онда мұның өзі II бөлімшеде былтырғы жылдан ауысқан товар запасымен басталған болып шығады. Демек, ең абстрақтылық түрге келтірілген жылдық ұдайы өндірісті талдағанда біз мұның екеуінде де товар запасын өшіріп тастауға тиіспіз. Егер біз бүкіл өндірісті, демек, жылдық өнімнің келесі жылға товар запасы ретінде ауысатын бөлігін де үстіміздегі жылға жатқызатын болсақ, ал, екінші жағынан, осы товар запасынан бұрнағы жылдан алынған товар запасын шығарып тастайтын болсақ, онда біз осы арқылы өзіміз талдайтын нәрсе ретінде бүкіл орташа жылдық өнімді шынында да көретін боламыз.— 3) Жәй ұдайы өндірісті зерттегенде біздің мұндай қиыншылыққа кездеспеуіміз, енді мұны арылтуға тура келіп отыруы, бұл қарапайым жағдай мынаны дәлелдейді: біз мұнда мүлде ерекше құбылысты көріп отырмыз, ал мұның өзі бар болғаны I бөлімшедегі өнім элементтерінің (ұдайы өндіріс жөнінде алғанда) өзгеше жіктелуінен туады, бұл жіктелудің өзгеретіні сондай, мұнсыз ұлғайтылған көлемдегі ешқандай ұдайы өндірістің болуы әсте мүмкін емес.

### III. ҚОР ЖИНАУДЫҢ СХЕМАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Енді біз ұдайы өндірісті мынадай схема бойынша алып қарайық:

$$\text{Схема а) } \left. \begin{array}{l} \text{I. } 4\,000\,c + 1\,000\,v + 1\,000\,m = 6\,000 \\ \text{II. } 1\,500\,c + 376\,v + 376\,m = 2\,252 \end{array} \right\} \text{Сомасы} = 8\,252$$

Ең алдымен мынаны ескерте кетейік: жылдық қоғамдық өнімнің жалпы сомасы, = 8 252, бірінші схемадағыдан аз, онда бұл = 9 000 болатын. Біздің тіпті бұдан анағұрлым көп соманы алуымызға, мәселен, мұны он есе арттыруымызға болар еді. Біз бірінші схемадағыдан аз сома алғанда дәл мынадай мақсатты — ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс (біз бұл жерде мұны тек көбірек капиталмен жүргізілетін өндіріс деп қана түсінеміз) өнімнің абсолюттік шамасымен ешбір байланысты емес екенін, мұның өзі белгілібір мөлшердегі товар үшін белгілібір өнімнің түрлі элементтерін басқаша орналастыруды немесе олардың басқаша қызмет атқаруын ғана керек ететінін, демек, құнының шамасы жағынан алғанда мұның өзі алғашында тек қана жәй ұдайы өндіріс екенін айқын көрсету мақсатын көздедік. Алғашында жәй ұдайы өндірістің белгілібір элементтерінің саны емес, сапалық қызметі өзгереді, сондықтан мұндай өзгеріс ұлғайтылған көлемдегі келесі ұдайы өндірістің материалдық алғышарты болып табылады<sup>58</sup>).

Біз өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың арасындағы қатынасты өзгертіп, бұл схеманы басқаша көрсетуімізге де болады; мәселен, былайша:

$$\text{Схема б) } \left. \begin{array}{l} \text{I. } 4\,000\,c + 875\,v + 875\,m = 5\,750 \\ \text{II. } 1\,750\,c + 376\,v + 376\,m = 2\,502 \end{array} \right\} \text{Сомасы} = 8\,252$$

Бұл түрінде схема жәй ұдайы өндіріске арналып жасалған болып шығар еді, сөйтіп бүкіл қосымша құн қор ретінде жиналмай, табыс ретінде жұмсалып кетер еді. Мұның екеуінде де, а) схемасында да, б) схемасында да, жылдық өнім құнының мөлшері бірдей екенін көреміз, тек б) жағдайында оның элементтерінің өз қызметтеріне қарай жіктелетіні сондай, бұрынғы көлемдегі ұдайы өндіріс бұрынғы көлемде қайтадан басталады, ал а) жағдайында ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс үшін материалдық базис жасалады. Атап айтқанда: б) схемасында  $(875\,v + 875\,m)I = 1\,750\,I(v + m)$  қалдықсыз

<sup>58</sup>) Мұның өзі капиталдың қорлануы жөнінде Джемс Милль мен С. Бейлидің арасында туған, I кітапта басқаша тұрғыдан алып қаралған (XXII тарау, 5, 634-бет, 65-ескерту<sup>62</sup>) таласты, атап айтқанда, өнеркәсіп капиталының шамасы өзгермей тұрғанда оның әрекеті кең өріс алатындығы жайындағы таласты біржолата бітіреді. Бұған кейін қайта оралу керек.

1 750 II с-ке айырбасталады, ал а) схемасында  $(1\ 000 v + 1\ 000 m) I = 2\ 000 I(v + m)$  мен 1 500 II с айырбасында I бөлімшеде қор жинау үшін 500 I *m* артылып қалады.

Енді а) схемасын неғұрлым толығырақ талдауға көшейік. Айталық, I бөлімшеде болсын, II бөлімшеде болсын қосымша құнның жартысы табыс ретінде жұмсалмай, қорға жиналады, яғни үстеме капитал элементіне айналады дейік. 1 000 I *m* жартысы = 500 белгілі бір формада жиналуға, үстеме ақша капиталы ретінде қолданылуға тиіс, яғни үстеме өндіргіш капиталға айналуға тиіс, сондықтан тек  $(1\ 000 v + 500 m)$  I ғана табыс ретінде жұмсалады. Сондықтан мұнда да II с қалыпты шамасы ретінде небәрі 1 500 көрініп отыр. 1 500 I  $(v + m)$  мен 1 500 II с айырбасын зерттеп жатудың қажеті жоқ, өйткені бұл айырбас жәй ұдайы өндірістің процесі ретінде бұрын қаралған болатын, дәл сол сияқты 4 000 I с жайын қарастырып жатудың да қажеті жоқ, өйткені оның жаңадан басталатын ұдайы өндіріске (бұл жолы ұлғаймалы көлемде жүргізілетін ұдайы өндіріске) орай жаңаша орналасуын да біз жәй ұдайы өндіріс процесі ретінде алып қарағанбыз.

Сонымен, бізге мұнда тек 500 I *m* мен  $(376v + 376 m)$  II жайын ғана зерттеу керек болады, өйткені бұл ретте, бір жағынан, I бөлімшедегі, сондай-ақ II бөлімшедегі ішкі қатынастар, ал екінші жағынан, осы екеуінің арасындағы қозғалыс қаралады. II бөлімшеде де қосымша құнның жартысы қорға жиналуға тиіс деп жорамалданатындықтан мұнда 188 мөлшер капиталға айналуға тиіс, оның ішінде өзгермелі капитал  $\frac{1}{4}$ —47; өзгермелі капиталға айналатыны, долбарлап алғанда, айталық, 48, ал қалған 140 тұрақты капиталға айналуға тиіс.

Мұнда біз жаңа проблемаға келіп килігеміз, ал бұл проблеманың болуының өзі товардың бір түрі екінші түрдегі товарға айырбасталады немесе, дәл сол сияқты, товар ақшаға айырбасталады, ал бұл ақша қайтадан екінші түрдегі товарға айырбасталады дейтін кәнігі ұғым үшін ғажап көрінуге тиіс. Осы 140 II *m*-нің өндіргіш капиталға айнала алатын бір ғана себебі — ол I *m* товарының нақ сонша құны бар бөлігімен өтеледі. Өзінен өзі түсінікті, II *m*-ге айырбасталатын I *m* бөлігі өндіріс құрал-жабдықтарынан құралуға тиіс, бұлар I бөлімшенің өндірісіне де, II бөлімшенің өндірісіне де ене алады, немесе тек қана II бөлімшенің өндірісіне енеді. Осылайша өтеудің өзін II бөлімшенің тарапынан бір жақты сатып алу арқылы ғана жүзеге асыруға болады, өйткені бізге келешекте әлі де зерттеуге тура келетін бүкіл қосымша өнім 500 I *m* I бөлімше шеңберінде қор жинау үшін арналуға тиіс, демек, мұның өзі II бөлімшенің товарына айырбастала алмайды, бас-

қаша айтқанда, I бөлімшенің капиталистері бұл қосымша өнімді бір мезгілде қор жинауға да, ішіп-жеуге де жұмсай алмайды. Демек, II бөлімше 140 I *m*-ді нақты ақшаға сатып алуға тиіс, оның бержағында бұл ақша оған келесі жолы өз товарын I бөлімшеге сату арқылы қайта оралмайды. Бірақ бұл процесс әрбір жаңа жылдық өндіріс тұсында үнемі қайталанып отырады ғой, өйткені мұның өзі ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс. Ал II бөлімшеде бұған керекті ақша қайдан табылмақ?

Мұның керісінше, II бөлімше, сірә, нағыз қор жинауға жол ашатын және капиталистік өндіріс тұсында соның шарты ретіндегі жаңа ақша капиталын жасау үшін мейлінше қолайсыз негіз болатын сияқты, оның бержағында іс жүзінде жаңа ақша капиталын жасаудың өзі алғашында жәй қазына жинау ретінде көрінеді.

Ең алдымен, біздің көретініміз 376 II *v* сомасы; жұмыс күшіне авансыланған 376 сома II бөлімшенің товарын сатып алу арқылы ақша формасындағы өзгермелі капитал ретінде II бөлімшенің жиынтық капиталисіне үнемі қайта оралып келеді. Ақшаның бастапқы пункттен, капиталистің қалтасынан — үнемі осылайша қайта-қайта алшақтап барып, оның өзіне қайтып келуіне осы толық айналымды жасаған ақшаның санын титтей де арттыра қоймайды. Демек, мұның өзі ақша жинаудың көзі емес; сонымен қатар потенциялы жаңа ақша капиталын, қазына ретінде жиналатын капиталды, құрастыру үшін бұл ақшаны әлгі айналыстан қайтарып алуға да болмайды.

Бірақ сабыр етіңізші! Бұдан ептеп бірер пайда түсіруге болмас па екен?

Біз мынаны ұмытпауымыз керек: II бөлімшенің I бөлімшеден бір артықшылығы — II бөлімшеде істейтін жұмысшылар өздері өндірген товарды осы бөлімшенің капиталистерінен қайтадан сатып алуға тиіс. II бөлімше жұмыс күшін сатып алушы және сонымен бірге осы бөлімшеде қолданылатын жұмыс күшінің иелеріне товар сатушы болып шығады. Демек, II бөлімшенің капиталистері:

1) — және мұның өзі оларға да, I бөлімшенің капиталистеріне де ортақ нәрсе — жалақыны тіке қалыпты орташа дәрежесінен де төмен түсіріп кеміте алады. Осының нәтижесінде өзгермелі капиталдың ақша формасы ретінде әрекет етуші ақшаның бір бөлігі босайды, сөйтіп осындай процесс үнемі қайталанып отыратын болса, мұның өзі II бөлімшеде қазына жасаудың қалыпты негізі, демек, потенциялы үстеме ақша капиталын жасаудың да негізі бола алар еді. Әрине, бұл жерде, қалыпты жолмен капитал құрастыру туралы әңгіме болып

отырған кезде, жұмысшыларды алдау арқылы түскен кездейсоқ пайдада біздің шаруамыз жоқ. Бірақ мынаны ұмытпау керек: шын төленетін қалыпты жалақы (*ceteris paribus*\* өзгермелі капиталдың шамасын анықтайтын жалақы) әсте капиталистердің қайырымдылығынан емес, белгілібір қатынастарда төленуге тиіс болғандықтан төленеді. Сөйтіп, бұлайша түсіндіру әдісі жоққа шығады. Егер біз II бөлімше жұмсауға тиісті өзгермелі капитал 376 *v* деп ұйғаратын болсақ, онда біз жаңадан туған проблеманы түсіндіру үшін II бөлімше 376 *v* емес, тек 350 *v* авансқа береді деген жорамалды кенеттен ұсына алмаймыз.

2) Бірақ, екінші жағынан, біздің жоғарыда айтқанымыздай, біртұтас тұлға ретінде алынып отырған II бөлімшенің I бөлімшесден бір артықшылығы бар: жұмыс күшін сатып алушы болумен қатар ол — өз жұмысшыларына өзінің товарын сатушы да. Бұл артықшылықты қалайша пайдалануға болады, — кәдімгі жалақы номиналдық мөлшерде қалай төленеді, ал шынында капиталистер оның бір бөлігін кері қайтарып алады, бұл ретте жұмысшыларға тиісті товарлық эквивалент бермейді, *alias*\*\* жұмысшыларды тонайды, мұны олар ішінара *truck sustem*\*\*\* қолдану жолымен, ішінара айналысқа жалған ақша шығару жолымен істейді (ал мұның өзі екінің бірінде заңның құрығынан құтылып кетіп жүр), — бұл жөнінде әрбір өнеркәсіпті елде мәселен, Англия мен Құрама Штаттарда, мүлде даусыз мәліметтер бар. (Бұл жөнінде бірнеше айқын мысалдар келтірген жөн). Бұл — дәл<sup>1)</sup> пункттегі сияқты операция, тек бүркемеленген және орағытпа жолмен жүзеге асырылып отырған операция. Демек, жоғарыда көрсетілген операция сияқты, мұны да қабылдамай тастау керек. Мұнда номиналдық емес, нақты төленетін жалақы әңгіме болып отыр.

Капиталистік механизмге объективтік анализ жасағанда оның бойындағы барып тұрған масқара таңбаларды теориялық қиыншылықтарды арылтудың амалы ретінде пайдаланудың қажеті жоқ екенін көріп отырмыз. Бірақ мені сынаушы буржуазиялық сыншылардың көпшілігі маған мәселен «Капиталдың» I кітабында, капиталист жұмыс күшінің нақты құнын төлейді деп ұйғару арқылы, — көбінесе ол бұлай етпейді, — нақ осы капиталист жөнінде әділетсіздік жасапты деп өршене байбалам салуда! (Маған телініп отырған «қайырымдылықпен» бұл жерде Шеффледен цитата келтіруге болады).

\* — басқа барабар жағдайларда. *Ред.*

\*\* — басқаша айтқанда. *Ред.*

\*\*\* — товар түрінде ақы төлеу системасын. *Ред.*

Сонымен, көрсетілген мақсат үшін 376 II *v* сомасынан дене шықпайды.

Бірақ 376 II *m* сомасы жөнінде, тәрізі, бұдан да көп қиыншылық туатын сияқты. Мұнда бәз-баяғы бір бөлімшенің капиталистері ғана бір-біріне қарсы тұрады, олар өздері өндірген тұтыну заттарын бір-біріне сатады және бір-бірінен сатып алады. Мұндай айырбас үшін қажетті ақша мұндай айналыс қаржысы ретінде ғана әрекет етеді және істің бағдары қалыпты болған жағдайда бұған қатысушылардың айналысқа шығарған авансыларының шамасына қарай оларға қайтып келуге, сөйтіп онан соң осы үйреншікті жолға үнемі қайта-қайта түсіп отыруға тиіс.

Потенциялы үстеме ақша капиталын жасау үшін бұл ақшаны айналыстан екі түрлі әдіспен ғана алуға болатын сияқты. Не II бөлімше капиталистерінің бір тобы капиталистердің екінші бір тобын алдайды да, осы арқылы ақшаны талап алады. Біздің білуімізше, жаңа ақша капиталын жасау үшін айналыстағы ақшаның санын алдын ала көбейтіп жатудың қажеті жоқ; бұл үшін белгілібір жақтан ақшаның айналыстан алынып, қазына ретінде жиналуынан басқа ешнәрсенің де керегі жоқ. Ақшаны ұрлап алуға болатындығы және сол себепті II бөлімше капиталистерінің бір тобында үстеме ақша капиталының жасалуы екінші жақтың ақшасынан тікелей айрылуымен байланысты екендігі, — бұл жағдай істің мәнін ешбір өзгерте алмайды. Бұл ретте II бөлімшенің алдауға түскен капиталистерінің сауық-сайранды азырақ жасауына тура келер еді, бар болғаны сол.

Не болмаса қажетті тіршілік заттарындағы II *m* бөлігі II бөлімше шеңберінде тікелей жаңа өзгермелі капиталға айналады. Мұның қалай болатынын біз осы тараудың аяғында (№ IV пунктте) зерттейміз.

### 1) БІРІНШІ МЫСАЛ

А) Жәй ұдайы өндіріс схемасы.

$$\left. \begin{array}{l} \text{I. } 4\,000\,c + 1\,000\,v + 1\,000\,m = 6\,000 \\ \text{II. } 2\,000\,c + 500\,v + 500\,m = 3\,000 \end{array} \right\} \text{Сомасы} = 9\,000.$$

В) Ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс үшін арналған бастапқы схема.

$$\left. \begin{array}{l} \text{I. } 4\,000\,c + 1\,000\,v + 1\,000\,m = 6\,000 \\ \text{II. } 1\,500\,c + 750\,v + 750\,m = 3\,000 \end{array} \right\} \text{Сомасы} = 9\,000.$$

В) схемасында I бөлімшенің қосымша құнының жартысы, яғни 500, қорға жиналады деп ұйғарған күнде біз ең алдымен мынаны көреміз:  $(1\ 000\ v + 500\ m)I$ , яғни  $1\ 500\ I(v + m)$   $1\ 500\ II\ c$  арқылы өтелуге тиіс; бұлай болған күнде I бөлімшеде  $4\ 000\ c + 500\ m$  қалады, мұның соңғысы қор ретінде жиналуға тиіс.  $(1\ 000\ v + 500\ m)$  I мөлшерін  $1\ 500\ II\ c$  арқылы өтеу жәй ұдайы өндіріс процесі болып табылады және мұның мәнісін осы процесті зерттегенде түсіндіргенбіз.

Айталық, 500 I  $m$ -нен 400 тұрақты капиталға, 100 өзгермелі капиталға айналуға тиіс дейік. Сөйтіп, капиталдандыруға жататын осы 400  $m$ -нің I бөлімше шеңберінде айырбасталуын жоғарыда қарастырып өткенбіз; демек, осы 400  $m$ -ді онан әрі түсіндіріп жатпай-ақ I  $c$ -ке қосуға болады, сонда I бөлімшеде былай болып шығады:

$4\ 400\ c + 1\ 000\ v + 100\ m$  (100  $m$  100  $v$ -ге айырбасталуға тиіс).

Өз тарапынан, II бөлімше қор жинау мақсатымен I бөлімшеден осы 100 I  $m$ -ді (өндіріс құрал-жабдықтары түрінде) сатып алады, мұның өзі енді II бөлімшенің үстеме тұрақты капиталы болады, ал осы өндіріс құрал-жабдықтары үшін төленген 100 ақша I бөлімшенің үстеме өзгермелі капиталының ақша формасына айналады. Сонда I бөлімшеде болатын капитал  $4\ 400\ c + 1\ 100\ v$  (соңғысы ақша түрінде) = 5 500.

Енді II бөлімшеде тұрақты капиталға айналдыру үшін  $1\ 600\ c$  бар; мұны өндіріс процесінде пайдалану үшін ол жұмыс күшін сатып алуға тағы да 50  $v$  ақша қосуға тиіс, сонда оның өзгермелі капиталы 750-ден 800-ге дейін өседі. II бөлімшенің тұрақты және өзгермелі капиталының жалпы алғанда 150 мөлшерінде ұлғаюы оның қосымша құны есебінен өтеледі; демек, 750 II  $m$ -нен 600  $m$  ғана II бөлімше капиталистерінің тұтыну қоры ретінде қалады, ал олардың жылдық өнімі енді былайша бөлінеді:

II.  $1\ 600\ c + 800\ v + 600\ m$  (тұтыну қоры) = 3 000.

Тұтыну заттары ретінде өндіріліп, мұнда  $(100\ c + 50\ v)$  II-ге айырбасталған 150  $m$  өзінің заттық формасында бүтіндей жұмысшылардың тұтынуына кетеді: жоғарыда көрсетілгендей, 100 I бөлімше жұмысшыларының тұтынуына  $(100\ I\ v)$ , 50 II бөлімше жұмысшыларының тұтынуына  $(50\ II\ v)$  жұмсалады. Іс жүзінде II бөлімшенің бүкіл жиынтық өнімі қор жинау үшін қажетті формада шығарылады, ал 100 мөлшерінде арттырылған қосымша құн бөлігі қажетті тұтыну заттары түрінде қайта өндірілуге тиіс. Егер шынында да ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс басталатын болса, онда I бөлімшенің осы 100 мөлшерлі өзгермелі ақша капиталы оның жұмысшылары-

ның қолынан өтіп, II бөлімшеге қайта оралады, мұның керісінше, II бөлімше 100  $m$ -ді товар запасы түрінде I бөлімшеге өткізеді де, сонымен қатар 50-ді товар запасы түрінде өз жұмысшыларына береді.

Қор жинау мақсатымен өзгертілген күйінде жиынтық өнімнің орналасуы енді былай болып шығады:

$$\begin{aligned} \text{I. } & 4\,400\,c + 1\,100\,v + 500 \text{ тұтыну қоры} = 6\,000. \\ \text{II. } & 1\,600\,c + 800\,v + 600 \text{ тұтыну қоры} = 3\,000. \\ & \text{Сомасы} = 9\,000, \text{ жоғарыдағы сияқты.} \end{aligned}$$

Мұнда капитал мынадай болады:

$$\begin{aligned} \text{I. } & 4\,400\,c + 1\,100\,v \text{ (ақшалай)} = 5\,500 \\ \text{II. } & 1\,600\,c + 800\,v \text{ (ақшалай)} = 2\,400 \end{aligned} \quad \} = 7\,900,$$

ал өндіріс басталарда мынадай болған-ды:

$$\begin{aligned} \text{I. } & 4\,000\,c + 1\,000\,v = 5\,000 \\ \text{II. } & 1\,500\,c + 750\,v = 2\,250 \end{aligned} \quad \} = 7\,250$$

Егер шын қор жинау енді осы негізде жүргізілетін болса, яғни егер өндіріс шынында да осындай көбейтілген капиталмен жүргізілетін болса, онда келесі жылдың аяғында былай болып шығады:

$$\begin{aligned} \text{I. } & 4\,400\,c + 1\,100\,v + 1\,100\,m = 6\,600 \\ \text{II. } & 1\,600\,c + 800\,v + 800\,m = 3\,200 \end{aligned} \quad \} = 9\,800.$$

I бөлімшеде қор жинау нақ осындай пропорцияда жүргізіле береді дейік; демек, 550  $m$  табыс ретінде пайдаланылады да, қалған 550  $m$  қорға жиналады. Бұлай болған күнде ең алдымен 1 100 I  $v$  1 100 II  $c$  арқылы өтеледі; онан соң, 550 I  $m$  II бөлімшенің тең сомадағы товарына өткізілуі керек, яғни жалпы алғанда 1 650 I  $(v+m)$  өткізілуге тиіс. Бірақ II бөлімшенің өтелуге тиісті тұрақты капиталы тек 1 600, демек, қалған 50-і 800 II  $m$ -нен қосылуға тиіс. Егер ақшаны уақытша былай қоя тұрсақ, онда осындай сауда-саттықтың нәтижесінде былай болып шығады.

I. 4 400  $c$  + 550  $m$  (бұлар капиталдандырылуға жатады); оның үстіне, капиталистер мен жұмысшылардың тұтыну қорына 1 650  $(v+m)$  бұлар II  $c$  товарларына өткізілген.

II. 1 650  $c$  (оның ішінде 50, жоғарыда айтқанымыздай, II  $m$ -нен қосылған) + 800  $v$  + 750  $m$  (капиталистердің тұтыну қоры).

Ал егер II бөлімшеде  $v$  мен  $c$  арасында бұрынғы пропорция сақталатын болса, онда 50  $c$  үшін тағы да 25  $v$  жұмсау-



ға тура келеді; мұны 750  $m$ -нен алуға болады; сөйтіп біз мынаны көреміз:

$$\text{II. } 1\ 650\ c + 825\ v + 725\ m.$$

I бөлімшеде капиталдандыруға жататыны 550  $m$ ; егер  $v$  мен  $c$  арасында бұрынғы пропорция сақталатын болса, онда мұның ішіндегі 440 тұрақты капитал, 110 өзгермелі капитал болады. Бұл 110-ды 725 II  $m$ -нен алуға болады, яғни 110-ды II бөлімше капиталистерінің орнына I бөлімше жұмысшылары тұтынатын болады, демек, капиталистер өздері тұтына алмайтын бұл 110-ды капиталға айналдыруға мәжбүр болады. Сөйтіп 725 II  $m$ -нен 615 II  $m$  қалады. Ал егер II бөлімше бұл 110-ды осылайша үстеме тұрақты капиталға айналдыратын болса, онда оған тағы да 55 үстеме өзгермелі капитал керек болады; мұны ол тағы да өзінің қосымша құнынан алуға тиіс; егер осы 55-ті 615 II  $m$ -нен алып тастасақ, онда II бөлімше капиталистерінің тұтынуына 560 қалады; осы нақты және потенциялы ауыстырулардың бәрін жасағаннан кейін біз мынадай капитал құнын аламыз:

$$\text{I. } (4\ 400\ c + 440\ c) + (1\ 100\ v + 110\ v) = 4\ 840\ c + 1\ 210\ v = 6\ 050.$$

$$\text{II. } (1600\ c + 50\ c + 110\ c) + (800\ v + 25\ v + 55\ v) = 1\ 760\ c + 880\ v = \frac{2\ 640}{8\ 690}$$

Істің беталысы дұрыс болуы үшін II бөлімшедегі қор жинау I бөлімшедегіге қарағанда тезірек жүргізілуге тиіс, өйткені бұлай болмаған күнде II  $c$  товарына айырбасталуға тиісті I  $(v+m)$  бөлігі өзін айырбастауға болатын нақ осы II  $c$  мөлшерінен гөрі тезірек өсер еді.

Егер ұдайы өндіріс осы негізде және басқа барабар жағдайларда жүргізіле беретін болса, онда келесі жылдың аяғында біз мынаны аламыз:

$$\left. \begin{array}{l} \text{I. } 4\ 840\ c + 1\ 210\ v + 1\ 210\ m = 7\ 260 \\ \text{II. } 1\ 760\ c + 880\ v + 880\ m = 3\ 520 \end{array} \right\} = 10\ 780$$

Ең алдымен, қосымша құнды бөлу нормасы өзгермеген күнде I бөлімшеде табыс ретінде 1 210  $v$  мен  $m$  жартысын = 605 жұмсауға тура келеді, небәрі 1 815. Бұл тұтыну қоры II  $c$ -тен тағы да 55 артық. Егер осы 55-ті 880  $m$ -нен алып тастасақ, онда 825 қалады. Егер 55 II  $m$  II  $c$ -ке айналатын болса, онда мұның өзі тиісті өзгермелі капитал үшін II  $m$ -нен тағы да  $27\frac{1}{2}$  теңін алуды керек етеді; тұтыну үшін  $797\frac{1}{2}$  II  $m$  қалады.

Енді I бөлімшеде капиталдандыруға тура келетіні 605  $m$ ; мұның ішінде тұрақты капитал 484 және өзгермелі капитал

121; соңғы сома II  $m$ -нен, қазіргі  $=797\frac{1}{2}$  мөлшерінен алынуға тиіс; қалатыны  $676\frac{1}{2}$  II  $m$ . Демек, II бөлімше тағы да 121-ді тұрақты капиталға айналдырады, ал бұл үшін оған жаңа өзгермелі капитал  $=60\frac{1}{2}$  керек; бұл да  $676\frac{1}{2}$ -нан алынады; тұтыну үшін қалатыны 616.

Сонда бізде болатын капитал:

$$\begin{array}{l} \text{I. Тұрақтысы } 4\ 840 + 484 = 5\ 324 \\ \quad \text{Өзгермелісі } 1\ 210 + 121 = 1\ 331 \\ \text{II. Тұрақтысы } 1\ 760 + 55 + 121 = 1\ 936. \\ \quad \text{Өзгермелісі } 880 + 27\frac{1}{2} + 60\frac{1}{2} = 968. \end{array}$$

$$\begin{array}{l} \text{Жиыны: I. } 5\ 324\ c + 1\ 331\ v = 6\ 655 \\ \quad \text{II. } 1\ 936\ c + 968\ v = 2\ 904 \end{array} \} = 9\ 559,$$

ал жылдың аяғында бізде болатын өнім:

$$\begin{array}{l} \text{I. } 5\ 324\ c + 1\ 331\ v + 1\ 331\ m = 7\ 986 \\ \text{II. } 1\ 936\ c + 968\ v + 968\ m = 3\ 872 \end{array} \} = 11\ 858$$

Осылайша есептей келіп, бөлшек санды бүтінге айналдыра отырып, келесі жылдың аяғында біз мынадай өнім аламыз:

$$\begin{array}{l} \text{I. } 5\ 856\ c + 1\ 464\ v + 1\ 464\ m = 8\ 784 \\ \text{II. } 2\ 129\ c + 1\ 065\ v + 1\ 065\ m = 4\ 259 \end{array} \} = 13\ 043.$$

Ал келесі жылдан арғы жылдың аяғында:

$$\begin{array}{l} \text{I. } 6\ 442\ c + 1\ 610\ v + 1\ 610\ m = 9\ 662 \\ \text{II. } 2\ 342\ c + 1\ 172\ v + 1\ 172\ m = 4\ 686 \end{array} \} = 14\ 348$$

Ұлғайтылған көлемдегі ұдайы өндіріс жүргізілген бес жыл ішінде I және II бөлімшелердің бүкіл капиталы  $5\ 500\ c + 1\ 750\ v = 7\ 250$ -ден  $8\ 784\ c + 2\ 782\ v = 11\ 566$ -ға дейін, демек,  $100 : 160$  қатынаста өсті. Бүкіл қосымша құн алғашында 1750 еді, енді 2782 болып отыр. Тұтынылған қосымша құн алғашында I бөлімшеде 500 және II бөлімшеде 600 еді, жиыны  $= 1\ 100$ ; соңғы жылы ол I бөлімшеде 732 және II бөлімшеде 745 болып отыр, жиыны  $= 1\ 477$ . Демек, ол  $100 : 134$  қатынаста өсті.

## 2) ЕКІНШІ МЫСАЛ

Енді товарлы капитал формасында бүтіндей өнеркәсіп капиталистері табының қолында болып отырған 9000 жылдық өнімді алайық; бұл формада өзгермелі капитал мен тұрақты капиталдың жалпы орташа қатынасы  $1 : 5$  болады. Мұндағы шарт: капиталистік өндіріс едәуір дамыған және қоғамдық еңбектің өндіргіш күші тиісінше дамыған болуға тиіс; өндіріс

көлемі бұдан көп бұрын, едәуір ұлғайтылған болуы керек; ақырында, жұмысшы табының санын біршама артылдырып отыратын жағдайлардың бәрі пісіп жетілген болуға тиіс. Өзгермелі және тұрақты капиталдың көрсетілген қатынасында жылдық өнім, егер бөлшекті бүтінге балап алатын болсақ, былайша бөлінеді:

$$\left. \begin{array}{l} \text{I. } 5\,000\,c + 1\,000\,v + 1\,000\,m = 7\,000 \\ \text{II. } 1\,430\,c + 285\,v + 285\,m = 2\,000 \end{array} \right\} = 9\,000.$$

Енді I бөлімшенің капиталистері қосымша құнның жартысын = 500-ді тұтынады да, екінші жартысын қорға жинайды дейік. Сонда  $(1\,000\,v + 500\,m)$  I = 1 500 мөлшер 1 500 II  $c$ -ке айырбасталуға тиіс болар еді. Бірақ мұнда II  $c$  мөлшері тек 1 430 болып отырғандықтан, 70 қосымша құннан алынып қосылуға тиіс; мұны 285 II  $m$ -нен алып тастағанда 215 II  $m$  қалады. Демек, бұдан келіп шығатыны:

I.  $5\,000\,c + 500\,m$  (капиталдандырылатыны) +  $1\,500\,(v + m)$  капиталистер мен жұмысшылардың тұтыну қоры.

II.  $1\,430\,c + 70\,m$  (капиталдандырылатыны) +  $285\,v + 215\,m$ .

II бөлімшеде 70  $m$  тіке II  $c$ -ке телінеді, сондықтан бұл үстеме тұрақты капиталды іске қосу үшін  $^{70}/_5 = 14$  мөлшерінде өзгермелі капитал керек болады; бұл 14, өз тарапынан, 215 II  $m$ -нен алынады; қалатыны 201 II  $m$ , сонда былай болып шығады.

II.  $(1\,430\,c + 70\,c) + (285\,v + 14v) + 201\,m$ .

$1\,500\,I(v + \frac{1}{2}m)$  мен  $1\,500\,II\,c$  айырбасы — жәй ұдайы өндіріс процесі, және бұл жөнінде бәрі айтылған. Алайда бұл жерде біз тағы да кейбір ерекшеліктерді атап өтуге тиіспіз; бұл ерекшеліктер мынадан туады: қор жинауға байланысты ұдайы өндіріс тұсында  $I(v + \frac{1}{2}m)$  жалғыз II  $c$ -пен ғана өтелмейді, II  $c$  және II  $m$  бөлігінің сомасымен өтеледі.

Өзінен өзі түсінікті, қор жинау ұйғарылғандықтан,  $I(v + m)$  жәй ұдайы өндіріс тұсындағыдай II  $c$ -ке тең емес, II  $c$ -тен артық, өйткені: 1) I бөлімше өзінің қосымша өнімінің бір бөлігін өзінің өндіргіш капиталына қосады да, мұның  $\frac{5}{6}$  үлесін тұрақты капиталға айналдырады, демек, сонымен қатар осы  $\frac{5}{6}$  үлесті II бөлімшенің тұтыну заттарымен өтей алмайды; 2) I бөлімше өзінің қосымша өнімінен II бөлімше шеңберінде қор жинау үшін қажетті тұрақты капиталға арнап материал беруге тиіс,— дәл сол сияқты II бөлімше I бөлімшеге өзгермелі капитал үшін материал беруге тиіс, ал мұның өзі I бөлімшенің қосымша өнімінің бір бөлігін, I бөлімшенің өзі үстеме тұрақты капитал ретінде қолданылатын бөлігін іске қосуға тиіс. Нағыз өзгермелі капиталдың, демек үстемесінің де, жұ-

мыс күшінен құралатынын біз білеміз. I бөлімшенің капиталисі II бөлімшенің капиталистерінен қажетті тіршілік заттарын запас ретінде сатып алмайды немесе бұларды үстеме жұмыс күші үшін, кезінде құл иесінің істегеніндей келешекте ғана қолдануға тура келетін жұмыс күші үшін жинамайды. Жұмысшылар II бөлімше капиталистерінен товарды өздері сатып алады. Бірақ бұл жағдай капиталистің тұрғысынан үстеме жұмыс күшінің тұтыну заттары қосымша жалданатын жұмыс күшін өндіру мен сақтаудың амалы ғана, демек, оның өзгермелі капиталының заттық формасы ғана деп есептелуіне ешбір бөгет болмайды. Бұл ретте оның I бөлімшеде ең таяу уақытта орындайтын операциясы тек мынау: ол үстеме жұмыс күшін сатып алу үшін қажетті жаңа ақша капиталын жинайды. Ол мұны өзінің капиталына қосқан заматта-ақ ақша осы жұмыс күші үшін II бөлімшенің товарларын сатып алатын қаржыға айналады; демек, жұмысшылар өздеріне керекті тұтыну заттарын енді нақты күйінде табуға тиіс.

Бір айта кетерлік нәрсе. Капиталист мырза және оның баспасөзі жұмысшылардың өз ақшасын жұмсау әдісіне және олардың II бөлімшеден осы ақшаға алатын товарларына екінің бірінде наразы болады. Ол осы жөнінде философияға салынады, мәдениет туралы көкиді, мәселен, Вашингтондағы ағылшын елшілігінің секретары Драммонд мырза сияқты, өзін филантроп етіп көрсеткісі келеді. Оның хабарлауынша, «The Nation» (газет). 1879 жылғы октябрьдің аяғында бір «қызғылықты мақала» басыпты, онда, сөз арасында, былай делінген:

«Мәдениет жағынан жұмысшылар өнертабыс прогресінен қалып қойған; олардың қолы жететін заттар көп-ақ, бірақ олар бұл заттарды тұтынбайды, демек, бұлар үшін рынок жасамайды». {Әрбір капиталист, әрине, жұмысшыға өз товарын алғызуды көздейді ғой.} «Жұмысшы өзінің табысындай табысы бар священник, адвокат немесе дәрігер сияқты онды тұрмыс құруды тілемейді деп ойлаудың ешбір қисыны жоқ». {Осындай адвокаттардың, священниктер мен дәрігерлердің өз қалауынша шынында да айтарлықтай онды тұрмыс құруға шама-шарқы жете берер ме екен!} «Бірақ ол бұлай тұрмайды. Мәселе әлі де оның тұтынушы ретіндегі дәрежесін қандай тиімді және игі шаралармен көтеруге болатыны жайында қойылып отыр; бұл мәселе онай мәселе емес, өйткені оның есіл-дерті жұмыс сағаттарын қысқартудан әрі аспайды, ал демагогтар оның ақыл-парасаты мен моральдық қабілеттерін жетілдіру арқылы оны өз тұрмысын жақсартуға мезгемей, нақ осындай әрекетке айдап салуға әзір тұрады». («Reports by H. M. 's Secretaries of Embassy and Legation on the Manufactures, Commerce etc. of the Countries in which they reside». London, 1879, p. 404).

Тәрізі, ұзақ жұмыс күні «тиімді және игі шаралардың» сыры болса керек, бұл шаралар жұмысшының «ақыл-парасаты мен моральдық қабілеттерін жетілдіру арқылы» оның «тұр-

мысын жақсартуға» және оны «тиімді» тұтынушы етуге тиіс екен. Капиталистердің товарларын алатын осындай «тиімді» тұтынушы болу үшін—бірақ бұған демагог бөгет жасайды! — жұмысшы өзінің жұмыс күшін өз капиталисінің тиімсіз және денсаулыққа зиянды жолмен тұтынуына лажсыз ырық беруден бастайды. «Тиімді» тұтыну дегенді капиталистің қалай түсінетінін trucksystem көрсетіп отыр; бұл система тұсында капиталистің қайырымдылығының кең өріс алатыны соншалық, ол өз жұмысшыларының тұтынуына тікелей араласады, оның бер жағында бұл системаның толып жатқан түрлерінің бірі — жұмысшыларға пәтер беру, сондықтан өз жұмысшылары тұратын пәтерлердің иесі де сол капиталист болады.

Жұмысшы табының тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі капиталистік әрекеттерге масайрап отырған нақ сол мейрімшіл Драммонд әлгі есебінде, сөз арасында, Лоуэлл және Лоренс қалаларындағы үлгілі мақта жіп иіру фабрикалары туралы әңгіме етеді. Фабрикадағы қыздарға арналған асханалар мен тұрғын үйлер де сол фабрикаларды иеленуші акционерлік қоғамдікі; бұл үйлердің менгерушілері қыздардың мінез-құлығы жөніндегі ережелерді белгілейтін нақ сол қоғамның қызметінде; бұл қыздардың бірде-бірі үйге кешкі сағат 10-нан кеш қайта алмайды. Бір ғажабы мынау: қоғамның дербес полициясының патрульдері сол төңіректе осы үй уставының бұзылмауын қадағалап жүреді. Кешкі сағат 10-нан кейін бірде-бір қыз үйден шығарылмайды да, үйге жіберілмейді де. Қыздардың бәрі қалай да қоғамның қарамағындағы территорияда тұруға тиіс; ал осы территориядағы әр үй бұл қоғамға апта сайын 10 доллардан пәтер ақы түсіріп отырады, сөйтіп бұл жерден біз «тиімді» тұтынушылардың сән-салтанатын көреміз:

«Таңдаулы үйлердің көбінде жұмысшы әйелдерге арналған әйгілі пианино бар, сондықтан музыка, ән мен би елеулі роль атқарады, әсіресе станок басында он сағат бойы үздіксіз бір сарынды жұмыс істегеннен кейін шын тынығудан гөрі басқа іспен айналысуды көбірек қажет ететіндер жөнінде осыны айтуға болады» (сонда, 412-бет).

Бірақ жұмысшыны «тиімді» тұтынушыға айналдыру амалының басты сыры әлі алда. Драммонд мырза Тернерс Фолдегі (Коннектикут өзенінің бойында) пышақ фабрикасына барған, сонда осы акционерлік қоғамның казначейі Окмен мырза оған американ асхана пышақтары сапасы жағынан ағылшын пышақтарынан артық екенін айта келіп, былай депті:

«Біз Англияны бағамен де жеңеміз; біз қазірдің өзінде-ақ одан сапа жағынан асып түсіп отырмыз, мұны жұрт біледі, бірақ біз неғұрлым төмен

бағамен сатуға тиіспіз, ал егер біз өз болатымызды неғұрлым арзан алып, өз еңбегімізге төленетін ақыны азайтатын болсақ, бұған жетеміз де!» (сонда, 427-бет).

Жалақыны кеміту және ұзақ жұмыс күні — мәдениет пен өнертабыс прогресі арқасында өзінің қолы жетерлік нәрселерге айналған қыруар заттарға рынок жасауы үшін жұмысшыны «тиімді» тұтынушының дәрежесіне көтеруге тиісті «тиімді және игі шаралардың» бар мәнісі міне осында.

Демек, I бөлімше өзінің қосымша өнімінен II бөлімше үшін үстеме тұрақты капитал беруге тиіс болатыны сияқты, II бөлімше де осы мағынада I бөлімше үшін үстеме өзгермелі капитал береді. Әңгіме өзгермелі капитал туралы болып отырғандықтан II бөлімше бүкіл өз өнімінің денін, демек, өзінің қосымша өнімін де, қажетті тұтыну заттары формасында ұдайы өндіре отырып, I бөлімше үшін де, өзі үшін де қор жияды.

Өскелең капиталға негізделген өндіріс тұсында  $I(v+m)$  капиталға жаңадан қосылатын қосымша өнім бөлігімен, II бөлімшеде өндірісті ұлғайту үшін қажетті тұрақты капиталдың үстеме бөлігімен бірге алғандағы II  $c$  мөлшеріне тең болуға тиіс; ал осы ұлғайту минимумы I бөлімшенің өзінде нағыз қор жинауды, яғни өндірістің шын ұлғайтылуын іске асырарлықтай болуға тиіс.

Егер біз өзіміз алып қараған соңғы жағдайға қайта оралатын болсақ, онда былай болып шығады: оның бір өзгешелігі — II  $c$  мөлшері  $I(v+\frac{1}{2}m)$  мөлшерінен аз, I бөлімше өнімінің табыс ретінде тұтыну заттарына жұмсалатын бөлігінен аз, сондықтан  $I\ 500\ I(v+m)$  айырбасталғанда осы арқылы II бөлімше қосымша өнімінің 70-ке тең бөлігі де бірден өткізіледі. Ал II  $c=1\ 430$  жайын алатын болсақ, II бөлімшеде жәй ұдайы өндіріс жүргізіле алатын болуы үшін, мұның өзі басқа өзгермейтін жағдайларда  $I(v+m)$  есебінен нақ сондай күн сомасымен өтелуге тиіс, сондықтан ендігі жерде мұны қарастырып жатудың қажеті жоқ. Үстеме 70 II  $m$  жайы басқаша. I бөлімше үшін табыстың тұтыну заттарымен жәй өтелуі, тұтыну мақсатымен жасалатын жәй товар айырбасы болатын нәрсе бұл жерде II бөлімше үшін, жәй ұдайы өндіріс тұсындағыдай, оның тұрақты капиталының товарлы капитал формасынан заттық формаға жәй қайтадан айналуы емес, тікелей қор жинау процесі болады, оның қосымша өнімінің бір бөлігінің тұтыну заттары формасынан тұрақты капитал формасына айналуы болады. Егер I бөлімше 70 фунт стерлинг

ақшаға (қосымша құнды айналдыру үшін арналған ақша резервіне) осы 70 II *m*-ді сатып алатын болса, егер II бөлімше бұдан кейін 70 I *m*-ді сатып алмай, осы 70 фунт стерлингті ақша капиталы ретінде жинайтын болса, онда мұның өзі, әрине, үстеме өнім түрінде (атап айтқанда II бөлімшенің қосымша өнімінің бір бөлігі түрінде) көрінеді, дегенмен мұның өзі өндіріске қайтадан енгізерліктей болмайды; бірақ бұлай болған күнде II бөлімше жағында ақшаның осылай жиналуы сонымен қатар өндіріс құрал-жабдықтары түріндегі 70 I *m* сатылмай қалатынын көрсетер еді. Демек, I бөлімшеде біршама асыра өндіру орын алар еді, ал мұның өзі II бөлімше жағындағы бұрынғы көлемде бір мезгілде жүргізілген белгілі ұдайы өндіріске сәйкес келер еді.

Бірақ бұған қарамастан, I бөлімшеден түскен осы 70 ақша оған әлі де қайта оралмаған немесе 70 I *m*-нің біразын II бөлімшенің сатып алуы себепті тек ішінара қайта оралған уақыттың ішінде бұл 70 ақша, түгелдей, немесе ішінара, потенциялы үстеме ақша капиталы ретінде II бөлімше капиталистерінің қолында болады. Екі жақтағы товарлардың өзара өтелуі нәтижесінде ақша бастапқы пунктіне қайта оралғанша I және II бөлімше арасындағы айырбас атаулы осылай бола береді. Бірақ істің бағдары дұрыс болған жағдайда ақша бұл арада тек уақытша ғана осындай роль атқарады. Ал кредит системасында, тым болмаса аз уақытқа қосымша босаған ақшаның бәрі үстеме ақша капиталы ретінде дереу белсене қызмет етуге тиісті болатын кезде, уақытша босаған осындай ақша капиталын ғана іске қосуға болады, мәселен, мұны I бөлімшедегі жана кәсіпорындардың қажетіне жаратуға болады, ал шындығында мұның өзі осы бөлімшенің басқа кәсіпорындарында жатып қалған үстеме өнімді өткізуге тиісті еді. Сонсын, бір ескерте кететін нәрсе, 70 I *m*-ді II бөлімшенің тұрақты капиталына қосу үшін сонымен қатар II бөлімшенің өзгермелі капиталын 14 мөлшерінде арттыру керек. Мұның мәнісі,— I бөлімшеде I *m* қосымша өнімін I *c* капиталына тікелей қосқан кездегі сияқты,— II бөлімшедегі ұдайы өндіріс енді онан әрі капиталдандыру бағытында жүргізіледі, демек, мұның өзі қосымша өнімнің бір бөлігін, қажетті тіршілік заттарынан құралатын бөлігін арттыруға себепкер болады деген сөз.

Жоғарыда, екінші мысалдан көргеніміздей, егер 500 I *m* капиталдануға тиіс болса, онда 9 000 өнім ұдайы өндіріс мақсаттарына сай былайша бөлінуі керек. Мұнда біз тек товарды ғана есепке алып, ақша айналысын былай қойып отырмыз.

I.  $5\ 000\ c + 500\ m$  (капиталдандырылатыны) +  $1\ 500(v + m)$  тұтыну қоры =  $7\ 000$  товар формасында.

II.  $1\ 500\ c + 299\ v + 201\ m = 2\ 000$  товар формасында. Жалпы сомасы:  $9\ 000$  товарлы өнім түрінде.

Капиталдандыру енді былайша жүргізіледі:

I бөлімшеде капиталдандыруға жататын  $500\ m \frac{5}{6} = 417\ c + \frac{1}{6} = 83\ v$  болып бөлінеді. Бұл  $83\ v$  нақ осындай соманы II  $m$ -нен алады, бұған II бөлімшенің капиталистері тұрақты капитал элементтерін сатып алады, сөйтіп бұл сома II  $c$ -ке қосылады. II  $c$ -тің  $83$  мөлшерінде көбеюі II  $v$ -нің де  $83$ -тен  $\frac{1}{5} = 17$  мөлшерінде көбеюіне себеп болады. Сонымен, айырбастан кейін біз мынаны көреміз:

I.  $(5\ 000c + 417m)c + (1\ 000v + 83m)v = 5\ 417c + 1\ 083v = 6\ 500.$

II.  $(1\ 500c + 83m)c + (299v + 17m)v = 1\ 583c + 316v = 1\ 899.$

Жиыны  $8\ 399.$

I бөлімшедегі капитал  $6\ 000$ -нан  $6\ 500$ -ге дейін, яғни  $\frac{1}{12}$  мөлшерінде өсті. II бөлімшеде капитал  $1\ 715$ -тен  $1\ 899$ -ға дейін, яғни  $\frac{1}{9}$  шамасында өсті.

Осындай негіздегі ұдайы өндірістің екінші жылдың аяғында беретін капиталы:

I.  $(5\ 417\ c + 452\ m)c + (1\ 083\ v + 90\ m)v = 5\ 869\ c +$   
 $+ 1\ 173\ v = 7\ 042.$

II.  $(1\ 583\ c + 42\ m + 90\ m)c + (316\ v + 8\ m + 18\ m)v =$   
 $= 1\ 715\ c + 342\ v = 2\ 057.$

ал үшінші жылдың аяғында алынатын өнім:

I.  $5\ 869\ c + 1\ 173\ v + 1\ 173\ m$

II.  $1\ 715\ c + 342\ v + 342\ m.$

Егер I бөлімше бұл ретте, бұрынғыдай, қосымша құнның жартысын қорға жинайтын болса, онда  $I(v + \frac{1}{2}m) = 1\ 173v + 587(\frac{1}{2}m) = 1\ 760$  болады, яғни барлық  $1\ 715$  II  $c$ -тен көп, атап айтқанда  $45$  артық. Сөйтіп, бұл айырмашылықтың есесін тағы да сомасы тең өндіріс құрал-жабдықтарын II  $c$ -ке ауыстыру арқылы толтыруға тура келеді. Сонымен, II  $c$   $45$  мөлшерінде артады, ал мұның өзі II  $v$ -нің  $\frac{1}{5} = 9$  мөлшерінде өсуіне себеп болады. Бұдан кейін капиталдандырылған  $587\ I\ m \frac{5}{6}$  және  $\frac{1}{6}$ , яғни  $489\ c$  және  $98$  болып бөлінеді; бұл  $98$  II бөлімшеде тұрақты капиталға жаңадан  $98$  қосуға себеп болады, ал бұл жағдай өз тарапынан, II бөлімшенің өзгермелі капиталын  $\frac{1}{5} = 20$  мөлшерінде арттырады. Сонда біз мынаны көреміз:



- I.  $(5\ 869\ c + 489\ m)c + (1\ 173\ v + 98\ m)v = 6\ 358\ c + 1\ 271v = 7\ 629.$
- II.  $(1\ 715\ c + 45\ m + 98\ m)c + (342\ v + 9\ m + 20\ m)v = 1\ 858\ c + 371\ v = 2\ 229.$
- Бүкіл капитал = 9 858.

Демек, өскелең ұдайы өндіріс тұсында I бөлімшенің бүкіл капиталы үш жыл ішінде 6 000-нан 7 629-ға дейін өсті, II бөлімшенің бүкіл капиталы 1 715-тен 2 229-ға дейін өсті, жиынтық қоғамдық капитал 7 715-тен 9 858-ге дейін өсті.

### 3) ҚОР ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ $Пс$ АЙЫРБАСЫ

Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды— $I(v + m)$  мен  $II\ c$  айырбасы кезінде түрлі жағдайлар болады.

Жәй ұдайы өндіріс тұсында бұл екі шама тепе-тең болуға және бірін бірі өтеуге тиіс, өйткені бұлай болмаған күнде, жоғарыда көргеніміздей, жәй ұдайы өндірісті бөгетсіз жүргізуге болмайды.

Қор жинаған кезде ең алдымен қор жинау нормасына назар аудару қажет. Бұған дейін біз барлық ретте де I бөлімшедегі қор жинау нормасы =  $\frac{1}{2}m$  I деп ұйғарып келдік, сонымен қатар біз бұл норма түрлі жылдарда тұрақты болып қалды деп ұйғардық. Тек осы жиналған капитал тұрақты және өзгермелі капитал болып бөлінетін пропорция ғана өзгереді делінді. Мұнда үш түрлі жағдай кез болды:

1)  $I(v + \frac{1}{2}m) = II\ c$ , демек, мұның өзі  $I(v + m)$ -нен аз. Бұл әрқашан да осылай болуға тиіс, әйтпесе I бөлімшеде қор жинау болмас еді.

2)  $I(v + \frac{1}{2}m) > II\ c$ -тен көп. Бұлай болған күнде мұның есеі  $II\ c$ -ке  $II\ m$ -нің тиісті бөлігін қосу арқылы толтырылады, сонда бұлардың сомасы =  $I(v + \frac{1}{2}m)$ . Бұл жердегі айырбас II бөлімше үшін — оның тұрақты капиталын жәй ұдайы өндіру емес, бұл енді қор жинау, осы тұрақты капиталды II бөлімшенің I бөлімше өндіріс құрал-жабдықтарына айырбастайтын қосымша өнімінің бір бөлігі мөлшерінде көбейту деген сөз; тұрақты капиталдың осылайша көбеюі сонымен қатар II бөлімшенің бұдан тыс өзінің өзгермелі капиталын тиісінше көбейтуін керек етеді, мұны осылай көбейту көзі оның меншікті қосымша өнімі болмақ.

3)  $I(v + \frac{1}{2}m) < II\ c$ -тен аз. Бұлай болған күнде II бөлімше өзінің тұрақты капиталын айырбас арқылы толық қайта өндіре алмайды, сондықтан тұрақты капиталдың кемістігін I бөлімшеден сатып алу арқылы толтыруға тиісті болады. Бірақ

бұдан II бөлімшедегі өзгермелі капитал қоры онан әрі көбейе қоймайды, өйткені оның тұрақты капиталы осындай операция арқылы тек қана өз мөлшерінде түгелдей қайта өндіріледі. Екінші жағынан, I бөлімше капиталистерінің бір бөлігі, үстеме ақша капиталын ғана жинайтын бөлігі, осындай айырбастың нәтижесінде бұл сияқты қорды әлдеқашан жинап алған болып шығады.

Жәй ұдайы өндіріс тұсында мүмкін болатын жорамал, атап айтқанда  $I(v+m) = IIc$  деген жорамал, капиталистік өндіріспен сыйыспайды; мұның өзі, тегінде, мынадай жағдайды жоққа шығармайды: 10—11 жылдың өнеркәсіп циклінде белгілібір жылдың ішіндегі өндірістің жалпы көлемі екінші бірінде өткен жылғыдан аз болады, сондықтан өткен жылғымен салыстырғанда тіпті жәй ұдайы өндірістің өзі де болмайды. Оның үстіне, халықтың саны жыл сайын табиғи түрде өсіп отырғанда жәй ұдайы өндірісті тек мынадай ретте ғана, бүкіл қосымша құн болып отырған I 500-ді тұтынуға өнім өндірмейтін үй қызметіндегілер тиісінше көбірек қатысқан күнде ғана жүргізуге болар еді. Керісінше, капитал жинау, яғни нағыз капиталистік өндіріс, бұл ретте мүмкін болмас еді. Сондықтан капиталистік өндірістің жүргізіліп отырғандығы  $IIc = I(v+m)$  болуын эсте мүмкін етпейді. Алайда тіпті капиталистік қор жинаудың тұсында да бұрынғы бірқатар өндіріс дәуірлерінің өн бойында жүргізілген қор жинау процестерінің нәтижесінде  $IIc = I(v+m)$ -ге тең болып қана қоймай, одан асып түсетін жағдайдың да кездесуі мүмкін. Мұның өзі II бөлімшеде жойқын күйреу арқылы ғана жойылатын асыра өндірудің болғандығын көрсетер еді де, осының нәтижесінде капитал II бөлімшеден I бөлімшеге ауысар еді.— II бөлімшедегі тұрақты капиталдың бір бөлігі өзін өзі қайта өндірген күнде де,— екіншіліктің өзінде өндірілген тұқымды қайта қолдану бұған мысал бола алады,—  $I(v+m)$  мен  $IIc$  қатынасы ешбір өзгермейді. I және II бөлімшелер арасында айырбас жасарда дәл  $Ic$  сияқты  $IIc$ -тің бұл бөлігін есепке алудың жөні жоқ. II бөлімше өнімдерінің бір бөлігі, өз тарапынан, I бөлімшеде өндіріс құрал-жабдықтары ретінде қолданыла алатын болса да істің жайы ешбір өзгермейді. Бұлар I бөлімшеден әкелінген өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлігімен өтеліп кетеді, сондықтан, егер біз қоғамдық өндірістің екі ірі бөлімшесінің арасындағы, өндіріс құрал-жабдықтарын өндірушілер мен тұтыну заттарын өндірушілер арасындағы айырбасты бүркемесіз, таза күйінде зерттейміз дейтін болсақ, бұл бөлікті екі жақтан да алдын ала шығарып тастау керек.

Демек, капиталистік өндіріс тұсында  $I(v+m)$  II  $c$ -ке тең бола алмайды және айырбас кезінде бұл екеуі бірін бірі өтей алмайды. Мұның керісінше, егер  $I \frac{m}{x}$  I бөлімше капиталистері табыс ретінде жұмсайтын  $I m$  бөлігі болса, онда  $I(v + \frac{m}{x})$  II  $c$ -ке тең болуы да, одан көп немесе аз болуы да мүмкін; бірақ  $I(v + \frac{m}{x})$  әрқашанда II  $(c+m)$ -нен аз болуға тиіс, онда да барлық жағдайда II бөлімше капиталистерінің өздері тұтынуға тиісті II  $m$  бөлігі мөлшерінде аз болуы керек.

Ескерте кету керек, қор жинауды осылайша суреттегенде тұрақты капитал құны дәл көрсетілмейді, өйткені бұл тұрақты капитал товарлы капиталды өндіруге қатысады және соның құнының бір бөлігі болып табылады. Жаңадан жиналған тұрақты капиталдың негізгі бөлігі негізгі капитал элементтерінің әр түрлі жаратылысына сәйкес товарлы капиталға тек бірте-бірте және ауық-ауық еніп отырады; сондықтан шикізат, шала фабрикат, т. т. товар өндіруге көп енетін реттерде осы товарлы капиталдың дені айналмалы тұрақты капитал мен өзгермелі капиталдың өтемелі құрамдас бөліктерінен құралады. (Алайда осылай баяндау әдісін айналмалы құрамдас бөліктердің айналымы нәтижесінде қолдануға болады; сөйтіп, негізгі капиталдың айналмалы бөлігі осы капитал құнының өзіне қосылған бөлігімен бірге бір жыл ішінде жасайтын айналымдарының саны сонша, өндірілген товарлар құнының жалпы сомасы осы жылдың өндірісіне енетін бүкіл жиынтық капиталдың құнына тең болады.) Машинаның қолданылуына байланысты өндіріске шикізат емес, тек қана қосалқы материалдар кіретін жерлерде еңбек элементі — товарлы капиталдың ең көп құрамдас бөлігі ретінде соның өзінен қайтадан көрінуге тиіс. Пайданың нормасын анықтағанда қосымша құн бүкіл капитал бойынша есептеледі, оның бер жағында негізгі капиталдың құрамдас бөліктерінің өнімге құнды ауық-ауық көп немесе аз көшіретіні есепке алынбайды, — ал ауық-ауық өндірілетін әрбір товарлы капиталдың құнын анықтағанда тұрақты капиталдың негізгі бөлігін тек оның тозуы нәтижесінде өнімнің өзіне орта есеппен қанша құн көшіретініне қарай есептеп отыру қажет.

#### IV. ҚОСЫМША ЕСКЕРТПЕЛЕР

I бөлімшедегі алтын өндірушілердің  $v+m$  сомасы, II  $c$  бөлігіне айырбасталатын сома, II бөлімше үшін ақшаның алғаш-

қы көзі болады; алтын өндіруші қосымша құнды қорға жинайтын болса немесе мұны I бөлімшенің өндіріс құрал-жабдықтарына айналдыратын болса, демек, ол өзінің өндірісін ұлғайтатын болса, тек сонда ғана ондағы  $v + m$  II бөлімшеге енбейді; екінші жағынан, алтын өндірушінің өзінің ақша жинауы сайып келгенде ұлғаймалы ұдайы өндіріске себепкер болатындықтан алтын өнеркәсібіндегі қосымша құнның бір бөлігі, алтын өндірушінің табысы ретінде емес, үстеме өзгермелі капиталы ретінде жұмсалатын бөлігі, II бөлімшеге енеді де, мұнда жаңа қазыналардың жиналуына септігін тигізеді немесе I бөлімшеге тікелей сатпай-ақ одан сатып алатын жаңа қаржы береді. Алтын өнеркәсібіндегі осы  $I(v + m)$  тарапынан шығатын ақшадан алтынның бір бөлігі II бөлімшенің белгілібір өндіріс тарауларына кетеді, ал бұларға алтын шикі материал, т. с. ретінде, қысқасы, II бөлімшенің тұрақты капиталын өтейтін элемент ретінде қажет. Алдын ала қазына жинау үшін—ұдайы өндірісті келешекте ұлғайту мақсаты үшін—керекті элемент I және II бөлімшелер арасындағы айырбас тұсында мынадай жағдайларда болады: I бөлімше үшін тек мына жағдайда ғана, I  $m$  бөлігі II бөлімшеге бір жақты сатылып, одан ешнәрсе сатып алынбайтын және осы II бөлімшеде үстеме тұрақты капитал ретінде қызмет ететін жағдайда ғана болады; II бөлімше үшін мына жағдайда, I бөлімше мұны үстеме өзгермелі капиталға айналдыру мақсатымен нақ осылай істегенде ғана болады, оның үстіне, I бөлімше табыс түрінде жұмсаған қосымша құнның бір бөлігі II  $c$  арқылы өтелмейтін жағдайда болады, сонда бұған II  $m$  бөлігі сатып алынып, ақшаға айналдырылады. Егер  $I(v + \frac{m}{x})$  II  $c$ -тен

көп болса, онда II  $c$ -ті жәй ұдайы өндіру үшін I бөлімшенің тұтыну үшін II  $m$ -нен алғанын I бөлімшедегі товармен өтеудің қажеті болмайды. II бөлімше капиталистерінің өзара айырбасы шеңберінде, II  $m$  өзара айырбасы ғана бола алатын айырбастың шеңберінде қазына қалайша жасалады деген сұрақ туады. II бөлімшенің шеңберінде тікелей қор жинау II  $m$  бөлігі тура өзгермелі капиталға айналатындықтан мүмкін болатынын біз білеміз (мұның өзі құдды I бөлімшеде I  $m$  бөлігінің тура тұрақты капиталға айналатыны сияқты). II бөлімше өндірісінің түрлі тарауларында және жеке капиталистердің әрбір жеке тарауында қор түрлі мезгілде жиналған болса, істің жайы, *mutatis mutandis*\* дәл I бөлімшедегідей болып шығады. Біреулері әлі де қазына құрау сатысында болады, сатып ал-

\* — тиісті өзгерістермен. *Ред.*

майды, сатады, екінші біреулері ұдайы өндірісті нағыз ұлғайту кезеңіне жеткен болып шығады, сатпайды, сатып алады. Рас, алғашында үстеме өзгермелі ақша капиталы үстеме жұмыс күшіне жұмсалады, жұмысшылар, өз тарапынан, жұмысшы тұтынуына кіретін үстеме тұтыну заттарының иелерінен, әлі де қазына жинап жатқандардан тіршілік заттарын сатып алады. Бұл иелердің ақшасы, әрқайсысында қазынаның жиналуына *pro rata* \* өзінің бастапқы пунктіне қайта оралмайды, мұны бұлар қорға жинайды.

---

\* — карай, Ред.

**ЕСКЕРТУЛЕР**  
**КӨРСӨТКІШТЕР**

## ЕСКЕРТУЛЕР

- <sup>1</sup> Әнгіме К. Маркстің 1859 жылы Берлинде жарыққа шыққан «Саяси экономия сынына» деген еңбегі туралы болып отыр (Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз, 13-том, I—167-беттер).—8.
- <sup>2</sup> К. Маркстің «Қосымша күн теорияларын» «Капиталдың» төртінші томы ретінде бастырып шығармақшы болған ойын Энгельс жүзеге асырып үлгірмеді. «Қосымша күн теорияларын» 1905—1910 жылдары К. Каутский бастырып шығарған болатын, бірақ өз бетінше автордың текстінен көп ауа жайылып текстің орындарын ауыстырып, қысқартып бастырған. «Қосымша күн теорияларының» жаңа басылуын 1954—1961 жылдары КПСС Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институты орыс тілінде шығарған болатын. Қараңыз: К. Маркс «Қосымша күн теориялары» («Капиталдың» IV томы), I бөлім (М., 1954), II бөлім (М., 1957), III бөлім (М., 1961).—11
- <sup>3</sup> Маркстің осы дәуірдегі жазып алған көшірмелері бар көптеген дәптерлерінің ішінен КПСС Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институты Маркстің орыс деректемелерінен жазып алған көшірмелерін ішінара жариялады. Қараңыз: Маркс пен Энгельстің архиві, XI том (М., 1948), XII том (М., 1952), XIII том (М., 1955).—12.
- <sup>4</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 21-том, 180—194-беттер.—14.
- <sup>5</sup> Энгельс бұл жерде Родбертустың Й. Целлерге жазған хатын айтып отыр; ол хат 1875 жылы 14 мартта жазылып, бірінші рет 1879 жылы «Zeitschrift für die gesammte Staatswissenschaft». деген Тюбинген журналында жарияланған-ды.  
«*Zeitschrift für die gesammte Staatswissenschaft*». («Жалпы мемлекет тану мәселелері жөніндегі журнал») — 1844—1943 жылдары үзіліспен Тюбингенде шығып тұрған либералдың саяси — экономикалық шолу.—14.
- <sup>6</sup> «*Neue Rheinische Zeitung. Organ der Demokratie*». («Жаңа Рейн газеті. Демократия органы») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін Маркстің редакциясымен Кельнде күн сайын шығып тұрған Редакцияның құрамында Ф. Энгельс болды, сонымен қатар. В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерстер болды.  
Демократияның пролетарлық бағытының айбынды органы «*Neue Rheinische Zeitung*» халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, халық бұқарасын контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. 1848—1849 жылдардағы герман революциясы мен европалық революцияның ең маңызды мәселелері жөнінде газеттің ұстаған позициясын көрсететін бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазып отырған.

Газеттің батыл және ымырасыз позициясы, оның жауынгер интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кельннің жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси әшкерелеулердің шыға бастауы,—осының бәрі де «Neue Rheinische Zeitung» шыға бастаған алғашқы айларынан-ақ бұл газет феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөздің қуғынауына түсті, сондай-ақ үкіметтің қудалай беруіне кез болды, үкімет қудалауы 1848 жылы ноябрь—декабрьде Пруссияда болған контрреволюциялық төңкерістен кейін әсіресе күшейе түсті.

Барлық қудалаушылық пен полиция кедергілеріне карамастан, «Neue Rheinische Zeitung» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғап отырды. 1849 жылы май айында, контрреволюцияның жаппай шабуылы жағдайында, Пруссия үкіметі Марксті Пруссия жерінен жер аударып жіберу туралы бұйрық берді. Маркстің жер аударылуы және «Neue Rheinische Zeitung» өзге де редакторларына қарсы жазалау шараларының қолданылуы газеттің шықпай тоқтап қалуына себеп болды. «Neue Rheinische Zeitung» қызыл бояумен басылған соңғы 301-ші номері 1849 жылы 19 майда шықты. Жұмысшыларға арнап үндеу жазып қоштасқанда газеттің редакторлары: «арқашанда және барлық жерде де біздің ақырғы сөзіміз: жұмысшы табын азат ету болмақшы!» деп мәлімдеді.

Родбертустің сөйлеген сөздері мен іс-әрекеттеріне «Neue Rheinische Zeitung-те» берілген сынды Шығармалардың 2-ші басылуынан қараңыз, 5-том, 103, 104, 169, 287, 418, 424, 425-беттер; 6-том, 2-бет.— 16.

<sup>7</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 4-том 65—185-беттер.— 16.

<sup>8</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 6-том 428—459-беттер.— 16.

<sup>9</sup> I. K. Rodbertus. «Sociale Briefe an von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie». Berlin, 1851, S. 87—17.

<sup>10</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». II бөлім, М., 1957, 3-бет.— 17.

<sup>11</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». A new edition in four volumes. London, 1843, vol. I, p. 131, 132.— 18.

<sup>12</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». A new edition in four volumes. London, 1843, vol. I, p. 134.— 18.

<sup>13</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». I бөлім, М., 1954, 49-бет.— 18.

<sup>14</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». A new edition in four volumes. London, 1843, vol. I, p. 172—173.— 18.

<sup>15</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». I бөлім, М., 1954, 52-бет.— 19.

<sup>16</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары», I бөлім, М., 1954, 49-бет.— 19.

<sup>17</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 529—533-беттер.— 20.

<sup>18</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 601-бет.— 20.



- <sup>19</sup> «Some Illustrations of Mr. M'Culloch's Principles of Political Economy». Edinburgh, 1826, деген кітапшаның авторы «осы сұмдық дарынсыз адам» деп атайды Мак-Куллохты. Бұл кітапша М. Муллион жасырын атпен басып шығарылған болатын; оның авторы Дж. Уилсон болатын.—21.
- <sup>20</sup> Қараңыз: «Қосымша құн теориялары». III бөлім, М., 1961, 222—223-беттер.—21.
- <sup>21</sup> Қараңыз: «Қосымша құн теориялары». III бөлім, М., 1961, 237—238-беттер.—22.
- <sup>22</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз, 4-том, 102-бет.—22.
- <sup>23</sup> I. K. Rodbertus-Jagetzow. «Briefe und socialpolitische Aufsätze». Herausgegeben von Dr. R. Meyer. Berlin, [1881] Bd. I, S. 111.—26.
- <sup>24</sup> 4-ші ескертуді қараңыз.—27.
- <sup>25</sup> Әнгіме Маркстің «Қосымша құн теориялары» деген еңбегі туралы болып отыр (қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». II бөлім, М., 1957, 8-тарауы).—27.
- <sup>26</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары» II бөлім, М., 1957, 13—18, 54—62, 166—228, 428—474-беттер.—28.
- <sup>27</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Капитал», III том, бірінші және екінші бөлімдері.—28.
- <sup>28</sup> Тақырыпты КПСС Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институты берген.—33.
- <sup>29</sup> Қараңыз: К. Маркс «Капитал», I том, жетінші бөлім.—46.
- <sup>30</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз, 23-том, 616—617-беттер.—54.
- <sup>31</sup> Қараңыз: [Bailey, Samuel.] «A Critical Dissertation on the Nature, Measures, and Causes of Value; chiefly in Reference to the Writings of Mr. Ricardo and his Followers. By the author of Essays on the Formation and Publication of Opinions». London, 1825, p. 72—130.
- <sup>32</sup> *Инктер мемлекеті* — қазіргі Перудің территориясында XV ғасырдың басында — XVI ғасырдың ортасында болған құл иеленушілік мемлекет, бұл мемлекетте алғашқы заманғы қауымдық құрылыстың едәуір қалдықтары сақталған-ды.—140.
- <sup>33</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 370-бет.—159.
- <sup>34</sup> «The Economist» («Экономист») — экономика мен саясат мәселелері жөнінде апта сайын шығатын ағылшын журналы, 1843 жылдан Лондонда шығып келеді; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы.—162.
- <sup>35</sup> A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». A new edition in four volumes. London, 1843, vol. II, p. 249—252.—165.
- <sup>36</sup> J. Lalor. «Money and Morals: a Book for the Times». London, 1852, p. 43, 44.  
J. C. L. Simonde de Sismondi. «Études sur l'économie politique». Tome I. Bruxelles, 1837, p. 49 etc.—165.
- <sup>37</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 20-том, 635—643-беттер.—166.
- <sup>38</sup> J. B. Say. «Traité d'économie politique». Troisième édition, Paris, 1817, tome II, p. 433—176.

- <sup>39</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 578—579-беттер.—179.
- <sup>40</sup> Қараңыз: К. Маркс. «Қосымша құн теориялары». III бөлім, М., 1961, 306—308-беттер.—176.
- <sup>41</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 193-бет.—185.
- <sup>42</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 192-бет.—185.
- <sup>43</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 177—178-беттер.—191.
- <sup>44</sup> Бұл арада және төмендегі 202-бетте Маркс «Money Market Review» («Ақша рыногын шолуда») 1867 ж. 2 декабрьде жарияланған Р. П. Уильямстың баяндамасын цитатқа алып отыр.—197.
- <sup>45</sup> Шығармалардың осы басылуын қараңыз: 23-том, 217—218-беттер.—200.
- <sup>46</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 437-бет, 191а-ші ескерту.—201.
- <sup>47</sup> Маркс капиталистік кредиттің системасын «Капиталдың» III томында зерттейді (Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз, 25-том).—210.
- <sup>48</sup> Бұл жерде А. Поттердің мына кітабынан цитат келтіріп отыр «Political Economy: its Objects, Uses and Principles: considered with Reference to the Condition of the American People». New York, 1841. Алғысөзінен көрініп отырғандай, бұл кітаптың көбі негізінен Дж. Скроптың 1833 жылы Англияда жарияланған «Principles of Political Economy» деген кітабының алғашқы он тарауының (А. Поттердің енгізген өзгерістерімен) қайта басып шығарылуы болып табылады.—215.
- <sup>49</sup> Қолжазбада Маркс капиталдың айналым уақытын есептеп шығарудың мұндай әдісінің қате екендігін атап көрсетеді. Цитатта көрсетілген айналымның орташа уақыты (16 ай) 50 000 доллар барлық капиталға келетін  $7\frac{1}{2}\%$  пайда ескеріле отырып есептеп шығарылған. Пайданы есепке алмағанда бұл капиталдың айналым уақыты 18 ай болады.—216.
- <sup>50</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 153-бет.—217.
- <sup>51</sup> Маркс А. Смиттің еңбегінің өзі цитат келтіріп отырған басылуының беттерін көрсетпеген беттерде редакцияның квадрат жақшаларының ішінде мына кітаптың беттері көрсетілген: A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». A new edition in four volumes. London, 1843.—221.
- <sup>52</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 214-бет.—234.
- <sup>53</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 623—625-беттер.—248.
- <sup>54</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 25-том, I бөлім, 219—223 беттер.—249.
- <sup>55</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 636—637-беттер.—250.
- <sup>56</sup> Маркс «Капиталдың» I томын айтып отыр. Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз, 23-том, 219-бет, 5-ші ескерту.—261.
- <sup>57</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 645—646-беттер.—262.
- <sup>58</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 25-том, I-бөлім, I—III тараулары.—262.
- <sup>59</sup> J. St. Mill. «Essays on some unsettled Questions of Political Economy». London, 1844, p. 164.—263.

- <sup>60</sup> G. Ramsay. «An Essay on the Distribution of Wealth». Edinburgh, 1836, pp. 21—24.—263.
- <sup>61</sup> H. D. Macleod. «The Elements of Political Economy». London, 1858, pp. 76—80.—264.
- <sup>62</sup> R. H. Patterson. «The Science of Finance. A practical Treatise». Edinburgh and London, 1868, p. 129—144.—264.
- <sup>63</sup> «*Манавадхармашастра*» — немесе Ману заңдары — брахманизм догматтарына сәйкес әрбір индустің міндеттерін белгілейтін діни, праволық және әдет-ғұрып иманшарттарының ерте заманғы үнді жинағы. Үнді дәстүрі бұл заңдарды жазып шыққан кісі Ману дейді,— ол кісі адамдардың мифтік арғы атасы.
- Маркс мына кітап бойынша цитат келтіріп отыр:  
«*Manava Dharma Sastra, or the Institutes of Manu according to the gloss of Kulluka, comprising the indian System of duties, religious and civil*». Third edition, Madras, 1863, p. 281.—275.
- <sup>64</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 267—273-беттер.—277.
- <sup>65</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 312—321-беттер.—342.
- <sup>66</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 578—579-беттер.—353.
- <sup>67</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 123-бет.—390.
- <sup>68</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 125—126-беттер.—390.
- <sup>69</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 13-том, 109-бет.—394.
- <sup>70</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 639—642, 772—773-беттер.—405.
- <sup>71</sup> Кенәнің «Экономикалық кестесіне» Маркс «Қосымша құн теорияларында» неғұрлым толық талдау жасаған (қараңыз: К. Маркс, «Қосымша құн теориялары», I бөлім. М., 1954, 286—321-беттер).—409.
- <sup>72</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 604-бет.—409.
- <sup>73</sup> W. Roscher. «System der Volkswirtschaft. Band I: Die Grundlagen der Nationalökonomie». Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858.—422.
- <sup>74</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 214—215-беттер.—449.
- <sup>75</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 123-бет.—468.
- <sup>76</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 610-бет.—497.
- <sup>77</sup> J. B. Say. «Lettres à M. Malthus sur différens sujets d'économie politique, notamment sur les causes de la stagnation générale du commerce». Paris, 1820—499.
- <sup>78</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 174-бет.—544.
- <sup>79</sup> «*Энтшпектор Бресиг*» («*Entspektor Bräsig*») — немістің сықақшы жазушысы Ф. Рейтердің (1810—1874) бірсыпыра шығармаларының кейіпкері.—545.
- <sup>80</sup> *Француз Институты* — бірнеше бөлімдерден, немесе академиялардан құралатын жоғарғы ғылыми мекеме; 1795 жылдан бері істейді. Дестют де Траси Моральдық және саяси ғылымдар Академиясының мүшесі болған.—553.

- <sup>81</sup> «Болашақтың музыкасы» деген сөздер 1850 жылы неміс композиторы Рихард Вагнердің «Болашақтың көркем шығармасы» деген кітабының жариялануына байланысты шыққан-ды; музыкалық творчество саласындағы Р. Вагнердің көзқарастарына қарсыластары бұл сөздерге ажуа мағына берген.—559.
- <sup>82</sup> Шығармалардың 2-ші басылуын қараңыз: 23-том, 624-бет, 64-ші ескерту.—574.

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

### А

*Адамс* (Adams), Уильям Бриджес (1797—1872) — ағылшын инженері, темір жол құрылысы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 197, 200.

### Б

*Бартон* (Barton), Джон (XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басы) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның өкілі.— 262, 263, 443.

*Бейкуэлль* (Bakewell), Роберт (1725—1795) — ағылшын фермері, мал маманы-селекционер.— 275.

*Бейли* (Bailey), Самюэл (1791—1870) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі философы; тұрпайы саяси экономия позициялары тұрғысынан Рикардоның құнның еңбек теориясына қарсы шықты; сонымен бірге Рикардоның экономикалық көзқарастарындағы кейбір қайшылықтарды дұрыс аңғарған.— 130, 574.

*Бернштейн* (Bernstein), Эдуард (1850—1932) — неміс социал-демократы, «Der Sozialdemokrat»

газетінің редакторы (1881—1890); Энгельс қайтыс болғаннан кейін, 90-шы жылдардың екінші жартысында, реформистік позициялар тұрғысынан марксизмге ашықтан-ашық ревизия жасады; герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі.— 14.

*Бессемер* (Bessemer), Генри (1813—1898) — ағылшын инженері және химик, шойыннан болат құюдың экономикалық жаңа әдісін ойлап табушы.— 278.

### В

*Вагнер* (Wagner), Адольф (1835—1917) — немістің буржуазияшыл тұрпайы экономисі, саяси экономиядағы әлеуметтік-праволық мектеп аталатынын өкілі, катедер-социалист.— 23.

### Г

*Годскин* (Hodgskin), Томас (1787—1869) — ағылшын экономисі әрі публицисі; пролетариаттың мүдделерін қорғап, капитализмді утопиялық социализмнің позициялары тұрғысынан сынаған; социалистік қорытындылар жасау үшін Рикардоның теория-

сын пайдаланған.— 23, 281, 282.  
*Гуд* (Good), Уильям Уолтер—ағылшын фермері, экономист, фритредерлікке қарсы шығушы, ауыл шаруашылығы экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 273, 274.

*Гуч* (Gooch), Даниэл — ағылшынның «Great Western Railway Co».— темір жол қоғамы басқармасының председателі.— 208.

## Д

*Д'Аламбер* (D'Alambert), Жан (1717—1783) — француз философы әрі математик, XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағарту ісінің көрнекті өкілдерінің бірі.— 98.

*Дестют де Траси* (Destutt de Tracy), Антуан Луи Клод, граф (1754—1836) — француздың тұрпайы экономисі, философ-сенсуалист; конституциялық монархияны жақтаушы.— 503, 544, 554.

*Драммонд* (Drummond), Виктор Артур Веллингтон (1833—1907) — ағылшын дипломаты.— 584, 585.

*Дэр* (Daige), Эжен (1798—1847) — француздың буржуазияшыл экономисі, саяси экономия жөніндегі шығармаларды бастырып шығарушы.— 156, 220, 390, 409.

*Дюпон де Немур* (Dupont de Nemours), Пьер Самюэль (1739—1817) — француздың саяси қайраткері және физиократ-экономист.— 220.

## З

*Зётбер* (Soetbeer), Георг Адольф (1814—1892) — немістің буржуазияшыл экономисі әрі статистик.— 532.

## К

*Каутский* (Kautsky), Карл (1854—1938) — неміс социал-демократы, публицист, «Neue Zeit» журналының редакторы (1883—1917);

герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелгі кезде марксист, кейініректе марксизм ренегаты, оппортунизмнің ең қауіпті және зиянды бір түрінің — централизмнің (каутскийшілдіктің) идеологы; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист; Ұлы Октябрь революциясынан кейін пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметіне ашық қарсы шықты.— 14.

*Кенэ* (Quesnay), Франсуа (1694—1774) — француздың аса ірі экономисі, физиократтар мектебінің негізін салушы; мамандығы жағынан дәрігер.— 122, 156, 219, 220, 230, 390, 408—410, 419.

*Кирххоф* (Kirchhof), Фридрих — немістің XIX ғасырдағы буржуазияшыл экономисі.— 207, 279, 282—287, 295, 296.

*Козак* (Kozak), Теофил — Родбертустың қолжазба мұрасын бастырып шығарушы.— 15.

*Корбет* (Corbet), Томас — ағылшынның XIX ғасырдағы буржуазияшыл экономисі.— 164, 165.

*Курсель-Сеней* (Courcelle-Seneuil), Жан Гюстав (1813—1892) — француздың буржуазияшыл экономисі, өнеркәсіп орындарының экономикасы жөніндегі, сондай-ақ кредит пен банк мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 278.

*Кэри* (Carey), Генри Чарлз (1793—1879) — Американың буржуазияшыл тұрпайы экономисі, капиталистік қоғамда тап мүдделері жарасымды келеді деген реакциялық теорияның авторы.— 404.

## Л

*Лавеле* (Laveleye), Эмиль Луи Виктор де (1822—1892) — Бельгияның буржуазияшыл тарихшысы әрі экономист.— 282.

*Лавернь* (Lavergne), Луи Габриель Леонс Гило де (1809—1880) — француздың буржуазияшыл саяси қайраткері және эконо-

номисі, ауыл шаруашылығы экономикасы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— 275.

*Лавуазье* (Lavoisier), Антуан Лоран (1743—1794) — аса көрнекті француз химигі; флогистонның барлығы туралы гипотезаны теріске шығарды; сондай-ақ саяси экономика мен статистика проблемаларымен шұғылданды.— 24, 25, 27.

*Лалор* (Lalor), Джон (1814—1856) — ағылшынның буржуазияшыл публицисі және экономисі.— 165, 167, 168.

*Ларднер* (Lardner), Дайонэйсиэ (1793—1859) — ағылшын ғалымы, жаратылыс тану ғылымдары, философия мен саяси экономия саласындағы көпшілікке түсінікті бірсыпыра еңбектердің авторы.— 197, 207—210.

*Лассаль* (Lassalle), Фердинанд (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл публицисі, адвокат, 1848—1849 жылдары Рейн провинциясындағы демократиялық қозғалысқа қатынасқан; 60-шы жылдардың бас кезінде жұмысшы қозғалысына қосылып, Германияның жалпы жұмысшы одағының негізін салушылардың бірі болды (1863); Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдаған; германия жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік бағыттың негізін салды.— 16.

*Ленге* (Linguet), Симон Никола Анри (1736—1794) — француз адвокаты, публицист, тарихшы әрі экономист, физиократтар мен буржуазияшыл либерализмді феодалдық-абсолюттік позициялар тұрғысынан сынады, алайда буржуазиялық бостандықтар мен меншік туралы бірқатар терең сын пікірлер айтты.— 409.

*Ле Трон* (Le Trosne), Гийом Франсуа (1728—1780) — француздың физиократ экономисі.— 220.

*Ли* (Lee), Натанаэл (1653—1692) — ағылшын драматургі.— 155.

*Лист* (List), Фридрих (1789—

1846) — немістің буржуазияшыл тұрпайы экономисі, әсіре протекционизмді уағыздаушы.— 16.

## М

*Мабли* (Mably), Габриель (1709—1785) — француздың аса көрнекті социологы, утопиялық теңгермелік коммунизмінің өкілі.— 409.

*Мак-Куллох* (MacCulloch), Джон Рамси (1789—1864) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайылап бұрмалаушы, капитализмнің барып тұрған апологеті.— 21, 286, 442.

*Маклеод* (Macleod), Генри Даниел (1821—1902) — ағылшынның буржуазияшыл тұрпайы экономисі, кредиттің капитал жасаушы теориясы деп аталатын теориясын дамытқан.— 264.

*Мальтус* (Malthus), Томас Роберт (1766—1834) — ағылшын священнигі, экономист, буржуазияланған жер иемденуші ақсүйектердің идеологы, капитализм апологеті, халық өсуінің адамзатқа қас теориясын уағыздаушы.— 499.

*Маркс* (Marx), Женни, фон Вестфаленнің қызы (1814—1881) — Карл Маркстің жұбайы, оның сенімді досы және көмекшісі.— 29.

*Маркс* (Marx), Карл (1818—1883) (өмірбаян мәліметтері).— 7, 8, 11—29, 38, 98, 141, 327—328, 394.

*Маркс-Эвелинг* (Marx-Aveling), Элеонора (1855—1898) — ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері; Маркстің кіші қызы; 1884 жылдан Э. Эвелингтің жұбайы.— 13, 15.

*Мейер* (Meyer), Рудольф Герман (1839—1899) — немістің буржуазияшыл экономисі және публицисі, Родбертустың өмірбаяншысы.— 14, 15, 23.

*Милль* (Mill), Джемс (1773—1836) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі және филосо-

- фы, Рикардоның теориясын тұрпайылап бұрмалаушы.— 286, 443.
- Милль* (Mill), Джон Стюарт (1806—1873)—ағылшынның буржуазияшыл экономисі әрі позитивист-философ, саяси экономияның классикалық мектебінің эпитоны.— 263, 574.
- Мюллер* (Müller), Адам Генрих (1779—1829)—немістің публицисі әрі экономисі, феодал ақсүйектерінің мүдделерін білдірген романтикалық мектеп дейтіннің өкілі; А. Смиттің экономикалық іліміне қарсы болған.— 215.

## Н

- Ньюмен* (Newman), Самюэл Филлипс (1797—1842)—Американың буржуазияшыл философы әрі экономист.— 180.

## О

- Окмен* (Oakman), Тернерс Фоледгі (АҚШ) акционерлік қоғамның казначейі.— 585.
- Оуэн* (Owen), Роберт (1771—1858)—ағылшынның ұлы социалист-утописті.— 22.

## П

- Паттерсон* (Patterson), Роберт Хогарт (1821—1886)—ағылшын публицисі және буржуазияшыл тұрпайы экономист.— 264.
- Поттер* (Potter), Алонзо (1800—1865)—американ епископы, бірқатар оқу орындарында теологиядан сабақ берген.— 215, 216.
- Пристли* (Priestley), Джозеф (1733—1804)—ағылшынның белгілі химигі, материалист-философ және прогресшіл қоғам қайраткері, өнеркәсіп төңкерісі кезінде ағылшын буржуазиясының радикал бөлегінің идеологы; 1774 жылы оттегін тапқан.— 24, 27.

- Прудон* (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865)—француз публицисі, экономист әрі социолог,

ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі.— 14, 22, 442, 491.

## Р

- Рамсей* (Ramsay), Джордж (1800—1871)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның соңғы өкілдерінің бірі.— 184, 263, 441, 443, 492, 495.
- Рау* (Rau), Карл Генрих (1792—1870)—немістің буржуазияшыл тұрпайы экономисі, жеке мәселелер жөнінде Смит пен Рикардоның көзқарастарын қуаттады.— 16.
- Рейвнстон* (Ravenstone), Пирси (1830 жылы өлген)—ағылшынның рикардошыл экономисі, пролетариаттың мүдделерін қорғаған, мальтусшілдікке қарсы.— 23.
- Рикардо* (Ricardo), Давид (1772—1823)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі.— 19—23, 25—28, 176, 249, 251, 252, 258, 259, 261—263, 341, 441, 544.
- Родбертус-Ягцов* (Rodbertus-Jagetzow), Иоганн Карл (1805—1875)—немістің тұрпайы экономисі әрі саяси қайраткері, Пруссияның буржуазияланған юнкерлерінің идеологы, пруссиялық «мемлекеттік социализмнің» реакцияшыл идеяларын уағыздаушы.— 14—17, 18—24, 26—29, 466.
- Роско* (Roscoe), Генри Энфилд (1833—1915)—ағылшын химигі, химия жөніндегі бірқатар ережелердің авторы.— 24.
- Рошер* (Roscher), Вильгельм Георг Фридрих (1817—1894)—немістің тұрпайы экономисі, саяси экономиядағы тарихи мектеп дейтіннің негізін салушы.— 422.

## С

- Сениор* (Senior), Нассау Уильям (1790—1864)—ағылшынның буржуазияшыл тұрпайы эконо-



мисі, капитализмнің апологеті, жұмыс күнін қысқартуға қарсы шыққан.— 497.

*Сисмонди* (Sismondi), Жан Шарль Леонар *Сисмонд де* (1773—1842) — Швейцария экономисі, капитализмнің ұсақ буржуазияшыл сыншысы, экономикалық романтизмнің көрнекті өкілі.— 27, 135, 165, 443, 499.

*Скроп* (Scrope), Джордж Джулиус Полетт (1797—1876) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, малтұсшідікке қарсы болған, геолог, парламент мүшесі.— 216, 218.

*Старрок* (Sturrock), Арчибальд — «Great Northern Railway Co». — деген ағылшын темір жол қоғамының поезд қызметінің бастығы.— 208.

*Смит* (Smith), Адам (1723—1790) — ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса көрнекті өкілдерінің бірі.— 11, 13, 17—20, 21, 23, 165, 194, 219—248, 249—251, 254, 263, 393, 409—431, 432—436, 440—443, 463, 483, 491, 492, 495, 538, 539, 540, 553, 560.

*Стюарт* (Steuart), Джемс (1712—1780) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, меркантилизмнің соңғы өкілдерінің бірі, ақшаның сан теориясына қарсы болған.— 17.

*Сэй* (Say), Жан Батист (1767—1832) — француздың буржуазияшыл тұрпайы экономисі, «өндірістің үш факторы» деген апологеттік теорияны тұңғыш рет жүйелі баяндап берген.— 176, 442, 499.

## Т

*Томпсон* (Thompson), Уильям (1785—1833 ж. шамасы) — ирланд экономисі, утопист-социалист, Р. Оуэннің жолын кұған; Рикардоның теориясын социалистік қорытындылар жасау үшін пайдаланған.— 22, 368—370.

*Тук* (Тооке), Томас (1774—1858) — ағылшынның буржуазияшыл

экономисі, саяси экономияның классикалық мектебіне қосылған, Рикардоның ақша теориясын сынаған.— 92, 136, 376, 377, 536, 539, 540, 542.

*Тэйлор* (Tylog), Эдуард Бернетт (1832—1917) — ағылшынның көрнекті этнографы, мәдениет тарихы мен этнографияда эволюция мектебін жасаушы.— 497.

*Тюрго* (Turgot), Анн Робер Жак (1727—1781) — француз экономисі және мемлекет қайраткері; физиократтар мектебінің аса ірі өкілдерінің бірі; финанс істерінің бас бақылаушысы (1774—1776).— 220, 390, 409—410.

## У

*Уильямс* (Williams), Ричард Прайс — ағылшын инженері, темір жол транспорты экономикасы жөніндегі маман.— 197, 208.

*Уэйленд* (Wayland), Фрэнсис (1796—1865) — этика, саяси экономия және басқа да ғылымдар жөніндегі көпшілікке арналған оқулықтардың авторы; Американың Провиденс қаласындағы университеттің президенті, священник.— 261.

## Ф

*Фуллертон* (Fullarton), Джон (1780—1849) — ағылшынның буржуазияшыл экономисі, ақша айналысы мен кредит мәселелері жөніндегі еңбектердің авторы, ақшаның сан теориясына қарсы болған.— 565.

## Х

*Холдсуорт* (Holdsworth), У. А. — ағылшын адвокаты.— 201, 205.

## Ц

*Целлер* (Zeller), Й.— неміс экономисі.— 14.

## Ч

*Чалмерс* (Chalmers), Томас (1780—1847) — ағылшынның про-

тестант теологы және буржуазияшыл экономист, Мальтустің жолын қуған.— 180.

*Чупров*, Александр Иванович (1842—1908)— орыстың буржуазияшыл экономисі және статистик, темір жол транспорты экономикасы жөніндегі маман, либералшыл қоғам қайраткері және публицист.— 71.

### Ш

*Шееле* (Scheele), Карл Вильгельм (1742—1786) — швед химигі.— 24, 25.

*Шербюлье* (Cherbuliez), Антуан Элизе (1797—1869) — Швейцария экономисі, Сисмондидің жолын қуған, Сисмонди теориясын Рикардо теориясының элементтерімен ұштастырған.— 440.

*Шеффле* (Schäffle), Альберт Эберхард Фридрих (1831—1903) — немістің буржуазияшыл тұрпайы экономисі және социолог, К. Маркс «Қапталының» I томының шығуына байланысты буржуазия мен пролетариат арасында таптық татулық пен «ынтымақ» орнауын уағыздады.— 15, 577;

*Шорлеммер* (Schorlemmer), Карл (1834—1892) — немістің ірі химигі — органигі, Манчестердегі профессор; материалист-диалектик; герман социал-демократиялық партиясының мүшесі, Маркс пен Энгельстің досы.— 24.

*Штейн* (Stein), Лоренц (1815—1890) — неміс юрисі, мемлекет тану ғалымы, тарихшы, тұрпайы экономист.— 188.

*Шторх*, Андрей Карлович (Генрих) (1766—1835) — орыс экономисі, статистик әрі тарихшы, Петербург Ғылым академиясының мүшесі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның эпигоны.— 175, 442, 492.

### Э

*Эдмондс* (Edmonds), Томас Роу (1803—1889) — ағылшын экономисі, утопист-социалист; Рикардо теориясын социалистік қорытындылар жасау үшін пайдаланды.— 22.

*Энгельс* (Engels), Фридрих (1820—1895) (өмірбаян мәліметтері).— 7, 8, 11, 13—15, 23, 27, 29, 33, 326—328.

## ЦИТАТ АЛЫНҒАН ЖӘНЕ АТАП ӨТІЛГЕН ӘДЕБИЕТТЕР КӨРСЕТКІШІ\*

*Чупров, А.* Темір жол шаруашылығы. I том. Оның экономикалық ерекшеліктері және оның ел мүдделеріне қатысы. Москва, 1875.— 71.

*Adams, W. B.* Roads and rails and their sequences, physical and moral. London, 1862 *Адамс, У. Б.* Жолдар мен рельстер, олардың табиғи және моральдық тозуы. Лондон, 1862).— 197, 200.

[*Bailey, S.*] A Critical dissertation on the nature, measures, and causes of value; chiefly in reference to the writings of Mr. Ricardo and his followers. By the author of Essays on the formation and publication of opinions. London, 1825 ([*Бейли, С.*] Құнның табиғаты, өлшемдері мен себептері туралы сыни зерттеу; көбінесе Рикардо мырза мен оның жолын қушылардың еңбектеріне байланысты. «Пікірлердің қалыптасуы мен жариялануы туралы очерктер» авторының шығармасы. Лондон, 1825).— 130.

*Barton, J.* Observations on the circumstances which influence the condition of the labouring classes

of society. London, 1817 (*Бартон, Дж.* Қоғамның еңбекші таптарының жағдайына әсер ететін жағдайлар туралы пікірлер. Лондон, 1817).— 262.

*Chalmers, Th.* On political economy in connexion with the moral state and moral prospects of society. Second edition. Glasgow, 1832 (*Чалмерс, Т.* Қоғамның адамгершілік жайы мен адамгершілік перспективаларына байланысты алып карағандағы саяси экономия туралы. Екінші басылуы. Глазго, 1832).— 180.

*Corbet, Th.* An Inquiry into the causes and modes of the wealth of individuals; or the Principles of trade and speculation explained. London, 1841 (*Корбет, Т.* Жеке адамдар байлығының себептері және баудың тәсілдері туралы зерттеу; немесе Сауда мен жалдаптықтың принциптерін түсіндіру. Лондон, 1841).— 164.

\* *Courcelle-Seneuil, J. G.* Traité théorique et pratique des entreprises industrielles, commerciales et agricoles ou Manuel des affaires. Deuxième édition. Paris, 1857

\* Жасырын атпен шыққан кітап авторларының анықталған есімдері бұл көрсеткіште шаршө жақшаға алынған. Орыс тіліне аударылған еңбектер жұлдызшамен белгіленді.

- (*Курсель-Сеней, Ж. Г.* Өнеркәсіп, сауда және егіншілік кәсіпорындарын теория мен практика жүзінде зерттеуге басшылық, немесе іс адамының анықтауышы. Екінші басылуы. Париж, 1857).— 278.
- Destutt de Tracy, A. L. C.* Éléments d'idéologie. IV-e et V-e parties. Traité de la volonté et de ses effets. Paris, 1826 (*Дестют де Трасу, А. Л. К.* Идеология элементтері. IV және V бөлім. Ерік және оның әрекеттері туралы трактат. Париж, 1826).— 544—549, 551—554.
- Dupont de Nemours, P. S.* Maximes du docteur Quesnay, ou Résumé de ses principes d'économie sociale. Мына кітапта: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846 (*Дюпон де Немур, П. С.* Доктор Кенэнің кағидалары, немесе Әлеуметтік экономияның негізгі бастамаларын оның қорытуы. Мына кітапта: Физнократтар. Кіріспе мақаласы мен түсіндірмелері Э. Дэрдікі. I бөлім. Париж, 1846).— 220.
- Good, W. W.* Political, agricultural and commercial fallacies; or, the prospect of the nation after twenty years' «free-trade». London [1866] (*Гуд, У. У.* Саясат, ауыл шаруашылығы және сауда саласындағы адасушылықтар, немесе «еркін сауданың» 20 жылынан кейін ұлт перспективалары. Лондон [1866].— 273, 274.
- \* *Hodgskin, Th.* Popular political economy. Four lectures delivered at the London Mechanics' Institution. London, 1827 (*Годскин, Т.* Халықтық саяси экономия. Лондон жұмысшы мектебінде оқылған төрт лекция. Лондон, 1827).— 22—23, 281—282.
- Holdsworth, W. A.* The Law of landlord and tenant, with a copious collection of useful forms. London, 1857 (*Холдсуорт, У. А.* Лендлордтар мен арендаторлар туралы заң, пайдалы үлгілерінің көшірмелері қоса берілген. Лондон, 1857).— 201, 205.
- Kirchhof, F.* Handbuch der landwirtschaftlichen Betriebslehre. Ein Leitfaden für praktische Landwirthe zur zweckmäßigen Einrichtung und Verwaltung der Landgüter. Dessau — Dresden, 1852 (*Кирххоф, Ф.* Ауыл шаруашылығын жүргізу жөніндегі басшылық. Поместьелерді мақсатқа сай ұйымдастыру және оларды басқару жөнінде егінші практиктер үшін анықтауыш. Дессау — Дрезден, 1852).— 207—208, 279, 282—287, 295, 296.
- Lalor, J.* Money and morals: a book for the times. London, 1852 (*Лалор, Дж.* Ақша және адам құлқы. Біздің заманымызға арналған кітап. Лондон, 1852).— 165, 167, 168.
- Lardner, D.* Railway economy: a treatise on the new art of transport, its management, prospects, and relations, commercial, financial and social. London, 1850 (*Ларднер, Д.* Темір жол шаруашылығы. Транспорттың жаңа түрі туралы, оны басқару туралы, оның перспективалары туралы және оның коммерциялық, финанстық және әлеуметтік қатынастары туралы трактат. Лондон, 1850).— 197, 207, 208—210.
- Laveleye, E. de.* Essai sur l'économie rurale de la Belgique. Deuxième édition. Paris — Bruxelles — Leipzig, 1863 (*Лавеле, Э. де.* Бельгия ауыл шаруашылығының очеркі. Екінші басылуы. Париж — Брюссель — Лейпциг, 1863).— 282.
- \* *Lavergne, L. de.* The Rural economy of England, Scotland and Ireland. Translated from the French. Edinburgh and London, 1855 (*Лавернь, Л. де.* Англияның, Шотландия мен Ирландияның ауыл шаруашылығы. Французшадан аударылған. Эдинбург және Лондон, 1855).— 275.
- Le Trosne, G. F.* De l'intérêt social, par rapport à la valeur, à la circulation, à l'industrie et au

- commerce intérieur et extérieur. Мына кітапта: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie II. Paris, 1846 (*Ле Трон, Г. Ф.* Құнға, айналысқа, өнеркәсіпке, ішкі және сыртқы саудаға қатысты нәрсе саласындағы қоғамдық пайда туралы. Мына кітапта: Физократтар. Кіріспе мақаласы мен түсіндірмелері Э. Дәрдікі. II бөлім. Париж, 1846).— 220.
- Macleod, H. D.* The Elements of political economy. London, 1858 (*Маклеод, Г. Д.* Саяси экономия негіздері. Лондон, 1858).— 264.
- Manava Dharma Sastra, or the Institutes of Manu according to the gloss of Kulluka, comprising the indian system of duties, religious and civil.* Third edition. Madras, 1863 (*Манавадхармашастра, немесе үндүстердің діни және азаматтық міндеттерінің жүйесін баяндайтын Куллуқ түсіндірмелері бойынша Ману заңдары.* Мадрас, 1863).— 275.
- \* *Marx, K.* Das Elend der Philosophie. Antwort auf Proudhon's «Philosophie des Elends». Deutsch von E. Bernstein und K. Kautsky. Mit Vorwort und Noten von Friedrich Engels. Stuttgart, 1885 (*Маркс, К.* Философия қайыршылығы. Прудонның «Қайыршылық философиясына» жауап. Неміс тіліне аударған Э. Бернштейн мен К. Каутский. Алы сөзі мен ескертулері Фридрих Энгельстікі. Штутгарт, 1885).— 14.
- \* *Marx, K.* Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie. Erster Band. Buch I. Zweite verbesserte Auflage. Hamburg, 1872 (*Маркс, К.* Капитал. Саяси экономия сыны. Бірінші том. I кітап. Екінші, түзетіліп басылғаны Гамбург, 1872).— 8, 9, 18—19, 22, 38, 41, 42, 46, 50, 54, 64, 67, 85, 99, 123, 137, 148, 151, 159, 166, 176, 179, 182, 187, 190, 191, 200, 201, 210, 217, 234, 236, 240, 248, 250, 261, 262, 277, 342, 351, 353, 367, 371, 378, 389, 390, 401, 403, 405, 409, 436, 449, 468, 497, 544, 555, 568, 574, 577.
- \* [*Marx, K.*] Lohnarbeit und Kapital. In: «Neue Rheinische Zeitung». April, 1849 ([*Маркс, К.*] Жалдама еңбек және капитал. «Neue Rheinische Zeitung»-те басылған. Апрель, 1849).— 16.
- \* *Marx, K.* Misère de la philosophie. Réponse à la philosophie de la misère de M. Proudhon. Paris—Bruxelles, 1847 (*Маркс, К.* Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап. Париж—Брюссель, 1847).—16, 22—23, 27.
- \* *Marx, K.* Zur Kritik der politischen Oekonomie. Erstes Heft. Berlin, 1859 (*Маркс, К.* Саяси экономия сынына. Бірінші кітап. Берлин, 1859).— 8, 394.
- Meyer, R.* Der Emancipationskampf des vierten Standes. Berlin, 1874 (*Мейер, Р.* Төртінші сословиенің азаттық күресі. Берлин, 1874).— 14, 15.
- Mill, J. St.* Essays on some unsettled questions of political economy. London, 1844 (*Милль, Дж. Ст.* Саяси экономияның кейбір шешілмеген мәселелері туралы очерктер. Лондон, 1844).— 263.
- Müller, A. H.* Die Elemente der Staatskunst. Teil III. Berlin, 1809 (*Мюллер, А. Г.* Мемлекеттік басқару өнерінің негіздері. III бөлім. Берлин, 1809).— 215.
- Newman, S. Ph.* Elements of political economy. Andover and New York, 1835 (*Ньюмен, С. Ф.* Саяси экономияның негіздері. Эндавер және Нью-Йорк, 1835).— 180.
- Patterson, R. H.* The Science of finance. A practical treatise. Edinburgh and London, 1868 (*Паттерсон, Р. Х.* Финанс туралы ғылым. Практикалық курс. Эдинбург және Лондон, 1868).— 264.
- Potter, A.* Political economy: its objects, uses and principles considered with reference to the condition of the american people. New York, 1841 (*Поттер, А.* Саяси экономия: оның американ

- халқының тұрмыс жағдайына сәйкес қаралған предметі, міндеті мен негізі. Нью-Йорк, 1841).— 216.
- \* *Quesnay, F.* Analyse du Tableau économique. Мына кітапта: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846 (*Кенэ, Ф.* Экономикалық кестенің анализі. Мына кітапта: Физиократтар. Кіріспе мақаласы мен түсіндірмелері Э. Дэрдікі. I бөлім. Париж, 1846).— 156, 220.
- \* *Quesnay, F.* Dialogues sur le commerce et sur les travaux des artisans. Мына кітапта: Physiocrates. Avec une introduction et des commentaires par E. Daire. Partie I. Paris, 1846 (*Кенэ, Ф.* Сауда туралы және қолөнершілердің еңбегі туралы диалогтар. Мына кітапта: Физиократтар. Кіріспе мақаласы мен түсіндірмелері Э. Дэрдікі. I бөлім. Париж, 1846).— 156, 390.
- Ramsay, G.* An Essay on the distribution of wealth. Edinburgh, 1836, (*Рамсей, Дж.* Байлықтың бөлінуі туралы тәжірибе. Эдинбург, 1836).— 263, 441, 495.
- Ravenstone, P.* Thoughts on the funding system, and its effects. London, 1824 (*Рейвнстон, П.* Мемлекеттік борыштардың системасы және оның зардаптары туралы пікірлер. Лондон, 1824).— 23.
- \* *Ricardo, D.* On the principles of political economy, and taxation. Third edition. London, 1821 (*Рикардо, Д.* Саяси экономияның және салық салудың негіздері туралы. Үшінші басылуы. Лондон, 1821).— 176, 249, 258, 262, 441, 544.
- Rodbertus-Jagetzow, I. K.* Briefe und socialpolitische Aufsätze. Herausgegeben von Dr. R. Meyer. Band I. Berlin, (1881) (*Родбертус-Ягецов, И. К.* Хаттар және әлеуметтік-саяси мақалалар. Бастырған д.р. Р. Мейер. I том, Берлин [1881]).— 15, 16, 26.
- \* *Rodbertus-Jagetzow, C.* Das Kapital. Vierter socialer Brief an von Kirchmann. Herausgegeben und eingeleitet von Th. Kozak. Berlin, 1884 (*Родбертус-Ягецов, К.* Капитал. Фон Кирхманға жазылған төртінші әлеуметтік хат. Т. Козак бастырып, кіріспе жазған. Берлин, 1884).— 15.
- \* *Rodbertus, I. K.* Sociale Briefe an von Kirchmann. Dritter Brief: Widerlegung der Ricardo'schen Lehre von der Grundrente und Begründung einer neuen Rententheorie. Berlin, 1851 (*Родбертус, И. К.* Фон Кирхманға жазылған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рента-сы туралы ілімін теріске шығару және жаңа рента теориясын дәлелдеу. Берлин, 1851).— 17.
- Rodbertus-Jagetzow, I. K.* Zur Erkenntniß unsrer staatswirtschaftlichen Zustände. Neubrandenburg und Friedland, 1842 (*Родбертус-Ягецов, И. К.* Біздің экономикалық құрылысты зерттеп білу жөнінде. Ней-Бранденбург және Фридланд, 1842).— 10, 20, 28.
- \* *Roscher, W.* System der Volkswirtschaft. Band I: Die Grundlagen der Nationalökonomie. Dritte, vermehrte und verbesserte Auflage. Stuttgart und Augsburg, 1858 (*Рошер, В.* Халық шаруашылығының системасы. I том; Саяси экономия негіздері. Толықтырылып, түзетіліп, үшінші басылуы. Штутгарт және Аугсбург, 1858).— 422.
- Roscoe, H. E. und Schorlemmer, C.* Ausführliches Lehrbuch der Chemie. Erster Band: Nichtmetalle. Braunschweig, 1877 (*Роско, Г. Э. және Шорлеммер, К.* Химияның толық оқулығы. I том, Метал еместер. Брауншвейг, 1877).— 24.
- Say, J. B.* Lettres à M. Malthus, sur différens sujets d'économie politique, notamment sur les causes de la stagnation générale du commerce. Paris, 1820 (*Сэй, Ж. Б.*

- Саяси экономияның түрлі мәселелері жөнінде, атап айтқанда саудадағы жаппай тоқыраудың себептері туралы Мальтус мырзаға жазылған хаттар. Париж, 1820).— 499.
- \* *Say, J. B. Traité d'économie politique, ou Simple exposition de la manière dont se forment, se distribuent et se consomment les richesses. Troisième édition. Tome II. Paris, (1817) (Сэй, Ж. Б. Саяси экономия жөнінде трактат, немесе Байлықтың қалай жасалып, бөлінуі мен тұтынулуын жай ғана көрсету. Үшінші басылуы. II том. Париж, 1817).— 176, 442.*
- Scrope, G. Principles of political economy — қараңыз: Potter. Political economy.*
- Senior, N. W. Principes fondamentaux de l'économie politique, tirés de leçons édités et inédites de Mr. N. W. Senior par le c-te Jean Arrivabene. Paris, 1836 (Сениор, Н. У. Саяси экономияның Н. У. Сениор мырзаның басылып шыққан және басылмаған лекцияларынан граф Жан Арривабене қорытып алған басты негіздері. Париж, 1836).— 497.*
- Sismondi, J. C. L. Simonde de. Etudes sur l'économie politique. Tome I. Bruxelles, 1837 (Сисмонди, Ж. Ш. Л. Симонд де. Саяси экономия очерктері. I том, Брюссель, 1837).— 165.*
- \* *Sismondi, J. C. L. Simonde de. Nouveaux principes d'économie politique, ou De la richesse dans ses rapports avec la population. Tome I. Paris, 1819 (Сисмонди, Ж. Ш. Л. Симонд де. Саяси экономияның жаңа негіздері, немесе Халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. I том, Париж, 1819).— 27, 136.*
- \* *Smith, A. An Inquiry into the nature and causes of the wealth of nations. Ed. E. G. Wakefield. A new edition in four volumes. Vol. I and II. London, 1843 (Смит, А. Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. Э. Г. Уэкифилд бастырған. Төрт том болып жаңадан басылуы. I және II томдар. Лондон, 1843).— 17, 18, 19, 165, 220—226, 228, 229, 231—237, 240—243, 245, 248, 409—416, 419—424, 426, 427, 430, 440, 538—540.*
- Soetbeer, A. Edelmetall-Produktion und Werthverhältniss zwischen Gold und Silber seit der Entdeckung Amerika's bis zur Gegenwart. Gotha, 1879 (Зетбер, А. Асыл металдар өндіру және Американы ашқан кезден бастап осы уақытқа дейін алтын мен күміс құнының арасалмағы. Гота, 1879).— 532.*
- The Source and remedy of the national difficulties, deduced from principles of political economy, in a letter to Lord John Russell. London, 1821 (Ұлттық қиыншылықтардың саяси экономияның негізгі қағидаларынан жасалған негізі және шешілуі. Лорд Джон Расселге хат. Лондон, 1821).— 20—23.*
- Storch, H. Considerations sur la nature du revenu national. Paris, 1824 (Шторх, Г. Ұлттық табыстың табиғаты туралы пікірлер. Париж, 1824).— 442, 492.*
- Storch, H. Cours d'économie politique, ou Exposition des principes qui déterminent la prospérité des nations. Tome II. St.-Petersbourg, 1815 (Шторх, Г. Саяси экономия курсы, немесе Халықтардың игілігін анықтайтын негіздерді баяндау. II том. С.-Петербург, 1815).— 443.*
- Thompson, W. An Inquiry into the principles of the distribution of wealth most conducive to human happiness. A new edition. London, 1850 (Томпсон, У. Байлық бөлінісінің адамзат бақытына анағұрлым себепкер болатын негіздерін баяндау. Жаңадан басылуы. Лондон, 1850).— 22, 368—370.*
- Tooke, Th. An Inquiry into the currency principle; the connection of the currency with prices, and the expediency of a separation*

of issue from banking. Second edition. London, 1844 (*Тук, Т.* Ақша айналысы заңдарын зерттеу, ақша айналысының бағаммен байланысы және банкнот шығаруды банк ісіне бөлудің орындылығы. Екінші басылуы. Лондон, 1844).— 539—540.

\* *Turgot*. Reflexions sur la formation et la distribution des richesses. Мына кітапта: Oeuvres de *Turgot*. Nouvelle édition par E. Daire. Tome I. Paris, 1844 (*Тюрго*. Байлықтарды жасау және бөлу туралы ойлар. Мына кітапта: Тюргоның Шығармалары. Э. Дэр жаңадан бастырып шығарған. I том, Париж, 1844).— 220, 390, 409—410.

\* *Tyler* [*Tylor*], E. B. Forschungen

über die Urgeschichte der Menschheit und die Entwicklung der Civilisation. Aus dem Englischen von H. Müller. Leipzig. (*Тэйлор, Э. Б.* Адамзаттың алғашқы тарихын және цивилизацияның шығуын зерттеу. Ағылшын тілінен аударған Г. Мюллер. Лейпциг).— 497.

*Wayland*, Fr. The Elements of political economy. Boston, 1843 (*Уэйленд, Ф. Р.* Саяси экономия негіздері. Бостон, 1843).— 260—261.

*Williams*, R. P. On the maintenance of permanent way (*Уильямс, Р. П.* Темір жол жолдарын сақтау туралы). Азаматтық инженерлер институтында жасалған баяндама. 1867.— 197, 208.

#### ПАРЛАМЕНТТІК ЕСЕПТЕР ЖӘНЕ БАСҚА ДА РЕСМИ ЖАРИЯЛАНҒАН МӘЛІМЕТТЕР

East India (Bengal and Orissa famine). Papers and correspondence relative to the famine in Bengal and Orissa, including the report of the Famine Commission and the minutes of the Lieutenant Governor of Bengal and the Governor General of India. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 31 May, 1867 (Шығыс Индия (Бенгалия мен Ориссадағы ашаршылық). Бенгалия мен Ориссадағы ашаршылық туралы документтер мен жазысқан хаттар, бұлар ашаршылықпен күресу жөніндегі Комиссияның есебін және Бенгалияның вице-губернаторы мен Индияның генерал-губернаторының протоколдарын қоса қамтиды. Қауымдар палатасының 1867 жылғы 31 майда берген тәртібі бойынша жарияланған).— 166.

East India (Bengal and Orissa famine). Papers relating to the famine in Behar, including Mr. F. R. Cockerell's report. Part III. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 31 May 1867 (Шығыс Индия (Бенгалия мен Ориссадағы ашаршылық). Ф. Р. Ко-

керелл есебін қоса, Бихардағы ашаршылық туралы документтер. III бөлім. Қауымдар палатасының 1867 жылғы 31 майдағы берген тәртібі бойынша жарияланған).— 166.

East India (Madras and Orissa famine). Return to an address of the honourble the House of Commons, dated 4 July 1867. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 30 July, 1867 (Шығыс Индия (Мадрас пен Ориссадағы ашаршылық). Қадірмен қауымдар палатасының 1867 жылғы 4 июльдегі түсірген сұрағы бойынша тапсырылған есеп. Қауымдар палатасының 1867 жылғы 30 июльде берген тәртібі бойынша жарияланған).— 275.

Report from the select committee on bank acts; together with the proceedings of the committee, minutes of evidence, appendix and index. Part I. Report and evidence. Ordered, by the House of Commons, to be printed, 30 July, 1857 (Банк заңдары жөніндегі ерекше комиссияның есебі, комиссияның еңбектері, куә



жауаптарының протоколдары, қосымша мен көрсеткіш. I бөлім. Есеп және куә жауаптары. Қауымдар палатасының 1857 жылғы 30 июльдегі берген тәртібі бойынша жарияланған).— 271, 272.

Reports by Her Majesty's secretaries of embassy and legation, on the manufactures, commerce, &c., of the countries in which they reside. No. 8. London, 1865 (Ұлы мәртебелі тақсырдың елшіліктері мен миссиялары секретарьларының өздері болған елдердегі өнеркәсіп, сауда, т. т. туралы есептері. № 8. Лондон, 1865).— 280.

Reports by Her Majesty's secretaries of embassy and legation on the countries, commerce, &c., of the countries in which they reside. Part III. London, 1879

(Ұлы мәртебелі тақсырдың елшіліктері мен миссиялары секретарьларының өздері болған елдердегі өнеркәсіп, сауда, т. т. туралы есептері. III бөлім. Лондон, 1879).— 534, 584, 585.

Royal commission on railways. Minutes of evidence taken before the commissioners, March 1865 to May 1866. Presented of both Houses of Parliament by command of Her Majesty. London, 1867 (Корольдік темір жол комиссиясы. 1865 ж. марттан 1866 ж. майға дейінгі уақыт ішінде комиссия мүшелеріне берілген жауаптардың протоколдары. Ұлы мәртебелі тақсырдың бұйрығы бойынша парламенттің екі палатасына тапсырылған. Лондон, 1867).— 164, 177, 197, 202, 208, 291.

### МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ШЫҒАРМАЛАРЫ

«*The Economist*» («Экономист»), Лондон, V том, I бөлім, 8 май, 1847 ж.— 162.

— XXIV том, 16 июль, 30 июль, 7 июль, 1866.— 292—293.

«*Money Market Review*» («Ақша рыногына шолу»), Лондон, 2 декабрь, 1867 ж.— 197.

— 25 январь, 1868 ж.— 207.

«*Neue Rheinische Zeitung. Organ der Demokratie*» («Жаңа Рейн газеті. Демократия органы»),

Кёльн, № 21, 24 июль, 1848 ж.; № 31, 4 июль, 1948 ж.; № 56, 26 июль, 1848 ж.; № 99, 10 сентябрь, 1848 ж.; № 100, 12 сентябрь, 1848 ж.; № 138, 9 ноябрь, 1848 ж.— 15.

— №№ 264 267 және 269, 5 8 және 11 апрель, 1849 ж.— 16.

«*Zeitschrift für die gesammte Staatswissenschaft*» («Жалпы мемлекет тану мәселелері жөніндегі журнал»), Тюбинген, 35-том, 1879.— 14, 15.

## ЦИТАТ АЛЫНҒАН КІТАПТАРДЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ\*

- Годскин, Т.* Көпшілікке арналған саяси экономия (мына кітапта: *Т. Годскин.* Шығармалар, М., 1938). — 22, 281—282 (136).
- Кенэ, Ф.* Экономикалық кестенің анализі (мына кітапта: *Ф. Кенэ.* Таңдамалы экономикалық шығармалар, М., 1960). — 156 (375), 220 (361).
- Кенэ, Ф.* Қолөнер еңбегі туралы. Екінші диалог (мына кітапта: *Ф. Кенэ.* Таңдамалы экономикалық шығармалар, М., 1960). — 390 (494—495).
- Кенэ, Ф.* Сауда туралы. М. Х. мен М. Н. арасында болған бірінші диалог (мына кітапта: *Ф. Кенэ.* Таңдамалы экономикалық шығармалар, М., 1960). — 156 (382), 405, 406).
- Курсель-Сенёль* (бұл басылуда: *Курсель-Сеней, Ж. Г.* Өнеркәсіп, сауда, егіншілік кәсіпорындарын теория және практика жүзінде зерттеу жөнінде басшылық. Француз тілінен аударма, В. Вишняковтың редакциясымен басылған. Спб., 1860. — 278 (47—48).
- Лавренть, Г. Л. de.* Англиядағы, Шотландия мен Ирландиядағы ауыл шаруашылығы. М., 1859. — 275 (17—18).
- Рикардо, Д.* Саяси экономия және салық салу негіздері. М., 1955 (*Рикардо.* Шығармалары. Аударманы редакциялаған М. Н. Смит. I том). — 176 (219), 249 (49), 258 (49), 261 (49), 262 (50), 441 (129—130), 544 (233).
- Родбертус, К.* Біздің мемлекеттік-шаруашылық құрылысты зерттеп білу. Аудармасы Н. Поспелованыкі, редакциялап, алғы сөз жазған В. Серебряков. Л., 1936. — 14, 20, 28 (164).
- Родбертус.* Капитал. Карл Родбертус-Ягцовтың фон Кирхманға жазған төртінші әлеуметтік хаты. Неміс тілінен аударған И. Давыдов. Спб., 1906—15.
- Родбертус.* Фон Кирхманға жазылған әлеуметтік хаттар. Үшінші хат: Рикардоның жер рента-сы туралы ілімін теріске шығару және рентаның жаңа теориясын дәлелдеу (мына кітапта: *К. Родбертус.* Экономикалық шығар-

\* Бұл көрсеткіште Марке цитат алған және атап өткен кітаптардың қолда бар орысша аудармаларының соңғы аудармалары көрсетілген. Бұл көрсеткіште осы томның беттері қойылды, өйткені бұл беттерде Марке белгілі еңбекті цитатқа алады немесе атап өтеді, сонымен қатар цитат алынған кітаптың тиісті беттері дәлгелек жақшаның ішінде көрсетілді.

- малар. Аудармасы И. Плотниковтікі. Л., 1936).— 16 (289).
- Сисмонди*. Саяси экономияның негіздері, немесе Халық өсуіне қатынасындағы байлық туралы. I том, М., 1937.— 27 (314), 135—136 (208—209, 207).
- Рошер*, В. Халық шаруашылығының системасы. I том, Халық шаруашылығының негіздері. Аударған И. Бабст. I том, Бірінші бөлім. М., 1860.— 422.
- Смит*, А. Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу. М.—Л., 1935. I том,— 17 (46, 47), 18 (61), 165, 221 (231), 222 (231—232), 223—224 (232), 225 (231, 232), 226 (232), 228 (231), 229 (237), 232 (235), 232—233 (232), 233 (233), 235 (233), 236 (235), 240 (234), 241—242 (235), 243 (236), 245 (235), 248 (307), 410 (307—308, 233), 411 (233, 47, 49, 48), 411—412 (48, 238, 239), 413 (87), 414 (239) 415—416 (239, 240—241), 420 (46, 278, 280), 420—422 (279—280, 307, 49), 423 (47), (47—48), 427 (5, 4), 431 (280), 440 (5), 540 (270—271).
- Сэ, Ж. Б.* (бұл басылуында: *Сэй, Ж. Б.*). Саяси экономия трактаты. Аударған Е. Н. Каменецкая. М., 1896 (жеке тараулары аударылған).— 176, 441—442.
- Тайлор, Е. Б.* (бұл басылуында: *Тэйлор, Э. Б.*) Адамзаттың тарихқа дейінгі тұрмысы және цивилизацияның басталуы. Профессор Ф. Мильгаузеннің редакциялауымен ағылшын тілінен аударған Е. Валицкий. М., 1868.— 497 (249).
- Тюрго*. Байлықтарды жасау және бөлу туралы ойлар. Аударма және толықтырулар профессор А. Н. Миклашевскийдікі. Юрьев, 1905.— 220, 390 (39), 410 (34).

## ПРЕДМЕТ КӨРСЕТКІШІ

### А

*Абстракт еңбек* — 427, 487;

*Абстракция*

— зерттеу методы ретінде — 37—38, 99, 112—113, 129, 135—137, 144—145, 154, 159, 210, 298, 320—321, 328, 338—339, 371—372, 373, 386, 396, 445—450, 461, 511—513, 515, 518, 528—529, 532—533, 557—558, 560—561, 568, 571, 573—574, 576—579, 589—591.

*Австралия* — 166, 532, 533.

*Адамзаттың алғашқы қауымдық жай-күйі* — 497.

*Айналмалы капитал*

— анықтамасы — 183 — 184, 187, 190—193, 195, 212, 231, 233, 234, 236, 245, 247—248, 250, 253, 255—257, 259—260, 321—322;

— оның негізгі капиталдан айырмашылығы — 183 — 187, 193—195, 199, 212—213, 230—231, 232, 241, 247, 250—253, 255—258, 263, 268—269, 274—275, 283—284, 299—300, 321, 322, 337—338, 532;

— оның айналымының ерекшеліктері — 143—144, 194, 195, 212, 216, 218, 252—253, 279, 282, 285, 299, 320—324, 337—338;

— өзгермелі капитал — оның құрамды бөлігі ретінде — 190—

191, 195, 247—248, 252—253, 256—257, 259—260, 268—269, 305, 337—338, 390—391;

— және тұрақты капитал — 190, 252—253, 255—257, 305—306, 337—338, 390—391, 447, 591;

— және жөндеуге шығатын шығындар — 203—204;

— буржуазияшыл экономистердің айналмалы капиталға берген анықтамаларын сынау — 186—187, 194, 216, 218—227, 228—264, 409—411, 416—419, 491—492.

*Айналым кезеңі* — қараңыз: *Айналым уақыты*.

*Айналыс капиталы* — 194, 222—225, 227—232, 236—237, 240.

*Айналым уақыты*

— анықтамасы — 146, 150 — 151, 178, 180—181, 212—216, 288, 351—352;

— айналмалы капиталдың айналым уақыты — 143—144, 212—214, 220, 255, 266—269, 271—275, 277—286, 320—324, 325—328, 337—347, 351—364, 373—374, 378—379, 401, 403;

— негізгі капиталдың — 143—144, 189—190, 212—216, 219, 220, 255—256, 268, 274—275, 277—286, 320—322, 338, 367, 401, 404, 508—510, 512—513, 543—544, 560—561, 591;

- барлық авансыланған капиталдың — 212—216, 286, 351, 381—383;
- авансыланған капиталдың мөлшеріне оның әсері — 298—315, 316—326, 403, 405—406;
- оның ұзақтығындағы айырмашылықтардың себептері — 150—151, 216—218, 262—264, 266, 269, 272—283, 288—296, 299—300, 320—324, 325—326, 328—335, 343, 362—363, 403, 405—407;
- және қосымша құнның нормасы мен аумағы — 337—359, 365, 367; 401.

*Айналыс уақыты*

- анықтамасы — 146, 150, 151, 154;
- сату уақыты — айналыс уақытының бір бөлігі — 90, 124—125, 150—158, 160, 162—165, 288—295, 362;
- сатып алу уақыты — айналыс уақытының бір бөлігі — 90, 96, 97, 124—125, 151—153, 154—158, 160, 163—164, 190—194;
- жалпы айналым уақытының бір бөлігі — 146, 150—151, 178, 181, 269, 288, 362—364, 401, 403, 405;
- авансыланатын капиталдың айналымы мен мөлшеріне айналыс уақытының әсері — 298—312, 320—321, 324—328, 330—335, 401—406;
- және өндіріс уақыты — 146, 150—151, 298—300, 320—328, 401—403, 405—407;
- және өндіріс шығындары — 154—166, 168—177.

*Айналыс шығындары*

- бұл шығындардың жалпы сипаттамасы — 148, 154—161, 165—166, 174—176;
- товарды сату және сатып алу шығындары — 154—158, 280—296;
- бухгалтерлік есепті жүргізу шығындары — 158—161;
- ақша айналысына байланысты шығындар — 158—162, 394—406;
- запастар жасау және сақтау шығындары — 162 — 174, 285, 288, 294—296, 509;
- транспорт шығындары — 71—75, 174—177, 289—292, 493.

*Айырбас*

- өндіріс әдісі мен айырбас әдісі — 139—141;
- өнімді товарға айналдырудың қажетті шарты ретінде — 46, 47, 165—166;
- және ақшаның пайда болуы — 26, 403;
- өнімдер айырбасы мен жай товар айналысының айырмашылығы — 510, 565—567;
- капитализм тұсында товар айырбасының ерекшелігі — 26, 37—51, 52—58, 61—63, 64, 93—96, 117—121, 134—141, 154—156, 158, 161—165, 168—174, 177, 221—222, 238, 240, 241, 243—245, 248, 252, 254—255, 291—292, 400—403, 436—440, 450—451;
- капиталдың ауыспалы айналымы мен ұдайы өндірісі процесінде зат алмасы ретінде — 85, 92, 137—140, 164, 175, 222, 400, 401;
- қоғамдық өндірістің екі бөлімшесі арасындағы айырбас — 448—455, 467—481, 483, 486, 490, 494, 496—497, 499—517, 519—520, 525—536, 537—539, 560—563, 575—576, 578—584, 586—593;
- буржуазияшыл экономистердің көзқарастарын сынау — 26—29, 45, 51—52, 76, 78—79, 86, 92—94, 101, 113—114, 121—122, 129—130, 136—137, 138—141, 151, 152, 176, 221—224, 228—232, 235, 497—499, 517—518, 537—540, 542, 544—554, 561—562.

*Айырбас құны* — 71—74, 130, 152—153, 172, 182.

*Акционерлік капитал* — 119 — 120, 491, 565.

*Акционерлік қоғамдар* — 131, 151—152, 163, 207, 209, 271, 283, 397, 406—407, 491, 540—541, 585—586.

*Акциялар* — 188—189, 245, 335, 397, 565.

*Ақша*

- Маркстің ақша теориясына Энгельстің берген сипаттамасы — 26;

- металл ақшалар—135—137, 371, 393—394, 407, 541—542, 567;
- кредит ақшалары — 136, 368, 407;
- есеп ақшалары — 77, 78, 81, 125, 159, 178, 180, 213;
- дүние жүзілік ақша — 134, 406;
- жалпылық эквивалент — 42—43, 57—58, 59—60, 191, 371, 438;
- құн өлшемі — 42—43, 356;
- сатып алу құралы — 40, 91, 96, 105, 125, 136—137, 296, 379—380, 381—382, 393, 525, 529;
- айналыс құралы — 41, 83—84, 91, 92, 98, 161, 210—211, 371, 375, 393—394, 397, 470—471, 525, 561—562, 568—570, 577—578;
- қазына жинау құралы — 83—84, 96—98, 103—105, 144—145, 161, 210—211, 368, 371—372, 375, 391—392, 393, 397, 536, 543—544, 555, 559, 560, 562—567, 575—578, 592—593;
- төлем қаржысы — 40, 44, 91, 96, 98—99, 125, 136—137, 161, 217, 273, 296—311, 358—359, 371, 372, 375, 379—380, 393, 525, 541—542, 568;
- ақшаның айналыс заңдары — 124, 217, 371, 375, 377—378, 388—389, 468, 518;
- ақшаның айналыстағы саны — 124, 137, 161—162, 217, 328, 352, 371—372, 375, 376, 377—378, 386, 388, 390—391, 393, 474—475, 536—539, 542—543, 559, 567;
- ақшаның тозуы және ақша материалының ұдайы өндірілуі — 161—162, 372, 375, 394, 406, 532—544;
- ақшаның капиталға айналуы — 26, 40—46, 50—51, 56—63, 73—78, 211, 498;
- жалған ақша — 377;
- ақшаның және ақша айналысының буржуазияшыл теорияларының сынауы — 42, 45, 92, 139—141, 376—382, 386—389, 394, 430—431, 507—508, 537—540.

Сонымен қатар қараңыз: *Алтын (және күміс)*.

*Ақша айналысы заңдары* — 124, 137, 217, 371, 375, 376—377, 388—390, 468, 518.

#### *Ақша капиталы*

- оның анықтамасы және ерекшеліктері — 40, 41, 45, 50—51, 59—63, 72—75, 77, 89, 91—93, 96, 99—102, 104, 107, 113—115, 120—121, 178, 222, 227—228, 230—232, 236—237, 402—407, 429, 468, 498, 541—543;
- оның ауыспалы айналымының формуласы мен сатылары—37, 40—42, 47, 48, 62—63, 64—67, 72—80, 82—83, 89, 99—102, 107, 113, 115, 120—121, 124—126, 132, 178—181, 445;
- оның өндіргіш капиталға айналуы — 38—49, 56—57, 68, 75, 88—89, 92, 93, 96, 102—104, 124—125, 144—145, 373, 397, 405—407, 470, 473, 559, 564—565;
- потенциалды капитал — 96—98, 102—106, 132—133, 144—145, 306, 322—328, 367—368, 375, 392, 394—398, 406, 555—560, 562—565, 569, 577—579;
- резерв капиталы — 97, 105—106, 132—133, 145, 304—306, 336, 363, 365, 367, 374, 393—395, 403;
- қоғамдық капиталды ұдайы өндіру процесінде оның ролі — 44, 49, 402—407, 470, 555—560, 565—566, 567—568;
- және ақша айналысы — 40—42, 48—49, 50—51, 83, 91, 92, 96—101, 124, 134, 135—137, 381—382, 385—386, 388—391, 405—407, 451—455, 467—479, 537—544;
- буржуазияшыл экономистердің теорияларының сынауы — 42—45, 88, 93—94, 101, 113—114, 121—122, 139—141, 180, 296—297, 308, 497—499, 506—508, 564—567.

Сонымен қатар қараңыз: *Банкілер, Кредит, Қарыз капиталы*.

*Ақша капиталының ауыспалы айналымы*

— анықтамасы — 57—58, 73;

— оның формуласы — 37, 47, 55—

- 56, 64, 73, 74, 78—80, 82, 99, 100, 123;
- оның бірінші сатысы — 38—50, 55, 56—57, 62, 75, 77—80, 93—94, 102, 109, 140—143;
  - оның екінші сатысы — 47—51, 55—56, 61—64, 73—75, 79, 98—100, 113;
  - оның үшінші сатысы — 52—58, 60—63, 64—72, 76, 79, 82, 85, 87—91, 94—96, 100—102, 107, 109—112, 141—145;
  - ауыспалы айналымның мақсаты мен нәтижесі — 57—63, 64—67, 73—77, 98—100, 123, 129—130, 141—145, 178, 180—181;
  - өнеркәсіп капиталының ауыспалы айналымының ерекше формасы ретінде — 67, 72, 76—77, 79—80, 96, 99, 124—126, 129;
  - айналыс процесі мен өндіріс процесінің бірлігі ретінде — 64, 67, 76, 123—124;
  - ақша капиталын ұдайы өндіру формасы ретінде — 123;
  - оның алтын өнеркәсібі мен транспорттағы ерекшелігі — 62—63, 68, 71—72;
  - ақша мен ақша капиталының буржуазияшылы теорияларын сынау — 42, 45, 76, 78, 92, 94, 101, 113—114, 129—130, 139—142, 180, 296—297.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ақша капиталы*.
- Ақша рыногы* — 132, 325—326, 328—329, 334—336, 360—361, 406—407;
- Алтын (және күміс)*
- оның құнының өзгеруі және товар бағасы — 373, 567;
  - ақша ретінде — 62—63, 72, 78, 98, 135—137, 161—162, 368, 371—375, 382—385, 394, 395, 406, 532—537, 541, 542, 544, 557—558, 568, 592;
  - шикі материал ретінде — 372, 532, 534, 535, 592;
  - және потенциалды ақша капиталының қорлануы — 97—98, 368, 371—372, 375, 391—392, 394—396, 398, 536—537, 542—543, 544, 557, 558, 564—565, 568, 569, 592—593.

*Алтын өнеркәсібі* — 63, 72, 372—375, 382—385, 391—392, 394, 406, 532—537, 541, 543—544, 557—558, 564—565, 567, 569, 592.

*Америка* — қараңыз: *Америка Құрама Штаттары, Оңтүстік Америка*.

*Америка Құрама Штаттары* — 166, 532, 542—544, 584—586.

*Амортизация — негізгі капитал амортизациясы*

- оның мәні — 143—144, 182—184, 189—190, 194—195, 197—201, 209—211, 268;

- есептеп шығару әдісі және оның нормасы — 143—144, 182, 196—199, 200—210, 212—213, 281, 591;

- амортизация қорының жасалуы — 182, 189—190, 199—203, 210—213, 268, 508—510, 512—514, 519—521, 539—540, 560—561;

- және жөндеу шығындары — 143—144, 200—210, 281, 413—414, 508—509, 539—540;

- және іс жүзіндегі пайданы капиталистердің жасыруы — 207, 209.

*Англия* — 22—23, 85—86, 139, 163—164, 168, 177, 200—201, 206, 209, 271—272, 274, 275, 287, 290, 292—293, 295, 363—364, 369—370, 411, 480—481, 488—489;

- тред-юниондар — 387—388.

*Арабтар* — 49.

*Аренда* — 68, 200—201, 205—206, 282, 540—542, 551—552.

*Артық халық* — қараңыз: *Относителді артық халық*.

*Артық өндіру дағдарыстары* — қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар*.

*Асыл металдар* — 50—51, 72, 161—162, 368, 371—373, 391—392, 394, 398, 532—533, 541—542, 564—565, 567.

Сонымен қатар қараңыз: *Алтын (және күміс)*.

*Ауыл шаруашылық жұмысшысы* — 140—141, 245—246, 361, 409.

*Ауыл шаруашылығы* — 128, 245—246, 273, 279, 281—282, 361, 420—421, 448.

Сонымен қатар қараңыз: *Егіншілік*.  
*Афиндер (Ерте заманғы)* — 542—543.  
*Африка* — 543.

## Б

### Баға

- жалпы ережелер — 43, 52—53, 85, 132, 150—151, 159, 161, 162, 178, 203—204, 206—207, 229—230, 293—294, 335—336, 362—363, 386—390, 392—394, 436, 465, 477—478, 567;
- капиталдың айналымына баға өзгеруінің ететін әсері — 132—133, 328—337, 362—363;
- және жалақы — 361—362, 386—390, 465—466.

Сонымен қатар қараңыз: *Құн*.  
*Бағалы қағаздар* — 98—99, 104—105, 565—566;  
 — мемлекеттік бағалы қағаздар — 397.

Сонымен қатар қараңыз: *Акциялар*.

*Базис—капиталистік қоғамның базисі* — 79, 391—392, 403—404, 439.

### Байлық (қоғамдық)

- оның шығар көзі — 404—406;
- оның заттық формалары — 161—162, 165—166, 179, 188—189, 241, 244, 291—292, 394, 405—406, 566—567;
- оның капитализм тұсында өсуі — 161—162, 291—292, 368—370, 566—567;
- оны жай ұдайы өндірудің шарты — 205—206;
- және айналыс шығындары — 161—162, 170, 173, 291—292, 394;
- А. Смиттің қоғамдық байлықты қате жіктеуі — 240—241.

*Байланыс құралдары* — 71, 287—290.

### Бақытсыз оқиғалар (өндірістегі)

- капитализм тұсында олардың болу себептерінің бірі — 202.

*Баланс* — қараңыз: *Төлемдер балансы, Сауда балансы*.

*Банкноттар* — 534, 541—542.

*Банкілер* — 12, 105, 145, 156, 161, 292—293, 363—364, 393, 397, 468, 559—560.

Сонымен қатар қараңыз: *Кредит, Қарыз капиталы*.

*Барщина* — қараңыз: *Крепостниктік*.

*Бәсеке* — 95, 99, 154—156, 170—171, 197—198, 289, 299, 329, 585.

*Бельгия* — 198, 282.

*Биология* — 241.

*Биржа* — 387, 391.

*Ботаника* — 177.

### Бөлініс

- қосымша құнның бөлінісі — 18—20, 28, 250, 380, 398, 421—423, 439—440, 478—479;

- өндірістің заттық факторларының бөлінісі — 45—47, 115—116, 437.

*Бразилия* — 293.

*Буржуазия* — қараңыз: *Капиталист, Капиталистер табы*.

*Буржуазиялық классикалық саяси экономия*

- жалпы сипаттамасы — 15—22, 25—29, 51—52, 106, 113—114, 129—130, 138—140, 150—151, 186—187, 194, 252—254, 261—262, 296—297, 308, 341, 376—377, 409—410, 421—419, 427—428, 440—442, 465—466, 478—479, 491, 492, 495, 515, 518, 532, 561, 564—565;

- А. Смиттің теорияларына баға беру және оларды сынау — 11, 17—22, 219—248, 254, 263, 393, 409—440, 463—464, 484, 492—495, 539—540;

- Д. Рикардо теорияларына баға беру және оларды сынау — 19—22, 27—28, 249—264, 341, 440—441;

- Рикардо мектебінің күйреуі — 27—28, 341;

- буржуазиялық классикалық саяси экономиядан тұрпайы саяси экономияға көшу — 23—24, 27, 248, 254, 264, 341, 409—411, 420—422, 427—428, 433—434, 440—443, 491, 492, 497—499, 544—545, 553—554;

- капитализмді сынау үшін утопистердің Рикардо теорияларын пайдалануы — 19—23, 25, 281—282, 368—370;

- Маркс теориясының оның алдында өткендердің теорияла-



рынан түбірлі өзгешелігі —  
24—29.

*Буржуазиялық тұрпайы саяси экономика*

— оның жалпы сипаттамасы —  
23—24, 27, 28, 88, 150—151,  
188, 261, 376—377, 422—423,  
441—443, 498, 553—554, 577—  
578, 584—586;

— оның жеке қағидалары мен теорияларын сынау — 51—52, 86, 88, 93—94, 101, 139—141, 176, 386—388, 394, 422—423, 441—443, 465—466, 478—479, 491, 497—499, 502—503, 518, 532, 544—554, 571, 587—586.

*Бухгалтерлік есеп* — 77, 178, 204—205, 233—235, 326—327, 366;

— оның мәні мен қажеттігі — 77, 159—160;

— оны жүргізу шығындарының сипаты — 158—161, 164—165;

— қоғамдық өндіріс тұсында — 160;

— оның даму тарихы — 159, 160.

*Бірлік*

— өндіріс процесі мен айналыс процесінің бірлігі — 124;

— капиталдың ауыспалы айналымының үш формасының бірлігі — 124, 127—130, 159, 296—297.

## В

*Вексель* — 104, 292—293, 335, 363.

*Венеция* — 292.

## Г

*Генуя* — 292.

*Германия* — 279, 533.

*Гипотеза* — 464, 516—517, 519, 541—542.

*Голландия* — 134, 292—293.

*Греция (Ерте заманғы)* — 542—543.

## Ғ

*Ғылым*

— оның өндірісте қолданылуы — 147—149, 278—279;

— оның жетістіктерін капиталистік жолмен немдену — 404.

## Д

*Дүние жүзілік рынок* — 27, 134, 138—139, 168, 188, 291—292.

Сонымен қатар қараңыз: *Сыртқы сауда*.

*Дін* — 76.

## Е

*Егіншілік* — 71, 81, 121—122, 128, 140, 159, 164, 168, 180, 181, 186, 188, 200—201, 207, 219—221, 225, 233, 246, 254, 272, 273, 279—282, 300, 362, 408—411, 509, 543, 590.

Сонымен қатар қараңыз: *Жер құнарлығы, Ауыл шаруашылығы*.

*Еңбек* — 47—48, 50—51, 100—102, 148—149, 154—156, 175—176, 200—201, 256, 323—324, 419, 485—486, 509—510;

— капитализм тұсында еңбек процесінің екі жақты сипаты — 79, 200—201, 246, 399, 427—428, 435, 437, 486, 487—488, 489—491;

— құнның субстанциясы ретінде — 19—20, 25—28, 42, 52—54, 200—201, 246, 425—426, 427—428, 435, 437—440, 463, 483—490;

— қажетті еңбек — 28, 157, 246, 266, 430, 437, 483—484, 488;

— қосымша еңбек — 17—21, 25, 38, 39, 42, 51—52, 72, 87, 157, 246, 266, 340, 413—414, 435, 437, 483—484, 487—488, 562—564.

Сонымен қатар қараңыз: *Еңбекті интенсификациялау, Еңбек өнімділігі, Жұмыс күші*.

*Еңбек бөлінісі*

— фабрикада — 126;

— қоғамдық бөлінісі — 48—49, 72, 156, 159, 160, 166—167, 272, 481, 526—527.

*Еңбек заты* — 147—149, 176, 187, 226—227, 253, 277, 334, 425—426, 427—428.

Сонымен қатар қараңыз: *Еңбек материалы*.

*Еңбек құралдары* — 71, 229—230, 233, 246, 513.

*Еңбек құрал-жабдықтары*

— жалпы сипаттамасы — 68, 146—148, 182—183, 186—190, 197—

- 198, 228—231, 233—236, 243—245, 250—251, 255—256, 261, 508—509;
- тұрақты немесе негізгі капиталдың заттай формасы ретінде — 68, 146—149, 166—167, 182—187, 190—191, 235—236, 250, 255, 256, 321—322;
- олардың табиғи және моральдық тозуы — 183, 196—198, 507—510.
- Сонымен қатар қараңыз: *Машиналар, Еңбек құралы, Негізгі капитал.*
- Еңбек материалы* — 166—167, 200—201, 235—236, 238—239, 242, 243, 250—251, 257, 261, 284, 425, 495.
- Сонымен қатар қараңыз: *Еңбек заты.*
- Еңбекті интенсификациялау* — 148, 201—202, 277, 299, 367, 404, 531, 568.
- Еңбек рыногы* — 37, 38, 43, 55—56, 63—64, 75, 117—118, 119, 141—142, 143, 361, 362, 504—505.
- Еңбек өнімділігі* — 91, 103—104, 115—116, 121—122, 131, 164, 166, 167—168, 176, 199—200, 281, 323—324, 367, 394, 404—405, 564—565, 582—583;
- оны арттыру әдістері — 103—104, 166—167, 272, 281, 367, 405.

## Ж

- Жай ұдайы өндіріс* (қоғамдық көлемде) — 370—372, 417—420, 444—448, 466—467, 483, 530, 560—562, 570—571, 590;
- оның схемасы — 449—450, 467, 574—575;
- екі бөлімшенің арасындағы айырбастар — 448—455, 467—479, 481, 483, 486, 490, 494, 496—497, 499—509, 510—532;
- бірінші бөлімше ішіндегі айырбастар — 450, 479—482;
- екінші бөлімше ішіндегі айырбастар — 449—451, 455—467;
- ақша мен ақша айналысының ролі — 451—455, 467—479, 498—510, 514, 519—525, 529—530, 537—544;
- жұмысшылардың жалақыны жұмсауының мәні — 400—401,

- 445—448, 449—453, 455—473, 475, 495—509, 515—519, 541—543;
- қосымша құнды жайғастыру шарттары — 371—392, 400—401, 457, 462—467, 475—479, 537—539;
- өзгермелі капиталды жай ұдайы өндіру — 451—453, 455—457, 462—466, 482—486, 495—509;
- тұрақты капиталды жай ұдайы өндіру — 419, 425—428, 448—455, 461—462, 479—482, 487—494, 496—497, 508—512;
- негізгі капиталды жай ұдайы өндіру — 208—209, 449—450, 509—532, 540;
- ақша материалын жай ұдайы өндіру — 371—372, 375, 383—386, 391—392, 394, 406, 532—537;
- таптық қатынастардың ұдайы болып тұруы — 396, 400, 428—433, 436—437, 439, 444, 473, 477—479, 484, 502, 503—506;
- оның қажетті шарттары мен пропорциялары — 455, 462—466, 476—477, 483—484, 490, 515, 526, 529—532, 560—563, 589—591;
- оның қайшылықтары — 446—448, 465—467, 477—478, 497, 529—532, 560—562, 590;
- буржуазиялық теорияларды сынау — 408—428, 433—436, 440—443, 463, 467, 478—479, 483—484, 491—495, 497—499, 503, 507—508, 513, 518, 532, 537—540, 544—554, 560—562;
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұдайы өндіріс.*
- Жалақы*
- Маркстің жалақы теориясына Энгельстің берген сипаттамасы — 26;
- жұмыс күші құнының (бағасының) өзгерген формасы — 27—28, 38—39, 41, 42, 90—91, 139, 141, 163, 190—192, 242, 260, 421, 424—426, 430—431, 433, 434, 439, 500, 505, 577—578;
- номиналды және реалды жа-

- лақы — 361—362, 546—549, 575—577;
- жалақының өсу немесе кему себептері — 360—362, 386—389, 404, 465—466, 546—549, 576—578, 584—586;
- оны төлеу формалары мен мерзімдері — 46, 48, 77—78, 169, 190—192, 216—217, 247—248, 251—252, 254—255, 260—261, 305, 311, 391, 428, 451, 576—577, 583—586;
- оны жұмысшылардың жұмсауы — 142—143, 163, 169, 191—192, 240, 246, 255, 353, 358—360, 379, 380—381, 384, 387—388, 396, 400—401, 415—416, 421—422, 428—429, 431, 445, 447, 450—451, 455—457, 464—468, 470—473, 498—499, 503—505, 518—519, 541;
- бүкіл қоғамдық өнімнің түрлі бөліктерін айырбастағанда (және ұдайы өндіргенде) жалақының маңызы — 445—448, 450—452, 455—473, 495—508, 515—519, 575—578, 583—584, 589—592;
- жұмысшылар табысының формасы ретінде — 41, 412—415, 417—418, 420—422, 424—426, 429—430, 435, 439, 492—495, 497—504, 506—508;
- және ақша айналасы — 26, 41—45, 77—78, 136—137, 311, 338, 351—352, 361—362, 372—375, 378—379, 383—387, 384—392, 396—397, 431, 456—473, 475, 477—478, 498—508, 515—519, 533—535, 541—543, 576—577, 592;
- және еңбекті интенсификациялау — 299, 367, 404;
- және жұмысшының капиталистке кредит беруі — 40, 89—90, 216—217, 246—247, 251—252, 305, 363—370, 431—432, 451—452, 470, 503, 506—508;
- капиталдың қорлануы — 103, 142—143, 360—362, 396—397, 403—404, 575—576, 586—593;
- және айналым капитал — 216—217, 227—240, 246—264, 266—275, 282, 296, 298, 305—306, 311, 321—325, 328, 330—332, 334—335, 337—338, 358—362, 367, 372—373, 378—379, 475, 509;
- және өзгермелі капитал — 46, 77—78, 141—142, 157—158, 163—164, 190—192, 200—202, 204, 216—217, 240, 246—257, 259—263, 305, 323—325, 237—257, 271, 286, 389, 390—391, 396, 417—418, 421, 423—424, 428—430, 439, 448, 451—453, 455—457, 462—471, 482—486, 495—509, 542, 583—584;
- және қосымша күш — 19—20, 54—55, 260, 337—344, 357, 359, 386—387, 424—426, 433—436, 438—440, 442, 464—468, 471—475, 477—479, 509;
- және пайда — 386—388, 412, 450—451, 546—549, 575—577;
- және өнеркәсіп циклі — 360—362, 465—466;
- және кәсіподақтар — 387—388;
- және жұмыс күні — 584—585;
- және жұмысшылардың жинаған қаржысы — 142, 353;
- және товар бағасы — 360—362, 386—390, 445—446, 546—549, 576—578;
- және жалған ақша — 577;
- жалақының буржуазиялық теорияларын сынау — 16—20, 27—28, 245—263, 410—411, 440—443, 491—499, 505—508, 544—549, 553—554, 576—577, 584—586.
- Жалдама еңбек* — 44, 46—48, 119—120, 140—141, 148, 157, 169, 191—192, 262, 391, 439, 470, 541—543.
- Жалдаптық* — 74, 129, 175, 244, 271—272, 361, 387—388, 465.
- Жалпы өнім* — қараңыз: *Қоғамдық өнім*.
- Жалпылық эквивалент* — қараңыз: *Ақша, Алтын (және күміс)*.
- Жартылай фабрикат* — 168, 236—237, 239, 253, 448, 495, 529, 531, 591;
- Жеке бас тұтынуының заттары* — қажетті тіршілік заттары — 41, 48—49, 75, 90, 135, 142—143, 191—192, 236, 259, 375—376, 387—390, 417—418, 430, 433, 455—457, 462, 464—466;

— сән-салтанат заттары — 361, 372, 375—376, 387—388, 455—457, 462, 464—466, 532.

Сонымен қатар қараңыз: *Тіршілік заттары, Жеке бас тұтыну қоры.*

*Жеке бас тұтыну қоры* — 115—116, 165—166, 173, 235—236, 241, 244, 412, 414, 415, 416—418, 426—427, 444, 448, 464, 493, 573.

*Жеке бас тұтынуы* — қараңыз: *Тұтыну, Жеке бас тұтыну қоры.*

*Жеке бастың тәуелділігі* — 542—543;

Сонымен қатар қараңыз: *Крепостниктік, Күлдық.*

*Жер* — 243, 404—405, 541, 551;

— байлықтың табиғи көзі — 404, 406.

*Жер құнарлылығы*

— капитализм тұсында оның тозғындауы — 404—405;

— оны арттыру әдістері — 185.

*Жер меншігі* — 16—20, 27, 46, 271—272, 391, 404—405, 412, 421—422, 440, 517, 551.

*Жер рентасы* — 16—23, 27, 156, 272, 273, 380—381, 404—405, 406—412, 415, 420—422, 424—425, 435—436, 440, 442, 478—479, 517, 551—552.

*Жөндеу*

— күнделікті және күрделі жөндеу — 143—144, 204—206;

— жөндеу шығындары — 143—144, 200—210, 281, 365—366, 414, 508—510, 540;

— жөндеу шығындарының капиталистер арасында бөлінуі — 143—144, 202—207;

— және жұмысшыларды қанау — 201—202.

Сонымен қатар қараңыз: *Амортизация — негізгі капиталдың амортизациясы, Машиналар, Негізгі капитал.*

*Жұмыссыздық* — қараңыз: *Относительді артық халық.*

*Жұмыс кезеңі* — 265, 276, 278, 280, 281, 298, 300, 308, 317, 320—324, 342, 343, 364, 403, 406—407, 541.

*Жұмыс күні*

— анықтамасы және жалпы си-

паттамасы — 181, 267, 342, 483, 484, 487—488;

— қысқартылған жұмыс күні — 299;

— және еңбекті интенсифтендіру — 299, 367, 404.

*Жұмыс күші*

— товар ретінде — 26—28, 38, 40—46, 47—48, 50—51, 75, 93, 101, 109, 130, 138—139, 140—143, 191—192, 230—231, 240, 241, 247—248, 251—252, 268, 360, 373, 396, 400, 421, 428—433, 436, 437, 451—452, 470, 473, 498—500, 520, 541;

— оның құны (бағасы) — 26—28, 38—39, 41, 42, 90—91, 138—139, 140—141, 163, 190, 192, 252, 260, 421, 424—426, 430—434, 439—500, 505, 548, 577—578;

— оны тұтыну процесі — 43, 44, 47, 48—49, 51—52, 75, 130, 131, 138—139, 191, 248, 252, 257, 311, 338, 353, 404, 428, 430, 431, 437—439, 451—452;

— өндіргіш капиталдың құрамды бөлігі ретінде — 40, 50—51, 163—164, 181, 190, 227—228, 230—231, 240, 246—247, 256, 470;

— және өзгермелі капитал — 190—191, 240, 252, 256, 268—269, 353—362, 373, 400—401, 421, 428—429, 446, 473, 498—509;

— және қосымша құн — 162, 191, 193, 231—232, 246, 252, 255, 311—312, 340—342, 359, 373, 396, 425—426, 432;

— оның ұдайы өндірілуі — 28, 44, 46—50, 75, 115, 135, 140—141, 190—193, 195, 240, 247—248, 252, 353, 361—362, 396, 428—434, 444, 464—465, 470—473, 484, 498—500, 502—506, 509, 568, 576—578, 582—583.

*Жұмыс күшін капиталдың қанауы* — 50—51, 55—56, 130, 141—142, 148, 199—202, 254, 277, 299, 359, 409, 568, 576—578, 584—586;

— оны қанау дәрежесінің көрінуі — 54—55, 340—341, 348—349;

- оның интенсивті және экстенсивті артуы — 367, 409.
- Сонымен қатар қараңыз: *Еңбекті интенсификациялау, Жұмыс күші, «Жұмысшы қоры»* — 248.
- Жұмысшы малы* — 185, 197—199, 232—233, 235—236, 248, 281, 284, 422—423, 433, 448, 492.
- Жұмысшылардың резерв армиясы* — қараңыз: *Относительді артық халық.*
- Жұмысшы табы* — 396, 478—479;
- оның пайда болып, өмір сүру шарттары — 44—51, 135, 169;
- капитализм тұсында оның ұдайы болып тұруы — 46—50, 94, 140—141, 190—192, 195, 240, 247—248, 361—362, 396, 400, 426—427, 428—434, 439, 444, 464—466, 470—473, 484, 498—500, 502—506, 509, 568, 576—578, 582—583;
- оның табысы — 413—415, 421, 424—425, 426—427, 429—432, 438—439, 450—452, 498—500, 502—503, 506—508;
- және экономикалық дағдарыстар — 360—362, 465—466.
- Сонымен қатар қараңыз: *Жалақы, Жалдама еңбек, Қосымша құн, Жұмыс күші, Ауыл шаруашылық жұмысшысы.*
- Жұмысшы табының қайыршылануы* — қараңыз: *Жалақы, Относительді артық халық, Жұмыс күшін капиталдың қанауы.*
- Жұмысшылардың тап күресі* — және жалақы — 386—389, 465—466, 576—577, 584—586;

## 3

*Заемдар* — 361.

Сонымен қатар қараңыз: *Кредит, Қарыз капиталы.*

*Заказ* (товармен камтамасыз ету туралы договор) — 90, 125, 134—135, 150, 163, 218, 271, 289, 292—294, 304—305, 556, 569.

*Заңдар* — 46—47, 200—201, 204—205, 282, 370, 577—578.

*Запас* — қараңыз: *Өндіріш капитал, Өндірістік запас, Товар запасы, Жеке бас тұтыну қоры.*

*Зерттеу методы* (К. Маркстің «Капиталында»)

— зерттеудің логикалық дәйектілігі және методологиялық тәсілдері — 37—38, 41—42, 83, 99, 118—121, 129—131, 156—157, 163—166, 178—181, 213, 270, 288, 298—300, 308, 312—313, 320—324, 326—328, 330, 337—342, 370—372, 379—380, 381, 385—386, 394, 398, 401—402, 444—450, 456—457, 489—491, 504—505, 510—511, 518, 525—529, 533, 541—542, 555—558, 568, 571—574, 581, 589—591;

— утопистер мен буржуазияшыл экономистердің методологиясын сынау — 16—29, 45—46, 79, 86, 88, 113—114, 138—141, 150—151, 165—166, 180, 186—187, 216—264, 296—297, 308, 341, 376—377, 386—388, 394, 409—425, 426—428, 430—436, 440—443, 463, 492—494, 497—499, 518, 532, 533, 538—540, 544—553, 564—565, 571, 575—578.

*Зоология* — 177.

## И

*Индия* — 49, 71, 134, 165—167, 275, 292—293, 363—364.

*Индонезия* — 134.

*Импорт* — қараңыз: *Сыртқы сауда.*

*Ипотека* — 272.

## К

*Каналдар* — 177, 188, 209, 271, 291; — Суэц каналы — 293.

*Капитал*

— оның жалпы анықтамасы — 40, 41, 46, 50—51, 55—56, 58—63, 64—67, 72—78, 98—99, 129—130, 178—180, 220—221, 253;

— жұмыс күшін қанау — капитал өмірінің негізгі шарты — 38—51, 55—56, 75, 77—80, 93, 94, 140—141, 162;

— құнды көбейту — капитал қозғалысының мақсаты — 40, 51, 73—77, 87, 93—94, 98—99, 113, 123, 129—142, 179—181, 256, 376.

— оның өндіріс саласындағы формалары — 25—26, 37—38,

- 43—44, 47—51, 56—57, 62, 67, 68, 71—72, 74, 77—79, 81—82, 93—94, 99—101, 113—121, 124—128, 146—149, 165—168, 182—184, 186, 190—195;
- оның айналыс салтасындағы формалары — 37—47, 51—63, 64—67, 68—80, 85, 87, 89, 91—93, 96—97, 100—102, 104—105, 107—109, 112—122, 124—128, 149—154, 156—158, 163—164, 165, 168—173, 194, 222—225, 227—228, 231—232, 235—238, 240;
  - оның ауыспалы айналымының үш формасының бірлігі — 67, 100—101, 124—130, 159, 296—297;
  - оның ауыспалы айналымы процесінің жағдайлары мен қайшылықтары — 37, 39, 43—50, 53—55, 67, 71—87, 90, 106, 126—127, 129—135, 151—153, 163—164, 165—168, 171—177;
  - капиталдың буржуазиялық анықтамаларын сынау — 43, 52, 88, 93—94, 101, 129—130, 135—136, 150—152, 186—187, 194, 220—223, 249—264, 411—419, 440—443, 463—464, 492—495, 497—499, 506—508.
- Капиталист*
- оның жалпы сипаттамасы — 37, 38, 44, 48, 49, 54—56, 75, 77—78, 90, 91, 95, 96, 106, 109—110, 112, 126, 129, 131, 135, 137, 138, 140—146, 152, 154—158, 160, 162—163, 169—172, 176—177, 190—192, 216—217, 222, 233, 235, 238—239, 242, 251—252, 254—257, 270—272, 289, 365—368, 377—379, 380—383, 400—401, 404, 407, 413, 425—426, 428—431, 433, 438—440, 444, 445, 451, 470, 477—478, 491, 541, 542—543, 555—557, 578, 583—586;
  - кісі кейіндегі капитал — 142, 154, 537;
  - оның қимыл-әрекеттерінің көздеген негізгі мақсаты — 98—99, 141—142, 144—145, 169, 171—173, 180—185, 254—257, 359, 376—377, 436—438, 440, 466, 505;
  - оның табысы және жеке бас тұтынуы — 74, 83, 85, 87—88, 90, 95, 114—145, 362, 365, 376, 377, 378—383, 400, 413, 415—419, 421—422, 433—435, 438—440, 444—445, 456—458, 466, 476—479, 541;
  - және жұмысшыларды қанау — 190—192, 200—202, 216—217, 251—252, 254—257, 268—269, 353—361, 385—388, 400, 421, 425—433, 436—437, 451, 498—499, 576—578, 583—586;
  - және күйреушілік — 95, 129, 271—272, 363, 477—478;
- Капиталдың авансылануы*
- мәні мен мақсаты — 58—60, 63—64, 72—75, 77—78, 179—181, 351—352, 359, 402—407, 429, 438—440;
  - түрлі формалары — 40, 57, 60—61, 67, 73—74, 77—79, 89, 158, 170, 178—180, 187—188, 222, 246—247, 260—261, 294, 296, 305, 306, 365—366, 385, 402, 403, 407, 451, 456, 505—506;
  - авансыланған капиталдың минимумы — 97—98, 102—104, 131—132, 144, 299—300, 405—407, 555—556;
  - өзгермелі капиталды авансылау ерекшеліктері — 43—44, 77—78, 89—91, 191, 246—248, 251—252, 254—255, 260—261, 268—269, 305, 306, 342—344, 348, 351—352, 355, 358—362, 372, 421, 428—432, 451, 456, 462, 468, 470—471, 473, 477—478, 498, 505—506, 535, 540—543;
  - негізгі капиталды авансылау ерекшеліктері — 68, 182—184, 194—195, 197—198, 201—204, 213—215, 223, 252, 268, 286, 375, 379—380, 404, 512—514, 539—541, 543—544, 551;
  - авансыланатын капиталдың мөлшеріне айналым уақытының әсері — 298—328, 359, 403, 405;
  - авансыланған капиталдың айналымы — 212—216;
  - және кредит — 131, 216—218, 271, 272, 332—333, 406—407, 477—478;

- және жұмыс кезеңінің ұзақтығы — 266, 267, 269—275, 282—285;
- физикраттарда — 121—122, 219—220, 230—231, 246—254, 258—260, 390—391, 409—413, 429, 562—563;

*Капитал айналымы*

- оның анықтамасы мен жалпы сипаттамасы — 138, 178—181, 212—215, 351, 399—403, 405—407;
- авансыланған капитал айналымдарының уақыты мен саны — 178—181, 212—216, 312, 351, 351, 362—364;
- айналымдардың циклдері — 213—215, 286—287, 325—327, 338;
- капиталдың әр түрлі бөліктерінің айналымындағы айырмашылықтар — 143—144, 182—187, 193—195, 216—218;
- жеке-дара капиталдың жалпы айналымын есептеу әдісі — 212—216;
- айналымды капитал айналымының ерекшелігі — 143—144, 184, 190—195, 212—214, 216—218, 245, 252—253, 266, 268—269, 282, 285—286, 299—300, 320—324, 337—338, 373—374, 591;
- негізгі капитал айналымының ерекшелігі — 143—144, 182—186, 188—190, 193—215, 244—245, 252—253, 255—256, 268, 320—322, 449, 591;
- өзгермелі капиталдың айналымы — 190—193, 247—248, 252—253, 256—257, 259—260, 337—362;
- капитал айналымының шапшаңдығын өзгертетін факторлар — 150—151, 216—218, 262—263, 266—269, 272—276, 278—284, 286, 288—296, 320—324, 334, 362, 363, 367;
- авансыланатын капиталдың мөлшеріне айналым уақытының әсері — 298—328, 332, 359, 403, 405—407, 475;
- баға өзгеруінің әсері — 328—337;

- және ақша айналысы — 296, 385—387, 389—391, 475;
- және қосымша құнның нормасы мен аумағы — 337—343, 357—359;
- буржуазияшыл экономистердің жеке қағидаларын сынау — 180, 186—187, 216—218, 261—263, 296, 297, 308.

Сонымен қатар қараңыз: *Айналым уақыты*.

*«Капитал», К. Маркстікі*

- оның жазылып шығу тарихы — 7—14, 25—26, 28—29;
- I томның зерттеу предметі және жеке қағидалары — 8, 20, 23—26, 37—38, 41—42, 46, 50, 54—55, 64, 68, 85, 91—99, 123, 137, 148, 151, 166, 176, 179, 182, 188, 190, 200—202, 210—211, 234, 236, 240, 248, 250, 261, 277, 342, 344, 351, 353, 366—367, 371—372, 378, 389—390, 401, 403—405, 436—437, 449, 469, 497, 555, 568, 573—574, 577;
- II томның зерттеу предметі — 12—13, 26, 28—29, 37—38, 54—55, 136—140, 178—181, 289—290, 298, 359, 365, 371, 379—380, 385, 392, 396, 399—407, 444—448, 555—558, 574—578, 589—591;
- III том мазмұнының сипаттамасы — 8—11, 13—14, 20, 26, 29, 208, 249, 262;
- IV том мазмұнының сипаттамасы және жеке қағидалары — 8—11, 16—19, 21—22, 27, 28, 184, 409;
- Маркстің құн теориясы мен қосымша құн теориясының маңызы — 18—20, 24—29;
- Ф. Энгельстің «Капиталдың» II және III томдарын бастырып шығару жөніндегі еңбегі — 8—14, 28—29, 33—34;

*Капиталдың қорлануы*

- капиталды сақтаудың мақсаты мен шарты ретінде — 99, 120—121, 123, 129—130, 144—145, 178—181, 571, 590;
- қосымша құнды капиталдан-дыру — 99—100, 365—367, 370, 555, 578—583, 587—589;

- потенциалды ақша капиталының (қазынаның) формасында — 96—98, 103—106, 132—133, 144—145, 147—148, 206, 210—211, 296, 367—368, 394—398, 541, 555—560, 562—569, 577—579, 587, 592—593;
- борыш талаптарының, банкілерге салынған ақшалардың, бағалы қағаздардың формасында — 98, 104, 144—145, 211, 367—368, 397, 560, 565, 597;
- негізгі капитал формасында — 198—200, 206—215, 272—273, 539—540;
- ұлғаймалы ұдайы өндіріс ретінде — 98—100, 115, 121—122, 123, 199—200, 206, 366—367, 392, 403—407, 412, 558—591;
- оның реалды факторы ретінде жай ұдайы өндіріс—447, 466—467, 560—564, 574—575, 578—579, 583, 589—590;
- жай ұдайы өндірістен ұлғаймалы ұдайы өндіріске көшу шарттары — 563—564, 568, 571—573, 576—579, 589—591;
- ұлғаймалы ұдайы өндіріс схемалары — 574—591;
- және қор жинау нормасы — 589;
- және капиталистердің жеке басы тұтынушының өсуі — 87, 571, 582—583;
- және еңбек өнімділігі — 564—565, 582—583;
- және капиталдың органикалық құрылымының өсуі — 102, 141—143, 582—583;
- және экономикалық дағдарыстар — 94—97, 198, 214—215, 465—466, 560—562, 590;
- және жұмысшыларды қанау — 199—202, 359, 367, 404, 568, 576—578, 584—586;
- буржуазиялық теорияларды сынау — 114—115, 150—151, 394, 497, 544—554, 564—566, 571, 576—578.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталдың шоғырлануы, Капиталдың орталықтануы.*

*Капиталдың органикалық құрылымы* — 102, 141—143, 250, 580—581, 582—583.

*Капиталдың орталықтануы* — 273, 398, 405.

*Капиталистік өндірістің анархиясы*—74, 94—96, 125—126, 129—131, 151—152, 154—155, 173—174, 197—198, 199—200, 215, 267—268, 291, 299—300, 360—364, 366, 386—389, 400, 402, 445—446, 465—466, 531—532, 543—544, 560—562, 567—568.

Сонымен қатар қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар.*

*Капиталистік өндіріс әдісі*

- жалпы сипаттамасы — 44—51, 63, 67, 72—77, 79—81, 91, 93—96, 98—99, 117—118, 129—131, 134—137, 139—145, 159—162, 164—166, 168—170, 176—179, 181, 186—187, 198, 199—201, 214—216, 238, 241—243, 254—255, 261, 270—273, 280, 283, 289—292, 299, 353, 359—362, 368—370, 385, 389, 391—392, 394, 396—407, 436—439, 444—448, 464—467, 470—471, 490—491, 497, 529—533, 537, 538, 541—544, 562, 564—565, 567—568, 571, 576—578, 582, 590;

— оның көздеген негізгі мақсаты — 73—77, 97, 113, 120—121, 124, 129, 140—145, 178—181, 399, 409, 436—437, 440, 466—467, 505;

— оның базисы — 48 — 50, 79, 391—394, 436—437, 439, 541—543;

— өндіріс, бөлініс және айналыс заңдары — 18—20, 25—29, 123, 136—138, 154, 174—176, 217, 250, 259, 310—311, 342—345, 348—349, 359, 371—372, 375, 378, 386—389, 401—407, 436—437, 445—446, 455, 462—466, 468, 478—479, 490—491, 414, 418, 425—427, 429—432, 560—563, 589—591;

— оның даму тарихы мен тенденциялары — 25—26, 44—51, 72, 94—96, 98—99, 117, 131, 134—137, 139—143, 149, 152—153, 156, 159—162, 165—167, 169—170, 177, 181, 187, 197,



- 211, 214—216, 270—273, 278—280, 283, 289—292, 299, 359—362, 368—370, 391—392, 394, 396—398, 402—407, 465—466, 497, 532—533, 541—544, 564—566, 567—568, 576—577, 582—583, 584—586;
- және экономикалық дағдарыстар — 27, 67, 91—96, 127, 129, 148, 197, 214—215, 267—268, 271—272, 292, 325—326, 360—364, 465—466, 529—532, 560—563, 567—571, 590;
- оның тарихи өткініші сипаты— 72;
- буржуазияшыл экономистердің көзқарастарын сынау — 42—43, 51—52, 86, 93—94, 101, 113—114, 129—130, 135—136, 138—141, 149—152, 165—167, 180, 186—187, 246—248, 252—262, 421—422, 491, 497—499, 532, 560—562, 564—565, 577—578, 584—586;
- өндірісті қоғамдық жолмен жүргізуге көшу қажеттігі — 283, 360, 407, 482, 529—532.
- Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік өндірістің анархиясы*, *Ұдайы өндіріс*, *Мемлекет*, *Капитал*, *Капиталист*, *Бәсеке*, *Жұмысшы табы*, *Жұмыс күшін капиталдың қанауы*.
- Капиталистер табы**
- оның пайда болып, өмір сүруінің негізгі шарты — 38—51, 72, 426, 444, 538—539;
- өнеркәсіпші капиталистер — капиталистер табының негізгі өкілдері — 72, 131, 140—145, 155—156, 381, 396, 398, 400, 421, 422, 468, 476—477, 478—479, 517, 537—539, 572.
- Капиталдың шоғырлануы* — 271—273, 291.
- Кәсіпорны (капиталистік)**
- қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтары саны мен жұмыс күшінің қажетті арасалмағы — 38—40, 131—132;
- капитал жұмсаудың минималды нормасы және оның өзгеруі — 97, 98, 102—104, 131—132, 144—145, 299—300, 405—407, 555—556;
- оны пропорционалды кеңейтудің шарттары — 97, 144—145, 198—201, 300, 304—305, 329, 367;
- жаналарын құруға керекті шарттар—375, 540—541, 565—566;
- кәсіпорындарының күйреуі — 95, 129, 271—272, 363—364, 477—478;
- және жұмысшыларды қанау— 50, 201—202, 299, 477—478.
- Сонымен қатар қараңыз: *Акционерлік қоғам*, *Банкілер*.
- Кен өнеркәсібі* — 119—120, 128, 167—168, 226—227, 243, 280, 342, 404, 481, 542—543.
- Кеңістік пен уақыт*—88, 128, 151—152, 153, 176—177, 290.
- Коммунизм** (ғылыми)
- қоғамдық өндіріс туралы жеке қағидалар — 160, 164—165, 283, 360, 375—376, 406—407, 438, 482, 510—511, 529—532.
- Конъюнктура (товар рыногы)* — 145, 280, 299, 325—326, 336, 362, 367.
- Кооперация* — 167, 272, 273, 404.
- Көмекші кәсіпшіліктер* — 280.
- Көмекші материалдар* — 146, 166—167, 184—186, 190, 195, 217, 225, 226—227, 233, 234, 239, 243, 251, 253, 257, 261, 268—269, 274, 298, 305, 328, 404, 418, 448, 461, 509—510, 529, 591.
- Көпес капиталы* — 87, 94, 95, 98, 117—118, 134—135, 156, 168—169, 174, 221, 223, 224, 225, 228—229, 238, 363, 478—479, 517, 573.
- Сонымен қатар қараңыз: *Сауда капиталы*.
- Кредит**
- оның пайда болуы мен даму шарттары—140—141, 211, 272, 292, 325, 363—364, 366—368, 394—395, 428, 468, 477, 478, 541—542, 543—544, 559—560, 565, 567—568, 587;
- капитализм тұсында оның маңызы — 85—86, 139—141, 167—168, 174, 211, 216—218, 268—269, 271—273, 294, 301, 305, 325, 334—336, 357, 363—364, 366—368, 394, 395, 407, 428,

462, 468, 477, 478, 517, 543—544, 560, 565, 567—568, 587;  
 — кредит ақшасы—137, 368, 407;  
 — жұмысшылардың капиталіске кредит беруі — 40, 89—90, 216—217, 246—247, 251—252, 305, 368—370, 431—432, 451, 470, 503, 506, 507—508;  
 — кредитке деген буржуазиялық көзқарастарды сынау — 139—141, 174, 216—218, 394;  
 Сонымен қатар қараңыз: *Банкілер, Ақша капиталы, Ақша рыногы, Қарыз капиталы.*  
*Крепостниктік* — 46—47, 134, 437, 542—543.  
*Күміс* — қараңыз: *Алтын (және күміс).*

## К

*Қажеттілік пен кездейсоқтық* — 560—562.  
*Қажетті еңбек* — 28, 157, 246, 266, 430, 437, 483—484, 487—488.  
*Қайшылық* — 21—22, 28, 94—95, 362, 424—425, 465—466.  
*Қарама-қарсылық* — 26, 72, 193, 222, 230—232, 241, 246—248, 249, 251—253, 259, 260, 467.  
*Қарыз капиталы* — 210—211, 325—326, 366—368, 393, 468, 517, 560.  
 Сонымен қатар қараңыз: *Банкілер, Кредит.*  
*Қауым* — 138, 437;  
 — Индияда — 159;  
 — Индонезияда — 134;  
 — Россияда — 46—47;  
 — жабайы қауым — 542—543;  
*Қауіпсіздендіру қоғамдары* — 163.  
*Қоғамдық байлық* — қараңыз: *Байлық (қоғамдық)*  
*Қоғамдық еңбек бөлінісі* — қараңыз: *Еңбек бөлінісі.*  
*Қоғамдық капитал* (жалпы сипаттамасы) — 119—120, 128, 163, 168, 179, 240—241, 243—245, 306, 312, 322—323, 400—402, 403, 418, 419, 435—436, 444—445, 481, 490—491, 579—583, 587—589.  
*Қоғамдық (жылдық) өнім*  
 — оның құнына қарай бөлінуі — 170, 243, 417—419, 441—445,

447—450, 477, 487—491, 573—574, 579—580, 582—583;  
 — оның заттай формасына қарай бөлінуі — 417—418, 444—448, 449—450, 456—457, 479—481, 486—491.

### *Қоғамның өндіргіш күштері*

— капитализм тұсында олардың ысырап болуы — 199—201.

### *Қоғамдық-экономикалық формация* — 49—51, 72, 588.

Сонымен қатар қараңыз: *Капиталистік өндіріс әдісі. Коммунизм, Крепостниктік, Құлдық.*  
*Қосымша еңбек* — 17—22, 38, 39, 42, 51—52, 87, 157, 339—341, 413—414, 485, 488, 562—564.

### *Қосымша құн*

— К. Маркстің қосымша құнның ғылыми теориясын жасауының тарихы мен маңызы — 16—22, 24—28;

— анықтамасы — 17—20, 25—26, 51—52, 55—56, 193, 252, 253, 430, 437, 439—440, 538;

— оның екі формасы — 26, 436—437;

— оны өндіру капитализмнің көздеген негізгі мақсаты — 73—77, 97—99, 113—114, 120—121, 123, 129, 141—145, 178—181, 351, 399, 409, 436—437, 440, 466—467, 504, 571;

— оның жылдық нормасы—337—352, 357—359, 365;

— оның аумағы—340—342, 349—350, 357—359, 365;

— оның жайғастырылуы—56—59, 82, 83, 85, 87, 89, 109, 110, 141—142, 150, 152—153, 362, 365, 367, 368, 371, 375—378, 379—384, 386, 397, 398, 457, 462, 466—467, 476—479, 538, 566, 578—579;

— оның бөлінісі — 18 — 20, 250, 380—381, 398, 421—423, 440, 478—479;

— оның капиталға айналуы — 97—101, 121—122, 365—366, 370, 555, 578—583, 587—589;

— оның табыс ретінде жұмсалуды — 91, 119 — 120, 353, 365, 423—424, 433, 435, 457, 464—465, 475—479, 484, 537—539;

— және жалақы — 20, 26, 54—

- 55, 260, 337—353, 357, 359, 386—387, 424—426, 433—436, 438—440, 442, 464—468, 475, 477—479, 509;
- және айналыс шығындары — 163, 174—175;
- және негізгі капиталды жөндеу шығындары — 143—144, 200—210, 281, 414, 508—509, 540;
- және қауіпсіздендіру — 163, 206;
- оның пайда болуының буржуазиялық теорияларын сынау — 16—22, 26—28, 150—151, 230, 246, 259—261, 349—350, 376, 503, 544—554.
- Қосымша құн заңдары* — 19—20, 342—344.
- Қосымша құн нормасы*
- оның жалпы анықтамасы — 389—342, 345—346, 348—350, 357;
- қосымша құнның жылдық нормасы — 337—352, 357—359, 365, 401;
- және қосымша құнның аумағы — 340—342, 349—350, 357—358, 359, 365;
- және пайда нормасы — 13, 28, 250, 386—389, 591;
- және капитал айналымы—359.
- Коләнер өндірісі* — 125.
- Қосымша өнім* — 55—56, 72, 81, 87, 98—99, 119—120, 121—122, 175, 538, 556, 558, 560, 562—566, 569, 587.
- Құлдық* — 45, 134, 438, 499, 542—544, 583.
- Құлмен сауда жасау* — 542—544.
- Құн*
- оның анықтамасы және көрінісі — 19—20, 25—28, 42, 52—54, 74, 112—113, 129, 130, 132, 161, 162, 174, 176, 193, 229—230, 245, 373, 437, 537;
- жұмыс күшінің құны — 26—28, 38—39, 41, 42, 90—91, 138—139, 140—141, 163, 190—193, 252, 260, 420—421, 424—427, 430—434, 439, 500, 504—505, 548, 577—578;
- барлық қоғамдық өнім құны — 417—419, 449—450, 487—488, 489—491, 494;
- капитал қозғалысы құн ретінде — 47—48, 53—54, 130—131, 180, 328—330, 351—353, 436—437, 444—445;
- ақша — 465;
- құндағы өзгерістер мен революциялар — 129, 132, 171, 338, 426—427, 465;
- буржуазиялық теорияларды сынау — 19—20, 22, 28, 130, 419—429, 433—436, 439—443, 492—495.
- Сонымен қатар қараңыз:  
*Айырбас құны. Қосымша құн. Баға.*
- Құн заңы* — 28, 137—138, 176, 249, 259, 371, 403.
- Құрылыс* (тұрғын үй құрылысы) — 85—86, 271—272.
- Қытай* — 49, 125, 292, 293.

## М

- Мадагаскар* — 166.
- Мал шаруашылығы* — 200, 273—275, 283—285.
- Мануфактура* — 280.
- Математика* (Маркстің оны үйренуі және қолдануы (Ф. Энгельс)) — 12, 13, 327.
- Машиналар*
- тұрақты немесе негізгі капиталдың құрамды бөлігі ретінде — 68, 146, 148, 166—167, 182—183, 185, 195, 197—204, 208—209, 226—227, 239, 243—244, 274, 277, 448—449, 508, 510, 513, 519, 542—543, 591;
- товар немесе товар капиталы ретінде — 84, 107, 186, 192, 224—225, 238—239, 242—244, 489—490;
- еңбек өнімділігін арттыру құралы ретінде — 166—167, 272, 275—276;
- олардың құнының өнімге көшу ерекшеліктері — 68, 182—183, 189—190, 198—201, 204, 226—228, 254, 266—268, 274—275, 449, 508—509, 510, 519, 591;
- оларды ұдайы өндіру және жанғырту — 182, 189—190, 197—200, 205—209, 268, 508—509, 519;

- оларды дұрыс күйінде ұстау және жөндеу — 200—204, 206—207;
  - оларды жетілдіру — 200, 202, 203—204, 275—276;
  - олардың табиғи және моральдық тозуы — 68, 182, 183, 189—190, 198, 199, 200—201, 202—204, 206—207, 508—509, 510—519;
  - капиталдың қорлануы — 206;
  - және экономикалық дағдарыстар — 198;
  - және жұмысшыларды қанау — 201—202, 277;
  - машина жөніндегі буржуазиялық көзқарастарды сынау — 224, 226—227, 238—239, 242—243, 249—250, 255—256, 263—264, 414.
  - машина жасау — 296, 243, 255, 266—267, 270, 489—490.  
Сонымен қатар қараңыз: *Негізгі капитал*, *Тұрақты капитал*, *Еңбек құралы*.
  - Маң және құбылыс* — 150—151, 172—173.
  - Мексика* — 532.
  - Мемлекет* (қанаушы қоғамда) — 140, 175, 205, 478—479, 517, 542—544;
  - еңбекті қанаушы ретінде — 119—120, 134, 270—271;
  - және ақша — 135—137, 577—578.
  - «Мемлекеттік социализм»* (Германия) — 19.
  - Мемлекеттік бағалы қағаздар* — 397.
  - Меншік* (капиталистік) — 44—45, 234—235, 245, 437, 438, 478—479.  
Сонымен қатар қараңыз: *Жер меншігі*.
  - Меркантилизм* — 17, 74, 78—79, 121—122.
  - Монета* — 88, 393—394, 398, 406, 534, 541—542.
  - Монеталық система* — 78.
  - Монополия*
    - банкілер монополиясының пайда болуы — 131;
    - капиталистер табының қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына және ақшаға монополиясы — 478—479.
  - Мүмкіндік пен шындық* — 113—114, 115, 172, 447—448, 590.
- Н**
- Нақты еңбек* — 427, 437, 486—487, 488, 489, 490, 563—564.
  - Натуралды шаруашылық*
    - оның жалпы сипаттамасы — 140, 141, 165—166, 234—235, 542—543;
    - перу инктерінің натуралды шаруашылығы — 140—141, 175.
  - Негізгі капитал*
    - анықтамасы — 182—190, 193—195, 198—199, 212—213, 229—230, 236, 241, 244—245, 250, 253, 255, 257, 261, 320, 321—322;
    - оның айналмалы капиталдан айырмашылығы — 183—187, 193—195, 198—199, 212—213, 230—231, 232, 241, 247, 250—253, 255—258, 263, 268—269, 274—275, 283—284, 299—300, 321, 322, 337—338, 532;
    - оның айналымының ерекшеліктері — 189, 194, 195, 198—199, 212—213, 228—230, 253, 268, 321—322, 337—338, 375, 449, 509—510, 519—521, 591;
    - тұрақты капиталдың құрамды бөлігі ретінде — 68, 182, 183, 591;
    - оның табиғи тозуы — 196—198, 298, 449, 508—509, 512—513, 519—520, 529—530, 591;
    - оның моральдық тозуы — 197—198;
    - оны сақтау және жөндеу — 143—144, 200—219, 281, 365, 366, 414, 508—509, 540;
    - оның жаңғыртылуы және қорлануы — 197—200, 207, 208, 212, 213, 561;
    - оның қоғамдық көлемдегі ұдайы өндірісі — 197—198, 508—532, 540—541, 589—591;
    - оның өмірінің орташа циклы және экономикалық дағдарыстардың дүркінділігі — 214—215, 286;
    - және ақша айналысы — 194—

- 195, 198—200, 209—211, 213—215, 223, 252, 375, 379—380, 404, 540—541, 543—544, 561;
- және жұмысшыларды қанау—200—202, 299—300;
- буржуазияшыл экономистердің негізгі капиталға берген анықтамаларын сынау — 184, 186, 187, 194, 223—232, 233—236, 238, 240—244, 249, 251, 254, 256, 259—263, 409—411, 416—419, 494—495, 532;
- Сонымен қатар қараңыз: *Амортизация — негізгі капиталдың амортизациясы.*
- Номинальды жалақы* — қараңыз: *Жалақы.*

**О**

- Оңтүстік Америка* — 533.
- Орман-тоғай* (табиғаттың тегін материалы ретінде) — 404.
- Орман-тоғай шаруашылығы* — 266, 277—278, 282—284, 286, 541;
- капитализмнің даму барысында орман-тоғайды жою — 283;
- қоғамдық өндіріс тұсында — 283.
- Орта ғасырлар* — 155.
- Орта пайда* — 28, 250.
- Относительді артық халық*—361—362, 465—466, 568, 582—583;
- және өнеркәсіп циклінің фазалары — 465—466.
- Өзгермелі капитал* — 26;
- анықтамасы — 50—51, 77—78, 191, 248, 250, 252, 254—257, 338, 342, 421, 428, 448, 498;
- айналмалы капиталдың құрамды бөлігі — 190—191, 195, 231—232, 247—248, 252—253, 256—257, 259—260, 268—269, 305, 337—338, 390—391;
- оны авансылау формалары — 77—78, 191, 246—248, 251—252, 254—255, 260—261, 268—269, 305, 306, 332—334, 348—349, 360—362, 372, 395, 421, 428—432, 451—452, 462, 468, 470—471, 477, 479, 498, 505—508, 535, 540—543;
- авансыланған капиталдың шынымен жұмсалған капитал-

- дан айырмашылығы — 342—344;
- жеке кәсіпорнында оның айналымы — 353—358;
- қоғамдық тұрғыдан оның айналымы — 358—364;
- және жұмысшылардың табысы — 414—415, 421, 424—425, 426, 429, 430, 432—433, 450—452, 498—500, 502—503, 506—508;
- және қосымша құнның нормасы — 337—352, 359;
- буржуазияшыл экономистердің жеке қағидаларын сынау — 26, 240, 246—264, 386—390, 420—422, 428—435, 492—495, 497—499, 505—508, 544—549, 576—578.

*Өндіргіш капитал*

- анықтамасы және жалпы сипаттамасы — 40, 41, 43, 47—51, 67, 93, 101, 113—114, 115—116, 117—119, 141—142, 147—149, 188—194, 213, 219—222, 225—231, 236—239, 241—248, 256—257, 284—285, 306—307, 311, 400—402, 405, 509—510;
- өнеркәсіп капиталының формасы ретінде — 67;
- запас формасында — 165—168.
- Сонымен қатар қараңыз: *Өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымы.*
- Өндіргіш капиталдың ауыспалы айналымы*
- анықтамасы — 81—82, 399;
- оның формуласы — 79, 81, 93, 99—100, 106, 113, 445;
- ауыспалы айналым уақыты — 146;
- өндіргіш капиталдың қызметі — 47—51, 74, 81, 93—94, 97—98, 101, 113, 146—149, 178—179;
- оның көздеген негізгі мақсаты — 98—99, 123, 178—179;
- товар капиталын жайғастыру — 51—63, 76, 82—87, 109—112, 133, 141—143, 152—153;
- капитал құны мен қосымша құн қозғалысының жігін ажырату — 82—88, 99, 100, 102—104, 109—112;
- оның қалыпты барысының

- шарттары — 67, 87, 91—92, 94—97, 105—106, 129—133;
- құн мен баға өзгерістерінің әсері — 91—92, 112, 115, 129—133;
- және жеке бас тұтынуы — 48, 75—78, 94—96, 115, 144—145, 152—153;
- және капиталистің табысы — 83—89, 144—145;
- және қорлапудың ақша қорының жасалуы — 97—98, 102—104, 144—145;
- және ұлғаймалы ұдайы өндіріс — 97—99, 102—103, 115, 132, 144—145;
- резервтегі ақша қоры — 105—106, 144—145;
- және экономикалық дағдарыстар — 94—96;
- өндіріс пен айналыс процестерінің бірлігі ретінде — 76, 81—82, 123—129;
- өнеркәсіп капиталының қимыл-әрекеті ретінде — 67, 72, 81—82, 100—101, 123—129, 134—135, 136—137, 139—140;
- ұдайы өндірістің процесі мен формасы ретінде — 81—83, 91—99, 106, 113, 124—128, 134—137;
- буржуазияшыл экономистердің көзқарастарын сынау — 86, 88, 93—96, 101, 106, 113—114, 129—130, 139—140, 150—151, 180.
- Сонымен қатар қараңыз: *Капитал айналымы, Өндіргіш капитал.*
- Өндіріс**
- жалпы сипаттамасы — 49—51, 71, 74, 139—141, 144—149, 161, 165—166, 167—168, 176—177, 179, 187, 190, 234—236, 250, 261, 265—268, 277—281, 288—291;
- қоғамдық өндірістің екі бөлімшесі — 417—418, 448, 456—457, 479—482, 533.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұдайы өндіріс, Өндіріс уақыты, Нақты еңбек, Жұмыс күші, Еңбек.*
- Өндіріс әдісі** — қараңыз: *Капиталистік өндіріс әдісі, Қоғамдық-экономикалық формация.*
- Өндіріс бағасы** — 250, 386—387.
- Өндіріс запасы** — 132—133, 146—148, 166—168, 217—218, 284—285, 295—296, 305, 324—325, 331—334, 338, 509.
- Өндіріс құрал-жабдықтары**
- жалпы сипаттамасы — 38—39, 43—44, 46—51, 146—149, 166—167, 182—187, 233—235, 250, 252, 448, 497, 562—565;
- тұрақты немесе негізгі капиталдың заттық формасы ретінде — 50—51, 146—149, 166—167, 182—185, 190—191, 250, 263—264, 448, 479—482;
- және құн жасау процесі — 148—149, 182—186, 250;
- өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің бөлімшесі — 414—415, 417—418, 448, 479—482, 533.
- Сонымен қатар қараңыз: *Тұрақты капитал.*
- Өндірістік қатынастар**
- капиталистік өндірістік қатынастардың ұдайы болып тұруы — 44—49, 135, 140—141, 396, 400, 430—433, 436—437, 439, 444, 473, 477—479, 484, 502, 505—506, 590.
- Өндірістің сақтық қоры** — 205—206, 413—414.
- Өндіріс уақыты**
- анықтамасы — 146—147, 149, 277, 278;
- және еңбек уақыты (жұмыс уақыты) — 146—149, 277—281, 283, 286, 298—300, 304—305;
- және жұмыс кезеңі — 265—269, 273—276, 278, 298—300, 362, 540—541;
- капитализм тұсында оны қысқартудың шарттары мен әдістері — 149, 272—278, 281—283;
- айналым уақытының құрамды бөлігі — 146, 151, 178, 181, 269, 288, 298—299, 403, 405—407;
- және айналыс уақыты — 146, 149, 151, 298—300, 303, 308, 320—328, 401—403, 405—407;
- және авансыданатын капиталдың мөлшері — 146, 266—275, 278—286, 298—300, 303—308, 320—324, 403, 405—407;
- және жұмысшыларды қанау — 148, 277.

Сонымен қатар қараңыз: *Өзгер-  
мелі капитал, Қосымша құн.*

*Өндірістің шоғырлануы*—153, 290—  
291.

*Өндіріс шығындары*

— және негізгі капиталды сақтау  
мен жөндеу шығындары —  
143—144, 200—210, 282, 365—  
366, 414, 508—509, 540.

*Өнеркәсіп капиталы*—72, 81, 100—  
102, 106, 124, 126, 129, 134, 135,  
136—140, 228—229, 328, 421,  
540.

*Өнеркәсіп циклы*

— анықтамасы және жалпы сипаттамасы — 214—215, 286,  
335—336, 590;

— цикл фазаларының ауысуы  
және еңбекшілердің жағдайы — 465—466.

*Өнім өткізу рыноктары* — 51, 54—  
55, 56—57, 95, 141—142, 153,  
177, 265, 271, 289—291, 293—  
296, 362—364, 543—544.

Сонымен қатар қараңыз: *Дүние  
жүзілік рынок.*

*Өсімқорлық капитал* — 478—479,  
559—560.

## П

*Пайда* — 18—20, 151, 207, 387—388,  
414, 418, 420;

— пайда нормасы — 13—14, 28,  
142—144, 250, 262, 386—390,  
591;

— пайданың орташа нормасының  
жасалуы — 28, 250, 389—390;

— А. Смит пен Д. Рикардоның  
пайда теориясы — 17—22, 27—  
28, 220—230, 231—235, 244—  
245, 259, 341, 410—422;

— пайданың буржуазиялық тұрпайы  
теорияларын сынау —  
16—17, 114—115, 151, 229—230,  
503, 544—554.

*Пайда нормасы* — 13—14, 28, 142—  
144, 250, 262, 386—390, 591.

*Пайдалы еңбек* — қараңыз: *Ниқты  
еңбек.*

*Пираттық* — 543.

*Пролетариат* — қараңыз: *Жұмыс-  
шы табы.*

*Процент* — 21—22, 144—145, 368,  
517.

## Р

*Рантье* — 479.

*Рим (Ерте заманғы)* — 543.

*Россия* — 12, 46—47, 132, 280.

## С

*Салықтар* — 273, 370, 518.

*Сан мен сапа* — 38—39, 59—61, 103,  
212—214, 425, 462, 464—466, 574.

*Сауда*

— жалпы ережелер — 46—47, 49—  
50, 77, 134—136, 573;

— және өнеркәсіп капиталы —  
134—136;

— және көпес капиталы — 134—  
136, 156, 221, 363—364;

— және айналыс шығындары —  
154—158, 288—296.

— бөлшек сауда — 78, 172, 417,  
518;

— буржуазияшыл экономистер-  
дің көзқарастарын сынау —  
135—136, 176.

*Сауда балансы* — 363—364.

*Сауда капиталы* — 72, 94, 135, 221,  
222, 225—226, 478—479.

Сонымен қатар қараңыз: *Көпес  
капиталы.*

*Саяси экономия*

— оның тарихы — 17—28, 341,  
408—411;

— буржуазиялық саяси эконо-  
мияның жалпы сипаттамасы —  
86, 50—151, 251—253, 376;

— К. Маркстің саяси экономияда  
жасаған төңкерісі — 19—20,  
24—29.

Сонымен қатар қараңыз: *Буржуа-  
зиялық тұрпайы саяси эконо-  
мия, «Капитал», К. Маркстікі,  
Буржуазиялық классикалық  
сияси экономия, Мерканти-  
лизм, Физиократтар.*

*Себеп пен салдар* (жеке қағида-  
лар) — 59—60, 151, 388—390;

*Семья*

— патриархаттық семья — 234—  
235;

— жұмысшы семьясы — 503—504;

— капиталистің семьясы — 83,  
565—566.

*Соғыс*

- АҚШ-тағы азамат соғысы — 166;
- құлдарды басып алу құралы — 542—543.

*Социализм* (ғылми) — қараңыз: *Коммунизм* (ғылми).

*Сұраныс пен ұсыныс*

- жалпы ережелер — 95, 141—145, 169, 172, 328, 361, 386—389;
- сұраныс пен ұсыныс заңы — 388.

*Сыртқы сауда*

- және капиталистік ұдайы өндіріс — 134, 528, 531, 533;
- және капитализм қайшылықтары — 361, 363—364, 528, 531;
- асыл металдармен сауда жасау — 98, 363—364, 368, 372, 383—384, 391—393, 394, 395, 406, 532—533;
- және кредит — 292—294, 363—364;
- және қосымша құнды орналастыру проблемасы — 371—372, 383—385, 391—392, 395—396, 528;
- және елдегі товар запасының мөлшері — 168, 172.

**Т***Табиғат*

- табиғат материалдарын капиталдың пайдалануы — 121—122, 226—227, 242, 404;
- табиғат күштерін капиталдың пайдалануы — 147—149, 155, 175, 218, 275, 277—279, 404;
- табиғи жағдайлардың салдарынан өндіріс процесінде болатын үзілістер — 128, 146—149, 180, 200—201, 202, 273, 277—282;
- табиғи ұдайы өндіріс — 206;
- стихиялық апаттардан қауіпсіздендіру — 200—201, 408—409;
- және негізгі капиталдың тозуы — 195—198, 200—205, 209—210, 234, 268, 281;
- және товарларды сақтау шығындары — 152—153, 164—166, 170, 175—177.

*Табыс*

- жеке жұмысшы мен жұмысшы табының табысы — 414—415, 420—421, 424—425, 426, 429, 430, 498—500, 502—503, 506—508;
- жеке капиталист пен капиталистер табының табысы — 85, 87, 90, 99—100, 114—115, 134, 138—139, 209, 353, 424—425, 426, 433, 439—440, 450—451, 477—479, 565—566, 571;
- халықтың басқа топтарының табыстары — 379, 380, 418, 420—422, 424—425, 439—440, 478—479;
- табыс жөніндегі буржуазиялық ұғымдарды сынау — 27, 88, 411—424, 426, 430, 433, 434, 436, 439—443, 463—464, 492—494, 497—498, 502—503, 506—508, 544—554, 571.

*Таптар* — қараңыз: *Капиталистер табы*, *Шаруалар*, *Жұмысшы табы*.  
*Тарихилық және логикалық* — 135—137, 541—542.

*Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну* (жалпы қағидалар мен жеке мысалдар) — 17—18, 25—26, 44, 45, 49—50, 72, 113—114, 129—130, 134—135, 139—141, 159, 165—167, 214—215, 270—271, 279—280, 289—292, 360—363, 391—392, 394, 403—407, 408—409, 421—423, 491, 499, 543—544, 577—578, 583—586;

*Темір жолдар* — 71, 119, 176—177, 188, 195—200, 202, 205, 207—210, 244, 245, 267—268, 271, 273, 289—291, 299—300, 360—362, 541.

Сонымен қатар қараңыз: *Транспорт*.

*Техника*

- капитализм тұсында оның маңызы мен дамуы — 50—51, 72, 97, 125, 130—131, 144—145, 197—198, 436, 564—565.

*Товар*

- жалпы ережелер — 26, 51—52, 56—57, 62—63, 76, 84, 101, 117—118, 140—141, 150—153, 161, 168—169, 242, 310, 428, 437—438, 445, 557;
- оның екі жақты сипаты — 152—153, 161, 403;
- оның құны — 19—20, 25—26,



- 28, 42, 51—54, 130, 161, 298, 353—354, 425—428, 437—440, 455—456, 463, 476—477, 483—490;
- өнімнің товарға айналу шарттары — 49, 51—52, 150—152, 172, 233—234, 403;
  - товардың товар капиталына айналу шарттары — 51, 52—53, 55—56, 117—118, 120—121, 440—441;
  - жұмыс күші товар ретінде — 26—28, 38, 40—44, 47—48, 50—51, 75, 93, 101—102, 109, 130, 138—139, 140—143, 191—192, 230—231, 247—248, 251, 268, 360, 373, 396, 400, 421, 428—433, 436, 437, 451—452, 470, 473, 498—500, 520, 540—541.
- Товар айналысы* — 76, 173, 175;
- жай товар айналысы — 60—61, 63—64, 82, 85, 94, 134, 150—152, 158, 175, 229—230, 370, 400—403, 468—469, 510, 559, 567;
  - капитализм тұсында товар айналысы — 40, 44—45, 46—47, 64, 73, 76, 85, 88, 134, 137—138, 140—141, 158, 169, 228—229, 400—403, 436—440, 469, 490—491, 559, 567—568;
  - және ақша айналысы — 228—229, 375, 389—390, 467—471, 474—475, 536—544, 559.
- Товар запасы* —
- анықтамасы және жалпы сипаттамасы — 163, 164, 165—166, 167—168, 169—174, 183, 218, 332—334, 364, 572—573;
  - оның азаю немесе көбею шарттары — 165—166, 169, 173—174, 334;
  - оны жасау және сақтау жөніндегі шығындар — 164—168, 170, 173, 174;
  - товар запасы туралы буржуазиялық түсініктерді сынау — 165—168.
- Товар капиталы*
- анықтамасы және жалпы сипаттамасы — 51—52, 53—56, 57—58, 60—63, 67, 80, 82, 87, 94—95, 96—97, 100—101, 115, 117—119, 151—152, 153, 163—164, 169, 222, 237—238, 239, 400—402, 419, 444—445, 455—456, 591;
  - оның ауыспалы айналымының формуласы мен ерекшеліктері — 79, 80, 82, 83, 107—122, 131—133, 138, 179—180, 444—445;
  - және қосымша құнды жағастыру — 55—59, 82, 83, 85, 87, 89, 109, 110, 377, 398, 476—479;
  - және айналыс шығындары — 154—166, 174—176, 288—296;
  - қоғамдық капиталды ұдайы өндіру процесінде оның ролі — 93, 124, 236—238;
  - буржуазияшыл экономистердің көзқарастарын сынау — 51—52, 76, 93—94, 113—115, 180, 225—226, 296—297, 411—413, 415—428, 433—443, 463—464, 491—495.
- Товар капиталының ауыспалы айналымы*
- оның формуласы — 79, 107, 114—115, 117—118, 444—445;
  - оның ауыспалы айналымының басқа формаларынан ерекшелігі — 107—108, 114—122, 131—133, 179, 444—445;
  - және ұдайы өндірістің көлемі — 51—52;
  - және қоғамдық капитал — 119—121, 127, 444—447;
  - және тұтас алынған күйіндегі тұтыну — 87—88, 115, 119—121, 444—445;
  - және қоғамдық өнімнің бөлінісі — 115;
  - және ұлғаймалы ұдайы өндіріс — 107, 121—122, 132;
  - және экономикалық дағдарыстар — 93—95;
  - өнеркәсіп капиталы ауыспалы айналымының формасы ретінде — 67, 72, 116, 118—121, 124—128, 134—135;
  - товар капиталының буржуазиялық ұғымдарын сынау — 51—52, 93—94, 113—114, 180.
- Сонымен қатар қараңыз: *Товар капиталы*.
- Товар өндірісі*
- жай товар өндірісі — 41, 45,

- 46—47, 49, 86, 94, 133, 151—152, 158, 403, 439—440;
- капиталистік товар өндірісі — 37, 38, 42—43, 45—52, 77, 79, 85—86, 93—94, 134, 135, 140—141, 151—152, 158, 164—165, 396, 399, 403—404, 406—407, 436, 439—440, 444—448, 559, 561—562, 567—568.
- Товар рыногы* — 37, 38, 55—56, 77, 90, 117—119, 139—140, 144—145, 151—152, 163, 169, 237—238, 241, 295—296, 333, 504—505, 540—541.
- Сонымен қатар қараңыз: *Өнім өткізу рыноктары*.
- Төлем балансы* — 91, 364, 568.
- Транспорт*
- транспорттағы өндіріс пен еңбек процесінің ерекшеліктері — 71—72, 175—176, 184—185;
  - транспорт құралдары дамуының өндірісті, халықты орналастыруға және капиталдың шоғырлануына ететін әсері — 153, 167, 168, 176, 289—291, 334;
  - транспорт шығындары — 174—177, 289—292, 493;
  - транспорттағы капиталдың ауыспалы айналымының формуласы — 71—72;
  - транспорт құралдары дамуының капитал айналымына әсері — 196—198, 204—205, 206—210;
  - және запастардың жасалуы — 168—169.
- Транспорт құралдары*
- капитализм тұсында олардың маңызы мен дамуы — 153—154, 168, 184, 287—290.
- Сонымен қатар қараңыз: *Транспорт*.
- Тред-юниондар* — 387—388.
- Тұрақты капитал* — 26;
- анықтамасы — 50—51, 182, 248, 250, 257, 448;
  - оның өндіріс процесінде болатын формалар — 146—149, 166—168, 182—187, 246, 252—253, 256—257;
  - оның негізгі және айналмалы капитал болып бөлінуі — 68, 182—185, 190, 337—338, 448—449;
  - оның түрлі бөліктері құнының өнімге көшуі — 68, 146—149, 449—450, 591;
  - оның қоғамдық көлемде ұдайы өндірілуі — 405, 448—450, 453, 454, 456, 461—462, 479—482, 487—491, 510—512, 562—566;
  - буржуазияшыл экономистердің жеке қағидаларын сынау — 184, 186—187, 246—264, 411, 422—428, 440—443, 491—495.
- Тұтыну*
- капитализм тұсында өндіріс пен тұтыну арасындағы қайшылық — 362, 465—467;
  - капиталдың ауыспалы айналымы мен ұдайы өндірісі процесіндегі қажетті кезең ретінде — 75—76, 87, 115, 119—121, 400—401, 444—445, 571, 573;
  - өндірісмен тұтыну — 37, 56—57, 75, 93—95, 115, 119—121, 184, 234, 400;
  - жеке бас (кісі) тұтынуы — 75, 94, 115, 120—121, 184—185, 400, 448;
  - жұмысшы мен жұмысшы табының тұтынуы — 41, 75, 94, 95, 115, 169, 240, 378—379, 387, 400, 414—416, 433, 456—457, 465, 505, 541, 583—586;
  - капиталист пен капиталистер табының тұтынуы — 75, 76, 78, 83, 88, 95, 115, 365, 378—379, 381—383, 387—388, 397, 400, 415—416, 433, 456—457, 464—466, 477, 478—479, 541, 571;
  - және кредит — 218;
  - капиталдың жұмыс күшін тұтынуы — 43, 44, 47—48, 49, 75, 130, 138—139, 191, 240, 248, 252, 257, 338, 344, 404, 428, 431, 437—439, 451—452.
- Тұтыну құны* — 42—43, 76, 94, 152—153, 161, 164—165, 175, 186, 238, 427—428, 438, 490;
- өндіріс құрал-жабдықтарының тұтыну құны — 109, 148, 182, 185, 186, 197—198, 244, 267;

- және транспорт пен байланыс құрал-жабдықтарының пайдалы нәтижесі — 71—72;
- және товар мен товар капиталының айналыс уақыты — 152—153;
- және запас жасау, оны сақтау жөніндегі шығындар — 162—172, 285, 288, 294—296, 509;
- және құн — 186.

*Түнгі еңбек* — 148, 277.

### *Тіршілік заттары*

- жалпы сипаттамасы — 48—49, 75, 90, 135, 142—143, 191—192, 235—236, 375—376, 387—389, 430, 433, 455—457, 462, 464—466, 583, 586;
- және жалақының заттай формасы — 192, 254—255, 260, 364, 576—578, 584—585;
- және өзгермелі капитал — 90—91, 135, 142—143, 191—192, 239—241, 246—248, 254—262, 353—354, 356, 358, 360, 364, 379—381, 386—389, 430—433, 462—465, 467—468, 498—499, 507—508, 518—519;
- және жеке бас тұтынуының қоғамдық қоры — 165—166, 173, 235—236, 241, 244, 414—415, 416—418, 444, 448, 573;
- және жұмыс күшінің құны — 430, 432—433, 548—549;
- және «жұмысшы қоры» теориясы — 248;
- және физнократтар теориясы — 245—246;
- капитализм тұсында тіршілік заттары бағасының өсу себептері — 273—274, 360—361, 386—389, 465—466;
- коммунизм тұсында олардың өндірісі мен тұтынуы жоспарлау қажеттігі — 360.

Сонымен қатар қараңыз: *Жеке бас тұтынуының заттары.*

## У

*Утопиялық социализм* — 21—22, 23, 25.

## Ұ

### *Ұдайы өндіріс*

- Маркстің ұдайы өндіріс теориясын жасау тарихы және оның маңызы — 12—29, 37—38, 138—140, 179, 353, 366—367, 401—402, 446—447, 518, 555;
- анықтамасы және оның капитализм тұсындағы негізгі ерекшеліктері — 47, 81—83, 93, 97—99, 123—124, 127—128, 144—145, 151—152, 153, 156—157, 179—181, 212—215, 234—235, 370, 371, 394, 399—405, 444—447, 464—466, 483—484, 491, 495—497, 508—511, 513, 518, 527—528, 530—532, 541—542, 555—558, 559—564, 570—571, 572—573, 586, 589—591;
- табиғи ұдайы өндіріс — 200—201, 408—409;
- жеке өнеркәсіп капиталының ұдайы өндірісі — 81—83, 86—87, 91—96, 102—109, 113—115, 120—124, 126—130, 132—133, 144—145, 156, 159—160, 179, 181, 194—195, 197—201, 212—214, 234—235, 400—403, 405, 444—447, 479, 489—490, 555—556, 558—559, 565—566;
- бүкіл қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі — 115, 119—124, 127, 174, 179, 199—200, 206, 240, 371—372, 383—385, 400, 402—403, 444—450, 462—464, 483—484, 489—491, 496—497, 501—502, 508—513, 526—527, 533, 543—544, 559—562, 564—568, 570—571, 573—578, 586, 589—591;
- ақша материалы ретінде алтын мен күмістің ұдайы өндірілуі — 161—162, 371—372, 375, 382—385, 391—392, 394—395, 532—537, 541, 542, 557—558, 592;
- қоғамдық байлықтың ұдайы өндірілуі — 206, 413—414;
- капиталистік өндіріс қатынастарының ұдайы өндірілуі — 44—49, 134—135, 140—141, 396, 400, 430, 433, 436—437, 439, 444, 472—473, 477—479, 484, 501—502, 505—506, 593;

- жұмыс күші мен жұмысшы табының ұдайы өндірілуі — 27, 44, 46—49, 75, 94, 115, 134—135, 140—141, 190—192, 195, 238, 247—248, 252, 353, 361—362, 396, 400, 428—434, 439, 444, 464—466, 469—473, 484, 498—500, 502—506, 509, 568, 576—577, 582—583;
  - физиократтардың түсіндіруі бойынша—121—122, 220, 230—231, 245—246, 254, 258, 390—391, 408—409, 411, 420, 427—428, 562—563;
  - ұдайы өндіріс пен капитал айналысының буржуазиялық теорияларын сынау— 26—29, 51—52, 86, 88, 93—94, 106, 113—115, 129—130, 135—136, 138—140, 150—151, 165—166, 180, 230—231, 252—254, 258—262, 296—297, 308, 341, 368—370, 376—380, 386—388, 409—428, 433—436, 439—443, 463—467, 478—479, 483—484, 491—495, 497—499, 502—503, 507—508, 515, 518, 533, 538—540, 544—554, 559—562, 564—568, 571, 584—586;
- Сонымен қатар қараңыз: *Жай ұдайы өндіріс*, *Ұлғаймалы ұдайы өндіріс*
- Ұлғаймалы ұдайы өндіріс* (қоғамдық көлемде) — 98—101, 121—122, 199—200, 205—206, 366—367, 392, 403—407, 412;
- жай ұдайы өндіріс оның реалды факторы ретінде — 99, 447, 466—467, 559—564, 574—575, 578—579, 583, 589—590;
  - ақша капиталының қорлануы — 367, 392—398, 555—560, 562—563, 565—571, 575—579, 592—593;
  - кредит системасының маңызы — 559—560, 565—566, 567—568, 597;
  - үстеме тұрақты капиталдың шығар көзі — 555—556, 558—560, 562—568;
  - үстеме өзгермелі капиталдың шығар көзі — 568—569;
  - относителді артық халық — оның шарты ретінде — 568, 582—583;
  - оның схемалық түрде бейнеленуі — 574—584;
  - оның қажетті пропорциялары — 589—591;
  - оның қайшылықтары мен дағдарыстары — 94—97, 197—201, 213—215, 465—466, 527—529, 559—563, 565—566, 567—568, 570—574, 576—579, 582—583, 584—587, 590—591;
  - және тұтыну — 571, 573;
  - және қор жинау нормасы — 589;
  - және капиталдың органикалық құрылымы — 102, 141—143, 580—581, 582—583;
  - және еңбек өнімділігі — 564—565, 582—583;
  - және жұмысшыларды қанау — 199—202, 359, 367, 404, 568, 576—578, 584—586.
- Сонымен қатар қараңыз: *Ұдайы өндіріс*.
- Ү**
- Үздіктілік және үздіксіздік* (капитал қозғалысындағы) — 67—68, 106, 125—128, 332.
- Үй өнеркәсібі* — 280.
- Ф**
- Фабрика*
- жалпы сипаттамасы — 128, 203—204, 205—206;
  - фабрикада еңбек бөлінісі — 126.
- Фермер* — 139—140, 159, 219, 274, 409, 420—421, 423—424.
- Фетишизм* (товар фетишизмі) — 150—151, 234—235, 236, 253—254, 261.
- Физика* — 98, 277.
- Физиократтар* — 121—122, 219—224, 230—231, 243, 245—248, 254, 258—260, 293—294, 408—411, 420, 427—428, 429, 441—442, 560—561, 562—563.
- Форма және мазмұн* — 38, 45—46.
- Фритредерлік* — 560—561.

## X

*Химия* — 24—25, 147, 155, 185, 277, 278.

## Ц

*Цикл* — қараңыз: *Өнеркәсіп циклі*.

## Ш

*Шаруалар* — 46—47, 159, 160, 165, 166, 274, 280, 361, 437;  
— Россиядағы шаруалар — 46—47, 280.

*Шикі материал* — 166—167, 168, 184—186, 188, 190, 195, 226—227, 238—239, 253, 255, 295—296, 334, 418, 448, 461, 495, 509—510, 532.

*Шотландия* — 139, 263, 411.

## I

*Ірі өнеркәсіп* — 197—198, 210—211, 215, 323—324.

## Э

*Экономикалық дағдарыстар*

— жалпы сипаттамасы — 94—97, 148, 197—198, 214—215, 267—268, 272, 325—327, 361—364, 529—532, 560—563, 590;

— олардың жұмысшы табының жағдайына ететін әсері — 360—362, 465—466;

— және ақша рыногы — 95—96, 364;

— жеке мысалдар — 27, 292—293;

— буржуазиялық теорияларды сынау — 94, 564—566.

*Экономикалық заңдар* — қараңыз:

*Құн заңы, Ақша айналысының заңдары, Қосымша құн заңдары.*

*Экспорт* — қараңыз: *Сыртқы сауда*.

## М А З М Ұ Н Ы

|                                                                                              |       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| <i>КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтынан</i> .....                  | 5—6   |
| <i>КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалынан</i> ..... | 6     |
| АЛҒЫ СӨЗ.....                                                                                | 7—29  |
| ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ.....                                                               | 33—34 |

## Е К І Н Ш І К І Т А П

### КАПИТАЛ АЙНАЛЫСЫНЫҢ ПРОЦЕСІ

|                                                                                   |         |
|-----------------------------------------------------------------------------------|---------|
| <b>Бірінші бөлім.</b> КАПИТАЛ МЕТАМОРФОЗДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ ..... | 37—177  |
| <i>Бірінші тарау.</i> АҚША КАПИТАЛЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ.....                     | 37—38   |
| I. Бірінші саты. $A - T$ .....                                                    | 38—47   |
| II. Екінші саты. Өндіргіш капиталдың атқаратын қызметі.....                       | 47—51   |
| III. Үшінші саты. $T' - A'$ .....                                                 | 52—63   |
| IV. Тұтас алғандағы ауыспалы айналым.....                                         | 63—80   |
| <i>Екінші тарау.</i> ӨНДІРГІШ КАПИТАЛДЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ                        | 81—82   |
| I. Жәй ұдайы өндіріс.....                                                         | 82—97   |
| II. Ұлғайтылған көлемдегі қор жинау мен ұдайы өндіріс.....                        | 97—102  |
| III. Ақшаның қорлануы.....                                                        | 103—105 |
| IV. Резерв қоры.....                                                              | 105—106 |
| <i>Үшінші тарау.</i> ТОВАР КАПИТАЛЫНЫҢ АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМЫ.....                     | 107—122 |
| <i>Төртінші тарау.</i> АУЫСПАЛЫ АЙНАЛЫМ ПРОЦЕСІНІҢ ҮШ ТҮРІ.....                   | 123—145 |

|                                                                                                   |         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| Натуралды, ақша және кредит шаруашылығы.....                                                      | —       |
| Сұраныс пен ұсыныстың орнын толтыру .....                                                         | —       |
| <i>Бесінші тарау. АЙНАЛЫС УАҚЫТЫ</i> .....                                                        | 146—153 |
| <i>Алтыншы тарау. АЙНАЛЫС ШЫҒЫНДАРЫ</i> .....                                                     | 154—177 |
| I. Таза айналыс шығындары .....                                                                   | 154—162 |
| 1) Сатып алу және сату уақыты .....                                                               | 154—158 |
| 2) Бухгалтерлік есеп жүргізу .....                                                                | 158—161 |
| 3) Ақша .....                                                                                     | 161—162 |
| II. Сақтау жөніндегі шығындар .....                                                               | 162—177 |
| 1) Жалпы запас жасалуы .....                                                                      | 163—169 |
| 2) Нағыз товар запасы .....                                                                       | 169—174 |
| III. Транспорт шығындары .....                                                                    | 174—177 |
| <b>Екінші бөлім. КАПИТАЛ АЙНАЛЫМЫ</b> .....                                                       | 178—398 |
| <i>Жетінші тарау. АЙНАЛЫМ УАҚЫТЫ МЕН АЙНАЛЫМ САНЫ</i> .....                                       | 178—181 |
| <i>Сегізінші тарау. НЕГІЗГІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ АЙНАЛМАЛЫ КАПИТАЛ</i> .....                              | 182—211 |
| I. Форма айырмашылықтары .....                                                                    | 182—196 |
| II. Негізгі капиталдың құрамды бөліктері, оның орнын толтыру, оны жөндеу, оның қорлануы .....     | 196—211 |
| <i>Тоғызыншы тарау. АВАНСЫЛАНҒАН КАПИТАЛДЫҢ ЖАЛПЫ АЙНАЛЫМЫ. АЙНАЛЫМ ЦИКЛДАРЫ</i> .....            | 212—218 |
| <i>Оныншы тарау. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ АЙНАЛМАЛЫ КАПИТАЛ ТЕОРИЯЛАРЫ. ФИЗИОКРАТТАР ЖӘНЕ АДАМ СМИТ</i> ..... | 219—248 |
| <i>Он бірінші тарау. НЕГІЗГІ КАПИТАЛ МЕН АЙНАЛМАЛЫ КАПИТАЛ ТЕОРИЯЛАРЫ. РИКАРДО</i> .....          | 249—264 |
| <i>Он екінші тарау. ЖҰМЫС КЕЗЕҢІ</i> .....                                                        | 265—276 |
| <i>Он үшінші тарау. ӨНДІРІС УАҚЫТЫ</i> .....                                                      | 277—287 |
| <i>Он төртінші тарау. АЙНАЛЫС УАҚЫТЫ</i> .....                                                    | 288—297 |
| <i>Он бесінші тарау. АВАНСЫЛАНАТЫН КАПИТАЛ МӨЛШЕРІНЕ АЙНАЛЫМ УАҚЫТЫНЫҢ ӨСЕРІ</i> .....            | 298—336 |
| I. Жұмыс кезеңі айналыс кезеңіне тең .....                                                        | 308—312 |
| II. Жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен көп .....                                                      | 312—318 |
| III. Жұмыс кезеңі айналыс кезеңінен шағын .....                                                   | 318—322 |
| IV. Қорытындылар .....                                                                            | 322—328 |
| V. Бағалар өзгерісінің ықпалы .....                                                               | 328—336 |
| <i>Он алтыншы тарау. ӨЗГЕРМЕЛІ КАПИТАЛ АЙНАЛЫМЫ</i> .....                                         | 337—364 |
| I. Қосымша құнның жылдық нормасы .....                                                            | 337—353 |
| II. Жеке өзгермелі капиталдың айналымы .....                                                      | 353—358 |
| III. Қоғамдық тұрғыдан қарағанда өзгермелі капиталдың айналымы .....                              | 358—364 |
| <i>Он жетінші тарау. ҚОСЫМША ҚҰН АЙНАЛЫСЫ</i> .....                                               | 365—398 |
| I. Жай ұдайы өндіріс .....                                                                        | 370—392 |
| II. Қор жинау және ұлғаймалы ұдайы өндіріс .....                                                  | 392—398 |

|                                                                                                    |         |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| <b>Үшінші бөлім. БҮКІЛ ҚОҒАМДЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҰДАЙЫ ӨН-<br/>ДІРІСІ МЕН АЙНАЛЫСЫ</b> .....             | 399—593 |
| <i>Он сегізінші тарау. ҚІРІСПЕ</i> .....                                                           | 399—407 |
| I. Зерттеу предмети .....                                                                          | 399—402 |
| II. Ақша капиталының ролі .....                                                                    | 402—407 |
| <i>Он тоғызыншы тарау. ПРЕДМЕТ ЖАЙЫНДАҒЫ БҰРЫНҒЫ ҰҒЫМДАР</i> .....                                 | 408—443 |
| I. Физиократтар.....                                                                               | 408—411 |
| II. Адам Смит .....                                                                                | 411—441 |
| 1) Смиттің жалпы қағидалары.....                                                                   | 411—419 |
| 2) Смитте айырбас құнының $v+m$ болып жіктелуі .....                                               | 419—423 |
| 3) Капиталдың тұрақты бөлігі.....                                                                  | 423—428 |
| 4) Смиттегі капитал мен табыс.....                                                                 | 428—436 |
| 5) Қорытынды .....                                                                                 | 436—441 |
| III. Бергі кездегі экономистер .....                                                               | 441—443 |
| <i>Жиырмамыншы тарау. ЖӘЙ ҰДАЙЫ ӨНДІРІС</i> .....                                                  | 444—554 |
| I. Мәселенің қойылысы.....                                                                         | 444—447 |
| II. Қоғамдық өндірістің екі бөлімшесі.....                                                         | 448—451 |
| III. Екі бөлімше арасындағы айырбас: I ( $v+m$ ) II $c$ -ке.....                                   | 451—455 |
| IV. II бөлімшенің шеңберіндегі айырбас. Қажетті тіршілік<br>заттары мен сән-салтанат заттары ..... | 456—466 |
| V. Айырбастың ақша айналысы арқылы жүргізілуі .....                                                | 467—479 |
| VI. I бөлімшенің тұрақты капиталы .....                                                            | 479—482 |
| VII. Екі бөлімшедегі өзгермелі капитал мен қосымша құн .....                                       | 482—486 |
| VIII. Екі бөлімшедегі тұрақты капитал.....                                                         | 487—491 |
| IX. А. Смит, Шторх және Рамсей жөніндегі ретроспективтік<br>көзқарас.....                          | 492—495 |
| X. Капитал мен табыс: өзгермелі капитал мен жалақы .....                                           | 495—508 |
| XI. Негізгі капиталдың өтелуі.....                                                                 | 508—532 |
| 1) Негізгі капитал құнының тозу себепті жоғалған бөлігін ақша<br>формасында өтеу .....             | 512—518 |
| 2) Негізгі капиталдың <i>in natura</i> өтелуі.....                                                 | 518—529 |
| 3) Қорытындылар.....                                                                               | 529—532 |
| XII. Ақша материалын ұдайы өндіру .....                                                            | 532—544 |
| XIII. Дестют де Трасидің ұдайы өндіріс теориясы .....                                              | 544—554 |
| <i>Жиырма бірінші тарау. ҚОР ЖИНАУ ЖӘНЕ ҰЛҒАЙМАЛЫ ҰДАЙЫ<br/>ӨНДІРІС</i> .....                      | 555—593 |
| I. Бірінші бөлімшедегі қор жинау .....                                                             | 558—569 |
| 1) Қазынаның жасалуы.....                                                                          | 558—562 |
| 2) Үстеме тұрақты капитал .....                                                                    | 563—568 |
| 3) Үстеме өзгермелі капитал.....                                                                   | 568—569 |
| II. Екінші бөлімшедегі қор жинау.....                                                              | 569—573 |
| III. Қор жинаудың схемалық бейнесі .....                                                           | 574—591 |
| 1) Бірінші мысал .....                                                                             | 578—582 |



|                                                                       |         |
|-----------------------------------------------------------------------|---------|
| 2) Екінші мысал .....                                                 | 582—589 |
| 3) Қор жинау кезінде II с айырбасы .....                              | 589—591 |
| IV. Қосымша ескертпелер .....                                         | 591—593 |
| <i>Ескертулер</i> .....                                               | 597—602 |
| <i>Есімдер көрсеткіші</i> .....                                       | 603—608 |
| <i>Цитат алынған және атап өтілген әдебиеттер көрсеткіші</i> .....    | 609—615 |
| <i>Цитат алынған кітаптардың орысша аудармасының көрсеткіші</i> ..... | 616—617 |
| <i>Предмет көрсеткіші</i> .....                                       | 618—643 |

ӨРНЕК СУРЕТТЕР

|                                                                                                                      |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| «Капиталдың» II томының немісше бірінші басылуының титул беті . . .                                                  | 9  |
| «Капиталдың» II томының орысша бірінші басылуының титул беті . . .                                                   | 30 |
| К. Маркстің «Капиталының» II томы қолжазбасының бір бетінің факсимилесі . . . . .                                    | 65 |
| «Капиталдың» II томының Ф. Энгельс редакциялап, қайта көшіріп жазған қолжазбасының бір бетінің факсимилесі . . . . . | 69 |

**Маркс К.**

**Капитал. Саяси экономика сыны Ф. Энгельстің ред. шыққан.** Алматы, «Қазақстан», 1968.

(КПСС Орталық Комитеті жанындағы марксизм-ленинизм ин-тының қазақ филиалы).

2. Т. 2-кітап. Капиталдың айналыс процесі.  
648 бет, факс.

**КАРЛ МАРКС**

**КАПИТАЛ, 2 ТОМ**

(на казахском языке)

---

Сдано в набор 26.1.1968 г. Подписано к печати 1/IV-1968 г.  
Формат 60×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>, -40,5 п. л.+1 вклейка (1/8 п. л.) Уч.-изд. л. 42,0.

Тираж 10000 экз. Цена 1 р. 21 к.

Изд-во «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Кирова, 122.

---

Заказ № 156. Полиграфкомбинат Главполиграфиромы Госкомитета Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.